Том 41

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

41 ТОМ

Май – ноябрь 1920

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1981

ББК 11.5
Л40

Л $\frac{10102-50}{401(07)-81}$ 4—80 0101020000

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының қырық бірінші томы — азамат соғысы кезеңінде жазылған еңбектерді қамтитын бірсыпыра томдардың ақырғысы. Томға 1920 жылғы майдан ноябрьге дейін жазылған шығармалар еніп отыр, бұл совет халқының Антантаның соңғы, жаңа жорығына тойтарыс беруіне тура келген кез болатын. 1920 жылдың жазында Коминтерннің II конгресінің шақырылуы халықаралық жұмысшы қозғалысында осы кезеңнің ең маңызды оқиғасы болды.

Томда халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыс мәселелеріне басты орын берілген. Лениннің томға енген шығармаларында коммунистік партиялардың ұйымдық, программалық және тактикалық негіздері дамытылған.

Коммунистік қозғалыстың сол кезеңдегі даму ерекшеліктерін сипаттай келіп, Ленин капиталистік елдердің бәрінде де революцияшыл пролетариаттың таңдаулы өкілдері Коммунистік Интернационалдың негізгі принциптерін әбден игерді деп атап көрсетті. Бұл — дүние жүзілік революциялық қозғалыстың мықтап өрлеген, еңбекшілердің барған сайын жаңа бұқарасы күреске тартылған, жұмысшы табының саяси санасы мен ұйымшылдығы тез өскен, коммунистік партиялар жаппай құрылып жатқан және нығая түскен кез болатын.

Сонымен бірге тез өсіп келе жатқан коммунистік қозғалыста пролетариаттың азаттық күресін дұрыс жолдан тайдыру қатерін төндірген екі түрлі қауіптің бар екені байқалды. Бірінші, неғұрлым елеулі қауіп мынада еді: бұрынғы, социал-демократиялық көсемдер мен II Интернационал партияларының бір бөлігі бұқараның қысымына көнгенсіп немесе бұқараны әдейі алдап, өздерінің Коминтернге қосылатындығын мәлімдеді, сөйте тұра бұл басшылар іс жүзінде оппортунист болып қала берді. Екінші қауіп — жас коммунистердің сол кездегі тәжірибесіздігі, теориялық әзірлігінің жеткіліксіздігі себепті «солшылдыққа», сектанттық тактикаға бой ұруында болды.

Ленин коммунистерді оңшыл оппортунизмге — реформизм мен ревизионизмге де қарсы, сондай-ақ «солшыл» оппортунизмге де қарсы күресуге үйретті. Ол реформизм мен ревизионизмді талмастан әшкерелеп, бұл жауға қарсы күреске большевизмнің әрқашан мейлінше көп көңіл бөліп келгендігін атап көрсетті. Сонымен бірге Ленин «солшыл» оппортунизмге, догматизм мен сектанттыққа үзілді-кесілді қарсы шықты. «Солшыл» оппортунизмнің ерекшелігі мынада: ол бұқараның сезіміне ыңғай, өзінің оппортунистік мәнін «әсіре революциялық» жел сөздермен бүркемелейді. Сондықтан реформизмге және ревизионизмге қарағанда оны әшкерелеу қиынырақ. Лениннің халықаралық жұмысшы қозғалысына сіңірген орасан зор еңбегі мынада: ол жас коммунистік партияларда пайда бола бастаған «солшыл» оппортунизмді ең бастапқы кезінен-ақ байқап, бұл оппортунизмнің социалистік революцияға зиянды әрі қауіпті екендігін ашып берді. Ленин «солшыл» доктринерліктің марксизм теориясы мен практикасынан ауытқып, анархо-синдикализмге бой ұрғандық болып табылатынын, коммунистік партияларды еңбекшілер бұқарасынан оқшауланудың апатты жолына апарып түсіретінін көрсетіп берді.

В. И. Ленин 1920 жылы апрель — майда Коминтерннің II конгресіне арнап данышпандық еңбек —«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабын жазды. Осы томның беташары болып отырған

бұл еңбектің міндеті жас коммунистік партияларға большевизмнің орасан бай тәжірибесін тарату еді; бұл еңбек маркстік-лениндік теорияны дамытуда, пролетарлық партиялардың жаңа тарихи жағдайдағы, капитализмнің жалпы дағдарысы заманындағы, екі система өмір сүрген жағдайлардағы стратегиясы мен тактикасын талдап жасауда маңызды кезең болды. Кітап коммунистерді сектанттық, догматтық және басқа қателіктерден сақтандырды, ол саяси басшылықты дұрыс жасауға, бәрінен бұрын бұқара үшін, бұқараны идеялық жағынан пролетарлық авангардтың жағына шығарып алу үшін күресе білуге үйретті. Кітапта осы көзқарас тұрғысынан Россия жұмысшы қозғалысы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының бірсыпыра аса маңызды проблемалары талданады.

В. И. Ленин өзінің кітабында большевиктер партиясының күрес тәжірибесін интернационалдық коммунистік тактиканың көкейтесті мәселелерімен байланыстыра қарау міндетін, «большевизмнің тарихы мен қазіргі тактикасындағы жалпыға бірдей қолдануға болатын, жалпыға бірдей маңызды, жалпыға бірдей міндетті нәрселерді» (осы том, 32-бет) басқа елдерде де қолдану міндетін алға қойды.

Орыс революциясының тәжірибесін жинақтай келіп, Ленин Россиядағы революцияның кейбір басты белгілерінің халықаралық көлемде қайталануы сөзсіз деген аса маңызды принциптік қорытынды жасайды. Ол ең алдымен орыс революциясының пролетариат диктатурасы, жұмысшы табының еңбекші шаруалар бұқарасымен одағы, Коммунистік партияның пролетариат диктатурасы және қоғамды социалистік жолмен қайта құру жолындағы күресте атқаратын басшылық ролі сияқты белгілерінің халықаралық маңызына назар аударады. Орыс революциясының негізгі белгілерінің, деп көрсетті Ленин, жергілікті, ұлттық-ерекше, тек орыстық қана маңызы емес, қайта халықаралық маңызы бар, бұл белгілер капитализмнен социализмге өтудің басты заңдылықтарын білдіреді және пролетарлық революциялар мен социализм құрылысы барысында барлық елдерде көрініс тауып отырады. Лениннің бұл

қағидасын социалистік лагерь елдеріндегі мұнан кейінгі барлық революциялар мен жаңа өмір орнату ісі толығымен растады.

Ленин жұмысшы қозғалысындағы интернационалдық пен ұлттық өзгешеліктердің арақатынасы туралы қағиданы дамытты. Коммунизмнің негізгі принциптері, деп көрсетті ол, бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысына бірдей ортақ, бірақ әрбір жеке елде экономикаға, саясатқа, мәдениетке, т. б. байланысты пролетарлық күрестің өзінің нақты ерекшеліктері де болатындығы сөзсіз. Коммунистік партиялардың стратегия мен тактиканы талдап жасаудағы басты міндеті марксизмнің негізгі принциптері мен халықаралық жұмысшы қозғалысының тәжірибесін әрбір жеке елдің ұлттық-тарихи ерекшеліктеріне бейімдеп дұрыс қолдануда.

Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында большевиктер партиясының қаһармандық қызметінің тарихи сабақтарына көз жіберіп, осыған байланысты ірі-ірі проблемалық мәселелерді баяндайды, маңызды қорытындылар жасайды. Ол большевиктік партия тарихының негізгі кезеңдеріне сипаттама береді, партияның стратегиясы мен тактикасына, күрестің әр түрлі формалары мен әдістерін қолдана білу және нақты жағдайларға қарай өзгерте білу өнеріне егжей-тегжейлі тоқталады. Ленин былай деп атап көрсетті: жария мүмкіндіктерді міндетті түрде пайдалануды құпия жұмыспен ұштастырудың дұрыс тактикасын қолдануы арқасында, батыл шабуыл жасай білуі, ал қажет болған кезде ұйымдасқан түрде шегіне білуі, революциялық күрес тәжірибесінен үнемі үйрене білуі арқасында большевиктер табысқа жетті.

Лениннің кітабының арнаулы бір тарауы: большевизм жұмысшы қозғалысының ішіндегі қандай жауларға қарсы күресте өсіп, бекіп, шынықты?— деген мәселеге арналған. Жаңа түрпатты пролетарлық партияның даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсіну үшін, КПСС тарихын, сондай-ақ бүкіл коммунистік қозғалыс тарихын да, ғылыми тұрғыдан баяндау үшін бұл мәселенің бірінші дәрежелі маңызы бар. Ленин

былай деп көрсетті: большевиктер партиясы өзінің бүкіл тарихы бойына жұмысшы қозғалысының ішінде де, тікелей өз қатарында да екі майданда бірдей дәйекті, ымырасыз күрес жүргізді: оңшыл оппортунизмге қарсы да, «солшыл» доктринерлік пен сектанттыққа қарсы да күресті. Большевизмнің тәжірибесі былай деп үйретеді: мұндай күрес жүргізбейінше, әр түрлі оппортунистік ағымдарды идеялық жағынан талқандамайынша және жеңбейінше, пролетарлық партия өзінің жауынгерлік бірлігін сақтап қала алмайды және жұмысшы табының жетекші күші бола алмайды. Оңшыл оппортунизмге және «солшыл» доктринерлікке қарсы күрес — тек қана орыстық құбылыс емес, мұның өзі әрбір коммунистік партияның даму заңдылығы. Ленин былай деп көрсетті: барлық елдерде коммунистердің алдында «ең алдымен және көбінесе *өзінің* (әрбір ел үшін) «меньшевизміне» қарсы, яғни оппортунизміне және социал-шовинизміне қарсы; екіншіден — және, былайша айтқанда, қосымша түрінде — «солшыл» коммунизмге қарсы» (84-бет) күресті бастан кешіру міндеті тұр.

«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» кітабында большевиктік партияның ұсақ буржуазиялық «революцияшылдыққа» қарсы күресінің тарихы толық баяндалады, Ленин бұл «революцияшылдықты» «анархизмге ұқсайды немесе содан кейбір нәрселерді қабылдап алады, қандай бір елеулі мәселеде болса да пролетариаттың табанды тап күресінің шарттары мен талап-тілектерінен шегіншектеп отырады» (15-бет) деп атап көрсетті. Большевиктердің эсерлерге, шақырымпаздарға, «солшыл коммунистерге» қарсы күресін мысалға келтіре отырып, Ленин пролетарлық партияның осы жауының ерекшеліктерін көрсетіп береді. «Солшыл» оппортунизмге оқиғаларды бағалағанда субъективизмге салынушылық, қозғалыстың әлі өтілмеген кезеңдерінен аттап кетуге тырысушылық тән, мұның өзі «солшылдарды» авантюристік қимылдар жасауға итермелейді. Ұсақ буржуазиялық жартылай анархиялық «революцияшылдыққа» сипаттама беруге байланысты Ленин былай деп ескертеді: анархизм көбінесе

жұмысшы қозғалысында жіберілген оппортунистік күнәларға берілген өзінше жаза болды, ал ұсақ буржуазиялық жартылай анархиялық «революцияшылдық» пен анархизм бірін-бірі өзара толықтырып отырды. Олай болса, «солшылдардың» қателіктеріне қарсы күрес оңшыл оппортунистерге қарсы күреспен өзара тығыз байланыста жүргізілуге тиіс. Егер Россияда, Лениннің атап айтқанындай, европалық елдерге қарағанда оның халқының құрамы анағұрлым ұсақ буржуазиялық екендігіне қарамастап, 1905 және 1917 жылдарғы революцияларда анархизмнің ықпалы біршама түкке тұрғысыз болса, онда мұның өзі большевиктер партиясының сіңірген зор еңбегінің арқасы, ол әрқашан оппортунизмге қарсы мейлінше аяусыз және ымырасыз күрес жүргізді.

Большевизм, деп көрсетті Ленин, тәжірибесінің байлығы жағынан, революциялық қозғалыстың әр түрлі формаларын сан қилы және тез өзгертіп отыруы жағынан дүние жүзінде теңдесі жоқ практикалық тарихты жасап берді. Мұның өзі большевиктер партиясына халықаралық жұмысшы қозғалысының авангарды болуға, өзге пролетарлық партиялар үшін үлгі болуға мүмкіндік берді.

«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» кітабында талданатын басты мәселелердің бірі — пролетариат диктатурасы туралы мәселе. Ұлы Октябрь социалистік революциясының және Совет өкіметінің алғашқы жылдарының тәжірибесін жинақтай келіп, Ленин пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді дамытады.

Коммунистер жұмысшы табының диктатурасын орнатуға социалистік революциядан көп бұрын әзірлік жүргізе бастауға тиіс. Ленин компартиялардың алдына пролетариат диктатурасына келудің және оған өтудің әрбір елге лайық нақты формаларын іздеп табу және зерттеу, Советтік Россиядағы пролетариат диктатурасының тәжірибесін терең, жан-жақты зерттеп, творчестволықпен қолдану міндетін қойды.

«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» кітабында социалистік қоғам құрылысының бүкіл ке-

зеңі бойына пролетариат диктатурасының қажет екендігі көрсетіліп, негізделген. Жұмысшы табына өкіметті жеңіп алу жеткіліксіз, ең бастысы — ол өкіметті ұстап тұру, контрреволюция күштерінің тегеурінін тойтарып, жаңа қоғам орнату. Құлатылған буржуазияның күштілігі, деп түсіндірді Ленин, халықаралық капиталдың күшіне сүйенетіндігінде ғана емес, буржуазияның халықаралық байланыстарының күштілігі мен беріктігінде ғана емес, сонымен бірге дағды күші мен ұсақ өндірістің күшінде, бұл ұсақ өндіріс «үнемі, күн сайын, сағат сайын, стихиялы түрде және кең көлемде капитализм мен буржуазияны *туғызып отырады»* (6-бет). Шыдамдылықты, тәртіптілікті, беріктікті, ерік бірлігін талап ететін ұзақ, қажырлы күрес жүргізбейінше, буржуазияны жеңудің мүмкін еместігі, міне, осыдан, ал бұл үшін пролетариат диктатурасы керек.

Ленин пролетариат диктатурасының буржуазия жөніндегі міндеті мен ұсақ буржуазиялық бұқара жөніндегі міндетін айқын айыра білуді үйретті. Мұның өзі пролетариат диктатурасы көрінісінің әр түрлі екі жағы. Егер құлатылған қанаушы таптар жөнінде пролетариат диктатурасының міндеті осы таптардың қарсылығын басып-жаныштау қажеттігінен туатын болса, ұсақ меншікшілер жөнінде жұмысшы табы алдында бұл меншікшілерді тәрбиелеу, иландыру, жаңа тұрмыс орнату жөніндегі белсенді іске тарту міндеті тұр. Ленин: ұсақ товар өндірушілерді *«қуып жіберуге болмайды,* бұларды басып-жаншуға болмайды, бұлармен *сыйысу керек,* бұларды тек өте ұзақ, баяу, сақтықпен жүргізілген ұйымдастыру жұмысы арқылы ғана қайта өзгертуге, қайта тәрбиелеуге болады (және солай етілуге тиіс те)» (29-бет) деп жазды.

Ленин пролетариат диктатурасының мазмұнын жан-жақты ашып берді, оның міндеттерінің алуан қырлы екендігін көрсетті. «Пролетариат диктатурасы,— деп көрсетті ол,— ескі қоғамның күштері мен дәстүрлеріне қарсы жүргізілетін қажырлы күрес, қан төгісті және қан төгіссіз күрес, күштеу және бейбіт күрес, әскери және шаруашылық күрес, педагогикалық және әкімшілік күрес» (29—30-беттер). Ленин пролетариат дик-

татурасының мәнін, бұл диктатура құлатылған таптарға күштеу жасалмайынша жүзеге асырылмайтын болса да, тек қана күштеу жасау деп карауға болмайтындығын, күштеудің дәрежесі қанаушылардың қарсыласу дәрежесімен белгіленетінін атап көрсетті. Пролетариат диктатурасының басты мазмұны күштеу емес, жасампаздық, жаңа, социалистік қоғам орнату, осы қоғамның жеңістерін социализм жауларынан қорғау.

Пролетариат диктатурасының тарихи ұлы міндеттерін жұмысшы табының революцияшыл маркстік партиясы, жаңа тұрпатты партиясы болғанда ғана ойдағыдай орындап шығуға болады. «Темірдей берік және күресте шыныққан партия болмаса,— деп көрсетті Ленин,— сол таптағы адал адамдардың бәрінің сеніміне ие болған партия болмаса, бұқараның ниғылын қадағалап, соған ықпал ете білетін партия болмаса, мұндай күресті ойдағыдай жүргізу мүмкін емес» (30-бет). Коммунистік партияның басшылығы — пролетариат диктатурасындағы басты нәрсе. Мұндай басшылық болмайынша, жұмысшы табының диктатурасын ойдағыдай жүзеге асыруға болмайды.

Кітапта партияның пролетариат диктатурасы системасындағы орны мен ролі туралы мәселе кейбір «солшыл» коммунистердің (ең алдымен Германиядағы «солшылдардың») қателіктерімен байланыстыра қаралады, «көсемдер», «партия», «тап», «бұқара» сияқты ұғымдарды шатастырып, бұл «солшылдар» партияны тапқа қарсы қойды, сөйтіп, «көсемдер диктатурасы» және «бұқара диктатурасы» туралы демагогтық пайымдауларға салынды. Ленин бұқараның таптарға бөлінетінін, таптарға саяси партиялардың басшылық ететінін, ал партияларды тәжірибелі, беделді басшылар басқаратынын еске салып отырды. Марксизмнің рухына жат және партияның маңызын түсіретін, жеке адамға табынушылыққа қарсы дәйектілікпен күресе отырып, Ленин партияның бірлігін бұзып жүрген, «көсемдер жойылсын» деген ұранды жамылып, басшы орындарды өздері басып алуға, сөйтіп партияға өз дегендерін жүргізуге ұмтылып жүрген «солшылдардың» әрекетін батыл айыптады.

Жеке адамға табынушылықты айыптау бұқараның зор сенімі мен қолдауына ие болған беделді басшылардың қажет екендігін тіпті де теріске шығарғандық болып табылмайды. «...Саяси партияларды,— деп жазды Ленин,— жалпы ереже ретінде өте беделді, ықпалды, тәжірибелі, нағыз жауапты қызметтерге сайланатын, көсемдер деп аталатын адамдардың азды-көпті тұрақты топтары басқарады» (26-бет).

«Солшылдардың» пролетарлық партия мен оның басшы ұйтқысының рөлін түсінбеуі оларды партиялықты, партиялық тәртіпті теріске шығаруға дейін әкеп жеткізді, ал мұның өзі, Лениннің атап көрсеткеніндей, буржуазияның пайдасына пролетариатты толық қарусыздандырумен барабар еді. Пролетариаттың ұйымдастырушылық рөлін дұрыс, ойдағыдай, жеңімпаздықпен жүзеге асыру үшін, деп үйретті Ленин, партия ішінде өте қатаң тәртіп болуға тиіс. Темірдей берік тәртіп болмайынша, партия жұмысшы табының шын басшысы, пролетариат диктатурасының басшы, бағыттаушы күші бола алмайды.

В. И. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында және басқа еңбектерінде дамытылған пролетариат диктатурасы және партияның басшылық ролі туралы қағидалар революциялық маркстік партиялардың программаларына негіз етіп алынды, бұл қағидалардың пролетарлық революция мен социалистік құрылыс міндеттерін шешу үшін бірінші дәрежелі маңызы бар.

СССР-дегі пролетариат диктатурасы социализмнің толық және түбегейлі жеңісін және қоғамның өрістетілген коммунизм құрылысына өтуін қамтамасыз етіп, бүкіл дүние жүзілік-тарихи роль атқарды. Мұның өзі ленинизм идеялары салтанатының жарқын дәлелдемесі. Пролетариат диктатурасы өзінің тарихи миссиясын орындағаннан кейін ішкі даму міндеттері тұрғысынан алғанда Совет елінде қажеті болмай қалды. Пролетариат диктатурасының мемлекеті ретінде пайда болған мемлекет, делінген партияның КПСС XXII съезінде қабылданған Программасында, қазіргі, жаңа кезеңде

жалпы халықтық мемлекетке, бүкіл халықтың мүддесі мен еркін білдіру органына айналды.

Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында еңбекшілер бұқарасының революциялық мүмкіндігін жете бағаламаған, бұқараны қаратып алу үшін күресе білмеген және күрескісі келмеген «солшыл» коммунистердің сектанттық позициясына қарсы күреске барынша баса назар аударады. Кітапта «солшылдардың» мұндай позициясының күллі зияны мен авантюризмі ашып көрсетілген.

Ленин былай деп көрсетті: бірінші тарихи міндет орындалғаннан кейін — пролетарлық авангардты идеялық жағынан қаратып алу жүзеге асырылғаннан кейін, шетел коммунистерінің алдына келесі кезектегі міндет — өз партиясына тек басшылық ете білуді ғана емес, сонымен бірге еңбекшілердің қалың бұқарасының жұмысшы табы диктатурасы позициясына жақындау және өту процесінде оларға да басшылық ете білуді үйрену міндеті қойылады. Тек пролетарлық авангардтың бір өзімен ғана жеңіске жету мүмкін емес; еңбекшілердің қалың бұқарасы не авангардты ашық қолдау позициясына көшпейінше, немесе, ең болмағанда, авангардқа ізгі ниетпен бейтарап болмайынша, авангардтың тек бір өзін ғана шешуші шайқасқа салу — қылмыс. Ленин былай деп түсіндірді: егер оппортунизм мен социал-шовинизмді идеялық және саяси жағынан толық жеңбейінше бірінші міндетті (пролетарлық авангардты қаратып алуды) шешуге болмайтын болса, онда «солшыл» доктринерлікті жоймайынша, оның қателіктерінен толық арылмайынша революцияның жеңіп шығуын қамтамасыз ететін жаңа позицияға бұқараны бастай білу жөніндегі екінші міндетті орындау мүмкін емес.

Миллиондаған еңбекшілерді белсенді күреске тарту үшін, деп үйретті Ленин, бір ғана насихат пен үгіт жеткіліксіз, бұл үшін осы бұқараның өзінің саяси тәжірибесі болуы қажет. Коммунистер партиясы саясатының дұрыстығына бұқараның іс жүзінде көзі жетуі керек. Шебер саяси басшылық жасау өнері дегеннің өзі де — бұқараның тәжірибесі мен оның саналы-

лық дәрежесін есепке ала отырып, бұқараны одан әрі, түпкі мақсаттар жолындағы күреске бастай алатындай құралдар мен әдістерді қолдана білуде.

Ленин коммунистер *«бұқара қай жерде болса,* міндетті түрде *сол жерде жұмыс істеу керек»* (40-бет) деп атап көрсетті. Бұл пікір «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» кітабының барлық бөлімдеріне арқау болған. Коммунистер кәсіподақтарда, кооперативтерде, әйелдер, жастар, мәдени-ағарту ұйымдарында және еңбекшілердің басқа да ұйымдарында ұдайы жұмыс жүргізуге тиіс. Ленин еңбекшілердің неғұрлым бұқаралық ұйымы ретінде әсіресе кәсіподақтарға ерекше зор маңыз берді. Ленин коммунистердің міндеті — кәсіподақтардың реакцияшыл жоғарғы тобы мен қатардағы кәсіподақ бұқарасының ара жігін айқын айыра білу екенін, «ойдан шығарылған балалық-«солшыл» ұрандар арқылы бұқарадан іргені *аулақ салу* емес, артта қалғандарды үгіттеп *сендіре білу*, олардың *арасында* жұмыс істей білу» (41-бет) екенін көрсетіп берді.

«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» кітабында алға қойылған екінші бір маңызды мәселе — коммунистердің буржуазиялық парламенттерге қатысуы туралы мәселе. Коммунистердің буржуазиялық парламенттерде жұмыс жүргізуіне қарсы шыққан «солшылдардың» ойдан шығарылған дәлелдерін сынай отырып, Ленин большевиктердің Мемлекеттік думаларда жүргізген қызметінің мысалдары арқылы коммунистік партияларды революциялық парламенттік тактикаға, бұқараны саяси жағынан ағарту және ұйымдастыру мақсатында парламентті дұрыс пайдалана білуге үйретті. Капитал елдерінде көптеген еңбекшілер әлі күнге дейін буржуазиялық парламентаризмге сенеді, сондықтан да, деп көрсетті Ленин, *«атап айтқанда өз табының* артта қалған топтарын тәрбиелеу мақсатында, атап айтқанда деревняның білімсіз, жаншылған, қараңғы *бұқарасын* ояту және ағарту мақсатында парламент сайлауына қатысу және парламенттік трибуна арқылы жүргізілетін күреске қатысу рево-

люцияшыл пролетариаттың партиясы үшін *міндетті* нәрсе» (46-бет).

Дүние жүзінде күштердің арасалмағы социализмнің пайдасына түбегейлі өзгеріп отырған және революциялық қозғалыстың бұқаралық негізі әлденеше есе өсіп отырған, осыған байланысты күрестің парламенттік формаларын кеңінен қолдану үшін жаңа жағдайлар туып отырған қазіргі кезде жұмысшы табының парламентті пайдалануы туралы мәселе КПСС-тің және туысқан коммунистік партиялардың программалық документтерінде одан әрі дамытылды. Партияның КПСС XXII съезінде қабылданған Программасында былай деп көрсетілген: қазіргі жағдайда бірқатар капиталистік елдерде жұмысшы табы халықтың көпшілігіне сүйене отырып, реакцияшыл күштерге соққы бере алады, парламентте басым көпшілікті жеңіп алып, оны буржуазияның таптық мүдделеріне қызмет ететін құралдан еңбекші халыққа қызмет ететін құралға айналдыра алады, парламенттен тыс бұқаралық кең күресті өрістетіп, реакцияшыл күштердің қарсыласуын жеңіп, социалистік революцияны бейбіт жолмен жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасай алады. Осының бәрін жұмысшылардың, шаруалар бұқарасы мен қаладағы орташа жіктердің ірі монополистік капиталға қарсы, реакцияға қарсы, әлеуметтік терең реформалар жолындағы, бейбітшілік пен социализм жолындағы таптық күресін үздіксіз, кеңінен өрістету арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Сонымен бірге социализмге бейбіт емес жолмен өту мүмкіндігін де есте ұстау қажет. Социализмге өтудің белгілі бір тәсілдерінің нақты мүмкіндігі әрбір елде нақты тарихи жағдайларға, құлатылатын қанаушы таптардың қарсыласу күшіне байланысты шешіледі.

Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында сондай-ақ «солшылдардың» революциялық пролетарлық партия басқа партиялармен және топтармен ешқандай компромиске және келісімге бара алмайды және бармауға тиіс деген пайымдауларының да мүлдем қисынсыз екенін көрсетті. Компромистер, деп үйретті ол, әр түрлі болады.

Пролетарлық партияның тактикасы үшін маңызды бұл мәселені дұрыс шешудің бірінші шарты әрбір компромиске, әрбір келісімге нақты-тарихи тұрғыдан қарау, күштердің арасалмағы мен күрестің нақты мүмкіндіктерін есепке алып отыру болып табылады. Белгілі бір компромистің не үшін жасалатынын айқын ұғыну керек. Жұмысшы табының мүддесін көздемей, оған қарсы жасалатын компромисс бір басқа. Реформистер жасайтын бұл тәрізді сатқындық, штрейкбрехерлік компромистерге революцияшыл пролетариаттың партиясы мүлде жол бере алмайды. Жұмысшы табының революциялық позициясын нығайтатын компромистер екінші басқа; бұл тәрізді компромистен марксистер бас тарта алмайды. Бірақ, басқа партиялармен келісімге келе отырып, коммунистер өздерінің буржуазиялық және реформистік идеология мен саясатқа қарсы күресін тоқтатпауға тиіс. Қандай компромисс болса да, жағдайға байланысты жасалатын болғандықтан, революциялық пролетарлық партия соның бәрінде де өзінің принциптеріне, өзінің табына, өзінің түпкі мақсатына деген адалдығын көрсетуге тиіс.

Коммунистік партиялар халықаралық саясат саласында, социалистік мемлекеттердің капиталистік елдерге қатынастарында да осы бағытты ұстауға тиіс; егер бейбітшілікті сақтау, социализм жеңістерін сақтау мүдделері талап ететін болса, парасатты саяси компромистерге бару қажет. Ленин Совет мемлекетінің империалистік Германиямен жасасқан Брест бітімін осыған мысал етіп келтіріп, оны компромисс, «бірақ нақ *міндетті* болған және сондай жағдайда жасалған компромисс» деп көрсетті. «Ұрыс бізге емес, көпе-көрінеу дұшпанға тиімді болып отырған кезде ұрысқа шығу — қылмыс,— деп көрсетті Ленин,— сондықтан көрінеу тиімсіз соғыстан жалтару үшін революцияшыл таптың «амал табу, келісім, компромисс жасай» білмейтін саясатшылары түкке жарамсыз саясатшылар» (68-бет).

Ленин коммунистерді саяси басшылық жасау жөніндегі күрделі өнердің барлық құралдары мен тәсілдерін меңгере білуге үйретті. Ол былай деп түсіндірді: пар-

тияның саясаты мен тактикасы белгілі бір елдің ішінде де, басқа мемлекеттерде де таптық күштердің бәрін объективтік түрде, ғылыми тұрғыдан есепке алуға, сондай-ақ халықаралық революциялық қозғалыстың тәжірибесін есепке алуға негізделуге тиіс. Ленин өзгеріп жатқан жағдаймен санасқысы келмеген, революциялық теорияны творчестволықпен дамытып, қолданғысы келмеген, жаңадан туған мүмкіндіктерді жұмысшы табының және барлық еңбекшілердің азаттық қозғалысының мүдделеріне пайдаланғысы келмеген «солшылдардың» догматизмін қатты сынады. Коммунистік партиялар, деп көрсетті Ленин, өздерінің тактикасында барынша икемді болуы қажет, саяси қызметтің жаңа формаларын ұсынып, ескі формаларға жаңа мазмұн беріп, оларды пайдалана білуі, жағдай талап еткен күнде күрестің бір тәсілін екінші тәсілімен тез ауыстыра білуі қажет.

Саяси басшылықты дұрыс жасау үшін пролетарлық партия өзінің жіберген қателеріне қалай қарауы керектігі жөніндегі Лениннің нұсқауларының зор маңызы бар. Ол былай деп атап көрсетті: партияның өз қателеріне қалай қарайтындығы — партияның байсалдылығының және оның өз табы мен еңбекшілер бұқарасы алдындағы міндеттерін іс жүзінде қалай орындайтындығының ең маңызды да ең дұрыс критерийлерінің бірі. «Қатені ашықтан-ашық мойындау,— деп жазды Ленин,— оның себептерін ашу, қатені туғызған жағдайды талдау, қатені түзету шараларын мұқият талқылау — міне бұл байсалды партияның белгісі, міне бұл оның өз міндеттерін атқарғандығы, міне бұл — *тапты,* онан соң *бұқараны* да тәрбиелегендігі, үйреткендігі» (44—45-беттер).

Ленин жұмысшы қозғалысындағы басты жау оңшыл оппортунизм — реформизм мен ревизионизм екенін атап көрсетті. Сонымен қатар ол: егер «солшыл» оппортунизмге, догматизм мен сектанттыққа қарсы барынша үзілді-кесілді күрес жүргізілмесе, онда олардың да белгілі бір партияға ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзілік коммунистік қозғалысқа да елеулі нұқсан келтіре алатынын көрсетті. Егер Ленин 1920 жылы

«солшылдықты» жас коммунистік партиялардың «балалық ауруы», олардың өсу жолындағы ауруы деп қараған болса, кейінірек ол мұны халықаралық коммунистік қозғалыстағы әбден қалыптасқан және мейлінше қауіпті бағыт деп білді. Мәселен, Коминтерннің 1921 жылы жазда болған III конгресінде ол тура былай деп көрсетті: «солшыл» доктринерлік халықаралық коммунистік қозғалыс үшін басты қауіпке айналды. «Егер конгресс,— деді ол,— мұндай қателерге қарсы, мұндай «солшыл» зердесіздікке қарсы батыл шабуыл жасамаса, онда бүкіл қозғалыстың құритыны сөзсіз. Менің қатты сенімім осындай» (Шығармалар, 32-том, 499-бет).

В. И. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегі өзінің жарыққа шыққан кезінен бастап барлық елдер коммунистерінің қойын кітабына айналды, бұл кітап саяси сектанттықтың, доктринерліктің және басқа қателіктердің барлық көріністеріне қарсы дәйекті коммунистік тактика белгілеу жолындағы күресте коммунистерге ұдайы көмек көрсетіп отырады. Бұл еңбек коммунистік партиялардың саяси бағытын анықтап, міндеттерін белгілеуде орасан зор роль атқарды; кітаптың ең маңызды қағидалары мен қорытындылары Коминтерннің II конгресінің шешімдеріне негіз етіп алынды.

Осы томға Коминтерннің II конгресі документтерінің үлкен бір тобы: В. И. Ленин жазған тезистер, оның пленум мәжілістерінде сөйлеген сөздері, сондай-ақ конгреске арналған дайындық материалдары еніп отыр. Бұл документтер «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» кітабындағы қағидаларды толықтырып, дамыта түседі. Сонымен бірге бұл документтерде коммунистік партиялардың теориясы мен тактикасының бірсыпыра жаңа мәселелері баяндалады. Коминтерннің II конгресінің материалдарымен Лениннің сол кезеңде жазған кейбір басқа еңбектері де тығыз байланысты, ол еңбектерде конгресс шешімдері талданады, коммунистік партияларға тактикалық және ұйымдық мәселелер жөнінде практикалық кеңестер беріледі («Австрия коммунистеріне хатын», «Неміс және фран-

цуз жұмысшыларына хатын», «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресі», «Итальян социалистік партиясының ішіндегі күрес туралы» деген және басқа мақалаларды қараңыз).

Конгресс ашылған күні В. И. Ленин халықаралық жағдай туралы және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы баяндама жасады. Бұл баяндамада халықаралық жағдай мен экономикалық және саяси жағдайға жан-жақты талдау жасалды және өте-мөте шиеленісіп, бүкіл дүние жүзінде капитализмнің негіздерін әлсіреткен басты-басты империалистік қайшылықтарға сипаттама берілді.

Ленин Октябрь революциясы беташары болған заманның негізгі мазмұны капитализмнен социализмге өту болып табылатындығын басшылыққа алды. Капиталистік система бірінен соң бірі капитал езгісінен құтылып шығып, социализм жолына түсіп жатқан халықтарды енді өз үстемдігіне бағындырып, ұстап тұра алмайды. Ленин былай деп көрсетті: Октябрь революциясы заманынан былай қарай халықаралық саясат оқиғаларының бәрін әлеуметтік екі системаның: бір жағынан, социализм системасының (ол кезде тұңғыш Советтер Республикасы), ал екінші жағынан, барлық күш-жігерін жаңа қоғамдық құрылысты тұншықтыруға бағыттаушы капитализм системасының күресі белгілеп отыр. Капитализм дүниесі мен социализм дүниесі біріне-бірі қарама-қарсы екі бағытта дамып, біріне-бірі қарама-қарсы екі түрлі саясатты жүзеге асырып келеді. Әлеуметтік құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруін және олардың арасындағы жарысты жақтай отырып, Ленин бүкіл дүние жүзінде жаңа қоғамдық құрылыстың жеңетіндігінің, коммунизмнің салтанат құратындығының тарихи жағынан сөзсіз екендігін, бүкіл капиталистік системаның құритындығына шүбә жоқ екендігін үнемі атап көрсетті.

Ленин капитализмнің жалпы дағдарысы туралы аса маңызды қағидаларды ұсынды, бұл дағдарыс бірінші дүние жүзілік соғыстан және Октябрь революциясынан басталды. Осы дағдарыстың негізгі көріністерін сипаттай келіп, ол былай деп атап көрсетті: соғыс аяқ-

талғаннан кейін «барлық капиталистік елдердің өз ішінде де, елдер арасында да капиталистік қайшылықтар *түгелдей* мықтап шиеленісті», отарлық және әскери езгі күшейді, жеңген елдердің араларында да ыдырау басталып, ол барған сайын күшейіп барады, «дүние жүзілік капиталистік шаруашылық «механикасы» тұтас ыдырап барады». Әлеуметтік система ретіндегі капитализмнің бұл жан-жақты дағдарысы тұтас алғанда капиталистік қоғамның ыдырауын барған сайын үдетіп, оның барлық ішкі күштерінің әлсірей түскендігін көрсетеді.

Ленин тарихи дамудың бұдан былайғы барысын да, пролетариат диктатурасын «ұлттық диктатурадан (яғни бір елде ғана болып, бүкіл дүние жүзілік саясатты белгілеуге қабілетсіз диктатурадан) интернационалдық диктатураға (яғни ең болмағанда бірнеше алдыңғы қатарлы ел пролетариатының бүкіл дүние жүзілік саясатқа шешуші әсер етуге қабілетті диктатурасына)» (осы том, 182-бет) айналатындығын данышпандықпен болжап білді. Ленин «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайында» жасаған бұл қорытындыны өмір толығымен растады. Қазір социализм және оның бейбітшілік пен прогресс жолындағы мұраттары дүние жүзілік дамудың шешуші факторына айналып отыр. Қазіргі заманның бел ортасында, делінген КПСС Программасында, халықаралық жұмысшы табы және оның басты перзенті — дүние жүзілік социализм системасы тұр.

Ленин халықаралық жағдай туралы және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы баяндамасында былай деп атап көрсетті: капиталистік қайшылықтардың шегіне жете шиеленісуі дүние жүзінің барлық елдерінде революциялық қозғалыстың мықтап өрлеуіне әкеп жеткізді. Басталып отырған революциялық дағдарысты, деп көрсетті ол, капиталистік системаның дүние жүзілік дағдарысы дамуының экономикалық жағдайларымен тікелей байланыстыра қарау керек.

Бүкіл экономикалық және саяси жағдайдың тұтанғыш материалға және оның күтпеген жерден лап ете

түсуі үшін сылтауларға ерекше бай екендігіне коммунистердің назарын аудара келіп, Ленин сонымен бірге асығыс қорытындылар жасаудан, жете ойластырылмаған қимылдардан, «революцияны тездету» әрекеттерінен сақтандырды және революцияға, пролетариат диктатурасына мұқият әзірлену қажеттігін атап көрсетті. Ол басты міндетті коммунистік күштерді топтастыру, әрбір елде коммунистік партия құру және қазіргі бар компартияларды нығайту, оларды оппортунистік және центристік элементтерден тазарту, сектанттық қателіктерден арылу, жұмысшы табының бұқарасы ішінде, деревняда және армияда революциялық жұмысты өрістету деп білді.

Коминтерннің II конгресінің материалдарында пролетарлық партия туралы ілімнің аса маңызды қағидалары дамытылады. В. И. Ленин өзінің сөздері мен тезистерінде коммунистік партияның революциялық қозғалыстағы ролі туралы мәселеге, партияның тактикалық міндеттері мен ұйымдық принциптеріне егжей-тегжейлі тоқталады. Коммунистік партиялар үшін әсіресе «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттарының» маңызы зор болды, бұл еңбекте жаңа тұрпатты пролетарлық партия туралы лениндік ілім өзінің жарқын бейнесін тапты, партияның жұмысы мен партияның ішкі өмірінің аса маңызды бағыттары көрсетілді, Коминтерннің программалық және тактикалық принциптеріне тұжырымды сипаттама берілді. Бұл документте коммунистік партияларды демократиялық централизм принципі бойынша құрудың қажеттігі атап көрсетілді, партияда темірдей берік тәртіп болғанда ғана, оның партиялық орталығы партия мүшелерінің жаппай сеніміне ие болған кең уәкілетті, беделді орган болғанда ғана партия өз борышын орындай алады деп атап көрсетілді. «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттарында» пролетарлық интернационализмнің аса маңызды принциптерінің бірі — әрбір коммунистік партияның «әрбір советтік республиканы оның контрреволюциялық күштерге қарсы күресінде қалтқысыз қолдап отыруға» (229-бет) міндеттілігі тұжырымдалды.

Коминтерннің II конгресінің жұмысында ұлт-отар мәселесіне үлкен орын берілді. В. И. Ленин күн тәртібінің осы пункті бойынша конгрестің шешімдерін әзірлеуге мейлінше белсене қатысты; ол конгресс қабылдаған тезистерді жазды, ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияның атынан баяндама жасады. Пролетарлық интернационализмнің маркстік-лениндік принциптері конгресс шешімдеріне негіз етіп алынды. Конгресс езілген және тәуелді халықтардың азаттық күресінде оларға көмектесіп отыру қажеттігін атап көрсетті. Бірлесіп революциялық күрес жүргізу үшін барлық ұлттар мен елдердің пролетарлары мен еңбекшілер бұқарасын жақындастыра түсу Коминтерннің ұлт-отар мәселесі жөніндегі бүкіл саясатының негізі етіп қойылды. Ленин өзінің конгресте сөйлеген сөздерінде былай деп көрсетті: дүние жүзілік империализм әрбір елдің өз ішіндегі қаналған жұмысшылардың революциялық тегеуріні отар және артта қалған елдердегі жүздеген миллион езілгендердің революциялық тегеурінімен ұштасқан кезде ғана құлайды.

Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистерде В. И. Ленин отар елдер мен артта қалған елдердегі буржуазиялық-демократиялық азаттық қозғалыстарына, революциялық қимылдар жасап отырған прогрессшіл ұлттық буржуазияға коммунистік партиялардың қалай қарауы керектігі жөніндегі өте маңызды, қазіргі кез үшін де актуальды мәселе көтерді. Ленин былай деп көрсетті: коммунистік партиялар «отарлар мен артта қалған елдердің буржуазиялық демократиясымен уақытша одақтасуға баруы керек, бірақ онымен қосылып кетпеуі керек және пролетарлық қозғалыстың тіпті жаңа басталып келе жатқан формасында да оның дербестігін сөзсіз сақтауы керек» (183—184-беттер). Мұндай жағдайларда коммунистер өздерінің бұқара ішінде ұйымдастыру және тәрбие жұмысын жүргізу жөніндегі толық правосын сақтай отырып, отар елдердегі буржуазиялық-демократиялық азаттық қозғалыстарын қолдап отыруға тиіс және қолдайды. Бұл қағидалар Лениннің Шығыс халықтары коммунистік ұйымдары-

ның 1919 жылы ноябрьде болған II съезінде айтқан: Шығыс елдерінің коммунистеріне «бұл халықтарда оянып келе жатқан, оянбай тұра алмайтын және тарихи тұрғыдан орынды саналатын буржуазиялық ұлтшылдықты негізге алуға тура келеді» (Шығармалар толық жинағы, 39-том, 358-бет) деген маңызды пікірінің одан әрі дамытылуы болып табылды.

Ленин өзінің шығармаларында мынадай пікірлерді өрбітті: егер бұрын ұлт-азаттық қозғалысы өкімет басына буржуазияның келуімен аяқталып отырған болса, енді капитализмнің жалпы дағдарысы заманында коммунистік партиялардың басшылығымен пролетариат жетекшілік еткен бұл қозғалыстар қолайлы жағдайлар туа қалған күнде нағыз халықтық өкіметтің орнауына әкеліп жеткізе алады. Мұндай жағдайда капитализмге дейінгі қатынастар әлі сақталып отырған бұрынғы отар елдер алдыңғы қатарлы елдердің жеңіске жеткен пролетариатының көмегімен, дамудың капиталистік сатысына соқпай-ақ, бірте-бірте социализмге өтуге мүмкіндік алады. Ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияның баяндамасында Ленин РКП(б)-ның Орта Азиядағы советтік республикаларда жүргізген жұмысының алғашқы тәжірибесі негізінде тұжырымдаған бұл аса маңызды қағиданың отаршылдық езгіден құтылып шыққан елдер халықтарының алдында: бұл елдер дамудың — капиталистік жолымен бе, әлде капиталистік емес жолымен бе — қай жолымен жүруге тиіс деген түбегейлі мәселе тұрған қазіргі қызу ұлт-азаттық революциялары заманында айрықша зор маңызы бар.

Тәуелсіз советтік республикалар үшін олардың толық тең праволылық негізінде өз еріктерімен біртұтас мемлекеттік одаққа бірігуі қажеттігін Лениннің ғылыми тұрғыдан негіздеуі марксизм теориясына және социализм құрылысы практикасына қосылған ірі үлес болды. Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистерде былай деп көрсетілген: «федерациялық неғұрлым тығыз одақтың болуына ұмтылу қажет, мұнда, біріншіден, советтік республикалардың мейлінше тығыз одағы болмайынша, бүкіл дүние жүзінің әскери жағынан

өлшеусіз күшті империалистік державаларының қоршауындағы советтік республикалардың өмір сүруін қорғап қалу мүмкін емес екендігін ескеру керек; екіншіден, советтік республикалардың экономикалық тығыз одағы болуының қажеттігін ескеру керек, мұнсыз империализм қиратқан өндіргіш күштерді қалпына келтіруге және еңбекшілердің әл-ауқатының жақсаруын қамтамасыз етуге болмайды; үшіншіден, барлық ұлттардың пролетариаты жалпы жоспар бойынша реттеп отыратын, бірыңғай, тұтас, бүкіл дүние жүзілік шаруашылықты жасау тенденциясын ескеру керек, мұндай тенденция капитализм тұсында-ақ әбден айқын білінді және бұл тенденция социализм тұсында сөзсіз ілгері қарай дамытылуы, толығынан аяқталуы керек» (осы том, 180—181-беттер).

Коминтерннің II конгресінде В. И. Лениннің аграрлық мәселе жөніндегі тезистері талқыланып, қарар ретінде қабылданды. Тезистерде коммунистердің деревняда жүргізетін жұмысының негізгі бағыттары белгіленді, коммунистік партиялардың социалистік революцияның жеңіп шығуы жолындағы күрес кезеңінде де, сондай-ақ пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін де шаруалардың әр түрлі жіктері жөніндегі міндеттері анықталды, пролетариаттың гегемондығы жөніндегі идея жүзеге асырылды, жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар одағының қажеттігі негізделді.

Коминтерннің II конгресі коммунистік қозғалыстың дамуында, халықаралық пролетариаттың күшін топтастыруда маңызды кезең болды. Конгресті қорытындылай келіп, Ленин былай деп жазды: «Революцияшыл пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік армиясы — міне, қазір коммунизм жағында тұрған армия осы, міне, аяқталған конгресте өзінің ұйымын, айқын, дәл, егжей-тегжейлі қимыл программасын жасап алған армия осы» (299-бет).

Томға енген шығармалардың ішінде Лениннің поляк-совет соғысының барысына байланысты сөйлеген сөздеріне үлкен орын берілген. Ол былай деп көрсетті: буржуазиялық-помещиктік Польшаның Советтік Россияға қарсы соғысы істің шын мәнінде Антантаның

Советтер Республикасына қарсы жаңа жорығы болды, поляк билеуші топтарының тасасында француз, ағылшын және америкаң империалистері тұрды. Польша майданына бара жатқан қызыл әскерлер алдында 1920 жылы 5 майда сөз сөйлеп, Ленин былай деп атап көрсетті: Совет мемлекеті соғысты тілеген жоқ, соғыс оған еріксіз таңылды, Совет үкіметі бейбітшіл сыртқы саясатын дәйекті түрде жүргізе отырып, көп кеңшілік жасауға барды, сөйтіп Польша үшін тиімді шарттармен оған бірнеше рет бітім ұсынды. Ленин бұл пікірін өзінің митингілерде, жиналыстарда, конференцияларда сөйлеген сөздерінде талай рет қайталады. Ол Польшаның осы соғысты еріксіз таңған үстем таптарының авантюристік саясатын әшкереледі және Советтік Россияны қолдаған поляк жұмысшыларының қаһармандық күресін құттықтады, біздің еліміз халықтарының Польша халқына деген шынайы тілектестік сезімдері туралы айтты.

Майданға көмек көрсетілсін — еліміз үшін сол бір қиын кезеңде барлық партия, совет, шаруашылық, қоғам ұйымдарының алдына Ленин қойған негізгі міндет, міне, осы болды. «...Іс соғысқа барып соққан екен,— деп көрсетті ол,— онда бәрі де соғыс мүдделеріне бағындырылуға тиіс, еліміздің бүкіл ішкі өмірі соғысқа бағындырылуға тиіс, бұл жөнінде титтей де қобалжуға жол берілмеуге тиіс» (129-бет). Мұны Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, кәсіподақтар мен фабрика-завод комитеттерінің біріккен мәжілісінде, деревнядағы жұмыс жөніндегі жауапты ұйымдастырушылардың Бүкіл россиялық 2-кеңесінде, былғары өндірісі жұмысшылары мен қызметкерлерінің съезінде, РКП(б) Москва ұйымы активінің кеңесінде және басқа да өзінің сөйлеген көптеген сөздері мен еңбектерінде айтты.

Поляк соғысы жөніндегі мәселелер 1920 жылы 22—25 сентябрьде Москвада болған РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында егжей-тегжейлі талқыланды. Конференцияда РКП(б) Орталық Комитетінің саяси есебі туралы баяндама жасаған В. И. Ленин халықаралық жағдайды 1920 жылдың жазындағы поляк-

совет соғысының үдей түсуіне байланыстыра баяндады, соғыстың негізгі кезеңдеріне сипаттама берді, совет әскерлерінің Варшаваға жасаған шабуылының маңызына тоқталды, осы шабуылдан кейінгі сәтсіздіктердің себептерін ашып берді. Ол буржуазиялық-помещиктік Польшаның сол кезде дүние жүзілік империализмнің Версаль шартына сүйенген бүкіл системасындағы буындардың бірі және Антантаның большевиктерге қарсы күрестегі соңғы тірегі болғанын көрсетіп берді. Қызыл Армия осы тірекке қауіп төндірген кезде бүкіл системаның шайқалғаны, міне, осыдан. Европа елдерінде пролетариаттың революциялық күресі бұл кезеңде ең қызған шағына жеткен еді. Поляк-совет соғысының жалпы қорытындыларына баға бергенде, осының бәрін есепке алмауға болмайтын еді. Біздің әскерлеріміздің Варшава түбінде сәтсіздікке ұшырағанына қарамастан, империалистер өздерінің мақсатына жете алмады. Осының нәтижесінде Антантаның агрессиялық жоспарлары іске аспай қалды. Москва губерниясының уездік, болыстық және селолық атқару комитеттері председательдерінің кеңесінде 1920 жылы 15 октябрьде сөйлеген сөзінде Ленин былай деді: поляк соғысы империалистік мемлекеттердің бірде-біреуінің көксегеніндей болып аяқталмады. Бұл соғыстың тарихи сабағы «...Россияға шапқыншылық жасау әрекеттері және Россияға қарсы соғыс шаралары қандай болған күнде де,— ал мұндай әрекеттер ілгеріде, бәлкім, әлі бір рет қана жасалып қоймас,— бірақ біздің қазірдің өзінде-ақ өз тәжірибеміз арқылы шыныққанымызды және іс жүзіндегі тәжірибенің негізінде бұл әрекеттердің бәрінің де күлі көкке ұшатынын білетіндігімізді» көрсетеді. «Және біз жауларымыздың әрбір әрекетінен кейін бұрынғыдан да бетер күшейіп шығудамыз» (388-бет). Осы бір даналық сөздердің бүтіндей дұрыстығын тарих толығымен растады. Бұл сөздер жаңа соғысты қазіргі кезде арандатушыларға да елеулі ескерту болып табылады.

РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясы, 1920 жылдың жазындағы соғыс науқанының қорытындыларын талқылаумен қатар, партия құрылысының кезек-

тегі міндеттері туралы мәселеге көп көңіл бөлді. IX конференциямен байланысты лениндік материалдар В. И. Ленин Шығармаларының осы томына бірінші рет толық еніп отыр. Конференцияда Орталық Комитеттің саяси есебін жасаған Лениннің баяндамасы Шығармалардың бұрынғы басылымдарында да жарияланған болатын, онан басқа бұл томға: Лениннің партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы сөйлеген сөзі (бірінші рет басылып отыр), «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарардың ол жазған жобасы және осы жоба жөніндегі ұсыныстары (соңғы екі документ бұрын Лениннің жинақтарында жарияланған болатын) енгізілді.

Ленин партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы сөйлеген сөзі мен осы мәселе жөніндегі қарар жобасында партияның ішкі демократиясын дамыту жөнінде, орталықта және жергілікті жерлерде партия органдарының жұмысын жақсарту жөнінде, сол кездерде бірсыпыра ұйымдарда байқала бастаған бюрократизм, жалаң әкімшілік элементтерін және басқа қолайсыз жағдайларды жою жөнінде нақты шараларды белгілеп берді. Ленин «партия мүшелерінің талапкерлігін арттыру жөніндегі басқа шаралармен қатар партия мүшелерінің жиналыстарын неғұрлым жиі және неғұрлым кең түрде өткізіп тұру сөзсіз міндетті болсын» (319-бет) деген талапты ең бірінші қойылатын талап ретінде ұсынды.

Қиян-кескі соғыс жағдайларында партияның тәрбиелік, ұйымдастырушылық, шаруашылық қызметі ең алдымен елімізді қорғау міндеттеріне бағындырылды. Сонымен бірге Ленин сол кездің өзінде-ақ партия мен Совет үкіметінің соғыс аяқталғаннан кейін жүргізетін жұмысының негізгі бағыттарын белгілейді. Ол экономикалық міндеттердің — өнеркәсіпті қалпына келтірудің, бүкіл елді электрлендіру жөніндегі мемлекеттік жоспарды жүзеге асырудың, ауыл шаруашылығын өрге бастырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Ленин 1920 жылы 19 октябрьде жазған «Партияның кезектегі міндеттері туралы жазбалар» зор назар аударады. Бұл документте Врангель талқандалғаннан кейін партия-

ның алдына қойылатын және РКП(б)-ның алдағы X съезінде талқылауды керек ететін негізгі мәселелер көрсетілген. Кезектегі басты мәселелердің бірі ретінде мына мәселе —«Совет өкіметінің шаруалармен байланысын нығайту» (401-бет) мәселесі ерекше көрсетілген. Партияның 1921 жылы көктемде өткен съезінде де бұл мәселе негізгі мәселе болды. «Партияның кезектегі міндеттері туралы жазбаларда» сондай-ақ кәсіподақтардың талапкерлігін дамыту, совет мекемелерінде бюрократизмге және созбұйдалыққа қарсы күресу, күрестің нақты табыстарын тексеру және басқа кейбір шараларды жүзеге асыру сияқты мәселелерді шешудің қажеттігі көрсетілген.

Томға енген шығармаларда коммунистік тәрбие және мәдениет құрылысы мәселелеріне үлкен орын берілген. «Москва-Қазан темір жолындағы бірінші сенбіліктен Бүкіл россиялық сенбілік-маевкаға» деген мақаласында және Азат еңбекке орнатылатын ескерткіштің іргесін қалауға арналған митингіде сөйлеген сөзінде 1920 жылы 1 майда Ленин коммунистік сананы қалыптастыруға, адамдар арасында жаңа қоғамдық байланыстар орнатуға барлық күш-жігерді бағыттау, еңбекке жаңа көзқарасты тәрбиелеу және жаңа тәртіпті шыңдау қажеттігін айтты. «Біз,— деп көрсетті Ленин,—«бірі үшін бәрі, бәрі үшін бірі» деген ережені, «әркім қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген ережені бұқараның санасына, әдетіне, күнделікті тұрмысына енгізу үшін, бірте-бірте, бірақ бұлжытпай коммунистік тәртіп пен коммунистік еңбекті енгізу үшін жұмыс істейміз» (120-бет).

1920 жылы 2 октябрьде РКСМ III съезінде Ленин өзінің «Жастар одақтарының міндеттері» деген тарихи сөзін сөйледі, бұл сөз партияның жаңа өмір орнатушы жастарға коммунистік тәрбие беру ісіндегі программалық документіне айналды. Бұл сөзде жастардың алдына коммунизмді үйрену, өздерін коммунистер етіп тәрбиелеу міндеті қойылды. Коммунизмді үйрену, деп түсіндірді Ленин, бұл ең алдымен өзіңді тәрбиелеудегі және білім алудағы әрбір қадамыңды жұмысшы табының қанаушыларға қарсы күресімен, оның күнде-

лікті еңбегімен байланыстырып отыру деген сөз. Коммунистік тәрбиенің мәнісі өзіңнің жұмысыңды, өзіңнің күшіңді ортақ іске, коммунизм құрылысы ісіне бағыштау. Осы негізде коммунистік мораль, коммунистік адамгершілік тәрбиеленіп, санаға сіңірілуі тиіс. Лениннің сөйлеген сөзінде көрсетілген жаңа қоғам адамы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық нормалары коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексіне негіз етіп алынды, бұл кодекс партияның КПСС XXII съезінде қабылданған Программасында мейлінше толық тұжырымдалды.

Ленин жастардан оқуға барынша байыпты қарауды талап етті. Ол өзіңнің ой-өрісіңді адамзат жасап шығарған байлықтардың бәрін білумен байытқанда ғана коммунист бола аласың деді. «Сіздердің алдарыңызда құрылыс міндеті тұр,— деп көрсетті Ленин,— ал сіздер — бүкіл осы заманғы білімді меңгергенде ғана, коммунизмді жаттап алған даяр формулалардан, кеңестерден, рецептерден, нұсқаулардан, программалардан өздеріңіздің тікелей жұмыстарыңызды біріктіретін нақты іске айналдыра білгенде ғана, коммунизмді өздеріңіздің практикалық жұмыстарыңызда жетекші құралға айналдырғанда ғана — бұл міндетті шеше аласыздар» (335-бет).

Бұқараға коммунистік тәрбие және білім беру проблемасына байланысты Ленин пролетариаттың өткен дәуірдегі мәдени мұраға көзқарасы туралы мәселеге тоқталды, жаңа, пролетарлық мәдениетті жасау жолдары мен әдістерін айтып берді. Ол: пролетарлық мәдениет қанаушы қоғамның езгісінде адамзат жасап шығарған білім қорының заңды түрдегі дамуы және қайта өңделуі болуға тиіс, деп көрсетті. Ленин былай деп үйретті: жаңа, социалистік мәдениетті жасау — қоғамдық өмірдің барлық жағын қамтитын күрделі, сан қырлы процесс, мәдени құрылыс еліміздегі социализм мен коммунизм құрылысы жөніндегі жалпы программаның бір бөлімі ретінде коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылуға тиіс және бұқараның творчестволық инициативасына сүйенуге тиіс.

Ленин Коммунистік партияның идеологиялық жұмысына зор мацыз берді. «Біздің міндетіміз,— деп көрсетті ол,— капиталистердің барлық қарсылығын жеңу, тек әскери және саяси қарсылығын ғана емес, сонымен қатар ең терең және ең күшті идеялық қарсылығын да жеңу» (442-бет). 1920 жылы 3 ноябрьде губерниялық және уездік халыққа білім беру бөлімдері саяси ағартушыларының Бүкіл россиялық кеңесінде сөз сөйлеген Ленин бұқаралық-саяси және ағарту жұмыстарының елде қалай ұйымдастырылуға тиіс екенін айтты. Ол буржуазиялық тұрғыдан бейсаясаттықты уағыздауды өлтіре сынады және мемлекеттік, шаруашылық және қоғамдық өмірдің барлық салаларына партиялық басшылықтың қажеттігін күшті дәлелмен атап көрсетті.

Ленин коммунизмді насихаттауды идеологиялық жұмыстың негізгі бағыты деп санады. Мұндай насихат, деп үйретті ол, коммунизм қандай болмақ деген жалпы пайымдаулар мен болжаулардан емес, шаруашылық және мемлекеттік құрылыстың нақты міндеттерінен туып, социализмді қалай орнату керектігін іс жүзінде көрсетуге тиіс. Коммунистік насихаттың негізгі мақсатын белгілей келіп, Ленин былай деп көрсетті: «Коммунизм жұмысшы бұқарасына оның өз ісіндей айқын болуға тиіс. ...Біз үшін ол қазірдің өзінде программа, теория және тапсырма болудан қалып, біз үшін ол бүгінгі күнгі нақты құрылыстың ісіне айналып отыр» (444—445-беттер).

* *
*

Қырық бірінші томға В. И. Лениннің Шығармалар жинағында бұрын болмаған лениндік 33 документ (20 документ — томның негізгі текстінде, 12 документ —«Дайындық материалдар» бөлімінде, 1 документ —«Қосымшалар» бөлімінде басылып отыр) енгізілді. Бұл еңбектердің көпшілігі Лениннің XXXIV, XXXV және XXXVI жинақтарында және басқа кейбір басылымдарда жарияланған. Лениннің К. Маркске орнатылатын ескерткіштің іргесі қаланғанда 1920 жылы 1 майда сөйлеген, Коминтерн Атқару комитетінің

мәжілісінде 19 июньде сөйлеген және Петроградта К. Либкнехт пен Р. Люксембургке орнатылатын ескерткіштің іргесін қалауға арналған митингіде 19 июльде сөйлеген сөздері сол кездегі баспасөзде ғана жарияланған. Лениннің жапон тілшісі Р. Накахирамен әңгімесі, бірінші рет 1963 жылы 16 апрельде «Известия» газетінің 91-номерінде орыс тіліне ағылшын тілінен аударылып жарияланған әңгімесі бұл томда жапон тіліндегі неғұрлым толық текстен аударылып басылып отыр. Үш документ: РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы сөйленген сөз, Коминтерннің II конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистердің нобайы және Сұлтан-Заденің Шығыстағы әлеуметтік революцияның перспективалары туралы баяндамасына ескертпелер — бірінші рет басылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН

1920

КОММУНИЗМДЕГІ «СОЛШЫЛДЫҚТЫҢ» БАЛАЛЫҚ АУРУЫ[1]

1920 ж. апрель — майда жазылған

1920 ж. июньде Петроградта Мемлекеттік баспада жеке кітап болып басылған

Қолжазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

Н. ЛЕНИН

ДЕТСКАЯ БОЛЕЗНЬ «ЛЕВИЗНЫ» В КОММУ-НИЗМЕ

ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО

ПЕТЕРБУРГ

1·9·2·0

В. И. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабының мұқабасы.— 1920 ж.

Кішірейтілген

I

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ ҚАЙ МАҒЫНАДА АЙТУҒА БОЛАДЫ?

Россияда пролетариат саяси өкіметті жеңіп алғаннан (25. X.—7. XI. 1917) кейінгі алғашқы айлар алдыңғы қатарлы батыс европалық елдерден артта қалған Россияның зор айырмашылығы болғандықтан, бұл батыс европалық елдердегі пролетариат революциясын біздің революциямызға өте аз ұқсайтын етіп көрсетуі мүмкін еді. Енді біз қазірдің өзінде-ақ өте елеулі халықаралық тәжірибеге ие болып отырмыз; бұл тәжірибе біздің революциямыздың кейбір негізгі белгілерінің жергілікті емес, ерекше-ұлттық емес, тек қана орыстық емес, халықаралық маңызы бар екенін барынша айқын көрсетіп отыр. Мен бұл арада халықаралық маңыз туралы сөздің кең мағынасында айтып отырғаным жоқ: революциямызды барлық елдерге әсер етуі тұрғысынан алсақ, оның кейбір белгілерінің емес, барлық негізгі белгілерінің және екінші дәрежедегі көптеген белгілерінің халықаралық маңызы бар. Жоқ, сөздің нағыз тар мағынасында, яғни халықаралық маңыз деп бізде болған нәрсенің халықаралық көлемде қайталануының халықаралық маңыздылығын немесе тарихи жағынан болмай қоймайтындығын ұғатын болсақ, біздің революциямыздың кейбір негізгі белгілерінде осындай маңыз бар деп мойындауға тура келеді.

Әрине, бұл ақиқатты асыра көрсету, оны біздің революциямыздың негізгі белгілерінің кейбіреулеріне ғана қолданып қоймау зор қате болар еді. Нақ сол сияқты,

алдыңғы қатарлы елдердің ең болмаса біреуінде пролетарлық революция жеңіп шыққаннан кейін, сірә, кенет өзгеріс болуы, атап айтқанда: бұдан соң көп ұзамай Россия үлгілі ел емес, тағы да артта қалған («советтік» және социалистік мағынада) ел болуы мүмкін екенін естен шығару да қателік болар еді.

Бірақ қазіргі тарихи кезеңде істің жайы нақ мынадай болып отыр: орыс үлгісі *барлық* елдерге олардың болмай қоймайтын, таяу келешегінен бірсыпыра және де өте мәнді нәрселерді көрсетіп отыр. Барлық елдердегі алдыңғы қатарлы жұмысшылар мұны әлдеқашан түсінді,— көбіне-көп мұны түсініп қана қоймай, революцияшыл таптың инстинкті арқылы дөп басып, дәл таныды. Совет өкіметінің, сонымен қатар большевиктік теория мен тактика негіздерінің халықаралық «маңызы» (сөздің тар мағынасында) осыдан келіп туады. Мұны II Интернационалдың Германиядағы Каутский, Австриядағы Отто Бауэр мен Фридрих Адлер сияқты «революцияшыл» көсемдері түсінбеді, сондықтан да олар реакционерлер, ең оңбаған оппортунизмді және социал-сатқындықты жақтаушылар болып шықты. Оның бер жағында, 1919 жылы Венада шыққан «Бүкіл дүние жүзілік революция» («Weltrevolution») деген аноним кітапша (Sozialistische Bücherei, Heft 11; Ignaz Brand*) жұмысшы табының мүдделерін сатқандардың — және де «бүкіл дүние жүзілік революция» идеясын «қорғау» деген желеумен сатқандардың — бүкіл ой өрісін, бүкіл ой шеңберін, дұрысын айтқанда, барып тұрған ой шорқақтығын, педанттығын, арамдығын, сатқындығын ерекше айқын көрсетеді.

Бірақ бұл кітапшаға басқа бір уақытта толығырақ тоқталармыз. Ал бұл арада екінші бір нәрсені ғана атап өтейік: баяғы өткен бір уақыттарда, Каутскийдің ренегат емес, әлі марксист кезінде, ол, мәселеге тарихшы тұрғысынан қарай келіп, орыс пролетариатының революцияшылдығы Батыс Европа үшін үлгі болатын жағдайдың тууы мүмкін екенін күні бұрын болжаған

* — Социалистік кітапхана, 11-кітап; Игнац Бранд. *Ред.*

еді. Бұл 1902 жылы, Каутский революцияшыл «Искраға»[2] «Славяндар және революция» деген мақала жазған кез болатын. Ол бұл мақалада міне былай деп жазды:

«Ал қазіргі уақытта» (1848 жылға қарама-қарсы алғанда) «славяндар революцияшыл халықтардың қатарына қосылып қана қойған жоқ, сонымен қатар революциялық ой мен революциялық істің дені де бірден-бірге славяндарға ауып барады деп ойлауға болады. Революцияның орталығы батыстан шығысқа ауып барады. XIX ғасырдың алғашқы жартысында революцияның орталығы Францияда, кейде Англияда болды. 1848 жылы Германия да революцияшыл ұлттардың қатарына енді... Жаңа ғасыр мынадай ойға жетелейтін оқиғалардан басталып отыр: біз революция орталығының бұдан былай да орын ауыстыруына қарай, атап айтқанда оның Россияға аууына қарай беттеп келе жатырмыз... Батыстан социалық көп революциялық инициативаны қабылдаған Россия енді өзі сол Батыс үшін революциялық күш-жігердің қайнар көзі болуға дайын шығар. Өршіп келе жатқан орыс революциялық қозғалысы біздің қатарымызға тарай бастаған болбыр филистерлік пен шолақ саясатқұмарлықтың рухын жою үшін, мүмкін, ең күшті құрал болып шығар және күресті көксеушілікті, біздің ұлы мұраттарымызға барынша берілушілікті жаңадан жарқын жалынмен лаулатар. Россия Батыс Европа үшін реакция мен абсолютизмнің жай тірегі болудан қалғалы қашан. Істің жайы қазір, бәлкім, нақ керісінше болар. Батыс Европа Россиядағы реакция мен абсолютизмнің тірегіне айналып келеді... Егер патшаның одақтасы — европалық капиталға да қарсы күресуге тура келмесе, орыс революционерлері патшаны, мүмкін, әлдеқашан бір жайлы қылған болар еді. Бұл жолы олар екі жауының екеуін де бір жайлы қыла алады және жаңа «қасиетті одақ» өзінен бұрынғылардан гөрі тезірек күйрейді деп сене аламыз. Бірақ, Россиядағы қазіргі күрес қалай аяқталса да, осы күрес туғызатын, амал не, жетерліктен де гөрі артығымен туғызатын, азап шегушілердің қаны мен бақыты зая кетпейді. Олар бүкіл цивилизациялы дүниеде әлеуметтік төңкерістің өркенін жаяды, оны қаулатып жылдам өсіреді. 1848 жылы славяндар халық көктемінің гүлін үсіткен ызғарлы аяз болып еді. Реакцияның сеңін қирататын, сөйтіп халықтарға жаңа, бақытты көктемді кідіріссіз әкелетін дауыл болу енді, мүмкін, славяндардың үлесіне тиген болар» (*Карл Каутский*. «Славяндар және революция», орыс социал-демократиясының революциялық газеті «Искрадағы» мақала, 1902 ж., № 18, 10 март, 1902 ж.).

Карл Каутский бұдан 18 жыл бұрын жақсы жазған!

II

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ТАБЫСҚА ЖЕТУІНІҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ

Біздің партияда аса қатаң, шын мәнісінде темірдей берік тәртіп болмаса, партияны жұмысшы табының бүкіл бұқарасы, яғни жұмысшы табының ішінде ойшыл, адал, жанқияр, ықпалды адамдардың, артта қалған топтарды соңынан ерте және сіліктіре алатын адамдардың бәрі барынша толық және жапын қия қолдамаса, большевиктер өкімет басында $2^1/_2$ жыл түгіл $2^1/_2$ ай да тұра алмас еді; мұны қазір жұрттың бәрі дерлік көріп отырған болар.

Пролетариат диктатурасы дегеніміз *анағұрлым күштірек* жауға қарсы, буржуазияға қарсы жаңа таптың нағыз жанқиярлық, нағыз аяусыз соғысы; буржуазияның қарсылығы өзі құлатылғаннан кейін (бір елде болса да) *он есе күшейді* және оның мықтылығы халықаралық капиталдың күшінде ғана емес, буржуазияның халықаралық байланыстарының күші мен беріктігінде ғана емес, сонымен бірге *дағдының күшінде, ұсақ өндірістің* күшінде. Өйткені, амал не, әлемде ұсақ өндіріс әлі өте-мөте көп қалып отыр, ал ұсақ өндіріс үнемі, күн сайын, сағат сайын, стихиялы түрде және кең көлемде капитализм мен буржуазияны *туғызып отырады*. Осы себептердің бәрі пролетариат диктатурасын қажет етеді, сондықтан ұзақ, қажырлы, жанталасқан, өліспей-беріспейтін шайқас болмаса,— төзімділікті, тәртіптілікті, беріктікті, қайсарлықты, ерік бірлігін керек қылатын шайқас болмаса, буржуазияны жеңу мүмкін емес.

Қайталап айтайын, Россиядағы жеңімпаз пролетариат диктатурасының тәжірибесі бұл мәселе туралы ойлай білмейтіндерге немесе ой жүгіртуге тура келмегендерге: сөзсіз орталықтандыру және пролетариаттың өте қатаң тәртібі буржуазияны жеңудің негізгі шарттарының бірі екенін айқын көрсетті.

Жұрт бұған жиі тоқталады. Бірақ мұның мәнісі не, бұл қандай жағдайларда болуы мүмкін?— мұны жете ойластырмайды. Совет өкіметі мен большевиктерді құт-

тықтан жар салумен бірге, большевиктердің революцияшыл пролетариатқа қажет тәртіпті *неліктен* жасай алғандығының себептерін *мейлінше жіірек байыпты талдап отыру* жөн емес пе?

Саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде большевизм 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді. Большевизмнің нағыз қиын жағдайларда пролетариаттың жеңіп шығуына қажетті темірдей берік тәртіп орнатып, оны сақтай алған себептерін большевизмнің өмір сүріп келе жатқан *бүкіл* дәуіріндегі тарихы ғана қанағаттанарлық етіп түсіндіре алады.

Сондықтан да ең алдымен мынадай сұрақ туады: пролетариаттың революцияшыл партиясында тәртіп не нәрсеге негізделеді? ол не арқылы тексеріледі? не арқылы нығайтылады? Біріншіден, пролетарлық авангардтың саналылығы және оның революцияға берілгендігі, оның табандылығы, жанқиярлығы, ерлігі арқылы. Екіншіден, пролетарлық авангардтың еңбекшілердің нағыз қалың бұқарасымен, ең алдымен пролетар, *сонымен қатар пролетар емес* еңбекшілер бұқарасымен де байланыса, жақындаса білетіндігі, керек десеңіз, белгілі бір дәрежеде қосылып кете білетіндігі арқылы. Үшіншіден, бұл авангардтың жүзеге асыратын саяси басшылығының дұрыстығы, оның саяси стратегиясы мен тактикасының дұрыстығы, бұл дұрыстыққа нағыз қалың бұқараның *өз тәжірибесімен* көзі жететіндігі арқылы. Буржуазияны құлатып, бүкіл қоғамды қайта құруды мақсат ететін алдыңғы қатарлы таптың партиясы болуға анық қабілетті революцияшыл партияда бұл шарттарсыз тәртіп орнату мүмкін емес. Бұл шарттарсыз тәртіп орнату жөніндегі әрекеттер сөзсіз бос нәрсеге, жел сөзге, тілмарлыққа айналады. Ал екінші жағынан, бұл шарттар бірден пайда бола қалмайды. Бұл шарттар ұзақ еңбек, қиын тәжірибе арқылы ғана жасалады; бұл шарттардың жасалуын революциялық дұрыс теория жеңілдетеді, ал теория дегеніміз догма емес, ол шын бұқаралық және шын революциялық қозғалыстың практикасымен тығыз байланыста ғана түбегейлі қалыптасады.

Егер большевизм 1917—1920 жылдарда, адам есті-

меген ауыр жағдайларда, нағыз қатаң орталықтандыру мен темірдей берік тәртіпті орнатып, ойдағыдай жүзеге асыра алса, мұның себебі тек қана Россияның бірқатар тарихи ерекшеліктеріне байланысты.

Бірінші жағынан, большевизм 1903 жылы марксизм теориясының нағыз берік негізінде туды. Ал бұл революциялық теорияның — тек қана осы теорияның — дұрыстығын бүкіл XIX ғасырдағы бүкіл дүние жүзілік тәжірибе ғана емес, сонымен қатар, әсіресе, Россияда революциялық ой-пікірдегі адасушылықтар мен ауытқушылықтардың, қателіктер мен түңілушіліктердің тәжірибесі де дәлелдеді. Жарты ғасырдай уақыт бойы, шамамен өткен ғасырдың 40-жылдарынан 90-жылдарына дейін, Россиядағы озық ой адам естімеген жабайы және реакцияшыл патша өкіметінің езгісінде жүріп, революциялық дұрыс теорияны аңсап іздеумен болды, Европа мен Американың бұл саладағы әрбір «соңғы жаңалықтарын» ғажайып ынтамен, мұқият қадағалап отырды. Бірден-бір дұрыс революциялық теория болып табылатын марксизмге Россия шын мәнінде адам естімеген азаптар мен құрбандықтардың, бұрын-соңды болмаған революциялық ерліктің, керемет жігердің, жанқиярлық ізденістердің, іс жүзінде үйреніп, сынпан өтудің, түңілушіліктердің, Европа тәжірибесін тексеріп, салғастырудың жарты ғасырлық тарихын *басынан кешіріп барып жетті.* Патша өкіметінің эмиграцияға кетуге мәжбүр етуі арқасында революциялық Россия XIX ғасырдың екінші жартысында интернационалдық байланыстарының молдығы жағынан, революциялық қозғалыстың бүкіл дүние жүзілік формалары мен теориялары жөнінде тамаша хабардарлығы жағынан дүние жүзінде ешбір ел жетпеген дәрежеге жетті.

Екінші жағынан, осы граниттей берік теориялық негізде туған большевизм он бес жылдық (1903—1917) практикалық тарих жасады; тәжірибесінің молдығы жағынан бұл тарихтың әлемде теңдесі жоқ. Өйткені бұл 15 жылдың ішінде революциялық тәжірибе жағынан, қозғалыстың түрлі формаларының, жария қозғалыс пен құпия қозғалыстың, бейбіт қозғалыс пен дауылды қозғалыстың, астыртын қозғалыс пен ашық

қозғалыстың, үйірмелік қозғалыс пен бұқаралық қозғалыстың, парламенттік қозғалыс пен террорлық қозғалыстың тез және әр қилы ауысуы жағынан, тіпті шамамен айтқанда да, мұндай оқиға ешбір елде осыншалық көп бастан кешірілген емес. Қазіргі қоғамдағы *барлық* таптар күресінің, күрес болғанда, еліміздің артта қалғандығынан және патша өкіметі езгісінің ауырлығынан, өте-мөте тез пісіп жеткен, Америка мен Европаның саяси тәжірибесінің тиісті «соңғы жаңалықтарын» өте-мөте аңсап, ойдағыдай қабылдаған күрестің осынша көп формалары, сарындары, әдістері ешбір елде мұндай қысқа уақыттың ішінде жинақталған емес.

III
БОЛЬШЕВИЗМ ТАРИХЫНДАҒЫ БАСТЫ КЕЗЕҢДЕР

Революцияны дайындау жылдары (1903—1905). Барлық жерде ұлы дауылдың жақындағаны сезіледі. Барлық таптарда толқу байқалады, дайындық жасалады. Шетелдерде эмиграпттық баспасөз теориялық тұрғыдан революцияның *барлық* негізгі мәселелерін алға қояды. Негізгі үш таптың, басты-басты үш саяси ағымның өкілдері — либералдық-буржуазиялық ағымның, ұсақ буржуазиялық-демократиялық ағымның («социал-демократиялық» және «социал-революциялық» бағыттарды[3] бүркемеленген ағымның) және пролетарлық-революциялық ағымның өкілдері, программалық және тактикалық көзқарастардың аса қатаң күресі арқылы таптардың болашақ ашық күресін күні бұрын болжайды және дайындайды. Бұқараның 1905—1907 және 1917—1920 жылдардағы қарулы күресіне себеп болған мәселелердің *бәрін* сол уақыттағы баспасөзден, бастапқы формасында, байқап білуге болады (байқап білу керек те). Ал басты-басты үш бағыттың арасында, әлбетте, толып жатқан аралық, өтпелі, тұрлаусыз ұйымдар бар. Дұрысырақ айтқанда: баспасөз органдарының, партиялардың, фракциялардың, топтардың күресі үстінде нағыз таптық бағыт болып табылатын идеялық-саяси бағыттар шыңдалады; таптар болашақ шайқастар

үшін өздеріне қажетті идеялық-саяси құрал жасап алады.

Революция жылдары (1905—1907). Таптардың бәрі ашық бой көрсетеді. Программалық және тактикалық көзқарастардың бәрі бұқараның қимылы арқылы сыннан өтеді. Стачкалық күрес дүние жүзінде бұрын болып көрмеген дәрежеде кеңейіп, өршиді. Экономикалық стачка саяси стачкаға, саяси стачка көтеріліске ұласады. Жетекші пролетариаттың және ол басшылық ететін, солқылдақ, табансыз шаруалардың арасындағы қатынастар іс жүзінде сыннан өтеді. Күрестің стихиялық дамуы барысында ұйымның советтік формасы туады. Советтердің мәні туралы сол кездегі таластар 1917—1920 жылдардағы ұлы күресті алдын ала болжап көрсетеді. Күрестің парламенттік формалары мен парламенттік емес формаларының, парламентаризмге бойкот жасау тактикасы мен парламентаризмге қатысу тактикасының, күрестің жария формалары мен құпия формаларының ауысып отыруы, сондай-ақ олардың өз арақатынастары мен байланыстары — осының бәрі мейлінше мазмұнға байлығымен көзге түседі. Бұл кезеңнің әрбір айы — бұқара мен көсемдерге де, таптар мен партияларға да — саяси ғылымның негіздерін үйретуі жағынан «бейбіт» «конституциялық» дамудың бір жылына тең болды. 1905 жылғы «ұлы репетиция» болмаса 1917 жылғы Октябрь революциясының жеңуі мүмкін болмас еді.

Реакция жылдары (1907—1910). Патша өкіметі жеңді. Революциялық және оппозициялық партиялардың бәрі талқандалды. Құлдырау, берекесіздену, жікке бөліну, ыдырау, ренегаттық, саясаттың орнына порнография. Философиялық идеализмге бой ұрушылық күшейді; мистицизм контрреволюциялық пиғылдың бүркеншісі болды. Бірақ сөйте тұрғанмен нақ сол ұлы жеңіліс революциялық партиялар мен революцияшыл тапқа шын мәнінде және өте пайдалы сабақ береді, тарихи диалектика сабағын, саяси күресті ұғу, жүргізе алу, жүргізе білу сабағын береді. Достың достығы басқа іс түскенде байқалады. Соққы көрген армия жақсы үйренеді.

Жеңіп шыққан патша өкіметі Россиядағы буржуазиялық қоғамға дейінгі, патриархтық тұрмыстың қалдықтарын тез қиратуға мәжбүр болды. Россияның буржуазиялық дамуы тамаша жылдам алға басты. Таптан тыс, таптан жоғары тұру жөніндегі жалған үміттердің, капитализмге соқпай өту мүмкіндігі жөніндегі жалған үміттердің күлі көкке ұшты. Тап күресі мүлде жаңаша және анағұрлым айқын көріне бастады.

Революциялық партиялар үйреніп жетілуге тиіс. Олар шабуыл жасауды үйренді. Енді бұл ғылымды неғұрлым дұрыс шегіне білу ғылымымен толықтыру қажет екенін ұғыну керек болады. Дұрыс шабуыл жасау мен дұрыс шегінуді үйренбейінше, жеңуге болмайтынын ұғыну керек болады,— революцияшыл тап өзінің басынан кешірген ауыр тәжірибесі арқылы мұны ұғуды үйреніп те келеді. Барлық талқандалған оппозициялық және революциялық партиялардың ішінде большевиктер неғұрлым тәртіппен шегінді, олардың «армиясына» келген зиян неғұрлым аз болды, «армиясының» ұйтқысын неғұрлым көп сақтап қалды, жікке бөлінуі (тереңдігі және дауасыздығы жағынан) неғұрлым аз болды, берекесізденуі неғұрлым аз болды, жұмысты бұрынғыдан да гөрі кең, дұрыс, жігерлі түрде қайта жүргізу қабілеті неғұрлым күшті болды. Ал большевиктердің бұған жеткен себебі, олар шегіну керек екенін, шегіне білу керек екенін, ең реакциялық парламенттерде, ең реакциялық кәсіптік, кооперативтік, қауіпсіздендіру ұйымдарында және осылар сияқты ұйымдарда жария жұмыс істеуді міндетті түрде үйрену керек екенін түсінгісі келмеген сөзуар революционерлерді аяусыз әшкерелеп, қуып шығып отырды.

Өрлеу жылдары (1910—1914). Өрлеу әуелі адам айтқысыз баяу, сонан соң, 1912 жылғы Лена оқиғаларынан кейін, біршама жылдамырақ болды. Большевиктер адам естімеген қиындықтарды жеңе отырып, меньшевиктерді ығыстырып шығарды; меньшевиктердің жұмысшы қозғалысындағы буржуазияның агенттері ретіндегі ролін 1905 жылдан кейін бүкіл буржуазия өте жақсы түсінді, сондықтан да оларды бүкіл буржуазия мың түрлі тәсілмен большевиктерге қарсы қойып, қол-

дап отырды. Ал большевиктер құпия жұмысты «жария мүмкіншіліктерді» міндетті түрде пайдаланумен ұштастыру жөніндегі дұрыс тактиканы жүргізбеген болса, еш уақытта меньшевиктерді ығыстыра алмас еді. Барып тұрған реакцияшыл Думада большевиктер бүкіл жұмысшы куриясын өз жағына қаратып алды.

Бүкіл дүние жүзілік бірінші империалистік соғыс (1914—1917). Жария парламентаризм, «парламенттің» шектен тыс реакцияшылдығы кезінде, революцияшыл пролетариаттың партиясына, большевиктерге, мейлінше пайдалы қызмет көрсетеді. Большевик-депутаттар Сибирьге кетеді[4]. Социал-империализм, социал-шовинизм, социал-патриотизм, дәйексіз және дәйекті интернационализм, пацифизм көзқарастарының және пацифистік жалған үміттерді революциялық тұрғыдан теріске шығарудың эмиграттық баспасөздегі барлық сарындары бізде өзінің толық көрінісін тауып отырды. Орыс социализмінде «фракциялардың» көптігі және олардың арасындағы күрестің шиеленіскендігі жөнінде менсінбей, тәкаппарлана мұрнын тыржитқан II Интернационалдың оқымысты ақымақтары мен кәрі мыстандары алдыңғы қатарлы елдердің *бәрінде* мақтаулы «жариялылықты» соғыс жойып жіберген кезде, тіпті орыс революционерлерінің Швейцарияда және басқа біртала елдерде ұйымдастырғанындай еркін (құпия) пікір алысу, дұрыс көзқарасты еркін (құпия) белгілеу тәрізді істерді де ұйымдастыра алмады. Нақ сондықтан барлық елдердің тікелей социал-патриоттары да, «каутскийшілдері» де пролетариаттың ең оңбаған сатқындары болып шықты. Ал большевизм 1917—1920 жылдары жеңіп шықса, бұл жеңістің негізгі себептерінің бірі — большевизм 1914 жылдың аяқ кезінен бастап-ақ социал-шовинизм мен «каутскийшілдіктің» (бұған Франциядағы лонгетизм[5], Англия Тәуелсіз жұмысшы партиясының[6] көсемдері мен фабийшылдардың[7] көзқарастары, Италиядағы Туратидің, т. б. көзқарастары сай келеді) арамдығын, пасықтығын, оңбағандығын аямай әшкерелеп отырды, ал бұқара кейін өз басынан кешірген тәжірибесі арқылы большевиктердің көзқарастарының дұрыстығына барған сайын кәміл сеніп отырды.

Россиядағы екінші революция (1917 ж. февральдан октябрьге дейін). Патша өкіметінің сұмдық қаусап, ескіргендігі оған қарсы бағытталған сұмдық қирату күшін жасады (азабы орасан күшті соғыстың соққылары мен ауыртпалықтары арқылы жасады). Бірнеше күннің ішінде Россия демократиялық буржуазиялық республикаға, дүние жүзіндегі қандай елден болса да — соғыс жағдайында — еркінірек республикаға айналды. Ең «қатаң-парламентарлық» республикалардағы сияқты, оппозициялық және революциялық партиялардың көсемдері үкімет құра бастады, және де парламентте, тіпті ең барып тұрған реакцияшыл парламентте болса да, оппозициялық партияның көсемі деген атақ кейін сондай көсемнің революцияда атқаратын ролін *жеңілдетті.*

Меньшевиктер мен «социалист-революционерлер» II Интернационалдың европалық сабаздарының, министршілдерінің[8] және басқа оппортунистік сілімтіктердің барлық тәсілдері мен қылықтарын, дәлелдері мен софизмдерін бірнеше аптаның ішінде өте жақсы ұғып алды. Шейдемандар мен Носке туралы, Каутский мен Гильфердинг туралы, Реннер мен Аустерлиц туралы, Отто Бауэр мен Фриц Адлер туралы, Турати мен Лонге туралы, Англиядағы фабийшылдар мен Тәуелсіз жұмысшы партиясының көсемдері туралы қазір оқып жүргендеріміздің бәрі, осының бәрі бізге таныс ескі әуенді мезі еткенше қайталап, жырлай беру болып көрінеді (іс жүзінде солай да). Мұның бәрін біз меньшевиктерден көрдік те. Тарих келеке етіп, артта қалған елдің оппортунистерін бірсыпыра алдыңғы қатарлы елдердің оппортунистерінен асырып түсірді.

Егер II Интернационалдың барлық сабаздары банкрот болып, Советтердің және Совет өкіметінің маңызы мен ролі туралы мәселе жөнінде масқара болса, егер қазір II Интернационалдан шыққан өте көрнекті үш партияның (атап айтқанда: немістің Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының[9], француздың лонгетистік партиясының және ағылшынның Тәуелсіз жұмысшы партиясының) көсемдері бұл мәселе жөнінде өте-мөте «айқын» масқара болып, шатасса, егер олардың

бәрі ұсақ буржуазиялық демократия соқыр сенімдерінің құлы болып шықса (өздерін «социал-демократ» деп атаған дәл 1848 жылғы ұсақ буржуа тәрізді болып шықса), біз *мұның бәрін қазірдің өзінде-ақ* меньшевиктердің мысалынан көріп отырмыз. Тарих былай келеке етті: Россияда 1905 жылы Советтер туды, меньшевиктер 1917 жылғы февраль — октябрьде Советтердің өңін айналдырды, сөйтіп Советтердің ролі мен маңызын түсіне білмегендіктің салдарынан банкрот болды, қазір Совет өкіметі идеясы *бүкіл дүние жүзінде* туып, барлық елдердің пролетариаты арасына мейлінше шапшаң тарап отыр, ал біздегі меньшевиктер сияқты, II Интернационалдың бұрынғы сабаздары да Советтердің ролі мен маңызын өздерінің түсіне білмейтіндігінен *барлық жерде* банкрот болуда. Пролетарлық революцияның кейбір өте елеулі мәселелерінде Россияның істеген істерін *барлық* елдердің сөзсіз істейтіндігін тәжірибе дәлелдеп отыр.

Большевиктер парламенттік (іс жүзінде) буржуазиялық республикаға қарсы және меньшевиктерге қарсы өзінің жеңімпаз күресін өте сақтықпен бастады және — Европа мен Америкада қазір жиі кездесіп жүрген көзқарастардай — әсте оп-оңай әзірлей салған жоқ. Біз жоғарыда көрсетілген кезеңнің бас кезінде үкіметті құлатуға шақырған *жоқпыз,* қайта Советтердің құрамында және пиғылында алдын ала бірсыпыра өзгерістер *болмаса,* оны құлатудың мүмкін еместігін түсіндірдік. Біз буржуазиялық парламентке, құрылтайға бойкот жариялаған жоқпыз, қайта — құрылтайсыз буржуазиялық республикадан құрылтайлы буржуазиялық республика жақсы, ал «жұмысшы-шаруа» республикасы, советтік республика буржуазиялық-демократиялық республиканың, парламенттік республиканың қандайынан болса да жақсы дедік, мұны партиямыздың Апрель (1917) конференциясынан[10] бастап ресми түрде партияның атынан айттық. Осындай сақтықпен, тыңғылықты, байыпты, ұзақ дайындық болмаса, біз 1917 жылғы октябрьде жеңіп те шыға алмас едік, бұл жеңісті сақтап та қала алмас едік.

IV

БОЛЬШЕВИЗМ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ІШІНДЕГІ ҚАНДАЙ ЖАУЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ӨСІП, БЕКІП, ШЫНЫҚТЫ?

Біріншіден және көбінесе, 1914 жылы социал-шовинизмге біржолата ұласқан, пролетариатқа қарсы буржуазия жағына біржолата көшкен оппортунизмге қарсы күресте өсіп, бекіп, шынықты. Оппортунизм, әрине, большевизмнің жұмысшы қозғалысы ішіндегі басты жауы болды. Бұл жау халықаралық көлемде де басты жау болып қалады. Бұл жауға қарсы большевизм бәрінен де гөрі көбірек көңіл бөлді, көңіл бөліп те отыр. Большевиктер қызметінің бұл жағы қазірдің өзінде шетелге де мейлінше жақсы мәлім.

Большевизмнің жұмысшы қозғалысы ішіндегі екінші жауы жөнінде басқаша айтуға тура келеді. Большевизмнің *ұсақ буржуазиялық революцияшылдыққа* қарсы көп жылдарға созылған күресте өсіп, қалыптасып, шыныққанын шетелде әлі тым жеткіліксіз біледі; бұл ұсақ буржуазиялық революцияшылдық анархизмге ұқсайды немесе содан кейбір нәрселерді қабылдап алады, қандай бір елеулі мәселеде болса да пролетариаттың табанды тап күресінің шарттары мен талап-тілектерінен шегіншектеп отырады. Ұсақ меншікші, ұсақ қожайынсымақ (европалық елдердің көбінде өте мол, бұқаралық өкілдігі бар әлеуметтік тип) капитализм тұсында үнемі езгіде болатындықтан және тұрмысы адам айтқысыз күрт және жылдам нашарлап, күйзелушілікке өте жиі ұшырайтындығынан, әсіре революцияшылдыққа оңай көшіп отырады, бірақ төзімділік, ұйымшылдық, тәртіптілік, тұрақтылық көрсету қолынан келмейді, мұның өзі марксистерге теория жүзінде әбден айқын,— және барлық европалық революциялар мен революциялық қозғалыстардың тәжірибесі арқылы әбден дәлелденді. Капитализмнің сорақылықтары «есінен ауыстырған» ұсақ буржуа — анархизм сияқты, капиталистік елдердің бәріне тән әлеуметтік құбылыс. Мұндай революцияшылдықтың тұрлаусыздығы, оның нәтижесіздігі, тез көнгіш, бойкүйез, қиялшыл бола сал-

ғыштығы, тіпті белгілі бір буржуазиялық «сәнді» ағымға «есі кете» еліккіштігі,— мұның бәрі жалпыға мәлім нәрсе. Бірақ бұл ақиқатты теория жүзінде, абстракт түрде мойындау революцияшыл партияларды ескі қателерден әсте құтқара қоймайды; ол қателер ылғи күтпеген жерден, сәл-пәл жаңа формада, бұрын белгісіз жамылғы немесе қоршау жамылып, ерекше — азды-көпті ерекше — жағдайда туып отырады.

Анархизм көбінесе жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік күнәлар үшін қолданылатын жазаның бір түрі болды. Екі кемтарлық бірін-бірі өзара толықтырып отырды. Ал Россияда, европалық елдермен салыстырғанда, халқының анағұрлым ұсақ буржуазиялық құрамына қарамастан, анархизмнің ықпалы екі революция дәуірінде (1905 және 1917) және оларға дайындалу кезінде болмашы дерлік болса, мұны ішінара, күмән жоқ, оппортунизмге қарсы әрдайым өте аяусыз және ымырасыз күрес жүргізген большевизмнің еңбегі деп санау керек. «Ішінара» деп отырған себебім, өткен кездерде (XIX ғасырдың 70-жылдары) анархизм орасан қаулап өршуге мүмкіндік алып, революцияшыл тапқа жетекші теория ретінде өзінің терістігін, өзінің жарамсыздығын ақырына дейін ашып көрсетуі Россияда анархизмнің әлсіреуі жөнінде әлгіден де гөрі маңызды роль атқарды.

Большевизм 1903 жылы өзі жарыққа шығарында ұсақ буржуазиялық, жартылай анархиялық (немесе анархизмге бой ұра алатын) революцияшылдыққа қарсы аяусыз күресу дәстүрін қабылдады; мұндай дәстүр революцияшыл социал-демократияда әрдайым болды және ол бізде 1900—1903 жылдарда, Россияда революцияшыл пролетариаттың бұқаралық партиясының негіздері қалана бастаған кезде өте-мөте бекіді. Большевизм басты-басты үш пункт жөнінде ұсақ буржуазиялық революцияшылдық тенденцияларын бәрінен де гөрі көбірек көрсеткен партияға қарсы, атап айтқанда «социалист-революционерлер» партиясына қарсы күресуге бел байлады және күресті жүргізе берді. Біріншіден, марксизмді теріске шығарған бұл партия қандай да болса саяси қимыл жасар алдында таптық күштерді

және олардың арақатынастарын объективтік түрде қатаң есепке алудың қажеттігін қасарысып түсінгісі келмеді (түсіне алмады деу, бәлкім, дұрысырақ болар). Екіншіден, бұл партия жеке террорды, қаскүнемдік жасауды мойындайтындығын өзінің ерекше «революцияшылдығы» немесе «солшылдығы» деп білді; бұған біздер, марксистер, үзілді-кесілді қарсы болдық. Әлбетте, біз жеке террорды мақсатқа сай келе ме деген себептен қабылдамадық, ал ұлы француз революциясының террорын немесе жалпы жеңген революцияшыл партияның, бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы айнала қамап отырған партияның тарапынан болатын террорды «принципі жағынан» айыптамақшы болған адамдарды, мұндай адамдарды тіпті Плеханов өзі, марксист және революционер болған 1900—1903 жылдары, мазақ қылып, масқаралаған болатын. Үшіншіден, «социалист-революционерлер» неміс социал-демократиясының біршама жеңіл-желпі оппортунистік күнәларына сықылықтап күлуді, сонымен қатар нақ осы партияның, мәселен, аграрлық мәселе жөніндегі немесе пролетариат диктатурасы туралы мәселе жөніндегі, әсіре оппортунистеріне еліктеуді «солшылдық» деп білді.

Біз әрдайым жақтап келген пікірді, атап айтқанда, *революцияшыл* неміс социал-демократиясы (есіңізде болсын: тіпті Плеханов 1900—1903 жылдарда Бернштейнді партиядан шығаруды талап еткен, ал большевиктер осы дәстүрді әрдайым қолдана отырып, 1913 жылы Легиннің бүкіл насықтығын, арамдығын және сатқындығын әшкерелеген болатын[11]),— революцияшыл неміс социал-демократиясы революцияшыл пролетариаттың жеңіп шығуы үшін керекті партияға *бәрінен де гөрі жақынырақ* партия болды деген пікірді тарих, жол-жөнекей айтқанда, қазір орасан зор, дүние жүзілік-тарихи көлемде растап отыр. Қазір, 1920 жылы айқын көрініп отырғандай, соғыс дәуіріндегі және соғыстан соңғы алғашқы жылдардағы барлық масқара күйреулер мен дағдарыстардан кейін, батыстағы партиялардың бәрінің ішінде нақ осы революцияшыл неміс социал-демократиясы ең жақсы көсемдерді берді, сондай-ақ басқалардан бұрын есін

жиды, сауығын, нығайды. Мұның өзі спартакшылдар партиясынан[12] да, «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының» солшыл, пролетарлық қанатынан да көрініп отыр; бұл қанат Каутскийлердің, Гильфердингтердің, Ледебурлардың, Криспиндердің оппортунизмі мен тұрлаусыздығына қарсы үнемі күрес жүргізіп келеді. Егер қазір әбден аяқталған тарихи дәуірге, атап айтқанда: Париж Коммунасынан бастап тұңғыш Социалистік Советтік Республикаға дейінгі дәуірге жалпы көз жіберер болсақ, онда марксизмнің анархизмге жалпы көзқарасы мүлде айқын, даусыз сипат алады. Сайып келгенде марксизмдікі жөн болып шықты, өйткені егер анархистер социалистік партиялардың көпшілігінің ішінде басымдық алып отырған мемлекет жөніндегі көзқарастардың оппортунистігін әділ көрсетсе, біріншіден, бұл оппортунистік Маркстің мемлекет жөніндегі көзқарастарын бұрмалаушылықпен, тіпті тура жасырумен байланысты болды (мен «Мемлекет және революция» деген кітабымда: социал-демократияның мемлекет жөніндегі дағдылы пікірлерінің оппортунизмін ерекше айқын, батыл, тура, ашық әшкерелеген Энгельстің хатын[13] Бебель 36 жыл бойы, 1875 жылдан 1911 жылға дейін, жасырып келді деп атап айтқанмын*); екіншіден, бұл оппортунистік көзқарастарды түзету, Совет өкіметін және оның буржуазиялық парламенттік демократиядан артықшылығын мойындау, мұның бәрі Европа мен Американың социалистік партияларының арасындағы нақ осы ең маркстік ағымдардың ішінде пайда болып, барынша тез және кең тарады.

Большевизмнің өз партиясының «солға» ауытқуына қарсы күресі екі ретте: 1908 жылы ең реакциялық деген «парламентке» және ең реакциялық деген заңдар бойынша жасалған жария жұмысшы қоғамдарына қатысу туралы мәселе жөнінде және 1918 жылы (Брест бітімі[14]) белгілі бір «компромиске» жол беруге болатын-болмайтындығы туралы мәселе жөнінде ерекше зор көлемде болды.

1908 жылы «солшыл» большевиктер ең реакциялық

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 70—73-беттер. *Ред.*

«парламентке» қатысудың қажеттігін түсінгісі келмей қасарысқаны үшін партиямыздан шығарылды[15]. «Солшылдар» — бұлардың арасынан көптеген тамаша жақсы революционерлер шықты, бұлар соңынан коммунистік партияның адал мүшелері болды (болып та отыр) — әсіресе 1905 жылғы бойкоттың сәтті тәжірибесіне сүйенді. 1905 жылы августа патша кеңесші «парламенттің»[16] шақырылатынын жариялаған кезде, большевиктер — оппозициялық партиялардың бәріне қарсы және меньшевиктерге қарсы шығып,— бұл «парламентке» бойкот жариялады, ал 1905 жылғы октябрь революциясы[17] шынында бұл «парламентті» күл-талқан етті. Ол кезде бойкоттың дұрыс болған себебі реакциялық парламенттерге жалпы қатыспаудың дұрыстығынан емес, қайта бұқаралық стачкаларды саяси стачкаға, одан соң революциялық стачкаға, ең соңында көтеріліске тез айналдыруға тиісті объективтік жағдайдың дұрыс есепке алынғандығынан болды. Және де ол кезде күрес ең алғашқы өкілдік мекемені шақыру билігін патшаның қолында қалдыру керек пе, әлде оны шақыру билігін ескі өкіметтің қолынан тартып алуға тырысу керек пе деген мәселе жөнінде болды. Ондай объективтік жағдайдың бар екеніне, сол сияқты оның даму бағыты мен қарқынының бірдейлігіне сенім болмаса және болуы да мүмкін емес болса, онда бойкот дұрыс болмай шығар еді.

Большевиктердің 1905 жылғы «парламентке» бойкот жасауы күрестің жария формалары мен құпия формаларын, парламенттік формалары мен парламенттен тыс формаларын ұштастырғанда, кейде парламенттік формалардан бас тарта білу пайдалы, тіпті міндетті де екенін көрсетіп, революцияшыл пролетариатты өтемөте бағалы саяси тәжірибемен байытты. Бірақ босқа еліктеп, сын көзімен қарамай, бұл тәжірибені *басқа* жағдайларға, *басқа* кездерге қолдану орасан зор қате болып табылады. Большевиктердің 1906 жылы «Думаға» бойкот жасауы, кіші-гірім, оңай түзетерлік болғанымен, қате болды*. 1907, 1908 жылдардағы және одан

* Жеке адамдарға қатысты нәрселерді саясатқа және партияларға — тиісті өзгерістермен — қолдануға болады. Ақылды адам дегеніміз қате-

кейінгі жылдардағы бойкот аса елеулі және түзетілуі қиын қате болды, өйткені ол кезде, бірінші жағынан, революциялық толқынды өте жылдам өрлейді және ол көтеріліске ұласады деп күте қоюға болмайтын еді және ол кезде, екінші жағынан, жария жұмыс пен құпия жұмысты ұштастырудың қажеттігі жаңарып келе жатқан буржуазиялық монархияның бүкіл тарихи жағдайынан туған еді. Енді қазір, әбден аяқталған тарихи дәуірге, өзінен кейінгі дәуірлермен байланысы қазірдің өзінде әбден анықталған дәуірге қайырылып қарағанда, мынау өте-мөте айқын көрініп отыр: егер большевиктер күрестің жария формаларын құпия формалармен қосудың *міндеттілігін*, ең реакциялық парламентке және реакциялық заңдар бойынша құрылған басқа да бірсыныра мекемелерге (қауінсіздендіру кассаларына және басқаларына) *міндетті* түрде қатысу керек екенін нағыз қатаң күресте қорғап қалмаса, 1908—1914 жылдары большевиктер пролетариаттың революцияшыл партиясының берік ұйытқысын (ныгайту, дамыту, күшейту туралы айтпағанда) сақтап қала *алмаған болар еді.*

1918 жылы іс жікке бөлінуге дейін жеткен жоқ. «Солшыл» коммунистер ол кезде партиямыздың ішінде ерекше топ, яғни «фракция» ғана құрды, онда да аз уақытқа құрды. Сол 1918 жылы-ақ «солшыл коммунизмнің» аса көрнекті өкілдері, мәселен, Радек, Бухарин жолдастар өз қателерін ашық мойындады. Оларға Брест бітімі империалистермен жасалған, принцип жағынан жол беруге болмайтын және революцияшыл пролетариаттың партиясы үшін зиянды компромисс болып көрінді. Бұл шынында да империалистермен компромисс жасау еді, бірақ амалсыз жағдайда жасалған *міндетті түрдегі* компромисс еді.

Қазіргі уақытта, Брест бітіміне қол қояр кездегі біздің тактикамызға, мәселен, «социалист-революционерлердің» тарапынан шүйлігушілікті естіген кезімде немесе Ленсбери жолдастың менімен сөйлескенде: «біз-

---

леспейтін адам емес. Ондай адамдар жоқ, болуы да мүмкін емес. Ақылды адам дегеніміз пәлендей мәнді емес қателер жіберіп, ол қателерді оңай, тез түзете білетін адам.

дің ағылшын тред-юниондарының көсемдері: егер компромисс большевизм үшін қолдануға мүмкін нәрсе болса, онда бізге де қолдануға болады дейді» деген ескертуін естіген кезімде мен оған ең алдымен мынадай қарапайым және «түсінікті» салыстыру арқылы жауап бердім:

Ойлаң қараңызшы, сіздің автомобиліңізді қарулы бандиттер тоқтатқан екен. Сіз оларға ақшаны, паспортты, тапаншаны, автомобильді қолдан бересіз. Сіз бандиттермен тату көршіліктен құтыласыз. Көрер көзге компромисс жасалғаны күмәнсыз. «Do ut des» (мен саған ақшаны, қаруды, автомобильді бергенде «сен» маған аман-есен кетуіме мүмкіншілік «берсін» деп «берем»). Есі түзу адамнан мұндай компромисті «принцип жағынан жол беруге болмайтын» компромисс деп атайтын немесе мұндай компромисс жасаған кісіні бандиттердің серіктесі деп жариялайтын (бандиттер автомобильге отырып алып, оны және қаруды жаңа қарақшылық үшін пайдалануы мүмкін бола тұрса да) адамды табу қиын. Герман империализмінің бандиттерімен біздің жасаған компромисіміз осыған ұқсас компромисс еді.

Ал Россиядағы меньшевиктер мен эсерлер, Германиядағы шейдеманшылдар (және едәуір мөлшерде каутскийшілдер), Австриядағы Отто Бауэр мен Фридрих Адлер (Реннер мырзалар мен К° туралы айтпағанда), Франциядағы Ренодель мен Лонге және олардың К°, Англиядағы фабийшылдар, «тәуелсіздер» және «трудовиктер» («лабуристер»[18]) 1914—1918 және 1918—1920 жылдары өз елдерінің революцияшыл пролетариатына *қарсы* өз буржуазиясының, кейде «одақтас» буржуазияның да, бандиттерімен *компромисс* жасағанда, міне, сонда бұл мырзалардың бәрі *бандитизмнің серіктестерінің* істегенін істеді.

Қорытынды айқын: компромистерді «принцип жағынан» теріс деп тану, жалпы алғанда қандай болсын компромистерге жол берушілік атаулыны теріс деп тану — баланың ісі, оны шындыққа балаудың өзі қиын. Революцияшыл пролетариатқа пайдасын тигізгісі келген саясатшы нақ осындай жол беруге болмайтын

компромистердің, оппортунизм мен *сатқындықты* көрсететін компромистердің *нақты* жағдайын айыра білуге тиіс, сөйтіп сынның бүкіл күшін, аямай әшкерелеудің және ымырасыз соғысудың бар пәрменін *осы нақты* компромистерге қарсы жұмсауға тиіс, тәжірибесі көп «епшіл» социалистер мен парламенттік иезуиттердің «жалпы компромисс» туралы бос сөздер арқылы жауаптылықтан жалтарып, қашуына жол бермеуге тиіс. Англиядағы тред-юниондардың, сондай-ақ фабийшылдар қоғамы мен «тәуелсіз» жұмысшы партиясының «көсем» мырзалары *өздерінің істеген сатқындығы үшін* жауаптылықтан, өздерінің жасаған *осындай* компромисі, шынында ең оңбаған оппортунизм, опасыздық, сатқындық болып табылатын компромисі үшін жауаптылықтан нақ осылай жалтарып кетіп жүр.

Компромистің де компромисі бар. Әрбір компромистің немесе компромистердің түр-түрінің жағдайы мен нақты шарттарын талдай білу керек. Бандиттердің тигізетін зиянын азайту үшін, бандиттерді ұстау, ату ісін оңайлату үшін бандиттерге ақша және қару берген адамды бандиттермен олжалас болу үшін ақша және қару беретін адамнан айыра білуді үйрену керек. Саясатта мұны түсіну балаға арналған жай мысалдағыдай ылғи оңай бола бермейді. Бірақ өмірдің барлық кезеңдеріне жарайтын дайын рецепті жұмысшыларға күні бұрын беріп қойғысы келетін адам немесе революцияшыл пролетариаттың саясатында ешбір қиындық, ешбір шырғалаң жағдай болмайды деп уәде ететін адам нағыз алаяқ болған болар еді.

Теріс түсінікке жол бермеу үшін, мүлде қысқаша түрде болса да, нақты компромистерге талдау жасау үшін негізгі деген қағидалардың бірнешеуін белгілеуге тырысып көрейін.

Брест бітіміне қол қойып, герман империалистерімен компромисс жасаған партия өзінің интернационализмін іс жүзінде 1914 жылдың аяқ кезінен бастап қалыптастырды. Бұл партия патша монархиясының жеңілуін тілеуден және империалистік екі жыртқыштың арасындағы соғыста «отан қорғауды» масқаралаудан қорықпады. Бұл партияның депутат-парламентарлары бур-

жуазиялық үкіметтегі министрлік портфельдерге қол жеткізетін жолға түсудің орнына Сибирьге кетті. Патша өкіметін құлатқан және демократиялық республиканы құрған революция бұл партияны жаңа, аса ұлы сыннан өткізді: бұл партия «өз» империалистерімен ешбір келісімге бармады, қайта оларды құлатуды дайындады және құлатты да. Саяси өкіметті қолына алған соң, бұл партия помещиктік меншікті де, капиталистік меншікті де күл-талқан қылды. Империалистердің құпия шарттарын жариялап, оны бұзған бұл партия халықтардың *бәріне* бітім ұсынды, сөйтіп ағылшын-француз империалистері бітімді жасатпағаннан кейін ғана, ал большевиктер Германияда және басқа елдерде революцияны тездету үшін адамның қолынан келер нәрсенің бәрін істегеннен кейін ғана, Брест жыртқыштарының зорлығына көнді. Осындай партияның осындай жағдайда жасаған осындай компромисінің әбден дұрыстығы күн сайын жұрттың бәріне ашық, айқын болып келеді.

Россиядағы меньшевиктер мен эсерлер (II Интернационалдың 1914—1920 жылдардағы бүкіл дүние жүзіндегі барлық көсемдері сияқты) «отан қорғауды», яғни *өздерінің* тонаушы буржуазиясын қорғауды тікелей немесе жанама түрде ақтап, істі сатқындықтан бастады. Олар *өз* елінің буржуазиясымен коалиция жасап, *өз* буржуазиясымен бірге өз елінің революцияшыл пролетариатына қарсы күресін, сатқындықты үдете берді. Олардың Россияда әуелі Керенскиймен және кадеттермен жасасқан, сонан соң Колчакпен және Деникинмен жасасқан блогы, олардың шетелдердегі пікірлестерінің *өз* елдерінің буржуазиясымен жасасқан блогы сияқты, пролетариатқа қарсы буржуазия жағына шыққандық болды. *Олардың* империализм бандиттерімен жасаған компромисінің басынан аяғына дейінгі мәні сол — олар өздерін империалистік бандитизмнің *серіктестері* етті.

V

ГЕРМАНИЯДАҒЫ «СОЛШЫЛ» КОММУНИЗМ. КӨСЕМДЕР — ПАРТИЯ — ТАП — БҰҚАРА

Біз енді герман коммунистері туралы сөз етуге тиіспіз; олар өздерін «солшылдар» деп атамайды,— мен қателесіп отырмасам —«принципшіл оппозиция»[19] деп атайды. Бірақ «солшылдықтың балалық ауруы» деген белгіге олардың әбден сай келетіні кейінгі баяндаулардан көрінеді.

Осы оппозицияның көзқарасын жақтайтын, «Майндағы Франкфурттағы жергілікті топ» бастырып шығарған «Германия Коммунистік партиясының (спартакшылдар одағының) жікке бөлінуі» деген кітапша бұл оппозиция көзқарастарының мәнін мейлінше айқын, дәл, анық, тұжырымды баяндайды. Оның мәнін оқушыларға таныстыру үшін бірнеше цитат келтірсек те жеткілікті:

«Коммунистік партия — мейлінше батыл таптық күрестің партиясы...»

«...Саясат жағынан бұл өтпелі кезең» (капитализм мен социализмнің аралығындағы кезең) «пролетарлық диктатура дәуірі болып табылады...»

«...Мынадай сұрақ туады: диктатураны жүзеге асырушы кім болуға тиіс — *коммунистік партия ма әлде пролетар табы ма?.. Принцип жағынан* коммунистік партияның диктатурасына ұмтылу керек пе әлде пролетар табы диктатурасына ұмтылу керек пе?..».

(Цитаттың барлық жерінде курсив түпнұсқадан алынды.)

Одан соң кітапшаның авторы Германия Коммунистік партиясының «Орталық Комитетін» — бұл «Орталық Комитет» *Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясымен коалиция* жасау жолын іздеп отыр, күрестің *«саяси құралдарының бәрін»*, соның ішінде парламентаризмді, *«принцип жағынан мойындау туралы мәселені»* бұл «Орталық Комитет» өзінің тәуелсіздермен коалиция жасауға бағытталған нағыз, басты ниеттерін бүркемелеу үшін ғана ұсынып отыр деп айыптайды. Бұдан әрі кітапша былай дейді:

«Оппозиция басқаша жолды қалады. Ол: коммунистік партияның үстемдігі туралы және партияның диктатурасы туралы мәселе — тек тактика мәселесі ғана деген пікірді жақтайды. Қалай дегенмен де, коммунистік партияның үстемдігі — партия үстемдігі атаулының ең соңғы формасы. *Принцип жағынан* пролетар табы диктатурасына ұмтылу керек. Сөйтіп партияның барлық шаралары, оның ұйымдары, оның күрес формалары, оның стратегиясы мен тактикасы осыған орайластырылуға тиіс. Осыған сәйкес, басқа партиялармен компромисс атаулының қандайын болса да, тарихи және саяси жағынан күні өткен парламентаризм күрес формаларына қайта оралудың қандайын болса да, айла-шарғы жасау, келісімпаздық саясатының қандайын болса да барынша үзілді-кесілді теріске шығару керек». «Революциялық күрестің пролетарлық ерекше әдістеріне мейлінше басымдылық берілуге тиіс. Ал коммунистік партияның басшылығымен революциялық күреске шығуға тиісті нағыз қалың пролетарлық топтар мен жіктерді тарту үшін нағыз кең негізге сүйенетін, нағыз кең шеңберлі жаңа ұйымдық формалар құрылатын болуға тиіс. Революциялық элементтердің бәрі жиналатын мұндай орын — фабрикалық ұйымдардың негізіне сүйеніп құрылған *жұмысшы одағы*. Бұл одаққа: кәсіподақтардан тайыңдар! деген ұранға ерген жұмысшылардың бәрі бірігуге тиіс. Мұнда ең кең жауынгерлік сапқа кіріп күресуші пролетариат қалыптасады. Бұған кіру үшін тап күресін, советтік системаны, диктатураны тану жеткілікті. Одан кейінгісінің бәрі — күресуші бұқараны саяси жағынан тәрбиелеу, күресте саяси жағынан бағыт беру — жұмысшы одағынан тысқары тұрған коммунистік партияның міндеті...»

«...Сонымен, қазір біріне-бірі қарсы екі коммунистік партия тұр:

Бірі — көсемдер партиясы; бұл партия көсемдердің диктатураны қолына ала алатын коалициялық үкіметке енуіне мүмкіншілік беретін жағдайларды жасау үшін компромистерге, парламентаризмге бара отырып, революциялық күресті ұйымдастыруға және ол күресті *жоғарыдан* басқаруға тырысады.

Екіншісі — бұқаралық партия; бұл партия революциялық күрестің *төменнен* өрлеуін күтеді, бұл күрес үшін мақсатқа анық жеткізетін бір-ақ әдісті қолдану керек екенін біліп, соны қолданып, парламенттік және оппортунистік әдістердің қандайын болса да қабылдамайды; ол бірден-бір әдіс — *буржуазияны* сөзсіз *құлатып,* онан кейін социализмді жүзеге асыру үшін пролетарлық таптық диктатураны құру әдісі...»

«...Онда көсемдердің диктатурасы — мұнда бұқараның диктатурасы! біздің ұран осы».

Неміс коммунистік партиясындағы оппозицияның көзқарастарын сипаттайтын неғұрлым мәнді қағидалар осы.

Большевизмнің дамуын 1903 жылдан бері саналы

түрде іске асырған немесе оны көз жазбай бақылаған большевиктің қай-қайсысы болса да бұл пікірлерді оқыған бойда, бірден-ақ: «бұл ескі, әлдеқашаннан мәлім қоқыс қой! Бұл «солшыл» балалық қой!» — дейді.

Әйтсе де жоғарыда келтірілген пікірлерді байыптап қарап көрейік.

Мәселенің: «партия диктатурасы ма *әлде* тап диктатурасы ма? көсемдер диктатурасы (партиясы) ма *әлде* бұқара диктатурасы (партиясы) ма?» — деп қойылуының өзі-ақ ой-пікірдің мүлде адам айтқысыз, оңалмастай шатасқандығын көрсетеді. Кейбір адамдар мүлде ерекше нәрсені *ойлап шығаруға* әуреленеді де, білгішсініп тыраштанамыз деп кісі күлерлік халге жетеді. Баршаға мәлім, бұқара таптарға бөлінеді; — өндірістің қоғамдық құрылысындағы орны жағынан жалпы алғанда жіктелмеген қалың көпшілікті өндірістің қоғамдық құрылысында ерекше орын алатын категорияларға қарсы қою мағынасында ғана бұқара мен таптарды қарсы қоюға болады; — әдетте және көп реттерде, ең болмағанда қазіргі замандағы цивилизациялы елдерде, таптарға саяси партиялар басшылық етеді; — саяси партияларды жалпы ереже ретінде өте беделді, ықпалды, тәжірибелі, нағыз жауапты қызметтерге сайланатын, көсемдер деп аталатын адамдардың азды-көпті тұрақты топтары басқарады. Мұның бәрі әліппе. Мұның бәрі қарапайым, анық нәрсе. Осылай етудің орнына қайдағы бір балдыр-батпақ не үшін керек болды, қайдағы бір жаңа волапюк не үшін керек болды? Бір жағынан, партияда жария және құпия жағдайлардың тез ауысып отыруы көсемдердің, партиялардың, таптардың арасындағы кәдімгі, бір қалыпты, қарапайым қатынасты бұзған кезде, кейбір адамдар, сірә, қиын жағдайға душар болып, шатасып қалса керек. Германияда, басқа европалық елдердегі сияқты, жариялыққа, «көсемдерді» партиялардың дүркін-дүркін съездері арқылы еркін, дұрыс сайлауға, партиялардың таптық құрамын парламент сайлауы арқылы, митингілер арқылы, баспасөз арқылы, кәсіподақтардың және басқа одақтардың пиғылы, т. с. арқылы тексерудің ыңғайлылығына тым үйреншікті болып кеткен. Революцияның

мықтап өрістеуі себепті және азамат соғысының дамуы себепті осы үйреншікті нәрселерден жариялық пен құпиялықты ауыстырып отыруға, оларды біріктіруге, «басшылар тобын» іріктеп шығарудың немесе құрудың, немесе сақтап қалудың «ыңғайсыз», «демократиялық емес» тәсілдеріне тез көшуге тура келген кезде,— кейбіреулер абыржып қалып, рабайсыз сорақылықты ойлап шығара бастады. Сірә, голланд коммунистік партиясының кейбір мүшелері, ерекше пұрсаттылық және ерекше тұрақты жариялық дәстүрлері мен жағдайлары бар кішкене елде туып соры қайнаған адамдар, жария және құпия жағдайларды ауыстырып отыру дегенді мүлде көріп білмеген адамдар өздері шатасып, сасып қалып, өрескел нәрселердің ойдан шығарылуына себепші болса керек.

Екінші жағынан, «бұқара» туралы және «көсемдер» туралы біздің заманымызда «сәнге айналған» сөздердің ойланылмай, байланыссыз босқа қолданылатыны аңғарылады. Кейбіреулер «көсемдерге» шүйлігуді, оларды «бұқараға» қарсы қоюды есіте-есіте әбден жаттап алған, бірақ ненің неге қатысты айтылатынын ойлап көру, істің мәнін ұғынып алу олардың қолдарынан келмеген.

«Көсемдер» мен «бұқараның» бірінен-бірі алшақтауы империалистік соғыстың соңғы кездерінде және одан кейін барлық елдерде өте-мөте анық, айқын көрінді. Бұл құбылыстың негізгі себебін 1852—1892 жылдары Маркс пен Энгельс Англияны мысалға келтіріп, талай рет түсіндірген. Англияның монополиялық жағдайы «бұқараның» ішінен «жұмысшы аристократиясын», жартылай мещандық, оппортунистік аристократияны бөліп шығарды. Бұл жұмысшы аристократиясының көсемдері үнемі буржуазия жағына шығып отырды, оларды — тікелей немесе жанамалап — буржуазия асырады. Маркс бұларды ашықтан-ашық сатқындар деп масқаралағандығы үшін осы нағылеттерге жеккөрінішті болды. Ең жаңа (XX ғасырдағы) империализм алдыңғы қатарлы бірнеше елге монополиялы-пұрсатты жағдай жасады, сөйтіп соның негізінде барлық жерде II Интернационалда өз цехының, өзінің жұмысшы аристократия-

сы тобының мүдделерін қорғайтын сатқын көсемдердің, оппортунистердің, социал-шовинистердің типі қалыптасты. Оппортунистік партиялардың «бұқарадан», яғни еңбекшілердің ең қалың топтарынан, олардың көпшілігінен, ақыны ең аз алатын жұмысшылардан қол үзушілігі пайда болды. Бұл кеселге қарсы күреспейінше, оппортунист, социал-сатқын көсемдерді әшкерелеп, масқаралап, аластамайынша, революцияшыл пролетариаттың жеңуі мүмкін емес; III Интернационал міне осындай саясатты жүргізді.

Бұл жөнінде *жалпы алғанда* бұқара диктатурасын көсемдер диктатурасына қарсы қою керек деуге дейін бару — кісі күлер өрескелдік және зердесіздік. Ең бір қызығы — іс жүзінде қарапайым нәрсеге жалпы адамдық көзқараспен қарайтын ескі көсемдердің орнына іс жүзінде («көсемдер жойылсын» деген ұранды бүркемелену арқылы) рабайсыз былшылға, бос сандыраққа салынатын *жаңа көсемдер* ұсынылады. Германиядағы Лауфенберг, Вольфгейм, Хорнер, Карл Шредер, Фридрих Вендель, Карл Эрлер* осындай адамдар. Соңғы аталғанның мәселені «тереңдетуге» және саяси партиялардың жалпы керексіздігі мен «буржуазияшылдығын» жариялауға тырысуы өрескелдіктің геркулес бағанасындай екендігі сонша, оған алақан жайып, тек аң-таң болудан басқа амал қалмайды. Шындық мынадай: қатені жақтай берсең, оны тереңдетіп дәлелдей берсең, оны «ақыр аяғына жеткізсең», әрдайым кішкене қатеден орасан үлкен қате жасауға болады.

Партиялықты және партия тәртібін теріске шыға-

---

* «Коммунистік Жұмысшы Газеті»[20] (Гамбург газеті, 7. II. 1920, № 32: *Карл Эрлердің* «Партияны тарату» деген мақаласы): «Жұмысшы табы буржуазиялық демократияны құртпайынша, буржуазиялық мемлекетті қирата алмайды, сондықтан да ол партияларды қиратпайынша, буржуазиялық демократияны құрта алмайды».

Романдық синдикалистер мен анархистердің ішіндегі ең басы айналған адамдардың «қанағаттануына» болады: шамасы, өздерін марксистерміз деп санайтын байсалды немістер (К. Эрлер мен К. Хорнер жоғарыда аталған газеттегі мақалаларында өздерін байсалды марксистер деп есептейтінін мейлінше байсалды түрде дәлелдейді және марксизм әліппесін түсінбейтіндігін көрсетіп, мүлде кісі күлерлік орасан өрескел нәрсені айтады) мүлде ерсі нәрселерді айтуға дейін барады. Марксизмді мойындау өздігінен қателерден құтқара қоймайды. Орыстар мұны өте-мөте жақсы біледі, өйткені бізде марксизм тым көбірек «сәнге айналып» кетті.

ру — міне оппозицияда осылай *болып отыр*. Ал мұның өзі *буржуазияның пайдасына* пролетариатты толық қарусыздандырумен бірдей. Мұның өзі, мүмкіншілік берсең, пролетарлық революциялық қозғалыстың қандайын болса да сөзсіз құртатын нақ ұсақ буржуазиялық бытырандылықпен, тұрақсыздықпен, ұстамдылыққа, бірігуге, сындарлы қимылға қабілетсіздікпен бірдей. Коммунизм тұрғысынан қарағанда, партиялықты теріске шығару — капитализмнің күйреу қарсаңынан (Германияда) коммунизмнің төменгі фазасына да, ортаңғы фазасына да емес, жоғары фазасына секіру деген сөз. Біз Россияда капитализмнен социализмге немесе коммунизмнің төменгі сатысына көшудің алғашқы қадамдарын (буржуазияны құлатқаннан бері үш жыл бойы) басымыздан кешіріп отырмыз. Пролетариат өкіметті жеңіп алғаннан *кейін де* барлық жерде таптар қалды және *көп жылдар* бойы қала береді. Шаруалары жоқ (бірақ бәрібір ұсақ қожайынсымақтары бар!) Англияда, бәлкім, бұл мерзім аз болар. Таптарды жоюдың мәнісі — помещиктер мен капиталистерді қуып жіберу ғана емес — мұны біз біршама оңай істедік; оның мәнісі — *ұсақ товар өндірушілерді де құрту* деген сөз, ал бұларды *қуып жіберуге болмайды*, бұларды басып-жаншуға болмайды, бұлармен *сыйысу керек*, бұларды тек өте ұзақ, баяу, сақтықпен жүргізілген ұйымдастыру жұмысы арқылы ғана қайта өзгертуге, қайта тәрбиелеуге болады (және солай етілуге тиіс те). Бұлар пролетариатты барлық жағынан ұсақ буржуазиялық стихиямен қоршап алады, оған осы стихияны сіңдіреді, оны осы стихия арқылы аздырады, пролетариаттың ішінде әрдайым ұсақ буржуазиялық тұрлаусыздықтың, бытырандылықтың, дарашылдықтың, елігуден қынжылуға көшудің белгілерін туындатып отырады. Бұған қарсы тұру үшін, пролетариаттың *ұйымдастырушылық* ролін (ал бұл оның *басты* ролі) дұрыс, ойдағыдай, жеңімпаздықпен жүргізу үшін пролетариаттың саяси партиясының ішінде өте қатаң орталықтану және тәртіп керек. Пролетариат диктатурасы — ескі қоғамның күштері мен дәстүрлеріне қарсы жүргізілетін қажырлы күрес, қан төгісті жә-

не қан төгіссіз күрес, күштеу және бейбіт күрес, әскери және шаруашылық күрес, педагогикалық және әкімшілік күрес. Миллиондардың, ондаған миллиондардың әдет күші — нағыз қорқынышты күш. Темірдей берік және күресте шыныққан партия болмаса, сол таптағы адал адамдардың бәрінің сеніміне ие болған партия болмаса, бұқараның пиғылын қадағалап, соған ықпал ете білетін партия болмаса, мұндай күресті ойдағыдай жүргізу мүмкін емес. Орталықтанған ірі буржуазияны жеңу сан миллиондаған ұсақ қожайынсымақтарды «жеңуден» мың мәрте оңай, ал ұсақ қожайынсымақтар өздерінің күнделікті, әдеттегі, көзбен көруге, қолмен ұстауға болмайтын іріткі салу жұмыстары арқылы *нақ* буржуазияға керекті, буржуазияны *реставрациялайтын* нәтижелердің *дәл өзін* жүзеге асырады. Кімде-кім пролетариат партиясының темірдей берік тәртібін аз да болса әлсіретсе (әсіресе пролетариат диктатурасы кезінде), ол адам іс жүзінде пролетариатқа қарсы буржуазияға көмектеседі.

«Реакциялық» кәсіподақтар туралы мәселені көсемдер — партия — тап — бұқара туралы мәселемен қатар қою керек. Бірақ, әуелі, мен біздің партияның тәжірибесіне сүйене отырып, тағы бір-екі қорытынды ескертпе жасамақпын. Біздің партияда «көсемдер диктатурасына» шүйлігушілік *әрдайым болды:* алдымен, 1895 жылғы, формальды жағынан әлі партия болмаған кездегі, бірақ Питердегі орталық топ қалыптаса бастаған, ол аудандық топтарды басқару ісін өз қолына алуға тиісті болған кездегі шүйлігушіліктер менің есіме түседі[21]. Біздің партияның IX съезінде (IV. 1920)[22] кішкене оппозиция болды, ол да «көсемдер диктатурасына», «олигархияға», т. с. қарсы сөз қозғады. Сондықтан немістердің «солшыл коммунизмінің» «балалық ауруында» ешбір таңданарлық, ешбір жаңалық, ешбір қорқынышты ештеңе жоқ. Бұл ауру қатерсіз жазылып кетеді және одан соң организм тіпті төзімдірек бола түседі. Екінші жағынан, нақ бас штабты, нақ көсемдерді ерекше «жасырудың», ерекше құпиялаудың қажеттігіне байланысты, жария жұмыс пен құпия жұмыстың тез ауысып отыруы кейде бізде өте қауіпті

құбылыстарға әкеліп соқтырды. Ең жаманы — 1912 жылы большевиктердің Орталық Комитетіне арандатушы — Малиновский еніп кетті. Ол әлденеше ондаған ең жақсы, жанқияр жолдастарды ұстатып, оларды каторгаға айдатқызды және олардың көбінің өлімін тездетті. Егер ол кесірін бұдан да көбірек тигізе алмаса, мұның себебі — бізде жария жұмыс пен құпия жұмыстың арасалмағы дұрыс ескерілген еді. Бізге сенімді болып көріну үшін партияның Орталық Комитетінің мүшесі және Думаның депутаты ретінде Малиновский күнделікті жария газеттерді жолға қою жөнінде бізге көмектесуге тиіс болды; бұл газеттер патша өкіметі тұсында да меньшевиктердің оппортунизміне қарсы күрес жүргізе білді, барынша бүркеулі формада большевизм негіздерін уағыздай білді. Малиновский бір қолымен большевизмнің әлденеше ондаған ең жақсы қайраткерлерін каторга мен өлімге жөнелте отырып, екінші қолымен жария баспасөз арқылы әлденеше он мыңдаған жаңа большевиктерді тәрбиелеуге көмектесуге тиіс болды. Реакциялық кәсіподақтарда революциялық жұмыс жүргізуді үйрену міндетін алдарына қойып отырған неміс жолдастарға (сондай-ақ ағылшын, америкаи, француз, итальян жолдастарға) бұл фактіні жақсылап ойлану артық болмас еді*.

Көп елдерде, соның ішінде ең алдыңғы қатарлы елдерде де, қазір буржуазияның коммунистік партияларға арандатушыларды жіберіп отырғаны, бұдан былай да жіберетіндігі күмәнсыз. Бұл қауіпке қарсы күресудің бір құралы — құпия жұмыс пен жария жұмысты шебер ұштастыра білу.

---

* Малиновский Германияда тұтқында болды. Ол большевиктердің өкіметі тұсында Россияға қайтып келген соң, біздің жұмысшылар оны дереу сотқа тартып, атып тастатты. Партиямыздың Орталық Комитетіне арандатушының еніп кеткені жөніндегі қатеміз үшін меньшевиктер бізге ерекше өшпенділікпен шабуыл жасады. Ал Керенскийдің тұсында біз Думаның председателі Родзянконы тұтқынға алып, соттауды талап еткен кезде,— өйткені Родзянко Малиновскийдің арандатушылығы туралы соғыстан бұрын-ақ білген және бұл туралы Думадағы трудовиктер мен жұмысшыларға *хабарламаған*,— Керенскиймен бірге үкіметке қатысқан меньшевиктер де, эсерлер де біздің талабымызды қолдамады, сөйтіп Родзянко еркін жүре берді, сол күйі Деникинге кетіп қалды.

VI

РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРДІҢ РЕАКЦИЯЛЫҚ КӘСІПОДАҚТАРДА ЖҰМЫС ІСТЕУІНЕ БОЛА МА?

Неміс «солшылдары» бұл сұраққа керісінше жауап берілуін өздері үшін сөзсіз шешілген мәселе деп есептейді. Олардың ойынша, сатқын, социал-шовинистік, келісімпаз, легиндік, контрреволюциялық кәсіподақтарда революционерлердің, коммунистердің жұмыс істеуінің керек емес екендігін, тіпті істеуге болмайтындығын «дәлелдеу» үшін «реакциялық» және «контрреволюциялық» кәсіподақтарға қарсы даурықпа сөз сөйлесе, ашулы айбат білдірсе, сол жеткілікті (мұның өзі К. Хорнердің айтқан сөздерінде өте-мөте «байсалды» және өте-мөте мағынасыз болып шығып отыр).

Бірақ, мұндай тактиканың революцияшылдығына неміс «солшылдарының» сенімі қаншалық кәміл болғанымен де, іс жүзінде ол түбірінен қате және жел сөзден басқа дәнеме жоқ тактика.

Мұны түсіндіруді мен — большевизмнің тарихы мен қазіргі тактикасындағы жалпыға бірдей қолдануға болатын, жалпыға бірдей маңызды, жалпыға бірдей міндетті нәрселерді Батыс Европаға қолдану мақсатын қоятын осы мақаланың жалпы жоспарына сәйкес — біздің тәжірибемізден бастаймын.

Көсемдердің — партияның — таптың — бұқараның арақатынасы, сонымен бірге пролетариат диктатурасы мен оның партиясының кәсіподақтарға көзқарасы бізде қазір накты түрде мынадай болып отыр. Диктатураны Советтерге ұйымдасқан пролетариат жүзеге асырып отырады; пролетариатқа большевиктердің коммунистік партиясы басшылық етеді, соңғы партия съезінің (IV. 1920) деректері бойынша оның 611 мың мүшесі бар. Партия мүшелерінің саны Октябрь революциясынан бұрын да, онан кейін де өте қатты ауытқып отырды және ілгергі кезде едәуір аз еді, тіпті 1918 және 1919 жылдардың өзінде де аз болатын[23]. Біз партияның шамадан тыс ұлғаюынан қорқамыз, өйткені үкіметтік партияға тек атып тастауға ғана лайық мансапқорлар мен алаяқтар кіріп кетуге тырысары сөзсіз. Біз

партияның есігін соңғы жолы — тек жұмысшылар мен шаруалар үшін ғана — кеңінен аштық: ашқанда, Юденич Питерден бірнеше шақырым жерде тұрған кезде (1919 жылдың қысында), ал Деникин Орелде (Москвадан 350 шақырымдай жерде) тұрған кезде, яғни Совет республикасына сұрапыл, қатты қауіп төніп тұрған кезде, авантюристер, мансапқорлар, алаяқтар, жалпы табансыз адамдар коммунистерге қосылудан тиімді мансап табатындығына ешбір үміттене қоймайтын кезде (қайта дарға асылып, азапқа салыну мүмкіндігі көбірек кезде) аштық[24]. Жылма-жыл съезд шақыратын (соңғы съезде: 1000 мүшеден 1 делегат болды) партияға съезде 19 адамнан сайланған Орталық Комитет басшылық етеді, оның бер жағында Москвада ағымдағы жұмыстарды онан да шағын коллегиялардың, атап айтқанда «Оргбюро» (Ұйымдастыру бюросы) және «Политбюро» (Саяси бюро) деп аталатын бюролардың жүргізуіне тура келеді, әрқайсысының құрамына Орталық Комитеттің бес мүшесі енген бұл бюролар Орталық Комитеттің пленум мәжілістерінде сайланады. Демек, нағыз барып тұрған «олигархия» болып шығады. Біздің республикада партияның Орталық Комитетінің басшылық нұсқауларынсыз бірде-бір мемлекеттік мекеме бірде-бір маңызды саяси мәселені немесе ұйымдық мәселені шешпейді.

Партия өзінің жұмысында *кәсіптік одақтарға* тікелей сүйенеді; формальды жағынан *партиялық емес* бұл кәсіптік одақтардың қазір, соңғы (IV. 1920) съездің деректері бойынша, 4 миллионнан аса мүшесі бар. Іс жүзінде одақтардың орасан көпшілігінің және де ең алдымен, әрине, жалпы кәсіптік бүкіл россиялық орталықтың немесе бюроның (ВЦСПС — Кәсіптік одақтардың бүкіл россиялық орталық советі) барлық басшы мекемелері коммунистерден құралған және партияның барлық директиваларын жүзеге асырып отырады. Жалпы және тұтас алғанда, формальдық жағынан коммунистік емес, икемді, біршама кең өрісті, өте қуатты, пролетарлық аппарат болып табылады; бұл аппарат арқылы партия *таппен* және *бұқарамен* тығыз байланыс жасап отырады, бұл аппарат арқылы, партияның

басшылығымен, *тап диктатурасы* жүзеге асырылады. Кәсіподақтармен аса тығыз байланыс жасамайынша, олар бізді қызу қолдамайынша, шаруашылық құрылысында ғана емес, *сонымен қатар әскери* құрылыста да олар аса жанкиярлық жұмыс атқармайынша, біз, әлбетте, 2½ жыл түгіл 2½ ай бойына да елді басқара алмаған болар едік, диктатураны жүзеге асыра алмаған болар едік. Әлбетте, практика жүзінде аса тығыз байланыс орнату — насихат, үгіт жөнінде, кәсіподақтардың басшы қайраткерлерімен ғана емес, сонымен қатар жалпы ықпалды қайраткерлерімен де дер кезінде және жиі-жиі кеңестер өткізіп тұру жөнінде өте күрделі, алуан-алуан жұмыстар істеу деген сөз, күні бүгінге дейін тіпті аз ғана болса да бірсыпыра тілектестері бар меньшевиктерге қарсы батыл күрес жүргізу деген сөз; меньшевиктер бұл тілектестеріне *(буржуазиялық)* демократияны идеялық жағынан қорғаудан бастап, кәсіподақтардың «тәуелсіздігін» (пролетарлық мемлекеттік өкіметтен тәуелсіздігін!) уағыздаудан бастап, пролетарлық тәртіпке саботаж жасауға, т. т. және т. с. дейін неше түрлі контрреволюциялық қулық-сұмдықтарды үйретіп жүр.

Біз «бұқарамен» байланысты кәсіподақтар арқылы жүзеге асыруды жеткіліксіз деп білеміз. Практика бізде, революцияның барысында, *жұмысшылар мен шаруалардың партиялық емес конференциялары* секілді мекемені қалыптастырды, сондықтан біз осы мекемені бұқараның пиғылын біліп отыру үшін, онымен жақындасу үшін, олардың талап-тілектеріне жауап беріп отыру үшін, олардың ішінен таңдаулы қызметкерлерді мемлекеттік қызметтерге жоғарылатып отыру, т. т. үшін бүтіндей қолдауға, дамытуға, ұлғайтуға тырысамыз. Мемлекеттік бақылау халық комиссариатын «Жұмысшы-шаруа инспекциясы» етіп қайта құру туралы қабылданған соңғы декреттердің бірінде осы сияқты партиялық емес конференциялардың әр түрлі ревизиялар, т. т. жүргізу үшін Мемлекеттік бақылау орнының мүшелерін сайлауына ерік берілді.

Содан соң, әлбетте, партияның бүкіл жұмысы кәсіптерінің түріне қарамастан еңбекшілер бұқарасын бі-

ріктіретін Советтер арқылы жүргізіледі. Советтердің уездік съездері буржуазиялық дүниедегі демократиялық республикалардың ең таңдаулы дегендерінде де әлі болып көрмеген *демократиялық* мекеме, ал осы съездер арқылы да (партия бұл съездерді мүмкіндігінше зер салып қадағалап отыруға тырысады), сондай-ақ саналы жұмысшыларды деревнядағы түрлі қызмет орындарына үнемі жіберіп отыру арқылы да пролетариаттың шаруалар жөніндегі басшылық ролі жүзеге асырылады, қала пролетариатының диктатурасы жүзеге асырылады, бай, буржуазияшыл, қанаушы және жалдаптық жасаушы шаруаларға қарсы үздіксіз күрес жүргізіледі, т. т.

Пролетарлық мемлекеттік өкіметтің диктатураны жүзеге асыру практикасы тұрғысынан алып, «жоғарыдан» қарағандағы жалпы механизмі осындай. Осы механизммен таныс және осы механизмнің 25 жыл бойына кішкене, құпия, астыртын үйірмелерден қалай жетіліп шыққанын өз көзімен көрген орыс большевигіне «жоғарыдан» ба *әлде* «төменнен» бе, көсемдердің диктатурасы ма *әлде* бұқараның диктатурасы ма деген, т. с. сөздердің бәрі де неліктен баланың кісі күлерлік сандырағы, адамға сол аяқ пайдалы ма әлде оң қол пайдалы ма деген талас тәрізді болып көрінбей қоймайтынын оқушы түсінер деп сенуге болады.

Неміс солшылдарының коммунистер реакциялық кәсіподақтарда жұмыс істей алмайды және істемеуге тиіс, бұл жұмыстан бас тартқан жөн, кәсіподақтардан шығу керек, тіпті жап-жақсы (және көбінше, сірә, тым жастау) коммунистер ойлап шығарған мүлде жаңа, өте таза «жұмысшылар одағын», т. т., т. с. міндетті түрде құру керек деген тақырып туралы маңғазсыған, мүлде оқымыстысынған және сұрапыл революциялық әңгімелері де бізге баланың нақ осындай кісі күлерлік сандырағы болып көрінбей қоймайды.

Капитализм социализмге, бір жағынан, жұмысшылар арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан ежелгі кәсіптік және қолөнерлік айырмашылықтарды, екінші жағынан, кәсіподақтарды сөзсіз мұра етіп қалдырады; бұл кәсіподақтар өте баяу түрде, әлденеше жылдардан

кейін барып қана цехтық қалыптан арылып, неғұрлым кең, өндірістік одақтар (цехтарды, қолөнерлерін және кәсіптерді ғана қамтып қоймай, тұтас бір өндірістерді қамтитын одақтар) болып дами алады, дамиды да, ал сонан кейін, осы өндірістік одақтар арқылы, адамдардың арасындағы еңбек бөлінісін жоюға, *әр тарапты жетілген және әр тарапты* дайындалған адамдарды, *барлығын да жасай білетін* адамдарды тәрбиелеп, үйретіп, дайындап шығаруға көше алады. Коммунизм осыған келе жатыр, келуге тиіс және *келеді,* бірақ өте ұзақ жылдардан кейін ғана келеді. Әбден дамыған, әбден бекініп, қалыптасқан, әбден өрістеп, пісіп жетілген коммунизмнің осы болашақ нәтижесінен бүгін практика жүзінде асып түсуге әрекеттену — мұның өзі төрт жасар балаға жоғары математиканы үйретумен бірдей.

Біз социализмді қиялдағы және өзіміз әдейі жасап шығарған адам материалынан емес, капитализмнің бізге мұра етіп қалдырған материалынан құруға кірісе аламыз (құруға тиістіміз де). Сөз жоқ, бұл өте «қиын», бірақ міндетке мұнан басқаша қараудың мүлде жөнсіздігі сондай, ол туралы сөз етіп жатуға да тұрмайды.

Жұмысшылардың бытыранды және дәрменсіздік күйден таптық бірігу *бастамасына* көшуі ретінде кәсіподақтар капитализм дамуының алғашқы шағында жұмысшы табының орасан зор прогреске жетуі болды. Пролетарлардың таптық бірігуінің *жоғары* формасы — *пролетариаттың революцияшыл партиясы* (көсемдерді таппен және бұқарамен айрылғысыз біртұтас тұлға етіп байланыстыруды үйренбейінше, ол өзінің атын ақтай алмайды) өсе бастаған кезде кәсіподақтардың *кейбір* реакциялық белгілері, кейбір цехтық тар өрістілігі, бейсаясаттыққа кейбір бейім тұрушылығы, кейбір ескішілдігі, т. т. сөзсіз көріне бастады. Бірақ кәсіподақтар арқылы, олардың жұмысшы табы партиясымен бірігіп әрекет жасауы арқылы болмаса, дүние жүзінде еш жерде де пролетариат басқаша дамыған емес, дами алмады да. Пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы пролетариаттың тап ретінде алға қарай орасан зор қадам басқандығы болып табылады, сондықтан

партияның кәсіподақтарды бұрынғыдан да көбірек баулуына, тек ескіше ғана емес, жаңаша да баулуына, оларға басшылық етуіне тура келеді, алайда партия мұнымен бірге мынаны ұмытпауы керек: кәсіподақтар қажетті «коммунизм мектебі», пролетарлардың өз диктатурасын жүзеге асыруы үшін керекті дайындық мектебі, елдің бүкіл шаруашылығын басқару ісінің біртебірте жұмысшы *табының* (жеке кәсіптердің емес) қолына, ал онан кейін барлық еңбекшілердің қолына көшуі үшін жұмысшылардың қажетті бірлестігі болып отыр және ұзақ уақыт солай болып қалмақшы.

Кәсіподақтардың жоғарыда көрсетілген мағынадағы *кейбір* «реакцияшылдығы» пролетариат диктатурасының тұсында *сөзсіз* нәрсе. Мұны түсінбеу капитализмнен социализмге *өтудің* негізгі шарттарын мүлде түсінбегендік болып табылады. *Бұл* «реакцияшылдықтан» қорқу, оны *орағытып өтуге,* онан аттап өтуге тырысу ең барып тұрған зердесіздік, өйткені мұның өзі жұмысшы табы мен шаруалардың неғұрлым артта қалған топтары мен бұқарасын үйрету, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу және жаңа өмірге тарту жөнінде пролетарлық авангардтың атқаратын ролінен қорыққандық болып табылады. Екінші жағынан, кәсіптік тар шеңберден әрі аса алмаған бірде-бір жұмысшы қалмайтын уақытты күтіп, цехтық және тред-юнионистік соқыр сенімдерден арылмаған бірде-бір жұмысшы қалмайтын уақытты күтіп, пролетариат диктатурасын жүзеге асыруды қоя тұру онан бетер терең қате болар еді. Саясатшы өнері (және коммунистің өз міндеттерін дұрыс түсінуінің өзі) нақ мынада болып отыр: пролетариаттың авангарды өкіметті ойдағыдай қолға ала алатын жағдайлар мен кезеңді дұрыс ескеруі керек, сол авангард өкіметті алғанда және сонан кейін жұмысшы табы мен пролетар емес еңбекшілер бұқарасының жетерліктей қалың топтарының жетерліктей қолдауына ие бола алатын кезеңді, сол авангард осыдан кейін еңбекшілердің барған сайын қалың бұқарасын тәрбиелей отырып, үйрете отырып, іске тарта отырып, өз үстемдігін ұстап тұра алатын, нығайта алатын, ұлғайта алатын кезеңді дұрыс ескеруі керек.

Одан соң. Россиядан гөрі неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерде кәсіподақтардың кейбір реакцияшылдығы біздегіге қарағанда әлдеқайда күштірек білінгені, білінуге де тиіс болғаны күмәнсыз. Бізде меньшевиктер нақ цехтық тар өрістіліктің, кәсіби өзімшілдіктің және оппортунизмнің арқасында кәсіподақтардан тірек тапты (ішінара өте аздаған кәсіподақтарда қазірде де тірегі бар). Батыста ондағы меньшевиктер кәсіподақтарда әлдеқайда берік «орнығып» алған, онда *кәсіпшіл, тар өрісті, өзімшіл, тоң мойын, құлқын құмар, мещандық, империалистік пиғылдағы және империализм сатып алған, империализм аздырған «жұмысшы аристократиясының»* біздегіге қарағанда әлдеқайда күшті тобы бөлініп шықты. Бұл даусыз. Гомперстермен, Батыс Европада Жуо, Гендерсон, Мергейм, Легин мырзалармен және К°-мен күресу біздің меньшевиктермен күресуден әлдеқайда қиындау, өйткені меньшевиктер әлеуметтік және саяси жағынан *мүлде біртекті* тип болып табылады. Бұл күресті аяусыз жүргізу керек және оны біздің жүргізгеніміздей етіп, оппортунизм мен социал-шовинизмнің түзелмейтін көсемдерінің бәрін қалай да әбден масқаралап, кәсіподақтардан қуып шыққанға дейін жүргізу керек. Бұл күрес *белгілі бір* дәрежеге жеткізілмей тұрғанда саяси өкіметті жеңіп алуға болмайды (және саяси өкіметті қолға алам деп әуреленуге болмайды), ал енді әр түрлі елдерде және әр түрлі жағдайларда осы «белгілі бір дәреже» *бірдей емес,* сондықтан оны пролетариаттың әрбір жеке елдегі ойлы, тәжірибелі және жетік саяси басшылары ғана дұрыс ескере алады. (Бізде бұл күрестегі табыстың өлшеуіші, былайша айтқанда, 1917 жылғы 25 октябрьдегі пролетарлық төңкерістен бірнеше күн өткеннен кейінгі, 1917 жылғы ноябрьдегі Құрылтай жиналысының сайлауы болды; және де бұл сайлауда, большевиктер 9 миллион дауыс жинаған болса, меньшевиктер 0,7 миллион дауыс — Закавказьені қосқанда 1,4 миллион дауыс алып, меньшевиктердің күл-талқаны шықты: «Коммунистический Интернационалдың»[25] 7—8-номеріндегі менің «Құрылтай жиналысының сай-

лауы және пролетариат диктатурасы»* деген мақаламды қараңыз.)

Ал «жұмысшы аристократиясына» қарсы күресті біз жұмысшы бұқарасының атынан және оны өз жағымызға тарту үшін жүргіземіз; оппортунистік және социал-шовинистік көсемдерге қарсы күресті біз жұмысшы табын өз жағымызға тарту үшін жүргіземіз. Бұл ең қарапайым және өзінен-өзі түсінікті ақиқатты ұмыту ағаттық болар еді. Немістің «солшыл» коммунистері дәл осындай ағаттық істеп отыр; олар: кәсіподақтардың *басшылары* реакцияшыл және контрреволюцияшыл *болғандықтан...* кәсіподақтардан шығу керек!! оларда жұмыс істеуден бас тарту керек!! жұмысшы ұйымының жаңа, *о й д а н ш ы ғ а р ы л ғ а н* формаларын табу керек!! деп пікір түйеді. Бұл — кешірілмейтін ағаттық, бұл — коммунистер тарапынан буржуазияға аса зор көмек көрсетумен тең түсетін ағаттық. Өйткені біздің меньшевиктер, сондай-ақ кәсіподақтардың барлық оппортунистік, социал-шовинистік, каутскийшіл көсемдері де «жұмысшы қозғалысындағы буржуазияның агенттері» (біз меньшевиктерге қарсы әрқашанда осылай дегенбіз) немесе, Америкада Даниель Де Леонның ізбасарларының тамаша, әбден дәл тауып айтқанындай, «капиталистер табының жұмысшы приказчиктері» (labor lieutenants of the capitalist class), бұдан басқа ештеңе де емес. Реакцияшыл кәсіподақтардың ішінде жұмыс істемеу дегеніміз — онша жетілмеген немесе артта қалған жұмысшы бұқарасын реакцияшыл көсемдердің, буржуазия агенттерінің, жұмысшы аристократтарының немесе «буржуазияланған жұмысшылардың» ықпалында қалдыру деген сөз (ағылшын жұмысшылары туралы Энгельстің 1858 жылы Маркске жазған хатын салыстырыңыз[26]).

Коммунистердің реакциялық кәсіподақтарға қатыспауы керек деген нақ осы өрескел «теория» бұл «солшыл» коммунистердің «бұқараға» ықпал ету мәселесіне қалай үстірт қарап отырғанын, «бұқара» жөніндегі өздерінің айқайларымен қандай қиянат жасап отырға-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 40-том, 1—26-беттер. *Ред.*

нын неғұрлым айқын көрсетеді. «Бұқараға» көмектесе білу үшін және «бұқараның» іш тартуына, тілектес болуына, қолдауына жету үшін қиыншылықтардан қорықпау керек, «көсемдердің» (бұлар өздері оппортунистер және социал-шовинистер болғандықтан, көбінесе тікелей немесе жанама түрде буржуазиямен, полициямен байланысты) кінәмшілдігінен, аяқтан шалушылығынан, қорлаушылығынан, қудалаушылығынан қорықпау керек және *бұқара қай жерде болса,* міндетті түрде *сол жерде жұмыс істеу керек.* Әйтеуір пролетарлық немесе жартылай пролетарлық бұқарасы бар мекемелердің, қоғамдардың, одақтардың нақ өзінде, тіпті ең барып тұрған реакцияшыл деген одақтарда да насихат және үгіт жұмысын үздіксіз, қажымай-талмай, табандылықпен, төзімділікпен жүргізу үшін қандай құрбандыққа болса да бара білу керек, аса үлкен кедергілерді жеңе білу керек. Ал кәсіподақтар мен жұмысшы кооперативтері (ең болмағанда, кейде осы соңғылары),— міне бұлар нақ бұқара бар ұйымдар. Англияда, швед газеті «Folkets Dagblad Politiken»[27] (10. III. 1920) деректері бойынша, тред-юнион мүшелерінің саны 1917 жылдың аяғынан 1918 жылдың аяғына дейін 5,5 миллионнан 6,6 миллионға дейін өскен, яғни 19 процент көбейген. 1919 жылдың аяғына таман $7^1/_2$ миллионға дейін жеткен деп есептейді. Менің қолымда Франция мен Германия туралы тиісті деректер болмай отыр, бірақ бұл елдерде де кәсіподақтар мүшелері санының көп өскендігін көрсететін фактілер мүлде талассыз және жалпыға мәлім.

Бұл фактілер: саналылықтың және ұйымдасуға талпынудың нақ пролетарлық бұқара ішінде, «төмендегілердің», артта қалғандардың арасында өсе түскендігін айдан анық көрсетеді, мұны мыңдаған өзге мәліметтер де дәлелдеп отыр. Англиядағы, Франциядағы, Германиядағы миллиондаған жұмысшылар мүлде бытыраңқылықтан *тұңғыш рет* ұйымның ең қарапайым, төменгі, ең жеңіл, неғұрлым ыңғайлы (әлі де буржуазиялық-демократиялық соқыр сенімдер бойына түгел сіңіп қалғандар үшін ыңғайлы) формасына, атап айтқанда кәсіподақтарға қарай көшіп отыр,— ал революцияшыл,

бірақ парасатсыз, солшыл коммунистер бұлардың жанында тұрып алып, «бұқара», «бұқара»! деп айқайлайды да, бірақ *кәсіподақтардың ішінде жұмыс істеуден бас тартады!!* олар «реакцияшыл» деген сылтаумен бас тартады!! жап-жаңа, тап-таза, буржуазиялық-демократиялық соқыр сенімдерден пәк, цехтық және тар кәсіптік күнәға батпаған «жұмысшы одағын» ойлап шығарады, бұл одақ кең өрісті болады (болады!) және бұған қатысу үшін тек (тек!) «советтік система мен диктатураны мойындау» ғана керек деседі (жоғарыдағы цитатты қара)!!

Мұнан асқан парасатсыздықтың, революцияға «солшыл» революционерлер тигізіп отырған бұл зияннан асқан зиянның болуы да мүмкін емес! Ал егер біз қазір Россияда, Россия мен Антантаның буржуазиясын бұрын болып көрмеген дәрежеде жеңгеннен кейін $2^1/_2$ жыл өткен соң, кәсіподақтарға кіру үшін «диктатураны мойындауды» шарт етіп қойсақ, біз зердесіздік жасаған болар едік, өзіміздің бұқараға ықпалымызды бүлдіріп, меньшевиктерге көмектескен болар едік. Өйткені коммунистердің бүкіл міндеті — ойдан шығарылған балалық-«солшыл» ұрандар арқылы бұқарадан іргені *аулақ салу* емес, артта қалғандарды үгіттеп *сендіре білу,* олардың *арасында* жұмыс істей білу.

Күмән жоқ, немістің «принципшіл» оппозициясы (мұндай «принципшілдіктеп» бізді құдайым сақтай гөр!) немесе американ «Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшыларының»[28] ішіндегі кейбір революционерлер сияқты, реакцияшыл кәсіподақтардан шығуды және оларда жұмыс істеуден бас тартуды уағыздайтын «солшыл» революционерлерге Гомперс, Гендерсон, Жуо, Легин мырзалар өте разы. Күмән жоқ, коммунистерді кәсіподақтарға жолатпау үшін, оларды кәсіподақтардан қалай да ығыстырып шығару үшін, кәсіподақтардың ішінде олардың жұмыс істеуін мүмкіндігінше неғұрлым ұнамсыз ету үшін, оларды қорлап, жамандап, қудалау үшін оппортунизм «көсемі» мырзалар буржуазиялық дипломатияның неше түрлі қулық-сұмдықтарын қолданады, буржуазиялық үкіметтердің, поптардың, полицияның, соттардың көмегін пайдаланады. Осылардың

бәріне қарсы тұра білу керек, қандай да болсын құрбандықтардың бәріне бару керек, тіпті — керек болған ретте — әр түрлі амал-айлаға, қулыққа, құпия тәсілдерге, үндемей қалуға, шындықты жасыруға дейін бару керек, тек кәсіподақтардың ішіне кіріп алсақ, соларда қалсақ, солардың ішінде қалай болған күнде де коммунистік жұмыс жүргізсек болғаны. Патша өкіметінің тұсында 1905 жылға дейін бізде ешқандай «жария мүмкіншіліктер» болған жоқ, бірақ охранник Зубатов революционерлерді ұстау үшін, оларга қарсы күрес жүргізу үшін қаражүздік жұмысшы жиналыстарын, жұмысшы қоғамдарын құрған кезде, біз осы жиналыстар мен осы қоғамдарға партиямыздың мүшелерін жіберіп отырдық (мен өз басым солардың ішінен Питердің атақты жұмысшысы Бабушкин жолдасты білемін, оны 1906 жылы патша генералдары атып өлтірді); бұлар бұқарамен байланыс орнатты, өздерінің үгітін жүргізуге шеберленді, сөйтіп жұмысшыларды зубатовшылдардың* ықпалынан шығарып алып отырды. Әрине, әбден сүйекке сіңіп қалған жарияшылдық, конституцияшылдық, буржуазиялық-демократиялық соқыр сенімдерге әбден белшесінен батқан Батыс Европада мұндай нәрсені істей қою қиынырақ. Бірақ мұны істеуге және үздіксіз істеуге болады, солай істеу керек те.

Менің өз ойымша, III Интернационалдың Атқару Комитеті жалпы алғанда реакциялық кәсіподақтарға қатыспау саясатын да (мұндай қатыспаудың ақылға сыйымсыздығын және пролетарлық революция ісі үшін мұның мейлінше зияндылығын толық дәлелдей отырып), жекелеп алғанда Голландия коммунистік партиясының — тікелей немесе жанама түрде болсын, ашық немесе жасырын түрде болсын, бүтіндей немесе ішінара болсын, бәрібір — осы теріс саясатты қолдаған кейбір мүшелерінің ұстаған бағытын да турадан-тура айыптауға тиіс жәпе Коммунистік Интернационалдың келесі съезіне осылай айыптауды ұсынуға тиіс.

* Гомперстер, Гендерсондар, Жуолар, Легиндер — нақ Зубатов сияқтылар; бұлардың біздегі Зубатовтан айырмашылығы европалық костюмдерінде, сәнділіктерінде, өздерінің арам саясатын жүргізудегі цивилизациялы, жымысқы, демократияландырылып жымдастырылған тәсілдерінде.

III Интернационал II Интернационалдың тактикасынан қол үзуге тиіс және толғақты мәселелерді орағытып кетпей, бүркемелемей, қайта тікелей қойып отыруға тиіс. Бүкіл шындық «тәуелсіздердің» (Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының) тура бетіне айтылды*, бүкіл шындықты «солшыл» коммунистердің де бетіне тура айту керек.

VII
БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРЛАМЕНТТЕРГЕ ҚАТЫСУ КЕРЕК ПЕ?

Немістің «солшыл» коммунистері асқан тәкаппарлықпен — және асқан жеңілтектікпен — бұл сұраққа керісінше жауап береді. Олардың дәлелдері қандай? Жоғарыда келтірілген цитаттан біз мынаны көреміз:

> «...тарихи және саяси жағынан күні өткен парламентаризм күрес формаларына қайта оралудың қандайын болса да,... барынша үзілді-кесілді теріске шығару керек...».

Мұның өзі кісінің күлкісін келтірерліктей дәмемен айтылған, көріне-көзге теріс пікір. Парламентаризмге «қайта оралу»! Бәлкім, Германияда қазірдің өзінде советтік республика бар шығар? Жоқ сияқты еді ғой! Онда «қайта оралу» туралы сөз қозғалуы қалай? Мұның өзі бос сөз емес пе?

Парламентаризмнің «тарихи жағынан күні өткен». Насихат мағынасында бұл дұрыс. Бірақ бұдан *іс жүзіндегі* жеңуге дейінгі аралық әлі өте алшақ екенін әркім біледі. Капитализмді де бұдан әлденеше он жыл бұрын «тарихи жағынан күні өткен» деп толық правомен жариялауға болатын еді, бірақ мұның өзі капитализм *топырағында* өте ұзақ, өте қажырлы күрес жүргізудің қажеттігін ешбір жоққа шығара алмайды. Парламентаризмнің *бүкіл дүние жүзілік-тарихи* мағынада «тарихи жағынан күні өтті», яғни буржуазиялық парламентаризмнің *дәуірі* аяқталды, пролетариат диктатурасының *дәуірі басталды*. Бұл даусыз. Бірақ бүкіл

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 40-том, 58—66-беттер. *Ред.*

дүние жүзілік-тарихи көлем ондаған жылдармен есептеледі. 10—20 жыл бұрын немесе соң бола ма, бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемнің тұрғысынан алғанда мұның айырмасы жоқ, мұның өзі — дүние жүзілік тарихтың тұрғысынан қарағанда — тіпті шамамен де есепке алып болмайтын ұсақ нәрсе. Міне дәл сондықтан да практикалық саясат мәселесінде бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемді тілге тиек ету нағыз сорақы теориялық қателік болып табылады.

Парламентаризмнің «саяси жағынан күні өтті» ме? Міне бұл басқа мәселе. Егер бұлай деу дұрыс болса, онда «солшылдардың» позициясы берік болған болар еді. Бірақ мұны өте тыңғылықты талдау жасау арқылы дәлелдеу керек, ал «солшылдар» мұндай талдау жасауға тіпті жақын да келе алмай жүр. «Коммунистік Интернационалдың Амстердамдағы Уақытша Бюросы Бюллетенінің» 1-номерінде («Bulletin of the Provisional Bureau in Amsterdam of the Communist International», February 1920) басылған және голландтық-солшыл немесе солшыл-голландтық ниетті айқын білдіретін «парламентаризм туралы тезистерде» де талдау өте нашар жасалған, мұны алда көреміз.

Біріншіден. Неміс «солшылдары», жұртқа мәлім, 1919 жылғы январьдың өзінде-ақ, Роза Люксембург пен Карл Либкнехт сияқты аса көрнекті саяси басшылардың пікірлеріне қарамастан, парламентаризмді «саяси жағынан күні өткен» деп санады. «Солшылдардың» қателескендігі жұртқа мәлім. Осының бір өзі-ақ парламентаризмнің бейне бір «саяси жағынан күні өтті» деген қағиданы дереу және түбірімен күйретеді. Өздерінің сол кездегі даусыз қатесі қазір не себепті қате деп саналмай қалғанын дәлелдеу міндеті «солшылдарға» жүктеледі. Олар титтей де дәлел келтіре алмай отыр, келтіре де алмайды. Саяси партияның өз қателеріне көзқарасы — сол партияның байсалдылығының, өз *табы* мен еңбекші *бұқара* алдындағы міндеттерін *іс жүзінде* атқара алуының ең маңызды, ең дұрыс критерийлерінің бірі. Қатені ашықтан-ашық мойындау, оның себептерін ашу, қатені туғызған жағдайды талдау, қатені түзету шараларын мұқият талқылау — міне бұл

байсалды партияның белгісі, міне бұл оның өз міндеттерін атқарғандығы, міне бұл — *тапты*, онан соң *бұқараны* да тәрбиелегендігі, үйреткендігі. Өздерінің осы міндеттерін орындамаған, өздерінің көрінеу қателіктерін зерттеу ісіне барынша зер салып, мұқияттылықпен, сақтықпен қарамаған, Германиядағы (және Голландиядағы) «солшылдар» нақ осынысы арқылы өздерінің *тап партиясы* емес, қайта үйірме екенін, *бұқара партиясы* емес, қайта интеллигенттердің тобы, интеллигентшілдіктің нашар жақтарын қайталайтын аз ғана жұмысшылардың тобы екенін дәлелдейді.

Екіншіден. «Солшылдардың» франкфурттық тобының жоғарыда өзіміз егжей-тегжейлі цитаттар келтірген сол кітапшасынан біз мынадай сөздерді оқимыз:

> «...әлі де болса центрдің» (католиктік «центр» партиясының) «саясатына еруші миллиондаған жұмысшылар — контрреволюцияшыл жұмысшылар. Село пролетарлары контрреволюцияшыл әскерлердің легиондарын беріп отырады» (жоғарыда аталған кітапшаның 3-беті).

Мұның өзі тым көсіліп, асыра айтылған пікір екені барлық жағынан көрініп тұр. Бірақ мұнда баяндалған негізгі факт даусыз нәрсе, ал мұны «солшылдардың» мойындағандығы олардың қателіктерін ерекше айқындап береді. *Пролетарлардың* «миллиондары» мен «легиондары» әлі де болса жалпы алғанда парламентаризм жағында ғана болып қоймай, сонымен қатар тура «контрреволюцияшыл» болып отырғанда «парламентаризмнің саяси жағынан күні өтті» деп қалай ғана айтуға болады!? Германияда парламентаризмнің саяси жағынан *әлі* күні өткен *жоқ*, бұл анық. Германиядағы «солшылдар» *өздерінің көкейіндегісін*, өздерінің идеялық-саяси көзқарасын объективтік шындыққа балаған, бұл анық. Бұл — революционерлер үшін ең қауіпті қате. Россияда, патша өкіметінің барынша тағылық, қатаң езгісі өте ұзақ уақыт және өте алуан түрлі формада сан-сарынды революционерлерді, өз істеріне ғажап берілген, энтузиазмы, ерлігі бар, ерік күші бар революционерлерді туғызған Россияда революционерлердің осы қатесін біз әбден жақын байқап көргенбіз,

айрықша зейін сала зерттегенбіз, айрықша жақсы білеміз, сондықтан да басқалардағы сол қате бізге айрықша айқын көрініп тұрады. Германиядағы коммунистер үшін парламентаризмнің, әрине, «саяси жағынан күні өтті», бірақ мәселе дәл мынада: *біз үшін* күні өткен нәрсені *тап үшін* күні өткен нәрсеге, *бұқара үшін* күні өткен нәрсеге *баламау* керек. «Солшылдардың» *таптың* партиясы ретінде, *бұқараның* партиясы ретінде пайымдай білмейтіндігін, өздерін ұстай білмейтіндігін біз дәл осы арадан тағы да көріп отырмыз. Сіздер бұқараның дәрежесіне дейін, таптың артта қалған топтарының дәрежесіне дейін төмендемеуге міндеттісіздер. Бұл даусыз. Оларға сіздер ащы шындықты айтуға міндеттісіздер. Олардың буржуазиялық-демократиялық және парламенттік соқыр сенімдерін сіздер соқыр сенім деп атауға міндеттісіздер. Ал сонымен бірге сіздер нақ бүкіл таптың (оның коммунистік авангардының ғана емес), нақ барлық еңбекшілер *бұқарасының* (оның алдыңғы қатарлы адамдарының ғана емес) саналылығы мен әзірлігінің *шынайы* күйін *байыпты* қадағалап отыруға міндеттісіздер.

Егер «миллиондары» мен «легиондары» ғана емес, тіпті өнеркәсіп жұмысшыларының әншейін едәуір *азшылығы* католик поптарының соңынан еріп отырса,— село жұмысшыларының едәуір азшылығы помещиктер мен кулактардың (Grossbauern) соңынан еріп отырса,— онда мұнан *күмәнсыз* мынадай қорытынды шығады: Германияда парламентаризмнің *әлі де болса* саяси жағынан күні өткен *жоқ*, *атап айтқанда өз табының* артта қалған топтарын тәрбиелеу мақсатында, атап айтқанда деревняның білімсіз, жаншылған, қараңғы *бұқарасын* ояту және ағарту мақсатында парламент сайлауына қатысу және парламенттік трибуна арқылы жүргізілетін күреске қатысу революцияшыл пролетариаттың партиясы үшін *міндетті* нәрсе. Сіздер буржуазиялық парламентті және өзге типтегі реакцияшыл мекемелердің қандайын болса да әзірге қуып жібере алмай отырсыздар, мұндай кезде сіздер, ол мекемелерде поптар басын айналдырған және деревняның қиыр түкпірінде жатып басы айналған жұмысшылар әлі де

бар болғандықтан, *нақ* солардың арасында жұмыс істеуге *міндеттісіздер*, олай етпесеңіздер сіздердің нағыз мылжыңдарға айналып кетулеріңіз мүмкін.

Үшіншіден. «Солшыл» коммунистер біздер жөнінде, большевиктер жөнінде жақсы нәрселерді тіпті көп-ақ айтып жүр. Кейде тіпті: бізді азырақ мақтаса екен, одан гөрі большевиктердің тактикасының байыбына көбірек барса екен, онымен көбірек таныса екен! — дегің келеді. Біз 1917 жылы сентябрь — ноябрьде Россияның буржуазиялық парламентінің — Құрылтай жиналысының сайлауына қатыстық. Біздің ол тактикамыз дұрыс болды ма, жоқ па? Егер дұрыс болмаса, онда ашық айту керек және мұны дәлелдеу керек: мұның өзі халықаралық коммунизмнің дұрыс тактика белгілеуі үшін қажет. Егер дұрыс болса, онда бұдан белгілі бір қорытынды шығару керек. Әлбетте, Россия жағдайларын Батыс Европаның жағдайларына теңестіріп қарау туралы сөз де болуы мүмкін емес. Бірақ: «парламентаризмнің саяси жағынан күні өтті» деген ұғымның мәнісі не деген мәселеге әдейілеп келетін болсақ, біздің тәжірибені міндетті түрде дәл ескеру керек, өйткені нақтылы тәжірибені ескермейінше, мұндай ұғымдар тым оңай бос сөздерге айналып кете береді. 1917 жылғы сентябрь — ноябрьде Россиядағы парламентаризмді саяси жағынан күні өткен нәрсе деп санауға, батыс коммунистерінің қайсысынан болса да, біздің орыс большевиктерінің правосы *көбірек* болмады ма? Әрине, көбірек болды, өйткені мәселе — буржуазиялық парламенттердің өмір сүріп келгеніне көп уақыт немесе аз уақыт өткендігінде емес қой, мәселе — еңбекшілердің қалың бұқарасының советтік құрылысты қабыл алуға және буржуазиялық-демократиялық парламентті таратуға (немесе таратылуына жол беруге) қаншалық *дайын* (идеялық, саяси, практикалық жағынан) екендігінде ғой. 1917 жылғы сентябрь — ноябрьде Россияда, бірқатар ерекше жағдайлардың арқасында, қалалардағы жұмысшы табы, солдаттар мен шаруалар советтік құрылысты қабыл алуға және ең демократияшыл деген буржуазиялық парламентті таратып жіберуге айта қалғандай дайын тұрғаны мүлде даусыз және

толық анықталған тарихи факт еді. Сөйте тұрса да, большевиктер Құрылтай жиналысына бойкот *жасамады,* қайта пролетариаттың саяси өкіметті қолға алуынан бұрын да, *соң да* Құрылтай жиналысының сайлауына қатысты. Бұл сайлаудың өте-мөте бағалы (және пролетариат үшін орасан пайдалы) саяси нәтижелер бергенін Россиядағы Құрылтай жиналысының сайлауы жөніндегі деректерді толық талдап өткен, жоғарыда аталған мақалада мен дәлелдеп шықтым деп сене аламын*.

Бұдан шығатын таласссыз қорытынды мынадай: Совет республикасының жеңуінен тіпті бірнеше апта бұрын да, тіпті ол жеңгеннен *соң да* буржуазиялық-демократиялық парламентке қатысу революцияшыл пролетариатқа зиян келтірмейтіндігі былай тұрсын, қайта мұндай парламенттердің неліктен таратылып жіберілуі керектігін пролетариаттың артта қалған бұқараға *дәлелдеп көрсету* мүмкіндігін жеңілдетеді, парламенттерді таратып жіберудің ойдағыдай болып шығуын *жеңілдетеді,* буржуазиялық парламентаризмнің «саяси жағынан күні өтуін» *жеңілдетеді.* Бұл тәжірибемен санаспау, сөйте тұрып, өзінің тактикасын *интернационалдық* тұрғыдан (тар көлемдегі немесе сыңаржақ ұлттық тактика емес, нақ интернационалдық тактика етіп) жасауға тиісті Коммунистік *Интернационалға* қосылудан дәме қылу — мұның өзі мықтап қателесу деген сөз, интернационализмді сөз жүзінде мойындай отырып, одан іс жүзінде шегіну деген сөз.

Енді парламенттерге қатыспауды жақтайтын «голландтық-солшылдық» дәлелдерді қарастырып көрейік. Жоғарыда аталған «голланд» тезистерінің ішіндегі ең маңызды деген 4-ші тезистің аудармасы (ағылшын тілінен) міне мынадай:

«Өндірістің капиталистік системасы қиратылып, қоғам революция жағдайында тұрған кезде, бұқараның өзінің қимылдарымен салыстырғанда парламенттік қызмет бірте-бірте маңызын жоя береді. Міне осындай жағдайларда, парламент контрреволюцияның орталығы мен органына айналып, ал, екінші жағынан,

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 40-том, 1—26-беттер. *Ред.*

жұмысшы табы өзінің өкімет құралын Советтер түрінде жасап жатқан кезде,— парламенттік қызмет атаулыға тіпті қай түрде болса да қатысудан бас тарту қажет болып шығуы мүмкін».

Сөйлемінің алғашқысы көрінеу теріс, өйткені бұқараның қимылы — мәселен, ірі стачка — парламенттік қызметтен әсте революция кезінде немесе революциялық жағдай кезінде ғана емес, *барлық кезде де* маңызды. Бұл көрінеу негізсіз, тарихи және саяси жағынан теріс дәлел жария күрес пен құпия күресті *ұштастырудың* маңыздылығы жөніндегі жалпы-европалық тәжірибені де (1848, 1870 жылдардағы революциялардың алдындағы француз тәжірибесін; 1878—1890 жылдардағы герман тәжірибесін, т. с.), орыс тәжірибесін де (жоғарыда айтылғанды қараңыз) авторлардың мүлде ескермей отырғандығын тек қана ерекше айқын көрсетеді. Бұл мәселенің жалпы алғанда да, арнайы алғанда да орасан зор маңызы бар, оның себебі: пролетариаттың буржуазияға қарсы азамат соғысы қаулап өсіп, жақындап келе жатқандықтан, жариялылықты қалай да болса бұзудан, т. т. тайынбай отырған республикалық үкіметтердің және жалпы алғанда буржуазиялық үкіметтердің коммунистерді аласұра қудалап отырғандығынан (Американың бір мысалының өзі не тұрады) цивилизациялы және алдыңғы қатарлы елдердің *бәрінде* революцияшыл пролетариаттың партиясы үшін жария күрес пен құпия күресті ұштастыру барған сайын міндетті бола бастаған — ішінара міндетті болып та отырған — уақыт тез жақындап келеді. Осы аса маңызды мәселені голландтар мен жалпы солшылдар мүлде түсінбеген.

Екінші сөйлемі, біріншіден, тарихи жағынан теріс. Біздер, большевиктер, ең контрреволюциялық деген парламенттерге де қатысқанбыз, ал тәжірибе мынаны көрсетті: революцияшыл пролетариаттың партиясына мұндай қатысудың пайдалы болғандығы былай тұрсын, оның үстіне Россиядағы нақ сол 1-ші буржуазиялық революциядан (1905) кейін 2-ші буржуазиялық революцияны (II. 1917), сонан соң социалистік революцияны да (X. 1917) дайындау үшін қажетті болды. Екіншіден, бұл сөйлемде мүлдем логика жоқ. Парламент

контрреволюцияның органына және «орталығына» айналып келе жатқан болса (іс жүзінде ол ешқашан да «орталық» болған емес, болуы да мүмкін емес, бірақ бұл сөз арасында айта кеткеніміз), ал жұмысшылар өзінің өкімет құралын Советтер түрінде жасап жатқан болса, бұдан мынадай қорытынды шығады: Советтердің парламентке қарсы күресіне, Советтердің парламентті таратып жіберуіне жұмысшылардың дайындалуы керек — идеялық, саяси, техникалық жағынан дайындалуы керек. Бірақ бұдан әсте контрреволюциялық парламенттің *ішінде* советтік оппозицияның болуынан мұндай таратып жіберу қиындайды немесе оңайламайды деген қорытынды шықпайды. Біз Деникин мен Колчакқа қарсы жүргізген өзіміздің жеңімпаз күресіміз кезінде олардың ішінде советтік, пролетарлық оппозицияның болуы біздің жеңістерімізге әсер етпей қойғанын бірде-бір рет байқаған емеспіз. 1918 жылғы 5 январьда таратылған контрреволюциялық құрылтайдың ішінде әрі дәйекті, большевиктік, әрі дәйексіз, солшыл-эсерлік, советтік оппозицияның болғандығы біздің құрылтайды таратуымызды қиындатпай, қайта оңайлатқанын біз жақсы білеміз. Тезистің авторлары мүлде шатасып, революциялардың барлығының демесек те, бірсыпырасының тәжірибесін естен шығарған; бұл тәжірибе реакциялық парламенттен тысқары бұқаралық қимылды осы парламенттің ішіндегі революцияға тілектес (ал одан да гөрі жақсысы: революцияны тура қолдайтын) оппозициямен *ұштастырудың* революциялар кезінде қандайлық айрықша пайдалы екендігін көрсетеді. Голландтар мен жалпы «солшылдар» бұл арада нағыз революцияға ешқашан қатыспаған немесе революциялардың тарихына ой жүгіртіп көрмеген, немесе аңқаулықпен белгілі бір реакциялық мекемені субъективтік тұрғыдан «теріске шығаруды» бірсыпыра объективтік факторлармен күш қосып, сол мекемені шын қираткандық деп қабылдайтын революция доктринерлерінше пайымдайды. Жаңа саяси (тек саяси ғана емес) идеяны масқаралаудың және оған зиян келтірудің ең сенімді амалы — сол идеяны қорғаған болып, оны мағынасыз нәрсеге айналдыру. Өйт-

кені ақиқат атаулының қандайын болса да, егер оны «шамадан тыс» етсең (әке-Дицген айтқандайын), егер оны тым асырып көрсетсең, егер оны өзінің шын қолданыларлық шегінен асырып қолдансаң, мағынасыз нәрсеге айналдыруға болады және оның жоғарыда көрсетілген жағдайларда мағынасыз нәрсеге айналатыны тіпті сөзсіз де. Совет өкіметінің буржуазиялық-демократиялық парламенттерден артықшылығы жөніндегі жаңа ақиқатқа голланд және неміс солшылдары нақ осылай зиянын тигізіп отыр. Әлбетте, кімде-кім буржуазиялық парламенттерге қатысудан ешбір жағдайда да бас тартуға болмайды деп бұрынғыша және жалпылама айтатын болса, оның мұнысы дұрыс болмас еді. Мен бұл арада бойкоттың қандай жағдайларда пайдалы болатынын тұжырымдап жатпаймын, өйткені бұл мақаланың алдына қойған міндеті әлдеқайда қарапайым, ол: интернационалдық коммунистік тактиканың кейбір көкейтесті мәселелеріне байланысты орыс тәжірибесін ескеру. Орыс тәжірибесі бізге большевиктердің бойкотты бір жолы (1905) сәтті және дұрыс қолданғанын, екінші жолы (1906) теріс қолданғанын көрсетті. Бірінші жолғыға талдау жасай келіп, біз мынаны көреміз: бұқараның парламенттен тысқары (атап айтқанда стачкалық) революциялық қимылы өте-мөте тез өсіп, ұлғайып келе жатқан жағдайда, пролетариат пен шаруалардың бірде-бір тобы реакциялық өкіметке ешқандай көмек көрсетпеген жағдайда, революцияшыл пролетариат артта қалған қалың бұқараға өзінің ықпалын стачкалық күрес пен аграрлық қозғалыс арқылы қамтамасыз еткен жағдайда реакциялық өкіметтің реакциялық парламентті *шақыруына жол берілмеді.* Европадағы қазіргі жағдайларға *бұл* тәжірибені қолдануға болмайтындығы мүлде айқын нәрсе. Тағы да бір мүлде айқын нәрсе — жоғарыда баяндалған дәлелдерді негізге ала отырып айтқанда — голландтар мен «солшылдардың» парламенттерге қатысудан бас тартуды қолдауы, шартты түрде қолдаса да, түбірінен теріс және революцияшыл пролетариаттың ісі үшін зиянды нәрсе.

Батыс Европа мен Америкада жұмысшы табынан

шыққан үздік-революционерлерге парламент дегеніңіз әсіресе жек көрінішті болды. Бұл даусыз. Бұл әбден түсінікті, өйткені парламенттегі социалистік және социал-демократиялық депутаттардың орасан көпшілігінің соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі қылықтарынан асқан оңбаған, арам, опасыз қылықты айтып жеткізу қиын. Бірақ жалпы жұртқа мәлім кесапатпен *қалай* күресу керек деген мәселені шешкен кезде мұндай пиғылға берілу ақылсыздық болатыны былай тұрсын, тіпті тура қылмыс та болған болар еді. Батыс Европаның көптеген елдерінде революциялық пиғылды қазір «жаңалық» немесе «сирек кездесетін нәрсе» деп айтуға болады, мұны жұрт тым ұзақ уақыт, зарығып, сабырсызданып күткен болатын, бәлкім, сондықтан да жұрт көңіл-күйіне оп-оңай еріп кететін болар. Әрине, бұқара ішінде революциялық пиғыл болмаса, осындай пиғылдың өсуіне себебін тигізетін жағдайлар болмаса, революциялық тактика қимылға айнала алмайды, бірақ революциялық тактиканы тек қана революциялық пиғылға сүйеніп белгілеуге болмайды, бұл ақиқатқа біздің Россияда орасан ұзақ, қиын және қан төгіс тәжірибе арқылы көзіміз жетті. Тактика белгілі бір мемлекеттің (және оның айналасындағы мемлекеттердің, дүние жүзілік көлемде алғанда барлық мемлекеттердің де) *барлық* таптық күштерін байыпты, барынша объективті түрде есепке алу негізінде, сонымен қатар революциялық қозғалыстардың тәжірибесін де есепке алу негізінде жасалуға тиіс. Өзіңнің «революцияшылдығыңды» парламенттік оппортунизмді жалаң балағаттаумен ғана, парламенттерге қатысуды теріске шығарудың жалаң өзімен ғана білдіру өте оңай, ал мұның өзі тым оңай болғандықтан да, бұл өзі — қиын, аса қиын міндетті шешкендік болып шықпайды. Европалық парламенттерде шынымен революцияшыл парламенттік фракция құру — Россиядағыдан әлдеқайда қиын. Әрине, солай. Бірақ мұның өзі мына бір жалпы ақиқаттың жеке көрінісі ғана: 1917 жылғы нақты, тарихи жағынан мүлде ерекше жағдайда Россияға социалистік революцияны *бастау* оңай болды, ал оны *ілгері апару* және ақырына дейін жеткізу европалық елдер-

ден гөрі Россияға қиынырақ соғады. Менің бұл жағдайды 1918 жылдың бас кезінде-ақ көрсетуіме тура келген еді, ал содан кейінгі екі жылдың тәжірибесі бұл пікірдің дұрыс екендігін толық растады. Мұндай ерекше жағдайлар мыналар: 1) жұмысшылар мен шаруаларды адам айтқысыз азапқа душар еткен империалистік соғыстың советтік төңкеріс арқасында аяқталуын сол төңкеріспен ұштастыру мүмкіндігі; 2) империалистік жыртқыштардың бүкіл дүние жүзіндегі аса қуатты екі тобының қырқысқан күресін, бұл топтардың советтік дұшпанына қарсы бірігіп кете алмайтынын белгілі бір уақытқа пайдалану мүмкіндігі; 3) біршама ұзаққа созылған азамат соғысына бір есептен еліміздің көлемінің орасан зор болуы мен қатынас құралдарының нашарлығы салдарынан төтеп беру мүмкіндігі; 4) шаруалардың ішінде терең тамыр жайған буржуазиялық-демократиялық революциялық қозғалыстың бар болып отырғандығы; сондықтан пролетариат партиясы шаруалар партиясынан (социалист-революционерлерден, көпшілігі большевизмге барынша қас-дұшпан партиядан) оның революциялық талаптарын алды да, пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы арқасында ол талаптарды дереу жүзеге асырды;— мұндай ерекше жағдайлар қазір Батыс Европада жоқ және мұндай немесе бұл сияқты жағдайлардың қайталануы оншалық оңай да емес. Айта кетсек,— бірқатар басқа себептерді былай қойғанда,— социалистік революцияны *бастау* бізге қарағанда Батыс Европаға қиынырақ соғатындығының бір себебі, міне, осында. Революциялық мақсаттар үшін реакциялық парламенттерді пайдалану сияқты қиын істі «аттап кетіп», әлгі қиыншылықтан «орағытып өтуге» тырысу барып тұрған балалық болып табылады. Сіздердің жаңа қоғам құрғыларыңыз келе ме? ал сөйте тұрып сіздер реакциялық парламентте сенген, адал, ер жүрек коммунистерден парламенттік жақсы фракция құрар кезде қиыншылықтардан қорқасыздар! Бұларыңыз балалық емей не? Германияда Карл Либкнехт және Швецияда З. Хёглунд тіпті бұқараның төменнен қолдауынсыз-ақ реакциялық парламенттерді шын революциялық жол-

мен пайдаланудың үлгісін көрсете алғанда, осы тез өсіп келе жатқан бұқаралық революцияшыл партия бұқараның соғыстан кейінгі түңіліп, ашынған жағдайында нашар парламенттерде өзіне коммунистік фракция *шыңдап* шығаруға қалайша дәрменсіз болып отыр?! Жұмысшылардың және — онан да гөрі — ұсақ шаруалардың артта қалған бұқарасы буржуазиялық-демократиялық және парламенттік соқыр сенімдермен Россиядағыдан гөрі Батыс Европада анағұрлым күшті шырмалған, нақ осы себептен де буржуазиялық парламент сияқты мекемелердің ішінде *ғана* коммунистер осы соқыр сенімдерді әшкерелеу, сейілту, жеңу жөнінде ешбір қиыншылықтан қорықпайтын ұзақ, қажырлы күрес жүргізе алады (және жүргізуге тиіс).

Неміс «солшылдары» өз партиясының «көсемдерінің» нашарлығына қынжылып, торығушылыққа түседі, «көсемдерді» «мойындамаймыз» деуге дейін ауыздары барып, кісі күлерлік нәрсені айтады. Бірақ «көсемдерді» екінің бірінде астыртын жағдайға көшіруге тура келіп отырғанда, жақсы, сенімді, сыннан өткен, беделді «көсемдерді» *баулып шығару* өте-мөте қиын іс, сондықтан жария жұмыс пен құпия жұмысты ұштастырмайынша, *«көсемдерді», басқасын былай қойғанда,* парламенттік аренада *да сыннан өткізбейінше* бұл қиыншылықтарды ойдағыдай жеңуге *болмайды.* Сынды — және ең қатаң, аяусыз, ымыраға келмейтін сынды — парламентаризмге немесе парламенттік қызметке қарсы бағыттамау керек, қайта парламент сайлауы мен парламент трибунасын революциялық жолмен, коммунистік жолмен пайдалана білмейтін көсемдерге қарсы — ал онан да бетер, пайдаланғысы *келмейтін* көсемдерге қарсы — жұмсау керек. Тек осындай сын ғана — әрине, жарамсыз көсемдерді қуып шығып, олардың орнына жарамды көсемдер қоюмен ұштастырылған сын ғана — пайдалы және жемісті революциялық жұмыс болмақшы; бұл жұмыс «көсемдердің» жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасына лайық болуы үшін «көсемдерді» де тәрбиелейді,— бұқараның саяси жағдайды дұрыс түсіне білетін болуы үшін, осы жағдайдан туа-

тын екінің бірінде өте қиын, шытырман міндеттерді түсіне білетін болуы үшін бұқараны да тәрбиелейді*.

VIII
ЕШҚАНДАЙ КОМПРОМИСС БОЛМАСЫН БА?

Франкфуртта шыққан кітапшадан келтірілген цитатта «солшылдардың» бұл ұранды қандай батылдықпен көтеріп отырғанын өзіміз көрдік. Өздерін марксистерміз деп күмәнсыз санайтын және марксист болғылары келетін адамдардың марксизмнің негізгі ақиқаттарын қалай ұмытқандығын көру күйініштi-ақ. Маркс сияқты, өздерінің әрбір ірі еңбегінің әрбір сөйлемінде тамаша терең мазмұн жатқан сирек, өте сирек жазушылардың қатарына қосылатын Энгельс 33 коммунар-бланкистің манифесіне қарсы 1874 жылы міне былай деп жазған болатын:

««...Біз — коммунистерміз» (деп жазды коммунар-бланкистер өздерінің манифесінде), «өйткені, аралық станцияларға тоқталмастан, жеңіс күнін алыстатып, құлдық дәуірін ұзартатын компромистерге бармастан өз мақсаттарымызға жеткіміз келеді».

Неміс коммунистерінің коммунист болатын себебі, олар өздері емес, тарихи дамудың барысы жасаған барлық аралық станциялар мен компромистер арқылы

---

* Италиядағы «солшыл» коммунизммен танысуға менің мүмкіндігім тым аз болды... Күмән жоқ, Бордига жолдас пен оның «коммунист-бойкотистер» фракциясы (Comunista astensionista) парламентке қатыспауды қорғап, дұрыс істемеген. Бірақ бір пунктте, менің ойымша, оныкі дұрыс қой деймін — мұны оның «Совет» газетінің екі номеріне қарап («Il Soviet»[29] №№ 3 және 4. 18. I. және 1. II. 1920), Серрати жолдастың: «Коммунизм» («Comunismo»[30] №№ 1—4, 1. X.— 30. XI. 1919) атты тамаша журналының төрт кітапшасына қарап және өзімнің танысуға мүмкіндігім болған итальян буржуазиялық газеттерінің бірен-саран номерлеріне қарап қана айтып отырмын. Атап айтқанда, Бордига жолдас пен оның фракциясының Турати мен оның пікірлестеріне шүйлігуі дұрыс, ал бұлар Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасын мойындаған партияда қалып отыр, парламент мүшелері болып қалып отыр және өздерінің ең зиянды, ескі, оппортунистік саясаттарын тоқтатпай отыр. Әрине, бұған көпіп, Серрати жолдас пен бүкіл Итальян социалистік партиясы[31] қателік жасады, бұл қателік дәл Венгриядағы сияқты асқан зор зиян мен қауіпке ұшыратуы мүмкін, онда Венгрияның Турати сияқты мырзалары партияға да, Совет өкіметіне[32] де іштен саботаж жасады. Оппортунист-парламентарларға осындай қате, дәйексіз немесе тұрлаусыз көзқарас, бір жағынан, «солшыл» коммунизмді туғызады, екінші жағынан, *белгілі дәрежеде* оның өмір сүруін ақтайды. Депутат Туратиді «дәйексіз» деп кінәлап, Серрати жолдас көрінеу қате істеп отыр («Comunismo» № 3), ал шындығына келгенде Турати және К° сияқты оппортунист-парламентарларға төзіп, Итальян социалистік партиясының нақ өзі дәйексіздік жасап отыр.

түпкі мақсатты анық көріп, үнемі сол мақсатты: таптарды жою және жерге, барлық өндіріс құрал-жабдықтарына бұдан былай жеке меншік болмайтын қоғамдық құрылыс орнату мақсатын көздейді. 33 бланкистің коммунист болатын себебі, *олар өздерінің* аралық станциялар мен компромистерден аттап кеткілері келсе болғаны, онда іс бітті деп ойлайды және егер — олар бұған кәміл сенеді — осы таяу күндерде «басталса», сөйтіп өкімет өздерінің қолына тие қалса, онда бүрсігүндері «коммунизм құрылатын болады» деп ойлайды. Демек, егер мұны дереу қазір істей алмайтын болса, онда олардың да коммунистер болмағаны.

Өздерінің шыдамсыздығын теориялық дәлел етіп көрсету — бұл не деген балалық аңқаулық еді!» (*Фр. Энгельс.* «Коммунар-бланкистердің программасы»[33], немістің социал-демократиялық мына газетінен алынған: «Volksstaat»[34], 1874, № 73, мына жинақта: «1871—1875 жылдардағы мақалалар», орысша аудармасы, Петроград, 1919, 52—53-беттер).

Энгельс дәл сол мақаласында өзінің Вальянды қатты сыйлайтындығын білдіріп, Вальянның «даусыз еңбек сіңіргені» туралы айтады (Вальян, Гед сияқты, 1914 жылы августа өздері социализмге опасыздық жасағанға дейін халықаралық социализмнің ең ірі көсемі болған еді). Бірақ оның көрінеу қатесін Энгельс егжей-тегжейлі талдамай қалдырған емес. Әрине, өте жас және тәжірибесіз революционерлерге, сондай-ақ тіпті өте егде және өте тәжірибелі ұсақ буржуазиялық революционерлерге де «компромистерге рұқсат ету» өте-мөте «қауіпті», түсініксіз, теріс болып көрінуі мүмкін. Ленсбери жолдас еске сала кеткен оппортунизмнің ағылшын көсемдері: «егер большевиктерге пәлендей компромисс рұқсат етілетін болса, онда бізге кез-келген компромистің рұқсат етілмейтін себебі не?» деп қалай пайымдаса, бірқатар софистер де (шектен тыс немесе тым «тәжірибелі» саясатқұмарлар болғандықтан) нақ солай пайымдады. Бірақ талай стачкалар арқылы тәрбиеленген (тап күресінің осы көрінісінің тек бір өзін ғана алсақ) пролетарлар Энгельс баяндаған аса терең мағыналы (философиялық, тарихи, саяси,

психологиялық) ақиқатты әдетте тамаша ұғып алып жүр. Әрбір пролетар стачканы басынан кешіріп отырды, жексұрын езушілермен, қанаушылармен жасалған «компромистерді» басынан кешіріп отырды, ол кездерде жұмысшылардың не ештеңеге қолы жетпестен, не өз талаптарының ішінара қанағаттандырылуына келісіп, жұмысқа кірісуіне тура келіп отырған еді. Әрбір пролетар, өзі өмір сүріп отырған бұқаралық күрес жағдайы және таптық қарама-қарсылықтардың мықтап шиеленісуі арқасында, объективтік жағдайлар (стачкашылардың кассасы сарқылған, басқа жақтан көмек жоқ, олар әбден титықтай ашығып, азап көрген) мәжбүр еткен компромистің,— мұндай компромисті жасаған жұмысшылардың революцияға берілгендігі мен бұдан былайғы күреске әзір екендігін ешбір кемітпейтін компромистің,— және, екінші жағынан, сатқындардың жасайтын компромисінің арасындағы айырмашылықты көріп отыр; сатқындар өздерінің құлқын құмарлығын (штрейкбрехерлер де «компромисс» жасайды!), өздерінің қорқақтығын, өздерінің капиталистерге жарамсақтанғысы келетіндігін, капиталистердің қорқытуына, кейде азғыруына, кейде қайыр-садақасына, кейде көлгірсіп мақтауына көнгіштігін объективтік себептерге аудара салады (ағылшын жұмысшы қозғалысының тарихы сатқындардың осындай компромистерінің ағылшын тред-юниондарының көсемдерінде өте-мөте көп болғанын көрсетеді, бірақ мұндай құбылысты белгілі бір формада барлық елдердегі жұмысшылар түгел дерлік байқады).

Әлбетте, біреу кісі өлтіргенде, мұның әбден әділ, тіпті міндетті түрдегі өлтіру екенін (мәселен, өзіңді қорғау қажет болғанда) немесе кешірілгісіз абайсыздық екенін, не болмаса тіпті шебер жүзеге асырылған зұлымдық жоспар екенін анықтау тіпті де оңайға соқпайтын реттердің болатыны сияқты, белгілі бір «компромистің» де шын сипаты барынша күш салу арқылы ғана дұрыс анықталатын, бірен-саран ерекше қиын, шытырман реттер де болады. Әлбетте, кейде таптар мен партиялардың арасындағы өте шытырман — ұлттық және интернационалдық — арақатынастарға қа-

тысты мәселедегі саясатта стачка кезіндегі заңды «компромисс» туралы немесе штрейкбрехердің, опасыз көсемнің, т. с. сатқындық «компромисі» туралы мәселеден гөрі әлдеқайда қиынға соғатын реттер өте көп болады. Барлық реттерге бірдей жарайтын рецепт немесе жалпы ереже («ешқандай компромисс болмасын»!) ойлап шығару сорақылық болып табылады. Әрбір жеке ретте болып жатқан нәрсені түсіне білу үшін әркімнің өзінің басы болуы керек. Партия ұйымының және көсем деген атқа лайық партия көсемдерінің маңызының өзі де, басқасын былай қойғанда, мынада: күрделі саяси мәселелерді тез және дұрыс шешу үшін қажетті білімді, қажетті тәжірибені,— білім мен тәжірибенің үстіне — қажетті саяси сезімталдықты сол таптың барлық терең ойлы өкілдерінің* ұзақ, қажырлы, әр алуан, әр тарапты жұмысы арқылы жасап шығаруы керек.

Аңқау және мүлде тәжірибесіз адамдар *жалпы* компромисс *атаулыны* ықтимал деп танысаң болғаны, өзіміз бітіспес қарсы күрес жүргізіп отырған және жүргізуге тиісті оппортунизмнің және революцияшыл марксизмнің немесе коммунизмнің арасындағы меже атаулының бәрі жоғалып кетеді деп ойлайды. Бірақ егер мұндай адамдар табиғатта да, қоғамда да межелердің *бәрінің* өзгермелі және белгілі дәрежеде шартты екенін әлі білмейтін болса, онда бұларға ұзақ уақыт үйретуден, тәрбиелеуден, көзін ашудан, саяси және өмір тәжірибесін молайтудан басқа беретін ешбір жәрдем жоқ. Әрбір жеке немесе айрықша тарихи кезеңдегі саясаттың практикалық мәселелерінің ішінен жол беруге болмайтын, сатқындық компромистердің, революцияшыл тап үшін қатерлі оппортунизмді бейнелейтін компромистердің ең негізгі түрі білінетін мәселелерді ажырата білудің және сол компромистерді жұртқа түсіндірудің, оларға қарсы күресу үшін бар күшті жұм-

---

* Әрбір таптың ішінде, тіпті анағұрлым мәдениетті деген елдің жағдайында да, тіпті ең алдыңғы қатарлы кезеңнің жағдайлары барлық рухани күштерін өте жоғары көтерген таптың ішінде де таптың ойлай *алмайтын* және ойлауға қабілетсіз өкілдері әр кезде де бар — және, әзірге таптар бар тұрғанда, тапсыз қоғам дәл өз негізінде әзірге әбден ныгаймай, бекімей, дамымай тұрғанда сөзсіз *болады да.* Егер бұлай болмаған болса, онда капитализм де бұқараны езуші капитализм болмаған болар еді.

саудың зор маңызы бар. Екі жағы да бірдей тонаушы, жыртқыш елдердің екі тобының арасындағы 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде оппортунизмнің осындай ең басты, негізгі түрі социал-шовинизм болды, яғни «отан қорғауды» қолдау болды, мұның өзі іс жүзінде *мұндай* соғыста «өз» буржуазиясының тонаушылық мүдделерін қорғаумен бірдей еді. Соғыстан кейін — тонаушы «Ұлттар лигасын»[35] қорғау; революцияшыл пролетариат пен «советтік» қозғалысқа қарсы өз елінің буржуазиясымен тікелей немесе жанама түрде одақтасуды қорғау; «Совет өкіметіне» қарсы буржуазиялық демократия мен буржуазиялық парламентаризмді қорғау;— бәрін қосып айтқанда, революцияшыл пролетариат пен оның ісі үшін апатты оппортунизмді туғызған, жол беруге болмайтын, сатқындық компромистердің ең басты көріністері осындай болды.

«...Басқа партиялармен компромисс жасаудың қандайын болса да... айла-шарғы жасау, келісімпаздық саясатының қандайын болса да үзілді-кесілді теріске шығару керек»,—

деп жазады герман солшылдары франкфурттық кітапшада.

Осындай көзқарастарда бола тұрып, бұл солшылдардың большевизмді үзілді-кесілді айыптамай отырғаны ғажап-ақ! Большевизмнің бүкіл тарихы, Октябрь революциясына дейін де, одан кейін де айла-шарғы жасау, басқа партиялармен, соның ішінде буржуазиялық партиялармен де келісімге келу, компромисс жасау мысалдарына *толы* екенін герман солшылдарының білмеуі мүмкін емес қой!

Халықаралық буржуазияны құлату үшін соғысып жатып, мемлекеттер арасында болатын кәдімгі ең күшті деген соғыстан да жүз есе қиын, ұзақ, күрделі соғысты жүргізіп жатып, бұл соғыста түрлі айла-шарғыдан күні бұрын бас тарту, жаулар мүдделерінің бірбіріне қайшылығын (уақытша болса да) пайдаланудан бас тарту, мүмкін болатын одақтастармен (уақытша, тұрлаусыз, солқылдақ, шартты түрдегі одақтастармен болса да) келісімге келуден, компромисс жасаудан бас тарту сорақы күлкі нәрсе емес пе? Бұл, әлі зерттелме-

ген, бұған дейін аяқ баспаған тауға қиындықпен шығып бара жатып, кейде қиялап шығудан, кейде қайта түсіп, таңдап алған бір бағытты өзгертіп, түрлі бағыттарды байқап көруден күні бұрын бас тартқандыққа ұқсамай ма? Ал осыншалық санасы жетілмеген және тәжірибесіз адамдарды да (егер мұның өзі олардың жастығынан болса бір сәрі ғой: жастардың белгілі бір уақыт бойына осындай ағат сөздер айтуын құдайдың өзі қостаған ғой) голланд коммунистік партиясының кейбір мүшелері қолдады-ау — тікелей ме, әлде жанамалап па, ашық па әлде жасырын ба, түгелінен бе әлде ішінара ма, бәрібір қолдады-ау!!

Пролетариаттың бірінші социалистік революциясынан кейін, бір елде буржуазия құлатылғаннан кейін, бұл елдің пролетариаты *ұзақ уақытқа* дейін буржуазиядан *әлсіз* болады, мұның себебі буржуазияның әншейін орасан зор интернационалдық байланыстарының болуынан, ал онан соң буржуазияны құлатқан елдің ұсақ товар өндірушілері капитализм мен буржуазияны стихиялы түрде және үнемі қалпына келтіріп, қайта жандандырып отыратындығынан. Аса зор күш салғанда ғана және жаулардың арасындағы «араздықтың» қандайын болса да, тіпті ең кішкентайын да, түрлі елдер буржуазиясының арасындағы, жеке елдер ішіндегі буржуазияның түрлі топтары немесе түрлері арасындағы мүдделер қарама-қарсылығының қандайын болса да,— сондай-ақ өзімізге тіпті мейлі уақытша, солқылдақ, тайғақ, сенімсіз, шартты түрдегі одақтас болса да бұқаралық одақтас табу мүмкіндігінің қандайын болса да, тіпті ең кішкентайын да *міндетті түрде,* барынша мәпелеп, абайлап, сақтықпен, шеберлікпен пайдаланғанда ғана анағұрлым күшті дұшпанды жеңіп шығуға болады. Кімде-кім мұны түсінбеген болса, ондай адамның марксизмнен және *жалпы алғанда* қазіргі, ғылыми социализмнен түк те түсінбегені. Кімде-кім бірсыпыра ұзақ уақыт бойына және біршама сан алуан саяси жағдайларда бұл ақиқатты өзінің іс жүзінде қолдана білетіндігін *практикалық тұрғыдан* дәлелдемеген болса, ондай адамның революцияшыл таптың бүкіл еңбекші адамзатты қанаушылардан азат ету жолындағы

күресінде сол тапқа көмек көрсете білуді әлі үйренбегені. Ал бұл айтылған сөздердің саяси өкіметті пролетариаттың жеңіп алуына *дейінгі* және одан *кейінгі* дәуірге бірдей қатысы бар.

Біздің теориямыз догма емес, *іске басшылық* — деген болатын Маркс пен Энгельс[36], сондықтан Карл Каутский, Отто Бауэр, т. с. сияқты «патентті» марксистердің орасан үлкен қатесі, орасан үлкен қылмысы олардың мұны түсінбегендігінде, пролетариат революциясының аса маңызды кезеңдерінде мұны қолдана білмегендігінде болып отыр. Маркс дәуіріне дейінгі орыстың ұлы социалисі Н. Г. Чернышевский: «Саяси қызмет — Нева проспектісінің тротуары емес»[37] (Петербургтің оқтай түзу басты көшесінің тап-таза, кең, теп-тегіс тротуары емес) деген болатын. Чернышевский заманынан бергі жерде орыс революционерлері осы ақиқатты елемегендігі үшін немесе естен шығарғандығы үшін сансыз көп құрбандықтарға ұшырады. Батыс Европа мен Американың солшыл коммунистері және жұмысшы табына шын берілген революционерлері осы ақиқатты көңілге тоқып алуда қалай болған күнде де артта қалған россиялықтар сияқты *көп құрбандыққа* ұшырамайтындай болуы керек.

Патша өкіметі құламай тұрғанда орыстың революцияшыл социал-демократтары буржуазиялық либералдардың көрсеткен қызметін талай рет пайдаланды, яғни олармен толып жатқан практикалық компромистер жасады, ал 1901—1902 жылдары, большевизм әлі жарыққа шықпай тұрған кезде, «Искраның» бұрынғы редакциясы (бұл редакцияда: Плеханов, Аксельрод, Засулич, Мартов, Потресов болды және мен болдым) буржуазиялық либерализмнің саяси көсемі Струвемен формальды саяси одақ жасады[38] (рас, аз уақытқа жасады), сонымен қатар буржуазиялық либерализмге қарсы және оның жұмысшы қозғалысы ішіндегі ықпалының ең болмашы көріністеріне де қарсы ең аяусыз идеялық және саяси күресті тоқтатпай жүргізе білді. Большевиктер қашан болса да сол саясатты жүргізді. 1905 жылдан бастап большевиктер либералдық буржуазия мен патша өкіметіне қарсы жұмысшы табының

шаруалармен одақ жасасуын үнемі жақтап отырды, ал сонымен бірге патша өкіметіне қарсы буржуазияны қолдаудан (мәселен, сайлаудың 2-ші сатысында немесе қайта дауысқа түсу кездерінде) ешқашан бас тартқан жоқ және шаруалардың буржуазиялық-революциялық партиясы болған «социалист-революционерлерге» қарсы нағыз бітіспес идеялық және саяси күресті тоқтаусыз жүргізе берді, оларды өздерін жалғандықпен социалистерге балайтын ұсақ буржуазиялық демократтар деп әшкереледі. 1907 жылы большевиктер Дума сайлауында «социалист-революционерлермен» аз уақытқа формальды саяси блок жасады. 1903—1912 жылдары біз меньшевиктермен бірнеше жыл бойына формальды түрде біртұтас социал-демократиялық партияда болдық, бірақ пролетариатқа буржуазиялық ықпалды таратушы болған және оппортунистер болған меньшевиктерге қарсы идеялық және саяси күресті *еш уақытта да* тоқтатқан жоқпыз. Соғыс кезінде біз «каутскийшілдермен», солшыл меньшевиктермен (Мартов) және «социалист-революционерлердің» бір бөлегімен (Чернов, Натансон) бірсыпыра компромисс жасадық, Циммервальд пен Кинтальда[39] олармен бірге мәжіліс құрдық, ортақ манифестер шығарып отырдық, бірақ біз «каутскийшілдерге», Мартов пен Черновқа (Натансон бізге тым жақын, бізбен ынтымақтас дерлік «революцияшыл коммунист»-халықшыл[40] болып жүрген кезде, 1919 жылы қайтыс болды) қарсы идеялық-саяси күресті еш уақытта да тоқтатқанымыз жоқ және босаңсытқанымыз жоқ. Октябрь төңкерісінің нағыз қызу кезеңінде біз ұсақ буржуазиялық шаруалармен формальдық емес, бірақ өте маңызды (және өте сәтті) саяси блок жасадық, шаруаларға біздің оларды майоризациялағымыз келмейтіндігін, қайта олармен келісім жасағымыз келетіндігін дәлелдеу үшін *эсерлердің* аграрлық программасын бірде-бір өзгеріс енгізбей *түгелімен* қабыл алдық, яғни күмәнсыз компромисс жасадық. Мұнымен қабат біз «солшыл эсерлерге», оларды үкіметке қатыстыру арқылы, формальды саяси блок жасасуды ұсындық (және көп ұзамай мұны жүзеге асырдық), бірақ олар Брест бітімі жасалғаннан кейін

екі арадағы бұл блокты бұзды да, сонан кейін 1918 жылы июльде бізге қарсы қарулы көтеріліс жасауға дейін, ал соңынан бізге қарсы қарулы күрес жүргізуге дейін барды.

Сондықтан неміс солшылдарының Германиядағы коммунистер партиясының Орталық Комитетіне «тәуелсіздермен» («Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы», каутскийшілдер) блок жасауға ойларың бар деп шүйлігуі бізге мүлде орынсыз көрінетіні және «солшылдардікі» *теріс* екендігін айқын дәлелдейтіні түсінікті. Біздің Россияда да неміс Шейдемандарына ұқсас оңшыл меньшевиктер (Керенскийдің үкіметіне қатысқан) болды және неміс каутскийшілдеріне ұқсас солшыл меньшевиктер (Мартов) болды, олар оңшыл меньшевиктерге қарсы оппозиция құрды. Жұмысшылар бұқарасының меньшевиктерден бірте-бірте большевиктер жағына шығуын біз 1917 жылы анық байқадық: 1917 жылы июньде Советтердің Бүкіл россиялық I съезінде біздің жағымызда не бары 13 процент болды. Көпшілік эсерлер мен меньшевиктер жағында еді. Советтердің Екінші съезінде (ескіше 25. X. 1917.) дауыстың 51 проценті біздің жағымызда болды. Германияда жұмысшылардың оңнан солға қарай *дәл осылай* мейлінше *біркелкі* ойысуы бірден коммунистерді күшейтпей, алдымен аралық партия «тәуелсіздерді» күшейткені, бұл партия ешқашан да ешқандай дербес саяси идеялары, ешқандай дербес саясаты болмай, Шейдемандар мен коммунистердің арасында ауыткумен ғана жүрсе де мұның осылай болғаны неліктен?

Тегінде, мұның себептерінің бірі неміс коммунистерінің *қате* тактикасы болса керек; олар бұл қатені қорықпай адал ниетімен мойындап, түзете білуді үйренуге тиіс. Қате реакциялық, буржуазиялық парламент пен реакциялық кәсіподақтарға қатысуды теріске шығаруда болды, қате қазір сыртқа теуіп шығып отырған, сондықтан да соғұрлым жақсырақ, соғұрлым тезірек, организм үшін соғұрлым шипалырақ емделіп жазылатын «солшыл» балалық аурудың көптеген көріністерінде болды.

Немістің «Тәуелсіз социал-демократиялық партиясы» ішкі құрылысы жағынан көрінеу әр текті: Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының маңызын түсіне алмайтындығын, пролетариаттың революциялық күресіне басшылық ете алмайтындығын айқын көрсеткен бұрынғы оппортунист көсемдермен қатар (Каутский, Гильфердинг, едәуір дәрежеде, сірә, Криспин, Ледебур және басқалары) бұл партияның ішінде солшыл, пролетарлық қанат құрылып, тамаша тез өсіп келеді. Бұл партияның жүз мыңдаған мүшесі (сірә, $^{3}/_{4}$ миллионға тарта мүшесі болу керек) — Шейдеманнан кетіп, коммунизмге қарай тез бет алып келе жатқан пролетарлар. Бұл пролетарлық қанат тәуелсіздердің Лейпциг (1919) съезінде III Интернационалға дереу және сөзсіз қосылуды ұсынған да болатын. Партияның осы қанатымен «компромисс» жасаудан қорқу — тура кісі күлерлік нәрсе. Қайта, олармен компромисс жасаудың қолайлы формасын іздеу *және* соны *табу* коммунистер үшін *міндетті* нәрсе, компромисс болғанда, бір жағынан, осы қанатпен қажетті түрде толық бірігуді оңайлатып, тездететін, ал екінші жағынан, «тәуелсіздердің» оппортунистік оң қанатына қарсы коммунистердің идеялық-саяси күресінде коммунистерге ешбір кедергі жасамайтын компромисс болуы керек. Әлбетте, компромистің қолайлы формасын жасап шығару оңайға соқпайды, бірақ неміс жұмысшылары мен неміс коммунистеріне жеңіске жетудің «оңай» жолын көрсетемін деп тек дүмшелер ғана уәде ете алар еді.

Егер «таза» пролетариат — пролетардан жартылай пролетарға (тіршілік етуге керекті қаражатты жұмыс күшін сату арқылы жартылай табатындарға), жартылай пролетардан ұсақ шаруаға (және ұсақ қолөнершіге, майдагерге, жалпы алғанда қожайынсымаққа), ұсақ шаруадан орта шаруаға, т. т. айналатын өте ала-құла өтпелі типтер қоршауынан тыс болған болса, егер пролетариаттың өз ішінде де көбірек немесе кемірек жетілген топтарға бөлінушілік болмаған болса, жеріне қарай, кәсібіне қарай, кейде дініне қарай, тағы сондайларға қарай бөлінушілік жоқ болған болса, онда

капитализм де капитализм болмаған болар еді. Ал осының бәрінен, пролетариаттың авангарды үшін, оның саналы бөлегі үшін, коммунистік партия үшін, пролетарлардың түрлі топтарымен, жұмысшылар мен ұсақ қожайынсымақтардың түрлі партияларымен амал табудың, келісімге келіп, компромисс жасасудың қажеттігі,— мұның мейлінше сөзсіз қажеттігі келіп туады. Істің мәні — бұл тактиканы пролетариаттың саналылығының, революцияшылдығының, күреске және жеңуге қабілеттілігінің *жалпы* дәрежесін төмендету мақсатымен емес, сол дәрежені *арттыру* мақсатымен қолдана *білуде* болып отыр. Айтпақшы, мынаны ескерте кету керек: большевиктердің меньшевиктерді жеңіп шығуы 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін ғана емес, *сонымен қатар онан кейін де* амал табу, келісімге келу, компромистер жасау тактикасын қолдануды талап етті, әлбетте, большевиктердің меньшевиктер жөніндегі ісін жеңілдеткен, тездеткен, нығайтқан, күшейткен осындай және осы сияқты тактиканы қолдануды талап етті. Ұсақ буржуазияшыл демократтар (соның ішінде меньшевиктер де) буржуазия мен пролетариаттың арасында, буржуазиялық демократия мен советтік құрылыстың арасында, реформизм мен революцияшылдықтың арасында, жұмысшыжандылық пен пролетариат диктатурасынан қорқушылықтың арасында, т. т. арасында сөзсіз толқып отырады. Коммунистердің дұрыс тактикасы — бұл толқуларды тіпті де елемей кету емес, оларды *пайдалану* болып табылады; бұларды пайдалану ісі — пролетариат жағына қандай элементтер қаншалықты және қашан бет бұрса, оларға соншалықты және сол кезде кеңшілік жасауды талап етеді, мұнымен бірге буржуазия жағына бет бұрғандарға қарсы күрес жүргізуді талап етеді. Дұрыс тактика қолданудың нәтижесінде меньшевизм бізде барған сайын ыдырай берді және ыдырап та отыр, оппортунистік көсемдерді үнемі шеттетіп, таңдаулы жұмысшыларды, ұсақ буржуазиялық демократияның таңдаулы элементтерін біздің лагерімізге әкеліп отыр. Бұл — ұзақ уақытқа созылатын процесс, сондықтан: «ешқандай компромисс, ешқандай айла-шарғы жасау болмасын»

деген ұшқары «шешімге» келу революцияшыл пролетариаттың ықпалын күшейту және оның күшін арттыру ісіне тек қана зиян тигізуі мүмкін.

Ақырында, Германиядағы «солшылдардың» даусыз қателерінің бірі — олардың қасарысып Версаль бітімін[41] мойындамауды талап етуі. Бұл көзқарасты, мәселен, К. Хорнер неғұрлым «байсалды» және «маңызды» етіп, неғұрлым «батыл» және үзілді-кесілді етіп тұжырымдаған сайын, оның мұнысы ақылмен істелген іске соғұрлым аз ұқсайды. Халықаралық пролетарлық революцияның қазіргі жағдайларында Антантаға қарсы соғысу үшін неміс буржуазиясымен блок жасау керек дегенге дейін аузы барған «ұлттық большевизмнің» (Лауфенбергтің және басқалардың) барып тұрған сорақылықтарынан безу жеткіліксіз. Белгілі бір уақытқа Версаль бітімін мойындау және оған бағыну советтік Германия үшін (егер жуық арада советтік герман республикасы орнай қалса) міндетті емес дейтін тактиканың түбірінен қате тактика екенін түсіну керек. Бұдан: үкімет басында Шейдемандар отырған уақытта, Венгрияда Совет өкіметі әлі құлатылмай тұрған кезде, Советтік Венгрияны қолдау үшін Венадағы советтік революцияның көмекке келу мүмкіндігі әлі жойылмай тұрған кезде,— *міне сол кездегі жағдайларда* Версаль бітіміне қол қою талабын ұсынған «тәуелсіздердікі» дұрыс еді деген қорытынды шықпайды. Ол кезде «тәуелсіздер» айла-шарғы жасағанда, маневр жасағанда өте жаман жасады, өйткені сатқындық жасаған Шейдемандар үшін азды-көпті жауапкершілікті өз мойындарына алды, Шейдемандарға қарсы аяусыз (және мейлінше сабырлы) таптық соғыс жүргізу көзқарасынан азды-көпті сырғанап, «тапсыз» немесе «таптан жоғары» көзқарасқа түсіп кетті.

Бірақ қазір жағдай нақ мынадай болып отыр: Германия коммунистері өз қолын өзі байламауға тиіс және коммунизм жеңе қалған күнде Версаль бітімінен міндетті түрде, сөзсіз бас тартамыз деп уәде бермеуге тиіс. Бұл зердесіздік болады. Былай деу керек: Шейдемандар мен каутскийшілдер Советтік Россиямен, Советтік

Венгриямен одақтасу ісін қиындатқан (ішінара: тікелей бүлдірген) бірсыпыра сатқындықтар жасады. Біз, коммунистер, бар амалды қолданып, осындай одақ жасауды *жеңілдетеміз* және *дайындаймыз*, оның бер жағында біз Версаль бітімінен әсте де сөзсіз, оның үстіне дереу бас тартуға міндетті емеспіз. Онан бас тартудың сәтті болу мүмкіндігі немістердегі советтік қозғалыстың табысына ғана байланысты емес, сонымен қатар халықаралық советтік қозғалыстың табыстарына да байланысты. Шейдемандар мен каутскийшілдер бұл қозғалысқа бөгет жасады, ал біз болсақ оған көмектесіп отырмыз. Істің мәні міне осында, түбегейлі айырмашылық міне осында. Ал егер біздің тап жауларымыз, қанаушылар, олардың малайлары, Шейдемандар мен каутскийшілдер, Германиядағы советтік қозғалысты да, халықаралық советтік қозғалысты да күшейтудің, Германиядағы советтік революцияны да, халықаралық советтік революцияны да күшейтудің талай-талай мүмкіндіктерінен айрылып қалған болса, онда бұған солар кінәлы. Германиядағы советтік революция халықаралық советтік қозғалысты күшейтеді; бұл қозғалыс — Версаль бітіміне қарсы, жалпы алғанда халықаралық империализмге қарсы ең күшті қамал (және бірден-бір сенімді, жеңілмес, бүкіл дүние жүзілік-қуатты қамал). Империализм езген *өзге* елдерді империализмнің езгісінен азат ету *мәселесінен бұрын* Версаль бітімінен міндетті түрде, сөзсіз, дереу құтылуды бірінші кезекке қою — революциялық интернационализм емес, қайта мещандық ұлтшылдық (Каутскийлерге, Гильфердингтерге, Отто Бауэрлерге және К^0-ге лайық ұлтшылдық). Европалық ірі елдердің қайсысында болса да, соның ішінде Германияда да, буржуазияны құлату халықаралық революцияға қосылған табыс болатыны соншалық, оның үшін — егер бұл керек болса — *Версаль бітімінің онан да ұзағырақ уақыт қолданылуына* көнуге болады және көну керек те. Егер Россияның жалғыз өзі революция үшін пайда келтіре отырып, Брест бітіміне бірнеше ай бойы төзе алған болса, онда Советтік Германия, Советтік Россиямен одақтасып, революция үшін пайда келтіре отырып,

Версаль бітімінің неғұрлым ұзақ уақыт қолданылуына төзе алады, мұның мүмкін емес ештеңесі де жоқ.

Францияның, Англияның, т. б. елдердің империалистері неміс коммунистерін арандатып: «біз Версаль бітіміне қол қоймаймыз деңіздер» деп, оларға тұзақ құрып отыр. Ал солшыл коммунистер зұлым және *қазіргі кезеңде* неғұрлым күшті жауға қарсы шебер маневр жасай білудің орнына, оған: «енді біз Версаль бітіміне қол қоямыз» деудің орнына, балаға ұқсап, әлгі империалистердің құрған тұзағына түсіп жүр. Күн ілгері өзіңнің қолыңды байлау, қазір бізден жақсы қаруланған жауға өзіміздің онымен соғысатын-соғыспайтынымызды, соғыссақ қашан соғысатынымызды ашық айту революцияшылдық емес, зердесіздік. Ұрыс бізге емес, көпе-көрінеу дұшпанға тиімді болып отырған кезде ұрысқа шығу — қылмыс, сондықтан көрінеу тиімсіз соғыстан жалтару үшін революцияшыл таптың «амал табу, келісім, компромисс жасай» білмейтін саясатшылары түкке жарамсыз саясатшылар.

IX
АНГЛИЯДАҒЫ «СОЛШЫЛ» КОММУНИЗМ

Англияда әзірше коммунистік партия жоқ, бірақ жұмысшылар арасында жаңа, өрісі кең, айбынды, тез өсіп келе жатқан, өте тамаша үміт күтуге право берерлік коммунистік қозғалыс бар; коммунистік партияны құрғысы келетін, қазірдің өзінде осы туралы өзара келіс сөздер жүргізіп жатқан бірнеше саяси партиялар мен саяси ұйымдар («Британ социалистік партиясы»[42], «Социалистік жұмысшы партиясы», «Оңтүстік Уэльс социалистік қоғамы», «Жұмысшы социалистік федерациясы»[43]) бар. Ең соңғы аталған ұйымның апталық органы, Сильвия Панкхерст жолдастың редакциялауымен шығатын «Жұмысшы Дредноуты»[44] деген газетте (VI том, № 48, 21.II. 1920) Сильвия Панкхерсттің «Коммунистік партия жөнінде» деген мақаласы басылды. Бұл мақала III Интернационалға қосылу, парламентаризмнің орнына советтік системаны мойындау және пролетариат диктатурасын мойындау негізінде

біртұтас коммунистік партия құру туралы жоғарыда аталған төрт ұйымның арасындағы келіс сөздердің барысын баяндайды. Біртұтас коммунистік партияны дереу құру жөнінде ең басты кедергілердің бірі: парламентке қатысу туралы және жаңа коммунистік партияның ескі, профессионалистік, басым көпшілігі тред-юниондардан құралған, оппортунистік және социал-шовинистік «Жұмысшы партиясына» қосылуы туралы мәселе жөніндегі алауыздықтар екен. «Жұмысшы социалистік федерациясы» — сондай-ақ «Социалистік жұмысшы партиясы» да* — парламент сайлауына және парламентке қатысуға, «Жұмысшы партиясына» қосылуға қарсы шығып, бұл жөнінде олар Британ социалистік партиясы мүшелерімен түгелдей немесе оның көпшілігімен келісе алмай отыр, өйткені, олардың ойынша, бұл партия Англиядағы «коммунистік партиялардың оң қанаты» болып табылады (Сильвия Панкхерсттің аталған мақаласының 5-беті).

Сөйтіп, алауыздықтардың көріну формасы жағынан және басқа да бірсыпыра реттер жағынан өте зор айырмашылығы бола тұрса да, негізгі жікке бөліну Германиядағы сияқты болып шығып отыр (ал бұл форма Англиядағыдан гөрі Германияда «орыстық» формаға неғұрлым жақын). Ал енді «солшылдардың» дәлелдерін қарастырып көрейік.

Парламентке қатысу туралы мәселе жөнінде Сильвия Панкхерст жолдас Глазгодағы «Шотланд жұмысшы советінің» атынан жазып отырған В. Галлахер (W. Gallacher) жолдастың сол номерде басылған мақаласына сүйенеді:

«Бұл совет,— деп жазады ол,— парламентке анық қарсы, және де оған түрлі саяси ұйымдардың сол қанаты еріп отыр. Біз өндірістерде (өндірістің түрлі салаларында) революцияшыл ұйым құруға және бүкіл елде әлеуметтік комитеттерге негізделген коммунистік партия құруға тырысып отырған Шотландиядағы революциялық қозғалыстың өкілдеріміз. Біз ұзақ уақыт ресми парламентарлармен жанжалдасып келдік. Біз оларға қарсы ашық соғыс жариялауды қажет деп таппадық, ал олар бізге шабуыл жасаудан *қорқып отыр.*

* Бұл партия «Жұмысшы партиясына» қосылуға қарсы, бірақ парламентке қатысуға бәрі бірдей қарсы емес тәрізді.

Бірақ мұндай жағдайдың ұзаққа созылуы мүмкін емес. Біз барлық жағынан да жеңіп келеміз.

Шотландиядағы Тәуелсіз жұмысшы партиясының көпшілік мүшелері парламент туралы ойдан бірте-бірте қатты жиреніп келеді, сондықтан жергілікті топтардың бәрі дерлік Советтерді (орыс сөзі ағылшын транскрипциясымен қолданылған) немесе жұмысшы Советтерін жақтап отыр. Әлбетте, саясатқа табыс табу амалы деп (кәсіп деп) қарайтын мырзалар үшін мұның аса зор маңызы бар, ал олар өз мүшелерін парламентаризм аясына қарай кейін қайтуға иландыру үшін алуан түрлі айла-тәсілдің бәрін қолданып отыр. Революцияшыл жолдастар бұл банданы қолдауға *тиісті емес* (курсив барлық жерде де автордікі). Біздің бұл жөніндегі күресіміз өте қиын күрес болады. Оның ең сұмдық сипаттарының бірі — өзінің жеке басының мүдделерін революция мүдделерінен гөрі неғұрлым жоғары санайтын адамдардың опасыздық жасауы болмақ. Парламентаризмді қуаттаудың қандайы болса да өкіметтің біздегі британдық Шейдемандар мен Носкелердің қолына өтуіне тікелей көмек бергендік болады. Гендерсон, Кляйнс (Clynes) және К° — түзелмейтін реакцияшылдар. Ресми Тәуелсіз жұмысшы партиясы Макдональд, Сноуден сияқты мырзалардың және К°-нің лагерінен өздеріне рухани пана тауып жүрген буржуазиялық либералдарға барған сайын бағынышты болып отыр. Ресми Тәуелсіз жұмысшы партиясы III Интернационалға мейлінше қас, ал бұқара III Интернационалды жақтайды. Қандай жолмен болса да парламентар-оппортунистерді қолдаушылық жоғарыда аталған мырзалардың тікелей сойылын соққандық болады. Британ социалистік партиясының бұл арада ешқандай маңызы жоқ... Мұнда мықты революцияшыл өндірістік (индустриялық) ұйым керек және айқын, дәл белгіленген ғылыми негіздерге сәйкес жұмыс істейтін коммунистік партия керек. Егер де біздің жолдастар бізге оның екеуін де құруға көмек бере алатын болса, біз олардың көмегін ықыласпен қарсы аламыз; ал егер көмек бере алмайтын болса,— онда олар, парламенттік «құрметті» (? — сұрау белгісі автордікі) атақ алуға сондай қатты талпынып жүрген және өздерінің нақ «қожайындар» сияқты, таптық саясатшылар сияқты ойдағыдай *басқара алатындығын* дәлелдеуді көксеп жүрген реакционерлерге қолғабыс көрсету арқылы Революцияға опасыздық істейміз демесе, құдай ақы, тіпті араласпай-ақ қойсын».

Редакцияға жазылған бұл хат жас коммунистердің немесе коммунизм бағытына енді-енді ғана түсе бастаған бұқарашы-жұмысшылардың пиғылы мен көзқарасын, менің ойымша, өте жақсы көрсетеді. Бұл пиғыл мейлінше қуанарлық және бағалы пиғыл; оны бағалап, қуаттай білу керек, өйткені онсыз Англияда — және басқа елдердің қайсысында болса да — пролета-

риат революциясының жеңіп шығатындығынан үміт етуге болмас еді. Бұқараның осындай пиғылын көрсете білетін, бұқараның (көбінесе меңіреу жатқан, ұғынылмаған, оянбаған) осындай пиғылын қоздыра білетін адамдарды сақтау керек және оларға қамқорлықпен барынша көмек беріп отыру керек. Бірақ сонымен қатар оларға тіке, ашықтан-ашық былай деу керек: революциялық ұлы күресте бұқараға басшылық ету үшін *тек қана* пиғылдың болуы жеткіліксіз, сондықтан революцияға мейлінше берілген адамдардың істегелі жүрген немесе істеп жүрген пәлендей және түгендей қателері революция ісіне зиян келтірерлік қателер болып табылады. Галлахер жолдастың редакцияға жазған хаты немістің «солшыл» коммунистері жасап отырған және 1908, 1918 жылдары орыстың «солшыл» большевиктері жасаған *барлық* қателердің ұрығын көрсетіп отырғандығында күмән жоқ.

Хаттың авторында буржуазиялық «таптық саясатшылдарға» деген аса ізгі пролетарлық өшпенділік күшті-ақ (алайда, мұның өзі пролетарлар үшін ғана емес, сонымен қатар барлық еңбекшілер үшін де, неміс сөзін қолданып айтсақ, барлық «кішкене адамдар» үшін де түсінікті және жақын өшпенділік). Езілген және қаналған бұқара өкілінің бұл өшпенділігі шын мәнісінде «даналық біткеннің бастамасы», социалистік және коммунистік қозғалыс атаулының, оның табысқа жетуінің негізі болып табылады. Бірақ автор, сірә, мынаны ескермейтін болуы керек: саясат дегеніміз ғылым әрі өнер, ол аспаннан түспейді, тегін келмейді, сондықтан пролетариат, егер буржуазияны жеңем десе, *өзінің* пролетарлық, «таптық саясатшыларын» баулып шығаруға тиіс және бұлар буржуазиялық саясатшылардан кем түспеуге тиіс.

Хаттың авторы пролетариаттың өз мақсаттарына жетуіне парламент емес, тек жұмысшы Советтері ғана құрал бола алатындығын жақсы түсінген, ал мұны осы күнге дейін түсінбеген адамдар,— мейлі нағыз ғалым адам болсын, нағыз тәжірибелі саясатшы болсын, нағыз шын ниетті социалист болсын, нағыз көп оқыған марксист болсын, нағыз адал азамат, семьялы адам

болсын — әрине, ең жауыз реакцияшылдар болып табылады. Бірақ хаттың авторы: парламенттің *ішіне* «советтік» саясатшыларды енгізбейінше, парламентаризмді *іштен* ірітпейінше, парламентті таратып жіберу жөнінде келешекте Советтердің алдына қойылатын міндетті орындауда Советтердің табысқа жетуін парламенттің ішінен әзірлемейінше, Советтердің парламентті жеңуін қамтамасыз етуге бола ма?— деген сұрақты тіпті қоймайды, бұл туралы мәселе қоюдың қажеттігін ойламайды. Ал оның бер жағында хаттың авторы: Англиядағы коммунистік партия *ғылыми* негіздерге сәйкес жұмыс істеуге тиіс деп өте дұрыс пікір айтып отыр. Ғылым, біріншіден, басқа елдердің тәжірибесін есепке алуды талап етеді, егер олар да капиталистік елдер болса, өте ұқсас тәжірибені бастарынан кешіріп отырған болса немесе жақында бастарынан кешірген болса, бұлай ету өте-мөте қажет; ғылым, екіншіден, саясатты белгілегенде әсте бір ғана топтың немесе партияның тілектері мен көзқарастары бойынша, саналылық және күреске әзірлік дәрежесі бойынша белгілеуді емес, сол елдің ішінде қимыл жасап отырған *барлық* күштерді, топтарды, партияларды, таптарды, бұқараны есепке ала отырып белгілеуді керек етеді.

Гендерсондардың, Клайнстердің, Макдональдтардың, Сноудендердің түзелмейтін реакцияшылдар екені рас. Тағы бір рас нәрсе — олар өкіметті өз қолдарына алуды көздейді (оның бер жағында, буржуазиямен коалиция жасағанды артық көреді), олар нақ сол ескі буржуазиялық ережелер бойынша «басқарғысы» келеді, олар өкімет басына келгенде, өздерін сөзсіз Шейдемандар мен Носкелер сияқты ұстайтын болады. Мұның бәрі осылай. Бірақ бұдан: оларды қолдау революцияға опасыздық еткендік болады деген қорытынды тіпті де шықпайды, қайта бұдан: жұмысшы табының революционерлері революцияның мүдделері үшін ол мырзаларға белгілі бір парламенттік қолғабыс көрсетуге тиіс деген қорытынды шығады. Бұл пікірді түсіндіру үшін ағылшынның қазіргі кездегі екі саяси документін алайын: 1) премьер Ллойд Джорджның 1920 жылы

18. III. сөйлеген сөзі (1920 жылы 19. III. шыққан «The Manchester Guardian»[45]-ның баяндауы бойынша) және 2) «солшыл» коммунист Сильвия Панкхерст жолдастың жоғарыда көрсетілген мақаласындағы пікірлері.

Ллойд Джордж өзінің сөзінде Асквитпен (ол жиналысқа арнайы шақырылса да, келуден бас тартқан) айтысты және консерваторлармен коалиция жасауды емес, Жұмысшы партиясымен жақындасуды көздейтін либералдармен айтысты. (Біз Галлахер жолдастың редакцияға жазған хатынан да Тәуелсіз жұмысшы партиясына либералдардың өтіп жатқандығы жөніндегі фактінің мәлімделгенін көрдік.) Ллойд Джордж либералдардың консерваторлармен коалиция жасауы, жасағанда *тығыз* коалиция жасауы қажет екендігін, өйткені олай етпеген күнде Жұмысшы партиясының жеңіп кетуі мүмкін екендігін дәлелдемек болды; бұл партияны Ллойд Джордж социалистік партия және өндіріс құрал-жабдықтарына «коллективтік меншік» орнауын көздейтін партия деп «атауды ұнатады». «Францияда бұл коммунизм деп аталды»,— деп ағылшын буржуазиясының көсемі өзінің тыңдаушыларына, парламенттік либералдық партияның мүшелеріне тәптештеп түсіндірді, ал олар, сірә, осы күнге дейін мұны білмеген болса керек;—«Германияда бұл социализм деп аталды; ал Россияда бұл большевизм деп аталады». Либералдар үшін мұның өзі принцип жағынан қабылдауға болмайтын нәрсе, деп түсіндірді Ллойд Джордж, өйткені либералдар принциптік тұрғыдан жеке меншікті жақтайды. «Цивилизацияға қауіп төніп отыр»,— деп мәлімдеді шешен, сондықтан да либералдар мен консерваторлар бірігуге тиіс...

«...Егер сіздер егіншілік округтеріне баратын болсаңыздар,— деді Ллойд Джордж,— онда сіздер партиялардың ескі бөлінісін, бұрынғыша сақталып қалған бөлінісін көресіздер, мен бұған қосыламын. Онда қауіп алыс. Онда қауіп жоқ. Ал егер селолық округтердің жайына келетін болсақ, ондағы қауіп қазіргі кейбір өнеркәсіпті округтердегі қауіп сияқты аса зор болмақ. Еліміздің бестен төрт бөлігі өнеркәсіппен және саудамен шұғылданады; бестен бір бөлігіне жетер-жетпесі егіншілікпен шұғылданады. Мұның өзі болашақта бізге кездесетін қауіптерді ойлағанымда менің үнемі есімде жүретін жағдайлардың бірі. Францияда

халық — егінші, сондықтан сіздер белгілі бір көзқарастардың мықты базасы бар екенін көресіздер, бұл базаның дамуы онша шапшаң емес және мұны революциялық қозғалыс арқылы өршіту онша оңай да емес. Біздің елде істің жайы басқаша. Біздің елді төңкеріп тастау дүние жүзіндегі елдердің қайсысын болса да төңкеріп тастаудан гөрі оңай, ал егер біздің ел шайқала бастаған күнде, онда бұл жердегі күйреушілік осы айтылған себептермен басқа елдердегіден гөрі неғұрлым күшті болмақ».

Ллойд Джордж мырзаның өте ақылды екендігі былай тұрсын, сонымен қатар марксистерден көп нәрсе үйренген адам екендігін де оқушы осыдан-ақ көріп отыр. Ллойд Джорджан біздің де үйренуіміз күнә болмайды.

Ллойд Джордж сөзінен кейін болған айтыстан мынадай бір эпизодты көрсетіп өту де қызғылықты нәрсе:

«Воллэс (Wallace) мырза: Менің сұрайын дегенім мынау: өнеркәсіпті округтерде өте көбі қазіргі уақытта либералдар болып отырған және бізге сондай көп көмек көрсетіп отырған өнеркәсіп жұмысшылары жөніндегі өз саясатының нәтижелеріне премьер-министр қалай қарайды? Бұдан шығатын ықтимал нәтиже мынадай болмас па екен: қазіргі уақытта біздің шын көмекшілеріміз болып отырған жұмысшылар тарапынан Жұмысшы партиясы күштерінің орасан қаулап өсуін туғызбас па екен?

Премьер-министр: Мен мүлде басқаша көзқарастамын. Либералдар өзара қырқысып жатыр, бұл факт либералдардың тіпті едәуір бөлегін түңілушілік салдарынан, Жұмысшы партиясына қарай итермелейтіні күмәнсыз, ал бұл партияда қазірдің өзінде либералдардың едәуір бөлегі — өте қабілетті адамдар екенін көріп отырсыздар, бұлар қазір үкіметтің беделін түсірумен шұғылданып жүр. Бұдан шығатын нәтиже, күмән жоқ, мынадай: Жұмысшы партиясы жөнінде жұртшылық пиғылы едәуір нығайып келеді. Жұртшылық пікірі Жұмысшы партиясынан тысқары тұрған либералдарға қарай аумай, Жұмысшы партиясына қарай ауып отыр; ішінара қайта сайлау міне осыны көрсетеді».

Сөз арасында айта кету керек, бұл пікір буржуазияның аса ақылды адамдарының қалай шатасқанын және түзетуге болмайтын зердесіздік жасамай қоймайтындығын айқын көрсетеді. Буржуазияның құритын жері де осы. Ал біздің адамдардың тіпті зердесіздіктер жасауы да мүмкін (рас, бұл зердесіздіктердің онша үлкен болмауы және бұлардың уақтылы түзетіліп отыруы шарт), солай бола тұрса да олар түбінде жеңіп шығады.

Екінші бір саяси документ — «солшыл» коммунист Сильвия Панкхерст жолдастың мынадай пікірлері:

«...Инкпин жолдас (Британ социалистік партиясының секретары) Жұмысшы партиясын «жұмысшы табы қозғалысының басты ұйымы» деп атайды. Британ социалистік партиясындағы тағы бір жолдас III Интернационалдың конференциясында Британ социалистік партиясының көзқарасын бұдан да гөрі айқын көрсетіп берді. Ол: «Біз жұмысшы партиясына — ұйымдасқан жұмысшы табы деп қараймыз» деді.

Біз Жұмысшы партиясы жөніндегі бұл көзқарасқа қосылмаймыз. Жұмысшы партиясы сан жағынан өте үлкен партия, бірақ оның мүшелерінің тіпті едәуір бөлегі енжар және самарқау адамдар; бұлар — өздерінің шеберханасындағы жолдастары тред-юнионистер болғандықтан және өздері жәрдем алып отырғысы келгендіктен тред-юнионға кірген жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер.

Алайда біз Жұмысшы партиясы санының көптігіне себепкер болған тағы бір факт мынау деп білеміз: бұл партия белгілі бір ой-пікір мектебінен туған нәрсе, ал британ жұмысшы табының көпшілігі бұл ой-пікірдің шеңберінен әлі аса алған жоқ, бірақ та халықтың ақыл-ойында жасалғалы жатқан ұлы өзгерістер бұл жағдайды тез арада өзгертеді...».

«...Британ Жұмысшы партиясының, басқа елдердің социал-патриоттық ұйымдары сияқты, қоғамның табиғи дамуының барысында өкімет басына келетіндігі сөзсіз. Коммунистердің ісі — социал-патриоттарды құлататын күштерді ұйымдастыру, сондықтан біз өз елімізде бұл жұмысты кешеуілдетуге де, қобалжуға да тиісті емеспіз.

Біз өз жігерімізді бытыратуға, сөйтіп Жұмысшы партиясының күшін молайтуға тиісті емеспіз; оның өкімет басына көтерілетіндігі сөзсіз. Біз өз күштерімізді бұл партияны жеңіп шығатын коммунистік қозғалысты ұйымдастыруға жұмсауымыз керек. Жұмысшы партиясы тез арада үкіметті құрастырады; революцияшыл оппозиция оған шабуыл жасауға дайын тұруға тиіс...».

Сонымен, либерал буржуазия ғасырлық тәжірибе арқылы тарих жүзінде ардақталған — және қанаушылар үшін ерекше тиімді — «қос партия» системасынан (қанаушылардың) бас тартып, Жұмысшы партиясына қарсы күресу үшін олардың күштерін біріктіруді қажет деп санап отыр. Либералдардың бір бөлегі, суға батып бара жатқан кемеден қашқан сабауқұйрықтай, Жұмысшы партиясына қашып жатыр. Солшыл коммунистер өкіметтің Жұмысшы партиясына өтуін сөзсіз деп санап, қазір жұмысшылардың көпшілігі соның жа-

ғында екенін мойындап отыр. Олар осыдан Сильвия Панкхерст жолдас былайша тұжырымдаған таңданарлық қорытындыға келіп отыр:

«Коммунистік партия компромистер жасамауға тиісті... Ол өзінің доктринасын таза сақтауға тиіс, реформизмге өзінің тәуелсіздігін кіршіксіз сақтауға тиіс; оның миссиясы — тоқтамастан және жолдан бұрылмастан алға жүру, коммунистік революцияға қарай төте жолмен ілгері басу».

Бұған керісінше, Англиядағы жұмысшылардың көпшілігі әлі де ағылшын Керенскийлерінің немесе Шейдемандарының соңынан еріп отырған болса, бұл көпшілік жұмысшылардың коммунизмге жаппай өтуі үшін Россияға да, Германияға да қажет болған тәжірибені осы адамдардан құралған үкімет жөнінде әлі де істемеген болса, бұдан шығатын күмәнсыз қорытынды мынадай: ағылшын коммунистері парламентаризмге қатысуға *тиіс*, гендерсондық және сноудендік үкіметтің нәтижелерін жұмысшылар бұқарасының іс жүзінде көруіне парламенттің *ішінен* көмектесуге тиіс, біріккен Ллойд Джордж бен Черчилльді Гендерсондар мен Сноудендердің жеңуіне көмектесуге тиіс. Бұдан басқаша істеу революцияның ісін қиындатқандық болады, өйткені жұмысшы табы көпшілігінің көзқарасында өзгеріс тумайынша, революцияның болуы мүмкін емес, ал мұндай өзгеріс ешқашан да тек насихат арқылы ғана емес, бұқараның саяси тәжірибесі арқылы жасалады. «Жолдан бұрылмастан, компромистерсіз алға басу керек»,— дегенді жұмысшылардың көрінеу әлсіз азшылығы айтып отырған болса, Гендерсон мен Сноуден Ллойд Джорджды және Черчилльді жеңе қалған күнде, көпшіліктің қысқа мерзім ішінде өз көсемдерінен түңіліп, коммунизмді қолдауға (немесе қалай болғанда да коммунистер жөнінде бейтараптыққа және көбінесе ізгі ниетті бейтараптыққа) көшетіндігін білетін (немесе тіпті білуге тиіс) дәрменсіз азшылық айтып отырған болса,— мұндай ұран көрінеу қате ұран. Мұның өзі шайқасқа бірден түсе алмайтын 100 000 адамдық қосымша күштің қалайда келіп үлгеруін күтіп, «тоқтай тұру», «жолдан бұрылу», тіпті «компромисс» жасау

керек болған кезде, 10 000 солдаттың 50 000 дұшпанға қарсы ұрысқа шыққанымен бірдей. Мұның өзі революцияшыл таптың елеулі тактикасы емес, интеллигенттік балалық.

Барлық революциялар, оның ішінде орыстың XX ғасырдағы үш революциясы түгелдей растаған революцияның негізгі заңы мынадай: революция жасау үшін қаналған және езілген бұқараның ескіше тіршілік етудің мүмкін еместігін түсініп, оны өзгертуді талап етуі жеткіліксіз; революция жасау үшін қанаушылар ескіше тіршілік ете алмайтын, ескіше билей алмайтын болуы керек. *«Төмендегілер»* ескіні *қаламаған* күнде, «жоғарыдағылар» *ескіше билей алмаған* күнде, тек сонда ғана революция жеңіп шыға алады. Бұл ақиқат, басқаша айтқанда, былай болып шығады: жалпы ұлттық (қаналғандардың да, қанаушылардың да мүддесіне тиетін) дағдарыс болмаса, революция болуы мүмкін емес. Демек, революция жасау үшін, біріншіден, жұмысшылардың көпшілігі (немесе, ең болмағанда саналы, ойлы, саяси белсенді жұмысшылардың көпшілігі) төңкерістің қажет екенін толық түсінетін, сол төңкерістің жолында өлуге дайын тұратын болуы керек; екіншіден, билеуші таптар үкімет дағдарысына ұшырайтын болуы керек; бұл дағдарыс тіпті ең артта қалған бұқараны да саясатқа тартып (әрбір нағыз революцияның белгісі: осы күнге дейін самарқау болып келген еңбекші және езілген бұқараның саяси күреске қабілетті өкілдерінің саны он есе немесе тіпті жүз есе тез көбейеді), үкіметті әлсірететін, сөйтіп революционерлердің оны тез құлатуына мүмкіндік туғызатын болуы керек.

Англияда пролетарлық революцияның табысты болуының осы екі шарты да көрінеу көбейіп келеді, мұның өзі, айта кетсек, нақ Ллойд Джорджның өз сөзінен көрініп отыр. Сондықтан да солшыл коммунистердің қателері қазір мейлінше қауіпті, атап айтқанда оның себебі мынада: кейбір революционерлердің осы шарттардың әрқайсысына жеткілікті байыптылықпен, жеткілікті мұқияттылықпен, жеткілікті саналылықпен, жеткілікті есепшілдікпен қарамайтындығы байқалып

отыр. Егер біз — революцияшыл топ емес, революцияшыл *таптың* партиясы болсақ, егер біз *бұқараны* өз соңымызға ертіп әкеткіміз келсе (ал бұлай етпейінше біз тек сөзуарлар ғана болып қалуымыз мүмкін), біз, біріншіден, Гендерсонның немесе Сноуденнің Ллойд Джорджды және Черчилльді жеңуіне көмектесуге тиіспіз (тіпті ең дұрысы: екіншілерді жеңуге біріншілерді мәжбүр етуге тиіспіз, өйткені біріншілер *өз жеңісінен қорқады!);* екіншіден, біздің айтқанымыздың дұрыс екендігіне, яғни Гендерсондар мен Сноудендердің мүлде жарамсыз екендігіне, олардың ұсақ буржуазиялық және опасыздық тұрпатына, олардың сөзсіз күйрейтіндігіне жұмысшы табы көпшілігінің өз тәжірибесі арқылы көзін жеткізуге көмектесуге тиіспіз; үшіншіден, жұмысшылар көпшілігінің Гендерсондардан түңілуі *негізінде* табысқа жету мүмкіндігінен мықтап үміттене отырып, Гендерсондардың үкіметін бірден жұлып тастауға болатын кезеңді жақындатуға тиіспіз; ал Гендерсондар үкіметі бұрынғыдан бетер сасқалақтап аласұратын болады, өйткені тіпті аса ақылды және аса байсалды адам, ұсақ буржуазиялық емес, ірі буржуазиялық Ллойд Джорджның өзі де мүлде сасқандығын көрсетіп, күні кеше өзінің Черчилльмен «егесулері» арқылы, ал бүгін өзінің Асквитпен «егесулері» арқылы өзін (және бүкіл буржуазияны) барған сайын әлсіретіп отыр.

Нақтылырақ айтайын. Ағылшын коммунистері, менің ойымша, өздерінің барлық төрт партиясы мен топтарын (бұлардың бәрі де өте әлсіз, кейбіреулері — мүлде, мүлде әлсіз) III Интернационалдың принциптері негізінде және парламентке *міндетті түрде* қатысу негізінде бір коммунистік партия етіп біріктіруге тиіс. Коммунистік партия Гендерсондар мен Сноудендерге: Ллойд Джордж бен консерваторлардың одағына қарсы бірлесіп аттанамыз, парламенттегі орындарды жұмысшылардың Жұмысшы партиясына немесе коммунистерге берген даусының (сайлаудағы емес, айрықша дауысқа салғанда берген даусының) санына қарай бөлеміз, үгіт, насихат жүргізу, саяси қызмет жөнінде *мейлінше толық еріктілік* сақтаймыз деп «компро-

мисс», сайлау келісімін жасауды ұсынады. Осы соңғы шартты кіргізбейінше, әрине, блок жасасуға болмайды, өйткені мұның өзі опасыздық болады: орыс Гендерсондары мен Сноудендерін, яғни меньшевиктерді әшкерелеуге мейлінше ерікті болуды орыс большевиктері *(он бес жыл,* 1903—1917) қалай қорғаған болса және қорғап қалған болса, Гендерсондар мен Сноудендерді әшкерелеуге мейлінше ерікті болуды ағылшын коммунистері де нақ солай етіп барынша қорғауға тиіс және қорғап қалуға тиіс.

Егер Гендерсондар мен Сноудендер осы шарттар бойынша блок жасасуды қабыл алатын болса, біз ұтып шығамыз, өйткені парламенттегі орындар саны бізге әсте қажет емес, біз бұған құштар емеспіз, біз бұл пункт жөнінде кеңшілік жасаймыз (ал Гендерсондар, әсіресе олардың жаңа достары — немесе олардың жаңа мырзалары — Тәуелсіз жұмысшы партиясына өткен либералдар бұған өте-мөте қатты құштар). Біз ұтып шығамыз, өйткені бұқараны Ллойд Джорджның *өзі* «желіктіріп отырған» осындай кезеңде сол *бұқараға өзіміздің* үгітімізді таратамыз, сөйтіп Жұмысшы партиясының өз үкіметін тезірек құрастыруына көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар Гендерсондарға қарсы ешбір шектелмей, ешбір үнсіз қалмай, өзіміз жүргізетін бүкіл коммунистік насихатымызды бұқараның тезірек түсінуіне де көмектесеміз.

Егер Гендерсондар мен Сноудендер осы шарттар бойынша бізбен блок жасасудан бас тартатын болса, біз онан сайын көп ұтамыз. Өйткені Гендерсондардың барлық жұмысшылардың бірігуінен гөрі капиталистерге *өздерінің* жақындығын артық санайтындығын біз *бұқараға* бірден көрсетеміз (есіңізде болсын, тіпті таза меньшевиктік, кәміл оппортунистік Тәуелсіз жұмысшы партиясының ішінде *бұқара* Советтерді жақтайды). *Бұқараның* алдында біз бірден ұтып шығамыз, ал бұқара әсіресе Ллойд Джорджның тамаша және аса дұрыс, аса пайдалы (коммунизм үшін) түсіндірулерінен кейін Ллойд Джорджның консерваторлармен жасаған одағына қарсы барлық жұмысшылардың бірігуіне тілектестік білдіреді. Біз бірден ұтып шығамыз, өйткені

Гендерсондар мен Сноудендердің Ллойд Джорджды жеңуден қорқатындығын, өкіметті жалғыз өздері алудан қорқатындығын, Жұмысшы партиясына қарсы консерваторларға *ашықтан-ашық* қол созып отырған Ллойд Джорджда *астыртын* көмек алуға ұмтылатындығын бұқараға көрсетіп береміз. Ескерте кету керек, біздің Россияда 1917 ж. 27. II. (ескіше) революциядан кейін большевиктердің меньшевиктер мен эсерлерге қарсы (яғни орыс Гендерсондары мен Сноудендеріне қарсы) жүргізген насихаты нақ осындай жағдайдың нәтижесінде ұтып шықты. Біз меньшевиктер мен эсерлерге: бүкіл өкіметті буржуазиясыз қолға алыңдар, өйткені сендер Советтерде көпшілік болып отырсыңдар дедік (Советтердің Бүкіл россиялық I съезінде 1917 жылғы июньде большевиктерде не бары 13% дауыс болып еді). Бірақ орыс Гендерсондары мен Сноудендері өкіметті буржуазиясыз қолына алудан қорықты, ал буржуазия Құрылтай жиналысында эсерлер мен меньшевиктер көпшілік болатынын* (бұлардың екеуі де өзара аса тығыз саяси блок жасасып отырды, іс жүзінде *бірыңғай* ұсақ буржуазиялық демократия болды) әбден жақсы біле отырып, Құрылтай жиналысының сайлауын кешеуілдеткен кезде, эсерлер мен меньшевиктер осы кешеуілдетушілікке қарсы жігерлі түрде және ақырына дейін күресуге дәрменсіз болды.

Гендерсондар мен Сноудендер коммунистермен блок жасасудан бас тартқан күнде, коммунистер бұқараның ықыласын аудару және Гендерсондар мен Сноудендердің беделін түсіру жағынан бірден ұтқан болар еді, ал егер біз осының нәтижесінде бірнеше парламенттік орыннан айрылатын болсақ, мұнан бізге келер-кетер ештеңе жоқ. Біз өз кандидаттарымызды мүлде аз әбден сенімді округтерде ғана, яғни біздің кандидаттарымыздың ұсынылуы лабуриске қарсы (Жұмысшы партиясының мүшесіне қарсы) либералдың өтіп кетуіне

* Россияда Құрылтай жиналысының сайлауы 1917 ж. ноябрьде өткізіліп, 36 миллионнан астам сайлаушыларды қамтыды, мәліметтер бойынша, дауыстың 25 процентін большевиктерге, 13 процентін помещиктер мен буржуазияның әр түрлі партияларына, 62 процентін ұсақ буржуазиялық демократияға, яғни өздері тектес кіші-гірім топтарды қосқанда эсерлер мен меньшевиктерге берді.

жол бермейтін жерлерде ғана ұсынған болар едік. Біз коммунизмнің пайдасына листоктар тарата отырып, өз кандидатымыз жоқ округтердің *бәрінде* де *буржуаға қарсы лабуристі жақтап дауыс беруді* ұсына отырып, сайлау үгітін жүргізген болар едік. Егер мұны коммунизмге опасыздық еткендік немесе социал-сатқындарға қарсы күресуден бас тартқандық деп білетін болса, Сильвия Панкхерст пен Галлахер жолдастар қателеседі. Қайта, коммунистік революцияның ісі бұдан, күмән жоқ, ұтқан болар еді.

Қазір ағылшын коммунистерінің бұқараға тіпті жақындауы да, өздеріне тіпті құлақ асқызуы да өте көп реттерде қиын болып жүр. Егер мен коммунист ретінде сөз сөйлеп, Ллойд Джорджға қарсы Гендерсонды жақтап дауыс беруге шақырамын дейтін болсам, жұрт маған анық құлақ асады. Сонда мен Советтердің парламенттен, ал пролетариат диктатурасының Черчилльдің диктатурасынан (буржуазиялық «демократияның» жарнамасымен бүркеліп жүрген диктатурадан) неліктен жақсы екенін ғана емес, сонымен қатар мынаны да кеңінен түсіндіре аламын: өзімнің дауыс беруім арқылы Гендерсонды қолдағанда, дарға асылған адамды арқан қалай көтеріп тұратын болса, дәл солай қолдамақпын; — Россия мен Германияда Гендерсон мен Сноуденнің пікірлестері жөнінде қалай болса, Гендерсондардың өз үкіметіне жақындауы да менің айтқанымның дұрыстығын нақ солай дәлелдейді, бұқараны менің жағыма нақ солай тартады, Гендерсондар мен Сноудендердің саяси өлімін нақ солай тездетеді.

Ал егер маған: мұның өзі тым «айлакерлік» немесе шытырман тактика, мұны бұқара түсінбейді, мұның өзі біздің күштерімізді бытыратып, бөлшектеп жібереді, мұның өзі күштерді жинақтап советтік революцияға жұмылдыруға бөгет жасайды, т. с. деп дау айтушылар болса, мен «солшыл» дау айтушыларға былай деп жауап беремін: — өздеріңнің доктринерліктеріңді бұқараға жаппаңдар! Анығында, Россиядағы бұқара Англиядағы бұқарадан артығырақ мәдениетті емес, кемірек мәдениетті. Сонда да бұқара большевиктерді түсінді; ал мына жағдай: советтік революцияның *қар-*

саңында, 1917 жылғы сентябрьде, олардың буржуазиялық парламентке (Құрылтай жиналысына) өз кандидаттарының тізімдерін жасауы, ал советтік революциядан *кейін келесі күні,* 1917 жылғы ноябрьде, нақ сол Құрылтай жиналысын — 5. I. 1918 ж. өздері таратып жіберген Құрылтай жиналысын — сайлау большевиктерге бөгет болған жоқ, қайта көмек болды.

Мен бұл арада ағылшын коммунистерінің арасындағы екінші алауыздыққа — Жұмысшы партиясына қосылу керек пе, жоқ па деген мәселе жөніндегі алауыздыққа — тоқтала алмаймын. Бұл мәселе жөнінде қолымда материал тым аз; ал бұл мәселе өзінің құрылымы жағынан Европа континентіндегі кәдімгі саяси партияларға ешбір ұқсамайтын британ «Жұмысшы партиясының» мүлде ерекшелігі себепті өте-мөте күрделі мәселе болып табылады. Біріншіден, бір күмәнсыз нәрсе — кімде-кім революцияшыл пролетариаттың тактикасын мына сияқты принциптерден: «коммунистік партия өзінің доктринасын таза сақтауға тиіс, реформизмнен өзінің тәуелсіздігін кіршіксіз сақтауға тиіс; оның міндеті — тоқтамастан және жолдан бұрылмастан, алға жүру, коммунистік революцияға қарай төте жолмен ілгері басу»,— деген тәрізді принциптерден ғана шығарамын деп ойласа, ондай адам бұл мәселе жөнінде де сөзсіз қателеседі. Өйткені мұндай принциптер 1874 жылы компромистер атаулының бәрін және аралық станциялар атаулының бәрін «теріс» деп жариялаған француздың коммунар-бланкистерінің қатесін қайталағандық қана болып табылады. Екіншіден, күмәнсыз нәрсе — бұл арада да міндет, әрқашандағы сияқты, мынада болып отыр: коммунизмнің жалпы және негізгі принциптерін таптар мен партиялардың арасындағы қатынастардың *өзгешелігіне,* коммунизмге қарай объективтік даму жолындағы *өзгешелікке* сәйкестіре білу керек, ал мұның өзі әрбір жеке елге тән өзгешелік және мұны зерттей білу керек, таба білу керек, аңғара білу керек.

Бірақ бұл туралы тек жалғыз ағылшын коммунизміне ғана байланысты әңгіме етпей, барлық капиталистік

В. И. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген қолжазбасының жетпіс жетінші беті.—
Апрель — май, 1920 ж.

останавливаясь и не сворачивая с дороги, идти прямо к „конечной цели“ революции“. Ибо подобные принципы лишь повторяют ошибку французских коммунаров-бланкистов, провозглашавших в 1874 году „отрицание“ всяких компромиссов и всяких промежуточных станций. Во-вторых, несомненно, что задача состоит и здесь, как всегда, в том, чтобы уметь применить общие и основные принципы коммунизма к тому <u>своеобразию</u> отношений между классами и партиями, к тому <u>своеобразию</u> в объективном развитии к коммунизму, которое свойственно каждой отдельной стране и которое надо уметь изучить, найти, угадать.

Но об этом приходится говорить в связи не с одним только английским коммунизмом, а с общими выводами, касающимися развития коммунизма во всех капиталистических странах. К этой теме мы и переходим.

X. Некоторые выводы

Русская буржуазная революция 1905 года обнаружила один чрезвычайно оригинальный поворот всемирной истории: в одной из самых отсталых капиталистических стран впервые в мире достигнута была невиданная широта и сила стачечного движения: за <u>один первый месяц</u> 1905 года число стачечников вдесятеро превысило среднее <u>годовое</u> число стачечников за предыдущие 10 лет (1895–1904), а от января к октябрю 1905-го года стачки росли непрерывно и в громадных размерах. Отсталая Россия, под влиянием ряда совершенно своеобразных исторических условий, первая показала миру не только скачкообразный рост самодеятельности угнетенных масс во время революции (это бывало во всех великих революциях), но и значение пролетариата, бесконечно более высокое, чем его доля в населении, сочетание экономической и политической стачки, с превращением последней в вооруженное восстание, рождение новой формы массовой борьбы и массовой организации угнетенных капитализмом классов, Советов.

елдерде коммунизмнің дамуы жайындағы жалпы қорытындыларға байланысты әңгіме етуге тура келеді. Біз енді осы тақырыпқа көшеміз.

X
КЕЙБІР ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1905 жылғы Россия буржуазиялық революциясы бүкіл дүние жүзілік тарихтың мүлде ерекше бір бетбұрысын көрсетті: ең артта қалған капиталистік елдердің бірінде стачкалық қозғалыс дүние жүзінде бірінші рет бұрын болып көрмеген дәрежеде кең өріс алып, қаулап өсті. 1905 жылдың *алғашқы бір айында* стачкашылардың саны өткен 10 жыл (1895—1904) ішіндегі стачкашылардың орташа *жылдық* санынан он есе асып түсті, ал 1905 жылғы январьдан октябрьге дейін стачкалар үздіксіз және орасан зор көлемде өсіп отырды. Артта қалған Россия, мүлде өзгеше бірсыпыра тарихи жағдайлардың ықпалымен, езілген бұқараның революция кезіндегі талапкерлігінің секірмелі түрде өсуін ғана емес (бұл барлық ұлы революцияларда болған), сонымен қатар пролетариаттың маңызын, оның халық санындағы үлес салмағынан да шексіз жоғары маңызын, экономикалық және саяси стачканың ұштастырылуын, саяси стачканың қарулы көтеріліске айналуын, капитализм езген таптардың бұқаралық күресі мен бұқаралық ұйымының жаңа формасының — Советтердің тууын дүние жүзіне бірінші болып көрсетіп берді.

1917 жылғы Февраль және Октябрь революциялары Советтерді ұлттық көлемде жан-жақты даму дәрежесіне жеткізді, онан соң пролетарлық, социалистік төңкерісте олардың жеңісіне жеткізді. Ал екі жылдан кемірек уақыттың ішінде Советтердің интернационалдық сипаты, күрес пен ұйымның бұл формасының бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысына тарағандығы, Советтердің буржуазиялық парламентаризмнің, жалпы алғанда буржуазиялық демократияның көрін қазушысы, мұрагері, мирасқоры ретіндегі тарихи міндеті айқындалды.

Ол ол ма. Жұмысшы қозғалысының тарихы қазір мынаны көрсетіп отыр: ол ең алдымен және көбінесе *өзінің* (әрбір ел үшін) «меньшевизміне» қарсы, яғни оппортунизміне және социал-шовинизміне қарсы барлық елдерде өсіп жетіле бастаған, нығая түскен, коммунизм жеңісіне қарай бет алып бара жатқан күресін бастан кешірмекші (және ол қазірдің өзінде бастан кешіре бастады); екіншіден — және, былайша айтқанда, қосымша түрінде —«солшыл» коммунизмге қарсы күресін бастан кешірмекші. Бірінші күрес II (қазір іс жүзінде көзі жойылған) Интернационал мен III Интернационалдың күресі ретінде, бірі қалмастан, барлық елдерде, байқауымызша, түгел өріс алды. Екінші күрес Германияда да, Англияда да, Италияда да, Америкада да байқалып отыр (ең болмағанда, «Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары» мен анархо-синдикалистік ағымдардың белгілі бір *бөлегі* советтік системаны жаппай дерлік, тұтас дерлік мойындаумен қатар солшыл коммунизмнің қателерін қостауда), бұл Францияда да байқалып отыр (бұрынғы синдикалистердің бір бөлегінің саяси партия мен парламентаризмге көзқарасы; сонымен қатар мұнда да советтік система мойындалуда), яғни, күмән жоқ, тек интернационалдық көлемде ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзілік көлемде де байқалып отыр.

Ал әрбір елдің жұмысшы қозғалысы буржуазияны жеңу жөнінде барлық жерде де, шындығында, біртектес әзірлік мектебін жасай отырып, бұл дамуды *өзінше* басынан кешіреді. Оның бер жағында ірі, алдыңғы қатарлы капиталистік елдер, ұйымдасқан саяси ағым ретінде өзін жеңіске әзірлеуге тарихтан он бес жылдық мерзім алған большевизммен салыстырғанда, бұл жолмен *анағұрлым шапшаң* жүріп келеді. III Интернационал бір жыл сияқты қысқа мерзімнің ішінде үзілдікесілді жеңіске жетті, II, сатқын, социал-шовинистік Интернационалды талқандады, ал оның өзі бұдан не бары бірнеше ай бұрын ғана III Интернационалдан өлшеусіз күшті еді, берік және қуатты сияқты еді, бүкіл дүние жүзілік буржуазияның әр жақты көмегін — тікелей және жанама көмегін де, материалдық (ми-

нистрлік орындар, паспорттар, баспасөз) және идеялық көмегін де пайдаланған еді.

Қазіргі кезде істің бәрі мынада: әрбір елдің коммунистері оппортунизмге және «солшыл» доктринерлікке қарсы күрестің принциптік негізгі міндеттерін де, бұл күрестің әрбір жеке елдің экономикасының, саясатының, мәдениетінің, оның ұлттық құрамының (Ирландия және т. с.), оның отарларының, оның дінге бөлінуінің, т. т. және т. с. ерекше сипаттарына сәйкес болып отыратын және сөзсіз болып отыруға тиісті *нақтылы ерекшеліктерін* де толық түсініп, есепке алып отырулары керек. II Интернационалдың әрі оппортунизмге бой ұрғаны үшін, әрі революцияшыл пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік совет республикасын орнату жолындағы күресінде оның халықаралық тактикасына бағыт бере алардық нағыз орталықтанған, нағыз басшы орталық құра білмегендігі үшін немесе соны құру қолынан келмегендігі үшін барлық жерде де II Интернационалға наразылық байқалып, ұлғайып, өсіп келеді. Мұндай басшы орталықты күрестің тактикалық ережелерін бір қалыпқа салу, қалай болса солай теңестіру, бірдей ету негізінде құруға ешбір болмайтындығын әбден ұғынып алу керек. Халықтар мен елдердің арасында ұлттық және мемлекеттік айырмашылықтар болып отырғанда,— ал бұл айырмашылықтар тіпті бүкіл дүние жүзілік көлемде пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін де өте ұзақ уақытқа дейін бола бермек,— барлық елдердің коммунистік жұмысшы қозғалысының интернационалдық тактикасының біртұтас болуы әр түрлілікті жоюды, ұлттық айырмашылықтарды жоюды талап етпейді (бұл — қазіргі кезеңде бос қиял), қайта коммунизмнің *негізгі* принциптерін (Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасы) қолданғанда ол принциптердің *жеке жақтарын дұрыс өзгертетіндей етіп,* оларды ұлттық және ұлттық-мемлекеттік айырмашылықтарға дұрыс үйлестіретіндей, дұрыс қолданатындай етіп қолдануды талап етеді. Әрбір елдің *біртұтас* интернационалдық міндетті орындау жөніндегі, жұмысшы қозғалысының ішіндегі оппортунизм мен солшыл доктринерлікті жеңіп шығу

жөніндегі, буржуазияны құлату жөніндегі, Совет республикасын және пролетариат диктатурасын орнату жөніндегі *нақтылы* әдістерінің ұлттық өзгешеліктерін, ұлттық ерекшеліктерін зерттеу, үйрену, іздеп табу, болжап білу, түсіну керек — барлық алдыңғы қатарлы елдер (және тек алдыңғы қатарлы елдер ғана емес) бастан кешіріп отырған тарихи кезеңнің басты міндеті міне осында. Жұмысшы табының авангардын тарту жөнінде, оның парламентаризмге қарсы Совет өкіметінің жағына, буржуазиялық демократияға қарсы пролетариат диктатурасының жағына өтуі жөнінде басты жұмыс — әрине, әлі тіпті де бәрі емес, бірақ басты жұмыс — қазірдің өзінде істелді. Енді барлық күшті, барлық зейінді *келесі* қадамға, маңызы кемірек болып көрінетін — және, белгілі бір тұрғыдан қарағанда, шынында да солай болып табылатын — бірақ оның есесіне міндеттің практикалық тұрғыдан орындалуына практикалық жағынан неғұрлым жақынырақ қадамға, атап айтқанда: пролетарлық революцияға *өтудің* немесе *жақындаудың* формасын іздеп табуға шоғырландыру керек.

Пролетарлық авангард идея жағынан біз жақта. Бұл басты нәрсе. Мұнсыз жеңіске қарай алғашқы қадам да жасай алмайсың. Бірақ бұдан жеңіске жеткенге дейін әлі де өте көп бар. Жалғыз авангардпен ғана жеңуге болмайды. Бүкіл тап, қалың бұқара не авангардты тікелей қолдау позициясына, немесе, ең болмағанда, авангардқа ниеттес бейтараптық позицияға түспей тұрған кезде және авангардтың дұшпанын қолдауға бүтіндей қабілетсіздігін танытпай тұрған кезде, тек жалғыз авангардты ғана шешуші шайқасқа салу ағаттық болатыны былай тұрсын, тіпті қылмыс болар еді. Ал шын мәнісінде бүкіл таптың, шын мәнісінде еңбекшілердің және капиталдан езгі көргендердің қалың бұқарасының мұндай позицияға жетуі үшін, бұл үшін жалғыз ғана насихат, жалғыз ғана үгіт жүргізу аз болады. Бұл үшін сол бұқараның өзінің саяси тәжірибесі болу керек. Барлық ұлы революциялардың негізгі заңы міне осындай; мұны қазір тек Россия ғана емес, Германия да соншама күшті, соншама айқын дәлелдеп

отыр. Коммунизмге үзілді-кесілді бет бұру үшін Россияның мәдениетсіз, көбінесе сауатсыз бұқарасына ғана емес, сонымен қатар Германияның жоғары мәдениетті, жаппай сауатты бұқарасына да II Интернационал сабаздары үкіметінің бүкіл әлсіздігін, бүкіл тұрлаусыздығын, бүкіл дәрменсіздігін, буржуазия алдындағы бүкіл малайлығын, бүкіл арсыздығын, пролетариат диктатурасына бірден-бір альтернатива ретінде әсіре реакционерлердің диктатурасы (Россияда Корнилов[46], Германияда Капп және К°[47]) болмай қоймайтындығын өз басынан кешіруге тура келді.

Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы саналы авангардтың, яғни коммунистік партиялардың, топтардың, ағымдардың кезектегі міндеті — қалың бұқараны (әлі әзір көп ретте ұйықтап жатқан, самарқау, бойкүйез, кертартпа, оянбаған бұқараны) өзінің осы жаңа жағдайына *жақындата* білу немесе, дұрысырақ айтқанда, *тек* өз партиясына *ғана емес,* сонымен қатар сол бұқараның жаңа позицияға жақындауы, өтуі кезі ішінде оған да басшылық ете білу. Егер бірінші тарихи міндетті (пролетариаттың саналы авангардын Совет өкіметінің және жұмысшы табы диктатурасының жағына тарту міндетін) орындау оппортунизм мен социал-шовинизмді толық жеңбейінше, идея және саясат жүзінде жеңбейінше мүмкін болмаған болса, ал кезекке енді қойылып отырған және *бұқараны* жаңа позицияға, революцияда авангардтың жеңуін қамтамасыз етерлік позицияға, жақындата білу мақсатын көздеп отырған екінші міндетті, міне осы кезектегі міндетті орындау солшыл доктринерлікті жоймайынша, оның қателерінен толық арылмайынша, бұл қателерден құтылмайынша мүмкін емес.

Пролетариат авангардын коммунизм жағына тарту туралы әңгіме болып жүрген кезде (және әлі де әңгіме болып отырғандықтан), соған дейін және сондықтан да насихат ісі бірінші орынға қойылады; бұл арада тіпті өз бойында үйірмешілдік кемшіліктерінің бәрі сақталған үйірмелер де пайдалы және тыңғылықты нәтижелер береді. Бұқараның практикалық қимылы туралы, миллиондаған армияларды — егер осылай деуге бола-

тын болса — орналастыру туралы, *ең ақырғы, шешуші зор майдан үшін* қазіргі қоғамның *барлық* таптық күштерін орналастыру туралы әңгіме болып отырған кезде, бұл арада енді тек қана насихаттық дағдылармен, «таза» коммунизмнің ақиқаттарын тек қана қайталай берумен ештеңе істей алмайсың. Бұл арада бұқараға әлі басшы болып көрмеген шағын топтың мүшесі — насихатшыға ұқсап, шыпына келгенде мыңға дейінгіні санау керек емес, бұл арада миллиондап және он миллиондап санау керек. Бұл арада өзіңнен: біз революцияшыл таптың авангардын иландырдық па деп қана сұрап қоймай, сонымен қатар қазіргі қоғамдағы *барлық* таптардың, міндетті түрде түгелдей барлық таптардың тарихи пәрменді күштері орналасты ма деп те сұрау керек; бұл ретте үзілді-кесілді шайқасатын мезгіл енді әбден жеткен болуы керек;— сөйтіп, бұл ретте (1) бізге жау барлық таптық күштер мейлінше шатасып, бірімен-бірі мейлінше жұлқысып, шамасынан келмейтін күресте өздерін мейлінше әлсіреткен болуы керек; бұл ретте (2) барлық ауытқымалы, солқылдақ, тұрақсыз, аралық элементтер, яғни буржуазиядан өзгеше ұсақ буржуазия, ұсақ буржуазиялық демократия өздерін халық алдында мейлінше әшкерелеп, өздерінің практика жүзінде банкрот болуымен мейлінше масқаралануы керек; бұл ретте (3) пролетариат арасында буржуазияға қарсы ең табанды, керемет батыл революциялық қимылдарды қолдауға бұқараның пиғылы ауып, осы пиғыл барынша үдей бастауы керек. Міне сонда революция пісіп жеткен болады, міне сонда, егер біз жоғарыда көрсетілген, жоғарыда қысқаша суреттелген шарттардың бәрін дұрыс есептеген болсақ және мезгілді дұрыс белгілеген болсақ, біздің жеңуіміз қамтамасыз етіледі.

Бір жағынан, Черчилльдер мен Ллойд Джордждар арасындағы келіспеушіліктер — болмашы ғана ұлттық айырмашылықтары бар осы саяси типтер *барлық* елдерде бар,— онан соң, екінші жағынан, Гендерсондар мен Ллойд Джорджлар арасындағы келіспеушіліктер таза, яғни абстрактілі, яғни практикалық, бұқаралық, саяси қимыл дәрежесіне дейін әлі пісіп жетпеген ком-

мунизмнің тұрғысынан қарайтын болсақ, мүлде маңызсыз және ұсақ келіспеушіліктер. Ал бұқараның осы практикалық қимылы тұрғысынан қарайтын болсақ, бұл айырмашылықтар өте-мөте маңызды. Бұларды есепке алу керек, осы «достардың» арасында болмай қоймайтын, *барлық «достарды» түгелінен* әлсіретіп, осалдандыратын дау-жанжалдардың толық пісіп жетілер шағын анықтау керек,— тек саналы, сенімі кәміл, идеялық насихатшы ғана болып қоймай, сонымен қатар революцияда *бұқараның* практикалық басшысы да болғысы келетін коммунистің бүкіл ісі, бүкіл міндеті міне осында. Коммунизм идеяларына жан-тәніңмен берілгендігіңді барлық қажетті практикалық компромистерге, айла-шарғы жасауға, келісімге келуге, бұлтарыс жасауға, шегініс жасауға, тағы сондайларға бара білумен ұштастыру керек, сойтіп Гендерсондардың (егер өздерін социалистер деп атайтын, ұсақ буржуазиялық демократия өкілдері болып отырған жеке адамдардың аттарын атамай айтсақ, II Интернационал сабаздарының) саяси өкіметінің жүзеге асуын және құрып бітуін тездету керек; бұқараның нақ біздің рухымызда, нақ коммунизм бағытында жеткілікті дәрежеде көзін ашу үшін Гендерсондардың практика жүзінде сөзсіз банкрот болуын тездету керек; Гендерсондар — Ллойд Джорджлар — Черчилльдер (меньшевиктер мен эсерлер — кадеттер — монархистер; Шейдемандар — буржуазия — каппшылдар, т. с.) арасында болмай қоймайтын егесті, ұрыс-керісті, дау-жанжалдарды, толық ыдыраушылықты тездету керек; және де пролетариаттың батыл шабуылымен олардың бәрін талқандап, саяси өкіметті жеңіп алу үшін, бүкіл осы «қасиетті жеке меншіктің тіректері» арасындағы толық ыдыраушылықтың осындай мезгілін дұрыс белгілеу керек.

Жалпы алғанда тарих атаулы, жеке алғанда революциялар тарихы ең таңдаулы партиялардың, ең алдыңғы қатарлы деген таптардың ең саналы авангардтарының ойлағанынан гөрі әрқашанда мазмұны бай, әр алуан, әр жақты, нақтылы, «айлалы» келеді. Бұлай болатыны түсінікті де, өйткені ең таңдаулы авангардтар

ондаған мыңдардың санасын, еркін, құштарлығын, фантазиясын білдіреді, ал революцияны, адам бойындағы барлық қабілеттердің ерекше тасып, күшейген кезінде, таптардың ең шиеленіскен күресі ұмтылдыра түскен ондаған миллиондардың санасы, еркі, құштарлығы, фантазиясы жүзеге асырады. Бұдан өте маңызды практикалық екі қорытынды шығады: біріншісі — революцияшыл тап өз міндетін жүзеге асыру үшін қоғамдық жұмыстың *барлық* формаларын немесе жақтарын түп-түгел меңгере білуге тиіс (ал саяси өкіметті жеңіп алғаннан кейін, осы жеңіске дейін істеп бітірмегендерін істеп бітіруге тиіс, кейде үлкен тәуекелмен және зор қауіппен болса да істеп бітіруге тиіс); екіншісі — революцияшыл тап бір форманың екінші формамен аса шапшаң және кенет алмасуына даяр тұруға тиіс.

Жау жағында бар немесе болуы мүмкін қарудың барлық түрлерін, күрестің барлық амалдары мен тәсілдерін меңгеруге әзірленбейтін армияның қылығы ақылға сыйымсыз немесе тіпті қылмысты нәрсе дегенге әркім-ақ қосылады. Ал мұның соғыс ісінен гөрі саясатқа анағұрлым көбірек қатысы бар. Саясатта келешектегі белгілі бір жағдайлар тұсында біз үшін күрестің қай құралы қолайлы және тиімді болып шығатыны жөнінде күн ілгері білу мүмкіндігі бұдан да аз. Егер басқа таптардың жағдайында біздің еркімізден тыс болатын өзгерістер өзіміз өте нашар меңгерген қызмет формасын күн тәртібіне қоятын болса, онда күрестің барлық құралдарын меңгермейінше, біздің орасан зор — кейде тіпті шешуші — жеңіліске ұшырауымыз мүмкін. Біз нағыз алдыңғы қатарлы, нағыз революцияшыл таптың мүдделерін көздейтін болғандықтан, күрестің барлық құралдарын меңгерген күнде, сөзсіз жеңеміз, тіпті жау үшін аса қауіпті қаруды, неғұрлым тез өлтіре соққы беретін қаруды қолдануымызға жағдайлар мүмкіндік бермеген күнде де жеңеміз. Тәжірибесіз революционерлер көбінше былай ойлайды: күрестің жария құралдары оппортунистік құралдар, өйткені буржуазия жұмысшыларды нақ осы салада өте-мөте жиі алдап, ақымақ етіп келді (әсіресе

революциясыз, «бейбіт» кездерде осылай етті); — ал күрестің құпия құралдары революциялық құралдар деседі. Бірақ бұл дұрыс емес. Дұрысы мынау: мәселен, 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезіндегі сияқты жағдайларда, ең ерікті деген демократиялық елдердің буржуазиясы соғыстың тонаушылық сипаты жөнінде шындықты айтуға тыйым сала отырып, жұмысшыларды адам айтқысыз арсыздықпен, жауыздықпен алдап жүрген кездегі сияқты жағдайларда күрестің құпия құралдарын қолдана білмейтін немесе қолданғысы келмейтін (істей алмаймын деме, істегім келмейді де) партиялар мен көсемдер оппортунистер және жұмысшы табына сатқындық жасаушылар болып табылады. Ал күрестің құпия формаларын *барлық* жария формаларымен ұштастыра білмейтін революционерлер — тым нашар революционерлер. Революция бұрқ ете түсіп, өршіген кезде, революцияға барлық, әр алуан адамдар жай еліктеушіліктен, сән көргендіктен, тіпті кейде жеке басының мансапқорлық мүдделерін көздегендіктен қосыла кететін кезде, революционер болу қиын емес. Осындай сұмпайы-революционерлерден «ада болу» үшін, пролетариаттың кейін, өзі жеңгеннен соң, нағыз ауыр еңбектер жұмсауына, былайша айтқанда, қасіретті азап шегуіне тура келеді. Тікелей, ашықтан-ашық, нағыз бұқаралық, нағыз революциялық күрес жүргізуге керекті жағдайлар *әлі де жоқ* кезде революционер бола білу, революциялық емес мекемелерде, ал екінің бірінде тікелей реакциялық мекемелерде, революциялық емес жағдайда, қимылдардың революциялық әдісін дереу түсіне қоймаған бұқараның арасында революцияның мүдделерін (насихат, үгіт, ұйымдастыру жолымен) қорғай білу анағұрлым қиын және анағұрлым бағалы. Бұқараны нағыз, үзілді-кесілді, ең соңғы, ұлы революциялық күреске *жеткізетін* нақтылы жолды немесе оқиғалардың ерекше бетбұрысын таба білу, байқай білу, дұрыс белгілей білу керек,— Батыс Европа мен Америкадағы қазіргі коммунизмнің басты міндеті міне осында.

Мысал: Англия. Онда нағыз пролетарлық революцияның қаншалық тез өршірін және әлі де ұйқыда

жатқан, аса қалың бұқараны ең алдымен *қандай себеп* оятып, жігерлендіріп, күреске ұмтылдырарын біз біле алмаймыз — мұны ешкім де күн ілгері белгілей алмайды. Сондықтан өзіміздің бүкіл әзірлік жұмысымызды жүргізгенде (марксист болған және революционер болған кезінде Плеханов марқұмның ұнатып айтатыны сияқты) төрт аяқты тең басып жүргізуге міндеттіміз. Парламенттік дағдарыстан барып «тасқынның тууы», «сеңнің қозғалуы» мүмкін; оңалмастай шатысқан, барған сайын жазылмастай шумақталып, шиеленісе түсетін отарлық және империалистік қайшылықтардан дағдарыстың тууы мүмкін; әлденендей бір үшінші жағдайдың тууы да мүмкін, т. с. Біз Англияда пролетарлық революцияның тағдырын қандай күрестің *шешетіндігі* туралы айтып отырған жоқпыз (бұл мәселе коммунистердің ешқайсысында күмән туғызбайды, бұл мәселе біздің бәріміз үшін шешілген және тыңғылықты шешілген), біз әлі күнге дейін ұйқыда жатқан пролетарлық бұқараға қозғау салатын, сөйтіп оны революцияға әкеп жеткізетін *себеп* туралы айтып отырмыз. Мынаны ұмытпайық: мәселен, буржуазиялық француз республикасында, халықаралық сипаты жағынан да, ішкі сипаты жағынан да революцияшылдығы қазіргіден гөрі жүз есе кем болған жағдайда, халықты азамат соғысына жақындатып әкелу үшін реакцияшыл соғысқұмарлардың мың-мыңдаған арам қылықтарының бірі ретінде «кенеттен кездескен» және «ұсақ» *себептің* бір өзі-ақ (Дрейфус ісі[48]) жеткілікті болып шықты ғой!

Англияда коммунистер парламент сайлауын да, британ үкіметінің ирландтық, отаршылдық, бүкіл дүние жүзілік-империалистік саясатындағы барлық қауырт өзгерістерді де, қоғамдық өмірдің барлық басқа салаларын, сфераларын, басқа жақтарын да үздіксіз, босаңсытпай, табанды түрде пайдалануға тиіс, мұның бәрінде де жаңаша, коммунистерше жұмыс істеуге тиіс, II емес, III Интернационал рухында жұмыс істеуге тиіс. Парламент сайлауы мен парламент күресіне «орыстық», «большевиктік» қатысу тәсілдерін баяндап жатуға бұл арада менің уақытым жоқ, оған орын да

жоқ, бірақ мұның өзі кәдімгі батыс европалық парламент науқандарына әсте ұқсамайтын еді деп шетелдік коммунистерді сендіре аламын. Көп ретте бұдан: «иә, сіздерде, Россияда солай, ал біздегі парламентаризм басқаша» деп қорытынды жасайтындар бар. Бұл қорытынды дұрыс емес. Коммунистер, III Интернационалдың барлық елдердегі жақтастары барлық бағытта, өмірдің барлық салаларында ескі социалистік, тред-юнионистік, синдикалистік, парламенттік жұмысты *жаңа,* коммунистік жұмыс етіп *қайта құру* үшін де дүниеде өмір сүріп отыр ғой. Біздегі сайлауларда да оппортунистік және таза буржуазиялық, епшілдік, алаяқтық-капиталистік қылықтар әрдайым өте-мөте жеткілікті болып келді. Батыс Европа мен Америкадағы коммунистер оппортунистік емес, мансапқорлық емес, жаңа, өзгеше парламентаризм құруды үйренуге тиіс: коммунистер партиясы өз ұрандарын ұсынуы керек, нағыз пролетарлар ұйымдаспаған және мүлде езілген кедейлердің көмегімен листоктарды апарып, таратуы керек, жұмысшылардың пәтерлерін, село пролетарлары мен ең қиыр түкпірлердегі (бір тәуір жері, Европада түкпірдегі деревнялар біздегіден әлденеше есе кем, ал Англияда мұндайлар мүлде аз) шаруалардың лашықтарын барып аралауы керек, ең қарапайым кабактарға дейін баруы керек, халықтың жай одақтарына, қоғамдарына кіріп, кездейсоқ жиналыстарға қатысуы керек, халықпен сөйлескенде оқымысты адамша (және парламенттегіше де) сөйлеспеуі керек, парламенттегі «орынға» ешбір ұмтылмауы керек, қайта барлық жерде де ой-пікірді оятып, бұқараны тартуы керек, буржуазияны сөзден ұстауы керек, оның құрған аппаратын, оның тағайындаған сайлауын, оның бүкіл халыққа арнаған үндеулерін пайдалануы керек, халықты большевизммен таныстырғанда сайлаудан тысқары жағдайда (буржуазия үстемдігі тұсында) ешқашанда болып көрмеген дәрежеде таныстыруы керек (әрине, үлкен стачкалар мезгілі бұған кірмейді, өйткені ол кезде *нақ осындай* бүкіл халықтық үгіт аппараты бізде бұдан да жігерлі жұмыс істеді). Батыс Европа мен Америкада мұны істеу өте қиын, өте-мөте қиын, бірақ мұны істеуге бо-

лады және істеу керек те, өйткені еңбектенбейінше, коммунизмнің міндеттерін орындау жалпы мүмкін емес, ал еңбектенгенде неғұрлым әр алуан, қоғамдық өмірдің барлық салаларымен неғұрлым байланысты, *буржуазиядан* бір тараудан соң бір тарауды, бір саладан соң бір саланы неғұрлым *жеңіп ала беретін практикалық* міндеттерді орындау жолында еңбектену керек.

Нақ сол Англияда әскер ішінде және *«өз»* мемлекетіндегі езілген, толық праволы емес ұлттардың (Ирландия, отарлар) арасында насихат, үгіт, ұйымдастыру жұмысын да осылай жаңаша (социалистік емес, коммунистік, реформистік емес, революциялық) жолға қою керек. Өйткені қоғамдық өмірдің барлық осы салалары,— жалпы алғанда империализм заманында, әсіресе қазір, халықтарды қалжыратқан және шындыққа (атап айтқанда: елдердің көбін тонайтын ағылшын жыртқыштары болуға тиіс пе немесе неміс жыртқыштары болуға тиіс пе деген мәселені шешу үшін ғана адамдардың он миллиондап қырылғанына және мүгедек етілгеніне) көзді тез жеткізген соғыстан кейін,— міне қоғамдық өмірдің осы салалары түгелдей қопарғыш материалға мейлінше толы және жанжалдарға, дағдарыстарға, тап күресінің шиеленісуіне өте-мөте көп себепкер болып отыр. Бүкіл дүние жүзілік экономикалық және саяси дағдарыстың әсерімен қазір барлық елдерде тұс-тұстан жауып жатқан ұшы-қиыры жоқ ұшқындардың ішінде, бұқараны ерекше серпілту мағынасында алғанда, қай ұшқынның өрт шығаруға жарамды болып шығатынын біз білмейміз және біле де алмаймыз, сондықтан біз әр алуан саланың бәрін, тіпті ең ескі, тымырсық және көрінеу үмітсіз салаларды да, өзіміздің жаңа, коммунистік принциптеріміз бойынша «өңдеуге» кірісуге міндеттіміз, өйткені бұлай етпейінше біз осы міндеттің дәрежесінде бола алмаймыз, сегіз қырлы бола алмаймыз, қарудың барлық түрлерін меңгере алмаймыз, буржуазияны (қоғамдық өмірдің барлық жақтарын буржуазияша ұйымдастырған, ал қазір оны бұзып отырған буржуазияны) же-

ңуге де, бұл жеңістен кейін келешекте бүкіл өмірді коммунистік жолмен қайта құруға да әзірлене алмаймыз.

Россиядағы пролетарлық революциядан кейін және бұл революция халықаралық көлемде буржуазия мен филистерлердің ойында жоқ кенет жеңістерге жеткеннен кейін, бүкіл дүние жүзі қазір басқаша болып отыр, буржуазия да барлық жерде басқаша болып отыр. Буржуазия «большевизмнен» үрейі ұшып, ақылынан алжасқанға дейін дерлік оған өшігіп отыр, дәл сондықтан да ол, бір жағынан, оқиғалардың дамуын тездетуде, ал екінші жағынан, большевизмді күшпен жапыштауға барынша көңіл аударуда, сөйтіп бірсыпыра басқа салаларда өзінің позициясын әлсіретуде. Барлық алдыңғы қатарлы елдердің коммунистері өзінің тактикасында осы екі жағдайдың екеуін де ескеруге тиіс.

Орыс кадеттері мен Керенский — әсіресе 1917 жылғы апрельден бастап, 1917 жылғы июнь мен июльде онан да бетер өршіп,— большевиктерге жанталаса жала жапқан кезде, олар «асыра сілтеді». Сан сарынмен большевиктерге қарсы даурыққан буржуазиялық газеттердің миллиондаған даналары бұқараның большевизмді бағалай білуіне көмектесті, ал газеттерді былай қойғанда, буржуазияның нақ сол «жанын салуы» арқасында бүкіл қоғамдық өмір большевизм туралы таластарға толы болды ғой. Енді барлық елдердің миллионерлері халықаралық көлемде өздерін осылай ұстап отыр, біз сол үшін оларға шын жүректен алғыс айтуға тиіспіз. Керенский мен К° большевизмге қалай жанын сала жала жапқан болса, олар да оған солай жала жауып отыр; бұл ретте Керенский қалай еткен болса, олар да нақ солай «асыра сілтеп», бізге нақ солай *көмектесіп отыр.* Егер француз буржуазиясы біршама баяу және ауытқымалы социалистерді большевизмге бой ұрды деп даттай отырып, большевизмді сайлау үгітінің өзекті пункті етіп отырған болса,— егер американ буржуазиясы, мүлде есінен жаңылып, большевизмге бой ұрғандығы жөнінде күдік туғызған мыңмыңдаған адамды ұстап алып, большевиктік заговор-

лар туралы жан-жаққа хабарлар таратып, үрейлендіру жағдайын туғызып отырған болса,— егер дүние жүзіндегі «ең көрнекті» ағылшын буржуазиясы, өзінің бүкіл ақылы мен тәжірибесіне қарамастан, адам айтқысыз ағаттық жасап, «большевизммен күресетін қоғамдар» сияқты аса бай қоғамдар құрып, большевизм туралы арнайы әдебиет жазып, большевизмге қарсы күресу үшін қосымша мөлшерде ғалымдарды, үгітшілерді, поптарды жалдап отырған болса,— біз капиталист мырзаларға бас иіп, алғыс айтуға тиіспіз. Олар бізге жұмыс істеп отыр. Олар большевизмнің мәні мен маңызы туралы мәселеге бұқараның назарын аударуда бізге көмектесіп отыр. Олар бұдан басқаша істей алмайды да, өйткені большевизмді «ауызға алмау», тұншықтыру *енді* олардың қолынан келмей қалды.

Бірақ сонымен бірге буржуазия большевизмнен оның бір жағын ғана: көтеріліс, күштеу, террор дегендерді ғана көреді, сондықтан буржуазия *осы* салада әсіресе тойтарыс беруге және қарсылық көрсетуге әзірленуге тырысады. Бәлкім, жеке реттерде, жеке елдерде, белгілі бір қысқа мерзімнің ішінде оның осылай етуінің сәті түсер де: мұндай мүмкіндікпен санасу керек, және де оның осылай етуінің сәті түсуінен бізге келетін әсте ешбір қорқыныш жоқ. Коммунизм қоғамдық өмірдің түгелдей барлық жақтарынан «өсіп шығады», оның өркендері түгелдей барлық жерлерде бар, «кесел» (егер буржуазия мен буржуазиялық полицияға ұнаған және оның өзіне өте «жағымды» естілетін осы теңеуді қолдансақ) организмге мейлінше терең бойлап, бүкіл денеге толық сіңген. Егер шығар жолдардың бірін ерекше ұқыппен «бітесе»,—«кесел» өзіне басқа бір жол табады, кейде тіпті күтпеген жерден табады. Өмір дегеніне көндірмей қоймайды. Буржуазия ақылынан алжасқанша аласұрып, құтырынып, асыра сілтеп, ағаттық істей берсін, большевиктерден күн ілгері өш алып, бұрынғының үстіне тағы да жүздеген, мыңдаған, жүз мыңдаған ертеңгі немесе кешегі большевиктерді (Индияда, Венгрияда, Германияда, т. т.) қыруға тырыса берсін: буржуазия бұлай еткенде тарихтың үкімімен құрып бітуге кесілген барлық таптардың істеген ісін

істейді. Коммунистер қайткен күнде де болашақ өздерінікі екенін білуге тиіс, сондықтан біз буржуазияның құтырына аласұруын мейлінше сабырлы және дұрыс есепке алуды ұлы революциялық күрестегі асқан зор шабытпен ұштастыра аламыз (ұштастыруға тиіспіз де). Орыс революциясы 1905 жылы қатты талқандалды; орыс большевиктері 1917 жылғы июльде талқандалды; буржуазиямен және монархист-генералдармен бірлескен Шейдеман мен Носкенің əккі арандатушылығы және айлакерлік маневрі арқылы 15 000-нан астам неміс коммунистері қырғынға ұшыратылды; Финляндия мен Венгрияда ақ террор өршуде. Бірақ барлық реттерде де, барлық елдерде де коммунизм шыңдалып, өсіп келеді; оның терең тамыр жайғаны сонша, қуғын-сүргін оны əлсіретпейді, қажытпайды, қайта қайраттандыра түседі. Біздің жеңіске қарай сеніммен және нық басып ілгерілеуіміз үшін тек бір ғана нəрсе, атап айтқанда: өз тактикасында барынша *икемді* болу қажеттігін барлық елдердегі барлық коммунистердің барлық жерлерде және ақырына дейін байыптап ұғынушылығы жетпей отыр. Əсіресе алдыңғы қатарлы елдерде тамаша өсіп келе жатқан коммунизмге қазір осындай ұғынушылық және осы ұғымды практика жүзінде қолдана білушілік жетпей отыр.

Каутский, Отто Бауэр және басқалар сияқты асқан оқымысты марксистердің және II Интернационалдың социализмге берілген көсемдерінің қандай халге ұшырағандығы пайдалы сабақ бола алар еді (және болуға тиісті де еді). Олар икемді тактиканың қажеттігін толық ұғынды, олар маркстік диалектиканы үйренді, өзгелерге де үйретті (ал олардың бұл жөнінде істегендерінің бірталайы социалистік əдебиеттің бағалы табысы болып түпкілікті қалады да), бірақ осы диалектиканы *қолданарда* олардың жасаған қатесі сондай немесе практика жүзінде диалектик *болмай* шыққандығы сондай, формалардың шапшаң өзгеруін және ескі формалардың шапшаң жаңа мазмұнға ие болатынын есепке ала білмеген адамдар болып шыққандығы сондай, олардың тағдырының Гайндманның, Гедтің және Плехановтың тағдырынан артықшылығы шамалы. Олардың

банкрот болуының негізгі себебі: олар жұмысшы қозғалысы мен социализмнің өсуіндегі белгілі бір формадан «көзін аудармай» тұрып алды, мұның біржақтылығын ұмытты, объективтік жағдайлардың нәтижесінде болмай қалмайтын қауырт өзгерісті көруден қорықты, сөйтіп: үш екіден көп деген қарапайым, жаттанды, сырттан қарағанда даусыз сияқты болып көрінетін ақиқаттарды қайталап айта берді. Бірақ саясат арифметикадан гөрі алгебраға көбірек ұқсайды және де бастауыш математикадан гөрі жоғары математикаға одан да көбірек ұқсайды. Шындығында социалистік қозғалыстың барлық ескі формалары жаңа мазмұнға ие болды, сондықтан цифрлардың алдында: «минус» деген жаңа таңба пайда болды, ал біздің данышпандар: «минус үш» «минус екіден» көп деп өздерін де, өзгелерді де өзеуреп сендірумен болды (және әлі де өзеуреп отыр).

Коммунистердің де нақ сондай қатені тек басқа бір жағынан қайталамауын көздеу керек немесе, дұрысырақ айтқанда,— *нақ сондай қатенің*, «солшыл» коммунистер басқа бір жағынан жасап жүрген қатенің неғұрлым тез түзетіліп, организмге зардабын тигізбей тұрғанда неғұрлым жедел жойылуын көздеу керек. Тек оңшыл доктринерлік қана емес, солшыл доктринерлік те қате. Әрине, коммунизмдегі солшыл доктринерліктің қатесінің қаупі мен маңыздылығы қазіргі кезде оңшыл доктринерліктің (яғни социал-шовинизм мен каутскийшілдіктің) қатесіне қарағанда мың есе кем, бірақ мұның бұлай болатын себебі тек қана мынадан: солшыл коммунизм жаңа-жаңа туып келе жатқан өте жас ағым. Тек сондықтан ғана ауруды, белгілі бір жағдайлар барда, оңай емдеуге болады, оны емдеуге аса зор жігермен кірісу қажет те.

Ескі формалар қақырап түсті, өйткені олардың ішіндегі жаңа мазмұн — антипролетарлық, реакциялық мазмұн — шексіз даму дәрежесіне жетті. Қазір бізде, халықаралық коммунизмнің дамуы тұрғысынан алғанда, жұмыс (Совет өкіметі жолындағы, пролетариат диктатурасы жолындағы жұмыс) сондай берік, сондай күшті, сондай қуатты мазмұнға ие болып отыр, бұл

мазмұн қай формада болса да, жаңасында да, ескісінде де көріне алады және көрінуге *тиіс те*, барлық формаларды, тек жаңаларын ғана емес, сонымен қатар ескілерін де қайта туғыза алады, жеңе алады, өзіне бағындыра алады және солай етуге тиіс те,— онда да ескімен ымыраласу үшін емес, қайта барлық, әр алуан, жаңа және ескі формаларды коммунизмнің толық және түпкілікті, үзілді-кесілді және біржолата жеңіп шығуына құрал ету үшін солай етуге тиіс.

Коммунистер жұмысшы қозғалысы мен жалпы алғанда қоғамдық дамуды Совет өкіметінің бүкіл дүние жүзілік жеңісіне және пролетариат диктатурасына қарай ең төте және ең шапшаң жолмен бағыттауға барлық күшін жұмсауға тиіс. Мұның өзі даусыз ақиқат. Бірақ бұдан әрі — нақ сол бағытта шығар деп шамалап — кішкене адым жасасаң болғаны, ақиқат дегеніңіз қатеге айналып кетеді. Неміс және ағылшын солшыл коммунистерінің айтатыны сияқты: біз тек бір жолды ғана, тек төте жолды ғана білеміз, біз айлашарғы жасауға, келісімге келуге, компромистерге жол бермейміз десе-ақ болғаны, мұның өзі коммунизмге аса зор зиян келтіре алатын, ішінара қазірдің өзінде зиян келтірген және зиян келтіріп те отырған қате болады. Оңшыл доктринерлік жалғыз ескі формаларды ғана қабылдауға табан тіреді де, жаңа мазмұнды байқамастан, ақырына дейін банкрот болды. Солшыл доктринерлік белгілі бір ескі формаларды сөзсіз теріске шығаруға табан тірейді, жаңа мазмұнның барлық және әр алуан формалар арқылы өзіне жол салатынын, коммунистер ретіндегі біздің міндетіміз барлық формаларды меңгеру екенін, бір форманы екінші формамен барынша шапшаң толықтыруды, бір форманы екінші формамен алмастыруды үйрену екенін, біздің таптан өзге тап немесе біздің күштен өзге күш туғызатын әрбір осындай алмасуға өз тактикамызды сәйкестендіру екенін көрмейді.

Бүкіл дүние жүзілік империалистік соғыстың сұмдықтары, зұлымдықтары, жиркеніштері арқылы, сол соғыс туғызған мүшкіл жағдайлар арқылы бүкіл дүние жүзілік революцияның қарыштай алға басып, тездетіл-

гені соншалық,— бұл революция сондай тамаша шапшаңдықпен, ауыспалы формаларының сондай тамаша байлығымен, доктринерлік атаулыны практика жүзінде сондай өнегелі түрде теріске шығарумен кеңейіп те, кеулей де дамып келеді, сондықтан халықаралық коммунистік қозғалыс «солшыл» коммунизмнің балалық ауруынан тез және толық айығады деп үміттенуге барлық дәлелдер бар.

27. IV. 1920.

ҚОСЫМША

Біздің елімiздегі баспалар,— пролетарлық революцияны жасағанымыз үшін өшіккен бүкіл дүние жүзінің империалистері елімізді талап алды және, өздерінің жұмысшыларына берген уәделерінің ешқайсысына қарамастан, әлі де талап, блокада жасап отыр,— біздің баспаларымыз менің кітапшамды басып шығару міндетін орындап болғанша, шетелден қосымша материал алынды. Өзімнің кітапшамда публицистің жедел заметкаларынан артық бірдеңе бере қоямын ғой деген ойдан мүлдем аулақ бола отырып, мен кейбір пункттерге қысқаша тоқталып өтпекшімін.

I
ГЕРМАН КОММУНИСТЕРІНІҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ

Германиядағы коммунистердің жікке бөлінуі факт болып отыр. «Солшылдар» немесе «принципшіл оппозиция» «Коммунистік партиядан» бөлек өзгеше «Коммунистік жұмысшы партиясын» құрды. Италияда да істің жайы, сірә, жікке бөлінуге бет алса керек,— сірә деуімнің себебі: жікке бөліну мүмкіндігі мен қажеттігін ашықтан-ашық талқылап отырған және сонымен бірге осы күнге дейін Итальян социалистік партиясына кіретін, «абстенционистер» (немесе бойкотистер, яғни парламентке қатысуға қарсылар) фракциясының съезі туралы да сөз қылып отырған «Совет» («Il Soviet») деген солшыл газеттің қосымша номерлері ғана (№№ 7 және 8) қолымда бар.

«Солшылдармен», антипарламентарлармен (сонымен қатар бұлардың бір бөлегі саясатқа қарсылар, саяси партияға және кәсіподақтардың ішінде жұмыс істеуге қарсылар) арадағы жікке бөліну «центрліктермен» («немесе каутскийшілдермен, лонгетистермен, «тәуелсіздермен», т. с.) екі арадағы жікке бөліну сияқты, интернационалдық құбылыс болып кетеді деп қауіптенуге болады. Солай-ақ болсын. Партияның идеялық, теориялық, революциялық жолмен өсіп, жетілуіне де, оның ынтымақты, мықтап ұйымдасқан, пролетариат диктатурасын мықтап әзірлейтін практи-

қалық жұмысына да көсірін тигізетін шатасушылықтан гөрі жікке бөлінген қалай да жақсы.

«Солшылдар» өздерін іс жүзінде, ұлттық және интернационалдық көлемде сынап көрсінші, қатаң орталықтанған, темірдей берік тәртібі бар партиясыз, саяси және мәдени жұмыстың барлық салаларын, тарауларын, әр алуан түрлерін меңгеру өнерінсіз пролетариат диктатурасын әзірлеп (сонап кейін оны жүзеге асырып) көрсінші. Практикалық тәжірибе оларды тез-ақ үйретеді.

«Солшылдармен» екі арадағы жікке бөліну жұмысшы қозғалысына қатысушылардың, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасын шын жүректен, адал ниетпен жақтайтындардың бәрін алдағы таяу уақыттың ішінде болмай қоймайтын және қажет болып отырған біртұтас партияға біріктіруге қиыншылық келтірмеуі керек немесе келтіретін қиыншылығы неғұрлым аз болуы керек, барлық күшті міне тек осыған салу керек. Россияда большевиктердің айрықша бір бақыттылығы — оларда пролетариат диктатурасын орнату жолындағы тікелей бұқаралық күрестен көп бұрын-ақ әрі меньшевиктерге (яғни оппортунистер мен «центрліктерге») қарсы, әрі «солшылдарға» қарсы үздіксіз және ақырына дейін жеткізілген күрес жүргізу үшін 15 жылдық уақыт болды. Европа мен Америкада қазіргі кезде нақ осы жұмысты «жеделдетілген қарқынмен» істеп шығуға тура келеді. Жеке адамдар, әсіресе көсем болуға орынсыз дәмеленетіндердің ішіндегі адамдар (егер олардың пролетарлық тәртіптілігі мен «өзіндік адалдығы» жеткіліксіз болса) өз қателерін ұзақ уақыт қасарысып қорғай беруі мүмкін, бірақ жұмысшылар бұқарасы, мезгілі жеткен кезде, өздерін де, барлық адал коммунистерді де советтік құрылыс пен пролетариат диктатурасын жүзеге асыра алатын біртұтас партия етіп оңай және тез біріктіреді*.

---

* Келешекте «солшыл» коммунистердің, антипарламентарлардың жалпы алғанда коммунистермен қосылуы туралы мәселе жөнінде тағы да мынаны көрсетіп өтейін. Менің Германиядағы «солшыл» коммунистердің және жалпы алғанда коммунистердің газеттерімен танысуыма қарағанда, «солшыл» коммунистердің мынадай артықшылығы бар: олар бұқара арасында үгіт жүргізу ісін жалпы коммунистерден гөрі

II
ГЕРМАНИЯДАҒЫ КОММУНИСТЕР МЕН ТӘУЕЛСІЗДЕР

Мен кітапшамда коммунистер мен тәуелсіздердің сол қанатының арасында компромисс жасасу коммунизм үшін қажет және пайдалы, бірақ оны жүзеге асыру оңай болмайды деген пікір айттым. Газеттердің маған бұдан кейін келген номерлері мұның екеуінің де дұрыс екендігін растады. Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы «Қызыл Тудың» 32-номерінде («Die Rote Fahne»[49], Zentralorgan der Kommunistischen Partei Deutschlands, Spartakusbund, 26. III. 1920) Капптың — Лютвицтің әскери «бүлігі» (заговоры, авантюрасы) туралы және «социалистік үкімет» туралы мәселе жөнінде сол Орталық Комитеттің «мәлімдемесі» басылған. Бұл мәлімдеме негізгі қағидасы тұрғысынан да, практикалық қорытындысы тұрғысынан да өте дұрыс. Негізгі қағидасы: қазіргі кезеңде пролетариат диктатурасы үшін «объективтік негіз» жоқ, өйткені «қала жұмысшыларының көпшілігі» тәуелсіздер жағында дегенге барып тіреледі. Қорытындысы: «буржуазиялық-капиталистік партияларды шығарып тастаған күнде социалистік» үкіметке «адал оппозиция» болатыны жөнінде (яғни «күшпен құлатуға» әзірліктен бас тарту жөнінде) уәде беру.

Күмән жоқ, тактика негізінен дұрыс. Бірақ, тұжырымының дәл емес ұсақ-түйек жерлерін айтпағанның өзінде де, қайткенмен мыналарды ауызға алмай кетуге болмайды: социал-сатқындардың үкіметін (коммунистік

жақсырақ біледі. Мен осы сияқты нәрсені большевиктік партияның тарихынан талай рет байқадым,— бірақ жалпы мемлекеттік көлемде емес, шағынырақ көлемде және жекеленген жергілікті ұйымдарда байқадым. Мәселен, 1907—1908 жылдары «солшыл» большевиктер бұқараның арасында үгіт жұмысын кей кездерде және кей жерлерде бізден гөрі сәттірек жүргізді. Мұның кейбір себебі мынадай: революция кезінде немесе революцияны қызу еске түсіру кезінде «жай» теріске шығару тактикасымен бұқараға жақындасу оңай. Алайда бұл осындай тактиканың дұрыс екендігіне дәлел бола қоймайды. Қайткенде де, іс жүзінде революцияшыл *таптың*, пролетариаттың авангарды, алдыңғы қатарлы отряды болғысы келетін және, оның үстіне, тек пролетарлық қалың *бұқараға* ғана басшылық етіп қоймай, пролетарлық *емес* қалың бұқараға да, еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасына да басшылық етуді үйренгісі келетін коммунистік *партия* қала, фабрика «көшесі» үшін де, деревня үшін де өте ұғымды, өте түсінікті, өте айқын және жігерлі түрде насихат жүргізе білуге де, ұйымдастыра білуге де, үгіт жүргізе білуге де міндетті екендігіне титтей де күмән келтіруге болмайды.

партияның ресми мәлімдемесінде) «социалистік» деп атауға болмайды, Шейдемандардың да, Каутский — Криспин мырзалардың да партиялары ұсақ буржуазиялық-демократиялық партиялар болып отырғанда, «буржуазиялық-капиталистік партияларды» шығарып тастау туралы сөз етуге болмайды, мәлімдеменің 4-параграфы сияқты нәрселерді жазуға болмайды, ал онда былай делінген:

«...Пролетариат бұқарасын коммунизм жағына бұдан былай да шығарып алу үшін саяси бостандықты шексіз пайдалануға мүмкін боларлықтай және буржуазиялық демократия капиталдың диктатурасы ретінде бой көрсете алмайтындай жағдайдың, пролетариат диктатурасының дамуы тұрғысынан қарағанда, орасан зор маңызы бар...».

Мұндай жағдайдың болуы мүмкін емес. Ұсақ буржуазияшыл көсемдер, неміс Гендерсондары (Шейдемандар) мен Сноудендері (Криспиндер) буржуазиялық демократияның шеңберінен шықпайды және шыға да алмайды, ал бұл буржуазиялық демократия, шындығында, капитал диктатурасы болмай тұра алмайды. Принцип жағынан теріс және саясат жағынан зиянды осы нәрселерді практикалық нәтижеге жету тұрғысынан алып жазудың еш қажеті жоқ еді, мұны коммунистік партияның Орталық Комитеті әбден дұрыс талап етті. Бұл үшін (егер парламенттегіше сыпайы болғың келсе) былай деудің өзі-ақ жеткілікті еді: әзірше қала жұмысшыларының көпшілігі тәуелсіздердің соңына еріп отыр, сондықтан біздер, коммунистер, бұл жұмысшылардың «өздерінің» үкіметінің тәжірибесі арқылы, өздерінің ең соңғы мещандық-демократиялық (яғни бұл да «буржуазиялық-капиталистік») жалған үміттерінен арылуына бөгет жасай алмаймыз. Нағыз қажет болып отырған компромисті дәлелдеу үшін осының өзі-ақ жеткілікті; ал бұл компромистің мәнісі қала жұмысшыларының көпшілігі сеніп отырған үкіметті күшпен құлату әрекеттерінен белгілі бір уақытқа дейін бас тарта тұруда болуға тиіс. Ал ресми, парламенттік сыпайылық шеңберінен тысқары күнделікті, бұқаралық үгітте, әрине, былай деп қосуға болады: Шейдеман сияқты оңбағандар, Каутский — Криспин сияқты

филистерлер өздерінің қаншалықты ақымақ болғанын және жұмысшыларды қаншалықты ақымақ етіп отырғанын іс жүзінде әшкерелесін; олардың «таза» үкіметі социализмнің, социал-демократизмнің және социал-сатқындықтың басқа да түрлерінің авгий ат қорасын «тазарту» жөніндегі бұл жұмысты «бәрінен де таза» етіп істеп шығады.

«Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының» қазіргі көсемдерінің (бұл көсемдер туралы: қазірдің өзінде бұлар бар ықпалынан айрылды деген пікір өтірік, өйткені бұлар іс жүзінде пролетариат үшін аса қауіпті, өздерін коммунистерміз деп атаған және пролетариат диктатурасын «қолдауға» уәде берген венгр социал-демократтарынан да қауіпті) шын сыры неміс корниловшылдығының кезінде, яғни Капп және Лютвиц мырзалардың тоңкерісі кезінде тағы да ашылған үстіне ашылып отыр*. Карл Каутскийдің: «Freiheit»-те (тәуелсіздердің органы, «Бостандық»)[51] 1920 ж. 30 мартта басылған «Шешуші минуттар» («Entscheidende Stunden») деген және Артур Криспиннің: «Саяси жағдай жөнінде» (14. IV. 1920, бұл да сонда) деген мақалалары кішкене, бірақ айқын сипаттама береді. Бұл мырзалар революционерлерше ой толғап, пікір түюді мүлдем білмейді. Бұлар — мещандық жылайман демократтар; егер өздерін Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасын жақтаушылармыз деп жарияласа, бұлар пролетариат үшін мың есе қауіптірек, өйткені бұлар пролетариатқа көмектесіп отырмыз деген «ең адал ниетті» сенімде бола отырып... іс жүзінде әрбір қиын-қыстау және қауіпті минутта сөзсіз сатып кетеді! Коммунистік түрге боянған венгр социал-демократтары да өздерінің қорқақтығынан және тұрлаусыздығынан Венгриядағы Совет өкіметінің жағдайын үмітсіз деп санап, пролетариатқа «көмектеспек» болған еді ғой, сөйтіп антанталық капиталистер мен антанталық жендеттердің агенттері алдында жылана бастаған еді ғой.

* Бұл жағдай, айтпақшы, Австрия коммунистік партиясының «Қызыл Ту» деген тамаша газетінде 1920 ж. 28 және 30 мартта ерекше айқын, қысқаша және дәл, марксистік тұрғыдан көрсетілген («Die Rote Fahne»[50], Wien 1920, №№ 266 u. 267; L. L.: «Ein neuer Abschnitt der deutschen Revolution») (— Л. Л.: «Неміс революциясының жаңа кезеңі». *Ред.*).

III
ИТАЛИЯДАҒЫ ТУРАТИ ЖӘНЕ К°

«Совет» деген итальян газетінің жоғарыда көрсетілген номерлері осындай мүшелердің, тіпті осындай парламентарлар тобының өзінің қатарында жүруіне төзіп отырған Итальян социалистік партиясының қателері туралы менің кітапшада айтқанымды толық растайды. Мұны ағылшынның буржуазиялық-либералдық «The Manchester Guardian» газетінің Римдегі тілшісі сияқты көлденең куә бұдан да гөрі көбірек растап отыр; бұл тілші газеттің 12. III. 1920 ж. номерінде өзінің Тұратиден алған интервьюін басып шығарды.

«...Синьор Турати,— деп жазады бұл тілші,— революция қаупі Италияда негізсіз қауіп туғызарлықтай емес деп шамалайды. Максималистер бұқараны көтеріңкі және әсерлі қалыпта ұстау үшін ғана советтік теориялардың отымен ойнап жүр. Алайда бұл теориялар — практика жүзінде қолдануға жарамайтын, кілең аңыз ұғымдар, шала программалар. Бұлар жұмыс істеуші таптарды елеңдетіп отыру үшін ғана жарайды. Пролетариаттың көзін қарықтыру үшін бұларды алданыш ретінде қолданып отырған адамдардың өздері жұмысшы таптары өздерінің жалған үміттерінен және өздерінің сүйікті мифтерінен арылатын кезді кешеуілдетерліктей етіп, көбінесе мардымсыз кейбір экономикалық жеңілдіктер алу үшін ғана күнделікті күрес жүргізуге өздерін мәжбүр деп санап отыр. Осыдан барып — почта және темір жол ведомстволарында болған соңғы стачкаларды қоса қамтитын әр алуан көлемдегі және әр алуан себептерден туған стачкалардың, елдің онсыз да ауыр жағдайын бұрынғыдан бетер ауырлата түскен стачкалардың ұзақ кезеңі басталып отыр. Бұл ел өзінің адриатикалық проблемасына байланысты қиыншылықтардың салдарынан есеңгіреп отыр, өзінің сыртқы борышынан, қағаз ақшаны өлшеусіз көп шығарғандығынан езіліп отыр, солай бола тұрса да бұл ел еңбекте тәртіпті ұғыну қажеттігін, өйткені жинақылық пен әл-ауқатты тек осы тәртіп қана қалпына келтіре алатындығын әлі де жөнді сезінбей отыр...»

Сірә, Туратидің өзі де, оның Италиядағы буржуазиялық қорғаушылары, жәрдемшілері, көтермешілері де жасырып, боямалап жүрген шындықты ағылшын тілшісінің сандырақтап айтып салғаны айдан анық. Бұл шындық мынау: Турати, Тревес, Модильяни, Дугони мырзалардың және К°-нің идеялары мен саяси жұмы-

сы шынында да сол ағылшын тілшісінің суреттеп отырғанындай, нақ сондай. Бұл — барып тұрған социал-сатқындық. Жалдама құлдықта капиталистердің баюы үшін жұмыс істеп жүрген жұмысшылар үшін жинақылық пен тәртіпті қорғаудың бір өзі неге татиды! Және де бізге, орыстарға, осы меньшевиктік сөздердің бәрі де қандай таныс! Бұқара Совет өкіметінің *жағында* деп мойындаудың өзі қандай бағалы! Стихиялы түрде өршіп отырған стачкалардың ролін түсінбеушілік қандай топастық және қандай буржуазиялық-пасықтық! Иә, иә, буржуазиялық-либералдық газеттің ағылшын тілшісі Турати мырзаларға және К^{0}-ге зиянын тигізіп отыр және Бордига жолдас пен «Совет» газетіндегі оның достарының: Итальян социалистік партиясы, егер ол іс жүзінде III Интернационал *жағында* болғысы келсе, Турати мырзаларды және К^{0}-ні өзінің қатарынан масқаралап қуып шығып, өзінің атына да, затына да лайық коммунистік партия болсын деген талаптарының дұрыс екендігін өте тамаша растап отыр.

IV

ДҰРЫС ҚАҒИДАЛАРДАН ШЫҒАРЫЛҒАН ТЕРІС ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Бірақ Бордига жолдас пен оның «солшыл» достары Турати мырза мен К^{0}-ні түйреген өздерінің дұрыс сынынан парламентке қатысу жалпы зиянды нәрсе деген теріс қорытынды шығарып отыр. Итальян «солшылдары» бұл көзқарасын қуаттайтындай зәрредей де елеулі дәлел келтіре алмай отыр. Олар буржуазиялық парламенттерді нағыз революциялық және коммунистік бағытта, пролетарлық революцияны әзірлеу үшін сөзсіз пайдалы бағытта пайдаланудың интернационалдық үлгілерін тіпті білмейді (немесе ұмытуға тырысады). Олардың «жаңалықтан» тіпті хабары да жоқ, сондықтан үсті-үстіне қайталап, парламентаризмді «ескіше», большевиктік емес бағытта пайдалану туралы даурыға береді.

Олардың негізгі қатесі де міне осында. Тек парла-

менттік салада ғана емес, сонымен қатар жұмыстың *барлық* салаларында да коммунизм II Интернационалдың дәстүрлерінен бүтіндей қол үзетін (сонымен қатар оның берген жақсы нәрселерін сақтап, дамытатын) принциптік жаңалық *енгізуге тиіс* (ал ұзақ уақыт, табанды, қажырлы еңбек етпейінше, ол мұндай жаңалықты енгізе *алмайды).*

Тіпті журналистік жұмысты-ақ алайық. Газеттер, кітапшалар, прокламациялар қажет болған насихат, үгіт, ұйымдастыру жұмысын орындап отырады. Азды-көпті цивилизациялы елде бірде-бір бұқаралық қозғалыс журналистік аппаратсыз ілгері баса алмайды. «Көсемдерге» қарсы жасалған байбаламның ешқандайы, көсемдердің ықпалынан бұқараны таза сақтау жөнінде серт еткен уәделердің ешқандайы бұл жұмысқа буржуазиялық-интеллигенттік ортадан шыққандарды пайдалану қажеттігінен арылта алмайды, бұл жұмыс капитализм тұсында атқарылатын болғандықтан буржуазиялық-демократиялық, «меншікшілдік» атмосфера мен жағдайдан арылта алмайды. Тіпті пролетариат буржуазияны құлатып, саяси өкіметті жеңіп алғаннан соң екі жарым жыл өткеннен кейін де біз бұқаралық (шаруалық, қолөнершілік) буржуазиялық-демократиялық, меншікшілдік қатынастардың осы атмосферасын, осы жағдайын өз төңірегімізден көріп отырмыз.

Парламентаризм дегеніміз жұмыстың бір формасы да, журналистика — екінші формасы. Егер осы екі саланың қызметкерлері нағыз коммунистер, пролетарлық, бұқаралық партияның нағыз мүшелері болса, екеуінің де мазмұны коммунистік бола алады және коммунистік болуға тиіс те. Бірақ осының екеуінде де — капитализм тұсындағы және капитализмнен социализмге өту кезіндегі *жұмыс сферасының қайсысында болса да* — буржуазиялық ортадан шыққандарды өз мақсаттарына пайдалану үшін, буржуазиялық-интеллигенттік соқыр сенімдер мен ықпалдарды жеңу үшін, ұсақ буржуазиялық жағдайдың қарсылығын әлсірету үшін (ал кейіннен бұл жағдайды толық қайта құру үшін де) пролетариат жеңіп шығуға, орындауға тиісті қиыншылық-

тардан, өзгеше міндеттерден қашып құтылуға болмайды.

1914—1918 жылдардағы соғысқа дейін, өте «солшыл» анархистердің, синдикалистердің және басқалардың парламентаризмді соққылағандығын, буржуазияша азғындаған парламентар-социалистерді қорлағандығын, олардың мансапқорлығын түйрегендігін және т. т., т. с.,— ал өздерінің журналистика *арқылы*, синдикаттардағы (кәсіподақтардағы) жұмыс *арқылы нақ осындай* буржуазиялық мансапқорлық жасағандығын көрсететін мысалдардың барлық елдерде де аса көп екендігін біз көрмеп пе едік? Егер Францияны ғана алсақ, Жуо мен Мергейм мырзалардың үлгілері типтік үлгілер емес пе?

Парламентаризмге қатысуды «теріске шығарудың» балалық екендігі нақ мынада болып отыр: мұндайлар жұмысшы қозғалысының *ішіндегі* буржуазиялық-демократиялық ықпалдармен күресу жөніндегі қиын міндетті осындай «оңай», «жеңіл», революциялықсымақ әдіспен *«шешпек»* болады, ал іс жүзінде тек өз көлеңкесінен үркеді, қиыншылыққа тек көзін жұмып қарайды, одан тек жалаң сөздермен жалтарады. Мейлінше арсыз мансапқорлық, парламенттік орындарды буржуазияша пайдаланушылық, парламенттік жұмысты реформистік жолмен өте сорақы түрде бұрмалаушылық, мещандық шірік бойкүйездік — күмән жоқ, осының бәрі — барлық жерде, тек жұмысшы қозғалысынан тыс жерде ғана емес, оның ішінде де капитализм туғызып отырған үйреншікті және ең басым ерекше сипаттар. Бірақ ол, капитализм, және сол туғызатын буржуазиялық жағдай (ал мұның өзі тіпті буржуазия құлатылғаннан кейін де өте баяу жойылады, өйткені шаруалар буржуазияны үнемі қайта туғызып отырады) жұмыс пен өмірдің барлық салаларында да мәні жағынан нақ осындай, ал формасы жағынан айырмашылығы мүлде азғантай нұсқада буржуазиялық мансапқорлықты, ұлттық шовинизмді, мещандық пасықтықты және т. т. туғызып отырады.

Мархабатты бойкотистер мен антипарламентаристер, сіздер өздеріңізге өздеріңіз «жойқын революцияшыл»

сияқты болып көрінесіздер, бірақ шынында *сіздер* жұмысшы қозғалысының ішінен буржуазиялық ықпалдарға қарсы күресудің біршама кіші-гірім қиыншылықтарынан *шошыдыңыздар,* ал сіздердің жеңісіңіз, яғни пролетариаттың буржуазияны құлатып, саяси өкіметті қолға алуы *нақ осы* қиыншылықтарды бұдан да зор, өлшеусіз зор мөлшерде туғызады. Сіздер ертең және арғы күні өлшеусіз зор мөлшерде туатын нақ осы қиыншылықтарды жеңуді үйренуге, жете үйренуге өздеріңізге қалайда тура келетіндігін түсінбей, бүгінгі күні алдарыңызда тұрған кішкентай қиыншылықтан балаша шошыдыңыздар.

Совет өкіметінің тұсында сіздің де, біздің де партияға, пролетарлық партияға, кіруге буржуазиялық-интеллигенттерден шыққандар бұрынғыдан да көп тырмысады. Олар Советтерге де, соттарға да, әкімшілікке де кіріп кетеді, өйткені коммунизмді адамзаттың капитализмде жасалған материалынан ғана құруға болады, одан басқаша құруға болмайды, құратын ештеңе де жоқ, өйткені буржуазиялық интеллигенцияны қуып жіберуге және жойып жіберуге болмайды, оны жеңу керек, қайта жасап, түзей білу керек, қайта тәрбиелеп шығару керек,— сол сияқты пролетарлардың өздерін де ұзақ күресте, пролетариат диктатурасы негізінде қайта тәрбиелеу керек болады; олар өздерінің ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдерінен бірден, кереметтің күшімен, құдайдың әмірімен, ұранның, қарардың, декреттің әмірімен арылмайды, ұсақ буржуазиялық жаппай ықпалдарға қарсы жаппай жүргізілетін ұзақ және қиын күресте ғана арылады. Совет өкіметінің тұсында нақ сол міндеттер, қазіргі кезде антипарламентар сондай маңғазсынумен, сондай тәкаппарлықпен, сондай ұшқалақтықпен, сондай балалықпен қолын бір сермеп өзінен аулақ итеріп отырған міндеттер,— *нақ сол* міндеттер Советтердің *ішінде,* советтік әкімшілік ішінде, советтік «право қорғаушылардың» ішінде қайта туып отыр (біз Россияда буржуазиялық адвокатураны қираттық және қиратқанымыз дұрыс та болды, бірақ ол бізде «советтік» «право қорғаушыларды»[52] бетке ұстап қайта тууда). Совет инженерлерінің ішінде, совет му-

ғалімдерінің ішінде, совет фабрикаларындағы пұрсатты жағдайдағы, яғни ең маман және ең жақсы жағдайға қойылған *жұмысшылардың* ішінде буржуазиялық парламентаризмге тән жаман сипаттардың мүлдем *бәрінің де* ұдайы қайта туып отыратынын көріп жүрміз, сондықтан пролетарлық ұйымшылдық пен тәртіптің қайталанып отыратын, қажымас, ұзақ, қажырлы күресі арқылы ғана біз — бірте-бірте — бұл кеселді жеңіп келеміз.

Әрине, буржуазия үстемдігі тұсында өзіміздің партияның, яғни жұмысшы партиясының ішіндегі буржуазиялық әдеттерді жеңіп шығу өте «қиын»: буржуазиялық соқыр сенімдер арқылы түзелместей болып бұзылған, үйреншікті парламентар көсемдерді партиядан қуып шығу «қиын», буржуазиядан шыққандарды (өте шағын болса да, белгілі дәрежеде) мүлде қажетті мөлшерде пролетарлық тәртіпке бағындыру «қиын», буржуазиялық парламентте жұмысшы табына әбден лайықты коммунистік фракцияны құру «қиын», коммунистік парламентарлардың буржуазиялық-парламенттік жасырынбақ ойнамай, бұқара арасында насихат, үгіт, ұйымдастыру жөніндегі ең көкейтесті жұмыспен шұғылданатын болуына жету «қиын». Мұның бәрі де «қиын», сөз жоқ, Россияда қиын болды, буржуазияның анағұрлым күштірек жері, буржуазиялық-демократиялық дәстүрдің және басқаларының күштірек жері — Батыс Европа мен Америкада одан бетер қиын.

Бірақ бұл «қиыншылықтардың» бәрі — пролетариаттың өзінің жеңіп шығуы үшін де, пролетарлық революцияның кезінде де, пролетариат өкіметті қолға алғаннан кейін де бәрібір сөзсіз орындауына тура келетін *нақ сондай* міндеттермен салыстырғанда тұп-тура балаға лайық қиыншылықтар. *Осы,* шын мәнісінде зор, міндеттермен салыстырғанда: пролетариат диктатурасы тұсында миллиондаған шаруаларды және ұсақ қожайынсымақтарды, жүз мыңдаған қызметшілерді, чиновниктерді, буржуазиялық интеллигенттерді қайта тәрбиелеуге, олардың бәрін пролетарлық мемлекетке, пролетарлық басшылыққа бағындыруға, олардың бойына сіңген буржуазиялық әдеттер мен дәстүрлерді жеңіп

отыруға тура келетін кездегі міндеттермен салыстырғанда,— осы аса зор міндеттермен салыстырғанда буржуазия үстемдігі тұсында, буржуазиялық парламентте, нағыз пролетарлық партияның нағыз коммунистік фракциясын құру баланың да қолынан келетін жеңіл іс.

Егер «солшыл» және антипарламентар жолдастар тіпті осындай кішкентай қиыншылықты жеңіп отыруды да қазір үйренбесе, онда олар не пролетариат диктатурасын орнатуға дәрменсіз болып шығады, буржуазиялық интеллигенттер мен буржуазиялық мекемелерді кең көлемде өзіне бағындырып, қайта жасай алмайды, не *асығыс үйреніп алуға* тиіс болады, сөйтіп мұндай асығыстық арқылы пролетариаттың ісіне аса зор зиян келтіреді, әдеттегіден көп қателіктер жасайды, әлсіздік пен шалағайлықты орта мөлшерден де артық көрсетеді, тағысын-тағылар және тағы сондайлар істеледі деп кесіп айтуға болады.

Буржуазияны құлатқанға дейін және онан соң ұсақ шаруашылық пен ұсақ товарлы өндіріс мүлдем жойылғанға дейін, міне соған дейін буржуазиялық жағдай, меншікшілдік әдеттер, мещандық дәстүрлер жұмысшы қозғалысынан тыс жерде де, оның ішінде де пролетарлық жұмысты бүлдіреді, бүлдіргенде қызметтің тек бір сферасында, парламенттік сферасында ғана емес, қоғамдық қызметтің сөзсіз барлық, әр алуан салаларында да, мәдени және саяси майдандардың бәрінде де түгел бүлдіреді. Сондықтан жұмыстың бір саласындағы «ұнамсыз» міндеттердің немесе қиыншылықтардың *бірінен* жалтаруға, оқшаулануға әрекеттенушілік кейіннен сөзсіз сазайын тартуға тура келетін ең үлкен қателік болып табылады. Жұмыс пен қызметтің барлық салаларын түгелінен меңгеруді, барлық қиыншылықтар мен барлық буржуазиялық дағдыларды, дәстүрлерді, әдеттерді жер-жердің бәрінде де жеңіп отыруды үйрену және үйреніп алу керек. Мәселені бұдан басқаша қоюдың өзі тек ағаттық болады, тек балалық болады.

12. V. 1920.

V

Осы кітаптың орысша басылымында мен голланд коммунистік партиясының тұтас алғанда халықаралық революциялық саясат саласындағы әрекетін сәл-пәл теріс көрсетіппін. Сондықтан, біздің голланд жолдастардың бұл мәселе жөнінде төменде келтірілген хатын жариялау үшін және сонан соң орысша тексте өзім қолданған «голланд трибунистері» деген сөздерді түзетіп, оның орнына «голланд коммунистік партиясының кейбір мүшелері» деген сөздерді жазу үшін, осы жағдайды пайдаланып отырмын[53].

Н. Ленин

ВАЙНКОПТЫҢ ХАТЫ

Москва, 30 июнь, 1920 ж.

Қымбатты Ленин жолдас,

Сіздің мархабатыңыздың арқасында біз, Коминтерннің II конгресіндегі голланд делегациясының мүшелері, Сіздің: «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабыңызбен ол батыс европалық тілдерге аударылып жарияланғанға дейін танысуға мүмкіндік алдық. Өзіңіздің осы кітабыңызда Сіз голланд коммунистік партиясының кейбір мүшелерінің халықаралық саясатта атқарған ролін ұнатпағандығыңызды бірнеше рет атап айтыпсыз.

Біз, солай бола тұрса да, Сіздің олардың қылықтары жөніндегі жауапкерлікті коммунистік партияға жүктегендігіңізге қарсы наразылық білдіруге тиіспіз. Бұл тіпті де дәл емес. Оның үстіне, мұның өзі әділеттік емес, өйткені голланд коммунистік партиясының бұл мүшелері партиямыздың ағымдағы жұмысына өте аз қатысады немесе мүлдем қатыспайды; сонымен қатар олар коммунистік партияның ішінде тікелей немесе жанама түрде оппозициялық ұрандар таратуға әрекеттеніп отыр, ал голланд компартиясы және оның барлық органдары бұл ұрандарға қарсы күні бүгінге дейін мейлінше жігерлі күрес жүргізіп келді, күрес жүргізіп те отыр.

Туысқандық сәлеммен
(голланд делегациясының атынан)

Д. И. Вайнкоп

К. МАРКСКЕ ОРНАТЫЛАТЫН ЕСКЕРТКІШТІҢ ІРГЕСІ ҚАЛАНҒАНДА 1920 ж. 1 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

В. И. Ленин қатысушыларға Карл Маркстің социалистік көсем ретіндегі маңызы туралы қысқа, бірақ күшті сөз сөйледі.

— Саяси бостандықтарға қарамастан, еңбекшілер құлдықта болды. Енді олар жұмысшы революциясына қарай ілгерілеп келеді, бұл революция помещиктер мен капиталистерсіз социалистік қоғам орнататын болады. Осы социалистік қоғамды және дүние жүзілік Совет республикасын орнатуға көмектесудің ұлы абыройы мен бақыты Россияның үлесіне тиіп отыр. Осы халықаралық еңбек мейрамы күні, еңбекшілердің социалистік қоғамын ұйымдастыру міндетін орындай алатынымызды жұрттың бәріне дәлелдегіміз келген күні біз Карл Маркcті құрметтеп еске түсіріп отырмыз. Сондықтан мен ұлы ұстазға арнап өзіміз іргесін қалап отырған ескерткіш сіздердің бүкіл назарларыңызды қанаушылыққа орын болмайтын қоғам құру үшін ұзақ еңбек ету қажеттігіне аударуға шақырып тұрады деп сенемін.

«Известия ВЦИК» № 94, 4 май, 1920 ж.

«Известия ВЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АЗАТ ЕҢБЕККЕ ОРНАТЫЛАТЫН ЕСКЕРТКІШТІҢ ІРГЕСІН ҚАЛАУҒА АРНАЛҒАН МИТИНГІДЕ 1920 ж. 1 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

(Қатысушылардың бәрінің жаппай қол шапалақтауы үстінде Ленин жолдас трибунаға шығады.) Жолдастар! Бұрын осы жерде патшаға ескерткіш тұрушы еді, ал енді біз осы жерге азат еңбекке ескерткіштің іргесін қалаймыз. Шаруалар мен жұмысшылар капиталистерге өздерінің еңбегін сатуға мәжбүр болып, осының нәтижесінде аштан өлуге ерікті болып отырғанда, капиталистер мұны еркін еңбек деп атады. Біз мұндай еңбекті жалдама құлдық деп атаймыз. Еркін еңбекті ойдағыдай етіп ұйымдастыру және бастан кешіріп отырған ауыр уақыт жағдайында жұмыс істеу оңай емес екенін біз білеміз. Бүгінгі сенбілік осы жолдағы алғашқы қадам болып табылады, бірақ, осылай ілгері баса отырып, біз шын мәнінде еркін еңбекті орнатамыз. (Ұзақ, жаппай қол шапалақтау. Оркестр «Интернационалды» орындайды.)

«Правда» № 94 және «Известия ВЦИК» № 94, 4 май, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МОСКВА-ҚАЗАН ТЕМІР ЖОЛЫНДАҒЫ БІРІНШІ СЕНБІЛІКТЕН БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЕНБІЛІК-МАЕВКАҒА[54]

Тақырыпта көрсетілген меже бір жылдың ішінде өтілді. Бұл орасан ұзақ меже. Біздің сенбіліктеріміздің бәрі де әлі қаншама әлсіз болғанымен, істің жолға қойылуы, ұйымшылдық, тәртіптілік жағынан қандай сенбілікте болсын байқалып отырған кемшіліктердің қаншалықты сансыз коп болғанымен, қайткенде де ең басты іс істелді. Салмағы аса ауыр жүк орнынан қозғалтылды, істің бүкіл түйінінің өзі де нақ осында.

Істелген істің әлі соншалық аз екендігі және ілгеріде істелетін істің әлі ұшы-қиырсыз көп екендігі жөнінде біз өзімізді тіпті де алдамаймыз; тек еңбекшілердің қаскүнем жаулары ғана, буржуазияның қаскүнем жақтастары ғана бірінші май сенбілігіне немқұрайды қарай алады, нағыз қарғыс атқан және капиталистерге біржолата сатылған адамдар ғана ұлы бірінші май мейрамын коммунистік еңбекті жаппай енгізе бастау әрекеті үшін пайдалануды жазғыра алады.

Патшаларды, помещиктер мен капиталистерді құлатқаннан кейін ғана социализмнің нағыз құрылысы үшін, жаңа қоғамдық байланысты, ортақ еңбектің жаңа тәртібін, бүкіл халық шаруашылығының (ал содан кейін халықаралық шаруашылықтың) бүкіл дүние жүзілік-тарихи жаңа укладын жасау үшін алғаш рет жол ашылып отыр. Мұның өзі өндіріс құрал-жабдықтарына қарғыс атқан жеке меншікпен, ал мұнымен бірге оқшауланған ұсақ шаруашылық, өз араларындағы «еркін» айырбас кезінде меншікшілер шаруашылығы ту-

дырмай қоймайтын — және үнемі жаңадан туындатып отыратын — қырқысушылық, сенбеушілік, дұшпандық, бытырандылық, бірін-бірі алдаушылық атмосферасымен ұзақ уақыт ластанып, бұзылып келген мінез-құлықтардың өзін қайта жасау ісі болып табылады. Сауда еркіндігі, айырбас еркіндігі жүздеген жылдар бойы миллиондаған адамдар үшін экономикалық даналықтың ең ұлы өсиеті, талай жүздеген миллион адамдардың сүйегіне сіңген әдеті болып келді. «Еңбек еркіндігі» (аштан өлу еркіндігі деп оқы), т. с. тәрізді, буржуазия жариялаған және жүзеге асырған басқа «еркіндіктер» сияқты әлгі еркіндік те түгелдей жалған еркіндік, капиталистік алдаудың, зорлық-зомбылықтың, қанаудың бүркеніші болып табылады.

Меншікшінің осы меншікші болу «еркіндігінен», еңбекті капиталдың осы қанау «еркіндігінен» біз қол үздік және біржолата қол үземіз, онымен аяусыз және жанқиярлық күрес жүргіземіз.

Ескі қоғамдық байланыстар, ескі экономикалық қатынастар, ескі *(капиталға бағынған)* еңбек «еркіндігі», ескі заңдар, ескі әдеттер жойылсын!

Жаңа қоғам құрамыз!

Патша өкіметіне қарсы, буржуазияға қарсы, бүкіл дүние жүзілік-құдіретті империалистік державаларға қарсы жүргізілген ұлы революциялық соғыстар барысындағы жеңілістер бізді қорқыта алған жоқ.

Орасан зор қиыншылықтар және аса қиын істің бастапқы кезінде болмай қоймайтын қателіктер бізді қорқыта алмайды, өйткені барлық еңбек дағдылары мен мінез-құлықтарды қайта жасау ісі — ондаған жылдардың ісі. Сондықтан біз қандай құрбандыққа да болсын әзірміз деп, нақ осы ауыр күресте,— әдет күшіне қарсы күресте,— төтеп береміз, төзімділік көрсетеміз деп, жылдар, ондаған жылдар дамылсыз жұмыс істейміз деп, біз бір-бірімізге салтанатты және берік уәде береміз. Біз: «әркім өз басының қамын ойлайды, бір құдай тағала баршамыздың қамын ойлайды» дейтін қарғыс атқан ережені жою үшін, еңбекті тек міндеткерлік іс деп және белгілі норма бойынша ақы төленетін еңбекті ғана заңды нәрсе деп есептейтін әдетті жою үшін жұ-

мыс істейміз. Біз: «бірі үшін бәрі, бәрі үшін бірі» деген ережені, «әркім қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген ережені бұқараның санасына, әдетіне, күнделікті тұрмысына енгізу үшін, бірте-бірте, бірақ бұлжытпай коммунистік тәртіп пен коммунистік еңбекті енгізу үшін жұмыс істейміз.

Біз сұмдық ауыр зіл қара тасты, «еркін сауда» мен кез келген бір басқа товар сияқты адамның жұмыс күшін «еркін» сатып алу-сату әдетін қорғаудағы кертартпалықтың, надандықтың, қасарыспалықтың зіл қара тасын орнынан қозғадық. Біз барынша терең тамыр жайып алған соқыр сенімдерді, ең берік, ғасырлар бойғы, тұрпайы әдеттерді қопарып, қирата бастадық. Біздің сенбіліктер бір жылдың ішінде ілгері қарай орасан зор қадам басты. Бұл сенбіліктер әлі мейлінше әлсіз. Бізді мұнымен қорқыта алмайсың. Біз «мейлінше әлсіз» Совет өкіметінің өзіміздің күш салуымызбен көз алдымызда нығайғанын және мейлінше қуатты бүкіл дүние жүзілік күшке айнала бастағанын көріп отырмыз. Біз сенбіліктерді қолдану, оларды дамыту, тарату, жақсарту, мінез-құлыққа сіңіру жолында жылдар, ондаған жылдар бойы жұмыс істейтін боламыз. Біз коммунистік еңбектің жеңісіне жетеміз!

«Первомайский Субботник», 2 май, 1920 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Первомайский Субботник» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПОЛЬША МАЙДАНЫНА БАРА ЖАТҚАН ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРГЕ АРНАП 1920 ж. 5 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[55]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Жолдастар! Антанта арандатқан поляк помещиктері мен капиталистері бізге жаңа соғысты таңғанын өздеріңіз білесіздер. Естеріңізде болсын, жолдастар, поляк шаруаларымен, жұмысшыларымен біздің дауымыз жоқ, біз Польшаның тәуелсіздігін және Польша халық республикасын мойындағанбыз, мойындаймыз да. Біз, Польша шекаралары таза поляк халқы тұратын жерлерден анағұрлым тысқары жерді алып жатса да, оның шекараларына қол сұғылмайды деген шартпен Польшаға бітім жасасуды ұсынғанбыз. Біз барлық кеңшілікке бардық, мұның өзі майданда сіздердің әрқайсыңыздың есіңізде болсын. Сіздердің поляктарға деген көзқарастарыңыз онда сіздердің жұмысшы-шаруа республикасының солдаттары екендеріңізді, сіздердің оларға езушілер ретінде емес, азат етушілер ретінде барғандарыңызды дәлелдейтін болсын. Қазір, біздің ынта-ниетімізге қарамастан, поляк пандары Петлюрамен одақ жасасып отырғанда, олар шабуылға көшіп отырғанда, олар Киевке таяу қалып отырғанда, шетелдік баспасөзде олар Киевті алып та қойыпты деген лақап таратылып отырғанда,— осы шылғи өтірік таратылып отырғанда, өйткені мен күні кеше ғана Киевтегі Ф. Конмен тікелей провод арқылы сөйлескенмін,— қазір біз былай дейміз: жолдастар, біз бұдан да гөрі қатерлі жауға тойтарыс бере алғанбыз, біз өзіміздегі помещиктер мен капиталистерді жеңіп шыға алған-

быз,— біз поляк помещиктері мен капиталистерін де жеңеміз! Поляк пандары мен капиталистерінің жеңуіне жол бермеу үшін біз бәріміз бір кісідей жұмыламыз деп, біз бүгін осы жерде бәріміз де ант етуге, салтанатты уәде беруге тиіспіз. Ерікті тәуелсіз Польша республикасының шаруалары мен жұмысшылары жасасын! Поляк пандары, помещиктері мен капиталистері жойылсын! Біздің Жұмысшы-шаруа қызыл армиясы жасасын! (**«Интернационалдың» құдіретті әуені мен «ура» деген дауыстар Ленин жолдастың соңғы сөздерін жаңғырықтырып әкетеді.**)

«Правда» № 96 және
«Известия ВЦИК» № 96,
6 май, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, МОСКВА СОВЕТІНІҢ, КӘСІПТІК ОДАҚТАР МЕН ФАБРИКА-ЗАВОД КОМИТЕТТЕРІНІҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1920 ж. 5 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[56]

(Қол шапалақтау.) Жолдастар, халықаралық тұрғыдан қарағанда немесе, дұрысырақ айтқанда, Россияның халықаралық жағдайы тұрғысынан қарағанда, қазіргі соғыстың бұрынғы соғыстардан айырмашылығын көрсететін мәселенің бір жағына мен сіздердің назарыңызды аударғым келеді. Әрине, бұл соғыстың өзі жеңімпаз пролетариатқа халықаралық буржуазияның аласұрған қарсылығын көрсететін, халықаралық буржуазияның Советтік Россияны тұншықтыру, қайткен күнде де, қандай құралмен болса да тұңғыш Совет өкіметін құлату үшін аласұрған әрекетін көрсететін оқиғалардың ұзын тізбегіндегі бір буын болып табылады, бұған сіздердің ешқайсыңыз да күмәнданбайсыздар және күмәндануға болмайды. Әрине, бұл құбылыстардың арасында, халықаралық буржуазияның бұрынғы әрекеттері мен қазіргі соғыстың арасында байланыстың сөзсіз бар екендігінде титтей де күмән жоқ. Бірақ сонымен бірге біз: халықаралық жағдайымыздың тұрғысынан қарағанда бұл соғыс пен бұрынғы соғыстардың арасында қаншалықты зор айырма бар екенін, біздің күресіміз халықаралық жұмысшы қозғалысына қаншалықты орасан зор қозғау салғанын, дүние жүзінің пролетариаты Советтік Россияның жеңістеріне қалай қарайтынын, дүние жүзілік пролетарлық күрестің қалай дамып, қалай нығайып келе жатқанын және Совет республикасы өмір сүріп отырған екі жылдан аз ғана астам уақыттың ішінде қаншалықты орасан зор жұмыс істелгенін көріп отырмыз.

Бүкіл дүние жүзінде өздеріне теңдесі жоқ ең құдіретті капиталистік державалардың ең жауапты, ең құдіретті министрлері өздерінің Россияға қарсы 14 державаның одағын әзірлегенін осы жуық арада ғана жариялағаны сіздердің естеріңізде; бұл одақ Франция мен Англияның құдіреті күшті капиталистерінің қысымымен Юденичті, Колчакты және Деникинді топтастырып, соғыс жөнінде шынында да орасан зор және бәрін түгел қамтитын жоспар жасағанын сіздер білесіздер. Егер біз бұл жоспарды қиратқан болсақ, онда мұның себебі мынадан: империалистердің бірлігі дегеннің бәрі тек елес қана және әңгіме шын құрбандыққа бару туралы бола қалған күнде, халықаралық буржуазия күштері бір жолғы сынға да төтеп бере алмайды. Төрт жылғы империалистік қырғыннан кейін еңбекшілер бұқарасы бізге қарсы соғысты әділетті деп танымайтын болды, сөйтіп олар біздің ұлы одақтасымыз болып отыр. Антантаның жоспары шынында да қирату жоспары еді, бірақ капиталистік державалар, өздерінің құдіретті одақ жасасқанына қарамастан, мұны жүзеге асыра алмағандығы салдарынан бұл жоспардың өзі қирады: олар мұны іске асыруға дәрменсіз болып шықты. Қай-қайсысы да бізден басым державалардың бір-әбіреуі бірлік көрсете алмады, өйткені ұйымдасқан пролетариат оны қолдамайды; бірде-бір армия — француз армиясы да, ағылшын армиясы да — өз солдаттарын орыс жерінде Совет республикасына қарсы шайқасқа түсуге қабілетті ете алмады.

Біздің республикамыз шынында да бүкіл дүние жүзіне қарсы, бізден өлшеусіз күшті державаларға қарсы тұрған кезде, республикамыздың қандайлық аса қауіпті жағдайда болғанына ой жүгіртіп қарайтын болсақ, сөйтіп біз осы ауыр сындардың бәрінен де қалайша әбден жеңімпаз болып шыққанымызды еске түсіретін болсақ, онда сол есте сақталғандар қазір біздің алдымызда не тұрғаны жөнінде бізге айқын түсінік береді. Бұл арада біздің қолымыздағы жаңа жоспар емес, сонымен бірге мұның осыдан жарты жыл бұрынғы бәрін түгел қамтитын бірыңғай жоспарға түк ұқсастығы да жоқ. Біз ескі жоспардың қалдықтарына душар болып

отырмыз, сондықтан да мұның өзі күштердің халықаралық арасалмағы тұрғысынан қарағанда қазіргі әрекеттің үмітсіздігі жөнінде бізге бәрінен де гөрі көбірек кепілдік береді. Біз ескі жоспардан барлық империалистік державалар тарапынан бұрынғы Россия империясының шет аймақтарындағы бұрын Великороссияның патша үкіметі және капиталистік үкіметі арсыздықпен, өрескел түрде езіп келген барлық ұсақ мемлекеттермен одақтасып алып, жұмысшы-шаруа республикасын тұншықтыруға әрекет жасалғанын көрген едік; ал қазір кейбір державалар барлық империалистік державалардың барлық шектес мемлекеттермен одақтаса отырып істей алмағанын және олардың осыдан бір жыл, жарты жыл бұрын Колчакпен, Деникинмен, тағы басқалармен одақтаса отырып қолға алған ісін шектес мемлекеттердің біреуімен одақтасып алып істеуге әрекеттеніп жүр. Біз қазір империалистік жоспардың қалдықтарын көріп отырмыз. Империалистік жоспарлардың өзгешелігі мынада — бұл арада буржуазия өзінің жабысып айрылмайтындығын ерекше көрсетеді. Ол өз еліндегі өкімет үшін күресіп жатқанын, бұл арада орыс немесе поляк мәселесі емес, оның өзінің өмір сүру мәселесі шешілгелі тұрғанын біледі. Сондықтан да бұл буржуазия жоспардың қандай бір қалдықтарынан болса да ескі, адыра қалған жоспарды қайта жаңғыртуға тырысып бағады деп күту керек.

Империалистік мемлекеттер мүдделерінің қайшылықта болатыны біздің бәрімізге айқын. Даулы мәселелерді бейбіт реттеу жөнінде олардың министрлері талай-талай мәлімдемелер жасағандарына қарамастан, шын мәніне келгенде империалистік державалар саяси мәселелерде бірігіп бірде-бір келелі адым жасай алмайды, әрдайым алауыздық көрсетіп отырады. Француздарға күшті Польша керек және патшалық типтегі күшті Россия керек, сондыктан олар осы мақсат үшін барлық құрбандықтарға баруға әзір. Ал Англияға келетін болсақ, ол өзінің географиялық жағдайына сәйкес, басқа мақсатты көздейді — Франция мен Германия арасында бір-бірінен басымдық болмауы үшін Россияны бөлшектеуге, Польшаны әлсіретуге тырыса-

ды, бұл жеңіп шыққан империалистерге өздерінің Германияны тонап, дүние жүзілік соғыстың нәтижесінде ие болған отарларын басқаруын қамтамасыз етер еді. Бұл арада мүдделер қайшылығы аса күшті, сондықтан империалистік державалардың өкілдері Сан-Ремода[57]: одақтастардың арасында толық пікір бірлігі салтанат құрып отыр деп бізді қаншама сендірмек болса да, олардың арасында ешқандай келісім жоқ екендігін біз білеміз.

Польша шабуылы — бір кездері бүкіл халықаралық буржуазияны біріктірген ескі жоспардың қалдықтары екенін біз білеміз, ал егер тек соғыс тұрғысынан ғана сөзсіз табысқа жетуді қамтамасыз етпекші болған осы орасан зор жоспар сол кездің өзінде іске аспай қалған болса, онда қазір бұл жоспарға тіпті осы тұрғыдан да үміт артуға болмайды. Оның үстіне, біздің білетініміз, поляк буржуазиясымен одақ жасасқан империалистік державалар да, Польша үкіметі де бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде әбден шатасты. Поляк буржуазиясы соңғы айлардың, соңғы апталар мен күндердің ішінде қадам басқан сайын өз саясатымен өздерін еңбекші бұқарасының алдында әшкерелеп отыр, өздерінің одақтастарымен араздасып отыр, ол өз саясатында дәйекті бірде-бір адым жасай алмайды. Біресе өздерінің Советтік Россиямен ымыраға келе алмайтынын және онымен қандай да болсын бір тілге келу мүмкін емес екенін жариялап, біресе оған блокада жасауды тоқтатып және бұл туралы бейне бір нақты өмір сүруші одақтың, бейне бір нақты өмір сүруші Ұлттар лигасы атынан салтанатты мәлімдеме жариялап, біресе ауытқу саясатына қайта оралып,— империалистер мұнысымен бізге өзіміздің бейбітшілік саясатымызды дәлелдеуімізге, біздің халықаралық саясатымыздың патша саясатымен де, орыс капиталистерінің саясатымен де немесе орыс буржуазиясының, тіпті ең болмағанда демократиялық буржуазияның саясатымен де ешқандай жанастығы жоқ екенін дәлелдеуімізге мүмкіндік беріп келді және беріп отыр. Біздің сыртқы саясатымыздың бізге барлық буржуазиялық газеттер үнемі таңып келген саясатпен ешқандай жанастығы жоқ екендігін біз

бүкіл дүние жүзі алдында дәлелдедік. Сонымен, Польша саясатында олардың өздері әшкерелемеген бірде-бір өтірік қалған жоқ. Орыстың үш революциясының тәжірибесінен біз бұл революциялардың қалай әзірленгендігін және осы революциялардың әрқайсысының негізінде ішкі және халықаралық саясаттың әрі қарай қалай дамып отырғанын білеміз. Бұл тәжірибе революцияны әзірлеу ісінде үстем таптардың бірқатарының бізге ең сенімді көмекші болып табылатынын көрсетіп отыр, бұл үстем таптар әр алуан коалицияларды, құрылтайларды, тағы басқаларды талап еткен болып, бейне бір халық еркін білдірген болып, ал іс жүзінде өздерінің саясаты арқылы ұлт өмірінің әрбір елеулі, ауыр және жауапты кезеңінде, бітісе алмайтын, бірімен-бірі жұлқыласып жатқан буржуазиялық топтардың, бірімен-бірі бәсекелесіп жатқан капиталистер топтарының құлқынын көрсетіп отырады, бұл топтар өздерін-өздері коммунистік насихаттың әшкерелегенінен гөрі жүз есе көп әшкерелеп отырады. Жұмысшы табы, оның ең революцияшыл тап болғанына қарамастан, бірде-бір елде, бірде-бір мемлекетте ешбір насихат пен ешбір үгіт арқылы, егер бұл үгітті оның өз елінің үстем таптары өздерінің іс жүзіндегі мінез-құлқымен растап отырмаса, революциялана алмаған болар еді.

Егер біз күмәнсыз ең ауыр соғыста жеңіп шыққан болсақ, егер біз буржуазияның түрлі топтары мен партияларына осындай бірігушілік өте қажет болып тұрған кезде, олардың арасындағы араздықты және ымыраға келу мүмкін еместігін дұрыс ескерген болсақ,— онда қазірде барлық капиталистік елдерде, әсіресе Польша сияқты елде болып жатқан және неғұрлым әрі барған сайын соғұрлым күштірек бола беретін оқиғалар біздің халықаралық жағдайымыздың қазір орасан жақсарғандығы жөнінде бізге сенім береді. Бұл бізге күштердің ішкі арасалмағы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар халықаралық арасалмағы тұрғысынан да сенім береді. Егер біз қазіргі барлық империалистік мемлекеттердің бүкіл системасын, олардың барлық ниеттерін алатын болсақ,— ал олардың Россия-

ға тиісу үшін әрбір кезеңді пайдаланып қалу ниеттерінен арыла алмайтыны бізге мәлім,— және соңғы жылдардың, әсіресе соңғы жарты жылдың тарихының теріске шығарылмас фактілері тұрғысынан қарап барынша объективті түрде бағалайтын болсақ, онда мұның өзі бізге халықаралық жаудың әлсіреп бара жатқандығын, империалистердің арасындағы бірігу әрекеттерінің қандайы болса да барған сайын үмітсіз болып бара жатқандығын және осы жағынан алғанда біздің жеңісіміздің қамтамасыз етіліп отырғандығын көрсетеді.

Бірақ, жолдастар, қазіргі уақытта біз шаруашылық міндетпен шұғылданып, бейбіт шаруашылық құрылысына барлық назарды аударып, төніп келе жатқан жаңа соғыстың алдында тұрғанымызда, өз қатарымызды тез арада қайта құру біз үшін аса қажет. Соңғы кезде еңбек армиясы[58] болған біздің бүкіл армиямыз енді өзінің назарын мәселенің басқа жағына аударуға тиіс; біз өзіміздің барлық жұмысымызды былай қойып, осы жаңа соғысқа назар аударуға тиіспіз. Қазір біздің алдымызда тұрған дұшпан, өзіміздің бастан кешіргендерімізден кейін, бізге қорқынышты емес, бірақ ол жұмысшылар мен шаруалар тарапынан жаңа ауыр құрбандықтарды талап етуі мүмкін, біздің шаруашылық құрылысымызды әлденеше есе қиындатуы мүмкін, ондаған, жүздеген және мыңдаған шаруалар шаруашылықтарын күйзеліске, бүліншілікке ұшыратуы мүмкін, сондай-ақ ол дұшпан өзінің уақытша жеңістері арқылы біз талқандаған, өзіне қосыла кетуге, әрине, әзір тұрған империалистердің сөнген үмітін қайта тұтандыруы да мүмкін, біз мұны жақсы білеміз. Сондықтан біз барлық бұрынғы соғыстардың тұсында өзіміздің қолданып келген ережеміз қазір де сөзсіз қайта орнауға тиіс деуіміз керек. Егер біздің ымыраға келуге деген шын ниетімізге қарамастан, біздің аса зор кеңшіліктер жасағанымызға қарамастан, біздің барлық ұлттық талаптардан бас тартқанымызға қарамастан, поляк помещиктері мен поляк буржуазиясы бізге соғысты еріксіз таңып отырған болса, егер барлық елдердің буржуазиясы, тіпті қазіргі кезде поляктарға көмектеспей

отырғаны да, соғыс қызған кезде оларға көмектесетініне сенетін болсақ,— ал біз бұған сенуге тиіспіз, өйткені орыс немесе поляк мәселесі ғана емес, бүкіл буржуазияның өмір сүру мәселесі шешілгелі отыр,— онда біз өзіміздің саясатымызда ұстап келген және біздің табысқа жетуімізді әрқашан қамтамасыз етіп келген ережені еске түсіруге тиіспіз және қайткенде де іске асыруға, ақырына дейін жүзеге асыруға тиіспіз. Бұл ереже мынада: іс соғысқа барып соққан екен, онда бәрі де соғыс мүдделеріне бағындырылуға тиіс, еліміздің бүкіл ішкі өмірі соғысқа бағындырылуға тиіс (қол шапалақтау), бұл жөнінде титтей де қобалжуға жол берілмеуге тиіс. Жуырда ғана басқа жолға, бейбіт құрылыстың міндеттері үшін неғұрлым игілікті және қажет жолға көшірілген жұмыстап қол үзу жолдастардың орасан көпшілігіне қаншалықты ауыр бола тұрса да, болмашы қателіктің, жете көңіл бөлмеушіліктің өзі екінің бірінде біздің таңдаулы жолдастарымыздың, біздің жұмысшылар мен шаруалардың жас ұрпақтарының, әрдайым күрескерлердің алдыңғы сапында болып келген біздің коммунистердің ондаған мыңы орынсыз қазаға ұшырайды деген сөз, мұны есте сақтау керек. Сондықтан бәрі де соғыс үшін деп тағы да қайталап айтамыз. Қандай істі болса да талқылаудың кезінде: соғысқа көмектесу үшін біз осы бәрін де істедік пе, өз күштерімізді жеткілікті жұмылдырдық па, майданға жеткілікті көмек жіберілді ме?— деген мәселе бірінші орынға қойылмайынша, бірде-бір жиналыс, бірде-бір кеңес өтпейтін болсын. Майданда көмек беру қолынан келмейтін адамдар ғана осында қалулары керек. Қобалжушылық атаулының бәрін ысырып тастап, барлық құрбандық майданға, барлық көмек майданға берілсін. Сонымен, барлық күшімізді жұмылдыра отырып, барлық құрбандыққа барып, біз, күмән жоқ, бұл жолы да жеңіп шығамыз. (Қол шапалақтау.)

«Правда» № 96 және «Известия ВЦИК» № 96, 6 май, 1920 ж.

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған мына бюллетеньнің тексті бойынша басылып отыр: «Жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің стенографиялық есептері» № 4

АЗЕРБАЙЖАН СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК ҮКІМЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА

Баку

Халық Комиссарлары Советі тәуелсіз Азербайжан республикасының еңбекші бұқарасының азат етілуін құттықтайды және өзінің Совет үкіметінің басшылығымен Азербайжан тәуелсіз республикасы РСФСР-мен бірге өз бостандығы мен тәуелсіздігін Шығыстың езілген халықтарының қас жауынан — империализмнен — қорғап қалатындығына кәміл сенім білдіреді.

Азербайжанның тәуелсіз Советтік республикасы жасасын!

Азербайжанның жұмысшылары мен шаруалары жасасын!

Азербайжан мен Россияның жұмысшылары мен шаруаларының одағы жасасын!

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

1920 ж. 5 майда жазылған

1920 ж. 9 майда «Коммунист» газетінің (Баку) 7-номерінде басылған

Телеграф бланкісінің текстімен салыстырылған газеттің тексті бойынша басылып отыр

РОГОЖСКО-СИМОНОВСК АУДАНЫНДА ЖҰМЫСШЫ-ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРДІҢ БҰҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1920 ж. 13 МАЙДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Совет республикасы тағы да ауыр кезеңді басынан кешіріп отыр. Колчак пен Деникиннен құтылған орыс пролетариаты өзінің бүкіл рухани және дене күшін елдің экономикалық өмірін қалпына келтіруге бағыттамақшы еді. Біз поляк буржуазиялық үкіметінің жаңа авантюраға баруға батылы бармас деп ойлаған едік. Рас, поляк коммунистері: поляк үкіметінің бұдан әрі жоғалтатын еш нәрсесі қалған жоқ, демек, ол өз жұмысшылары мен шаруаларын кез келген авантюраға айдап салудан тартынбайды деген болатын. Бірақ біз поляк пролетариаты Литва* және Белоруссия пролетариатымен бірлесе отырып, поляк буржуазиясы мен пандарын айдап шығуға әрекет жасайтын болар деп ойлаймыз. Орыс жұмысшы-шаруа үкіметі Польшаға орасан зор кеңшілік жасады, сөйтіп ол осы арқылы патша өкіметінің шағын мемлекеттер жөніндегі саясатынан өзінің біржола қол үзгендігін поляк халқына дәлелдегісі келді.

Өзінің әскери құрал-жабдықтарын жақсы бағамен Польшаға өткізуді және Колчак пен Деникиннен шеккен зиянын өтеуді көздеген француз капиталистері поляк буржуазиясын қолдап әрекет етуде.

Бір тамашасы сол, жұмысшыларға өзінің шын бейнесін көрсетуден қорыққан Антантаның бірде-бір мемлекеті Советтік Россияға ашықтан-ашық қарсы шығуға

* Газетте: «Литва» деудің орнына «Латвия» деп қате басылған. *Ред.*

бата алмай отыр. Қазіргі кезеңде біз үшін ең маңызды нәрсе — жаңа қан төгісті болдырмау үшін біз мүмкін деген нәрсенің бәрін істегенімізді және поляк жұмысшысы мен шаруасы бізге жау емес екендігін, ал егер поляк буржуазиясы, Петлюрамен қосылып, соғыспақшы болып отырса, онда біздің соғысатынымызды және мейірімсіз болатынымызды саяси сауатсыз және артта қалған азаматтарға ұғындыру. Қандай соғыста болсын жеңіс сайып келгенде ұрыс майданында қан төгетін бұқараның рухани дәрежесіне байланысты. Соғыстың әділеттілігіне сенімділік, өз бауырларының игілігі үшін жанын құрбан етудің қажеттігін түсіну солдаттардың рухын көтереді және оларды адам естіп көрмеген ауыртпалықтарға төзуге көндіреді. Патша генералдарының айтуынша, біздің қызыл әскерлеріміз патшалық құрылыстың армиясы ешқашан төзе алмайтын ауыртпалықтарға төзеді. Мұның себебі мынада: қару асынған әрбір жұмысшы мен шаруа өзінің не үшін бара жатқанын біледі, сондықтан әділеттілік пен социализмнің салтанат құруы жолында саналы түрде өзінің қанын төгуге барады.

Соғыстың мақсаттары мен себептерін бұқараның осылайша ұғына білуінің зор маңызы бар және мұның өзі жеңісті қамтамасыз етеді.

Біздің ел соғыстан азап шекті, сондықтан біз өте зор кеңшіліктер жасау арқылы қан төгісті тоқтатқымыз келеді, сөйтіп бейбіт еңбекке кіріскіміз келеді. Сондықтан да, Буллит Россияға келіп, ауыр бітімді ұсынғанда, Совет өкіметінің нығаюына мүмкіндік беру үшін, Совет үкіметі ол бітімге қол қойды[59].

Қазіргі кезде біз тағы да: «Бәрі де соғыс үшін» деп ұран тастауға мәжбүр болып отырмыз. Барлық ұйымдар, кәсіптік ұйымдар да, партия ұйымдары да, қазір өздерінің барлық күшін қаһарман Қызыл Армияға көмекке берулері тиіс.

Әділеттілік біздің жағымызда екендігіне біз көп ұзамай-ақ бүкіл дүние жүзінің көзін жеткіземіз.

Кеше Питерге ағылшын тред-юниондарының делегациясы келді, бұлардың ішінде бізге тілектестері шамалы-ақ, бірақ бұлар еліне қайтып барысымен-ақ біздің

пайдамызға сөйлейтін жақсы үгітшілер болатындығына біз сенеміз[60]. Тіпті бұрынғы патша генералдары да Польшаның талаптарын әділ емес деп танып, бізге көмекке келіп жатыр. Бәріміз де — орыс жұмысшылары да, шаруалары да: «Бәрі де соғыс үшін, бәрі де жеңіс үшін» дейміз. Жеңісті қамтамасыз ету үшін барлық күшімізді жұмсайық. (Ду қол шапалақтау.)

«Коммунистический Труд»
№ 44, 14 май, 1920 ж.

«Коммунистический Труд» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ИНДИЯ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫНА[61]

Жұмысшы-шаруа республикасы жариялаған өзін өзі билеу және езілген халықтардың шетелдік капиталистер мен өз капиталистерінің қанауынан азат етілу принциптері өз бостандығы жолында қаһармандық күрес жүргізіп жатқан саналы үнділердің арасында сондай қызу қолдау тапты дегенді естігеніме қуаныштымын. Орыс еңбекшілерінің бұқарасы үнді жұмысшысы мен шаруасының оянып келе жатқанын айрықша зер сала қадағалап отыр. Еңбекшілердің ұйымшылдығы мен тәртіптілігі, олардың ұстамдылығы және бүкіл дүние жүзі еңбекшілерімен ынтымағы түпкілікті табысқа жетудің кепілі болады. Мұсылман элементтер мен мұсылман емес элементтердің тығыз одағын құттықтаймыз. Бұл одақтың Шығыстың барлық еңбекшілері арасына тарауын шын көңілден тілейміз. Үнді, қытай, корей, жапон, парсы, түрік жұмысшысы мен шаруасы бір-біріне қол созып, баршаға ортақ азаттық ісіне бірлесіп аттанғанда ғана, тек сонда ғана қанаушыларды үзілді-кесілді жеңіп шығу қамтамасыз етіледі. Азат Азия жасасын!

«Правда» № 108 және «Известия ВЦИК» № 108, 20 май, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ШИКІЗАТ ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[62]

Комиссия құрылып, оған екі апталық мерзімге арналған мынадай тапсырма берілсін:

1) Бүкіл астық пен шикізат дайындауды бір ведомствоға біріктіру немесе бұл үшін тиісті ведомстволарды жеткілікті берік, мақсатқа сай етіп біріктіру шаралары белгіленсін. Кооператив аппараты міндетті түрде пайдаланылатын болсын.

2) Азық-түлік армиясын және ішкі күзет әскерін шикізат атаулыны дайындау ісіне пайдалану туралы мәселені, содан соң сыйлықтар мен товар айырбасын (жалпы ереже ретінде, коллективтік товар айырбастарын) қолданудың, атап айтқанда шаруалардың тапсырған шикізатының бір бөлегін өңделген өнім түрінде шаруаларға қайтарып берудің шарттары мен нақты мөлшерлері туралы мәселені комиссия ерекше қарауға тиіс.

3) Шикізатты дайындау жөнінде салымды барлық жерде қолдану, сондай-ақ тұрақты бағаларды да қолдану міндетті болсын.

1920 ж. 25 майда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АҒЫЛШЫН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ[63]

Жолдастар! Советтік Россиямен танысу үшін бізге өздеріңіздің делегацияңызды жібергендеріңіз үшін ең алдымен сіздерге алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Сіздердің делегацияңыз өзі арқылы ағылшын жұмысшыларына менің хат жіберуімді, сондай-ақ, бәлкім, ағылшын үкіметіне де ұсыныс жіберуімді ұсынғанда, мен біріншi ұсынысты алғыс айта қабылдаймын деп жауап бердім, ал үкіметке мен жұмысшы делегациясы арқылы емес, тікелей өз үкіметіміздің атынан Чичерин жолдас арқылы сөз салуға тиіспін. Біз осы тұрғыдан бітім туралы келіс сөздерді бастайық деп ағылшын үкіметіне нағыз ресми және салтанатты түрде тіпті талай рет ұсыныс жасағанбыз. Біздің осы ұсыныстарымызды барлық өкілдеріміз, Литвинов жолдас та, Красин жолдас та, басқаларының бәрі де үнемі ұсынумен келеді. Ағылшын үкіметі біздің ұсыныстарымызды қасарып қабылдамай отыр. Сондықтан менің ағылшын жұмысшыларының делегаттарымен тек жұмысшы делегаттары ретінде ғана және өзім Советтік Россия үкіметінің өкілі ретінде емес, коммунист ретінде ғана сөйлескім келгені таңданарлық емес.

Сіздердің делегацияңыздың бірқатар мүшелерінің жұмысшы табы көзқарасында тұрмай, буржуазияның, қанаушылар табының көзқарасында тұрғандығы мені таңдандырмайды, өйткені барлық капиталистік елдерде империалистік соғыс ескі бітеу жараның бар екендігін: атап айтқанда жұмысшылардың парламенттік және

тред-юниондық көсемдері көпшілігінің буржуазия жағына өтіп кеткендігін әбден байқатты. «Отан қорғау» деген жалған желеумен олар іс жүзінде бүкіл дүние жүзілік қарақшылардың екі тобының бірінің: ағылшын-американ-француз тобының немесе герман тобының тонаушылық мүдделерін қорғады; пролетариаттың революциялық күресіне қарсы буржуазиямен одақтасты; бұл опасыздықтарын бейбіт эволюция туралы, конституциялық әдістер туралы, демократия, тағы басқалар туралы көлгірсінген-мещандық, реформистік және пацифистік жел сөздермен бүркемеледі. Барлық елдерде осылай болды; сіздердің делегацияңыздың құрамы да Англиядағы нақ осы құбылысты бейнелегені таңданарлық емес.

Сіздердің делегацияңыздың мүшелері, Шоу және Гест, Англия біздің бітім жөніндегі ұсыныстарымызға қарамастан, өз үкіметінің мәлімдемелеріне қарамастан, интервенцияны тоқтатпай отыр, бізбен соғыс жүргізіп жатыр, Қырымда Врангельге және ақ гвардиялық Польшаға көмектесіп отыр деген менің мәлімдемеме, сірә, ренжіп әрі таңданған болса керек, өйткені, менен: сіздің осыған дәлеліңіз бар ма, Англияның Польшаға әскери жарақтар тиелген қанша поезд жібергенін, т. т. айта аласыз ба деп сұрады. Мен бұған: ағылшын үкіметінің құпия шарттарын қолға түсіру үшін ол үкіметті, біздің 1917 ж. істегеніміздей, революциялық жолмен құлату керек, сөйтіп оның сыртқы саясатының барлық документтерін қолға түсіріп алу керек деп жауап бердім. Олжаларды бөлісу туралы, Константинополь, Галиция, Армения, Сирия, Месопотамия, т. б. туралы Англияның, Францияның, Американың, Италияның, Жапонияның қарақшы үкіметтерімен жасасқан патшаның құпия шарттары болғанын білімді адамдардың қай-қайсысы да, саясатқа шын көңіл қоятын адамдардың қай-қайсысы да біздің революцияға дейін де білген-ді. Тек өтірікшілер мен екіжүзділер ғана (әрине, мүлдем надан, қараңғы, сауатсыз адамдарды санамағанда) мұны теріске шығара алады немесе мұны білмеген болады. Бірақ біз капиталистік таптың қарақшы үкіметтерінің құпия документтерін революциясыз

ешқашан қолға түсіре алмаған болар едік. Англияның, Францияның, Американың, Италияның, Жапонияның, Польшаның басқа елдерді тонау туралы, олжаларды бөлісу туралы құпия шарттары бар екендігін білмегенситін және осындай шарттарды әшкерелеу жолында революциялық күрес жүргізбейтін ағылшын пролетариатының көсемдері мен өкілдері,— парламенттік пе, тред-юниондық па, журналистік пе немесе басқа ма, бәрібір,— тек қана мұнысымен олар капиталистердің адал малайлары екендігін тағы да көрсетеді. Бұл бізге көптен мәлім; біз мұны өзімізде де, дүние жүзінің барлық елдерінде де әшкерелейміз. Ағылшын жұмысшылары делегациясының Россияға келуі Англияда да осындай көсемдерді әшкерелеуді тездетеді.

Мен сіздердің делегацияңызбен сәрсенбі күні, 26 майда, әңгімелестім. Ал бір күннен кейін Бонар-Лоу ағылшын парламентінде «Россиядан қорғану үшін» октябрьде (әрине, тек қорғану үшін, тек октябрьде! Англияда жұмысшыларды ақымақ етуде капиталистерге көмектесетін «ықпалды жұмысшы көсемдері» әлі де бар!) Польшаға әскери көмек берілгендігін мойындады деген телеграммалар келді, ал ең баяу мещандық газеттердің немесе журналдардың ішіндегі ең баяуы «Нью-Стейтсмэн»[64] газеті Польшаға немістермен соғыста қолданылған танктерден де гөрі күшті танктер жеткізілгендігін жазды. Енді осыдан кейін, жазықсыз жәбірленген кісіше, Англияның Россияға қарсы соғысып жатқандығына, Польшаға және Қырымдағы ақ гвардияшыларға көмектесіп жатқандығына қандай «дәлел» бар деп сұрайтын ағылшын жұмысшыларының «көсемдеріне» күлмеуге бола ма?

Делегация мүшелері менен нені неғұрлым маңызды деп санайтындығымды сұрады: Англияда дәйекті, революцияшыл, коммунистік партияның құрылуын ба, әлде Россиямен бітім жасасу ісіне Англиядағы жұмысшылар бұқарасының дереу көмектесуін бе. Мен бұған: әңгіме сенімде деп жауап бердім. Жұмысшыларды капиталдың езгісінен азат етуді шын көңілімен жақтайтындар коммунистік партияны құруға ешбір қарсы бола алмайды; жұмысшылар бұқарасын буржуазияша

емес, мещанша емес тәрбиелеуге тек осы партия қабілетті, Англия Польшаға көмектесе ме, жоқ па, т. т. деп күмәнданатын «көсемдерді» шын мәнінде әшкерелеуге, мазақ етуге, масқаралауға тек осы партия қабілетті. Англияда коммунистер тым көбейіп кетеді деп қорқатын дәнеңесі де жоқ, өйткені онда тіпті кішкене коммунистік партия да жоқ. Бірақ егер кімде-кім буржуазияның идеялық құлдығынан әлі де арыла алмай жүрген болса, «демократия» *(буржуазиялық* демократия), пацифизм, тағы басқалар жөнінде мещандық соқыр сенімдерден әлі де арыла алмай жүрген болса, егер, әлбетте, мұндай адамдар өздерін коммунистерміз деп атауға және III Интернационалға қосылуға ниеттенген болса, онда олар пролетариатқа тек бәрінен де гөрі күштірек зиян келтірген болар еді. Мұндай адамдардың интервенцияға қарсы бірыңғай мещандық жел сөздерден құрастырылған көлгір «қарарлардан» басқа түкке де қабілеті жоқ. Белгілі мағынада бұл қарарлар да пайдалы, атап айтқанда мына мағынада пайдалы: бос, еш нәрсеге міндеттемейтін, ешқандай революциялық қимылдармен қуатталмайтын қарарларды өздері неғұрлым көп қабылдаған сайын, ескі «көсемдер» (буржуазиялық демократияны, бейбіт әдістерді, тағысынтағы сол сияқтыларды жақтаушылар) бұқара алдында өздерін соғұрлым тез әжуа етіп, өздерін соғұрлым тез әшкерлейді. Әркім өз ісін істесін: коммунистер тура өз партиясы арқылы жұмысшылардың революциялық санасын ояту ісін жүргізе берсін. Мейлі империалистердің дүние жүзін бөлісу жолындағы соғысында «отан қорғауды», Түркияны тонау туралы ағылшын капиталистерінің патшамен жасасқан құпия шартын «қорғауды» қолдағандар, мейлі Англия тарапынан Польшаға және Россиядағы ақ гвардияшыларға беріліп жатқан көмекті «көрмеушілер», мейлі бұлар өздерінің «бейбіт қарарларының» санын кісі күлерліктей тез көбейте берсін; бұлар Россиядағы Керенскийдің, меньшевиктер мен эсерлердің кебін соғұрлым тез киетін болады.

Сіздердің делегацияңыздың кейбір мүшелері менен қызыл террор туралы, Россияда баспасөз бостандығының, жиналыс бостандығының болмай отырғаны ту-

ралы, біздердің меньшевиктерді және меньшевиктік жұмысшыларды қуғындауымыз туралы, т. т. туралы таңдана сұрады. Мен бұған: террордың нағыз айыптылары — Англия империалистері мен солардың «одақтастары», олар Финляндия мен Венгрияда, Индия мен Ирландияда ақ террор жүргізген және жүргізіп отыр, Юденичті, Колчакты, Деникинді, Пилсудскийді, Врангельді қолдаған және қолдап отыр деп жауап бердім. Біздің қызыл террор — қанаушылардан жұмысшы табын қорғау, эсерлер, меньшевиктер, болмашы ғана меньшевиктік жұмысшылар жақтап отырған қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу болып табылады. Буржуазиялық демократия тұсында баспасөз бен жиналыс бостандығы дегеніміз байлардың еңбекшілерге қарсы заговор жасау бостандығы, газеттерді параға сатып алу және бұларды капиталистердің түгел сатып алу бостандығы болып табылады. Мен мұны баспасөзде талай рет түсіндіргенмін, сондықтан қайталап жату маған онша көңілді бола қойған жоқ.

Ал енді сіздердің делегацияңызбен әңгімелескеннен кейін екі күн өткен соң газеттер Францияда Монатт пен Лорионың қамалуына қоса Англияда Сильвия Панкхерст те қамалды деген хабар әкелді. Ағылшын жұмысшыларының буржуазиялық соқыр сенімдердің құлы болып жүрген коммунистік емес «көсемдерінің» тіпті қоюға да қорқып жүрген сұрағына, атап айтқанда: террор қай тапқа қарсы бағытталып отыр? езілуші және қаналушы таптарға қарсы ма әлде езуші және қанаушы таптарға қарсы ма? әңгіме капиталистердің еңбекшілерді тонау, алдау, ақымақ ету «бостандығы» туралы ма әлде капиталистердің, жалдаптардың, меншікшілердің езгісінен еңбекшілерді құтқару «бостандығы» туралы ма? деген сұраққа ағылшын үкіметінің тамаша жауабы міне осы. Сильвия Панкхерст жолдас — ағылшын капиталистері және басқа капиталистер қанап отырған талай жүздеген миллион адамдардың мүдделерін көздейтін өкіл, ол осы үшін де ақ террорға, бас бостандығынан айрылуға, тағы басқаларына душар болып отыр. Ал жұмысшылардың коммунистік емес саясатты жүргізіп отырған «көсемдерінің» жүзден

тоқсан тоғызы буржуазияның, соның алдамшылығының, соның соқыр сенімдерінің өкілдері болып табылады.

Қорыта келе, бізге өздеріңіздің делегацияңызды жібергендеріңіз үшін, жолдастар, сіздерге тағы да алғыс айтамын. Делегацияның Советтік Россиямен танысуы, көптеген адамдардың советтік система мен пролетариат диктатурасына қаншалықты дұшпан екендігіне қарамастан, олардың буржуазиялық соқыр сенімдерге әбден шырмалып отырғандығына қарамастан, бүкіл дүние жүзінде капитализмнің күйреуін сөзсіз тездете түседі.

30. V. 1920. *Н. Ленин*

«Правда» № 130 және «Известия ВЦИК» № 130, 17 июнь, 1920 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ОСАКА АСАХИ» ГАЗЕТІНІҢ ӨКІЛІ, ЖАПОН ТІЛШІСІ Р. НАКАХИРАМЕН ӘҢГІМЕ[65]

Біздің сұрақтарымызды күтпей-ақ сөзді Лениннің өзі бастады. Жапон-орыс қатынастарына тоқталып, Ленин Россияның жұмысшы-шаруа үкіметінің бейбітшіл шараларын құптауға ниет көрсетпей отырған Жапонияның позициясына қатты өкініш білдірді. «Жұмысшы-шаруа үкіметі,— деп атап көрсетті ол,— бейбітшіл принциптерді ұстап отырғандықтан да, Қиыр Шығыстағы[66] буфер мемлекетті тапуға барды».

Басқа тақырыптарға көшіп, Ленин үсті-үстіне бірнеше сұрақ берді: «1. Жапонияда помещиктер үстем тап болып табыла ма? 2. Жапон шаруалары жерге еркін иелік ете ала ма? 3. Жапон халқы негізінен алғанда елдің ішкі ресурстары есебінен өмір сүріп отыр ма, әлде Жапония товарларды көп мөлшерде шетелден сатып ала ма?».

Сөйтіп, Ленин жапон халқының өміріне өзінің қатты назар аударатынын бізге айқын білдірді.

Содан соң Ленин мынадай бір қызық сұрақ берді: «Жапонияда ата-аналар өз балаларын ұрмайды дегенді бір кітаптан оқыдым. Солай ма?». Біз: «Әрине, жеке жағдайлар болады, бірақ, әдетте, бізде балаларды ұрмайды»,— деп жауап бердік. Жұмысшы-шаруа үкіметі принциптерінің де бірі балаларды ұрып-соғып жазалауды жою екенін ол зор қанағаттанғандықпен атап өтті.

Біз Россиядағы революция туралы және оның даму перспективалары туралы бірнеше сұрақ бердік.

Орыс революциялық қозғалысының тарихын қысқаша баяндай келіп, Ленин былай деді: «Орыс жұмысшы табы мен шаруалары революцияға дейін тарихта көз көріп, құлақ естімеген езгіге ұшырады. Осы езгінің нәтижесінде халық бұқарасының наразылық көрсету рухы барған сайын күшейе түсіп, революциялық дүмпуге алып келді. Россия халқының төменгі топтарының біршама нашар ұйымдасқандығына қарамастан және басқа елдермен салыстырғанда сауаттылық дәрежесінің төмендігіне қарамастан, революциялық қозғалысты тұншықтыруға мүмкіндіктің болмай қалу себебі де нақ осында болып отыр. Қазір орыс жұмысшы табы мен шаруаларының екі жылдан астам революциялық тәжірибесі бар, олар саяси және әлеуметтік тағылымның тамаша мектебінен өтті. Осы екі жарым жыл ішінде жинақталған тәжірибені көп ғасырлық дамумен салыстыруға әбден болады».

Содан соң біз былай деп сұрадық: «Жұмысшы-шаруа республикасы патша үкіметінің қарыздары жөніндегі борыштарды төлеуден принципті түрде бас тартты, алайда ол Эстониямен бітім жасасқан соң оған көп соманы алтынмен төлеуге уәде етті. Мұны қалай деп түсіндіруге болады?».

Ленин жайдары күлімсіреді де, былай деп жауап берді: «Эстония жұмысшы-шаруа мемлекетіне ізгі ниетпен қарайды, сондықтан жұмысшы-шаруа үкіметі осы ізгі ниеттің есесіне оған алтын төлеуге уәде берді». Содан соң ол былай деді: «Дәулетті таптармен істес болу өте қиын. Дәулетті таптардың өкілдері өздерінің табиғаты жағынан ақшаға деген өз ашқарақтығын қанағаттандыруды ғана ойлайды. Мысалы, Американы алыңыз. Америка біздің жұмысшы-шаруа мемлекетімізге бітім жасасуды ұсынды. Бірақ егер осы ұсынысты мұқият зерттеп қарайтын болсаңыз, онда бұл ұсыныс басынан аяғына дейін тонаушылық сипатта болып шығады. Бұл біз үшін қабылдауға болмайтын ұсыныс. Сондықтан біз мұндай бітім шартына қол қоюдан принципті түрде бас тарттық. Әрине, шетелде бізге әлсіз мемлекет деп қарауды біз қаламаймыз. Антанта елдері жұмысшы-шаруа мемлекетін танудан неғұрлым ұзақ уақыт бас

тартатын болса және Россияда соғыс интервенциясын жүзеге асыруға әрекет жасай беретін болса, мұның өзі сайып келгенде біз үшін соғұрлым тиімді болады деп ойлауға негіз бар.

Россия өнеркәсібі алдында зор перспективалар ашылып отыр. Мысалға энергетиканы ғана алайық. Егер ол жоғары дәрежеге дейін дамытылатын болса, біз шаруашылықтың барлық саласын электрлендіре аламыз. Коммунизмнің жасампаздық мүмкіндіктері осы проблемалардың бәрін шешуде көп ұзамай зор нәтиже береді, сөйтіп алға қарай аса зор қадам жасалады, ал оны бірнеше ондаған жылдар бойына жүзеге асырылып келе жатқан прогреспен салыстыруға болады».

1920 ж. 6 июньде телеграф арқылы берілген

1920 ж. 13 июньде жапон тілінде «Осака Асахи» газетінің 13814-номерінде, 1920 ж. 15 июньде «Токио Асахи» газетінің 12211-номерінде және 1920 ж. 7 августа ағылшын тілінде «Soviet Russia» журналының 6-номерінде басылған

Орыс тілінде (ағылшын тілінен аударма) бірінші рет 1963 ж. 16 апрельде «Известия» газетінің 91-номерінде басылған

«Осака Асахи» газетінің тексті бойынша басылып отыр Жапон тілінен аударма

«ОСАКА МАЙНИТИ» ЖӘНЕ «ТОКИО НИТИ-НИТИ» ГАЗЕТТЕРІНІҢ ӨКІЛІ, ЖАПОН ТІЛШІСІ К. ФУСЭМЕН ӘҢГІМЕ

Ленин жолдас Фусэні: сізді көруге өте қуаныштымын, Россия мен Жапония арасында соңғы жылдары болған оқиғалардың бәріне қарамастан және Жапонияның кейбір топтарының Советтік Россия жөнінде әлі де болса ымыраға келмейтін позицияда тұрғанына қарамастан, мен екі елдің болашақ қатынастарына оптимистік тұрғыдан қараймын деген сөздермен қарсы алды. Совет үкіметі буфер мемлекеттің тәуелсіздігін таныды, ал мұның өзі,— деді Ленин,— таяу уақыттың ішінде Қиыр Шығыста бейбітшілікті қалпына келтіруге көмектеседі деп сенемін.

Фусэ, интервьюді бастарда, Ленинге мынадай сұрақ қойды: «Өткен жылдың күзінде Сіз қиыншылықтар енді артта қалды дедіңіз, Сіз алда қиыншылықтардың көп екенін шынымен болжай алмайсыз ба?»

Мен мұны біздің ең зор қиыншылықтарды бастан кешіргеніміз мағынасында айтқанмын; бірақ, әрине, біздің алдымызда әлі де көптеген қиыншылықтар тұр!

Фусэнің сұрағы: «Сіз феодализмнен өту үшін капитализмге көптеген жылдар керек болды, сондықтан капитализмнен өту үшін социализмге де көптеген жылдар керек болады дедіңіз. Айтыңызшы, шамамен бұған қанша мерзім керек болады?»

Жалпы алғанда мерзімді белгілеу қиын; ескі құрылысты құлату үшін көп уақыт керек емес, бірақ жаңа құрылысты қысқа мерзімнің ішінде орнату мүмкін

емес. Біз өнеркәсіп пен егіншілікті электрлендіру жоспарын жүзеге асыруға кірістік, электрлендіруді жүзеге асырмайынша, коммунистік құрылысты орнатуға болмайды, ал біздің электрлендіру жөніндегі жоспарымыз жағдай барынша қолайлы болғанның өзінде он жыл мерзімге жасалған. Міне бұл — жаңа құрылысымызды орнату үшін біздің ең аз деген мерзіміміз.

Содан соң Ленин Фусэге Жапониядағы егіншілік жөнінде және таптық қатынастар жөнінде бірсыпыра сұрақтар қойды.

Жапонияда помещиктер деген кімдер? Жапониядағы жерсіз шаруаның жағдайы қандай? Шаруа ұйымдары бар ма? т. т. Содан соң Ленин Жапонияда электрлендіру, халыққа білім беру ісінің жағдайын, сондай-ақ Жапонияда балаларға қалай қарайтынын білуге назар аударды. Ал Фусэ Жапонияда балаларды Батыстағыдан гөрі көбірек күтіп, мәпелейтінін айтқанда, Ленин: бұл өте маңызды, өйткені Европаның ең цивилизациялы деген елдерінде, тіпті Швейцарияның өзінде, мысалы, мектептерде балаларды ұру әдеті әлі мүлде жойылған жоқ деп атап көрсетті.

Бұдан кейін Фусэ Ленин жолдасқа қайтадан бірсыпыра саяси сұрақтар қойды.

Фусэ: «Социалистік мемлекеттер мен капиталистік мемлекеттер арасындағы тату көршілік қатынастарды Сіз қалай болады деп ойлайсыз?»

Біздің капиталистік елдермен қатар өмір сүруіміз туралы талаптарымыз таяуда американ өкілі Буллиттің Вашингтонда жариялаған шарт жобасында егжей-тегжейлі баяндалды. Бұл талаптар біз үшін өте тиімсіз, ал Антанта державалары осыдан келіп бізді ырыққа көнгіш, өйткені әлсіз деп жорамал жасады да, интервенция бастады, осының нәтижесінде олардың бәрі толық жеңіліске ұшырады. Біз Колчакты, Юденич пен Деникинді біржолата талқандадық.

Фусэ: «Коммунизмнің табысқа жетуіне мүмкіндік қайда көп, Батыста ма әлде Шығыста ма?».

Нағыз коммунизм әзірге тек Батыста ғана табысқа жетуі мүмкін, алайда Батыс Шығыстың есебінен өмір

сүріп отыр ғой; Европаның империалистік державалары көбінесе Шығыстағы отарларынан байып отыр, бірақ олар сонымен қатар өз отарларын қаруландырып, оларды қалай шайқасу керектігіне үйретіп отыр, сөйтіп Батыс осынысымен Шығыста өзіне өзі ор қазуда.

Ф у с э: «Совет үкіметінің ең таяудағы міндеттері қандай?»

Біріншіден, поляк помещиктерін талқандау, екіншіден, баянды бейбітшілікке қол жеткізу, содан соң, үшіншіден, өзіміздің шаруашылық өмірімізді өркендету.

1920 ж. 4 июньде телеграф арқылы берілген

1920 ж. 10 июньде жапон тілінде «Токио Нити-Нити» газетінің 15686-номерінде басылған

Бірінші рет орыс тілінде 1924 ж. мына мақалалар жинағында басылған: «Ленин және Шығыс», Москва

К. Фусэнің телеграфпен берген хабарының машинкада басылған көшірмесімен салыстырылған жинақтың тексті бойынша басылып отыр

«КОММУНИЗМ»

«КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЕВРОПА ЕЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖУРНАЛЫ» (НЕМІС ТІЛІНДЕ). ВЕНА, 1920 ж. 1 ФЕВРАЛЬДАҒЫ 1—2-ДӘПТЕРЛЕРДЕН 1920 ж. 8 МАЙДАҒЫ 18-ДӘПТЕРГЕ ДЕЙІН

Жоғарыда көрсетілген атпен Венада шығарылып тұратын тамаша журнал, интернационалдық қозғалыстың хроникасымен және Венгрия, Германия туралы, жалпы міндеттер мен тактика, т. т. туралы мақалалармен қатар, Австрияда, Польшада және басқа елдерде коммунистік қозғалыстың өсуі туралы аса назар аударарлық өте көп материалдар беріп отырады. Жүгірте қарап шыққанның өзінде салған жерден көзге түсе кететін бір кемшілікке тоқтамай өтуге болмайды. Ол кемшілік —«коммунизмдегі солшылдықтың балалық ауруының» күмәнсыз белгілері, мен бұған Петроградта жақында ғана шыққан шағын кітапшамды* арнаған едім, журнал осы сырқатқа душар болған.

Тамаша «Коммунизм» журналының бойындағы осы аурудың үш белгісін мен нақ осы арада қысқаша атап өткім келеді. 6-номерінде (1. III. 1920) Г. Л. жолдастың «Парламентаризм туралы мәселе жөнінде» деген мақаласы басылған; редакция мұны айтыс мақала деп атайды, ал бұл мақаладан (бақытымызға) Б. К. жолдас, «Парламентке бойкот жасау туралы мәселе жөнінде» (№ 18, 8. V. 1920) деген мақаланың авторы, ат-тонын ала қашады, яғни өзінің ол мақаламен келіспейтіндігін мәлімдейді.

Г. Л.-дың мақаласы — өте солшыл және өте жаман мақала. Мұнда марксизм таза сөз жүзінде ғана берілген; «қорғаныс» және «шабуыл» тактикасының айырмашылығы ойдан шығарылған; нақ белгілі бір тарихи

* Қараңыз: осы том, 1—115-беттер. *Ред.*

жағдайларға нақты талдау жоқ; ең мәнді нәрсе (буржуазия бұқараға өзінің ықпалын жүргізіп отыратын жұмыстар мен мекемелердің барлық салаларын өзінің қолына алу және өзінің қолына алуға үйрену қажеттігі, т. т.) ескерілмеген.

14-номерде (17. IV. 1920) Б. К. жолдас «Германиядағы оқиғалар» деген мақалада, жоғарыда аталған кітапшада менің өзім де сынап өткен, Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1920 ж. 21 марттағы мәлімдемесін сынайды. Бірақ біздің сындарымыздың сипаттары мүлдем өзгеше. Б. К. жолдас Маркстен алынған цитаттардың негізінде, қазіргі жағдайға ұқсастығы жоқ, қатысты емес алынған цитаттардың негізінде сынайды, Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің тактикасын толығынан теріске шығарады және ең басты нәрсеге мүлде соқпай өтеді. Марксизмнің нағыз мәніне, нағыз жан-жүйесіне — нақты жағдайға нақты талдау жасауға — соқпай өтеді. Егер қала жұмысшыларының көпшілігі шейдеманшылдардан каутскийшілдерге қарай ауысқан болса және каутскийшілдік партияның (дұрыс революциялық тактикаға «тәуелсіз» партияның) ішінде жұрт оның оң қанатынан сол қанатына, яғни іс жүзінде коммунизмге қарай ауысып жатқан болса, егер істің жайы осылай болып отырса, онда *мұндай жұмысшылар* жөнінде өтпелі, компромистік шараларды есепке алу міндетінен жалтарып шығу жөн бола ма екен? Уақытша үкіметті (Львовтың, Милюковтың, Керенскийдің және басқалардың үкіметін) оп-оңай құлатып тастауға болмайды, өйткені Советтердегі жұмысшылар әлі солардың жағында, алдымен осы жұмысшылардың көпшілігінің немесе едәуір бөлегінің *көзқарастарын өзгерту* керек деп мәлімдеп, 1917 жылы апрель мен майда шынына келгенде нақ осы компромисс саясатын жүргізген большевиктердің тәжірибесін есепке алмау, үн-түнсіз қалдыру жөн бола ма екен?

Менің ойымша, жөн емес.

Ақырында, «Коммунизмнің» 18-номеріндегі Б. К. жолдастың жоғарыда аталған мақаласы оның қазіргі Европада парламенттерге бойкот жасау тактикасына

тілектестігінен келіп туатын қатесін айрықша айқын, көз жеткізе, сәтті түрде ашып беріп отыр. Өйткені автор «синдикалистік бойкоттан», «енжар» бойкоттан бойын аулақ сала отырып, ерекше бір «белсенді» (қандай «солақай» десеңші!..) бойкотты ойлап шығарып, осы арқылы өз пікірінің қателігінің бүкіл терең сырын тамаша айқын көрсетіп отыр.

«Белсенді бойкот дегеніміз,— деп жазады автор,— коммунистік партия сайлауға қатысуға қарсы ұран таратумен қанағаттанбайды деген сөз, қайта, өзі сайлауға қатысқанда және өзінің үгіті мен акциясы (жұмысы, қызметі, қимылы, күресі) мүмкін қадерінше пролетарлық дауысты көп алуды көздеген күнде революциялық үгітті қалай үдететін болса, ол бойкотты жүзеге асыру мүддесі үшін де революциялық үгітті нақ сондай кең көлемде үдете береді деген сөз» (552-бет).

Асыл сөз деп осыны айт. Бұл өзі антипарламентарларды қандай сыннан да бетер сеспей қатырады. «Белсенді» бойкотты ойлап шығару, «егер» өзіміз сайлауға қатыса қалғандай болсақ деу!! Қараңғы және жартылай қараңғы жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы сайлауға шын ниетімен қатысады, өйткені олар әлі буржуазиялық-демократиялық соқыр сенімдерге сенеді, олар әлі осы соқыр сенімдердің шырмауында болып отыр. Ал біздер болсақ, қараңғы (кейде «жоғары мәдениетті» бола тұрса да) мещандардың өз тәжірибесі арқылы осы соқыр сенімдерінен арылуына көмектесудің орнына, парламентке қатысудан қашқақтаймыз екен, әдеттегі, буржуазиялық оңбағандықтан ада тактика *ойлап шығаруды* ермек етеміз екен!!

Бәрекелді, бәрекелді, Б. К. жолдас! Сіз өзіңіздің антипарламентаризмді қорғауыңызбен бұл зердесіздікті менің сынағанымнан да гөрі тез сеспей қатыруға көмектесетін түріңіз бар.

12/VI. 1920.

1920 ж. 14 июньде «Коммунистический Интернационал» журналының 11-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДЕРЕВНЯДАҒЫ ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ЖАУАПТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ 2-ші КЕҢЕСІНДЕ 1920 ж. 12 ИЮНЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[67]

Жолдастар, деревнядағы жұмыс туралы мәселелер жөніндегі кеңеске жиналған сіздерді құттықтай алатындығыма аса қуаныштымын. Сіздер маған ең алдымен Совет республикасының халықаралық жағдайына және осыған байланысты біздің міндеттерімізге қысқаша тоқталып өтуге, ал содан кейін деревняда партия қызметкерлерінің алдына қазіргі уақытта, менің ойымша, әсіресе бірінші орынға қандай міндеттер қойылып отырғандығы жөнінде бірнеше сөз айтуға рұқсат етерсіздер.

Республиканың халықаралық жағдайына келетін болсақ, поляк шабуылына қатысты негізгі фактілер жөнінде, әрине, өздеріңіз де өте қанықсыздар. Шетелдерде баспасөз бостандығы дейтіннің арқасында бұл мәселе жөнінде адам естімеген ұшы-қиыры жоқ өсек-өтірік таратылуда; баспасөз бостандығы дейтіннің мәні: шетелдерде баспасөздің басты органдарының бәрін капиталистер сатып алып, оның 99 проценті сатылғыш шимайшылардың мақалаларымен толтырылады. Оларда бұл баспасөз бостандығы деп аталады, ал осының арқасында тарамайтын өсек-өтірік жоқ. Атап айтқанда поляк шабуылы жөнінде істің жайы большевиктер Польшаға орындалуы мүмкін емес талаптар қойды да, шабуылға көшті деп суреттеліп отыр, ал біз тіпті шабуылға шыққанға дейін поляктар басып алған ұланбайтақ шекараларға да әбден көнгенімізді сіздердің

бәріңіз жақсы білесіздер. Біз поляктар басып алған Белоруссия мен Литва үшін соғысудан гөрі өзіміздің қызыл әскерлеріміздің өмірін сақтап қалғанды артық көрдік. Біз Халық Комиссарлары Советінің атынан ғана емес, сонымен қатар Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің[68], Советтік республикамыздың ең жоғары мекемесінің, атынан жасаған арнаулы манифесімізде де, поляк жұмысшылары мен шаруаларына арнаған үндеуімізге қарамастан, поляк үкіметіне, буржуазиялық помещиктік үкіметке сол кездегі майданның, яғни поляк жерлері емес, Литва мен Белоруссияны поляктардың қол астында қалдыратын майданның негізінде, бітім келіс сөздерін ұсынамыз деп барынша салтанатты түрде мәлімдедік; біз поляк помещиктері мен капиталистері бөтен елдің жерін ұстап тұра алмайды деп және өзімізге тіпті ең тиімсіз бітім жасасу жолымен де, біз өзіміздің қызыл әскерлеріміздің өмірін сақтап қала отырып, анағұрлым көп ұтамыз деп сендік және қазір де сондай сенімдеміз, өйткені біз бітім жағдайының әрбір айында ондаған есе күшейеміз, ал басқа үкімет атаулының бәрі, соның ішінде Польшаның буржуазиялық үкіметі де бітім жағдайының әрбір айы өткен сайын бұрынғыдан да гөрі іри түседі. Бітім жөніндегі біздің ұсыныстарымыз тым көп жерге дейін барғанына қарамастан, өте сабырсыз, ал тіл жағына келгенде аса жоғары дәрежедегі революцияшыл революционерлердің кейбіреулері біздің ұсыныстарымызды тіпті толстойшылдық деп атағандығына қарамастан,— шынына келгенде толстойшылдықтың бір мысқалын да ешбір адам бізден таба алмайтынын большевиктер өзінің ісімен жетерліктей-ақ дәледеген сияқты болса да,— біз соғыс сияқты істе болуы мүмкін ең үлкен деген кеңшілікке де баратынымызды дәлелдеуді, әсіресе шекаралар үшін, бұл үшін қаншама қан төгілді десеңізші, соғысқа бара алмайтынымызды, біз үшін оның жиырмасыншы дәрежедегі мәселе екендігін дәлелдеуді өзіміздің борышымыз деп білдік.

Біз бірде-бір үкімет бара алмайтын кеңшіліктерге бардық; біздің Польшаға берген территорияны кешегі күні жарияланған документпен, одақтастардың — ағыл-

шындардың, француздардың және басқа империалистердің жоғарғы органынан шыққан документпен салыстырған пайдалы болар еді, бұл документте де поляктар үшін шығыс шекаралар көрсетілген[69].

Англия мен Франциядағы бұл капиталист мырзалар шекараларды өзіміз шешеміз деп көкиді, бірақ, құдайға шүкір, бұл шекараларды олардан тыс шешетін кісілер де бар: жұмысшылар мен шаруалар бұл шекараларды өздері белгілеуді үйренді.

Бұл мырзалар Польша шекарасын белгілейді, белгілегенде, шекаралар біз ұсынғандағыдан гөрі батысқа қарай анағұрлым ары кетеді. Париждегі одақтастардан шыққан бұл акт бұлар мен Врангельдің арасында мәмле жасалғанын айқын көрсетеді. Олар Советтік Россиямен бітімге барып отырмыз деп сендірмек болады, Польшаны да, Врангельді де қолдап отырғанымыз жоқ деп сендірмек болады, ал біз мұны нағыз арсыз өтірік, қазір қару беріп отырғанымыз жоқ дегенде өздері осы өтірікті бүркеніш етіп отыр, ал қару осыдан бірнеше ай бұрын қалай берілген болса, нақ солай беріліп жатыр дейміз. Бүгінгі хабарда үлкен олжа — бір вагон жап-жаңа ағылшын пулеметтері — алынғаны айтылған; жуырда мүлдем жап-жаңа француз патрондарын қолға түсірдік деп хабарлады Троцкий жолдас. Польшаның ағылшын және француз әскери қару-жарақтарының көмегімен, ағылшын және француз патрондарының көмегімен жұмыс істеп отырғандығын, оның ағылшын және француз ақшасымен жұмыс істеп отырғандығын дәлелдеу үшін бізге тағы қандай айғақтар керек. Егер қазір олар Польшаның шығыстағы шекарасын Польша өзі шешеді деп отырған болса, онда мұның өзі Врангельмен тура мәмлеге келгендік, мұны әркім де біледі. Поляк помещиктерінің, поляк буржуазиясының бүтіндей ағылшындар мен француздардың көмегімен соғысып жатқандығы бүкіл қазіргі жағдайдан әркімге де айқын, бірақ олар арсыздықпен өтірік айтып отыр, айтқанда, қашан Буллит Америкаға қайтып барып, сөз сөйлегенге дейін, осында жүріп жинаған материалдарын жариялағанға дейін, біз ешқандай Буллитті жібергеніміз жоқ деп сендірмек болып өтірік

айтқаны сияқты, дәл солай арсыздықпен өтірік айтып отыр.

Бірақ бұл мырзалар, көпес-капиталист мырзалар, өз құлқындарынан шашау кете алмайды. Бұл түсінікті нәрсе. Олар көпестерше болмаса, басқаша пайымдай алмайды, сондықтан біздің дипломатия көпестік емес тәсілдерді қолданған кезде, біз үшін біздің қызыл әскерлердің өмірі шекара жөніндегі орасан өзгерістерден де қымбатырақ деген кезімізде, олар таза көпестерше пайымдайды да, әрине, мұны түсінбейді. Біз осыдан бір жыл бұрын Буллитке олар үшін өте-мөте тиімді, ал біз үшін өте-мөте тиімсіз шарт ұсынғанымызда, шарт болғанда, орасан көп территорияны Деникин мен Колчактың қол астында қалдыратын шарт ұсынғанымызда, біз мұны, егер бітімге қол қойылатын болса, онда ақ гвардиялық үкіметтің ешқашан үкімет болып тұра алмайтынына көзіміз жетіп отырып ұсынған болатынбыз.

Олар көпестік тұрғыдан қарап, мұны біздің өз әлсіздігімізді мойындағанымыз дегеннен басқаша түсіне алмады. «Егер большевиктер мұндай бітімге көніп отырған болса, онда олардың жаналқымға келгендігі» десті, сондықтан бүкіл буржуазиялық баспасөз қуанышқа бөленіп, барлық дипломаттар алақанына түкірді, сөйтіп миллиондаған фунт стерлингтер Колчакқа, Деникинге қарызға беріліп жатты. Рас, олар алтынмен берген жоқ, большевиктер мүлде төтеп бере алмайды деп әбден сеніп, өсімқорлық бағамен қару-жарақ түрінде берді. Мұның өзі Колчак пен Деникиннің тас-талқаны шығып қиратылуымен, ал капиталист мырзалардың жүздеген миллион фунт стерлингтерінің күйіп кетуімен аяқталды. Міне енді бізге ағылшынның тамаша әскери жабдықтары тиелген поездар бірінен соң бірі келіп жатыр, тұтас дивизиялар болып ағылшындардың тамаша киімдерін киіп алған орыс қызыл әскерлері жиі кездесуде, ал жуырда маған Кавказдан келген бір жолдас: бүтін бір дивизияның қызыл әскерлері итальян берсальеcімен киіндірілді деп хабарлады. Берсалье киінген осы орыс қызыл әскерлерін сіздерге фотографиялық сурет арқылы көрсетуге мүмкіндігім болмай отырғанына қатты өкінемін. Дегенмен де мен

ағылшынның әскери жабдықтарының оны-мұны қажетке асатындығын және орыс қызыл әскерлері ағылшын көпестеріне, өздерін киіндірген, мәселеге көпестерше қараған, большевиктер соққыға жыққан, соққыға жығып жатқан және әлі де талай рет соққыға жығатын ағылшын көпестеріне әбден разы екендігін айтуға тиіспін. (Қол шапалақтау.)

Поляк шабуылынан да біз осыны көріп отырмыз. Мұның өзі, егер құдай (әрине, егер ол өзі бар болса) біреуді жазалағысы келсе, ол оны ақыл-есінен айырады дегеннің кебі. Антантаның басында өте-мөте ақылды, тамаша саясатшы адамдардың отырғандығында күмән жоқ, бірақ осы адамдар үсті-үстіне зердесіздік жасаумен келеді. Олар бір елден соң бір елді көтеріп, біздің ол елдерді біртіндеп соққылауымызға мүмкіндік беріп отыр. Егер олар біріге алса ғой,— ал олардың Ұлттар лигасы бар, олардың әскери өктемдігі жүрмейтін бір сүйемдей де жер қалған жоқ, олардың барлық дұшпан күштерді біріктіріп, бұларды Совет өкіметіне қарсы жұмсауы оңай-ақ сияқты көрінеді. Бірақ олар бұл күштерді біріктіре алмайды. Олар ұрысқа бөлек-бөлек шығып жатыр. Олар тек үрей туғызады, мақтанады, алдайды — осыдан жарты жыл бұрын олар: Совет өкіметіне қарсы 14 мемлекетті көтердік, бірнеше айдан кейін өздерін Москва мен Петроградта боламыз деп жариялаған еді. Ал бүгін мен Петроградқа жасалған шабуыл туралы ақтардың бір офицерінің Финляндиядан естелік әңгіме-кітапшасын алдым, ал одан да бұрын мен солтүстік-батыс үкіметінің кадет тәріздес бірнеше орыс мүшелерінің наразылық-мәлімдемесін[70] алған болатынмын; мұнда ағылшын генералдарының оларды қалай мәжіліске шақырғандығы, сөйтіп оларға тілмаш арқылы, ал кейде тамаша орыс тілінде, нақ сол жерде, табан аудармай тұрып, үкімет құруды ұсынғандығы, әрине, орыс үкіметін, сөзсіз демократиялық үкімет, құрылтай түріндегі үкімет құруды ұсынғаны, не айтсақ, соған қол қоясыздар дегені айтылған. Ал енді осы орыс офицерлерінің, өздері большевиктердің барынша қас-жауы бола тұрып, ұсынған нәрсеге отыра қалып қол қойыңдар деп, бұларға бұйыра сөйлеген,

урядникше әмір ете сөйлеген (ал әмір ете алатын тек орыс қана) ағылшын офицерлерінің адам естімеген осы озбырлығына осы кадеттердің қандайлық ашынғандығы айтылған, ал одан әрі олар осының бәрінің қалай түкке аспай қалғандығын әңгімелейді. Мен осы документтерді, Петроградқа шабуыл жасаған ақ гвардияшыл офицерлердің осы мойындауларын мүмкін кадерінше молынан таратуға мүмкіндігіміз болмай отырғанына өкінемін.

Бұл неліктен осылай болып отыр? Өйткені олардың Ұлттар лигасы — тек қағаз жүзіндегі одақ қана, ал іс жүзінде мұның өзі бірімен-бірі қырқысқан, біріне-бірі титтей де сенбейтін жыртқыш аңдардың тобы.

Іс жүзінде олар Польшамен бірге Латвия, Румыния және Финляндия шабуылға шығады деп қазір де мақтанып отыр, ал біз дипломатиялық келіс сөздерден мынаны әбден айқын көріп отырмыз: Польша шабуыл бастаған кезде, бізбен бітім келіс сөздерін жүргізіп жатқан державалар сөз сарынын өзгерте қойып, кейде тіпті адам естіп көрмеген арсыз мәлімдемелер де жасаған болатын. Олар көпестерше ойлайды,— ал көпестен бұдан басқа еш нәрсе күтуге де болмайды. Оған қазір Советтік Россияны жайғастырып тастауға мүмкіндік бар тәрізді болып көрінді, сондықтан ол мұрнын көкке көтере бастайды. Мейлі көтере берсін. Біз мұндайды басқа мемлекеттерден, әлдеқайда елеулірек мемлекеттерден көргенбіз, бұған ешқандай көңіл де бөлмегенбіз, өйткені Финляндияның, Румынияның, Латвияның және Антантаға бүтіндей тәуелді болып отырған барлық басқа да буржуазиялық мемлекеттердің қорқытуларының бәрі, осы қорқытулардың бәрі де күл-талқан болатынына көзіміз жеткен. Польша Петлюрамен ғана, армиясы жоқ генералмен ғана, шарт жасасты, ал бұл шарт украин халқының арасында бұрынғыдан бетер өшпенділік тудырды, толып жатқан жартылай буржуазиялық элементтердің Советтік Россия жағына шығуын бұрынғыдан да бетер көбейтті, сондықтан да жалпы шабуылдың орнына, оларда тағы да Польшаның бір өзінің ғана жеке-дара әрекеті болып шықты. Ал қазір біз мынаны көріп отырмыз: біздің

әскерлердің барып жетуі үшін, әлбетте, едәуір уақыт керек еді, өйткені бұлар, поляктарға қарағанда, шекарадан алыста тұрды, сондықтан бізге әскерлерді жеткізу үшін көп уақыт керек болды, осыған қарамастан біздің әскерлер шабуыл бастады, сөйтіп жуырда біздің атты әскерлер Житомирді алыпты; Польша майданы мен Киев арасындағы соңғы жолды біздің әскерлер оңтүстіктен және солтүстіктен кесіп тастады, сонымен бұл — поляктар Киевтен де үміт үзді деген сөз; мұнымен бірге біз Скульскийдің отставкаға шыққанын, Польша үкіметінің әлден-ақ қобалжи бастағанын, аласұра бастағанын, олардың бізге бітімнің жаңа шарттарын ұсынамыз деп мәлімдеп жатқанын да естітік. Мейілдеріңіз білсін, помещик және капиталист мырзалар, біз поляктардың бітім шарттарын қараудан ешқашан бас тартпаймыз. Бірақ біз мынаны көріп отырмыз: оларда үкімет соғысты өз буржуазиясының еркіне қарамастан жүргізіп жатыр, біздің кадеттер мен октябристерге ұқсас поляк халықтық демократиясы[71],— барынша ызалы контрреволюцияшыл помещиктер мен буржуазия,— соғысқа қарсы болып отыр, өйткені олар мұндай соғыста жеңуге болмайтынын біледі және соғысты жүргізіп жатқандар поляк авантюристері, эсерлер, поляк социалистері партиясы[72] екенін біледі, бұл адамдардың арасынан біз эсерлерден байқап жүрген нәрсені, атап айтқанда революциялық жел сөздерді, мақтаншақтықты, патриотизмді, шовинизмді, буффонаданы және барып тұрған қуыс кеуделікті өте-мөте көп байқап отырмыз. Бұл мырзаларды біз білеміз. Енді олар, әлін білмей ұрынған соғыстан опық жеп, өздерінің министрліктерінде орын ауыстыра бастағанда, сөйтіп, олар бізге бітім жөнінде келіс сөздер жүргізуді ұсынамыз деп отырғанда, біз былай дейміз: мейілдеріңіз, мырзалар, байқап көріңіздер. Бірақ біз тек поляк жұмысшылары мен поляк шаруаларына үміт артамыз; біз де бітім жайын сөйлесеміз, бірақ, поляк помещиктері мен поляк буржуалары, сіздермен емес, поляк жұмысшыларымен және шаруаларымен сөйлесеміз және бұл сөздерден не нәтиже шығатынын көреміз.

Жолдастар, қазіргі уақытта, біздің Польша майда-

нында қол жеткен табыстарымызға қарамастан, жағдайдың өзі дегенмен де біздің мейлінше күш салуымызды керек етеді. Соғыстағы ең қауіпті нәрсе, қазіргі Польшамен арадағы сияқты жағдайда басталып отырған соғыстағы ең қауіпті нәрсе —жаудың күшін жете бағаламау, өзімізді күштірекпіз деп тоқмейілсіп қалу. Мұның өзі соғыста жеңіліске ұшырататын ең қауіпті нәрсе және мұның өзі күйректік, болбырлық түрінде көрініп отыратын россиялық мінездің ең бір жаман белгісі. Істің тетігі бастауда ғана емес, төзуде, төтеп беруде, ал біздің россиялық туыстар бұған шорқақ. Тек ұзақ уақыт машықтану арқылы ғана, ауытқу мен қобалжу атаулының қандайына болсын қарсы пролетарлық тәртіпке сүйеніп күрес жүргізу арқылы ғана, тек осындай төзімділік арқылы ғана россиялық еңбекші бұқараны осы оңбаған әдеттерден арыла аларлық дәрежеге жеткізуге болады.

Біз Колчакты, Деникинді және Юденичті соққыладық және келістіре соққыладық, бірақ біздің өлтіре соққы бере алмағанымыз соншалық, біз Врангельді Қырымда қалдырып қойдық. Біз: «ал енді біз күшейдік!» дедік — сондықтан да толып жатқан босаңдық, салақтық көріністері орын алды, ал осы кезде Врангель Англиядан көмек алып жатты. Мұның өзі көпестер арқылы істелді және мұны дәлелдеуге болмайды. Врангель жуырда десант түсіріп, Мелитопольді алған. Рас, соңғы мәліметтер бойынша біз оны қайтарып алыппыз, бірақ бұл жерде де нақ өзімізді күшті санадық, сөйтіп біз оны тіпті масқара түрде қолдан шығарып алдық. Өйткені Юденич, Колчак және Деникин талқандалды, сондықтан россиялық адам өзінің жаратылысына бағып, демалуға кетеді, іс те босаңсиды; осының артынша ол өзінің осы салақтығынан ондаған мың жолдастарының түбіне жетеді. Орыс мінезінің сипаты, міне, осындай: бірде-бір іс ақырына жеткізілмей жатқанда, алайда ол өзі барлық күшін бойына жинақтап алмағандықтан, артынша-ақ босаңсып сала береді. Бұл мінезбен барынша аяусыз күресу керек, өйткені мұның өзі мыңдаған ең таңдаулы қызыл әскерлер мен шаруалардың түбіне жетеді, ашаршылықтың барлық азабын

соза түседі. Сондықтан, біз поляктардан күштірек бола тұрсақ та, поляктардың бізге таңған соғысы жөнінде біздің ұранымыз — босаңсу атаулының бәрін жою деген ұран болуға тиіс. Соғыс сөзсіз болған екен — бәрі де соғыс үшін болуға тиіс, сондықтан титтей де болса босаңсу, жігерді аяп қалу соғыс кезінің заңдары бойынша жазалануға тиіс. Соғыстың аты соғыс, сондықтан тылда да немесе қандай бір бейбіт кәсіпте де бірде-бір адам бұл міндеттен жалтара алмайды.

Бәрі де соғыс үшін — міне, ұран осы болуға тиіс! Мұнсыз біз поляк шляхтасы мен буржуазиясын жеңе алмаймыз; соғысты құрту үшін әлі де болса осы соғыспен ойнауға батылы барып жүрген көрші державалардың ішіндегі соғысының біржола тауын қайтару керек. Олар өздерінің балаларына, немере-шөберелеріне ендігәрі мұндай нәрсені істемеуді тапсырып кететіндей етіп, біз олардың тауын қайтаруға тиіспіз (қолшапалақтау), сондықтан да, жолдастар, деревня қызметкерлерінің, насихатшылар мен үгітшілердің және бейбіт еңбек саласында қазір қандай да болсын қызмет атқарып жүрген жолдастардың ең бірінші міндеті — әрбір жиналыста, митингіде және іс бабындағы кеңесте, қандай партиялық мекеменің болсын барлық топтарында, кез келген совет коллегиясында ең алдымен «бәрі де соғыс үшін» деген ұранды есте сақтап, оны қалайда жүзеге асыру болып табылады.

Соғыс әзірше толық жеңіспен аяқталмай тұрғанда, біз бірсыпыра жылдар бойы істеп келген қателіктер мен зердесіздіктерді болдырмауға тиіспіз. Зердесіздіктер жасаудан арылу үшін, біздің орыс адамының мұндайларды қанша рет жасауға тиіс екенін мен білмеймін. Біз бір жолы, жауды жыға жеңбей жатып, Врангельді Қырымда қалдырып қойып та, соғысты бітті деп есептеген болатынбыз. Қайталап айтайын: «бәрі де соғыс үшін» деген ұран әрбір кеңесте, мәжілісте, әрбір коллегияда күн тәртібінің бірінші негізгі пункті болуға тиіс.

Соғысты бітіру үшін біз бәрін де істедік пе, біз барлық құрбандықты жасадық па? Мұның өзі майданның алдыңғы сапында қырылып жатқан он мыңдаған ең

таңдаулы жолдастарымыздың өмірін сақтап қалу мәселесі. Мұның өзі соғысты ақырына жеткізбегендіктен ғана өзімізге қарай төніп келе жатқан аштарлықтан аман құтылу мәселесі, ал біз соғысты ақырына жеткізе аламыз, жеткізуге тиіспіз жәпе тез жеткізуге тиіспіз. Бұл үшін тәртіп пен бағынушылық қайткен күнде де аяусыз қаталдықпен жүзеге асырылуға тиіс. Мұнда, тылда, кез келген бейбіт жұмыста болатын титтей босаңдық, титтей болбырлық мыңдаған адамдарды қырғынға ұшырату жәпе мұндағыларды аштарлыққа ұшырату деген сөз.

Міне сондықтан да мұндай ағаттықтарға аяусыз қатал болу керек. Мұның өзі Советтік Россияның бүкіл азамат соғысынан туатын бірінші негізгі сабақ; мұның өзі әрбір партия қызметкері, әсіресе егер ол насихат және үгіт жұмысын өзіне міндет етіп қоятын болса, есінде ұстауға тиіс бірінші негізгі сабақ; егер ол титтей де болсын ағаттықтар жөнінде бәсеңсімейтін беріктікпен және аяусыз табандылықпен осы ұранды жүзеге асырмайтын болса, онда ол түкке тұрмайтын коммунист екенін және Совет өкіметінің сатқыны екенін біліп қоюға тиіс.

Біз осындай жағдайларда жеңістің тез болуына кепілдік аламыз, біз өзіміздің аштарлықтан аман қалуымызға толық кепілдік аламыз. Біз шеткері аймақтарда не болып жатқаны жөнінде алыс жерлерден келген жолдастардан хабар алып отырамыз. Мен Сибирьден келген жолдастарды көрдім, Украина мен Солтүстік Кавказдан келген Луначарский мен Рыков жолдастарды көрдім. Ол өлкенің байлығы жөнінде бұл жолдастар әбден таң-тамаша қалып айтып отыр. Украинада шошқаны бидаймен асырайды екен, Солтүстік Кавказда әйелдер сүт сатып тұрып, ыдыстарын сүтпен шаяды екен. Сибирьден жүн, тері-терсек және басқа да байлықтар тиелген поездар келіп жатады; Сибирьде ондаған мың пұт тұз жатыр, ал бізде шаруалар талмаусырап отыр және олар қағазбен шаруашылықты қалпына келтіре алмайсың деп, қағаз ақшаға астық беруден бас тартып отыр, ал мұнда, Москвада, сіздер станок түбінде аштықтан талықсыған жұмысшыларды

кездестіре аласыздар. Басты кедергі, жұмысшыларды тойдыра тамақтандыра алмай, олардың нашарлап кеткен денсаулығын қалпына келтіре алмай отырғандығымызға басты кедергі — соғыстың созылып бара жатқандығы. Біз Қырымды қолдан шығарып алғандықтан, бірнеше ондаған мың адам тағы да жарты жыл тойынып ас іше алмайтын болады. Өзіміздің ұйымшылдығымыз бен тәртібіміздің жеткіліксіздігінен іс тоқтап тұр. Украинада, Солтүстік Кавказда және Сибирьде ашыққан жұмысшыларға қорек болатын және өнеркәсіпті қалпына келтіре алатын адам айтқысыз мол байлығымыз бар болып отырғанда, мұндағы жұрт қырылып жатыр.

Шаруашылықты қалпына келтіру үшін тәртіп керек. Пролетарлық диктатураның мәнісі ең алдымен мынада болуға тиіс: қала мен өнеркәсіп жұмысшыларының алдыңғы қатарлы, ең саналы және ең тәртіпті бөлегі, бәрінен де гөрі көп ашығып отырған, осы екі жылдың ішінде адам естімеген көп құрбандықты өз мойнына алған бөлегі, осылар барлық былайғы пролетариатты, көбінесе санасы төмен пролетариатты, бүкіл еңбекші бұқара мен шаруаларды тәрбиелеуі, үйретуі және тәртіпке салуы керек. Бұл арада көлгірсулердің бәрін, демократия жөніндегі мылжың сөздердің бәрін лақтырып тастау керек. Бұл мылжыңдықты эсер және меньшевик мырзаларға-ақ берейік, олар Колчакпен, Деникинмен және Юденичпен демократия туралы жеткілікті сөйлескен-ді. Мейлі, Врангеліне кетсін бәрі: ол бұларды жетесіне жеткізе үйретеді. Ал бұларды, егер жете үйренбегендері болса, жетесіне жеткізе үйрету керек.

Біз мына пікірдеміз: ауыртпалықтарды өз мойнына алған, Совет өкіметінің тыныштығы мен беріктігін ең сұрапыл құрбандықтар арқылы алған жұмысшылар өздеріне алдыңғы қатарлы отрядпыз деп, ағарту, тәртіпке салу жолымен былайғы еңбекші бұқараны көтеретін отрядпыз деп қараулары керек, өйткені капитализм бізге капиталдың таяғының күшімен ғана емес, ұйымдасқан жұмысшының басшылығымен де жұмыс істеуге болатынын түсінбейтін еңбекшіні мейлінше езілген қалпында, мейлінше қараңғы қалпында мұра

етіп қалдырып кеткенін біз білеміз. Бірақ біз осының бәрін іс жүзінде көрсете алсақ, бұған ол сенетін болады. Еңбекші мұны кітаптардан үйрене алмайды. Ол осының бәрін біз іс жүзінде көрсеткенде ғана үйрене алады. Ол саналы жұмысшының басшылығымен жұмыс істеуге тиіс немесе Колчактың, Врангельдің, т. т. қол астына баруға тиіс. Сондықтан қайткен күнде де мейлінше қатаң тәртіп керек, пролетариаттың авангарды бұйырған, сол авангард өзінің ауыр тәжірибесі арқылы жасап шығарған нәрсені саналы түрде орындау керек. Өз мақсатымызға жету үшін барлық шараларды жүзеге асырсақ, біз империалистік соғыстан туған күйзеліс пен бүліншіліктен құтылатындығымызға толық кепілдік бере аламыз. 1917 жылғы 1 августан бері астық дайындау 30 миллион еді, 1918 жылғы августан бері 110 миллион болды. Мұның өзі қиыншылықтардан біздің шыға бастағанымызды көрсетеді. 1919 жылғы 1 августан бүгінге дейін 150 миллионнан асты. Бұл біздің қиыншылықтан шығып келе жатқанымызды көрсетеді. Бірақ біз Украинаны, Солтүстік Кавказды және Сибирьді әлі шындап қолға алғанымыз жоқ; егер біз осыны істесек, онда біз жұмысшыны күніне екі қадақ нанмен шындап және ойдағыдай қамтамасыз етеміз.

Мен, жолдастар, сіздер үшін, өзім партиялық документтерден ішінара танысып үлгерген деревня қызметкерлері үшін маңызы бар тағы бір мәселеге тоқталып өткім келеді. Мен сіздерге сіздердің басты жұмысыңыз нұсқаушылық, партиялық, үгіт, насихат жұмысы дегім келеді. Бұл жұмыстың басты кемшіліктерінің бірі — біз істі мемлекеттік тұрғыдан қоя білмейміз, жолдастардың арасында, осында, тіпті жұмысқа басшылық етіп отырған жолдастардың арасында да, ескі астыртын жұмыстың әдеттері, біз өзіміз осында немесе шетелдерде кішкене үйірмеде отырып, жұмысты мемлекеттік тұрғыдан қалай қоюды тіпті ойлай да, топшылай да білмеген кезіміздегі әдеттер аса күшті болып отыр. Сіздер енді мұны білулеріңіз керек және біздің миллиондарды басқаруға тиіс екендігімізді есте ұстауларыңыз керек. Делегат ретінде, Орталық Комитеттің

уәкілі ретінде деревняға баратын әрбір өкімет бізде орасан зор мемлекеттік аппарат бар екенін, оның жұмысты әлі нашар істейтінін, өйткені біз оны жақсылап меңгере білмей, меңгере алмай отырғанымызды есте ұстауға тиіс. Бізде деревняларда жүз мыңдаған мұғалімдер бар, оларды кулактар езгілеп, қорқытып тастаған немесе бұрынғы патша чиновниктері өлімші етіп соққылап тастаған, олар Совет өкіметінің принциптерін түсінбей, түсіне алмай отыр. Бізде орасан зор әскери аппарат бар. Әскери комиссарлар болмаса, бізде Қызыл Армия болмас еді.

Сондай-ақ бізде Жалпыға бірдей әскери оқу[73] аппараты бар; бұл аппарат әскери жұмыспен қатар мәдени жұмыс жүргізуге тиіс, шаруалардың санасын көтеруге тиіс.

Бұл мемлекеттік аппарат өте нашар, онда шын берілген, сенімі күшті адамдар, шын коммунистер жоқ, сондықтан коммунист ретінде деревняға бара жатқан сіздер жұмысты осы аппараттан бөлек емес, қайта, керісінше, онымен бірлесіп істеуге тиіссіздер. Деревняға баратын әрбір партиялық үгітші ол сонымен бірге әрі халық училищелерінің инспекторы да болуға тиіс, бұрынғы мағынадағы инспектор емес, ағарту ісіне қол сұғатын инспектор мағынасында емес — бұған жол беруге болмайды, бірақ ол өз жұмысын Халық ағарту комиссариатының жұмысымен, Жалпыға бірдей әскери оқу аппаратының жұмысымен, әскери комиссарлардың жұмысымен орайластырып отыру мағынасындағы инспектор болуға тиіс, ол өзіне өзі мемлекеттік өкіметтің өкілімін деп, Россияны басқарып отырған партияның өкілімін деп қарауы керек. Ол деревняға барғанда тек насихатшы, мұғалім ретінде ғана болмай, сонымен бірге ол жылы сөз естіп көрмеген мұғалімнің немесе сол ондаған, жүздеген әскери комиссарлардың бәрі осы партиялық үгітшінің жұмысына қатысатын болуын қарастыруға тиіс. Әрбір мұғалімнің үгіттік мазмұндағы кітапшалары болуы керек; олардың мұндай кітапшалары болып қана қоймасын, оны шаруаларға оқып беретін болсын. Егер ол осыны істемейтін болса, онда ол орнынан айрылып қалатынын білуге тиіс. Әскери ко-

миссарлардың да осындай кітапшалары болуға тиіс, оларды шаруаларға оқып беруге тиіс.

Бізде Совет өкіметінің қарамағында жүз мыңдаған совет қызметшілері бар, бұлар не буржуйлар, не жартылай буржуйлар, не топастанып қалғандығы соншалық — біздің Совет өкіметіне мүлдем сенбейді, немесе олар бұл өкіметтен сондайлық алыс, бұл өкімет әлдеқайда бір жақта, Москвада, ал олардың нақ жанында астығы бар кулак шаруа тұр, ол астығын жамбасына басып алып, оны бұларға бермейді, ал олар болса, ашығып жатыр.

Міне бұл арада партия қызметкерінің міндеті екі жақты болуға тиіс. Ол өзінің сөзді уағыздаушы ғана емес екендігін, халықтың неғұрлым езілген топтарына көмектесуші ғана емес екендігін есте ұстауға тиіс — бұл оның негізгі міндеті, мұнсыз ол партия қызметкері емес, мұнсыз ол өзін коммунисniн деп атай алмайды. Сонымен бірге осының бәріне қоса ол Совет өкіметінің өкілі болуға тиіс, ол мұғалімдермен байланыс жасауға тиіс, Халық ағарту комиссариатының жұмысын өз жұмысымен орайластыруға тиіс. Ол бақылау және ревизия жасау мағынасындағы инспектор болуға тиіс емес, ол пролетариаттың бір бөлегі арқылы қазір бүкіл Россияны басқарып отырған үкіметтік партияның өкілі болып табылады, сондықтан ол осындай өкіл есебінде өз жұмысының нұсқаушылық жұмыс екенін есінде ұстауға тиіс, демек ол барлық мұғалімдер, әскери комиссарлар нақ өзі істеп жүргендей жұмысты орындайтын болуы үшін, олардың бәрін өз жұмысына тартуға, үйретуге тиіс. Олар бұл жұмысты білмейді екен, сіздер оларға үйретуге тиіссіздер. Олар қазір қарны тоқ шаруалардың алдында дәрменсіз. Сіздер олардың осы тәуелділіктен арылуына көмектесулеріңіз керек. Сіздер тек насихатшы-үгітші ғана емес екендеріңізді, сіздер мемлекеттік өкіметтің өкілдері де екендеріңізді берік есте сақтауларыңыз керек, демек сіздер қазіргі бар аппаратты қиратпауларыңыз керек, оған араласпауларыңыз керек, оның ұйымын былықтырмауларыңыз керек, қайта сіздердің жұмыстарыңыз мына түрде жолға қойылуға тиіс: деревняда жүргізілген азын-аулақ

жұмыстан кейін болса да, әрбір іскер нұсқаушы-насихатшының, үгітшінің жұмысынан із қалсын, қалғанда өзі көзін ашқан коммунист-шаруаларда қағазда ғана ізі қалмасын, қайта өздеріңіз тексеріп жүрген, бағыттап жүрген, өздеріңіз тапсырма беріп жүрген, әрбір мұғалім, әрбір әскери комиссар қалайда советтік рухта жұмыс істейтін болсын деп, ол мұның өз міндеті екенін білетін болсын деп, егер ол осыны орындамаса, онда ол орнында қала алмайтынын есінде сақтайтын болсын деп, әрбір үгітшінің Совет өкіметінің уәкілетті өкілі екендігін олардың бәрі білетін және сезетін болсын деп талап қойып жүрген қызметкерлеріңіздің санасында қашанда із қалатын болсын.

Міне осындай жағдайларда, күштерді дұрыс қолданғанда сіздер бұл күштерді он еселеп күшейтесіздер және әрбір жүз үгітшінің өзінен кейін ұйымдастыру аппараты түрінде із қалдыруына қолдарыңыз жетеді; бұл аппарат қазір бар, бірақ ол — әлі жетілдірілмеген және қанағаттанғысыз жұмыс істеп отырған аппарат.

Басқа салалардағы сияқты, міне осы салада да сіздердің табысқа жетулеріңізге мен тілектеспін. (Ұзақ қол шапалақтау.)

«Правда» №№ 127 және 128, 13 және 15 июнь, 1920 ж.

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған мына кітапшаның тексті бойынша басылып отыр: «В. И. Лениннің деревнядағы жұмыс жөніндегі жауапты ұйымдастырушылардың Бүкіл россиялық 2-ші кеңесінде сөйлеген сөзі», Москва, 1920

«ГОРКИ» САНАТОРИЙІНІҢ МЕҢГЕРУШІСІ Э. Я. ВЕВЕРГЕ ЖАЗА ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ

Санаторийдің меңгерушісі Вевер жолдастың жарлығы бойынша 1920 ж. 14 июньде санаторий паркінде мүлде зақымданбаған шыршаның кесілгені Беленький, Иванычев және Габалин жолдастардың протоколымен анықталды.

Совет мүлкін осылай бүлдіруге жол бергені үшін Горки совет имениесі жанындағы санаторийдің меңгерушісі Вевер жолдасты

1 ай қамауға алуға бұйрық етемін.

Үкімді Подольск уездік атқару комитеті орындасын, сонымен бірге

(1) егер Вевер жолдастың бұрын жазаға тартылмағаны анықталса, онда қамауға алынғаннан кейін бір апта өткен соң ол шартты түрде босатылатыны, паркті, аллеяларды, ағашты орынсыз кесуге немесе совет мүлкін басқаша түрде бүлдіруге жаңадан жол берген күнде оның 3 аптаға қамауға алынатыны былай тұрсын, бұл жаңа жазаға қоса, оған істеп отырған қызметінен босатылатыны да ескертілсін.

(2) Ауыл шаруашылық жұмыстары мен шаруашылық титтей де зиян шекпеуі үшін Уездік жер бөлімімен немесе Совхоздар басқармасымен келісе отырып, үкімді орындау мерзімін Уездік атқару комитеті белгілесін.

Осы қаулыны Вевер жолдасқа және оның көмекшілеріне жариялауды, сөйтіп бұл қаулының оларға жарияланғаны және мұндай тәртіп бұзушылық үшін келесі жолы меңгеруші ғана емес, барлық қызметшілер

мен жұмысшылар да жазаға тартылатыны хабарланғаны жөнінде олардан қол хат алуды Беленький жолдасқа тапсырамын.

Қамауға алыну жазасын өтеу үшін Уездік атқару комитетінің белгілеген мерзімі туралы және өтеп шыққандығы туралы маған хабарлауды Уездік атқару комитетіне тапсырамын.

Еңбек және Қорғаныс Советінің Председателі
14. VI. 1920. *В. Ульянов (Ленин)*

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1920 ж. 19 ИЮНЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин жолдас мәселені былай қойды: пролетариат диктатурасын іс жүзінде мойындау дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі: күн сайын насихатта, үгітте, сөйленген сөздерде пролетариатты өкіметті басып алуға, қанаушыларды жаныштауға, пролетариаттың барлық және кез келген дұшпандарын жаныштауға әзірлей беру. Ленин жолдас бірқатар документтер мен газеттерді негізге алып, III Интернационал мен француз партиясының бүкіл саясаты[74] арасында тұтас бір *тұңғиық* жатқанын көрсетті. Сондай-ақ ол итальян партиясындағы бүкіл партияның мейлінше дұрыс бағыт ұстауына кедергі жасап отырған туратишілдік қанатының мейлінше іріп-шірігендігін ашып көрсетті.

«Правда» № 133, 20 июнь, 1920 ж.
«Известия ВЦИК» № 134, 22 июнь, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РКП(б)-ның ТҮРКІСТАНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[75]

Тезистер мен жоба жалпы және негізінен бекітіліп, тезистер де, жоба да мына рухта түзетілсін:

(1) орыстар мен басқа жақтан келгендердің пайдаланатын жері жергілікті халықтың жерімен теңестірілсін;

(2) орыс кулактары аса жігерлі түрде талқандалып, жер аударылып, өзімізге бағындырылсын;

(3) декреттерді Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен Түркістан Халық Комиссарлары Советінің пікірін сұрамай тұрып және орталықтың пікірін сұрамай тұрып, Түркістан комиссиясының[76] өзгертуіне право берілмесін;

(4) өкімет билігін — бірте-бірте, бірақ ұдайы — сенімді коммунистердің бақылауымен, *еңбекшілердің* жергілікті *Советтеріне* беру үнемі ойластырылып, әзірленсін және жүзеге асырылсын;

(5) республиканы 3 бөлікке бөлу күні бұрын шешілмесін;

(6) феодализмді жою жалпы міндет болып қойылсын, бірақ коммунизм емес.

1920 ж. 22 июньде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ПРЕЗИДИУМЫ АТЫНА 1920 ж. 1 ИЮЛЬДЕ БЕРІЛГЕН ТЕЛЕФОНОГРАММА[77]

Жолдастар, мен сіздердің съезіңізге қатысуға және кеңесіңіздің күн тәртібінде тұрған азық-түлік жөніндегі басты-басты мәселелер жөнінде пікірімді айтуға аса құштар едім. Бірақ, амал не, менің осы тілегімді орындауға мүмкіндігім болмай, сіздерге осы телефонограмма арқылы қысқаша ғана сөз арнаумен қанағаттануға мәжбүр болып отырмын. Жолдастар, мен сіздерге мынаны айтуды қажет деп санаймын: сіздердің ерекше ауыр және жауапты жұмыстарыңыздың ойдағыдай нәтижелері жуырда Халық Комиссарлары Советіне қаулы қабылдаттыруға себепші болды; бұл қаулыда азық-түлік органдарының азық-түлік дайындау ісіндегі қол жеткен табыстары жөнінде қанағаттанғандық білдірілген болатын. Өткен екі жылдан астам уақыттың ішінде азық-түлік органдарының ұйымдық жағынан нығайғандығында, өскендігінде ешқандай күмән жоқ. Мұның өзі едәуір дәрежеде сіздердің күшжігеріңіздің арқасында болды.

Бірақ, әлбетте, қол жеткен табыстармен тоқталып қалуға болмайды. Соғыс майданынан кейінгі ең басты майдан — ашаршылық майданы сіздердің алдарыңызға бірқатар жаңа міндеттер қойып отыр, бұларды шешпейінше жұмысшы-шаруа өкіметін бұдан былай нығайту да, экономикалық құрылыстың кезектегі, қауырт міндеттерін шешу де мүмкін емес.

Сондай-ақ мен ұсақ буржуазиялық кооперацияны социалистік кооперацияға айналдыру жөніндегі ауыр,

бірақ игілікті міндетті ойдағыдай шешу үшін партия съезі шешімдерінің [78] негізіне сүйеніп, экономикалық құрылыс ісінде сіздер кооперацияға дұрыс көзқарас орнатуға да көмектеседі деп сенемін.

Азық-түлік жұмысында сіздердің қазірдің өзінде қол жеткен табыстарыңыз сіздерді қалай болғанда да жаңа міндеттерді орындауға, сөйтіп азық-түлік проблемасын іс жүзінде шешу ісіне кірісуге бұрынғыдан да бетер міндеттей түседі, өйткені кімге көп берілсе, содан көп талап етіледі; ал сіздер қолдарыңыздан көп нәрсе келетінін өз жұмыстарыңызбен көрсеттіңіздер. Енді кеңесіңіздің күн тәртібінде тұрған мәселелерді шешуде, одан соң өздеріңіздің күнделікті жұмыстарыңызда табысқа жетулеріңізге тілек білдіруіме рұқсат етіңіздер, ал кеңес біткеннен кейін жергілікті жерлерде сіздер өздеріңіздің күнделікті жұмыстарыңызға он еселенген күш-жігермен кіріседі деп мен сенемін.

1920 ж. 30 июньде жазылған

1920 ж. 2 июльде «Правда» газетінің 143-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЖАРАЛАНҒАН ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРГЕ ЖӘРДЕМ БЕРЕЙІК!

Патша мен капиталистер қиратып кеткен шаруашылықты жұмысшылар мен бүкіл еңбекшілердің ерлігі арқасында біз орасан көп еңбек жұмсап, адам айтқысыз баяу түрде болса да көтеріп, қалпына келтіріп жатырмыз. Қалай дегенмен де аз-аздап іс өрге басып келеді. Бірақ біздің қиыншылықтарымыз бен азаптарымыздың бәрі — Англияның, Францияның, Американың капиталистері айдап салған Польша пандары мен капиталистерінен жұмысшы және шаруа өкіметін қорғап қалуда қан төгіп жараланған қызыл әскердің басына түскен азаппен салыстырғанда түк те емес.

Тылдағы әрбір адам өз борышын — жараланған қызыл әскерге қолдан келген көмегін көрсету борышын — есте ұстайтын болсын.

2. VII. 1920. *Н. Ленин*

Қолжазбаның факсимилесі 1920 ж. 5 июльде «Раненый Красноармеец» журналының 1-номерінде басылған

Факсимиле бойынша басылып отыр

ВЕЛИКОБРИТАНИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫН ҚҰРУ ЖӨНІНДЕГІ БІРІККЕН УАҚЫТША КОМИТЕТТІҢ ХАТЫНА ЖАУАП[79]

«Великобритания Коммунистік партиясын құру жөніндегі біріккен уақытша комитеттің» (Joint Provisional Committee for the Communist Party of Britain), 20. VI. хатын алып, мен, олардың өтініші бойынша, Англияның біртұтас Коммунистік партиясын дереу құру жөнінде өздерінің дамытып отырған жоспарына әбден тілектеспін деген жауабымды қайтаруға асығудамын. Мен, B. S. P., S. L. P. және басқаларды біртұтас Коммунистік партияға біріктіруден тартыншақтап жүрген Сильвия Панкхерст (Pankhurst) жолдастың және W. S. F. (Жұмысшы социалистік федерациясы) ұйымының тактикасын теріс деп санаймын. Атап айтқанда мен өз басым парламентке қатысуды және, коммунистік жұмысты толығынан еркін және дербес жүргізу шартымен, «Жұмысшы партиясына» (Labour Party) қосылуды жақтаймын және осы тактиканы 1920 ж. 15. VII. Москвада болатын III Интернационалдың II конгресінде қорғайтын боламын. Меніңше, ең абзалы, III Интернационалдың барлық шешімдері негізінде біртұтас Коммунистік партияны тезінен құру, сөйтіп бұл партияны «Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшыларымен» (I. W. W.) және «Фабрика-завод старосталарымен» (Shop Stewards Committees)[80] таяу уақыттың ішінде толық қосылуы мақсатында олармен мейлінше жақындастыру.

8. VII. 1920. *Н. Ленин*

1920 ж. 22 июльде ағылшын тілінде «The Call» газетінің 224-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 31-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАДТА К. ЛИБКНЕХТ ПЕН Р. ЛЮКСЕМБУРГКЕ ОРНАТЫЛАТЫН ЕСКЕРТКІШТІҢ ІРГЕСІН ҚАЛАУҒА АРНАЛҒАН МИТИНГІДЕ 1920 ж. 19 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[81]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Жолдастар, барлық елдерде коммунист көсемдер адам естімеген құрбандықтарға ұшырауда, олар Финляндия мен Венгрияда және басқа елдерде мыңдап қаза болуда. Бірақ ешқандай қуғын-сүргін коммунизмнің өрге басуын тоқтата алмайды, сондықтан да Карл Либкнехт пен Роза Люксембург сияқты күрескерлердің ерлігі біздерді рухтандырып, коммунизмнің толық жеңіп шығатындығына сендіреді. (Ленин жолдастың сөзін «ура» айтқан қатты дауыстар көтеріп әкетеді. «Интернационал» орындалады.)

«Петроградская Правда» № 159, 21 июль, 1920 ж.

«Петроградская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ II КОНГРЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТЕЗИСТЕР

1920 ж. июнь — июльде жазылған

Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің алғашқы нобайы — 1920 ж. 14 июльде «Коммунистический Интернационал» журналының 11-номерінде, аграрлық мәселе жөніндегі тезистердің алғашқы нобайы, Коминтерннің II конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистер, Коминтернге қабылдау шарттары — 1920 ж. 20 июльде «Коммунистический Интернационал» журналының 12-номерінде, Коминтернге қабылдау шарттарының жиырмасыншы пункті — 1920 ж. 28 сентябрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 13-номерінде басылған

«Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетіне» хат бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің алғашқы нобайы В. И. Ленин түзету енгізген корректуралық оттискімен салыстырылған қолжазба бойынша, аграрлық мәселе жөніндегі тезистердің алғашқы нобайы қолжазба бойынша, Коминтерннің негізгі міндеттері және Коминтернге қабылдау шарттары туралы тезистер журналдың тексті бойынша басылып отыр

Қолжазба бойынша басылып отыр

1
ҰЛТ ЖӘНЕ ОТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕРДІҢ БАСТАПҚЫ НОБАЙЫ

(КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН)

Отар және ұлт мәселелері жөніндегі тезистердің Коминтерннің 2-ші съезіне арналған мына төмендегі жобасын жолдастардың талқысына ұсына отырып, мен барлық жолдастардан, әсіресе осы аса күрделі мәселелердің белгілі біреуімен нақты таныс жолдастардан, әсіресе мына төмендегі пункттер жөнінде өздерінің пікірін, не түзетуін, не қосымшасын, не нақты түсіндіруін *мейлінше қысқа (2—3 беттен аспайтын) формада*[82] жазып беруін өтінемін:

Австрия тәжірибесі.
Польша-еврей және Украина тәжірибесі.
Эльзас-Лотарингия және Бельгия.
Ирландия.
Дат-герман қатынастары. Итальян-француз және итальян-славян қатынастары.
Балқан тәжірибесі.
Шығыс халықтары.
Панисламизмге қарсы күрес.
Кавказдағы қатынастар.
Башқұрт және Татар республикалары.
Қырғызстан.
Түркістан, оның тәжірибесі.
Америкадағы негрлер.
Отарлар.
Қытай — Корея — Жапония.

5. VI. 1920. *Н. Ленин*

1. Жалпы теңдік туралы, соның ішінде ұлттық теңдік туралы мәселені абстракт немесе формальды түрде қою буржуазиялық демократияға, оның өзінің табиғатына тән нәрсе. Жалпы алғанда адамның жеке басының теңдігі дегенді сылтауратып, буржуазиялық демократия меншікші мен пролетарды, қанаушы мен қаналушыны формальдық жағынан немесе заң жүзінде тең деп жариялайды, сөйтіп езілген таптарды шексіз алдайды. Товар өндірісі қатынастарының көрінісі болып табылатын теңдік идеясын буржуазия адамның жеке басы бейне барынша тең дегенді сылтауратып, таптарды жоюға қарсы күрес құралына айналдырады. Теңдікті талап етудің шын мағынасы — таптарды жоюды талап етуде ғана.

2. Буржуазияның езгісін құлату жолындағы пролетариат күресінің саналы жетекшісі болып табылатын коммунистік партия буржуазиялық демократияға қарсы күрестегі және оның жалғандығы мен екіжүзділігін әшкерелеудегі өзінің негізгі міндетіне сәйкес, ұлт мәселесінде де ең алдымен абстракт және формальды принциптерді қоймай, біріншіден, тарихи-нақты жағдайды, бәрінен бұрын экономикалық жағдайды дәл есепке алып отыруға тиіс; екіншіден, үстем таптың мүдделері болып табылатын халық мүдделері деген жалпы ұғымнан езілген таптардың, еңбекшілердің, қаналғандардың мүдделерін тегінде айқын бөліп қарауға тиіс; үшіншіден, финанс капиталы мен империализм заманына тән, жер жүзіндегі халықтың орасан көпшілігін аса бай алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің болмашы азшылығының отаршылдық және финанстық құлдыққа салуын көлегейлеп отырған буржуазиялық-демократиялық жалғандыққа қарама-қарсы, езілген, тәуелді, тең праволы емес ұлттарды езуші, қанаушы, толық праволы ұлттардан нақ солай айқын бөліп қарауға тиіс.

3. Атышулы «батыс демократияларының» Версаль шарты, герман юнкерлері мен кайзердің Брест-Литовск шартынан да бетер, әлсіз ұлттарға жасалып отырған айуандық, зұлымдық зорлық екендігін іс жүзінде көрсетіп, 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс буржуазиялық-демократиялық жел сөздердің жалған-

дығын барлық ұлттардың алдында және бүкіл дүние жүзіндегі езілген таптардың алдында ерекше айқын етіп ашып берді. Ұлттар лигасы және Антантаның соғыстан кейінгі бүкіл саясаты, алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының да, отар және тәуелді елдердің барлық еңбекші бұқарасының да революциялық күресін барлық жерде күшейте түсіп, капитализм тұсында ұлттардың тату қатар өмір сүруі және ұлттар теңдігі мүмкін дейтін мещандық-ұлттық жалған үміттердің күйреуін тездете түсіп, әлгі шындықты одан да бетер айқын етіп, барынша ашып беріп отыр.

4. Жоғарыда айтылған негізгі қағидалардан шығатын қорытынды: помещиктер мен буржуазияны құлату жолында бірлесіп революциялық күрес жүргізу үшін барлық ұлттар мен барлық елдердің пролетарлары мен еңбекшілер бұқарасын жақындастыру Коминтерннің ұлт және отар мәселесіндегі бүкіл саясатының негізіне алынуға тиіс. Өйткені осындай жақындасу ғана капитализмді жеңіп шығуға кепілдік береді, капитализмді жеңбейінше ұлттық езгі мен ұлттық теңсіздікті жою мүмкін емес.

5. Дүние жүзілік саяси жағдай қазір пролетариат диктатурасын күн тәртібіне қойды, сондықтан дүние жүзілік саясаттың барлық оқиғалары негізгі бір басты пункттің төңірегінде болып жатқаны, атап айтқанда: бір жағынан, барлық елдердің алдыңғы қатарлы жұмысшыларының советтік қозғалысын, екінші жағынан, Совет өкіметінің бүкіл дүние жүзілік империализмді жеңіп шығуынан басқа өздерінің аман қалар жолы жоқ екендігіне қайғылы тәжірибе арқылы көзі жете бастаған отарлар мен езілген халықтардың барлық ұлт-азаттық қозғалыстарын өз маңына топтастырмай қоймайтын Советтік Россия республикасына қарсы бүкіл дүние жүзілік буржуазия күресінің төңірегінде болып жатқаны сөзсіз.

6. Демек, қазіргі кезде түрлі ұлттардың еңбекшілерін жақындастыруды жалаң мойындаумен немесе соны жариялаумен шектелуге болмайды, қайта барлық ұлттық-және отар-азаттық қозғалыстардың Советтік Россиямен нағыз тығыз одағын жүзеге асыру саясатын

жүргізу қажет, бұл одақтың формаларын әрбір елдің пролетариаты арасындағы коммунистік қозғалыстың даму дәрежесіне қарай немесе артта қалған елдердегі немесе артта қалған ұлттардың ішіндегі жұмысшылар мен шаруалардың буржуазиялық-демократиялық азаттық қозғалысының даму дәрежесіне қарай белгілеп отыру керек.

7. Федерация әр түрлі ұлттардың еңбекшілерінің толық бірлікке жетуінің өтпелі формасы болып табылады. Федерация қазірдің өзінде-ақ РСФСР-дің өзге советтік республикаларға (бұрын Венгрия, Финляндия[83], Латвия[84], қазірде Азербайжан, Украина республикаларына) қатынастары жөнінде де, РСФСР-дің өз ішінде бұрын мемлекеті де, автономиясы да болмаған ұлттар (мәселен, РСФСР-да 1919 және 1920 жылдары құрылған Башқұрт және Татар автономиялы республикалары) жөнінде де өзінің қолайлылығын практика жүзінде көрсетіп отыр.

8. Бұл жөнінде Коминтерннің міндеті советтік құрылыс пен советтік қозғалыстың негізінде туып жатқан осы жаңа федерацияларды әрі ілгері дамыту, әрі зерттеу және тәжірибеде сынау болып табылады. Федерацияны толық бірлікке жетудің өтпелі формасы деп тани отырып, федерациялық неғұрлым тығыз одақтың болуына ұмтылу қажет, мұнда, біріншіден, советтік республикалардың мейлінше тығыз одағы болмайынша, бүкіл дүние жүзінің әскери жағынан өлшеусіз күшті империалистік державаларының қоршауындағы советтік республикалардың өмір сүруін қорғап қалу мүмкін емес екендігін ескеру керек; екіншіден, советтік республикалардың экономикалық тығыз одағы болуының қажеттігін ескеру керек, мұнсыз империализм қиратқан өндіргіш күштерді қалпына келтіруге және еңбекшілердің әл-ауқатының жақсаруын қамтамасыз етуге болмайды; үшіншіден, барлық ұлттардың пролетариаты жалпы жоспар бойынша реттеп отыратын, бірыңғай, тұтас, бүкіл дүние жүзілік шаруашылықты жасау тенденциясын ескеру керек, мұндай тенденция капитализм тұсында-ақ әбден айқын білінді және бұл

тенденция социализм тұсында сөзсіз ілгері қарай дамытылуы, толығынан аяқталуы керек.

9. Мемлекет ішіндегі қатынастар саласында Коминтерннің ұлт саясаты ұлттардың тең праволылығын жалаң, формальды түрде, таза декларация түрінде және практикада еш нәрсеге де міндеттемейтін түрде мойындаумен ғана шектеле алмайды; мұнымен — өздерін буржуазиялық демократтармыз деп ашықтан-ашық мойындап жүргендері болсын, әлде II Интернационалдың социалистері сияқты, социалистерміз деген атақты жамылып жүргендері болсын,— тек буржуазиялық демократтар ғана шектеле алады.

Барлық капиталистік мемлекеттерде, олардың өздерінің «демократиялық» конституцияларына қарамастан, ұлттардың тең праволылығы мен аз ұлттар праволарының кепілдіктерін үнемі бұзып отырушылық коммунистік партиялардың бүкіл насихаты мен үгітінде ғана — парламент трибунасынан болсын, одан тыс болсын — үнемі әшкереленіп қойылмай, сонымен қатар, біріншіден, буржуазияға қарсы күресте әуелі пролетарларды, содан кейін еңбекшілердің барлық бұқарасын біріктіріп, іс жүзінде ұлттарға тең право беру тек советтік құрылыстың ғана қолынан келетіндігі де үнемі түсіндіріліп отыруы қажет; екіншіден, тәуелді немесе тең праволы емес ұлттардағы (мәселен, Ирландиядағы, Америка негрлерінің, т. с. арасындағы) және отарлардағы революциялық қозғалыстарға барлық коммунистік партиялардың тікелей көмек көрсетуі қажет.

Осы соңғы, айрықша маңызды, шарт орындалмайынша, тәуелді ұлттар мен отарларды езуге қарсы күресу, сондай-ақ олардың мемлекет болып бөліну правосын мойындау, II Интернационал партияларынан өзіміздің көріп отырғанымыз сияқты, жалған жарнама болып қала береді.

10. Интернационализмді сөз жүзінде мойындау, ал іс жүзінде, бүкіл насихатта, үгітте, практикалық жұмыста оны мещандық ұлтшылдықпен және пацифизммен ауыстыру — II Интернационал партияларының арасында ғана емес, сонымен қатар осы Интернационалдан шыққан партиялардың арасында да, тіпті екі-

нің бірінде өздерін осы күні коммунистік партиялармыз деп атап жүргендердің арасында да нағыз дағдылы құбылыс. Пролетариат диктатурасын ұлттық диктатурадан (яғни бір елде ғана болып, бүкіл дүние жүзілік саясатты белгілеуге қабілетсіз диктатурадан) интернационалдық диктатураға (яғни ең болмағанда бірнеше алдыңғы қатарлы ел пролетариатының бүкіл дүние жүзілік саясатқа шешуші әсер етуге қабілетті диктатурасына) айналдыру міндеті неғұрлым күшейген сайын, әлгі кеселге қарсы күрес, тамырын мықтап жайған ұсақ буржуазиялық-ұлттық соқыр сенімдерге қарсы күрес соғұрлым алдыңғы қатарға қойылмақшы. Ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық ұлттық эгоизмді бұлжытпастан сақтап, ұлттардың тең праволы болуын мойындауды, тек соны ғана (бұл мойындаудың құр сөз жүзінде ғана екендігін айтпай-ақ қойғанның өзінде) интернационализм деп жариялайды, ал оның бер жағында пролетарлық интернационализм, біріншіден, бір елдегі пролетарлық күрестің мүдделерін осы күрестің бүкіл дүние жүзілік көлемдегі мүдделеріне бағындыруды талап етеді; екіншіден, буржуазияны жеңіп шығуды жүзеге асырушы ұлттың халықаралық капиталды құлату үшін орасан зор ұлттық құрбандыққа баруға қабілеті мен әзірлігі болуын талап етеді.

Сонымен, шынымен пролетариаттың авангарды болып табылатын жұмысшы партиялары бар нағыз капиталистік мемлекет болып қалыптасқан мемлекеттерде интернационализм ұғымын және интернационализм саясатын оппортунистік, мещандық-пацифистік бұрмалаушылыққа қарсы күресу бірінші және ең маңызды міндет болып табылады.

11. Неғұрлым артта қалган, феодалдық немесе патриархтық және патриархтық-шаруалық қатынастары басым мемлекеттер мен ұлттар жөнінде әсіресе мына қажеттіктерді ескеру керек:

1-ден, бұл елдердегі буржуазиялық-демократиялық азаттық қозғалысына барлық коммунистік партиялардың көмегі керек; нағыз белсенді көмек көрсетіп отыру міндеті ең алдымен сол артта қалған ұлтты отарлық

немесе финанстық тәуелділікте ұстап отырған елдің жұмысшыларына жүктеледі;

2-ден, артта қалған елдерде ықпалын сақтап отырған дін басыларымен және басқа да реакциялық, орта ғасырлық элементтермен күресу керек;

3-ден, европалық және американдық империализмге қарсы жүргізілетін азаттық қозғалысын хандардың, помещиктердің, молдалардың, т. с. позициясын нығайтумен ұштастырғысы келетін панисламизмге және сондай ағымдарға қарсы күресу керек;*

4-ден, артта қалған елдерде помещиктерге қарсы, ірі жер иелігіне қарсы, феодализмнің түрліше көріністеріне немесе қалдықтарына қарсы шаруалар қозғалысын әдейі қолдап отыру керек және батыс европалық коммунистік пролетариаттың шығыстағы, отарлардағы, жалпы алғанда артта қалған елдердегі шаруалардың революциялық қозғалысымен мүмкін болғанынша неғұрлым тығыз одағын жүзеге асыра отырып, шаруа қозғалысына неғұрлым революциялық сипат беруге тырысу керек; «еңбекшілер Советтерін», т. с. құру жолымен, капитализмге дейінгі қатынастар үстем болып отырған елдерге советтік құрылыстың негізгі бастамаларын енгізу үшін әсіресе барлық күш-жігерді жұмсау қажет;

5-ден, артта қалған елдердегі буржуазиялық-демократиялық азаттық ағымдарын коммунизм түрінде боямалап көрсетуге қарсы батыл күресу керек; Коммунистік Интернационал отарлар мен артта қалған елдердің буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыстарын қолдап отыруға тиіс, қолдағанда, барлық артта қалған елдердегі болашақ пролетарлық партиялардың, аты ғана емес, заты да коммунистік партиялардың, элементтері өздерінің ерекше міндеттерін, өз ұлттарының ішіндегі буржуазиялық-демократиялық қозғалыстарға қарсы күресу міндеттерін түсіне отырып топтасатын және тәрбиеленетін болған жағдайда ғана қолдауға тиіс; Коммунистік Интернационал отарлар мен артта қалған елдердің буржуазиялық демократиясымен уақытша

* Корректуралық оттискіде В. И. Ленин 2 және 3-пункттердің алдынан өрнекті жақша ашып, «2 мен 3 біріктірілсін» деп жазған. *Ред.*

одақтасуға баруы керек, бірақ онымен қосылып кетпеуі керек және пролетарлық қозғалыстың тіпті жаңа басталып келе жатқан формасында да оның дербестігін сөзсіз сақтауы керек;

6-дан, саяси тәуелсіз мемлекеттер жасаймыз деген болып, экономика, финанс, әскери жағынан өздеріне толығынан тәуелді мемлекеттер жасап отырған империалистік державалардың үнемі алдайтындығын барлық елдердің, әсіресе артта қалған елдердің нағыз қалың еңбекшілер бұқарасына тынбастан түсіндіріп, әшкерелеп отыру керек; қазіргі халықаралық жағдайда тәуелді және әлсіз ұлттарға советтік республикалар одағынан басқа аман қалар жол жоқ.

12. Империалистік державалардың отар және әлсіз халықтарды ғасырлар бойы езіп келуі езілген елдердің еңбекшілер бұқарасының санасында жалпы алғанда езуші ұлттарға, соның ішінде сол ұлттардың пролетариатына да, тек өшпенділік сезім ғана емес, сенімсіздік сезім де қалдырды. «Отан қорғау» деген сылтаумен «өз» буржуазиясының отарларды езу және финанс жағынан тәуелді елдерді тонау «правосын» қорғау социалшовинистікпен бүркемеленген кезде, 1914—1919 жылдары осы пролетариаттың ресми көсемдері көпшілігінің социализмді зұлымдықпен сатып кетуі әлгі, әбден заңды, сенімсіздікті күшейтпей қоймады. Екінші жағынан, ел неғұрлым артта қалған болса, ол елде ұсақ егіншілік өндірісі, патриархтық және дүниеден меңіреу артта қалғандық соғұрлым күшті болады, бұлар тамырын мейлінше терең жайған ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдерді, атап айтқанда: ұлттық эгоизм, ұлттық тар өрістілік соқыр сенімдерін ерекше күшейтпей, сірі жанды етпей қоймайды. Бұл соқыр сенімдер алдыңғы қатарлы елдерде империализм мен капитализм құрығаннан кейін ғана және артта қалған елдердің экономикалық өмірінің бүкіл негізі түгелдей өзгергеннен кейін ғана құритын болғандықтан, бұл соқыр сенімдердің жойылып бітуі де өте баяу болмай қоймайды. Мейлінше ұзақ уақыт езіліп келген елдер мен халықтардың ұлттық сезімдерінің ескілік қалдықтарына ерекше сақ болу, ерекше көңіл бөлу барлық ел-

дердің саналы коммунистік пролетариаты үшін міндетті нәрсе екендігі, сол сияқты жоғарыда айтылған сенімсіздік пен жоғарыда айтылған соқыр сенімдерді неғұрлым тез жою мақсатын көздеп, белгілі кеңшіліктер жасауға бару да міндетті нәрсе екендігі осыдан. Бүкіл дүние жүзінің барлық елдері мен ұлттарының пролетариаты, одан соң барлық еңбекшілер бұқарасы тарапынан одаққа және бірлікке өз ықтиярларымен ұмтылуы болмайынша, капитализмді жеңіп шығудың ойдағыдай болып аяқталуы мүмкін емес.

2
АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕРДІҢ БАСТАПҚЫ НОБАЙЫ

(КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН)

Мархлевский жолдас өзінің мақаласында[85] революцияшыл пролетариаттың аграрлық мәселедегі тактикасын қазір сатқын болып кеткен Екінші Интернационалдың белгілей алмағаны былай тұрсын, тіпті бұл мәселені дұрыс қоя да алмауының себептерін тамаша талдады. Бұдан кейін Мархлевский жолдас III Интернационалдың коммунистік аграрлық программасының теориялық негіздерін берді.

Коминтерннің 1920 ж. 15. VII. болатын съезінің аграрлық мәселе жөніндегі жалпы қарары осы негіздерде жасалуы мүмкін (және, меніңше, жасалуға тиіс).

Төмендегілер осындай қарардың бастапқы нобайы болып табылады.

1. Коммунистік партия басшылық ететін қала мен өнеркәсіп пролетариаты ғана деревняның еңбекші бұқарасын капиталдың және помещиктік ірі жер иелігінің езгісінен, бүліншіліктен және капиталистік құрылыс сақталып тұрғанда қайта-қайта болмай қоймайтын империалистік соғыстардан құтқара алады. Деревняның еңбекші бұқарасына коммунистік пролетариатпен одақтасудан басқа, оның помещиктердің (ірі жер иелерінің) және буржуазияның езгісін құлату жолындағы революциялық күресін жанқиярлықпен қолдаудан басқа құтылар жол жоқ.

Екінші жағынан, егер өнеркәсіп жұмысшылары цехтық тар өрісті, кәсіптік тар өрісті мүдделерімен тұйықталатын болса және өздерінің кейде әжептәуір-мещан-

дық жағдайын жақсарту жөніндегі тіршіліктеріне қанағаттанып мәз болса, бұл жұмысшылар адамзатты капиталдың езгісі мен соғыстардан азат ету жөніндегі өздерінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи міндетін атқара алмайды. II Интернационалдың социалистік-сымақ партияларының негізі болып табылатын, ал іс жүзінде көптеген алдыңғы қатарлы елдерде социализмнің қас дұшпандары, социализмге сатқындық жасаушылар, мещандық шовинистер, жұмысшы қозғалысы ішіндегі буржуазияның агенттері болып табылатын «жұмысшы аристократиясы» нақ осындай халде болады. Барлық еңбекшілер мен қаналғандардың авангарды ретінде бой көрсеткенде ғана және солай істегенде ғана, бұлардың қанаушыларды құлату жолындағы күресінің көсемі болған күнде ғана пролетариат шын революцияшыл, шын социалистік қимыл жасаушы тап бола алады, ал деревняға тап күресін енгізбейінше, деревняның еңбекші бұқарасын қала пролетариаты коммунистік партиясының төңірегіне біріктірмейінше, деревняның еңбекші бұқарасын қала пролетариаты тәрбиелеп шығармайынша, мұны орындауға болмайды.

2. Қала пролетариаты күреске бастауға тиісті немесе қалай болғанда да өз жағына тартуға тиісті деревня еңбекшілері мен қаналған бұқара барлық капиталистік елдерде мына таптардан құралады:

1-ден, капиталистік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында жалданып жұмыс істеп, өздерінің күн көрісіне қаражат табатын ауыл шаруашылық пролетариатынан, жалдама жұмысшылардан (жылдық, мерзімдік, күндік жалдама жұмысшылардан) құралады. Бұл тапты дербес, село халқының басқа топтарынан бөлек (әрі саяси, әрі әскери, әрі кәсіптік, әрі кооперативтік, әрі мәдени-ағарту, т. т. жағынан) ұйымдастыру, оның ішінде насихат пен үгітті күшейту, оны Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасы жағына тарту барлық елдердегі коммунистік партиялардың *негізгі* міндеті болып табылады.

2-ден, жартылай пролетарлардан немесе парцеллалы шаруалардан, яғни бір жағынан капиталистік ауыл шаруашылық және өнеркәсіп орындарына жалданып

жұмыс істеу арқылы, екінші жағынан арендаға алған немесе өзінің ұлтарақтай жерінде еңбек етіп, өз семьясы үшін керекті азық-түлік өнімдерінің тек бір бөлегін ғана өндіру арқылы өз күн көрісіне қаражат табатындардан құралады. Селоның еңбекші халқының бұл тобы барлық капиталистік елдерде өте көп, бұл топтың тіршілік өмірін және оның ерекше жағдайын буржуазия өкілдері және II Интернационалға жататын сатқын «социалистер» бүркемелеп отырады, бүркемелегенде, бір жағынан, жұмысшыларды әдейі алдап, екінші жағынан, тоғышарлық көзқарастардың кертартпалығына талғаусыз сеніп қалып, бұл топты тегінде «шаруалардың» жалпы бұқарасымен шатастырып бүркемелейді. Жұмысшыларды алдаудың бұл сияқты буржуазиялық тәсілі Германия мен Францияда, содан соң Америкада және басқа елдерде көбірек байқалады. Коммунистік партия жұмысты дұрыс жолға қойса, бұл топты оның өз жағына шығарып алуы қамтамасыз етіледі, өйткені бұл сияқты жартылай пролетарлардың жағдайы өте ауыр, сондықтан Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасынан бұларға дереу және орасан зор пайда түседі.

3-ден, ұсақ шаруалар, яғни азын-аулақ жер учаскесін меншіктену немесе арендалау правосына ие болып отырған ұсақ егіншілер; бұлар өзінің семьясына және шаруашылығына керегін сол азын-аулақ жерінен табады да, бөтеннің жұмыс күшін жалдамайды. Бұл топ, топ ретінде, пролетариаттың жеңісінен сөзсіз пайда табады, оның жеңісі бұған дереу және толығымен мыналарды әпереді: (а) ірі жер иелеріне аренда ақысын төлеуден немесе өнімнің жарма-жарлық үлесін (мәселен, Францияда, métayers, сыбағаластар, Италияда да осылай, тағы басқалар) төлеуден құтқарады; (б) ипотекалық борыштарынан құтқарады; (в) ірі жер иелерінің әр алуан формадағы езгісінен және оларға тәуелділіктен (орман-тоғайлықтар және оларды пайдалану, т. с.) құтқарады; (г) олардың шаруашылығына пролетарлық мемлекеттік өкімет тарапынан дереу көмек көрсетіледі (ауыл шаруашылық құралдарымен және пролетариат экспроприациялайтын капиталистік

ірі шаруашылықтардағы құрылыстардың бірсыпырасымен пайдалануға қолы жетеді; мемлекеттік пролетарлық өкімет селолық кооперативтер мен ауыл шаруашылық серіктіктерін капитализм тұсында көбінесе бай және орта шаруаларға қызмет етіп келген ұйымдардан енді ең алдымен кедейлерге, яғни пролетарларға, жартылай пролетарларға және ұсақ шаруаларға, т. с. көмектесетін ұйымдарға дереу айналдырады) және басқа да толып жатқан көмектер беріледі.

Сонымен бірге капитализмнен коммунизмге өту дәуірінде, яғни пролетариат диктатурасы кезінде, бұл топтың арасында ешбір шек қойылмаған сауда еркіндігі мен жеке меншік праволарын пайдалану еркіндігі жағына қарай ауытқудың, ең аз дегенде ішінара болса да, сөзсіз болатындығын коммунистік партия айқын түсіне білуі керек, өйткені бұл топ, тұтыну заттарын (көп мөлшерде болмағанмен) сатушылар болып келгендіктен де, жалдаптықпен және меншікшілдік әдеттермен бұзылған топ. Алайда, табанды пролетарлық саясат жүргізген жағдайда, жеңіп шыққан пролетариат ірі жер иелері мен ірі шаруаларды мейлінше батыл жаныштап отырған жағдайда, бұл топтың ауытқуы онша күшті бола қоймайды және тұтас, жалпы алғанда бұл топтың пролетариат төңкерісі жағында болуы фактісін өзгерте алмайды.

3. Деревня халқының жоғарыда көрсетілген үш тобын бірге қосып алғанда бұлар барлық капиталистік елдерде деревня халқының көпшілігі болып шығады. Сондықтан пролетарлық төңкерістің табысты болуы тек қалаларда ғана емес, сонымен қатар деревняларда да толық қамтамасыз етілген. Бұған қарсы пікір көп тараған, бірақ бұл пікір: біріншіден, деревнядағы жоғарыда көрсетілген таптар мен қанаушылардың, помещиктердің және капиталистердің арасындағы, сондай-ақ, бір жағынан, жартылай пролетарлар мен ұсақ шаруалардың және, екінші жағынан, ірі шаруалардың арасындағы терең тұңғиықты барлық амалдармен бүркемелейтін буржуазиялық ғылым мен статистиканың үнемі алдаушылығы арқылы ғана сақталып отыр; екіншіден, бұл пікір сатқын, Екінші, Интернационал ба-

тырларының және алдыңғы қатарлы елдердің империалистер берген пұрсаттылықтар азғындатқан «жұмысшы аристократиясының» деревня кедейлері арасында шын пролетарлық-революциялық үгіт, насихат, ұйымдастыру жұмысын жүргізе алмайтындығынан және жүргізгілері келмейтіндігінен сақталып отыр; оппортунистер бүкіл назарын буржуазиялық үкімет пен буржуазияны пролетариаттың революциялық жолмен құлатуына аудармай, буржуазиямен, соның ішінде ірі және орта шаруалармен (бұлар туралы төменде сөз болады) теориялық және практикалық келісімпаздықты ойлап табуға аударып келді және аударып та отыр; үшіншіден, бұл пікір теориялық жағынан марксизм әбден дәлелдеген және Россиядағы пролетарлық революцияның тәжірибесі әбден растаған ақиқатты қасарып түсінбеушіліктен, қазірдің өзінде соқыр сенімдей (бүкіл буржуазиялық-демократиялық және парламенттік соқыр сенімдерге байланысты) бекіп алған түсінбеушіліктен сақталып отыр, ол ақиқат атап айтқанда мынау: адам естіп көрмеген дәрежеде езілген, бытыраған, жаншылған, барлық ең алдыңғы қатарлы елдерде жартылай варварлық тұрмыс жағдайына душар болған село халқының жоғарыда айтылған үш категориясының үшеуі де экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағынан социализмнің жеңуіне мүдделі бола отырып, революцияшыл пролетариатты батыл қолдай алады, қолдағанда, ол пролетариат саяси өкіметті жеңіп алғаннан *кейін* ғана, ірі жер иелері мен капиталистерді ол батыл жазалағаннан *кейін* ғана, көмек көрсету және басшылық ету үшін, дұрыс жол нұсқау үшін өздерінің айтарлықтай күшті және берік, ұйымдасқан көсемі мен қорғаушысы бар екенін осы жаншылған адамдар *практика жүзінде* көргеннен *кейін* ғана қолдай алады.

4. Экономикалық мағынада алғанда «орта шаруалар» деп меншіктену немесе арендаға алу правосымен әлгіндей азын-аулақ жер учаскесіне ие болып отырған ұсақ егіншілерді түсіну керек, азын-аулақ болғанмен де осы жері, 1-ден, капитализм тұсында, жалпы ереже бойынша, шаруашылығын жүргізіп, семьясын асырауға жетерліктей ғана шамалы өнім беріп қоймай, соны-

мен бірге ең болмағанда, қолайлы жылдарда капиталға айнала алатын белгілі бір басы артық өнім алуға да мүмкіндік береді; бұл ұсақ егіншілер, 2-ден, біршама көп ретте (мәселен, екі немесе үш шаруашылықтың ішінен біреуі) бөтеннің жұмыс күшін жалдауға бой ұрады. Алдыңғы қатарлы капиталистік елдердегі орта шаруаларға Германияда, 1907 жылғы санақ бойынша, шаруашылығында 5 гектардан 10 гектарға дейін жері бар шаруалар тобы нақты мысал бола алады, бұл топта жалдап алынған ауыл шаруашылық жалдама жұмысшылардың саны осы топтың барлық шаруашылығының үштен біріне жақындап қалады*. Жерге өте-мөте көп еңбек сіңіруді керек ететін арнаулы дақылдар, мәселен, жүзім шаруашылығы кобірек дамыған Францияда әлгіндей топ бөтеннің жалдама жұмыс күшімен әлдеқайда көбірек мөлшерде пайдалануы ықтимал.

Революцияшыл пролетариат — ең болмағанда таяудағы болашақ үшін және пролетариат диктатурасы дәуірінің бас кезі үшін — бұл топты өз жағына тартуды өзінің міндеті етіп қоя алмайды, қайта оны бейтарап ету міндетімен шектелуі керек, яғни пролетариат пен буржуазия арасындағы күресте оны бейтарап етуі керек. Бұл топтың не ана күшке, не мына күшке қарай ауытқып отыруы сөзсіз, ал жаңа заманның бас кезінде, дамыған капиталистік елдерде, бұл топтың басым тенденциясы буржуазия жағында болады. Өйткені мұнда меншікшінің дүние тану көзқарасы мен пиғылы басым болады; жалдаптыққа, сауда «еркіндігі» мен меншік «еркіндігіне» тікелей мүдделілік болады; жалдама жұмысшыларға тура антагонизм болады. Жеңген пролетариат аренда ақысы мен ипотекаларды жояды да, бұл топтың жағдайын қолма-қол жақсартады. Капиталистік мемлекеттердің көпшілігінде пролетарлық өкімет жеке меншікті әсте дереу толығынан жойып жіберуге тиісті емес, сондықтан ол қалай болғанмен де

* Дәлме-дәл цифрлар мынадай: 5—10 гектар жері бар шаруашылықтардың саны — 652 798 (5 736 082 шаруашылықтан); олардағы семьялы жұмысшылар (Familienangehörige) 2 003 633 болғанда, түрлі жалдама жұмысшылар 487 704. Австрияда, 1902 жылғы санақ бойынша, осы топта 383 331 шаруашылық болды, бұлардың 126 136-сында жалдама еңбекті қолданады; жалдама жұмысшылар 146 044, семьялы жұмысшылар — 1 265 969. Австриядағы барлық шаруашылықтардың саны 2 856 349.

ұсақ шаруалардың да, орта шаруалардың да жер учаскелерін олардың өздерінде қалдыру былай тұрсын, оның үстіне сол учаскелерді олардың әдеттегі арендаға алып жүрген барлық жерінің мөлшеріне дейін жеткізіп, көбейтуге кепілдік береді (аренда ақысын жою).

Бұл сияқты шараларды буржуазияға қарсы аяусыз күреспен біріктіру — бейтараптау саясатының табысты болуының толық кепілі. Пролетарлық мемлекеттік өкімет коллективтік егіншілікке көшуді зор сақтықпен, бірте-бірте, үлгі көрсету күшімен, орта шаруаларды ешбір күштемей іске асыруға тиіс.

5. Ірі шаруалар («Großbauern») дегеніміз — жалпы ереже бойынша бірнеше жалдама жұмысшыны пайдаланып қожайындық ететін, «шаруалармен» аз ғана мәдени дәреже арқылы, тұрмыс салты арқылы, өз шаруашылығында жеке басының қара жұмыс істеуі арқылы ғана байланысты болатын егіншіліктегі капиталистік кәсіпкерлер. Мұның өзі революцияшыл пролетариаттың тікелей және барып тұрған жауы болып табылатын буржуазиялық топтардың ішіндегі сан жағынан ең көбі. Коммунистік партиялардың деревняда істейтін бүкіл жұмысында осы топқа қарсы күреске, село халқының көпшілігі болып табылатын еңбекшілер мен қаналғандарды осы қанаушылардың идеялық және саяси ықпалынан босатып алуға, т. т. басты назар аударылуға тиіс.

Пролетариат қалаларда жеңіп шыққаннан кейін бұл топтың неше түрлі қарсылықтары, саботаждары, контрреволюциялық сипатта тура қарулы бой көрсетулері әсте болмай қоймайды. Сондықтан революцияшыл пролетариат бұл топты түгел қарусыздандыру үшін және оған, өнеркәсіпте капиталистерді құлатумен бірге, алғаш қарсылық көрсеткен бойда-ақ барынша батыл, аяусыз, өлтіре соққы беру үшін қажет болатын күштерді идеялық және ұйымдық жағынан дереу әзірлей бастауға тиіс, бұл үшін ол селолық пролетариатты қаруландыруы және деревняда Советтерді ұйымдастыруы керек, бұл Советтерде қанаушыларға орын болмауға тиіс, қайта пролетарлар мен жартылай пролетарлардың басым болуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Алайда, тіпті ірі шаруаларды экспроприациялаудың өзі де жеңген пролетариаттың өсте тікелей міндеті бола алмайды, өйткені мұндай шаруашылықтарды қоғамдастыру үшін материалдық, атап айтқанда техникалық, ал одан соң әлеуметтік те жағдайлар әлі қолда жоқ. Кейбір жеке реттерде, мүмкін, өте бір айрықша реттерде, бұлардың жер учаскелерінің ұсақ арендаға берілетін немесе төңірегіндегі ұсақ шаруа халыққа айрықша қажет болған бөліктері конфискеленетін болады; бұл ұсақ шаруа халқына ірі шаруаның ауыл шаруашылық машиналарының бірсыпырасын белгілі бір шарт бойынша тегін пайдалануға да кепілдік беру керек, т. т. Ал жалпы ереже бойынша пролетарлық мемлекеттік өкімет ірі шаруалардың жерлерін олардың өздерінде қалдыруға тиіс, тек еңбекшілердің және қаналғандардың өкіметіне қарсыласқан жағдайда ғана оларды конфискелеуі керек. Бірқатар ерекше жағдайларға байланысты ірі шаруаларға қарсы күрес қиын болған және ұзаққа созылған россиялық пролетарлық революцияның тәжірибесі мынаны көрсетті: ірі шаруалар тобы қарсыласуға болмашы әрекет жасағандығы үшін тиісті сабақ алғаннан кейін, бұл топ дегенмен пролетарлық мемлекеттің тапсырмаларын адал орындай алатындығын байқатты және еңбеккер атаулыны қорғайтын, ал арамтамақ байларға аяусыз қарайтын өкіметті, өте баяу болғанымен, тіпті құрметтей де бастап отыр.

Буржуазияны жеңген пролетариаттың Россияда ірі шаруаларға қарсы күресін қиындатқан және баяулатқан ерекше жағдайлар көбінесе мыналар: орыс революциясы 1917 ж. 25. X. (7. XI.) төңкерістен кейін тұтас алғанда барлық шаруалардың помещиктерге қарсы «жалпы демократиялық», яғни негізінен алғанда буржуазиялық-демократиялық, күрес сатысынан өтті; одан соң — қала пролетариаты мәдениет және сан жағынан әлсіз болды; ақырында — жер орасан шалғай және қатынас жолдары өте нашар болды. Алдыңғы қатарлы елдерде кедергі боларлық мұндай жағдайлар жоқ болғандықтан, Европа мен Американың революцияшыл пролетариаты ірі шаруалардың қарсыласуын толық

жеңуді анағұрлым жігерлі түрде даярлап, оны анағұрлым тез, анағұрлым батыл түрде, анағұрлым ойдағыдай аяқтап шығуға, оларда титтей де болсын қарсыласу мүмкіндігін мүлде қалдырмауға тиіс. Бұл өте-мөте қажет, өйткені осылай толық және әбден толық жеңіп шыққанға дейін деревняның пролетарлар, жартылай пролетарлар және ұсақ шаруалар бұқарасы пролетарлық мемлекеттік өкіметті барынша тұрақты өкімет деп тани алмайды.

6. Революцияшыл пролетариат помещиктердің, ірі жер иелерінің, яғни капиталистік елдерде өздігінен немесе өздерінің фермерлері арқылы жалдама жұмыс күшін және төңіректегі ұсақ шаруаларды (кейде ішінара орта шаруаларды да) үнемі қанаушылардың, дене еңбегімен ешбір шұғылданбайтындардың, көбінесе феодалдар ұрпағына жататындардың (Россияда, Германияда, Венгрияда дворяндар, Францияда реставрацияланған сеньорлар, Англияда лордтар, Америкада бұрынғы құл иеленушілер) немесе айрықша байып алған финанс алпауыттарына жататындардың, немесе қанаушылар мен арамтамақтардың осы екі категориясының арасынан пайда болғандардың барлық жерлерін дереу және сөзсіз конфискелеуге тиіс.

Ірі жер иелерінен экспроприацияланып алынған жерлері үшін оларға ақы төлеуді насихаттауға немесе осыны жүзеге асыруға коммунистік партиялардың қатарында ешбір жол беруге болмайды, өйткені Европа мен Американың қазіргі жағдайларында мұның өзі социализмге опасыздық жасағандық болар еді және миллионерлердің санын көбейтіп, оларды байыта түскен соғыс зардабын басқалардың бәрінен де көп шеккен еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасына жаңадан алым салғандық болар еді.

Ірі жер иелерінен жеңімпаз пролетариат конфискелеп алған жерде шаруашылық жүргізу әдісі жөніндегі мәселеге келетін болсақ, онда Россияда, оның экономика жағынан артта қалғандығына байланысты, бұл жерлерді шаруалардың пайдалануына бөліп беру басым болды және өте сирек жағдайларда бұрынғы жалдама жұмысшыларды мемлекеттің тапсырмасы бойын-

ша жұмыс істеушілерге және мемлекетті басқарып отырған Советтердің мүшелеріне айналдырып, пролетарлық мемлекет өз қаражатымен жүргізетін «советтік шаруашылықтар» дегендерді сақтап қалу жүзеге асырылды. Коммунистік Интернационал алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарды *көбінесе* сақтап қалуды және оларды Россиядағы «советтік шаруашылықтар» типінде жүргізуді дұрыс деп табады.

Алайда, бұл ережені асыра бағалау немесе шаблонға айналдыру және экспроприаторлардан экспроприацияланған жердің *бір бөлегін* төңіректегі ұсақ шаруаларға, ал кейде орта шаруаларға да тегін беруге ешқашан жол бермеу аса зор қателік болар еді.

1-ден, техника жағынан ірі егіншіліктің анағұрлым артықшылығы бар екен деп, әдетте әлгі айтылғанға қарсы шығу талассыз теориялық ақиқатты екінің бірінде нағыз зұлым оппортунизммен ауыстырғандық және революцияны сатып кеткендік болып шығады. Құл иеленушіліктің буржуазиялық дұшпандары Солтүстік Америкада 1863—1865 жылдардағы азамат соғысының салдарынан мақта өндірісінің уақытша төмендетілуінен тартынбағаны сияқты, пролетариат та осы революцияның табысты болуы үшін өндірістің уақытша төмендеуінен тартынып қалмауы керек. Буржуаға өндіріс өндіріс үшін керек, еңбекші және қаналған халық үшін бәрінен де маңыздысы — қанаушыларды құлату және еңбеккерлердің капиталист үшін емес, өздері үшін жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін жағдайларды қамтамасыз ету. Пролетариаттың жеңуін және ол жеңістің тұрақты болуын қамтамасыз ету — пролетариаттың бірінші және негізгі міндеті. Ал орта шаруалар бейтарап етілмейінше және ұсақ шаруалардың бәрі болмаса да, басым көпшілігінің қолдауы қамтамасыз етілмейінше, пролетарлық өкімет тұрақты бола алмайды.

2-ден, егіншілікте ірі өндірісті көтеру ғана емес, сонымен қатар оны сақтап қалудың өзі де әбден жетілген, революциялық жағынан саналы, зор кәсіптік- және саяси-ұйымдық мектептен өткен село пролетарларының

болуын көздейді. Мұндай жағдай әлі жоқ жерде немесе істі саналы және жетік өнеркәсіп жұмысшыларына орайластырып жүктеуге мүмкіндік жоқ жерде, ондай жерде ірі шаруашылықтарды мемлекеттік жолмен жүргізуге тым асығыс көше салу әрекеттері тек пролетарлық өкіметтің беделін ғана түсіруі ықтимал, ондай жерде «советтік шаруашылықтарды» құрарда өте-мөте сақтық және аса байсалды әзірлік жасалуы міндет.

3-ден, барлық капиталистік елдерде, тіпті неғұрлым алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде ірі жер иелерінің төңіректегі ұсақ шаруаларды орта ғасырлық түрде, жартылай барщиналық түрде қанауының қалдықтары әлі де сақталып отыр, мәселен: Германиядағы Instleute, Франциядағы métayers, Құрама Штаттардағы сыбағалас арендаторлар (бұған көбінесе Құрама Штаттардың оңтүстігіндегі нақ осылай қаналып отырған негрлер ғана емес, кейде тіпті ақ нәсілділер де қосылады). Бұл сияқты жағдайларда пролетарлық мемлекет ұсақ шаруалар арендаға алып отырған жерлерді бұрынғы арендаторларға міндетті түрде тегін пайдалануға беруі керек, өйткені бұдан басқа экономикалық және техникалық негіз жоқ және мұндай негізді бірден жасай қоюға болмайды.

Ірі шаруашылықтардың құрал-саймандары міндетті түрде конфискеленіп, жалпы мемлекеттік меншікке айналдырылуы тиіс, мұның өзі мына шартты сөзсіз орындау арқылы істеледі: мемлекеттік ірі шаруашылықтар құрал-саймандармен қамтамасыз етілгеннен *кейін,* пролетарлық мемлекет белгілеген шарттарды сақтай отырып, осы құрал-сайманмен төңіректегі ұсақ шаруалар да тегін пайдалана алатын болу керек.

Егер пролетарлық төңкерістен кейінгі алғашқы уақытта ірі жер иелерінің имениелерін дереу конфискелеу ғана емес, оның үстіне оларды түгелімен қуып жіберу немесе контрреволюцияның көсемдері және бүкіл село халқын мейірімсіз езушілер ретінде еркінен айыру сөзсіз қажет болса, ал пролетарлық өкіметтің қалада ғана емес, сонымен қатар деревняда да нығаюына байланысты, бұл таптың ішіндегі бағалы тәжірибесі, білімі, ұйымдастырушылық қабілеті бар күштерді (ең

сенімді коммунист жұмысшылардың айрықша бақылауымен) социалистік ірі егіншілікті құру үшін пайдалануға үнемі тырысып отыру міндетті нәрсе.

7. Пролетарлық мемлекеттік өкімет қанаушылардың қандай да болса қарсыласуын әбден басып, өзінің барынша тұрақтылығын және бәрін өзіне бағындыруды қамтамасыз етіп алып, бүкіл өнеркәсіпті коллективтік ірі өндірістің және ең жаңа (бүкіл шаруашылықты электрлендіруге негізделген) техникалық базаның негізінде қайта ұйымдастырған кезде ғана социализмнің капитализмді жеңуі, социализмнің нығаюы қамтамасыз етілді деп санауға болады. Тек осы ғана артта қалған және бытыраңды деревняға қаланың түбегейлі, техникалық және әлеуметтік көмек көрсетуіне, бұл көмек егіншілік және жалпы ауыл шаруашылық еңбектің өнімділігін мықтап көтеру үшін материалдық негіз жасауына, сөйтіп өнеге күші арқылы және өз пайдасы үшін ұсақ егіншілердің ірі, коллективтік, машиналы егіншілікке көшуіне ынталы болуына мүмкіндік береді. Барлық социалистер сөз жүзінде мойындап жүрген осы теориялық даусыз ақиқатты сатқын, Екінші, Интернационалдың ішінде де, неміс және ағылшын «тәуелсіздері» көсемдерінің ішінде де, сондай-ақ француз лонгетистерінің, т. т. ішінде де үстем болып отырған оппортунизм іс жүзінде бұрмалауда. Бұрмалаушылық біршама алыс, тамаша және көркем болашаққа ғана көңіл аударылып, осы болашаққа нақты түрде көшудің және жетудің ең таяудағы қиын міндеттерінен назарды басқа жаққа бұрып жіберуде болып отыр. Практика жүзінде мұның өзі буржуазиямен келісімпаздықты және «әлеуметтік татулықты» уағыздау болады, яғни қазіргі уақытта барлық жерде соғыс туғызған адам айтқысыз күйзеліс пен қайыршылық жағдайда, бір топ аз ғана миллионерлердің нақ осы соғыстың арқасында байып, арсызданып отырған жағдайында күресіп жатқан пролетариатқа толық опасыздық жасау болады.

Нақ деревняда социализм үшін ойдағыдай күрес жүргізудің шын мүмкіндігі мыналарды талап етеді: 1-ден, барлық коммунистік партиялар өнеркәсіп пролетариатын тәрбиелегенде, буржуазияны құлатып, про-

летарлық өкіметті баянды ету үшін өз тарапынан құрбандыққа бару қажет екендігін және сол құрбандыққа әзір екендігін білетін етіп тәрбиелеуі керек, өйткені пролетариат диктатурасы әрі пролетариаттың барлық еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасын ұйымдастыра және соңынан ерте білуі, әрі осы мақсат үшін авангардтың құрбандық пен ерлікке аянбай бара білуі деген сөз; 2-ден, табысқа жету үшін жұмысшылардың жеңісі арқасында деревнядағы еңбекшілер мен неғұрлым қаналған бұқара өздерінің жағдайын қанаушылар есесінен дереу және мықтап жақсарта алатын болуы керек, өйткені мұнсыз өнеркәсіп пролетариатын деревняның қолдауы қамтамасыз етілмейді, атап айтқанда, олай етпейінше, өнеркәсіп пролетариаты қалаларды азық-түлікпен жабдықтауды қамтамасыз ете алмайды.

8. Капитализм айрықша қараңғылық, бытырандылық, екінің бірінде жартылай орта ғасырлық тәуелділік жағдайларында ұстап келген ауыл шаруашылық еңбекшілер бұқарасын ұйымдастыру мен революциялық күреске тәрбиелеудің асқан қиындығы коммунистік партиялардан деревнядағы стачкалық күреске айрықша көңіл бөлуін, ауыл шаруашылық пролетарлары мен жартылай пролетарларының бұқаралық стачкаларын мықтап қолдауын және барлық жағынан дамыта беруін талап етеді. 1905 және 1917 жылдардағы орыс революцияларының тәжірибесі, қазір Германия мен алдыңғы қатарлы басқа елдердің тәжірибесі растап, кеңіте түскен тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: дамып келе жатқан бұқаралық стачкалық күрес қана (бұл күреске белгілі жағдайларда деревняда ұсақ шаруалар да тартылады және тартылуға тиіс) деревняның қатты ұйқысын бұза алады, деревнядағы қаналған бұқараның таптық санасы мен тап болып ұйымдасу қажеттігін сезіну сапасын оята алады, олардың қала жұмысшыларымен одақтасуының маңызын оларға көрнекі түрде және практика жүзінде ашып бере алады.

Коммунистік Интернационалдың съезі деревнядағы стачкалық күреске немқұрайды қарау былай тұрсын, тұтыну өнімдерін өндіру азайып кетеді деген қауіптену тұрғысынан қарап, стачкалық күреске қарсы шығатын

(К. Каутский сияқты) социалистерді сатқындар мен опасыздар деп масқаралайды; — амал не, мұндай социалистер тек сатқын, Екінші, Интернационалдың ішінде ғана емес, сонымен қатар осы Интернационалдан шығып кеткен, Европада ерекше маңызы бар үш партияның арасында да болып отыр. Пролетариат революциясының дамуын және оның жеңуін коммунистер мен жұмысшылар көсемдерінің дүниедегі барлық нәрседен де артық көре білетіндігін, соған бола ең ауыр құрбандықтарға бара білетіндігін практика жүзінде іспен дәлелдеген факт болмаса, онда ешқандай программалардың және салтанатты мәлімдемелердің ешбір құны болмайды, өйткені ашаршылықтан, бүлініліктен және империалистік жаңа соғыстардан шығудың және құтылудың басқа жолы жоқ.

Атап айтқанда, мыналарды көрсетіп өту қажет: ескі социализмнің көсемдері мен «жұмысшы аристократиясының» осы кезде коммунизмге жиі-жиі сөз жүзінде кеңшілік жасап жүрген немесе тез революцияшылданып келе жатқан жұмысшылар бұқарасы арасында өздерінің беделін сақтап қалу үшін сөз жүзінде тіпті коммунизм жағына да шығып жүрген өкілдерінің пролетариат ісіне шын берілгендігі және жауапты орындарда қызмет атқара алатындығы сыннан өту арқылы тексерілуге тиіс, атап айтқанда, революциялық сана мен революциялық күрестің дамуы бәрінен де гөрі күштірек жердегі жұмыста, жер иелері мен буржуазияның (ірі шаруалардың, кулактардың) қарсыласуы мықтап асқынған жердегі жұмыста, келісімпаз-социалист пен революционер-коммунистің арасындағы айырмашылық бәрінен гөрі айқын көзге түсетін жердегі жұмыста сыннан өтулері тиіс.

9. Коммунистік партиялар деревняларда — ең алдымен, жалдама жұмысшылар мен жартылай пролетарлардан — депутаттар Советтерін құруға мүмкін қадерінше тезірек көшуге барлық күш-жігерін жұмсаулары тиіс. Тек бұқаралық стачкалық күреспен және ең езілген таппен байланысты болғанда ғана Советтер өз міндетін атқара алады және ұсақ шаруаларды өз ықпалына бағындырарлық (содан соң өз құрамына қосып

аларлық) дәрежеде нығая алады. Ал егер стачкалық күрес әлі дамытылмаған болса және, әрі жер иелері мен ірі шаруалардың езгісі ауыр болғандықтан, әрі өнеркәсіп жұмысшылары мен олардың одақтары тарапынан көмек болмағандықтан, ауыл шаруашылық пролетариатын ұйымдастыруға қабілет нашар болса, онда деревняда совдептерді құру шағын болса да коммунистік ұялар ұйымдастыру арқылы, коммунизмнің қоятын талаптарын барынша түсінікті етіп баяндайтын, бұл талаптарды қанау мен езгінің мейлінше айқын көрініп отырған мысалдарымен түсіндіретін үгітті күшейту арқылы, деревняға өнеркәсіп жұмысшыларын үнемі жіберіп тұру, т. с. арқылы ұзақ әзірлік жүргізуді керек етеді.

3
КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ЕКІНШІ КОНГРЕСІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР

1. Халықаралық коммунистік қозғалыстың дамуындағы қазіргі кезең мынадай жағдайлармен сипатталады: барлық капиталистік елдердегі революцияшыл пролетариаттың таңдаулы өкілдері Коммунистік Интернационалдың негізгі принциптерін, атап айтқанда: пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін толық түсінді, сөйтіп шексіз энтузиазммен Коммунистік Интернационал жағына шықты. Алға қарай жасалған бұдан да гөрі маңызды және ірі адым — барлық жерде, тек қала пролетариатының ең қалың бұқарасы арасында ғана емес, сонымен қатар село жұмысшыларының алдыңғы қатарлы бөлігі арасында да олардың осы негізгі принциптерге сөзсіз тілектестігі толық айқындалып отыр.

Екінші жағынан, ерекше тез өсіп келе жатқан халықаралық коммунистік қозғалыста екі қате немесе осалдық байқалып отыр. Мұның бірі, аса елеулісі және пролетариатты азат ету ісінің табысты болып шығуына тікелей зор қауіп туғызып отырғаны мынада: II Интернационалдың ескі көсемдері мен ескі партияларының бір бөлегі ішінара бұқараның тілегі мен қысымына жартылай санасыз түрде кеңшілік жасап, ішінара жұмысшы қозғалысының ішіндегі буржуазия агенттері мен көмекшілері болған өздерінің бұрынғы ролін сақтап қалу үшін бұқараны әдейі алдап, өздерінің шартты түрде немесе тіпті шартсыз түрде III Интернационалға қосылатындықтарын мәлімдеп отыр, ал іс жүзінде өз-

дерінің партиялық және саяси жұмыстарының бүкіл практикасында II Интернационалдың дәрежесінде қалып отыр. Бұл сияқты жағдайға мүлде жол беруге болмайды, өйткені мұның өзі бұқараны тура аздырады, ілезде түсін бояп коммунистер болып шыға келген венгр социал-демократтарының опасыздығы сияқты опасыздықты қайталау қаупін туғызады да, III Интернационалдың беделін түсіреді. Екінші қате, бұдан гөрі маңызы кішірек қате, бәрінен бұрын қозғалыстың өсу қиыншылығы болып табылатып қате, партияның тап пен бұқара жөніндегі ролі мен міндеттерін және революцияшыл коммунистер үшін буржуазиялық парламенттер мен реакциялық кәсіподақтарда жұмыс істеудің міндетті екендігін теріс бағалауға апарып соқтыратын «солшылдыққа» ұмтылуда болып отыр.

Коммунистердің борышы — өз қозғалысының осал жерлерін жасыру емес, қайта ол кемшіліктерден тезірек және біржолата арылу үшін, оларды ашықтан-ашық сынау. Осы мақсатты көздей келіп: 1-ден, әсіресе қазіргі практикалық тәжірибе бойынша, «пролетариат диктатурасы» және «Совет өкіметі» деген ұғымдардың мазмұнын нақтырақ анықтау қажет; 2-ден, осы ұрандарды жүзеге асыру жөнінде барлық елдерде жедел және ұдайы жүргізілетін әзірлік жұмысының дәл қандай болатынын және болуға тиісті екенін көрсету қажет; 3-ден, біздің қозғалысымыздың кемшіліктерін түзетудің жолдары мен әдістерін көрсету қажет.

I

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ МЕН СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ МӘНІ

2. Социализмнің (коммунизмнің бірінші сатысы ретінде) капитализмді жеңіп шығуы бірден-бір шын революцияшыл тап ретінде пролетариаттың мына төмендегі үш міндетті жүзеге асыруын талап етеді. Бірінші міндет — қанаушыларды, ең алдымен олардың экономикалық және саяси басты өкілі ретінде буржуазияны құлату; олардың тас-талқанын шығару; олардың қар-

сыласуын басып-жаныштау; капитал езгісін және жалдама құлдықты қайта орнату жөніндегі олардың қандай да болсын әрекеттеріне мүмкіндік бермеу. Екінші міндет — тек бүкіл пролетариатты немесе оның басым, орасан зор көпшілігін ғана емес, сонымен қатар бүкіл еңбекші бұқараны және капиталдың қанауындағылардың бәрін пролетариаттың революцияшыл авангарды жағына, оның коммунистік партиясы жағына тарту және соңына ерту; қанаушыларға қарсы жанқиярлық батыл, аяусыз қатаң күрестің барысында сол еңбекшілер мен қаналғандардың көзін ашу, оларды ұйымдастыру, тәрбиелеу, тәртіпке салу; барлық капиталистік елдердегі халықтың осы басым көпшілігін буржуазияға тәуелділіктен құтқару, сол көпшілікті практикалық тәжірибеге сүйеніп, пролетариат пен оның революцияшыл авангардының басшылық роліне иландыру. Үшінші міндет — халықтың азшылығы бола тұрса да, алдыңғы қатарлы елдердің бәріндегі дерлік егіншіліктегі, өнеркәсіптегі, саудадағы әлі де болса толып жатқан ұсақ қожайындар табының және осы тапқа сәйкес интеллигенция, қызметшілер, т. с. тобының буржуазия мен пролетариат арасында, буржуазиялық демократия мен Совет өкіметі арасында болмай қоймайтын ауытқушылығын бейтараптандыру немесе оны зиянсыздандыру.

Бірінші міндет пен екінші міндет қанаушылар жөнінде де, қаналғандар жөнінде де әрқайсысы өзінше ерекше қимыл тәсілдерін керек ететін дербес міндеттер болып табылады. Үшінші міндет алдыңғы екі міндеттен туады; бұл міндет, ауытқушылықтың әрбір жеке ретінің нақты жағдайларына қарай бірінші және екінші түрдегі тәсілдерді шебер, дер кезінде, икемді ұштастырып отыруды ғана талап етеді.

3. Бүкіл дүние жүзінде және көбіне-көп неғұрлым алдыңғы қатарлы, аса қуатты, ең мәдениетті және еркін капиталистік елдерде милитаризм, империализм туғызған, отарлар мен әлсіз елдерді тұншықтыру, бүкіл дүние жүзілік империалистік қырғын, Версаль «бітімі» туғызған нақты жағдайда,— капиталистерді қаналған көпшіліктің еркіне бейбіт бағындыру туралы, социа-

лизмге бейбіт, реформистік жолмен өту туралы ойлаудың қандайы болсын барынша мещандық топастық қана емес, сонымен бірге жұмысшыларды тура алдағандық, капиталистік жалдама құлдықты боямалап көрсету, шындықты жасыру болып табылады. Бұл шындық мынада: ең мәдениетті және демократияшыл буржуазия өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті сақтап қалу үшін қазірдің өзінде-ақ алдаудың, қылмыстың қандайынан болсын тайынбайды, миллиондаған жұмысшылар мен шаруаларды соққыға жығудан тайынбайды. Буржуазияны күшпен құлату ғана, оның меншігін конфискелеу ғана, бүкіл буржуазиялық мемлекеттік аппаратты төменнен жоғарыға дейін, парламенттік, сот, әскери, бюрократтық, әкімшілік, муниципалдық және басқа аппараттарды түгел қирату ғана, неғұрлым қауіпті және қасарысқан қанаушыларды бірде-біреуін қалдырмастан қуып шығуға немесе еркінен айыруға дейін шара қолдану ғана, қанаушылардың қарсыласу және капиталистік құлдықты қайта орнату жөнінде болмай қоймайтын әрекеттерімен күресу үшін оларға қатаң бақылау қою ғана, тек осы сияқты шаралар ғана барлық қанаушылар табын шын мәнісінде бағындыруды қамтамасыз ете алады.

Екінші жағынан, II Интернационалдың ескі партиялары мен ескі көсемдерінің әдеттегі: капиталистік құлдық жағдайында, буржуазиялық езгі тұсында, шексіз алуан түрлі формаларда болатын, белгілі бір капиталистік ел неғұрлым мәдениетті болған сайын соғұрлым жымысқы және сонымен бірге қатаң әрі рақымсыз бола түсетін буржуазиялық езгі тұсында отырып та, еңбекшілер мен қаналғандардың көпшілігі өзінің социалистік санасын толық айқындап ала алады, социалистік сенім мен мінез-құлықты берік ете алады деп ойлауы да капитализм мен буржуазиялық демократияны нақ сондай боямалағандық, жұмысшыларды нақ сондай алдағандық болып табылады. Шындығында, бүкіл осы бірден-бір революцияшыл тап, пролетариат табы немесе оның көпшілігі қолдаған пролетариат авангарды қанаушыларды құлатып, оларды басып-жаныштағаннан кейін ғана, қаналғандарды құлдық жағ-

дайынан азат еткенде ғана, олардың тұрмыс жағдайын экспроприацияланған капиталистердің есебінен дереу жақсартқаннан кейін ғана, тек осыдан кейін ғана және шиеленіскен тап күресінің барысында ғана еңбекшілер мен қаналғандардың нағыз қалың бұқарасын пролетариаттың ықпалымен, басшылығымен ағартуды, тәрбиелеуді, пролетариаттың төңірегіне ұйымдастыруды, оларды жеке меншік туғызатын өзімшілдіктен, бытыраңқылықтан, жаман әдеттерден, дәрменсіздіктен құтқаруды, оларды ерікті қызметкерлердің еркін одағына айналдыруды жүзеге асыруға болады.

4. Капитализмді жеңу ойдағыдай болуы үшін басшы, коммунистік, партияның, революцияшыл таптың, пролетариаттың,— және бұқараның, яғни еңбекшілер мен қаналғандардың бүкіл жиынының арасында дұрыс арақатынас болуы керек. Тек коммунистік партия ғана, егер ол революцияшыл таптың шын авангарды болатын болса, егер ол осы таптың барлық таңдаулы өкілдерін өз қатарына алып отырған болса, егер ол қажырлы революциялық күрестің тәжірибесімен көзі ашылып, шыныққан, мейлінше саналы және шын берілген коммунистерден құралған болса, егер бұл партия өзін өз табының бүкіл өмірімен, ал осы тап арқылы барлық қаналғандар бұқарасымен тығыз байланысты ете білген болса және осы тап пен осы бұқараны өзіне толық сенетін ете алған болса,— тек осындай партия ғана капитализмнің барлық күштеріне қарсы ең аяусыз, шешуші, ақырғы күресте пролетариатқа басшылық ете алады. Екінші жағынан, тек осындай партияның басшылығы арқасында ғана пролетариат, капитализм аздырған жұмысшы аристократиясының, ескі тред-юнионистік және кооперативтік көсемдердің, т. с. шағын ғана азшылығының болмай қоймайтын бойкүйездігін және ішінара қарсылығын жоққа шығара отырып, өзінің революциялық тегеурінінің барлық күш-қуатын өрштіте алады, ал пролетариаттың бұл күш-қуаты, капиталистік қоғамның өзінің экономикалық құрылымына байланысты, оның халық санындағы үлесінен әлдеқайда өлшеусіз көп. Ақырында, буржуазия мен буржуазиялық мемлекеттік аппараттың езгісі-

нен іс жүзінде қазірдің өзінде азат болып отырған, өзінің Советтеріне шын еркін (қанаушылардан) ұйымдасуға мүмкіндік алып отырған бұқара ғана, яғни еңбекшілер мен қаналғандардың бүкіл жиыны, капитализм жаныштап келген ондаған миллион адамдардың бүкіл инициативасы мен бүкіл жігерін тарихта тұңғыш рет тасыта алады. Ең мәдениетті және ең еркін деген буржуазиялық демократияның тұсында жүзден тоқсан тоғызы іс жүзінде қашан да басқаруға қатысудан тыс қалдырылып келген бүкіл қаналғандар бұқарасының басқаруға шын мәнісінде қатысуын Советтер бірден-бір мемлекеттік аппарат болған кезде ғана жүзеге асыруға болады. Қаналғандар бұқарасы социалистік құрылыс ісін, жаңа қоғамдық тәртіп орнатуды, азат қызметкерлердің ерікті одағын құруды тек Советтерде ғана шындап үйрене бастайды, үйренгенде кітаптардан емес, өзінің практикалық тәжірибесінен үйренеді.

II

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНА ДЕРЕУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ БІРДЕЙ ӘЗІРЛЕНУДІҢ МӘНІ НЕДЕ БОЛУҒА ТИІС?

5. Халықаралық коммунистік қозғалыстың дамуындағы үстіміздегі кезең мына жағдаймен сипатталады: капиталистік елдердің орасан көпшілігінде пролетариаттың өз диктатурасын жүзеге асыруға әзірлігі аяқталған жоқ,— тіпті екінің бірінде жүйелі түрде әлі басталған да жоқ. Бұдан пролетарлық революцияның ең таяу уақытта болуы мүмкін емес деген қорытынды шықпайды; оның болуы әбден мүмкін, өйткені бүкіл экономикалық және саяси жағдай тұтанғыш материалдарға және бұлар кенет тұтанып кетерлік себептерге ерекше бай; пролетариаттың әзірлігінен басқа, революция үшін қажетті өзге жағдай да — атап айтқанда: барлық жетекші және барлық буржуазиялық партиялардағы жалпы дағдарыс жағдайы — бар. Бірақ бұл айтылғандардан: коммунистік партиялар үшін кезеңнің міндеті қазір революцияны тездету емес, қайта

пролетариаттың әзірлігін күшейту болу керек деген қорытынды шығады. Екінші жағынан, көптеген социалистік партиялардың тарихындағы жоғарыда айтылып өткен жағдайлар пролетариат диктатурасын «мойындаудың» тек сөз жүзінде қалып қоймауына көңіл бөлуге мәжбүр етеді.

Сондықтан, халықаралық пролетарлық қозғалыстың тұрғысынан қарағанда, коммунистік партиялардың қазіргі кезеңдегі басты міндеті — мемлекеттік өкіметті жеңіп алуға, оның үстіне нақ пролетариат диктатурасы формасында өкіметті жеңіп алуға пролетариатты әзірлеу жөніндегі жұмысты ондаған есе күшейте түсу үшін бытырап жатқан коммунистік күштерді топтастыру, әрбір елде біртұтас коммунистік партия құру (немесе қазірдің өзінде бар партияны нығайту және жаңарту). Пролетариат диктатурасын мойындайтын топтар мен партиялардың дағдылы социалистік жұмысы, бұл жұмыс коммунистік жұмыс деп және пролетариат диктатурасы қарсаңындағы міндеттерге сай жұмыс деп тануға қажет боларлықтай, жеткілікті дәрежеде негізінен қайта құрылудан, жеткілікті дәрежеде негізінен жаңартылудан әлі тіпті алыс жатыр.

6. Пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы оның буржуазияға қарсы таптық күресін тоқтатпайды, қайта, керісінше, бұл күресті ерекше ұлғайтады, күшейтеді, аяусыз күрес етеді. Толығынан немесе ішінара реформизмнің, «центрдің», т. с. көзқарасында тұрған барлық топтар, партиялар және жұмысшы қозғалысының қайраткерлері күрестің айрықша күшеюі салдарынан не буржуазия жағына, не ауытқушылар жағына, немесе жеңімпаз пролетариаттың сенімсіз достары жағына (бәрінен де қауіптісі осы) шықпай қоймайды. Сондықтан пролетариат диктатурасын әзірлеу реформистік тенденцияларға және «центрліктердің» тенденцияларына қарсы күресті күшейтуді ғана емес, сонымен бірге осы күрестің сипатын өзгертуді де талап етеді. Күрес осы тенденциялардың қате екендігін анықтаумен ғана шектеліп қалмайды, қайта жұмысшы қозғалысы ішіндегі осы тенденцияларды көрсететін қайраткер атаулының бәрін де үнемі және аяусыз әш-

керелеп отыруға тиіс, өйткені бұлай болмаған күнде пролетариат буржуазияға қарсы ең батыл күреске кіммен баратынын біле алмайды. Бұл өзі кез келген минутта сын қаруын қару сынымен[86] ауыстыра алатын күрес,— ауыстырып та отырған күрес, тәжірибе мұны қазірдің өзінде-ақ көрсетіп отыр. Өзін реформист немесе «центрлік» етіп көрсетушілерді әшкерелеуде дәйексіздік немесе дәрменсіздік жасаудың қандайы болса да, тар өрісті кісілерге бүгінгі күні «теориялық алауыздық» қана болып көрінетін нәрсені ертеңгі күні контрреволюция үшін пайдаланып кететін буржуазияның пролетариат өкіметін құлатып тастау қаупін тура күшейткендік болады.

7. Атап айтқанда, пролетариаттың буржуазиямен ынтымағының қандайын болсын, «коллаборационизмнің» қандайын болсын дағдылы принципті түрде теріске шығарумен ғана шектеліп қалуға болмайды. Өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік сақталып отырған кезде «бостандық» пен «теңдікті» жай ғана қорғау дегеннің өзі, жеке меншікті еш уақытта да бірден толық жойып жібере алмайтын пролетариат диктатурасының жағдайында, жұмысшы табының өкіметін тура қиратататын буржуазиямен «ынтымақтастыққа» айналады. Өйткені пролетариат диктатурасы — қанаушылардың өзінің езу және қанау ісін мұнан былай да жүргізе беруіне «еріксіздігін», меншікшінің (яғни қоғамдық еңбекпен жасалған бірсыпыра өндіріс құрал-жабдықтарын өзінің жеке басының пайдасына алып қоюшының) кедейлермен «тең болмайтындығын» мемлекеттік тұрғыдан нығайту және мемлекеттік өкіметтің бүкіл аппараты арқылы қорғау деген сөз. Пролетариат жеңіп шыққанға дейін «демократия» туралы мәселе жөнінде теориялық алауыздықтар ғана болып көрінетін нәрсе, ертеңгі күні, жеңістен кейін, қарудың күшімен шешілетін мәселеге айналмай қоймайды. Демек, «центрліктер» мен «демократияны қорғаушыларға» қарсы күрестің бүкіл сипатын негізінен өзгертпейінше, пролетариат диктатурасын жүзеге асыруға бұқараны алдын ала әзірлеу тіпті мүмкін емес.

8. Пролетариат диктатурасы — пролетариаттың бур-

жуазияға қарсы таптық күресінің ең батыл, ең революцияшыл формасы. Мұндай күрес пролетариаттың ең революцияшыл авангарды пролетариаттың басым көпшілігін өзінің соңынан ерткен күнде ғана ойдағыдай болып шыға алады. Сондықтан, пролетариат диктатурасын әзірлеу,— өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік сақталып қалып отырған кезде реформизм атаулының, демократияны қорғау атаулының буржуазиялық сипатын түсіндіруді талап етіп қана қоймайды; іс жүзінде жұмысшы қозғалысының ішінде буржуазияны қорғау болып табылатын осындай тенденциялардың көріністерін әшкерелеп отыруды ғана талап етіп қоймайды,— сонымен бірге тіпті бүкіл пролетарлық ұйымдардың бәріндегі, тек саяси ұйымдардағы ғана емес, сонымен қатар кәсіптік, кооператив, ағарту, т. б. ұйымдардағы ескі көсемдерді коммунистермен ауыстыруды да талап етеді. Буржуазиялық демократия қай елде неғұрлым ұзақ, толық және берік үстемдік етсе, буржуазия өзі тәрбиелеген, өзінің көзқарасын, өзінің соқыр сенімдерін бойына сіңірген көсемдерді, екінің бірінде тікелей немесе жанамалап өзі параға сатып алған қайраткерлерді қызметке соғұрлым көбірек қойып отырды. Жұмысшы аристократиясының немесе буржуазияланып кеткен жұмысшылардың осы өкілдерін олардың қызмет орындарының бәрінен бұған дейінгіден жүз есе батыл ығыстырып шығарып, оларды тіпті мүлде тәжірибесі жоқ жұмысшылармен болса да, бірақ тек қаналғап бұқарамен байланысы бар және қанаушыларға қарсы күресте сол бұқараның сенімімен пайдаланатын жұмысшылармен ауыстыру қажет. Пролетариат диктатурасы ең жауапты мемлекеттік қызмет орындарына тәжірибесі жоқ осындай жұмысшыларды қоюды керек етеді, өйтпейінше жұмысшы үкіметінің өктемдігі дәрменсіз болады және бұқара ол үкіметті қолдамайтын болады.

9. Пролетариат диктатурасы — капиталистер табы езіп, жаншып, жаныштап, үрейін ұшырып, бөлшектеп, алдап келген барлық еңбекшілер мен қаналғандарға басшылық ету роліне капитализмнің бүкіл тарихы әзірлеген бірден-бір таптың сол басшылықты толық

жүзеге асыруы деген сөз. Сондықтан пролетариат диктатурасын әзірлеу, былайша айтқанда, мына тәсілдер арқылы барлық жерде және дереу басталуы керек.

Ең алдымен пролетарлық, ал одан соң пролетарлық емес еңбекші және қаналған бұқараның барлық ұйымдарының, одақтарының, бірлестіктерінің бәрінде (саяси, кәсіптік, әскери, кооперативтік, білім беру, спорттық және басқа т. с.) коммунистердің топтары немесе ұялары құрылуға тиіс; бұл топтар немесе ұялар көбінесе ашық, сондай-ақ, бұлар буржуазия жауып тастап, олардың мүшелерін тұтқынға алып немесе жер аударып жүре ме деп қауіптенген реттердің бәрінде де міндетті түрде жасырын құрылуға тиіс; — оның бер жағында, бір-бірімен және партияның орталығымен тығыз байланысты бұл ұялар өздерінің тәжірибесімен алмаса отырып, үгіт, насихат, ұйымдастыру жұмысын қоғамдық өмірдің түгел барлық салаларына, еңбекші бұқараның барлық және әр алуан топтарының бәріне толық сәйкестіре жүргізе отырып, осындай сан қырлы жұмыстар арқылы өздерін де, партияны да, тапты да, бұқараны да үнемі тәрбиелеп отыруға тиіс.

Бұл тұрғыдан алып қарағанда барлық жұмыс тәсілдерінің қажетті өзгешеліктерін практика жүзінде белгілеудің айрықша маңызы бар, ол бір жағынан, ұсақ буржуазиялық және империалистік соқыр сенімдерден мүлде түзелместей болып бұзылған «көсемдер» немесе «жауапты өкілдер» жөнінде; бұл «көсемдер» аяусыз әшкереленіп, жұмысшы қозғалысынан аластатылулары керек; — екінші жағынан, әсіресе империалистік қырғыннан кейін, капиталистік құлдықтан құтылудың бірден-бір жолы ретінде пролетариат басшылығының қажеттігі туралы ілімге құлақ қоюға және оны ұғып алуға көбінесе бейім тұрған бұқара жөнінде; осы бұқараның әр тобының, әр кәсіптегілерінің, т. с. өзгешеліктерін, психологиялық өзіндік ерекше белгілерін түсіне білу үшін бұқараға өте-мөте төзімділікпен және сақтықпен жақындай білуді үйрену керек.

10. Соның ішінде коммунистер топтарының немесе ұяларының бірі, атап айтқанда: парламенттік фракция, яғни буржуазиялық өкілдік мекемеде (ең алдымен

жалпы мемлекеттік, содан соң жергілікті, муниципалдық, тағы басқа мекемелерде де) депутат болып отырған партия мүшелерінің тобы партияның айрықша көңіл бөлуін, қамқорлыққа алуын керек етеді. Бір жағынан, артта қалған немесе ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдер бойына сіңген еңбекші бұқараның ең қалың топтарының көз алдында нақ осы трибунаның әсіресе зор маңызы бар; сондықтан коммунистер насихат, үгіт, ұйымдастыру жұмысын, Советтердің жалпы ұлттық съезінің Россияда буржуазиялық парламентті қуып жіберуінің неліктен заңды болғанын (өз кезінде қай елде болса да заңды болатынын) бұқараға түсіндіру жұмысын міндетті түрде нақ осы трибунадан жүргізулері тиіс. Екінші жағынан, буржуазиялық демократияның бүкіл тарихы парламенттік трибунаны әсіресе алдыңғы қатарлы елдерде адам естімеген алаяқтықтың, халықты финанс жағынан, саяси жағынан алдаудың, мансапқорлықтың, екіжүзділіктің, еңбекшілерді езудің басты құралына немесе басты құралдарының біріне айналдырды. Сондықтан революцияшыл пролетариаттың таңдаулы өкілдері тарапынан парламенттерге деген асқан өшпенділік әбден заңды нәрсе. Сондықтан коммунистік партиялар мен III Интернационалға қосылатын партиялардың бәрі,— әсіресе бұл партиялар бұрынғы партиялардан жікке бөліну, олармен ұзақ уақыт, табанды күрес жүргізу нәтижесінде құрылмай, бұрынғы партиялардың жаңа позицияға көшуі (көбінесе номиналды көшуі) нәтижесінде құрылған жағдайларда — өздерінің парламенттік фракцияларына ерекше қатаң қараулары керек: оларды партияның Орталық Комитетінің бақылауы мен нұсқауларына толық бағындыру; олардың құрамына негізінен революцияшыл жұмысшыларды енгізу; партиялық баспасөз бен партия жиналыстарында парламентарлардың сөздеріне олардың коммунистік ұстамдылығы жағынан аса зер салып талдау жасау; депутаттарды бұқара арасында үгіт жүргізуге жіберіп отыру, бұл фракциялардан II Интернационалдың тенденциясын байқататындарды шығарып отыру, т. т.

11. Дамыған капиталистік елдерде революциялық

жұмысшы қозғалысын қиындататын басты себептердің бірі — финанс капиталының отарларға ие болуы мен үстеме пайда табуының, т. с. арқасында, капитал бұл жерде жұмысшы аристократиясының шағын азшылығының біршама едәуір кең және тұрақты тобын бөліп шығара алды. Осы жұмысшы аристократиясы табысы жағынан неғұрлым тәуір жағдайда, цехтық тар өрістілік рухы, мещандық және империалистік соқыр сенімдер мұның бойына неғұрлым көбірек сіңген. Мұның өзі — II Интернационалдың, реформистердің және «центрліктердің» нағыз әлеуметтік «тірегі», ал қазіргі кезеңде мұны буржуазияның басты әлеуметтік тірегі десе де болғандай. Бұл топқа қарсы дереу, үздіксіз, кең, ашық күрес жүргізбейінше буржуазияны құлатуға пролетариатты ешқандай алдын ала әзірлеу де мүмкін емес, бұл топтың пролетариат жеңіп шыққаннан кейін буржуазиялық ақ гвардияға болысатын көптеген элементтер беретініне күмән жоқ, мұны тәжірибе қазірдің өзінде толығынан дәлелдеді. III Интернационалға қосылатын партиялардың бәрі: «бұқараға тереңірек ену керек», «бұқарамен байланыс неғұрлым тығыз болу керек» деген ұранды қалай болған күнде де жүзеге асырулары тиіс, бұқара дегенде, оны капитал қанап отырғандар мен еңбекшілердің барлық жиынтығы деп, әсіресе неғұрлым кем ұйымдасқандары мен неғұрлым көзі ашылмағандарының, көбірек езілгендері мен ұйымдастыруға келе бермейтіндерінің жиынтығы деп түсіну керек.

Пролетариат цехтық тар өрісті шеңберде тұйықталып қалмайтындықтан ғана, қоғамдық өмірдің барлық көріністері мен барлық салаларында барлық еңбекші және қаналған бұқараның көсемі ретінде бой көрсететін болғандықтан ғана революцияшыл болады, сондықтан ол буржуазияны жеңу жолында аса зор құрбандықтарға баруға әзір болмайынша және осыған қабілетті болмайынша, өзінің диктатурасын жүзеге асыруы мүмкін емес. Бұл ретте Россия тәжірибесінің әрі принципті, әрі практикалық маңызы бар, егер пролетариат бүкіл дүние жүзілік буржуазия тарапынан болған тегеуріннің, соғыстың, блокаданың ең ауыр кезеңдерінде

бәрінен де көп құрбандыққа бармаған болса, еңбекші бұқараның барлық басқа топтарынан гөрі қаттырақ ашықпаған болса, онда пролетариат Россияда өзінің диктатурасын жүзеге асыра алмаған болар еді, бүкіл еңбекші бұқараның жаппай құрметі мен сеніміне ие бола алмаған болар еді.

Атап айтқанда, кең, стихиялы, бұқаралық стачкалық қозғалысты коммунистік партия мен бүкіл алдыңғы қатарлы пролетариаттың әр тарапты және жанқиярлық қолдауы әсіресе қажет болады; осындай қозғалыстың бір өзі ғана капиталдың езгісі астында бұқараны дұрыстап оята алады, қозғалта алады, көзін аша алады және ұйымдастыра алады, бұқараны революцияшыл пролетариаттың басшылық роліне толығынан сеніп қарайтын етіп тәрбиелей алады. Мұндай әзірлік болмайынша, ешқандай пролетариат диктатурасы мүмкін емес, сондықтан Германиядағы Каутский сияқты, Италиядағы Турати сияқты ашық түрде стачкаға қарсы шығатын адамдардың III Интернационалға қосылатын партиялар қатарында болуы сөзсіз төзуге болмайтын жағдай. Әрине, стачкалардың тәжірибесінде жұмысшыларды революцияға емес, реформизмге үйретіп, жұмысшыларды екінің бірінде сатып кетіп жүрген (мәселен, соңғы жылдары Англия мен Францияда) тред-юнионистік көсемдер мен парламенттік көсемдерге бұл айтылғандардың көбірек қатысы бар.

12. Барлық елдерде, тап күресінің ең аз шиеленісуі мағынасындағы тіпті ең еркін, «жария» және «бейбіт» елдерде де, коммунистік партия атаулының бәрі үшін жария жұмыс пен құпия жұмысты, жария ұйым мен құпия ұйымды үнемі біріктіріп отырудың сөзсіз қажет болатын дәуірі әбден пісіп жетті. Өйткені неғұрлым «тұрақты» буржуазиялық-демократиялық құрылысы бар ең мәдениетті және еркін деген елдерде де үкіметтер, өздерінің жалған және екіжүзді мәлімдемелеріне қарамастан, қазірдің өзінде үнемі жасырын түрде коммунистердің тізімін алады, жартылай жасырын және жасырын түрде ақ гвардияшыларды қолдау үшін және барлық елдерде коммунистерді өлтіру үшін өздерінің конституцияларын үздіксіз бұза береді, коммунистерді

қамауға алуды жасырын әзірлейді, коммунистердің арасына арандатушылар жібереді, т. т. және т. с. Бұл фактіні немесе осыдан туатын сөзсіз қорытындыны: жария жұмыс жүргізетін барлық коммунистік партиялар құпия жұмыстарды үздіксіз жүргізіп отыру үшін және буржуазиялық қуғын-сүргін кезеңіне мейлінше әзір тұру үшін құпия ұйымдарды дереу құрулары керек деген қорытындыны тек барып тұрған реакциялық мещандар ғана теріске шығара алады, олар мұнысын «демократиялық» және пацифистік әдемі жел сөздермен қалай бүркемелесе де жасыра алмайды. Құпия жұмыс әсіресе армияда, флотта, полицияда қажет, өйткені империалистік ұлы қырғыннан кейін дүние жүзіндегі үкіметтердің бәрі де шаруалар мен жұмысшыларға есігі ашық бүкіл халықтық армиядан қорқатын болды, буржуазиядан әдейі іріктеп алынған және ерекше жетілген техникамен әдейі жабдықталған әскери бөлімдер құрудың әр алуан тәсілдеріне жасырын түрде көше бастады.

Екінші жағынан, барлық реттердің бәрінде құпия жұмыспен шектеліп қалмау да керек, сонымен бірге жария жұмысты да жүргізу керек, бұл үшін барлық қиыншылықтарды жеңу керек, түрлі-түрлі аттармен аталатын, қажет болған ретте аттары жиі-жиі өзгертіліп отыратын жария баспасөз органдары мен жария ұйымдар құру керек. Финляндиядағы, Венгриядағы, ішінара Германиядағы, Польшадағы, Латвиядағы, т. т. құпия коммунистік партиялар осылай істеп отыр. Егер Коммунистік Интернационал съездерінің қарарлары және т. т. негізінде прокурорларға іс қозғау ұнамды болса, онда Америкадағы «Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары» (I. W. W.) осылай істеуі керек, қазіргі жария коммунистік партиялардың бәрі осылай істеулері керек.

Құпия жұмыс пен жария жұмысты ұштастырудың принципті түрдегі сөзсіз қажеттілігі тек өзіміз бастан кешіріп отырған дәуірдің, пролетарлық диктатура қарсаңындағы дәуірдің, барлық ерекшеліктерінің жиынтығымен ғана белгіленіп отырған жоқ, сонымен бірге коммунистер өздеріне қаратып алмайтын жұмыс тарау-

лары мен жұмыс салалары болмайтындығын және болуы мүмкін де емес екендігін буржуазияға дәлелдеп көрсетудің қажеттігімен де белгіленеді, бірақ көбінесе әлі буржуазиялық-демократиялық жариялылыққа сенетін пролетариаттың қалың топтарының, ал одан да гөрі пролетарлық емес еңбекшілер мен қаналған бұқараның қалың топтарының қай жерде болса да әлі бар екендігімен және олардың пікірін өзгерту біз үшін анағұрлым маңызды іс екендігімен белгіленіп отыр.

13. Атап айтқанда, анағұрлым алдыңғы қатарлы капиталистік елдердегі жұмысшы баспасөзінің жағдайы буржуазиялық демократия тұсындағы бостандық пен теңдіктің барып тұрған жалғандығын да, жария жұмыс пен құпия жұмысты жүйелі түрде біріктіріп отырудың қажеттігін де ерекше айқын көрсетіп отыр. Жеңілген Германияда да, жеңген Америкада да буржуазияның мемлекеттік аппаратының барлық күші мен оның финанс корольдерінің барлық қулық-сұмдықтары: сот арқылы қудалау да, редакторларды тұтқынға алу да (немесе жалдама кісі өлтірушілер арқылы өлтіріп кету де), почта арқылы жіберуге тыйым салу да, қағаздарын тартып алу да, т. т. т. с. жұмысшылардан олардың баспасөзін тартып алу үшін жұмсалып отыр. Ал оның үстіне, күнделікті газетке керекті информациялық материалдар буржуазиялық телеграф агенттіктерінің қолында, ал хабарландырулар, мұнсыз үлкен газет өз шығынын өтей алмайды, капиталистердің «еркін» билігінде отыр. Қорыта келгенде, буржуазия алдау арқылы, капитал мен буржуазиялық мемлекеттің қыспағы арқылы революцияшыл пролетариаттан оның баспасөзін тартып алады.

Бұған қарсы күресу үшін коммунистік партиялар жұмысшылар арасына көптеп таратылатын мерзімді баспасөздің жаңа типін құрулары керек: 1-ден, өзін коммунистік баспасөз деп атамай-ақ, өзінің партияға жататындығын айтпай-ақ, 1905 жылдан кейінгі патша тұсындағы большевиктер тәрізді, тіптен болмашы жариялылықты да пайдалануды үйренетін жария басылымдар құрулары керек; 2-ден, көлемі шағын болса да және өзі үнемі шығып тұрмайтын болса да, жұмысшы-

лардың өздері толып жатқан баспаханада қайта басып шығаратын (жасырын түрде басатын немесе, егер қозғалыс нығайып алған болса, баспахананы революциялық жолмен тартып алу арқылы басатын) және пролетариатқа еркін, революциялық информация мен революциялық ұрандарды жеткізіп тұратын құпия листоктар шығарып тұру керек.

Коммунистік баспасөз бостандығы жолында бұқараны баурап алатын революциялық күрес болмайынша, пролетариат диктатурасына әзірлену мүмкін емес.

III
КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛҒА ҚОСЫЛАТЫН ЖӘНЕ ҚОСЫЛҒЫСЫ КЕЛЕТІН ПАРТИЯЛАРДЫҢ БАҒЫТЫН — ІШІНАРА ҚҰРАМЫН ДА — ТҮЗЕТУ

14. Бүкіл дүние жүзілік шаруашылық пен бүкіл дүние жүзілік саясат тұрғысынан қарағанда аса маңызды елдердің пролетариатының өз диктатурасын жүзеге асыруға әзірлігінің дәрежесі, барынша объективті және барынша дәл алғанда, мынамен сипатталады: II Интернационалдың ең ықпалды партиялары — Француз социалистік партиясы, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы, Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы, Американ социалистік партиясы[87] осы сатқын Интернационалдан шығып, III Интернационалға — алдыңғы үшеуі шарт қойып, ал соңғысы ешқандай шарт қоймай — қосылуға қаулы алды. Бұл — тек авангарды ғана емес, сонымен қатар оқиғаның бүкіл аяқ алысы арқылы көзі жеткен революцияшыл пролетариаттың көпшілігі де біздің жағымызға көше бастағанын дәлелдейді. Ендігі басты міндет — ешбір ауытқусыз барлық бағытта алға басу мүмкін болуы үшін осы көшуді ақырына жеткізе білу және қол жеткен табысты ұйымдық жағынан да берік, баянды ете білу керек.

15. Аталған партиялардың бүкіл қызметі (егер Швейцария социалистік партиясының[88] III Интернационалға қосылуды ұйғарғаны туралы алынған телеграф хабары рас болса, бұларға Швейцария социалис-

тік партиясын да қосу керек) әлі коммунистік қызмет бола алмай отырғанын,— және осы партиялардың кез келген мерзімді басылымдары мұны айқын көрсетеді,— ал екінің бірінде III Интернационалдың негізгі принциптеріне, атап айтқанда: буржуазиялық демократияның орнына пролетариат диктатурасын және Совет өкіметін мойындауға тура қайшы келетіндігін дәлелдеп отыр.

Сондықтан Коммунистік Интернационалдың II конгресі былай деп қаулы алуға тиіс: II конгресс бұл партияларды дереу қабылдауды мүмкін деп санамайды;— ол III Интернационалдың Атқару Комитетінің неміс «тәуелсіздеріне» қайтарған жауабын қуаттайды;— ол II Интернационалдан шығып, III Интернационалға жақындасқысы келетін партиялардың қайсысымен болса да келіс сөз жүргізуге өзінің әзір екендігін білдіреді;— ол өзінің барлық конгрестері мен конференцияларында ондай партиялардың делегаттарына кеңесші дауыспен қатысуға право береді;— ол осы партиялардың (және бұлар тәрізді партиялардың) Коммунистік Интернационалмен толық бірігуі үшін мынадай шарттар қояды:

1. Коммунистік Интернационалдың барлық съездерінің және оның Атқару Комитетінің бүкіл шешімдерін партияның барлық мерзімді басылымдарында жариялау;

2. Бұл шешімдерді партияның барлық секцияларының немесе жергілікті ұйымдарының арнаулы жиналыстарында талқылау;

3. Осындай талқылаудан кейін қорытынды шығару үшін және

4. әлі де II Интернационалдың рухында қызмет істеп жүрген элементтерден партияны тазарту үшін партияның арнаулы конгресін шақыру;

5. Партияның мерзімді органдарының бәрін де тек қана коммунистік редакциялардың қолына көшіру.

Осы шарттардың бәрінің іс жүзінде орындалғандығын және партия жұмысының коммунистік сипатта жүргізіле бастағанын алдын ала тексергеннен кейін, аталған партиялар мен осылар тәрізді партияларды

ресми түрде III Интернационалға қабылдауды III Интернационалдың II конгресі өзінің Атқару Комитетіне тапсыруға тиіс.

16. Аталған партиялар мен осылар тәрізді партиялардың жауапты қызмет орындарында қазір азшылық болып отырған коммунистердің іс-әрекеті қандай болуы керек деген мәселе туралы Коммунистік Интернационалдың II конгресі былай деп қаулы алуға тиіс: осы партияларға жататын жұмысшылардың арасында коммунизмге шын тілектестік көрінеу өсіп келе жатқандықтан, бұл партиялардың ішінде пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін мойындау рухында олардың жұмыс жүргізуіне әзірше мүмкіндік бар кезде және бұл партиялардың ішінде әлі де болса қалып отырған оппортунистер мен центрліктерді сынауға мүмкіндік бар кезде, коммунистердің ол партиялардан шығуының жөні жоқ.

Мұнымен қатар, III Интернационалдың II конгресі Англиядағы коммунистік немесе коммунизмге тілектес топтар мен ұйымдардың «Жұмысшы партиясына» (Labour Party) қосылуын жақтап шығуға тиіс, жақтағанда бұл партияның II Интернационалда болуына қарамастан жақтау керек. Өйткені, бұл партия өзінің құрамына кіретін ұйымдар үшін олардың қазіргі сын бостандығын және пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін жақтап насихат, үгіт және ұйымдастыру қызметін жүргізу бостандығын әзірше сақтап отырған кезде, бұл партия жұмысшы табының барлық кәсіптік ұйымдарын біріктіру жөніндегі өзінің сипатын әзірше сақтап отырған кезде, ең қалың жұмысшы бұқарасына ықпал жүргізуге мүмкіндігі болу үшін, анағұрлым жоғары және бұқараға көрнекті трибунадан олардың оппортунистік көсемдерін әшкерелеп отыру үшін, саяси өкіметтің буржуазияның тікелей өкілдерінің қолынан «капиталистер табының жұмысшы лейтенанттарының» қолына көшуін тездету үшін, тездеткенде бұл жөніндегі ең ақырғы жалған үміттерден бұқараны жылдам сауықтыруды көздеп тездету үшін коммунистер қайткен күнде де қажетті болған қадамдардың бәрін жасап, белгілі компромистерге барулары керек.

17. III Интернационалдың II конгресі Итальян социалистік партиясы жөнінде сынды және 1920 ж. 8 майда «Жаңа Тәртіп» («L'Ordine Nuovo»)[89] журналында осы партияның Турин секциясының атынан[90] Итальян социалистік партиясының Ұлттық советіне ұсыныс ретінде баяндалып жазылған және III Интернационалдың барлық негізгі принциптеріне толығынан сай келетін осы партияға жасалған практикалық ұсыныстарды өзінің негізінде дұрыс деп табады.

Сондықтан III Интернационалдың II конгресі Итальян социалистік партиясына партияның бағытын түзету үшін және бұл партияны, әсіресе оның парламенттік фракциясын, коммунистік емес элементтерден тазарту үшін әрі осы ұсыныстарды, әрі Коммунистік Интернационалдың екі съезінің де барлық шешімдерін талқылауға арнап партияның төтенше съезін шақыруды өтінеді.

18. Партияның тап пен бұқараға қатынасы жөніндегі, буржуазиялық парламенттер мен ең реакциялық кәсіподақтарға коммунистік партиялардың қатысуын міндетті емес деп санау жөніндегі көзқарастарды, осы конгрестің арнаулы шешімдерінде толығынан теріске шығарылған көзқарастарды, III Интернационалдың II конгресі дұрыс емес деп табады, бұл көзқарастарды бәрінен де көп қорғағандар: «Германия Коммунистік жұмысшы партиясы», сонымен қатар ішінара «Швейцария Коммунистік партиясы»[91], Коммунистік Интернационалдың Венадағы Шығыс-Европалық секретариатының органы «Коммунизм» («Kommunismus»), Амстердамдағы қазір таратылып жіберілген секретариат және кейбір голланд жолдастар, содан соң Англиядағы кейбір коммунистік ұйымдар, мәселен, «Жұмысшы социалистік федерациясы», т. с., сондай-ақ Америкадағы «Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары» және Англиядағы «Фабрика-завод старосталары комитеті» (Shop Stewards Committee), т. с.

Солай бола тұрса да III Интернационалдың II конгресі бұл ұйымдардың ішінен Коммунистік Интернационалға ресми түрде әлі қосылып болмағандарының оған дереу қосылуын мүмкін және жөн деп табады,

өйткені бұл ретте, әсіресе Америка мен Австралиядағы «Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары» жөнінде, сондай-ақ Англиядағы «Фабрика-завод староссталары» жөнінде де біз іс жүзінде негізінен алғанда Коммунистік Интернационалдың түбегейлі принциптерінің негізінде тұрған нағыз пролетарлық және бұқаралық қозғалысты көріп отырмыз. Мұндай ұйымдардағы буржуазиялық парламенттерге қатысу жөніндегі қате көзқарастар шындығында буржуазиядан шыққандардың роліне байланысты болмай, бұлар өздерінің, шын мәнісінде ұсақ буржуазиялық көзқарастарын ала келеді, анархистердің көзқарастары көбіне-көп осындай болып келеді, қайта толық революцияшыл және бұқарамен байланысы бар пролетарлардың саяси тәжірибесіздігіне байланысты болып отыр.

Сондықтан III Интернационалдың II конгресі ағылшын-саксон елдеріндегі коммунистік ұйымдар мен топтардың бәрінен, егер тіпті «Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары» мен «Фабрика-завод староссталары» III Интернационалға дереу қосыла қоймаған күннің өзінде де, бұл ұйымдармен неғұрлым достық қатынас саясатын жүргізуді, бұлармен және бұларға тілектес бұқарамен жақын болуды, барлық революциялардың, әсіресе XX ғасырда болған орыстың үш революциясының тәжірибесі тұрғысынан қарап, олардың жоғарыда көрсетілген көзқарастарының қате екендігін достық ниетпен түсіндіруді және осы ұйымдармен бірге біртұтас коммунистік партияға қосылу үшін қайталап әрекет жасап көруден бас тартпауды өтінеді.

19. Осыған байланысты конгресс соғыстан кейін бүкіл дүние жүзінде анархистердің арасында пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметіне көзқарас туралы мәселеде терең идеялық жіктелушіліктер болып отырғанына барлық жолдастардың, әсіресе роман, ағылшын-саксон елдеріндегі жолдастардың назарын аударады. Бұл ретте, нақ пролетарлық элементтердің арасында,— бұларды II Интернационал партияларының оппортунизмі мен реформизміне деген әбден заңды өшпенділік екінің бірінде анархизмге қарай итермелеп отырды,— бұл принциптерді дұрыс түсінушілік, оның

үстіне Россияның, Финляндияның, Венгрияның, Латвияның, Польшаның, Германияның тәжірибесімен бұлар неғұрлым жақын таныс болған сайын соғұрлым молырақ тарап отырған осы түсінушілік ерекше байқалып отыр.

Сондықтан конгресс барлық бұқаралық-пролетарлық элементтердің анархизмнен III Интернационал жағына шығуын барынша қолдап отыруды барлық жолдастардың борышы деп санайды. Конгресс шын коммунистік партиялардың жұмысының қаншалықты ойдағыдай жүріп жатқандығы, сонымен қатар, мына жағдаймен: анархизмнен интеллигент элементтерді емес, ұсақ буржуазиялық элементтерді емес, қайта бұқаралық пролетарлық элементтердің бәрін өз жағына қаншалықты тарта алғандығына қарай бағалануға тиіс екендігін атап көрсетеді.

4 июль, 1920 ж.

4

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ[92]

III Интернационалдың II съезіне арнап тағы да халықаралық экономикалық және саяси жағдай туралы тезистер жазу қажет.

Мұндай тезистердің шамамен алынған мынадай *жоспарын* беріп, олардың *алғашқы нобайын* жазуды Радекке немесе одан гөрі қолы бостау *Лапинскийге,* немесе сол екеуінің ұсынуы бойынша *тағы басқа біреуге* тапсыруға болмас па екен:

1. Бүкіл жерді бөліп алу (банк және финанс капиталының ықпал ету сферасы мағынасында да, халықаралық синдикаттар мен картельдер мағынасында да, сондай-ақ отарлар мен жартылай отарларды басып алу мағынасында да) империализмнің, XX ғасыр экономикасының негізгі фактісі болып табылады.

2. Жалпы алғанда империалистік соғыстардың, жеке алғанда 1914—1918 жылдардағы бірінші империалистік соғыстың сөзсіздігі осыдан келіп шығады.

3. Бұл соғыстың нәтижелері:

   (а) бүкіл дүние жүзілік-қуатты державалар санының *азаюы,* әлсіз, тоналған, бөліске түскен, тәуелді державалар санының *көбеюі;*

   (б) барлық капиталистік елдер ішінде де, ол елдердің арасында да *барлық* капиталистік қайшылықтардың мықтап шиеленісуі;

   (в) әсіресе, бүкіл дүние жүзілік көлемде, капитализмнің екі полюсінің де шиеленісуі:

капитал алпауыттарының болмашы азшылығының сән-салтанатының молаюы;

жоқшылықтың, қайыршылықтың, күйзелушіліктің, ашаршылықтың, жұмыссыздықтың, өмір сүру қаражатының мүлде жетіспеуінің көбеюі;

(г) милитаризмнің күшеюі, экономикалық жағынан сөзсіз болатын жаңа империалистік соғыстарға әзірліктің күшейіп, тездеуі; бүкіл дүние жүзінде соғыстар санының көбеюі, оның бер жағында әсіресе революциялық соғыстардың көбеюі;

(д) Ұлттар лигасының толық күйреуі, оның өтірігін әшкерелеу; «вильсонизмнің»[93] күйреуі. Буржуазиялық *демократияның* күйреуі.

4. Англия мен Американы
Францияны
Жапонияны
Европа мен Американың қалған, бейтарап елдерін
жеңілген елдерді (ең алдымен Россия мен Германияны)
отарларды
жартылай отарларды (Персия, Түркия, Қытай)

сипаттау арқылы (П. Левидің 1920 ж. 14. IV. баяндамасын салыстырыңыз)[94] барынша қысқаша түсінік беру.

5. Шикізат,— оның сарқылуы
өнеркәсіп,— оның әлсіреуі (отын және басқалар)
валюта,— оның күйреуі. Борыштар. Ақшаның құнсыздануы.

Дүние жүзілік шаруашылықтың бүкіл системасының «берекесізденуі», *ыдырауы.*

6. Қорытынды = дүние жүзілік революциялық дағдарыс. Коммунистік қозғалыс және Совет өкіметі.

5

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛҒА ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

Коммунистік Интернационалдың бірінші құрылтай съезі[95] жеке партияларды III Интернационалға қабылдаудың дәл шарттарын белгілемеген еді. Бірінші съездің шақырылу кезеңінде елдердің көпшілігінде тек коммунистік *бағыттар* мен *топтар* ғана болатын.

Коммунистік Интернационалдың бүкіл дүние жүзілік II конгресі басқаша жағдайда шақырылып отыр. Қазір елдердің көпшілігінде тек коммунистік ағымдар мен бағыттар ғана емес, сонымен бірге енді коммунистік *партиялар* мен *ұйымдар* да бар.

Осыдан біраз бұрын II Интернационалда болған, енді III Интернационалға кіргісі келетін, бірақ іс жүзінде коммунистік бола қоймаған партиялар мен топтар қазір Коммунистік Интернационалға барған сайын жиі өтініш жасауда. II Интернационал біржолата талқандалды. Аралық партиялар мен «центр» топтары II Интернационалдан мүлде үміт күтуге болмайтынын көріп, барған сайын нығайып келе жатқан Коммунистік Интернационалға арқа сүйемек болады, бірақ соның өзінде олар өздерінің бұрынғы оппортунистік немесе «центристік» саясатын жүргізуіне мүмкіндік берерліктей «автономияны» сақтап қалсақ деп дәмеленеді. Коммунистік Интернационал белгілі дәрежеде сәнге айналып барады.

«Центрдің» кейбір басшы топтарының қазіргі кезде III Интернационалға енгісі келуі Коммунистік Интернационалдың бүкіл дүние жүзіндегі саналы жұмысшы-

лардың орасан көпшілігінің тілектестігіне ие болып отырғандығына және күннен-күнге мейлінше зор күшке айналып келе жатқандығына жанама дәлел болып табылады.

Белгілі жағдайларда II Интернационал идеологиясынан әлі де болса қол үзбеген солқылдақ және жартыкеш топтардың Коммунистік Интернационалды сұйылтып жіберу қаупі тууы мүмкін.

Оның үстіне, көпшілігі коммунизм көзқарасында болып отырған кейбір ірі партиялардың ішінде (Италия, Швеция) қайтадан бас көтеріп, пролетарлық революцияға белсене саботаж жасап, осы арқылы буржуазияға және II Интернационалға көмектесудің сәтін күтіп қана отырған едәуір реформистік және социал-пацифистік қанат осы уақытқа дейін бар.

Венгр Совет республикасының сабақтарын бірде-бір коммунист ұмытуға тиіс емес. Венгр коммунистерінің реформистермен бірігуі венгр пролетариатына қымбатқа түсті.

Солай болғандықтан, бүкіл дүние жүзілік II конгресс Коммунистік Интернационалға жаңадан партиялар қабылдаудың мейлінше дәл шарттарын белгілеуді, сондай-ақ Коммунистік Интернационалға қабылданып қойған партияларға оларға қандай міндеттемелер жүктелетінін көрсетуді қажет деп санайды.

Коммунистік Интернационалдың II конгресі қаулы етеді: Коминтернде болу шарттары төмендегілер болып саналсын:

* *
*

1. Күнбе-күнгі насихат пен үгіт шын коммунистік сипатта болуға тиіс. Партияның қолындағы баспасөз органдарының бәрін пролетарлық революцияның ісіне өздерінің шын берілгендігін дәлелдеген сенімді коммунистер редакциялауға тиіс. Пролетариат диктатурасы туралы құр жаттап алынып, жауыр болған формула ретінде айтпай, оны насихаттағанда, қатардағы әрбір жұмысшы, жұмысшы әйел, солдат, шаруа үшін пролетариат диктатурасының қажеттігі өзіміздің баспасөзде

күн сайын үнемі айтылып отыратын өмірлік фактілерден туатындай етіп насихаттау керек. Газет беттерінде, халық жиналыстарында, кәсіптік одақта, кооперативте — III Интернационал жағындағылар араласатын жердің бәрінде де буржуазияны ғана емес, сонымен бірге оның көмекшілері болып табылатын барлық сарындағы реформистерді де үздіксіз және аяусыз масқаралап отыру қажет.

2. Коминтерн қатарында болғысы келетін әрбір ұйым реформистерді және «центр» жағындағыларды жұмысшы қозғалысындағы қайсыбір жауапты қызмет орындарынан (партия ұйымы, редакция, кәсіподақ, парламенттік фракция, кооператив, муниципалитет, т. с.) жоспарлы түрде және үнемі *аластап* отыруға, сөйтіп олардың орнына — алғашқы кезде кейде «тәжірибелі» қайраткерлердің орнына қатардағы жұмысшыларды қоюға тура келетіндігінен қысылмай — сенімді коммунистерді қойып отыруға міндетті.

3. Ерекше жағдайдың немесе ерекше заңдардың салдарынан коммунистер өздерінің бүкіл жұмысын жария жүргізуіне мүмкіндігі жоқ елдердің бәрінде де жария жұмыс пен құпия жұмысты сөзсіз ұштастырып отыру қажет. Тап күресі Европа мен Американың барлық елдерінде дерлік азамат соғысының кезеңіне еніп отыр. Мұндай жағдайларда коммунистер буржуазиялық заңдарға сене алмайды. Олар жер-жердің *бәрінде* де жария аппаратпен қосарлас аппарат, шешуші минутта партияға өзінің революция алдындағы борышын орындауына көмектесе алатындай құпия аппарат құруға міндетті.

4. Әскерлер арасында табанды түрде үнемі насихат және үгіт жұмысын жүргізу және әрбір әскери бөлімде коммунистік ұялар құру қажет. Коммунистердің бұл жұмысты көбіне-көп құпия жүргізуіне тура келеді, бірақ мұндай жұмыстан бас тарту революциялық борышқа опасыздық жасаумен бірдей болар еді және III Интернационалдың қатарында болумен сыйыспаған болар еді.

5. Деревняда жүйелі және жоспарлы үгіт жүргізіп отыру қажет. Село батырақтары мен ең кедей шаруа-

лардың ең болмағанда бір бөлегін өзінің соңына ерт-пейінше және деревняның қалған бөлегін өз саясаты арқылы бейтарап етіп тастамайынша, жұмысшы табы өзінің жеңісін баянды ете алмайды. Деревняда коммунистік жұмыс жүргізу қазіргі дәуірде бірінші дәрежелі маңыз алып келеді. Бұл жұмысты ең алдымен деревнямен байланысы бар революцияшыл *жұмысшы*-коммунистер арқылы жүргізу қажет. Бұл жұмыстан бас тарту немесе мұны жартылай реформист сенімсіз адамдарға беріп қою пролетарлық революциядан бас тартумен барабар.

6. III Интернационалда болғысы келетін әрбір партия тек ашық социал-патриотизмді ғана емес, сонымен бірге социал-пацифизмнің жалғандығы мен екіжүзділігін де әшкерелеп отыруға міндетті: капитализмді революциялық жолмен құлатпайынша, халықаралық аралық соттардың ешқайсысы да, қару-жарақты азайту жөніндегі сөздердің ешқайсысы да, Халықтар лигасын «демократиялық» жолмен қайта құрудың ешқайсысы да адамзатты империалистік жаңа соғыстардан құтқара алмайтындығын жұмысшыларға үнемі дәлелдеп отыруға міндетті.

7. Коммунистік Интернационалда болғысы келетін партиялар реформизмнен және «центрдің» саясатынан толық және біржолата қол үзудің қажетті екенін мойындауға және бұл қол үзуді партия мүшелерінің ең қалың тобы арасында насихаттауға міндетті. Мұнсыз дәйекті коммунистік саясаттың болуы мүмкін емес.

Коммунистік Интернационал бұл қол үзуді ең қысқа мерзімде жүзеге асыруды сөзсіз және үзілді-кесілді талап етеді. Коммунистік Интернационал, мәселен, Турати, Модильяни және басқалар сияқты көрінеу реформистердің III Интернационалдың мүшесі болып саналуға праволы болуына төзе алмайды. Мұндай тәртіп III Интернационалдың мерт болған II Интернационалға әбден ұқсап кетуіне апарып соғар еді.

8. Отарлар туралы және езілген ұлттар туралы мәселеде буржуазиясы осындай отарларға ие болып отырған және басқа ұлттарды езіп отырған елдердегі пар-

тиялардың айрықша мұқият және айқын бағыты болуы қажет. III Интернационалда болғысы келетін әрбір партия «өз» империалистерінің отарлардағы қулықсұмдықтарын аяусыз әшкерелеп отыруға, отарлардағы азаттық қозғалыс атаулының бәрін сөз жүзінде емес, іс жүзінде қолдап отыруға, өзінің отандас империалистерін бұл отарлардан қуып шығуды талап етуге, өз елінің жұмысшыларын отарлар мен езілген ұлттардың еңбекші халқына шынайы туысқандық көзқараста тәрбиелеуге және өз әскерлері арасында отар елдер халықтарын езу атаулының бәріне қарсы үнемі үгіт жүргізіп отыруға міндетті.

9. Коммунистік Интернационалда болғысы келетін әрбір партия кәсіптік одақтардың, кооперативтердің және жұмысшылардың басқа да бұқаралық ұйымдарының ішінде коммунистік жұмысты үнемі және табанды түрде жүргізуге міндетті. Бұл одақтардың ішінде коммунистік ұялар құру қажет, бұл ұялар ұзақ және қажырлы жұмыс жүргізу арқылы кәсіптік одақтарды коммунизм ісі үшін өз жағына қаратып алуға тиіс. Бұл ұялар социал-патриоттардың сатқындығы мен «центрдің» ауытқушылығын күнбе-күнгі жұмыста қадам басқан сайын әшкерелеп отыруға міндетті. Бұл коммунистік ұялардың бәрі де партияға бүтіндей бағындырылуға тиіс.

10. Коммунистік Интернационалға кіретін партия сатқын кәсіптік одақтардың Амстердам «интернационалына»[96] қарсы қажырлы күрес жүргізуге міндетті. Бұл партия сатқын Амстердам интернационалынан ажырасудың қажет екендігін кәсіби ұйымдасқан жұмысшылардың арасында табанды түрде насихаттауға міндетті. Ол Коммунистік Интернационалға қосылатын қызыл кәсіптік одақтардың туып келе жатқан халықаралық бірлестігін[97] барлық құралдармен қуаттап отыруға тиіс.

11. III Интернационалда болғысы келетін партиялар өздерінің парламенттік фракцияларының адам құрамын қайта қарап, ол фракциялардан сенімсіз элементтерді аластауға, бұл фракцияларды сөз жүзінде емес, іс жүзінде партиялардың Орталық Комитеттеріне ба-

ғындыруға, әрбір парламентар-коммунистен өзінің барлық жұмысын шын мәніндегі революциялық насихат пен үгіттің мүдделеріне бағындыруын талап етуге міндетті.

12. Дәл сол сияқты, нақ осы кезеңде партияның тұтас алғанда жария немесе құпия жағдайда екепіне қарамастан, мерзімді және мерзімді емес баспасөз бен барлық баспалар бүтіндей партияның Орталық Комитетіне бағындырылуға тиіс; автономияны пайдаланып, баспалардың нағыз партиялық емес саясатты жүргізуіне жол беруге болмайды.

13. Коммунистік Интернационалға кіретін партиялар демократиялық *централизм* принципі бойынша құрылуға тиіс. Қазіргі шиеленіскен азамат соғысы дәуірінде коммунистік партия негұрлым бір орталыққа бағыну жолымен ұйымдастырылған жағдайда ғана, партия ішінде әскери тәртіппен деңгейлес темірдей берік тәртіп үстем болғанда ғана және оның партиялық орталығы кең уәкілдігі бар, партия мүшелерінің жаппай сеніміне ие болған, өктемді беделі бар орган болғанда ғана ол өз борышын атқара алады.

14. Коммунистері өз жұмысын жария жүргізетін елдердің коммунистік партиялары, партияға сөзсіз жанасып отыратын ұсақ буржуазиялық элементтерден партияны үнемі тазартып отыру үшін, партия ұйымдарының адам құрамын дүркін-дүркін тазартуды (қайта тіркеуді) жүргізіп отыруға тиіс.

15. Коммунистік Интернационалда болғысы келетін әрбір партия әрбір советтік республиканы оның контрреволюциялық күштерге қарсы күресінде қалтқысыз қолдап отыруға міндетті. Коммунистік партиялар советтік республикалардың дұшпандарына жіберіліп жатқан соғыс жабдықтарын тасудан жұмысшылардың бас тартуын қажырлы түрде насихаттауға, жұмысшы республикаларын тұншықтыруға жіберілетін әскерлер арасында жария немесе құпия насихат, т. с. жүргізуге тиіс.

16. Күні бүгінге дейін ескі социал-демократиялық программалармен келе жатқан партиялар мүмкіндігінше өте қысқа мерзімнің ішінде осы программаларын

қайта қарап, Коммунистік Интернационалдың қаулылары рухында өз елінің ерекше жағдайларына бейімдеп жаңадан коммунистік программа жасауға міндетті. Коммунистік Интернационалға кіретін әрбір партияның программасын ереже бойынша Коммунистік Интернационалдың кезекті конгресі немесе оның Атқару Комитеті бекітуге тиіс. Егер Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитеті белгілі бір партияның программасын бекітпеген жағдайда, ол партия Коммунистік Интернационалдың конгресіне шағым беруге праволы.

17. Коммунистік Интернационал съездерінің барлық қаулылары, сол сияқты оның Атқару Комитетінің қаулылары да Коммунистік Интернационалға кіретін партиялардың бәрі үшін міндетті. Аса шиеленіскен азамат соғысы жағдайында қимыл жасап отырған Коммунистік Интернационал, II Интернационалдың тұсында болғандағыға қарағанда, анағұрлым орталықтандырылған тұрғыда құрылуға тиіс. Бұл ретте Коммунистік Интернационал мен оның Атқару Комитеті өздерінің бүкіл жұмысында әр түрлі партиялардың күрес жүргізгенінде және қимыл жасағанында кездесуге тура келетін әр алуан жағдайлардың бәрімен, әлбетте, санасып отыруға және жалпыға бірдей міндетті шешімдерді осындай шешім қабылдауға болатын мәселелер жөнінде ғана шығарып отыруға міндетті.

18. Осы аталғандарға байланысты, Коммунистік Интернационалда болғысы келетін партиялардың бәрі өз аттарын өзгертуге тиіс. Коммунистік Интернационалда болғысы келетін әрбір партия: пәлендей елдің *коммунистік* партиясы (III Коммунистік Интернационалдың секциясы) деп аталуға тиіс. Партияның аты туралы мәселе ресми мәселе ғана емес, сонымен бірге маңызы зор саяси мәселе. Коммунистік Интернационал бүкіл буржуазиялық дүниеге және барлық сатқын социал-демократиялық партияларға қарсы үзілді-кесілді күрес жариялады. Коммунистік партиялар мен бұрынғы ресми «социал-демократиялық» партиялардың немесе жұмысшы табының туын сатып кеткен «социалистік» партиялардың арасындағы айырмашылық қа-

тардағы әрбір еңбеккерге мейлінше түсінікті болуы қажет.

19. Коммунистік Интернационалдың бүкіл дүние жүзілік Екінші конгресінің жұмысы аяқталғаннан кейін, Коммунистік Интерналционалда болғысы келетін партиялардың бәрі де, жоғарыда баяндалған міндеттерді бүкіл партия атынан ресми түрде қостау үшін, ең қысқа мерзімнің ішінде өз партиясының төтенше съезін шақыруға тиіс.

6
КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛҒА ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫНЫҢ ЖИЫРМАСЫНШЫ ПУНКТІ[98]

Енді III Интернационалға кіргісі келетін, бірақ осы кезге дейін өздерінің бұрынғы тактикасын түбегейлі өзгертпеген партиялар III Интернационалға кіргенге дейін өздерінің Орталық Комитетіне және партияның аса маңызды орталық мекемелеріне Коммунистік Интернационалдың II конгресінен де бұрын III Интернационалға кіруді жұрт алдында айқын жақтап шыққан жолдастардың кемінде $^2/_3$-сі енуіне күш салулары керек. Бұдан басқаша тәртіпке III Интернационалдың Атқару Комитетінің бекітуімен жол беріледі. Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінің 7-параграфта аталған «центрдің» өкілдері үшін де басқаша тәртіпті қолдануға правосы бар.

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ II КОНГРЕСІ[99]

19 ИЮЛЬ—7 АВГУСТ, 1920 ж.

1
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ 19 ИЮЛЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

(Ду овация. Бүкіл залдағылар орындарынан тұрып, қол шапалақтайды. Шешен сөйлемек болады, бірақ қол шапалақтау және барлық тілде шығып жатқан дауыстар тоқталмайды. Овация ұзаққа созылады.) Жолдастар, Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы мәселелер жөніндегі тезистер* барлық тілдерде жарияланды және олар (әсіресе орыс жолдастар үшін) айта қаларлықтай жаңалық болып табылмайды, өйткені бұл тезистер революциялық тәжірибеміздің кейбір негізгі белгілері мен революциялық қозғалысымыздың сабақтарын едәуір дәрежеде толып жатқан батыс елдеріне, Батыс Европаға таратады. Сондықтан мен баяндамамда өзіме берілген тақырыптың бірінші бөліміне, атап айтқанда, халықаралық жағдайға, қысқа түрде болса да, біршама көбірек тоқталып өтемін.

Қазіргі кезде қалыптасып отырғанындай, бүкіл халықаралық жағдайдың негізі империализмнің экономикалық қатынастары болып табылады. Бүкіл XX ғасыр бойы капитализмнің осы жаңа, жоғары және соңғы сатысы толық орнығып болды. Капиталдың орасан зор мөлшерге жетуі — империализмнің ең сипатты, елеулі белгілері болғандығын сіздер, әрине, бәріңіз де білесіз-

* Қараңыз: осы том, 201—221-беттер. *Ред.*

дер. Еркін бәсекенің орнына алып тұлғалы монополия келді. Капиталистердің болмашы тобы кейде өнеркәсіптің тұтас салаларын өз қолына шоғырландыра алды; бұл салалар көп ретте халықаралық сипаттағы одақтардың, картельдердің, синдикаттардың, трестердің қолына көшті. Сөйтіп, өнеркәсіптің тұтас салалары жеке елдерде ғана емес, бүкіл дүние жүзінде де финанс жағынан, меншік правосы жағынан, ішінара өндіріс жағынан монополистердің қолында болып шықты. Осы негізде ең ірі банктердің, финанс корольдерінің, финанс алпауыттарының болмашы тобының бұрын болып көрмеген үстемдігі асқына түсті, олар тіпті ең еркін республикалардың өзін де іс жүзінде финанс монархияларына айналдырды. Соғыстан бұрын мұны, мәселен, Франциядағы Лизис сияқты әсте революцияшыл емес жазушылар ашық мойындаған болатын.

Шикізаттың әр түрлі көздері мен өндіріс құрал-жабдықтарын аса ірі капиталистердің басып алуы мағынасында ғана емес, сонымен бірге отарларды алдын ала бөлісудің аяқталғандығы мағынасында да бүкіл жер шары бөлініп қойған кезде ат төбеліндей капиталистердің бұл үстемдігі шыңына жетіп дамыды. Бұдан 40 жыл бұрын капиталистік алты державаға бағындырылған отарлардың халқы ширек миллиардтан аз артық деп есептелуші еді. 1914 жылғы соғыстың алдында отарларда енді 600 миллионға жуық халық бар деп есептелді, ал егер бұған сол кездің өзінде жартылай отарлық жағдайында болған Персия, Түркия және Қытай сияқты елдерді қосатын болсақ, онда біз отарлық тәуелділік арқылы ең бай, ең цивилизациялы және ең ерікті елдер езгіге салып отырған халықтың саны тұтас цифрмен алғанда бір миллиард болып шығатынын көреміз. Ал отарлық тәуелділіктің өзі, тікелей мемлекеттік заң жүзіндегі тәуелділікпен қатар финанс жағынан, экономика жағынан толып жатқан тәуелділік қатынастар болуын, толып жатқан соғыстар болуын керек ететіндігін сіздер білесіздер; бұл соғыстар соғыс деп есептелмеді, өйткені мейлінше жетілдірілген қырып-жою құралдарымен қаруланған европалық және американдық империалистік әскерлер отар елдердің

қарусыз, қорғансыз тұрғындарын сілейте соғып, екінің бірінде қырғынға ұшыратты.

Бүкіл жерді осылай етіп бөлуден, капиталистік монополияның осы үстемдігінен, болмашы ғана,— бір мемлекетке көп дегенде екі, үш, төрт, бес банктен келетін,— аса ірі банктердің осы құдіретті өктемдігінен 1914—1918 жылдардағы бірінші империалистік соғыс сөзсіз келіп туды. Бұл соғыс бүкіл дүние жүзін қайта бөлісу үшін болды. Соғыс бүкіл жер жүзін тонау, тұншықтыру, қанау мүмкіндігі мен правосын аса ірі мемлекеттердің шағын топтарының — ағылшын тобының ба немесе герман тобының ба — қайсысының алатындығы үшін болды. Ал соғыстың бұл мәселені ағылшын тобының пайдасына қалай шешкенін өздеріңіз білесіздер. Сонымен, біз осы соғыстың нәтижесінде барлық капиталистік қайшылықтардың өлшеусіз қатты шиеленіскенін көріп отырмыз. Соғыс бірден-ақ жер жүзінің ширек миллиардқа жуық халқын отарлық жағдаймен бара-бар халге ұшыратты. Соғыс 130 миллионға жуық халқы бар Россияны, кемінде 120 миллион халқы бар Австро-Венгрияны, Германияны, Болгарияны осындай халге душар етті. Ширек миллиард халық — мұның бірсыпырасы, Германия сияқты, ең алдыңғы қатарлы, ең сауатты, мәдениетті, техникалық жағынан қазіргі прогрестің дәрежесінде тұрған елдерде. Соғыс, Версаль шарты арқылы, ол елдерді мынадай жағдайға душар етті: алдыңғы қатарлы халықтар отарлық тәуелділік, қайыршылық, ашаршылық, күйзелушілік және правосыздық жағдайға түсті, өйткені олар көптеген ұрпақ бойына шарт арқылы маталып, бірде-бір цивилизациялы халықтың басына түсіп көрмеген жағдайға душар етілді. Сіздер дүние жүзінде мына жағдайды көріп отырсыздар: соғыс бітісімен бірден кем дегенде *бір миллиард екі жүз елу миллион* халық отарлық езгіге ұшырады, айуан капитализмнің қанауына ұшырады, ол өзінің бейбітшілік сүйгіштігін айтып мақтанып келді, осыдан елу жыл бұрын жер жүзі бөліске түспей тұрған кезде, монополия үстемдік етпей тұрған кезде, капитализм орасан зор соғыс жанжалдарынсыз, біршама

бейбіт дами алған кезде бұлай мақтануға оның аздаған правосы да бар еді.

Енді, осы «бейбіт» заманнан кейін, біз езгінің сұмдық күшейгенін көріп отырмыз, біз бұрынғыдан әлдеқайда сорақы отаршылдық және әскери езгіге қайтып оралғандықты көріп отырмыз. Версаль шарты Германияны да, толып жатқан жеңілген мемлекеттерді де экономикалық тіршілік етуге материалдық мүмкіндігі жоқ жағдайға, толық правосыздық пен кемсітушілік жағдайына қойып отыр.

Мұның пайдасын қанша ұлт көріп отыр? Бұл сұраққа жауап беру үшін біз мынаны еске түсіруіміз керек: соғыстан жалғыз өзі толық ұтып шыққан елге, борышы басынан асып жатқан елден барлық елдер оған борышты болып отырған елге бүтіндей айналып отырған Америка Құрама Штаттарының халқы — оның халқы 100 миллионнан артық емес. Европа-Америка жанжалынан аулақ тұрып, орасан зор азиялық материкті басып алу арқылы аса көп ұтып шыққан Жапонияның халқы 50 миллионға тең. Бұл елдерден кейін басқалардың бәрінен де көп ұтқан Англияның халқы 50 миллионға жетеді. Ал егер соғыс кезінде байып алған, халқы өте аз бейтарап мемлекеттерді қоссақ, тұтас цифрмен айтқанда, ширек миллиард болады.

Сонымен, сіздер дүние жүзінде империалистік соғыстан кейін қалыптасқан жағдайдың негізгі белгілерін көріп отырсыздар. Бір миллиард екі жүз елу миллион халқы бар езілген отарлар,— Персия, Түркия, Қытай сияқты тірілей бөліске түсіп жатқан елдер; жеңіліп, отарлар жағдайына душар етілген елдер. Бұрынғы жағдайында бүтін қалған елдердің халқы ширек миллиардтан аспайды, бірақ бұлардың бәрі де экономикалық жағынан Америкаға тәуелді болып қалды және бәрі де соғыс кезінде Америкаға әскери жағынан да тәуелді болды, өйткені соғыс бүкіл дүние жүзін қамтыды, ол бірде-бір мемлекеттің іс жүзінде бейтарап болып қалуына мүмкіндік бермеді. Сонымен, біз, ақырында, жер жүзін бөлісуден, әлбетте, жоғарғы топтары ғана, капиталистері ғана пайда көретін елдердің халқы ширек миллиардтан аспайтынын көріп отырмыз. Жер

жүзінің барлық халқын алсақ, ол — $1^3/_4$ миллиардқа жуық. Мен дүние жүзіндегі осы жағдайды сіздердің естеріңізге салғым келіп еді, өйткені капитализмнің, империализмнің революцияға әкеп жеткізетін барлық негізгі қайшылықтары, II Интернационалға қарсы аса қатал күреске әкеп жеткізген жұмысшы қозғалысындағы барлық негізгі қайшылықтар, председатель жолдас айтқан қайшылықтар,— осының бәрі де жер жүзінің халықтарын бөлісуге байланысты.

Әрине, бұл цифрлар арқылы дүние жүзінің экономикалық жағдайы тек долбармен алынған негізгі белгілері жағынан ғана көрсетіліп отыр. Сонымен, жолдастар, әрине, бүкіл жер жүзінің халқын осылай бөлісіп алудың негізінде финанс капиталының, капиталистік монополиялардың қанауы сан есе күшейді.

Тек отарлы, жеңілген елдер ғана тәуелділік жағдайына душар болып отырған жоқ, сонымен бірге жеңген елдердің әрқайсысының ішінде де неғұрлым күшті қайшылықтар дамыды, капиталистік қайшылықтардың бәрі шиеленісті. Мен мұны бірнеше мысалмен қысқаша көрсетіп өтемін.

Мемлекеттік борыштарды алып қараңыздаршы. Европаның ең басты мемлекеттерінің борыштары 1914 жылдан 1920 жылға дейін кем дегенде *жеті* есе өскенін біз білеміз. Ерекше зор маңызы бар тағы бір экономикалық деректемені келтірейін, бұл — ағылшын дипломаты, «Бітімнің экономикалық зардаптары» деген кітаптың авторы Кейнс, ол өз үкіметінің тапсыруы бойынша Версаль бітімі жөніндегі келіс сөздерге қатысқан, бұл келіс сөздерді таза буржуазиялық тұрғыдан тікелей бақылап, істі егжей-тегжейіне дейін жіті зерттеген және, экономист ретінде, кеңестерге де қатысқан. Ол революционер-коммунистің шығарған қорытындыларының қандайынан болса да күштірек, айқынырақ және өнегелірек қорытындыларға келді, себебі қорытынды шығарып отырған кісі — әйгілі буржуаның өзі, большевизмнің мейірімсіз жауы, большевизмді өзі ағылшын мещаны ретінде, сұмпайы, рақымсыз, айуан тақілеттес деп түсінетін адам. Кейнс: Версаль бітімі арқылы Европа мен бүкіл дүние жүзі банкрот болуға

қарай бара жатыр деген қорытындыға келді. Кейнс отставкаға кетті, ол өзінің кітабында үкіметті кінәлап: сіздер есаландық істеп отырсыздар деді. Мен сіздерге оның цифрларын келтірейін, жалпы алғанда бұл цифрлар мынаған саяды.

Басты державалардың арасындағы борыш қатынастары қалай қалыптасты? Мен 10 сом алтын ақшаны бір фунт стерлингке балап, фунт стерлингтерді алтын сомдарға айналдырамын. Сонда міне былай болып шығады: Құрама Штаттардың активі — 19 миллиард; пассиві — ноль. Ол соғысқа дейін Англияға қарыздар болатын. Германия Коммунистік партиясының соңғы съезінде 1920 жылы 14 апрельде жасаған баяндамасында Леви жолдас қазір дүние жүзінде дербес бой корсететін екі держава қалды: Англия мен Америка деп әділ айтты. Тек Америка ғана финанс жағдайы жағынан мүлдем дербес болып шықты. Ол соғысқа дейін қарыздар еді, енді ол — тек қана кредитор. Дүние жүзіндегі басқа державалардың бәрі қарыздар болып қалды. Англияның активі 17 миллиард, пассиві — 8 миллиард, ол осындай жағдайға душар болып, қазірдің өзінде жартылай қарыздар елдің халіне түсті. Оның үстіне Россияның 6 миллиардқа жуық борышы да Англияның активіне кіріп отыр. Россияның соғыс кезінде жасаған соғыс запасы да оның борышына қосылады. Жуырда Красин, Россия совет үкіметінің өкілі ретінде, Ллойд Джорджбен борыш жөніндегі шарттар туралы тақырыпқа сөйлескенде, ғалымдар мен саясатшыларға, ағылшын үкіметінің көсемдеріне: егер олар борыштарын қайтарып аламыз деп ойлайтын болса, онда олардың таңданарлық адасып отырғанын айқын түсіндіріп берді. Енді, міне, бұл адасушылықты ағылшын дипломаты Кейнс ашып берді.

Әңгіме, әрине, орыс революциялық үкіметінің борыштарды төлегісі келмейтіндігінде ғана емес және тіпті де мұнда емес. Оны қандай үкімет болса да төлей алмаған болар еді, өйткені бұл 20 қайтара төленген борыштарға салынып отырған өсімқорлық үстеме, орыс революциялық қозғалысына ешбір жаны ашымайтын

нақ жаңағы буржуа Кейнстің өзі де: «Бұл борыштарды есептеуге болмайтыны түсінікті» деп отыр.

Франция жөнінде Кейнс мынадай цифрлар келтіреді: оның активі үш жарым миллиардқа, ал пассиві — он жарым миллиардқа тең! Міне осы ел, француздардың өздері айтқандай, бүкіл дүние жүзінің өсімқоры болған еді, өйткені оның «жинаған ақшасы» орасан көп, оның орасан мол капиталын құрайтын отаршылдық және финанстық тонауы оның талай миллиардтарды қарызға беруіне, әсіресе Россияға қарызға беруіне мүмкіндік туғызған еді. Осы қарыздардан орасан мол кіріс түсіп жатты. Бірақ осыған қарамастан, жеңіп шыққанына қарамастан, Франция қарыздар елдің халіне түсті.

«Соғыс борыштарын кім төлеуге тиіс?» (Лейпциг, 1920) деген кітабында коммунист Браун жолдас келтірген американдық буржуазиялық бір деректеме борыштардың ұлттық мүлікке қатынасын былай анықтайды: жеңген елдерде, Англия мен Францияда, борыштар бүкіл ұлттық мүліктің 50 процентінен астам. Италия жөнінде бұл процент 60—70, Россия жөнінде — 90 процент болады, бірақ, өздеріңіз білесіздер, бұл борышқа біз абыржымаймыз, өйткені біз Кейнстің кітапшасы шықпастан сәл уақыт бұрын оның тамаша кеңесін орындап, барлық борыштарды жойған болатынбыз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Кейнс бұл арада әдеттегі филистерлік әнтектікті ғана көрсетіп отыр: барлық борыштарды жою жөнінде өзінің кеңесін бере отырып, ол: әрине, Франция тек қана ұтып шығады, әрине, Англия онша көп зиян шеге қоймайды, өйткені бәрібір Россиядан еш нәрсе ала алмайсың дейді; Америка едәуір зиян шегеді, бірақ Кейнс америкаң «мейірбандығына» үміт артады! Бұл жөнінде біздің көзқарасымыз Кейнстің көзқарасынан да, басқа мещан пацифистердің көзқарастарынан да алшақ жатыр. Біз борыштарды жою үшін олардың капиталист мырзалардың «мейірбандығына» үміт арту бағытында емес, басқа бірдеңені күтуіне, басқа бір бағытта жұмыс істеулеріне тура келер деп ойлаймыз.

Империалистік соғыстың жеңген елдерді де қиын

халге ұшыратқандығы осы барынша қысқа цифрлардан көрініп отыр. Бағаның өсуі мен жалақы арасындағы орасан зор алшақтық та осыны көрсетеді. Өршіп келе жатқан революциядан бүкіл дүние жүзінің буржуазиялық тәртібін қорғаушы мекеме болып табылатын Жоғарғы экономикалық совет осы жылы 8 мартта, әрине, жұмысшылар капиталдың құлдары болып қала беретін жағдайда, тәртіпке, еңбек сүйгіштікке және үнемшілдікке шақырумен аяқталатын қарар шығарды. Антантаның органы, бүкіл дүние жүзі капиталистерінің органы — осы Жоғарғы экономикалық совет мынадай қорытындылар шығарды.

Америка Құрама Штаттарында өнімдер бағасы орта есеппен 120% артқан, ал жалақы тек қана 100% өскен. Англияда өнімдер бағасы — 170%, жалақы 130% өскен. Францияда өнімдер бағасы — 300%, жалақы 200% өскен. Жапонияда өнімдер бағасы — 130%, жалақы 60% өскен (мен Браун жолдастың жоғарыда аталған кітапшасындағы цифрлар мен Жоғарғы экономикалық советтің 1920 жылғы 10 марттағы «Таймс»[100] газетінде жарияланған цифрларын салыстырып отырмын).

Мұндай жағдайда жұмысшылар ашу-ызасының өсетіндігі, революциялық пиғылдар мен идеялардың өсетіндігі, стихиялы бұқаралық стачкалардың өсетіндігі сөзсіз, бұл айқын. Өйткені жұмысшылардың жағдайы адам төзгісіз болып барады. Капиталистердің соғыстан шектен тыс байығанына және шығын мен борышты жұмысшылардың мойнына артып отырғанына жұмысшылардың тәжірибе жүзінде көзі жетуде. Американың «кесапатты үгітшілерден» құтылу үшін тағы да 500 коммунисті біздің Россияға жер аударып жібергісі келетінін жуырда бізге телеграф хабарлады.

Егер Америка бізге тіпті 500 емес, бүтіндей 500 000 орыс, американ, жапон, француз «үгітшілерін» жер аударып жіберсе де, одан жағдай өзгермейді, өйткені бағаның әлгі сәйкессіздігі қала береді, олар бұған түк істей алмайды. Ал бұған олардың түк істей алмайтын себебі, жеке меншікті олар өте қатты қорғайды, жеке меншік оларда «қасиетті» нәрсе. Мұны ұмытпау керек, өйткені қанаушылардың жеке меншігі тек қана Рос-

сияда қиратылды. Бағаның бұл сәйкессіздігіне қарсы капиталистер түк істей алмайды, ал жұмысшылар бұрынғы жалақысымен өмір сүре алмайды. Бұл апатқа қарсы ескі әдістердің ешқайсысымен де түк істей алмайсың, ешқандай жеке стачка да, парламенттік күрес те, дауыс беру де түк істей алмайды, өйткені «жеке меншік қасиетті» делінеді және капиталистердің борышты көбейткені сонша — бүкіл дүние жүзін ат төбеліндей аз ғана адамдар кіріптарлыққа салды; ал оның бер жағында жұмысшылардың тұрмыс жағдайы барған сайын адам төзгісіз болып ауырлап барады. Қанаушылардың «жеке меншігін» жоюдан басқа жол жоқ.

Лапинский жолдас өзінің «Англия және дүние жүзілік революция» деген кітапшасында, біздің «Вестник Народного Комиссариата Иностранных Дел»[101] 1920 жылы февральда бұдан бағалы үзінділер алып жариялады, Англияда шетке шығарылатын көмірдің бағасы ресми өнеркәсіп топтарының шамалағанынан екі есе артық болып шыққанын көрсетеді.

Ланкаширде акцияның бағалылығының өсуі 400 процентке дейін жеткен. Банктердің кірісі кемінде 40—50% болады, оның бер жағында тағы да мынаны айта кету керек: банктердің кірісін анықтағанда банк қайраткерлерінің бәрі кірістің едәуір бөлігін білдірмей өткізіп, мұны кіріс деп атамай, сыйлық ақша, тантье, т. с. аттармен бүркемелей алады. Демек, бұл жерде де экономикалық даусыз фактілер мынаны көрсетіп отыр: ат төбеліндей аз ғана адамдардың байлығы сұрапыл өсіп кеткен, адам естімеген сән-салтанат шек біткеннің бәрінен шығып кеткен, ал бұған қарама-қарсы, жұмысшы табының мұқтаждығы барған сайын күшейіп барады. Әсіресе жоғарыда аталған баяндамасында Леви жолдас ерекше айқын көрсеткен мына жағдайды да айта кету керек: бұл — ақша құнының өзгеруі. Борыштың, қағаз ақша шығарудың, т. т. салдарынан барлық жерде де ақша құнсызданып кетті. Мен жоғарыда атап өткен буржуазиялық деректеменің нақ өзі, атап айтқанда, Жоғарғы экономикалық советтің 1920 жылғы 8 марттағы мәлімдемесі мынадай есеп келтіреді: Англияда ақша құнының төмендеуі, доллармен салыстыр-

ғанда, шамамен үштің біріндей болып отыр; Франция мен Италияда — үштің екісі, ал Германияда 96 процентке жетеді.

Бұл факт дүние жүзілік капиталистік шаруашылық «механикасының» түгелдей құлдырап бара жатқанын көрсетеді. Капитализм тұсында шикізат алу мен өнім өткізудің тірегі болып отырған сауда қатынастарын бұдан былай жүргізе беруге мүмкіндік жоқ; атап айтқанда, толып жатқан елдерді бір елге бағындыру негізінде — ақша құнының өзгеруі себепті бұл қатынастарды бұдан былай жүргізе беруге мүмкіндік жоқ. Өмір сүруге және сауда жасауға ең бай деген бірде-бір елдің мүмкіндігі жоқ, өйткені ол өзінің өнімдерін сата алмайды, шикізат ала алмайды.

Міне сонымен, барлық елдер бағынып отырған Америка сияқты аса бай елдің өзі сатып та ала алмайтын, сата да алмайтын болып шығады. Сөйтіп, Версаль келіс сөздерінің ыстық-суығын түгел басынан кешіріп, әбден әккі болып алған сол Кейнстің өзі, капитализмді қорғауға өзінің бекем бел байлап отырғанына қарамастан, большевизмге деген өзінің бүкіл өшпенділігіне қарамастан, әлгі мүмкіндіктің жоқтығын мойындауға мәжбүр болып отыр. Реті келгенде айта кетейік, коммунистік немесе жалпы алғанда революциялық үндеу хаттардың тым болмаса біреуі өзінің күші жағынан Кейнстің Вильсонды және іс жүзіндегі «вильсонизмді» суреттеген жерлерімен тең түсе алмас еді деп ойлаймын. Вильсонның өзі — Кейнс сияқты және II Интернационалдың (тіпті «екі жарым» Интернационалдың[102] да) бірсыпыра батырлары сияқты мещандар мен пацифистердің пірі болған адам; ал бұл батырлар «14 пунктке» табынып, Вильсон «әлеуметтік татулықты» сақтап қалады, қанаушылар мен қаналғандарды бітістіреді, әлеуметтік реформаларды жүзеге асырады деп дәмеленіп, тіпті Вильсон саясатының «түп-тамырлары» туралы «ғылыми» кітаптар да жазған болатын. Вильсонның қалай ақымақ болып қалғанын Кейнс әбден әшкерелеп берді, сөйтіп Клемансо мен Ллойд Джордж мырзалар арқылы капиталдың іскерлік, епшілдік, көпестік саясатымен алғаш кездесkенде-ақ

бұл жалған үміттердің бәрінің күлі көкке ұшты. Вильсон саясаты «түп-тамырларының» тек поптық зердесіздік, ұсақ буржуазиялық жел сөз, таптар күресін мүлдем түсінбегендік болғанын жұмысшылар бұқарасы енді өз өмірінің тәжірибесінен барған сайын айқын көріп отыр, ал ғалым педанттар мұны тіпті Кейнстің кітабынан-ақ көре алар еді.

Осының бәрінің себебінен екі түрлі жағдай, түбегейлі екі түрлі қағида келіп туатындығы мүлдем сөзсіз және табиғи нәрсе. Бір жағынан, бұқараның мұқтаждығы, күйзелушілігі адам естімеген дәрежеде өсіп отыр, ең алдымен $1^1/_4$ миллиард адам жөнінде, яғни жер жүзінің барлық халқының 70 проценті жөнінде осылай болып отыр. Бұл — халқы заң жүзінде правосыз болып отырған отар, тәуелді елдер, бұлар жөнінде финанс қарақшыларына «мандат беріліп қойылған» елдер. Ал, оның үстіне, жеңілген елдердің құлдыққа түсуін Версаль шарты және Россия жөніндегі құпия шарттар баянды етіп отыр, рас, біз пәлендей миллиард беруге тиістіміз деп жазылған қағаздар қаншалық реалды болса, Россия жөніндегі құпия шарттар да өздерінің күші жағынан соншалық реалды. Бір миллиард екі жүз елу миллион халық жөнінде тонаушылықтың, құлдықтың, тәуелділіктің, қайыршылықтың және ашаршылықтың заң жүзінде баянды етілгенін біз дүние жүзі тарихында алғаш рет кездестіріп отырмыз.

Ал екінші жағынан, кредитор болған елдердің қай-қайсысында да жұмысшылар адам төзгісіз жағдайға душар болып отыр. Соғыс капиталистік қайшылықтардың бәрін адам естімеген дәрежеде шиеленістіріп жіберді, өршіп келе жатқан барынша терең революциялық толқудың туындар көзі де осында болып отыр, өйткені соғыста жұрт әскери тәртіп жағдайына кездесті, ажалға айдалды немесе оларға дереу әскери жазаға ұшырау қаупі төнді. Соғыс жағдайы экономикалық өмір шындығына көз жіберуге мүмкіндік бермеді. Жазушылар, ақындар, поптар, бүкіл баспасөз іс жүзінде соғысты, тек қана соны дәріптеді. Енді, соғыс біткеннен кейін әшкерелеулер басталды. Герман империализмі мен оның Брест-Литовск бітімі әшкереленді.

Империализмнің жеңісін бейнелеуге тиіс болған, бірақ оның жеңілісі болып шыққан Версаль бітімі әшкереленді. Сөз арасында айта кетейік, Кейнстің мысалы мынаны көрсетіп отыр: Европа мен Америкадағы ұсақ буржуазияның, интеллигенттердің, аз да болса ой-өрісі, сауаты бар жандардың ішіндегі он мыңдаған, жүз мыңдаған адамдар Кейнс түскен жолға түсуге тиіс болды, Кейнс отставкаға кетіп, өз үкіметін кінәлайтын кітабында сол өз үкіметін әшкереледі. «Бостандық жолында соғысу», т. с. туралы айтылып жүрген әлгі сөздердің бәрінің бастан-аяқ алдау екенін, соғыстың нәтижесінде аз ғана адамдардың байығанын, ал басқалардың күйзеліп, кіріптарлыққа түскенін мыңдаған, жүз мыңдаған адамдар түсінген кезде, ол адамдардың санасында нендей өзгеріс болатынын және не болуға тиісті екенін Кейнс көрсетіп берді. Өз тіршілігін сақтап қалу үшін, ағылшын шаруашылығын сақтап қалу үшін ағылшындар Германия мен Россияның арасында еркін сауда қатынастарының қайта орнауына күш салулары керек деп буржуа Кейнстің өзі-ақ айтып отыр ғой! Ал бұған қалай жетуге болады? Оған, Кейнстің ұсынғанындай, барлық борыштарды жою арқылы жетуге болады! Бұл — ғалым экономист Кейнстің тек бір өзінің ғана идеясы емес. Миллиондаған адамдар осы идеяға келіп отыр және келеді де. Буржуазиялық экономистердің: борыштарды жоюдан басқа жол жоқ, ал сондықтан (борыштарды жойып отырған) «большевиктерге лағынет» айтайық та, Американың «мейірбандығына» үміт артайық дегенін миллиондаған жұрт естіп отыр!!— менің ойымша, большевизмді жақтап отырған осындай үгітші-экономистерге Коммунистік Интернационал съезінің атынан алғыс айтып, хат жолдаса болар еді.

Егер, бір жағынан, бұқараның экономикалық жағдайы адам төзгісіз ауыр болып отырса, ал, екінші жағынан, жеңген аса құдіретті елдердің болмашы азшылығының арасында Кейнс көрсеткен іріп-шіру басталып және күшейіп отырса, онда біз бұдан дүние жүзілік революцияның екі шартының екеуі де өрбіп келе жатқандығы айқын екенін көреміз.

Енді біз бүкіл дүние жүзіндегі жағдайды неғұрлым толығырақ көзімізге елестетеміз. Өмір сүруге мүмкіндігі жоқ жағдайға душар етіліп отырған бір миллиард екі жүз елу миллион адамның ат төбеліндей аз ғана байларға осылай тәуелді болуы нені көрсететінін біз білеміз. Ал екінші жағынан, Ұлттар лигасы біз соғысты тоқтаттық, бұдан былай ешкімнің бейбітшілікті бұзуына жол бермейміз деп жариялаған Ұлттар лигасының шартын халықтарға ұсынған кезде, бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілер бұқарасының соңғы үміті болған бұл шарт күшіне енген кезде, біз үшін бұл аса ұлы жеңіс болды. Бұл шарт әлі күшіне енбей тұрған кезде жұрт: Германия сияқты елді ерекше жағдайға бағындырмасқа болмайды; ал шарт жасалғанда мұның қандай жақсы болып шыққанын сонда көресіздер деді. Ал шарт жарияланған кезде большевизмнің қас-дұшпандары ол шарттан бас тартуға тиісті болды! Шарт күшіне ене бастаған кезде, аса бай елдердің болмашы тобы, осы «төрт жуан»— Клемансо, Ллойд Джордж, Орландо және Вильсон — жаңа қатынастар жасауға отырғызылды! Шарт машинасы іске қосылған кезде ол әбден іріпшіруге әкеліп соқтырды!

Біз мұны Россияға қарсы жүргізілген соғыстарда көрдік. Әлсіз, күйзелген, жаншылған Россия, ең артта қалған ел барлық ұлттарға, бүкіл жер жүзіне үстемдік жүргізіп отырған бай және құдіретті державалардың одағына қарсы күрес жүргізеді де, жеңіп шығады. Біз тым болмаса тең бола аларлықтай күшті қарама-қарсы қоя алғанымыз жоқ, бірақ та жеңіп шықтық. Себебі не? Себебі, олардың арасында бірліктің жұрнағы да болған жоқ, себебі, бір держава екінші державаға қарсы әрекет жасады. Франция өзіне Россияның берешегін төлеуін және Германияға қарсы қатерлі күш болуын тіледі; Англия Россияны бөліске салғысы келді, Англия Баку мұнайын басып алуға, Россияның шет аймақтағы мемлекеттерімен шарт жасасуға әрекеттеніп көрді. Сондықтан да Англияның ресми документтерінің ішінде бір кітап бар, онда Москва мен Петроградты басып алуға бұдан жарты жыл бұрын, 1919 ж. декабрьде, уәде берген барлық мемлекеттер (олардың саны 14)

барынша мұқият тізіп көрсетілген. Англия өзінің саясатын осы мемлекеттерге сүйеніп жүргізді, оларға миллион-миллион қарыз берді. Бірақ қазір бұл есептерінің бәрінің күлі көкке ұшты, барлық қарызы желге ұшып кетті.

Ұлттар лигасы душар еткен жағдай осы. Осы шарттың өмір сүруінің әрбір күні большевизмді жақтаған ең жақсы үгіт болып отыр. Өйткені капиталистік «тәртіптің» ең құдіретті жақтаушылары әрбір мәселеде өздерінің бірін-бірі аяқтан шалып жататындығын көрсетеді. Түркияны, Персияны, Месопотамияны, Қытайды бөлісіп алу үшін Жапония, Англия, Америка және Франция өзара жанталаса қырқысып жатыр. Олжаны бірінің аузынан бірі жырып әкетіп жатқан өз «әріптестеріне» бұл елдердің буржуазиялық баспасөзі мейлінше құтырына шабуыл жасап, мейлінше ызалана тиісіп отыр. Біз аса бай елдердің үстемдік етуші осы мүлдем болмашы тобының арасында іріп-шіру әбден күшейгенін көріп отырмыз. Бір миллиард екі жүз елу миллион адамның «алдыңғы қатарлы» және цивилизациялы капитализм қалай құл еткісі келсе, солай өмір сүре беруі мүмкін емес, өйткені бұлар жер жүзі халқының 70 проценті ғой. Ал аса бай державалардың мүлдем болмашы тобы, Англия, Америка, Жапония (Жапонияның шығыс елдерді, азиялық елдерді тонауға мүмкіндігі болды, бірақ ол басқа елдердің көмегінсіз ешбір дербес финанстық және әскери күшке ие бола алмайды), осы 2—3 ел экономикалық қатынастарды жолға қоя алмайды, сондықтан өз саясатын Ұлттар лигасындағы өздерінің серіктері мен сыбайластарының саясатын іске асыртпай тастауға бағыттайды. Осыдан келіп дүние жүзілік дағдарыс туады. Сөйтіп дағдарыстың осы экономикалық түп-тамырлары Коммунистік Интернационалдың неліктен тамаша табыстарға жетіп отырғандығының негізгі себебі болып табылады.

Жолдастар! Біз енді революциялық қимылымызға негіз болып табылатын революциялық дағдарыс туралы мәселеге келдік. Бәрінен бұрын осы арада етек алған екі түрлі қатені атап өту керек. Бір жағынан, буржуазиялық экономистер бұл дағдарысты, ағылшындар-

дың сұлу сөзімен айтқанда, жай ғана «мазасыздану» деп көрсетеді. Екінші жағынан, кейде революционерлер дағдарыстан құтылудың еш амалы жоқ деп дәлелдемекші болады.

Бұл қате. Еш амалы жоқ жағдай дегендер болмайды. Буржуазия құтырған, есінен айрылған жыртқышқа ұқсайды, зердесіздік үстіне зердесіздік істеп, жағдайды шиеленістіріп, өз өлімін өзі тездетеді. Мұның бәрі осылай. Бірақ буржуазияның аздап кеңшіліктер жасағансып, қаналғандардың белгілі бір азшылығының көзін бояуға, езілгендер мен қаналғандардың белгілі бір бөлігінің белгілі бір қозғалысын немесе көтерілісін басуға мүлде ешқандай мүмкіндігі жоқ деп «дәлелдеуге» болмайды. «Еш» амалы жоқ дегенді күн ілгері «дәлелдеуге» тырысу бос педанттық немесе ұғымдар мен сөздерді ойынға айналдыру болар еді. Бұл мәселеге және осы сияқты мәселелерге нағыз «дәлел» тек практика ғана бола алады. Бүкіл дүние жүзінде буржуазиялық құрылыс орасан зор революциялық дағдарысты бастан кешіріп отыр. Осы дағдарысты революцияның табысты болып, жеңіске жетуі үшін пайдалануға революцияшыл партиялардың саналылығы, ұйымшылдығы, қаналған бұқарамен байланысы, батылдығы, іскерлігі жеткілікті екенін енді сол партиялардың практикасымен «дәлелдеп беру» керек.

Біз Коммунистік Интернационалдың осы конгресіне бәрінен бұрын осы «дәлелді» әзірлеу үшін жиналып отырмыз.

III Интернационалға қосылғысы келетін партиялардың арасында оппортунизмнің әлі де болса қаншалық дәрежеде үстем болып отырғанын көрсету үшін, революциялық дағдарысты пайдалануға революцияшыл тапты әзірлеуден кейбір партиялардағы жұмыстың әлі қаншалық дәрежеде қашық жатқанын көрсету үшін мен Англияның «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» көсемі Рамсей Макдональдты мысалға келтірейін. Қазір біздің де назарымызды аударып отырған негізгі мәселелерге арналған өзінің «Парламент және революция» деген кітабында Макдональд істің жайын шамамен айтқанда буржуазиялық пацифистердің рухында

суреттейді. Ол: революциялық дағдарыс бар, революциялық ниет өсіп келеді, жұмысшылар бұқарасы Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасына тілектестік білдіріп отыр (байқап қойыңыздар: әңгіме Англия туралы болып отыр), пролетариат диктатурасы ағылшын буржуазиясының қазіргі диктатурасынан жақсы деп мойындайды.

Бірақ Макдональд таптан тыс үкіметті арман ететін нағыз буржуазиялық пацифист әрі келісімпаз, ұсақ буржуа күйінде қалады. Буржуазияның барлық суайттары, софистері, педанттары сияқты, Макдональд тап күресін тек «ауызға аларлық факт» ретінде ғана мойындайды. Макдональд «демократиялық» және бейне бір таптан тыс үкімет құру жөніндегі Россиядағы Керенскийдің, меньшевиктер мен эсерлердің тәжірибесі туралы, Венгрияның, Германияның, т. т. осы тәріздес тәжірибесі туралы жұмған аузын ашпастан өте шығады. Макдональд өз партиясын және бұл буржуаны социалист деп, бұл филистерді көсем деп түсініп сорлап отырған жұмысшыларды мынадай сөздермен алдандырады: «Мұның (яғни революциялық дағдарыстың, революциялық толқудың) өткінші нәрсе екенін, түбі тынышталатынын біз білеміз». Дағдарысты соғыстың туғызғаны сөзсіз, бірақ соғыстан кейін бірден болмаса да «бәрі де түбі тынышталады» дейді!

III Интернационалға қосылғысы келетін партияның көсемі болып жүрген адам міне осылай жазып отыр. Біз бұл жерде француз социалистік партиясы мен герман тәуелсіз социал-демократиялық партиясының жоғарғы топтарында жиі байқалып жүрген нәрсені әшкерелеуді, ашық айтылғандығы жағынан сирек кездесетін, сондықтан да бағалы әшкерелеуді көріп отырмыз, атап айтқанда: революциялық дағдарысты революциялық мағынада пайдалана білмегендікті ғана емес, сонымен бірге оны пайдаланғысы келмейтіндікті де, немесе, басқаша айтқанда, пролетариат диктатурасына партия мен тапты шын революциялық жолмен әзірлей білмегендікті де, әзірлегісі келмейтіндікті де көріп отырмыз.

Мұның өзі қазіргі уақытта II Интернационалдан іргені аулақ салып жатқан өте көптеген партиялардың негізгі кеселі. Дәл сондықтан да мен өзімнің осы конгреске ұсынған тезистерімде пролетариат диктатурасына *әзірлену* міндеттерін мүмкіндігіне қарай неғұрлым нақты әрі дәл белгілеуге бәрінен де гөрі көбірек тоқталып отырмын.

Тағы бір мысал. Жақында большевизмге қарсы жаңа кітап жарияланды. Европа мен Америкада бұл тәрізді кітаптар қазір өте көп шығып жатыр, ал большевизмге қарсы кітаптар неғұрлым көбірек шыққан сайын, бұқара арасында большевизмге тілектестік соғұрлым күшті және тез өсіп келеді. Менің айтып отырғаным — Отто Бауэрдің «Большевизм бе әлде социал-демократия ма?» деген кітабы. Мұнда меньшевизмнің не екендігі немістерге айқын көрсетілген, ал меньшевизмнің орыс революциясындағы масқаралық ролін барлық елдердің жұмысшылары жеткілікті түсінген болатын. Отто Бауэр өзінің меньшевизмге тілектес екендігін жасыра тұрса да, нағыз меньшевиктік памфлет жазған. Бірақ Европа мен Америкада меньшевизмнің не екендігі туралы қазір неғұрлым дәл мағлұматтар тарату қажет, өйткені мұның өзі большевизмге қас бейне бір социалистік, социал-демократиялық, т. с. бағыттардың бәрімен тектес ұғым. Меньшевизмнің не екені туралы Европа үшін кітап жазу бізге, орыстарға, зеріктіретін нәрсе болар еді. Мұны Отто Бауэр өзінің кітабында іс жүзінде көрсетті, сондықтан біз бұл кітапты басып шығаратын және оны әр түрлі тілдерге аударатын буржуазиялық, оппортунистік баспагерлерге күні бұрынақ алғыс айтамыз. Бауэрдің кітабы, коммунизм оқулықтарына өзінше бір қосымша болғанымен, пайдалы нәрсе болмақ. Отто Бауэр кітабының кез келген параграфын, кез келген пікірін алыңыздар да, мұның қай жерінде меньшевизм бар екендігін, социализм сатқындарының, Керенский, Шейдеман достарының, т. т. практикасына қарай бастайтын көзқарастардың тамырлары мұның қай жерінде жатқанын дәлелдеңіздер — коммунизмнің ұғынылған-ұғынылмағанын тексеретін «емтихандарда» пайда тигізерліктей етіп, ойдағыдай

ұсынарлық мәселе осындай болады. Егер сіз осы мәселені шеше алмасаңыз, онда сіз әлі коммунист емессіз, онда сіздің коммунистік партияға кірмей-ақ қойғаныңыз жөн. (Қол шапалақтау.)

Бүкіл дүние жүзілік оппортунизмнің көзқарастарының бүкіл мәнін Отто Бауэр бір сөйлеммен тамаша айтып берді, осынысы үшін,— егер біз Венада еркін билік жүргізетін болсақ,— біз оған көзі тірісінде-ақ ескерткіш орнатуға тиісті болар едік. Қазіргі демократиялардың таптық күресінде күштеуді қолдану — деп салды О. Бауэр —«күштің әлеуметтік факторларына күштеу жасағандық» болар еді.

Мүмкін, сіздер мұның өзі оғаш және түсініксіз деп табарсыздар? Марксизмді қандай сорақылыққа апарып соқтырғандықтың, ең революциялық теорияны қандай пасықтыққа, қанаушыларды қорғаушылыққа апарып соқтыруға *болатындықтың* үлгісі міне осы. Мещандықтың немістік бір түрі керек бола қалса, онда сіздер, «күштің әлеуметтік факторлары» дегеніміз сан, ұйымдасушылық, өндіру мен бөлу процесіндегі орын, белсенділік, білім деген «теорияны» көресіздер. Егер деревнядағы батырақ, қаладағы жұмысшы помещиктер мен капиталистерге революциялық күштеу жасаса, бұл әсте пролетариат диктатурасы емес, бұл әсте халықты қанаушылар мен езушілерге күштеу жасағандық емес. Әсте олай емес. Бұл —«күштің әлеуметтік факторларына күштеу жасағандық».

Мүмкін, менің бұл мысалым аздап сықақ болып шыққан болар. Бірақ қазіргі оппортунизмнің жаратылысының өзі сондай — оның большевизмге қарсы күресі сықаққа айналып отыр. Жұмысшы табын, оның ішіндегі ойлай білетіндерінің бәрін интернационалдық меньшевизмнің (Макдональдтардың, О. Бауэрлердің және $К^0$-нің) большевизмге қарсы күресіне тарту — Европа мен Америка үшін ең пайдалы, ең қажетті іс.

Бұл арада біз мұндай бағыттардың Европада берік болып отырғандығының себебі не және неліктен бұл оппортунизм Батыс Европада біздегіден күштірек деп сұрақ қоюымыз керек. Оның себебі — алдыңғы қатарлы елдер езілген миллиард адамның есебінен өмір

сүру мүмкіндігі арқылы өз мәдениетін жасады және жасап отыр. Оның себебі — бұл елдердің капиталистері өз елінің жұмысшыларын тонаудан түсіретін пайдаларынан да тыс көптеген үстеме пайда алады.

Соғысқа дейін: аса бай үш ел, Англия, Франция және Германия, шетелге шығаратын капиталының бір өзінен ғана, басқа кірістерін қоспағанда, жылына 8—10 миллиард франк табыс түсіреді деп есептелді.

Іш жылытарлық осы соманың ең болмағанда жарты миллиардын жұмысшы көсемдеріне, жұмысшы аристократиясына қайыр-садақаға беруге, сатып алу атаулының алуан түріне жұмсауға болатыны түсінікті. Сайып келгенде істің бәрі сатып алуға барып тіреледі. Мұның өзі түрлі мыңдаған жолдармен: неғұрлым ірі орталықтарда мәдениетті көтеру, білім беретін мекемелер құру, кооперативтердің көсемдеріне, тред-юниондардың көсемдеріне, парламент көсемдеріне мыңдаған жайлы орындар әзірлеу арқылы істеледі. Ал мұның өзі қазіргі цивилизациялы капиталистік қатынастар бар жерлердің бәрінде істеледі. Міне осы миллиардтаған үстеме пайдалар жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм тірек ететін экономикалық негіз болып табылады. Біз Америкада, Англияда, Францияда оппортунистік көсемдердің, жұмысшы табының жоғарғы тобының, жұмысшылар аристократиясының шектен тыс қасарысуын көріп отырмыз; олар коммунистік қозғалысқа анағұрлым күшті қарсылық жасап отыр. Міне сондықтан да Европа мен Америкадағы жұмысшы партияларын бұл дерттен құтқару біздегіден гөрі қиындау болады, біз осыған әзір болуымыз керек. III Интернационал құрылғаннан бері бұл дертті сауықтыру ісінде орасан зор табыстарға қол жеткенін біз білеміз, бірақ біз әлі ақтық түйінге жеткеніміз жоқ: бүкіл дүние жүзінде жұмысшы партияларын, пролетариаттың революциялық партияларын буржуазиялық ықпалдан, олардың өз ішіндегі оппортунистерден тазарту әлі тіпті де аяқталған жоқ.

Мұны біздің қалайша нақты жүргізуге тиісті екендігімізге мен тоқталып жатпаймын. Бұл туралы менің жарияланған тезистерімде айтылған. Бұл арада менің

міндетім — осы құбылыстың экономикалық терең тамырларын көрсету. Бұл дерт ұзаққа созылды, оны емдеп жазу оптимистердің ойлағанынан гөрі де ұзаққа созылып отыр. Оппортунизм — біздің басты жауымыз. Жұмысшы қозғалысының жоғарғы топтарындағы оппортунизм — пролетарлық социализм емес, буржуазиялық социализм. Жұмысшы қозғалысының ішіндегі оппортунистік бағытқа жататын қайраткерлер,— буржуаның өздерінен гөрі буржуазияны жақсырақ қорғаушылар екені іс жүзінде дәлелденген. Бұл қайраткерлер жұмысшыларға жетекшілік етпесе, буржуазия өмір сүре алмаған болар еді. Мұны Россиядағы Керенский режимінің тарихы ғана дәлелдеп қоймайды, мұны Германиядағы социал-демократиялық үкімет басшылық етіп отырған демократиялық республика да дәлелдеп отыр, мұны Альбер Томаның өзінің буржуазиялық үкіметіне көзқарасы да дәлелдеп отыр. Мұны Англия мен Құрама Штаттардағы осы тәрізді тәжірибе де дәлелдеп отыр. Біздің басты жауымыз осында, сондықтан біз осы жауды жеңіп шығуымыз керек. Біз осы конгрестен бұл күресті барлық партияларда ақырына дейін жеткізу үшін бекем бел байлап тарауымыз керек. Басты міндет осы.

Бұл міндетпен салыстырғанда, коммунизмдегі «солшыл» ағымның қателерін түзеу жеңіл міндет болмақ. Біз толып жатқан елдерден антипарламентаризмді байқаймыз, мұны ұсақ буржуазиядан шыққандардың таратуынан гөрі ескі парламентаризмді жек көріп отырған, Англияда, Францияда, Италияда, барлық елдерде парламент қайраткерлерінің қылығын заңды, орынды, қажетті түрде жек көріп отырған пролетариаттың кейбір алдыңғы қатарлы отрядтарының қолдаушылығы көбірек байқалады. Коммунистік Интернационалдан басшылық нұсқаулар беру керек, жолдастарды орыс тәжірибесімен, нағыз пролетарлық саяси партияның маңызымен жақынырақ, тығызырақ таныстыру керек. Біздің жұмысымыз осы міндетті шешу болмақ. Ал пролетарлық қозғалыстағы бұл қателермен, бұл кемшіліктермен күресу реформист болғансып II Интернационалдың бұрынғы партияларына кіріп жатқан, олардың

бүкіл жұмысын пролетарлық рухта емес, буржуазиялық рухта жүргізіп отырған буржуазияға қарсы күресуден гөрі, мың есе жеңіл болмақ.

Жолдастар, қорытындыда мен мәселенің тағы бір жағына тоқталып өтемін. Осында председатель жолдас конгресс бүкіл дүние жүзілік конгресс деген атаққа лайық екенін айтты. Менің ойымша, оның айтқаны өте дұрыс, өйткені отар, артта қалған елдердің революциялық қозғалысының осында қатысып отырған өкілдері аз емес. Мұның өзі тек әлсіз бастау ғана, бірақ маңызды нәрсе сол, осы бастаудың негізі қаланды. Алдыңғы қатарлы, капиталистік елдердің революцияшыл пролетарларын пролетариаты жоқ немесе жоққа жуық елдердің революцияшыл бұқарасымен, отар елдердің, шығыс елдерінің езілген бұқарасымен біріктіру, бұл біріктіру міне осы конгресте жүзеге асып отыр. Бұл бірігуді баянды ету бізге байланысты,— біз мұны істей аламыз деп сенемін. Әрбір елдің ішіндегі қаналған және езілген жұмысшылардың революциялық тегеуріні мещан элементтердің қарсыласуын, жұмысшы аристократиясының болмашы ғана жоғарғы тобының ықпалын жеңе отырып, осы күнге дейін тарихтан сырт қалып, оның тек объектісі ретінде ғана саналып келген жүз миллиондаған адамзаттың революциялық тегеурінімен қосылған кезде, бүкіл дүние жүзілік империализм құлауға тиіс.

Империалистік соғыс революцияға көмектесті, осы империалистік соғысқа қатыстыру үшін буржуазия отарлардан, артта қалған елдерден, елеусіз қалған жерлерден солдаттар әкелді. Ағылшын буржуазиясы Индиядан келген солдаттарға үнді шаруаларының ісі — Великобританияны Германиядан қорғау деп сендірді, француз буржуазиясы француз отарларынан келген солдаттарға қара түсті адамдардың ісі — Францияны қорғау деп сендірді. Олар қаруды пайдалана білуді үйретті. Қаруды пайдалана білу — аса пайдалы іс, біз осынысы үшін буржуазияға көп алғыс айта алар едік,— барлық орыс жұмысшылары мен шаруалары атынан, әсіресе бүкіл орыс Қызыл Армиясы атынан алғыс айта алар едік. Империалистік соғыс тәуелді ха-

лықтарды дүние жүзілік тарихқа тартты. Сондықтан біздің қазіргі аса маңызды міндеттеріміздің бірі капиталистік *емес* елдерде советтік қозғалысты ұйымдастырудың алғашқы тасын қалай қалауды ойластыру болып отыр. Ол елдерде Советтер болуы ықтимал; ол Советтер жұмысшы Советтері болмайды, олар шаруалар Советтері немесе еңбекшілер Советтері болады.

Көп жұмыс істеу керек болады, қателер де болуы сөзсіз, бұл жолда көп қиыншылықтар кездеседі. II конгрестің негізгі міндеті жүз миллиондаған адамдардың арасындағы осы кезге дейін ұйымдаспаған түрде жүріп келген жұмысты ұйымдасқан түрде, топтасқан түрде, жүйелі түрде жүргізу үшін практикалық негіз жасау немесе оны белгілеу болып табылады.

Коммунистік Интернационалдың I конгресінен кейін бір жылдан сәл артығырақ уақыт өткен соң енді біз II Интернационал жөнінде жеңген жақ болып отырмыз; қазір советтік идеялар тек цивилизациялы елдердің жұмысшылары арасына ғана тарап қойған жоқ, тек соларға ғана түсінікті және мәлім болып отырған жоқ; барлық елдердегі жұмысшылар өздерінің арасындағы ақылдысымақ адамдарға күледі, бұл ақылдысымақ адамдардың арасында өздерін социалистерміз деп атайтындар және, систематик-немістердің ұнатып айтатынындай, советтік «система» туралы немесе, ағылшын «гильдия» социалистерінің[103] ұнатып айтатынындай, советтік «идея» туралы ғалымсынған түрмен немесе ғалымсынған дерлік түрмен пікір айтатындар аз емес; советтік «система» мен «идея» туралы осы пайымдаулар көбінесе жұмысшылардың көзіне қоқым түсіріп, оларды шатастырады. Бірақ жұмысшылар осы педанттық қоқысты сыпырып тастайды да, Советтер берген қаруды қолдарына алады. Советтердің ролі мен маңызын ұғынушылық қазір Шығыс елдеріне де тарап отыр.

Бүкіл Шығыста, бүкіл Азияда, барлық отар халықтарының арасында советтік қозғалысқа негіз салынды.

Қаналғандар қанаушыларға қарсы көтеріліс жасауға және өз Советтерін құруға тиіс деген қағида онша қиын емес. Біздің тәжірибемізден кейін, Россияда Совет республикасы құрылғаннан соң екі жарым жыл өт-

кеннен кейін, III Интернационалдың I конгресінен кейін бұл қағида бүкіл дүние жүзіндегі қанаушылар езген жүз миллиондаған бұқараға түсінікті бола бастады, ал егер біз қазір Россияда екінің бірінде компромисс жасасуға, уақыт жағынан ұтуға мәжбүр болып отырсақ, оның себебі — біз халықаралық империалистерден гөрі әлсіздеуміз, бірақ біз бір миллиард екі жүз елу миллион халық бұқарасының мүдделерін қорғап отырғанымызды білеміз. Сағат сайын күні өтіп бара жатқан кедергілер, соқыр сенімдер, надандық бізге әзірше бөгет жасап отыр, бірақ біз неғұрлым ілгері басқан сайын жер жүзінің осы 70% халқының, еңбекшілер мен қаналғандардың осы бұқарасының, соғұрлым іс жүзіндегі өкілі боламыз және соларды қорғаймыз. Біз былай деп мақтанышпен айта аламыз: істің шын мәнінде, біз бірінші конгресте тек қана насихатшы едік, біз бүкіл дүние жүзінің пролетариатына негізгі идеяларды ғана ұсынған едік, біз тек қана күреске шақырған едік, біз тек қана: осы жолмен жүруге қабілеті бар адамдар қайда? деп сұраған едік. Енді барлық жерде біздің алдыңғы қатардағы пролетариатымыз бар. Кейде нашар ұйымдасқан болса да, қайтадан ұйымдастыруды керек ететін болса да, барлық жерде де пролетарлық армиямыз бар, ал егер біздің халықаралық жолдастарымыз қазір бізге бірыңғай армия құру жөнінде көмектесетін болса, онда бізге өз ісімізді істей беруге ешқандай кемшілік кедергі бола алмайды. Бұл іс — бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның ісі, бүкіл дүние жүзілік Совет республикасын құру ісі. (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Правда» № 162,
24 июль, 1920 ж.

В. И. Ленин түзетулер енгізген стенограммамен салыстырылған мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «Коммунистік Интернационалдың 2-ші конгресі. Стенографиялық есеп». Коммунистік Интернационал бастырып шығарған, Петроград, 1921

2
КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ РОЛІ ТУРАЛЫ 23 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, мен Таннер мен Мак-Лейн жолдастардың сөздеріне байланысты бірнеше ескертпе жасағым келеді. Таннер пролетариат диктатурасы жағындамын дейді, бірақ оның пролетариат диктатурасын түсінуі тіпті де біздің түсінуіміздей емес. Ол: пролетариат диктатурасы деп біз, анығында, оның ұйымдасқан, саналы азшылығының диктатурасын түсінеміз,— дейді.

Шынында да, капитализм заманында, жұмысшы бұқарасы үздіксіз қаналып, өзінің адамшылық қабілетін өрістете алмайтын кезде, жұмысшылардың саяси партияларының өте-мөте өрекше сипаты сол: олар тек өз табының азшылығын ғана қамти алады. Капиталистік қоғамның қандайында да барлық жұмысшылардың тек азшылығы ғана нағыз саналы жұмысшылар болатыны сияқты, саяси партия да таптың тек азшылығын ғана біріктіре алады. Сондықтан біз: тек осы саналы азшылық қана қалың жұмысшы бұқарасына басшылық етіп, оларды соңынан ерте алады, деп мойындауға мәжбүрміз. Егер Таннер жолдас партияның дұшпанымын десе, бірақ сонымен бірге бәрінен де жақсы ұйымдасқан, неғұрлым революцияшыл жұмысшылардың азшылығы бүкіл пролетариатқа жол көрсетуін жақтаймын десе, онда мен: онымен біздің арамызда шынында айырмашылық жоқ деймін. Ұйымдасқан азшылық дегеніміз не? Егер бұл азшылық шынымен саналы болса, егер ол бұқараны өзінің соңынан ерте білсе, егер ол

күн тәртібіне қойылып отыратын әрбір сұраққа жауап беруге қабілетті болса,— онда бұл азшылық, шын мәнінде, партия болып табылады. Ал егер бұқаралық қозғалыстың өкілдері деп өзіміз айрықша санасатын Таннер сияқты жолдастар,— мұны Британ социалистік партиясының өкілдері туралы ойланып барып айтпаса болмайды,— егер осы жолдастар пролетариат диктатурасы үшін батыл күресетін, осы бағытта жұмысшы бұқарасын тәрбиелейтін азшылықтың болуын жақтайтын болса, онда, шын мәнінде, мұндай азшылық дегеніміз партия, одан басқа ештеңе емес. Таннер жолдас осы азшылық бүкіл жұмысшы бұқарасын ұйымдастырып, оны өз соңынан ертуге тиіс дейді. Егер Таннер жолдас пен Shop Stewards тобындағы және Дүние жүзі индустриялық- жұмысшылары одағындағы (I. W. W.) басқа да жолдастар мұны мойындайтын болса,— ал олардың мұны шын мойындайтындығын біз олармен әңгімелескенімізде күн сайын көріп жүрміз,— егер олар жұмысшы табының саналы коммунистік азшылығы пролетариатты өз соңынан ертуін мақұлдайтын болса, онда олар біздің барлық қарарларымыздың мәні нақ осындай екендігімен де келісуге тиіс. Ендеше біздің арамыздағы жалғыз айырмашылық тек олардың «партия» деген сөзден қашатындығында ғана болып отыр, өйткені ағылшын жолдастардың арасында саяси партияға қарсы өзінше бір қате түсінік бар. Олар саяси партияны Гомперс пен Гендерсонның[104] партиялары тәрізді, парламенттік епшілдердің, жұмысшы табы сатқындарының партиялары тәрізді бірдеңе деп түсінеді. Ал егер олар парламентаризмді нақ осы кездегі ағылшын және американ парламентаризміндей деп түсінетін болса, онда біз де бұл сияқты парламентаризм мен бұл сияқты саяси партиялардың дұшпанымыз. Бізге жаңа партиялар, бұдан басқаша партиялар керек. Бізге бұқарамен ұдайы шын байланыста болатын, осы бұқараға басшылық ете білетін партиялар керек.

Мен енді үшінші мәселеге, Мак-Лейн жолдастың сөзіне байланысты осында қозғағым келген мәселеге көшемін. Ол — ағылшын коммунистік партиясын Жұ-

мысшы партиясымен қосуды жақтайтын адам. Бұл мәселе жайында пікірімді мен өзімнің III Интернационалға қабылдау туралы тезистерімде айтқан болатынмын*. Мен өз кітапшамда бұл мәселені басы ашық қалдырған едім[105]. Алайда, көптеген жолдастармен сөйлесе келіп, мен Жұмысшы партиясында қалу керек деген шешім бірден-бір дұрыс тактика деген қорытындыға келдім. Бірақ Таннер жолдас өз сөзінде: тым догмашыл болмаңыз дейді. Бұлай деу осы арада мүлдем орынсыз. Рамзай жолдас: бізге, ағылшын коммунистеріне, бұл мәселені өзіміздің шешуімізге ерік беріңіздер дейді. Ал егер әрбір ұсақ фракция келіп: біздің кейбіреуіміз мұны жақтаймыз, кейбіреуіміз — қарсымыз; біздің өзіміздің шешуімізге ерік беріңіздер дейтін болса, онда Интернационал не болған болар еді? Онда Интернационалдың, конгрестің және бүкіл осы айтыстың нендей қажеті болар еді? Мак-Лейн жолдас тек саяси партияның ролі туралы ғана айтты. Бірақ мұның кәсіптік одақтарға да, парламентаризмге де қатысы бар ғой. Ең таңдаулы деген революционерлердің көпшілігінің Жұмысшы партиясына қосылуға қарсы болуы әбден дұрыс, өйткені олар күрес құралы ретінде парламентаризмге теріс көзқараста болып отыр. Сондықтан да, мүмкін, бұл мәселені бәрінен де гөрі комиссияға берген жақсырақ болар. Комиссия мұны талқылауға, зерттеуге тиіс, сөйтіп бұл мәселе Коммунистік Интернационалдың осы конгресінде сөзсіз шешілуге тиіс. Мұның тек ағылшын коммунистеріне ғана қатысы бар дегенге біз қосыла алмаймыз. Біз тегінде қандай тактиканың дұрыс екендігін айтуға тиіспіз.

Енді мен ағылшын Жұмысшы партиясы жөніндегі мәселеге байланысты Мак-Лейн жолдастың кейбір дәлелдеріне тоқталамын. Ашық айту керек: коммунистер партиясы сынның толық бостандығын сақтайтын және өзінің дербес саясатын жүргізе алатын жағдайда ғана Жұмысшы партиясына қосыла алады. Ең маңыздысы осы. Серрати жолдас бұл жөнінде таптардың ынтымақ-

---

* Қараңыз: осы том, 218-бет. *Ред.*

тасуы туралы айтқанда, мен: бұл — таптардың ынтымақтасуы емес деймін. Егер итальян жолдастар өз партиясында Турати және К^0 тәрізді оппортунистердің, яғни буржуазияшыл элементтердің болуына төзсе, онда бұл, шынында да, таптардың ынтымақтасуы болып табылады. Бірақ бұл ретте, ағылшын Жұмысшы партиясы жөнінде, әңгіме ағылшын жұмысшыларының алдыңғы қатарлы азшылығының өздерінің басым көпшілігімен ынтымақтасуы туралы ғана болып отыр. Жұмысшы партиясы мүшелерінің бәрі — кәсіптік одақтардың да барлық мүшелері. Бұл — өте соны құрылым, мұндай құрылымды басқа елдердің ешқайсысынан таба алмаймыз. Бұл ұйым кәсіптік одақтардың 6 немесе 7 миллион мүшесінен 4 миллион жұмысшыны қамтиды. Олардан саяси сенімдерің қандай деп сұрамайды. Ол ұйымда біздің сынау правосын пайдалануымызға біреу-міреу кедергі жасайды деп Серрати жолдас маған дәлелдеп берсінші. Сіз осыны дәлелдеп бергенде ғана, сонда ғана Мак-Лейн жолдастың қателесіп отырғандығын дәлелдей аласыз. Британ социалистік партиясы Гендерсон сатқын деп еркін айта алады, солай бола тұрса да, Жұмысшы партиясының қатарында қала алады. Жұмысшы табы авангардының артта қалған жұмысшылармен, арьергардпен ынтымақтасуы міне осы арада жүзеге асады. Бұл ынтымақтасудың бүкіл қозғалыс үшін маңызының зор екендігі сонша — ағылшын коммунистерінің партиямен, яғни жұмысшы табының азшылығы мен жұмысшылардың барлық былайғы бұқарасының арасын байланыстыратын буын болуын біз үзілді-кесілді талап етеміз. Егер азшылық бұқараға басшылық ете білмесе, онымен тығыз байланыс жасай білмесе, онда ол партия болып табылмайды және ол, өзін партия деп немесе фабрика старосталары Советтерінің ұлттық комитеті деп атаса да, жалпы алғанда түкке тұрмайды — менің білуімше, Англиядағы фабрика-завод старосталары Советтерінің өзінің ұлттық комитеті бар, орталық басқару орны бар, ал осының өзі — партияға қарай жасалған бір адым. Демек, егер ағылшын Жұмысшы партиясының пролетарлардан құ-

ралғандығы бекерге шығарылмаса, онда бұл — жұмысшы табы авангардының артта қалған жұмысшылармен ынтымақтасуы, ал егер осы ынтымақтасу үнемі жүзеге асырылып отырмайтын болса, онда коммунистік партия түкке тұрмайды, онда пролетариат диктатурасы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Сондықтан, егер біздің итальян жолдастардың бұдан гөрі нанымдырақ дәлелдері болмаса, онда біз мәселені, өзіміздің білетін нәрсемізге сүйене отырып, кейінірек осында біржолата шешуге тиіс боламыз, сөйтіп — қосылу дұрыс тактика болып табылады деген қорытындыға келеміз.

Бізге Таннер мен Рамзай жолдастар ағылшын коммунистерінің көпшілігі қосылуға көнбейді дейді, бірақ біз көпшілікпен қайткенде де келісуге тиіспіз бе? Тіпті де тиіс емеспіз. Егер көпшілік қай тактиканың дұрыс екендігін әлі түсінбеген болса, онда, бәлкім, күте тұру керек болар. Қай тактика дұрыс деген сұраққа жауап беруден бас тартқаннан гөрі тіпті екі партияның біраз уақыт қатарласа өмір сүруінің өзі тәуір болар еді. Әрине, конгрестің барлық мүшелерінің тәжірибесіне, осы жерде келтірілген дәлелдерге сүйене отырып, сіздер барлық елде бірыңғай коммунистік партияны дереу құру туралы біздің табанда қаулы шығаруымызды талап ете қоймассыздар. Бұл мүмкін емес. Бірақ біз өз пікірімізді ашық айта аламыз, директивалар бере аламыз. Біз ағылшын делегациясы қозғаған мәселені арнаулы комиссияда зерттеп, содан кейін барып дұрыс тактика — Жұмысшы партиясына кіру деп айтуға тиіспіз. Егер көпшілік бұған қарсы болса, біз азшылықты бөлек ұйымдастыруға тиіспіз. Мұның тәрбиелік маңызы болады. Егер ағылшын жұмысшы бұқарасы әлі де бұрынғы тактикасына сенетін болса, біз өз қорытындыларымызды ең таяу конгресте тексеріп көреміз. Бірақ біз мұның өзі тек Англияға ғана қатысты мәселе деп айта алмаймыз,— бұлай деу II Интернационалдың ең жаман әдеттеріне еліктегендік болар еді. Біз өз пікірімізді ашық айтуға тиіспіз. Егер ағылшын коммунистері келісімге келмейтін болса, егер бұқаралық пар-

тия құрылмаған болса, онда жікке бөлінудің қалай да болуы сөзсіз*.

«Коммунистік Интернационалдың 2-ші конгресі Хабаршысы» № 5, 5 август, 1920 ж.

Мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «Коммунистік Интернационалдың 2-ші конгресі», 1921; бұл кітаптың тексті мына неміс басылымының текстімен салыстырылған: «Der zweite Kongreß der Kommunist. Internationale» Verlag der Kommunistischen Internationale, Hamburg, 1921

---

* «Коммунистік Интернационалдың 2-конгресі Хабаршысының» 5-номерінде осы сөздің соңғы сөйлемдері мынадай редакцияда берілген: «Өз пікіріміз қандай болса да біз оны ашық айтуға тиіспіз. Егер ағылшын коммунистері бұқаралық қозғалысты ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде келісімге келмейтін болса, егер осы негізде жікке бөлінушілік туса, онда бұқаралық қозғалысты ұйымдастырудан бас тартқаннан горі істің жікке бөлінумен тынғаны жақсы. Бұрынғы былық күйінде қала бергеннен гөрі нақты және барынша айқын тактика мен идеологияға дейін көтерілген жақсы». *Ред.*

3
ҰЛТ ЖӘНЕ ОТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ 26 ИЮЛЬДЕГІ БАЯНДАМАСЫ[106]

Жолдастар, мен қысқаша кіріспемен ғана шектелемін, ал содан кейін біздің комиссияның секретары болған Маринг жолдас тезистерге енгізген біздің өзгерістеріміз жөнінде сіздерге толық баяндама жасайды. Одан соң қосымша тезистерді тұжырымдаған Рой жолдас сөз алады. Біздің комиссия өзгерістер енгізілген бастапқы тезистерді де*, қосымша тезистерді де бірауыздан қабылдады. Сонымен біз барлық аса маңызды мәселелер жөнінде толық бір пікірге келе алдық. Енді бірнеше қысқаша ескертпе жасаймын.

Біріншіден, біздің тезистеріміздің ең маңызды, негізгі идеясы не? Езілуші ұлттар мен езуші ұлттардың арасындағы айырмашылық. II Интернационал мен буржуазиялық демократияға қарама-қарсы — біз бұл айырмашылықты баса көрсетеміз. Пролетариат үшін және Коммунистік Интернационал үшін империализм заманында нақты экономикалық фактілерді атап айтудың, ал барлық отар және ұлт мәселелерін шешкенде абстракт қағидаларға емес, нақты өмір шындығының құбылыстарына сүйенудің ерекше маңызы бар.

Империализмнің сипатты белгісі мынада: бүкіл дүние жүзі, өзіміз көріп отырғандай, қазіргі уақытта көптеген езілген ұлттарға және шалқыған байлығы мен құдіретті соғыс күші бар аз ғана езуші ұлттарға бөлінеді. Егер біз жер жүзінің халқын бір және төрт-

* Қараңыз: осы том, 177—185-беттер. *Ред.*

тен үш миллиард деп алатын болсақ, соның орасан көпшілігі, миллиардтан астамы, шамамен айтқанда, бір миллиард екі жүз елу миллионы, яғни жер жүзі халқының 70 процентіне жуығы — езілуші ұлттар, бұлар не тікелей отарлық тәуелділікте отыр, немесе, мысалы, Персия, Түркия, Қытай сияқты жартылай отар мемлекеттер болып табылады, не болмаса, ірі империалистік державаның армиясынан жеңіліп, бітім шарттары бойынша сол державаға мейлінше тәуелді болып қалып отыр. Осы айырмашылық идеясы, ұлттарды езушілер мен езілушілер деп бөлу идеясы тезистердің бәрінде де, менің қолым қойылып бұрынырақ басылып шыққан алғашқы тезистерде ғана емес, сонымен бірге Рой жолдастың тезистерінде де айтылады. Бұл соңғы тезистер негізінен Индияның және Англия езіп отырған өзге де азиялық ірі халықтардың жағдайы тұрғысынан жазылған, біз үшін бұл тезистердің ең басты маңызы да осында болып отыр.

Біздің тезистердегі екінші жетекші пікір мынадай: дүние жүзінің қазіргі жағдайында, империалистік соғыстан кейін, халықтардың өзара қатынастарын, мемлекеттердің бүкіл дүние жүзілік системасын империалистік ұлттардың шағын тобының советтік қозғалысқа және Советтік Россия бастап отырған советтік мемлекеттерге қарсы күресі белгілеп отырады. Егер біз мұны ескермесек, әңгіме дүние жүзінің ең бір алыс түкпірі туралы болған күнде де, біз ұлт мәселесінің немесе отар мәселесінің бірде-бірін дұрыс қоя алмаймыз. Коммунистік партиялар, тек осы көзқарасқа сүйене отырып қана, цивилизациялы елдерде де, артта қалған елдерде де саяси мәселелерді дұрыс қойып, дұрыс шеше алады.

Үшіншіден, менің артта қалған елдердегі буржуазиялық-демократиялық қозғалыс туралы мәселені ерекше баса айтқым келеді. Нақ осы мәселе кейбір пікір алалығын туғызды. Біз Коммунистік Интернационал мен коммунистік партиялар артта қалған елдердегі буржуазиялық-демократиялық қозғалысты қолдауға тиіс деп мәлімдеу принцип жағынан және теория жағынан дұрыс бола ма, болмай ма деп таластық; осы

айтыстың нәтижесінде біз «буржуазиялық-демократиялық» қозғалыс деудің орнына ұлттық-революциялық қозғалыс деу керек деп бірауызды шешімге келдік. Ұлттық қозғалыстың қандайы болса да тек қана буржуазиялық-демократиялық қозғалыс болатындығында титтей де күмән жоқ, өйткені артта қалған елдердегі халықтың негізгі бұқарасы — буржуазиялық-капиталистік қатынастардың өкілдері — шаруалар. Егер пролетарлық партиялар мұндай елдерде жалпы айтқанда құрыла алатын болса, мұндай артта қалған елдерде ол партиялар шаруалар қозғалысымен белгілі қатынаста болмай-ақ, оны іс жүзінде қолдамай-ақ коммунистік тактика мен коммунистік саясатты жүргізе алады деп ойлау утопия болар еді. Бірақ бұл арада, егер біз буржуазиялық-демократиялық қозғалысты сөз ететін болсақ, онда реформистік қозғалыс пен революциялық қозғалыстың арасындағы айырмашылықтың қандайы болсын жоғалады деген қарсы пікірлер айтылды. Ал оның бер жағында, артта қалған елдер мен отар елдерде соңғы уақытта бұл айырмашылық өтемөте айқын көрінді, өйткені империалистік буржуазия барлық күшін салып, реформистік қозғалысты езілген халықтардың арасына да енгізуге тырысып отыр. Қанаушы елдер мен отар елдердің буржуазиялары арасында белгілі жақындасушылық болды, сондықтан езілген елдердің буржуазиясы ұлттық қозғалысты қолдағанымен, сонымен бірге екінің бірінде — мүмкін, тіпті көп жағдайда — империалистік буржуазиямен келісіп, яғни сонымен біріге отырып, барлық революциялық қозғалыстар мен революцияшыл таптарға қарсы күреседі. Комиссияда бұл күмәнсыз дәлелденді, сондықтан біз бұл айырмашылықты ескеруді және барлық жерде дерлік «буржуазиялық-демократиялық» деген сөздерді «ұлттық-революциялық» деген сөздермен ауыстыруды бірден-бір дұрыс деп таптық. Бұл ауыстырудың мәні мынада: біздер, коммунистер болғандықтан, отар елдердегі буржуазиялық азаттық қозғалыстарды қолдағанда бұл қозғалыстар шын революциялық қозғалыс болғанда ғана, бұлардың өкілдері шаруаларды, қаналғандардың қалың бұқарасын біздің революция-

лық рухта тәрбиелеуімізге және ұйымдастыруымызға кедергі жасамайтын болғанда ғана қолдауға тиіспіз және қолдаймыз да. Ал егер бұл шарттар да болмаса, онда коммунистер бұл елдерде реформистік буржуазияға қарсы күресулері керек, ал II Интернационалдың батырлары да осы реформистік буржуазияға жатады. Отар елдерде реформистік партиялар қазірдің өзінде-ақ бар, ал кейде бұлардың өкілдері өздерін социал-демократтармыз, социалистерміз деп те атайды. Осы айтылған айырмашылық қазір барлық тезистерге енгізілді, ал мен осының арқасында біздің көзқарасымыз енді анағұрлым дәл тұжырымдалды деп ойлаймын.

Енді менің шаруалар Советтері туралы да ескертпе жасағым келеді. Бұрын патша өкіметіне қараған отарларда, Түркістан сияқты және басқа артта қалған елдерде орыс коммунистерінің практикалық жұмысы біздің алдымызға коммунистік тактика мен саясатты капитализмге дейінгі жағдайларда қалай қолдану керек деген мәселені қойды, өйткені бұл елдердің ең маңызды ерекше белгісі — оларда әлі де болса капитализмге дейінгі қатынастардың үстем болып отырғандығы, сондықтан да бұл елдерде таза пролетарлық қозғалыс туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бұл елдерде өнеркәсіп пролетариаты жоқтың қасы. Бұған қарамастан, біз бұл елдерде де басшы рөлін өз қолымызға алдық, алуға тиістіміз де. Біздің жұмысымыз өзімізге бұл елдерде орасан зор қиыншылықтарды жеңуге тура келетінін көрсетті, бірақ жұмысымыздың практикалық нәтижелері, бұл қиыншылықтарға қарамастан, тіпті пролетариаты жоқ дерлік жерде де бұқараны дербес саяси ойлауға және дербес саяси қызметке ынталандырып оятуға болатынын да көрсетті. Бұл жұмыс батыс европалық елдердегі жолдастардан гөрі бізге қиынырақ болды, өйткені Россия пролетариатының мемлекеттік жұмысы басынан асып жатыр. Жартылай феодалдық тәуелділіктегі шаруалар советтік ұйым идеясын өте жақсы ұрына алады және оны іс жүзінде іске асыра да алады, бұл әбден түсінікті. Сауда капиталының ғана емес, сонымен бірге феодалдар мен феодалдық негіздегі мемлекеттің қанауында езілген бұқара бұл қа-

руды, ұйымның бұл түрін өз жағдайларына қарай қолдана алатындығы да айқын. Советтік ұйым идеясы — ұғынықты идея, сондықтан оны тек пролетарлық қатынастарға ғана емес, сонымен бірге феодалдық және жартылай феодалдық шаруалық қатынастарға да қолдануға болады. Біздің бұл саладағы тәжірибеміз әлі онша көп емес, бірақ отар елдердің бірнеше өкілі қатысқан комиссиядағы айтыстар Коммунистік Интернационалдың тезистерінде мыналарды көрсету қажет екендігін әбден даусыз етіп дәлелдеді: шаруалар Советтері, қаналғандар Советтері тек капиталистік елдер үшін ғана емес, сонымен бірге капитализмге дейінгі қатынастары сақталған елдер үшін де жарамды құрал болып табылады, сондықтан коммунистік партиялардың және коммунистік партияларды құруға әзір тұрған элементтердің сөзсіз парызы шаруалар Советтері, еңбекшілер Советтері идеяларын қай жерде болса да, артта қалған елдерде де, отарларда да насихаттау болып табылады; сөйтіп, жағдай мүмкіндік берген жердің бәрінде де олар еңбекші халықтың Советтерін құруға дереу әрекет жасаулары керек.

Бұл арада біздің алдымызда практикалық жұмыстың өте тартымды әрі маңызды саласы келіп туады. Бұл тұрғыдан алып қарағанда әзірше біздің жалпы тәжірибеміз онша көп емес, бірақ аз-аздап бізде материалдар барған сайын көбейіп, жинала бермек. Алдыңғы қатарлы елдердің пролетариаты артта қалған еңбекшілер бұқарасына көмектесе алатындығы, көмектесуге тиіс екендігі туралы және советтік республикалардың жеңімпаз пролетариаты ол бұқараға қол ұшын беріп, оларға көмектесе алған кезде, артта қалған елдердің дамуы өзінің қазіргі сатысынан шыға алатындығына ешқандай талас болуы мүмкін емес.

Бұл мәселе жөнінде мен қол қойған тезистерге байланысты ғана емес, қайта, одан да гөрі қазір осында Рой жолдастың қорғағалы тұрған тезистеріне байланысты комиссияда едәуір қызу таластар болды, бұл тезистерге енгізілген кейбір түзетулер бірауыздан мақұлданды.

Мәселе былайша қойылды: қазір азаттық ала баста-

ған және қазір, соғыстан кейін, араларында прогресс жолына түсе бастағандық байқалып отырған артта қалған халықтар үшін халық шаруашылығы дамуының капиталистік сатысы болмай қоймайтын нәрсе деген пікірді біз дұрыс деп тани аламыз ба. Біз бұл сұраққа жоқ деп жауап бердік. Егер революцияшыл жеңімпаз пролетариат олардың арасында ұдайы насихат жүргізетін болса, ал советтік үкіметтер өздерінің бүкіл қолда бар құралдарымен оларға көмекке келсе, онда артта қалған халықтар үшін дамудың капиталистік сатысы болмай қоймайтын нәрсе деп ұйғару дұрыс емес. Біз барлық отарларда және артта қалған елдерде күрескерлердің дербес кадрларын жасақтап, партия ұйымдарын құрып қана қоймауымыз керек, шаруа Советтерін ұйымдастыру жөнінде дереу насихат жүргізіп, оларды капитализмге дейінгі жағдайларға бейімдеуге тырысып қана қоймауымыз керек, сонымен бірге Коммунистік Интернационал артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады деген қағиданы белгілеп, теория жағынан негіздеуге тиіс.

Бұл үшін қандай шаралар қажет,— оны күн ілгері көрсету мүмкін емес. Мұны бізге практикалық тәжірибе көрсетеді. Бірақ ең түкпірде жатқан халықтардың арасындағы барлық еңбекшілер бұқарасына Советтер идеясы жақын екендігі, бұл ұйымдар, Советтер, капитализмге дейінгі қоғам құрылысының жағдайларына бейімделуге тиіс екендігі және коммунистік партияның бұл бағыттағы жұмысы дереу бүкіл дүние жүзінде басталуға тиіс екендігі әбден анықталды.

Мен коммунистік партиялардың тек өз елдеріндегі ғана емес, сонымен бірге отар елдердегі, әсіресе қанаушы ұлттардың өз отарларындағы халықтарды бағындырып ұстау үшін пайдаланатын әскерлері арасындағы революциялық жұмысының да маңызын атап көрсеткім келеді.

Британ социалистік партиясынан келген Квелч жолдас бұл туралы біздің комиссияға айтып берді. Ол қа-

тардағы ағылшын жұмысшысы құлдықтағы халықтардың ағылшын қожалығына қарсы көтерілісінде оларға көмектесуді опасыздық деп санаған болар еді деді. Рас, Англия мен Американың джингоистік[107] және шовинистік пиғылдағы жұмысшы аристократиясы социализм үшін аса зор қауіп және II Интернационалдың аса күшті тірегі болып табылады, біз бұл арада осы буржуазиялық Интернационалға жататын көсемдер мен жұмысшылардың асқан опасыздығына душар болып отырмыз. Отар мәселесі II Интернационалда да талқыланған болатын. Бұл туралы Базель манифесі[108] де өте айқын айтқан болатын. II Интернационал партиялары революциялық қимыл жасауға уәде берген еді, бірақ қаналған және тәуелді халықтардың езуші ұлттарға қарсы көтерілістерінде оларға II Интернационал партияларының және, менің ойымша, II Интернационалдан шыққан, сөйтіп III Интернационалға кіргісі келіп отырған партиялардың көпшілігінің де берген көмегі мен олардың жүргізген шын мәніндегі революциялық жұмысын біз көре алмай отырмыз. Біз мұны әлемге естірте мәлімдеуіміз керек және мұны бекерге шығару мүмкін емес. Мұны бекерге шығаруға әрекет жасала ма, жоқ па, оны көре жатармыз.

Осы пікірлердің бәрі біздің қарарларымыздың негізіне алынды, бұл қарарлардың тым ұзақ екені күмәнсыз, бірақ менің сенетінім, бұлар дегенмен де пайдалы болады, ұлт және отар мәселелерінде шын мәнінде революциялық жұмысты дамытуға және ұйымдастыруға себепші болады, біздің басты міндетіміздің өзі де сол.

«Коммунистік Интернационалдың 2-ші конгресінің Хабаршысы» № 6, 7 август, 1920 ж.

Мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «Коммунистік Интернационалдың 2-ші конгресі. Стенографиялық есеп», 1921; бұл кітаптың тексті мына неміс басылымының текстімен салыстырылған: «Der zweite Kongreß der Kommunist. Internationale»

4
КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛҒА ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ 30 ИЮЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[109]

Жолдастар, Серрати: бізде әлі сенсерометр ойлап табылған жоқ деді,— бұл — адалдықты өлшеуге арналған аспапты бейнелейтін жаңа француз сөзі: мұндай аспап әлі ойлап табылған жоқ. Біз мұндай аспапқа мұқтаж да емеспіз, бірақ оның есесіне бағыттарды анықтауға арналған аспап бізде қазірдің өзінде-ақ бар. Серрати жолдастың қатесі де оның көптен бері белгілі осы бір аспапты қолданусыз қалдырғандығында болып отыр, бұл туралы кейінірек айтамын.

Криспин жолдас туралы бірер ғана сөз айтайын. Мен оның мұнда болмағанына қатты өкінемін. (Дитман: «Ол ауырып жатыр!».) Өкінішті-ақ. Оның сөзі — аса маңызды документтердің бірі және бұл сөз Тәуелсіз социал-демократиялық партияның оң қанатының саяси бағытын дәл көрсетеді. Мен оның өз басына байланысты жағдайлар мен кейбір оқиғалар туралы емес, Криспиннің сөзінде айқын айтылған идеялар туралы айтпақпын. Бұл сөз басынан аяғына дейін түгел каутскийшілдік сөз болғандығын және Криспин жолдас Каутскийдің пролетариат диктатурасы жөніндегі көзқарастарын жақтайтындығын мен дәлелдей аламын деп ойлаймын. Криспин репликалардың біріне: «Диктатура — жаңалық емес, диктатура туралы Эрфурт программасында-ақ айтылған» деп жауап берді. Эрфурт программасында[110] пролетариат диктатурасы туралы еш нәрсе айтылмаған; мұның кездейсоқ емес екенін тарих та дәлелдеп берді. 1902—1903 жылы партиямыз-

дың бірінші программасын әзірлеп жатқан кезімізде Эрфурт программасының үлгісі үнемі біздің алдымызда тұрды, ал мұның өзінде Плеханов, «Не Бернштейн социал-демократияны жерлейді, не социал-демократия оны жерлейді»[111] деп, сол кезде дұрыс айтқан Плеханов,— осы Плеханов: егер Эрфурт программасында пролетариат диктатурасы туралы айтылмаған болса, онда бұл теориялық жағынан теріс, ал практикалық жағынан оппортунистерге қорқақтықпен кеңшілік жасау болып табылады дегенде нақ осы жағдайды айрықша баса айтқан болатын. Сонымен пролетариат диктатурасы біздің программамызға 1903 жылдан бастап енгізілді.

Егер қазір Криспин жолдас: пролетариат диктатурасы — жаңалық емес десе және бұған: «Біз қай уақытта да саяси өкіметті жеңіп алу жағында болып келдік» дегенді қоса айтатын болса, онда мұның өзі істің мәнін орағытып өткендік. Диктатураны емес, саяси өкіметті жеңіп алуды мойындайды. Бүкіл социалистік әдебиет, тек неміс әдебиеті ғана емес, сонымен бірге француз және ағылшын әдебиеті де, оппортунистік партиялар көсемдерінің — мәселен, Англияда Макдональдтың — саяси өкіметті жеңіп алуды жақтайтындығын дәлелдеп отыр. Бұлардың бәрі де, қалжыңы жоқ, шынайы социалистер, бірақ олар — пролетариат диктатурасына қарсы! Біздің таяу арада коммунистік деп аталуға лайық революцияшыл жақсы партиямыз болатындықтан, II Интернационалдың ескі көзқарасынан өзгеше, пролетариат диктатурасын насихаттауымыз керек. Криспин жолдас мұны көлегейледі және бүркемеледі, Каутскийді жақтаушылардың бәріне тән негізгі қате де нақ осында болып отыр.

«Біз — бұқара сайлаған көсемдерміз»,— дейді Криспин жолдас одан әрі. Бұл — формальды және теріс көзқарас, өйткені неміс «тәуелсіздері» партиясының соңғы съезінде әр түрлі бағыттардың күресі бізге өте айқын көрінді. Әр түрлі бағыттардың күресі болуға тиіс екендігі және болып та жатқандығы жөніндегі сол қарапайым фактіні анықтау үшін адалдықты өлшейтін аспапты іздеп жатудың және Серрати жолдас сияқта-

нып бұл тақырыпты қалжыңға айналдырудың қажеті жоқ: бір бағыт — бізге жаңадан қосылып жатқан революцияшыл жұмысшылар, жұмысшы аристократиясына қарсы адамдар; екінші бағыт — барлық цивилизациялы елдерде бұрынғы көсемдер бастап отырған жұмысшы аристократиясы. Криспин ескі көсемдер мен жұмысшы аристократиясының бағытына қосыла ма, әлде жұмысшы аристократиясына қарсы жаңа революцияшыл жұмысшы бұқарасының бағытына қосыла ма — нақ осы арасын Криспин жолдас көмескі қалдырды.

Криспин жолдас жікке бөліну туралы қай сарында айтып отыр? Оның айтуынша, жікке бөліну күйінішті қажеттілік болып табылады, бұған ол ұзақ уақыттар бойы назаланып жүріпті. Бұл — түгелдей Каутскийдің рухында айтылған. Кімнен жікке бөлініп шықты? Шейдеманнан ба? Иә, солай! Криспин: «Біз жікке бөліндік» деді. Біріншіден, сіздер жікке тым кеш бөліндіңіздер! Егер ол туралы айтады екенсіз, онда мұны да айтуға тура келеді. Ал екіншіден, тәуелсіздер бұл туралы назаланбаулары, қайта: халықаралық жұмысшы табы әлі жұмысшы аристократиясы мен оппортунистердің езгісінде қалып отыр деп айтулары керек. Францияда да, Англияда да істің жайы осылай болып отыр. Криспин жолдас жікке бөліну туралы коммунистерше емес, қайта бейне бір ықпалсыз Каутскийдің рухында ойлап отыр. Осыдан кейін Криспин жоғары мөлшерлі жалақы туралы айта бастады. Германияда жағдай мынадай: мұнда жұмысшылар, орыс жұмысшыларына және жалпы алғанда шығыс европалық жұмысшыларға қарағанда, әжептәуір жақсы тұрады екен. Оның айтуынша, революцияны егер ол жұмысшылардың жағдайын «тым» нашарлатып жібермейтін болса ғана жасауға болады. Мен: коммунистік партияда бола отырып, осылай айтуға бола ма?— деп сұрақ қоямын. Бұл — контрреволюциялық әрекет. Бізде Россияда тұрмыс дәрежесінің Германиядағыға қарағанда төмен екендігі даусыз, ал біз диктатураны орнатқан кезде, осының нәтижесінде жұмысшылар көбірек ашыға бастады, сондықтан олардың тұрмыс дәрежесі бұрынғысынан да төмендеп кетті. Жұмысшылар құрбандық жа-

сайды, олардың жағдайы уақытша нашарлайды, бұйтпейінше жеңіске жете алмайды. Біз жұмысшыларға Криспиннің айтқанына қарама-қарсы келетін сөздерді айтуға тиіспіз. Жұмысшыларды диктатураға әзірлегісі келе отырып, оларға тұрмысты «тым» қатты нашарлатып жібермеу туралы айта отырып, басты нәрсені ұмытушылар бар. Атап айтқанда: жұмысшы аристократиясының өзі жақсы табыс табу мақсатын көздеп, «өз» буржуазиясының бүкіл дүниені империалистік жолмен басып алуына және оны тұншықтыруына көмектесу арқылы пайда болғандығын ұмытады. Ал егер қазір неміс жұмысшылары революция ісін жүзеге асырғысы келсе, олар құрбандық жасауға және одан қорықпауға тиіс.

Жалпы бүкіл дүние жүзілік-тарихи мағынада алып қарағанда, артта қалған елдерде қайдағы бір қытай кулиінің пролетарлық революция жасай алмайтыны ақиқат, бірақ саны аз, неғұрлым бай елдерде, империалистік тонаудың арқасында біршама тәуірлеу тұруға болатын елдерде, жұмысшыларға: сендер «тым қатты» кедейлікке ұшыраудан қорқуға тиіссіңдер деу — контрреволюциялық әрекет. Қайта, керісінше айту керек. Құрбандықтан қорқатын, революциялық күрес кезінде «тым қатты» кедейлікке ұшыраудан қорқатын жұмысшы аристократиясы партия қатарында бола алмайды. Әйтпесе диктатураның орнауы, әсіресе батыс европалық елдерде мүмкін емес.

Террор мен күштеу туралы Криспин не дейді? Ол: бұл екеуі екі түрлі нәрсе деді. Мұндай айырманы социология оқулығында айтуға болатын шығар, бірақ саяси практикада, әсіресе Германия жағдайында, бұлай етуге болмайды. Либкнехт пен Роза Люксембургті өлтіруге қатысқан неміс офицерлері сияқты адамдарға, баспасөзді сатып алып отырған Стиннес пен Крупп сияқты адамдарға қарсы,— мұндай адамдарға қарсы күштеу мен террор қолдануға біз мәжбүр боламыз. Әлбетте, қайткенде де біз террор қолданамыз деп күні бұрын айтуымыздың қажеті жоқ; бірақ егер неміс офицерлері мен каппшылдар қазіргі қалпында қалатын болса, егер Крупп пен Стиннес осы қалпында қала бе-

ретін болса, онда террорды сөзсіз қолдануға тура келеді. Каутский ғана емес, сонымен бірге Ледебур мен Криспин де күштеу және террор туралы мүлде контрреволюциялық рухта айтып жүр. Мұндай идеялармен қанағаттанатын партия диктатураға қатыса алмайды, бұл айқын.

Мұнан соң аграрлық мәселе келеді. Криспин бұл арада тым қызбалық жасап, бізді ұсақ буржуазияшыл деп жазғыруға ниеттенді; ірі жер иелерінің есебінен ұсақ шаруаларға белгілі бір жәрдем көрсету ұсақ буржуазияшылдық болады. Ірі жер иелерін экспроприациялап, жерді серіктіктерге беру керек, деді. Бұл — педанттық көзқарас. Тіпті өте дамыған елдерде де, оның ішінде Германияда да, ірі капиталистік әдіспен емес, жартылай феодалдық әдіспен өңделетін латифундиялар мен жер иеліктері жеткілікті; бұл латифундиялар мен жер иеліктерінен, шаруашылықты бүлдірмей-ақ, ұсақ шаруалардың пайдасына ептеп жер кесіп беруге болады. Ірі өндірісті сақтауға болады, сонымен қатар ұсақ шаруаларға олардың өздері үшін өте-мөте елеулі бірдеңелер беруге де болады. Амал не, бұл туралы ешкім ойламайды, ал практика жүзінде мұны істеуге тура келеді; әйтпесе қателесесің. Мұның осылай екендігін, мәселен, Варганың (Венгр Совет республикасының бұрынғы халық шаруашылығы халық комиссары) кітабы дәлелдейді; ол былай деп жазады: пролетарлық диктатураның орнауы венгр деревнясына ешқандай өзгеріс әкелген жоқ деуге болады, күндікшілер еш нәрсені байқаған жоқ, ал ұсақ шаруалар еш нәрсе алған жоқ. Венгрияда ірі латифундиялар бар, Венгрияда үлкен учаскелерде жартылай феодалдық шаруашылық жүргізіліп отыр. Ірі жер иеліктерінің ішінен ұсақ шаруаларға бірдеңе беруге болатындай — бергенде, сірә, олардың меншігіне емес, конфискеленген иеліктен парцеллалық ұсақ шаруаның үлесіне де бірдеңе тиюі үшін арендаға беруге болатындай — бөлік әрқашан табылады және табылуға тиіс. Әйтпесе бұрынғы тәртіп пен советтік диктатураның арасындағы айырмашылықты ұсақ шаруа байқай алмай да қалады.

Егер пролетарлық мемлекеттік әкімет осы саясатты жүргізбесе, ол тұрақтап қала алмайды.

Криспин: «Сіздер бізде революциялық сенім жоқ дей алмайсыздар» десе де, мен оған: революциялық сенім сізде мүлдем жоқ деп жауап қайтарамын. Мен бұлай деп сіздің революциялық жолмен қимыл жасағыңыз келмейді деген мағынада емес, сіз революциялық тұрғыдан ойлай білмейсіз деген мағынада айтып отырмын. Білімді адамдардан қандай да болсын комиссия сайлап, оларға Каутскийдің он кітабын және Криспиннің сөзін берсең, комиссия: мұның бәрі — басынан аяғына дейін каутскийшілдік сөз, басынан аяғына дейін Каутскийдің идеялары сіңген сөз дейді, мен бұған бәс тігуге әзірмін. Криспиннің дәлелдеу әдістерінің бәрі — басынан аяғына дейін каутскийшілдік әдістер, ал бұл арада Криспин тұрады да: «Біздің партияда енді Каутскийдің ешқандай ықпалы жоқ» дейді. Мүмкін, кейін қосылған революцияшыл жұмысшыларға ешқандай ықпалы жоқ шығар. Бірақ Каутскийдің Криспинге, Криспин жолдастың бүкіл ойлау жүйесіне, барлық идеяларына орасан зор ықпал жасағандығын және күні бүгінге дейін ықпал жасап отырғандығын әбден дәлелденген факт деп есептеу керек. Мұны Криспиннің сөзі дәлелдеп отыр. Сондықтан, сенсерометрді немесе адалдық өлшеуішін ойлап таппай-ақ: Криспиннің алған бағыты Коммунистік Интернационалға сай келмейді деуге болады. Біз бұлай деу арқылы бүкіл Коммунистік Интернационалдың бағытын анықтаймыз.

Егер Вайнкоп пен Мюнценберг жолдастар біздің Тәуелсіз социалистік партияны шақырып, оның өкілдерімен сөйлесуіміз жөнінде наразылық білдірген болса, мен мұны дұрыс емес деп санаймын. Каутский бізге қарсы шығып, кітаптар жазған кезде, біз онымен тап жауы ретінде айтысамыз. Ал енді революцияшыл жұмысшылардың қосылуы арқылы өсіп жетілген Тәуелсіз социал-демократиялық партия келіс сөздер жүргізу үшін осында келіп отырғанда, біз оның өкілдерімен сөйлесуге тиіспіз, өйткені олар революцияшыл жұмысшылардың бір бөлегі болып табылады. Біз неміс «тәуелсіздерімен», французлармен және ағылшындармен

Интернационал жөнінде бірден түсініс алмаймыз. Вайнкоп жолдас Паннекук жолдастың жаңсақ пікірлерінің бәрін дерлік жақтайтындығын өзінің әрбір сөзімен дәлелдеп отыр. Вайнкоп Паннекуктың көзқарастарын жақтамаймын деп мәлімдеді, бірақ өз сөздерімен ол керісінше дәлелдеп отыр. Бұл «солшыл» топтың негізгі қатесі міне осында, бірақ тегінде бұл қате — өсіп келе жатқан пролетарлық қозғалыстың қатесі. Криспин мен Дитман жолдастардың сөздері — басынан аяғына дейін буржуазияшылдық сөздер, ал мұнымен пролетариат диктатурасын әзірлей алмайсың. Егер Вайнкоп пен Мюнценберг жолдастар Тәуелсіз социал-демократиялық партия туралы мәселеде бұдан да әрі баратын болса, онда біз олармен келісе алмаймыз.

Бізде, әрине, Серрати айтқандай, адамдардың адал ниеттілігін сынайтын адалдық өлшеуіші жоқ, сондықтан біз мәселе адамдар туралы пікір айтуда емес, жағдайды бағалауда екендігіне толық қосыламыз. Амал не, Серрати сөйлеуін сөйлесе де, ешбір жаңалық айтпады. Оның сөзі II Интернационалда біз сан рет тыңдаған сөздердің бірі ғана болды.

Серратидің: «Франциядағы жағдай революциялық жағдай емес, Германиядағы жағдай — революциялық жағдай, Италиядағы жағдай — революциялық жағдай» деуі дұрыс емес.

Бірақ тіпті жағдай контрреволюциялық бола қалған күнде де, революциялық насихат пен үгітті ұйымдастырғысы келмей, II Интернационал қателесіп отыр және үлкен кінәлы болып отыр, өйткені революциялық емес жағдайдың өзінде де революциялық насихатты жүргізуге болады және жүргізу керек те: мұны большевиктер партиясының бүкіл тарихы дәлелдеп берді. Қандай жағдайда болса да қимыл жасай беретін біздерше қимыл жасаудан, атап айтқанда, революциялық жұмыс жүргізуден социалистер бас тартады, социалистер мен коммунистердің арасындағы айырмашылықтың өзі де міне осында.

Серрати тек Криспиннің айтқанын ғана қайталап отыр. Біз Туратиді қалайда пәлендей немесе түгендей күні шығаруға міндеттісіздер дегіміз келмейді. Бұл

мəселені қазірдің өзінде Атқару Комитеті қозғап отыр, ал Серрати бізге: «Партиядан ешқандай қуып шығушылық болмасын, бірақ партияны тазалау керек» дейді. Біз итальян жолдастарға: Коммунистік Интернационалдың бағытына социалистік партияның басшылары мен олардың парламенттік фракциясының қазіргі көпшілігі емес, «L'Ordine Nuovo» мүшелерінің бағыты сəйкеседі деп тура айтуға тиіспіз. Олар пролетариатты реакциядан қорғағымыз келеді деседі. Россияда Чернов, меньшевиктер жəне көптеген басқалар да пролетариатты реакциядан «қорғап» келеді, алайда оларды өз қатарымызға алуға бұл əлі дəлел бола алмайды.

Сондықтан біз итальян жолдастарға жəне оң қанаты бар партиялардың бəріне: бұл реформистік тенденция коммунизммен ешбір жанаспайды деуге тиіспіз.

Итальян жолдастар, біз сіздерден съезд шақыруларыңызды жəне онда біздің тезистеріміз бен қарарларымызды ұсынуларыңызды өтінеміз. Сонда итальян жұмысшыларының Коммунистік Интернационалда қалғысы келетіндігіне мен кəміл сенемін.

Қысқаша газет есебі
1920 ж. 31 июльде «Правда»
газетінің 163-номерінде
басылған

Бірінші рет 1921 ж. мына кітапта
толық басылған:
«Коммунистік Интернационалдың
2-ші конгресі.
Стенографиялық есеп»,
Петроград, 1921

Кітаптың «Der zweite Kongreß der
Kommunist. Internationale»
деген неміс басылымының
текстімен салыстырылған
тексті бойынша басылып
отыр

5
ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ТУРАЛЫ 2 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Бордига жолдас осында итальян марксистерінің көзқарасын қорғағысы келген тәрізді, бірақ ол, солай бола тұрса да, өзге марксистердің парламенттік қызметті жақтап осы арада келтірген дәлелдерінің бірде-біреуіне жауап қайтарған жоқ.

Бордига жолдас тарихи тәжірибе қолдан жасалмайтындығын мойындады. Ол әлгінде ғана бізге: күресті басқа салаға көшіру керек деген болатын. Ол қандай да болсын революциялық дағдарыс парламенттік дағдарыспен қабаттаса жүретінін білмей ме екен? Рас, күресті басқа салаға, Советтерге, көшіру керек екендігі туралы ол айтты. Бірақ Советтерді қолдан жасауға болмайтындығын Бордига жолдастың өзі де мойындады. Советтер не революция кезінде, немесе революцияның дәл алдында ұйымдастырылуы мүмкін екенін Россияның тәжірибесі дәлелдеп отыр. Тіпті Керенскийдің тұсында да Советтер (атап айтқанда меньшевиктік Советтер) ұйымдастырылды, бірақ олар өздерінен пролетарлық өкімет құрыла алмайтындай болып ұйымдастырылған еді. Парламент дегеніміз тарихи дамудың жемісі, оны біз өмірден өшіріп тастай алмаймыз, өйткені әзірге біз буржуазиялық парламентті таратып жіберерліктей күшке ие бола қойған жоқпыз. Тек қана буржуазиялық парламенттің мүшесі бола отырып, қазіргі тарихи жағдайларға сүйене отырып, буржуазиялық қоғамға, парламентаризмге қарсы күресуге болады. Өз күресінде буржуазияның пайдаланатын құралдарын

пролетариат та,— әрине, мүлдем басқа мақсаттар үшін,— пайдалануға тиіс. Сіздер мұны бұлай емес деп айта алмайсыздар, ал егер сіздер бұған қарсы таласпақшы болсаңыздар, онда сіздер сол арқылы дүние жүзіндегі барлық революциялық оқиғалардың тәжірибесін өшіріп тастауға тиіссіздер.

Сіздер кәсіптік одақтар да оппортунистік, олар да қауіпті болып табылады дедіңіздер; бірақ, екінші жағынан, сіздер, кәсіподақтар жұмысшы ұйымы болғандықтан, оларға бөлекше қарау керек дедіңіздер. Бірақ бұл тек белгілі дәрежеде ғана дұрыс. Кәсіподақтарда да өте артта қалған элементтер бар. Ұсақ буржуазияның пролетарланған бөлегі, артта қалған жұмысшылар мен ұсақ шаруалар — осы элементтердің бәрі де парламентте өзіміздің мүделеріміз орын алады деп шынымен ойлайды; бұған қарсы парламентте жұмыс жүргізу арқылы күресу керек және фактілер арқылы бұқараға шындықты көрсетіп беру керек. Артта қалған бұқараны теориямен ұғындыра алмайсың, оған тәжірибе керек.

Біз мұны Россияда да көрдік. Біз пролетариат жеңгеннен кейін барып Құрылтай жиналысын шақыруға мәжбүр болдық, ондағы көздегеніміз артта қалған жұмысшының Құрылтай жиналысы арқылы еш нәрсеге қолы жетпейтіндігін оған дәлелдеу еді. Екі тәжірибені бір-бірімен салыстыру үшін Советтерді Құрылтайға нақтылы түрде қарсы қоюымызға және артта қалған жұмысшыға Советтерді бірден-бір мүмкін жол етіп көрсетуімізге тура келді.

Революцияшыл синдикалист Сухи жолдас та нақ сол теорияларды қорғады, бірақ логикадан аулақ кетті. Мен марксист емеспін деді ол, сондықтан бұл өзіненөзі түсінікті. Бірақ егер сіз, Бордига жолдас, өзіңізді марксиспін деп санайтын болсаңыз, онда сізден логиканы көбірек талап етуге болады. Парламентті қалай талқандауға болатынын білу керек. Егер сіз мұны барлық елдерде қарулы көтеріліс арқылы істей алатын болсаңыз — бұл өте жақсы. Өзіңіз білесіз, буржуазиялық парламентті қирату жолындағы еркімізді Россияда біз тек теория жүзінде ғана емес, практика жүзінде де

дәлелдедік. Бірақ мұның едәуір ұзақ уақыт бойы жүргізілетін әзірліксіз мүмкін болмайтынын және көптеген елдерде парламентті бір соққымен қирату әлі де мүмкін емес екенін — осы фактіні сіз естен шығардыңыз. Біз парламентті қирату үшін парламентте күрес жүргізуге мәжбүр болып отырмыз. Қазіргі қоғамның барлық таптарының саяси бағытын анықтайтын жағдайларды сіз өзіңіздің революциялық еркіңізбен ауыстырасыз, сондықтан да сіз Россияда буржуазиялық парламентті қирату үшін тіпті өзіміз жеңгеннен кейін де біздің әуелі Құрылтай жиналысын шақыруға тиісті болғанымызды ұмытасыз. Сіз: «Расында, орыс революциясы — Батыс Европа жағдайларына сәйкеспейтін үлгі» дедіңіз. Бірақ сіз мұны бізге дәлелдеу үшін бірде-бір байсалды дәлел келтірмедіңіз. Біз буржуазиялық демократия дәуірін өткердік. Біз бұл дәуірді, Құрылтай жиналысының сайлауын жақтап үгіт жүргізуге мәжбүр болған кезімізде, тез өткердік. Содан кейін де, жұмысшы табы өкіметті басып алуға мүмкіндік алған кезде де, шаруалар әлі буржуазиялық парламенттің қажеттігіне сенуші еді.

Осы артта қалған элементтермен санаса отырып, біз сайлау жариялауға және жалпы жұрттың аса зор мұқтаждығы кезінде сайланған бұл Құрылтай жиналысының қаналған таптардың армандары мен талаптарын білдіре алмайтынын бұқараға мысал арқылы, фактілер арқылы көрсетуге тиіс болдық. Соның арқасында Совет өкімсті мен буржуазия өкіметінің арасындағы жанжал біз үшін, жұмысшы табының авангарды үшін ғана емес, сонымен бірге шаруалардың орасан көпшілігі, ұсақ қызметшілер, ұсақ буржуазия, т. с. үшін де әбден айқын болды. Капиталистік елдердің бәрінде де жұмысшы табының артта қалған элементтері бар, бұлар парламентті халықтың шын өкілі деп сенеді, ал онда арам ниетті айла-шарғылар қолданылатынын олар білмейді. Мұның өзі буржуазияның бұқараны алдау құралы деседі. Бірақ бұл дәлел сіздерге қарсы айтылуға тиіс, және де ол сіздердің тезистеріңізге қарсы айтылып отыр. Сіздер шын артта қалған, буржуазияның алдауына түскен бұқараның алдында парламенттің

шын сипатын қалай ашпақсыздар? Егер сіздер парламентке кірмесеңіздер, парламенттен тысқары қалатын болсаңыздар, онда парламенттің белгілі бір айла-шарғысын, белгілі бір партияның позициясын қалай әшкерелемексіздер? Егер сіздер марксист болсаңыздар, капиталистік қоғамда таптардың өзара қатынастары мен партиялардың өзара қатынастарының бір-бірімен тығыз байланысты екенін мойындауға тиіссіздер. Қайталап айтайын, егер сіздер парламенттің мүшесі болмасаңыздар, егер сіздер парламенттік қызметтен бас тартатын болсаңыздар, осының бәрін қалай көрсетесіздер? Жұмысшы табының, шаруалардың, ұсақ қызметшілердің қалың бұқарасын, егер олардың өз тәжірибесі арқылы көзі жетпесе, ешқандай да дәлелдермен сендіруге болмайтындығын орыс революциясының тарихы айқын көрсетті.

Осы арада біз парламенттік күреске қатысамыз деп көп уақытты босқа жойып аламыз деген сөздер айтылды. Барлық таптардың парламентке қатысқанындай дәрежеде қатысуына боларлық басқа бір мекемені көзге елестетуге болар ма еді? Мұндай мекемені қолдан жасауға болмайды. Егер таптардың бәрі парламенттік күреске тартылып отырған болса, мұның бұлай болу себебі — таптық мүдделер мен жанжалдар парламентте көрініс тауып отыр. Егер капитализмді бір соққанда құлату үшін, айталық, шешуші дәрежедегі жаппай стачканы барлық жерде бірден ұйымдастыру мүмкін болса, онда революция қазірдің өзінде-ақ әр түрлі елдерде жасалған болар еді. Бірақ фактілермен санасу керек, ал парламент тап күресінің аренасы болып табылады. Бордига жолдас және оның көзқарасын жақтаушылар бұқараға шындықты айтулары тиіс. Германия — парламентте коммунистік фракцияның болуы мүмкін екендігіне ең жақсы мысал, сондықтан да сіздер: берік ұйымы бар партияны құру үшін біз тым әлсізбіз деп, бұқараға ашық айтуларыңыз керек еді. Айтылуға тиісті шындық осындай болған болар еді. Бірақ, егер сіздер бұқара алдында өздеріңіздің осы әлсіздіктеріңізді мойындаған болсаңыздар, олар сіздер-

ді жақтаушыларға емес, сіздерге қарсыларға, парламентаризмді жақтаушыларға айналған болар еді.

Егер сіздер: «Жұмысшы жолдастар, біздің әлсіздігіміз сонша, депутаттарды партияға бағынуға көндіре алатындай жеткілікті тәртібі бар партия құра алмаймыз» десеңіздер, онда жұмысшылар: «Біз мұндай әлсіз адамдармен пролетариат диктатурасын қалай орнатпақпыз?» дейді де, сіздерден аулақ кетеді.

Егер сіздер пролетариат жеңген күні — интеллигенция, аралық тап, ұсақ буржуазия коммунистік бола қалады деп ойласаңыздар, онда тым аңқау болғандарыңыз.

Егер сіздерде бұл жалған үміт жоқ болса, сіздер пролетариатты өз бағытын жүзеге асыруға қазірдің өзінде-ақ әзірлей бастауға тиістісіздер. Мемлекеттік жұмыстың бірде-бір саласында сіздер бұл ережеден тысқары ештеңе таба алмайсыздар. Революция болған күннің ертеңінде-ақ сіздер өздерін коммунистіз деп атайтын оппортунистік адвокаттарды, коммунистік партияның тәртібін де, пролетарлық мемлекеттің тәртібін де мойындамайтын ұсақ буржуаны барлық жерден де ұшырататын боласыздар. Егер сіздер өз мүшелерінің бәрін өзінің тәртібіне бағынуға көндіретін шын мәніндегі тәртіпті партия құруға жұмысшыларды даярламасаңыздар, онда сіздер пролетариат диктатурасын еш уақытта да даярлай алмайсыздар. Менің ойымша, сондықтан сіздер жаңа құрылған коммунистік партиялардың басым көпшілігінің нақ осы әлсіздігі оларды парламенттік жұмысты теріске шығаруға мәжбүр ететіндігін мойындағыларыңыз келмейді. Шын революцияшыл жұмысшылардың орасан зор көпшілігінің бізге еретіндігіне, сіздердің антипарламенттік тезистеріңізге қарсы болатындығына мен кәміл сенемін.

Қысқаша газет есебі 3 августа «Красная Газетаның» (Петроград) 170-номерінде басылған

Бірінші рет 1921 ж. мына кітапта толық басылған: «Коммунистік Интернационалдың 2-ші конгресі. Стенографиялық есеп», Петроград, 1921

Кітаптың «Der zweite Kongreß der Kommunist. Internationale» деген неміс басылымының текстімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

6
БРИТАН ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНА ЕНУ ТУРАЛЫ 6 АВГУСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[112]

Жолдастар, Галлахер жолдас өзінің сөзін Мак-Лейн жолдас пен басқа да ағылшын жолдастар сөйлеген сөздерінде, газеттер мен журналдарда бұрын мың мәрте қайталаған сөздерін біз осы жерде жүзінші, мыңыншы рет естуге мәжбүр болып отырғанымыз жайында өкініш білдіруден бастады. Меніңше, бұған өкінуге болмайды. Ескі Интернационалдың әдісі осы сияқты мәселелерді мүдделі елдердің жеке партияларының шешуіне беріп қоюында болатын. Мұның өзі түбірімен қате еді. Қайсыбір партияның жағдайын біздің айтарлықтай дәл білмеуіміз әбден ықтимал, бірақ бұл арада әңгіме коммунистік партияның тактикасын принцип жағынан негіздеу туралы болып отыр. Бұл өте маңызды нәрсе, сондықтан біз, III Интернационалдың атынан, бұл арада коммунистік көзқарасты айқын баяндауға тиіспіз.

Мен бәрінен де бұрын Мак-Лейн жолдас аздап дәл айтпаған, келісуге болмайтын бір нәрсені айта кеткім келеді. Жұмысшы партиясын ол тред-юнионистік қозғалыстың саяси ұйымы деп атайды. Кейін ол осыны тағы да қайталады: Жұмысшы партиясы дегеніміз «кәсіптік қозғалыстың саяси көрінісі» деді. Мен осындай пікірді Британ социалистік партиясының газетінен бірнеше рет кездестірдім. Бұл дұрыс емес және ішінара мұның өзі ағылшын революцияшыл жұмысшыларының тарапынан белгілі дәрежеде әбден орынды оппозиция туғызады. Шынында да, «тред-юнионистік қозғалыстың саяси ұйымы» немесе осы қозғалыстың «саяси көріні-

сі» деген ұғымдар қате ұғымдар болып табылады. Әрине, Жұмысшы партиясының көпшілігі жұмысшылардан құралған. Алайда, партия шын саяси жұмысшы партиясы болып табыла ма немесе табылмай ма, бұл жағы оның жұмысшылардан құралғандығына ғана байланысты емес, сонымен қатар оған кімнің басшылық етіп отырғандығына және оның қимылдары мен саяси тактикасының мазмұны қандай екендігіне де байланысты. Біздің көріп отырғанымыз пролетариаттың шын саяси партиясы ма, жоқ па, мұны тек нақ әлгі соңғы жағдай ғана белгілейді. Осы бірден-бір дұрыс тұрғыдан қарағанда Жұмысшы партиясы — бүтіндей буржуазиялық партия, өйткені ол өзі жұмысшылардан құралса да, оған реакционерлер,— толығынан буржуазия рухында әрекет жасайтын ең оңбаған реакционерлер,— басшылық етіп отыр; мұның өзі ағылшын Носкелері мен Шейдемандарының көмегімен жұмысшыларды үнемі алдау үшін өмір сүретін буржуазия ұйымы.

Бірақ біз Сильвия Панкхерст жолдас пен Галлахер жолдас қорғайтын, олардың осы мәселе жөніндегі пікірін көрсететін екінші бір көзқарасты да көріп отырмыз. Галлахер мен оның көптеген достары сөйлеген сөздердің мазмұны неде болды? Олар бізге: бұқарамен байланыстарыңыз жеткіліксіз дейді, бірақ Британ социалистік партиясын алып қараңыз, оның бұқарамен байланысы әлі күнге дейін бұдан бетер нашар, өте әлсіз. Сонан кейін Галлахер жолдас осы арада бізге өзінің және өз жолдастарының Глазгода, Шотландияда революциялық қозғалысты шынында да қалай тамаша ұйымдастырғанын, соғыс кезінде өздерінің тактикалық жағынан қалай өте тамаша маневр жасағанын, ұсақ буржуазияшыл пацифистер Рамсей Макдональд пен Сноуден осылардың көмегімен соғысқа қарсы бұқаралық ірі қозғалыс ұйымдастыру үшін Глазгоға келгенде, оларға қалайша шебер көмек көрсеткенін айтып берді.

Біздің мақсатымыздың өзі де мынада: Галлахер жолдас пен оның достары өкілі болып отырған осындай тамаша жаңа революциялық қозғалысты нағыз коммунистік, яғни маркстік тактикаға сүйенген коммунистік

партияға енгізу. Біздің қазіргі міндетіміз — осы. Бір жағынан, Британ социалистік партиясы тым әлсіз және бұқара арасында үгіт жұмысын ойдағыдай жүргізе алмайды; екінші жағынан, Галлахер жолдас осында тамаша өкілі болып отырған революцияшыл жас элементтеріміз бар, бұл элементтер бұқарамен байланысты бола тұрса да, саяси партия болып табылмайды, өйткені, осы мағынада алғанда, бұлар әлі Британ социалистік партиясынан да әлсіздеу және өздерінің саяси жұмысын мүлде ұйымдастыра білмейді. Жағдай осылай болған соң, біз дұрыс тактика жөнінде өз пікірімізді барынша ашық айтуға тиіспіз. Галлахер жолдас Британ социалистік партиясы туралы айта келіп, бұл өзі «кісі түңілерліктей реформистік» (hopelessly reformist) партия дегенде ол, күмән жоқ, асырып айтты. Бірақ біздің осында қабылдаған барлық қарарларымыздың жалпы мағынасы мен мазмұны Британ социалистік партиясының тактикасын біздің осы рухта өзгертуді талап ететіндігімізді барынша айқын көрсетеді, сондықтан Галлахердің достарының бірден-бір дұрыс тактикасы — коммунистік партияның тактикасын осында қабылданған қарарлардың рухында қайта құру мақсатымен, олардың дереу коммунистік партияға кіруі болып табылады. Егер сіздердің жақтастарыңыз Глазгода көп адам қатысатын халық жиналыстарын өткізіп тұруға сіздерге мүмкіндік берерліктей көп болса, онда партияға он мыңнан астам кісі тарту сіздерге қиын болмайды. Британ социалистік партиясының осыдан 3—4 күн бұрын Лондонда болып өткен соңғы конгресі партияның атын коммунистік партия деп өзгертуге қаулы алды және программаға парламент сайлауына қатысу, Жұмысшы партиясына ену жөнінде пункт кіргізді. Конгреске ұйымдасқан он мың мүшеден өкілдер келді. Сондықтан шотланд жолдастар үшін бұқара арасында жұмыс жүргізу өнерін жақсы меңгерген он мыңнан астам революцияшыл жұмысшыны осы «Великобритания Коммунистік партиясына» тарту, осы арқылы Британ социалистік партиясының ескі тактикасын неғұрлым сәтті үгіт жүргізу рухында, неғұрлым революциялық қимыл көрсету рухында өз-

герту тіпті де қиын болмас еді. Сильвия Панкхерст жолдас Англияда «солшылдар» керек дегенді комиссияда әлденеше рет айтты. Мен, әрине, бұл өте дұрыс, бірақ «солшылдық» жөнінен асыра сілтемеу керек деп жауап бердім. Ол кісі одан әрі: «біздер ең жақсы пионерлерміз, бірақ әзірше у-шуымыз көп (noisy)» деді. Мен мұны сөздің әсте жаман мағынасында емес, қайта жақсы мағынасында — революциялық үгітті бұлардың жақсы жүргізе білетіндігі мағынасында түсінемін. Біз мұны бағалаймыз және бағалауға тиіспіз. Біз мұны өзіміздің барлық қарарларымызда айтқанбыз, өйткені біз егер партия бұқарамен шынында да байланысты болса және ескі, шіріп біткеп көсемдерге қарсы, оң жақ қанаттағы шовинистерге де қарсы, Германиядағы оңшыл тәуелсіздер тәрізді аралық позиция ұстап отырғандарға да қарсы күрес жүргізсе, тек сонда ғана біз оны жұмысшы партиясы деп тани алатындығымызды әрқашан да баса айтамыз. Біз өзіміздің барлық қарарларымызда осыны он рет, одан да көп айтып, қайталағанбыз, ал бұл, атап айтқанда, біз ескі партияның бұқарамен неғұрлым тығыз байланыс жасауы мағынасында ол партияны қайта құруды талап етеміз деген сөз.

Сильвия Панкхерст тағы да: «Коммунистік партияның басқа бір, өз кезегінде II Интерналға кіріп отырған саяси партияға кіруіне бола ма?» деп сұрады. Сөйтті де: бұл мүмкін емес деп жауап берді. Ағылшын жұмысшы партиясының өте-мөте өзгеше жағдайда екенін ескеру керек: бұл өте ерекше партия, немесе, дұрысырақ айтқанда, тіпті де осы сөздің кәдуілгі мағынасындағы партия емес. Бұл партия барлық кәсіптік ұйымдардың мүшелерінен құралған, қазір оның төрт миллионға жуық мүшесі бар және өзінің құрамына кіретін саяси партиялардың бәріне жеткілікті түрде еркіндік береді. Сонымен бұған ағылшын жұмысшыларының орасан көп бұқарасы кіреді, бұл бұқара ең оңбаған буржуазиялық элементтердің, Шейдеман, Носке және солар сияқты мырзалардан да бетер оңбаған социал-сатқындардың жетегінде жүр. Бірақ сонымен қатар Жұмысшы партиясы өзінің қатарында Британ

социалистік партиясының болуына және оның өз баспасөз органдары болуына жол береді, сол Жұмысшы партиясының мүшелері бұл органдарда партия көсемдері — социал-сатқындар деп еркін де ашық мәлімдей алады. Мак-Лейн жолдас Британ социалистік партиясының осы тәрізді мәлімдемелерінен дәл цитаттар келтірді. Британ социалистік партиясының «Call»[113] деген газетінен Жұмысшы партиясының көсемдері — социал-патриоттар және социал-сатқындар деген сөздерді оқығандығымды мен де растай аламын. Мұның мәнісі — Жұмысшы партиясына кіретін партия ескі көсемдерді қатты сынауға ғана емес, сонымен қатар социал-сатқындар деп олардың аттарын ашық әрі дәл атауға да мүмкіндігі бар деген сөз. Партия бейне бір саяси партия сияқты, жұмысшылардың орасан көп бұқарасын біріктіре отырып, өзінің мүшелеріне толық еркіндік беруге мәжбүр болуы — өте бір ерекше жағдай. Мак-Лейн жолдас осында: Жұмысшы партиясының конгресінде ондағы Шейдемандардың III Интернационалға кіру туралы мәселені ашық қоюға мәжбүр болғанын, ал осы партияның барлық жергілікті ұйымдары мен секциялары бұл мәселені талқылауға мәжбүр болғанын айтты. Осындай жағдайларда бұл партияға кірмеу қате болған болар еді.

Панкхерст жолдас былайша бір әңгіме үстінде маған былай деді: «Егер біз нағыз революционерлер болсақ және Жұмысшы партиясына кірсек, онда бұл мырзалар бізді шығарып тастайды». Ал мұның өзі тіпті де жаман болмас еді ғой. Біздің қарарда: Жұмысшы партиясы сынға жеткілікті еркіндік беретін болса, онда біз ол партияға кіруді жақтаймыз делінген. Бұл пунктке келгенде біз ақырына дейін дәйектіміз. Мак-Лейн жолдас тағы мынаны да баса айтты: қазір Англияда ерекше жағдай туып отыр, бұл жағдайдың тұсында саяси партия төрт миллиондық ерекше бір жартылай кәсіптік, жартылай саяси жұмысшы ұйымымен және буржуазиялық көсемдер басшылық етіп отырған ұйыммен байланысты болуына қарамастан, егер өзі қаласа, революцияшыл жұмысшы партиясы болып қала алады. Мұндай жағдайда осы партияда қалу үшін қолдан

келетін мүмкіндіктің бәрін істемеу революцияшыл таңдаулы элементтердің аса үлкен қатесі болған болар еді. Томас мырзалар және басқа социал-сатқындар, өзіңіз нақ осылай атап отырған мырзалар, сіздерді, мейлі, шығара берсін. Мұның өзі ағылшын жұмысшыларының бұқарасына тамаша әсер етеді.

Англияда жұмысшы аристократиясының басқа елдердің қайсысындағыдан болсын күшті екендігін жолдастар баса айтып отыр. Бұл шынында да солай. Онда жұмысшы аристократиясының тарихы ондаған жылдар емес, жүздеген жылдармен есептеледі ғой. Онда анағұрлым көп тәжірибесі,— демократиялық тәжірибесі,— бар буржуазия жұмысшыларды сатып алып, олардың арасында үлкен топ құра білді; бұл топ Англияда басқа елдердегіге қарағанда үлкен, бірақ сөйтсе де жұмысшылардың қалың бұқарасымен салыстырғанда онша үлкен де емес. Бұл топ буржуазиялық соқыр сенімдерге белшесінен батқан және айқын буржуазиялық реформистік саясат жүргізеді. Мысалы, біз Ирландияда екі жүз мың ағылшын солдатының ирландтықтарды жан түршігерлік террормен басып-жаныщқанын көріп отырмыз. Ағылшын социалистері бұлардың арасында революциялық насихат жүргізбейді. Ал біз өзіміздің қарарларымызда ағылшын жұмысшылары мен солдаттарының арасында шын революциялық насихат жүргізетін ағылшын партияларын ғана Коммунистік Интернационалдың мүшесі деп танимыз деп анық көрсеткенбіз. Не осында, не комиссияларда бұған қарсы пікір айтылмағанын мен атап көрсетемін.

Галлахер мен Сильвия Панкхерст жолдастар мұны теріске шығара алмайды. Олар Британ социалистік партиясы Жұмысшы партиясының қатарында қала отырып, Жұмысшы партиясының пәлендей де түгендей көсемдері сатқындар болып табылады; бұл ескі көсемдер буржуазияның мүдделерін жақтайды; бұлар буржуазияның жұмысшы қозғалысындағы агенттері болып табылады деп жазу үшін жеткілікті еркіндікпен пайдаланатындығын бекер дей алмайды; осылай екені әбден рас. Коммунистер осындай еркіндікті пайдаланатын болса, онда олар,— егер өздері тек орыс рево-

люциясының ғана емес,— өйткені біз мұнда орыс конгресіне емес, халықаралық конгреске қатысып отырмыз — барлық елдердің революционерлерінің тәжірибесімен санасқысы келетін болса,— Жұмысшы партиясына кіруге міндетті. Галлахер жолдас бізді бұл ретте Британ социалистік партиясының ықпалынан шыға алмай қалды деп мысқылдады. Жоқ, біз бұған барлық елдердегі барлық революциялардың тәжірибесі арқылы көз жеткізгенбіз. Біздің ойымызша, біз мұны бұқараға айтуға тиіспіз. Басқа елдердегіге қарағанда, Англияда анағұрлым күшті болып отырған жұмысшы сатқындарын әшкерелеп, сынап отыру үшін ағылшын коммунистік партиясы қажетті еркіндіктен айрылмауы керек. Мұны түсіну қиын емес. Галлахер жолдастың: Жұмысшы партиясына кіруді жақтаймыз деп біз ағылшын жұмысшыларының таңдаулы элементтерін өзімізден үркітіп аламыз деуі дұрыс емес. Біз мұны тәжірибеде байқап көруге тиіспіз. Конгресс қабылдайтын біздің қарарларымыз бен қаулыларымыздың бәрі ағылшын революциялық-социалистік газеттерінің бәрінде басылатынына және барлық жергілікті ұйымдар мен секциялардың оларды талқылауға мүмкіндік алатынына біздің көзіміз жетеді. Біз барлық елдердегі жұмысшы табының революциялық тактикасының өкілдері екендігімізді және біздің мақсатымыз ескі реформизм мен оппортунизмге қарсы күрес жүргізу екендігін біздің қарарларымыздың бүкіл мазмұны айдан анық көрсетіп отыр. Біздің тактикамыздың ескі реформизмді шынымен жеңіп келе жатқандығын оқиғалар көрсетіп отыр. Әне сонда дамудың баяу қарқынына, Англияда, басқа елдердегіге қарағанда, мүмкін, одан да гөрі баяуырақ болатын даму қарқынына наразы болып отырған жұмысшы табының таңдаулы революцияшыл элементтерінің бәрі бізге қосылады. Дамудың баяу болып отырған себебі — ағылшын буржуазиясының жұмысшы аристократиясына жақсы жағдай жасауға мүмкіндігі бар, мұнысымен ол Англиядағы революциялық қозғалысты кідіртіп отыр. Сондықтан ағылшын жолдастар бұқараны тек революцияландыруға ғана емес, мұны олар тамаша істеп отыр (Галлахер жолдас мұны

дəлелдеді), қайта сонымен бірге жұмысшы табының нағыз саяси партиясын құру үшін де тырысуға тиіс. Осында сөз сөйлегендердің екеуі де, Галлахер жолдас та, Сильвия Панкхерст жолдас та, əзірше революциялық коммунистік партияның қатарына қосылмайды. Shop Stewards сияқты тамаша пролетарлық ұйым əлі күнге дейін саяси партияның құрамына кірмей отыр. Егер сіздер саяси жағынан ұйымдассаңыздар, сонда біздің тактикамыздың соңғы он жылдықтардағы дұрыс ұғынылған саяси дамуға негізделгендігін көресіздер жəне революцияшыл партия революцияшыл таптың таңдаулы элементтерінің бəрін өз бойына сіңіретін болған күнде жəне реакцияшыл көсемдер бой көрсеткен жердің бəрінде бұларға қарсы күресу үшін əрбір мүмкіндікті пайдаланған күнде, тек сонда ғана нағыз революцияшыл партия құрыла алатындығын көресіздер.

Егер ағылшын коммунистік партиясы істі Жұмысшы партиясы ішінде революциялық жолмен қимыл жасаудан бастайтын болса жəне егер Гендерсон мырзалар бұл партияны шығарып тастауға мəжбүр болатын болса, онда мұның өзі Англиядағы коммунистік жəне революциялық жұмысшы қозғалысының үлкен жеңісі болмақ.

Қысқаша газет есебі
1920 ж. 8 августа
«Коммунистік Интернационалдың
2-ші конгресі
Хабаршысының» 7-номерінде
басылған

Бірінші рет 1921 ж. мына кітапта
толық басылған:
«Коммунистік Интернационалдың
2-ші конгресі.
Стенографиялық есеп»,
Петроград, 1921

Кітаптың «Der zweite Kongreß der
Kommunist. Internationale»
деген неміс басылымының
текстімен салыстырылған
тексті бойынша басылып
отыр

АВСТРИЯ КОММУНИСТЕРІНЕ ХАТ[114]

Австрия коммунистік партиясы буржуазиялық-демократиялық парламенттің сайлауына бойкот жасауға ұйғарыпты. Коммунистік Интернационалдың жуырда аяқталған II конгресі буржуазиялық парламенттердің сайлауына және осы парламенттердің өздеріне коммунистердің *қатысуын* дұрыс тактика деп тапты.

Австрия коммунистік партиясы делегаттарының хабарларына сүйене отырып, мен мынаған күмәнданбаймын: ол Коммунистік Интернационалдың шешімін партиялардың бірінің шешімінен жоғары қояды. Коммунистік Интернационалдың шешімімен келіспеген Австрия коммунистік партиясының бойкотистік шешімін австриялық социал-демократтардың, социализмнің буржуазия жағына шығып кеткен осы сатқындарының табалайтындығына да күмән келтіруге бола қояр ма екен. Бірақ Шейдемандар мен Носкелердің, Альбер Томалар мен Гомперстердің серіктері болып табылатын австриялық социал-демократтар тәрізді мырзалардың табалауы саналы жұмысшыларды, әрине, ешбір алаңдата алмайды. Реннер мырзалардың буржуазия алдында малайлық етуі өзін жеткілікті түрде әйгіледі, сондықтан барлық елдерде II, немесе сатқын, Интернационалдың батырларына қарсы жұмысшылардың ашу-ызасы барған сайын өсіп, ұлғайып барады.

Австриялық социал-демократ мырзалар буржуазиялық парламентте, сондай-ақ өз «жұмысының» барлық салаларында, тіпті өз баспасөзінде де капиталистер та-

Wien, Dienstag, 31. August 1920.
Nr. 396, — 3. Jahrgang.

Proletarier aller Länder, vereinigt Euch!

Die Rote Fahne

Zentralorgan der kommunistischen Partei Deutschösterreichs.

Erscheint außer Montag täglich 6 Uhr früh.
Einzelpreis 60 Heller.
Im Straßenverkauf 70 Heller.

Redaktion und Expedition: Wien VII., Bandgasse 28. — Telephon 30.436.
Verwaltung: VIII., Alserstraße 69. — Tel. 11.186.

In Wien monatlich: zum Abholen oder per Post K 15.—.
Außerhalb Wiens: Einzeln 70 h = 40 Pf. = 25 Cent.
Monatlich mit Postversand: K 17.50 = 9 Mk. = 6 Frcs.

Wiener Hauptvertrauensmännerkonferenz.

Heute Dienstag, halb 7 Uhr abends, im großen Saale des tschechischen Arbeiterheims, 17. Bez., Zeilergasse 20, Hauptvertrauensmännerkonferenz mit wichtiger Tagesordnung. Referent: Genosse Tomann. Vollzähliges Erscheinen erforderlich!

Die Offensive der Roten Armee.

Moskau, 30. August. (Funkspruch.) Frontbericht vom 29. August: Bei Brest-Litowsk besetzten wir mehrere Ortschaften 6 Werst östlich der Stadt. Im Gebiete von Wlodawa und Grubieschow Kämpfe von nur örtlicher Bedeutung.

Bei Lemberg hartnäckige Kämpfe. Im Krimabschnitt wurde bei Orjechow Wrangel zurückgeworfen, wobei zahlreiche Gefangene, Geschütze und Maschinengewehre eingebracht wurden.

Moskau, 30. August. (Funkspruch.) Im Gebiet der Bahnlinie Bialystok—Wolkowysk wurden einige Stationen erobert. Rajzika und Bielowieich und einige Ortschaften an beiden Ufern des Flusses Miaskaja wurden besetzt. Unser Vormarsch wird fortgesetzt.

Moskau, 30. August. (Funkspruch.) Volkskommissär Tschitscherin hat die Sowjetvertreter Kamenew in London und Kopp in Berlin verständigt, daß die russische Armee ihre Umstellung beendet und den Angriff neuerlich aufgenommen habe, wobei bei Bialystok, Brest-Litowsk und in Ostgalizien bereits Erfolge errungen worden seien.

Die polnischen Meldungen über ungeheure russische Verluste seien unwahr. Die russische Armee sei durch den Flankenangriff bei Nowo-Minsk zum Rückzug gezwungen worden. Hiebei habe es einige Male kritische Lagen gegeben. Verluste waren unausbleiblich, die Kampfkraft der Armee sei unberührt, neue Verstärkungen seien eingelangt.

London, 30. August. (Funkspruch.) Nach Meldungen aus Warschau ist der Krieg in ein neues Stadium getreten [illegible]

Die Polen gegen den Frieden.

Moskau, 30. August. (Funkspruch.) Volkskommissär Tschitscherin hat dem Londoner Sowjetvertreter Kamenew mitgeteilt, daß der Vorsitzende der russischen Friedensabordnung, Danischewski, zur Berichterstattung nach Moskau abgereist sei, weil die polnische Abordnung die russischen Friedensvorschläge ablehne, ohne ihre Gegenvorschläge zu machen. [illegible] sei in Minsk verblieben.

Zu den Unwürfen der polnischen Regierung wegen Veröffentlichung eines Aufrufes, in welchem die polnische Abordnung als Spione bezeichnet worden seien, bemerkt Tschitscherin, daß dieser bedauerliche Vorfall von den Polen übertrieben wurde, da Danischewski sogleich, nachdem er davon erfahr und noch ehe sich die Polen beschwerten, den Widerruf durch Plakate angeordnet habe.

Ein Brief Lenins an die österreichischen Kommunisten.

Die österreichische Kommunistische Partei hat beschlossen, die Wahlen in das bürgerlich-demokratische Parlament zu boykottieren. Der kürzlich beendete zweite Kongreß der Kommunistischen Internationale hat die Teilnahme der Kommunisten an den Wahlen in die bürgerlichen Parlamente und an diesem Parlament selbst als richtige Taktik anerkannt.

Auf Grund der Mitteilungen der Delegierten der österreichischen Kommunistischen Partei zweifle ich nicht, daß die Entscheidung der Kommunistischen Internationale durch dieselbe höher gestellt wird als die Entscheidung einer ihrer Parteien. Es unterliegt wohl keinem Zweifel, daß die österreichischen Sozialdemokraten, diese Verräter des Sozialismus, die auf die Seite der Bourgeoisie übergingen, sich freuen werden aus Anlaß der Entscheidung der Kommunistischen Internationale, die mit dem Boykottbeschluß der österreichischen Kommunistischen Partei auseinanderläuft. Aber der Schadenfreude solcher Herren, wie der österreichischen Sozialdemokraten und ihrer gleichgesinnten Scheidemänner, Renkels, Albert Thomas und Gompers, werden die selbstbewußten Arbeiter natürlich keine Aufmerksamkeit schenken. Das Lakaientum der Herren Renner hat sich genügend entpuppt, und die Entrüstung der Arbeiter aller Länder gegen die Helden der Zweiten oder gelben Internationale wächst und breitet sich immer mehr und mehr aus.

Die österreichischen Herren Sozialdemokraten im bürgerlichen Parlament sowohl als auch auf allen ihren „Arbeitsgebieten“ bis zu ihrer eigenen Presse betragen sich wie kleinbürgerliche Demokraten, fähig, nur charakterlos zu schwanken bei ihrer vollen tatsächlichen Abhängigkeit von der Kapitalistenklasse. Wir Kommunisten gehen in das bürgerliche Parlament, um auch von dieser Tribüne des durch und durch verfaulten kapitalistischen Systems, in dem man die Arbeiter und werktätigen Massen betrügt, diesen Betrug zu enthüllen.

Ein Argument der österreichischen Kommunisten gegen die Teilnahme am bürgerlichen Parlament verdient etwas mehr aufmerksame Durchsicht. Dieses Argument ist folgendes:

„Das Parlament hat für die Kommunisten nur Bedeutung als Tribüne für Agitation. Wir in Oesterreich haben den Arbeiterrat als Tribüne zur Agitation. Deshalb entsagen wir der Teilnahme an den Wahlen in das bürgerliche Parlament. In Deutschland gibt es keinen Arbeiterrat, den man ernst nehmen könnte. Deshalb hatten die deutschen Kommunisten eine andere Taktik.“

Ich halte dieses Argument für nicht richtig. Solange wir nicht die Kraft haben, dieses bürgerliche Parlament auseinanderzujagen, müssen wir dagegen von Innen und Außen arbeiten. Solange irgendeine bedeutende Anzahl Arbeitender — nicht nur Proletarier, sondern auch Halbproletarier und Kleinbauern — den bürgerlich-demokratischen Mitteln des Betruges der Arbeiter durch die Bourgeoisie vertraut, müssen wir diesen Betrug erklären, eben von jener Tribüne herab, die die zurückgebliebenen Schichten der Arbeiter und insbesondere die nicht proletarischen werktätigen Massen für am meisten maßgebend und bestehend betrachten.

Solange wir Kommunisten noch nicht die Kraft haben, die Staatsgewalt in die Hand zu nehmen und die Wahlen nicht durchführen können durch die Arbeitenden allein, ihrer Räte gegen die Bourgeoisie, solange noch die Bourgeoisie über die Staatsgewalt verfügt und zu den Wahlen die verschiedensten Klassen der Bevölkerung heranzieht, sind wir verpflichtet, an den Wahlen teilzunehmen, zur Agitation unter allen Arbeitenden, nicht nur der Proletarier allein. Solange im bürgerlichen Parlament die Arbeiter betrogen werden, mit Phrasen über „Demokratie“ die Finanzdiebstähle und allerhand andere Art von Bestechungen verhüllt werden, wird nirgends die Bestechung so besonders „feiner“ Art in bezug auf Schriftsteller, Deputierte, Advokaten usw. von der Bourgeoisie so breit durchgeführt wie im „bürgerlichen Parlament“ — bis dahin sind wir Kommunisten verpflichtet, eben in dieser Institution, die sozusagen den Willen des Volkes ausdrückt und tatsächlich den Betrug durch die Reichen verhüllt, diesen Betrug unbedingt aufzudecken, ebenso wie jeden einzelnen Fall des Ueberganges der Renner und Ko. auf die Seite der Kapitalisten gegen die Arbeiter. Die Beziehungen zwischen den bürgerlichen Parteien und Fraktionen enthüllen sich besonders im Parlament immer öfter und spiegeln sich zwischen allen Klassen der bürgerlichen Gesellschaft wider. Deshalb ist es gerade im bürgerlichen Parlament, innerhalb desselben, für die Kommunisten Pflicht, das Volk aufzuklären, ihm die Wahrheit zu sagen in bezug auf die Klassen und Parteien, Grundbesitzer und Handlanger, der reichen Bauern zum armen Bauerntum, des Großkapitals zu den Angestellten und Kleinbesitzern usw.

Alles dies ist für das Proletariat nötig zu wissen, damit es alle gemeinen und raffinierten Kniffe des Kapitals verstehen lerne, damit es lerne die kleinbürgerlichen Massen und die Nichtproletarier zu beeinflussen. Ohne dieses „Wissen“ kann das Proletariat erfolgreich nicht fertig werden mit den Aufgaben der proletarischen Diktatur, denn auch dann wird die Bourgeoisie in ihrer neuen Stellung (Stellung der gestürzten Klasse) in anderen Formen, auf anderen Gebieten ihre Politik der Verdummung der Bauern, der Bestechung und Einschüchterung der Angestellten, der Verhüllung ihrer egoistischen und schmutzigen Bestrebungen mit den Phrasen über Demokratie fortsetzen.

Nein, die österreichischen Kommunisten werden nicht eingeschüchtert durch die Schadenfreude der Renner und ähnlicher Lakaien der Bourgeoisie. Die österreichischen Kommunisten werden sich nicht fürchten, offen und gerade mit der Anerkennung der internationalen proletarischen Disziplin hervorzutreten. Wir sind stolz, daß wir die großen Fragen des Kampfes der Arbeiter für ihre Befreiung entscheiden, indem wir uns der internationalen Disziplin des revolutionären Proletariats unterwerfen, rechnend auf die Verständigkeit der Arbeiter verschiedener Länder, mit ihren Kenntnissen und ihrem Willen, und auf solche Weise in der Tat (und nicht nur den Worten nach, wie Renner, Friedrich Adler und Otto Bauer) die Einigkeit des Klassenkampfes der Arbeiter für den Kommunismus in der ganzen Welt verwirklichen.

15. August 1920. N. Lenin.

Zu diesem Brief schreibt uns ein Genosse:

Noch in letzter Stunde ist eine ernste Mahnung des Wortführers des revolutionären Proletariats an die österreichische Kommunistische Partei gekommen, um sie vor einem politischen Fehler zu bewahren. Der Brief des Gen. Lenin entspricht vollständig den taktischen Richtlinien des unlängst abgehaltenen Kongresses der Dritten Internationale.

Wir verraten kein Geheimnis, wenn wir erklären, daß in unseren Reihen nicht wenige Genossen waren, die denselben Standpunkt vertreten haben, ehe die Partei den Beschluß gefaßt hat, nicht an den Wahlen zur Nationalversammlung teilzunehmen. In der Tat, es ist nicht zu begreifen, wie man auf diesen Beschluß kommen konnte, nachdem die gleichen taktischen Differenzen in der deutschen Bruderpartei eine Lösung gefunden hatten, die mit Erfolg gekrönt wurde. Unsere österreichischen Genossen selbst waren es doch die nach

«Die Rote Fahne» газетінің 1920 ж. 31 августағы 396-номерінің бірінші беті, бұл бетте В. И. Лениннің Австрия коммунистеріне хаты басылған

Кішірейтілген

бына іс жүзінде толық тәуелді, тұрлаусыз ауытқуларға ғана қабілеті бар ұсақ буржуазиялық демократтар сияқты қимылдайды. Біздер, коммунистер, буржуазиялық парламентке жұмысшылар мен еңбекшілерді алдап отырған, әбден шіріп біткен капиталистік мекеменің трибунасынан сол алдауды әшкерелеу үшін барамыз.

Буржуазиялық парламентке қатысуға қарсы австриялық коммунистердің бір дәлелі біршама көбірек көңіл бөліп талдауға тұрады. Ол дәлел мынадай:

«Парламенттің коммунистер үшін үгіт трибунасы ретінде ғана маңызы бар. Бізде, Австрияда үгіт трибунасы ретінде жұмысшы депутаттарының Советі бар. Сондықтан біз буржуазиялық парламенттің сайлауына қатысудан бас тартамыз. Германияда елеулі маңыз берерліктей жұмысшы депутаттарының Советі жоқ. Сондықтан герман коммунистері басқа тактика ұстап отыр».

Бұл дәлелді мен дұрыс емес деп есептеймін. Буржуазиялық парламентті таратып жіберу үшін әзірге күшіміз жетпей отырған кезде, біз оған қарсы сырттан да, іштен де жұмыс жүргізуіміз керек. Еңбекшілердің — тек пролетарлардың ғана емес, сондай-ақ жартылай пролетарлар мен ұсақ шаруалардың да — біршама едәуірі әлі де болса буржуазияның жұмысшыларды алдауының буржуазиялық-демократиялық құралдарына әзірше сеніп отырған кезде біз алдаушылықты *нақ осы трибунадан* түсіндіруге тиіспіз, өйткені жұмысшылардың және әсіресе пролетарлық емес еңбекші бұқараның артта қалған топтары бұл трибунаны неғұрлым елеулі, неғұрлым беделді трибуна деп есептейді.

Біздер, коммунистер, мемлекеттік өкіметті алуға және буржуазияға қарсы *еңбекшілер* Советтерінің сайлауын тек еңбекшілермен ғана өткізуге әлі де болса күшіміз жетпей отырған кезде, буржуазия әлі де болса мемлекеттік өкіметті билеп, халықтың әр түрлі таптарын сайлауға шақырып отырған кезде, біз тек пролетарлардың арасында ғана емес, барлық еңбекшілердің арасында үгіт жүргізу үшін сайлауға қатысуға міндеттіміз. «Демократия» туралы жел сөздермен финанстық айла-шарғыларды және сатып алушылықтың

сан алуан түрлерін (жазушылар, депутаттар, адвокаттар және басқалар жөніндегі сатып алушылықтың өтемөте «шебер» түрін буржуазия басқа ешбір жерде буржуазиялық парламентте жасағанындай кең түрде жасаған емес) бүркей отырып, буржуазиялық парламентте жұмысшыларды әзірше алдап отырғанда,— әзірше осылай болып отырғанда, біздер, коммунистер, *халық еркін білдіреді*-міс дейтін, ал іс жүзінде *байлардың халықты алдауын* бүркемелеуші нақ осы мекемеде алдауды ұдайы әшкерелей беруге, Реннерлер мен К^{0}-нің жұмысшыларға қарсы капиталистер жағына өтіп кетушілігі атаулының бәрін де және бірін де қалдырмай әшкерелей беруге міндеттіміз. Буржуазиялық партиялар мен фракциялардың араларындағы қатынастар көбінесе нақ осы парламентте жиі әйгіленеді және буржуазиялық қоғамның барлық таптары арасындағы қатынастар бейнеленеді. Сондықтан біздер, коммунистер, таптардың партияларға қатынасы жөнінде, помещиктердің батырақтарға, бай шаруалардың ең кедей шаруаларға, ірі капиталдың қызметшілерге және ұсақ қожайынсымақтарға, т. т. қатынасы жөнінде халыққа *шындықты* нақ осы буржуазиялық парламентте, соның ішінде жүріп түсіндіруге тиіспіз.

Капиталдың барлық жексұрын және жымысқы айла-шарғыларын түсінуді үйрену үшін, ұсақ буржуазиялық бұқараға, пролетар емес еңбекші бұқараға ықпал жасауды үйрену үшін пролетариат осының бәрін білуі *керек*. Пролетариат бұл «ғылымсыз» *пролетариат диктатурасының* міндеттерін ойдағыдай орындай алмайды, өйткені ол кезде де буржуазия өзінің жаңа позициясынан (құлатылған таптың позициясынан) басқаша формаларда, басқаша салаларда өзінің шаруаларды ақымақ ету, қызметшілерді сатып алу және қорқыту, «демократия» жөніндегі жел сөздермен өзінің құлқыншылдық, арам ниеттерін бүркемелеу саясатын жүргізе береді.

Жоқ. Австрия коммунистері Реннерлердің және ол тәріздес буржуазия малайларының табалауынан қорықпайды. Австрия коммунистері халықаралық пролетарлық тәртіпті ашық және тура мойындаудан қорық-

пайды. Жұмысшылардың өз азаттығы жолындағы күресінің ұлы мәселелерін біз революцияшыл пролетариаттың халықаралық тәртібіне бағына отырып, әр түрлі елдердің жұмысшыларының тәжірибесін есепке ала отырып, солардың білімімен, солардың еркімен есептесе отырып, осы әдіспен жұмысшылардың бүкіл дүние жүзінде коммунизм орнату жолындағы таптық күресінің бірлігін іс жүзінде (Реннерлер, Фриц Адлерлер және Отто Бауэрлер тәрізді сөз жүзінде емес) жүзеге асыра отырып шешетіндігімізді мақтаныш етеміз.

15 август, 1920 ж. *Н. Ленин*

Неміс тілінде 1920 ж. 31 августа «Die Rote Fahne» (Wien) газетінің 396-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1925 ж. Лениннің IV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ЕКІНШІ КОНГРЕСІ

7 августа Коммунистік Интернационалдың II конгресі аяқталды. Коммунистік Интернационалдың құрылғанына бір жылдан артығырақ уақыт өтті, ал осы қысқа мерзім ішінде аса зор, шешуші табыстарға қол жетті.

Бұдан бір жыл бұрын I конгресте коммунизмнің туы ғана тігілді, революцияшыл пролетариаттың күштері осы тудың төңірегіне жиналуға тиіс болған еді; пролетариатқа қарсы буржуазияның жағына өтіп кеткен және жұмысшы революциясына қарсы капиталистермен одақтасып отырған социал-сатқындарды біріктіретін Екінші, сатқын, Интернационалға қарсы соғыс жарияланып еді.

Бір жыл ішінде қандай аса зор табысқа қол жеткендігі, басқасын былай қойғанда, жұмысшылар бұқарасының коммунизмге тілектестігінің өсуі Европа мен Американың II Интернационалда болып келген аса маңызды партияларын: француз социалистік партиясын, неміс және ағылшын «тәуелсіз» партияларын, американ социалистік партиясын II Интернационалдан шығуға мәжбүр еткендігінен де көрінеді.

Дүние жүзінің барлық елдеріндегі революцияшыл жұмысшылардың таңдаулы өкілдері қазірдің өзінде коммунизм жағына шығып, Советтер өкіметін, пролетариат диктатурасын жақтап отыр. Европа мен Американың алдыңғы қатарлы елдерінің бәрінде де қазірдің өзінде коммунистік партиялар немесе көптеген

коммунистік топтар бар. Және де осы 7 августа аяқталған конгресте пролетар революциясының тек алдыңғы қатарлы жаршылары ғана емес, пролетарлар бұқарасымен байланысқан берік және күшті ұйымдардың делегаттары да топтасты. Революцияшыл пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік армиясы — міне, қазір коммунизм жағында тұрған армия осы, міне, аяқталған конгресте өзінің ұйымын, айқын, дәл, егжей-тегжейлі қимыл программасын жасап алған армия осы.

Конгресс жоғарыда аталған, II, сатқын, Интернационалдан шыққан партиялар тәрізді әлі күнге дейін өз іштерінде «меньшевизмнің», социал-сатқындықтың, оппортунизмнің ықпалды өкілдерін сақтап отырған партияларды дереу Коммунистік Интернационалға қабылдаудан бас тартты.

Конгресс әбден айқын тұжырымдалған бірсыпыра қарарларында оппортунизмге қандай да болсын жол берушілікті қабылдамай тастады, одан сөзсіз ажырасуды талап етті. Және конгресте айтылған күмәнсыз деректер жұмысшы бұқарасының біздің жағымызда екендігін, енді оппортунистердің ақырына дейін жеңілетіндігін көрсетті.

Конгресс кейбір елдерде қалайда коммунистерден «солға» қарай ауытқығысы келетіндердің, буржуазиялық парламенттерде, реакциялық кәсіподақтарда, капиталистер және олардың жұмысшы ортасынан шыққан малайлары, яғни Екінші, сатқын, Интернационалдың мүшелері миллиондаған жұмысшылардың әлі күнге дейін басын айналдырумен келе жатқан жерлердің бәрінде жұмыс жүргізудің қажеттігін теріске шығарушылардың жіберген қателіктерін түзеді.

Конгресс бүкіл дүние жүзіндегі коммунистік партиялардың бұрын болып көрмеген топтасқандығы мен тәртібін орнатты, бұл топтасқандық пен тәртіп жұмысшы революциясының авангардына өзінің ұлы мақсатына қарай, капитал езгісін құлатуға қарай қарышты қадаммен алға басуға мүмкіндік береді.

Конгресс, жұмысшы әйелдердің сол конгреспен бір уақытта ұйымдастырылған халықаралық конференция-

сының арқасында, коммунистік әйелдер қозғалысымен байланысты пығайтады.

Тонаушы ұлттардың «цивилизациялы» одағы айуандықпен тонап, зорлық-зомбылық істеп, құл етіп отырған Шығыстың, отар елдер мен артта қалған елдердің коммунистік топтары мен партиялары конгреске басқалармен тең дәрежеде өкіл жіберді. Европа мен Америкада капиталға қарсы күресте жұмысшылар және сол капитал езгісіне ұшырап отырған жүздеген миллион «отарлық» құлдар толық, тығыз бірлеспейінше, алдыңғы қатарлы елдердегі революциялық қозғалыс іс жүзінде құр алдау болған болар еді.

Жұмысшылар мен шаруалардың Советтік республикасы помещиктер мен капиталистерді, Юденичтерді, Колчактарды, Деникиндерді, ақ поляктарды, олардың көмекшілері — Францияны, Англияны, Американы, Жапонияны соғыста мықтап жеңіп отыр.

Біз бұдан да ұлы жеңіске жеттік — жұмысшылардың, еңбекшілердің, капитал езген бұқараның ақыл-ойы мен жүрегін өзімізге қаратып алдық, бүкіл дүние жүзінде коммунистік идеялар мен коммунистік ұйымдар жеңіп шықты.

Пролетариат революциясы, капитализм езгісін құлату ісі жер жүзінің барлық елдерінде болып жатыр және бола береді.

«Коммунистка» № 3—4, август — сентябрь, 1920 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Коммунистка» журналының тексті бойынша басылып отыр

«ДЕЙЛИ-НЬЮС» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ СЕГРЮ МЫРЗАҒА ЖАУАП

1920 ж. 3 сентябрьде телеграф арқылы қойған сұрағыңыз[115] жөнінде сізге хабарлайтыным: Дитман сияқты неміс «тәуелсіздерінің» оң қанаты тарапынан большевизмге шүйлігушілік мені таңдандырмайды. Мен Коминтерннің Москвада өткен конгресінде сөйлеген сөзімде* Криспиннің идеялары нағыз каутскийшілдік идеялар екенін дәлелдегенмін. Криспин мен Дитман сияқты каутскийшілдердің большевизмге наразы болуы табиғи нәрсе. Егер мұндай адамдар бізге ырза болса, онда бұл қынжыларлық нәрсе болар еді. Біздің меньшевиктерге мейлінше ұқсас Дитман сияқты ұсақ буржуазиялық демократтардың пролетариат пен буржуазия арасындағы шешуші күресте екінің бірінде буржуазия жағында болып шығатыны табиғи нәрсе. Дитман атып тастаушылыққа ашу шақырады, бірақ мұндай жағдайларда меньшевиктерді атушы революцияшыл жұмысшылар екендігі және Дитманға мұның онша ұнай қоймайтындығы табиғи нәрсе. Егер III, Коммунистік Интернационал өз қатарына неміс, француз Дитмандарының немесе қандай да болсын басқа бір Дитмандардың енуіне жол беретін болса, онда ол жаман Интернационал болар еді.

Егер сіз француз, герман және британ жұмысшылары делегацияларының есептері большевизмге бүкіл антибольшевиктік насихаттан да гөрі көбірек зиян кел-

---

* Қараңыз: осы том, 271—278-беттер. *Ред.*

тірді деп санайтын болсаңыз, онда мен осыдан шығатын қорытындыны ықыласпен қабыл аламын.

Кәне, сіз барлық елдердің антибольшевиктік буржуазиясы атынан, мен Россия Советтік республикасы атынан шарт жасасайық. Осы шарт бойынша барлық елдерден біздің Россияға жұмысшылар мен ұсақ шаруалардан (яғни еңбекшілерден, өз еңбегімен капиталға пайда түсіретіндерден) делегациялар жіберілетін болсын да, әрбір делегация Россияда екі айдай тұратын болсын. Егер мұндай делегациялардың есептері антибольшевиктік насихат ісі үшін пайдалы болса, онда оларды жіберуге жұмсалған шығындардың бәрін халықаралық буржуазия өз мойнына алуға тиісті болсын. Бірақ дүние жүзінің барлық елдерінде де бұл буржуазияның өте-мөте әлсіздігін және жарлылығын, ал Россияда біздің бай және күшті екендігімізді ескеріп, шығындардың $^3/_4$ бөлігін Совет үкіметі көтеретін болуын, тек $^1/_4$ бөлігі ғана барлық елдердің миллионерлеріне жүктелетін етіп жеңілдік берілетін болуын Совет үкіметінен сұрап әперуге мен келісейін.

Өз телеграммаңызда өзіңізді адал журналиспін деп атаған сіз Совет республикасы мен халықаралық буржуазия арасындағы осындай шартты, әлбетте, антибольшевиктік насихаттың мүдделері үшін, қай жерде және қай уақытта болса да насихаттаудан бас тартпассыз деп сенемін.

Ленин

8. IX. 1920 ж.

«Правда» № 202 және «Известия ВЦИК» № 202, 12 сентябрь, 1920 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IX КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[116]

22—25 СЕНТЯБРЬ, 1920 ж.

Российская Коммунистическая Партия (большевиков).

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ЛИЧНАЯ АНКЕТА.

ДЛЯ ДЕЛЕГАТОВ ВСЕРОССИЙСКОЙ ПАРТИЙНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ Р. К. П. БОЛЬШЕВИКОВ.

1. Имя, отчество и фамилия Владимир Ильич Ульянов

2. № делегатского билета совещательный / решающий нет еще было ~~27~~

3. Какой организацией делегирован Цека

4. Возраст 50 л.

5. Образование высшее

6. Бывшая профессия (указать вполне определенно) или какие специальности знаете литератор

7. Национальность русский

8. С какого времени состоите членом Р. К. П. (год, месяц) 1893, формально 1898

9. Какую партийную работу исполняете сейчас член Цека

10. Какую советскую работу исполняете сейчас пр. СНК. и пр. Сов. О.

11. В каких Профессиональных Союзах состоите сейчас ни в каком

12. Принадлежали-ли к какой либо партии до вступления в Р. К. П., когда, сколько времени нет

Подпись В. Ульянов (Ленин)

20. IX дня, 1920 года.

1
РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ 22 СЕНТЯБРЬДЕГІ САЯСИ ЕСЕБІ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Польшамен соғыс, дұрысырақ айтқанда, июль-август науқаны, халықаралық саяси жағдайды түбірімен өзгертіп жіберді.

. Поляктардың бізге шабуыл жасауы алдында сол кезде қалыптасқан халықаралық қатынастарға тән бір оқиға болды. Біз январь айында Польшаға, ол үшін аса тиімді, біз үшін өте-мөте тиімсіз бітім ұсынғанымызда,— барлық елдердің дипломаттары мұны: «большевиктер шектен тыс көп кеңшілік жасап отыр,— демек, олар шектен тыс әлсіз болғаны» деп өздерінше түсінді. Біздің ашық түрде тура мәлімдейтін жаңа дипломатиямыздың тәсілдерін буржуазиялық дипломатия түсіне алмайды деген ақиқат тағы да расталды. Сондықтан біздің ұсыныстарымыз Польшада, Францияда және басқа елдерде құтырынған шовинизм толқынын ғана тудырды және Польшаны бізге қарсы шабуылға шығуға итермеледі. Польша әуелі Киевті басып алды, содан соң біздің әскерлер, қарсы соққы бере отырып, Варшаваға жақындады; бұдан әрі күрт өзгеріс болып, біз жүз шақырымнан да көп кері шегініп кеттік.

Осының нәтижесінен туған сөзсіз ауыр жағдай, алайда, біз үшін тіпті де жалаң ұтылыс болып табылмайды. Біз дипломаттардың бізді әлсіз деген есебін мейлінше жоққа шығардық және Польша бізді жеңе алмайтындығын, ал біздің Польшаны жеңуіміз алыс емес екендігін, қазір де солай екендігін дәлелдедік. Содан соң, жүздеген шақырым жерді біз қазірдің өзінде жеңіп

алып отырмыз. Ақырында, біздің Варшаваға қарай жылжуымыз Батыс Европаға және бүкіл дүние жүзілік жағдайға өте күшті әсер еткендігі соншалық, күресіп жатқан ішкі және сыртқы саяси күштердің арасалмағын мүлдем бұзып жіберді.

Біздің армияның Варшаваға жақындауы Версаль шартына негізделген дүние жүзілік империализмнің бүкіл системасының орталығы осы Варшаваға жақын жерлердің бірінде жатқандығын талассыз дәлелдеді. Польша — большевиктерге қарсы соңғы тірек, тұтасымен Антантаның қолында отырған бұл тіректің әлгі системаның құдіретті факторы болып табылатындығы соншалық, Қызыл Армия сол тірекке қауіп төндірген кезде бүкіл система солқылдап қоя берді. Совет республикасы халықаралық саясатта бірінші дәрежелі маңызы бар факторға айнала бастады.

Туып отырған жаңа жағдайға бәрінен бұрын әсер еткен орасан зор маңызы бар факт сол, Антанта езгісіндегі елдердің буржуазиясы қайта біздің жағымызда екендігін көрсетті,— ал бұл елдерде жер бетіндегі бүкіл адамзаттың 70 проценті тұрады. Антантаның қамқорлығында ащының дәмін татуына тура келіп отырған, өздеріндегі большевиктерді дарға асып жатқан кіші мемлекеттердің (Эстонияның, Грузияның және басқалардың) Антантаның еркінен тыс бізбен бітім жасасып жатқанын біз бұрын да көргенбіз. Енді әлемнің барлық түкпірлерінде де бұл ерекше күшпен көрінуде. Біздің әскерлердің Варшаваға жақындауына байланысты бүкіл Германия дүрлікті. Онда 1905 жылы бізде болған көріністерді көруге болатын еді; ол кезде қаражүздіктер бүгін большевиктерге қарсы шығып, ертеңінде помещиктерден барлық жерді талап еткен шаруалардың қалың, неғұрлым артта қалған топтарын саяси өмірге көтерген, шақырған болатын. Біз Германияда да қаражүздіктердің большевиктермен осындай ерсі блогын көрдік. Қаражүздік-революционердің бір таңқаларлық типі пайда болды, бұл тип Шығыс Пруссия деревнясының санасы жетілмеген бір жігітіне ұқсас, жуырда мен немістің большевиктік емес бір газетінде ол жігіттің былай дегенін оқыдым: Вильгельмді

қайта әкелуге тура келеді, өйткені тәртіп болмай кетті, ал енді большевиктердің соңына еруіміз керек.

Біздің Варшава түбінде болуымыздың тағы бір нәтижесі — Европаның, әсіресе Англияның революциялық қозғалысына айрықша күшті әсер еткеніміз. Біз Польшаның Висланың арғы жағындағы және Варшавадағы өнеркәсіп пролетариатына жете алмағанымызбен (біздің жеңілісіміздің басты себептерінің бірі міне осы), біз ағылшын пролетариатына жеттік және оның қозғалысын бұрын болып көрмеген дәрежеге, революцияның мүлдем жаңа сатысына көтердік. Ағылшын үкіметі бізге ультиматум қойғанда, алдымен оның бұл туралы ағылшын жұмысшыларынан сұрауына тура келді. Ал ағылшын жұмысшылары көсемдерінің оннан тоғызы қаскүнем меньшевиктерден тұрса да, бұған «Қимыл комитетін»[117] құруымен жауап берді.

Ағылшын баспасөзі абыржып, бұл —«қос өкімет» деп айқай салды. Мұнысы рас та еді. Англия саяси қатынастардың 1917 жылғы февральдан кейін Россияда болған сатысына, Советтер буржуазиялық үкіметтің әрбір адымын бақылап отыруға мәжбүр болған сатысына тап болды. «Қимыл комитеті» дегеніміз партиялардың айырмашылығына қарамастан барлық жұмысшыларды біріктіру еді, бұл да Гоц, Дан және басқалар билеп-төстеп тұрған кездегі біздің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне ұқсас біріктіру еді,— мұндай бірлестік үкіметпен бәсекелеседі және мұнда меньшевиктер жарым-жартылай большевиктерше қимыл жасауға мәжбүр болады. Және ақырында келіп шатысып, бұқараны бізге әкелуге көмектескен біздегі меньшевиктер тәрізді, «Қимыл комитетіндегі» меньшевиктер де, оқиғалардың сөзсіз даму барысында ағылшын жұмысшы бұқарасына большевиктік революцияға жол ашып беруге мәжбүр болады. Хабардар адамдардың айтуына қарағанда, ағылшын меньшевиктері қазір өздерін үкімет деп санайтын көрінеді және таяу уақыттың ішінде буржуазиялық үкіметтің орнын басуға әзірленіп жатқан көрінеді. Мұның өзі ағылшын пролетарлық революциясының жалпы процесіндегі келесі саты болмақшы.

Ағылшын жұмысшы қозғалысындағы осы зор алға басу дүние жүзілік жұмысшы қозғалысына және ең алдымен Францияның жұмысшы қозғалысына айрықша күшті әсер етуде.

Польшадағы біздің соңғы жорығымыздың халықаралық саясаттағы және Батыс Европада қалыптасып келе жатқан қатынастардағы қорытындылары осындай.

Енді біздің алдымызда Польшамен не соғысу, не бітімге келу мәселесі тұр. Біздің өзімізге ауыр тиетін қысқы жорыққа жолағымыз келмейді, сондықтан Польшаға тағы да ол үшін тиімді, біз үшін тиімсіз бітім ұсынып отырмыз. Бірақ буржуазияшыл дипломаттар, ескі әдеттері бойынша, біздің ашық мәлімдемемізді тағы да әлсіздіктің нышаны деп қарауы мүмкін. Олар қысқы жорықтың тағдырын күн ілгері шешіп те қойған тәрізді. Сондықтан бұл арада біз болуы ықтимал жаңа соғыс кезеңіне енуімізге тура келетін жағдайларды анықтап алуымыз керек.

Біздің жеңіліске ұшырауымыз Батыс Европада белгілі өзгерістер туғызды және бізге дұшпан әр текті элементтерді бізге қарсы топтастырды. Бірақ біз өзімізге қарсы бұдан да күшті құрамалар мен пиғылдарды талай рет көргенбіз, алайда олар істі шеше алмаған.

Біз өзімізге қарсы Польшаның, Францияның және Врангельдің блок жасағанын көріп отырмыз, Франция осы блокқа үміт артады. Алайда бұл блок ескі дертке — оның элементтерінің ымыраға келе алмау, қаражүздік Россияға және мұның өзіне лайық өкілі Врангельге Польшаның ұсақ буржуазиясының үрейлене қарау дертіне шалдыққан. Ұсақ буржуазиялық, патриоттық Польша, Поляк социалистік партиясы, Людова партиясы, ауқатты шаруалар партиясы,— бітімді қалайды. Бұл партиялардың өкілдері Минскіде былай деген: «Варшаваны және Польшаны аман сақтап қалған Антанта емес екенін біз білеміз,— ол бізді аман сақтай алмайтын еді,— ал оны сақтап қалған — патриоттық өрлеу». Бұл сабақтар ұмытылмайды. Соғыстан шыққанда финанс жағынан мүлдем күйзеліп шығатынын поляктар айқын көріп отыр. Соғыс үшін төлеу керек қой, ал Франция «қасиетті жеке меншікті» мойындай-

ды. Соғысқа дейін де Польшаның жағдайы дағдарыс қарсаңында болғанын, соғыс одан әрі күйзеліске ұшырататынын ұсақ буржуазиялық партиялардың өкілдері біледі, сондықтан да олар бітімді артық көріп отыр. Біз Польшаға бітім ұсынғанда осы мүмкіндікті пайдаланғымыз келеді.

Тағы да бір аса маңызды жаңа фактор табылып отыр, бұл — поляк армиясының әлеуметтік құрамының өзгеруі. Біз Колчак пен Деникинді олардың армияларының әлеуметтік құрамы өзгергеннен кейін, негізгі берік кадрлары мобилизацияланған шаруа бұқарасына араласып кеткеннен кейін ғана жеңген болатынбыз. Осы процесс қазір поляк армиясында да жүріп жатыр, үкімет бұл армияға неғұрлым қатал, империалистік соғысты бастан кешірген шаруалар мен жұмысшылардың ересек жастағыларын шақыруға мәжбүр болды. Қазірдің өзінде бұл армия «илеуге» оңай көнетін балашағалардан емес, не болса, соған үйрете беруге болмайтын ересектерден құралған. Польша алғашқы кезде максимум жеңіске жете алатын, ал одан соң максимум жеңіліске ұшырауы мүмкін шектен қазірдің өзінде асып кетті.

Егер қысқы жорық пешенемізге жазылған болса, онда біз, титықтағанымызға, шаршап-шалдыққанымызға қарамастан, жеңеміз, мұнда күмән жоқ. Бұған біздің экономикалық жағдайымыз да кепіл болады. Экономикалық жағдайымыз едәуір жақсарды. Біз бұрынғыға қарағанда берік экономикалық база жасап алдық. Егер 1917—1918 жылы біз 30 миллион пұт, 1918—1919 жылы 110 миллион пұт, 1919—1920 жылы 260 миллион пұт астық жинаған болсақ, біз алдағы жылы 400 миллион пұтқа дейін жинамақшымыз. Бұл цифрлар ашаршылық жылдары өзімізді сергелдеңге салған цифрлар емес. Біз миллиардтап төгілген түрлітүсті қағаз ақшаларға енді зәреміз ұша қараудан құтыламыз және қазір сол қағаздардың ескі-құсқы буржуазиялық кебенектің жалба-жұлба жұрнағы екені айқын болып отыр.

Бізде жүз миллион пұттан астам мұнай бар. Донецк бассейні қазірдің өзінде бізге ай сайын 20—30 мил-

лион пұт көмір береді. Ағаш отын жөнінде де жағдай едәуір жақсарды. Ал өткен жылы біз мұнайсыз және көмірсіз, тек қана ағаш отынға қарап қалып едік.

Осының бәрі, егер біз күштерімізді жинасақ және оларды жұмылдырсақ, жеңіс біздің жағымызда болады деуге право береді.

«Правда» № 216 және «Известия ВЦИК» № 216, 29 сентябрь, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

2
ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ 24 СЕНТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, меніңше, жарыс сөзде жасалған кейбір мәлімдемелер мен тіпті кейбір сөздерге тоқталып өтудің керек болатын себебі — бұлар енді тек қажығандықты ғана емес, оның үстіне ызалануға дейін барып, сондықтан тым артық кетушілікке ұрындыратын әбден қажығандықты айқын көрсетіп отыр. Мен мұны демагогия дей алмас едім. Әбден шаршап, қажығандық ызалануға әкеліп соқты. Лутовинов пен Бубновтың сөйлеген сөздері едәуір дәрежеде осындай болды, бұл сөздерде демагогиядан гөрі әбден қажығандық көп болды. Менің ойымша, әбден қажығандық Медведевтің мәлімдемесіне де аздап әсер етті. Ол: «Енді сіздер бәріңіз де жағымсыз құбылыстар бар деп айта бастадыңыздар, ал бұрын сіздер мұны бекерге шығарып келген едіңіздер, сіздер өтірік айтып келген едіңіздер» деді. Менің ойымша, бұл түсіндіру онша дұрыс емес, тіпті мүлде дұрыс емес. Жағымсыз құбылыстар, шынында, бар, олар жайында біз айтып жүрміз,— бұл құпия бола қоймаған болар. Жалпы жағдайдың соншалық ауыр екені де, бұл мәселені арнайы қою үшін бұрын партияға уақыт та, мүмкіндік те тауып бере алмағанымыз да күмәнсыз. Бұл мәселені біз қазір де әрең қойып отырмыз, өйткені біз осында саяси әңгімемізде талқылаған мүмкіндік,— қысқы жорықты болдырмау мүмкіндігі — мүлде аз. Менің бұрын көрсеткенімдей, республиканың жалпы жағдайының жақсарғаны соншалық, қазір біздің мәселені зор байсалдылықпен тал-

қылауға мүмкіндігіміз бар: Колчак пен Деникин шабуылы кезінде бірнеше рет қойғанымыздай, біз қазір конференцияны мезгілінен ерте тоқтату туралы мәселе қоймаймыз. Партия съездерінің аяқталуын күтпей, толып жатқан жауапты қызметкерлердің тура съезден майданға жүріп кеткен кездері де болған. Біздердің съездерді сирек шақыратын болып, аса маңызды мәселелер туралы съездерде сирек әңгіме ететін болып көрінуіміз мүмкін,— ал бұрын біз сирек шақырылған съездің өзін аяқтай алмайтын едік. Қалай болғанда да, қазір біз мынадай жағдайдамыз: өзімізді тежемей, қазіргі әңгімелерді аяқтай аламыз және аяқтауға тиіспіз. Мен тағы бір-екі ауыз сөзбен айтқым келген нәрсе, Калининнің істі маркстік тұрғыдан пайымдамақ болып айтқан пікірлеріндегі кейбір әрекеттер, меніңше, қайта марксизмнен тіпті аулақ кетті, менің ойымша, Москва комитетінің қарары — мұны сіздердің бәріңіз, әрине, оқыдыңыздар және ол шағын кітапша болып шықты, «Правда» газетінде басылды — және Орталық Комитеттің хаты мәселені дұрыс, маркстік тұрғыдан қойды.

Менің бірнеше жол материал оқып бергім келеді, бұл жолдарды Москва қарары мен Орталық Комитет хатының орнына емес, оларға қосымша материал* ретінде комиссияға (егер комиссия сайлау керек деп ұйғарылатын болса) ұсынар едім. Москва комитетінің қарары, меніңше,— ал бұған жұрттың бәрі дерлік келіседі — мәселені дұрыс баяндайды. Мен осы бірнеше сөзді оқып беріп, осы сөздер жөнінде аздап пікір айтқым келеді. Бұл қосымша мынадай: «Совет республикасы өмір сүре бастаған алғашқы жылдарда оның жағдайының адам айтқысыз ауыр болуы, шектен тыс күйзелушілік пен аса зор соғыс қаупі «екпінді» (сондықтан да іс жүзінде пұрсатты жағдайдағы) ведомстволар мен қызметкерлер топтарын ерекшелемей қоймады. Мұның өзі болмай қоймайтын нәрсе еді, өйткені осындай ведомстволарға және осындай қызметкерлер топтарына күштер мен құралдарды шоғырландырмайынша, күйзелген елді сақтап қалуға болмайтын еді, бұларды нығайтпа-

---

* Қараңыз: осы том, 318—319-беттер. *Ред.*

ған болсақ, бүкіл дүние жүзінің империалистері бізді сөзсіз жаныштаған болар еді, сөйтіп біздің Советтік республикамыздың тіпті шаруашылық құрылысқа кірісуіне де жол бермеген болар еді...».

Мамандар жөнінде біз осында тым қызу шенеулер айтылғанын естідік. Кутузов жолдастың сөзінен: пролетариат Советтік Россиядан жағдайдың жақсаруын көрген жоқ, қайта, көбінесе нашарлағанын көрді деген шындық байқалды. Бұл әділетті пікір. Бірақ, мысалы, Венада, совет үкіметі жоқ жерде, бұл нашарлаудың дәл біздегідей екенін, сонымен бірге рухани қорлаушылықтың жүз есе көп екенін түсініп алу керек. Алайда бұқара мұны түсіне алмайды. Кейбіреулердің бізден: екі жыл ішінде сіздер не алдыңыздар? — деп сұрайтыны түсінікті. Ал мамандарға наразылық соншалық кең тарап отырғаны да түсінікті. Мамандар керек пе немесе керек емес пе деген мәселе жөніндегі күрестің бірінші орында тұрып келгені де түсінікті. Бірақ біздің мынаны ұмытпауымыз керек: мамандар болмаса, біздің армиясыз қалуымыз да ықтимал еді. Мұнысыз біз Венгрия мен финн жұмысшылары душар болған жағдайға ұшыраған болар едік. Мәселе, міне, осылай қойылып отыр. Бұл мамандарсыз біз белгілі дәрежеге көтерілуімізге мүмкіндік берген қарапайым шараларды да жүзеге асыра алмаған болар едік — бұл туралы мен өзімнің саяси баяндамамда айтып өттім. Егер біз мамандар жөніндегі істі жолға қоя алмаған болсақ, біз бұған жете алмаған болар едік, біздің келесі басқышқа өтуіміз мүмкін болмас еді. Ал қазір, біз ол мамандарды өз қолымызға алып, жұмысқа жұмылдырып отырған кезде, біз олардың бізден кетпейтінін, қайта, керісінше, олардың бәрінің бізге келіп жатқанын біліп отырған кезде, енді біз партия мен армияда демократияландыруды көтере аламыз. Мен одан әрі оқимын (қарарды оқиды)...

Бірінші пункт (оқиды*). Бұл арада қосымша бар. Томский жолдас біздің де талай рет айтқанымызды дәлел етіп, — ортаны көтеру керек, жоғарғы

---

* Қараңыз: осы том, 319-бет. *Ред.*

топтағылар шаршады, орташаға жол берейік деді. Мұны бірден жүзеге асырудың сәті түспеді, бірақ жаңа, бәлкім жиырмасыншы, әрекеттен кейін сәті түсер. Мұнысыз Советтік Россияның жағдайынан үміт күтуге болмас еді. Алайда біз ол жағдайдан үміт күтуге болатындығын білеміз, өйткені бізде жаңадан өсіп келе жатқан элементтер бар. Егер алғашқы әрекеттердің сәті түспесе, біз келесі әрекеттерімізді істейміз.

Екінші пункт (оқиды)*. Бұл арада сын бостандығы шабдалы жеу еркіндігіне сәйкес келе ме?— деген зәрлі сұрақ қойылды[118]. Комиссия жасаған ұсыныстарға негізделген, болуы мүмкін кепілдіктердің менде бір өлшемі бар. Елге қауіп төнген, Колчак Волгаға дейін, ал Деникин Орелға дейін жеткен кезеңдерде ешқандай бостандықтар болуы мүмкін емес. Бұл арада ол туралы өкінбеу керек. Бірақ соғыс жағдайы қазір де нашар, соғыс қуанышының қаншалық алдамшы екенін біз бәріміз көріп отырмыз. Біз бұл мәселені күн тәртібіне қоюға тиіспіз. Бірақ соғыс қаупі төнген кезеңдерде басқаша істемейміз деп уәде беруге болмайды. Ол кезде тағы да барынша күш салу керек болады және ешқандай сөз болмауы керек: тек белді бекем буып, барлық күшті жұмсау керек. Біз мұны істемейміз деп ешбір уәде бермейміз, сондықтан бізде итальян жеңісі болмай тұрғанда, біз де уәде беруге тиіс емеспіз. Шабдалы туралы менің берер жауабым осы.

Үшінші пункт (оқиды)*. Бұл арада Преображенский жолдас та Зиновьев көтерген мәселені көтерді: регламентация орынды ма және регламентация деп нені түсіну керек? Мен бұл мәселені ашық қалдырамын, өйткені комиссияда бұл мәселе егжей-тегжейлі қаралатын болады. Регламентация деп егжей-тегжейлі пункттерді түсіну керек пе әлде ерекше мекемелер құруды түсіну керек пе, бұл комиссияда белгілі болады.

Төртінші пункт (оқиды)*. Осында баяндамашы жолдас бұл мәселені комиссия көтерді, бірақ оны көпшілік қабылдамай тастады деп көрсетті. Менінше —

---

* Қараңыз: осы том, 319-бет. *Ред.*

мен оны тек өз атымнан ғана ұсынамын — меніңше, қабылдамай тастамау керек, егер бірден қабылдауға болмаса, онда қалай болғанда да әуелі ойластырып алу керек. Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросында 500 шағым жатқаны осында айтылды. Ұйымдастыру бюросы ондаған мың адамды бөлуге тиіс. Оның үстіне, Ұйымдастыру бюросының әлденеше совет лауазымы жүктелмеген бірде-бір мүшесі жоқ. Мұндай жағдайда қараңғыда қарманғандай болып жұмыс істеуге тура келеді, сондықтан мұндай жағдайда мәселені тек түйсікпен ғана болмаса, басқаша шешуге болмайды, ал түйсікпен мәселені тек тәжірибелі адамдардың ғана дұрыс шешуі мүмкін, соның өзінде олардың да талай қателесуіне тура келеді. Осындай жағдайларды ескере отырып, біз кем дегенде 15 жыл стажы бар, партияның сеніміне ие болған, әділеттілігімен көзге түсіп, бұл істе көмек көрсете аларлық, сонымен қатар, съезде сайланатын болғандықтан, тәуелсіздігі жағынан Ұйымдастыру бюросынан да гөрі жоғары тұратын адамдарды іздеп тапқымыз келеді. Меніңше, бұл қадамды жасауға болады. Орталық Комитеттің жұмысын бөгеу, шешімді тоқтату мүмкін емес. Бұған тосқауыл боларлық ерекше кепілдік жоқ, сондықтан оны ұсынуға болмайды. Неміс жұмысшы партиясында бұрын да бақылау комиссиясы болған. Мұның өзі біздің соғыс жағдайымызда қаншалық мүмкін болады — бұған кепілдік беруге болмайды. Бірақ қалай болғанда да біз бұл қадамды жасай аламыз, сондықтан Орталық Комитет осы жолға түсті.

Орталық Комитеттің хатында былай делінген: «...барлық губерниялық комитеттер жанынан неғұрлым әділетті және ұйымның жаппай сеніміне ие болған жолдастардан арнаулы партия комиссиялары ұйымдастырылуға тиіс, тиісті шағымдар соларға түсіп тұруға тиіс». Мұнда әділетті жолдастар туралы айтылады. Айбынды қызмет үшін — әскери қызмет үшін де, шаруашылық қызметі үшін де, ұйымдастыру қызметі үшін де — көбінесе жігерлі адамдар өте қажет, өйткені барынша жігерлі болмайынша, олар көп күш жұмсай алмайды және азап шегіп қалжыраған елде кезекте тұрған асығыс міндетті шеше алмайды. Мүмкін, бұған,

қайта, үлкен әкімшілік қабілеттері болмаса да, зор өмір тәжірибесі бар адамдар керек болар. Біздің бұларды бүкіл Россиядағы әрбір губерниядан табатынымызға мен күмәнданамын, ал егер қазір губерниялық комитеттер жанынан құру ұйғарылып отырған және сіздер құратын комиссиялардың тәжірибесі,— егер бұл тәжірибе сәтті болмаса, біздің бүкіл ісіміз сәтсіздікке ұшырады деп ұйғармаңыздар. Съезден съезге дейін тұрақтай алатын жолдастар бізде әрбір губерниядан жеткілікті мөлшерде табылмауы мүмкін. Ал егер губерниялардан біз оларды таппасақ, онда орталықтан өмір тәжірибесі бар ұстамды жолдастарды біз таба аламыз. Сондықтан мен біз бұл мекемеден бас тартпауға тиіспіз деп ойлаймын.

Кейбіреулердің: бұл мекеменің өмір сүре алатындығына кепілдік қайда?— деуі мүмкін. Біз, жалпы айтқанда, жан-жақты сын бостандығының да, тағысын-тағылардың да болуы мүмкін емес қиын-қыстау азамат соғысы жағдайында отырмыз. Бізде бұдан басқасы да жетіп жатыр, соғысты тоқтату үшін барлық күшімізді жұмсауымыз керек. Егер соғыс жағдайлары басқаша қалыптасқан болса, онда жағдай басқаша болар еді. Қазіргі жағдайда біз оншама көп нәрсені қамтамасыз ете алмаймыз; сондықтан біз былай деп тура айтамыз: бұл мәселені іс жүзінде реттеу үшін Орталық Комитетке сеніп қалуға болмайды, өйткені оған жүктелген жұмыс көп, тіпті басынан асып жатыр. Орталық Комитеттің көптеген орындалмаған немесе асығыс орындалған істер жөнінде өзін қарыздармын деп сезінбейтін ең болмағанда бір мүшесі табыла ма екен?— мен мұны білмеймін,— мен мұны өзіме қарап айта аламын. Осы комиссияны құрудан, жолдастар тобын құрудан басқа бұл істі орындаудың неғұрлым нақты кепілін мен ойлап таба алмаймын, өйткені ол комиссия түгелдей осы іске жұмыла алар еді, сөйтіп Орталық Комитеттің де, Ұйымдастыру бюросының да, Саяси бюроның да бірде-бір мүшесі байыбына жете алмайтын іспен шұғылданып, өзінің мүлде дербес болатындығына сенімді бола алар еді. Мүмкін, біз ілгері қарай қадам жасап, астық дайындауды 60 млн. пұттан 260 млн. пұтқа дейін арт-

тырып, практика жүзінде істің байыбына жетіп отырған шығармыз,— бірақ мұның өзі шаршап қалжырамаған Қызыл Армиямыз болуы үшін, «ашыққаннан басқа Қызыл Армиядан не жақсылық көрдік» дейтін жұмысшылар болмауы үшін, орташалар көмектеспейтін, әбден сілікпесі шыққан жоғарғы топтағылардың болмауы үшін дегенмен жеткіліксіз болды. Бірақ біз дегенмен бұл қадамды жасадық — мұның мәнісі осыншама діңкеміз құрып шаршағанның өзінде жұрттың жаппай шаршаудан тыңаюға бет алып, біз бір үзім қатқан нан туралы мәселені талқылаудан неғұрлым жоғары міндеттерге көше алатын кезең басталады деген сөз, ал бұл міндеттер біздің алдымызда тұр және біз бәріміз де сөзсіз соларды шешумен шұғылданамыз.

Бірінші рет, стенограмма бойынша басылып отыр

3
ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Орталық Комитеттің хаты мен Москва комитеті қарарының орнына емес, оларға қосымша *материал ретінде:*

Советтік республика өмір сүре бастаған алғашқы жылдарда оның жағдайының адам айтқысыз ауыр болуы, шектен тыс күйзелушілік пен аса зор соғыс қаупі «екпінді» (сондықтан да іс жүзінде пұрсатты жағдайдағы) ведомстволар мен қызметкерлер топтарын ерекшелемей қоймады. Мұның өзі болмай қоймайтын нәрсе еді, өйткені осындай ведомстволарға және осындай қызметкерлер топтарына күштер мен құралдарды шоғырландырмайынша, күйзелген елді сақтап қалуға болмайтын еді, бұларды нығайтпаған болсақ, бүкіл дүние жүзінің империалистері бізді сөзсіз жаныштаған болар еді, сөйтіп біздің Советтік республикамыздың тіпті шаруашылық құрылысқа кірісуіне де жол бермеген болар еді.

Осы жағдай, капиталистік және жеке меншікшілдік әдеттер мен пиғылдардың оңай жойыла қоймайтын мұрасына байланысты, жүзеге асыру жолындағы күреске бүкіл партияның назарын аударған үстіне аудара түсу қажеттігін көрсетіп береді...*

... жоғарыда айтылған принципті мәселелер жөнінде партияның бірауызды шешімдері тек қағаз жүзінде ғана қалып қоймауы үшін практикалық, іскерлік ке-

* Қолжазбаның бір беті сақталмаған. *Ред.*

пілдіктердің қажеттігі. Сондықтан конференция Орталық Комитетке төмендегілер жөнінде дереу қаулы алуды, оларды жүзеге асыруды, оның үстіне партияның таяудағы съезіне бұларды қуаттау жөнінде ұсыныс жасауды тапсырады:

(1) партия мүшелерінің талапкерлігін арттыру жөніндегі басқа шаралармен қатар партия мүшелерінің жиналыстарын неғұрлым жиі және неғұрлым кең түрде өткізіп тұру сөзсіз міндетті болсын;

(2) партияның қателерін неғұрлым жүйелі түрде, кең түрде сынауды және жалпы алғанда партия ішінде сынды жүзеге асыра алатын әдеби органдар (айтыс листоктары, т. б.) ұйымдастырылсын;

(3) бір жағынан, «мамандар» мен жауапты қызметкерлердің және, екінші жағынан, бұқараның арасындағы (тұрмыс жағдайларындағы, табыс мөлшеріндегі және басқалар жөніндегі) теңсіздікті жою жөніндегі — демократизмді бұзатын, партияның ыдырауының және коммунистер беделінің төмендеуінің көзі болып табылатын теңсіздікті жою жөніндегі шаралар туралы барынша дәл практикалық ережелер белгіленсін;

(4) Орталық Комитетпен қатар бақылау комиссиясын құру қажет деп танылсын, бұл комиссия партиялық әзірлігі неғұрлым мол, неғұрлым тәжірибелі, әділетті және партиялық бақылауды қатаң жүзеге асыра алатын жолдастардан құралуға тиіс. Партия съезі сайлайтын бақылау комиссиясы әр түрлі шағымдарды қабылдап, оларды қарап шешуге, шешкенде Орталық Комитетпен келісе отырып, керек болған реттерде онымен жалпы бірлескен мәжілістер құра отырып немесе мәселені партия съезіне ұсына отырып шешуге праволы болуға тиіс.

24. IX. 1920. *Ленин*

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

4
ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР[119]

Бақылау комиссиясының құрамы жөнінде.
Орталық Комитеттің қарары қабылдансын:

біз Орталық Комитет мүшелерін Бақылау комиссиясына *тек* партия конференцияларының тілегі бойынша *ғана* ұсынамыз, Орталық Комитеттің бұл мүшелері Бақылау комиссиясының ішіндегі өз жұмысында Орталық Комитеттің шешімдеріне *байланысты емес* дегенді жалпы алғанда теріс деп санаймыз;

Орталық Комитеттің Бақылау комиссиясына кіретін мүшелері, егер мәселе *өздерінің* ведомствосына немесе жұмыс саласына арнайы түрде қатысты болса, Бақылау комиссиясында дауыс бермейді.

Ауыстырулар жөнінде мынаны қосу керек:
ауыстыру керектігі туралы мәселе қозғалғанда, ол адамдарды іспен таныстыруға нұқсан келмесін және іске нұқсан келмесін, яғни істі басқару *әрқашан* істен толық хабардар және істің жемісті болуын қамтамасыз ететін қызметкерлердің қолында қалатын болсын.

Ленин

1920 ж. 29 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

НЕМІС ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ХАТ

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ЕКІНШІ КОНГРЕСІ ЖАЙЫНДАҒЫ ЖАРЫС СӨЗ ЖӨНІНДЕ[120]

Жолдастар! Германия мен Францияның буржуазиялық баспасөзі Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясы мен Франция Социалистік партиясының ішінде Коммунистік Интернационалға кіру жөнінде болған жарыс сөзге көп көңіл бөліп отыр. Буржуазиялық баспасөз бұл екі партияның да оңшыл, оппортунистік бөлегінің көзқарастарын айрықша жігермен қорғап отыр.

Мұның өзі әбден түсінікті, өйткені бұл оңшыл элементтер, шынына келгенде, Дитман мен Криспин сияқты, революциялық тұрғыдан ойлай білмейтін, революцияға әзірленуде және революцияны жүзеге асыруда жұмысшы табына көмектесе алмайтын ұсақ буржуазияшыл демократтар. Бұл оңшыл, оппортунистік элементтерден ажырасу қажет, мұның өзі шын революцияшыл, шын пролетарлық бұқараның бәрін топтастырудың бірден-бір құралы болып табылады.

Москваның «диктаторлығы» және т. с. туралы байбаламдар — тек көз алдау ғана. Шынында Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінің жиырма мүшесі бар, сонан тек бес мүше ғана Россия коммунистік партиясынан. «Диктаторлық» және т. с. туралы сөздердің бәрі де өзін өзі алдау немесе жұмысшыларды алдау. K. A. P. D.-тың (Германия Коммунистік *жұмысшы* партиясының) ішіндегі осындай сөздер, оның пролетарлық революцияшылдықтың жолынан тайған кейбір көсемдерінің күйрегендігін бүркемелеге-

ні сияқты, бұл сөздер де оппортунистік көсемдердің бірсыпырасының күйрегендігін бүркемелейді. Коминтернге қабылдау шарттарында «Москва диктаторлары» белгілі бір адамдарды құдалайды-мыс деген байбаламдар да осы сияқты өзін өзі алдау немесе алдау болып табылады. Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттарының 20-параграфында*: *III Интернационалдың Атқару Комитетінің келісуімен* оң қанаттың көсемдеріне және орталық мекемелердің жеке адам құрамына *қатал ережелерден «ерекшелік»* (Ausnahmen) жасауға *болады* деп тайға таңба басқандай айқын айтылған.

Ерекшелік жасауға болады деп ашық жарияланып отыр екен, онда қандай да болса жеке адамдарды сөзсіз қабылдауға болмайтындығы туралы әңгіме етудің де мүмкін болмағаны ғой. Демек, жеке адамдардың, жеке көсемдердің өткенін емес, қазіргісін есепке алу, көзқарастары мен мінез-құлықтарындағы өзгерістерді есепке алу қажеттігінің толығынан мойындалғаны ғой. III Интернационалдың Атқару Комитетінің келісуіне қарай ерекшелік жасауға болады деп жарияланып отыр екен,— ал осы Атқару Комитетінің төрттен бірі ғана орыстар,— демек, «диктаторлық», т. с. туралы байбаламдар түгелімен бос байбалам, түгелімен өтірік болғаны ғой.

Бұл байбаламдардың бәрі де — көз алдау ғана. Іс жүзінде революцияшыл, *пролетарлық* элементтер мен оппортунистік, *ұсақ буржуазиялық* элементтердің арасында күрес жүріп жатыр. Гильфердингтер, Дитмандар, Криспиндер, Германиядағы, Франциядағы парламенттік фракциялардың көптеген мүшелері, т. с. оппортунистік, ұсақ буржуазиялық элементтер жағында болып келді және болып та отыр. Бұл екі *саяси ағымның* күресі дүние жүзі елдерінің бәрінде де түгел жүріп жатыр, бұл күрестің ұзақ тарихы бар, бұл күрес империалистік соғыс кезінде де, ол соғыстан кейінгі кезде де барлық жерде шиеленісті және шиеленісе түспек. Оппортунизм «жұмысшы аристократиясының»,

---

* Қараңыз: осы том, 232-бет. *Ред.*

кәсіподақтардың, кооперативтердің және т. с. ескі бюрократиясының элементтерінен, интеллигенттік-мещандық топтардан және т. т. құралған. Осы *ағымнан* тазармайынша,— шындығында өзінің ауытқуларымен, өзінің «меньшевизмімен» (Дитмандар мен Криспиндер біздің меньшевиктерге әбден ұқсайды) жұмысшы қозғалысының *ішінен,* социалистік партиялардың *ішінен* пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізетін осы ағымнан тазармайынша, одан ажыраспайынша, оның барлық көрнекті өкілдерін шығарып тастамайынша революцияшыл пролетариатты топтастыру *мүмкін емес.*

Дитмандар, Криспиндер және т. с. өздерінің реформизм мен меньшевизм жағына үнемі ауытқи беруі арқылы, өздерінің революциялық тұрғыдан ойлай білмеуі, қимыл жасай білмеуі арқылы, шынында пролетарлық партияның ішінен пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізеді, пролетариатты *буржуазиялық реформизмге бағындыруды* жүзеге асырады, мұнысын өздері сезбейді. Осындай және осылар тәрізді адамдардан ажырасу ғана революцияшыл пролетариаттың буржуазияға *қарсы* және оны құлату жолындағы *интернационалдық бірлігін* жүзеге асырады.

Италиядағы оқиғалар Криспиндермен және Дитмандармен «бірліктің» және «татулықтың» зиянды екендігін көрмейтін неғұрлым қасарыспа адамдардың да көзін ашуға тиіс. Итальян Криспиндері мен Дитмандары (Туратилер, Прамполинилер, Д'Арагондар) Италияда іс *нағыз революцияға жеткен кезде,* революцияға дөреу *кедергі жасай* бастады. Ал бүкіл Европада, бүкіл дүние жүзінде іс — азды-көпті тез қарқынмен, азды-көпті ауыр және азапты түрде — осы революцияға қарай келе жатыр.

Дитмандармен және Криспиндермен, неміс «Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының», ағылшын «Тәуелсіз жұмысшы партиясының», Француз социалистік партиясының, т. с. оң қанатымен «бірлік» немесе «татулық» болуы мүмкін дейтін мейлінше зиянды жалған үміттердің бәрінен біржолата арылатын уақыт жетті. Барлық революцияшыл жұмысшылардың өз

партияларын осылардан тазартып, пролетариаттың шын бірыңғай коммунистік партияларын құратын уақыты жетті.

Н. Ленин

24 сентябрь, 1920 ж.

«Правда» № 213 және «Известия ВЦИК» № 213, 25 сентябрь, 1920 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖАСТАР ОДАҚТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

(РОССИЯ КОММУНИСТІК ЖАСТАР ОДАҒЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ III СЪЕЗІНДЕ 1920 ж. 2 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ)[121]

(Ленинді съезд ду овациямен қарсы алды.) Жолдастар, мен бүгін Коммунистік жастар одағының негізгі міндеттері қандай және осыған байланысты жалпы алғанда социалистік республикада жастардың ұйымдары қандай болуға тиіс деген тақырыпқа әңгімелескім келіп еді.

Бұл мәселеге тоқталып өтудің тағы да бір керектігі — коммунистік қоғам құрудың қазіргі міндетін, белгілі мағынада, нақ жастарға жүктеліп отырған міндет деуге болады. Өйткені капиталистік қоғамда тәрбие алған қызметкерлер ұрпағы, ең мықтағанда, қанауға негізделіп құрылған ескі капиталистік тұрмыстың негіздерін құрту міндетін орындай алатындығы анық. Бұл ұрпақ, ең мықтағанда, пролетариат пен еңбекші таптардың өкіметті өз қолдарында ұстап тұруына көмектесерлік қоғамдық құрылыс жасау міндетін орындай алады және жаңа жағдайларда, адамдардың арасында қанаушылық қатынас болмайтын жағдайда іске кірісуші ұрпақтың ғана жаңа қоғам құруына берік іргетас қалап бере алады.

Міне, жастардың міндеттері туралы мәселеге осы тұрғыдан қарағанда, мен мынаны айтуға тиіспін: жалпы алғанда жастардың, атап айтқанда коммунистік жастар одақтары мен басқа да әр түрлі ұйымдардың бұл міндеттерін бір сөзбен айтып беруге болар еді: міндет — үйренуде.

Мұның тек «бір сөз» ғана екені түсінікті. Бұл сөз

ең басты және ең елеулі сұраққа — нені үйрену керек және қалай үйрену керек?— деген сұраққа әлі жауап беріп тұрған жоқ. Ал мұндағы бүкіл мәселе мынада: ескі капиталистік қоғамды өзгертумен бірге, коммунистік қоғам құратын жаңа ұрпақтардың үйренуі, тәрбие және білім алуы ескіше болуы мүмкін емес. Жастардың үйренуі, тәрбие және білім алуы бізге ескі қоғамның қалдырған материалынан басталуға тиіс. Біз коммунизмді өзімізге ескі қоғамнан қалған білімдердің, ұйымдардың және мекемелердің жинағынан ғана және сол қоғамнан қалған адам күштері мен құралдар қорынан ғана құра аламыз. Жастарды үйрету, ұйымдастыру және тәрбиелеу ісін түбірімен қайта құрғанда ғана біз жас ұрпақтың күш жұмсауы нәтижесінде ескі қоғамға ұқсамайтын қоғам, яғни коммунистік қоғам жасалуына жететін боламыз. Сондықтан біз жастарға нені үйретуіміз керек, егер коммунистік жастар деген атағын шынымен ақтағысы келсе, жастар қалай үйренуі керек, біздің бастаған ісімізді жастар аяқтап, тындыруы үшін оларды қалай әзірлеуіміз керек деген мәселеге толық тоқталып өтуіміз қажет.

Мен бірінші және ең табиғи сияқты болып көрінетін жауап мынадай деуге тиіспін: жастар одағы және жалпы алғанда коммунизмге өткісі келетін жастардың бәрі коммунизмді үйренуі керек.

Бірақ «коммунизмді үйрену керек» деген бұл жауап — тым жалпы жауап. Бізге коммунизмді үйрену үшін не керек? Коммунизм білімін алу үшін жалпы білімдер жинағынан біз нені ерекше бөліп алуымыз керек? Бұл арада, коммунизмді үйрену міндеті теріс қойылса немесе ол тым сыңар жақ түсінілсе, бізге екінің бірінде-ақ бой көрсетіп жүрген толып жатқан қауіптер төнеді.

Ә дегенде, коммунизмді үйрену дегеніміз — коммунистік оқулықтарда, кітапшаларда және еңбектерде жазылған білімдер жинағын ұғып алу ғой деген ойдың туып қалуы табиғи нәрсе. Бірақ коммунизмді үйренуге бұлай анықтама беру тым дөрекі және жеткіліксіз болар еді. Егер коммунизмді үйрену — коммунистік еңбектерде, кітаптар мен кітапшаларда жазылғандарды

Российская Социалистическая Федеративная Советская Республика

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

№ 1 Библиотека Главполитпросвета № 1

Н. ЛЕНИН (В. И. Ульянов)

ЗАДАЧИ СОЮЗОВ МОЛОДЕЖИ

(Речь на 3-м Всероссийском Съезде Российского Коммунистического Союза Молодежи)

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО

1920

В. И. Лениннің «Жастар одақтарының міндеттері (Россия Коммунистік Жастар Одағының Бүкіл россиялық 3-ші съезінде сөйленген сөз)» деген кітапшасының мұқабасы.— 1920 ж.

Кішірейтілген

тек ұғып алу ғана болса, онда бізде коммунистік жаттампаздар немесе мақтаншақтар тым оңай пайда болар еді; ал мұның өзі бізге ылғи зиян мен залал болып шығар еді, өйткені мұндай адамдар коммунистік кітаптар мен кітапшаларда жазылғандарды үйреніп, жаттап алса да, сол білімдердің бәрін ұштастыра алмас еді және коммунизмнің шын талап еткеніндей қимыл жасай алмас еді.

Бізге ескі капиталистік қоғамнан қалған ең үлкен кеселдің және бақытсыздықтың бірі — кітап пен өмір практикасы арасындағы үлкен алшақтық, өйткені біздің қолымызда бәрі де ең жақсы жағынан бейнеленген кітаптар болды, ол кітаптарда капиталистік қоғам бізге көбінесе екіжүзділікпен жалған суреттеліп, барып тұрған жексұрын өтіріктер жазылды.

Сондықтан кітаптарда коммунизм туралы айтылғандарды кітаптағыша құр ұғып алу барынша теріс болар еді. Қазір біздің сөздеріміз бен мақалаларымызда коммунизм туралы бұрын айтылғандарды құр қайталай салушылық жоқ, өйткені біздің сөздеріміз бен мақалаларымыз күнбе-күнгі және жан-жақты жұмыспен байланысты. Коммунизмді коммунистік кітапшалар мен шығармалар бойынша, жұмысқа, күреске байланыстырмай, кітаптағыша біліп алу түкке тұрмайды, өйткені бұлай білудің өзі теория мен практиканың арасындағы бұрынғы алшақтықты үдете түсер еді, ал бұл алшақтық ескі буржуазиялық қоғамның ең жексұрын белгісі болатын.

Ал егер біз тек коммунистік ұрандарды ғана ұғып ала бастасақ, бұл әлгіден де гөрі қауіптірек болар еді. Егер біз бұл қауіпті дер кезінде түсінбесек және егер біз бүкіл жұмысымызды осы қауіпті жоюға бағыттамасақ, онда коммунизмді осылай үйреніп алған жарты миллион немесе бір миллион адам, жас жігіттер мен қыздар, өздерін коммунистіз деп атағанымен де коммунизм ісіне аса зор зиян ғана келтірер еді.

Бұл арада біздің алдымызға мынадай сұрақ қойылады: коммунизмді үйрену үшін осының бәрін қалай ұштастыруымыз керек? Ескі мектептен, ескі ғылымнан нені алуымыз керек? Ескі мектеп біз жан-жақты білімі

бар адамдар тәрбиелеп шығарғымыз келеді, біз жалпы ғылым атаулыны үйретеміз деп мәлімдейтін. Бұл шылғи өтірік екенін біз білеміз, өйткені бүкіл қоғам адамдардың тапқа бөлінуіне, қанаушылар мен езілгендер болып бөлінуіне негізделіп құрылған, соған сүйеніп келген болатын. Әлбетте, бүкіл ескі мектеп, таптық рух әбден бойына сіңген мектеп болғандықтан, тек буржуазияның балаларына ғана білім берді. Оның әрбір сөзі буржуазияның мүдделеріне бейімделді. Бұл мектептерде жұмысшылар мен шаруалардың жас ұрпағын тәрбиелеуден гөрі сол буржуазияның мүдделеріне бейімдеушілік басым болды. Оларды тәрбиелегенде, буржуазияға пайда келтіре алатын және сонымен қатар оның мазасын алмайтын, тыныштығын бұзбайтын, оған қолайлы малайлар тәрбиелеп шығару мақсаты көзделді. Сондықтан біз, ескі мектепті теріске шығарумен бірге, нағыз коммунистік білім беруге жету үшін, одан өзімізге керектіні ғана алуды алдымызға міндет етіп қойдық.

Бұл арада мен ескі мектептерге тағылып жүрген кінәлар мен айыптарға тоқталамын; бұларды үнемі естіп жүрміз және бұлар көбінесе мүлде теріс түсінушілікке әкеліп соғады. Ескі мектеп оқу мектебі, муштралау мектебі, жаттату мектебі болды деседі. Бұл рас, бірақ ескі мектептің несі жаман, несі бізге пайдалы екенін айыра білу керек, оның коммунизм үшін қажетті нәрсесін іріктеп ала білу керек.

Ескі мектеп оқу мектебі болды, ол адамды толып жатқан керексіз, артық, нәрсіз білімдерді ұғуға зорлады; мұндай білімдер жас ұрпақтың басын қатырды, бір қалыптан шыққан чиновниктерге айналдырып отырды. Бірақ сіздер адам баласының жинақтаған білім қорын ұғынбай-ақ коммунист болуға болады деген қорытындыға келмек болсаңыздар, үлкен қате істеген болар едіңіздер. Нәтижесі коммунизмнің өзі болып табылатын білімдер жинағын ұғынбай-ақ, коммунистік ұрандарды, коммунистік ғылымның тұжырымдарын ұғынып алудың өзі жетеді деп ойлау қате болар еді. Адамзат білімдерінің жинағынан коммунизмнің қалай туғандығын көрсететін үлгі — марксизм.

Сіздер ең алдымен Маркс жасаған коммунистік теория, коммунистік ғылым, осы марксизм ілімі XIX ғасырдағы данышпан социалистің қалайша тек бір өзінің ғана туындысы болып қалмағаны туралы, бұл ілімнің қалайша бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған, он миллиондаған пролетарлардың іліміне айналғаны, олар бұл ілімді өздерінің капитализмге қарсы күресінде қалайша қолданып отырғаны туралы оқыдыңыздар және естідіңіздер. Егер сіздер Маркстің ілімі ең революцияшыл таптың миллиондаған, он миллиондаған жүрегін неліктен баурап алды деген сұрақ қойсаңыздар, сіздер мынадай бір-ақ жауап аласыздар: мұның себебі — Маркс адам баласының капитализм тұсында тапқан білімдерінің берік негізіне сүйенді; Маркс адамзат қоғамының даму заңдарын зерттеп, капитализмнің сөзсіз дамитындығын, бұл дамудың коммунизмге апаратындығын ұқты және — ең бастысы сол — ол мұны дәлелдегенде, осы капиталистік қоғамды барынша дәл, барынша толық, барынша терең зерттеу негізінде ғана, бұрынғы ғылым табыстарының бәрін толық ұғып алу арқасында ғана дәлелдеп берді. Ол адамзат қоғамы жасаған нәрсенің бәрін, ешбір пунктін назардан тыс қалдырмай, сын көзімен қарап қайта қорытты. Ол адам баласының ойы туғызған нәрсенің бәрін қайта қарап қорытты, сынады, жұмысшы қозғалысы арқылы тексерді, сөйтіп, буржуазиялық шеңбермен шектелген немесе буржуазиялық соқыр сенімдерге шырмалған адамдар жасай алмаған қорытындылар жасады.

Біз, мәселен, пролетарлық мәдениет туралы[122] әңгіме қылғанда, осыны естен шығармауымыз керек. Адамзаттың бүкіл дамуы туғызған мәдениетті дәл білу арқылы ғана, соны қайта қорыту арқылы ғана пролетарлық мәдениетті жасауға болатындығын анық ұғынбасақ,— мұны ұғынбасақ, бұл міндетті біз орындай алмаймыз. Пролетарлық мәдениет ғайыптан пайда болған мәдениет емес, өздерін пролетарлық мәдениет жөніндегі мамандармыз деп атап жүрген адамдардың ойдан шығарған нәрсесі емес. Мұндайдың бәрі — құр сандырақ. Пролетарлық мәдениет адамзат капиталистік қоғамның, помещиктік қоғамның, чиновниктік қоғамның

езгісінде жүріп жасап шығарған білім қорларының заңды дамуы болуға тиіс. Маркстің қайта қорытқан саяси экономиясы бізге адамзат қоғамының қайда барып жетуге тиіс екендігін көрсетіп, тап күресіне, пролетарлық революцияға бастайтын өтпелі жолдарды нұсқап бергені сияқты, бұл жолдардың, соқпақтардың бәрі де пролетарлық мәдениетке әкелген, әкеледі, әлі де әкеле береді.

Біз жастар өкілдерінің арасында да, жаңа оқуды қорғаушы кейбіреулердің арасында да ескі мектеп жөнінде: ескі мектеп жаттату мектебі болды деп екінің бірінде айтылып жүрген жазғыруларды естігенімізде, біздің оларға айтарымыз: ескі мектептегі жақсы нәрсені біз алуға тиіспіз. Біз ескі мектептің оннан тоғызы керексіз, оннан бірі бұрмаланған сансыз көп біліммен жас адамдардың миын ашытқан нәрселерін алмауымыз керек, бірақ мұнымыз — біздің коммунистік қорытындылармен шектеліп, тек коммунистік ұрандарды ғана жаттап алуымызға болады деген сөз емес. Мұнымен коммунизмді орната алмайсың. Адамзат жасап шығарған байлықтың бәрін білу арқылы өзіңнің ой-өрісіңді байытқанда ғана коммунист бола аласың.

Бізге жаттатудың керегі жоқ, бірақ негізгі фактілерді білгізу арқылы әрбір оқушының ой-өрісін дамытып, жетілдіруіміз керек, өйткені коммунистің алған білімінің бәрі оның санасында қайта қорытылмаса, коммунизм бос сөзге айналады, құр жарнамаға айналады, коммунист кәдімгі мақтаншақтың өзі болып шығады. Сіздер сол білімдерді ұққанда жалаң ұғып қана қоймай, керексіз қоқыспен бастарыңызды қатырмай, оларға сын көзімен қарай отырып ұғуға тиіссіздер, барлық фактілерді білу арқылы ақыл-ойыңызды байытуға тиіссіздер, бұл фактілерді білмейінше қазіргі заманның білімді адамы болу мүмкін емес. Егер коммунист аса маңызды, аса қиын, зор жұмыс істемей, өзі сын көзімен қарауға тиісті фактілерді талдамай, қолы жеткен даяр қорытындыларға сүйеніп, мен коммунизмді білемін деп мақтанбақ болса, ондай коммунист тым сорлы болар еді. Ондай үстірттік шынымен-ақ жарға жығар еді. Егер мен аз білетіндігімді білсем, көп

білуге ұмтыламын, ал егер біреу тұрып: мен коммуниспін, маған ештеңені баянды білудің қажеті жоқ дейтін болса, ол адамнан коммуниске ұқсарлық еш нәрсе шықпайды.

Ескі мектеп капиталистерге қажетті малайларды даярлады, ескі мектеп ғылым адамдарын капиталистердің ұнатқанын жазуға және айтуға тиісті адамдар етті. Ендеше біз ескі мектепті жоюға тиіспіз. Ал егер біз ондай мектепті жоюға тиіс болсақ, оны қиратуға тиіс болсақ, мұның өзі ол мектептен адамзат жинақтаған, адамға қажетті нәрселердің бәрін алмауымыз керек дегендік бола ма? Капитализмге қажетті болған нәрсе мен коммунизмге қажетті болатын нәрсені біздің айыра білуіміздің керегі жоқ дегендік бола ма?

Буржуазиялық қоғамда көпшіліктің тілегіне қарамастан жүргізілген ескі муштраның орнына, біз жұмысшылар мен шаруалардың саналы тәртібін орнатамыз; жұмысшылар мен шаруалар байтақ елдің әр жерінде бөлшектеніп, бытырап, шашырап жатқан миллиондаған және жүз миллиондаған адамдардың жігерін біртұтас жігерге айналдыру үшін, ескі қоғамға деген өшпенділікті осы күрес жолындағы күштерді біріктіруге және ұйымдастыруға бел байлағандықпен, қабілеттілікпен және әзірлікпен ұштастырады, өйткені осындай біртұтас жігер болмайынша, біз сөзсіз талқандаламыз. Жұмысшылар мен шаруалардың осындай топтасуы, осындай саналы тәртібі болмаса, біздің ісімізден үміт күтуге болмайды. Мұнсыз біз бүкіл дүние жүзінің капиталистері мен помещиктерін жеңе алмаймыз. Іргетастың үстіне жаңа, коммунистік қоғам орнату былай тұрсын, тіпті біз сол іргетастың өзін баянды ете алмаймыз. Сондай-ақ ескі мектепті теріске шығара отырып, сол ескі мектепті өте заңды, қажетті түрде жек көре отырып, ескі мектепті қиратуға әзірлікті бағалай отырып, біз мынаны түсінуге тиіспіз: біз ескі оқудың, ескі жаттатудың, ескі муштраның орнына адам баласы тапқан білімдердің бүкіл жинағын ала білуіміз керек, ол білімдерді алғанда — сіздерге коммунизм жаттап алған нәрсе сықылды болып жүрмесін, қайта өздеріңіз әбден ойластырған нәрсе болсын, қазір-

гі білімнің тұрғысынан қарағанда сөзсіз келіп туатын қорытынды болсын.

Коммунизмді үйрену міндеті туралы сөз қозғанымызда, негізгі міндеттерді міне осылай қоюымыз керек.

Осыны сіздерге түсіндіру үшін, сонымен қатар қалай үйрену керек деген мәселеге таяла келе, мен практикалық бір мысал келтірейін. Соғыс міндеттерінен кейін, республиканы қорғау міндеттерінен кейін, қазірдің өзінде біздің алдымызда шаруашылық міндеті тұрғанын бәріңіз де білесіздер. Бізге мәлім, егер өнеркәсіп пен егіншілікті қайтадан өркендетпесек, коммунистік қоғамды орнатуға болмайды, ал оның бер жағында бұларды ескіше емес, жаңаша қайта өркендету керек. Бұларды осы заманғы, ғылымның ең соңғы табыстары бойынша құрылған негізде қайта өркендету керек. Өздеріңіз білесіздер, бұл негіз — электр; бүкіл елімізді, өнеркәсіп пен егіншіліктің барлық салаларын электрлендіру жүзеге асырылғанда ғана, сіздер осы міндетті игергенде ғана, сонда ғана сіздер ескі ұрпақ орната алмайтын коммунистік қоғамды өздеріңіз үшін орната аласыздар. Сіздердің алдарыңызда бүкіл елімізді шаруашылық жағынан қайта көркейту міндеті, егіншілікті де, өнеркәсіпті де осы заманғы ғылымға, техникаға, электрге сүйенген қазіргі техникалық негізде қайта құру, қалпына келтіру міндеті тұр. Сауатсыз адамдар электрлендірудің маңына бара алмайды, бұл арада жай сауаттылықтың өзі де жеткіліксіз екенін сіздер өте жақсы түсінесіздер. Бұл арада электрдің не екенін ұғыну жеткіліксіз: электрді өнеркәсіпке де, егіншілікке де, өнеркәсіп пен егіншіліктің жеке салаларына да техникалық жағынан қалай қолданудың ретін білу керек. Осыны өздеріңіз үйреніп алуларыңыз керек, осыны бүкіл жасөспірім еңбекші ұрпаққа үйретулеріңіз керек. Әрбір саналы коммунистің алдында тұрған міндет міне осы, өзін коммуниспін деп есептейтін және Коммунистік жастар одағына мүше болып кіргеннен кейін, коммунизмді орнату үшін партияға көмектесу, коммунистік қоғам құруда бүкіл жас ұрпаққа көмектесу міндетін өз мойнына алғанын айқын түсінетін әрбір жас адамның алдында тұрған міндет міне осы. Мұны ол

тек осы заманғы білімге сүйеніп қана жасай алатынын, егер ол осы білімге ие болмаса, коммунизм тек қана арман болып қала беретінін ұғынуы керек.

Бұдан бұрынғы ұрпақтың міндеті буржуазияны құлату болды. Ол кездегі басты міндет — буржуазияны сынау, бұқара арасында буржуазияға өшпенділікті күшейту, таптық сананы дамыту, өз күштерін топтастыра білу болатын. Жаңа ұрпақтың алдында анағұрлым күрделі міндет тұр. Сіздер капиталистердің шапқыншылығына қарсы жұмысшы-шаруа өкіметін қолдау үшін барлық күштеріңізді біріктіруге тиіссіздер, бұл әлі аз. Мұны сіздер істеуге тиіссіздер. Мұны сіздер жақсы ұғынып отырсыздар, мұны әрбір коммунист айқын түсініп отыр. Бірақ бұл жеткіліксіз. Сіздер коммунистік қоғам орнатуға тиіссіздер. Жұмыстың алғашқы жартысы көп ретте істелді. Ескілік қиратылды, оны солай қирату керек те еді, ескілік тас-талқан етілді, оны солай тас-талқан ету керек те еді. Жер аршылды, енді коммунистік жас ұрпақ сол жерде коммунистік қоғам орнатуға тиіс. Сіздердің алдарыңызда құрылыс міндеті тұр, ал сіздер — бүкіл осы заманғы білімді меңгергенде ғана, коммунизмді жаттап алған даяр формулалардан, кеңестерден, рецептерден, нұсқаулардан, программалардан өздеріңіздің тікелей жұмыстарыңызды біріктіретін нақты іске айналдыра білгенде ғана, коммунизмді өздеріңіздің практикалық жұмыстарыңызда жетекші құралға айналдырғанда ғана — бұл міндетті шеше аласыздар.

Бүкіл жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, өрге бастыру ісінде сіздер басшылыққа алатын міндет міне осы. Сіздер коммунистік қоғамның миллиондаған құрылысшылары арасындағы ең алғашқылар болуға тиіссіздер, әрбір жас жігіт, әрбір жас қыз солай болуға тиіс. Осы коммунизм құрылысына жұмысшы және шаруа жастарының бүкіл бұқарасын тегіс қатыстырмайынша, сіздер коммунистік қоғам орната алмайсыздар.

Бұл арада мен, әлбетте, біз коммунизмге қалай үйретуіміз керек, біздің тәсілдеріміздің ерекшеліктері қандай болуға тиіс деген мәселеге тоқталмақпын.

Мен бұл арада ең алдымен коммунистік мораль туралы мәселеге тоқталамын.

Сіздер өздеріңізді коммунист етіп тәрбиелеп шығаруға тиіссіздер. Жастар одағының міндеті — оқи жүріп, ұйымдаса, топтаса, күресе жүріп, осы жастар өздерін де, сол жастарды көсеміміз деп танитындардың бәрін де тәрбиелейтіндей етіп, коммунистерді тәрбиелеп шығаратындай етіп, өздерінің практикалық қызметін жолға қою. Қазіргі жастарды тәрбиелеу, білім беру және үйрету жөніндегі бүкіл жұмыс олардың бойында коммунистік моральды тәрбиелеу болуға тиіс.

Ал коммунистік мораль бар ма? Коммунистік адамгершілік бар ма? Әрине, бар. Жұрт арасында мәселені біздің өз моралымыз жоқ деп түсінушілік жиі кездеседі, сөйтіп өте көп реттерде буржуазия бізді: олар, коммунистер, мораль атаулыны теріске шығарады деп айыптайды. Бұл — ұғымды алмастырудың, жұмысшылар мен шаруалардың көзіне топырақ шашудың айласы.

Біз моральды, адамгершілікті қай мағынада теріске шығарамыз?

Біз буржуазия уағыздаған мағынадағы моральды теріске шығарамыз; ал буржуазия бұл адамгершілікті құдай әмірінен туғызады. Біз бұл туралы, әрине, былай дейміз: біз құдайға сенбейміз, ал өздерінің қанаушылық мүдделерін жүзеге асыру үшін дін басылары да, помещиктер де, буржуазия да құдай атынан сөйлеп келгенін біз өте жақсы білеміз. Немесе олар осы моральды адамгершілік бұйрығынан, құдай әмірінен туғызудың орнына идеалистік не жартылай идеалистік сылдыр сөздерден туғызып жүрді, бұлары да әрқашан құдай әміріне өте ұқсас нәрсеге келіп сайып жүрді.

Адамнан тыс, таптан тыс ұғымнан алынған осындай адамгерпіліктің қандайын болса да біз теріске шығарамыз. Біз былай дейміз: бұл — алдау, бұл — помещиктер мен капиталистердің мүдделеріне бола жұмысшылар мен шаруалардың көзін байлап, басын қатыру.

Біз былай дейміз: біздің адамгершілігіміз пролетариаттың таптық күресінің мүдделеріне толық бағынды-

рылған. Біздің адамгершілігіміз пролетариаттың таптық күресінің мүдделерінен туып отырады.

Ескі қоғам помещиктер мен капиталистердің барлық жұмысшылар мен шаруаларды езуіне негізделген болатын. Бізге осыны қирату керек болды, помещиктер мен капиталистерді құлатуымыз керек болды, бірақ бұл үшін бірлестік құру керек. Ал мұндай бірлестікті құдай тағала құрып бермейді.

Мұндай бірлестікті фабрикалар мен заводтар ғана, машықтанған, ежелгі ұйқысынан оянған пролетариат қана жасай алды. Осы тап құрылғаннан кейін ғана бұқаралық қозғалыс басталды; бұл қозғалыс қазір өзіміз көріп отырған нәрсеге — ең әлсіз елдердің бірінде жеңген, өзін бүкіл дүние жүзі буржуазиясының тегеурінінен үш жыл бойы қорғап отырған елде пролетарлық революцияға жеткізді. Біз пролетарлық революцияның бүкіл дүние жүзінде қалай өрістеп келе жатқанын да көріп отырмыз. Біз енді тәжірибеге сүйеніп былай дейміз: бытыраңқы, шашыраңқы шаруаларды соңынан ерткен, қанаушылардың барлық тегеуріндеріне төтеп берген ынтымақты күшті тек пролетариат қана құра алды. Осы тап қана еңбекші бұқараның бірігуіне, топтасуына, коммунистік қоғамды түпкілікті қорғап, түпкілікті баянды етуіне, оны түпкілікті орнатуына көмектесе алады.

Міне сондықтан біз былай дейміз: адамзат қоғамынан тыс алынған адамгершілікті біз жоққа шығарамыз; ол — алдау. Біз үшін адамгершілік пролетариаттың таптық күресінің мүдделеріне бағындырылған.

Ал бұл тап күресі деген не? Бұл — патшаны құлату, капиталистерді құлату, капиталистер табын құрту.

Ал жалпы таптар деген не? Бұл — қоғамның бір бөлегінің еңбегін екінші бөлегінің иемденуіне жол беретін нәрсе. Егер қоғамның бір бөлегі бүкіл жерді иемденіп отырса, онда помещиктер мен шаруалар таптарының болғаны. Егер қоғамның бір бөлегі фабрикалар мен заводтарға, акциялар мен капиталға ие болып, екінші бөлегі сол фабрикаларда жұмыс істеп отырса, онда капиталистер мен пролетарлар таптарының болғаны.

Патшаны қуып жіберу қиын болған жоқ — бұған тек бірнеше күн ғана керек болды. Помещиктерді қуып жіберу онша қиын бола қойған жоқ,— мұны бірнеше айда істеу мүмкін болды, капиталистерді қуып жіберу де онша қиын емес. Ал таптарды жою әлдеқайда қиын; жұмысшылар және шаруалар болып бөліну әлі де болса сақталып отыр. Егер шаруа жеке бір учаске жерге орнығып алып, артық астықты, яғни өзіне де, малына да керек болмаған астықты иемденіп отырса, ал өзгелердің бәрі астықсыз отырса, онда ол шаруа қанаушыға айналады. Ол өзіне астықты неғұрлым көп қалдырса, оған соғұрлым тиімді, ал өзгелер мейлі ашыға берсін: «олар неғұрлым көбірек ашықса, мен бұл астығымды соғұрлым қымбат сатамын» дейді ол. Жұрттың бәрі ортақ бір жоспар бойынша ортақ жерде, ортақ фабрикалар мен заводтарда, ортақ тәртіппен жұмыс істейтін болуы керек. Мұны істеу оңай ма? Өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл арада патшаны, помещиктер мен капиталистерді қуып жібергендей, істі оңай шешуге болмайды. Бұл орайда пролетариат шаруалардың бір бөлегін қайта тәрбиелеуі, қайта үйретуі керек, еңбекші шаруа болып табылатындарын өз жағына шығарып алуы керек, сөйтіп бай болып табылатын және басқаның мұқтаждығы есебінен байитын шаруалардың қарсылығын жоюы керек. Демек, патшаны құлатуымызбен, помещиктер мен капиталистерді қуып жіберуімізбен пролетариат күресінің міндеті түгел орындалып біткен жоқ, ал біздің пролетариат диктатурасы деп атап жүрген тәртібіміздің міндеті нақ осында.

Тап күресі әлі жүріп жатыр; ол өзінің формаларын ғана өзгертті. Бұл — пролетариаттың таптық күресі, бұрынғы қанаушыларды қайтып келтірмеу жолындағы, қараңғы шаруалардың бытыраңқы бұқарасын бір одақ етіп біріктіру жолындағы күрес. Тап күресі әлі жүріп жатыр, сондықтан біздің міндетіміз — барлық мүдделерді осы күреске бағындыру. Сөйтіп біз өзіміздің коммунистік адамгершілігімізді осы міндетке бағындырамыз. Біз былай дейміз: адамгершілік дегеніміз ескі қанаушылық қоғамды қиратуға және барлық еңбекшілерді коммунистердің жаңа қоғамын орнатушы

пролетариаттың төңірегіне біріктіруге қызмет ететін нәрсе.

Коммунистік адамгершілік дегеніміз — осы күреске қызмет ететін, еңбекшілерді қанау атаулыға қарсы, ұсақ меншік атаулыға қарсы біріктіретін адамгершілік, өйткені ұсақ меншік бүкіл қоғамның еңбегімен жасалған нәрсені бір адамның қолына беріп қояды. Бізде жер ортақ меншік болып есептеледі.

Ал, егер мен осы ортақ меншіктегі жердің белгілі бір бөлегін алып, соған өзіме керек мөлшерден екі есе көп астық өсіріп, артық астықпен жалдаптық істесем ше? Ашығушылар неғұрлым көп болса, соғұрлым қымбат төлейді десем ше? Сонда менің мұным коммуниске лайық болар ма еді? Жоқ, ол қанаушыға, меншікшіге лайық болар еді. Осыған қарсы күресу керек. Егер әлгідей болып қала берсе, онда бәрі кері кетеді, капиталистердің өкіметі, буржуазияның өкіметі қайта орнайды; бұрынғы революцияларда сан рет солай болған. Сондықтан, капиталистер мен буржуазияның өкіметі қайта орнамауы үшін, бұл үшін саудагерлікке жол бермеу керек, бұл үшін жеке адамдардың өзгелердің есебінен баюына жол бермеу керек, бұл үшін еңбекшілер пролетариатпен бірігіп, коммунистік қоғам құруы керек. Коммунистік жастардың одағы мен ұйымына жүктелетін негізгі міндеттің басты ерекшелігі де осы.

Ескі қоғам мынадай принципке негізделген еді: не сен біреуді тонайсың, не сені біреу тонайды, не сен біреуге жұмыс істейсің, не біреу саған жұмыс істейді, не сен құл иеленушісің, не сен құлсың. Әрине, мұндай қоғамда тәрбиеленген адамдар мынадай психологияны, дағдыны, ұғымды — не құл иеленуші, не құл, не ұсақ меншікші, ұсақ қызметші, ұсақ чиновник, интеллигент, қысқасы, тек өз пайдасын ғана ойлайтын, ал өзгеде ісі жоқ адам дегенді ана сүтімен бірге бойына сіңіреді, бұл түсінікті.

Егер мен осы учаскедегі жерге қожайын болсам, менің өзгеде ісім жоқ; егер басқа біреу ашығатын болса, тіптен жақсы, мен өз астығымды қымбатырақ сатамын. Егер дәрігер ретінде, инженер, мұғалім, қызметші

ретінде менің өз орным болса, менің өзгеде ісім жоқ. Мүмкін, қолында билігі барларға жағынып, жалбарынып, орнымда қалармын, оның үстіне жылжи-жылжи буржуа қатарына қосылып та кетермін. Мұндай психология, мұндай пиғыл коммунисте болмауға тиіс. Жұмысшылар мен шаруалар біздің өз күшімізбен өзімізді қорғай білетіндігімізді, жаңа қоғам құра білетіндігімізді дәлелдеген кезде, міне осы арада коммунистік жаңа тәрбие басталды, қанаушыларға қарсы күрестегі тәрбие, пролетариатпен одақтаса отырып, өзімшілдер мен ұсақ меншікшілерге қарсы, мен өз пайдамды көздеп отырмын, өзгеде менің ешқандай ісім жоқ дейтін психология мен әдеттерге қарсы тәрбие басталды.

Міне, өсіп келе жатқан жас ұрпақ коммунизмді қалай үйренуге тиіс деген сұрақтың жауабы осы.

Жас ұрпақ өзінің оқудағы, тәрбие мен білім алудағы әрбір қадамын пролетарлар мен еңбекшілердің ескі қанаушылық қоғамға қарсы үздіксіз күресімен байланыстырғанда ғана коммунизмді үйрене алады. Бізге адамгершілік туралы айтқанда, біздің айтатынымыз: коммунист үшін бүкіл адамгершілік осы бірауызды ынтымақты тәртіпте, бұқараның қанаушыларға қарсы саналы күресінде. Біз мәңгілік адамгершілік дегенге нанбаймыз және адамгершілік туралы неше түрлі жалған ертегі атаулыны әшкерелейміз. Адамгершілік адам қоғамының жоғары көтеріліп, еңбектің қаналудан құтылуына қызмет етеді.

Мұны жүзеге асыру үшін буржуазияға қарсы тәртіпті аяусыз күрес жағдайында саналы адамдарға айнала бастаған жастар ұрпағы керек. Бұл күресте ол ұрпақ нағыз коммунистерді тәрбиелеп шығарады, өзінің оқудағы, білім мен тәрбие алудағы әрбір қадамын ол осы күреске бағындырып, осы күреспен байланыстырып отыруға тиіс. Коммунистік жастарға тәрбие беру оларға алуан түрлі тәтті сөздер айтып, адамгершілік туралы ережелерді ұсынуда болмауы керек. Тәрбиенің мәні мұнда емес. Адамдар өз ата-аналарының помещиктер мен капиталистердің езгісінде қалай өмір сүргенін көргенде, қанаушыларға қарсы күресе бастағандардың басына түскен ауыр азаптың тауқыметін өздері

бірге тартқанда, қол жеткен жеңісті қорғау жолында осы күресті жүргізе беру үшін қандай құрбандық жасалғанын көргенде, помещиктер мен капиталистердің қандай құтырынған жау екенін көргенде,— сонда ол адамдар осындай жағдайда коммунист болып тәрбиеленеді. Коммунистік адамгершіліктің негізі — коммунизмді нығайту және шыңына жеткізу жолындағы күрес. Міне, коммунистік тәрбиенің, білімнің және оқудың негізі де осы. Міне, коммунизмді қалай үйрену керек деген сұрақтың жауабы осы.

Егер оқу, тәрбие, білім тек мектеп қабырғасымен ғана тұйықталып, қайнаған өмірден қол үзсе, біз оларға сенбеген болар едік. Помещиктер мен капиталистер жұмысшылар мен шаруаларды езіп отырғанда, мектептер помещиктер мен капиталистердің қолында қалып отырғанда, жас ұрпақ қараңғы және надан күйінде қала береді. Ал біздің мектеп жастарға білім негіздерін беріп отыруға тиіс, оларға коммунистік көзқарасты өздері жасай білуді үйретуге тиіс, оларды білімді адам етіп шығаруға тиіс. Біздің мектеп, жұрт онда оқып жүрген уақыттың ішінде, оларды қанаушылардан азат болу жолындағы күреске қатысушы етіп шығаруға тиіс. Коммунистік жастар одағы өзінің оқудағы, тәрбие мен білім алудағы әрбір қадамын барлық еңбекшілердің қанаушыларға қарсы жалпы күресіне қатысумен байланыстырғанда ғана Коммунистік жас ұрпақ одағы деген атағын ақтай алады. Өйткені өздеріңіз де жақсы білесіздер: әзірше Россия бірден-бір жұмысшы республикасы болып отыр, ал дүние жүзінің бүкіл өзге бөлегінде ескі буржуазиялық тәртіп сақталып отыр, біз олардан әлсізірекпіз, бізге жаңадан тегеурін жасалу қаупі ылғи төніп тұрады; егер біз топтасқандықты, бірауыздылықты үйрене білсек қана, бұдан былайғы күресте жеңіп шығамыз және нығайып алып, шын жеңілмейтін боламыз. Сонымен, коммунист болу — бүкіл жасөспірім ұрпақты ұйымдастырып, біріктіру, осы күресте тәрбие мен тәртіп үлгісін көрсетіп отыру деген сөз. Сонда сіздер коммунистік қоғам ғимаратын салуды бастап, ақырына дейін жеткізе аласыздар.

Осыны сіздерге анығырақ ұғындыру үшін мен мысал келтірейін. Біз өзімізді коммуниспіз деп атаймыз. Коммунист деген не? Коммунист — латын сөзі. Коммунист — ортақ деген сөз. Коммунистік қоғам — бәрі ортақ: жер де, фабрика да, еңбек те ортақ деген сөз,— міне коммунизм дегеніміз осы.

Егер әркім өз шаруашылығын жеке бір участкеде жүргізсе, еңбек ортақ бола ала ма? Ортақ еңбекті бірден жасай алмайсың. Бұлай болуы мүмкін емес. Ол көктен түспейді. Оны еңбек сіңіріп, бейнет шегіп жасау керек. Ол күрес үстінде жасалады. Бұған керегі ескі кітапсымақ емес — ол кітапсымаққа ешкім сенбес те еді. Бұған әркімнің өз өмір тәжірибесі керек. Колчак пен Деникин Сибирь мен оңтүстіктен аттанған кезде, шаруалар солар жағында болды. Большевизм бұларға ұнамады, өйткені большевиктер астықты тұрақты бағамен алады. Ал шаруалар Сибирь мен Украинада Колчак пен Деникиннің өктемдігін бастан кешіргеннен кейін, олар шаруаға мынадан басқа жолдың жоқ екенін білді: не капиталиске ер, ол сені помещиктің құлдығына береді, не жұмысшыға ер, ол, рас, телегей-теңіз молшылыққа қарық қыламыз демейді, ол ауыр күресте сенен темірдей берік тәртіп пен табандылықты талап етеді, бірақ ол сені капиталистер мен помещиктердің құлдығынан құтқарады. Тіпті қараңғы шаруалар осыны өз тәжірибесінен көріп, түсінгенде, олар коммунизмнің саналы, ауыр мектептен өткен жақтаушысы болды. Коммунистік жастар одағы өзінің бүкіл қызметінде нақ осындай тәжірибені негіз етіп алуға тиіс.

Мен: біз нені үйренуіміз керек, ескі мектеп пен ескі ғылымнан нені алуымыз керек деген сұрақтарға жауап бердім. Мен енді соны қалай үйрену керек деген сұраққа да жауап беруге тырысайын: үйренгенде, мектептегі істің әрбір қадамын, тәрбие мен білім алудағы және оқудағы әрбір қадамды барлық еңбекшілердің қанаушыларға қарсы күресімен тығыз байланыстыра отырып қана үйрену керек.

Коммунизм тәрбиесі қалай жүргізілуге тиіс екендігін кейбір жастар ұйымдарының іс тәжірибесінен

алынған бірнеше мысал арқылы мен сіздерге айқын көрсетіп өтейін. Жұрттың бәрі сауатсыздықты жою туралы сөз қылады. Сауатсыз елде коммунистік қоғам орнатуға болмайтындығын өздеріңіз білесіздер. Совет өкіметінің бұйрық беруі немесе партияның белгілі бір ұран тастауы, немесе бұл іске таңдаулы қызметкерлердің белгілі бөлегін жұмылдыру жеткіліксіз. Бұл үшін жас ұрпақтың өзі осы істі қолға алуы керек. Жастар одағына мүше жастар, жас жігіттер мен қыздар: бұл — біздің ісіміз, сауатсыздықты жою үшін, біздің жасөспірім ұрпақтың ішінде сауатсыздар болмауы үшін біз бірігіп, деревняларға аттанамыз, дейтін болсын, коммунизм дегеніміз осы. Біз өсіп келе жатқан жастардың талапкерлігі осы іске арналуына ұмтыламыз. Россияны қараңғы, сауатсыз елден сауатты елге тез арада айналдыруға болмайтындығын өздеріңіз білесіздер; ал, егер бұл істі Жастар одағы қолға алса, егер барлық жастар жалпының пайдасы үшін жұмыс істейтін болса, онда 400 000 жас жігіт пен қызды біріктіріп отырған бұл одақтың Коммунистік жастар одағы деп аталуға правосы бар. Одақтың тағы да бір міндеті — белгілі бір білімдерді ұғып алу, сауатсыздық шырауынан өздігінен шыға алмайтын жастарға көмектесу. Жастар одағына мүше болу — өз жұмысыңды, өз күшіңді ортақ іске жұмсай білу деген сөз. Міне коммунистік тәрбие дегеніміз осы. Жас жігіт немесе жас қыз тек осындай жұмыста ғана нағыз коммуниске айналады. Осы жұмыстарымен практикалық табыстарға жете білген жағдайда ғана олар коммунист болады.

Мысалға қала іргесіндегі огородтардағы жұмысты алыңыздар. Бұл жұмыс емес пе? Бұл — Коммунистік жастар одағының міндеттерінің бірі. Халық ашығып жатыр, фабрикалар мен заводтарда — ашаршылық. Ашаршылықтан аман қалу үшін огородты өркендету керек, бірақ егіншілік ескіше жүргізіліп отыр. Міне сондықтан да неғұрлым саналы элементтер істі қолға алуға тиіс, сонда сіздер огородтардың көбейгенін, олардың көлемінің ұлғайғанын, нәтижелерінің жақсарғанын көретін боласыздар. Бұл іске Коммунистік жас-

тар одағы белсене қатысуға тиіс. Әрбір одақ немесе Одақтың әрбір ұясы бұл істі өз ісім деп есептеуге тиіс.

Коммунистік жастар одағы қай жұмысқа болса да өзінің көмегін тигізетін, өзінің инициативасын, өзінің бастамасын көрсететін екпінді топ болуға тиіс. Одақ мынадай болуға тиіс: ондағы адамдардың ілімі, мүмкін, кез келген жұмысшыға түсініксіз болар, олардың іліміне, мүмкін, кез келген жұмысшы бірден илана да қоймас, бірақ олардың нақты жұмысына, ісіне қарап, кез келген жұмысшы бұлар — шынында да маған дұрыс жол нұсқайтын адамдар деп білетіндей болсын.

Егер Коммунистік жастар одағы барлық салаларда өзінің жұмысын осылай жүргізе алмаса, онда оның адасып, ескі, буржуазиялық жолға түскені. Коммунизм ілімінен туатын міндеттерді шешуде еңбекшілерге бірінші болып көмектесу үшін біздің тәрбие жұмысымызды еңбекшілердің қанаушыларға қарсы күресімен ұштастыру керек.

Одақ мүшелері өздерінің әрбір бос сағатын огородты жақсартуға немесе бір фабрикада не заводта жастардың оқуын ұйымдастыруға, т. т. пайдалануға тиіс. Біз Россияны қайыршы әрі бейшара елден бай елге айналдырғымыз келеді. Сондықтан Коммунистік жастар одағы өзінің білім алу, өзінің оқу, өзінің тәрбие жұмыстарын жұмысшылар мен шаруалардың еңбегімен ұштастыратын болсын, ол өз мектептерінде тұйықталып, тек коммунистік кітаптар мен кітапшаларды оқумен ғана шектеліп қалмайтын болсын. Тек жұмысшылармен және шаруалармен бірге еңбек еткенде ғана нағыз коммунист болуға болады. Сөйтіп, Жастар одағына енген әрбір адамның сауатты екенін, сонымен бірге еңбек ете де білетінін жұрттың бәрі көретін болсын. Ескі мектептен ескі муштраны қуып шыққанымызды, оның орнына саналы тәртіп орнатқанымызды, әрбір жас адамның сенбілікке қатысуға бара жатқанын, олардың халыққа көмектесу үшін қала іргесінде әрбір шаруашылықты қалай пайдаланып жүргенін жұрттың бәрі көрген соң, халық еңбекке бұрынғыдай қарамайтын болады.

Коммунистік жастар одағының міндеті — деревняда

немесе өз кварталында — кішкене бір мысал келтірейін — тазалықты қамтамасыз ету немесе тамақ бөлу сияқты іске көмек ұйымдастыру. Капиталистік ескі қоғамда бұл қалай істелді? Әркім өзі үшін ғана жұмыс істейтін, онда кәрі немесе ауру адамдар бар ма, әлде шаруашылықтың бүкіл салмағы әйелге түсіп, соның салдарынан ол еңсесі түсіңкі, күң күйінде жүр ме, бұған ешкім қарамайтын. Бұған қарсы күресетін кім болуға тиіс? Жастар одақтары болуға тиіс, олар: мұны біз өзгертеміз, біз жас адамдардың отрядтарын ұйымдастырамыз, олар үй-үйді үнемі аралап, тазалықты қамтамасыз етуге немесе тамақты бөлуге көмектеседі, олар күшті дұрыс бөліп және еңбектің ұйымдасқан еңбек болуға тиіс екендігін көрсетіп, бүкіл қоғамның пайдасына ұйымдасып қызмет етеді, деуге тиіс.

Өкілдері қазір 50 жасқа келіп қалған ұрпақтың коммунистік қоғамды көремін деп үміттенуіне болмайды. Ол кезге дейін бұл ұрпақ өліп бітеді. Ал қазір 15 жасар ұрпақ коммунистік қоғамды көреді және сол қоғамды өзі құрады. Және де өз өмірінің бүкіл міндеті сол қоғамды құру екенін бұл ұрпақ білуге тиіс. Ескі қоғамда әр семья еңбекті жеке істейтін; халық бұқарасын езген помещиктер мен капиталистерден басқа ешкім еңбекті біріктірген емес. Біз, мейлі қандай былғаныш, қандай қиын болса да, еңбек атаулыны ұйымдастырғанда — әрбір жұмысшы мен шаруа өзіне өзі: мен — азат еңбектің ұлы армиясының бір бөлшегімін, мен помещиктер мен капиталистерсіз-ақ өз тұрмысымды өзім құра білемін, коммунистік тәртіпті орната білемін, деп есептейтіндей етіп ұйымдастыруымыз керек. Коммунистік жастар одағы жұрттың бәрін жасынан* саналы және тәртіпті еңбекте тәрбиелейтін болуы керек. Міне, қазір алға қойып отырған міндеттеріміз орындалады дегенде біз осындай есепке сүйенеміз. Біздің жұтаған жерімізге техниканың ең соңғы жетістіктерін қолдану үшін елімізді электрлендіруге кем дегенде 10 жыл керек деп есептеуіміз қажет. Сонымен, қазір 15 жастағы, енді 10—20 жылдан кейін

* «Правданың» 1920 жылғы 7 октябрьдегі 223-номерінде «жасынан» деген сөздің орнына «он екі жасынан» деп берілген. *Ред.*

коммунистік қоғамда өмір сүретін ұрпақ өзінің оқу-үйрену жөніндегі барлық міндеттерін алға қойғанда, қай деревняда, қай қалада болса да, жастар күн сайын ортақ еңбектің белгілі бір міндетін, мейлі ең кішкене, мейлі ең қарапайым міндетін, практика жүзінде орындап отыратындай етіп қоюға тиіс. Коммунистік құрылыстың табысты болуы мұның әрбір деревняда қалай жүзеге асырылатындығына қарай, коммунистік жарыстың қалай өркендейтіндігіне қарай, жастардың өз еңбегін біріктіре алатындығын қалай дәлелдейтіндігіне қарай,— осыларға қарай қамтамасыз етілмек. Өзінің әрбір қадамына осы құрылыстың табысты болуы тұрғысынан қарағанда ғана, біріккен саналы еңбекшілер болу үшін қолдан келетіннің бәрін істедік пе деп өзіне өзі сұрақ қойып отырғанда ғана Коммунистік жастар одағы өзінің жарты миллион мүшесін бір еңбек армиясы етіп біріктіреді және өзін барша жұрт құрметтейтін етеді. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Правда» №№ 221, 222 және 223; 5, 6 және 7 октябрь, 1920 ж.

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған мына кітапшаның тексті бойынша басылып отыр: Н. Ленин (В. И. Ульянов). «Жастар одақтарының міндеттері», Москва, 1920

БЫЛҒАРЫ ӨНДІРІСІНІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ СЪЕЗІНДЕ 1920 ж. 2 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[123]

Жолдастар, сіздердің съезіңізді өткізушілер мен ұйымдастырушылардың білдірген тілегіне сәйкес, менің баяндамамда республикамыздың саяси жағдайы әңгіме болуға тиіс. Бұл жағынан алғанда, менің тоқталуыма тура келетін басты мәселе, күмән жоқ, Польша мен біздің арамыздағы соғыс, осыған байланысты оқиғалардың негізгі даму барысы және осының нәтижесінде біздің республикамыздың ішкі жағдайы мен халықаралық жағдайы жөнінде айқындалған нәрсе.

Қазір біз үшін соғыс жағдайының қаншалықты ауыр болып отырғанын сіздердің бәріңіз де, әрине, білесіздер, сондықтан осыған байланысты, нендей нәрселердің себебінен бұл жағдайдың осыншама шиеленісіп, осыншама ауырлап отырғанына көз жіберу орынды. Үстіміздегі жылдың апрелінде, поляктардың шабуылы әлі басталмай тұрған кезде, майдан шебінің қазіргіден гөрі шығысқа таман, көп жерлерде тіпті едәуір шығысқа таман болғаны, әлбетте, естеріңізде шығар. Майдан шебі былай-ды: Минск поляктардың қолында қалған, бүкіл Белоруссия солардың қолында болатын. Халық Комиссарлары Советі ғана емес, сонымен бірге РСФСР-дегі ең жоғары орган — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы да арнаулы үндеуінде поляк халқына өзінің бітім ұсынатындығын, Белоруссияның тағдыры туралы мәселені қарудың күшімен шешуден бас тартатындығын салтанатты түрде мәлімдеді, ал Белоруссия ешқашан да поляк жері

болған емес және оның поляк помещиктерінен ұзақ уақыт қасірет шеккен шаруа халқы өздерін ешқашан да поляктардың қарамағындамыз деп есептеген емес. Бірақ біз солай бола тұрса да, барынша ресми, барынша салтанатты түрде, сол кездегі шеп бойынша бітім жасасуды ұсынамыз деп мәлімдедік, өйткені бұл соғыста құрбан болуға тиісті жұмысшыларды біздің жоғары бағалағанымыз сонша, біз икемге келудің бұдан маңыздысы жоқ деп санадық. Белоруссия туралы мәселені біз қару күшімен емес, тек қана Польшаның өз ішінде өрістейтін күрес жолымен шешуді көздедік. Біз Польша еңбекшілерінің азат болуына тіпті де және негізінен алғанда әскери күш арқылы емес, қайта өз насихатымыздың күші арқылы көмек бере алатындығымызды білдік.

Бұл үстіміздегі жылдың апрелінде болды, ал сіздер мынаны білесіздер: біздің бітім жөніндегі салтанатты ұсынысымызға Польша әуелі бітімді Борисовта жасасайық деп жалтарма жауап берді; Борисов поляктардың қолында еді және солардың қолында болғандықтан да стратегиялық жағынан орасан зор маңызды пункт болған еді; келіс сөздерді ол жерде жүргізу поляктардың оңтүстік-батыста шабуыл жасауына мүмкіндік бергендік және өзімізді солтүстік-батыста шабуыл жасау мүмкіншілігінен айырғандық болып табылатын. Біз Борисовтан басқа қаланың қайсысына болса да келісеміз деп жауап бердік. Поляктар бас тартып жауап берді. Менің сіздерге мұны ескертіп отырған себебім — сіздерге осы мәселе жөнінде сөйлеуге тура келген күнде сөздеріңіздің бәрінде де алғашқы кезде біз бітімді майданның қазіргіден гөрі едәуір шығысқа таман шебі бойынша жасауды ұсынғанымызды, яғни өзіміз үшін мүлде тиімсіз бітім жасасуға келіскенімізді неғұрлым баса айтсын деп отырмын.

Поляктар бізді соғысқа ұрындырды, бірақ бұл жерде басты рольді атқарған тіпті поляк помещиктері де емес, поляк капиталистері де емес екенін біз білеміз, өйткені Польша, қазіргісіндей, қиын-қыстау жағдайға ұшырады. Ол бұл авантюраны қиын-қыстау жағдайда болғандықтан жасады. Ал поляктарды бізге қарсы со-

ғысқа айдап салған басты күш, әрине, халықаралық капиталдың және, ең алдымен, француз капиталының күші. Поляк армиясында жүздеген француз офицерлерінің қызмет еткені және қызмет етіп отырғаны, барлық қару-жарақты, барлық финанс және әскери көмекті Польшаға түгелдей Франция беріп келгендігі осыдан былай белгілі болды.

Бұл соғыс, міне, осындай жағдайда басталды. Бұл соғыс Совет республикасын қирату үшін одақтастардың жасаған жаңа әрекеті еді, Юденич жоспары іске аспай қалғаннан кейін Польшаның көмегімен Совет республикасын жаншып тастау мәселесін тағы да алға қою әрекеті еді, ал сіздер осы, біздің ықтиярымыздан тыс басталған, Польшамен арадағы соғыстың басты қиын-қыстау кезеңдерін білесіздер. Алғашында поляктардың табысты болғанын, оңтүстік-батыста олардың Киевті алып қойғанын, кейіннен, арада едәуір уақыт өткен соң Қызыл Армия өз күштерін жинап, шабуыл бастай алған кезде, міне осы кезде олардың бір пункттен соң екінші пункттен айрыла бастағанын сіздер білесіздер. Олар Полоцкіден, т. т. айрылды. Бірақ тек июльге қарай ғана Қызыл Армияның батыл шабуылы басталды; ал бұл шабуылдың ойдағыдай болғаны соншалық, біз соғыс тарихында адам есітіп көрмеген дерлік жорық жасадық. Қызыл Армия тоқтаусыз 500, тіпті 600, көп жерлерде 800 шақырым жерге дейін барып, Варшаваға дейін жетті деуге болады. Польша Варшавадан айрылуға аз-ақ қалды. Қалайда, бүкіл халықаралық баспасөз осылай деп есептеді. Кейін өзгеріс туды. Біз Варшаваға жақындағанда, біздің әскерлердің титықтап шаршағаны соншалық, сонан арғы жеңіске олардың күші жетпеді, ал поляк әскерлері Варшавадағы патриоттық өрлеуден қолдау алды, өз елінде екенін демеу етіп, ілгері басу үшін жаңа мүмкіншілік тапты. Соғыс Польшаны толық дерлік талқандауға дейін жетуге мүмкіншілік беріп еді, бірақ шешуші кезеңде біздің күшіміз жетпей қалды.

Мен бұл жөнінде әрі қарай айта берер едім, бірақ мен, өз баяндамамның тақырыбына сәйкес, сол кезде

өріс алған саяси жағдайға тоқталуым керек. Апрель шабуылының алдында біз поляк республикасына поляктар үшін мейлінше тиімді, бірақ біз үшін мейлінше тиімсіз шарттармен бітім ұсынған кезімізде, дүние жүзінің бүкіл буржуазиялық баспасөзінің айқай-шу көтергенін, біздің тура мәлімдемемізді біздің әлсіздігіміздің белгісі деп қарағанын көрдік. Егер большевиктер сол кезде поляк әскерлері келіп тұрған майдан шебі бойынша бітім ұсынса, егер большевиктер тіпті Минскіні де беріп кететін болса, онда олардың әлсіз болғаны десті. Соғыстың бас кезінде тіпті ағылшын королі Польшаның помещиктік үкіметінің басшысына құттықтау да жіберген болатын.

12 июль күні кенеттен, мүмкін, сіздердің естеріңізде болар, біз Ұлттар лигасының секретарынан: этнографиялық шекара шарт етіп қойылатын болса және бүкіл Галицияны Польшаға қалдыру шарт етіп қойылатын болса, Польша үкіметі бітім туралы келіс сөздер бастауға келіседі деп мәлімделген телеграмма алдық. Бүкіл халықаралық баспасөзде адам айтқысыз айқайшу көтерілді. Бұл жолы бәрі де бітім жағында болды. 1920 ж. көктемде, апрельде немесе онан да ертерек, біз бітім ұсынған кезде, сол баспасөздің бәрі үн-түнсіз қалған еді немесе Польшаны соғысқа айдап салған еді. Ал біз Польшаны жеңіп, бітімді енді Польша ұсынған кезде, ал біз бұл ұсынысқа Ұлттар лигасының ешқандай күш болып табылмайтындығы туралы, оның сөзіне сене алмайтынымыз туралы көзқарасымызды тура және ашық баяндап жауап берген кезімізде, олардың бәрі де айқай салып, бізден тоқтауды талап етті. Енді, соғыс бақыты алмасқан кезде, Польшаға біз кеше оған Ұлттар лигасынан да гөрі аса тиімді шарттармен бітім ұсынамыз деп мәлімдеп, бұл бітімге 5 октябрьге дейін қол қойылатын болсын дегенімізде, буржуазиялық баспасөздің бәрі тағы да үн-түнсіз қалды. Большевиктерге шабуыл жасалып жатқан кезде бітім туралы ол үн қатпайды, ал большевиктер шабуыл жасап жатқан кезде ол айқай салады. Ол осыдан соң буржуазиялық баспасөз бітім жасалуын тілейді екен дегенге сендіргісі келеді. Осыдан бірнеше күн бұрын аяқталған біз-

дің партияның конференциясында Польшадағы ірі кәсіптік одақтардың бірінен өкіл болып келген поляк жұмысшысының баяндамасын тыңдауға мүмкіндік алдық[124]; ол Варшавадан ретін тауып келіп, Польшада жұмысшыларға қандай қуғындар жасалғанын, Варшавада жұмысшылардың Қызыл Армияға қалай құтқарушы ретінде қарағанын, оны өзінің жауы деп қарамай, қайта, керісінше, пандарға қарсы, Польшаның буржуазиялық езушілеріне қарсы күресте өзінің досы деп қарап, орыс Қызыл Армиясының келуін қалай күткенін айтып берді. Бұл арада анық нәрсе — Антанта Польшаны Совет республикасын қирату жолындағы жаңа әрекетіне құрал ретінде пайдаланды, ал енді осы әрекет толығынан керісінше болып шығу қатері туған кезде, поляк жұмысшыларының өз үкіметін құлатуына біздің көмектесуге аз-ақ қалған кезімізде, Европаның бүкіл буржуазиялық баспасөзі бізге қарсы шықты. Каменев жолдас Лондонда болған кезінде күн сайын естуге тура келген ағылшын үкіметінің ультиматумдары мен қоқан-лоққыларын, Польшаны бейне бір бізден қорғау үшін өзінің барлық флотын Кронштадтқа шоғырландырып, Петроградқа қарсы жұмылдырмақшы болғанын бізге осында, Үлкен театрда айтып берді. Енді, соғыс бақыты алмасқан кезде, біз өз шарттарымыздан Польшаның қабылдай алмаймыз деп жариялағандарының бәрін алып тастап жатқан кезімізде, буржуазиялық баспасөз үн қатпай қалды. Бұл арада сіздердің көріп отырғандарыңыз Совет өкіметін құлату жолындағы жаңа әрекетке ағылшын және француз империализмінің Польшаны айдап салып отырғаны ғана, басқа түк те емес екені әбден айқын.

Және мұның өзі (бұл, күмәнсыз, маңызды нәрсе), меніңше, Советтік Россияға шабуыл жасаудың соңғы әрекеті болар. Бұл арада халықаралық империализмнің бүкіл системасымен Польшаның тығыз байланысты екендігі көрінеді. Сіздер білесіздер, одақтас империалистер — Франция, Англия, Америка және Жапония Германияны талқандап, Версаль бітімін жасасып отыр; бұл бітім соншама көп айқай болған атышулы Брест бітімінен қайткенде де озбырлығы жағынан әлдеқай-

да асып түседі. Және сонымен бірге, француздар, американдар, ағылшындар бұл соғысты азаттық соғыс деп, бұл соғыс Европаны және дүние жүзін гунндардың,— олар немістерді осылай деп атады,— варварлығынан құтқаруды, дүние жүзін герман милитаризмінен және герман кайзерінен құтқаруды мақсат етеді деп бүкіл дүние жүзіп басына көтеріп айқай салып жатқанда, Версаль бітімінің қаталдығы сол кайзердің өзінің жеңіп тұрған кезінде батылы барған қаталдықтан да асып түсті. Барлық жеңілген елдер үшін, Германия үшін, Австро-Венгрия империясының құрамындағы барлық елдер үшін ағылшын және француз офицерлерінің шаруашылық өмірге қол сұғуы бұл жағдайда өмір сүруге болмайтындығын дәлелдейді. Осы сұмдық бітімнің сақталуына жағдай жасаушы себептердің бірі — Польша Германияны екі бөліп тастады, сөйтіп поляк жерлері теңізге шығып жатыр. Германия мен Польша қатынастары қазір барынша шиеленісіп отыр. Поляктар герман халқына қысымшылық көрсеткенде, оларды Антанта әскерлері мен офицерлері қолдайды. Версаль бітімі Польшаны буфер мемлекет етіп отыр, ол Германияны советтік коммунизммен қақтығыстан сақтауға тиіс және Антанта оны большевиктерге қарсы құрал деп қарайды. Польшамен бірге және Польшаның көмегі арқылы француздар патша үкіметі алған ондаған миллиард қарыздарын қайтарып алуға үміт артады. Міне сондықтан да, Польшамен арадағы соғыс қызған кезде,— одан біз үлкен кеңшіліктер жасау арқылы болса да құтылғымыз келген,— Польшамен арадағы осы соғыс бұрынғы соғыстарға қарағанда Антантаға қарсы мейлінше тікелей жүргізілген соғыс болып шықты. Бізге Колчак, Деникин және Юденич қарсы шыққан кездегі бұрынғы соғыстар да офицерлердің және одақтастар берген жүздеген миллиондардың көмегімен, солардың зеңбіректері мен танктерінің көмегімен жүргізілген болатын. Бұрынғы соғыстар да Антантаға қарсы соғыстар еді, бірақ ол соғыстар орыстың ақ гвардияшы офицерлеріне және солар мобилизациялаған шаруаларға қарсы орыс территориясында жүргізілді, сондықтан бұл соғыстар Версаль бітіміне

нұқсан келтірерліктей соғысқа айнала алмады. Бұл соғыстардың Польшамен болған соғыстан айырмашылығы, міне, осында. Юденичке, Колчакқа және Деникинге қарсы соғыс та Антантаға қарсы соғыс болды және жұмысшы Россиясының бүкіл буржуазиялық Россияға қарсы соғысы болды. Ал бұл соғыс жеңіспен аяқталған кезде және біз Юденичті, Колчакты және Деникинді талқандаған кезде, бұл Версаль бітіміне қарсы тура шабуыл болған жоқ. Польшамен керісінше болып шықты, Польшаға қарсы соғыстың айырмашылығы осында, Польшаның халықаралық маңызы осында.

Біз Польшаға жеңімпаз шабуыл жасап жатқан кезде, сол кезде бүкіл Европа бітім жасалуын тілейміз деп, бүкіл дүние жүзі соғыстан шаршады, бітісетін кез болды деп зарлады. Ал поляктар шабуыл жасап жатқан кезде, соғыстан шаршадық деп ешқайсысы айқай салып отырған жоқ. Бұл неліктен? Мәселе мынада: біз Юденичті, Колчакты және Деникинді жеңгенімізбен Версаль бітімін бұза алмадық, біз тек қана Юденичке, Колчакқа және Деникинге соққы беріп, бұларды теңізге қарай қуып тастадық, ал Польшаға шабуыл жасағанда біз сол арқылы Антантаның өзіне шабуыл жасаймыз; поляк армиясын талқандау арқылы біз қазіргі халықаралық қатынастардың бүкіл системасына тірек болып отырған Версаль бітімін қиратамыз.

Егер Польша советтік бола қалса, егер Варшава жұмысшылары Советтік Россиядан өздері күткен және құптаған көмегін алған болса, Версаль бітімі қиратылған болар еді де, Германияны жеңудің арқасында қол жеткен бүкіл халықаралық система күйреген болар еді. Онда Францияның Германияны Советтік Россиядан сақтап тұрған буфері болмас еді. Францияның Совет республикасына қарсы қолданатын шоқпары болмас еді. Ол өзінің ондаған миллиардын қайтарып аламыз деген үміттен ада болар еді, сөйтіп ол апатқа қазіргіден де гөрі тез жақындай түскен болар еді. Франция борышқа белшесінен батып отыр. Бұрын ол ең бай өсімқор еді. Енді оның Америкаға берешегі басқа мемлекеттерге қарағанда үш есе көп. Франция банкрот

болғалы отыр. Оның халі мүшкіл. Қызыл әскерлердің Варшаваға жақындауы халықаралық дағдарысқа айналған себебі, міне, осыдан, мұның бүкіл буржуазиялық баспасөзді абыржытқан себебі, міне, осыдан. Қызыл Армия тағы да бірнеше күн жеңімпаз шабуыл жасаса, Варшава ғана алынып қоймай (мұның өзі оншалықты маңызды бола қоймас еді), Версаль бітімі де қираған болар еді; мәселе осылай қойылған болатын.

Бұл поляк соғысының халықаралық маңызы, міне, осындай. Біздің жаулап алу жоспарларымыз болмағанын өздеріңіз білесіздер. Мен сөзімнің бас жағында біз 1920 ж. апрельде Минскіден шығысқа таман тұрғандығымызды және Россия жұмысшылары мен шаруаларын қайтсе де жаңа соғыстан құтқару үшін сол шарттармен бітім жасасуды ұсынған едік дегенді атап көрсеткен болатынмын. Бірақ, бізді соғысуға мәжбүр еткен екен, біз сол соғысты жеңіспен аяқтауға тиіспіз. Версаль бітімі жүздеген миллион халықты езгіге салып отыр. Версаль бітімі Германиядан көмір алады, сүтті сиырлар алады, сөйтіп Германияны адам естіпкөрмеген құлдық жағдайға душар етеді. Германияның шаруа халқының ең жетілмеген топтары өздерінің большевиктерді жақтайтынын, өздері большевиктердің одақтасы екендігін мәлімдеді, мұның өзі түсінікті де, өйткені Совет республикасы өзінің өмір сүруі жолындағы күресінде дүние жүзінде империализмге қарсы күресіп жатқан бірден-бір күш болып табылады, ал империализм — қазір Францияның, Англияның және Американың одағы деген сөз. Біз қазіргі халықаралық системаның орталығына жақындап келеміз. Қызыл әскерлер Польшаның шекарасына жақындағанда, Қызыл Армияның жеңімпаз шабуылы адам естімеген саяси дағдарыс туғызды. Бұл дағдарыстың басты мәні мынада болды: ағылшын үкіметі бізге соғыс ашамыз деп қоқан-лоққы жасады, ол бізге: егер сендер мұнан да әрірек баратын болсаңдар, онда біз сендермен соғысамыз,— сендерге қарсы өз флотымызды жібереміз деп мәлімдеді. Бірақ сол кезде ағылшын жұмысшылары: бұл соғысқа жол бермейміз деп мәлімдеді. Айта кету керек, ағылшын жұмысшылары арасында боль-

шевизм өсіп келеді. Бірақ 1917 ж. мартта, апрель мен майда біздегі коммунистер қаншалықты әлсіз болса, қазіргі уақытта ондағы коммунистер де әлсіз; ол кезде кеңестер мен съездерде бізді жақтаған дауыстар оннан бір еді. Советтердің Бүкіл россиялық I съезінде, 1917 ж. июньде, біздің алған дауыстарымыз 13 проценттен аспаған еді. Ал қазір Англияда нақ осындай жағдай болып отыр: онда большевиктер болмашы азшылық. Бірақ мәселе мынада: ағылшын меньшевиктері әрқашан большевизмге, тура революция жасауға қарсы болып, буржуазиямен одақтасуды жақтап келді. Ал енді ағылшын жұмысшыларының байырғы көсемдері қобалжып, басқа көзқарасқа көшіп отыр: олар жұмысшы табының диктатурасына қарсы еді, ал қазір біздің жаққа шықты. Олар Англияда «Қимыл комитетін» құрды. Мұның өзі бүкіл ағылшын саясатындағы асқан зор төңкеріс. Қазіргі уақытта Англияда жалпыға бірдей дерлік сайлау правосымен сайланатын парламентпен қатар (мұның өзі 1918 жылдан бері ғана болып отыр), жұмысшылардың кәсіптік одақтарына, яғни тред-юниондарға сүйенетін, өз бетімен құрылған «Қимыл комитеті» пайда болып отыр, ал Англиядағы тред-юниондар мүшелерінің саны 6 миллионнан астам. Үкіметтің Советтік Россиямен соғыспақ ниетіне жұмысшылар: бұған жол бермейміз деп жауап берді, олар: біз француздардың да соғысуына жол бермейміз деді, өйткені француздар ағылшын көмірімен күн көріп отыр, сондықтан бұл өндіріс тоқтап қалатын болса, онда бұл Францияға үлкен соққы болып тиеді.

Қайталап айтайын,— мұның өзі бүкіл ағылшын саясаты үшін асқан зор өзгеріс болды. 1917 ж. февраль революциясының біз үшін қандай маңызы болса, Англия үшін мұның маңызы да нақ сондай. 1917 ж. Февраль революциясы патша өкіметін құлатып, Россияда буржуазиялық республика орнатты. Англияда республика жоқ, бірақ ондағы монархия — түгелдей буржуазиялық монархия, ол талай ғасырдан бері өмір сүріп келеді. Онда жұмысшылардың парламент сайлауына қатысуға мүмкіншілігі бар, бірақ бүкіл халықаралық, сыртқы саясат парламенттен тыс жүргізіледі,

оны министрлер кабинеті жүргізеді. Ағылшын үкіметінің Россияға қарсы жасырын соғыс жүргізіп жатқаны және Юденичке, Колчакқа, Деникинге көмектесіп отырғаны әлдеқашан белгілі. Англияның Россияға бір-де-бір солдат жіберуге хақы жоқ деген мәлімдемені ағылшын баспасөзінен әлденеше рет оқуға болушы еді. Ал бұл шараны жақтап кім дауыс беріпті? Юденич пен Колчакқа көмектесіп, Россияға қарсы соғысқа шығуға қандай парламенттік қаулылар рұқсат еткен екен? Мұндай қаулылар болған жоқ, сондықтан Англия мұндай әрекеттерімен өз конституциясын өзі бұзды. Ал осы «Қимыл комитеті» дегеніміз не? Бұл «Қимыл комитеті», парламенттен тыс, жұмысшылардың атынан үкіметке ультиматум қойып отыр — мұның өзі диктатураға көшу деген сөз, сондықтан жағдайдан құтылар басқа жол жоқ. Ал солай бола тұрса да Англия — отарларда 400 миллионнан 500 миллионға дейін халықты өз құлдығында ұстап отырған империализм елі. Бұл — жер шарындағы халықтың басым бөлегіне үстемдік жасап отырған ең басты ел. Польшаға жасалған шабуыл мынадай өзгеріс туғызды: ағылшын меньшевиктері орыс большевиктерімен одақ жасасты. Бұл шабуыл, міне, осыны істеді.

Бүкіл буржуазиялық ағылшын баспасөзі «Қимыл комитеті» дегеніміз Советтер деп жазды. Ал мұнысы дұрыс та еді. Бұл комитеттер Советтер деп аталмады, бірақ мәні жағынан нақ соның өзі еді. «Қимыл комитеті» де 1917 жылдың мартынан бастап бізде Керенскийдің тұсында болған қос өкіметтің дәл өзі; ол кезде Уақытша үкімет бірыңғай үкімет деп саналды, бірақ іс жүзінде жұмысшы және шаруа депутаттарының Советінсіз елеулі ештеңе істей алмады, сондықтан біз Советтерге: «бүкіл өкіметті өз қолдарыңа алыңдар» дедік. Нақ сондағыдай жағдай қазір Англияда да болып отыр, сондықтан меньшевиктер осы «Қимыл комитетінде» конституцияға қарсы жолға түсуге мәжбүр болып отыр. Біздің Польшамен соғысымыздың не екені жөнінде сіздерге беретін кішкентай түсінігіміз, міне, осындай. Және халықаралық буржуазия қазіргі уақытта бізден әлдеқайда өлшеусіз күшті болып отырса

да, ағылшын үкіметі бұл арада айыптың бәрін Каменевке тағып отырса да, сөйтіп Каменевті қайта бармайтын етіп, Англиядан қуып шықса да,— мұнысы бос қорқыту, кісі күлерлік қорқыту, өйткені американ және ағылшын капиталистерінің ең жақсы қорғаушылары, жұмысшылардың баяу ағылшын көсемдері, оңшыл меньшевиктер мен оңшыл эсерлер «Қимыл комитетіне» кірді, сөйтіп қазір Англия жаңа дағдарыстың қарсаңында тұр. Қазір оған жаппай көмір ереуілінің қаупі төніп отыр, оның үстіне ереуілшілер жалақыны арттыру талабын ғана емес, көмірдің бағасын кеміту талабын да қойып отыр. Англияда ереуілдер толқыны үдеген үстіне үдеуде. Ереуілшілер жалақының арттырылуын талап етеді. Бірақ жұмысшылар бүгін жалақыны 10% арттыра алса, ертеңіне баға 20% арттырылып отырды. Баға өсіп барады, сөйтіп жұмысшылар өз күресінің жеміссіз болып шыққанын, жалақының арттырылғанына қарамастан, өздерінің ұтылыс тапқанын көріп отыр, өйткені баға өсіп барады. Сондықтан жұмысшылар: біз көмірші жұмысшылардың жалақысын арттыруды ғана емес, көмір бағасын арзандатуды да талап етеміз деп отыр. Ал буржуазиялық ағылшын баспасөзі, Қызыл Армия Польшаға барып кіргендегіден де бетер қатты шошынып, байбалам салып жатыр.

Европалық дағдарыстың Италияда қандай әсері болғанын сіздер білесіздер. Италия — жеңген ел, ал Қызыл Армияның жеңістері Германияда қозғалыс туғызған кезде және ағылшын саясатында өзгеріс туғызған кезде, Италиядағы күрестің шиеленіскендігі соншалық, жұмысшылар фабрикаларды басып алып, фабриканттардың пәтер үйлерін тартып ала бастады, село халқын күреске көтере бастады, сөйтіп Италия қазір ешқандай бейбіт шеңберге сыймайтын жағдайға тап болып отыр.

Поляк соғысының даму барысы, міне, осылай болды. Міне, сондықтан да біз поляк соғысының халықаралық империализмнің барлық жағдайымен тығыз байланысты екенін біле отырып, жұмысшылар мен шаруаларды осы соғыстың ауыртпалығынан құтқару үшін ғана ең үлкен кеңшіліктер жасауға бардық. Содан соң біз Версаль бітімімен қақтығысқа келдік. Сондықтан буржуа-

зия нақ бұрынғысындай бізге өршелене қарсы болып шықты, бірақ жұмысшылар күн сайын емес, сағат сайын пісіп-жетіле берді және істің өзі жұмысшы революциясына қарай үздіксіз, бірақ сонда да болса Россиядағы дамудың тездігімен салыстырғанда, өте-мөте баяу жақындап келе жатты. Россияда революцияның соншалық тез дамуының мүмкін болған себебі, ол соғыс кезінде жасалды. Соғыс кезінде ондаған миллион орыс жұмысшылары мен шаруалары қаруланып алған еді, сондықтан мұндай күшке қарсы буржуазия мен офицерлер дәрменсіз болды. Октябрь күндерінде олар әскерлерді Петроградқа аттандырмақ болып қорқытты. Біз барлық майдандардан: сендерге қарсы аттанамыз, сендерді жайпап жібереміз деген ондаған мың телеграммалар алып жаттық. Біз: істеп көріңдер дедік, ал әрбір армиядан делегаттар келгенде, солдаттардың біздің жағымызға шығуы үшін жарты сағаттық әңгіме жеткілікті болып отырды, ал офицерлер үнін шығармауға тиісті болды. Қарсыласу әрекеттері, Юденичтің, Колчактың және Деникиннің заговорлар жасауы — кейін, армия демобилизацияланған кезде болды. Міне, сондықтан да Россияда революция жеңіске сондайлық тез жете алды. Халық қаруланып алған еді. Жұмысшылар мен шаруалар түгелімен біздің жағымызда болып шықты. Ал Европада болса соғыс аяқталды. Армиялар демобилизацияланды. Солдаттар үйді-үйіне тарап кетті. Жұмысшылар мен шаруалар қарусыздандырылды. Қазір ондағы дамудың қарқыны баяу, бірақ даму бар. Халықаралық буржуазия бізге қол жұмсады дегенше, оны өз жұмысшылары қолдан шап беріп ұстай алады. Польшаға қарсы соғыстың халықаралық маңызы, міне, осында. Халықаралық дағдарыстың туындар көзі, міне, осында. Енді біз үшін жаңа қиыншылықтардың туындайтын көзі, міне, осында. Өздеріңіз білесіздер, Варшаваға жету үшін және өкіметті Варшава жұмысшыларының қолына беру үшін, жұмысшы және шаруа депутаттарының Варшава Советтерін жинау үшін, оларға: «біз сіздерге көмекке келдік» деуіміз үшін күшіміз аздап жетпей қалған кезде, адам естіп, көрмеген қаһармандық күш жұмсаудан

кейін армия өзінің бар күшін сарқып алған кезде,— соғыста жеңіліске ұшырадық.

Енді біз шығыста тым алысқа шегініп кеттік. Солтүстікте біз тіпті Лида қаласынан айрылдық, оңтүстікте біз 1919 ж. апрельде тұрған шепте — Пилсудский шебінде тұрмыз деуге болады, солтүстікте біз аса қатты шегініп барамыз, ал Врангель осы кезде шабуыл жасау үшін үсті-үстіне әрекет істеп жатыр. Врангель жуырда Екатеринославқа қауіп төндірді, Синельниковоға жақындады және ол мұны алды да. Енді ол Славгородты алып отыр. Шығыста ол Мариупольді алды, Таганрогқа жақындап келеді, Донецк бассейніне қауіп төндіріп тұр. Біз тағы да қиын жағдайда отырмыз және халықаралық империалистер тағы да бір рет Совет республикасын қос қолдап: поляк шабуылымен және Врангельдің шабуылымен тұншықтыру әрекетін жасап отыр. Асылында, Польша да, Врангель де — француз империалистерінің қос қолы: олар поляк әскерлерін де, Врангельдің әскерлерін де өзінің қаруымен, өзінің әскери жабдықтарымен жабдықтап отыр. Бірақ осы үш күштің өзі өзара оншалықты тіл таба алмайды. Франция поляктарға: сендер аса көп күшті, аса көп жерді ала беруге тиісті емессіңдер, өйткені патшалық Россия оны сендерге ешқашан бермейді дейді. Франция Врангельге: сендер ескі помещиктердің өкіметін қайта орнатпайтын етіп қимылдауға тиіссіңдер, өйткені Деникиннің, Колчактың, Юденичтің мысалдары ескі помещиктер ақ гвардиялық армияларға басшылық еткенде немесе олардың офицерлері армияларды басқарғанда, территорияларды олар неғұрлым көп басып алған сайын, өз өліміне соғұрлым тезірек жақындайды, өйткені шаруалар, ақыр-аяғында, оларға қарсы көтеріледі дейді.

Врангельдің офицерлерден құралған таңдаулы әскерлері әзірге бар кезде, ол бұл әскерлерге үміт арта алушы еді және Врангельдің күші техниканың соңғы табысына сай өзінің тамаша қару-жарағы болғандығында, офицерлерден құралған таңдаулы әскерлері болғандығында еді. Ол Кубаньға өзінің десантын түсірген кезде, түсірген әскерлерінің сараланып алынғандығы

сонщалық, оның әрбір ротасы және әрбір полкы тұтас бір дивизияға татушы еді, өйткені олар түгелдей офицерлерден құралған еді. Бірақ кезінде Колчактың, Деникиннің және Юденичтің жасаған әрекеті сияқты әрекет жасап, неғұрлым кең территорияларды басып алып, неғұрлым қалың шаруа халықты әскерге мобилизациялап, халық армиясын құра бастаған кезеңде,— Врангельдің табыстары нақ сол кезеңде дереу оның жеңілісіне айналады, өйткені шаруалар әскері Колчакқа, Деникинге және Юденичке қаншалық қарсы болған болса, ешқашан да Врангельдің офицерлік әскерлерімен сонщалық бірге жүре алмайды. Партия конференциясында баяндама жасаған әлгі варшавалық жұмысшы мұны былай тұжырымдады: бұрын жастардан құралған поляк армиясы (бұған алғаш рет шақырылғандар, балалар алынған болатын) қазір қатардан шықты. Енді 35 жасқа дейінгілер мобилизацияланып отыр: енді ондағылар — империалистік соғысты бастарынан өткерген ересек адамдар және бұл армия — поляк помещиктері мен капиталистері үшін, жастардан құралған армиядай, онша сенімді армия емес.

Халықаралық жағдайдағы істің жайы, міне, осылай болып отыр. Сонымен, Варшава түбінде біздің жеңіліске ұшырауымыздың салдарынан, батыс және Врангель майдандарында әлі де болып жатқан шабуылдардың салдарынан, Антантаға қарсы соғыста біздің жағдайымыз тағы да айрықша қиындап кетті, сондықтан мен өзімнің қысқаша баяндамамды былғарышы жолдастарға: қазіргі уақытта тағы да барлық күшімізді жұмылдыруымыз керек екендігін, ендігі жерде Врангельді жеңу — біздің басты және негізгі міндетіміз екендігін айтып көрсетумен аяқтауға тиіспін. Бұл міндет нақ жұмысшылардың, нақ кәсіподақтардың, нақ пролетарлық бұқараның және ең алдымен қорғанысқа қатысы бар өнеркәсіп салаларына біртабан жақын тұрған жұмысшылардың орасан зор жігерін, талапкерлігін керек етеді. Осы соғыста біз кездестірген басты қиыншылық адам күші жөнінде емес,— бұл жағы бізде жеткілікті,— жабдықтау жөнінде болып отыр. Барлық майданда да басты қиыншылық — жабдықтаудың таппшылы-

ғы, жылы киім-кешектер мен аяқ киімдердің тапшылығы. Шинельдер мен етіктер — біздің солдаттарға жетпей отырған нәрсенің ең бастысы міне осы, әбденақ жеңімпаз шабуылдардың екінің бірінде жеңіске жеткізбей қалуы міне осыдан. Бізде сан жағынан жеткілікті болып отырған, бірақ жабдықтау жағы тапшы болғандықтан жасақтауға болмай отырған және соғысуға қандай да бір қабілетті әскер бола алмай отырған жаңа бөлімдерді жеңімпаз шабуыл үшін жедел пайдалануға кедергі жасайтын қиыншылық міне осында.

Сондықтан былғарышылар одағы және бүкіл былғарышылар пролетариатының атынан өкілдік етіп отырған жиналыс осыған барынша зор көңіл бөлулері керек. Жолдастар! Врангельге қарсы алдағы шабуыл үшін біз барлық күшімізді әзірлеп жатырмыз, бұл шабуылдың мүмкіндігінше неғұрлым ойдағыдай және тез жүргізілуі сіздерге байланысты. Мұның сіздерге байланысты болатын себебі, Совет өкіметінің және коммунистік партияның қолданып отырған шаралары жеткіліксіз. Қызыл әскерлерге шындап көмек көрсетілуі үшін, неғұрлым шұғыл өзгеріс жасалуы үшін, жабдықтау ісі жақсаруы үшін советтік мекемелердің көмегі, Халық Комиссарлары Советі мен Қорғаныс Советінің декреттері[125], партия шешімдері жеткіліксіз: кәсіподақтардың да көмегі керек. Біздің әлденеше рет бітім ұсынғанымызға қарамастан,— істің өзі тағы және тағы да жұмысшы-шаруа өкіметінің өмір сүруі туралы болып отырғанын кәсіподақтар түсінулері керек. Деникиннің, Колчактың және Юденичтің жеңілістерінен кейін жұмысшы-шаруа өкіметінің қалай күшейгенін сіздер білесіздер. Сибирьді, Кубаньды қайтарып алудың арқасында астық дайындаудың қалай күшейгенін сіздер білесіздер, Бакуді жеңіп алу қазір 100 миллион пұттан астам мұнай әкелуге мүмкіндік бергенін, ақырында, біздің өнеркәсібіміз астық запастарын жасауға және жұмысшыларды қайтадан фабрикаларға жұмысқа тартуға, фабрикаларды іске қосу үшін, ақырында, шаруашылық өмірді қалпына келтіру үшін шикізат жинауға және отын беруге мүмкіндік туғызатын негізге ие бола бастағанын сіздер білесіздер. Бірақ осы мүм-

кіншіліктердің бәрін жүзеге асыру үшін соғысты қайткен күнде де аяқтау керек, Врангельге қарсы шабуылды тездету керек. Алдағы қысқа дейін оңтүстікте Қырымды қайтарып алу керек, ал мұның өзі жұмысшылардың өздерінің және, мүмкін, ең алдымен әрбір орыс былғарышысының және былғарышылар одағының жігеріне, ынтасына байланысты болар.

Мен сіздерді жуырда, Коммунистік Интернационал өкілінің майдандағы жағдай туралы баяндамасынан кейін, тағы да істі қызыл әскерлерді жабдықтаудан және қамтамасыз етуден бастай отырып, өзіміздің Қызыл Армияның күштерін көтеруден бастай отырып, іске көмек көрсету үшін үсті-үстіне орасан зор қажыр-қайрат көрсеткен Петроград жұмысшыларының үлгісінен өнеге алуға шақырамын. Қызыл Армияға тылда көмек көрсету жөнінде жасалып отырған әрбір шара қызыл әскерлердің көңіл күйіне дереу әсер ететінін өздеріңіз білесіздер. Күзгі суық қызыл әскерлердің көңіл күйіне әсер етіп, оны жабырқататынын, жаңа қиыншылықтар туғызатынын, ауру-сырқауды көбейтетінін және зор зардаптарға әкеліп соқтыратынын өздеріңіз білесіздер. Бұл арада қызыл әскерлерге тылдан көрсетіліп отырған көмектің қандайы болсын Қызыл Армияның дереу күшеюіне, оның көңіл күйінің бекуіне, ауру-сырқаудың азаюына, шабуыл жасау қабілетінің артуына жеткізеді. Әрбір жиналыста, әрбір шеберханада мұнан былай әрбір жұмысшы: бәрі де Қызыл Армияға көмекке жұмылдырылсын — деген пікірді өзінің әңгімелерінің, баяндамаларының және жиналыстарының басты тақырыбы ететін болулары керек.

Біз өзімізге: біз Қызыл Армияға көмектесу үшін өзімізге байланысты нәрсенің бәрін істедік пе? деп сұрақ қоятын болайық. Өйткені Врангельді қаншалықты тез әрі біржолата жеңуіміз және толық бейбітшілікті, шаруашылық құрылысының мүмкіндігін қаншалықты тез қамтамасыз етуіміз осы көмекке байланысты. (Қол шапалақтау.)

«Правда» №№ 225 және 226; 9 және 10 октябрь, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

УКРАИНАНЫҢ КЕДЕЙ ШАРУАЛАРЫНА

Жолдастар! Патша генералы Врангель Украина мен Россияға шабуылын күшейтіп келеді. Француз капиталистерінің қолдауымен, ол Донецк бассейніне және Екатеринославқа қауіп туғызып, ілгері жылжып барады. Қауіп өте зор. Помещиктер өз өкіметін қайтарып алуға тағы да әрекет жасап жатыр, жерлерін қайтарып алып, шаруаларды қайтадан құлдыққа салуға әрекет жасап жатыр!

Жолдастар! Украин деревнясы помещиктердің езгісінен адам естімеген азапты бастан кешірді. Помещиктер Совет өкіметін, жұмысшы-шаруа өкіметін бір емес, әлденеше рет құлата алды, оларға бай шаруалар, кулактар бір емес, әлденеше рет көмектесті, тура солардың жағына шығып кетуімен де көмектесті, кедейлердің, еңбекші шаруалардың деревняда жаңа тәртіп, жаңа өмір, жаңа ұйым құруына бөгет жасауымен де көмектесті. Ал помещиктік өкіметті қайта орнату әрекеттері әрқашан да жұмысшылардың және шаруалардың жаңа жеңісімен аяқталып отырды. Қазір Украинадағы кедей шаруалар азын-аулақ байлардың қарсыласуын біржолата жеңу үшін, еңбекшілер өкіметін түпкілікті қамтамасыз ету үшін өз комитеттерін құруға кірісті. Помещиктік генерал Врангель еңбекшілердің осы ұйымдарын қирату үшін тегеурінін күшейте түсіп отыр.

Жолдастар! Барша жұрт және әрбір адам Врангельге қарсы жан-тәнімен қорғануға шықсын! Кедей ша-

руалардың барлық комитеттері мүмкін болғанынша өз күштерін жұмылдырсын, Врангельді жеріне жете соққылау үшін Қызыл Армияға көмектессін. Жұмысшы-шаруа ісінен бірде-бір еңбекші шаруа шеткері қалмасын, әрекетсіз немесе немқұрайды қалмасын. Жолдастар! Әңгіме сіздердің семьяларыңызды сақтап қалу жайында, шаруаның жері мен өкіметін қорғап қалу жайында болып отырғаны естеріңізде болсын.

Бәрі де Қызыл Армияға көмекке жұмылдырылсын!

Езуші помещиктер жойылсын!

2/X. 1920. *Ленин*

«Коммунист» (Киев) № 199, 13 октябрь, 1920 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ[126]

«Известияның» 8 октябрьдегі номеріне қарағанда, Луначарский жолдас Пролеткульттің съезінде, біздің онымен кешегі келіскеніміздей емес, оған *тура керісінше* сөйлеген[127].

Қарардың жобасын (Пролеткульт съезінің қарары) өте-мөте тез дайындап, Орталық Комитеттен өткізу керек және Пролеткульттің *дәл осы* сессиясынан да өткізіп үлгеру керек. Орталық Комитеттің атынан Халық ағарту комиссариатының коллегиясында да, Пролеткульттің съезінде де бүгіннен қалдырмай өткізу керек, өйткені съезд бүгін аяқталады.

ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ:

1. Советтік жұмысшы-шаруа республикасында жалпы алғанда саяси-ағарту саласында да, арнайылап алғанда өнер саласында да ағарту ісінің бүкіл қойылысы пролетариат диктатурасы мақсаттарын ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы, яғни буржуазияны құлату, таптарды жою, адамды адамның қанауының қандайын болса да құрту жолындағы пролетариаттың таптық күресі рухында болуға тиіс.

2. Сондықтан пролетариат өзінің авангарды — коммунистік партия арқылы да, жалпы алғанда әр алуан пролетарлық ұйымдардың бүкіл бұқарасы арқылы да бүкіл халық ағарту ісіне мейлінше белсенді, мейлінше негізді түрде қатысуға тиіс.

3. Ең жаңа тарихтың бүкіл тәжірибесі және, әсіресе, «Коммунистік Манифест» шыққаннан бергі жердегі дүние жүзінің барлық елдері пролетариатының жарты ғасырдан астамырақ уақыт ішіндегі революциялық күресі марксизмнің дүние танымы ғана революцияшыл пролетариаттың мүдделерінің, көзқарасының және мәдениетінің дұрыс бейнесі екендігін даусыз дәлелдеді.

4. Марксизм буржуазиялық дәуірдің аса бағалы табыстарын тіпті де керексіз деп лақтырып тастамай, қайта, керісінше, адамзаттың ақыл-ойы мен мәдениетінің екі мың жылдан астам уақыт бойғы дамуындағы бағалы нәрсенің бәрін игеріп, қайта өңдеді, осынысы арқылы марксизм өзінің революцияшыл пролетариаттың идеологиясы ретіндегі бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызына ие болды. Осы негіздегі, осы бағыттағы мұнан былайғы жұмыс қана, пролетариаттың қанау атаулыға қарсы ақырғы күресі ретінде пролетариат диктатурасының практикалық тәжірибесінен шабыт алатын жұмыс қана нағыз пролетарлық мәдениеттің дамуы деп таныла алады.

5. Бұлжымастан осы принциптік көзқарасты берік ұстай отырып, Пролеткульттің Бүкіл россиялық съезі өзінің ерекше бір мәдениетін ойлап шығару, өзінің оқшау ұйымдарының шеңберінде қалып қою, Халық ағарту комиссариатының және Пролеткульттің жұмыс салаларына шек қою немесе Халық ағарту комиссариаты мекемелерінің ішінде Пролеткульттің «автономиясын» орнату, т. с. сияқты әрекеттердің қандайын болса да теориялық жағынан қате, практикалық жағынан зиянды деп санап, мейлінше үзілді-кесілді теріске шығарады. Съезд, керісінше, Пролеткульттің барлық ұйымдарына өздерін түгелдей Халық ағарту комиссариаты мекемелерінің көмекші органдарымыз деп санауды, пролетарлық диктатура міндеттерінің бір бөлшегі ретінде өз міндеттерін Совет өкіметінің (нақ Халық ағарту комиссариатының), Россия коммунистік партиясының жалпы басшылығымен жүзеге асыруды сөзсіз міндет етіп жүктейді.

* *
*

Луначарский жолдас сөзімді бұрмалапты дейді. Онда *сондықтан да* қарар мейлінше қажет.

1920 ж. 8 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. «Красная Новь» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ РКП(б) МОСКВА ҰЙЫМЫ АКТИВІНІҢ КЕҢЕСІНДЕ 1920 ж. 9 ОКТЯБРЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Біздің ішкі жағдайымыз туралы бұл жиналыста айтып жатудың қажеті болмас, өйткені бұл жағдай баспасөзімізден және жер-жерде жүргізіліп жатқан жұмыстардан жолдастардың бәріне жеткілікті дәрежеде белгілі. Азық-түлік өткен жылға қарағанда әлдеқайда көп мөлшерде дайындалды, отын да солай, ал бұл — біздің жұмысымыздың негізі. Бірақ жабдықтау мағынасында істің жайы мәз емес. Ірі фабрикалардың белгілі бір бөлегін қазірдің өзінде жұмысқа қосуға болады, бұлардағы жұмысшылардың пиғылы да қазір, әрине, фабрикалардың тоқтап қалған кезіндегідей үмітсіз болмау керек. Біздің экономикалық жағдайымызды еске алғанда жұрттың пиғылында бетбұрыс жасалады деп ұйғаруға болады.

Біздің сыртқы жағдайымызға, сыртқы саясаттың жаңалықтарына тоқталу қажет. Польшаның ішінде дағдарыс орасан зор: Польша экономика жағынан бізге қарағанда әлдеқайда көп бүлінген; ал саяси жағынан — большевиктерге қарсы әрқашан өштікпен жала жауып келген оппортунистік партия — Поляк социалистік партиясының өзі де үкіметтің жұмысшыларды жазалауларына қарсы наразылық білдіріп отыр. Бізден бітім шарты бойынша оларға берілетін жерлерді Польша тек күштеу арқылы ғана ұстап тұра алады. Польша жұмысшылары мен шаруалары бұқарасының ішінде бітімге деген ынта орасан зор. Польшаға бітім ұсынсақ және зор кеңшіліктер жасасақ, сонда саяси партиялар

біздің әділдігімізді түсінетін болады, біздің Польшамен соғысуды тілемегенімізді түсінетін болады. Бізден контрибуция алғанымен де, Польша бұдан ұтпайды, өйткені ақшаны ол алмайды, Франция алады. Мұны Польшада осы кезге дейін жасырып отыр, бірақ енді бұл жағдай жұмысшылар алдында бірте-бірте әшкереленуде, ал біздің мұны жұмысшыларға айқын көрсетуге күш салуымыз керек. Сондықтан біздің қазір бітімге қол қоюымыз қажет. Оның үстіне, біз уақыт ұтамыз, сөйтіп бұл уақытты өз армиямызды күшейту үшін пайдаланамыз.

Врангель майданында біздің күшіміз басым, бірақ солай бола тұрса да, Донецк бассейніне елеулі қауіп төнген кез болды. Врангель түрлі бағыттарда жекелеген соққы беру арқылы біздің жалпы шабуылға шығу жоспарымызды іске асыртпай отыр.

Сырт қарағанда болмашы болса да, саяси мағынада алғанда ерекше сипаты бар жағдай мынадай. Германия Зиновьев пен Бухарин жолдастардың Тәуелсіз партияның алдағы съезіне Германияға баруына рұқсат етті. Мүмкін, бұл дөрекі арандатушылық болар, бірақ, екінші жағынан, Зиновьев жолдастың баруы «тәуелсіздер» арасында қазірдің өзінде байқалып отырған жіктелісті тездетіп, тереңдете түсері күмәнсыз. «Тәуелсіздердің» бөлініп шыққан бір бөлігі және Германия Коммунистік партиясының бір миллионға тарта мүшелері орасан зор революциялық күш болып табылады. Оның үстіне, мұнда бүкіл Европа үшін керекті зор үгіт материалы болады.

Бар мәселенің түйіні мынада: біздің бітім келіс сөздерімізді әрқашан іске асыртпай келген және енді тағы да кес-кестеп кедергі жасап отырған Францияның империалистік саясаты айқын көрінді. Біз уақытша бітімнің әрбір сағатын ныгаю мақсатына пайдалануымыз керек. Жабдықтау қызметін күшейтіп, Врангель майданында тез жеңістерге жету керек, міне сонда бізге қарсы жүргізіліп жатқан дипломатиялық әзәзілдіктердің торы үзіледі деп үміт етуге болады.

Қиыр Шығыстағы жағдай мынадай: Жапония кетуге тиіс, өйткені оның жорықты жүргізуі мүмкін

емес. Бұл бізді күшейте түседі. Қазіргі уақытта Москвада бір американ миллиардері жүр, ол Камчаткада концессия алу туралы келіс сөздер жүргізуде. Бұл концессияны беріп, біз Жапония мен Америка арасындағы қатынастарды шиеленістіреміз.

Түркістан мен Кавказдағы жағдай анағұрлым күрделі. Жақында түріктер Батумды, сонан соң, мүмкін, Бакуді де басып алу мақсатымен Арменияға шабуыл жасай бастады. Бұл мәселе жөнінде біздің барынша сақтық жасауға тиіс екеніміз түсінікті. Соғыс қақтығыстары туралы деректер әзірге жоқ.

Франция мен Англия арасындағы алауыздықтар қаншалық зор болғанымен, біз әзірге жеңіске жете алмай, жеңіліске ұшырап отырған жағдайда, бұл алауыздықтарды қазір пайдалана алмаймыз. Алауыздықтар, сірә, дегенмен бар сияқты. Англия бізбен сауда қатынастарын жасағысы келеді, ал біз бұл қатынастарды жүзеге асыруға ұмтыламыз.

Біздің армияның қару-жарағының қандай екенін егжей-тегжейлі айта алмаймын. Соңғы уақытта патрондардың жеткіліксіздігі сезілген еді, ал қазір қиыншылықтар азайды. Жұмыс берік негізге қойылған, тек оны онан сайын күшейте түсу керек. Партия ұйымдары ұялардағы жұмыс арқылы және кәсіподақтар арқылы бұған көмектесуге тиіс.

Жеңіп шығу мүмкіндіктеріміз қандай, бұған қазір жауап бере алмаймын, өйткені көңіл күйін анықтау әзірге қиын. Түңілушілік тым үлкен; біз шегіне бастағаннан бері алты апта уақыт өтті, бірақ әлі тоқтағанымыз жоқ. Басты нәрсе сол, біз қысқы жабдықтау жөнінде кешігіп қалдық; мұның өзі жеңіліс кезіне тура келді. Уақытша бітімнің әрбір кезеңін біздің нығайып алу мақсатына пайдалануға тиіс екеніміз күмәнсыз.

Біз, тиянақты бірдеңе білмей отырғанда, үгіт жұмысына жөн сілтей алмаймыз. Бұл жиналыс енді оған жөн сілтейді.

Троцкий жолдастың айтуына қарағанда, Махно туралы мәселе әскери топтар арасында өте байыпты түрде талқыланып, мұнда ұтып шығудан басқа ештеңе

болмайтыны анықталған. Мұның себебі, Махноның төңірегіне топтасқан элементтер Врангель тәртібін қазірдің өзінде өз бастарынан кешірген және оның оларға не бере алатыны бұларды қанағаттандырмаған. Біздің Махномен жасасқан шартымыз оның бізге қарсы шықпайтындығы жөніндегі кепілдіктерге негізделген. Бұл арада Деникинмен, Колчакпен қалай болса, жағдай дәл сондай болып отыр: олар кулактар мен жалпы алғанда шаруалардың мүдделеріне тиіскен бойдан-ақ, шаруалар біздің жағымызға шықты.

Уақытша бітімді поляктардың да өзін күшейту мақсатына пайдаланатыны, осы уақыт ішінде соғыс жабдықтарын да тасып жеткізуі мүмкін, бұл күмәнсыз, бірақ бұл нақ осындай нәрсені біз істемеуге тиіспіз деген сөз емес.

Әзірге соғыс болып жатқанда соғыс құралдарының бірі ретінде құпия дипломатия да болуға тиіс. Бұдан біз бас тарта алмаймыз. Бұл дипломатияға баға беру соғысқа берілетін жалпы бағаға байланысты.

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Стенограмма бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ МЕКЕНДЕГЕН ЖЕРЛЕРДЕ РКП(б)-ның МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[128]

Орталық Комитет Саяси бюросының Шығыс халықтарының Баку съезінің[129] 27 делегатымен 1920 жылы 13. X. болған кеңесінде жасалған баяндамалар мен хабарламаларды талқылап, Орталық Комитеттің Саяси бюросы қаулы етті:

1. Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы Ұлттар советінің жұмысы күшейтілсін және бұл жұмыс туралы баяндама Халық Комиссарлары Советінің таяудағы мәжілісіне қойылсын.

2. Шығыс халықтары жөнінде (әсіресе, қалмақтарға, бурят-монғолдарға, т. б.) жергілікті орыс халқының жасаған қиянаттары мен зорлық-зомбылықтарына аса қатаң тексеру тағайындалып, айыптылар жазаға тартылсын.

3. Жоғары Совет өкіметі атынан манифест шығарылып, ол РСФСР ұлт саясатының негіздерін қуаттайтын болсын және оның толық жүзеге асырылуына неғұрлым нақты бақылау орнататын болсын.

4. Әлі автономиялы мекемелері жоқ шығыс ұлттары үшін, ең алдымен қалмақтар мен бурят-монғолдар үшін, нақтылы жағдайларға сәйкес келетін формаларда автономияны жүзеге асыру қажет деп танылып, бұл Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатына тапсырылсын.

5. Аграрлық мәселе жөнінде Солтүстік Кавказдағы тау халықтарына великорустардың олардан алып қойған жерлерін казак халқының кулак бөлегі есебінен

қайтарып беру қажет деп танылып, тиісті қаулыларды дереу әзірлеу Халық Комиссарлары Советіне тапсырылсын.

6. Орталық Комитет пен орталықтағы Совет өкіметінің шығыс халықтары мекендеген облыстарға Москвадан жіберілетін барлық уәкілдері үшін нұсқау хат әзірленсін. Бұл нұсқау хатта уәкілдердің міндетін түсіндіру негізгі мәселе етіліп қойылсын, олардың міндеті: жергілікті халық еңбекшілерінің өкілдерінен құралған жергілікті органдар арқылы ғана жұмыс жүргізуі керек және нағыз коммунистік топтар мен элементтерді қолдай отырып, жергілікті халықтың буржуазиялық және жалған коммунистік топтарына қарсы күрес жүргізуді өздерінің басты міндеті деп есептеуі керек.

1920 ж. 13 немесе 14 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОСКВА ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ УЕЗДІК, БОЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ СЕЛОЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІ ПРЕДСЕДАТЕЛЬДЕРІНІҢ КЕҢЕСІНДЕ 1920 ж. 15 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[130]

Жолдастар! Баяндамамызды арнағалы отырған республикамыздың ішкі және сыртқы жағдайы туралы мәселе жөнінде менің көбінесе Польшамен болған соғысқа және оның себептеріне тоқталуыма тура келетіні табиғи нәрсе. Соңғы жарты жылда республиканың сыртқы және ішкі жағдайын белгілеген басты нәрсе нақ осы соғыс болды. Сөйтіп нақ қазір, Польшамен алдын ала бітімге жаңа ғана қол қойылып отырғанда, нақ қазіргі уақытта бұл соғысқа, оның маңызына жалпы назар салып өтуімізге, жаңа ғана аяқталған және шынымен әбден аяқталған-аяқталмағаны әлі белгісіз болып отырған соғыстың біздің бәрімізге беретін сабақтарын ойланып алуымызға болады және солай ету керек. Мен сондықтан, ең алдымен, поляктар үстіміздегі жылдың 26 апрелінде өздерінің шабуылын бастағандығын естеріңізге салғым келеді. Совет республикасының ұсынысы мынадай болды: біздің әскерлердің Варшава түбінде зор жеңіліске ұшырағанына қарамастан және олардың Варшавадан шегінген кезде бұдан да зор жеңіліске ұшырағанына қарамастан, поляктарға, поляк помещиктері мен поляк буржуазиясына біздің тарапымыздан салтанатты және ресми түрде бітім шарттары ұсынылды; бұл шарттар олардың қазіргі келісіп отырғанынан анағұрлым тиімді болатын. Үстіміздегі жылғы апрельдің аяғында поляктар қазір өздері алдын ала бітімнің шебі деп есептеп отырған шептен шығысқа қарай 50 шақырымнан 150 шақырымға де-

йінгі майдан шебінде тұрған кезде, бұл шеп ол кезде көрінеу әділетсіз болғанына қарамастан, біз оларға Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің атынан салтанатты түрде бітім ұсынған болатынбыз, өйткені, әрине, бәріңіз де білесіздер және естеріңізде болар, ол кезде Совет өкіметінің ең басты ісі бейбіт құрылысқа көшуді қамтамасыз ету болып еді. Польша мемлекеті мен біздің арамыздағы даулы мәселелерді соғыс жолымен шешуді тілеуге бізде ешбір негіз жоқ еді. Польша мемлекеті ол кезде помещиктер мен капиталистердің мемлекеті болғанын, солай болып қалып отырғанын, ол Антанта капиталистеріне, Келісу елдеріне, әсіресе Францияға толық тәуелді екендігін біз жақсы білетінбіз. Ол кезде Польша, Шығыс Галицияны айтпағанның өзінде, бүкіл Литваны ғана емес, Белоруссияны да өз ықпалында ұстап отырғанына қарамастан, соғысты болдырмау үшін, Россияның жұмысшы табы мен шаруаларына империалистік соғыс пен азамат соғысынан аздап та болса тыныс алуға, сөйтіп, ақырында, біржола бейбіт жұмысқа кірісуге мүмкіндік беру үшін қолдан келген нәрсенің бәрін істеуді өзіміздің борышымыз деп білдік. Бұл жолы да бұрынғыша, талай рет көріп жүргеніміздей болып шықты: поляктарға олардың тұрған шебі бойында бітім жасасуды ұсынамыз деген тура, ашық мәлімдемеміз біздің әлсіздігіміздің белгісі деп саналды. Барлық елдердің буржуазиялық дипломаттары мұндай ашық мәлімдемеге дағдыланбаған, сондықтан өзімізге сондайлық тиімсіз шептің бойында бітім жасасуға біздің әзірлігіміз біздің мейлінше әлсіздігіміздің дәлелі деп қаралып, солай түсінілді. Француз капиталистері поляк капиталистерін соғысқа айдап сала алды. Қысқа уақытқа созылған үзілістен кейін, поляктар шабуыл жасағаннан кейін біз оған қарсы жауап соққы бергеніміз, Варшаваға дейін дерлік жақындап барғанымыз өздеріңіздің естеріңізде, осыдан кейін біздің әскерлер ауыр жеңілістерге ұшырады, олар кейін шегіндіріліп тасталды.

Бір айдан астам уақыт бойына және соңғы уақыттың бәрінде біздің әскерлер шегініп, жеңіліске ұшыраумен болды, өйткені олар Полоцкіден Варшаваға дейін со-

зылған, соншалықты ауыр жорықтан өте-мөте шаршап, шалдыққан еді. Бірақ осы ауыр жағдайға қарамастан, қайталап айтайын, бітім әдепкісіне қарағанда Польша үшін неғұрлым тиімсіз шарттар бойынша жасалып отыр. Ол кездегі шекара шығысқа таман 50 шақырым жерді кесіп өтуші еді, қазір ол батысқа таман 50 шақырым жерді кесіп өтетін болып отыр. Сонымен, біз бітімді тек жау үшін тиімді кезде жасасақ та, біздің әскерлер шегініп, Врангель өзінің тегеурінін күшейтіп тұрған кезде жасасақ та, біз бітімді неғұрлым тиімді жағдайда жасап отырмыз. Мұның өзі сіздерге мынаны тағы да қайталап дәлелдейді: Совет өкіметі бітім жөнінде өзінің ұсынысын жасаған кезде, оның сөздеріне және мәлімдемелеріне қалай да байсалдылықпен қарау қажет, олай етілмесе, біз бітімді өзімізге тиімсіз шарттар бойынша ұсынғанымызбен, сол бітімді өзімізге тиімді шарттармен алатын боламыз. Бұл сабақты поляк помещиктері мен капиталистері, әрине, ұмытпайтын болады, олар өздерінің астамшылық жасағанын, енді бітімге бұрын ұсынылғандағыдан аз территориямен көнгенін түсініп отыр. Ал мұның өзі бірінші сабақ емес. 1919 жылы көктемде Москваға американ үкіметінің өкілі келгендігі, осы үкіметтің бізбенен және сол кездегі барлық ақ гвардиялық бас қолбасшылармен: Колчакпен, Деникинмен және басқаларымен алдын ала бітім ұсынғанда біз үшін айрықша тиімсіз бітім ұсынғаны бәріңіздің есіңізде болар. Осы өкіл қайтып барып, бітім шарттарын баяндаған кезде, біздің шарттарымыз тиімсіз болып көрінді де, соғыс созыла берді. Бұл соғыстың нәтижесі сіздерге белгілі. Демек, Совет өкіметі кейбіреулердің шамалағанынан өзінің анағұрлым күшті екендігін, біздің ноталарымызда барлық басқа буржуазиялық үкіметтерге тән мақтанушылық, қоқан-лоққы жасаушылық жоқ екендігін, Советтік Россиямен бітімге келіспеу — бірсыпыра уақыт өткеннен кейін өзіне неғұрлым тиімсіз шарттармен сол бітімге көну деген сөз екендігін бірінші рет дәлелдеп отырған жоқ. Халықаралық саясатта мұндай нәрселер ұмытылмайды, сондықтан, поляк пандарының өздеріне бұрын біз ұсынғандағыдан гөрі қазір тиімсіз бітімге

көніп отырғанын оларға дәлелдеп, біз поляк халық бұқарасын, поляк шаруалары мен жұмысшыларын өз үкіметі мен біздің үкіметтің мәлімдемелерін салмақтап, салыстырып көруге үйретеміз.

Американ үкіметінің нотасын сіздердің көбіңіз газеттен көрген боларсыздар, ол бұл нотада: «Біз Совет өкіметімен істес болғымыз келмейді, өйткені ол өзінің міндеттемесін бұзып отыр»[131],— деп мәлімдейді. Біз бұған таңырқамаймыз, өйткені біз мұны талай жылдардан бері есітіп келеміз, бірақ нәтижесінде олардың Советтік Россияға шапқыншылық жасау әрекеттерінің бәрі күйреумен ғана аяқталып отырды. Түгелдей дерлік помещиктер мен капиталистер сатып алған поляк газеттері,— оларда мұның өзі баспасөз бостандығы деп аталады,— Совет өкіметіне сенуге болмайды, ол зорлықшылар мен алдамшылардың өкіметі дейді. Мұны барлық поляк газеттері айтып отыр; бірақ поляк жұмысшылары мен шаруалары сөзді іспен тексереді, ал іс біз алғаш рет бітім ұсынған кезде, біз соның өзімен-ақ өзіміздің бейбітшілік сүйгіштігімізді дәлелдегенімізді көрсетті, октябрьде бітім жасасып, біз тағы да сол бейбітшілік сүйгіштігімізді дәлелдедік. Бұл дәлелді сіздер буржуазиялық үкіметтің ешбір тарихынан таба алмайсыздар және бұл факт поляк жұмысшылары мен поляк шаруаларының есінде із тастамай кете алмайды. Совет өкіметі бітім өзіне тиімсіз болып отырған кездің өзінде оған қол қойды. Помещиктер мен капиталистердің қолында отырған державалардың үкіметтерін жалған сөйлемеске біз тек осы жолмен ғана үйретеміз, өздеріндегі жұмысшылар мен шаруалардың сол үкіметтерге сенімін кетіреміз. Бәрінен де осы жөнінде көбірек ойлау керек. Россиядағы Совет өкіметі осындай сансыз жаулардың қоршауында отыр, ал бұл жаулар қалай дегенмен де дәрменсіз. Поляк соғысының бүкіл барысы мен нәтижесін ойлап қараңыздаршы. Польшаның француз капиталистеріне сүйенгенін, олардың Польшаға ақша, жабдықтар, киім-кешектер, снарядтар беріп, француз офицерлерін жіберіп отырғанын қазір біз білеміз. Осы жуық арада біз Польша майданында қара түсті әскерлердің, яғни француз отарлары

әскерлерінің пайда болғандығы туралы мәлімет алдық. Демек, соғысты Франция жүргізді, оған Англия мен Америка көмектесті. Сонымен бірге Франция Врангельді Россияның заңды үкіметі деп таныды,— демек, Франция Врангельді де қолдады, оған армиясын қаруландыру және жабдықтау үшін қаржылар беріп тұрды. Англия мен Америка да Врангельдің армиясына қаржы беріп отыр. Демек, бізге қарсы шыққан үш одақтас: Франция, оны дүние жүзіндегі барлық бай елдер қолдады, Польша және Врангель болды — ал біз осы соғыстан тиімді бітім жасасып шықтық. Демек, жеңуші біз болып қалдық. Картаға көз жіберген кісінің қай-қайсысы да біздің жеңгенімізді, бұл соғыстан шыққанда біздің жеріміз соғыс басталған кездегіден көбейгендігін көреді. Бірақ бұл жау бізден гөрі әлсіз бе еді, біздің әскери күштерімізден гөрі ол әлсіз бе еді, оның адамдары, соғыс запастары, снарядтары бізден аз ба еді? Онда бәрі де көп. Бұл жау бізден гөрі әлдеқайда күшті, ал сонда да болса ол жеңілді. Бүкіл дүние жүзінің барлық мемлекеттері жөнінде Советтік Россияның қандай жағдайда екендігін түсіну үшін, міне, осы жағын ойлану керек.

Большевиктер революцияны бастаған кезде олар: біз оны бастай аламыз және бастауға тиіспіз деген болатын; бірақ сонымен бірге революцияны ойдағыдай аяқтау, оны сөзсіз жеңіспен ақырына дейін жеткізу бір ғана Россиямен тынып қалмай, қайта бірсыпыра елдермен одақтасып, халықаралық капиталды жеңу арқылы болатынын біз ұмытқанымыз жоқ. Россия капиталы халықаралық капиталмен байланысты. Сондықтан дұшпандарымыз бізге: сендер Россияда жеңе қалған күнде де, істерің бәрібір апатқа ұшырайды, өйткені басқа капиталистік мемлекеттер сендерді жаншып тастайды дегенде,— біз қазір бұған өзімізде бар өте маңызды тәжірибемізбен, Польшамен соғыстағы тәжірибемізбен жауап береміз — бұл тәжірибе шынында істің қалай болып шыққанын көрсетеді. Шынын айтқанда, бізден неғұрлым күшті, большевизмге өшпенділігінде және Совет өкіметін құлатуға бел байлағандығында шегі жоқ Францияның, Польшаның және Врангельдің жар-

ты жылдан кейін — егер шабуылдың басталуын апрельден бастап есептейтін болсақ, тіпті мұнан да аз уақыттың ішінде — жеңіліп қалуы, соғыстың біздің пайдамызға аяқталғалы тұрғаны неден болды? Империалистік соғыс пен азамат соғысынан шаршап-шалдыққан, жаулардың қоршауында отырған, киім-кешектер мен жабдықтардың шығатын барлық көздерінен кесіліп қалған Советтік Россия,— осы Советтік Россия қалайша жеңіп шығып отыр? Міне, осы жөнінде ойлапу керек, өйткені осы мәселені ойлана келіп, біз орыс революциясының ғана емес, халықаралық революцияның да механикасын түсіне бастаймыз. Біз мынаның расталғанын көріп отырмыз: орыс революциясы халықаралық революцияның тізбегіндегі бір буын ғана және біздің ісіміз берік әрі жеңілмес іс, өйткені бүкіл дүние жүзінде революция ісі дамып келеді, экономикалық жағдайлар жауларымызды әлсіретіп, ал бізді күннен күнге күшейтетіндей болып қалыптасып отыр, мұның өзі асырып айтқандық та емес, мақтаншақтық та емес, әуестенушілік те емес, мұны сіздерге қазір поляк соғысы тағы да дәлелдеп берді. Бізге қарсы үш одақтас соғысты. Былайша қарасаң, осы үш одақтасты бірімен-бірін қосу қиын емес-ақ сияқты, бірақ Юденич, Колчак және Деникин соғыстарының зор тәжірибесінен үйренген үш одақтас бізге қарсы бірігө алмады, олар бір-бірімен қадам басқан сайын егесіп қала берді және мұның өзі жуырда ғана аяқталған поляк соғысының тарихындағы ерекше бір сабақ боларлық нәрсе. Біздің Варшаваға жасаған жорығымыз — шаршаған, шалдыққан, киім-кешектен кемшілік көрген солдаттар 600 шақырымнан астам жер жүріп, поляк әскерлерін, тамаша жаттықтырылған, француз офицерлерінен жүздеген таңдаулы нұсқаушылары бар осы әскерлерді үсті-үстіне күйрете жеңген Қызыл Армияның осы жорығы,— осы жорық біздің барлық жауларымыздың араларындағы ішкі қатынасты бізге ашып берді. Қызыл Армия әскерлері Польшаның шекарасына жақындаған кезде, біз 12 июльде ағылшын сыртқы істер министрі Керзоннан телеграмма алдық; ол Ұлттар лигасының, атышулы Ұлттар лигасының атынан, бейне Англияны,

Францияны, Американы, Италияны, Жапонияны, әскери күші, орасан зор күші бар, дүние жүзіндегі барлық әскери флотты иеленіп отырған мемлекеттерді, өздеріне әскери қарсыласу мүлдем мүмкін емес, қисынсыз нәрсе болып көрінген мемлекеттерді біріктіріп отырған одақтың атынан,— осы Ұлттар лигасының атынан бізге соғысты тоқтатуды және Лондонда поляктармен келіс сөздер жүргізуді ұсынды. Осы телеграмма бойынша шекара шебі Гродноның, Белостоктың, Брест-Литовскінің маңымен және Шығыс Галициядағы Сану өзенінің бойымен өтуге тиісті еді. Біз бұл ұсынысқа: біз ешқандай Ұлттар лигасымен санаспаймыз деп жауап бердік, өйткені біз бұл Ұлттар лигасының байсалды еместігін көрдік, оны тіпті өзінің мүшелері де тыңдамайтынын білдік. Біздің жауабымызды француз үкіметі қиянқы жауап деп тапты, сондықтан осы Ұлттар лигасы бізге қарсы көтерілуге тиісті тәрізді болып көрініп еді. Бірақ не болып шықты? Ұлттар лигасы біздің осы алғашқы мәлімдемемізден-ақ быт-шыт болды, Англия да, Франция да біріне-бірі қарсы шықты.

Ағылшын әскери министрі Черчилль Россияға қарсы барлық ақ гвардияшыларды қолдау үшін, оларды соғыс жабдықтарымен жабдықтау үшін бірнеше жыл бойы барлық шараларды, заңды шараларды да, ағылшын заңдарының тұрғысынан қарағанда одан да көп заңсыз шараларды да қолданып келеді. Черчилль — Советтік Россияға өте-мөте өш адам, ал солай бола тұрса да біздің мәлімдемемізден кейін Англия дереу Франциядан бөлініп кетті, өйткені Францияға өзін Германиядан қорғау үшін Россияның ақ гвардиялық күштері керек, ал Англияға ешқандай қорғанудың қажеті жоқ, Англия — теңіздегі ел, ол ешбір қыр көрсетуден қорықпайды, өйткені оның аса күшті флоты бар. Сонымен, Россияға адам есітіп көрмеген үрей салушы Ұлттар лигасы алғашқы адымынан бастап-ақ дәрменсіз болып шықты. Бұл Ұлттар лигасының құрамдас бөліктерінің мүдделері бір-біріне қайшы келетіндігі қадам басқан сайын көрініп отыр. Франция Англияның жеңілгенін тілейді, ал Англия Францияның жеңілгенін тілейді. Сондықтан Каменев жолдас Лондонда ағыл-

шын үкіметімен келіс сөздер жүргізген кезде және ағылшын премьер-министріне: «Айталық, сіз өзіңіздің айтып отырғаныңызды шынында да орындайсыз екен делік, ал енді Франция қалай болады?» деген кезде,— ағылшын премьер-министрі: Франция өз жолымен кетеді, «біз Франциямен бірдей жүріп отыра алмаймыз» деп жауап беруге тиіс болды. Сонымен, Ұлттар лигасы жоқ болып шықты, капиталистік державалардың одағы дегеніміз бос алдау, шынына келгенде мұның өзі әрқайсысы бірінен-бірі бірдеңені көбірек жырып алуға тырысатын жыртқыштар одағы болып шықты. Ал қазір, Ригада бітім жасасу үстінде Польшаны, Англияны, Францияны және Врангельді бір-бірінен ажыратып тұрған нәрсенің не екенін, олардың неліктен қосыла алмағандығын біздің білуімізге тура келген кезде, біз олардың әр түрлі мүдде көздегенін, өйткені Англия кіші-гірім жаңа мемлекеттерді — Финляндияны, Эстляндияны, Латвияны және Литваны өз ықпалында ұстағысы келетінін, патшалық, немесе ақ гвардиялық, немесе тіпті буржуазиялық Россияның да қайта орнауында оның ешқандай ісі жоқ екенін, қайта оған бұл тіпті тиімсіз екенін білдік. Сондықтан да Англия Францияның ниетіне қиғаш әрекет жасайды, Польшамен және Врангельмен қосыла алмайды. Ал Франция өз мүдделеріне бола, өз аласыларына бола поляк солдаттарын бірі қалғанша қырғынға ұшыратудың жөнін ойластырып отыр. Ал бізден Франция бұрынғы патша алған, Керенский үкіметі мойындаған 20 миллиард борышын төлейді деп дәмеленеді, ал енді зердесі бар адамның қайсысына болса да айқын нәрсе мынадай: француз капиталистері желкесінің шұқырын қалай көре алмайтын болса, бұл ақшаларды да солай көре алмайды және француз капиталистері француз жұмысшылары мен шаруаларын соғысқа айдай алмайтынын, ал поляк жұмысшылары мен шаруаларын қанша болса да айдай алатынын түсінеді, француз капиталистері өз миллиардтарын алуы үшін поляк солдаттары, мейлі, қырыла берсін дейді. Бірақ француз, ағылшын және басқа елдердің офицерлері Польшада өздерін жаулап алынған елдегіше ұстайтындығын поляк жұмысшыла-

ры да көріп отыр, сондықтан да біз Ригада келіс сөздер жүргізіп жатқан кезімізде поляк жұмысшылары мен шаруалары партиясының — сөзсіз патриоттық партияның, большевизмге сөзсіз жау, біздегі оңшыл эсерлер мен меньшевиктер партиясы сияқты партияның,— осы партияның бітім жағында екендігін және поляк помещиктері мен капиталистерінің үкіметіне қарсы екендігін көрдік; бұл үкімет соңғы кезге дейін бітімді болдырмауға ұмтылып келді, тіпті қазір де осыған ұмтылып отыр және әлі ұзақ уақыт бойы ұмтыла береді; осы жаңада ғана жасасқан біздің алдын ала бітімімiздің қаншалықты баянды екендігі туралы мәселеге көшкенде бұл жөнінде менің айта кетуіме тура келеді.

Одақтастардың үшіншісі — бүкіл Россияны помещиктер мен капиталистерге қайтарып беру үшін күрес жүргізген Врангель Польшаны да Россияға қосады. Барлық орыс патшалары, орыс помещиктері мен капиталистері Польшаны өз олжамыз деп қарауға дағдыланып алған ғой, патшаның өзі бас болып, тіпті орыстың крепостной мужиктері де соғысқа айдағанда, Польшаны тұншықтырғанын олар әлі ұмытқан жоқ қой, сондықтан, демек, егер Врангель жеңетін болса, онда ол әрі Россияда, әрі Польшада бүкіл өкіметті помещиктерге қайтарып беру үшін жеңген болар еді. Бірақ үш одақтас бізге қарсы бас қосқанда, олар істі бірімен-бірі жұлқыласудан бастаған болып шығып отыр. Сонымен, Францияның зауқы соққан нәрсеге поляк мужигінің де, поляк жұмысшысының да зауқы соқпайды, ал Врангельдің зауқы соққан нәрсеге Польшаның бірде-бір помещигінің де зауқы соқпайды. Сондықтан қазір, біз Врангельдің радиосын немесе француздың үкіметтік хабары берілетін Париж радиосын тыңдағанымызда, біз Врангель мен Францияның тісін қайрап отырғанын көреміз, өйткені олар қазір біздің Польшамен жасасқан бітімімізді бітім емес, Польша бұған қол қоя алмайды деп сендірсе де, біз жасасқан бұл бітімнің қандай бітім екенін түсініп отыр. Ал біз ақырын күтеміз,— әзірше бітімге қол қойылды. Оның бер жағында Врангель де, Франция да бұл арада мәселенің неде екенін түсінбей отыр. Күйзелген Советтік

Россияның өзінен анағұрлым күшті цивилизациялы мемлекеттерді жеңуінің кереметі олардың ақылына сыймайды. Бұл жеңістердің барлық күші — коммунистердің: жеке меншік ыдыратады да, еңбек біріктіреді дейтін негізгі ілімі екенін олар түсінбейді. Жеке меншік дегеніңіз тонау, сондықтан жеке меншікке негізделген мемлекет — олжа бөлісу үшін соғысатын жыртқыштардың мемлекеті. Сөйтіп олар осы соғысты аяқтамай жатып, қазірден-ақ бірімен-бірі, өз іштерінде күресе бастады. Осыдан бір жыл бұрын бізге 14 мемлекет қауіп туғызып еді. Ал солай бола тұрса да осы 14 мемлекеттің одағы салған жерден қаусап түсті. Қаусаған себебі не? Себебі, бұл мемлекеттердің өзара жасасқан шарты тек қағаз жүзіндегі шарт еді, бұлардың бірде-бірі соғысқа аттап баспады. Ал енді соғыс басталғанда, Франция, Польша және Врангель бірімен-бірі біріккеннен кейін, бұлардың одағы да қаусап түсті, өйткені олар бірін-бірі аяқтан шалады. Олар әлі өлтірілмеген, өлтіре де алмайтын аюдың терісін бөлісе бастады. Ал оның бер жағында, олар осы аюдың терісіне таласып, қазірдің өзінде қырық пышақ болып жатыр.

Дүние жүзілік саясаттың тәжірибесі Советтік Россияға қарсы одақтың сәтсіздікке ұшырамай қоймайтынын дәлелдеді, өйткені мұның өзі империалистік одақ, бірікпеген жыртқыштар одағы және бұл жыртқыштардың шын мүддесі, бұлардың бастарын қосатын берік мүддесі жоқ. Жұмысшы табын біріктіретіндей нәрсе оларда жоқ, оларда бұл мүдде жоқ, мұның өзі поляк соғысы кезінде тағы да аңғарылды. Біздің Қызыл Армия поляктардың қарсылығын күйреткен кезде, ол Белосток пен Брест-Литовскіні алғанда, Польша шекарасына жақындап барғанда, бүкіл халықаралық саясаттың қалыптасқан системасы күйреп түсті, өйткені ол система Версаль шартына сүйенетін еді, ал Версаль шарты дегеніміз — жыртқыштар мен қарақшылардың шарты. Брест бітімін, соншама уақыт өзіміз езгісінде болған бітімді, бізге еріксіз әкеліп таңғанда, сол кезде бүкіл дүние жүзінде бұл бітім тонаушылар бітімі деп айқай салынды. Германия жеңілген кезде, Ұлттар ли-

гасы Германияға қарсы соғыса отырып, бұл азаттық соғыс, демократиялық соғыс деп айқай салды. Германияға еріксіз бітім таңды, бірақ бұл бітім өсімқорлық бітім, тұншықтырушылар бітімі, қасапшылардың бітімі еді, өйткені олар Германия мен Австрияны тонады, бөлшектеді. Олар бұл екеуін күллі тіршілік жабдықтарынан айырды, балаларын ашығуға, ашаршылықтан өлуге душар етті, мұның өзі адам естімеген, тонаушылық бітім еді. Сонымен, Версаль шарты дегеніміз не? Бұл бітім — ондаған миллион адамды, соның ішінде ең цивилизациялы адамдарды құлдық халге түсірген құлақ естімеген, тонаушылық бітім. Мұның өзі бітім емес, қарақшылар қорғансыз құрбандықтың алқымына пышағын таяп тұрып еріксіз қабылдатқан шарттар. Версаль шарты бойынша бұл дұшпандар Германияның барлық отарларын тартып алды. Түркия, Персия және Қытай құлдарға айналдырылды. Жағдай мынадай: дүние жүзі халқының $^{7}/_{10}$ бөлігі құлдық жағдайға түсіріліп отыр. Бұл құлдар бүкіл дүние жүзінде бытырап жатыр және ат төбеліндей бір топ елдің: Англияның, Францияның және Жапонияның талан-таражына берілген. Міне сондықтан да Версаль бітіміне сүйенген бүкіл осы халықаралық құрылыс, тәртіп жанар таудың үстінде тұр, өйткені бүкіл жер жүзі халқының құлдыққа түсірілген $^{7}/_{10}$ бөлігі күрес бастайтын әлдебіреу табылса екен деп, осы мемлекеттердің бәрі шайқала бастаса екен деп күтіп отыр, күткенде де асыға күтіп отыр. Франция ескі борыштарын аламын деп үміт етеді, ал өзі Америкаға борышты және оның Америкаға бұл борышын төлерлік түгі жоқ, өйткені оның еш нәрсесі жоқ, жеке меншік деген оларда қасиетті нәрсе. Ал осы қасиетті жеке меншік дегеннің мәні неде? Мұның мәні мынада: патшалар мен капиталистер қарызға ақша алады, ол қарызды жұмысшылар мен шаруалар төлеуге тиіс. Олар күйреу алдында. Олар борыштан құтыла алар емес. Міне, нақ осы кезде Қызыл Армия Польша шекарасын қиратып, Германияның шекарасына жақындап қалды. Мұның өзі дәл мына кезде, Германияда жұрттың бәрі, тіпті қаражүздіктер мен монархистер де, бізді большевиктер құтқарады деп

жүрген кезде, Версаль бітімі бой-бойына сетінеп бара жатқанын, барлық капиталистерге соғыс жариялаған Қызыл Армия бар екенін көрген кезде болып отыр. Ал сонымен не болып шықты? Версаль бітімі Польшаға сүйеніп отырған болып шықты. Рас, соғысты ақырына дейін жеткізуге біздің күшіміз жетпеді. Бірақ біздің жұмысшылар мен шаруалардың киім-кешексіз болғанын, дегенмен де олардың ілгері жылжығанын, сондай қиыншылықтарды жеңгенін, бүкіл дүние жүзінде бірде-бір армия душар болмаған жағдайларда соғысқанын есте сақтау керек. Біздің күшіміз жетпеді, біз Варшаваны алып, поляк помещиктерін, ақ гвардияшыларды, капиталистерді ақырына дейін соққыға жыға алмадық, бірақ біздің армия Версаль шартының дәріптеліп жүргеніндей күш емес екендігін, қазір жүздеген миллион адамдардың ондаған жылдар бойы қарыздарды өздері төлеуге, одан соң немерелері мен шөберелерін бұған мәжбүр етуге, сөйтіп француздың, ағылшынның және басқалардың империалистерін байытуға біржолата еріксіз көндірерліктей күш емес екендігін бүкіл дүние жүзіне көрсетті. Қызыл Армия осы Версаль шартының онша берік шарт емес екендігін дәлелдеп берді. Күйзеліске ұшыраған Совет елінің 1920 жылы жазда, осы Қызыл Армияның арқасында, толық жеңіске таяныл қалғандығын біздің армия осы Версаль шарты жасалғаннан кейін көрсетті. Версаль шартынан қорықпайтын күштің бар екенін және егер жұмысшылар мен шаруалар помещиктер мен капиталистерді жеңе алса, жұмысшылар мен шаруалардың күшін ешқандай Версаль шарттары күйрете алмайтынын бүкіл дүние жүзі көріп білді.

Сонымен, Версаль бітіміне қарсы жорықтың өзі, барлық елдердің барлық капиталистері мен помещиктеріне қарсы және басқалардың бәрін олардың тұншықтыруына қарсы жорық зая кеткен жоқ. Барлық елдерде сан миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар осыны көрді және осы жайында ойланды, ал қазір олар Совет республикасын өздерінің құтқарушысы деп біледі. Олар былай дейді: Қызыл Армия соққыға жауап беретінін дәлелдеді, алайда алғашқы жылы, тіпті өзінің

бейбіт құрылысының алғашқы айларында десе де болады, жеңіп шығуға оның күші жетпеді. Бірақ бейбіт құрылыстың осы алғашқы айларынан кейін жылдар келеді және осындай әр жыл сайын ол бұрынғыдан 10 есе күшейе түседі. Жұрт: Версаль бітімі құдіретті империалистердің бітімі деп ойлап еді, ал 1920 жылдың жазынан кейін керек десе әлсіз елдің де жұмысшылары мен шаруалары өз күштерін біріктіріп, капиталистерге тойтарыс бере білсе, оларға қарағанда империалистердің неғұрлым әлсіз екеніне енді көзі жетті. Сондықтан Советтік Россия 1920 жылғы жазда поляк ақ гвардияшыларының озбырлығынан, тегеурінінен өзін қорғаушы күш ретінде ғана емес, шынына келгенде ол Версаль шартын қирата алатын және жер жүзіндегі елдердің көпшілігіндегі жүздеген миллион адамдарды азат ете алатын бүкіл дүние жүзілік күш ретінде шықты. Міне, биылғы жазда болған Қызыл Армия жорығының маңызы осындай. Міне сондықтан да Англияда осы соғыс кезінде Англияның бүкіл саясатында өзгеріс туғызған оқиғалар болды. Біз өз әскерлерімізді тоқтатудан бас тартқан кезде, Англия: «Біз өз флотымызды Петроградқа аттандырамыз» деп қорқытып жауап берді. Петроградқа шабуыл жасалсын деген бұйрық берілді. Каменев жолдасқа ағылшын премьер-министрі осылай деп мәлімдеді және бұл барлық елдерге хабарланды. Бірақ осы телеграмма жолданған күннің ертеңінде-ақ бүкіл Англияда митингілер, жиналыстар қаулап кетті және, жер астынан шыққандай, «қимыл комитеттері» пайда болды. Жұмысшылар бірікті. Орыс меньшевиктерінен де гөрі жексұрын, капиталистердің алдында бұлардан да бетер малайша жарамсақтанатын барлық ағылшын меньшевиктері, тіпті осылар да бірігуге тиісті болды, өйткені жұмысшылар осыны талап етті, ал Англия жұмысшылары: «Біз Россияға қарсы соғысқа жол бермейміз!» деді. Сөйтіп бүкіл Англияда «қимыл комитеттері» құрылды, ағылшын империалистерінің соғысын болғызбай тастады, барлық елдердің империалистеріне қарсы өзінің соғысында Советтік Россияның тағы да осы елдердің әрбіреуінде одақтастары бар болып шықты. Большевиктер: «Россияның

капиталистері мен помещиктеріне қарсы көтеріліп отырғанда біз жалғыз емеспіз, өйткені кез келген елде одақтасымыз бар, ол одақтас — жұмысшы мен еңбекші, бұлар елдердің көпшілігінде бар» деген кезде,— кейбіреулер мұны келеке етіп: «Бұл еңбекшілер өздерін қай жерде көрсетіп еді?» деп жауап берген болатын. Иә, капиталистері анағұрлым күшті болып отырған, тоналған отарлардың жүз миллиондаған адамдарының есебінен өздері өмір сүріп отырған Батыс Европада,— онда бас көтеру анағұрлым қиын, онда жұмысшы революциясы анағұрлым баяу өсіп келеді. Алайда ол өсіп келеді. Алайда, 1920 жылы июльде Англия Россияны соғыс ашамыз деп қорқытқан кезде, ағылшын жұмысшылары бұл соғысты болдырмай тастады. Ағылшын меньшевиктері ағылшын большевиктерінің соңынан ерді. Олар ағылшын большевиктеріне еруге және конституцияға қарсы, заңға қарсы: «Біз соғысқа жол бермейміз. Егер ертең соғыс жариялайтын болсаңыздар, онда біз стачка жариялаймыз, сендерге ғана емес, Францияға да көмір бермей тастаймыз» деуге тиісті болды. Ағылшын жұмысшылары өздерінің халықаралық саясатты жасағысы келетіндігін мәлімдеді және олар мұны, басқа елдердегі капиталистердің істегеніндей емес, Россиядағы большевиктердің істегеніндей етіп істеп отыр.

Поляк соғысының нені ашып көрсеткенінің үлгісі, міне, осы. Жарты жылдан кейін біздің жеңімпаз болып шығуымыздың себебі, міне, осы. Күйзелген, әлсіз, артта қалған Советтік Россияның өзіне қарағанда адам айтқысыз құдіретті мемлекеттердің одағын жеңіп отырған себебі, міне, осы, өйткені ол мемлекеттерде ішкі күш жоқ, өйткені жұмысшылар мен еңбекшілер оларға қарсы және осының өзі әрбір дағдарыста аңғарылып отырады. Мұның аңғарылатын себебі — олар бірінебірі тарпа бас салатын және бізге қарсы біріге алмайтын жыртқыштар, сайып келгенде, ақырында, мұның себебі — адамдарды жеке меншік ыдыратып, хайуанға айналдырады, ал еңбек біріктіреді. Сонымен, еңбек Россияның жұмысшылары мен шаруаларын ғана емес, сонымен бірге бұларды барлық елдердің жұмысшыла-

рымен және шаруаларымен біріктіріп отыр, сөйтіп енді барлық елдерде Советтік Россия Версаль бітімін талқандайтын күш деп саналып отыр. Советтік Россияның буыны бекиді, ал Версаль шарты күл-талқан болады, бұл шарт 1920 жылдың июлінде Қызыл Армияның алғашқы соққысынан-ақ быт-шыт болуға сәл-пәл қалған-ды. Міне сондықтан осы поляк соғысы бірде-бір империалистік мемлекет күтпеген нәтижемен аяқталып отыр. Және бұл сабақ біз үшін — бүкіл дүние жүзілік саясатқа қатысатын барлық мемлекеттердің мысалдары, қимылдары арқылы біздің ісіміздің берік екендігін көрсететін аса ұлы сабақ болып табылады, Россияға шапқыншылық жасау әрекеттері және Россияға қарсы соғыс шаралары қандай болған күнде де,— ал мұндай әрекеттер ілгеріде, бәлкім, әлі бір рет қана жасалып қоймас,— бірақ біздің қазірдің өзінде-ақ өз тәжірибеміз арқылы шыныққанымызды және іс жүзіндегі тәжірибенің негізінде бұл әрекеттердің бәрінің де күлі көкке ұшатынын білетіндігімізді көрсететін аса ұлы сабақ болып табылады. Және біз жауларымыздың әрбір әрекетінен кейін бұрынғыдан да бетер күшейіп шығудамыз.

Версаль бітімімен қақтығыста өзіміздің күшімізді дәлелдеген халықаралық саясаттан енді мен неғұрлым жақынырақ, практикалық міндеттерге көшемін, Версаль шартына байланысты туып отырған жағдайға көшемін. Мен июль айында Москвада болған Коммунистік Интернационалдың Екінші съезінің, бүкіл дүние жүзінің коммунистері съезінің және соның артынан Бакуде болған Шығыс халықтары съезінің қандай маңызы болғанына тоқталып жатпаймын. Бұл съездер коммунистерді топтастырған халықаралық съездер болды, олар барлық цивилизациялы елдерде және шығыстың барлық артта қалған елдерінде большевиктік ту, большевизм программасы, большевиктердің қимыл әдістері — барлық цивилизациялы елдердің жұмысшылары үшін, барлық артта қалған отар елдердің шаруалары үшін құтқару туы, күрес туы екендігін көрсетті, шынында да Советтік Россия соңғы үш жылдың ішінде өзіне тұншықтырмақшы болып тарпа бас салғандарға

тойтарыс беріп қана қоймай, сонымен бірге бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілердің тілектестігіне ие болғандығын көрсетті, біздің өз жауларымызды талқандап қана қоймай, сонымен бірге біздің күн сайын емес, сағат сайын одақтастар тапқанымызды және таба беретінімізді көрсетті. Коммунистердің Москвадағы съезі және Шығыс халықтары коммунистік өкілдерінің Бакудегі съезі не тындырды,— мұны бірден өлшеп-пішуге болмайды, мұның өзін тура есепке алу мүмкін емес, бірақ мұның өзі басқа соғыс жеңістерінің бәрінен де маңызы асып түсетін жеңіс болып табылады, өйткені ол бізге большевиктердің тәжірибесін, олардың қызметін, олардың программасын, олардың капиталистер мен империалистерге қарсы революциялық күреске үндеуін бүкіл дүние жүзі мойындағанын және июльде Москвада, сентябрьде Бакуде істелгендерді жұмысшылар мен шаруалар дүние жүзінің барлық елдерінде әлі де көптеген айлар бойы ұғынып, көңілге тоқи беретінін көрсетеді. Бұл — біздің талай рет көргеніміздей, кез келген жанжал тұсында, кез келген дағдарыс тұсында өзін Советтік Россия жағында көрсететін күш, бұл — бүкіл дүние жүзіндегі күштердің арасалмағы тұрғысынан қарағанда, поляк соғысынан туатын негізгі сабақ.

Қазір бізде не болып жатыр деген мәселеге көшкенде, мен бізге қарсы қалып отырған басты күш — енді Врангель екендігін айтуға тиіспін. Франция, Польша және Врангель бізге бірлесіп қарсы шығып еді. Біздің әскерлер түгелдей Батыс майданындағы соғыспен болып жатқан кезде, Врангель өзінің күштерін жинастырды, ал француз және ағылшын флоттары оған көмектесті. Врангель Кубаньға жақындағанда, ол сондағы ауқатты казак-кулакқа үміт артты. Сол кезде Врангельді Донецк бассейнінде тұрақтату үшін оған кім көмектесті, оған отынды, әскери флотты кім берді? Ағылшын және американ флоттары берді. Бірақ бұл десанттың сәтсіздікке ұшырағанын біз білеміз, өйткені Кубань казагы астыққа бай бола тұрса да, эсерлердің, меньшевиктердің, тағы басқалардың Құрылтай жиналысын, халықтық өкіметті және басқа да тамаша нәр-

селерді уәде етіп, ақымақтарды ауыздарыңнан ақ май ағызамыз деуінің не екенін ол жақсы аңғарды. Олар сондайлық әдемі сөйлегенде, мүмкін, Кубань шаруалары оларға сенген де болар, бірақ сайып келгенде бұл шаруалар сөзге емес, іске сенді, большевиктер қатал адамдар болғанымен, осылармен бірге болудың өзі артық екенін бұлар көрді. Осының нәтижесінде Врангель Кубаньнан тайып отырды, ал оның талай жүздеген, мыңдаған әскерлері атылды. Солай бола тұрса да, Врангель Қырымда өзінің күштерін үсті-үстіне көбейте берді, оның әскерлері түгелімен дерлік офицерлерден құралды, ол осылай еткенде: тек шаруалар соңына ерсе болғаны, ең алғаш қолайлы сәт туғанда-ақ бұл күштерді сан рет ұлғайтып жіберуге болады деп дәмеленді.

Врангель әскерлері Россияда соғысқан басқа әскерлердің бәрінен де зеңбіректермен, танктермен, аэропландармен жақсы жабдықталды. Біз поляктармен соғысып жатқан кезде Врангель күштерін жинап жатты, сондықтан да мен Польшамен жасалған бітім берік бітім емес деп отырмын. Айдың 12-күні қол қойылған алдын ала бітім бойынша уақытша бітім 18-күні ғана басталады, поляктар бұл уақытша бітімнен 2 күн қалғанда да бас тарта алады[132]. Бүкіл француз баспасөзі және капиталистер Польшаны Советтік Россияға қарсы жаңа соғысқа айдап салуға тырысып отыр, Врангель өзінің барлық байланыстарын осы бітімді болдырмау үшін пайдалануға асығып отыр, өйткені Польшамен соғыс біткен бойда большевиктер оның өзіне қарсы шығатынын Врангель біледі. Сондықтан біз үшін бұдан туатын бірден-бір практикалық қорытынды: барлық күшті Врангельге қарсы жұмсау. Біз үстіміздегі жылдың апрелінде соғыстың жаңа қырғынынан он мыңдаған жұмысшылар мен шаруаларды амап сақтап қалу үшін ғана, өзімізге тиімсіз шарттармен бітім ұсынған болатынбыз. Біз үшін ең маңызды нәрсе — шекара емес, жер мөлшерінің азайып қалуы жағынан алғанда біз шекарадан ұтылсақ, ұтыла берейік, біз үшін маңыздырақ нәрсе — ондаған мың жұмысшылар мен шаруалардың өмірін сақтап қалу, азын-аулақ жер территориясынан гөрі бейбіт құрылысқа мүмкіншілікті

сақтап қалу. Міне сондықтан да біз осы бітімді ұсындық және енді Врангельдің басты қауіп екендігін, оның осы кезең ішінде аса нығайып алған әскерлері қазіргі уақытта, кейбір жағдайларда Днепрден де өтіп кетіп, бізге қарсы шабуылға шығып, жанталаса шайқастар жүргізіп жатқандығын тағы да қайталап айтамыз. Врангель майданы дегеніміз де Польша майданы, сондықтан Врангельмен соғысу туралы мәселе дегеніміз де Польшамен соғысу туралы мәселе, ал Польшамен алдын ала бітімді түбегейлі бітімге айналдыру үшін біз ең қысқа мерзімнің ішінде Врангельді күл-талқан етуіміз керек. Егер біз осыны істемесек, онда француз помещиктерінің және капиталистерінің қысымымен, солардың көмегімен поляк помещиктері мен капиталистері бізге соғысты тағы да еріксіз таңуға тырыспайды деп сене алмаймыз. Міне сондықтан, осы кең жиналысты пайдалана отырып, мен осы негізгі мәселеге сіздердің назарларыңызды аударуға тиіспін және сіздерден жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасына әсер етіп, кезекте тұрған міндетімізді: қалай болған күнде де Врангельді мейлінше қысқа мерзімнің ішінде күл-талқан ету міндетін толығынан орындауға барынша күш салу үшін сіздерден өз дәрежелеріңіз бен ықпалдарыңызды пайдалануды өтінуге тиіспін, өйткені біздің бейбіт құрылыс жұмысына кірісу мүмкіндігіміз тек осыған байланысты.

Күйзелген елде шаруалар шаруашылығының түбірімен қирағандығын біз білеміз, шаруаға ағыл-тегіл құйылып жатқан қағаз ақшалардан гөрі өнім керек, ал шаруаға өнімдер: керосин, тұз, киім-кешек және басқалар беру үшін — бұл үшін өнеркәсіпті қалпына келтіру керек. Біз осыны істей алатындай жағдайға жақындап келеміз. Қазір бізде өткен жылғыға қарағанда астықтың көбірек екендігін, бізде өнеркәсіп үшін қажетті отынның бар екендігін, бізде Бакуден 100 миллион пұттан аса мұнай алынғанын, бізде аса көп отын беретін Донецк бассейнінің қалпына келтірілгендігін, Донецк бассейнінің оңтүстік жағына Врангель жақындап қалған кезде, бірсыпыра кәсіпорындарды ол жерден көшіріп әкетуімізге тура келсе де, солай бола

тұрса да, Донецк өнеркәсібі толығынан қалпына келтірілді деп есептеуге болатындығын біз білеміз. Бізде ағаш отын дайындау жақсы жүріп жатыр: егер біз өткен жылы 7 миллион текше метр отын тасып алған болсақ, қазіргіміз онан анағұрлым көп. Біздің өнеркәсібіміз жанданып келеді, барлық жұмысшылардың көңілін жабырқатып, бірнеше жыл бойы тұрып қалған Иваново-Вознесенск губерниясындағы фабрикалар енді отынмен жабдықталып, іске кірісе бастады. Түркістандағы жеңістердің арқасында олар Түркістан мақтасын алып, жұмысқа кірісе бастады. Енді біздің алдымызда өндірушілік жұмыстың аса зор саласы тұр, сондықтан біз барлық күшімізді өнеркәсіпті қалпына келтіруге, шаруаға киім-кешек, аяқ киім және өнімдер беруге, сөйтіп деревня астығын қала өнімдеріне дұрыс айырбас жасауды бастауға бағыттауымыз керек. Біз ауыл шаруашылығына көмектесе бастауға тиістіміз. Кеше біз Халық Комиссарлары Советінде, өзіміздің орыс жағдайларына неғұрлым жақсы бейімделген ең бірінші плугті шығарған заводтың жұмысшыларына паек беру туралы шешім қабылдадық, ондағы көздегеніміз: ауыл шаруашылығын көтеру және, күш-көліктің жеткіліксіз болғанына қарамастан, оны неғұрлым жоғары дәрежеге қою.

Жұмысшылар мен шаруалар помещиктерсіз және капиталистерсіз бірлесіп еңбек етіп, бұл жөнінде табыстарға жетіп отыр, бірақ мұнымен бірыңғай айналысу үшін бізге ең керегі: қазір он мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың Врангель майданында қырылып жатқандығын, жаудың бізден гөрі жақсы қаруланғандығын, онда, Врангель майданында, ең соңғы жанталасқан күрестің жүріп жатқандығын, поляк ақ гвардияшылары ғана емес, тіпті ешқандай бүкіл дүние жүзілік империалистік одақ Советтік Россияға қорқынышты болмас үшін, Советтік Россия бейбіт еңбекке кірісерліктей нығаю мүмкіндігіне ие бола ала ма деген мәселе шешілгелі жатқандығын берік есте сақтауымыз керек. Мұның өзі, жолдастар, сіздерге байланысты! Сіздер барлық күш-жігерлеріңізді жұмсауларыңыз керек және мынаны есте сақтауларыңыз керек: Советтік Рос-

сия күрес мәселелерінің қандайын болсын орталықтан түсіп жатқан бұйрықтар арқылы емес, қайта сол бұйрықтарды жергілікті жерлерде жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының зор қуанышпен және жалынды тілектестікпен қарсы алуы арқылы шешіп отырды. Жұмысшылар мен шаруалар Колчакқа, Деникинге және Врангельге қарсы өздерінің жерлері үшін, фабрикалары мен заводтары үшін, помещиктер мен капиталистерге қарсы өз мүдделері үшін күресіп жатқанын көргенде ғана олардың әрқайсысы қолдан келгенше көмек көрсетті, Қызыл Армияға көмекке барды. Қызыл әскерлер тылда өздеріне қамқорлық жасалып жатқанын көрген кезде, Қызыл Армия өзін жеңіске жеткізген рухпен жігерленді. Барлық мәселе Врангельді жеңуде, сондықтан мен сіздерді өз ұйымдарыңызда, өз фабрикаларыңыз бен заводтарыңызда, өз деревняларыңызда өз еріктеріңізбен және бүкіл Россияның жұмысшылары мен шаруаларының мүдделеріне сәйкес барлық мүмкіншіліктеріңізді Врангель майданындағыларға көмектесуге жұмсауға шақырамын, сонда біз осы Врангель майданында да, халықаралық майданда да шын жеңіп шығамыз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Правда» № 232,
17 октябрь, 1920 ж.

«Правда» газетінің текстімен салыстырылған мына бюллетеньнің тексті бойынша басылып отыр: «Жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің стенографиялық есептері», № 13, 1920 ж.

МОСКВА ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ УЕЗДІК, БОЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ СЕЛОЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІ ПРЕДСЕДАТЕЛЬДЕРІНІҢ КЕҢЕСІНДЕ 1920 ж. 15 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Маған қысқаша қорытынды сөзбен шектелуге тура келеді, өйткені жиналыс басталғанда орталық өкіметке едәуір күшті, өте күшті ұрысу ниеті бар екендігі көрінді. Әрине, мен өкіметке, оның саясатына қарсы айтылғандардың бәрін тыңдауды пайдалы болған болар еді және өзімнің борышым деп білдім. Сондықтан, меніңше, жарыс сөзді тоқтатудың керегі жоқ еді. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».) Бірақ мен сіздердің ескертпелеріңізді тыңдаған кезімде, айқын және дәл ұсыныстарды сіздердің соншалық аз бергендеріңізге менің таңырқауыма тура келді. Республикамыздың сыртқы жағдайы туралы және ішкі жағдайы туралы екі мәселеден сіздердің назарларыңыз ішкі жағдайға көбірек ауатын тәрізді. Мұның өзі дұрыс та. Бірақ, жолдастар, сіздер ішкі жағдайдың сыртқы жағдайға байланысты екенін ұмытасыздар, сондықтан поляк соғысы қалайша және неліктен бізді халықаралық империалистердің алдына апарып қойғандығын, бізді қалайша бітімге әкелгендігін, бұл бітімнің қалайша және неліктен сенімсіз екендігін, мұның сенімді болуы үшін қалай етуіміз керек екендігін сіздерге айтып беруді мен өзімнің борышым деп білдім және сіздер бұл мәселе жөнінде, басқа да мәселелерді талқылай келіп, барлық мәселелерді ашу-ызаға берілмей айта келіп, сіздер дегенмен де, шешендердің бірі еске салған ертегінің кейбір кейіпкерлері тәрізденіп жүрмессіздер деп үміт

етемін[133]. Сіздер текені де, қошқарды да өзіне жем қылу үшін бұл екеуінің қырқысып қалуын күтетін мәлінді мәз ете коймассыздар, мен бұған сенемін. Теке мен қошқар қаншалық қатты соқтығысқан күнде де, біз мәлінді мәз ете алмаспыз. (Қол шапалақтау: «Бәрекелді!» «Дұрысы, міне, осы ғой!» деген дауыстар шығады.) Жолдастар! Егер осында аса наразылық және шыдамсыздық сондайлық жиі білдірілген болса, біздің бәріміз де жиналыс өткізудің формасы біреу екендігін — ол форма, ең алдымен, сөз бостандығы екендігін түсінеміз. Ал сіздер осы жиналыста осы форманы бұздыңыздар, өйткені шаруалардың көпшілігі жергілікті жерлерде орын алып отырған жағдайдың айрықша ауырлығын өте-мөте күшті сезінеді. Ашаршылық та, жалаңаштық та, шамадан тыс салық та шаруалардың көпшілігіне қатты батып отыр. (Қол шапалақтау: «Дұрыс!» деген дауыстар шығады.) Сөйлеушілердің көпшілігі орталық өкіметке көбінесе осынысы үшін тікелей де, жанамалай да ұрысты. Және осы бір зәру мәселеге жауап берілмей жатқанын көрсе, жолдастардың оны ақырына дейін тыңдағысы келмей тұрғаны да сезілді. Ал сөйлеген шешендердің біреуінің айтуына қарағанда, қайсысы екені есімде жоқ, мен, оның ойынша, бұл мәселеден «жалтарыппын». Меніңше, онысы негізсіз.

Совет республикасының жағдайы аса ауыр, осы жағдай бізді қысқы жорық алдында бітім жасасуға асықтырды. Қысқы жорықты болдырмау ниеті бізді бітім жасасуға асықтырды, Россия шаруаларын жаңа ауыртпалықтарға, жаңа қысқы жорыққа душар еткеннен гөрі нашар шекараға көнудің өзі, яғни Белоруссияның территориясын азырақ алуға, буржуазияның езгісінен белорусс шаруаларының азын-аулағын ғана босату мүмкіндігін алуға көнудің өзі артық деген сана бізді бітім жасасуға асықтырды. Себептер, міне, осы. Өздеріңіз білесіздер, биылғы жылы астықтың шықпай қалуы шаруалар мұқтаждығын асқындыра түсті. Бірақ осының өзі ішкі саясат жағдайымен қандай байланысты екенін жұрттың бәрі ұға бермейді. Менің ойымша, сіздердің бәріңіз де салықтар жөніндегі мәселені әбден түсінетін

боларсыздар. Сіздер азық-түлік саясаты өкілінің не айтатынын да тыңдайсыздар, ал мен тек ішкі жағдайдың сыртқы жағдайға қандайлық тығыз байланысты екендігін көрсеткім келеді, сіздердің назарларыңызды осыған аударғым келеді. Мысал үшін біздің Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерін-ақ алайық. Бұл мәжілістерде керек десе әрбір жеке поездар жөніндегі, ескі орыс губернияларына салынған салымдар,— екінің бірінде шектен тыс ауыр салымдар жөніндегі мәселелерді де шешуімізге тура келеді. Осыдан екі-үш апта бұрын Халық Комиссарлары Советінде жиналыс болды, онда орталықтың салымы шектен тыс ауыр деген мәселе қаралды, сөйтіп жиналыс салымды жеңілдету керек деп шешті. Бірақ бұл жеңілдікті кімнің есебінен жасау керек? Бұған берілетін жауап біреу ғана бола алады,— неғұрлым астықты шет аймақтардың есебінен, атап айтқанда: Сибирь, Кубань аймақтары есебінен жасау керек және Украинадан астық әкелу мүмкіндіктерін әзірлеу керек. Біз Сибирьден астық аламыз, Кубаньнан астық аламыз, бірақ астықты Украинадан ала алмай отырмыз, өйткені онда соғыс қызу жүріп жатыр және Қызыл Армияның Украинада қаптап кеткен бандалармен күресуіне тура келіп отыр. Біздің тіпті әрбір поезд туралы мәселені де шешуімізге тура келеді. Бұл жиналыстың неге барып ұласқанын біз көріп отырмыз. Қандай наразылықтар, қандай қызу қарсылықтар білдірілген айқайлар болды; бірақ мұның неліктен болып отырғанын біз түсінеміз. Біздің түсінетініміз — осында әрбір адам жаны күйзелгендіктен қынжылады, өйткені малға жемшөп жоқ, сондықтан мал қырылып жатыр, салық жөнсіз ауыр, ал осында бір жолдастың бұл наразылық айқайларды біз үшін жаңалық деуі бекер. Жергілікті жерлердің телеграммаларынан да, жергілікті жерлердің баяндамаларынан да жемшөп жағдайының ауырлығынан малдың өліп жатқанын біз біліп отырмыз ғой, сондықтан жағдайдың ауырлығын жұрттың бәрі түсінеді. Және біз мұнан қалай құтылудың жолын да білеміз. Бұл арада бір ғана жол бар, ол жол — Сибирь, Кубань және Украина.

Біз әскерлерді Сибирьден Врангель майданына ауыстыруға тиісті болдық; жолдастар келіп, ерекше азық-түлік маршруттары болмасын деген талап қойған кезде Қорғаныс Советінде өте-мөте ауыр 2—3 мәжіліс болып өтті. Сонымен біз барынша сілкілескен таластар мен саудаласудан кейін мәселені шештік, шешкенде азық-түлік поезын біраз азайту мағынасында шештік. Бірақ біз неғұрлым салмақты және елеулі нұсқаулар айтылса екен дейміз. Шаруашылық күйзеліп барады деген байбаламдар мен айқайлардың қанша айтылып жатқанын біз білеміз. Міне сондықтан айдың 18-күні басталатын осы уақытша бітімнің өзі, поляктар оны кесімді мерзіміне 48 сағат қалғанда да бұза алады деген шарт қойыла тұрса да, біз үшін тыныс, жеңілдік болады және қайткен күнде де жақын апталардың ішінде Сибирь мен Кубаньнан астық тиелген поездар көбірек келетін болады. Әрине, мұқтаждық өте күшті, егіннің шықпай қалғандығы соншалық ауыр, сондықтан мұның бізге беретін жеңілдігі оншама көп болмайды. Әрине, алданып қалуға және мұның өзі барлық қиыншылықтарды жояды, салымды тоқтатуға мүмкіндік береді деуге болмайды.

Мен мұны айта алмаймын, айтпаймын да. Жөнсіз ауыр салықты жеңілдету жөнінде өздеріңіздің дәл пікірлеріңізді айтыңыздар, өздеріңіздің айқын ұсыныстарыңызды жасаңыздар, ал жұмысшы-шаруа үкіметінің өкілдері бұған айрықша зейін қояды, өйткені адам естімеген ауыр жағдайдан шығатын жолды іздестіру керек. Украинада астық Кубаньдағыдан аз емес, мүмкін көп те болар, бірақ Украинадан салым бойынша, 600 миллион пұт деп жасалған және бүкіл өнеркәсіпті қамтамасыз етіп, қалпына келтіре алатын салымнан осы күнге дейін ештеңе де ала алмай отырмыз деуге болады. Біздің есебіміз бойынша, Украина сызылып тасталады: Украинадан бірде-бір пұт ала алмаймыз, өйткені онда бандиттер бар, өйткені Врангельмен соғыс Украинадан бір пұт та астық ала алмаймыз деп айтуға мәжбүр етіп отыр. Міне, осындай жағдайда сіздердің заңды шыдамсыздануларыңызға және әбден орынды ашу-ызаларыңызға қарамастан, барлық көңіл Польша

және Врангель майдандарына бөлініп отыр. Бір жолдас: «Біз көмек беруге қарсы емеспіз, бірақ біз көмекті еркін түсінеміз» дегенде, біздің: майданға көмекке барыңыздар! — дейтініміз де сондықтан.

Өзімнің қысқаша ескертпелерімнің қорытындысында мен баяндамамның соңғы жағында сіздерге айтқанымды естеріңізге саламын: Совет өкіметіне жағдайдан шығу қиын болған кездердің бәрінде де — Деникиннің тұсында да, ол Орелда болған кезде, Юденичтің тұсында да, ол Петроградтан 5 шақырым жерде болған кезде, жағдай ауыр ғана болып қоймай, жан алқымға келгендей болып қысылғанда, жағдай қазіргіден жүз есе ауыр болған кезде, сол кездерде де Совет өкіметі жағдайды боямалап көрсетпей, жұмысшылар мен шаруалардың нақ осындай жиналыстарын шақыра отырып, жағдайдан шыға білді. Сондықтан да мен былай деп отырмын: Врангель тез арада қиратыла ма,— мұның өзі орталық өкіметтің шешіміне байланысты емес, қайта, жергілікті өкілдердің, өздерінің барлық наразылығын сарқып болып, жоғарыда әлгі жолдас теке мен қошқардың күресі деп атаған күрестің бәрін өткеріп,— мұның өзі қажетті нәрсе,— олар өздерінің талаптарын қойып, айыптары мен кінәларын тағып болғаннан кейін, орталық өкіметтің шешімінен тыс олардың өздеріне еркіндік керек пе деген мәселеге қалай қарайтынына байланысты. Біз бұл арада еш нәрсе бұйыра алмаймыз, мұның өзі істің жағдайына, салымдарға, салықтарға, Врангельге, т. т. көше келіп, өздеріңіздің қалай шешетіндеріңізге байланысты,— бұл өздеріңізге байланысты. Әрбір сөйлеушіні тыңдаңыздар, қоятын барлық кінәларыңызды қойыңыздар, бізге он есе қаттырақ ұрсыңыздар,— бұл сіздердің праволарыңыз, сіздердің міндеттеріңіз. Сіздер осында келгенде өз пікірлеріңізді тура және кесіп айту үшін келдіңіздер, ал сіздер осыны істегеннен кейін,— сіздер Врангельді тезірек құрту үшін не беріп, не істегілеріңіз келетінін байсалдылықпен ойлаңыздар және, менің ойымша, біз осы мәселеде бірауызды болып келісіп кететініміз сондайлық,— қайталап айтайын да аяқтайын,— ешбір

жағдайда да біздің таласымыздан, егесулеріміз бен айыптасуларымыздан мәлін ештеңе де ұта алмайды. (Қол шапалақтау.)

1920 ж. мына бюллетеньде басылған: «Жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің стенографиялық есептері» № 13

Бюллетеньнің тексті бойынша басылып отыр

УКРАИНАНЫҢ СОВЕТ ҮКІМЕТІНЕ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК МАЙДАНЫНЫҢ ШТАБЫНА ТЕЛЕГРАММА

Сіздің кедейлер туралы телеграммаңызға жауап ретінде *өзімнің* пікірімді хабарлаймын. Егер олар шынымен революцияшыл болса, онда мыналарды программа деп есептеу керек болар еді: 1) жерді коллективтік түрде өңдеу; 2) прокат пункттері; 3) кулактардың еңбек нормасынан артық жерін тартып алу; 4) басы артық астықты толық жинап алып, кедейлерге астықтай ақы төлеу; 5) кулактардың ауыл шаруашылық құралдарын прокат пункттеріне алу; 6) бұл шаралардың бәрін жерді коллективтік түрде өңдеудің ойдағыдай болу шартымен ғана және нақты бақылау болса ғана жүргізу. Коммуналарды кейінгі кезекке қалдыру керек, өйткені қолдан жасалған жалған коммуналар және бұқарадан жеке-дара адамдарды бөліп алу бәрінен де қауіпті. Жаңалықтарға мейлінше сақ болу керек және қолға алынып отырған істің нақты жүзеге асырылуын қайта-қайта тексеріп отыру керек.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі *Ленин*

1920 ж. 16 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Машинкада басылған көшірмесі бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР

Врангельге қарсы соғысты аяқтағаннан кейінгі (және 1921 ж. партия съезі үшін) басты мәселелер:

1) совет мекемелерінің бюрократизмі мен қағазбастылығына қарсы күрес; күресте қол жеткен нақты табыстарды тексеру;

2) социалистік негізді нығайту: кәсіподақтардың 7 миллион мүшесі. Екпіндету орнына теңестіру.

Кәсіподақтардың 7 миллион мүшесінің талапкерлігін өрістету;

3) кәсіподақтардың (ВЦСПС) қанаушы емес, жалдаптық жасамайтын еңбекші шаруалармен байланысы. Формалары мен әдістері.

Совет өкіметінің шаруалармен байланысын нығайту. Тракторлар және колхоздар.

19. X. 1920.

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДИКТАТУРА ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ[134]

(ЗАМЕТКА)

Пролетариат диктатурасы туралы мәселе — капиталистік елдердің түгел бәрінде қазіргі жұмысшы қозғалысының түбегейлі мәселесі. Бұл мәселені толық анықтау үшін оның тарихын білу қажет. Халықаралық көлемде алғанда жалпы революциялық диктатура туралы және атап айтқанда пролетариат диктатурасы туралы ілімнің тарихы революциялық социализмнің тарихымен және арнап айтқанда марксизмнің тарихымен сәйкес келеді. Содан соң — және мұның өзі, әлбетте, ең маңыздысы,— езілген және қаналған таптың қанаушыларға қарсы барлық революцияларының тарихы диктатура туралы мәселе жөніндегі біздің білімдеріміздің ең басты материалы және қайнар көзі болып табылады. Кімде-кім қандай да болсын революцияшыл таптың жеңіп шығуы үшін оның диктатурасының қажет екендігін түсінбесе, онда ол — революциялар тарихынан түк түсінбеген адам немесе бұл салада еш нәрсе білгісі келмейтін адам.

Егер теория туралы айтатын болсақ, онда 1902—1903 жылдары «Заря» мен «Искраның» редакциясы жасаған немесе, дәлірек айтсақ, Г. В. Плеханов жасап, сол редакция редакциялаған, өзгерткен, бекіткен РСДРП программасының орыс көлемінде айрықша маңызы бар[135]. Пролетариат диктатурасы туралы мәселе осы программада айқын және анық қойылған, оның үстіне атап айтқанда Бернштейнге қарсы, оппорту-

низмге қарсы күреске байланысты қойылған. Бірақ ең зор маңызы бар нәрсе, әрине, революцияның тәжірибесі, яғни Россиядағы 1905 жылдың тәжірибесі.

Осы жылдың соңғы үш айы — октябрь, ноябрь және декабрь — тамаша күшті, кең, бұқаралық революциялық күрестің дәуірі болды, осы күрестің ең күшті екі тәсілін: бұқаралық саяси стачка мен қарулы көтерілісті біріктіру дәуірі болды. (Жақшаның ішінде ескерте кетелік, большевиктік съезд, «РСДРП-ның үшінші съезі», 1905 жылғы *майдың* өзінде-ақ «қарулы көтеріліс жолымен пролетариатты самодержавиеге қарсы тікелей күреске ұйымдастыру міндетін» «партияның ең басты және шұғыл міндеттерінің бірі» деп тапты және барлық партия ұйымдарына «көтерілістің бас кезінде және оның нақ жүріп жатқан кезінде аса маңызды болып шығуы мүмкін бұқаралық саяси стачкалардың ролін анықтап беруді» тапсырды[136].)

Бүкіл дүние жүзілік тарихта революциялық күрес алғаш рет жоғары өрлегені және күшейгені соншалық, қарулы көтеріліс бұқаралық стачкамен — осынау пролетарлық ерекше құралмен қосылды. *Барлық* пролетарлық революциялар үшін бұл тәжірибенің дүние жүзілік маңызы бар екендігі айқын. Сондықтан большевиктер бұл тәжірибені саяси жағынан да, экономикалық жағынан да барынша зейін сала, ынта қойып зерттеді. 1905 жылғы экономикалық стачкалар мен саяси стачкалар туралы, бұлардың екеуінің де байланыс формалары туралы, стачкалық күрестің сол кезде дүние жүзінде алғаш рет жеткен даму дәрежесі туралы ай сайынғы деректерге жасалған талдауды көрсетіп өтейін; мен бұған 1910 жылы немесе 1911 жылы «Просвещение» журналында талдау жасаған болатынмын және сол дәуірде шетелде шығып тұрған большевиктік әдебиетте, қысқаша қорытындыларда қайталаған болатынмын[137].

Бұқаралық стачкалар мен қарулы көтерілістер өз-өзінен революциялық өкімет туралы және диктатура туралы мәселені күн тәртібіне қойды, өйткені күрестің бұл тәсілдері — әуелі жергілікті көлемде — ескі өкіметтерді қууды, пролетариат пен революцияшыл таптар-

дың өкіметті басып алуын, помещиктерді қуып шығуды, кейде фабрикаларды басып алуды, т. т. және т. с. сөзсіз туғызып отырды. Жоғарыда көрсетілген кезеңдегі бұқаралық революциялық күрес бұрын дүние жүзі тарихында болып көрмеген *жұмысшы депутаттарының Советтері* сияқты, ал олардың ізінше солдат депутаттарының Советтері, Шаруалар комитеттері, т. с. сияқты ұйымдарды туғызды. Қазір бүкіл дүние жүзіндегі саналы жұмысшылардың назарын аударып отырған негізгі мәселелер (Совет өкіметі және пролетариат диктатурасы) практика жүзінде 1905 жылдың аяқ кезінде алға қойылған болып шықты, бұл факт. Егер революцияшыл пролетариаттың және фальсификацияланбаған марксизмнің Роза Люксембург сияқты аса көрнекті өкілдері осы практикалық тәжірибенің маңызын бірден бағалаған болса және жиналыстарда, баспасөз бетінде оған сын көзімен талдау жасаған болса, ресми социал-демократиялық және социалистік партиялардың ресми өкілдерінің орасан көпшілігі, оның ішінде реформистер де, болашақ «каутскийшілдер», «лонгетистер», Америкадағы Хилквиттің жақтастары типіндегі адамдар да, т. с. бұл тәжірибенің маңызын мүлде түсіне алмайтынын және өзінің *революционерлік* борышын атқара алмайтынын, яғни бұл тәжірибенің сабақтарын зерттеуге және насихаттауға кірісе алмайтынын көрсетті.

1905 жылғы декабрьдегі қарулы көтеріліс жеңілісімен-ақ Россиядағы большевиктер де, меньшевиктер де осы тәжірибенің қорытындыларын шығаруға кірісті. Бұл жұмыстың айрықша тездетілген себебі, 1906 жылдың апрелінде «РСДРП-ның бірігу съезі» деп аталған Стокгольм съезі болды, бұл съезге большевиктер де, меньшевиктер де қатысып, екеуі формальды түрде бірікті. Бұл съезге осы екі фракцияның екеуі де айрықша жігермен әзірленді. Осы екі фракцияның екеуі де съезге дейін, 1906 жылдың басында, аса маңызды мәселелердің бәрі жөнінде өз қарарларының жобаларын жариялады. Менің мына кітапшамда: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)», Москва, 1906 (110 бет, бұлардың жартысына жуығы

осы екі фракцияның қарарлары жобаларының текстері және съезд түбегейлі қабылдаған қарарлардың текстері) — қайта басылған осы жобалар мәселенің сол кездегі қойылысымен танысу үшін ең басты материал болып табылады.

Советтердің маңызы туралы таластар сол кездің өзінде-ақ диктатура туралы мәселемен байланысты болды. Большевиктер диктатура туралы мәселені 1905 жылғы октябрь революциясына *дейін-ақ* алға қойған болатын (менің мына кітапшамды қараңыз: «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы», Женева, июль, 1905 ж., «12 жыл ішінде» деген жинақта қайта басылған)*. Осы «диктатура» деген ұранға меньшевиктер теріс көзқараста болды. Большевиктер былай деп атап көрсетті: жұмысшы депутаттарының Советтері *«іс жүзінде жаңа революциялық өкіметтің бастамалары болды»* — большевиктік қарардың жобасы дәл осылай деген болатын («Баяндаманың» 92-беті). Меньшевиктер Советтердің маңызын мойындады, оларды «құруға жәрдемдесу» жағында болды, т. т., бірақ Советтерді революциялық өкіметтің бастамалары деп санамады, осындай немесе осы тәрізді типтегі «жаңа революциялық өкімет» туралы жалпы ештеңе айтпады, диктатура ұранын тікелей теріске шығарды. Сол кездегі мәселенің осылай қойылысынан-ақ меньшевиктермен арадағы қазіргі алауыздықтардың *бәрінің* нышандарын аңғару қиын емес. Сондай-ақ, меньшевиктер (орыс меньшевиктері де, каутскийшілдер, лонгетистер, т. с. тәрізді орыс емес меньшевиктер де) өздері осы мәселені қойғанда өздерін сөз жүзінде пролетарлық революцияны мойындайтын, *іс жүзінде революция ұғымындағы ең елеулі және ең негізгі нәрсені теріске шығаратын* реформистер немесе оппортунистер ретінде көрсеткенін және көрсетіп отырғанын аңғару қиын емес.

Мені «байқатпастан революция және диктатура деген ұғымдарды ауыстырып жіберді» деп айыптаған меньшевиктердің дәлелін мен тіпті 1905 жылғы ре-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

волюциядан бұрын жоғарыда аталған «Екі тактика» деген кітапшада-ақ талдаған болатынмын («12 жыл ішінде», 459-бет*). Меньшевиктер дәл осы айыптауларымен өздерінің оппортунизмін, либерал буржуазияның итаршылары, пролетариат ішінде буржуазияның ықпалын таратушылар ретінде өздерінің шын саяси тұрпатын көрсетіп отырғанын толық дәлелдеген болатынмын. Конституционалист-монархистер болып қалған орыс либералдарын мысалға келтіре отырып, мен (1905 жылдың жазында) революция даусыз күшке айнала бастаған кезде, осындай кезде оның жаулары да «революцияны мойындай» бастайтынын айтқанмын. Қазір, 1920 жылы, Германияда да, Италияда да либерал буржуа немесе, ең болмағанда, олардың неғұрлым білімділері мен ептілері «революцияны мойындауға» әзір дегенді қоса айтуға болар еді. Бірақ революцияны «мойындай» отырып, сонымен қатар белгілі бір таптың (немесе белгілі бір таптардың) *диктатурасын* мойындаудан бас тарта отырып, сол кездегі орыс либералдары мен меньшевиктері, қазіргі неміс либералдары мен итальян либералдары, туратишілдер, каутскийшілдер нақ осынысымен өздерінің *реформизмін*, өздерінің революционер ретінде мүлде жарамсыз екенін көрсетіп отыр.

Өйткені революция қазірдің өзінде даусыз күш болып отырған кезде, оны либералдар да «мойындаған» кезде, билеп-төстеуші таптар езілген бұқараның жеңімпаз күшін көруі былай тұрсын, оның үстіне сезініп те отырған кезде, мұндай кезде — теоретиктер үшін де, саясаттың практикалық жетекшілері үшін де — *бүкіл мәселе революцияға дәл таптық анықтама беруге* келіп саяды. Ал «диктатура» ұғымынсыз мұндай дәлме-дәл таптық анықтама беруге *болмайды*. Диктатураны әзірлемейінше *іс жүзінде* революционер болуға болмайды. Бұл ақиқатты 1905 жылы меньшевиктер түсінбеді, 1920 жылы мұны Коммунистік Интернационалдың қатаң «шарттарынан» қорқатын итальян, неміс, француз социалистері және басқа социалистер түсінбей отыр;

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 120-бет. *Ред.*

бұдан қорқатындар — *сөз жүзінде* диктатураны мойындайтын, бірақ *іс жүзінде* оны *әзірлеу* қолынан келмейтін адамдар. Сондықтан да Маркстің көзқарастарын түсіндіру үшін 1905 жылдың июлінде орыс меньшевиктеріне қарсы жазылған, бірақ 1920 жылғы Батыс Европа меньшевиктеріне де қатысы бар түсінігімді толық келтіріп өтуім орынсыз болмас (газеттердің және басқаларының аттарын атау орнына, мен әңгіменің меньшевиктер туралы немесе большевиктер туралы болып отырғанын ғана көрсетемін):

«Меринг 1848 жылғы «Жаңа Рейн Газетінен» алып бастырған Маркстің мақалаларына арнаған ескертулерінде буржуазиялық әдебиеттің бұл газетке, былайша айтқанда, мынадай кінә таққанын айтады: «Жаңа Рейн Газеті» «демократияны жүзеге асырудың бірден-бір құралы ретінде диктатураны дереу енгізуді» талап етіпті-міс (Marx' Nachlaß*, III том, 53-бет). Тұрпайы буржуазиялық тұрғыдан қарағанда, диктатура деген ұғым мен демократия деген ұғым бірін-бірі жоққа шығарады. Таптар күресінің теориясын түсінбей, саяси майданда буржуазияның әр түрлі үйірмелері мен котерияларының ұсақ ұрыс-керістерін көріп дағдыланған буржуа диктатураны демократияның барлық бостандықтары мен кепілдіктерін жою, диктатордың жеке басының мүдделері үшін түрлі зорлық-зомбылық жасау, өкімет билігімен түрліше қиянат жасау деп түсінеді. Шынында, біздің меньшевиктерден де нақ осы тұрпайы-буржуазиялық көзқарас айқын көрінеді; олар большевиктердің «диктатура» деген ұранға құмарлығын Лениннің «бағын сынап көруге құмарлығынан» («Искра» № 103, 3-бет, 2-бағана) деп түсіндіреді. Меньшевиктерге жеке адамның диктатурасынан айырмасы бар тап диктатурасы деген ұғымды және социалистік диктатурадан айырмасы бар демократиялық диктатураның міндеттерін түсіндіру үшін «Жаңа Рейн Газетінің» көзқарастарына тоқталу пайдасыз болмас[138].

«Жаңа Рейн Газеті» 1848 жылы 14 сентябрьде былай деп жазды: «Мемлекеттік уақытша құрылыстың қан-

* — Маркс. Әдеби мұра. *Ред.*

дайы болса да революциядан соң диктатураны, диктатура болғанда жігерлі диктатураны керек қылады. Біз әуел бастан-ақ Кампгаузенді (1848 жылғы 18 марттан кейінгі министрліктің басшысын) диктаторша қимыл жасамадың деп, ескі мекемелердің қалдықтарын дереу тас-талқан етіп, аластамадың деп кінәладық. Кампгаузен мырза өзін конституциялық жалған үмітпен әлдилеп жүргенде, қираған партия (яғни реакция партиясы) бюрократия мен армияда өзінің позициясын нығайтып алды, тіпті біресе онда, біресе мұнда ашық күреске батыл шыға бастады»[139].

Бұл сөздерде Кампгаузеннің министрлігі туралы «Жаңа Рейн Газетінің» ұзақ мақалаларында толық дамытылған нәрселер қысқаша қағидамен қорытылып айтылған,— деп Меринг дұрыс айтады. Ал енді Маркстің бұл сөздері бізге нені айтып отыр? Революциялық уақытша үкімет диктаторша қимыл жасауға *тиіс* дейді (диктатура деген ұраннан ат-тонын ала қашатын меньшевиктер мүлде түсіне алмай-ақ қойған қағида);— бұл диктатураның міндеті ескі мекемелердің қалдықтарын құрту дейді (атап айтқанда РСДРП (большевиктер) III съезінің контрреволюцияға қарсы күрес туралы қарарында айқын көрсетілген, ал меньшевиктердің қарарында, жоғарыда өзіміз көрсеткендей, айтылмай қалған нәрсе). Ақырында, үшіншіден, бұл сөздерден Маркс революция мен ашық азамат соғысы заманында «конституциялық жалған үмітке» салынғаны үшін буржуазиялық демократтарды соққылады деген қорытынды шығады. Бұл сөздердің мәнісі қандай екені «Жаңа Рейн Газетінің» 1848 жылғы 6 июньдегі мақаласында өте-мөте айқын көрінді.

Маркс былай деп жазды: «Халықтың құрылтай жиналысы бәрінен бұрын белсенді, революциялық жағынан белсенді жиналыс болуға тиіс. Ал Франкфурт жиналысы[140] парламентаризмге мектептегіше жаттығумен айналысып отыр және үкіметтің әрекет жасауына ерік беріп отыр. Бұл ғылыми жиын әбден толық талқылап болған соң ең жақсы күн тәртібі мен ең жақсы конституция жасап береді екен делік. Егер осы уақытта неміс үкіметтері күн тәртібіне найзаны қойса, ең жақсы күн

тәртібі мен ең жақсы конституциядан не мән шықпақшы»[141].

Диктатура деген ұранның мағынасы міне осындай...

Халықтар өміріндегі ұлы мәселелер тек күшпен ғана шешіледі. Әдетте реакциялық таптар алдымен өздері зорлыққа, азамат соғысына ұмтылады, «күн тәртібіне найзаны қояды»; орыс самодержавиесі осылай істеді, 9 январьдан[142] бері ылғи әрі үнемі, қайда болса да және барлық жерде осылай істеп те келеді. Ал осындай жағдай туып отыр екен, саяси күн тәртібінің алдыңғы қатарына шынында да найза қойылған екен, көтеріліс қажетті және кезек күттірмейтін іске айналып отыр екен,— онда конституциялық жалған үміт пен парламентаризмге мектептегіше жаттығу буржуазияның революцияға сатқындық жасауының бүркеніші ғана болады, буржуазияның революциядан қалай «жалтарып кетуінің» бүркеніші ғана болады. Онда нағыз революцияшыл тап нақ диктатура ұранын көтеруге тиіс»*.

1905 жылғы октябрь революциясына дейін большевиктер диктатура туралы осылайша пайымдады.

Осы революцияның тәжірибесінен кейін мына кітапшада: «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері», Петербург, 1906 ж. (кітапша 1906 жылдың 28 марты деген белгімен шыққан) диктатура туралы мәселені менің толық қарастыруыма тура келді. Бұл кітапшадан ең елеулі деген пайымдаулардың бәрін келтіремін, келтіргенде, бірсыпыра жеке адамдардың аттарын атау орнына, мен әңгіменің кадеттер туралы немесе меньшевиктер туралы болып отырғандығын көрсететінімді ескертемін. Жалпы айтқанда, кітапша кадеттерге қарсы және біразы бейпартиялық либералдарға қарсы, жартылай кадеттерге, жартылай меньшевиктерге қарсы жазылған. Бірақ істің шын мәнісінде, диктатура туралы айтылғанның бәрі осы мәселе жөнінде қадам басқан сайын кадеттерге қарай ауып кетіп отырған нақ меньшевиктерге арнап айтылған.

«Москвада атыс тоқтаған кездің өзінде, әскери-полициялық диктатура өзінің елірген бассыздықтарын

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 129—131-беттер. *Ред.*

тойлап жатқан кезде, бүкіл Россияны жазалау мен жаппай ұрып-соғу жайлаған кезде, кадеттердің баспасөзінде сол қанаттан болатын зорлық-зомбылыққа қарсы, революциялық партиялардың ереуіл комитеттеріне қарсы сөздер естіліп жатты. Дубасовтардың есебінен ғылымды саудаға салып жүрген кадеттік профессорлар «диктатура» деген сөзді «күшейтілген күзет» деген сөзбен аударуға дейін барды. «Ғылым адамдары» революциялық күресті қорлау үшін тіпті өздерінің гимназиялық латын тілінің де өңін айналдырды. Диктатура дегеніміз — заңға емес, күшке сүйенетін, шектеусіз өкімет деген сөз; бұл әрқашан естеріңізде болсын, кадет мырзалар. Азамат соғысы кезінде жеңген өкіметтің қандайы болса да тек диктатура ғана бола алады. Бірақ әңгіме мынада: азшылықтың көпшілікке, полицейлер тобының халыққа жүргізетін диктатурасы болады да, халықтың орасан көпшілігінің зорлықшылар, тонаушылар, халық өкіметін тартып алушылар тобына жүргізетін диктатурасы болады. «Диктатура» деген ғылыми ұғымды өздерінің тұрпайы түрде бұрмалауымен оң қанаттан ең заңсыз, ең жауыз зорлық-зомбылық етек алып отырған заманда, сол қанаттан болатын зорлық-зомбылыққа қарсы өздерінің байбаламдарымен кадет мырзалар шиеленіскен революциялық күресте «келісімпаздардың» позициясы қандай екенін айқын көрсетіп берді. Күрес қызған кезде «келісімпаз» қорқақтықпен жасырына қалады. Революцияшыл халық жеңген кезде (17 октябрьде) «келісімпаз» іннен шығады да мақтана сәнденеді, барлық жерде тілімен орақ орады және: оның өзі «даңқты» саяси ереуіл болды деп, даусы қарлыққанша айқай салады. Контрреволюция жеңген кезде «келісімпаз» жеңілгендерге екіжүзді ақыл, уағыздарды үйіп-төге бастайды. Жеңген ереуіл «даңқты» болып еді. Жеңілген ереуілдер қылмысты, тағылық, мағынасыз, анархиялық болды. Жеңілген көтеріліс ақылсыздық, стихияның етек алуы, варварлық, ақымақтық болды. Қысқасы, «келісімпаздың» саяси ожданы, саяси зердесі мынадай: ол қазір кім күшті болса, соның алдында құрдай жорғалайды, күресіп жатқандардың аяғына

оралады, біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа бөгет жасайды, бостандық жолында кескілескен күрес жүргізіп жатқан халықтың күресін бәсеңсітеді және революциялық сана-сезімін топастандырады»*.

Бұдан кейін. Диктатура туралы мәселе жөнінде Р. Бланк мырзаға қарсы бағытталған түсінікті келтіріп өту өте орынды болады. Осы Р. Бланк шын мәнінде меньшевиктік, формальды жағынан бейпартиялық газетте 1906 жылы[143] меньшевиктердің көзқарастарын баяндады, онда меньшевиктерді: «орыс социал-демократиялық қозғалысын Германияның социал-демократиялық ұлы партиясы бастаған интернационалдық социал-демократияның түскен жолына түсіруге тырысуда» деп мақтады.

Басқа сөзбен айтқанда, кадеттер сияқты, Р. Бланк та большевиктерді ақылсыз, марксист емес, бүлікшіл, т. с. революционер деп есептеп, оларға «ақылды» меньшевиктерді қарсы қойды, герман социал-демократиялық партиясын да меньшевиктік партия деп көрсетті. Мұның өзі барлық елдердегі реформистерді, оппортунистерді, каутскийшілдерді, лонгетистерді «ақылды» социалистер деп мақтап, оларды большевиктердің «ақылсыздығына» қарсы қоятын социал-либералдардың, пацифистердің және басқалардың халықаралық ағымының кәдімгі тәсілі.

1906 жылы жоғарыда аталған кітапшада мен Р. Бланк мырзаға, міне, былай жауап берген болатынмын:

«Бланк мырза орыс революциясының екі дәуірін салыстырады: бірінші дәуір, шамамен, 1905 жылдың октябрь — декабрін қамтиды. Бұл — революциялық құйын дәуірі. Екіншісі — қазіргі дәуір, мұны біздің, әрине, Дума сайлауында кадеттердің жеңіске жету дәуірі деп атауға немесе, алдын ала айтар болсақ, кадеттік Дума дәуірі деп атауға хақымыз бар.

Бұл дәуір туралы айта келіп, Бланк мырза ой мен парасаттың кезегі қайта келді, сондықтан саналы, жоспарлы, жүйелі жұмысқа қайта оралуға болады дейді.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 301—303-беттер. *Ред.*

Ал бірінші дәуірді Бланк мырза, мұның керісінше, теория мен практиканың қайшылық дәуірі деп сипаттайды. Барлық социал-демократиялық принциптер мен идеялар жоғалған, орыс социал-демократиясын құрушылар әрқашан уағыздап келген тактика ұмытылған, социал-демократиялық дүние танымның өзі де түп-тамырымен қопарылған дейді.

Бланк мырзаның бұл негізгі пайымдауы — таза фактілік сипаттағы пайымдау. Марксизмнің барлық теориясы революциялық құйын дәуірінің «практикасымен» қайшы келген көрінеді.

Бұл осылай ма? Маркстік теорияның бірінші және басты «негізі» қандай? Мынадай: қазіргі замангы қоғамның ақырына дейін революцияшыл және сондықтан қандай да болса революцияда бірден-бір алдыңғы қатарлы табы — пролетариат болып табылады. Мынадай сұрақ туады: социал-демократиялық дүние танымның осы «негізін» революциялық құйын түп-тамырымен жұлып әкетпеді ме? Керісінше, құйын оны мейлінше жақсы нығайтты. Әуелде бұл дәуірдің бірден-бір дерлік, басты *күрескері* нақ пролетариат болды. Дүние жүзілік тарихта тұңғыш рет дерлік буржуазиялық революция күрестің таза пролетарлық құралын: бұқаралық саяси стачканы тіпті аса өркендеген капиталистік елдерде де болып көрмеген дәрежеде өте көп қолданумен көзге түсті. Струве мырзалар мен Бланк мырзалар Булыгин Думасына шақырып жатқан кезде, кадет профессорлар студенттерді оқуға шақырып жатқан кезде пролетариат тікелей революциялық күреске шықты. Пролетариат өзінің пролетарлық күрес құралымен Россияға, осылай айтуға болса, «конституцияны» алып берді, ал содан бері қарай ол «конституция» тек бүлдіріліп, кесіліп-кемітіліп, қырналып қана келеді. 1905 жылы октябрьде пролетариат РСДРП-ның *большевиктік* III съезінің қарарында *жарты жыл* бұрын айтылған күрестің тактикалық тәсілін қолданды, ол қарарда бұқаралық саяси стачканы көтеріліспен ұштастырудың маңыздылығына баса назар аударылған еді; — «революциялық құйынның» күллі дәуіріне, 1905 жылдың бүкіл соңғы ширегіне бұқаралық саяси стач-

каны көтерілiспен осылайша ұштастыру тән болды. Сонымен, ұсақ буржуазияның біз айтқан идеологы шындықты мейлінше арсыздықпен, мейлінше дөрекі түрде бұрмалады. Ол маркстік теория мен «революциялық құйынның» практикалық тәжірибесінің арасы алшақтағанын көрсететін бірде-бір факт келтірген жоқ; ол бұл құйынның «барлық социал-демократиялық принциптер мен идеяларды», «социал-демократиялық дүние танымның барлық негіздерін» тамаша қуаттайтын негізгі белгісін көмескілеуге тырысты.

Алайда, «құйын» дәуірінде маркстік принциптер мен идеялардың бәрі жоғалды-мыс деген осы адам айтқысыз теріс пікірге келуге Бланк мырзаны итермелеген шын себеп қандай? Бұл жағдайды талдап қараудың өзі өте қызықты: ол саясаттағы мещандықтың шын табиғатын біздің алдымызда үсті-үстіне әшкерелей түседі.

Саяси қызметтің әр түрлі тәсілдері тұрғысынан қарағанда, «революциялық құйын» дәуірінің қазіргі, «кадеттік», дәуірден басты өзгешелігі қандай еді, халықтың тарихи творчествосының түрлі әдістері тұрғысынан қарағанда қандай еді? Ең алдымен және бәрінен бұрын мынада: «құйын» дәуірінде бұл творчествоның саяси өмірдің өзге дәуірлеріне жат кейбір ерекше әдістері қолданылған болатын. Ол әдістердің неғұрлым маңыздылары мынау: 1) *халықтың саяси бостандықты «тартып алуы»,*— оны ешқандай праволарсыз және заңдарсыз, ешқандай шек қоймастан жүзеге асыру (ең болмағанда университеттерде жиналыстар бостандығы, баспасөздің, одақтардың, съездердің бостандығы, т. б.); 2) *революциялық өкіметтің* жаңа органдарын,— жұмысшы, солдат, теміржолшы, шаруа депутаттарының Советтерін, жаңа селолық және қалалық өкіметтер және басқаларын және т. с. құру. Бұл органдарды халықтың тек қана *революциялық* топтары құрды, бұл органдар халықтың өзіндік творчествосының жемісі ретінде, ескі полициялық бұғаулардан құтылған немесе құтылып жатқан халықтың талапкерлігінің көрінісі ретінде қандай да болса заңдар мен нормалардан тыс, түгелдей революциялық жолмен құрылды. Бұлар, ақы-

рында, құрамы мен қызмет етуі жағынан өздерінің бүкіл жаңа басталғандығына, стихиялылығына, қалыптаспағандығына, көмескілігіне қарамастан нақ *өкімет* органдары болды. Олар өкімет ретінде іс-әрекет етті, мәселен, баспаханаларды тартып алды (Петербург), революцияшыл халықтың өз праволарын жүзеге асыруына кедергі жасаған полиция шенділерін тұтқынға алып отырды (мұндай мысалдар жаңа өкіметтің тиісті органдары неғұрлым әлсіз болған, ал ескі өкімет неғұрлым күшті болған Петербургте де болды). Олар бүкіл халықты ескі үкіметке ақша бермеуге шақыра отырып, өкімет ретінде іс-әрекет етті. Олар ескі үкіметтің ақшасын конфискелеп (оңтүстіктегі темір жол стачка комитеттері), ол ақшаны жаңа, халықтық үкіметтің мұқтажына жұмсап отырды,— иә, сөз жоқ, бұл жаңа, халықтық үкіметтің немесе, егер қажет болса, революциялық үкіметтің бастамасы еді. Өзінің әлеуметтік-саяси сипаты жағынан мұның өзі халықтың революциялық элементтері диктатурасының нышаны еді,— сіздер бұған таңқалатын шығарсыздар, Бланк мырза мен Кизеветтер мырза? сіздер бұл арада буржуа үшін диктатурамен мағынасы бірдей болатын «күшейтілген күзетті» көре алмай отырсыздар ғой? Диктатура дегеннің ғылыми ұғымы туралы сіздердің ешқандай түсініктеріңіз жоқ деп біз сіздерге бұдан бұрын айтқан болатынбыз. Біз қазір мұны сіздерге түсіндіреміз, бірақ әуелі «революциялық құйын» заманының іс-әрекетінің *үшінші* «әдісін»: *халыққа зорлық істеушілерге халықтың зорлықты қолдануын* көрсетеміз.

Біз суреттеген өкімет органдары, бастама күйіндегі, диктатура болды, өйткені бұл өкімет *ешқандай* басқа өкіметті, қайдан шыққан болса да *ешқандай* заңды, *ешқандай* норманы танымады. Шек қойылмаған, заңнан тыс, сөздің нағыз тура мағынасында алғанда күшке сүйенетін өкімет,— диктатура дегеніміздің өзі де осы. Бірақ бұл жаңа өкімет сүйенген және сүйенуге тырысқан күш бір топ әскери адамдар тартып алған найза күші емес еді, «учаскенің» күші емес еді, ақшаның күші емес еді, қандай да болса бұрынғы, қалыптасқан мекемелердің күші емес еді. Мүлде олай емес.

Жаңа өкіметтің жаңа органдарында қару да, ақша да, ескі мекемелер де болған жоқ. Олардың күші — күштің ескі құралдарымен ешбір ұқсастығы жоқ күш болатын, халықты ескі өкіметтің полициялық және басқа органдарының езуіне қарсы халықтың күшейтілген күзетін айтпағанда, «күшейтілген күзетке» ешбір ұқсастығы жоқ күш болатын, осыны ұғасыздар ма, Бланк мырза мен Кизеветтер мырза?

Ал сонда бұл күш неге сүйенді? Ол халық бұқарасына сүйенді. Ескі өкіметтің барлық бұрынғы органдарынан бұл жаңа өкіметтің *негізгі* өзгешелігі осы. Бұрынғы органдар азшылықтың халықты, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасын билеп-төстейтін органдары еді. Жаңа органдар халықтың, жұмысшылар мен шаруалардың азшылықты, ат төбеліндей аз ғана полициялық зорлықшыларды, артықша жағдайдағы үркердей дворяндар мен чиновниктерді билеп-төстейтін органдары болды. Халықтың *үстінен* диктатура жүргізудің революцияшыл *халықтың* диктатурасынан өзгешелігі осындай, мұны естеріңізде жақсылап сақтаңыздар, Бланк мырза мен Кизеветтер мырза! Ескі өкімет азшылықтың диктатурасы болғандықтан, тек полициялық амал-айлалардың жәрдемімен ғана, халық бұқарасын өкіметке қатысудан, өкіметті бақылаудан аластатудың, шеттетудің жәрдемімен ғана сақталып тұрған болатын. Ескі өкімет бұқараға мүлдем сенбейтін, жарық сәуледен қорқатын, алдаумен амалдап келген еді. Жаңа өкімет, орасан зор көпшіліктің диктатурасы болғандықтан, орасан зор бұқараға сенудің жәрдемімен ғана, бүкіл бұқараны мейлінше еркін, мейлінше кең, мейлінше күшті түрде өкіметке қатыстыруымен ғана сақталып тұра алады және сол арқылы сақталды. Жасырын ештеңе, астыртын ештеңе, ешқандай регламент, ешқандай ресмилік жоқ. Сен жұмысшы адамсың ба? Сенің Россияны бір топ полициялық зорлықшылардан құтқару жолында күрескің келе ме? Онда сен — бізге жолдассың. Өзіңнің депутатыңды сайла, қалай қолайлы деп тапсаң, қазір-ақ, дереу сайла,— біз оны біздің жұмысшы депутаттарының Советіне, Шаруалар комитетіне, солдат депутаттарының Советіне және басқаларына

және т. с. толық праволы мүше етіп шын ықыласпен, қуана қабылдаймыз. Бұл — жұрттың бәрі үшін ашық, барлық істерін бұқараның көз алдында істейтін, бұқараға жақын, тікелей бұқарадан шыққан өкімет, халық бұқарасы мен оның еркінің тікелей және бірден-бір органы.— Жаңа өкімет, немесе, дұрысында, оның бастамасы осындай болып еді, ал ескі өкіметтің жеңуі жас өсімдіктің өркендерін тым ерте таптап тастады.

Бланк мырза немесе Кизеветтер мырза, сіздер, бәлкім, мынаны сұрарсыздар: ал бұл арада «диктатураның» не керегі бар, «зорлықтың» не керегі бар? қаптаған қалың бұқара ат төбеліндей аз ғана топқа зорлық істеуге ділгер ме, ондаған, жүздеген миллион адам мыңдаған, он мыңдаған адамға диктатор бола ала ма?

Бұл сұрақты әдетте диктатура деген терминнің олар үшін жаңалық болатын мағынада қолданылуын бірінші рет көрген адамдар береді. Адамдар тек қана полициялық өкімет пен тек қана полициялық диктатураны көруге үйреніп қалған. Ешқандай полициясыз өкіметтің болуы мүмкін екені, полициялық емес диктатураның болуы мүмкін екені оларға таңқаларлық тәрізді көрінеді. Сіздер миллиондардың мыңдарға қарсы зорлығы керек емес дейсіздер ме? Сіздер қателесесіздер, қателескенде, құбылысты оның дамуы тұрғысынан қарамағандықтан қателесесіздер. Сіздер жаңа өкіметтің аспаннан түспейтінін, қайта ескі өкіметпен қатар, ескі өкіметке қарсы, онымен күресте өсіп шығатынын, пайда болатынын ұмытасыздар. Қолдарында билік құралдары мен органдары бар зорлықшыларға зорлық-зомбылық істемейінше халықты зорлықшылардан құтқаруға болмайды.

Бланк мырза мен Кизеветтер мырза, кадеттердің ақылы жетпейтін, кадеттердің ой өрісі үшін «бас қатырарлық» бұл кереметті сіздердің ұғып алуларыңыз үшін сіздерге мынадай кішкене ғана қарапайым мысал келтірейік. Аврамов Спиридонованы мертіктіріп, азаптап жатыр екен деңіздер. Спиридонованың жағында ондаған, жүздеген қарусыз адамдар бар екен делік. Аврамовтың жағында аз ғана казактар бар. Егер Спиридонова абақтыдан тыс жерде азапталып жатқан

болса, халық не істеген болар еді? Халық Аврамов пен оның нөкерлеріне күш қолданған болар еді. Халық, бәлкім, бірнеше күрескерлерін Аврамовтың оғына құрбан еткен болар еді, бірақ қайткенде де Аврамов пен казактарды күшпен қарусыздандырған болар еді, сонымен бірге әлгі адамдардың, егер осылай деп айтуға болса, кейбіреулерін табанда өлтіріп салуы, ал қалғандарын бұдан әрі бұзақылық істемейтіндей ету үшін және оларды халық сотына тарту үшін әлдеқандай бір түрмеге отырғызуы әбден мүмкін.

Көріп отырсыздар, Бланк мырза мен Кизеветтер мырза: Аврамов казактармен Спиридонованы азаптап жатса, ол халыққа жүргізген әскери-полициялық диктатура болады. Революцияшыл (насихаттау, ақыл айту, өкініш білдіру, сөгу, қынжылу, уайымдау ғана емес, зорлықшыларға қарсы күресу қолынан келетін, мещандық-топас емес, қайта революцияшыл) халық Аврамов пен Аврамовтарға күш қолданса, бұл — революцияшыл халықтың диктатурасы болады. *Диктатура* деген осы, өйткені бұл халықтың Аврамовқа жүргізетін өктемдігі, ешқандай заң шек қоймайтын өктемдік (мещан, бәлкім, Спиридонованы Аврамовтан күшпен құтқаруға қарсы болар еді: бұл «заңды» емес қой! бізде Аврамовты өлтірсін деген «заң» бар ма екен? мещандықтың кейбір идеологтары жауыздыққа күш қолданып қарсыласпау теориясын шығарған жоқ па? дер еді). Диктатура дегеннің ғылыми ұғымы — ешбір шек қоймайтын, ешқандай заңдар, мүлдем ешқандай ережелер қысым көрсетпейтін, тура зорлық-зомбылыққа сүйенетін өкімет деген сөз, одан басқа түк те емес. «Диктатура» деген ұғым *осыдан басқа түк те емес,*— мұны жақсылап ескеріп қойыңыздар, кадет мырзалар. Сонан соң, өзіміз келтірген мысалдан біз дәл *халықтың* диктатурасын көреміз, өйткені ұйымдаспаған, белгілі бір жерге «кездейсоқ» жиналған халықтың өзі, халық бұқарасының өзі келіп тікелей сахнаға шығады, өзі сот құрып, жаза қолданады, билік жүргізеді, жаңа революциялық право жасайды. Ақырында, бұл — нақ *революцияшыл* халықтың диктатурасы. Неге бүкіл халықтың емес, тек революцияшыл халықтың ғана дикта-

турасы болады? Себебі — Аврамовтардың сойқандық істерінен әрдайым және мейлінше қатыгездік зәбір көріп отырған бүкіл халықтың ішінде соққы көріп езілген, қорқып қалған адамдар, мәселен, жауыздыққа күш қолданып қарсыласпау туралы теориямен рухани жағынан езілген, немесе тіпті теориямен емес, соқыр сеніммен, әдет-ғұрыппен, кертартпалықпен езілген адамдар бар, шиеленіскен күрестен аулақ болуға, оған жоламауға немесе тіпті жасырынып қалуға (осы төбелестің ішінде таяқ тиіп кетпесе игі еді!) неғұрлым бейім тұратын тоғышар, мещан деп аталатын, күреске немқұрайды қарайтын адамдар бар. Міне, сондықтан диктатураны бүкіл халық емес, тек революцияшыл халық қана жүзеге асырады, бірақ ол барлық халықтан ешбір қорықпайды, өз әрекеттерінің себептерін және ол әрекеттердің бүге-шігесін бүкіл халыққа айтып беріп отырады, мемлекетті басқаруға ғана емес, өкіметке де қатысуға және мемлекеттің құрылысының өзіне қатысуға *бүкіл* халықты құлшына тартып отырады.

Сонымен, біз келтірген қарапайым мысалда «революцияшыл халықтың диктатурасы» деген ғылыми ұғымның, сондай-ақ «әскери-полициялық диктатура» деген ұғымның *барлық элементтері* бар. Тіпті оқымысты кадет профессорға да түсінікті бұл қарапайым мысалдан біз қоғамдық өмірдің неғұрлым күрделі құбылыстарына көше аламыз.

Революция деген сөзді тар, тура мағынасында алғанда, ол, атап айтқанда, халық өмірінің Аврамовтардың сойқандық істеріне ғасырлар бойы іште жинақталған ашу-ыза сөз жүзінде емес, *қимыл* түрінде, жеке адамдардың емес, *миллиондаған халық бұқарасының* қимылы түрінде бұзып-жарып жарыққа шығатын дәуірі болып табылады. Халық өзін Аврамовтардан азат ету үшін оянып, көтеріле бастайды. Халық орыс өмірінің сансыз көп Спиридоноваларын Аврамовтардан құтқарады, Аврамовтарға күш қолданады, Аврамовтарға билік жүргізеді. Бұл, әрине, профессор Кизеветтер мырза үшін біз түсінікті етіп көрсеткен мысалдағыдай оп-оңай және «бірден» бола қоймайды,— халықтың Аврамовтарға қарсы бұл күресі, тар, тура мағынадағы

күресі, халықты Аврамовтардан құтқару «революциялық құйынның» айларына, жылдарына созылады. Россиялық ұлы революция деп аталатын нәрсенің нақты мазмұны дегеніміздің өзі де халықтың осылайша Аврамовтардан құтылуы болып табылады. Егер бұлай құтылуды тарихи творчестволық әдістер жағынан қарайтын болсақ, мұның өзі революциялық құйын туралы айта келіп, біз жаңа ғана суреттеген формаларда болады, атап айтқанда: халықтың саяси бостандықты, яғни жүзеге асырылуына Аврамовтар кедергі жасап келген бостандықты күшпен орнатуы;— халықтың жаңа, революциялық өкіметін, Аврамовтарға билік жүргізетін өкіметін, ескі полициялық укладтың зорлықшыларына билік жүргізетін өкіметін құру;— барлық жабайы иттерді, барлық Аврамовтарды, Дурноволарды, Дубасовтарды, Миндерді және басқа сол сияқтыларды аластау, қарусыздандыру және зиянсыздандыру үшін халықтың Аврамовтарға күш қолдануы болады.

Халықтың бостандықты күшпен орнатуы, ешкім формальды түрде танымаған, жаңа, революциялық өкімет құруы сияқты күрестің заңсыз, тәртіпке келтірілмеген, жоспарсыз, жүйесіз әдістерін қолдануы, халықты езушілерге күш қолдануы жақсы ма? Иә, бұл өте жақсы. Бұл — халықтың бостандық жолындағы күресінің ең жоғары көрінісі. Бұл — Россияның таңдаулы адамдарының бостандық туралы арманы *іске* асып жатқан, жеке-дара ерлердің емес, халық бұқарасының өз ісіне айналып жатқан ұлы кезең. Бұқараның Спиридонованы Аврамовтан құтқаруы (біздің мысалымыздағы), Аврамовты күшпен қарусыздандыруы және зиянсыздандыруы қандай жақсы болса, бұл да сондай жақсы.

Ал міне, осы арада біз кадеттердің жасырын ойлары мен қауіптерінің басты пунктіне келеміз. Кадет — мещандықтың идеологы, өйткені ол Аврамовтың Спиридонованы азаптауы жөніндегі біздің мысалымызда келтірілген тобырды тоқтатуға тырысатын, заңды бұзбауға, заңды өкіметтің атынан әрекет етуші жендеттің қолынан құрбандықты азат етуге асықпауға кеңес беретін тоғышардың көзқарасын саясатқа, бүкіл халықты азат етуге, революцияға әкеліп пайдаланады. Әрине,

біздің мысалымызда мұндай тоғышар адамгершілігі жағынан тура кемтар болған болар еді, бірақ бүкіл қоғамдық өмірге қолданғанда мещанның адамгершілік жағынан алғандағы кемтарлығы, қайталап айтамыз, адамның әсте жеке басының емес, қайта әлеуметтік қасиет, мұның, бәлкім, буржуазиялық-филистерлік право ғылымының соқыр сенімдерінің миға мықтап сіңіп қалғандығына байланысты болуы ықтимал.

«Құйын» дәуірінде Бланк мырзаның барлық маркстік принциптердің ұмытылғандығы тіпті дәлелдеуді керек етпейді деп санайтындығының себебі не? Мұның себебі — ол бостандықты күшпен орнату сияқты, революциялық өкімет құру сияқты, халықтың күш қолдануы сияқты «принциптерді» маркстік «принциптер» емес деп санап, марксизмді бұрмалап, брентанизмге[144] айналдырып отыр. Бланк мырзаның бүкіл мақаласында, бір Бланктың емес-ау, барлық кадеттердің, қазір кадеттерді жақсы көретіндігі үшін Плехановты мақтап жүрген «Без Заглавиядағы»[145] бернштейншілдерге, Прокопович, Кускова және tutti quanti* мырзаларға дейінгі либералдық және радикалдық лагерьдегі барлық жазушылардың мақалаларында бастан-аяқ осы пікір айтылады.

Бұл көзқарастың қалай туғанын және оның неліктен туууға тиіс болғанын қарап көрейік.

Бұл көзқарас батыс европалық социал-демократияның тікелей бернштейншілдік немесе, кеңірек алғанда, оппортунистік түсінігінен туды. Бұл түсініктің Батыста «ортодокстар» үздіксіз және барлық жағынан бірдей әшкерелеген қателері қазіргі «дүрбелең кезде», басқа тұздықпен, басқа сылтаулармен Россияға көшірілуде. Бернштейншілдер марксизмді оның тікелей-революциялық жағын *алып тастап қана* қабылдады және солай қабылдап отыр. Парламенттік күресті олар күрестің әсіресе белгілі бір тарихи дәуірлерде қолдануға жарамды құралдарының бірі деп қарамайды, қайта күрестің «күш қолдануды», «басып алуды», «диктатураны» керексіз ететін басты және бірден-бір дерлік формасы деп қарайды. Бланк мырзалар, Плехановтың

* — соларға ұқсас. *Ред.*

басқа да либерал мақтаушылары марксизмді осылай мещандық азғындықпен бұрмалаушылықты енді Россияға көшіріп те отыр. Олардың бұл бұрмалаушылықтарға еті үйреніп кеткендігі соншалық, революциялық құйын дәуірінде маркстік принциптер мен идеялардың естен шығарылғандығын дәлелдеп жатуды керек деп те санамайды.

Мұндай көзқарас неге тууға тиісті болды? Мұның себебі — бұл көзқарас ұсақ буржуазияның таптық жағдайы мен мүдделеріне мейлінше түбірінен сай келеді. «Тазартылған» буржуазиялық қоғамның идеологы социал-демократия күресінің *барлық* әдістерін, *тек қана «құйын» заманында революцияшыл халықтың қолданғанынан басқаларын* және революциялық социал-демократия мақұлдап, қолдануға көмектескенінен *басқаларын* мүмкін деп санайды. Буржуазияның мүдделері пролетариаттың самодержавиеге қарсы күреске қатысуын талап етеді, бірақ пролетариат пен шаруалар үстемдік алып кетпейтіндей болып қатысуын, ескі, самодержавиелік-крепостниктік және полициялық өкімет органдарын мүлдем жоймайтындай болып қана қатысуын талап етеді. Буржуазия бұл органдарды өзінің тікелей бақылауына бағындырып қана сақтағысы келеді,— бұл органдар буржуазияға *пролетариатқа қарсы* күресу үшін керек, ал бұл органдардың толық жойылуы пролетариаттың пролетарлық күрес жүргізуін тым жеңілдеткен болар еді. Тап ретінде буржуазия мүдделерінің монархияны да, жоғарғы палатаны да талап ететіні сондықтан, революцияшыл халықтың диктатурасына жол берілмеуін талап ететіні сондықтан. Самодержавиемен күрес, дейді буржуазия пролетариатқа, бірақ ескі өкімет органдарына тиме,— олар маған керек. «Парламентше» күрес, яғни мен монархиямен келісіп алып, саған қандай шеңберде күрес десем, сондай шеңберде күрес, ұйымдар арқылы күрес,— бірақ жаппай стачкалық комитет, жұмысшы, солдат депутаттарының Советтері, т. б. сияқты ұйымдар арқылы емес, менің монархиямен келісіп алып шығарған заңым танитын, шектейтін және капитал жөнінде зиянсыздандырып отыратын ұйымдар арқылы күрес.

Буржуазияның неліктен «құйын» дәуірі туралы менсінбей, жирене, кектене, өшпенділікпен айтатындығы, ал Дубасов қорғап отырған конституционализм дәуірі туралы масаттана, шаттана, реакцияға... мещандық шексіз сүйісвеншілікпен айтатындығы әлгі айтылғандардан түсінікті. Мұның өзі кадеттердің: халыққа сүйенуге тырысатын және оның революциялық қимыл-әрекетінен қорқатын сол баяғы тұрақты және өзгермес қасиеті.

«Құйынның» қайталауынан буржуазияның өрттен бетер қорқатындығының себебі де, жаңа революциялық дағдарыстың элементтерін оның елемей, көмескілейтінінің себебі де, халық ішінде конституциялық жалған үміттерді қолдап, тарататындығының себебі де түсінікті.

Бланк мырза мен сол сияқтылардың «құйын» дәуірінде барлық маркстік принциптер мен идеялар ұмытылды деп жариялайтындығының себебі не екенін біз енді толық түсіндірдік. Барлық мещандар сияқты, Бланк мырза марксизмді оның революциялық жағын *алып тастап* мойындайды,— күрестің социал-демократиялық тәсілдерін оның ең революциялық және тікелей-революциялық тәсілдерін *алып тастап* мойындайды.

Бланк мырзаның «құйын» дәуіріне көзқарасы — буржуазияның пролетарлық қозғалыстарды түсінбеуінің, буржуазияның шиеленіскен және батыл күрестен қорқуының, әлеуметтік-тарихи мәселелерді шешудің ескі тәртіптерді қиратататын, аяусыз, сөздің тура мағынасында алғанда революциялық әдістерінің барлық көріністеріне буржуазиялық өшпенділіктің мысалы ретінде өте-мөте тән көзқарас. Бланк мырза өзінің сырын ашып алды, өзінің бүкіл буржуазиялық өресіздігінің сырын бірден ашып алды. Ол социал-демократтар құйын дәуірінде «қате» істеді дегенді есітті, оқыды,— ол марксизмнің барлық «принциптері» (бұл принциптер туралы оның түсінігі де жоқ!) ұмытылды деп қорытынды жасауға және өркөкіректікпен, үзілді-кесілді, дәлелсіз жалаң мәлімдеме жасауға асықты. Бұл «қателер» жөнінде біз мынаны ескертейік: жұмысшы қозғалысының дамуында, социал-демократияның дамуында белгілі бір

қателер істелмеген дәуір болды ма? белгілі бір дәрежеде оңға не солға ауытқушылық аңғарылмаған дәуір болды ма? герман социал-демократиялық күресінің парламенттік дәуірінің — бүкіл әлемдегі өресіз буржуалардың бәріне асу бермес асқар шың болып көрінетін дәуірінің! — тарихы осындай қателерге толы емес пе? Егер Бланк мырза социализм мәселелерінде барып тұрған миғұла болмаса, ол Мюльбергерді де, Дюрингті де, Dampfersubvention[146] туралы мәселені де, «жастарды»[147] да, бернштейншілдікті де, көптеген басқаны, басқаны да оп-оңай есіне түсірген болар еді. Бірақ Бланк мырзаға маңыздысы социал-демократия дамуының шын барысын зерттеу емес, оған өзінің кадеттік партиясының буржуазиялық бейшаралығын дәріптеу үшін күрестің пролетарлық серпінділігін төмендету ғана керек.

Шынында да, егер біз іске социал-демократияның өзінің дағдылы, «бір қалыпты» жолынан ауытқуы тұрғысынан қарайтын болсақ, онда біз «революциялық құйын» дәуірінің бұл жағынан да социал-демократияның топтасқандығы мен идеялық тұтастығы, өткендегімен салыстырғанда, кем емес, *артық* болғанын көрсететіндігіне көзіміз жетеді. «Құйын» заманының тактикасы социал-демократияның екі жақ қанатын алыстатқан жоқ, қайта жақындата түсті. Қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі бұрынғы алауыздықтардың орнына көзқарастар бірлігі орнады. Екі фракцияның да социал-демократтары жұмысшы депутаттарының Советтерінде, бастапқы революциялық өкіметтің осы бір өзгеше органдарында жұмыс істеп, солдаттарды, шаруаларды бұл Советтерге тартып отырды, ұсақ буржуазиялық революциялық партиялармен бірігіп, революциялық манифестер шығарып отырды. Революцияға дейінгі заманның бұрынғы таластарының орнына практикалық мәселелер жөніндегі ынтымақтастық орнады. Революциялық толқынның өрлеуі жауынгерлік тактиканы тануға мәжбүр етіп, Дума туралы мәселені жойып, көтеріліс туралы мәселені күн тәртібіне қойып, таяудағы қоян-қолтық жұмыста социал-демократия мен революциялық буржуазиялық демократияны жа-

қындастырып, алауыздықтарды кейін ысырып тастады. «Северный Голоста»[148] меньшевиктер большевиктермен бірге стачкаға және көтеріліске шақырды, жұмысшыларды өкіметті өз қолдарына алғанға дейін күресті тоқтатпауға шақырды. Практикалық ұрандарды революциялық жағдайдың өзі айтып берді. Таластар оқиғаларға баға берудің ұсақ-түйек жайлары жөнінде ғана болды: мәселен, «Начало»[149] жұмысшы депутаттарының Советтерін революциялық өзін өзі басқару органдары деп, «Новая Жизнь»[150] революциялық өкіметтің пролетариат пен революциялық демократияны біріктіретін бастапқы органдары деп білді. «Начало» пролетариат диктатурасына қарай бой ұрды. «Новая Жизнь» пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы көзқарасының тұрғысында болды. Бірақ қандай болса да европалық социалистік партияның дамуындағы кез келген дәуір социал-демократияның ішінде осындай және осыған ұқсас алауыздықтардың болғанын бізге көрсетіп отырған жоқ па?

Жоқ, Бланк мырзаның істі бұрмалауының, кешегі күн тарихының өрескел өңін айналдыруының себебі мынау, тек мынау ғана: менмепсінген буржуазияшыл азғын адамның үлгісін көріп отырмыз, оған революциялық құйын дәуірлері ақылсыздық болып көрінеді («барлық принциптер ұмытылған», «ойдың өзі және қарапайым парасат жоғалды деуге болады»), ал революцияны басып-жаншудың және мещандық (Дубасовтар қорғап отырған) «прогрестің» дәуірлері парасатты, саналы және жоспарлы жұмыстың заманы болып көрінеді. Бұл екі дәуірге («құйын» дәуірі мен кадеттік дәуір) екеуін салыстыра отырып баға беру Бланк мырзаның бүкіл мақаласының өзегі болып табылады. Адамзат тарихы локомотивтің шапшаңдығымен алға басқан кезде, ол — «құйын», «тасқын», барлық «принциптер мен идеялардың» «жоғалғаны» болады екен. Тарих өгіз арбаның шапшаңдығымен жылжып бара жатқан кезде, ол — нағыз парасат, нағыз жоспарлылық болады екен. Халық бұқарасының өзі, өзінің бүкіл кіршіксіз таза қарапайымдылығымен, жай, дөрекілеу батылдығымен тарихты жасай бастаса, «принциптер мен тео-

риялардь» тікелей және дереу жүзеге асыра бастаса,— онда буржуа қорқынышты сезіп, «парасат кейінге ығысып барады» деп байбалам салады (керісінше емес пе екен, мещандықтың қаһармандары-ау? нақ осындай кезеңдерде жеке адамдардың ақылы емес, бұқараның ақылы тарихта алға шықпай ма? нақ сонда бұқаралық ақыл кабинеттік күш болмай, өміршең, ықпалды күшке айналмай ма?). Бұқараның тікелей қозғалысы атыс-шабыспен, жазалаулармен, дүрелеумен, жұмыссыздықпен және аштықпен басылып-жаншылған кезде, Дубасовтардың ақшасымен күн көретін профессорлық ғылымның қандалалары қуыс-қуыстан шығып, халық *үшін бұқараның атынан* іс істей бастап, бұқараның мүдделерін артықша жағдайдағы үркердей шағын топқа сатып, опасыздық істей бастаған кезде — бұл кезде мещандықтың серілеріне тыныштандырылған, сабырлы прогресс заманы туған, «ой мен парасаттың кезегі келген» тәрізді болып көрінеді. Буржуа әрқашан және барлық жерде өзінің ұстаған жолынан айнымайды: сіз «Полярная Звезданы»[151] немесе «Наша Жизньді» аласыз ба, Струвенің немесе Бланктің жазғандарын оқисыз ба,— барлық жерде де көретініңіз бір ғана,— революциялық және реформистік дәуірлерге берілген әлгі өресіз, профессорлық-педанттық, чиновниктік-өлі баға. Біріншілері — ақылсыздық, tolle Jahre, ой мен парасаттың жоғалу дәуірлері. Екіншілері —«саналы, жүйелі» қызмет дәуірлері.

Менің сөздеріме теріс мағына бермеңіздер. Мені Бланк мырзалардың белгілі бір дәуірлерді артық көретіні туралы сөз қылып отыр деп айтпаңыздар. Әңгіме эсте артық көруде емес,— тарихи дәуірлердің ауысуы біздің субъективті түрде артық көруімізге байланысты емес. Әңгіме мынада: белгілі бір дәуірдің *қасиеттерін талдағанда* (оның біздің артық көруімізбен немесе біздің тілеулестігімізбен еш байланысы жоқ) Бланк мырзалар *шындықты* арсыздықпен *бұрмалайды*. Әңгіме мынада: мещандық, кадеттік, реформистік прогресс дәуірлерімен салыстырғанда, атап айтқанда, революциялық дәуірлер тарихи творчествоның мейлінше ауқымдылығымен, мейлінше байлығымен, мейлінше са-

налылығымен, мейлінше жоспарлылығымен, мейлінше жүйелілігімен, мейлінше батылдығымен және айқындылығымен ерекше болады. Ал Бланк мырзалар істің оңін айналдырып суреттейді! Олар бейшаралықты тарихи-творчестволық байлық деп көрсетеді. Олар езілген немесе жаншылған бұқараның енжарлығын чиновниктердің, буржуйлардың жұмысындағы «жүйеліліктің» салтанат құруы деп біледі. Әр түрлі кеңсе чиновниктері мен либерал penny-a-liner-лердің (әрбір жол жазғанына ақы алып күн көретін шимайшылардың) заң жобаларын турап кескілеуінің орнына халықты езу органдарын тікелей, дереу бұза бастайтын, өкіметті күшпен алатын, халықтың әр түрлі тонаушыларының қарамағында деп саналып келгеннің бәрін өз қолына алатын «қарапайым халықтың» тікелей саяси жұмысының дәуірі туған кезде, қысқасы, атап айтқанда езгі көрген миллиондаған адамдардың ойы мен парасаттылығы оянып келе жатқан кезде, оянғанда тек кітапшалар оқу үшін емес, қайта іс үшін, өміршең, адамзаттық іс үшін, тарихи творчество үшін оянып келе жатқан кезде Бланк мырзалар ой мен парасаттың жоғалғаны туралы байбалам салады»*.

Россияда 1905—1906 жылдары диктатура туралы таластар осындай болды.

Р. Бланк мырза мен 1905 жылы Россиядағы кадеттер диктатура туралы қалай ойласа, Германиядағы Дитман, Каутский, Криспин, Гильфердинг, Франциядағы Лонге және $К^{0}$, Италиядағы Турати және оның достары, Англиядағы Макдональд және Сноуден, т. с. мырзалар, шынына келгенде, дәл солай ойлайды. Олар диктатураны түсінбейді, оны әзірлей білмейді, оны түсіне де, жүзеге асыра да алмайды.

20. X. 1920.

1920 ж. 9 ноябрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 14-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 331—345-беттер. *Ред.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ БАЛТЫҚ ФЛОТЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[152]

Балтық флотын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды тездетуге және іске көмектесе алатын барлық мекемелердің қағазбастылық атаулыны жойып, жұмыстың тез және ойдағыдай жүргізілуіне нақты бақылау орнату жөнінде келісімге келуіне ерекше назар аудару Петроград Совдепіне және арнайы түрде Петроград Қорғаныс комитетінің председателі Зиновьев жолдасқа тапсырылсын.

Петроград Совдепі президиумының және Раскольников жолдастың өздері қолданған шаралары мен өздері белгілеген жұмыс әдісі туралы екі аптадан кейін баяндама жасау үшін Раскольников пен Судаков баяндамашы болып тағайындалсын (жазбаша беруге болады).

1920 ж. 23 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1938 ж. 23 февральда «Правда» газетінің 53-номерінде толық емес түрінде басылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша толық басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВЕТ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ЕҢБЕК ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ПАЕГІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[153]

Аванесов + Гольцман
Ногин
Халатов
Гиндин
Фин

жолдастардан құрылған комиссияға мыналар тапсырылсын

а) қолда бар азық-түлік туралы және жұмысшылармен салыстырғанда түрлі ведомстволардың совет қызметшілерін жабдықтау туралы (оның ішінде заңсыз жабдықтау туралы) мәліметтер жиналсын;

б) бұл салада мейлінше біркелкілік пен тәртіп орнату жөніндегі шаралар талқылансын;

в) түрлі мекемелердің штаттарын анықтап, совет қызметшілерінің еңбек нормаларын, олардың санын, олардың еңбек нәтижелерін, т. т. зерттеп танысу үшін құрылатын комиссияның адам құрамы мен ережесінің жобасы табыс етілсін.

1920 ж. 23 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[154]

1. Бақылау комиссиясы[155] туралы мейлінше байыпты және салтанатты түрде жазылған баспасөз бетіндегі мәлімдеме екі күннен кешіктірмей шығарылсын. Бұл Бухарин мен Дзержинскийге тапсырылсын.

2. Дзержинский мен Преображенскийден Бақылау комиссиясын шын мәнісінде партиялық және пролетарлық ұжданның нағыз органы ету үшін онда күніне кем дегенде 3 сағат жұмыс істеу өтінілсін.

3. «Дискуссиялық листок» дереу басталсын, бұған барынша баса назар аударылсын, бұл арнайы түрде Бухарин мен Преображенскийге тапсырылсын.

4. Совет немесе партия қызметінде жүрген кезде сәтсіздіктерге ұшырауына байланысты психологиялық күйзелуге ұшыраған оппозиция дейтіннің өкілдері жөнінде — оларға жеке-дара ілтипатпен қарау, көбінесе тіпті өзінше бір сауықтыру шараларын жасау Бақылау комиссиясына ерекше тапсырма ретінде ұсынылсын. Оларға басу айтып, оларға істі жолдастықпен түсіндіруге, оларға өздерінің психологиялық ерекшеліктеріне лайықты (бұйыру әдісі болмайтын) жұмыс тауып беруге тырысу керек, бұл пунктте Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының кеңестері мен нұсқауларын, т. с. беру керек.

1920 ж. 26 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШАРУАШЫЛЫҚ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫ АРАСЫНДА БАЙЛАНЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

1
ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[156]

Барлық шаруашылық халық комиссариаттары арасында ұйымдық байланыс болуы туралы мәселе жөнінде алдын ала кеңес құрылсын.

Қазіргі бар барлық ведомствоаралық экономикалық комиссиялар туралы және қысқаша олардың жұмысының қорытындылары туралы мәліметтерді дүйсенбіге, 1 ноябрьге осы кеңеске табыс ету барлық шаруашылық халық комиссариаттарына, әсіресе Азық-түлік халық комиссариатына, Халық шаруашылығы жоғары советіне, Қатынас жолдары халық комиссариатына және Егіншілік халық комиссариатына тапсырылсын.

1920 ж. 26 октябрьде жазылған

2
ҰСЫНЫСТАРДЫҢ НОБАЙЫ

1) Барлық комиссиялардың құрамы, жұмыстарының сипаты және басқалары жағынан дәлірек зерттеп танысу, оларды жіктеп саралау, қажетті біріктірулер мен жеңілдетулер жөнінде қорытындылар жасау және бізге сенбіде, 6 ноябрьде баяндама жасау сол үштікке (Аванесов + Ларин + Попов)[157] тапсырылсын.

2) (1) Орталық өндірістік комиссияға
(2) Гоэлроға
(3) Пайдалану комиссиясына
(4) және Егіншілік халық комиссариатына мы-

налар тапсырылсын: бүкіл РСФСР-дің *жалпы шаруашылық жоспары тұрғысынан* өз жұмыстарының *сипаты* мен *қорытындысы* туралы біздің комиссияға баяндама әзірлесін және *келесі мәжіліске* (6 ноябрь)

(а) баяндаманың қай мерзімде дайын болатыны жөнінде

(б) РСФСР-дің жалпы шаруашылық жоспары тұрғысынан өздерінің баяндамасының негізгі тақырыптарының қандай екені (немесе негізгі мазмұны қандай екені) жөнінде (мүмкін болғанынша, баяндаманың жазбаша тезистері берілсін) мәліметтер берсін.

1920 ж. 1 ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазбалар бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ САЯСИ АҒАРТУ БАС КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[158]

Орталық Атқару Комитеті қаулысының дәлме-дәл тұжырымында РСФСР-дің *«бүкіл саяси* ағарту жұмысын біріктіру» туралы айтылады[159].

Мұндай біріктіруді сөзсіз қажет деп таба отырып, РКП Орталық Комитетінің Саяси бюросы ең алдымен мынаны атап көрсетеді: бұл біріктіруді партия ұйымының дербестігін ғана емес, сонымен қатар Халық ағарту комиссариаты жұмысының түгелдей барлық салалары жөнінде партия ұйымының басшы, бағыттаушы және жетекші жағдайын да сақтау, нығайту және кеңейту мағынасында ғана түсіну керек.

Орталық Атқару Комитеті қаулысын жүзеге асыруды 2 бөлімге бөлу керек: Орталық Атқару Комитетінің қаулысында дәлме-дәл аталып өткен мекемелерді біріктіру Халық Комиссарлары Советінің қарауына дереу ұсынылсын.

Орталық Комитеттің 2 мүшесінің — Бухарин мен Преображенскийдің қатысуымен бұл жоба нақ ертең, 29. Х.-де әзірленсін.

Барлық халық комиссариаттарындағы ағартушылық сипаттағы қосарлас мекемелердің бәрін бұдан әрі біріктіру ісі және РКП-ның үгіт және насихат мекемелері мен Халық ағарту комиссариатының сол мекемелер басшылығына бағынатын ағарту мекемелерінің ұйымдық жағынан өзара қатынастарын ерекше толық белгілеу міндеттің екінші бөліміне жатқызылсын.

Барлық халық комиссариаттарының барлық қосар-

лас мекемелерінің дәл тізімімен қоса міндеттің осы екінші бөлімі жөніндегі баяндаманы Саяси бюроға енгізу Преображенский мен Бухарин жолдастарға тапсырылсын.

1920 ж. 28 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖӘНЕ УЕЗДІК ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМДЕРІ САЯСИ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНДЕ 1920 ж. 3 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[160]

Жолдастар, Саяси ағарту бас комитетін ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде бірсыпырасы Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінде қозғалған және Халық Комиссарлары Советіне енгізілген жоба жөнінде бірсыпырасы менің өзімде жинақталған бірнеше пікірді ортаға салуыма рұқсат етіңіздер. Кеше осы жоба негізінен қабылданды, ал кейін ол тағы да егжей-тегжейлі талқыланбақ[161].

Мен өз тарапымнан мынаны ғана атап көрсете кетпекшімін: сіздердің мекемеңіздің атының өзгеруіне мен алғашында мүлде қарсы болдым. Меніңше, Халық ағарту комиссариатының міндеті — жұрттың оқуына және басқаларды оқытуына көмектесу. Мен өзімнің советтік тәжірибем кезінде түрліше атауларға баланың ермегі деп қарауға дағдыланып алдым, өйткені әрбір қойылған атау — өзінше бір ермек қой. Енді міне Саяси ағарту бас комитеті деген жаңа атау бекітіліп отыр.

Мұның өзі шешілген мәселе болғандықтан сіздер менің ескертпемді тек жеке ескертпе деп қана біліңіздер. Егер іс атын өзгертумен ғана тынбайтын болса, онда мұны тек құттықтауға болады.

Егер мәдени-ағарту жұмысына жаңа қызметкерлерді тарта алсақ, онда іс жаңа атауда ғана болмағандығы, онда әрбір жаңа іске, әрбір жаңа мекемеге ат қойып, айдар тағу жөніндегі «советтік» осалдыққа көнуге болады. Сәтті бола қалған күнде, бір осы күнге дейін қол

жеткендегіден гөрі артығырақ бірдеңеге қол жеткізетін боламыз.

Бірлесіп істейтін мәдени-ағарту жұмысына бізбен бірге қатысуға жолдастарды мәжбүр етуге тиісті ең басты нәрсе — ағарту ісінің біздің саясатымызбен байланысы туралы мәселе. Қойылған атау, егер мұның өзі қажет болса, әлдененi көздейтін болуы мүмкін, өйткені біз өзіміздің ағарту жұмысымыздың күллі бағытында ағарту ісінің ескі бейсаясаттық тұрғысында қала алмаймыз, ағарту жұмысын саясатқа байланыстырмай тұра алмаймыз.

Буржуазиялық қоғамда мұндай пікір үстем болған және үстем болып отыр. Ағарту ісінің «бейсаясаттығы» немесе «саясатқа қатыссыздығы» деген ат — буржуазияның екіжүзділігі, мұның өзі шіркеудің, жеке меншіктің, тағы басқалардың үстемдігінен 99 проценті қорлық көрген бұқараны алдаудан басқа түк те емес. Қазір әлі де буржуазиялық елдердің бәрінде үстемдік жасай отырып, буржуазия бұқараны нақ осылай алдаумен келеді.

Сондықтан, онда аппараттың маңызы неғұрлым үлкен болған сайын, бұл аппараттың капиталдан және оның саясатынан бостандығы да соғұрлым кем бола береді.

Барлық буржуазиялық мемлекеттерде саяси аппарат ағарту ісімен айрықша берік байланысты, алайда буржуазиялық қоғам мұны тура мойындай алмайды. Оның бер жағында, бұл қоғам шіркеу арқылы, жеке меншіктің бүкіл институты арқылы бұқараны икемдеп отырады.

Біздің негізгі міндетіміз, былайша айтқанда, буржуазиялық «шындыққа» өз шындығымызды қарама-қарсы қойып, оны мойындатуда болып отыр.

Буржуазиялық қоғамнан пролетариат саясатына көшу — қиындығы орасан зор көшу, бұлай болатын реті де бар, өйткені буржуазия бізге өзінің бүкіл насихат және үгіт аппараты арқылы дамылсыз жала жабуда. Пролетариат диктатурасының бұдан да маңызды ролін, оның тәрбиелік міндетін, пролетариат халықтың азшылығы болып отырған Россияда ерекше маңызды бұл міндетті буржуазия мүмкіндігінше неғұрлым көмескі-

леуге тырысады. Ал, оның бер жағында, мұнда бұл міндет алдыңғы кезекке қойылуға тиіс, өйткені біз бұқараны социалистік құрылысқа әзірлеуіміз керек. Егер пролетариат буржуазияға қарсы күресте өзіп аса сапалы, аса тәртіпті, аса берілген етіп тәрбиелемесе, яғни пролетариат өзінің ежелгі жауын толық жеңуі үшін алға қоюға қажетті міндеттердің барлық жиынын әзірлемеген болса, онда пролетариат диктатурасы туралы сөз де болмас еді.

Біз еңбекші бұқара социалистік қоғамға бейне бір әзір отыр деген утопиялық көзқараста тұрғанымыз жоқ. Мұның бұлай емес екендігін, социализмге әзірлікті тек ірі индустрия ғана, стачкалық күрес қана, саяси ұйымшылдық қана бере алатынын біз жұмысшы социализмінің бүкіл тарихының дәл деректері негізінде білеміз. Сондықтан, жеңіске жету үшін, социалистік төңкеріс жасау үшін пролетариат ынтымақты қимылға, қанаушыларды құлату ісіне қабілетті болуға тиіс. Енді міне біз оның барлық қажетті деген қабілетке ие болғанын және өз өкіметін жеңіп алғанда бұл қабілетін іске айналдырғанын көріп отырмыз.

Ағарту қызметкерлерінің және күресте авангард коммунистік партияның негізгі міндеті — ескі құрылыстан бізге мұра болып қалған ескі әдеттерді, ескі дағдыларды, қалың бұқараның сүйегіне сіңіп қалған меншікшілдік дағдылар мен әдеттерді жеңу үшін еңбекші бұқараға тәрбие және білім беруге көмектесу болуға тиіс. Партияның Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің көбіне-көп назарын аударып келген жеке мәселелерді қараған кезде бүкіл социалистік төңкерістің осы негізгі міндеті ешқашан естен шықпауға тиіс. Саяси ағарту бас комитетін қалай құру керек, оны жеке мекемелермен қалай ұштастыру керек, оны орталықпен ғана емес, жергілікті мекемелермен де қалай байланыстыру керек — бізге бұл сұраққа осы істі неғұрлым жақсы білетін, бұл істе қазірдің өзінде үлкен тәжірибесі бар және бұл істі арнайы зерттеген жолдастар жауап береді. Мен тек істің принциптік жағындағы негізгі мәселелерді ғана атап айтқым келіп еді. Біз, бұрынғы өтіріктердің бәріне қарсы, ағарту ісі-

нің саясатқа байланыссыз болмайтынын ашық мойындап, істі ашықтан-ашық қоймай отыра алмаймыз.

Біз өзімізден әлденеше есе күшті дүние жүзілік буржуазияға қарсы күрестің тарихи кезеңінде өмір сүріп отырмыз. Күрестің осындай кезеңінде біз революциялық құрылысты қорғап, буржуазияға қарсы соғыс жолымен де, оның үстіне тіпті идеялық жолмен де, тәрбиелеу жолымен де күресуге тиістіміз, өйткені саяси бостандық жолындағы күресте талай ондаған жылдар бойы жұмысшы табында қалыптасқан әдеттер, дағдылар, сенімдер, осы әдеттердің, дағдылардың және идеялардың бүкіл жиыны барлық еңбекшілерді тәрбиелеудің құралы болып қызмет атқаруы керек, ал нақ қалай тәрбиелеу керек деген мәселені шешу міндеті пролетариатқа жүктеледі. Сана-сезімді қазір пролетариаттың дүние жүзінің барлық капиталистік елдерін барған сайын түгел қамтып отырған күресінен тыс қалуға, бүкіл халықаралық саясаттан шеткері тұруға болмайтынын, бұған жол беруге болмайтынын ұғынатын етіп тәрбиелеу керек. Дүние жүзіндегі құдіретті капиталистік елдердің бәрі Советтік Россияға қарсы бірігіп отыр,— міне, қазіргі халықаралық саясаттың негізгі базасы осы. Сондықтан да капиталистік елдердегі жүз миллиондаған еңбекшілердің тағдыры осыған байланысты екендігін мойындау керек. Қазіргі кезеңде жер бетінде ат төбеліндей капиталистік елдерге бағынбаған ешбір түкпір жоқ қой. Сонымен, жағдайдың өзі мынадай формаға келіп ұласып отыр: не болып жатқан күрестен шеткері тұру қажет, сөйтіп революция мен соғыстан тысқары қалған және буржуазияның бұқараны алдап отырғандығының бәрін көрмейтін, буржуазияның бұл бұқараны әдейі қараңғылықта қалдырып отырғанын көрмейтін қараңғы адамдар сияқты, өзіңнің мүлдем санасыздығыңды дәлелдеуің керек, не пролетариат диктатурасы үшін күреске шығуың керек.

Пролетариаттың бұл күресі жөнінде біз әбден ашық айтамыз, сондықтан әрбір адам не осы жаққа, біздің жағымызға, не басқа жаққа шығуы керек. Не бұл жақта, не ол жақта болмау әрекеттерінің бәрі де күйреумен, жанжалмен тынады.

Юденичтер, Колчактар, Петлюралар, Махнолар және басқалар түрінде көрінген керенскийшілдіктің сансыз қалдықтарына, эсерлердің, социал-демократияның қалдықтарына көз жібере отырып, біз Россияның түрлі жерлерінде контрреволюцияның сондайлық әр алуан формаларда болғандығын және әр алуан түске боялғандығын көрдік, демек, біз басқалардың қай-қайсысынан болса да анағұрлым көбірек шыңдалдық деп айта аламыз, ал біз Батыс Европаға көз жіберсек, онда да сол бізде болғандардың қайталанып жатқанын, біздің тарихымыз қайталанып жатқанын көреміз. Барлық жерде дерлік буржуазиямен бірге керенскийшілдіктің элементтері кездеседі. Толып жатқан мемлекеттерде, әсіресе Германияда, бұлар жетекшілікке ие болып отыр. Барлық жерде де бір ғана нәрсе: қандай да болсын аралық позицияның мүмкін емес екендігі және не ақ диктатура (буржуазия Батыс Европаның барлық елдерінде бізге қарсы қаруланып, осыған әзірленуде), не пролетариат диктатурасы болу керек екенін айқын ұғынып отырғандық байқалады. Біз мұны соншалық қатты және терең сезіндік, сондықтан орыс коммунистері туралы менің көп айтып жатуыма тура келмейді. Мұнан туатын бір ғана қорытынды бар, бұл қорытынды Саяси ағарту бас комитетіне байланысты барлық пайымдаулар мен ой-пікірлер жөніндегі көзқарасқа негіз болуға тиіс. Ең алдымен бұл органның жұмысында коммунистік партия саясатының жетекші орын алатыны ашықтан-ашық мойындалуға тиіс. Басқа форманы біз білмейміз және басқа форманы бірде-бір ел әлі жасап шығарған жоқ. Партия өз табының мүдделеріне азды-көпті сәйкес келуі мүмкін, партия белгілі бір өзгерістерді немесе түзетулерді басынан кешіреді, бірақ мұнан жақсы форманы біз әлі білмейміз және үш жыл бойы дүние жүзілік империализмнің тегеурініне төтеп беріп келген Советтік Россияның бүкіл күресі мынаған байланысты: пролетариаттың өзінің тәрбиешілік, ұйымдастырушылық және басшылық ролін орындауына көмектесуді партия саналы түрде өзінің міндеті етіп қойып отыр, пролетариат бұл ролін атқармайынша капитализмнің құлауы мүмкін емес. Еңбекші бұқара,

шаруалар мен жұмысшылар бұқарасы, интеллигенцияның ескі дағдыларын жеңуге және өздерін коммунизм құрылысы үшін қайта тәрбиелеуге тиіс,— мұнсыз құрылыс ісіне кірісуге болмайды. Біздің бүкіл тәжірибеміз көрсетіп отырғанындай, мұның өзі өте елеулі іс, сондықтан да партияның жетекшілік ролін мойындауды біз есте сақтауымыз керек, біз жұмыс туралы, ұйымдық құрылыс туралы мәселені талқылағанда мұны естен шығара алмаймыз. Мұны қалай жүзеге асыру керек, бұл жайында әлі көп сөйлесу керек, бұл туралы партияның Орталық Комитетінде де, Халық Комиссарлары Советінде де сөз қозғауға тура келеді; кеше бекітілген декрет Саяси ағарту бас комитеті жөнінде негіз болды, бірақ ол Халық Комиссарлары Советінде әлі барлық сатылардан өтіп болған жоқ. Жақын күндерде бұл декрет жарияланады, ал сіздер оның түпкілікті редакцияланған түрінде партияға козқарас туралы тікелей мәлімдеме жоқ екенін көресіздер.

Бірақ біз Совет республикасының бүкіл заң жүзіндегі және іс жүзіндегі конституциясы мынаған негізделгенін білуіміз және есте сақтауымыз керек: пролетариатпен байланысты коммунистік элементтердің осы пролетариатты өз рухымен нәрлендіруі үшін, оны өздеріне бағындыруы үшін, өзіміз соншалық ұзақ уақыттан бері жоюға тырысып келген буржуазиялық алдаудан пролетариатты құтқаруы үшін партия бәрін де түзетіп, тағайындап және бір принципке негіздеп құрып отырады. Халық ағарту комиссариаты ұзақ күресті бастан кешірді, мұғалімдер ұйымы ұзақ уақыт бойы социалистік төңкеріске қарсы күресіп келді. Осы мұғалімдер арасында буржуазиялық соқыр сенімдер ерекше берік орын тепкен. Мұнда турадан-тура саботаж түрінде де, жаны сірі буржуазиялық соқыр сенімдер түрінде де күрес ұзақ болды, сондықтан біздің коммунистік позицияны баяу, әрбір қадам сайын жеңіп алуымызға тура келеді. Мектептен тыс білім беру жөнінде жұмыс жүргізетін, осы білім беру және бұқараны ағарту міндетін шешетін Саяси ағарту бас комитетінің алдында партиялық басшылықты ұштастырып отыру міндеті және осы орасан зор аппаратты — қазір

жұмысшыларға қызмет етіп отырған жарты миллиондық оқытушылар армиясын — өзіне бағындыру, оны өз рухымен нәрлендіру, өз инициативасының жалынды отымен жігерлендіру міндеті ерекше айқын қойылып отыр. Ағарту ісінің қызметкерлері, мұғалімдер персоналы, буржуазиялық соқыр сенімдер мен әдеттердің рухында, пролетариатқа дұшпан рухта тәрбиеленген-ді, олардың пролетариатпен мүлде байланысы болмағанды. Ендігі жерде біз партиямен, оның идеяларымен тығыз байланысты болуға тиісті, партия рухымен нәрленген, жұмысшы бұқарасын өзіне тартуға тиісті, оны коммунизм рухымен нәрлендіруге, оны коммунистер істеп жатқан іске қызықтыруға тиісті педагог мұғалім персоналының жаңа армиясын тәрбиелеуге тиіспіз.

Ескі әдеттерден, дағдылардан, идеялардан арылу керек болғандықтан, бұл арада Саяси ағарту бас комитетінің алдында және оның қызметкерлері алдында көбіне-көп есте болуға тиісті, аса маңызды міндет тұр. Шынында да бұл арада біздің алдымызда көпшілігі ескіше тәрбие алған мұғалімдерді партияда барлармен, коммунистермен, қалай байланыстыру керек? деген дилемма тұр. Мұның өзі аса қиын мәселе, сондықтан біз оны өте жақсы ойластыруымыз керек.

Осыншалық әр алуан адамдарды ұйымдық жағынан қалай байланыстыру керек екендігін қарастырайық. Коммунистік партияның жетекшілік етуге тиіс екендігіне принцип жағынан бізде күмән болуы мүмкін емес. Сонымен, саяси мәдениеттің, саяси білім берудің міндеті — өтірікті, соқыр сенімдерді жеңе алатын және ескі тәртіпті жеңіп, мемлекет құрылысы ісін капиталистерсіз, қанаушыларсыз, помещиктерсіз жүргізуде еңбекші бұқараға көмектесе алатын шын коммунистерді тәрбиелеу. Ал мұны қалай істеуге болады? Мұның өзі мұғалімдер буржуазиядан мұра етіп алған білімнің бүкіл жинағын меңгергенде ғана мүмкін болады. Коммунизмнің барлық техникалық жеңістері мұнсыз мүмкін болмас еді, ал бұл жөніндегі арманның бәрі бос нәрсе болар еді. Міне, осыдан келіп: бұларды, саясатқа және атап айтқанда біз үшін пайдалы саясатқа, яғни

коммунизмге қажетті саясатқа байланыстыра жұмыс істеуге дағдыланбаған бұл қызметкерлерді қалай байланыстыру керек деген мәселе туады. Мұның өзі, мен айтқандай, өте қиын міндет. Біз бұл мәселені Орталық Комитетте де талқылағанбыз және осы мәселені талқылай келіп, тәжірибеде жинақталған нұсқауларды ескеруге тырысқанбыз, сондықтан осы қазір мен сөз сөйлеп тұрған бүгінгі съезд сияқты съездің, өздеріңіздің конференцияңыз сияқты конференцияның бұл жөнінде зор маңызы болады деп ойлаймыз. Бұрын белгілі бір үйірменің, белгілі бір ұйымның адамы деп қарап келген әрбір насихатшыға әрбір партия комитетінің енді жаңаша қарауына тура келеді. Әрбір насихатшы бүкіл мемлекетті басқарып отырған, оған басшылық етіп отырған партияға, Советтік Россияның буржуазиялық құрылысқа қарсы бүкіл дүние жүзілік күресіне басшылық ететін партияға жатады. Насихатшы — күресуші таптың, орасан зор мемлекеттік аппаратқа үстемдік етіп отырған және үстемдік етуге тиісті партияның өкілі. Астыртын жұмыстың тамаша мектебінен өте тұрса да, күресте сыннан өтіп, шыңдала тұрса да өте-мөте көп коммунистер өзі үгітші-насихатшыдан үгітшілердің, орасан зор саяси ұйымның жетекшісі болған кезде бұл өзгерістің, бұл өтпелі кезеңнің бүкіл зор маңызын түсінгісі келмейді, түсіне алмайды. Бұл ретте ол өзіне лайық атпен атала ма, мүмкін тіпті, мәселен, халық училищесінің меңгерушісі деген сыпайы атпен атала ма — мұның пәлендей маңызы жоқ, маңызды нәрсе сол — ол мұғалімдер бұқарасына басшылық ете білуі керек.

Айта кету керек, жүз мыңдаған мұғалімдер дегеніміз жұмысты ілгері бастырып, ойды оятып отыруға, бұқара ішінде әлі күнге дейін сақталып отырған соқыр сенімдерге қарсы күресуге тиісті аппарат. Капиталистік мәдениеттен қалған мұра, сол мәдениет кемшіліктерінің мұғалімдер бұқарасының бойына сіңіп қалғандығы, осы кемшіліктер барда бұл бұқараның коммунистік бола алмайтындығы, алайда, осы мұғалімдерді ағартушылық саяси жұмыстың қызметкерлері қатарына тартуға кедергі жасай алмайды, өйткені бұл мұға-

лімдерде білім бар; мұнсыз біз өз мақсатымызға жете алмаймыз.

Біз жүз мыңдаған керекті адамдарды коммунистік ағарту қызметіне қоюға тиіспіз. Бұл міндет — майданда, ескі армияның ондаған мың өкілдері қабылданған біздің Қызыл Армияда шешілген міндет. Ұзақ процестің, қайта тәрбиелену процесінің барысында олар Қызыл Армиямен біте қайнасып кетті, мұны, сайып келгенде, өздерінің жеңістерімен де дәлелдеді. Өзіміздің мәдени-ағарту жұмысымызда да біз осы үлгімен жүруге тиіспіз. Рас, бұл жұмыс көзге түсе бермейді, бірақ өте маңызды. Әрбір үгітші, әрбір насихатшы бізге керек, ол өз жұмысын партиялық рухта жүргізсе, бірақ бір ғана партиямен шектеліп қалмай, қайта өзінің міндеті — жүз мыңдаған оқытушылар персоналына басшылық ету, оларды іске қызықтыру екендігін, буржуазиялық ескі соқыр сенімдерді жеңу, оларды өзіміз істеп жатқан іске тарту, біздің жұмысымыздың ұшан-теңіздігін олардың санасына жеткізу екендігін ұмытпайтын болса, ол сонда өз міндетін орындайды, сондықтан осы жұмысқа кошкенде ғана біз капитализм жаныштап келген, бізден аулақтап келген осы бұқараны дұрыс жолға алып шыға аламыз.

Мектеп шеңберінен тыс жұмыс істейтін әрбір үгітші мен насихатшы осы міндеттерді көздеуге тиіс және ол бұл міндеттерді естен шығармауға тиіс. Бұл міндеттерді орындау үстінде толып жатқан практикалық қиыншылықтар кездеседі, сондықтан сіздер коммунизмге көмектесуге және партия үйірмелерінің ғана емес, сонымен қатар жұмысшы табының қолындағы бүкіл мемлекеттік өкіметтің өкілдері және басшылары болуға тиістісіздер.

Біздің міндетіміз — капиталистердің барлық қарсылығын жеңу, тек әскери және саяси қарсылығын ғана емес, сонымен қатар ең терең және ең күшті идеялық қарсылығын да жеңу. Біздің ағарту қызметкерлерінің міндеті — бұқараны осы қайта тәрбиелеуді жүзеге асыру. Бұқараның, өзіміз аңғарып отырғандай, оқуға және коммунизмді білуге құмарлығы және ынтасы біздің бұл істе де жеңіп шығатындығымызға кепіл болады, мүм-

кін, майдандағыдай тез бола қоймас, мүмкін, үлкен қиыншылықтар болар, ал кейде жеңіліске де ұшырармыз, бірақ ақырында жеңіп шығушы біз боламыз.

Мен қорытындыда тағы бір мәселеге тоқталғым келеді: мүмкін, Саяси ағарту бас комитеті деген сөз дұрыс түсінілмейтін шығар. Мұнда саяси деген ұғым айтылып отырғандықтан, бұл арада саясат — ең басты нәрсе.

Бірақ саясатты қалай түсіну керек? Егер саясатты ескі мағынада ұғынсақ, онда үлкен және ауыр қатеге ұрынуға болады. Саясат дегеніміз — таптар арасындағы күрес, саясат дегеніміз — бүкіл дүние жүзілік буржуазияға қарсы азаттық үшін күресуші пролетариаттың көзқарасы. Бірақ біздің күресімізде істің екі жағы ерекше көрінеді: бір жағынан, буржуазиялық құрылыстың мұрасын бұзу және Совет өкіметін жаныштауға бүкіл буржуазияның қайта жасап отырған әрекетін қирату. Бұл күнге дейін осы міндет біздің көңілімізді бәрінен көп алаң етіп келді және басқа міндетке — құрылыс міндетіне көшуге кедергі жасап келді. Буржуазиялық дүниетаным бойынша саясат экономикадан бөлек нәрсе сияқты қаралып келді. Буржуазия былай деді: шаруалар, күн көру үшін жұмыс істеңдер, жұмысшылар, рыноктан қажет нәрселеріңнің бәрін алу үшін, өмір сүру үшін жұмыс істеңдер, ал шаруашылық саясатын сендердің қожайындарың жүргізеді. Ал шынында мұның өзі олай емес, саясат халықтың ісі, пролетариаттың ісі болуға тиіс. Міне осы арада біздің мынаны баса айтуымыз керек: біз өз жұмысымызда уақытымыздың $^{9}/_{10}$ бөлігін буржуазиямен күресуге жұмсаймыз. Врангельді жеңуіміз,— бұл жеңістеріміз туралы біздер кеше оқыдық, бұл жөнінде сіздер бүгін оқисыздар және ертең де оқуларыңыз ықтимал,— күрестің бір сатысы аяқталып келе жатқандығын, біздің толып жатқан батыс елдерімен бітім жасасуға қолымыз жеткенін көрсетеді, ал соғыс майданындағы әрбір жеңісіміз біздің ішкі күреспен, мемлекет құрылысы саясатымен айналысуымызға мүмкіндік береді. Ақ гвардияшыларды жеңіп шығуымызға жақындататын әрбір қадам күрестің денін біртіндеп экономикалық саясатқа ауысты-

ра береді. Ескі типтегі насихат коммунизмнің не екенін айтып береді, ол жөнінде мысалдар береді. Бірақ бұл ескі насихат түкке жарамайды, өйткені социализмді қалай құру керек екендігін іс жүзінде көрсету керек. Бүкіл насихат шаруашылық құрылыстың саяси тәжірибесіне негізделіп құрылуға тиіс. Бұл — біздің ең басты міндетіміз, ал егер кімде-кім мұны сөздің ескі мағынасында түсінбекші болса, ол артта қалған адам болып шығар еді және ондай адам шаруалар мен жұмысшылар бұқарасы үшін насихат жұмысын жүргізе алмайды. Астықты молырақ жинау үшін, көмірді молырақ беру үшін, осы астық пен көмірді қайткенде дұрыс пайдалануды шешу үшін, ашығушылар болмау үшін қазір біздің басты саясатымыз мемлекеттің экономикалық құрылысы болуға тиіс,— біздің саясатымыз, міне осындай. Сондықтан бүкіл үгіт пен бүкіл насихат осыған негізделіп құрылуға тиіс. Жел сөздер аз болсын, өйткені еңбекшілерді жел сөздермен қанағаттандыра алмайсың. Күштің денін буржуазияға қарсы күрестен, Врангельге, ақ гвардияшыларға қарсы күрестен босатуға соғыс бізге мүмкіндік берген бойдаақ біз экономика саясатына бет бұрамыз. Үгіт пен насихат, міне, осы арада барған сайын арта түсетін орасан зор роль атқарады.

Әрбір үгітші мемлекеттік жетекші болуға, экономикалық құрылыс ісінде барлық шаруалар мен жұмысшылардың жетекшісі болуға тиіс. Ол: коммунист болу үшін, міне, мынадай кітапшаны, міне, мынадай кітапты білу керек, оқу керек деуге тиіс. Біз, міне, шаруашылықты капитализмсіз және капиталистік рухсыз осылай жақсартамыз және оны неғұрлым қомақты, неғұрлым қоғамдық шаруашылық етеміз, өндірісті ұлғайтамыз, астық мәселесін жақсартамыз, өндірілген өнімдерді неғұрлым дұрыс бөлеміз, көмір шығаруды көбейтеміз және өнеркәсіпті қалпына келтіреміз.

Коммунизмнің мәні неде? Коммунизмді насихаттаудың бәрі істің өзі мемлекеттік құрылысқа практикалық басшылық жасауға келіп саятын етіп қойылуға тиіс. Коммунизм жұмысшы бұқарасына оның өз ісіндей айқын болуға тиіс. Бұл іс нашар жүргізіліп отыр, мың-

дағаи қателіктер жіберіліп отыр. Біз мұны жасырмаймыз, бірақ жұмысшылар мен шаруалардың өздері біздің көмегімізбен, біздің азын-аулақ, ептеген жәрдемімізбен біздің аппаратты жасауға, теңгеруге тиіс; біз үшін ол қазірдің өзінде программа, теория және тапсырма болудан қалып, біз үшін ол бүгінгі күнгі нақты құрылыстың ісіне айналып отыр. Егер біз соғыста жауларымыздан ең ауыр жеңілістерге ұшыраған болсақ та, біз оның есесіне сол жеңілістерден сабақ алдық, сөйтіп толық жеңіске жеттік. Біз қазір де әрбір жеңілістен білім алуға тиіспіз, жұмысшылар мен шаруаларды істелген жұмыстың мысалдарымен үйрету керек екендігін есте ұстауға тиіспіз. Мұнан былай олқылықты болдырмау үшін өзіміздегі олқы жерлерді көрсетіп отыруға тиіспіз.

Осы құрылыстың мысалдарымен, осы мысалдарды көптеген рет қайталай отырып, біз нашар бастық коммунистерден нағыз құрылысшылар, ең алдымен өзіміздің экономикалық шаруашылықтың құрылысшыларын жасап шығарамыз. Біз керек нәрсенің бәріне жетеміз, бізге ескі құрылыстан қалған және бірден лақтырып тастауға болмайтын бөгеттердің бәрін жоямыз, бұқараны қайта тәрбиелеу керек, ал оны үгіт пен насихат қана қайта тәрбиелей алады, бұқараны ең алдымен жалпы шаруашылық өмірдің құрылысымен байланыстыру керек. Бұл әрбір үгітші-насихатшының жұмысында басты және негізгі нәрсе болуға тиіс және ол осыны өзі ұғынған кезде, оның жұмысының табысты болуы қамтамасыз етіледі. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Саяси ағартушылардың Бүкіл россиялық кеңесінің бюллетені (1—8 ноябрь, 1920 ж.)», Москва

Бюллетеньнің стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ИТАЛЬЯН СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ІШІНДЕГІ КҮРЕС ТУРАЛЫ[162]

1920 ж. 7 ноябрьде «Правда» газетінің 250-номерінде толық емес түрінде басылған
Қол қойған: Ленин

1920 ж. 20 декабрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 15-номерінде толық басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

1

«Правданың» 1920 ж. 25 сентябрьдегі 213-номерінде менің «Неміс және француз жұмысшыларына хат Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресі жайындағы жарыс сөз жөнінде»* деген кішкене хатым басылды. Итальян социалистік партиясының орталық органы «Avanti!» («Алға»)[163] 5 октябрьде осы хатты көшіріп басып, оған ескертулер беріпті; бұл ескертулерге тоқталып өткен жөн, өйткені бұлар «Алға» газетінің редакторы Серрати жолдастың ұстаған позициясының дұрыс емес екендігін айқын көрсетеді.

«Лениннің берген түсіндірулері,— деп оқимыз,— осынша алыста жатқан және соншалық айырмашылығы бар адамдар мен жағдайларды дұрыс бағалауға шамасы еркін жете қоймайтын жолдастардың таңған қатаң шарттарын белгілі дәрежеде жұмсартады...

...Ленин өзінің бір олжасын: Модильяниді қалдырып кетіп отыр...

...Енді келіп Ленин,— өз атынан ба, әлде Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінің атынан ба, онысын біз білмейміз,— ерекшеліктерге де жол беріледі дейді» (Атқару Комитетінің келісімімен, жалпы ережеден ерекшеліктер).

«Олжа» жөніндегі мысқылды ескертпе, мұндағы «олжа» деп отырғаны реформистердің бірі Модильяни болуға тиіс,— нысанаға тимей лағып кетіп отыр. Серратидің пікіріне қарама-қарсы, мен Модильянидің (және Лонгенің) атын атамағанда мұны тіпті де әдейі істеген жоқпын. Мен қайсыбіреулердің аттарын *бағытқа*

* Қараңыз: осы том, 321—324-беттер. *Ред.*

сипаттама беру үшін мысал ретінде атадым, ал қайсыбір *жеке адамдар* жөніндегі мәселеде оны шешуге кіріспей, екінші қатардағы мәселе деп есептеп, ерекшеліктерге жол берілетіндігін көрсетіп, мен оған назар аударғаным жоқ және назар аудармаймын да. Өзінің мәлімдемесіне қарамастан, Серрати менің, тіпті де Атқару Комитетінің атынан емес, *тек* өз атымнан сөйлеп отырғанымды және өз атымнан ғана сөйлей алатынымды жақсы біледі (өйткені ол дәл менің «Правдадағы» мақаламды тілге тиек етіп отыр).

Серрати өзінің ескертпелерімен «Алға» газетінің оқушыларын басты, негізгі, елеулі мәселеден: Италияның революцияшыл пролетариат партиясында енді реформистерді қалдыруға бола ма деген мәселеден алыстатып отыр. Серрати назарды елеулі мәселеден екінші қатардағы және маңызы жоқ мәселеге аударып жіберуге тырысып, өзінің ұстаған позициясының дұрыс емес екендігін бүркемелейді.

Бұған қарсы күресу керек. Елеулі мәселені анықтау керек.

Серрати осы заметкада да, басқа мақалаларда да Москва конгресінің (Коммунистік Интернационалдың II конгресінің) итальян істерінен онша хабардар емес екендігін айтады. Бейне бір істің мәні негізгі екі бағыттың күресінде емес, реформистермен «бірліктің» мүмкіндігі туралы негізгі мәселені шешуде емес, «Москваның» не туралы дәл хабардар еместігі жөніндегі алауыздықта болып отырған сияқты!

Бұл көзқарастың — және назарды басты мәселеден бұрып жіберу әрекетінің — сорақы терістігі Итальян социалистік партиясының *Орталық Комитеті ішіндегі* жарыс сөз туралы *ресми есепте* бәрінен де гөрі жақсы әшкереленген. Бұл жарыс сөз «Алға» газетінің жоғарыда аталған номерінің шығуынан не бары бірнеше күн бұрын, атап айтқанда: 28, 29 және 30 сентябрь мен 1 октябрьде Миланда болған.

Бұл жарыс сөз екі түрлі қарарды дауысқа салумен аяқталды; бұлардың біреуін коммунистік қарар, екіншісін «центристік» немесе жалтарма, немесе реформистермен одақты («бірлікті»!) жасырын түрде қорғаушы

қарар деп атауға болады. Бірінші қарар 7 дауыс алып (Террачини, Дженнари, Регент, Тунтар, Казуччи, Марциали және Беллоне) жеңіп шықты; екіншісі қабылданбай қалды (5 дауыс: Баратоно, Заннарини, Баччи, Джакомини, Серрати).

Бірінші қарар тамаша айқындығымен және дәлдігімен ерекше. Бұл қарар итальян революциялық күресінің «қазіргі жағдайлары» партияның «неғұрлым біртекті болуын» талап ететінін көрсетуден басталады. Одан әрі былай делінген: партияда жұрттың бәріне де қалуға жол берілгенде тәртіпке бағыну шартымен жол берілген болатын, бірақ бұл шарт орындалмады; III Интернационалдың принциптері мен тактикасына қарама-қарсы көзқараста тұрған адамдарды тәртіпке бағынады деп күту қате; сондықтан Москва шарттарының 21-пунктін қабылдай отырып, партияны «батыл тазарту» керек, оның ішінен реформистік және оппортунистік элементтерді *аластау* керек.

Мұнда адамдардың аттары, жеке нәрселер жоқ. Мұнда айқын саяси бағыт көрсетілген. Мұнда шешімнің дәлелдері: Италиядағы партия тарихының нақты фактілері, оның революциялық жағдайының нақтылы ерекшеліктері дәлме-дәл көрсетілген.

Екінші қарар — жалтарғыштықтың және нашар дипломатияның үлгісі: 21-пунктті қабылдаймыз, бірақ «бұл шарттар күмәнды түсініктердің туу мүмкіндігіне жол береді», «III Коммунистік Интернационалдың әрбір секциясының саяси критерийін сол елдің тарихи жағдайларымен және іс жүзіндегі нақты ерекшеліктерімен орайластырып, бұларды сол Интернационалдың өзіне мақұлдатып отыру қажет» деп танимыз; қарар «21-пункттің негізінде Итальян социалистік партиясының бірлігін сақтау қажет» екендігін баса көрсетеді; әрбір тәртіп бұзушылықты партияның Орталық комитеті қатаң жазалап отыруға тиіс.

Коммунистік қарарда былай делінген: революциялық жағдай партияның неғұрлым біртекті болуын талап етеді. Бұл даусыз. Реформистермен «бірлікті» қорғаушылардың қарары осы даусыз ақиқатқа қарсы таласуға батылы бармай, мұны *орағытып* өтпекші.

Коммунистік қарарда былай делінген: Италияның ерекшелігі партия шешімдеріне реформистердің бағынуы жөніндегі шарттың *орындалмай қалғандығында.* Істің түйіні осында. Осылай болғандықтан да, жалпы революциялық жағдай *шиеленісіп тұрған кезде,* мүмкін, тіпті шешуші революциялық шайқастардың қарсаңында тұрған кезде реформистерді партияда қалдыру қате ғана емес, *сонымен қатар қылмыс та.*

Факт рас па, әлде өтірік пе? Реформистер партияның шешімдерін орындады ма, іс жүзінде партияға бағынды ма, партияның саясатын жүргізді ме әлде жоқ па? Реформистерді қорғаушылардың қарары мұны растап жауап бере алмайды, коммунистердің олай болған жоқ деген жауабымен дауласа алмайды, жауап беруден жалтарады, қипақтайды, сырт айнала береді, жалпы алғанда, әр түрлі елдердің әр алуан нақтылы ерекшеліктерін тілге тиек етеді, бұл ерекшеліктерді тілге тиек еткенде нақ Италияның аса маңызды «нақты ерекшелігін» нақ осы кезеңде орағытып өту *үшін* және оны жалған бейнеде көрсету *үшін* айтады. Өйткені Италияның осы нақты ерекшелігі дәл мынада: реформистер партия шешімдерін іс жүзінде шын орындауға, оның саясатын іс жүзінде жүргізуге қабілетсіз болып отыр. Осы түбегейлі мәселеде жалтарғыштық көрсетіп, реформистермен бірлікті қорғаушылардың қарары түгелдей өзін өзі соққылап отыр.

Серрати, Баратоно, Заннарини, Баччи және Джакомини осынысымен өздерінің пікірлерінің *түп-тамырымен* жөн емес екендігін, өздерінің саяси бағытының *түп-тамырымен теріс* екендігін *қазірдің өзінде* әбден айқын және даусыз дәлелдеп берді.

Итальян партиясының Орталық Комитетіндегі жарыс сөз де Серрати бағытының мүлдем терістігін онан бетер ашып көрсетті. Коммунистер: реформистердің өз қалпында қалып отырғанда, фабрикаларды басып алған итальян жұмысшыларының жуырдағы революциялық қозғалысы кезіндегі саботажы сияқты, революцияға саботаж жасамай тұра алмайды деп көрсетті.

Мәселенің бүкіл түйіні, міне, осында ғой! Партия ішінде революцияға саботаж жасайтын адамдар отыр-

ғанда революцияға қайтіп әзірленуге болушы еді, шешуші шайқастарға қайтіп баруға болушы еді? Бұл — қате ғана емес, бұл — қылмыс.

Ал егер Серрати, 14 октябрьдегі «L'Humanité»[164]-дегі хатында өзінің тура мәлімдеп отырғанындай, бір ғана Туратидің* шығарылуына үміт артқан болса, онда бұл арада да Серратидің қатесі *қазірдің өзінде фактілер арқылы* әшкереленіп отыр. Өйткені итальян реформистері өздерінің ерекше фракциялық съезін шақырып қана қойған жоқ (1920 ж. 11 октябрьде, Реджио-Эмилияда), онда өздерінің реформистік көзқарастарындағы барлық елеулі нәрселерді қайталап қана қойған жоқ, сол съезде Филипп Туратиге барынша салтанатпен овация жасап қана қойған жоқ, сонымен қатар Тревестің сөзімен айтқанда: «Не партияда қаламыз, не онан бәріміз бірдей шығамыз» деп мәлімдеді. Реті келгенде айта кетелік, буржуазиялық баспасөз және реформистердің өздері өздерінің фракциялық съезінің маңызын барынша әсірелеп көрсетуге тырысты. Бірақ 13 октябрьдегі «Avanti!»-ден (Миландағы басылымы) біз тура мынаны оқимыз: реформистер *мыңдаған* секциялары бар партияның не бары 200 секциясынан өкілдер жинады!

Бірақ мәселенің мәні жөнінде Серратидің басты дәлеліне толығырақ тоқталайық. Серрати жікке бөліну партияны, әсіресе кәсіподақтарды, кооперативтерді, муниципалитеттерді әлсіретеді деп қорқады. Социализм құрылысы үшін қажетті бұл мекемелерді қиратпау керек,— Серратидің негізгі пікірі осы. «Террачинидің ұсынысы бойынша барлық жауапты орындардан өзіміз қуып шығатын адамдардың орнына тегіс ие болу үшін біз соншалықты «коммунистерді», тым болмаса кешегі күннің ең жалынды коммунистерін қайдан аламыз?» дейді ол («Avanti!», 2 октябрь, 1920 ж. Миландағы басылымы). Серрати жолдас редакциялайтын «Комму-

---

* Бұл хаттағы басты нәрсе, міне, мынау: «Біз бәріміз де Москваның шарттарын қуаттаймыз. *Әңгіме солардың қолданылуында болып отыр.* Менің айтатыным, партияны зиянды элементтерден *тазарту* керек — сондықтан мен Туратиді шығаруды ұсынғанмын,— бірақ біз синдикаттар (орысша профсоюздар) мен кооперативтер бұқарасынан айрылмауға тиіспіз. Басқалар *батыл жіктелісті* қалайды. Алауыздық осы арадан келіп шығып отыр» («L'Humanité», 14 октябрь. Курсив Серратидікі).

низм» журналындағы (№ 24, 1627-бет) Серратидің III Интернационалдың II конгресі туралы мақаласында да нақ сол пікір айтылған: «Кешеден бері ғана өзін жалынды коммуниске балап жүрген, істен бейхабар жаңа адамдар басқарып отырған Милан коммунасын (яғни Миланның қалалық шаруашылығын) көз алдыңызға елестетіп көріңізші!».

Серрати кәсіподақтардың, кооперативтердің, муниципалитеттердің қирауынан қорқады, жаңа адамдардың істі жете білмеуінен, қателесуінен қорқады.

Коммунистер реформистердің революцияға саботаж жасауынан қорқады.

Осы салыстыру Серратидің принциптік қателерін көрсетеді. Ол үнемі бір пікірді: икемді тактиканың қажеттігі туралы пікірді қайталай береді. Бұл пікірде дау жоқ. Бірақ істің бәрі нақ мынада: Серрати *оңға қарай ойысады*, ал Италияның қазіргі жағдайында *солға қарай ойысу* керек. Революцияны ойдағыдай жасау үшін және оны қорғап қалу үшін итальян партиясы (өз қолын өзі тіпті де байламай және кейіннен жағдайдың оңға қарай белгілі қадам жасауды әбден керек ететінін ұмытпай) әлі де *солға қарай белгілі қадам* жасауға тиіс.

Өз қатарында реформистер, меньшевиктер отырғанда, пролетарлық революцияда жеңіп шығу *мүмкін емес*, оны қорғап қалу *мүмкін емес*. Мұның өзі принцип жағынан айқын нәрсе. Россияның да, Венгрияның да тәжірибесі мұны айқын растады. Мұның өзі шешуші пікір. Бұл қауіпті «айрылу» қаупімен немесе сәтсіздікке ұшырау, қателесу қаупімен, кәсіподақтардың, кооперативтердің, муниципалитеттердің, тағы басқалардың күйреу қаупімен салыстыру — тек қана күлкілі нәрсе, күлкі ғана емес-ау, қылмыс. Миланның қалалық шаруашылығы сәтсіздікке ұшырап, т. с. болып жүрмей ме деген ойға бола революцияның бүкіл тағдырын тәуекелге тігу — әбден абыржу, революцияның түбегейлі міндетін мүлдем түсінбеу, оны жеңіске әзірлеуді мүлдем білмеу деген сөз.

Біз Россияда кооперативтердегі, коммуналардағы, кәсіподақтардағы және басқалардағы жаңа және істі

жете білмейтін адамдардың білместігі салдарынан мыңдаған қателер жасадық және мыңдаған күйреуге, шығынға және басқаларына ұшырадық. Басқа халықтардың, неғұрлым цивилизациялы халықтардың мұндай қателерді *азырақ* жасайтынына біз күмәнданбаймыз. Бірақ, сол қателерге қарамастан, басты нәрсеге: пролетариаттың өкіметті жеңіп алуына қолымыз жетті. Және осы өкіметті үш жыл бойы қорғап келеміз.

Меньшевиктердің революцияға саботаж жасауына және сол революцияны болдырмай тастауына жол беретін «қатеге» қарағанда, Серрати жолдас көрсетіп отырған қателер — миллион мәрте оңай жөндеуге болатын шын мәнісінде жеке нәрселер. Бұл өзінен-өзі түсінікті. Мұны Венгрия айқын корсетті. Мұны біздің тәжірибе де растады, өйткені Россияда пролетарлық өкіметтің үш жылы ішінде ауыр жағдайлар *көптеген рет* болды; мұндай ауыр жағдайларда егер меньшевиктер, реформистер, ұсақ буржуазиялық демократтар біздің партия ішінде немесе тіпті азды-көпті едәуір мөлшерде Орталық Атқару Комитеті сияқты орталық совет мекемелерінің ішінде қалып қойған болса, советтік режим *сөзсіз* құлатылған болар еді.

Серрати Италиядағы қазіргі өтпелі кезеңнің ерекшеліктерін түсінбеген; онда, жалпы жұрттың мойындауынша, істің өзі мемлекеттік өкіметке ие болу жолында пролетариат пен буржуазияның арасындағы шешуші шайқастарға беттеп бара жатыр. Мұндай кезеңде меньшевиктерді, реформистерді, туратишілдерді партиядан аластау сөзсіз қажет екендігі былай тұрсын, тіпті ауытқуға ыңғайы бар және реформистермен «бірігу» жағына ауытқу нышанын көрсетіп жүрген тамаша коммунистердің өзін аластау, барлық жауапты орындардан аластау тіпті пайдалы болуы да мүмкін.

Айқын мысал келтірейін. Россиядағы Октябрь революциясының нақ алдында және одан кейін көп ұзамай Россияның бірқатар тамаша коммунистері қате жасап алды; қазір ол қатені еске түсіруге бізде жұрттың зауқы жоқ. Неліктен зауқы жоқ? Оның себебі, толығынан түзетілген қателерді, ерекше қажеті болмаса, еске түсіре беру дұрыс емес. Бұл қатені итальян жұ-

мысшыларының есіне салу пайдалы. Зиновьев, Каменев, Рыков, Ногин, Милютин сияқты аса көрнекті большевиктер мен коммунистер сол мен айтқан дәуірде: большевиктер өздерін өте-мөте оқшаулап барады, көтеріліске тым тәуекелшілденіп кетті, меньшевиктер мен «социалист-революционерлердің» белгілі бөлегімен ешбір икемге келмейді деп қауіптену жағына қарай ауытқушылық көрсетті. Жанжал мынаған дейін жетті: аты аталған жолдастар партиялық жұмыстың да, совет жұмысының да барлық жауапты орындарынан қыр көрсетіп кетіп қалды, бұған советтік революцияның жаулары мейлінше қуанып мәз болды. Істің түбі біздің партияның Орталық Комитеті тарапынан отставкаға шығып кеткендерге қарсы баспасөз жүзінде айрықша қатты айтыс жүргізуге дейін жетті. Ал бірнеше аптадан кейін — ең көп дегенде бірнеше айдан кейін — жаңағы жолдастардың бәрі өздерінің қателерін көрді де, партия және совет орындарындағы жауапты қызметтерге қайтып келді.

Мұның неліктен бұлай болғанын түсіну қиын емес. Революция қарсаңында және революцияның жеңіп шығуы жолындағы мейлінше кескілескен күрес кезінде партия ішіндегі болмашы ауытқушылықтың өзі *бәрін де мерт етіп,* революцияны болдырмай, өкіметті пролетариаттың қолынан жұлып әкете алады, өйткені бұл өкімет әлі берік емес, өйткені оған жасалып отырған қысым әлі де тым күшті. Егер ауытқушы көсемдер *осындай* уақытта шеттеп кететін болса, мұның өзі партияны да, жұмысшы қозғалысын да, революцияны да әлсіретпейді, қайта күшейте түседі.

Қазір Италияда нақ *осындай* кез. Революциялық дағдарыс жалпы ұлттық көлемде пісіп-жетіліп келе жатыр, мұны жұрттың бәрі көріп, мойындап отыр. Пролетариат өзінің стихиялы түрде көтерілуге, бұқараны құдіретті революциялық қозғалысқа көтеруге қабілетті екендігін іспен дәлелдеді. Ең кедей шаруалар немесе жартылай пролетарлар (осы сөзді қолданғанда Серрати жолдас сұрақ белгісін қоятын жаман әдетке бекер үйренген: мұның өзі маркстік дұрыс сөз, бұл сөз Россияда да, Италияда да фактілермен расталған, атап

айтқанда, ең кедей шаруалар жартылай меншікші, жартылай пролетар болып табылады деген дұрыс пікірді көрсетеді),— Италиядағы ең кедей шаруалар пролетариаттың ізінше революциялық күреске көтерілуге қабілетті екендігін іспен дәлелдеді. Ендігі жерде Италияда революцияның жеңіп шығуы үшін ең қажет және сөзсіз қажет нәрсе мынада: Италияда революцияшыл пролетариаттың шын авангарды толығынан коммунистік партия, шешуші кезеңде ауытқушылық және әлсіздік *жасамайтын* партия болуы керек,— барынша фанатизмді, революцияға берілгендікті, күшжігерді, жанқиярлық батылдық пен өжеттікті өз бойына жинаған партия болуы керек. Айрықша қиын, ауыр, асқан зор құрбандықтарға ұшырататын күресте жеңу керек, жеңіп алған өкіметті *бүкіл дүние жүзінің* буржуазиясы тарапынан жасалатын сұмдық шиеленіскен қастандықтар, әзәзілдіктер, өсек-аяңдар, жалалар, азғырушылықтар, зорлық-зомбылықтар жағдайында, ұсақ буржуазияшыл демократ атаулының, туратишілдер атаулының, «центристер» атаулының, социал-демократ, социалист, анархист атаулының аса қатерлі ауытқулары жағдайында қорғап қалу керек. Партия мұндай кезеңде, мұндай жағдайда дағдылы немесе пәлендей ауыр емес уақыттағыдан гөрі жүз мәрте қатаң, батыл, өткір, жанқияр және аяусыз болуға тиіс. Егер 1920 ж. 11 октябрьде Реджио-Эмилияға жиналғандар сияқты меньшевиктер партиядан біржолата кететін болса, егер оның басшылығынан тіпті партияның қазіргі Орталық Комитетінің мүшелері болып отырған Баратоно, Занварини, Баччи, Джакомини, Серрати сияқты тамаша деген коммунистердің өзі кететін болса, мұндай кезде және мұндай жағдайда партия әлсіремейді, қайта жүз мәрте *күшейе түседі.*

Осы соңғы категорияға жататын адамдардың көпшілігі қазір отставкаға шығып кеткен күнде де, пролетариат жеңгеннен кейін, оның жеңісі нығайғаннан кейін, күмән жоқ, өздерінің қатесін түсініп, көп ұзамай-ақ қайтып келген болар еді. Иә, итальян меньшевиктерінің, туратишілдердің, бірсыпырасы да, сірә, аса қиыншылықты дәуірден кейін,— 1917—1918 жылдары бар-

рикадаНың басқа жағында болған меньшевиктер мен эсерлердің бірсыпырасының бізге қазір (біз революциядан кейін ауыр-ауыр үш жылды бастан кешірдік) қайта келіп жатқаны сияқты,— қайта келген болар еді және партияға алынған болар еді.

Итальян революцияшыл пролетариатының алдында ендігі жерде, мен айтқандай, тек қана айрықша қиын шайқастар кезеңі емес, қайта ең қиын шайқастардың кезеңі тұр. Ең қиыны әлі алда. Мен бұл қиыншылықтардан қашқалақтау жеңіл ойлылық және қылмыс болады деп есептер едім. Ж. К.-ның: «Біз блокадаға ұшыраймыз ба?» деген мақаласы сияқты ұшқалақ мақаланы өзінің «Коммунизм» (№ 24, 15—30. IX. 1920) журналына Серрати жолдастың қарсы болмай қалайша басқанына қайран қаламын. Осы авторға қарсы, мен өз басым: егер Италияда пролетариат жеңіп шығатын болса, онда Англия, Франция, Америка тарапынан Италияның блокадаға ұшырауы әрі мүмкін, әрі ықтимал деп ойлаймын. Меніңше, Грациадеи жолдас итальян партиясы Орталық Комитетінің мәжілісінде сөйлеген сөзінде (қараңыз: «Avanti!», 1. X. 1920, Милаидағы басылымы) блокада туралы мәселені анағұрлым дұрыс қойды. Ол жасалуы мүмкін блокада туралы мәселені «өте маңызды» («problema gravissimo») мәселе деп таныды. Ол былай деп корсетті: Россия, блокада жасала тұрса да, бір жағынан, халқының сиректігінен және жерінің орасан кеңдігінен аман қалды, «егер Италиядағы революция Орталық Европаның қайсыбір басқа елінің революциясымен орайласпаса», Италиядағы революция «ұзақ уақытқа төтеп бере (resistere) алмас еді», «мұндай орайласу қиын, бірақ мүмкін нәрсе», өйткені бүкіл континенттік Европа революциялық дәуірді бастан кешіріп отыр.

Мұның өзі өте сақтықпен айтылған, бірақ бұл рас. Мен тек былай деп қосар едім: *белгілі дәрежеде* — әлі жеткілікті болмаса да, әлі толық болмаса да — Италияның орайласуы *қамтамасыз етілген* нәрсе, ал *толық* орайласу үшін *күресу* керек болады. Реформистер революцияға саботаж жасау үшін, революциядан шошытып

жіберу үшін, *өзінің* абыржулы, үрейлі, солқылдақ, ауытқыма, табансыз пиғылын бұқараға тарату үшін блокада жасалуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұқараны *көбірек* табанды ету үшін,— солқылдақ, ауытқушы, табансыз адамдардан партияны *тазарту* үшін,— *егер* пролетарлық, советтік итальян республикасына Англия, Франция, Америка блокада жасауға бел байлайтын болса, осы елдерде революцияны жеделдету сияқты ұлы мақсатқа бола бүкіл қозғалысты зор энтузиазммен, зор интернационализммен, құрбандықтарға баруға зор әзірлікпен қамтамасыз ету үшін,— революционерлер мен коммунистер күрестің қауіптілігі мен қиыншылықтарын теріске шығаруға тиіс емес.

Реформистік немесе «центристік» тәжірибелі көсемдерді жаңа адамдармен ауыстыру туралы мәселе қайсыбір ерекше жағдайда бір елге ғана қатысты жеке мәселе емес. Бұл — пролетарлық революция атаулының жалпы мәселесі және, нақ осындай мәселе ретінде, ол Коммунистік Интернационалдың II конгресінің «Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы» қарарында қойылып, әбден дәл шешілген. 8-параграфтан мынаны оқимыз: «Пролетариат диктатурасын әзірлеу реформизм атаулының буржуазиялық сипатын түсіндіруді талап етіп қана қоймайды,.. сонымен бірге тіпті бүкіл пролетарлық ұйымдардың бәріндегі, тек саяси ұйымдардағы ғана емес, сонымен қатар кәсіподақ, кооператив, ағарту, т. б. ұйымдардағы ескі көсемдерді коммунистермен ауыстыруды да талап етеді. ...Жұмысшы аристократиясының немесе буржуазияланып кеткен жұмысшылардың осы өкілдерін олардың қызмет орындарының бәрінен бұған дейінгіден жүз есе батыл ығыстырып шығарып, оларды тіпті мүлде тәжірибесі жоқ жұмысшылармен болса да, бірақ тек қаналған бұқарамен байланысы бар және қанаушыларға қарсы күресте сол бұқараның сенімімен пайдаланатын жұмысшылармен ауыстыру қажет. Пролетариат диктатурасы ең жауапты мемлекеттік қызмет орындарына тәжірибесі жоқ нақ осындай жұмысшыларды қоюды керек етеді, өйтпейінше жұмысшы үкіметінің

өктемдігі дәрменсіз болады және бұқара ол үкіметті қолдамайтын болады»*.

Сондықтан итальян партиясында коммунистік конгрестің шешімдерін қабылдауға «бәрі» келіседі деп Серрати бекер айтады. Іс жүзінде біз керісінше жағдайды көріп отырмыз.

Серрати оның бер жағында өзінің *«L'Humanité»*-дегі жоғарыда мен еске салған хатында былай деп жазады:

«...Соңғы оқиғаларға келетін болсақ, мынаны білуіміз керек: Жалпы еңбек конфедерациясының (итальян ВЦСПС-ы, кәсіподақтардың орталық басқармасы) басшылары қозғалысқа басшылық етуді оны революцияға дейін ұлғайтқысы келгендердің қолына беруді ұсынды. Жалпы еңбек конфедерациясындағы біздің жолдастар: егер экстремистер көтеріліске басшылық етуді өз қолдарына алатын болса, онда тәртіпті солдаттар болып қала беруге келісеміз деп мәлімдеді. Бірақ экстремистер қозғалысқа басшылықты қолына алмады...».

Жалпы еңбек конфедерациясындағы реформистердің бұл тәрізді мәлімдемесін Серратидің шынға балауы барынша аңқаулық болар еді. Шындығында, мұның өзі революцияға саботаж жасаудың бір түрі: шешуші кезеңде отставкаға шығамыз деп қорқыту. Бұл арада әңгіме тіпті де адалдықта емес, мәселе мынада: егер басшылар «өз адамдарының» арасынан, жоғарғы жақта тұрғандардың арасынан, «көсемдердің» арасынан оқиғалардың әрбір қиын бетбұрысында ауытқушылықты, табансыздықты, отставкаға шығушылықты кездестіріп отыратын болса, революцияда жеңіп шығу *мүмкін емес*. Серрати жолдасқа мынаны біліп қою, мүмкін, пайдасыз бола қоймас: 1917 жылы сентябрьдің аяқ кезінде, орыс меньшевиктері мен эсерлерінің буржуазиямен коалициясы саяси жағынан көріне іске аспай қалғанда, басқалар емес, біздің эсерлер, Чернов партиясы, өз газетінде былай деп жазды: «Большевиктер кабинет құруға міндетті болады... Олардың өкіметті алуы мүмкін емес екендігі туралы лезде жасала қоятын теориялардың тасасына жасырынамыз деп олар босқа әуре болмай-ақ қойсын. Мұндай теорияларды демократия қабылдамайды. Сонымен қатар коалиция жағындағылар оларды

* Осы том, 208—209-беттер. *Ред.*

толық қолдайтындығы жөнінде кепілдік беруге тиіс» (эсерлер газеті, олардың партиясының газеті, Черновтың газеті —«Дело Народа»[165], 21 сентябрь, 1917 ж., менің: «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген кітапшамда цитатқа келтірілген. Петроград, 1917, 4-бет*).

Бела Кунге көмектесуге уәде берген, коммунистік партияға кірген, сөйте тұрса да революцияны өздерінің ауытқуларымен мерт етіп, революцияның саботанттары болып шыққан венгр туратишілдеріне сену қандай сұмдық қате болса, бұл тәрізді мәлімдемелердің адалдығына сену де революцияшыл жұмысшылар тарапынан жасалған сондай сұмдық қате болар еді.

* *
*

Сөзімді қорытайын.

1) Итальян жұмысшы табының буржуазияға қарсы мемлекеттік өкімет үшін алдағы болатын шешуші шайқастары кезінде жалпы жағдайды, әсіресе қолайлы кезеңді дұрыс бағалау үшін Италиядағы революцияшыл пролетариат партиясы асқан зор ұстамдылық, сақтық, сабырлылық көрсетуге тиіс.

2) Бұл партияның бүкіл насихат және үгіт жұмысы сонымен бірге туратишілдердің бойына әбден сіңіп алған ауытқушылықты, тартыншақтықты, табансыздықты аяусыз күйрете отырып, топтасқан, бір орталыққа бағындырылған, жанқиярлық ерлікпен осы күресті қалай болған күнде де жеңіспен аяқтауға барынша берік бел байлағандық рухына толы болуға тиіс.

3) Қазір Миланда Серратидің редакциясымен шығатын «Алға» («Avanti!») газетінің жүргізіп отырғанындай насихат пролетариатты күреске тәрбиелемейді, қайта оның қатарына іріткі салады. Партияның Орталық Комитеті мұндай кезеңде жұмысшыларға басшылық етуге, оларды революцияға әзірлеуге тиіс, теріс көзқарастарға қарсы айтысып отыруға тиіс. Мұны, сонымен бірге барлық сарындардың пікір айтуына мұм-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 330-бет. *Ред.*

кіндік бере отырып, істеуге болады (және солай істелуге тиіс). Серрати басшылық етпей отырған жоқ, бірақ теріс бағытта басшылық етіп отыр.

4) 1920 ж. 11 октябрьде Реджио-Эмилиядағы съезге қатысқандардың бәрін партиядан шығару партияны әлсіретпейді, қайта күшейтеді, өйткені мұндай «көсемдер» *адал болып қала отырып та,* революцияны тек «венгрлерше» мерт ете алады. Ақ гвардияшылар мен буржуазия тіпті әбден «адал» социалистердің де, социал-демократтардың да, т. с. солқылдақтығын, ауытқушылығын, күмәндanушылығын, жалтақтығын, тағы сондайларын пайдалана біледі.

5) Егер Баратоно, Заннарини, Баччи, Джакомини, Серрати сияқты адамдар ауытқитын болса және отставкаға шыққысы келетін болса, оларға қала гөр деп жалынудың қажеті жоқ, дереу отставкаға шығару керек. Шешуші шайқастар дәуірінен кейін олар қайтып келеді, сол кезде пролетариатқа пайдалырақ болады.

6) Итальян жұмысшы жолдастар! Барлық революциялар тарихының сабағын, 1917—1920 жылдардағы Россия мен Венгрия сабақтарын ұмытпаңыздар. Италияда пролетариаттың алдында асқан зор шайқастар, асқан зор қиыншылықтар, асқан зор құрбандықтар тұр. Буржуазияны жеңу, өкіметтің пролетариатқа көшуі, Италияда Совет республикасының нығаюы осы шайқастардың немен бітетініне, жұмысшы бұқараның топтасқандығына, тәртіптілігіне, жанқиярлығына байланысты. Өкіметті пролетариатқа бермеу үшін, оның өкіметін құлату үшін Италияның және дүние жүзіндегі барлық елдердің буржуазиясы қолынан келгенінің бәрін істеп бағады, қылмыстар мен айуандықтардың қандайын болса да істеуден тайынбайды. Реформистер және 1920 ж. 11 октябрьде Реджио-Эмилиядағы съезге қатысқандардың бәрі ауытқушылық, солқылдақтық, тартыншақтық көрсететіні сөзсіз, өйткені мұндай адамдар, олардың көбі тіпті адал болғанның өзінде де, барлық замандарда, барлық елдерде өздерінің ауытқулары арқылы революция ісін апатқа ұшыратқан болатын. Мұндай адамдар Венгриядағы революцияны (бірінші революцияны, мұның артынан екіншісі бола-

ды...) апатқа ұшыратты, егер барлық жауапты орындардан алынып тасталмағанда және пролетарлық сенбестіктің, қырағылықтың, бақылаудың қорғанымен қоршалмағанда Россиядағы революцияны да апатқа ұшыратқан болар еді.

Италияның еңбекші және қаналған бұқарасы революцияшыл пролетариатқа ереді. Сайып келгенде солар жеңіп шығады, өйткені оның ісі — бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының ісі, өйткені қазіргі империалистік соғыстардың созыла беруінен, қазірдің өзінде-ақ әзірленіп жатқан жаңа империалистік соғыстардан, капиталистік құлдық пен езгінің сұмдықтарынан құтылу үшін Советтік республикадан, жұмысшы республикасынан басқа жол жоқ.

4. XI. 1920.

2

БОСТАНДЫҚ ТУРАЛЫ ЖАЛҒАН СӨЗДЕР (СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА)

Цюрихтегі солшыл-социалистік швейцариялық «Халықтық Право» («Volksrecht») газетінің[166] редакторы Нобс жолдас жуырда оппортунистерден ажырасудың қажет екендігі туралы Зиновьевтің хатын және осы хатқа өзінің көлемді жауабын басқан. Нобстің жауабы 21-шартты қабылдау туралы және Коммунистік Интернационалға кіру туралы мәселеге біржола теріс жауап беруге келіп саяды — әрине, «бостандық» үшін, сын бостандығы үшін, Москваның шектен тыс талап қоюынан немесе диктаторлығынан ерікті болу үшін делінген (мен Нобстің мақаласын сақтамаған едім, сондықтан қайсыбір сөздеріне емес, мағынасына кепіл бола отырып, жадымда қалғаны бойынша цитат келтіруге мәжбүрмін).

Айта кетелік, Нобс жолдас өзіне одақтас етіп Серрати жолдасты тартып отыр; жұртқа мәлім, Серрати жолдас та «Москваға», яғни Коминтерн Атқару Комитетінің әсіресе орыс мүшелеріне наразы және бұл да Коминтерннің құрамдас бөлімдерінің, жеке партияларының және жеке мүшелерінің «бостандығын» Москва

бұзады деп шағым етеді. Сондықтан «бостандық» туралы бірер сөз айта кетудің артығы болмас.

Пролетариат диктатурасының үш жылын бастан кешіргеннен кейін біз мынаны айтуға праволымыз: пролетариат диктатурасына қарсы бүкіл әлемде ең өтімді, ең көп тараған қарсылық — бостандық пен теңдікті бұзып отыр дегенді тілге тиек ету. Барлық елдердің бүкіл буржуазиялық баспасөзі, ұсақ буржуазиялық демократтардың, яғни социал-демократтар мен социалистердің, соның ішінде Каутскийдің, Гильфердингтің, Мартовтың, Черновтың, Лонгенің, т. т. және т. с. баспасөзі де, атап айтқанда бостандық пен теңдікті бұзғандығы үшін большевиктерге кәрін төгеді. Теория тұрғысынан қарағанда бұл әбден түсінікті. Оқушы Маркстің «Капиталдағы» сарказмге толы мынадай әйгілі сөздерін есіне түсірсінші:

«Жұмыс күші сатып алынатын және сатылатын товар айналысы немесе айырбасы сферасы адамның туа біткен праволарының нағыз бұ дүниелік ұжмағы болып табылады. Мұнда тек бостандық, теңдік, меншікшілдік және Бентам үстем» («Капитал», I том, екінші бөлім, төртінші тараудың аяғы, орысша басылуы, 1920 ж., 152-бет)[167].

Сарказмге толы бұл сөздер аса терең, тарихи-философиялық мазмұнға бай. Бұл сөздерді нақ осы мәселені Энгельстің «Анти-Дюрингтегі» кеңінен мәлім түсіндірулерімен, әсіресе Энгельстің мына сөздерімен салыстыру керек: теңдік ұғымы, таптарды жоюға саймаған күнде, соқыр сенім немесе зердесіздік[168].

Феодализмді және оның қалдықтарын жою, буржуазиялық (буржуазиялық-демократиялық деп айтуға толық правомыз бар) тәртіптің негіздерін енгізу бүкіл дүние жүзілік тарихтың тұтас бір дәуірін алды. Және осы бүкіл дүние жүзілік тарихи дәуір ұрандарының бостандық, теңдік, меншік және Бентам болғаны сөзсіз. Капитализмді және оның қалдықтарын жою, коммунистік тәртіптің негіздерін енгізу бүкіл дүние жүзілік тарихтың қазір басталып отырған жаңа дәуірінің мазмұны болмақ. Сондықтан біздің дәуірдің ұрандары сөзсіз мыналар болады және болуға тиіс: таптарды

жою; осы мақсатты жүзеге асыру жолындағы пролетариат диктатурасы; бостандық пен теңдік жайындағы ұсақ буржуазиялық демократиялық соқыр сенімдерді аяусыз әшкерелеу, осы соқыр сенімдерге қарсы аяусыз күрес жүргізу. Кімде-кім мұны түсінбесе, онда оның пролетариат диктатурасы туралы, Совет өкіметі туралы, Коммунистік Интернационалдың түбегейлі негіздері туралы мәселелерден түк түсінбегені.

Таптар жойылмай тұрғанда, жалпы бостандық және теңдік туралы әңгімелердің қандайы болсын өзін өзі алдау немесе жұмысшыларды, сондай-ақ барлық еңбекшілер мен капитал қанауындағыларды алдау болып табылады, қалай болған күнде де, буржуазияның мүдделерін қорғау болып табылады. Таптар жойылмай тұрғанда, бостандық және теңдік туралы қандай пайымдау жасалса да: бостандық қай тапқа беріледі? және ол атап айтқанда қай мағынада қолдану үшін беріледі? қай тап қай таппен тең болмақшы? және атап айтқанда қай тұрғыда тең болмақшы?— деген сұрақ қойылуға тиіс. Бұл сұрақтарды тура немесе жанамалай, әдейі немесе жаңылыс орағытып кету буржуазияның мүдделерін, капиталдың мүдделерін, қанаушылардың мүдделерін сөзсіз қорғау болып табылады. Бұл сұрақтар туралы, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік туралы үндемей қалып отырғанда бостандық және теңдік ұрандары — бостандық пен теңдікті формальдық мойындау арқылы жұмысшылардың, барлық еңбекшілердің және капитал қанауындағылардың, яғни барлық капиталистік елдердегі халықтың орасан көпшілігінің іс жүзіндегі, экономикалық кіріптарлығы мен теңсіздігін бүркемелейтін буржуазиялық қоғамның өтірігі мен екіжүзділігі болып табылады.

Қазір Россияда, пролетариат диктатурасы капитализмнің түбегейлі, *ақырғы* мәселелерін практика жүзінде қойғандығы арқасында, жалпы алғанда бостандық және теңдік туралы әңгіменің *кім үшін қызмет ететіндігі* (cui prodest? «кімге пайдалы» екендігі) ерекше айқын көрініп отыр. Эсерлер мен меньшевиктер, Черновтар мен Мартовтар, *еңбек демократиясы шеңберіндегі* бостандық пен теңдік туралы тақырыпқа

арналған пайымдауларын біздің алдымызға әкеліп тартқанда,— өйткені олар, көріп отырсыздар ғой, бостандық және теңдік туралы жалпы пайымдаулары үшін тіпті де кінәлы емес көрінеді! олар Маркстi тіпті де ұмытпайтын көрінеді! — біз олардан: пролетариат диктатурасы дәуірінде жалдама жұмысшылар табы мен меншікші ұсақ қожайындар табының арасындағы айырмашылықты қалай етеміз? деп сұраймыз.

Еңбек демократиясы шеңберіндегі бостандық және теңдік дегеніміз ұсақ меншікші егінші үшін (шаруашылығын национализацияланған жерде жүргізетін болса да) артық астығын жалдаптық бағамен сату бостандығы, *яғни жұмысшыны қанау* бостандығы. Еңбек демократиясының шеңберінде — капиталистер құлатылған, ал жеке меншік және сауда еркіндігі әлі де сақталып отырған жағдайда,— бостандық пен теңдік туралы сөйлеушілердің қандайы болса да қанаушылардың қорғаушылары. Сондықтан мұндай қорғаушы өзін тіпті социал-демократпын, социалиспін деп атаса да немесе тіпті II Интернационалдың шірігендігін мойындаған адаммын және басқа сондай адаммын деп атаса да, пролетариат өзінің диктатурасын жүзеге асырғанда қанаушыға қалай қараса, мұндай қорғаушыға да солай қарауға тиіс.

Өндіріс құрал-жабдықтарына (мысалы, жерге жеке меншік жойылған күннің өзінде, егіншілік құралдары мен малға) жеке меншік және еркін сауда сақталған күнде, капитализмнің экономикалық негізі сақталып қала береді. Ал пролетариат диктатурасы — осы негізге қарсы жеңімпаз күрестің бірден-бір құралы, таптарды жоюдың бірден-бір жолы (мұнсыз — *меншікшінің болмаса,*— адамның жеке басының шын бостандығы туралы және — *меншікші мен жарлының,* тоқ адам мен аш адамның, қанаушы мен қаналғанның *екіжүзді теңдігі туралы болмаса* — адам мен адамның әлеуметтік-саяси жағынан шын теңдігі туралы сөз болуы да мүмкін емес). Пролетариат диктатурасы таптардың жойылуына әкеліп жеткізеді, бұған, бір жағынан, қанаушыларды құлату және олардың қарсыласуын басып-жаншу жолымен жеткізеді; бұған, екінші жағы-

нан, ұсақ қожайынсымақтың буржуазия мен пролетариат арасында ауытқушылығын бейтараптандыру, зиянсыздандыру жолымен жеткізеді.

Нобс және Серрати жолдастардың сөздерінің жалғандығы, әрине, олардың жалғандығында, шын ниетті емес екендігінде болып отырған жоқ. Тіпті де олай емес. Олар әбден шын ниетті адамдар, олардың сөздерінде ешқандай субъективті жалғандық жоқ. Бірақ, объективті жағынан, өзінің мазмұны жағынан алғанда, олардың сөздері жалған, өйткені ол сөздер ұсақ буржуазиялық демократияның соқыр сенімдерін қорғайды, өйткені буржуазияны қорғауға келіп саяды.

Белгілі мәлімдемеге қол қойғысы келгендердің бәріне, бұлардың саяси мінез-құлқына қарамастан, бостандық пен теңдік берілсін дегенді Коминтерн ешбір жағдайда мойындай алмайды. «Еңбек демократиясы шеңберінде» бостандық және теңдікті, т. т. мойындау сияқты, бұл да коммунистер үшін теориялық жағынан да, практикалық-саяси жағынан да өзін өзі өлтіру болып шығар еді. Коммунистік Интернационалдың *барлық* шешімдері, тезистері, қарарлары, қаулылары, шарттары Коминтернге кіргісі келетіндердің «бостандығы мен теңдігін» *сөзсіз нәрсе емес* деп танитындығын оқи білетіндердің және оқығанын түсінгісі *келетіндердің* қай-қайсысына да айқын болмауы мүмкін емес.

Ал біздің «бостандық пен теңдікті» тану жөніндегі шартымыздың мәні неде? Коминтерн мүшелерінің бостандығы мен теңдігін тану жөніндегі шарттың ше?

Оның мәні мынада: мүшелердің қатарына Швейцария және Италия социалистік партияларының оң қанатының баршаға мәлім өкілдері тәрізді оппортунистер мен «центрліктер» еніп кетпеуі керек. Өйткені бұл оппортунистер мен «центрліктер» пролетариат диктатурасын мойындаймыз деп қаншама қолхат берсе де, іс жүзінде ұсақ буржуазиялық демократияның соқыр сенімдерін, дәрменсіздіктерін, ауытқушылықтарын уағыздаушылар, қорғаушылар болып қала береді.

Алдымен — осы соқыр сенімдерден, дәрменсіздіктерден, ауытқушылықтардан арылу керек; осы көзқарастар мен қасиеттерді уағыздаушы, қорғаушы, жүзеге

асырушы адамдардан арылу керек. Сонан соң және тек осы шартпен ғана — Коминтернге кіруге «ерікті» ету керек, іс жүзіндегі коммунисті (сөз жүзіндегі коммунисті емес) барлық басқа коммуниспен, Коминтерн мүшесімен «тең» ету керек.

Сіз, Нобс жолдас, өзіңіз қорғап жүрген көзқарастарды қорғауға «еріктісіз». Бірақ ол көзқарастарды ұсақ буржуазиялық, пролетариат ісіне зиянды, капиталға пайдалы соқыр сенімдер деп жариялауға біз де «еріктіміз»; бұл көзқарастарды немесе осыған сәйкес саясатты қорғаушы адамдармен бірге одаққа немесе қоғамға кіруден бас тартуға біз де «еріктіміз». Сондықтан біз бұл саясатты және бұл көзқарастарды Коммунистік Интернационалдың бүкіл II конгресі атынан *да* жазғырғанбыз. Біз оппортунистерден ажырасуды сөзсіз және алдын ала талап етеміз деп айтқанбыз.

Нобс жолдас пен Серрати жолдас, бостандық пен теңдік туралы жалпылама айтпаңыздар! Оппортунистерден және «центрліктерден» (пролетариат диктатурасының негізін шайқалтпай тұрмайтын, оған саботаж жасамай тұрмайтын оппортунистерден және «центрліктерден») ажырасудың сөзсіз міндеттілігі жөніндегі Коминтерннің шешімдерін *орындамау* бостандығы туралы айтыңыздар. Оппортунистер мен «центрліктердің» коммунистермен теңдігі туралы айтыңыздар. Біз Коммунистік Интернационал үшін мұндай бостандықты және мұндай теңдікті мойындай алмаймыз, ал басқа бостандық пен теңдіктің қандайын болсын — қанша қаласаңыздар да мойындаймыз.

Пролетарлық революцияның қарсаңы кезеңінде табысқа жетудің ең басты және ең негізгі шарты — революцияшыл пролетариат партияларының оппортунистер мен «центрліктерден», осылардың ықпалынан, осылардың соқыр сенімдерінен, дәрменсіздіктерінен, ауытқушылықтарынан азат болуы, тәуелсіз болуы.

11. XII. 1920.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ЕҢБЕКШІ ХАЛЫҚТЫҢ АРАСЫНДА ДҰРЫС БӨЛУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[169]

Меніңше, § 9 жарамсыз. Халық соттары әлсіз.

Жергілікті санитарлық бөлімдерді (+ сцбек комитеттерін) міндеттеу керек

(а) міндетті ережелер бастырылып шығарылсын

(б) тазалық сақтамағаны және басқалар үшін 1 айға дейін қамауға алынып және 2 айға дейін *еріксіз жұмысқа салынып*, сотсыз *жазалансын*

(в) тазалық сақтауға *жаппай* бақылау (Совдептер жанындағы ерекше *отрядтар* арқылы) жасау ұйымдастырылсын.

Ленин

1920 ж. 25 майда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АСТЫҚ РЕСУРСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ НОБАЙЫ[170]

26. V. 1920.

1) Астық дайындаудың артқаны жөнінде қанағаттанғандық білдірілсін
2) ай сайын деректер беріп отыру талап етілсін
3) станцияларға тасып жеткізілген астық дайындалған астықтан бөліп көрсетілсін
4) дайындаушыларға көмек көрсетілсін (§ 4)
5) тасып жеткізу күшейтілсін (§ 5)
6) **огородтық?**

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б)-ның ТҮРКІСТАНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ШЕШІМІНІҢ ЖОБАСЫНДАҒЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР[171]

1. РКП Орталық Комитеті сырттан келген европалық халық пен жергілікті халықтардың арасында Россия самодержавиесінің елу жылдан аса уақыт бойғы империалистік саясаты нәтижесінде қалыптасқан қатынастарды жоюды РКП-ның Түркістандағы негізгі міндеті деп санайды. Орыс жұмысшыларының отаршылдық психология дертіне мықтап шалдыққан мейлінше шағын тобы Совет өкіметін қолына ұстаған $2^1/_2$ жыл ішінде бұл қатынастардың жақсылыққа қарай өзгермегені былай тұрсын, ерекше «коммунистік» қимылдардың арқасында қайта бұрынғыдан да гөрі шиеленісе түсті, құлдыққа түскен жергілікті халық бұл қимылды бұрынғы патша өкіметінің агенттері қимылының жалғасы деп қарады және шындығында солай болды да.

(Margin notes: ал қоныстанушылар ше, кулактар ше? ‖ ? ‖ қарақшылық па?)

2. Бұл көрсетілген қатынастарды жою үшін тығыз түрде мынадай шараларды қолдану қажет: а) Қырғыз аймағындағы қоныс аударғандардың Қоныстандыру басқармасы жобалаған немесе қоныс аударғандардың қырғыздардан өз бетімен тартып алған жерлері түгел тартып алынып, қоныс аударғандарға еңбек үлестік жер мөлшерінде ғана учаскелер қалдырылсын.

Алынған жерлер қырғыз қоғамдарының, артельдер мен жеке адамдардың үлестік қорына және 1916 жылғы талқандаудан кейінгі қырғыздар, босқындүнгендер орналастырылатын жер қорына айналдырылсын.

(Margin note: ал олардың жерін теңестіру ше?)

б) Полицияның, жандармерияның, охранканың барлық бұрынғы әкімдері, патша чиновниктерінің ішіндегі Түркістанда пайдалануға саяси жағынан жарамсыздары, жалдаптар, Россияның ірі кәсіпорындарының бұрынғы басқарушылары, партияға, совет органдарына, Қызыл Армияға жолдан қосылғандар, т. с. Түркістаннан Россияға концентрациялық лагерьлерге жер аударылсын.

(Margin note: ал кулактар ше, 10-нан 1 ме?)

в) Партиялық күштерді қайта бөлу ретінде Түркістанның отаршылдық пен великорусс ұлтшылдығы дертіне шалдыққан коммунистерінің бәрі Орталық Комитеттің қарауына жіберілсін және сонымен бірге орталықтан бірнеше жүз коммунист Түркістанда жұмыс істеуге мобилизацияланатын болсын.

г) Қатынас жолдары халық комиссариатына Орта Азия темір жолынан, Ташкент шеберханаларынан және Ташкент темір жолынан бірнеше жүз жұмысшыны көшіріп орналастыру, ауыстыру тапсырылсын.

д) Бұл қаулы бұлжымас батылдықпен жүзеге асырылсын, қаулыны жүзеге асырушы органдарға қарсылық көрсетудің қандайы болса да басып тасталсын, осы қаулыны іс жүзінде орындауға қай жағынан болса да қарсылық көрсетуші адамдарға жер аудару жазаларының жүйесі кеңінен қолданылсын.

Түркістан республикасы мен орталықтың өзара ұйымдық қатынастары

Түркістан комиссиясы

1) Түркістанда тұрақты орган — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Халық Комиссарлары Советінің және РКП Орталық Комитетінің өкілдігі болуы қажет,— оған мынадай міндеттер жүктелуге тиіс:

а) Федерациялық өкіметтің айрықша міндетіне жататын салаларды тікелей басқару;

б) Орталық өкіметтің директивалары мен декреттерінің жүзеге асуын бақылап отыру және сондай-ақ бұл директивалар мен декреттерді тоқтатып қою немесе жергілікті экономикалық және тұрмыстық жағдайларға бейімдеу тұрғысынан оларға өзгеріс енгізу.

1) 2)

в) Түркістандағы жекелеген ұлттық құрылымдарды үйлестіріп отыру және олардың мүдделерін айыра біліп отыру.

2) Жалпы республикалық өкіметтің айрықша міндетіне мыналар жатады:

а) сыртқы қатынас мәселелері
б) сыртқы сауда
в) әскери іс.

3) Қатынас жолдары, почта және телеграф комиссарлары Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен сол комиссарлар бағынатын халық комиссарлары арасындағы келісім бойынша тағайындалады.

Орталықтың осы комиссарларға қатысты декреттерінің бәрі қалыптасып жатқан Түркістан қатынас жолдары және почта-телеграф округіне өзінен-өзі қолданыла береді.

4) Финанс комиссарын Түркістан Орталық Атқару Комитеті сайлайды және Финанс халық комиссары бекітеді. Бюджет правосы саласында, Түркістан республикасы белгілеген және РСФСР Бүкіл россиялық Орталық Атқару Ко-

митетінің өкілдігі бекіткен бюджет өзінен-өзі жалпы республикалық бюджетке енеді.

Ескерту: Түркістан комиссиясы бюджет бекітілмей тұрып, оған РСФСР Финанс халық комиссарының келісімін сұрайды.

5) Шаруашылық саласында Түркістан халық шаруашылығы советі мен азық-түлік органдары РСФСР Халық шаруашылығы жоғары советі мен Азық-түлік халық комиссариаты белгілеген жоспарлар шеңберінде жұмыс істейді.

3) 6) Қалған мәселелердің бәрінде өкімет билігі түгелдей Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советіне беріледі.

Түркістанның ішкі ұйымы

Түркістанның ұлттық топтарына автономиялық республикалар, ал аз ұлттарына коммуналар болып ұйымдасуына мүмкіндік беру қажет деп санай отырып, өздерінің өмір сүруінің ұйымдық формалары туралы мәселені түбегейлі шешу үшін өзбек, қырғыз және түрікмен еңбекшілері Советтерінің съезін шақыру міндеті Түркістан Орталық Атқару Комитетіне жүктеледі.

Бұл съездер шақырылғанға дейін Түркістанның территориялық-этнографиялық құрамына сәйкес оны облыстарға бөлу ісі жүргізілсін.

---

1) Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен Түркістан Халық Комиссарлары Советінің келісімі бойынша — (α)
Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті — жоғарғы орган
2) бұл да солай (α)
3) бұл да солай (α).

Бұған:

(β) (1) басқару ісіне *Түркістан* Коммунистік партиясының
(β) (2) бұл да солай — Түркістан *еңбекші* шаруаларының
(β) (3) бұл да солай — Түркістан

} (β) — тәжірибе арқылы сынау және тексеру шарт

Халық Комиссарлары Советі мен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің кеңінен қатысуына көшу жөнін-

дегі бірқатар нақты, практикалық шараларды қосу керек.

Меніңше, Рысқұлов жолдастың жобасын[172] қабылдамау қажет, комиссияның жобасын мынадай өзгерістермен қабылдау қажет:

(α) Түркістан комиссиясына үнемі Түркістан Халық Комиссарлары Советімен және Түркістан Орталық Атқару Комитетімен *келісіп жұмыс істеу* міндеті қойылсын:

(1) олардың қорытынды пікірлері сұралып отыратын болсын;

(2) олар Түркістан комиссиясындағы істермен бірте-бірте таныстырылатын болсын;

(3) Түркістан Халық Комиссарлары Советі мен Түркістан Орталық Атқару Комитетіне қатысып отыратын болсын;

(4) олармен *«келісіліп»*, талас мәселелердің бәрі (немесе ең негізгілері) Орталық Комитетке және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне енгізіліп отыратын болсын.

(β) Бірқатар *практикалық* шараларды,

Түркістан коммунистік партиясының (шарт — оның құрамына бақылау жасау; бақылау және тексеру шаралары)

бұл да солай — Түркістанның *еңбекші* шаруалар бұқарасының, егіншілерінің (қатысу тәсілдерін; дін басыларға және панисламизм мен *буржуазиялық*-ұлтшылдық қозғалысқа қарсы күрестің *тәсілдерін* арнайы *белгілей* отырып)

өте дұрыс

бұл да солай — Түркістан Халық Комиссарлары Советі мен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің праволарын (әр түрлі істерге қатысып отыру және басқалар) *бірте-бірте* кеңейтуді қамтамасыз ететін *практикалық* шараларды қою керек.

1920. 13/VI. *Ленин*

+

1) Түркістанның Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан өлкелеріне бөлінген картасын (этнографиялық және *басқа*) жасау тапсырылсын.
2) Осы 3 бөліктің қосылу немесе бөліну шарттары егжей-тегжейлі анықталсын.

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ II КОНГРЕСІНЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1
ҰЛТ ЖӘНЕ ОТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕ

Ұлт мәселесі жөніндегі комиссия (1/VI. 1920).

Біздің ұлт мәселесі жөніндегі
партиялық программамыз
(оның пунктшелері).

Австрия тәжірибесі.
Украина тәжірибесі.
Бельгия тәжірибесі.
Эльзас-Лотарингия.
Балқан тәжірибесі.
Дат-герман
қатынастары.

Германиядағы сепаратизм ше?

Шығыс халықтары:

башқұрттар
татарлар
қырғыздар
түрік халықтары
панисламизмге
қарсы күрес

Отарлар...

Америка және негрлер.
Міндетті түрде Сталиннен сұралсын.

п. 1 — Жақындасу... оның формалары...
Қалай жақындастыру керек, нақты ұсыныстар.
Бірнеше тілде сөйлейтін жұмысшылардың ортақ бір ұйымы (партиясы ма?) болуы керек пе? немесе ұлттық бөлімшелер болуы керек пе?
Финанс ше? қызмет адамдарын тағайындау ше?

2) Пұрсаттылықтарды жою.
(а) формасы?
заңдары?
әкімшілік практикасы?
(б) «толық тең праволылық»
конституцияда ма?
РСФСР конституциясын
басқа заңдарды, т. б. салыстыру керек.
(в) «отарлардың және тең праволы емес ұлттардың бөлініп шығу правосын мойындау».
Нақты кепілдіктер: сөз жүзінде ғана емес, *іс жүзінде де* (тәптіштеу және нақтылай түсу керек — парламенттерде жасалатын мәлімдеменің формасы, т. с.). Атап айтқанда: революциялық күреске және отарлардағы көтерілістерге іс жүзінде *көмектесу*.

3) Федерациялық бірлестік — толық бірлікке өту формасы.
РСФСР-дің тәжірибесі: федерациядағы бар нәрселерді (темір жолдарды, почтаны, әскери істі, *халық шаруашылығын* және басқаларды) нақты есепке алу.

1920 ж. кеш дегенде 5 июньде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2
КОМИНТЕРННІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР[173]

Тақырыптар:

Мәні (1—5-беттер).
I Пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметінің «мәні». Жеңіп шығу шарттары.
II Жеңісті әзірлеу.
III Бағытты түзеу.

I Пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметінің мәні
(1—5-беттер) (1—4-параграфтар).

1. 1. Кіріспе.
III Интернационалдың басты ұғымы мен «мәні», жаңы — пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметі.
«Сәнге айналу», беталды еліктеу, алдау. Жалған түсінік. Қателіктер.

I

2. Пролетариат диктатурасының «мәні»:

2. дербес міндеттер

(α) қанаушыларды *талқандау* және олардың қарсылығын *басып-жаншу;*
(β) барлық еңбекшілер мен қаналғандарды *еліктіру, көзін ашу, ұйымдастыру;*

дербес емес міндет ‖ *(γ)* ауытқушыларды (жартылай пролетарлардың бір бөлегін, ұсақ және *орта* қожайындардың бір бөлегін) *б е й т а р а п т а н д ы р у*
((зиянсыздандыру)).

3. Советтер осы **үшін**, осы күресте; күрестен тыс жерде құр даңғаза {тек қана езілген таптар+бейтарап азшылық etc.}

Қалай жеңу керек?

3. {
4. *Талқандау* үшін, саяси өкіметті жеңіп алу (жоғарыдағыларды) керек... (саяси+әскери басымдылық) мемлекеттік аппаратты қирату (Совдептер) конфискелеу, ақысын төлеп емес, қуып жіберу және бақылау қою.
}
5. *Еліктіру* үшін қанаушылар *есебінен* хал- (төмендегілерді) жағдайды жақсарту керек — бастау, ұйымдастыру, көзін ашу керек (партия және Советтер)
6. *Зиянсыздандыру* үшін онысын да, мұнысын (аралықтағыларды) да шебер, дер кезінде, икемділікпен ұштастыру керек.

4. +§ 3 — 7. Σ* партия мен Советтерді; авангард пен бұқараны; ұйым мен оның базасын береді.

II. Пролетариат диктатурасын сөз жүзінде мойындау мен шын мойындау.

II. Пролетариат диктатурасын дереу және барлық жерде де әзірлеу дегеннің мәнісі неде? (5-бет — 14-бет) (§§ 5—13)

5. Елдердің орасан көпшілігінде жоғарыдағылардың күйреуін әзірлеу туралы айтпақ түгіл, пролетариатты өзінің диктатурасына алдын

---

* — Summa — жиыны. *Ред.*

ала әзірлеу де әлі аяқталған жоқ (көбінесе басталған да жоқ).

Екінші жағынан, сөз жүзінде «мойындау» à la II Интернационал.

6. § 8, + өйткені пролетариат диктатурасы *дегеніміз* реформизмге қарсы дәлелдермен ғана емес, қарумен де күресу (әшкерелеу) (Финляндия, Россия, Венгрия, Польша, Германия).

8. § 9. Ауыстырылсын

жұмысшыларды 100 мәрте батылырақ [тағайындау]

9. § 10. басшылық ету (коммунистік ұялар)

10. § 11. id.* *парламентте* → { +NB Көсемдермен және *бұқарамен* әдістердегі айырмашылық.

11. § 12. *бұқарамен* байланыс }

12. § 13. id. *стачкалар* }

7. § 14. коллаборационизм ad § 8**

13. § 15. *құпия ұйым*

{ NB + Жария жұмысты + құпия жұмысты ұштастыру

---

* — idem — о да. *Ред.*

** — 8-параграфқа. *Ред.*

II

Пролетариат диктатурасын қазірден бастап қалай әзірлеу керек?

8. *Пролетариат диктатурасын қазірден бастап қалай әзірлеу керек?*

Реформистерді баса айту; оларды ұдайы әшкерелеу; бұқараға олардың қателіктері мен әлсіз жақтарын түсіндіру. Әйтпесе, пролетариат диктатурасына әзірленуге *болмайды.*

Қателіктерді, әлсіздіктерді, опасыздықтарды (20/VII. 1919 [174] стачка және көптеген стачкалар) аяусыз ашып көрсету керек.

Парламентарлардың сөйлеген сөздерін және олардың тактикасын талдау керек.

9. Ескі оппортунистерді барлық жерде жаңа адамдармен, жастармен, тәжірибесі жоқтармен, пролетарлық, революциялық элементтермен ауыстыру керек: парламент, синдикаттар, кооперативтер, клубтар, etc. etc.
(тәжірибесі жоқ болғанымен, оның есесіне революцияшыл және бұқарамен *байланысты).*

10. *Коммунистік ұялар* бәрінде және барлық жерде де болсын. Жұмысшы қозғалысында да, ұсақ шаруалар (бір бөлегі) қозғалысында да. Үгіт жүргізу үшін және басшылық ету үшін.

11. Ерекше қадағалау мен бақылау және парламенттік фракцияларды түзетіп отыру. Орталық Комитетке бағындыру. «Коммунистік ұя» (= *бүкіл* фракция және оның алдыңғы қатарлы бөлегі).

12. Бұқарамен байланысты нығайту.

Төмендегілерге — оқымағандарға, село жұмысшыларына, солдаттарға, үй қызметшілеріне — тереңірек ену.

Пролетариат диктатурасын қазірден бастап қалай әзірлеу керек?

Жұмысшы «аристократиясы» арасында жүргізілетін жұмыстың сипаты.

Авангард құрбандыққа дайын тұруға тиіс.

13. Стачкалар мен стихиялық қозғалысты бүтіндей қолдау. Партияның міндетті түрде қатысуы, оның көмегі, оның өрістетуі және с. с.

Стачкаға құштарлық, scioperi anarchici*

14. Насихаттың сипаты: пролетариат диктатурасы тұрғысынан нақтырақ болу.

Коллаборационизм?

Идея: ұсақ қожайындармен бе? оларға *қарсы ма?*

«Бостандық және теңдік»: қай тапқа?

кіммен кімнің?

Пролетариат диктатурасы тұсындағы теңсіздік және еркіндік болмау.

15. *Құпия ұйым.*

Финляндия және Венгрия

Германия

Америка, Франция, Англия, Италия

(Ақ гвардия; troupes d'élite **; қамауға алулар.)

16. Тред-юниондар мен кооператорлар және с. с. арасында да, *Германия тәуелсіз партиясы, Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы, Француз социалистік партиясы, Швейцария және Америка социалистік партиялары,* т. с. тәрізді партиялар арасында да негізінен жоғарғы топтар мен көсемдердің *оппортунизмі* интернационалдық жұмысшы қозғалысының ішіндегі басты жау болып қала береді.

---

* — анархистік стачкалар. *Ред.*

** — іріктелген әскер. *Ред.*

Олардың пролетариат диктатурасын мойындауы олардың оппортунистік саясатын *әлі* іс жүзінде өзгерте қойған жоқ.

Сондықтан олардың III Интернационалға *дереу* қосылуы *мүмкін емес*. Әуелі мыналарды істеу керек:

(а) *олар* III Интернационалдың I және II съездерінің барлық қарарларын таратуы керек

(б) бұл қарарларды ол партиялардың *барлық* ұялары мен ұйымдары талқылауы керек

(в) III Интернационалдың Атқару Комитетіне осы талқылауға 2—3 ай бойы қатысуға мүмкіндік беру керек

(г) тиісті партиялардың төтенше съездерін шақыру керек

(д) бұл партияларды оппортунистік көсемдерден «тазарту» керек және *іс жүзінде* олардың саясатын түзету керек.

18. Итальян социалистік партиясының реформистік қанаты жөнінде, оны да, әсіресе парламентте (+ синдикаттар + кооперативтер) *тазарту* қажет.

19. Екінші жағынан, *солшылдардың* қателіктері, бұл қателіктердің, алайда, қазір қаупі аздау және III Интернационалдың I және II съездеріне бағыну және тактиканы түзеу шартымен *дереу* қосылуға *бөгет жасай алмайды*.

Бұл қателіктер: (негізінен)

(а) партия және бұқара (пір тұту)
(б) парламентаризм
(в) кәсіподақтар.

{ Арнайы съездер қажет және }
{ Коммунистік Интернационалдың қарарларын бастырып шығару қажет }

Партиялар мен топтар (бір бөлегі affiliés *, екінші бөлегі қосылмаған):

К. А. Р. (Германия). Бір бөлегі *Америка*. *Франция* мен *Италияның* синдикалистік және анархистік элементтерінің бір бөлегі (+ astensionista).
Швейцария Коммунистік партиясы
I. W. W. (бір бөлегі) және W. S. Fed. + Shop Stewards
Holländische Kommunistische Partei
Веналық «Kommunismus».
NB *Анархизмдегі* ең жақсы нәрселер тартылуы мүмкін және тартылуға *т и і с*.

ΣΣ**

20. Революциялық жұмысшы қозғалысы тамаша өсіп келеді.

III Интернационалдың барлық қарарлары негізінде тактиканы және ұйымды түзеу қажет — негізінен былайша:

(а) коммунистік топтар + I. W. W. + I. L. P.-ның солшыл бөлегі + Англиядағы және Америкадағы тред-юниондардың солшыл бөлегі. Жақындасу және қосылу,
(b) id. 2 коммунистік партиялар + «тәуелсіздердің» солшыл бөлегі (К. P. D. негізінде),
(с) Француз социалистік партиясының өзінің коммунистік фракциясы және С. G. Т.[175]-нің коммунистік бөлегі рухында қайта құрылуы.
(d) Итальян партиясының тазаруы,
(е) id. шағын елдерде,

* — қосылғандар. *Ред.*
** — Summa summarum — жалпы жиыны. *Ред.*

(g) Шығыстағы және отарлардағы революциялық қозғалыспен жақындасу және қосылу.

\+ Қосымша
стачкалар туралы: көсемдердің опасыздығы.
Реформистер = буржуазияның жұмысшы қозғалысындағы агенттері.
Буржуазияға қарсы күрес = оның агентурасына қарсы күрес.

II бөлімге қосылсын
§ Баспасөз бостандығы
- бай газеттер
- мемлекет қолындағы информация
- трестер
- *қағаз*

сот қуғындаулары мен қамауға алулар.
Беттер (50 жол)
аптасына бірнеше рет.
Баспаханаларды басып алу
ол үшін
Ауыстыру + қосымша.

II. Б

Солшылдардың қателіктері

(α) «бұқара»? (пір тұту)
(β) орталықтанған партияның ролі

I. А

(1) *Оңшылдар:*

Германия «тәуелсіздері»

(γ) парламентаризм
(δ) кәсіподақтар.
Органдардың тізбесі
«Workers' Dreadnought»
K. A. P. (Deutschlands)
«Kommunismus» (Вена)
K. P. Schweiz
I. W. W.
Holländische Partei («Tribune»[176]).
Дереу қосылу.
Қосылмай қалу мүмкін.
Арнайы съездерде түзету қажет. ⟹⟶

Англия «тәуелсіздері»
Француз социалистік партиясы
Дереу қосылу *мүмкін емес: арнайы съезд*
↓ пурификация
тәжірибеге қол жету
олардың органдары.

Коммунистік Интерналға *өзінің* бірсыпыра кітапшаларын бастырып шығаруға мүмкіндік беру керек

(2) *Итальян партиясын реформизмнен* пурификациялау

III. Коммунистік Интернационалға қосылатын және қосылғысы келетін партиялардың (бір бөлегінің және бүкіл құрамының) бағытын түзеу.

13. II Интернационалдан айрықша, мәселелерді турасынан қойып, > * орталықтандыру керек.

14. Маңызды үш партия (Германия + Англия + Франция «тәуелсіздері») + Америка социалистік партиясы + Швейцария социалистік партиясы (егер дұрыс болса).

15. Коммунистік емес партиялардың ескі құрамын және жұмыс сипатын бірден қабылдауға болмайды
(α) *барлық* мерзімді басылымдарда жариялау
(β) *барлық* секцияларда талқылау
(γ) id. арнайы *конгресте*

* — көбірек. *Ред.*

(δ) purifier*
(ε) партия органдарының *бәрін* коммунистердің қолына беру
(ζ) *іспен* дәлелдеу.

16. Бұл партиялардағы коммунистер? Бір бөлегі +Labour Party қалуы керек, бір бөлегі коммунистік партияға кетуге тиіс.

17. Итальян партиясы id. Швейцария партиясы
| «Ordine Nuovo» | (қанаты) + Норвегия партиясы | ? |

18. «Солшылдар» | тізбесі |
Бірден қабылдауға болады.
Шарт мұнда да солай, purifier *басқасы.*

---

18. Әсіресе I. W. W.-мен және Shop Stewards-пен жақындасу қажет.

{Онда 4 ағын. Пролетариат диктатурасы} *Анархизмнен* жақсы жақтарын алу керек.

1920 ж. кеш дегенде 4 июльде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — тазарту. *Ред.*

3
«ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ» ҰҒЫМЫНЫҢ МАЗМҰНЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БҰЛ ҰРАНДЫ «СӘНГЕ АЙНАЛДЫРЫП» БҰРМАЛАУҒА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОСПАРЫ[177]

1. Партияға пролетариаттың нақ революцияшыл және тек революцияшыл бөлегін арнайы бөлу және *партияның басшылық* орталықтарына да партияның дәл осындай бөлегін арнайы бөлу.

2. Партия мен жұмысшы қозғалысындағы реформизм мен оппортунизмді бұқара алдында үнемі әшкерелеп отыру.

3. Партияның секцияларында да, кәсіподақтарда да, кооперативтерде де, клубтарда да, мәдени-ағарту ұйымдарында да, бір сөзбен айтқанда, пролетариаттың *барлық* ұйымдарында оппортунистік көсемдерді революцияшыл көсемдермен ауыстыру.

4. Бүкіл жұмысшы қозғалысына (және ұсақ шаруалар қозғалысының бір бөлегіне) партия үнемі басшылық етіп отыруы үшін жұмысшылар мен ұсақ шаруалардың барлық және алуан түрдегі ұйымдарында коммунистік ұялар құру.

= 3?

5. Кәміл революцияшыл және бейбіт жұмыс, парламентаризм, жариялылық дәстүрлерінен, әдеттері мен соқыр сенімдерінен кәміл арылған жұмысшыларды, тіпті барынша тәжірибесіз болса да, бірақ (1) реформизм мен оппортунизмге қарсы күресуге қабілетті (2) және пролетариаттың неғұрлым қалың бұқарасымен, пролетариаттың неғұрлым революцияшыл бөлегімен тығыз

байланысты жұмысшыларды міндетті түрде тағайындау,—

— оларды партиядағы ең жауапты орындарға жеткілікті мөлшерде тағайындау, әсіресе партияның Орталық Комитетіне де, *парламенттік топқа* да, барлық аса маңызды мекемелерге де (оларды партияның өзіне қаратып алуы үшін) тағайындау.

6. Парламенттік фракцияны партияның Орталық Комитетіне ерекше толық бағындыру және оның парламенттік фракцияға ерекше қатаң бақылау жасауы.

7. Пролетариаттың буржуазиямен және меншікшілермен блок жасау идеяларын тікелей жүзеге асырушыларды, үкімет ішіндегі блокты, т. с. жақтаушыларды ғана емес, сонымен қатар бұл идеяларды *жанама түрде* жүзеге асырушыларды да, мысалы, жұмысшы табы мен ұсақ меншікшілер табының теңдігін жақтаушыларды да, олардың көзқарасының, т. т. тең праволылығын жақтаушыларды да коллаборационистер деп, осы блокты жақтаушылар (және жүзеге асырушылар) деп санау керек.

8. Реформистердің (немесе реформизммен ымыраласу) органдары...* «L'Humanité», жабылуға тиіс. Партияның 1 *орталық* органы, *«Populaire»*[178] немесе *«Freiheit»* сияқты бағыттағы емес,— кәміл революциялық бағыттағы органы болуға тиіс. Партияның бүкіл баспасөзі — біртұтас пікір, бір бағыт, диктатураға *әзірлік*.

9. Бұқарамен тығыз байланыс жасау керек. Жұмысшы аристократиясы үшін емес,— оқымаған бұқара үшін. Қала үшін ғана емес, деревня үшін де. Бұқара ішінде үгіт жүргізу, тек насихат қана емес (contra British Socialist Party).

Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың жарнасы есебінен қараңғы жұмысшыларға листоктарды тегін үлестіріп беру.

---

* Қолжазбада сөз түсініксіз. *Ред.*

Пролетарлар — бұқара ішіне, стачкашыларға, батырақтарға көмекке барсын.

10. Оппортунист көсемдердің қателіктері мен опасыздықтарына бұқара алдында ашық талдау жасау (стачка 20—21/VII. 1919, *т. с.*).

Парламентарлардың etc. сөйлеген сөздерінің *барлық* оппортунистік қателіктері мен әлсіз жақтарына баспасөзде талдау жасау.

11. Барлық себептер бойынша, барлық жағдайларда, өмірдің күллі саласына сай жүйелілік болсын;

пролетариат диктатурасының *нақты* міндеттерін анықтау, viz.*:

(а) қанаушылардың (оның ішінде кулактар мен саботажшы-интеллигенттердің) қарсыласуын басып жаныштау;

(б) конфискелеу керек, өйткені қазір, 1914—1918 жылдардан кейін, төлем мүмкін емес;

(в) қанаушыларды және буржуазиялық интеллигенцияны ерекше қадағалауға алу;

(г) қанаушылардың *есебінен*
жұмысшылардың да
бүкіл қаналған бұқараның да
ұсақ шаруалардың да
тұрмысын революциялық жолмен дереу жақсарту;

(д) ұсақ меншікшілерді
{ орта шаруаларды
қолөнершілерді
ұсақ өнеркәсіпшілерді
буржуазиялық интеллигенцияның бір бөлегін }
бейтараптандыру, яғни олардың ақтарға өтіп кетуіне жол бермеу;

(е) қарсылықты басып жаныштау үшін батылдық, қабілеттілік, іскерлік, ерекше ұйымдасу керек.

1. $\Sigma\Sigma =$ *(α)* талқандау
(β) еліктіру
(γ) бейтараптандыру.

* — videlicet — атап айтқанда. *Ред.*

12. Epuration...*

13. «Баспасөз бостандығы»?— «жиналыстар»?— «жеке бастың» бостандығы?

Партия = авангард

(αα) (1) революцияшыл бөлек

(ββ) (2) *бұқарамен* байланысты бөлек.

Дереу әзірлік жасау (2. 3. 4. 5. 6. (+13). 7. *αα*
(8. 9. 10. *ββ*

Басты қауіп: оңшылдар, яғни ауыстырылмаған көсемдер.

3 партия (+ Американ социалистік партиясы) (+ Швейцария социалистік партиясы?). Дереу қосылу *мүмкін емес.*

Солшылдар. Олардың қателіктері. Дереу қосылуға *болады.*

Итальян партиясындағы реформизм (бәлкім, +B. S. P.?)

NB
//
Француз партиясы мен баспасөзі туралы комиссияны:

Лозовский	Serrati
+ Бухарин	Deslinières
+ Гильбо	+
	Sadoul

1920 ж. кеш дегенде 4 июльде жазылған

Бірінші рет 1935 ж. 1 августа «Коммунистический Интернационал» журналының 22-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Тазарту... *Ред.*

4

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

(БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ)

1. Империализм — қазіргі заманғы экономиканың негізгі белгісі.

Дүние жүзін бөлісу — империализмнің негізгі белгісі: монополиялар, банктер, финанс олигархиясы, халықаралық синдикаттар, шетке капитал шығару, барлық жерді бөлісу.

1876 ж. > отарларда $^1/_4$ миллиард тұрғын
1914 ж. > » $^1/_2$ » »
1 миллиард + *жартылай отарлар* (Персия, Қытай, Түркия)

1920: $1^1/_4$ = отарлар + жартылай отарлар + жеңілгендер мен күйзелгендер
$^1/_4$ = финанс жағынан тәуелділер
{ Россия 130, Германия 120 + Австро-Венгрия }

$^1/_4$ = тәуелсіздер? { Құрама Штаттар 100, Англия 50, Жапония 50 } 200

$\Sigma\Sigma = 1^3/_4$

2. Капитализмнің барлық қайшылықтарының орасан қатты шиеленісуі

(а) борыштар

| а 1 | 1914—55 миллион сом алтынмен (Браун)
1920—388 » » »

a 2	Құрама Штаттар	+ 19 миллиард сом.
	Англия	+ $17^1/_2$ (Россия 6)
Keynes		— $8^1/_2$
	Франция	+ $3^1/_2$
		—$10^1/_2$ Σ = 40 миллиард сом алтынмен.
a 3		

Борыштар % есебімен ұлттық мүліктер

Англия мен Франция	52—54%
Италия	65—70%
Россия	90%
Құрама Штаттар және *Жапония*	11—13%

(б) Жалақы және бағалар

	баға	жалақы
Құрама Штаттар	+ 120 баға;	+ 100, жалақы
Англия	+ 170	+ 130
Франция	+ 300	+ 200
Жапония	+ 130	+ 60

(в) табыстары: табысының 40—50% (*Лапинский*, 14-бет)

(г) көмір өндіру (Жоғарғы экономикалық совет «Times»-те 10/III. 1920):

Англия	— 20%
Франция	— 50%
Германия	— 37% (1913—1919)
Құрама Штаттар	— 4%

(д) валюта: Құрама Штаттармен салыстырыңыз («Times» ib.*)

Англия	— 30%
Франция және Италия	— 60—70%
Германия	— 90—96%

П. Леви: K. P. D. съезінде 14. IV. 1920 ж. баяндама NB

* — ibidem — сонда. *Ред.*

3. ΣΣ = Күйзеліс, қайыршылық, баю.
   Соғыстың мақсаттары мен сипаты.
   Keynes. Оның позициясы.

4. Жеңушілер арасындағы ыдыраушылық:
   Ұлттар лигасы?
   Россиямен соғыс.
   Түркияны, Қытайды бөлісіп алу?

5. ΣΣ = Революциялық дағдарыс, революциялық пиғылдар, идеялар.
   Мүлде шарасыздық?
   Жоқ.
   Cf.* Ramsay *MacDonald:* «мұның бәрі өткінші екенін, реттелетінін біз білеміз».

6. Оппортунизм = басты жау.
   Буржуазиялық демократия мен *социал-демократияның* күйреуі.
   Керенскийдің үкіметіне қатысу + Финляндия + Венгрия.
   Otto Bauer: «Vergewaltigung der sozialen Machtfaktoren»**.

7. Оппортунизмнің түп-тамырлары: жұмысшылардың жоғарғы топтарын сатып алу

   1914 ж. 8—10 миллиард. frs.
   ?? 1920 ж. 20—30 » »
   (3 елдің шетке капитал шығарудан түсірген табысы)

8. Партиялар мен жұмысшы қозғалысын «тазарту», «қызметтерінен алу»
   Россияда 1903—1917—1920
   Европа мен Америкада 1915—1920—

9. «Солшылдық ауру». Өсу жолындағы ауру.

---

* — Confer — салыстырыңыз. *Ред.*
** — *Отто Бауэр:* «күштің әлеуметтік факторына зорлық». *Ред.*

10. Отар және тәуелді халықтар.
Шығыс. Қозғалыстың өсуі.
Оларды соғыс үйретті. — Іс жүзінде қозғалыстың *бүкіл дүние жүзілік* сипаты
Біз $1^1/_4$ миллиардты бастап отырмыз
Сов. Респ. » » »

11. ΣΣ = Революцияны тездету емес, революцияға әзірлікті тездету.

Егжей-тегжейлі қарар және тезистер.

Насихатшылар қоғамы емес, қайта Коминтерн басшылық еткен миллион-миллион пролетарлар армиясы жүргізетін практикалық күрестің бастамасы.

1920 ж. 10 және 19 июль аралығында жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

5
КОМИНТЕРННІҢ II КОНГРЕСІНДЕ Д. ТАННЕРДІҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ ЖӨНІНДЕ[179]

Таннердің (Shop Stewards) сөзі мынаны айқын дәлелдеді:

1) III Интернационалдың *ішінде* *тілектестер* үшін орын дайындау керек

2) Англия мен Америкаға парламентаризм туралы алауыздықтарға қарамастан, біздің мыналарды ұсынатынымызды *ерекше* ескерте кеткен жөн:

(а) I. W. W. формасындағы бұқаралық қозғалысқа және Shop Stewards-қа III Интернационалға *қосылған болып қалуды* ұсынамыз.

(б) мәселені тағы да ұзақ талқылау керек және бұқара ішінде *жеткілікті* түрде үгіт *жүргізбей отырған*, бұқарамен байланыс *жасай білмеген* социалистік партияларды *жақсартуды* іс жүзінде *сынақтан өткізу керек.*

Ленин

1920 ж. 23 июльде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

А. СУЛТАН-ЗАДЕНІҢ ШЫҒЫСТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[180]

1) Дәулетті қанаушы таптардың ыдырауы

2) халқының дені — *орта ғасырлық қанаудағы шаруалар*

3) өнеркәсіпте — *ұсақ* қолөнерпілер

4) қорытынды: совет мекемелерін де, коммунистік партияны да (оның құрамын, оның ерекше міндеттерін) отар болып отырған Шығыстың *шаруалы* елдерінің дәрежесіне *бейімдеу*.

Мәселенің мәні осында. Бұл жайында ойлану керек және нақты жауаптар *іздестіру* керек.

1920 ж. 24 және 29 июль аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

7

ҰЛТ ЖӘНЕ ОТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕР ТУРАЛЫ П. ЛЕВИ ЕНГІЗГЕН ҰСЫНЫСТАРҒА ЕСКЕРТПЕЛЕР

1) Zu allgemein formuliert, als ob es für *alle* Völker gälte. Und Persien jetzt?

Verzeihung, *Sie* verfallen in «Nationalbolschewismus», indem Sie Deutschland für die *einzige* Nation in der Welt betrachten.

2) Und wenn *die Bourgeoisie* (in Bulgarien, in Deutschland, in anderen Ländern) den Krieg gegen England, Frankreich oder dergleichen *beginnt?*

Was sollen Arbeiter tun?

Boykottieren? Es wäre ganz irrtümlich. Teilnehmen, aber ihre Selbstständigkeit wahren und den *gemeinsamen* Kampf *so* ausnützen, *um* die Bourgeoisie niederzuwerfen.

ΣΣ = Entweder *nur* gegen den *deutschen* Nationalbolschewismus schreiben, oder garnicht.

1920 ж. 25 июльде неміс тілінде жазылған

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

7

ҰЛТ ЖӘНЕ ОТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕР ТУРАЛЫ П. ЛЕВИ ЕНГІЗГЕН ҰСЫНЫСТАРҒА ЕСКЕРТПЕЛЕР

1) Мұның өзі халықтардың *бәріне де* қатысты айтылғандай, өте-мөте жалпылама тұжырымдалған. Ал қазіргі Персия қалай болмақ?

Кешіріңіз, *Сіз* Германияны дүние жүзіндегі *бірден-бір* ұлт деп қарап, «национал-большевизмге» бой ұрып отырсыз.

2) Ал егер *буржуазия* (Болгарияда, Германияда және басқа елдерде) Англияға, Францияға немесе т. б. қарсы соғыс *бастаса ше?*

Сонда жұмысшылар не істеуі керек?

Бойкот жасауы керек пе? Олай ету мүлде қате жасағандық болар еді. Буржуазияны құлату *үшін* ол соғысқа қатысу керек, бірақ өзінің дербестігін сақтап, *бірлескен* күресті *осылайша* пайдалану керек.

ΣΣ = Не *тек қана неміс* национал-большевизміне қарсы жазу керек, немесе мүлдем жазбау керек.

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Неміс тілінен аударма

8

ҰЛТ ЖӘНЕ ОТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯҒА АРНАЛҒАН ЖАЗБАЛАР

Exploiter *le particularisme moyenageux?* Trop dangereux; pas marxiste.

Il faut distinguer entre les mouvements nationaux *modernes* et les «mouvements» (soi-disant *mouvements*) avec le caractère moyenageux.

1920 ж. кеш дегенде 28 июльде француз тілінде жазылған

Бірінші рет 1923 ж. қолжазбаның факсимилесі мына кітапта басылған: H. Guilbeaux. «Wladimir Iljitsch Lenin. Ein treues Bild seines Wesens». Berlin

Факсимиле бойынша басылып отыр

8

ҰЛТ ЖӘНЕ ОТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯҒА АРНАЛҒАН ЖАЗБАЛАР

Орта ғасырлық партикуляризмді пайдалану ма? Тым қауіпті; марксисше емес.

Қазіргі заманғы ұлттық қозғалыстар мен орта ғасырлық сипаты бар «қозғалыстарды» (*қозғалыс* дейтіндерді) ажырата білу керек.

Орыс тілінде бірінші рет басылып отыр
Француз тілінен аударма

ПРОЛЕТАРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ НОБАЙЫ[181]

1. Ерекше идеялар емес, марксизм керек.

2. Жаңа пролетарлық мәдениетті *ойлап шығару* керек емес, марксизмнің дүние танымы, пролетариат диктатурасы дәуірінде пролетариаттың тұрмыс жағдайлары мен күресі *тұрғысынан қазіргі бар* мәдениеттің жақсы үлгілерін, дәстүрлерін, нәтижелерін *өркендету* керек.

3. Халық ағарту комиссариатынан ерекше емес, оның бір бөлегі ретінде өркендету керек, өйткені РКП + Халық ағарту комиссариаты = пролетарлық мәдениеттің Σ

4. Пролеткульт Халық ағарту комиссариатымен тығыз байланысты болсын және оған қоса бағынсын.

5. Ешбір...*

1920 ж. 9 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

ҚОСЫМШАЛАР

РКП(б) МОСКВА ҰЙЫМЫ МҮШЕЛЕРІН ҚАЙТА ТІРКЕУ АНКЕТАСЫ

1) Фамилияңыз, есіміңіз және әкеңіздің аты: Владимир Ильич Ульянов

2) Жасыңыз: 50 ж.

3) Қай губерниядан, қаладан, уезден, болыстан, деревнядансыз: Симбирск қаласынан

4) Ата-анаңыздың кәсібі және олардың адресі: қайтыс болған

5) Семьяңыздың құрамы (жастары көрсетілсін) және қарамағыңыздағы жандардың саны:

зайыбым 51 жаста
інім 45 жаста
қарындасым 44 жаста

6) Жылжымайтын мүлкіңіз (үлесті жеріңіз, үйіңіз) немесе өндіріс құрал-жабдықтарыңыз бар ма, болса қайда: жоқ

7) Ұлтыңыз:
8) Ана тіліңіз: } орыс

9) Орыс тілінен басқа қандай тілдерде сөйлейсіз, оқисыз, жазасыз (керектісінің асты сызылсын):

француз, неміс, ағылшын тілдерінде; 3-еуін де нашар білемін

10) Негізгі кәсібіңіз қандай: әдебиетші

11) Қандай білім алдыңыз және қай жерде

а) Жалпы — гимназия

б) Арнаулы — 1891 жылы университетке заң факультеті бойынша экстерн емтихан тапсырдым

12) Шетелде болдыңыз ба, болсаңыз — қашан және қайда: 1895; 1900—1905; 1907—1917 жылдарда эмиграцияда (Швейцарияда, Францияда, Англияда, Германияда, Галицияда) болдым.

13) Россияның қай жерлерін жақсы білесіз:
Волга бойында және астаналарда ғана тұрдым.

14) Ескі армияда әскери қызметте болдыңыз ба (шеніңіз, қай әскер бөлімінде және қанша уақыт): жоқ

15) Ұрыстарға қатыстыңыз ба, жаралы болдыңыз ба (қай жерде және қашан): жоқ

16) Қазіргі уақытта қай кәсіпорында немесе мекемеде (жұмыс орныңыздың адресі және телефон №), қандай қызметте істейсіз:

Халық Комиссарлары Советінде

17) Айлық жалақыңыз қандай және қосымша табысыңыз бар ма: $13^1/_2$ мың (13 500)[182]
қосымша — әдеби еңбек

18) Қай уақыттан бері РКП қатарындасыз:
құрылғанынан бері және онан да бұрын (1893)

19) Партиялық апталыққа кірдіңіз бе: — жоқ —

20) РКП мүшелігіне бастапқыда қай ұйымда қабылдандыңыз: § 18 қараңыз

21) Қоғамдық-саяси мәселелер бойынша лекциялар тыңдадыңыз ба, қай жерде, қашан, кімдердің лекцияларын тыңдады-

қыз және саяси сауат ашу мектебінен өттіңіз бе, өтсеңіз қай басқыштан өттіңіз?

Z

22) Қай ұяда мүше болып тұрасыз:

Кремль кіші ауданы

23) Партия сотына тартылдыңыз ба, қашан және не үшін:

РСДРП-дегі жікке бөліну кезінде меньшевиктердің сотқа тартқаны бар

24) Басқа партияда болдыңыз ба, қай партияда және қашан болдыңыз, қандай қызмет атқардыңыз: жоқ

25) Біздің құпия партия ұйымында болғандығыңызды дәлелдейтін Сіздің қандай документтеріңіз немесе куәліктеріңіз бар:

документім — партия тарихы

26) Бұрын жұмыс істеген негізгі жерлеріңіз:

1. Февраль революциясына дейін:	а) азаматтық:	шетелде және Петроградта
	б) партиялық:	
2. Октябрь революциясына дейін:	а) азаматтық:	
	б) партиялық:	

27) Сіздің Февраль революциясына қатысқаныңызды қайдан көруге болады:

жалпы партиялық жұмыс жүргізгеннен басқа, ешбір қатысым болған жоқ
(эмиграцияда жүрдім)

28) Октябрь революциясына қатысқаныңыз жөнінде де осындай сұрақ: Орталық Комитеттің мүшесі

29) Саяси қылмыстар істеп жазаға тартылдыңыз ба, қай жерде және қашан; қандай жазаны өтедіңіз:

1887 — қамауда болдым (бірнеше күн)
1895—1897 — қамауда болдым (14 ай, одан соң Шығыс Сибирьге 3 жылға жер аударылдым)
1900 — қамауға алындым (бірнеше күн)

30) Қай кәсіптік одақта болдыңыз, қай жерде және қашан:

жоқ

31) Қазір қай кәсіптік одақта мүшесіз (мүшелік книжкаңыздың № көрсетілсін): жоқ

32) Сіз Февраль революциясынан кейін сайланып қойылатын қызметтер атқардыңыз ба және қайда атқардыңыз:

а) Совет қызметтерін: Халық Комиссарлары Советінің Председателі

б) Кәсіподақ қызметтерін: атқарған жоқпын

в) Партиялық қызметтер: Орталық Комитеттің мүшесі

г) Фабрика-завод:
д) Әскери бөлімдерде:
е) Басқа қызметтер:
} жоқ

33) Әскери оқудан өттіңіз бе (әскери атағыңыз) және ерекше қызмет отрядына тіркелдіңіз бе, тіркелсеңіз қай ротада және қандай номермен: жоқ

34) Қызыл Армияға мобилизацияландыңыз ба, қашан, қай ұйым және қандай ретпен шақырды (жалпы мобилизация ма әлде партиялық жолмен бе), майданда қанша уақыт және қай жерде болдыңыз (дәл көрсетілсін), қандай қызмет атқардыңыз, ұрысқа қатыстыңыз ба, жаралы болдыңыз ба, қашан және қай жерде жарақаттандыңыз: жоқ

35) Транспортта жұмыс істеуге мобилизацияландыңыз ба, қашан және қай ұйым арқылы: жоқ

36) Қандай партиялық және совет жұмысын атқара аласыз (ұйымдастырушы, әкімшілік, лектор, үгітші, мәдени жұмыс жүргізуші, т. т.):

Z

37) Сіздің үлкен жиналыстарда сөз сөйлеген және председательдік еткен кездеріңіз болды ма: болды

38) Қазіргі уақытта қандай партиялық жұмыс атқарасыз:

Орталық Комитеттің мүшесі

39) Қосымша қандай мәліметтер бергіңіз келеді: >

40) Үйіңіздің адресі және телефон №:

Кремль. Жоғарғы коммутатор

41) Сіз Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Каутскийдің және Плехановтың шығармаларынан не оқыдыңыз:

түгелдей дерлік (асты сызылған авторларды) оқыдым

42) Жұмысшылар мен шаруалар алдында қандай тақырыптарда сөз сөйлеуіңізге немесе лекция оқуыңызға тура келді:

көбінесе саяси тақырыптарда

43) Сіз газеттерге мақала жазасыз ба, қай газеттерге және қандай тақырыптарға:

сирек жазамын, саяси тақырыптарға

44) Листовкалар, үндеу хаттар жаза аласыз ба және бұл салада Сіз не жаздыңыз:

Жаздым. Тым көп жазылды, бәрін атап жату қиын.

45) Өзіңізді білімнің қай саласы бойынша ерекше күштімін деп санайсыз және қандай мәселелер жөнінде лекция оқып, сабақ жүргізе алар едіңіз:

көбінесе саяси мәселелер жөнінен

(Қолы) *В. Ульянов (Ленин)*

17/IX. 1920.

Бірінші рет 1926 ж. мына кітапта басылған: «РКП(б) мүшесі В. И. Ульяновтың (Лениннің) «Жеке басының іс қағазы»», «Московский рабочий» баспасы, М.—Л.

В. И. Ленин толтырған бланк бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(1 май — 5 ноябрь, 1920)

Г. К. ОРДЖОНИКИДЗЕГЕ ЖӘНЕ С. М. КИРОВҚА ТЕЛЕГРАММА

Бұл телеграмма туралы Г. К. Орджоникидзе мен С. М. Киров 1920 жылы 12 майда В. И. Ленинге жолдаған телеграммасында айтады (Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві).

ТҮРКІСТАН МАЙДАНЫНЫҢ ҚОЛБАСШЫСЫ М. В. ФРУНЗЕМЕН ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСІЛГЕН СӨЗ

Қорғаныс советінің Түркістан майданындағы армияны жабдықтау жөніндегі төтенше уәкілінің көмекшісі және Түркістан отын комитетінің бастығы Лөтневтің 1920 жылы 26 майда В. И. Ленинге транспортты бензинмен және мұнаймен жабдықтау туралы жіберген телеграммасында осындай сөйлесілген сөз туралы айтылады. Телеграммада Ленин 25 майда тікелей провод арқылы М. В. Фрунзеден оның қолында қанша бензин бар екендігін сұрады деп көрсетілген (Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві).

Г. Л. ВОЛЛЕНБЕРГКЕ ЗАПИСКА

В. И. Ленин бұл записка туралы 1920 жылы 8 июньде Почта және телеграф халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Г. Л. Волленбергке жолдаған хатында былай деп жазады: «Осыдан бір аптаға жуық бұрын мен телефон проводын түзеуді өтініп, Беленький жолдас (ВЧК) арқылы Сізге өтініш жібергенмін, телефон проводын Беленький көрсетеді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві; сондай-ақ Лениннің XXXIV жинағының 319-бетін де қараңыз).

З. И. ГРЖЕБИННІҢ КІТАП БАСПАСЫ ЖӨНІНДЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ КОМИССИЯСЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ А. И. РЫКОВҚА ТЕЛЕФОНОГРАММА

Бұл телефонограмма туралы А. И. Рыковтың 1920 жылы 20 сентябрьде Л. Д. Троцкийге берілген телефонограммасында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

БАС ҚОЛБАСШЫ С. С. КАМЕНЕВКЕ БЕРІЛГЕН № 973 ТЕЛЕГРАММА

С. С. Каменев 1920 жылы 25 октябрьде В. И. Ленинге жолдаған телеграммасында былай деп жазады: «Сіздің 973 және 977 телеграммаларыңызды алдық» («СССР-дегі азамат соғысының тарихынан», 3-том, 1961, 418-бет; КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). № 977 телеграмма Ленин Шығармаларының 4-басылуында жарияланған, 35-том, 395-бет.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-БАТЫС МАЙДАНДАРЫН НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

Саяси бюроның 1920 жылғы 4 июньдегі қаулысының тексті В. И. Лениннің қоспа жазуымен бірге КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

КОМИНТЕРННІҢ II КОНГРЕСІНЕ АРНАЛҒАН ҰЛТ ЖӘНЕ ОТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ТЕЗИСТЕР

В. И. Ленин түзетулер енгізген тезистердің тексті КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. В. И. Лениннің түзетулері бар бұл тезистер 1920 жылы 26 июльде Коминтерннің II конгресінің төртінші мәжілісінде жарияланған (қараңыз: «Коминтерннің екінші конгресі», 1934, 105, 496—499-беттер).

В. И. НЕВСКИЙ. «ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМ ЖӘНЕ ӨЛЕКСЕ РЕАКЦИЯНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ»

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Невскийдің мақаласының соңғы жағы сақтаулы, онда В. И. Лениннің 1920 жылғы 2 сентябрьден ертерек жасаған редакциялық түзетуі және салған белгілері бар. Мақала 1920 жылы В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының екінші басылуына қосымша ретінде жарияланған (сондай-ақ мынаны да қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XIII том, 317—324-беттер).

РКП(б) БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ IX КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПОЛЯК МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫ

Қарардың В. И. Ленин түзету енгізген тексті КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. Қарар 1920 жылы 22 сентябрьде қабылданып, «Правда» газетінің 23 сентябрьдегі 211-номерінде жарияланған (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 204-бет).

ВРАНГЕЛЬДІ ТАЛҚАНДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ БАС КОМАНДОВАНИЕНІҢ 1920 ж. 12 ОКТЯБРЬДЕГІ БАЯНДАМАСЫ

Баяндаманың В. И. Ленин қосымша енгізген тексті КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. Баяндама қосымшасымен мына кітапта жарияланған: «СССР-дегі азамат соғысының тарихынан», 3-том, 1961, 406—408-беттер.

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ, ҚАУЛЫЛАРЫ, ЕРЕЖЕЛЕРІ, ҮНДЕУЛЕРІ МЕН МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ХОДЫНКА РАДИОСТАНЦИЯСЫН ТЕЗ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *11 май, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДЕЗЕРТИРЛЕРДІҢ ӨЗ ЕРКІМЕН ҚАЙТЫП ОРАЛУЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *12 май, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАРУ-ЖАРАҚ ЖӘНЕ ПАТРОН ЗАВОДТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫН ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ПАЕГІМЕН ДЕР КЕЗІНДЕ ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *21 май, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ЖАНЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖАБДЫҚТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *25 май, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ЕҢБЕКШІ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ДҰРЫС БӨЛУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *25 май, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АСТЫҚ РЕСУРСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *27 май, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ III ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ БАСПАХАНАСЫН АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ЖАБДЫҚТАУДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *1 июнь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖОҒАРЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *4 июнь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ОТЫН ТАСИТЫН ТЕМІР ЖОЛ ЛИНИЯЛАРЫН САЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *4 июнь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ГЛАВМЕХ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН КӘСІПОРЫНДАРЫН МИЛИТАРЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *4 июнь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК АУДАНЫНДА АҒАШ ДАЙЫНДАУДЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *4 июнь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛ АРМИЯҒА ШАҚЫРУДАН ҚАЛДЫРА ТҰРУДЫҢ АҚТЫҚ МЕРЗІМІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *9 июнь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЕКПІНДІ ТОПТАҒЫ ЗАВОДТАРДЫ ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *11 июнь, 1920 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АВТОНОМИЯЛЫҚ ЧУВАШ ОБЛЫСЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *24 июнь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ДОНБАССТАН КӨМІР ТАСУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *25 июнь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ МУРМАНСК ТЕМІР ЖОЛЫНДАҒЫ МАСЕЛЬСКАЯ — МУРМАНСК СОЛТҮСТІК УЧАСКЕСІНІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ ҮШІН ТАҒАМ ЖӘНЕ ЗАТ ҚАЖЕТТЕРІНІҢ НОРМАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *25 июнь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ИМПОРТ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *29 июнь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЗЫҒЫР МЕН ПЕНЬКА ЖИНАУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ ЖӘНЕ СЫЙЛЫҚТАР БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *29 июнь, 1920 ж.*

РСФСР ҮКІМЕТІНІҢ ВЕЛИКОБРИТАНИЯ ҮКІМЕТІНЕ НОТАСЫ [ВЕЛИКОБРИТАНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ Д.-Н. КЕРЗОННЫҢ 1920 ж. 11 ИЮЛЬДЕГІ НОТАСЫНА ЖАУАП РЕТІНДЕ Г. В. ЧИЧЕРИННІҢ ОҒАН ЖІБЕРГЕН РАДИОГРАММАСЫ]. *17 июль, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «СОВЕТТІК РОССИЯ МЕН СОВЕТТІК УКРАИНАНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА, ШАРУАЛАРЫНА ЖӘНЕ БАРЛЫҚ АДАЛ НИЕТТІ АЗАМАТТАРЫНА» ҮНДЕУІ. *20 июль, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫН ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫ ТАРАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *20 июль, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АҒАШ ДАЙЫНДАУДЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ЖӘНЕ МАЛ АЗЫҒЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *10 август, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ВРАНГЕЛЬ МАЙДАНЫНДА ШЕГІНЕ ҚАЛҒАН ЖАҒДАЙДА ЕРЕКШЕ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ. *20 август, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕРДІҢ ТҮГЕНДЕУ ЖИЫНЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *20 август, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ СЫРТҚЫ САУДА ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ТУРАЛЫ А. М. ЛЕЖАВАНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ. *31 август, 1920 ж.*

РСФСР-дің МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ ЖОБАСЫ. *7 сентябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН РОССИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖИНАУ МЕН ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *21 сентябрь, 1920 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ «БІЗДІҢ ЖАҢА БІТІМ ШАРТТАРЫМЫЗ» ДЕГЕН МӘЛІМДЕМЕСІ. *23 сентябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖАБЫН МАТЕРИАЛДАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БӨЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *5 октябрь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ОҢ ЖАҒАЛАУДАҒЫ УКРАИНАДА АҒАШ ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *23 октябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЕҢБЕККЕ СЫЙЛЫҚ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ. *23 октябрь, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ОҢТҮСТІКТЕГІ ТЕМІР ЖОЛДАРДЫ ОТЫНМЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ. *25 октябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ХАЛЫҚТЫ ТАҒАМ ӨНІМДЕРІМЕН ЖӘНЕ ЕҢ ҚАЖЕТТІ ЗАТТАРМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ЖАБДЫҚТАУ ІСІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *26 октябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ШЫМТЕЗЕК ӨНДІРУДЕ ГИДРАВЛИКАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ. *30 октябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АЛТЫН ҚОРЫН ТЕК ҚАНА ӨНДІРІС ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫНА ЖҰМСАУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ДИРЕКТИВАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ. *30 октябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ БІРЫҢҒАЙ ТРАКТОР ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *2 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МАҚТА ӨНЕРКӘСІБІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *2 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЕГІН ШЫҚПАЙ ҚАЛУДАН НЕҒҰРЛЫМ КӨБІРЕК ЗАРДАП ШЕККЕН ГУБЕРНИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *2 ноябрь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «РЕСПУБЛИКАДА КІТАПХАНА ІСІН ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ» ДЕКРЕТІ. *3 ноябрь, 1920 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАЛМАҚ, ВОТЯК ЖӘНЕ МАРИЙ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОНОМИЯЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТЕРІ. *4 ноябрь, 1920 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған декреттердің, қаулылардың, ережелердің, үндеулер мен мәлімдемелердің В. И. Ленин түзету енгізген, толықтырған жобалары, сондай-ақ бұл документтердің бірқатарына ол жазған нобайлар мен ескертпелер сақтаулы. Бұл материалдардың бірқатары жарияланған (қараңыз: Лениннің XXXV жинағы, 127, 128, 138—139, 164-беттер; Лениннің XXXVI жинағы, 123—126-беттер).

ХАТТАР, ТЕЛЕГРАММАЛАР МЕН ТЕЛЕФОНОГРАММАЛАР

КАВКАЗ МАЙДАНЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА. И. Т. СМИЛГАҒА. *12 май, 1920 ж.*

5-ші АРМИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІНЕ В. П. ПОЗЕРНГЕ ТЕЛЕГРАММА. *11 немесе 12 июнь, 1920 ж.*

ПЕТРОГРАД АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Г. Е. ЗИНОВЬЕВКЕ ХАТ. *25 июнь, 1920 ж.*

ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА. *7 июль, 1920 ж.*

БАРЛЫҚ ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІ МЕН ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖЕР БӨЛІМДЕРІНЕ ТЕЛЕГРАММА. *Ерте дегенде 10 август, 1920 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жоғарыда аталған хаттардың, телеграммалардың және телефонограммалардың В. И. Ленин түзету енгізген және қосымшалар қосқан текстері сақтаулы. Олардың көпшілігі жарияланған (қараңыз: Лениннің XXXIV жинағы, 326—329, 334-беттер; Лениннің XXXVI жинағы, 117—118-беттер; В. И. Ленин. Әскери мәселе жөнінде жазысқан хаттар, 1957, 237-бет).

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ АҒАШ ТАСУҒА АРНАЛҒАН ТАР ТАБАНДЫ ТЕМІР ЖОЛ ЛИНИЯЛАРЫН САЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

Еңбек және Қорғаныс Советінің 1920 жылғы 14 майдағы мәжілісінде В. И. Ленин ағаш тасуға арналған тар табанды темір жол линияларын салу туралы мәселе бойынша баяндама жасады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Бұл — Еңбек және Қорғаныс Советі қабылдаған қаулының жобасын Ленин жазған болар деп жорамалдауға негіз болып табылады.

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МҮЛІКТІ ҚАУІПСІЗДЕНДІРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ

Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 17 августағы мәжілісіне Халық шаруашылығы жоғары советінен қатысқан М. И. Семенов (М. Блан) өзінің естеліктерінде былай деп жазды: Ленин қауіпсіздендіру туралы мәселені әзірлеу үшін Финанс халық комиссариатының, Егіншілік халық комиссариатының, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының, Азықтүлік халық комиссариатының және ВЦСПС-тің өкілдерінен арнайы комиссия тағайындауға ұсыныс жасап, оған берілетін директиваларды айтып отырып жазғызды («Вестник Государственного Страхования», 1924, № 2, 4—5-беттер). Осы директиваларды М. И. Семенов келтірген тексті, кейбір сөздері болмаса, Халық Комиссарлары Советінің мүлікті қауіпсіздендіру туралы мәселе бойынша қабылдаған қаулысының «а», «б» және «в» пункттерімен дәл келеді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МҮЛІКТІ ҚАУІПСІЗДЕНДІРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ТАҒАЙЫНДАҒАН КОМИССИЯНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ

Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 30 сентябрьдегі мәжілісінде комиссияның атынан баяндама жасаған М. И. Семеновтың (М. Блан) естеліктерінде былай деп көрсетілген: комиссияның баяндамасы бойынша қабылданған қаулыны Ленин айтып отырып жаздырды («Вестник Государственного Страхования», 1924, № 2, 4—5-беттер).

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ШЕТЕЛ БОДАНДАРЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЗАВОДТАРДЫ ЖАБДЫҚТАУ ІСІН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖАРЛЫҚ БЕРУШІ МӘЖІЛІСІ 1920 ж. 27 ОКТЯБРЬДЕ ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

Еңбек және Қорғаныс Советінің жарлық беруші мәжілісінің 1920 жылғы 27 октябрьдегі № 162 протоколына қол қоя отырып, В. И. Ленин мынадай белгі соқты: шетел бодандары жұмыс істейтін заводтарды жабдықтау ісін күшейту туралы мәселе «пленумда қайта қаралсын». Еңбек және Қорғаныс Советінің пленум мәжілісінде 29 октябрьде Ленин осы мәселе бойынша баяндама жасады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Қаулының жобасын В. И. Ленин жазған болуы мүмкін.

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ВЕДОМСТВОЛАРДЫҢ КЕЛІСІМДЕРІН, АЛАУЫЗДЫҚТАРЫН ЖӘНЕ ЗАЯВКАЛАРЫН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ ЕНГІЗІП ОТЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ҚАУЛЫСЫ

Еңбек және Қорғаныс Советінің 1920 жылғы 29 октябрьдегі мәжілісінде Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советіне ведомстволардың келісімдерін, алауыздықтарын және заявкаларын енгізіп отыру тәртібі туралы мәселе бойынша баяндама жасады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Бұл — қаулының жобасын В. И. Ленин жазған болар деп жорамалдауға негіз болып табылады.

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖАБДЫҚТАУДЫҢ НЕГІЗГІ НОРМАСЫН ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

Ленин жұмысшыларды жабдықтаудың негізгі нормасын енгізу туралы қаулының жобасын өңдеуге арналған мәселелердің нобайын жазды (қараңыз: Лениннің XXXV жинағы, 165-бет). Халық Комиссарлары Советі қабылдаған қаулының 1—4-мәселелері осы нобайға сүйеніп тұжырымдалды, Халық Комиссарлары Советі осы мәселелердің негізінде жұмысшыларды жабдықтау комиссиясына қаулының жобасын қайта өңдеуді тапсырды. Халық Комиссарлары Советі мәжілісінің 1920 жылғы 2 ноябрьдегі № 396 протоколына қол қойған кезде Ленин Халық Комиссарлары Советі қаулысының 2 мәселесінің тұжырымдамасына түзету енгізді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Осы негізге сүйеніп, қаулының жобасын В. И. Ленин жазған болар деп жорамалдауға болады.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы»* деген кітапты В. И. Ленин Коммунистік Интернационалдың II конгресі ашылу қарсаңында жазып, конгрестің барлық делегаттарына табыс етті. Кітап жас коммунистік партияларға революциялық күрестің дұрыс жолын табуға, өздерінің алғашқы қадамдарындағы қателіктерін жөндеуге, барлық елдердің коммунистерін большевиктердің аса бай тәжірибесімен, олардың стратегиясымен және тактикасымен таныстыруға көмектесуге тиіс болды, туысқан партияларды осы тәжірибемен қаруландыру үшін қажет болды. «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітаптың аса маңызды қағидалары мен тұжырымдары Коминтерннің II конгресінің шешімдеріне негіз болды.

Кітапты жазудың негізгі жұмысын Ленин 1920 жылы апрельде (қолжазбаны 27 апрельде) бітірді, кітапқа қосымшаны 12 майда, корректура түсіп жатқан кезде ғана жазды. Кітап Коминтерннің II конгресі жұмысын бастаған кезге дейін шығып үлгеруі үшін Ленин оның терілуі мен басылу графигін тікелей өзі қадағалап отырды. Кітапты басып шығару Мемлекеттік баспаның Петроград бөлімшесіне жүктелді. Кітаптың қолжазбасын 5 майда алып, баспа келесі күні-ақ мемлекеттік 1-баспаханаға оны теруге жіберді, баспахана жұмысшылары бұл құрметті тапсырманы орындауға үлкен энтузиазммен кірісіп, жұмыс уақытынан тыс мерзімде де жұмыс істеді. 9 майда бірінші корректурасы түзету үшін Москваға жіберілді. Кітапқа қосымшаны Ленин Петроградқа мынадай хат жазып, кітапша корректурасымен бірге 23 майда жіберді:

«Менің «солшылдар» туралы кітапшамды басып шығарушы питерлік жолдастарға:

1) *Соңғы* корректураны осында *корректураға* енгізілген түзетулермен салыстыруды өтінемін;

2) осында қоса жолданып отырған осы корректураны маған *қайтарып* жіберулеріңізді өтінемін;

3) «қосымшада» *3*-беттегі *шетіне*
1)))
және 2))) деген таңбалар салынып белгіленген жерлерді түзетуді *айрықша* өтінемін (тексерілгеннен кейін маған қайтарып жіберілсін);
4) тексеруге және ақырғы басылып шығуына *жауапты* жолдастың *есімін* маған телефонограмма арқылы хабарлауды өтінемін. (Сондай-ақ *қашан* бастырып шығарылатынын да.)
5) Менен тағы да түзету келеді деп күтудің *қажеті жоқ*.
23/V. 1920 ж. *Ленин*»
(Шығармалар толық жинағы, 51-том, 199-бет).

1920 жылғы 12 июньде кітап баспадан шықты және осымен бір мезгілде дерлік, июльде Советтік Россияда француз және ағылшын тілдерінде басылып шықты. 1920 жылдың екінші жартысында кітап Берлин мен Гамбургте неміс тілінде, Лондон мен Нью-Йоркте ағылшын тілінде, Парижде француз тілінде, Миланда итальян тілінде басылып шықты. 1920 жылы ноябрьде Великобритания компартиясының Орталық Комитеті Лениннің кітабына жазылу туралы листовка шығарды, бұл листовкада былай деп хабарлады: «Коммунистік партия таяуда ғана Лениннің еңбегін жарыққа шығарды, бұл, бәлкім, оның еңбектерінің ішіндегі ең маңызды және, сөз жоқ, мейлінше қызықты еңбегі болып табылады.

«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» жұмысшы қозғалысына белсене қатысушылардың бәріне қажетті кітап болып табылады, бұл кітап көп талқыланып және кейде аса күшті алауыздықтар туғызып жүрген проблемаларды қозғайды.

Ленин революциялық тактика мәселелерін егжей-тегжейлі зерттейді және парламентаризм, коммунистік партияның лейбористік партияға көзқарасы, кәсіподақтар сияқты және тағы басқа проблемаларды, сондай-ақ Англиядағы жалпы жағдайды батыл сөз етеді. Кітаптың маңызы мұнда ғана емес; оның құрылықтағы әр түрлі партиялардың программаларына, саясаты мен қызметіне сын көзбен қарауы оқушыны халықаралық жағдайды түсіне білумен қаруландырады, мұның қазіргі кезде жолдастар үшін соншалықты маңызы бар.

Күмән жоқ, кітап көптеген нәрсені айқын түсінуге мүмкіндік береді және жұрттың бәрі мейлінше қатты аңсап отырған бірлік бағытына іс жүзінде жол табуға көмектеседі...» («Вопросы Истории КПСС», 1960, № 3, 24-бет).

Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабы мейлінше кең таралды. Кітаптың шығуына қырық жыл толуы қарсаңында жарияланған толық емес деректерге қарағанда кітап осы мерзім ішінде капиталистік елдерде 22 тілде 106 рет басылып шыққан: оның

ішінде 16 басылымы ағылшын тілінде (Лондонда, Нью-Йоркте, Бомбейде, Сиднейде, Мельбурнде), 13 басылымы француз тілінде (Парижде, Брюссельде), 14 басылымы неміс тілінде (Берлинде, Венада), 7 басылымы итальян тілінде (Миланда, Неапольде, Римде), 6 басылымы испан тілінде (Барселонада, Мадридте, Буэнос-Айресте), 9 басылымы жапон тілінде (Токиода), 6 басылымы голланд тілінде (Амстердам мен Лейденде) жарық көрді. Сонымен бірге кітап норвег (Осло), финн (Хельсинки), португал (Рио-де-Жанейро), бенгал (Калькутта) тілдерінде және басқа тілдерде де басылып шықты. «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапты басып шығару әсіресе социалистік лагерь елдерінде кең өріс алды. Кітап Болгарияда 10 рет, Чехословакияда 6 рет, Венгрияда 7 рет, Польшада 9 рет, Қытайда 8 рет, Кореяда 3 рет қайта басылып шықты. Совет Одағында, В. И. Лениннің Шығармалар жинағының барлық басылуларында жарияланғанын есептемегеннің өзінде, кітап жеке басылым түрінде 50 тілде жалпы тиражы 4 млн. 773 мың дана болып 135 рет басылып шықты.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітаптың Ленин өзі жазған қолжазбасы және машинкада басылып, Ленин өзі редакциялап түзету енгізген данасы сақтаулы. Қолжазбада мынадай тақырыпша бар: «(Маркстік стратегия мен тактика туралы көпшілікке арналған әңгіменің тәжірибесі)» және Ллойд Джорджға арналған мынадай әжуа сөз бар: «Бұл кітапшаны жоғары мәртебелі мистер Ллойд Джордждың 1920 ж. 18 мартта сөйлеген маркстік деуге боларлықтай, ал ең болмағанда бүкіл дүние жүзінің коммунистері мен большевиктеріне өте-мөте пайдалы сөзі үшін соған арнаймын». Кітаптың Лениннің көзі тірі кезінде шыққан басылымдарында бұл тақырыпша мен арнау сөз алынып тасталған. Шығармаларының бұрынғы басылуларындағы сияқты, В. И. Лениннің Шығармалары толық жинағында да «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» осы кітаптың бірінші басылымы бойынша жарияланып отыр, оның корректурасын Лениннің өзі оқыған болатын.— *1.*

[2] *«Искра»* (ескі)—1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет. Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты; келесі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП

II съезін әзірледі, бұл съезде Россиядағы революциялық маркстік партияның іс жүзінде негізі қаланды.

Партияның II съезінен кейін көп кешікпей меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің органы болудан қалды.— *5.*

[3] Әңгіме РСДРП-да социал-демократияның оң, оппортунистік қанатының өкілі болған меньшевиктер туралы және «социалист-революционерлер» (эсерлер) партиясы туралы болып отыр.— *9.*

[4] Әңгіме IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары — А. Е. Бадаев, М. К. Муранов, Г. И. Петровский, Ф. Н. Самойлов және Н. Р. Шагов туралы болып отыр. Думаның 1914 жылғы 26 июльдегі (8 августағы) мәжілісінде барлық буржуазиялық-помещиктік фракциялардың өкілдері патшалық Россияның империалистік соғысқа кірісуін мақұлдады, большевиктік фракция өзінің үзілді-кесілді наразылығын мәлімдеді; большевиктік фракция соғыс кредиттеріне дауыс беруден бас тартты және бұқара арасында революциялық насихат жүргізді. 1914 жылғы ноябрьде большевик-депутаттар қамауға алынды, ал 1915 жылғы февральда сотқа тартылып, Туруханск өлкесіне (Шығыс Сибирь) өмір бойы қоныстануға жер аударылды. Большевиктік фракция мүшелерінің сотта самодержавиені әшкерелеп сөйлеген батыл сөздері антимилитаристік насихатта, еңбекшілер бұқарасының ой-санасын революцияландыруда зор роль атқарды.— *12.*

[5] *Лонгетизм* — Француз социалистік партиясының ішіндегі Жан Лонге бастаған центристік ағым. 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде лонгетистер социал-шовинистер жөнінде келісімпаздық саясат жүргізді; олар революциялық күресті бекерге шығарып, империалистік соғыста «отан қорғау» позициясында тұрды. Ленин лонгетистерді ұсақ буржуазиялық ұлтшылдар деп атады. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін лонгетистер сөз жүзінде өздерін пролетариат диктатурасын жақтаушылар деп жариялады, бірақ іс жүзінде оның жаулары болып қала берді. 1920 жылы декабрьде лонгетистер ашық реформистермен бірге партиядан бөлініп шығып, $2^1/_2$ Интернационал дейтінге қосылды.— *12.*

[6] *Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы* (Independent Labour Party — I. L. P.) — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партияларға тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың

мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны К. Гарди мен Р. Макдональд басқарды. Тәуелсіз жұмысшы партиясы өзі құрылған кезден бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге баса назар аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде бұл әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия» (Шығармалар толық жинағы, 39-том, 97-бет).— *12.*

[7] *Фабийшылдар* — 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымы — Фабий қоғамының мүшелері; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған; Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл шайқас жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (С. және Б. Веббтер, Р. Макдональд, Б. Шоу және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды және капитализмнен социализмге тек қана ұсақ реформалар жасау, қоғамды бірте-бірте өзгерту арқылы өтуге болады деп пайымдады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.

Фабийшылдарға берілген сипаттаманы В. И. Лениннің «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 284—290-беттер) деген мақаласынан қараңыз.— *12.*

[8] *«Министериализм»* (немесе «министрлік социализм» бұл да «мильеранизм») — социалистердің буржуазиялық реакциялық үкіметтерге қатысуының оппортунистік тактикасы. Бұл термин 1899 жылы француз социалисі Мильеранның Вальдек-Руссоның буржуазиялық үкіметі құрамына кіруіне байланысты пайда болды.— *13.*

[9] *Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы* — 1917 жылы апрельде Готада өткен Құрылтай съезінде құрылған центристік партия. «Тәуелсіздер» социал-шовинистермен бірлікті уағыздады, тап күресінен бас тартуға дейін құлдырады. Партияның негізгі бөлегі «Еңбек ынтымақтастығы» деген каутскийшілдік ұйым болды. 1920 жылы октябрьде Тәуелсіз социал-демократиялық партияның Галледегі съезінде жікке бөлінушілік болды. Оның едәуір бөлегі 1920 жылдың декабрінде Германия Коммунистік партиясымен бірікті. Оңшыл элементтер жеке партия құрып, Германия тәуел-

сіз социал-демократиялық партиясы деген ескі атауды қабылдады; партия 1922 жылға дейін өмір сүрді.— *13.*

[10] Қараңыз: РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII конференциясының «Уақытша үкіметке көзқарас туралы» және «Жұмысшы және солдат депутаттарының Советі туралы» қарарлары («РСДРП(б) Бүкіл россиялық Жетінші (Апрель) конференциясы, РСДРП(б) Петроград жалпы қалалық конференциясы. Апрель, 1917 жыл. Протоколдар». М., 1958, 244—245, 259—260-беттер).— *14.*

[11] Бұл арада, сірә, В. И. Лениннің 1914 жылғы апрельде большевиктік «Просвещение» журналында жарияланған «Неміс жұмысшы қозғалысындағы не нәрсеге еліктемеу керек» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 25-том, 115—120-беттер) деген мақаласы айтылып отырса керек, бұл мақалада герман социал-демократы К. Легиннің сатқындық әрекеті әшкереленді, ол 1912 жылы, Америкаға барған кезінде, Америка Құрама Штаттарының конгресінде ресми топтар мен буржуазиялық партияларға арнап құттықтау сөз сөйлеген болатын.— *17.*

[12] *Спартакшылдар* — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымының мүшелері; ұйымды дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка) және В. Пик ұйымдастырды. Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы жаппай бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунистік лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясаттың кейбір аса маңызды мәселелерінде елеулі қателіктер жіберді. Ленин герман солшыл социал-демократтарының қателіктерін талай рет сынап, олардың дұрыс позиция ұстауына көмектесті (мәселен, «Юниустың кітапшасы туралы», «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» деген еңбектерін қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 30-том, 1—18, 149—162-беттер).

1917 жылы апрельде спартакшылдар центристік Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кіріп, онда өздерінің ұйымдық дербестігін сақтады. 1918 жылы ноябрьде, Германиядағы революция барысында, спартакшылдар «Спартак одағы» болып қалыптасты, 14 декабрьде өз программасын жариялады, «тәуелсіздерден» қол үзді. 1918 жылы 30 декабрьде — 1919 жылы 1 январьда болған Құрылтай съезінде спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды.— *18.*

[13] Әңгіме Ф. Энгельстің 1875 жылы 18—28 мартта А. Бебельге жазған хаты жайында болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен

Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 1—8-беттер).— *18.*

[14] *Брест бітімі* — Советтік Россия мен Төрт жақты одақ державалары (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Түркия) арасындағы 1918 жылы 3 мартта Брест-Литовскіде қол қойылған және Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі 15 мартта бекіткен бітім шарты. Бітімнің шарттары Советтік Россия үшін өте-мөте ауыр болды. Шарт бойынша Польша, Прибалтика түгел дерлік, Белоруссияның бір бөлегі Германия мен Австро-Венгрияның бақылауына өтуге тиіс еді. Украина Советтік Россиядан бөлініп шығып, Германияға тәуелді мемлекетке айналуға тиіс болды. Карс, Батум және Ардаган қалалары Түркияның қарамағына өтуге тиіс еді. 1918 жылы августа Германия Советтік Россияға қосымша шарт пен финанс келісімін күштеп таңды, оларда жаңадан тонаушылық талаптар қойылды.

Брест бітімін жасасуға байланысты Троцкийге және антипартиялық «солшыл коммунистер» тобына қарсы қажырлы күрес жүргізілді. Тек В. И. Лениннің орасан зор күш-жігер жұмсауының арқасында ғана Германиямен бітім шартына қол қойылды. Брест бітімі лениндік тактиканың даналығы мен икемділігінің, өте-мөте қиын жағдайда бірден-бір дұрыс саясат белгілей білудің жарқын үлгісі еді. Брест бітімінің жасалуы парасатты саяси компромисс болды.

Брест шарты Совет мемлекетіне уақытша бейбіт тыныс алуға мүмкіндік берді, ыдырап бара жатқан ескі армияны демобилизациялап, жаңа армияны — Қызыл Армияны құруға, социалистік құрылысты өрістетіп, ішкі контрреволюция мен шетел интервенттеріне қарсы күресу үшін күш жинауға мүмкіндік берді. Брест шартының жасалуы бейбітшілік жолындағы күрестің одан әрі күшеюіне, барлық соғысушы елдердің әскерлері мен халқының қалың бұқарасы арасында революциялық пиғылдың өсуіне жәрдемдесті. Германиядағы монархиялық режимді құлатқан 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 13 ноябрьде тонаушылық Брест шартын жойды.— *18.*

[15] Әңгіме шақырымпаздар мен ультиматистер жайында болып отыр, бұларға қарсы күрес 1908 жылы өрістетіліп, 1909 жылы ол күрес шақырымпаздардың лидері А. Богдановты большевиктер қатарынан шығаруға әкеліп соқтырды. Революциялық жел сөздерді бүркемеленіп, шақырымпаздар социал-демократиялық депутаттарды III Мемлекеттік думадан кері шақырып алуды және жария ұйымдарда — кәсіподақтарда, кооперативтерде және тағы басқаларда жұмыс жүргізуді тоқтатуды талап етті. Шақырымпаздықтың бір түрі ультиматизм болды. Социал-демократиялық депутаттармен қажымай, талмай жұмыс істеу, оларды дәйекті революциялық парламентарлар етіп тәрбиелеу қажеттігін түсін-

беген ультиматистер Думадағы социал-демократиялық фракцияға партияның Орталық Комитетінің шешімдеріне сөзсіз бағыну туралы ультиматум қоюды, ал оны орындамаған жағдайда социал-демократиялық депутаттарды Думадан кері шақырып алуды ұсынды. Большевиктік «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының 1909 жылы июньде болған кеңесі өз шешімінде: «РСДРП ішіндегі белгілі ағым болып табылатын большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ешбір қатысы жоқ» деп көрсетіп, большевиктерді «революциялық марксизмнің жолынан бұл сияқты ауытқушылықтарға қарсы нағыз батыл күрес жүргізуге» шақырды («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаралары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 299—300-беттер).— *19.*

[16] 1905 жылы 6(19) августа патша манифесі — Мемлекеттік думаны құру туралы заң және оны сайлау туралы ереже жарияланды. Дума ішкі істер министрі А. Г. Булыгиннің атымен Булыгин Думасы деп аталды, өйткені патша оған Дума жобасын жасауды тапсырған болатын. Жоба бойынша Думаның ешқандай заң қабылдауға правосы болмады, ол тек патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде кейбір мәселелерді ғана талқылай алатын еді. Большевиктер бүкіл үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандарға бағындырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырды. Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыру үшін, бұқаралық саяси стачкалар өткізу және қарулы көтерілісті әзірлеу үшін пайдаланды. Булыгин Думасының сайлауы өткізілмеді, сондықтан үкімет оны шақыра алмады; революцияның толассыз өрлеуі және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаны жайпап кетті.— *19.*

[17] Бұл арада бірінші орыс революциясы кезінде *1905 жылы болған Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы* айтылып отыр. Октябрьдегі жаппай стачкаға қатысқандардың саны екі миллионнан асты. Октябрь стачкасы самодержавиені құлату, Булыгин Думасына белсенді бойкот жасау, құрылтай жиналысын шақыру және демократиялық республика орнату ұрандарымен өтті. Бүкіл россиялық саяси стачка жұмысшы қозғалысының күші мен қуатын көрсетті, деревняда, армия мен флотта революциялық күрестің өрістеуіне қозғаушы болды. Октябрь стачкасы пролетариатты декабрь қарулы көтерілісіне алып келді. Октябрь стачкасы жөнінде В. И. Лениннің «Бүкіл россиялық саяси стачка» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 1—4-беттер).— *19.*

[18] *«Лабуристер»* (лейбористер) — Англия Жұмысшы партиясының (Labour Party) мүшелері, бұл партия жұмысшы өкілдерін парламентке («Жұмысшы өкілдер комитетіне») өткізу мақсатында 1900 жылы кәсіподақтардың — тред-юниондардың, социалистік ұйымдар мен топтардың бірлестігі ретінде құрылды. 1906 жылы Комитет Жұмысшы (лейбористік) партиясы болып атын өзгертті. Тред-юниондардың мүшелері партиялық жарна төлеген жағдайда өзінен-өзі партия мүшесі бола береді. Лейбористік партияға оған коллективтік мүше болу правосымен кіретін Кооперативтік партия және Тәуелсіз жұмысшы партиясы тығыз жанасады. Лейбористік партияны Атқару комитеті басқарады, ол тред-юниондардың Бас советімен және Кооперативтік партияның Атқару комитетімен бірге Ұлттық еңбек советі дейтінді құрайды. Бастапқыда құрамы жағынан жұмысшы партиясы болып құрылған (кейін оған айтарлықтай мөлшерде ұсақ буржуазиялық элементтер кірді) лейбористік партия өзінің идеологиясы мен тактикасы жағынан оппортунистік ұйым болып табылады. Партия құрылған күннен бастап оның лидерлері буржуазиямен таптық ынтымақтасу саясатын жүргізіп келеді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) лейбористік партияның лидерлері (А. Гендерсон және басқалар) социал-шовинистік позиция ұстап, корольдік үкіметке кірді; олардың белсенді қолдауымен жұмысшыларға қарсы бағытталған (елді милитарландыру туралы жәпе т. с.) бірқатар заңдар қабылданды. 1924, 1929—1931, 1945—1951 жылдары лейбористік лидерлер үкіметті басқарды.— *21.*

[19] *«Принципшіл оппозиция»* — неміс «солшыл» коммунистерінің анархо-синдикалистік көзқарастарды уағыздаушы тобы. Германия Коммунистік партиясының 1919 жылғы октябрьде Гейдельбергте өткен II съезі оппозицияны партиядан шығарды; оппозиция 1920 жылғы апрельде Германия Коммунистік жұмысшы партиясы (ГКЖП) дейтін партияны құрды. 1920 жылғы ноябрьде Германияның барлық коммунистік күштерін біріктіруді оңайлату үшін және Германия Коммунистік жұмысшы партиясындағы таңдаулы пролетар элементтеріне қол ұшын беру үшін оппозиция тілектес мүше правосымен Коминтернге уақытша қабылданды. Алайда Коминтерн Атқару комитеті Германия Біріккен коммунистік партиясын ғана бірден-бір уәкілетті секция деп есептеді. Коминтернге қабылдау кезінде Германия Коммунистік жұмысшы партиясының өкілдеріне Германия Біріккен коммунистік партиясына қосылу және оны барлық істе қолдап отыру шарттары қойылды. Бірақ Германия Коммунистік жұмысшы партиясының басшылығы Коминтерн Атқару Комитетінің нұсқауларын орындамады. Коминтерннің III конгресі (1921 ж. июнь — июль) әлі де болса Германия Ком-

мунистік жұмысшы партиясына еріп отырған жұмысшыларды өзіне қарату үшін күресе отырып, Германия Коммунистік жұмысшы партиясына екі ай мерзім беруге, бұл мерзім ішінде партия съезд шақырып, бірігу туралы мәселені шешуге тиіс деп қаулы етті. Германия Коммунистік жұмысшы партиясының басшылығы III конгрестің шешімін орындаған жоқ, сойтіп Германия Коммунистік жұмысшы партиясы Коммунистік Интернационалдан сыртқары қалды. Ақырында Германия Коммунистік жұмысшы партиясы жұмысшы табының арасында тірегі жоқ бейшара сектанттық топсымаққа айналды.— *24.*

[20] *«Коммунистік Жұмысшы Газеті»* («Kommunistische Arbeiterzeitung»)— неміс «солшыл» коммунистерінің анархо-синдикалистік тобының органы (қараңыз: 19-ескерту). Газет 1919 жылдан 1927 жылға дейін Гамбургте шығып тұрды.

В. И. Ленин айтып отырған Карл Эрлер — Г. Лауфенбергтің әдеби бүркеншік аты.— *28.*

[21] Бұл арада әңгіме 1895 жылы күзде В. И. Ленин ұйымдастырған *«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы»* туралы болып отыр. «Күрес одағы» Петербургтің жиырмаға жуық маркстік үйірмесін біріктірді. «Күрес одағын» Орталық топ басқарды, оған В. И. Ленин, А. А. Ванеев, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский, Н. К. Крупская, Л. Мартов, М. А. Сильвин, В. В. Старков және басқалар енді. Тікелей басшылық ету осы топтың Ленин бастаған бес мүшесінің қолында болды. Ұйым аудандық топтарға бөлінді. Алдыңғы қатарлы, саналы жұмысшылар (И. В. Бабушкин, В. А. Шелгунов, т. б.) бұл топтарды фабрикалармен және заводтармен байланыстырды.

Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы», Лениннің сөзімен айтқанда, жұмысшы қозғалысына сүйенетін, пролетариаттың тап күресіне басшылық ететін революциялық партияның ұрығы болды.— *30.*

[22] *РКП(б) IX съезі* 1920 жылы 29 март — 5 апрельде Москвада өтті. IX съезд өзінің құрамы жағынан партияның бұған дейін өткен барлық съездерінің ішіндегі ең үлкені болды: оған 715 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен — 553 делегат, кеңесші дауыспен — 162 делегат қатысты; олар партияның 611 978 мүшесінің өкілдері еді. Съезде Орталық Россия, Украина, Урал, Сибирь және Қызыл Армия жуырда ғана азат еткен басқа аудандардың партия ұйымдарының өкілдері болды. Көптеген делегаттар съезге тура майданнан келді.

Съездің күн тәртібі: 1. Орталық Комитеттің есебі. 2. Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері. 3. Кәсіптік қозғалыс. 4. Ұйымдық мәселелер. 5. Коммунистік Интернационалдың міндеттері. 6. Кооперацияға көзқарас. 7. Мили-

ция жүйесіне көшу. 8. Орталық Комитеттің сайлауы. 9. Ағымдағы істер.

Съездің жұмысы В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ленин Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы есепті баяндама жасады және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі, шаруашылық құрылысы туралы, кооперация туралы сөз сөйледі, съезд жабыларда сөз сөйледі және партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидаттардың тізімі жөнінде ұсыныс жасап сөз сөйледі.

Съезд «Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарда «таяудағы тарихи дәуірге арналған *бірыңғай шаруашылық жоспарды* бұлжытпай жүзеге асыру — елдің шаруашылық жағынан өркендеуінің негізгі шарты болып табылатындығын» атап көрсетті («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 2-том, 1972, 156-бет). Бірыңғай шаруашылық жоспарда Ленин 10—20 жылға арналған ұлы программа ретінде алға қойған электрлендіру ісі басты орын алды. IX съездің директивалары Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия жоспарының (ГОЭЛРО) негізі болды, бұл жоспар біржола жасалып біткеннен кейін, 1920 жылы декабрьде Советтердің Бүкіл россиялық съезінде бекітілді.

Съезде өндірісті басқару ісін ұйымдастыруға зор көңіл бөлінді. Бұл мәселе жөніндегі қарарда дара басшылық негізінде білгір, берік және жігерлі басшылық орнату қажеттігі атап көрсетілді. Съезд В. И. Лениннің нұсқауларына сүйене отырып, социалистік шаруашылықтың мүдделері үшін байырғы мамандарды кеңінен пайдалану қажеттігін ерекше атап көрсетті.

Съезде партияның шаруашылық құрылыстағы бағытына антипартиялық «демократиялық централизм» тобы (Сапронов, Осинский, В. Смирнов және басқалары) қарсы шықты. «Децистер» демократиялық централизм туралы жел сөздерді бүркемеленіп, ал шын мәнінде бұл принципті бұрмалап, өндірісте дара басшылықтың қажеттігін теріске шығарды, берік партиялық және мемлекеттік тәртіп болуына қарсы шықты, Орталық Комитетте коллегиялық басшылық принципі қолданылмайды деген жалған пікірлер айтты. Съезде «децистердің» бұл тобын Рыков, Томский, Милютин, Ломов қолдады. Съезд «децистерге» тойтарыс беріп, олардың ұсыныстарын қабылдамай тастады.

Съезде еңбек жарысы мен коммунистік сенбіліктерге айрықша көңіл бөлінді. Жарысты өрістету үшін еңбекке ақы төлеудің сыйлық беру жүйесін кеңінен пайдалану ұсынылды. Съезд 1920 жылы сенбі күніне сәйкес келген халықаралық пролетарлық 1 Май мейрамын бүкіл россиялық ораса зор сенбілікке айналдыруға қаулы етті.

Съездің жұмысында кәсіподақтар туралы мәселе маңызды орын алды, бұл мәселе кәсіподақтардың бүкіл жұмысын

шаруашылық міндеттерді орындауға бейімдеу тұрғысынан қаралды. Съезд бұл мәселе жөніндегі шешімінде кәсіподақтардың ролін, олардың мемлекетпен және партиямен өзара қатынастарын, коммунистік партияның кәсіподақтарға басшылық ету формалары мен әдістерін, кәсіподақтардың шаруашылық құрылысына қатысу формаларын айқын белгілеп берді. Съезд кәсіподақтардың «тәуелсіздігін» қорғаған және кәсіподақтарды коммунистік партия мен Совет өкіметіне қарама-қарсы қойған анархо-синдикалистік элементтерге (Шляпников, Лозовский, Томский, Лутовинов) батыл тойтарыс берді.

Съезд 4 апрельдегі жабық мәжілісінде Орталық Комитеттің жаңа құрамын — Орталық Комитеттің 19 мүшесін және оның мүшелігіне 12 кандидатты сайлады. Орталық Комитеттің мүшелері болып В. И. Ленин, А. А. Андреев, Ф. Э. Дзержинский, М. И. Калинин, Я. Э. Рудзутак, Ф. А. Сергеев (Артем), И. В. Сталин және басқалар сайланды. 5 апрельде съезд өз жұмысын аяқтады.— *30.*

[23] 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін және 1919 жылды қоса алғанда партия мүшелерінің саны былай болып өзгерді: 1917 жылы РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясы қарсаңында партияның 80 000 мүшесі болды; РСДРП(б) VI съезі қарсаңында (1917 ж. июль — август) — партияның 240 000-ға жуық, РКП(б) VII съезі қарсаңында (1918 ж. март) — кем дегенде 300 000, РКП(б) VIII съезі қарсаңында (1919 ж. март) — 313 766 мүшесі болды.— *32.*

[24] Әңгіме РКП(б) VIII съезінің партия құрамының санын ұлғайту туралы шешімі негізінде жүргізілген «партиялық апта» туралы болып отыр. Ол Совет мемлекеті шетел соғыс интервенциясы мен ішкі контрреволюцияға қарсы қажырлы күрес жүргізіп жатқан кезеңде өтті. Бірінші рет партиялық апта РКП(б) Петроград ұйымында 1919 жылы 10 августан 17 августқа дейін өткізілген болатын (екінші партиялық апта Петроградта 1919 жылғы октябрь — ноябрьде өткізілді); 20 сентябрьден 28 сентябрьге дейін партиялық апта Москва губерниялық ұйымында өткізілді. Партиялық апта өткізу жөніндегі алғашқы тәжірибені қорыта келіп, РКП(б) Орталық Комитетінің 1919 жылғы 26 сентябрьдегі пленумы партиялық аптаны қалаларда, деревняларда және армияда өткізуге қаулы етті. Сентябрьдің аяғында Орталық Комитет барлық партия ұйымдарына нұсқау хат жолдап, онда былай деп көрсетті: қайта тіркеу мен тазалау партия ұйымдарының бәрінде дерлік аяқталғаннан кейін, Орталық Комитет партияға жаңа мүшелер қабылдайтын мезгіл жетті деп есептейді. Партиялық апта кезінде, деп атап көрсетті Орталық Комитет, партияға тек қана жұмысшыларды, жұмысшы әйелдерді, қызыл әскерлерді, матростарды, шаруа-

лар мен шаруа әйелдерді қабылдаған жөн. Бұл уақыттың ішінде барлық басқа адамдарды партияға қабылдамау керек. Партиялық апталың нәтижесінде РСФСР-дің европалық бөлегінің 38 губерниясында ғана партияға 200 мыңнан астам адам қабылданды, олардың жартысынан көбірегі жұмысшылар еді, ал майдандарда армия мен флоттағы барлық адам құрамының 25 процентіне дейінгісі партияға алынды. Осындай ауыр кезеңде партияға келген жұмысшылар мен шаруалар, деп жазды Ленин, «революцияшыл пролетариаттың және шаруалардың қанаушы емес бөлегінің ең жақсы және ең сенімді басшы кадрлары болып табылады» (Шығармалар толық жинағы, 40-том, 154-бет).— *33.*

[25] *«Коммунистический Интернационал»* («Коммунистік Интернационал»)— журнал, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің органы; орыс, неміс, француз, ағылшын, испан және қытай тілдерінде шығып тұрды. Бірінші номері 1919 жылы 1 майда шықты. Журналда теориялық мақалалар және Коммунистік Интернационалдың документтері басылып тұрды, онда Лениннің бірқатар мақалалары жарияланды. Журналда халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыс проблемаларына байланысты маркстік-лениндік теорияның негізгі мәселелерін, Совет Одағындағы социализм құрылысының тәжірибесін жазып тұрды, әр түрлі антилениндік ағымдарға қарсы күрес жүргізді. Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының Коммунистік Интернационалды тарату туралы 1943 жылғы 15 майдағы қаулысына байланысты 1943 жылдың июнінде журналды шығару тоқтатылды.— *38.*

[26] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 113—114-беттер.— *39.*

[27] *«Folkets Dagblad Politiken»* («Күнделікті Халықтық Саяси Газет»)— швед солшыл социал-демократтарының газеті, олар 1917 жылы Швеция солшыл социал-демократиялық партиясын құрды; газет 1916 жылғы апрельден бастап Стокгольмде әуелі күнара, одан соң күн сайын (1917 жылғы ноябрьге дейін «Politiken» деп аталды) шығарылып тұрды. 1918—1919 жылдары газеттің редакторы Ф. Стрём болды. 1921 жылы Швеция солшыл социал-демократиялық партиясы Коминтернге кіріп, Коммунистік партия деп аталды; газет осы партияның органы болды. 1929 жылы октябрьде Швеция Коммунистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін газет оның оң қанатының қолына көшті. 1945 жылы майда газетті шығару тоқтатылды.— *40.*

[28] *Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары* (Industrial Workers of the World — I. W. W.)— Америка Құрама Штаттары жұмысшыларының 1905 жылы құрылған кәсіподақ ұйымы; негізі-

нен әр түрлі кәсіптегі маманданбаған және ақы аз төленетін жұмысшыларды біріктірді. Ұйымды құруға американ жұмысшы қозғалысының қайраткерлері Д. Де Леон, Ю. Дебс және У. Хейвуд белсене ат салысты. Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары ұйымы сондай-ақ Канадада, Австралияда, Англияда, Латын Америкасында, Оңтүстік Африкада да құрылды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революцияның ықпалымен Америка Құрама Штаттарында өріс алған бұқаралық стачкалық қозғалыс жағдайында Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары бірқатар бұқаралық стачкаларды ойдағыдай өткізді, Американ еңбек федерациясының реформистік лидерлері мен оңшыл социалистер жүргізген таптық ынтымақтасу саясатына қарсы күресті. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында федерацияның қатысуымен американ жұмысшы табының соғысқа қарсы бірқатар бұқаралық бой көрсетулері өткізілді. Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшыларының кейбір басшылары (У. Хейвуд және басқалар) Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды және Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясына кірді. Сөйте тұрса да ұйым қызметінде анархо-синдикалистік белгілер көріне бастады: ұйым пролетариаттың саяси күресін мойындамады, партияның басшылық ролін, пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды, Американ еңбек федерациясына енген кәсіподақтар мүшелерінің арасында жұмыс жүргізуден бас тартты. Ұйымның анархо-синдикалистік лидерлері революцияның көптеген қайраткерлерінің түрмеде отырғанын пайдаланып, кәсіподақ бұқарасының еркіне қарамастан, 1920 жылы Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің ол ұйымды Коминтернге қосылуға шақырған үндеуін қабылдамай тастады. Басшыларының оппортунистік саясатының салдарынан Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары сектанттық ұйымға айналып, көп кешікпей жұмысшы қозғалысындағы ықпалынан айрылды.— *41.*

[29] *«Совет»* («Il Soviet») — Итальян социалистік партиясының газеті; 1918 жылдан 1922 жылға дейін Неапольде шығып тұрды; 1920 жылдан бастап Итальян социалистік партиясының коммунистік-абстенционистік фракциясының органы ретінде шықты.— *55.*

[30] *«Коммунизм»* («Comunismo») — Итальян социалистік партиясының екі апта сайын шығатын журналы; 1919 жылдан 1922 жылға дейін Миланда шығып тұрды, Д. Серрати редакциялады.— *55.*

[31] *Итальян социалистік партиясы* 1892 жылы құрылды. Партия құрылған кезден бастап-ақ оның ішінде екі бағыттың — оппортунистік бағыт пен революциялық бағыттың шиеленіскен идеялық күресі жүріп жатты. 1912 жылы Реджио-

Эмилиядағы съезде солшылдардың қысымымен ең ашық реформистер — соғысты, үкіметпен және буржуазиямен ынтымақтасуды жақтаушылар (И. Бономи, Л. Биссолати және басқалар) партиядан шығарылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап және Италия соғысқа араласқанға дейін Итальян социалистік партиясы соғысқа қарсы шығып, «Соғысқа қарсымыз, бейтараптықты жақтаймыз!» деген ұран көтерді. 1914 жылы декабрьде буржуазияның империалистік саясатын қорғаған және соғысты жақтаған ренегаттар тобы (Б. Муссолини және басқалар) партиядан шығарылды. Италияның Антанта жағында соғысқа араласуына байланысты (май, 1915) Итальян социалистік партиясында мынадай үш бағыт айқын көрінді: 1) буржуазияның соғысты жүргізуіне көмектескен оңшыл бағыт; 2) партия мүшелерінің көпшілігін біріктірген және «Соғысқа қатыспау керек және саботаж жасамау керек» деген ұран көтерген центристік бағыт және 3) соғысқа қарсы неғұрлым батыл позиция ұстаған, бірақ соғысқа қарсы дәйекті күрес ұйымдастыра алмаған солшыл бағыт. Солшылдар империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру, реформистерден батыл ажырасу қажеттігін түсінбеді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Итальян социалистік партиясының қатарында сол қанат күшейді. Партияның 1919 жылы 5—8 октябрьде Болоньяда өткен XVI съезі III Интернационалға қосылу туралы шешім қабылдады. Итальян социалистік партиясының өкілдері Коммунистік Интернационалдың II конгресінің жұмысына қатысты. Делегация басшысы, центристік позиция ұстаған Д. Серрати конгрестен кейін реформистерден ажырасуға қарсы шықты. 1921 жылы январьда партияның Ливорнодағы XVII съезінде көпшілік болған центристер реформистерден қол үзуден және Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттарын толық мойындаудан бас тартты. 1921 жылы 21 январьда солшыл делегаттар съезді тастап кетіп, Италия Коммунистік партиясының негізін салды.— *55.*

[32] Венгриядағы Совет өкіметі 1919 жылы 21 мартта құрылды. Венгриядағы социалистік революция бейбіт сипатта болды. Венгр буржуазиясы халық бұқарасына қарсылық көрсете алмады; ішкі және сыртқы қиыншылықтарды жеңуге әлі келмеген ол революцияның өрістеуіне кедергі жасау мақсатымен өкіметті оңшыл социал-демократтарға уақытша бере тұрмақ болды. Алайда Венгрия Коммунистік партиясының бұл кезде бұқара арасындағы беделінің орасан зор болғаны соншалық және социал-демократтар партиясының қатардағы мүшелерінің коммунистермен одақтасуды батыл талап еткені соншалық, социал-демократиялық партия басшылығы Коммунистік партияның тұтқында отырған басшыларына үкіметті бірлесіп құру жөнінде ұсыныс жасады. Социал-демократтардың лидерлері келіс сөздер кезінде

коммунистердің ұсынған шарттарын: совет үкіметін құру, буржуазияны қарусыздандыру, Қызыл Армия мен халық милициясын құру, помещиктік жерлерді конфискелеу, өнеркәсіпті национализациялау, Советтік Россиямен одақ жасасу жөніндегі және басқа шарттарды қабылдауға мәжбүр болды. Сонымен бірге екі партияны Венгрия Социалистік партиясы етіп біріктіру туралы келісімге қол қойылды. Екі партияны біріктіруді жүзеге асыру кезінде қателіктер жіберілді, бұл қателіктер кейін әсерін тигізді; бірігу реформистік элементтерден іргені аулақ салмай, жапа-тармағай қосылу жолымен жүзеге асырылды.

Революциялық үкімет советі бірінші мәжілісте-ақ Қызыл Армияны құру туралы шешім қабылдады. 26 мартта Венгрияның Совет үкіметі өнеркәсіп орындарын, транспортты, банктерді национализациялау туралы декреттер шығарды; 2 апрельде сыртқы сауда монополиясы туралы декрет жүзеге асырылды. Жұмысшылардың жалақысы орта есеппен 25 процентке көбейтілді, 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді; 3 апрельде жер реформасы туралы заң қабылданды, бұл заң бойынша көлемі 100 хольдтен (57 га) астам помсстьелердің бәрі конфискеленді. Алайда, конфискеленген жерлер жері аз және жері жоқ шаруаларға бөлініп берілмеді, қайта жергілікті жерлерде ұйымдастырылған ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтер мен мемлекеттік шаруашылықтарға берілді. Жер алудан үміт еткен ең кедей шаруалардың үміті ақталмады. Мұның өзі пролетариаттың шаруалармен берік одақ орнатуына кедергі жасады, Венгриядағы Совет өкіметін әлсіретті.

Антанта империалистері Венгрияда пролетариат диктатурасының орнатылуын дұшпандық ниетпен қарсы алды; Совет республикасы экономикалық блокадаға ұшыратылды. Венгр Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясы ұйымдастырылды. Интервенционистік әскерлердің шабуылы венгр контрреволюциясын жандандыра түсті. Халықаралық империализммен одақ жасасқан оңшыл социал-демократтардың сатқындық әрекеті де Венгр Совет республикасының күйреуіне тағы бір себеп болды.

1919 жылы жазда, Советтік Россия барлық жағынан жаулардың қоршауында болып, Венгр Совет республикасына көмек көрсете алмаған кезде орын алған қолайсыз халықаралық жағдай да теріс роль атқарды. 1919 жылы 1 августа сыртқы империалистік интервенция мен ішкі контрреволюцияның бірлесіп әрекет етуі нәтижесінде Венгриядағы Совет өкіметі құлатылды.— *55.*

[33] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 515—516-беттер.— *56.*

[34] *«Der Volksstaat»* («Халықтық Мемлекет»)—газет, герман социал-демократиясының (эйзенахшылдар партиясының)

орталық органы; В. Либкнехттің редакциялауымен Лейпцигте 1869—1876 жылдарда шықты. Газетке К. Маркс пен Ф. Энгельс жазып тұрды.— *56.*

[35] *Ұлттар лигасы* — бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстардың аралығындағы кезеңде болған халықаралық ұйым; ол 1919 жылы бірінші дүние жүзілік соғыста жеңіске жеткен державалардың Париж бейбітшілік конференциясында құрылды. Ұлттар лигасының уставы 1919 жылғы Версаль бітім шартының бір бөлігі болды және оған 44 мемлекет қол қойған еді. Ұлттар лигасының қызметін Ассамблея, Ұлттар лигасы Советі және бас секретарь басқаратын тұрақты Секретариат жүзеге асырып отырды. Ұлттар лигасының уставы бұл ұйым агрессияға қарсы күресу, қару-жарақты қысқарту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мақсатын көздейді деген әсер тудыратындай етіп жасалды. Шындығына келгенде Ұлттар лигасының басшылары агрессорларды қолпаштап, жанталаса қаруланууды және екінші дүние жүзілік соғысқа әзірленуді көтермеледі.

1920 жылдан 1934 жылға дейінгі кезеңде Ұлттар лигасының қызметі Совет Одағына дұшпандық сипатта болды. 1920—1921 жылдары Ұлттар лигасы Совет мемлекетіне қарсы қарулы интервенцияны ұйымдастыру орталықтарының біріне айналды.

1934 жылы 15 сентябрьде француз дипломатиясының инициативасы бойынша Ұлттар лигасына мүше 34 мемлекет Совет Одағына Лигаға кіру жөнінде ұсыныс жасады. Бейбітшілікті нығайту жолында күресу мақсатын көздеген СССР Ұлттар лигасына кірді. Алайда СССР-дің бейбітшілік майданын құру жөніндегі әрекеттері батыс державалардың реакцияшыл топтарының қарсылығына кездесе берді. Екінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін Ұлттар лигасының қызметі іс жүзінде тоқтап қалды. Арнайы шақырылған Ассамблеяның қаулысы бойынша 1946 жылы апрельде Ұлттар лигасы ресми түрде таратылды.— *59.*

[36] Бұл арада Ф. Энгельстің 1886 жылы 29 ноябрьде Ф. А. Зоргеге жазған хатындағы Энгельстің Америкада эмиграцияда жүрген неміс социал-демократтары теорияны «іске басшылық емес, догма деп санайды» деп, олардың сектанттық қызметін сынаған жері айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 423-бет).— *61.*

[37] Американ экономисі Г. Ч. Кэридің «Американ Құрама Штаттарының президентіне саяси-экономикалық хаттар» деген кітабына жазған рецензиясында Н. Г. Чернышевский былай деп жазды: «Тарих жолы — Нева проспектісінің тротуары емес; ол түгелдей бірде шаң-топырақты, бірде лайсаңды өңірмен өтеді, не мидай батпақ арқылы, не ну қалың орман

арқылы өтеді. Кімде-кім шаңға көміліп, батпаққа былғанудан қорқатын болса, ол адам қоғам қызметіне араласпай-ақ қойсын» (Н. Г. Чернышевский. Шығармалар толық жинағының он бес томдығы, VII том, 1950, 923-бет).— *61.*

[38] Бұл арада «Искра» редакциясының шетелде «Современное Обозрение» деп аталатын құпия органды бірлесіп шығару туралы П. Б. Струвемен жүргізген келіс сөзі айтылып отыр. Келіс сөз барысында П. Б. Струвенің «Искра» редакциясын «Современное Обозрениеге» қызмет етуге пайдаланбақ ниеті бар екені айқындалды, ол «Современное Обозрениені» көлемі, мазмұны және шығу жиілігі жағынан «Искрамен» бәсекелесе алатын органға айналдыруды көздеді. Басылым сол күйінде жүзеге аспай қалды. «Искра» өкілдерінің Струвемен жүргізген бұдан былайғы келіс сөздері толық ажырасумен тынды. Бұл мәселе В. И. Лениннің искралық кезеңдегі еңбектерінде егжей-тегжейлі баяндалады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 417—419, 420—421-беттер және Шығармалар, 34-том, 41—43-беттер).— *61.*

[39] Бұл арада Циммервальд пен Кинтальда өткізілген халықаралық социалистік конференциялар айтылып отыр.

Циммервальд конференциясы немесе Бірінші халықаралық социалистік конференция 1915 жылғы 5—8 сентябрьде болып өтті.

Кинталь конференциясы немесе Екінші халықаралық социалистік конференция 1916 жылғы 24—30 апрельде Кинталь деген жерде (Швейцария) болып өтті.

Циммервальд және Кинталь конференциялары Батыс Европа социал-демократиясының солшыл элементтерін марксизм-ленинизмнің идеялық негізінде топтастыруға көмектесті; бұл солшыл элементтер кейін өз елдерінде коммунистік партиялар құру және III, Коммунистік Интернационалды ұйымдастыру жолындағы күресте белсенді роль атқарды.— *62.*

[40] *«Революцияшыл коммунистер»*— халықшылдық бағыттағы топ, бұл топ 1918 жылғы июльде болған солшыл эсерлер бүлігінен кейін солшыл эсерлер партиясынан бөлініп шығып, ол партиядан қол үзді. 1918 жылғы сентябрьде бұл топ «революциялық коммунизм партиясы» деп аталатын партия болып құрылды, партия РКП(б)-мен ынтымақтасуды жақтап, Совет өкіметін қолдайтындығын мәлімдеді. «Революцияшыл коммунистердің» программасы,— бұл программада олар халықшылдық утопизм позициясында қалды,— үлкен шатасушылық және эклектикалық көзқарастар сипатында болды. Советтер өкіметінің социалистік құрылыс орнату үшін алғы шарттар жасайтындығын мойындай отырып, «революцияшыл коммунистер» сонымен қатар капитализмнен социализмге өту кезеңінде пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды. «Революциялық коммунизм партиясы» өмір сүрген

уақыт ішінде одан жекелеген топтар бөлініп шықты, олардың ішінде біреулері РКП(б)-ға (А. Колегаев, А. Биценко, М. Доброхотов және басқалар), екінші біреулері солшыл эсерлерге ауысты. «Революциялық коммунизм партиясының» екі өкілі кеңесші дауыс правосымен Коминтерннің II конгресіне қатысты. Конгрестің әрбір елде тек бір ғана коммунистік партия болуы керек деген шешімінен кейін «революциялық коммунистер партиясы» 1920 жылы сентябрьде РКП(б)-ға кіру туралы қаулы қабылдады. Осы жылғы октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті партия ұйымдарына бұрынғы «революциялық коммунистер партиясының» мүшелерін РКП(б)-ға қабылдауға рұқсат етті.— *62.*

[41] *Версаль бітім шарты* 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғысты аяқтады, оған 1919 жылы 28 июньде, бір жағынан, Америка Құрама Штаттары, Британия империясы, Франция, Италия, Жапония және олармен біріккен державалар, екінші жағынан, Германия қол қойды.

Версаль бітім шартына баға бере келіп, Ленин былай деді: «Бұл бітім — ондаған миллион адамды, соның ішінде ең цивилизациялы адамдарды құлдық халге түсірген құлақ естімеген, тонаушылық бітім» (осы том, 384-бет). Версаль бітім шарты капиталистік дүниенің жеңімпаз-державалардың пайдасына қайта бөліпуін баянды етуді, сондай-ақ елдер арасында Советтік Россияны тұншықтыруға және бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысты талқандауға бағытталған қатынастар системасын жасауды мақсат етті.— *66.*

[42] *Британ социалистік партиясы* (British Socialist Party — B. S. P.) 1911 жылы Манчестерде Социал-демократиялық партияның басқа социалистік топтармен бірігуі нәтижесінде құрылды. Британ социалистік партиясы марксизм идеялары рухында үгіт жүргізді және «оппортунистік емес, *шынында да* либералдарға тәуелді емес» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 23-том, 378-бет) партия болды. Алайда партияның сан жағынан аздығы және оның бұқарамен байланысының әлсіздігі оған біраз сектанттық сипат берді. Дүние жүзілік империалистік соғыс дәуірінде партияда интернационалистік ағым (У. Галлахер, А. Инкпин, Д. Маклин, Ф. Ротштейн және басқалар) мен Гайндман бастаған социал-шовинистік ағым арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Интернационалистік ағым ішінде бірқатар мәселелер жөнінде центристік позиция ұстаған дәйексіз элементтер болды. 1916 жылдың февралында Британ социалистік партиясының бір топ қайраткерлері «The Call» («Үндеу») газетінің негізін қалады, бұл газет интернационалистерді топтастыруда маңызды роль атқарды. Британ социалистік партиясының 1916 жылдың апрелінде Солфордта өткен жыл сайынғы конференциясы Гайндман мен оның жақтастарының социал-шовинистік позициясын айыптады, сөйтіп олар партиядан шығып кетті.

Британ социалистік партиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды. Британ социалистік партиясының мүшелері ағылшын еңбекшілерінің Советтік Россияны шетел интервенциясынан қорғау жолындағы қозғалысында зор роль атқарды. 1919 жылы партия ұйымдарының басым көпшілігі (4 ұйымға қарсы 98 ұйым) Коммунистік Интернационалға кіруді жақтады. Британ социалистік партиясы Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды. 1920 жылы өткен бірінші бірігу съезінде Британ социалистік партиясы жергілікті ұйымдарының басым көпшілігі Коммунистік партияға қосылды.— *68.*

[43] *Социалистік жұмысшы партиясы (*Socialist Labour Party)— революциялық маркстік ұйым, 1903 жылы Шотландияда Социал-демократиялық федерациядан бөлініп шыққан солшыл социал-демократтар тобынан құрылды, топтың басым көпшілігі шотландтар еді.

Оңтүстік Уэльс социалистік қоғамы (South Wales Socialist Society)— басым көпшілігі Уэльстің революцияшыл шахтерлерінен құралған шағын топ. Қоғам өз жұмысын кен ісінде реформа жасау жолындағы қозғалыстан бастады, бұл қозғалыс бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында-ақ елеулі түрде күшейе түскен болатын.

Жұмысшы социалистік федерациясы (Workers' Socialist Federation) — шағын ұйым, бұл ұйым 1918 жылғы майда Әйелдердің сайлау праволарын қорғау қоғамынан туды және ол негізінен әйелдерден құралды.

Великобритания Коммунистік партиясы құрылып, өз программасына ол партияның парламент сайлауына қатысуы және Жұмысшы партиясына кіруі туралы пункттер енгізген кезде (құрылтай съезі 1920 жылы 31 июль — 1 августа болып өтті), аталған ұйымдар сектанттық қателіктер жіберіп, компартияға кірмеді. 1921 жылғы январьда Оңтүстік-Уэльс социалистік қоғамы мен сол кезде «Коммунистік партия (III Интернационалдың Британ секциясы)» деп аталған Жұмысшы социалистік федерациясы Великобритания Коммунистік партиясымен бірікті. Социалистік жұмысшы партиясының басшылығы бірігуден бас тартты.— *68.*

[44] *«Жұмысшы Дредноуты»* («Workers' Dreadnought») — 1914 жылғы марттан 1924 жылғы июньге дейін Лондонда шығып тұрды; 1917 жылғы июльге дейін «Woman's Dreadnought» деген атпен шығарылды. 1918 жылы Жұмысшы социалистік федерациясы құрылғаннан кейін осы ұйымның органы болды.— *68.*

[45] *«Manchester Guardian»* («Манчестер Сақшысы») — буржуазиялық-либералдық газет, ағылшын буржуазиясының өте-

моте кең тараған және ықпалды газеттерінің бірі. 1821 жылы апталық газет ретінде құрылған (1857 жылдан бастап күн сайын шығып тұрады). Октябрь социалистік революциясынан кейінгі алғашқы жылдары газет Россиядағы жағдайды азды-көпті объективті түрде жазып тұрды; кейінірек СССР-ге жала жабуға көшті.— *73.*

[46] Бұл арада буржуазия мен помещиктердің 1917 жылғы августағы контрреволюциялық бүлігі айтылып отыр, бүлікті армияның жоғарғы бас қолбасшысы, патша генералы Корнилов басқарды. Заговоршылар Петроградты алуды, большевиктік партияны талқандауды, Советтерді таратып жіберуді, елде әскери диктатура орнатып, монархияны қалпына келтіруге әзірлік жасауды өздерінің мақсаты етіп қойды.

Бүлік 25 августа (7 сентябрьде) басталды. Корнилов Петроградқа 3-ші атты әскер корпусын аттандырды. Петроградтың өз ішінде корниловшыл контрреволюциялық ұйымдар көтеріліске әзірленді.

Большевиктер партиясы басқарған жұмысшылар мен шаруалар Корниловтың көтерілісін басып тастады. Бұқараның қысымымен Уақытша үкімет Корниловты және оның сыбайластарын қамауға алып, оларды сотқа тарту туралы жарлық беруге мәжбүр болды.— *87.*

[47] Бұл арада «Капп бүлігі» деп аталған әскери-монархиялық төңкеріс айтылып отыр; бұл төңкерісті герман реакцияшыл әскери тобы жүзеге асырды. Бүлікті монархистер — помещик Капп пен генералдар Людендорф, Сект және Лютвиц ұйымдастырды. Заговоршылар төңкерісті социал-демократиялық үкіметтің көрінеу көз алдында әзірледі. 1920 жылы 13 мартта бүлікші генералдар Берлинге әскер бөлімдерін аттандырып, үкімет тарапынан қарсылық жасалмағандықтан, әскери диктатура жариялады. Германия жұмысшылары төңкеріске жаппай ереуіл жасаумен жауап берді. Пролетариаттың тегеурінімен 17 мартта Капп үкіметі құлады; өкімет басына қайтадан социал-демократтар келді.— *87.*

[48] *Дрейфус ісі* — 1894 жылы француз соғысқұмарларының реакциялық-монархистік топтары француз бас штабының офицері — еврей Дрейфусқа қарсы ұйымдастырған арандатушылық процесс; Дрейфусқа шпиондық және мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айып тағылды. Реакцияшыл соғысқұмарлардың әдейі ұйымдастыруымен өмір бойы тұтқында болуға үкім шығарылған Дрейфустың сотталуын Францияның реакциялық топтары антисемитизмді өршіту және республикалық режим мен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуылға шығу үшін пайдаланды. 1898 жылы социалистер және буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы өкілдері (олардың ішінде Э. Золя, Ж. Жорес,

А. Франс және басқалар бар) Дрейфустың ісін қайта қарау үшін науқан ашқан кезде, бұл іс ашық саяси сипат алды және елді екі лагерьге: бір жағынан, республикашылдар мен демократтар лагеріне, екінші жағынан, монархистердің, клерикалдардың, антисемиттер мен ұлтшылдардың блогы лагеріне бөлді. 1899 жылы жұртшылық пікірінің қысымымен Дрейфус босатылды; 1906 жылы кассациялық соттың шешімі бойынша ол кінәсыз деп танылып, армияға қайта алынды.— *92.*

49 *«Қызыл Ту»* («Die Rote Fahne»)—«Спартак одағының» орталық органы ретінде К. Либкнехт пен Р. Люксембург негізін қалаған газет; кейіннен — Германия Коммунистік партиясының орталық органы. Газет 1918 жылы 9 ноябрьден бастап Берлинде шығып тұрды; герман өкімет орындары тарапынан талай рет қуғындалып, талай рет тыйым салынды.

«Die Rote Fahne» Германия Коммунистік партиясын бұқаралық пролетарлық революциялық партияға айналдыру және оны оппортунистік элементтерден тазарту жолындағы күресте үлкен роль атқарды. Газет елді милитарландыруға қарсы қажырлы күрес жүргізді, жұмысшы табының фашизмге қарсы күресте қимыл бірлігін орнатуды жақтады. Газетке Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің председателі Э. Тельман белсене жазып тұрды. Германияда фашистік диктатура орнағаннан кейін «Die Rote Fahne»-ға тыйым салынды, бірақ ол құпия түрде шығуын тоқтатпай, фашистік режимге үзілді-кесілді қарсы шықты. 1935 жылы газеттің шығарылуы Прагаға (Чехословакия) көшірілді; 1936 жылдың октябрінен 1939 жылдың күзіне дейін Брюссельде (Бельгия) шығарылып тұрды.— *105.*

50 *«Die Rote Fahne»* («Қызыл Ту»)— газет, Австрия Коммунистік партиясының орталық органы: 1918 жылғы ноябрьден Венада шығып тұрды. Әуелі «Der Weckruf» («Ұран») деген атпен, 1919 жылғы январьдан бастап «Die Soziale Revolution» («Әлеуметтік Революция») деген атпен, ал 1919 жылғы июльден бастап «Die Rote Fahne» деген атпен шыға бастады. 1933 жылы «Die Rote Fahne» құпия жағдайға көшуге мәжбүр болды. 1945 жылғы августан бастап «Österreichische Volksstimme» («Австрия Халық Үні») деген атпен шығып тұрды, 1957 жылғы 21 февральдан бастап ол «Volksstimme» деп аталады.— *107.*

51 *«Die Freiheit»* («Бостандық»)— күнделікті газет, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының органы; 1918 жылғы 15 ноябрьден 1922 жылғы 30 сентябрьге дейін Берлинде шығып тұрды.— *107.*

52 *«Советтік» «право қорғаушылар»*— право қорғаушылар коллегиялары; бұл коллегиялар 1918 жылы февральда жұмыс-

шы, солдат, шаруа және казак депутаттары Советтерінің жанынан құрылды. 1920 жылғы көктемде право қорғаушылар коллегияларын тарату туралы мәселе қойылды, өйткені көптеген коллегияларда советтік сот ісін жүргізу негіздерін бұрмалаған, қиянат жасауға жол берген буржуазиялық адвокаттардың ықпалы күшті болды. 1920 жылғы октябрьде право қорғаушылар коллегиялары таратылды.— *112.*

[53] В. И. Лениннің осы нұсқауына сүйене отырып, осы томға енген «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбектің текстіндегі «голланд трибунистері» деген сөздер барлық жерде «голланд коммунистік партиясының кейбір мүшелері» деген сөздермен ауыстырылды.— *115.*

[54] Бірінші коммунистік сенбілікті 1919 жылы 12 апрельде Москва-Қазан темір жолындағы Сортировочная станциясы деπосының теміржолшы-жұмысшылары өткізді. Көп кешікпей елдің әр түрлі қалаларындағы көптеген басқа кәсіпорындарда да сенбілік өткізіле бастады. Алғашқы коммунистік сенбіліктердің тәжірибесін В. И. Ленин «Ұлы бастама (Тылдағы жұмысшылардың ерлігі туралы. «Коммунистік сенбіліктер» жөнінде)» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 39-том, 1—31-беттер) деген еңбегінде қорытындылап берді.

Бүкіл россиялық сенбілік-маевка 1920 жылы 1 майда өткізілді. Москваның бір өзінде ғана бірінші май сенбілігіне 425 мыңнан астам адам қатысты. Бұл сенбілікке В. И. Ленин де қатысты; ол Кремль курсанттарымен бірге жұмыс істеп, Кремльді құрылыс материалдарынан тазартты.

Лениннің *«Москва-Қазан темір жолындағы бірінші сенбіліктен Бүкіл россиялық сенбілік-маевкаға»* деген мақаласы 1920 жылы 2 майда «Первомайский Субботник» деген бір күндік газетте жарық көрді, бұл газетті 1 майдағы сенбілікте «Правда», «Известия ВЦИК», «Экономическая Жизнь», «Беднота» газеттерінің, РОСТА телеграф агенттігінің қызметкерлері құрастырып, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті баспаханасының жұмысшылары теріп, басып шығарды.— *118.*

[55] *Польша майданына бара жатқан қызыл әскерлерге арналған сөзін* В. И. Ленин Театр алаңында (қазір Свердлов атындағы алаң) сөйледі, мұнда Москва гарнизоны әскерлерінің парады өткізілді. Парадқа майданға бара жатқан Петроград коммунистері де қатысты.— *121.*

[56] *Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, Москва қаласының кәсіптік одақтары мен фабрика-завод комитеттері өкілдерінің* 1920 жылы 5 майда Үлкен театрда өткен *біріккен мәжілісі* ақ поляктардың Советтік

Россияға шабуыл жасауына байланысты шақырылды. Мәжіліске Петроградтың Польша майданына бара жатқан 300 коммунист-жұмысшысы да қатысты. Мәжілісте бір мәселе — Польша майданының жағдайы туралы мәселе талқыланды. Бірауыздан қабылданған қарарда былай делінді: «Біріккен мәжіліс: Россияның еңбекшілер бұқарасы поляк буржуазиясының шабуылына күйрете соққымен жауап беруге әзір деп жариялап, орыс жұмысшылары мен шаруаларын өздерінің барлық күш-жігерін батыс майданын нығайту және осы ақырғы майданда толық та жедел жеңіске жету үшін жұмылдыруға шақырады, сонымен бірге Польшаның туысқан еңбекші халқына өз сәлемін жолдайды» («Правда» № 96, 6 май, 1920 жыл).— *123.*

[57] Әңгіме Антанта державаларының 1920 жылы 19—26 апрельде Сан-Ремода (Италия) өткен конференциясы туралы болып отыр. Конференция жұмысына Антанта Жоғарғы советінің мүшелері, үкімет басшылары: Франциядан — Мильеран, Англиядан — Ллойд Джордж, Италиядан — Нитти қатысты, сондай-ақ Жапонияның, Бельгияның және Грецияның өкілдері қатысты, олар өз елдерінің мүдделеріне байланысты мәселелерді талқылауға қатысу үшін ғана шақырылды; Америка Құрама Штаттарынан бақылаушы қатысып отырды. Конференция мына мәселелерді: Германияның Версаль шартын орындауы туралы, Түркиямен бітім шартын әзірлеу туралы, Советтік Россияның кооперативтік қоғамдарымен сауда қатынастарын орнату туралы және басқа мәселелерді талқылады. Конференцияда Совет мемлекетіне көзқарас жөнінде бірқатар ымыраға келушілік мәлімдемелер жасалғанмен де, Антанта державаларының көп ұзамай совет-поляк соғысы жөнінде ұстаған позициясы мұндай мәлімдемелердің бүтіндей екіжүзділігін көрсетіп берді.

Сан-Ремодағы конференция аяқталғаннан кейін Англияның премьер-министрі Ллойд Джордж қауымдар палатасында конференцияның қорытындылары туралы баяндама жасады. Франция мен Англия арасындағы алауыздықтарға тоқтала келіп, Ллойд Джордж: «конференция қабылдаған шешімдер қандай да болсын түсініспеушілікті сейілтті. Версаль шарты бұлжымас негіз болып қалды, Европа саясаты осы негізге сүйенуі керек» («Известия ВЦИК» № 94, 4 май, 1920 жыл) деп мәлімдеді.— *126.*

[58] Қызыл Армияның тұрақты бөлімдерін шаруашылық құрылыс саласында пайдалану үшін оларды еңбек армиялары жағдайына көшіру 1920 жылдың бас кезіндегі бейбіт тыныс алу кезеңінде Совет елі душар болған жағдайға байланысты туды, бұл кезеңде империалистердің соғыс интервенциясы қайталануын күн сайын күтуге болатын еді. Еңбек армияларының құрылуына байланысты В. И. Ленин 1920 жылғы февральда былай деп көрсетті: «Соғыстан бейбіт

құрылысқа көшу міндеті тым ерекше жағдайда алға қойылып отыр — бұл жағдайда біз армияны тарата алмаймыз, өйткені біз, ең болмаса, әлі де бізге Антанта айдап салып отырған сол Польшаның немесе қандай да болсын басқа державаның шабуыл жасау мүмкіншілігімен есептесуге тиіспіз» (Шығармалар толық жинағы, 40-том, 114-бет). 1920 жылғы 15 январьда Қорғаныс Советі 3-ші армияны 1-ші еңбек армиясы етіп қайта құру туралы қаулы қабылдады және Революциялық-әскери совет мүшелері мен Азық-түлік халық комиссариаты, Қатынас жолдары халық комиссариаты, Егіншілік халық комиссариаты, Еңбек халық комиссариаты және Халық шаруашылығы жоғары советі өкілдерінен 1-ші еңбек армиясының Советін құрды. 17 және 18 январьда әскер бөлімдерін шаруашылық майданда пайдалану туралы мәселе РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында талқыланды. Қорғаныс Советінің 3-ші армияны 1-ші еңбек армиясы етіп қайта құру туралы қаулысы мақұлданды және Кубань-Грозный, Украин, Қазан және Петроград еңбек армияларын құрудың жобаларын әзірлеу туралы шешім қабылданды. 21 январьда РСФСР Халық Комиссарлары Советі Бүкіл украиндық революциялық комитетпен келісе отырып, Оңтүстік-Батыс майдан аймағында Украин еңбек армиясын құру туралы шешім қабылдады. 10 февральда Қорғаныс Советі 7-ші армияның атын Петроград революциялық еңбек армиясы деп өзгерту туралы қаулы алды. Январьдың аяғы мен февральдың басында Республиканың Запастағы армиясы және 2-ші армияның бөлімдері, мартта — 8-ші армияның әскерлері, ал біраз кейінірек басқа да бірқатар әскер құрамалары шаруашылық құрылысына тартылды. Помещиктік-буржуазиялық Польшамен және Врангельмен соғыстың басталуы еңбек армияларын жауынгерлік жағдайға көшіруге мәжбүр етті.— *128.*

[59] Ленин бұл арада Совет үкіметінің одақтастармен, сондай-ақ Россия территориясында құрылған ақ гвардиялық үкіметтермен бітім жасасуға келісетін шарттарын анықтау үшін 1919 жылы мартта Советтік Россияға келген Буллитпен жүргізілген келіс сөздерді айтып отыр. Америка Құрама Штаттарының президенті Вильсон мен Великобританияның премьер-министрі Ллойд Джордж тарапынан жасалған ұсыныстар Буллит арқылы жіберілген болатын.

Тезірек бітім жасасуға ұмтылған Совет үкіметі ұсынылған шарттар негізінде келіс сөз жүргізуге ризалық білдірді, алайда, бұл шарттарға елеулі түзетулер енгізді (Америка Құрама Штаттары үкіметінің өкілі Буллит пен РСФСР үкіметі әзірлеген одақтас және біріккен елдер бітім ұсынысы жобасының текстін мына жинақтан қараңыз: «СССР сыртқы саясатының документтері», II том, 1958, 91—95-беттер).

Буллит Советтік Россиядан жүріп кеткеннен кейін көп ұзамай Колчак Шығыс майданда біраз табысқа жеткен

болатын, сондықтан Совет мемлекеті талқандалады деп үміттенген империалистік үкіметтер бітім жөнінде келіс сөздер жүргізуден бас тартты. Вильсон Буллит апарған келісім жобасын жариялауға тыйым салды, ал Ллойд Джордж парламентте сөйлеген сөзінде Совет үкіметімен екі арадағы келіс сөздерге өзінің ешқандай қатысы жоқ екенін мәлімдеді.— *132.*

60 *Ағылшын жұмысшы делегациясы* Россияға 1919 жылы декабрьде өткен британ тред-юниондары конгресінің шешімі бойынша Советтік Россияның экономикалық және саяси жағдайымен танысу үшін жіберілді. Делегация құрамына мыналар кірді: лейбористік партиядан — Бен Тернер (делегация басшысы), Э. Сноуден, Т. Шоу, Р. Вильямс; тред-юниондардан — М. Бонфильд, А. Парсель, Г. Скиннер; делегацияның секретарьлары Р. Бакстон мен Х. Гест болды. Лейбористік партия мен тред-юниондар делегациясымен бірге Россияға ағылшын Тәуелсіз жұмысшы партиясының өкілдері Уолхэд және Клиффорд Аллен келді. Тәуелсіз жұмысшы партиясының өкілдері делегация құрамына ресми түрде кірген жоқ.

В. И. Ленин ағылшын делегациясының келуіне үлкен мән берді. Ол ВЦСПС өкілдеріне делегаттарды жақсылап қарсы алуды, отанына қайтып барғанда олардың Советтік Россия туралы шындықты айта алатындай болуы үшін оларды совет халқының өмірімен кеңінен таныстыруды тапсырды.

1920 жылы 12 майда делегация Петроградқа, ал 17 майда Москваға келді. Советтік Россия еңбекшілері делегацияны ыстық ықыласпен қабылдап, делегация мүшелері арқылы Англия еңбекшілерін құттықтады. Делегация құрметіне митингілер ұйымдастырылды, Үлкен театрда салтанатты жиналыс болып, Москва гарнизоны әскерлерінің парады өткізілді. Делегация мүшелері Совет Республикасының өмірімен егжей-тегжейлі танысты, Поволжьенің бірқатар қалаларын аралап шықты және майдан шебіне барып қайтты, сенбіліктерге қатысты. Делегация мүшелері Англия мен Советтік Россия еңбекшілерінің туысқандық ынтымағын нығайтуға өздерінің бекем бел буғандығын мәлімдеді; олар «ағылшын үкіметінің поляк үкіметіне оның жаңа шабуыл жасауы үшін беріп отырған ашық немесе жасырын көмегінің қандайына болса да қарсы және Россияны Польшаның талаптарын орындауға күштеп көндіру үшін қолданылып отырған қандай да болсын қоқан-лоқыға қарсы» наразылық білдірді. 26 майда делегацияны В. И. Ленин қабылдады. Делегаттар Совет мемлекетінің басшысымен кездескеннен кейін Б. Тернер Ленинге хат жолдап, онда былай деп жазды: «Маған көрсетілген жылы шырай мен қонақжайлылық үшін менің Сізге және Россия Совет республикасына шын жүректен алғыс айтқым келеді... Біздің елдің пролетариатына жолдаған Сіздің құттықтауыңызды, Сіз рұқсат етсеңіз,

ағылшын жұмысшы партиясының конференциясында қуана-қуана айтар едім. Сіздің жұмысшы республикасын құру жөніндегі батыл әрі ғылыми негізделген талабыңыз жұрттың бәріне керемет үлгі болып табылады. Сіздің бұл жөнінде табысқа жететініңізге мен сенемін. Жаңа, социалистік мемлекет құруда Сіздің табысқа жетуіңізге шын жүректен тілектестік білдіремін» («Коммунист», 1960, № 3, 7-бет). Ағылшын жұмысшы делегациясы өз отанына қайтып оралғаннан кейін Россиядағы жағдай туралы баяндама жариялады (қараңыз: «British Labour Delegation to Russia 1920. Report». London, 1920).— *133.*

[61] В. И. Лениннің *«Индия революциялық ассоциациясына»* жолдаған құттықтауы 1920 жылы 17 февральда Кабулда өткен Индия революционерлері жиналысынан Лениннің атына жіберілген қарарға жауап ретінде 1920 жылы 10 майда радио арқылы берілді. Жиналыс қарарында былай делінген: «Барлық езілген таптар мен халықтарды азат ету жолында, әсіресе Индияны азат ету жолында Советтік Россия жүргізіп жатқан ұлы күрес үшін Индия революционерлері тебірене алғыс айтып, мақтаныш сезімін білдіреді. Империализм езгісінен адам айтқысыз азап шеккен 315 000 000 адамның көкірегін жарып шыққан күңіреністі үнін Советтік Россияның еситкені үшін Советтік Россияға шексіз ризалық білдіреміз. Бұқара халық митингісі достық әрі көмек көрсету ниетімен ұсынылған қолды, езілген Индияға ұсынылған қолды қуана-қуана қабыл алады» («Правда» № 108, 20 май, 1920 жыл).— *134.*

[62] Қаулының жобасы 1920 жылы 25 майда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қабылданды.— *135.*

[63] *«Ағылшын жұмысшыларына хат»* 1920 жылы 17 июньде «Правда», «Известия ВЦИК», «Коммунистический Труд», «Гудок» газеттерінде жарияланды және сол күні Англияда Британ социалистік партиясының апталығы «The Call»-де («Үндеу») басылып шықты. 19 июньде хат Англия Жұмысшы социалистік федерациясының органы —«Workers' Dreadnought»-те («Жұмысшы Дредноуты») және «The Russia Outlook» («Россияға Көзқарас») журналында, 22 июньде «The Daily Herald» («Күнделікті Хабаршы») деген лейбористік газетте жарияланды. Будан былай «Ағылшын жұмысшыларына хат» Советтік Россияда да, шетелде де сан рет жарияланды.— *136.*

[64] *«Нью-Стейтсмэн»* («The New Statesman»—«Жаңа Мемлекет Қайраткері»)— Фабий қоғамының апталық журналы; 1913 жылы Лондонда негізі қаланды. 1931 жылдан журнал «The New Statesman and Nation» («Жаңа Мемлекет Қайраткері және Ұлт») деген атпен шыға бастады. Қазіргі кезде лей-

бористік партияның сол қанатының көзқарасын білдіреді.— *138.*

[65] *В. И. Лениннің «Осака Асахи» газетінің өкілі, жапон тілшісі Р. Накахирамен әңгімесі* 1920 жылы 3 июньде Кремльде, Лениннің жұмыс кабинетінде өтті. Москвадан жіберген өзінің корреспонденциясында Накахира былай деп хабарлады: «Кабинет жиһазы, мен күткендей емес, қарапайым да жұпыны болып шықты, ал мұнысы мені қатты қайран қалдырды... Ленин бізді өзінің байырғы достарындай мейлінше қарапайымдылық көрсетіп, жылы шыраймен қабылдады. Ол өзі Россияда жоғары лауазымды қызметте отырса да, оның өзін өзі ұстау манерасы мен сөйлесу әдісінде өзінің жоғары қызмет бабын көрсетіп қалайын деген ойдың нышаны да жоқ» («Осака Асахи» № 13814, 13 июнь, 1920 жыл). Келесі күні Накахира, кейінірек өзі еске түсіргеніндей, өзі алған интервьюдің текстін Ленинге әкеледі, Ленин интервьюді түгел оқып шығып, бірнеше түзету енгізеді.

Төменде *В. И. Лениннің жапонның басқа бір тілшісімен — «Осака Майнити» және «Токио Нити-Нити» газеттерінің өкілі К. Фусэмен әңгімесі* басылып отыр. Фусэмен әңгіме 3 немесе 4 июньде болды. Мүмкін, Ленин екі тілшіні бір мезгілде қабылдаған да шығар. Фусэ әңгіме жиырма минутқа жуық уақытқа созылды деп хабарлайды. Әңгіме кезінде Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты шығыс бөлімінің меңгерушісі А. Н. Вознесенский қатысып отырды. Вознесенский өзі естіген осы әңгіменің егжей-тегжейін былай деп келтіреді:

«Жапон тілшісімен болған интервью өте-мөте өзгеше түрде өтті. Отырмай жатып-ақ, В. И. Ленин жолдас өзінің креслосын Фусэ мырзаға жақын жылжытып қойып алды да, оған сұрақтарды жаудыра жөнелді: «Сіздердегі жерсіз шаруаның жағдайы қалай? Ол помещикке қалай және қанша төлеп тұрады? Сіздердегі помещиктер қандай? Орта және ірі помещикте қанша десятина жер бар? Шаруа ұйымдары бар ма?» Фусэ ілтипатпен жауап қайтарып отырды. «Ал сіз өзіңіз қай таптан шыққансыз, интеллигентсіз бе?» — «Мен ұсақ помещиктің баласымын»,— деп жауап қатты жапон тілшісі. «Олай болса, сіздің әкеңіздің қанша десятина жері бар?» — деп Ильич Фусэ мырзадан қайтара сұрады. Фусэ жапон өлшемі бойынша атады. Ленин оның десятинаға баламасы қанша болатынын білгісі келді. Сөйтсек, ондаған десятина болып шықты. «Ғапу етіңіз, ғапу етіңіз,— Ленин іле қарсылық білдірді,— онда бұл тіпті де ұсақ помещик болмай шықты ғой; Жапония үшін ол енді орта, ірі дерлік жер иеленуші ғой. Демек, сіз буржуй екенсіз ғой». Тілшінің абыржып қалғанын елең қылмастан, Ленин Жапонияны электрлендіру мәселесіне ойысты, ол Жапонияның бұл саладағы қол жеткен табыстарын және тау өзендерін кәдеге жарату арқылы электрдің барлық жерге таралғанын біліп,

қайран қалды. Содан соң ол халыққа білім беру мәселесіне ауысты да, Фусэге тағы да бастырмалата сұрақтар қоя бастады: «Сіздерде жалпыға бірдей міндетті білім беру ісі қашан енгізілді және қанша жылға енгізілді, сіздерде сауатсыздар бар ма?». «Бақытты ел,— деп сүйсінді Ильич Фусэнің: Жапонияда сауатсыздар жоққа жуық деп қайтарған жауабына.— Ал енді сіздерде балаларды ешқашан да жазаламайды, оларды ұрып-соқпайды деген сөз рас па; мен бұл жайлы бір жерден оқыған едім». «Иә,— деп жауап берді Фусэ,— бізде балаларды ұрмайды, бізде балаларды бүкіл семья мен мемлекеттің үйтқысы деп санап, өзінше алғанда оларға табынады». Ленин жолдас ойланып қалды да былай деді: «Онда сіздер бақытты халық қана емес, ұлы да халық болдыңыздар. Мұндай сарқыншақтан, тәрбие ісінде жазалауды қолданатын, тағылық сарқыншақтан тіпті Европаның алдыңғы қатарлы делініп жүрген елдері де арыла алған жоқ». Содан соң Ленин сәл ойланып, өзінің әңгімелесіп отырған адамына сынай көз тастап, былай деп сұрады: «Сонымен-сонымен сіздерде Жапонияда балаларға тіпті шапалақ та тигізбей ме?»—«Жоқ,— деп Фусэ батыл қарсылық білдірді,— біз балаларды ешқашан да ұрмаймыз». Ленин кеудесін кере шалқайды да екеуімізге аңтарыла қарады, Жапонияда сәби кезімде болғанымды және өзімді жапон әйелі күтіп-баққанын айтып, мұны мен де растағанымда: «Иә,— деп түйді Ленин.— Бұл тамаша халық, бұл нағыз мәдениет»...

Фусэ өзінің қоятын сұрақтары жазылған қағазын асығыс қолына ала салып, интервью ала бастады.

Біз баспалдақпен төмен түсіп келе жатқанда Фусэ менен: «Шынын айтқанда, кім кімнен интервью алды, ол менен интервью алды ма әлде мен одан интервью алдым ба» деп сұрады да, маңдайына шып-шып шыққан терді сүртіп қойды» («Ленин және Шығыс». М., 1924, 49—50-беттер).

Лениннің Фусэге берген интервьюінің мазмұндамасы Владивостокта шығып тұрған эсерлік «Воля» газетінде 1920 жылы 26 июньде келтірілді. Лениннің Фусэмен әңгімесінің осы томда басылып отырған жазбасы бірінші рет орыс тілінде 1924 жылы «Ленин және Шығыс» деген жинақта жарияланды, ал содан соң В. И. Ленин Шығармаларының 1-басылуында басылды (XX том, II бөлім). В. И. Ленин Шығармаларының 2, 3 және 4-басылуларына бұл жазба енгізілген жоқ.— *142.*

[66] Әңгіме Қиыр Шығыс республикасы (ДВР) туралы болып отыр, бұл республика 1920 жылы апрельде Забайкалье, Амур, Приморье, Камчатка облыстары мен Солтүстік Сахалин территориясында құрылған. Қиыр Шығыс республикасының буржуазиялық-демократиялық мемлекет формасында құрылып, ал шын мәнінде советтік саясатты жүргізуі Советтік Россияның Шығыс майданында өзіне ұзақ уақыт ты-

ныс алуды қамтамасыз етуге және Жапониямен соғысудан бойды аулақ ұстауға тырысқан мүдделеріне сәйкес келді. Сонымен бірге Қиыр Шығыста «буферлік» мемлекет құру амалсыздан жасалған шара еді. В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, «жағдайлардың өзі бізді Қиыр Шығыс республикасы түрінде буферлік мемлекет құруға мәжбүр етті, өйткені жапон империализмінен Сибирь шаруаларының қандайлық сұмдық азап шегіп жатқандығын, жапондар Сибирьде құлақ естімеген сансыз айуандықтар жасағанын біз өте жақсы білеміз» (Шығармалар, 31-том, 479-бет).

Қиыр Шығыс территориясын интервенттер мен ақ гвардияшылардан тазартқаннан кейін (Солтүстік Сахалиннен басқасын) Қиыр Шығыс республикасының Халық жиналысы 1922 жылы 14 ноябрьде РСФСР-ге қосылу жөнінде шешім қабылдады.— *142.*

[67] *Деревнядағы жұмыс жөніндегі жауапты ұйымдастырушылардың Бүкіл россиялық екінші кеңесі* 1920 жылғы 10 июньнен 15 июньге дейін Москвада, Одақтар үйінің Колонналы залында өтті; кеңесті РКП(б) Орталық Комитеті шақырды. Кеңеске деревнядағы жұмыс жөніндегі губерниялық, уездік және болыстық ұйымдастырушылар, барлығы 61 губерниядан 300-ден астам делегат қатысты. В. И. Ленин кеңестің үшінші мәжілісінде, 12 июньде сөз сөйледі. М. И. Калинин делегаттарды Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің атынан құттықтады.

Кеңесте РКП(б) Орталық Комитетінің жанындағы деревнядағы жұмыс жөніндегі бөлімнің қызметі туралы В. И. Невский баяндама жасады. Бұл баяндама бойынша қарар қабылданды, ол қарарда деревняда жүргізілетін коммунистік жұмыстың маңыздылығы атап көрсетілді және «Орталық Комитеттің жанындағы деревнядағы жұмыс жөніндегі бөлім шаруалар арасында жүргізілетін үгіт және насихат жұмысын күшейту туралы мәселе жөнінде партияның 9-съезі берген директиваны бұлжытпай жүзеге асыратын болады» деп кәміл сенім білдірілді («Деревнядағы қызметкерлердің Бүкіл россиялық Екінші кеңесінің қарарлары». М., 1920, 4—5-беттер). Сондай-ақ жергілікті жерлерден баяндамалар тыңдалды, ұйымдық және басқа мәселелер талқыланды. Кеңес «Дүние жүзінің барлық жұмысшыларына» үндеу хат қабылдады, онда Советтік Россияға қарсы соғысып жатқан буржуазиялық-помещиктік Польшаға көмекке соғыс жабдықтары мен әскер жөнелтілуіне бөгет жасау жөнінде шешім қабылдаған ағылшын, венгр, итальян жұмысшылары мен басқа да елдердің жұмысшыларын құттықтады.— *151.*

[68] В. И. Ленин бұл арада РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Польша үкіметі мен поляк халқына 1920 жылы 28 январьда жасаған мәлімдемесі мен Бүкіл россиялық

Орталық Атқару Комитетінің поляк халқына 1920 жылы 2 февральдағы үндеуін айтып отыр.— *152.*

[69] Бұл арада Антанта Жоғарғы советінің 1919 жылы 8 декабрьдегі «Польшаның шығыстағы уақытша шекарасы туралы» декларациясы айтылып отыр; декларация 1920 жылы 11 июньде «Известия ВЦИК» газетінің 125-номерінде жарияланды.— *153.*

[70] Әңгіме Гельсингфорста басылып шыққан «Петроградқа октябрьде жасалған шабуыл және жорықтың сәтсіз болу себептері. Ақ офицердің жазбалары» (1920) және «Солтүстік-Батыс үкіметінің құрылуы. Солтүстік-Батыс майданы бас қолбасшысының жанындағы саяси кеңестің мүшелері В. Д. Кузьмин-Караваевтың, А. В. Карташевтің және М. Н. Суворовтың түсініктемелері» (1919) деген кітапшалар туралы болып отыр.— *155.*

[71] *Халықтық демократия* (халықшылдар партиясы, национал-демократия, эндектер) — поляк помещиктері мен буржуазиясының басты реакциялық, ұлтшылдық партиясы, бұл партия католиктік шіркеумен тығыз байланысты болды; Халықтық демократия партиясы 1897 жылы құрылды, оның лидерлері Р. Дмовский, З. Балицкий, В. Грабский және басқалар болды. Эндектер «таптық үйлесімділік» және «ұлттық мүдделер» деген ұрандарды ұсына отырып, халық бұқарасын өз ықпалына бағындыруға және оларды өздерінің реакциялық саясатының арпасына тартуға тырысты. Поляк халқының социалистік және жалпы демократиялық қозғалысымен күресудің құралы ретінде нағыз өршеленген ұлтшылдық пен шовинизмді уағыздап, эндектер поляк халқын орыс революциялық қозғалысынан оқшаулап тастауға тырысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) эндектер патшалық Россияның жеңетіндігіне, Австрия мен Германияның езгісіндегі поляк жерлерін қосып алуға, сөйтіп Россия империясы шеңберінде Польшаға автономия алуға үміт артып, Антантаны сөзсіз қолдады. Патшалық режимнің құлатылуы эндектерді французДармен жақындасу бағытына көшуге итермеледі. Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетінің қас жаулары болған эндектер, солай бола тұрса да, өздерінің немістерге қарсы дәстүрлі позициясына сәйкес, 1926 жылдан бастап Польшаны билеп-тостеген пилсудскийшілдер тобының авантюристік антисоветтік сыртқы саясатын үнемі толық қолдап отырған жоқ. Қазіргі уақытта эндектер партиясының жекелеген топтары поляк эмиграциясының реакцияшыл элементтері арасында әрекет жасауда.— *157.*

[72] *Поляк социалистері партиясы* — Поляк социалистік партиясы (ППС) (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрыл-

ған реформистік ұлтшылдық партия. Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді. Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД-ның) ықпал жасауымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көшті.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты. Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қапау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (май, 1926) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда біртұтас майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтасты.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп атал-

ған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмиграиттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт азаттығы комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны құруға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *157.*

[73] *Жалпыға бірдей әскери оқу* — Совет республикасы халқының жалпыға бірдей әскери оқуы. Жалпыға бірдей әскери оқуды ұйымдастыру туралы мәселе РКП(б) VII съезінде (март, 1918) «Соғыс және бітім туралы» қарарда қойылды. Онда былай делінді: партияның ең бірінші және негізгі міндеттерінің бірі ересек халыққа, еркек-әйел деп айырмай, жан-жақты, жүйелі түрде әскери білім беру және әскери операцияларға үйрету болып табылады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 22 апрельдегі декреті бөтеннің еңбегін қанамайтын, 18 жастан 40 жасқа дейінгі барлық азаматтарды жалпыға бірдей әскери міндеткерлікке тартуды заңдандырды. Әскерге шақыру жасындағы еңбекшілерді есепке алу, оларды бірыңғай программа бойынша оқытып-үйрету және олардан әскер бөлімдерін құру міндеттері жаңадан құрылған жалпыға бірдей әскери оқу органдарына жүктелді. 1918 жылы 5—25 июньде жалпыға бірдей әскери оқу жөнінде бірінші съезд (кеңес) болып өтті, бұл съезд жалпыға бірдей әскери оқу жөнінде нұсқаушылар дайындау тәртібін, нұсқаушыларды сынақтан өткізу программасын, жалпыға бірдей әскери оқу жөнінде бөлімдер ұйымдастыру мәселелерін, әскери оқу жөнінде съездер шақыру, халықты есепке алуды ұйымдастыру тәртібін белгілеп берді. Съезд сондай-ақ жалпыға бірдей әскери оқу жөніндегі съездердің тұрақты бюросы туралы мәселе жөнінде қарар және инспекция туралы ереже қабылдады.— *163.*

[74] Әңгіме *Француз социалистік партиясы* туралы болып отыр, ол Франция социалистік партиясы (гедшілдер) мен Француз социалистік партиясының (жоресшілдер) қосылуы нәтижесінде 1905 жылы құрылған болатын. Біріккен партияны реформистер басқарды. Дүние жүзілік империалистік

соғыстың басынан бастап партияның басшылары социал-шовинизм позициясына, империалистік соғысты ашық қолдап, буржуазиялық үкіметке қатысу позициясына көшті. Партия ішінде Ж. Лонге басқарған, социал-пацифизм позициясында болып, социал-шовинистер жөнінде келісімпаздық саясат жүргізген центристік бағыт бар еді (5-ескертуді қараңыз). Сондай-ақ Француз социалистік партиясы ішінде интернационалистік позиция ұстаған және көбінесе партияның қатардағы мүшелерінің өкілі болған солшыл революциялық қанат та болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін партия ішінде, бір жағынан, ашық реформистер мен центристер және, екінші жағынан, партияға қатардағы жұмысшылардың жаппай кіруі арқасында күшейген солшыл, революциялық қанат арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Партияның 1920 жылы декабрьде Турда өткен съезінде революциялық қанат көпшілік дауыс алды. Съезд партияның Коммунистік Интернационалға қосылуы жөнінде шешім қабылдады және Франция Коммунистік партиясын құрды. Реформистік-центристік көпшілік партиядан бөлініп шығып, дербес партия құрды және партияның Француз социалистік партиясы деген бұрынғы атын сақтап қалды.— *168.*

[75] В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасы 1920 жылы 22 июньде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде болмашы өзгертулермен қабылданды, бұл мәжілісте арнаулы комиссияның Түркістан республикасы туралы әзірлеген қарарының жобасы және тезистер талқыланды. Комиссияның жобасы Лениннің ескертпелерімен қоса осы томның «Дайындық материалдар» деген бөлімінде басылып отыр (қараңыз: 473—477-беттер).— *169.*

[76] *Түркістан комиссиясы* — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Түркістан істері жөніндегі Түркістан комиссиясы — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 8 октябрьдегі қаулысы бойынша құрылып, құрамына Г. И. Бокий, Ф. И. Голощекин, В. В. Куйбышев, Я. Э. Рудзутак, М. В. Фрунзе, Ш. З. Элиава енгізілді. Түркістан комиссиясына мемлекеттік және партиялық органдардың уәкілдігі беріліп, Түркістанға өлкенің коммунистері мен бүкіл халқына саяси, экономикалық және мәдени артта қалушылықты жоюда, Совет өкіметін баянды етуде, Түркістан мен Советтік Россия халықтарының одағын нығайтуда жан-жақты көмек көрсету үшін жіберілді; Түркістанда ұлт саясатын жүргізуде жіберілген қателіктерді түзету — комиссия міндеттерінің бірі болды.

Түркістан комиссиясы жергілікті партия ұйымдарын нығайту жөнінде, ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күресу жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Түркістан автономиясының принциптері

туралы, федерациялық органдармен өзара қатынас туралы, партия құрылысының формалары мен әдістері туралы мәселелер ең маңызды мәселелер болды, бұл мәселелердің төңірегінде ұлтшыл-уклонистерге қарсы күрес өрістетілді.— *169.*

[77] *Азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық кеңес* (Азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық екінші кеңес) Москвада 1920 жылы 29 июнь — 3 июльде өтті. Кеңестің жұмысына 257 делегат қатысты. Кеңесте төрт секция: 1) дайындау, 2) бөлу, 3) ұйымдастыру, 4) Қызыл Армияны жабдықтау жөнінде секциялар құрылды. Секцияларда жиырмаға жуық баяндама талқыланды. Пленум мәжілістерінде: азық-түлік салымы туралы, Совет өкіметінің азық-түлікті бөлу саясатының негіздері туралы, азық-түлік органдарын құруды ұйымдастыру және оларға жұмысшыларды қатыстыру туралы, тұтынушылар кооперациясын қайта құру туралы баяндамалар тыңдалды. Кеңес еңбекшілерді азық-түлік жұмысына тікелей қатысуға кеңінен тарту қажеттігін және халықты жабдықтау жөніндегі мемлекеттік органдардың жоспар бірлігі мен басшылық бірлігі негізінде біріктірілген бірыңғай жүйесін дұрыс ұйымдастырудың маңыздылығын атап көрсетті. Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша кеңес жан-жақты шешімдер қабылдады.

В. И. Лениннің Бүкіл россиялық кеңес президиумының атына жолдаған телефонограммасы 1 июльдегі пленум мәжілісінде оқылды. Кеңеске қатысушылар зор шабыт үстінде Ленинге жауап телеграмма жіберіп, онда алға қойылған міндеттерді орындап шығуға барлық күшін жұмылдыруға өздерінің бекем бел байлап отырғандығы туралы мәлімдеді.— *170.*

[78] Әңгіме РКП(б) IX съезінің «Кооперацияға көзқарас туралы» шешімі туралы болып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 175—177-беттер).— *171.*

[79] *«Великобритания Коммунистік партиясын құру жөніндегі Біріккен уақытша комитеттің хатына жауап»* радио арқылы берілді және ағылшын тілінде Британ социалистік партиясының органы «The Call» («Үндеу») газетінің 1920 жылғы 22 июльдегі 224-номерінде жарияланды. Жауап сондай-ақ ағылшын коммунистерінің 1920 жылы 31 июль — 1 августа өткен съезінде де оқылды.— *173.*

[80] *«Фабрика-завод староста ары»* немесе фабрика-завод староталары комитеттері (Shop Stewards Committees) — Англияда өнеркәсіптің бірқатар салаларындағы сайланып қойылатын жұмысшы ұйымдары, бұлар Англияда бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кең етек алды. Жұмысшы

қозғалысы өрге басып, тред-юниондар лидерлерінің реформистік саясатына наразылық күшейген жағдайда аудандық, қалалық комитеттерге және Ұлттық комитетке біріккен фабрика староталары жұмысшылардың империалистік соғысқа қарсы және тұрмыс жағдайын жақсарту жолындағы бірқатар елеулі бой көрсетулеріп басқарды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, Совет республикасына қарсы шетел соғыс интервенциясы кезінде фабрика старосталары комитеттері Советтік Россияны белсене жақтады. Фабрика старосталары комитеттерінің бірқатар қайраткерлері (У. Галлахер, Г. Поллит, А. Мак-Манус және басқалар) Великобритания Коммунистік партиясына кірді.— *173.*

[81] В. И. Ленин бұл сөзін Коммунистік Интернационалдың II конгресінің бірінші мәжілісі аяқталғаннан кейін 19 июльдің кешінде Урицкий алаңында (Сарай алаңында) болған сан мың адам қатысқан митингіде сөйледі.— *174.*

[82] В. И. Ленин *«Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайына» ескертпелерді* Г. В. Чичериннен, Н. Н. Крестинскийден, И. В. Сталиннен, М. Г. Рафестен, Е. А. Преображенскийден, П. Л. Лапинскийден, болгар коммунистерінің өкілі И. Неделковтан (Н. Шаблиннен), сондай-ақ башқұрттың, қырғыздың, Түркістанның және басқалардың бірқатар басшы қызметкерлерінен алды. Түскен ескертпелерде бірсыпыра авторлар дұрыс пайымдаулармен қатар, елеулі қателіктер де жіберді. Мәселен, Чичерин ұлтазаттық қозғалысты қолдау қажеттігі туралы, ұлттық буржуазиямен келісімге келу туралы лениндік қағидаларды теріс ұғынды, Лениннің буржуазия мен шаруалар арасына айырма қойғандығып ескермеді. Бұл мәселе жөнінде Ленин былай деп жазды: *«Шаруалармен* одақ жасасуды мен *баса* көрсеттім (ал олар *мүлдем* = буржуазия *емес*)» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Преображенский болашақтағы социалистік Европа республикаларының экономикалық жағынан артта қалған және тәуелді елдермен өзара қатынастары туралы айта келіп, былай деп жазды: «...егер де басшы ұлттық топтармен экономикалық келісімге келу мүмкін болмайтын болса — олардың күшпен басып жаншылатыны және экономикалық жағынан маңызды аймақтардың Европалық Республикалардың одағына күштеу арқылы қосылатыны сөзсіз». Бұл ескертпеге Ленин үзілді-кесілді қарсы шықты: «...асыра сілтеп жіберген. Дәлелдеуге жатпайды және «күшпен *басып жаншылатыны»* «сөзсіз» деп айту дұрыс емес. Түбірінен теріс» («Вопросы Истории КПСС», 1958, № 2, 16-бет).

Сталин де үлкен қателік жіберді, ол автономияға негізделіп құрылған советтік республикалардың арасындағы

федерациялық байланыстардың, сондай-ақ тәуелсіз республикалардың арасындағы федерациялық байланыстардың айырмашылығы туралы лениндік қағидамен келіспейтіндігін білдірді; 1920 жылы 12 июньде Ленинге жазған хатында ол: шынында федерациялық байланыстардың бұл типтерінің арасында айырмашылық «жоқ, немесе оның аз екендігі соншалықты, тіпті, жоқпен бара-бар». Бұл пікірді Сталин кейініректе де қорғап, 1922 жылы тәуелсіз советтік республикаларды «автономиялау» дейтін идеяны ұсынды. Сталиннің бұл көзқарастарын Ленин «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселеге» деген мақаласы мен Саяси Бюро мүшелеріне «СССР-ді құру туралы» жазған хатында жан-жақты сынға алды (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 604—610-беттер және Лениннің XXXVI жинағы, 496—498-беттер).— *177*.

[83] 1918 жылы 27 январьда басталған революцияның нәтижесінде Финляндияда Свинхувудтың буржуазиялық үкіметі құлатылып, өкімет жұмысшылардың қолына көшті. 29 январьда Финляндияның революциялық үкіметі — халық уәкілдерінің Советі құрылды, бұл үкіметке Э. Гюлинг, О. Куусинен, Ю. Сирола, А. Тайми және басқалар кірді. Жері жоқ шаруалардың өңдейтін жерін олардың толық меншігіне тегін беру туралы заң қабылдау, халықтың ең кедей топтарын барлық салықтардан босату, иелері қашып кеткен кәсіпорындарды экспроприациялау, жеке меншік банктерге (олардың функциялары мемлекеттік банкке берілді) мемлекеттік бақылау орнату және басқа шаралар жұмысшы үкіметінің аса маңызды шаралары болды.

1918 жылы 1 мартта Петроградта Финляндия социалистік жұмысшы республикасы мен РСФСР арасындағы шартқа қол қойылды. Толық тең праволылық және екі жақтың суверенитетін құрметтеу принциптеріне негізделген шарт екі социалистік мемлекет арасында тарихта тұңғыш рет жасалған шарт еді.

Алайда пролетарлық революция Финляндияның тек оңтүстігінде ғана жеңген еді. Свинхувудтың үкіметі, елдің барлық контрреволюциялық күштер шоғырланған солтүстігіне бекініп алып, германдық кайзер үкіметінен көмек сұрады. Герман қарулы күштерінің араласуы салдарынан Финляндиядағы революция кескілескен азамат соғысынан кейін 1918 жылы майда басып-жаншылды. Елде ақ террор өріс алды, мыңдаған революцияшыл жұмысшылар мен шаруалар өлтірілді және түрмелерде өлімші етіп азапталды.— *180*.

[84] 1918 жылы 17 декабрьде Латвияда неміс оккупанттары мен Ульманистің контрреволюциялық үкіметіне қарсы латыш пролетариаты мен шаруаларының бұқаралық бой көрсетулерінің нәтижесінде уақытша Совет үкіметі құрылды, бұл

үкімет мемлекеттік өкіметтің Советтердің қолына көшкендігі туралы Манифест басып шығарды. Совет өкіметін орнату және Латвия Советтік Социалистік Республикасын баянды ету жолындағы күресте латыш халқына Советтік Россия туысқандық көмек көрсетті.

Латвия Коммунистік партиясы мен Латвия Совет үкіметінің басшылығымен Қызыл Армия құрылды; республикада помещиктік жерлер конфискеленді, банктер, ірі сауда және өнеркәсіп орындары национализацияланды, еңбекшілерді әлеуметтік қауіпсіздендіру және 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді, еңбекшілер үшін қоғамдық тамақтандыру ұйымдастырылды.

1919 жылы мартта Советтік Латвияға қарсы неміс армиясының бөлімдері мен ақ гвардияшылар кең көлемде шабуыл бастады, бұларды Америка Құрама Штаттары мен Антанта империалистері қаруландырды, жарақтандырды. Майда олар Советтік Латвияның астанасы — Риганы басып алды. 1920 жылы январьдың бас кезінде кескілескен ұрыстардан кейін Латвияның бүкіл территориясын интервенттер басып алды. Буржуазиялық контрреволюция ел ішінде қанды террор режимін орнатты, мыңдаған революцияшыл жұмысшылар мен шаруалар өлтірілді және түрмеге жабылды.— *180.*

[85] В. И. Ленин бұл арада Ю. Мархлевскийдің «Аграрлық мәселе және дүние жүзілік революция» деген мақаласын айтып отыр; мақала «Коммунистический Интернационал» журналының 1920 жылғы 20 июльдегі 12-номерінде басылды. Мархлевскийдің мақаласымен Ленин журналдың осы номері жарыққа шықпай тұрып-ақ танысқан болатын.— *186.*

[86] Бұл пікірді В. И. Ленин К. Маркстің «Гегельдің право философиясына сын жөнінде. Кіріспе» деген еңбегінен алып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 422-бет).— *208.*

[87] *Америка социалистік партиясы* 1901 жылы июльде Индианополистегі съезде Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясы мен Социал-демократиялық партиясынан бөлініп шыққан топтардың бірігуі нәтижесінде құрылды; Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының белгілі қайраткері Ю. Дебс Социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі болған еді. Ол жаңа партияның негізін қалаушылардың да бірі болды. Партияның әлеуметтік құрамы біртектес болған жоқ: оған жұмысшы-американдардың бір бөлегі, жұмысшы-иммигранттар, сондай-ақ ұсақ фермерлер және ұсақ буржуазиядан шыққандар кірді. Партияның центристік және оңшыл оппортунистік басшылығы (В. Бергер, М. Хилквит және басқалар) пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды, күрестің революциялық әдістерінен бас тартты, партияның

қызметіп пегізінеп сайлау науқандарына қатысуға әкеп сайды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Социалистік партияда үш ағым қалыптасты: социал-шовинистер — бұлар үкіметтің империалистік саясатын қолдады; центристер — бұлар империалистік соғысқа тек сөз жүзінде қарсы шықты; революцияшыл азшылық — бұлар интернационалистік позицияда болды жәпе соғысқа қарсы күресті.

Социалистік партияпың Ч. Рутепберг, У. Фостер, У. Хейвуд және басқалар бастаған сол қапаты пролетарлық элементтерге сүйене отырып, партияның оппортунистік басшылығына қарсы, пролетариаттың дербес саяси қимыл жасауы жолында, тап күресі принциптеріне негізделген өндірістік кәсіподақтар құру жолында күрес жүргізді. 1919 жылы Социалистік партия жікке бөлінді. Социалистік партиядан бөлініп шыққан сол қанат Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясын құрудың инициаторы және оның негізгі ұйтқысы болды.

Қазіргі уақытта Социалистік партия сан жағынан аз сектанттық ұйым болып табылады.— *216.*

[88] *Швейцария социалистік партиясы* (Швейцария социал-демократиялық партиясы) XIX ғасырдың 70-жылдарында құрылды; I Интернационалға кірді. Партия екінші рет 1888 жылы құрылды. Партияда дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстаған оппортунистердің ықпалы күшті болды. 1916 жылы күзде оңшылдар партиядан бөлініп шығып, оз ұйымын құрды. Партияның Р. Гримм бастаған көпшілігі центристік, социал-пацифистік позиция ұстады. Партияның сол қанаты интернационалистік позицияда болды. Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен Швейцария социал-демократиялық партиясының сол қанаты күшейді. 1920 жылы декабрьде солшылдар партиядан шығып, 1921 жылы Швейцария Коммунистік партиясымен бірікті (қараңыз: 91-ескерту).— *216.*

[89] *«Жаңа Тәртіп»* («L'Ordine Nuovo») — Туринде 1919 жылдан шығып тұрған апталық газет, 1921 жылдан — күнделікті газет; әуелгі кезде Итальян социалистік партиясының сол қанатының органы, кейіннен (1921 жылдан) — Италия Коммунистік партиясының органы. А. Грамши мен П. Тольятти басшылық еткен газет марксизм-ленинизм идеяларын насихаттады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының тәжірибесі мен сабақтарын көпшілікке түсіндірді, Итальян социалистік партиясының оппортунистік лидерлерінің келісімпаздық саясатын әшкереледі. Газет төңірегіне топтасқан революционерлер тобы кейіннен Италия Коммунистік партиясының жетекші ұйтқысына айналды. 1922 жылы октябрьде газетке фашистік үкімет тыйым салып, редакциясы мен

баспаханасын талқандады. Алайда газет 1922 жылдың декабріне дейін құпия түрде шығып тұрды. 1924 жылы газет Римде қайта шығарылды, бірақ көп ұзамай оны тағы да жауып тастады.— *219.*

[90] *Итальян социалистік партиясының Турин секциясы* (ол кезде секцияға А. Грамши, П. Тольятти, У. Террачини және партияның солшыл, революциялық қанатының басқа да өкілдері кірді): пролетариаттың саяси өкіметті басып алуына мүмкіндік туғызған Италиядағы революциялық өрлеу жағдайларында (1919—1920) оқиғаларға дұрыс талдау жасамады, бұқараның революциялық күресін біріктірмеді, үйлестірмеді, реформистерді партиядан аластамады деп партияның центристік басшылығына кінә тақты. Секция бірқатар практикалық ұсыныстар: оппортунистерді партиядан аластауды, барлық фабрикаларда, кәсіподақтарда, казармаларда коммунистік топтар құруды, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында өндіріске бақылау орнату үшін фабрика-завод комитеттерін ұйымдастыруды ұсынды. Секция Советтерді құруға халық бұқарасын әзірлеуге дереу кірісуді талап етті.

В. И. Ленин айтып отырған Турин секциясының Итальян социалистік партиясының Ұлттық советіне ұсынысын А. Грамши жазған (қараңыз: Антонио Грамши. Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. 1-том, М., 1957, 157—165-беттер). Лениннің ұсынысы бойынша бұл документ «Коммунистический Интернационал» журналының 1920 жылғы 20 июльдегі 12-номерінде қайта басылды.— *219.*

[91] 1918 жылы октябрьде Швейцария солшыл социал-демократтарының бір бөлегі Швейцария Коммунистік партиясына бірікті, бұл партия ол кезеңде әлі де шағын ғана ұйым болатын. Коминтерннің II конгресіне бұл ұйымнан өкіл болып 2 делегат келді.

1920 жылы декабрьде Швейцария Социал-демократиялық партиясынан оның сол қанаты бөлініп шықты, бұл қанат Швейцарияда Коммунистік Интернационалдың күшті секциясын құру туралы мәселе көтерді. 1921 жылы мартта Цюрихте өткен съезде осы екі топ бірыңғай Швейцария Коммунистік партиясына ресми түрде бірікті,— съезге Коммунистік партиядан 28 делегат және Социал-демократиялық партияның сол қанатының бұрынғы өкілдерінен 145 делегат қатысты.— *219.*

[92] Бұл документтің ең маңызды қағидаларын В. И. Ленин «Халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері» деген баяндамасының жоспарында егжей-тегжейлі талдады (қараңыз: осы том, 494—497-беттер) және сол баяндамада дамытты, баяндаманы Ленин Ко-

минтерннің II конгресінің бірінші мәжілісінде жасады (қараңыз: 235—257-беттер).— *222.*

[93] «Вильсонизмнің» мәні және Вильсон саясатының күйреуі туралы В. И. Ленин Коминтерннің II конгресінде жасаған халықаралық жағдай туралы және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы баяндамасында айтты (қараңыз: осы том, 244-бет).— *223.*

[94] Бұл арада П. Левидің Германия Коммунистік партиясының Берлинде 1920 жылы 14 және 15 апрельде болған съезінде жасаған «Саяси жағдай және парламенттік сайлаулар» деген баяндамасы айтылып отыр.— *223.*

[95] *Коммунистік Интернационалдың I конгресі* 1919 жылы 2—6 мартта Москвада болды. Конгрестің жұмысына 52 делегат, оның ішінде 34 делегат шешуші дауыспен, 18 делегат кеңесші дауыспен қатысты. Мына коммунистік және социалистік партиялардың, топтардың және ұйымдардың: Россия, Германия, Неміс Австриясы, Венгрия, Польша, Финляндия, Украина, Латвия, Литва мен Белоруссия, Эстония, Армения, Поволжьедегі неміс облысы коммунистік партияларының, Швед солшыл социал-демократиялық партиясының, Норвег социал-демократиялық партиясының, Швейцария социал-демократиялық партиясының (оппозиция), Балқан революциялық социал-демократиялық федерациясының, Россияның шығыс халықтары біріккен тобының, Францияның Циммервальдтық сол қанатының, чех, болгар, югослав, ағылшын, француз және Швейцария коммунистік топтарының, голланд социал-демократиялық тобының, Американ социалистік насихат лигасының, Америка социалистік жұмысшы партиясының, Қытай социалистік жұмысшы партиясының, Корей жұмысшы одағының, Шығыс халықтары Орталық бюросының Түркістан, түрік, грузин, азербайжан, парсы секцияларының, Циммервальд комиссиясының өкілдері болды.

Бірінші мәжілісте «халықаралық коммунистік конференция ретінде мәжіліс құру» жөнінде шешім қабылданды және мынадай күн тәртібі бекітілді: 1) құрылу, 2) баяндамалар, 3) халықаралық коммунистік конференцияның платформасы, 4) буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы, 5) Берн конференциясы және социалистік ағымдарға көзқарас, 6) халықаралық жағдай және Антантаның саясаты, 7) Манифест, 8) ақ террор, 9) бюро сайлау және әр түрлі ұйымдық мәселелер.

Лениннің буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистері мен баяндамасы конференцияның жұмысында негізгі орын алды. Конференция бірауыздан Лениннің тезистеріне қосылатынын білдіріп, бұлар түрлі елдерде кеңінен тарату үшін бюроға берілсін деп ше-

шім қабылдады. Сонымен қатар конференция тезистерге қосымша Ленин ұсынған қарарды қабылдады.

4 мартта, В. И. Лениннің баяндамасы бойынша тезистер мен қарар қабылданғаннан кейін, конференция «III Интернационал болып құрылу және Коммунистік Интернационал деп аталу» жөнінде шешім қабылдады. Сол күні-ақ Циммервальд бірлестігін жойылды деп санау жөнінде бірауыздан қаулы алынды. 4 мартта сондай-ақ Коминтернпің платформасы бекітілді, оның негізгі қағидалары мыналар: 1) капиталистік қоғамдық құрылыстың коммунистік қоғамдық құрылыспен ауысатындығының сөзсіздігі, 2) буржуазиялық үкіметтерді құлату үшін пролетариаттың революциялық күресінің қажеттігі, 3) буржуазиялық мемлекеттің жойылатындығы және оның жаңа типті мемлекетпен, коммунистік қоғамға өтуді қамтамасыз ететін Советтер типіндегі пролетариат мемлекетімен ауысатындығы.

Конгресс документтерінің ішінде бүкіл дүние жүзінің пролетарларына арналған Манифестің зор маңызы болды, онда Коммунистік Интернационал Маркс пен Энгельстің «Коммунистік партияның манифесінде» бейнелепген идеяларының мирасқоры болып табылады деп көрсетілді. Конгресс барлық елдердің жұмысшыларын Советтік Россияны қолдауға шақырды, Советтер Республикасының ішкі істеріне Антантаның қол сұқпауын, интервенттердің әскерлерін Россияның территориясынан алып кетуді, Совет мемлекетін тануды, экономикалық блокаданы алуды және сауда қатынастарын қалпына келтіруді талап етті.

««Социалистік» ағымдарға және Берн конференциясына көзқарас туралы» қарарда конгресс «буржуазияның қолындағы құрал ғана болып табылатын» II Интернационалды қалпына келтіру әрекетін айыптады және революцияшыл пролетариаттың бұл конференциямен ешқандай ортақ қатынасы жоқ деп мәлімдеді.

III, Коммунистік Интернационалдың негізін қалау жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмді әшкерелеуде, әр түрлі елдер еңбекшілері арасында байланысты қалпына келтіруде, коммунистік партияларды құруда және нығайтуда орасан зор роль атқарды.— *224.*

[96] *Сатқын кәсіптік одақтардың Амстердам «интернационалын»* (Кәсіподақтардың халықаралық федерациясы) 1919 жылы 26 июль — 2 августа Амстердамда өткен конференцияда бірқатар елдердің реформистік кәсіподақ лидерлері құрды. Құрылған федерацияға 14 елдің: Англияның, Францияның, Германияның, Америка Құрама Штаттарының, Бельгияның, Данияның, Голландияның, Люксембургтің, Норвегияның, Швецияның, Австрияның, Чехословакияның, Швейцарияның, Испанияның кәсіподақ ұйымдары кірді. Кәсіподақтардың Амстердам интернационалында Англия мен Францияның реакцияшыл кәсіподақ лидерлері үстемдік

етті. Оның бүкіл қызметі II Интернационалдың оппортунистік партияларының саясатымен байланысты болды. Амстердам интернационалы пролетариаттың буржуазиямен ынтымақта болуын жақтап, жұмысшы табы күресінің революциялық формаларын жоққа шығарды. Амстердам интернационалының басшылығы жұмысшы қозғалысына жік салу саясатын жүргізді, солшыл кәсіподақтарды бірлестіктен шығарды, Кәсіподақтардың Қызыл Интернационалының капитал шабуылына, соғыс қаупіне, реакцияға және фашизмге қарсы бірлесіп күресу туралы, бүкіл дүние жүзілік кәсіподақ бірлігін орнату туралы жасаған барлық ұсыныстарын қабылдамай тастады. Амстердам интернационалының лидерлері империалистік державалардың билеуші топтарының Совет Одағына дұшпандық саясатын қолдап отырды.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Амстердам интернационалы өз қызметін тоқтатты.— *228.*

[97] *Кәсіподақтардың Қызыл Интернационалы* (Кәсіподақтар Интернационалы) — Революциялық кәсіподақтардың халықаралық бірлестігі, ұйымдық жағынан 1921 жылы қалыптасқан; 1937 жылдың аяғына дейін өмір сүрді. Ол кәсіподақтардың реформистік Амстердам интернационалына кірмеген кәсіподақ орталықтарын: ВЦСПС-ті (совет кәсіподақтары), Францияның унитарлық жалпы еңбек конфедерациясын, Австралияның, Бельгияның, Голландияның, Индонезияның, Ирландияның, Канаданың, Қытайдың, Колумбияның, Кореяның, Литваның, Монғолияның, Иранның, Перудің, Уругвайдың, Чехословакияның, Чилидің, Эстонияның ұлттық революциялық кәсіподақ орталықтарын, сондай-ақ бірқатар капиталистік елдердегі реформистік кәсіподақтар бірлестіктерінің ішіндегі оппозициялық топтар мен бағыттарды біріктірді. Кәсіподақтар Интернационалы жұмысшы табының талаптарын қорғау жолындағы революциялық күресті негізге ала отырып, кәсіптік қозғалыс бірлігін орнату үшін, капитал мен фашизмнің шабуылына қарсы, империалистік соғыс қаупіне қарсы, Советтік Россияның жұмысшы табымен жақындасу үшін күресті.— *228.*

[98] *«Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттарының жиырмасыншы пунктін»* В. И. Ленин 1920 жылы 25 июльде Коминтерннің II конгресі комиссиясының мәжілісінде Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары туралы тезистерді талқылаған кезде енгізді. «Коммунистический Интернационал» журналында жарияланған бұл тезистер оларды конгресте талқылау басталғанға дейін он тоғыз шарттан тұратын. Конгресте жиырма бір шарт қабылданды. Жиырма бірінші шартта былай делінді: «Коммунистік Интернационал ұсынған шарттар мен тезистерді принципті түрде теріске шығарған партия мүшелері партиядан шығарылуға тиіс.

Мұның сондай-ақ төтенше партия съездерінің делегатта-

рына да қатысы бар» («Коминтерннің екінші конгресі. Июль — август, 1920 ж.» М., 1934, 505-бет).— *232.*

[99] *Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресі* — Коминтерннің программалық, ұйымдық және тактикалық негіздерін қалаған конгресс — 1920 жылы 19 июль — 7 августа Советтік Россияда болып өтті. Конгресс Петроградта ашылды; кейінгі мәжілістері 23 июльден бастап Москвада өтті. Конгресте 37 елдің 67 жұмысшы ұйымынан өкіл болып шешуші дауыспен 169 делегат, кеңесші дауыспен 49 делегат қатысты. Коммунистік партиялар мен ұйымдардың өкілдерімен қатар (31 елдің) конгресс жұмысына Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының, Италия мен Франция социалистік партияларының, Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшыларының (Австралияның, Англияның, Ирландияның), Испания ұлттық еңбек конфедерациясының және басқа ұйымдардың өкілдері қатысты. Конгреске РКП(б)-дан өкіл болып 64 делегат қатысты, олардың қатарында В. И. Ленин, А. А. Андреев, И. Ф. Арманд, С. И. Гопнер, Ф. Э. Дзержинский, М. И. Калинин, А. М. Коллонтай, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, Д. З. Мануильский, М. С. Ольминский, М. Н. Покровский, Ф. А. Сергеев (Артем), Е. М. Ярославский және басқалар болды. В. И. Ленин II конгрестің президиумына сайланды.

II конгресті шақыру жөніндегі бүкіл әзірлік жұмысына Ленин басшылық етті, ол коммунистік және жұмысшы ұйымдарының бұл халықаралық съезіне зор мән берді. Коминтерннің міндеттерін анықтап, саяси бағытын талдап жасауда Лениннің II конгрестің ашылу қарсаңында жазған «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабы маңызды роль атқарды.

Конгресс мынадай күн тәртібін қабылдады: 1) Халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері; 2) Коммунистік партиялардың өкіметті пролетариат жеңіп алғанға дейінгі және жеңіп алғаннан кейінгі ролі және оның құрылымы; 3) Кәсіптік одақтар мен фабрика-завод комитеттері; 4) Парламентаризм туралы мәселе; 5) Ұлт және отар мәселесі; 6) Аграрлық мәселе; 7) «Центрдің» жаңа ағымдарына көзқарас жөніндегі позиция және Коммунистік Интернационалға кіру шарттары; 8) Коммунистік Интернационалдың уставы; 9) Ұйымдық мәселелер (жария және құпия ұйымдар, әйелдер ұйымдары, т. б.); 10) Жастардың коммунистік қозғалысы; 11) Сайлаулар; 12) Әр түрлі мәселелер.

Конгрестің бірінші мәжілісінде халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы Ленин баяндама жасады. Баяндамада бірінші дүние жүзілік соғыстан және Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі халықаралық экономикалық және саяси жағдайға жасалған талдау конгрестің аса маңызды шешім-

деріне негіз болды, бұл шешімдер коммунистік партиялардың жаңа жағдайлардағы — дүние жүзілік капиталистік системаның жалпы дағдарысы жағдайларындағы міндеттерін белгілеп берді. Конгресс Ленин жазған «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистерді» (қараңыз: осы том, 201—221-беттер) күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша қарар ретінде бекітті.

Ленин конгрестің көптеген комиссияларының: ұлт және отар мәселелері жөніндегі, аграрлық мәселе жөніндегі, Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары туралы, халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың міндеттері туралы мәселелер жөніндегі комиссиялардың жұмысына қызу ат салысты. Пролетарлық революциялық күштерді топтастыру және коммунистік партияларды нығайту жолында күресе отырып, Ленин компартияларды оппортунистік және центристік элементтерден тазарту міндетін алға қойды; ол жұмысшы табының қалың бұқарасы арасында, деревняда, армияда революциялық жұмысты өрістету қажеттігін көрсетіп берді, бірқатар коммунистік партиялар мен ұйымдарда орын алып отырған сектанттық қателіктер мен анархо-синдикалистік тенденцияларды дәйекті сынады.

Конгрестің аграрлық және ұлт-отар мәселелері жөніндегі комиссияларында қызу айтыс туды, өйткені көптеген делегаттар бұл мәселелер жөнінде өздері II Интернационалдан мұра етіп қабылдаған теріс көзқарастарды ұстанды. Айтысқа Ленин белсене қатысты. Қателіктер мен теріс қағидаларды сынай отырып, ол делегаттардың дұрыс, принципті позицияда болуына көмектесті, оларды пролетариат мүдделерін дәйекті түрде қорғауға үйретті.

Конгресте Ленин сондай-ақ ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияның баяндамасын жасады. Конгресс күн тәртібінің бұл пункті жөнінде екі қарар қабылдады: «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистер» (бастапқы текстін Ленин жазған — қараңыз: осы том, 177—185-беттер) және «Ұлт және отар мәселелері жөнінде қосымша тезистер». Пролетарлық интернационализмнің маркстік-лениндік принциптері конгресс шешімдеріне негіз етіп алынды. Конгресс езілген және тәуелді халықтарға олардың азаттық жолындағы күресінде көмек көрсету қажеттігін көрсетіп берді және ұлттардың тең праволылығын формальды, таза декларациялық тұрғыда мойындаумен шектеліп, іс жүзінде мещандық ұлтшылдықты уағыздаушы ұсақ буржуазиялық демократтарды, оңшыл социалистерді батыл айыптады. Конгресс революциялық күресті бірлесіп жүргізу үшін барлық ұлттар мен елдердің пролетарлары мен еңбекшілер бұқарасын жақындастыру Коммунистік Интернационалдың ұлт және отар мәселелері жөніндегі бүкіл саясатының негізі етіп алынуға тиіс екендігін атап көрсетті.

Аграрлық мәселе жөнінде конгресс Ленин жазған тезис-

терді (қараңыз: осы том, 186—200-беттер) негізге ала отырып, қарар қабылдады. Аграрлық мәселе жөніндегі қарарда жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одақтасуы қажет екендігі атап көрсетілді, пролетариаттың гегемондығы жөніндегі идея қуатталды, социалистік революцияның жеңісі жолындағы күрес кезеңінде де, пролетариат диктатурасы орнатылғаннан кейін де шаруалардың әр түрлі жіктеріне көзқарас жөнінде коммунистік партиялардың міндеттері белгіленді.

II конгресс коммунистік партиялардың еңбекшілер бұқарасы үшін күресіне, оларды пролетариат жағына тарта білушілікке, оларға басшылық ету өнеріне зор көңіл бөлді. Конгресс делегаттарына бұл мәселе жөнінде әсіресе Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабы зор көмегін тигізді. Конгресс солшыл доктринершілдікті (буржуазиялық парламенттерді пайдаланудан бас тартушылық, реакцияшыл кәсіподақтардың ішінде жұмыс жүргізуді теріске шығарушылық) айыптай отырып, «Коммунистік партиялар және парламентаризм», «Кәсіптік қозғалыс, фабрика-завод комитеттері және III Интернационал» деген қарарлар қабылдады.

Конгресс жұмысында коммунистік партияның ролі туралы, партия мен таптың өзара қатынасы туралы мәселе негізгі мәселенің бірі болды. «Коммунистік партияның пролетарлық революциядағы ролі туралы» қабылданған қарарда конгресс: коммунистік партия жұмысшы табын азат етудің басты және негізгі құралы деп атап көрсетті, бұл қарарды жазуға Ленин тікелей қатысты. Сонымен бірге қарарда былай деп көрсетілді: жұмысшы табы өкіметті жеңіп алғаннан кейін коммунистік партияның ролі кемімейтіндігі былай тұрсын, қайта, керісінше, ерекше арта түседі. Конгресс сондай-ақ Советтер туралы, коммунистердің осы бұқаралық ұйымдардағы басшылық ролі туралы мәселелерді де талқылап, «Жұмысшы депутаттарының Советтерін қашан және қандай жағдайда құруға болады» деген қарар қабылдады.

Революциялық программа негізінде коммунистік партияларды ныгайтуда, Коминтернді оған оппортунистік және центристік партиялар мен топтардың еніп кетуінен сақтауда II конгресс қабылдаған «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары» маңызды роль атқарды, бұл шарттар В. И. Ленин жасаған принциптер негізінде жазылды. Коминтернге қабылдаудың конгресс қабылдаған 21 шартында жаңа типті пролетарлық партия туралы лениндік ілім өзінің жарқын көрінісін тапты, оның ұйымдық негіздері баяндалды, Коммунистік Интернационалдың программалық және тактикалық принциптеріне қысқаша анықтама берілді. Бұл Шарттарға II конгрестің негізгі шешімдерінің аса маңызды қағидалары ықшамды тұжырымдалған түрде енді. У. Фостердің жазғанындай, «21 шарт» «коммунистік қозғалыстың сол кездегі шиеленіскен революциялық жағдай

кезеңінде ұлттық көлемде де, халықаралық көлемде де жұмыс істеу принциптерін белгілеп берді» (У. Фостер. «Үш Интернационалдың тарихы». М., 1959, 314-бет).

II конгрестен кейін Коминтернге қабылдаудың шарттары коммунистік және жұмысшы партияларының съездерінде егжей-тегжейлі талқыланды. «21 шарт» коммунистердің жаңа типті партияларды құру және нығайту жолындағы күресінде, дүние жүзілік коммунистік қозғалысты одан әрі дамытуда зор роль атқарды.

II конгресс Коминтерннің уставын бекітті, бұл уставта Коммунистік Интернационалды құрудың мақсаттары мен ұйымдық принциптері анықталды. Сондай-ақ «Коммунистік Интернационалдың II конгресінің Манифесі» қабылданды. Сонымен бірге, конгресс бірқатар үндеу хаттар: «Үшінші Интернационал — барлық елдердің кәсіптік одақтарына», «Питер жұмысшыларына», «РСФСР-дің Қызыл Армиясына, Қызыл Флотына», «Венгрия жендеттеріне қарсы», «Барлық елдердің пролетарлары мен пролетар әйелдеріне» және басқа үндеу хаттар жариялады.

Конгресс жұмысы жүріп жатқан кезде де, конгресс жұмысы аяқталғаннан кейін де Ленин көптеген делегаттармен дидарласты. Ол У. Галлахермен, М. Кашенмен, А. Запотоцкиймен, Х. Кабакчиевпен және конгрестің басқа қатысушыларымен әңгімелесті, олармен бірігіп коммунистік партиялар құрылысының мәселелерін талқылады, олардың елдеріндегі революциялық курс туралы егжей-тегжейлі сұрастырып білді.

Коминтерннің II конгресі халықаралық коммунистік қозғалысты дамытуда зор роль атқарды. Конгрестен кейін Ленин: «коммунизм тұтас алғанда бүкіл жұмысшы қозғалысының негізгі мәселесіне айналды» (Шығармалар, 32-том, 178-бет) деп көрсетті.— *233*.

[100] *«Таймс»* («The Times»— «Замана») — 1785 жылы Лондонда құрылған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *242*.

[101] *«Вестник Народного Комиссариата по Иностранным Делам РСФСР»* («РСФСР Сыртқы Істер жөніндегі Халық Комиссариатының Хабаршысы») — журнал, Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариатының ресми органы; 1919 жылғы 20 июньнен 1922 жылғы июньге дейін Москвада шығып тұрды. Журналға Г. В. Чичерин, М. Н. Покровский, Ф. А. Ротштейн, тағы басқалар қатысты.— *243*.

[102] Бұл арада революцияшыл бұқараның қысымымен II Интернационалдан бөлініп шыққан центристік социалистік партиялар мен топтардың сол кезеңде құрылған халықаралық ұйымы айтылып отыр. «2$^1/_2$ Интернационал» немесе «Вена Интернационалы» (ресми аты —«Социалистік партиялардың

халықаралық бірлестігі») деген атпен белгілі болған бұл бірлестік Венада өткізілген конференцияда 1921 жылы февральда құрылды. $2^1/_2$ Интернационалдың лидерлері II Интернационалды сөз жүзінде сынай келіп, іс жүзінде пролетарлық қозғалыстың аса маңызды барлық мәселелері бойынша жұмысшы табының арасында оппортунистік, жікшілдік саясат жүргізді және құрылған бірлестікті коммунистердің жұмысшы бұқарасына барған сайын күшейе түсіп отырған ықпалына қарсы әрекет ету үшін пайдалануға тырысты. «Революционерлер деп атанғысы келіп,— деп жазды В. И. Ленин,— II $^1/_2$ Интернационалдағы мырзалар елеулі жағдай атаулының бәрінде іс жүзінде контрреволюцияшыл болып шығады, өйткені, олар ескі мемлекеттік аппаратты күшпен қиратудан қорқады, олар жұмысшы табының күшіне сенбейді» (Шығармалар, 33-том, 6-бет).

1923 жылы майда II және $2^1/_2$ Интернационалдар Социалистік жұмысшы интернационалы дейтінге бірікті.— *244.*

[103] *«Гильдия» социалистері,* «гильдия социализмі»— ағылшын тред-юниондарының арасында бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында пайда болған реформистік ағым. «Гильдия» социалистері мемлекеттің таптық сипатын теріске шығарды, жұмысшылардың арасында қанаудан тап күресінсіз-ақ құтылу мүмкіндігі туралы алдамшы қиял таратты, өмір сүріп отырған тред-юниондардың негізінде өндірушілердің «гильдиялар» деп аталатып ерекше бірлестіктерін құруды және федерацияға біріккен осы ұйымдардың қолына өнеркәсіпті басқаруды беруді уағыздады. «Гильдия» социалистері осындай жолмен бірте-бірте социалистік қоғам құрамыз деп ниеттенді.

«Гильдия» социалистері әсіресе Октябрь социалистік революциясынан кейін өз насихатын белсене жүргізіп, «гильдия социализмі» «теориясын» тап күресі мен пролетариат диктатурасы идеяларына қарсы қоюға тырысты. 20-шы жылдары «гильдия социализмі» Англия жұмысшы табының арасындағы ықпалынан түгелдей айрылды.— *256.*

[104] Бұл арада Американ еңбек федерациясы мен ағылшын лейбористік партиясы айтылып отыр (қараңыз: 18-ескерту).

Американ еңбек федерациясы (АЕФ)— Америка Құрама Штаттарындағы кәсіподақ бірлестігі, 1881 жылы құрылған. Цехтық принцип бойынша құрылған Американ еңбек федерациясы көбінесе «жұмысшы аристократиясын» біріктірді. Американ еңбек федерациясының реформистік басшылығы социализм мен тап күресі принципін теріске шығарды, «таптық ынтымақты» уағыздап, капиталистік тәртіптерді қорғауды негізге алды. Американ еңбек федерациясының басшылығы халықаралық жұмысшы қозғалысын жікке бөлу саясатын жүргізіп, американ империализмінің агрессиялық

сыртқы саясатын белсене қолдауда. 1955 жылы Американ еңбек федерациясы басқа бір кәсіподақ бірлестігімен — Өндірістік кәсіподақтар конгресімен бірікті. Жаңа бірлестік Американ еңбек федерациясы — Өндірістік кәсіподақтар конгресі (АЕФ — ӨКК) деп аталады.— *259.*

[105] Әңгіме «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітап туралы болып отыр.— *260.*

[106] *Ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссия* Коминтерннің II конгресінде 20 мүшеден құрылды. Оның құрамына Англия, Австрия, Болгария, Венгрия, Германия, Голландия, Индия, Индонезия, Иран, Ирландия, Қытай, Корея, Мексика, Россия, Америка Құрама Штаттары, Түркия, Франция, Югославия өкілдері кірді. Комиссияның жұмысына В. И. Ленин басшылық етті. Комиссия өз жұмысын 1920 жылы 25 июльде В. И. Лениннің ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистерін талқылаудан бастады, бұл тезистер 26 июльде конгрестің қарауына ұсынылды. Ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияда және конгрестің пленум мәжілістерінде бұдан басқа М. Н. Рой ұсынған қосымша тезистер де талқыланды.— *264.*

[107] *Джингоизм* — өршеленген шовинизм, агрессиялық, империалистік саясатты уағыздау; термин аударуға келмейтін «джинго» деген сөзден шыққан, бұл сөз ағылшынның XIX ғасырдың 70-ші жылдарындағы шовинистік әнінің қайырмасынан алынған.— *270.*

[108] *Базель манифесі* — соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде болып өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыс қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын» қарсы қоюға шақырды. Базель манифесі империалистік мемлекеттердің экспансионистік саясатын батыл айыптады және социалистерді шағын халықтардың езгіге салынуы атаулыға қарсы және шовинизм көріністеріне қарсы күреске шақырды.— *270.*

[109] *Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары* конгресте сайланған комиссияда алдын ала талқыланды. Бұл комиссияның құрамына Россияның, Германияның, Болгарияның, Америка Құрама Штаттарының, Венгрияның, Австрияның, Голландияның коммунистік партияларынан, Ирландияның дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшыларынан, Швейцария социал-демократиялық партиясының сол қанатынан, Францияның коммунистік тобынан өкілдер енді. Комиссия жұ-

мысына В. И. Ленин тікелей ат салысты. «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары» деген тезистер (қараңыз: осы том, 224—231, 232-беттер) комиссияның жұмысына негіз етіп алынды. 29 июльде комиссия тезистерді конгрестің талқылауына ұсынды. Пленумның үш мәжілісінде (6, 7 және 8-ші) талқыланғаннан кейін конгресс 6 августа Коминтернге қабылдау шарттарын бекітті.— *271.*

[110] *Эрфурт программасы* — Герман социал-демократиялық партиясының программасы, 1891 жылы октябрьде Эрфуртте болған съезде қабылданды. Гота программасымен (1875) салыстырғанда, Эрфурт программасы бір адым ілгері басқандық болды; капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз күйрейтіні және оның социалистік өндіріс әдісімен алмастырылатыны туралы марксизм ілімі программаның негізіне алынды; программада жұмысшы табының саяси күрес жүргізуінің қажеттігі баса айтылды, осы күрестің басшысы ретінде партияның ролі және т. с. атап көрсетілді. Бірақ Эрфурт программасында да оппортунизмге елеулі икемделушілікке жол берілді. Ф. Энгельс Эрфурт программасының жобасын «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген еңбегінде жан-жақты сынға алды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 227—243-беттер); мұның өзі шын мәнінде бүкіл II Интернационалдың оппортунизмін сынау еді. Алайда герман социал-демократиясының басшылары Энгельстің сынын партия бұқарасынан жасырды, ал Энгельстің аса маңызды ескертпелері программаның түпкілікті текстін әзірлеген кезде ескерілмеді. В. И. Ленин Эрфурт программасының пролетариат диктатурасы туралы үндемей қалғандығы оның басты кемшілігі, оның оппортунизм алдында қорқақтықпен шегінуі болды деп есептеді.— *271.*

[111] Г. В. Плехановтың «Біз оған не үшін алғыс айтамыз? Карл Каутскийге ашық хат» деген мақаласын қараңыз (Г. В. Плеханов. Таңдамалы философиялық шығармалары, II том, 1956, 373-бет).—*272.*

[112] Ағылшын коммунистік партиясының Жұмысшы (лейбористік) партиясына енуі туралы мәселе 6 августа конгрестің соңғы мәжілісінде В. И. Лениннің Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы тезистерін талқылаған кезде шешілді. Лениннің сөзінен кейін конгресс көпшілік дауыспен (58 дауыс алып, 24 дауыс қарсы болып, 2 дауыс қалыс қалып) Англия коммунистік партиясының Жұмысшы партиясына қосылуын жақтады. Алайда лейбористер коммунистік партияны өз ұйымының құрамына қабылдаудан бас тартты.— *284.*

[113] *«The Call»* («Үндеу»)—газет, Британ социалистік партиясының органы. Газетті Британ социалистік партиясының

солшыл, интернационалистік қанаты 1916 жылы февральда Лондонда құрды, бұл қанатқа У. Галлахер, А. Инкпин, Д. Маклин, Ф. Ротштейн және басқалар кірді; 1920 жылдың июліне дейін шығып тұрды. 225 номері шықты.— *288.*

114 *«Австрия коммунистеріне хатты»* В. И. Ленин Австрия Коммунистік партиясының парламент сайлауына бойкот жариялау туралы шешіміне байланысты жазды. Бұл хат 1920 жылы 31 августа, жалпы партиялық конференция ашылар қарсаңында Австрия Коммунистік партиясының орталық органы «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетінде жарияланды. Лениннің хаты Австрия коммунистеріне өз қателіктерін түзетіп, дұрыс позиция ұстауына көмектесті. 1920 жылы 1 сентябрьде конференция Коминтерннің II конгресінің қаулысына сәйкес парламент сайлауына партияның қатысуы туралы шешім қабылдады. Сайлауға Австрия коммунистері жұмысшы табының революциялық бірлігі ұранымен шықты.— *292.*

115 Лондондағы буржуазиялық *«Дейли Ньюс»* («Daily News»— «Күнделікті Жаңалықтар») газетінің тілшісі Сегрю мырзаның В. И. Лениннің атына жолдаған радиотелеграммасы 1920 жылы 12 сентябрьде «Правда» газетінің 202-номерінде Лениннің жауабымен бірге жарияланды. Сегрю мырза өзінің радиотелеграммасында: Батыс Европаның Советтік Россияда болып қайтқан кейбір социалистері антисоветтік мақалалар жазды деп көрсетіп, Лениннен осы жөнінде өз пікірін айтуды өтінді.— *301.*

116 *РКП(б) Бүкіл россиялық тоғызыншы конференциясы* 1920 жылы 22—25 сентябрьде Москвада өтті. Оның жұмысына партияның 700 мың мүшесінің атынан 241 делегат (116 делегат шешуші дауыспен және 125 делегат кеңесші дауыспен) қатысты. Конференцияға РСФСР мен Украинаның губерниялық ұйымдарынан, Азербайжан мен Армения коммунистік партияларының Орталық Комитеттерінен өкілдер келді. Қызыл Армиядан 34 делегат келді. Конференцияның күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: 1) Поляк коммунистері өкілінің баяндамасы; 2) Орталық Комитеттің саяси есебі; 3) Орталық Комитеттің ұйымдық есебі; 4) Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы; 5) Партия тарихын зерттеу жөніндегі комиссияның баяндамасы; 6) Коминтерннің II конгресі туралы есеп.

Конференция жұмысының басында Варшавадан келген поляк жұмысшысы В. Уляновскийдің хабары тыңдалды, ол делегаттарға буржуазиялық-помещиктік Польшадағы саяси жағдай туралы хабарлап, поляк пролетариатының Советтік Россияны қолдау жолындағы ерлік күресі туралы айтып берді. Конференцияның поляк мәселесі туралы қабылдаған қарарында былай делінді: «Алда тұрған күрестің барлық

ауыртпалығына қарамастан, конференция поляк және орыс коммунистерінің көзқарасындағы толық ынтымақтылықты түпкілікті жеңіс біздікі болатынының кепілі деп біледі.

Конференция поляк коммунист-жұмысшыларына туысқандық сәлем жолдайды» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 204-бет).

Конференцияның бірінші мәжілісінде В. И. Ленин Орталық Комитеттің саяси есебі туралы баяндама жасады. Орталық Комитеттің саяси есебінің негізгі мәселесі Польшамен бітім жасасу және Врангельдің ақ гвардиялық армиясын талқандауға әзірлену туралы мәселе болды.

Лениннің баяндамасы бойынша қызу жарыс сөз басталды. Совет әскерлерінің Варшава түбінде сәтсіздікке ұшырау себептері айрықша қызу түрде талқыланды. В. И. Ленин қорытынды сөзінде Орталық Комитеттің саяси есебі жөніндегі айтысты қорытындылай келіп, делегаттардың сөйлеген сөздері қажетті сабақтар алып, қорытындылар шығару үшін аса бай материалдар береді деп көрсетті. Конференция Польшамен бітім жасасу шарттары туралы бірауыздан қарар қабылдады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Польшамен бітім жасасудың нақтылы шарттары туралы мәлімдемесі мақұлданды, бұл мәлімдемені жазуға Ленин тікелей басшылық етті және өзі редакциялады (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 123—126-беттер).

IX конференция жұмысында партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы мәселені талқылау маңызды орын алды. Орталық Комитет 1920 жылғы сентябрьдің басында-ақ барлық партия ұйымдарына нұсқау хат жолдаған болатын, ол хатта сол кезеңде бірқатар партия ұйымдарында көзге шалынып жүрген кейбір келеңсіз құбылыстар көрсетілді, совет және шаруашылық мекемелерінде басшы қызметтерде істейтін кейбір коммунистердің бюрократизмге қарсы күреспегендігі, өзінің қызмет бабын пайдаланып қиянат жасағандығы, өз партия ұйымы мен жұмысшы бұқарасынан қол үзгендігі атап көрсетілді. Орталық Комитеттің ұсынысы бойынша жергілікті партия ұйымдары бұл хатты партия жиналыстарында талқылап, өз делегаттары арқылы конференцияға кемшіліктерді жою жөнінде практикалық ұсыныстарын тапсырды. Конференцияда партия құрылысының міндеттерін талқылаған кезде антипартиялық «демократиялық централизм» тобы бой көрсетіп, өзінің қосымша баяндамашысы етіп Т. В. Сапроновты шығарды. «Децистер» партиялық тәртіпке, Коммунистік партияның Советтер мен кәсіподақтардағы басшылық роліне қарсы болды. Партия конференциясы да, РКП(б) IX съезі сияқты, «демократиялық централизм» тобына үзілді-кесілді тойтарыс берді.

Конференция «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарар қабылдады, бұл қарардың жобасын Ленин

жазды (қараңыз: осы том, 318—319-беттер). Ленин сонымен бірге «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы қарар жөніндегі ұсыныстарды» да жазды (қараңыз: осы том, 320-бет). Қарарда партия қатарын одан әрі нығайтуға және оның Совет мемлекетіндегі басшылық ролін күшейтуге, ішкі партиялық және советтік демократияны жан-жақты дамытуға бағытталған практикалық шаралар белгіленді. «Ұйымның барлық жауапты қызметкерлерін міндетті түрде қатыстыра отырып, партия мүшелерінің жалпы жиналыстары мүмкіндігінше жиірек шақырылсын» деп ұсынды («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 197-бет). Конференция қатардағы коммунистерді РКП(б) губерниялық конференциялары мен губерниялық комитеттері пленумдарының жұмысына белсенді қатысуға кеңінен тарту қажеттігін көрсетті. Сондай-ақ совет және шаруашылық органдарының жұмысындағы бюрократизмнің қалдықтарын түбірінен жою жөніндегі шаралар да белгіленді. Конференция әр түрлі қиянат көрсетушілікке қарсы күресу үшін және коммунистерден түскен шағымдарды тексеру үшін Бақылау комиссиясын, ал губерниялық комитеттер жанынан арнаулы партия комиссияларын құру қажет деп тапты.

IX конференция Орталық Комитеттің ұйымдық есебі жөнінде қарар қабылдады, ол қарарда жергілікті жерлердегі жұмыспен мейлінше толық танысу және одан тәжірибе алу бағытында Орталық Комитет Секретариатының жұмысын күшейту, Үгіт-насихат бөлімінің жұмысына көбірек көңіл бөлу ұсынылды; сондай-ақ Қызыл Армия мен Флот қатарындағы партия ұйымдарының ұйымдық жұмысына Орталық Комитет тарапынан тікелей басшылық етуді жақсарту және бұл ұйымдардың жұмысының қоғамдық өмірден оқшауланып қалуына жол бермеу қажеттігі көрсетілді.— *303.*

[117] *«Қимыл комитеті»* («Қимыл советі») Лондонда тред-юниондардың Парламенттік комитетінің, Жұмысшы партиясының Атқару комитеті мен парламенттік тобының 1920 жылғы 9 августағы біріккен конференциясында құрылды; бұл комитетті ағылшын жұмысшылары Англияның Советтік Россияға қарсы соғысқа кірісуіне бөгет жасау үшін құрды. Лондондағы орталық «Қимыл комитетімен» бірге жергілікті жерлерде де жергілікті «қимыл комитеттері» пайда болды. Августың аяғына қарай Англияда 150-ден астам «қимыл комитеті» болды, ал бір айдан кейін олардың саны екі есе көбейді. «Қимыл комитеттерін» ұйымдастыру ісінде Великобритания Коммунистік партиясы зор роль атқарды, бұл партия коммунистерді осы ұйымдарда өкілдік алу үшін күресуге шақырып, «қатардағы жұмысшылардың еркіне кәсіподақтық және лейбористік лидерлердің қарсы шығу, шешуші кезеңде тізе бүгу әрекеттерінің бәріне қарсы қи-

мыл жасау» («The Communist», London, N 2, 12 August 1920) үшін жергілікті стачкалық комитеттердегі жетекші позицияларды қолға алуға күш салды.— *307.*

[118] В. И. Ленин бұл арада А. М. Коллонтайдың сөйлеген сөзін айтып отыр, ол сын айтқандығы үшін қуғындаушылық туралы демагогиялық мәлімдеме жасап, сынағандарға, оның айтуынша, кейде «жақсы, аптапты жерлерге шабдал жеуге» бару ұсынылады деп көрсетті.— *314.*

[119] Бақылау комиссиясының құрамы туралы В. И. Лениннің ұсынысы аздаған өзгертулермен РКП(б) IX конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарына енді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 196—203-беттер).

«Басқа қызметке ауыстыру жөнінде мынаны қосу керек» деген сөздерден бастап сөйлемнің аяғына дейінгі текстi Ленин сызып тастаған және ол қарарға енбеген.— *320.*

[120] *«Неміс және француз жұмысшыларына хат. Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресі жайындағы жарыс сөз жөнінде»* 1920 жылы 25 сентябрьде «Правда» мен «Известия ВЦИК» газеттерінде, 28 сентябрьде — Германия Коммунистік партиясының органы «Die Rote Fahne»-де («Қызыл Ту»), 1 октябрьде — Француз социалистік партиясының органы «L'Humanité»-де («Адамзат») және 1920 жылы ноябрьде Великобритания Коммунистік партиясының органы «The Communist»-те («Коммунист») жарияланды.— *321.*

[121] *В. И. Лениннің Россия Коммунистік Жастар Одағының Бүкіл россиялық III съезінде 1920 жылы 2 октябрьде сөйлеген сөзі* бірінші рет «Правда» газетінде (№№ 221, 222, 223) 1920 жылы 5, 6 және 7 октябрьде жарияланды. Бұл сөз осы жылдың өзінде-ақ «Жастар одақтарының міндеттері (Россия Коммунистік Жастар Одағының Бүкіл россиялық 3-ші съезінде сөйленген сөз)» деген атпен жеке кітапша болып басылып шықты (Саяси ағарту бас комитеті кітапханасы, № 1). Кітапшаның бұл тұңғыш жеке басылымын Ленин өзі редакциялады. Екі жүз мың дана болып шыққан кітапшаілезде таралып кетті; кітапшаға қардарлықтың көптігі соншa, ол машинкада басылып және қолдан көшіріліп тарап жатты. Бұдан былайғы жерде Лениннің комсомолдың III съезінде сөйлеген сөзін әр түрлі баспалар талай рет қайта басып шығарды; бұлардың әрқайсысы кітапшаға: «Нені үйрену керек және қалай үйрену керек», «Комсомолец қандай болуы керек», «Ильичтің өсиеті», «Ильичтің жастарға өсиеті», «Жастардың міндеттері», «Жастар коммунизмді қалай үйренуі керек», «Коммунистік тәрбие және

коммунистік мораль туралы» деген өз тақырыптарын қойды. 1930 жылы «Молодая гвардия» баспасы «Жастар одақтарының міндеттері» деген кітапшаның мерекелік басылымын шығарды, бұл кітапшадағы ескертулерді Н. К. Крупская редакциялады. Лениннің комсомолдың III съезінде сөйлеген сөзі В. И. Ленин Шығармаларының барлық басылуларына енді; ол екі рет кітапша тексті бойынша және екі рет «Правда» газетінің тексті бойынша басылды. Лениннің сөзі бұл басылуда 1920 жылы шыққан «Жастар одақтарының міндеттері» деген кітапшаның тексті бойынша басылып отыр. (Абзацтар негізінен «Правда» газетінің тексті бойынша берілді). Кітапшада Ленин сөзінің текстіне редакциядан мынадай тақырыпшалар берілген: «Ілімсіз коммунизм орнамайды», «Нені үйрену керек?», «Ескі мектеп», «Маркстің ілімі», «Пролетарлық мәдениет», «Фактілерді сын көзбен ұғыну», «Саналы тәртіп», «Шаруашылық құрылыс», «Коммунистік қоғам құрылысы», «Коммунистік мораль», «Тап күресі», «Меншікшілдік инстинкт», «Қанаушыларға қарсы күрес», «Коммунистік жастар Одағы», «Коммунист дегеніміз кім?», «Коммунистік жұмыс», «Жастар Одағы мүшелерінің міндеттері», «Болашақ жастардікі»; бұл тақырыпшалар Шығармаларда берілген жоқ.

Россия Коммунистік Жастар Одағының Бүкіл россиялық үшінші съезі Москвада 1920 жылы 2—10 октябрьде өтті. Съезге 600-ге жуық делегат қатысты. Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: 1) Республиканың соғыс және шаруашылық жағдайы; 2) Коммунистік Жастар Интернационалы; 3) РКСМ Орталық Комитетінің есебі; 4) Жастарға социалистік тәрбие беру; 5) Милиция армиясы және жастардың дене тәрбиесін дамыту; 6) РКСМ программасы; 7) РКСМ уставы; 8) РКСМ Орталық Комитетін сайлау. Ленин өз сөзін съездің бірінші мәжілісінде, 2 октябрьде кешкілікте сөйледі.

В. И. Ленин өзінің сөзін сөйлеп болғаннан кейін көптеген запискаларға жауап қайтарды. Соғыс жағдайына байланысты РКСМ міндеттері қандай болмақ деген сұраққа жауап бере келіп, Ленин: «қазір істің жайы соғыс міндетіне әкеліп сайып отыр, өйткені барлық күшті Врангельге қарсы күреске жұмсау керек», сондықтан бұған көмектесу үшін Коммунистік жастар одағы қандай шұғыл шаралар алуға тиіс екендігін комсомол съезі практикалық тұрғыда талқылауы керек деп көрсетті. Бірқатар сұрақтар шаруалардың халжағдайына, шаруалардың бір бөлегі ішіндегі азық-түлік салымы мен өнеркәсіп товарларының жетіспеуінен туған наразылыққа байланысты қойылды. Ленин мұндай жағдайларда азық-түлік салымының қажет болып отырғандығын түсіндірді; ол былай деп көрсетті: шаруаларды құрал-сайманмен, ауыл шаруашылық машиналарымен және көпшілік қолды товарлармен жабдықтау фабрикалар мен заводтарды қалпына келтіруге байланысты, ал «жұмысшы азық-

түлікпен қамтамасыз етілмейінше, отын мен шикізаттың жеткілікті мөлшері жиналмайынша, күйзелген өнеркәсіпті қалпына келтіру мүмкін емес». Комсомол мен РКП(б)-ның өзара қатынастары туралы қойылған сұраққа Ленин былай деп жауап берді: РКСМ партияның басшылығымен жұмыс істеуге, «егер шынымен коммунистік одақ болғысы келсе, Коммунистік партияның жалпы директиваларын» басшылыққа алуға тиіс. Ленин комсомолдың қызметі барлық жас өспірім жастар үшін үлгі болуға тиіс деп тағы да атап көрсетті. Коммунистік қоғам, деді Ленин, барлық қанаушыларға қарсы күресте орнайтын болады. «Мұның өзі — ұзақ іс, бұл іс ұйымдасуды, оқуды және тәрбиені талап етеді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Лениннің нұсқауларына сүйене отырып, РКСМ III съезі мынадай программалық қағиданы атап көрсетті: «РКСМ-нің негізгі міндеті еңбекші жастарға коммунистік тәрбие беру болып табылады, бұл тәрбиеде теориялық жағынан ағарту ісі еңбекшілер бұқарасының өміріне, еңбегіне, күресіне және құрылысына белсене қатысумен тығыз байланысты. РКСМ-нің барлық саладағы бүкіл практикалық жұмысы жастарға коммунистік тәрбие беру міндетіне бағындырылуға тиіс, жастар социалистік шаруашылықтың жігерлі де шебер құрылысшыларын, советтік республиканың қорғаушыларын, жаңа қоғамның ұйымдастырушыларын даярлайды» («РКСМ-нің Бүкіл россиялық үшінші съезі. Стенографиялық есеп». М.-Л., 1926, 308-бет).— *325.*

[122] Бұл арада пролеткультшілдер — Пролеткульт мәдени-ағарту ұйымының мүшелері айтылып отыр. Тәуелсіз дербес жұмысшы ұйымы ретінде 1917 жылы сентябрьде-ақ пайда болған Пролеткультке басшылық ету ісі А. А. Богдановтың және оның жақтастарының қолына шоғырланды, Пролеткульт Октябрь революциясынан кейін де өзінің «тәуелсіздігін» қорғауын тоқтатпады, сол арқылы өзін пролетарлық мемлекетке қарсы қойды. Осының салдарынан Пролеткультке буржуазиялық интеллигенттер еніп кетіп, оның позициясына шешуші ықпал ете бастады. Пролеткультшілдер іс жүзінде бұрынғы мәдени мұраның маңызын жоққа шығарды, бұқаралық мәдени-ағарту жұмысының міндеттерінен жалтаруға және өмірден қол үзіп, «лабораториялық жолмен» айрықша «пролетарлық мәдениетті» жасауға тырысты. Пролеткульттің басты идеологы Богданов марксизмді сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде субъективтік-идеалистік, махистік философияны уағыздады. Пролеткульт біртекті ұйым болған жоқ. Пролеткульттің көптеген ұйымдарына жетекшілік еткен буржуазиялық интеллигенттермен қатар, ол ұйымдарға Совет мемлекетінің мәдени құрылысына шын ниетімен көмектесуге тырысқан жұмысшы жастар да енді. Пролеткульт ұйымдары 1919 жылы барынша дамыды.

20-жылдардың бас кезінде олар құлдырай бастады; 1932 жылы Пролеткульт өзінің өмір сүруін тоқтатты.

В. И. Ленин «Пролетарлық мәдениет туралы» қарардың жобасында (қараңыз: осы том, 365—367-беттер), өзінің басқа да бірқатар еңбектеріндегі сияқты, Пролеткульттің қате бағытын батыл сынады.— *331.*

[123] *Былғары өндірісінің жұмысшылары мен қызметшілері съезі* (Былғары өнеркәсібі жұмысшылары мен қызметшілерінің Бүкіл россиялық III съезі) 1920 жылы 2—6 октябрьде Москвада өтті. Съезге 300-ге жуық делегат келді. Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: кәсіподақтардың міндеттері, былғары өндірісі жұмысшылары мен қызметшілері одағы Орталық Комитетінің есебі, былғары өнеркәсібі басқармасын ұйымдастыру, тариф саясаты, еңбекті қорғау, одақтың мәдени-ағарту қызметі, ұйымдық және басқа мәселелер. В. И. Ленин съездің бірінші мәжілісінде сөз сөйледі.— *347.*

[124] Әңгіме поляк коммунисі В. Уляновскийдің РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында сөйлеген сөзі жайында болып отыр.— *351.*

[125] *Қорғаныс Советін* (Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советін) 1918 жылы 30 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті құрды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысында былай деп көрсетілді: Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советі Совет республикасын әскери лагерь деп жариялаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 2 сентябрьдегі декретін жүзеге асыру үшін құрылады. Қорғаныс Советі Совет мемлекетінің елде туып отырған ерекше қиын жағдайдың нәтижесінде дүниеге келген төтенше органы болды. Елдің күші мен қаражатын қорғаныс мүддесіне пайдалануға жұмылдыру ісіндегі бүкіл уәкілдік соған берілді. Қорғаныс Советінің Председателі болып В. И. Ленин тағайындалды.

Қорғаныс Советінің қаулылары орталық және жергілікті ведомстволар мен мекемелер үшін, Совет республикасының барлық азаматтары үшін бірдей міндетті болды. Қорғаныс Советі шетел интервенциясы мен азамат соғысы дәуірінде Республиканың ең басты әскери-шаруашылық және жоспарлаушы орталығы болды. Революциялық-әскери советтің және басқа әскери органдардың қызметіне Қорғаныс Советі күшті бақылау жасады.

1920 жылы апрельдің бас кезінде Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советі қайта құрылып, Еңбек және Қорғаныс Советі (СТО) деп аталды. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің 1920 жылғы декабрьдегі қаулысы бойынша Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы правосында жұмыс жүргізе бастады, барлық ведомстволардың шаруашылық құрылыс жөніндегі жұмыс-

тарын үйлестіріп отыру оның басты міндеті болды; 1937 жылға дейін жұмыс істеп келді.— *361.*

[126] *«Пролетарлық мәдениет туралы» қарардың жобасын* В. И. Ленин Пролеткульттің Бүкіл россиялық I съезіне байланысты жазды; съезд 1920 жылғы 5 октябрьден 12 октябрьге дейін Москвада өтті. Лениннің жобасы 1920 жылғы 9 және 11 октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілістерінде Пролеткульт туралы мәселені талқылауға негіз болды. Пролеткульттің I съезінің коммунистік фракциясы пролеткульттерді орталықта және жергілікті жерлерде Халық ағарту комиссариатының органдарына бағындыру туралы ұйымдық қарар қабылдау жөнінде ұсыныс енгізді. Лениннің тікелей нұсқаулары рухында жазылған бұл қарарды Пролеткульт съезі бірауыздан қабылдады. Алайда съезден кейін пролеткульттің кейбір басшылары қабылданған қарармен келіспейтіндігін айта бастады және қатардағы пролеткультшілдер алдында қарардың мәнін бұрмалап баяндауға, істің жайын: РКП(б) Орталық Комитеті бейне бір жұмысшылардың көркем творчество саласындағы талапкерлігіне шек қойып, Пролеткульт ұйымын жойғысы келеді-міс деп көрсетуге тырысты. Мұндай жалған, демагогиялық мәлімдемелердің бәріне РКП(б) Орталық Комитетінің «Пролеткульттер туралы» хатында («Правда» газетінің 270-номерінде 1920 жылы 1 декабрьде жарияланды) тойтарыс берілді, бұл хатта пролеткульттің қателіктеріне толық талдау жасалды.— *365.*

[127] А. В. Луначарскийдің 1920 жылы 7 октябрьде Пролеткульт съезінде сөйлеген сөзі туралы есепте былай делінген: «Луначарский жолдас былай деді: Пролеткультке ерекше жағдай туғызылуы, барынша толық автономия берілуі қамтамасыз етілуге тиіс...» («Известия ВЦИК» № 224, 8 октябрь, 1920 жыл). Луначарскийдің өзі бұл уақиға туралы өзінің естеліктерінде былай деп әңгімелейді: «Владимир Ильич 1920 жылы октябрьде Пролеткульттің съезі боларда маған съезге баруды тапсырып, мынадай нақты нұсқау берді: Пролеткультке Халық ағарту комиссариаты басшылық етуге тиіс және ол өзін Халық ағарту комиссариатының мекемесімін деп қарауға тиіс, т. т. Қысқасы, Владимир Ильич Пролеткультті мемлекетке бағындыруымызды қалады, сонымен бірге ол Пролеткультті партияға да бағындыру үшін шаралар қолданды. Съезде сөйлеген сөзімді мен біраз қиялап, тігісін жатқыза редакцияладым, Владимир Ильичке бұл сөздің бұдан да гөрі жұмсартылған редакциясын беріпті. Ол мені өзіне шақырып алды да қатты кейіді» («В. И. Ленин әдебиет пен өнер туралы». М., 1960, 667-бет).— *365.*

[128] В. И. Лениннің жобасы толықтырулар енгізіліп, 1920 жылы 14 октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде қабылданды.— *372.*

[129] *Шығыс халықтарының Баку съезі* (Шығыс халықтарының бірінші съезі) 1920 жылы 1—7 сентябрьде өтті. Бакудегі съезге 1891 делегат — 37 ұлттың (Кавказдың, Орта Азияның, Ауғанстанның, Египеттің, Индияның, Иранның, Қытайдың, Кореяның, Сирияның, Түркияның, Жапонияның және басқа елдердің) өкілдері келді. Съезд делегаттарының үштен екісі (1273 делегат) коммунистер болды. Съездің ашылу қарсаңында, 1920 жылы 31 августа жұмысшы, қызыл әскер және матрос депутаттарының Баку Советі мен кәсіподақтардың Азербайжан съезінің салтанатты жиналысы болды, бұл жиналыс съезге келген делегаттарды құттықтады. Жиналыста Шығыс халықтарын Европа мен Американың коммунистік партияларының өкілдері де — Бела Кун (Венгрия), Томас Квелч (Англия), Джон Рид (Америка Құрама Штаттары), т. б. құттықтап сөз сөйледі.

Шығыс халықтарының съезі мына мәселелерді талқылады: 1) Халықаралық жағдай және Шығыс халықтары еңбекшілерінің міндеттері; 2) Ұлт-отар мәселесі; 3) Аграрлық мәселе; 4) Шығыстағы Советтер; 5) Ұйымдық мәселе және басқа мәселелер. Съезде материалдарды әзірлеу үшін төрт секция: аграрлық мәселе жөнінде, ұлт-отар мәселесі жөнінде, совет құрылысы мәселесі жөнінде және ұйымдық мәселе жөнінде секциялар құрылды.

Шығыс халықтарының съезі Коммунистік Интернационалдың II конгресінің шешімдерін қостады және осы шешімдердің негізінде бірқатар қарарлар қабылдады. «Шығыстағы Совет өкіметі туралы» тезистер бекітілді. Тезистерде шығыс халықтарының Россиядағы совет құрылысының тәжірибесін пайдалануы қажеттігі туралы айтылды, империалистік қанауды жоюдағы, жерді еңбекшілердің қолына берудегі және әр түрлі халықтардың еңбекшілері арасында туысқандық ынтымақ орнатудағы Советтердің маңызы туралы сөз болды. Съезд сондай-ақ «Аграрлық мәселе жөніндегі тезистерді» қабылдады, бұл тезистерде Шығыстағы шаруалардың езілуі мен қаналуының көздері көрсетілді және аграрлық өзгерістер жасаудың революциялық шаралары (жерді национализациялау және оны шаруалардың тегін пайдалануына беру, барлық салықтар мен борыштарды жою, суландыру жүйелерін тәртіпке келтіру, көшпелі халықтарға көмек көрсету, т. б.) белгіленді. Ұлт және отар мәселелері жөнінде съезд арнаулы қарар қабылдамауды ұйғарып, Коминтерннің II конгресінің осы мәселелер жөніндегі тезистерін қуаттайтындығын білдірді. Съезд мынадай екі үндеу хат: Шығыс халықтарын отаршылдарға қарсы күреске шақырған үндеу хат пен Европа, Америка және Жапония еңбекшілерін Шығыс халықтарының азаттық қозғалысын қолдауға шақырған үндеу хатты жариялауға қаулы қабылдады. Қабылданған шешімдерді жүзеге асыру үшін съезд Коминтерннің Атқару Комитетінің жанынан тұрақты орган — Шығыс халықтарының насихат және қимыл Советін құрды.

Коминтерннің Екінші конгресі мен Шығыс халықтарының Бірінші съезі туралы айта келіп, В. И. Ленин былай деп атап көрсетті: «Бұл съездер коммунистерді топтастырған халықаралық съездер болды, олар барлық цивилизациялы елдерде және шығыстың барлық артта қалған елдерінде большевиктік ту, большевизм программасы, большевиктердің қимыл әдістері — барлық цивилизациялы елдердің жұмысшылары үшін, барлық артта қалған отар елдердің шаруалары үшін құтқару туы, күрес туы екендігін көрсетті, шынында да Советтік Россия соңғы үш жылдың ішінде өзіне тұншықтырмақшы болып тарпа бас салғандарға тойтарыс беріп қана қоймай, сонымен бірге бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілердің тілектестігіне ие болғандығын көрсетті...» (осы том, 388—389-беттер).— *372.*

130 *Москва губерниясының уездік, болыстық және селолық атқару комитеттері председательдерінің кеңесі* 1920 жылы 15—17 октябрьде өтті. Кеңеске 3000-ға жуық депутат қатысты. В. И. Лениннің баяндамасы бойынша қарар қабылданды, бұл қарарда Финляндиямен жасасылған бітім және Польшамен алдын ала уақытша бітім жөнінде қанағаттанғандық сезім білдірілді, Совет өкіметінің «сан жүз мыңдаған орыс және поляк жұмысшылары мен шаруаларының өмірін сақтап қалуға, орыс және поляк еңбекшілері бұқарасын қысқы жорықтың ауыртпалықтары мен азаптарынан құтқарып қалуға ұмтылған» бейбітшілік сүйгіш саясаты дұрыс саясат деп табылды. Сонымен бірге кеңес: «баянды бейбітшілік жолындағы таяудағы міндеттер ең алдымен оңтүстікте талқандалмай қалған бандыларды талқандау» болып табылады деп көрсетіп, Россия еңбекшілерін «майдандарды жан-жақты қолдау және Врангельді біржолата жою үшін барлық күшті жұмылдыруға» шақырды («Правда» № 231, 16 октябрь, 1920 жыл). Кеңесте батыс майданына көмектесу туралы, азық-түлік жағдайы туралы, еңбек және көлік-арба міндеткерлігі туралы, халыққа білім беру туралы мәселелер талқыланды.— *374.*

131 Бұл арада Америка Құрама Штаттары үкіметінің Советтік Россияға көзқарасы туралы Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік статс-секретары Б. Кольбидің итальян үкіметіне жолдаған нотасы айтылып отыр. Нота «Известия ВЦИК» газетінің 1920 жылғы 8 сентябрьдегі 198-номерінде берілді.— *377.*

132 Бір жағынан РСФСР мен УССР, екінші жағынан, Польшаның арасындағы уақытша бітім және бітімнің долбарлы (алдын ала) шарттары туралы 1920 жылы 12 октябрьде Ригада қол қойылған шарт бойынша Украина мен Белоруссияның батыс облыстары Польшаға кетті. Шарт жасасушы жақтар бұл елдердің қайсысына болса да қарсы бағыттал-

ған дұшпандық әрекеттерді қолдамауға міндеттенді және контрибуциядан бас тартты. Польшадан патша үкіметі тасып әкеткен мәдени байлықтарды Совет үкіметі Польшаға қайтарып беруге келісті (қараңыз: «СССР сыртқы саясатының документтері», III том, М., 1959, 245—258-беттер).— *390.*

[133] Бұл арада шаруа Беляевтің сөйлеген сөзі айтылып отыр, ол бейнелі теңеуді қолдапа отырып былай деген болатын: сілеусін, яғни дүние жүзілік капитал теке мен қошқардың өзара мүйіздесуін ғана — жұмысшылар мен шаруалардың өзара қақтығысын ғана аңдып отыр.— *395.*

[134] *«Диктатура туралы мәселенің тарихы жөнінде»* деген мақаланың қолжазбасын В. И. Ленин Петроградқа «Коммунистический Интернационал» журналының редакциясына теруге жіберді. Мақаланы Петроградқа жібергеннен кейін келесі күні Ленин бұл туралы редакцияға хабарлап, одан жіберілген материалды «алысымен дереу тексеріп, теруге беруді (өзіне түгел қайтаруды)» өтінді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Ленин мақаланың корректурасын өзі оқыды; өзіне Петроградтан жіберілген гранкаларға ол бірсыпыра түзетулер енгізді.

«Диктатура туралы мәселенің тарихы жөнінде» деген мақаланың басым бөлігі Лениннің «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген өзінің кітапшасынан алынған текстен тұрады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 283—372-беттер), бұл кітапша 1906 жылы жазылған еді. Ленин бұл кітапшадан V тарауды—«Кадеттік масайраудың бір үлгісі» деген тарауды пайдаланады.— *402.*

[135] РСДРП программасы РСДРП II съезінде 1903 жылы августа қабылданды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 62—69-беттер).— *402.*

[136] РСДРП III съезінің «Қарулы көтеріліс туралы» қарарынан цитат келтіріліп отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 120—121-беттер). Бұл қарардың жобасын В. И. Ленин жазған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 120—121-беттер).— *403.*

[137] Бірінші орыс революциясы кезеңіндегі экономикалық және саяси стачкалар туралы ай сайынғы деректерге В. И. Ленин «Россиядағы стачкалар статистикасы туралы» және «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» деген мақалаларында талдау жасады. Бірінші мақала 1910 жылы де-

кабрьде және 1911 жылы январьда «Мысль» журналының 1 және 2-номерлерінде, екінші мақала 1911 жылы 29 апрельде (12 майда) «Дискуссионный Листоктың» 3-номерінде басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 411—443, 389—409-беттер).— *403.*

[138] *«Жаңа Рейн Газеті»* («Neue Rheinische Zeitung») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін күн сайын Кёльнде К. Маркстің редакциялауымен шығып тұрды. Редакция құрамында Ф. Энгельс, В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронке, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерс болды. Демократияның пролетарлық қанатының айбынды органы бола отырып, газет халық бұқарасын тәрбиелеуші ролін атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске көтерді. Герман және европалық революциялардың аса маңызды мәселелері бойынша газеттің қандай позиция ұстайтынын анықтаған бас мақалаларды, әдетте, Маркс пен Энгельс жазды.

Барлық қуғындау әрекеттері мен полиция жасаған кедергілерге қарамастан, «Жаңа Рейн Газеті» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғады. 1849 жылы майда Маркстің Пруссиядан кетірілуі және «Жаңа Рейн Газетінің» басқа да редакторларына қарсы жасалған жазалау әрекеттері газеттің шығуын тоқтатуына себеп болды.— *407.*

[139] К. Маркс. «Дағдарыс және контрреволюция» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 431-бет).— *408.*

[140] *Франкфурт жиналысы* — жалпы герман Ұлттық жиналысы; жиналыс Германиядағы 1848 жылғы март революциясынан кейін шақырылды және өзінің мәжілістерін сол жылы майда Майндағы Франкфуртта бастады. Жиналыстың басты міндеті саяси бытыраңқылықты жою және жалпы германдық конституция дайындау болды. Алайда Жиналыстың либерал көпшілігінің қорқақтығы мен қобалжуынан және ұсақ буржуазиялық сол қанаттың тартыншақтығы мен дәйексіздігінен Жиналыс елдегі жоғарғы өкімет билігін өз қолына алудан қорықты, 1848—1849 жылдардағы герман революциясының негізгі мәселелерінде батыл позиция ұстай алмады. Ол жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жеңілдету үшін түк істеген жоқ, Польша мен Чехиядағы ұлтазаттық қозғалысын қолдамады, қайта езілген халықтар жөнінде Австрия мен Пруссия жүргізіп отырған езушілік саясатты қуаттады. Жиналыстың депутаттары контрреволюцияның шабуылына тойтарыс беру үшін және 1849 жылы мартта өздері дайындаған империя конституциясын қорғау үшін халық күштерін жұмылдыруға батылдық жасай алмады. Олар «толып жатқан демократиялық «шешімдер» қабылдады, толып жатқан бостандықтар «құрды», ал іс жүзін-

де өкімет билігін корольдің қолында қалдырды» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 11-том, 21-бет).

Көп ұзамай Австрия, одан кейін Пруссия үкіметтері өздерінің депутаттарын кері шақырып алды, олардың ізінше басқа герман мемлекеттерінің де либерал депутаттары Франкфурт жиналысын тастап кетті. Жиналыстың құрамында қалған ұсақ буржуазиялық, сол қанаттағы депутаттар Жиналыстың тұрағын Штутгартқа көшірді. 1849 жылы июньде Вюртемберг үкіметінің әскері Жиналысты таратып жіберді.— *408.*

[141] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 39-бет.— *409.*

[142] 1905 жылы 9 январьда Петербургтің 140 мыңнан астам жұмысшысы қолдарына құдай суреттері мен икондар ұстап, патшаға петиция тапсыру үшін Қысқы сарайға қарай бейбіт шерумен бет алды. Шеруді 1905 жылы 3(16) январьда Путилов заводында басталған және 7(20) январьға қарай жаппай стачкаға айналған Петербург жұмысшыларының стачкасына байланысты охранканың құпия агенті священник Гапон ұйымдастырды. Большевиктер Гапонның арам ойын әшкерелеп, патша жұмысшыларды қанды қырғынға ұшыратуы мүмкін деп сақтандырды. Большевиктердің сақтандыруы рас болып шықты. Патшаның бұйрығы бойынша әскерлер әйелдері мен балаларын ерткен жұмысшылардың қарусыз шеруін түйдектете оқ атып, қылышпен және қамшымен қарсы алды. Мыңнан астам адам оққа ұшты, бес мыңға жуық адам жараланды. Қанды жексенбі деп аталып кеткен 9 январь — 1905 жылғы революцияның бастамасы болды.— *409.*

[143] Әңгіме күнделікті «Наша Жизнь» газеті туралы болып отыр; газет 1904 жылғы 6(19) ноябрьден 1906 жылғы 11(24) июльге дейін үзілістермен Петербургте шығып тұрды.— *411.*

[144] *Брентанизм* — немістің буржуазияшыл экономисі Луйо Брентано (1844—1931) негізін құрған саяси ағым. Брентано капиталистік қоғамдағы «әлеуметтік татулықты», капитализмнің әлеуметтік қайшылықтарын тап күресінсіз жою мүмкіндігін уағыздады, реформистік кәсіподақтар ұйымдастыру және фабрикалық заң шығару арқылы жұмысшы мәселесін шешуге, жұмысшылар мен капиталистердің мүдделерін келістіруге болады-мыс деп пайымдады.— *420.*

[145] *«Без Заглавия»*— саяси апталық; Петербургте 1906 жылғы 24 январьдан (6 февральдан) 14 (27) майға дейін шығып тұрды. Журнал С. Н. Прокоповичтің редакциясымен шықты, оған Е. Д. Кускова, В. Я. Богучарский, В. В. Хижняков және басқалар белсене қатысты. «Беззаглавияшылдар» орыс бур-

жуазиялық интеллигенциясының жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік тобы. «Беззаглавияшылдар» өздерін ресми түрде партияда жоқпыз дегенді желеу етіп, буржуазиялық либерализм мен оппортунизм идеяларын уағыздаушылар болды, россиялық және халықаралық социал-демократиядағы ревизионистерді қолдады.— *420.*

[146] Әңгіме герман рейхстагының социал-демократиялық фракциясындағы пароход қоғамдарына жәрдем беру (Dampfersubvention) туралы мәселе жөніндегі алауыздық жайында болып отыр. 1884 жылдың аяғында Германия канцлері Бисмарк герман басқыншылық отарлық саясатының мүдделерін көздеп, рейхстагтан Шығыс Азияға, Австралияға және Африкаға тұрақты пароход рейстерін ұйымдастыру үшін пароход қоғамдарына жәрдем берудің бекітілуін талап етті. Социал-демократиялық фракцияның Бебель және Либкнехт басқарған сол қанаты пароход қоғамдарына жәрдем беруді қабылдамай тастағанда, фракцияның көпшілігі саналатын Ауэр, Дитц және басқалар бастаған оң қанаты рейхстагтағы ресми айтысқа дейін-ақ пароход қоғамдарына жәрдем беруді қолдады. 1885 жылғы мартта мәселе рейхстагта талқыланған кезде социал-демократиялық фракцияның оң қанаты шығыс азиялық және австралиялық пароход жолдарын ашуды жақтап дауыс берді; ол Бисмарк жобасына келісім беруіп өзінің кейбір талаптарының, мәселеп, жаңа кемелердің Германия верфьтерінде жасалу талабының қабылдануымен байланыстырды. Бұл талапты рейхстаг қабылдамай тастағаннан кейін ғана фракция түгелімен үкімет жобасына қарсы дауыс берді. Фракция көпшілігінің бұл қылығына «Социал-Демократ» газеті және социал-демократиялық ұйымдар тарапынан тойтарыс берілді. Алауыздықтың күшті болғаны соншалық, тіпті партияны жікке бөлінуге әкеліп соқтыра жаздады. Ф. Энгельс социал-демократиялық фракцияның оң қанатының оппортунистік позициясын батыл сынады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 441—445, 456, 457, 471-беттер).— *423.*

[147] *«Жастар»*— герман социал-демократиясындағы ұсақ буржуазиялық жартылай анархистік оппозиция; 1890 жылы пайда болды. Оппозицияның негізгі ұйтқысы партияның теоретигі, басшысы роліне дәмеленген жас әдебиетшілер мен студенттер еді (оппозицияның аты осыдан алынған). Бұл оппозиция социалистерге қарсы ерекше заң (1878) жойылғаннан кейінгі партияның қызмет жағдайының өзгергенін түсінбей, күрестің жария формаларын қолданудың қажеттігін теріске шығарды, социал-демократияның парламентке қатысуына қарсы шықты, партияны ұсақ буржуазияның мүдделерін қорғайды деп, оппортунизм жолына түсті деп айыптады. Энгельстің сөзімен айтқанда, оппозицияның теориялық коз-

қарастары мен тактикасы «шексіз бұрмаланған «марксизм»» болып табылды. «Жастардың» нақты шындықтан қол үзген, авантюристік тактикасы, деп жазды Энгельс, «қатарында миллиондаған адамы бар ең күшті партияның өзін өлтірген болар еді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 74-бет). 1891 жылы октябрьде герман социал-демократиясының Эрфурт съезі «солшыл» оппозиция басшыларының бір бөлегін партиядан шығарды.— *423.*

148 *«Северный Голос»* («Солтүстік Үні»)— жария газет, РСДРП-ның біріккен органы; «Новая Жизнь» және «Начало» газеттерін үкімет жауып тастағаннан кейін, Петербургте 1905 жылғы 6(19) декабрьден 8(21) декабрьге дейін большевиктердің және меньшевиктердің біріккен редакциясымен шығып тұрды. Үшінші номерінен кейін үкімет газетті жауып тастады.— *424.*

149 *«Начало»* («Бастама»)— меньшевиктік күнделікті жария газет; 1905 жылы 13(26) ноябрьден 2(15) декабрьге дейін Петербургте шығып тұрды. 16 номері шықты. Газеттің бастырып шығарушы-редакторлары Д. М. Герценштейн мен С. Н. Салтыков болды, газетке Л. Мартов, А. Н. Потресов, П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Г. Дейч, Н. И. Иорданский және басқалар қатысты.— *424.*

150 *«Новая Жизнь»* («Жаңа Өмір»)— большевиктік тұңғыш жария газет; Петербургте 1905 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) 3(16) декабрьге дейін күн сайын шығып тұрды. Ресми түрде «Новая Жизнь» газетінің бастырып шығарушы-редакторы болып ақын Н. М. Минский, бастырып шығарушысы болып М. Ф. Андреева есептелді. 1905 жылы ноябрьдің басында В. И. Лениннің эмиграциядан Петербургке қайтып келуімен байланысты газет Лениннің тікелей басшылығымен шыға бастады. Редакция және қызметкерлер құрамы өзгертілді. «Новая Жизнь» іс жүзінде РСДРП-ның Орталық Органы болды. «Новая Жизнь» талай рет қудаланды. 2 декабрьде 27-номері жарыққа шыққаннан кейін патша үкіметі газетті жауып тастады. Соңғы, 28-номері құпия шықты.— *424.*

151 *«Полярная Звезда»* («Темір Қазық»)— апта сайын шығып тұрған журнал, кадет партиясының оң қанатының органы; 1905 жылғы 15(28) декабрьден 1906 жылғы 19 мартқа (1 апрельге) дейін П. Б. Струвенің редакциясымен, Н. А. Бердяевтің, В. М. Гессеннің, А. С. Изгоевтің, Д. С. Мережковскийдің, И. И. Петрункевичтің, тағы басқалардың қатысуымен Петербургте шығып тұрды. Барлығы 14 номері шықты. «Полярная Звезда» өзінің революцияға деген өшпенділігін ашық мәлімдеп, революциялық-демократиялық интеллигенциямен күрес жүргізді.— *425.*

[152] Балтық флотын қалпына келтіру туралы мәселе жөніндегі қаулының В. И. Ленин ұсынған жобасы 1920 жылы 23 октябрьде Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде қабылданды.— *427*.

[153] Совет қызметшілеріне еңбек және азық-түлік паегін белгілеу туралы мәселе 1920 жылы 23 октябрьде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде талқыланды. В. И. Лениннің ұсыныстары осы мәселе бойынша қабылданған қаулыға толығымен енді.

Халық Комиссарлары Советі құрылған комиссияға 1920 жылы 26 октябрьде баяндама жасауды тапсырды.— *428*.

[154] Қаулының жобасы толықтырулар енгізіліп, 1920 жылы 26 октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының «Партия ішіндегі пиғылдар туралы» мәселе жөнінде болған мәжілісінде қабылданды.— *429*.

[155] РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының шешіміне сәйкес құрылған Бақылау комиссиясы туралы баспасөз мәлімдемесі 1920 жылы 28 октябрьде «Правда» газетінің бірінші бетінде жарияланды.— *429*.

[156] Бұл документ шаруашылық халық комиссариаттары арасындағы байланыстарды ұйымдастыру туралы мәселені талқылауға байланысты Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 26 октябрьде қабылдаған қаулысының бір бөлімі болып табылады.

Шаруашылық халық комиссариаттары арасындағы байланыстарды ұйымдастыру туралы мәселе 1920 жылы апрельде РКП(б) IX съезінде қойылды. Осы мәселе жөнінде қабылданған қарарда былай деп жазылды: «Съезд партия съезі бекіткен шаруашылық жоспарын жүзеге асыруда толық бірлікті қамтамасыз ету мақсатымен Халық шаруашылығы жоғары советінің және шаруашылықпен тікелей байланысты басқа да комиссариаттардың (Азық-түлік халық комиссариаты, Қатынас жолдары халық комиссариаты, Егіншілік халық комиссариаты) күнделікті жұмысында өзара ұйымдық байланыс жүйесін таяу арада жасауды Орталық Комитетке тапсырады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 169—170-беттер). Съезд шешімін орындау үшін 1920 жылы 26 октябрьде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Ленин «Экономикалық комиссариаттардың бірыңғай шаруашылық жоспарын жасау жөніндегі жұмысын біріктіру туралы» баяндама жасап, қаулының өзі жазған жобасын ұсынды.— *430*.

[157] Бұл үштікті ведомствоаралық комиссиялар туралы мәліметтер жинау үшін Халық Комиссарлары Советі 1920 жылы 26 октябрьде тағайындады.— *430*.

158 Лениннің жобасы 1920 жылы 28 октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде қабылданған Республика саяси ағарту бас комитеті туралы (Главполитпросвет) қаулыға толығымен енді. Н. К. Крупская Саяси ағарту бас комитетінің председателі болып тағайындалды.— *432.*

159 Бұл арада Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің «Халық ағарту комиссариатының жұмысын күшейту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы айтылып отыр. Қаулы «Известия ВЦИК» газетінің 1920 жылғы 10 октябрьдегі 226-номерінде жарияланды.— *432.*

160 *Губерниялық және уездік халыққа білім беру бөлімдері саяси ағартушыларының Бүкіл россиялық кеңесі* 1920 жылғы 2—8 ноябрьде Москвада өтті. Кеңеске 283 делегат келді. Республика саяси ағарту бас комитетін (Главполитпросвет) құруға байланысты мәселелер кеңес жұмысының негізгі мәселелері болып қойылды. Кеңес ашыларда А. В. Луначарский саяси-ағарту жұмысы туралы сөз сойледі. Н. К. Крупскаяның «Саяси ағарту бас комитеті жұмысының кезектегі жоспары туралы» деген және Е. А. Литкенстің «Жергілікті саяси ағартушылар ұйымы» деген баяндамалары тыңдалды. Кеңестің күн тәртібіне сондай-ақ мынадай мәселелер: азық-түлік науқаны және саяси-ағарту жұмысы, еліміздің шаруашылық өмірін қалпына келтіруге байланысты өндірістік насихат, сауатсыздықты жою және басқа мәселелер қойылды.

В. И. Лениннің сөзі үшінші мәжілісте (кеңес жұмысының екінші күні) Н. К. Крупскаяның баяндамасынан кейін тыңдалды.— *434.*

161 В. И. Лениннің нұсқаулары негізінде әзірленген Халық Комиссарлары Советінің «Республика саяси ағарту бас комитеті (Главполитпросвет) туралы» декретіне (қараңыз: осы том, 432—433-беттер) Ленин 1920 жылы 12 ноябрьде қол қойды, декрет «Известия ВЦИК» газетінің 1920 жылғы 23 ноябрьдегі 263-номерінде жарияланды.— *434.*

162 В. И. Лениннің *«Итальян социалистік партиясының ішіндегі күрес туралы»* деген еңбегі тақырыбының ортақтығына қарай біріктірілген екі мақаладан тұрады. Мақалалардың біріншісі 1920 жылы 4 ноябрьде жазылды және бірінші рет 1920 жылы 7 ноябрьде, «Правда» газетінің 250-номерінде жарияланды, бұл мақаланың аты осы томдағы басылуында (сондай-ақ В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында) бүкіл еңбекке бас тақырып етіп алынған. Газет редакциясы осы мақаланы жариялай отырып, мынадай ескерту берді: «Ленин жолдастың мақаласы ол Д'Арагонаның және оппортунистік кәсіподақшылардың, өздерінің саясатын өздерінің меншікті партиясының Орталық Комитетіне қарсы жүргізіп

отырған және министр Джиолиттимен іс жүзінде блок құрып, жұмысшы табының орасан зор қозғалысын болдырмай тастаған партия мүшелерінің пасық қылығы туралы мәліметтер алғаннан бұрын жазылған болатын. Бұл фактілер, біз келесі номерлердің бірінде бұған тоқталамыз, Ленин жолдастың көзқарасының дұрыстығын тағы да айқын растап берді». Ленин өзі «Бостандық туралы жалған сөздер (соңғы сөз орнына)» деп бас тақырып қойған екінші мақала 1920 жылы 11 декабрьде жазылды. Бұл мақаланың қолжазбасына Ленин мынадай сөздер жазды: «NB: Егер мұны беру керек болса, онда Итальян социалистік партиясының ішіндегі күрес туралы мақалаға соңғы сөз ретінде беру керек. NB» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Мақаланың екеуі де 1920 жылы декабрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 15-номерінде «Бостандық туралы жалған сөздер» деген жалпы бас тақырыппен жарияланды.— *447.*

[163] *«Avanti!»* («Алға!»)— күнделікті газет, Итальян социалистік партиясының орталық органы; 1896 жылы декабрьде Римде құрылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет реформистермен байланысты үзбей, дәйексіз интернационалистік позиция ұстады. 1926 жылы газетті Муссолинидің фашистік үкіметі жауып тастады, бірақ шетелде одан әрі шығарыла берді; 1943 жылдан қайтадан Италияда шығып тұрады.— *449.*

[164] *«L'Humanité»* («Адамзат»)— күнделікті газет; Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес негізін салған. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болды.

1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін, газет Франция Коммунистік партиясының орталық органына айналды.— *453.*

[165] Эсерлердің *«Дело Народа»* («Халық Ісі») газеті 1917 жылғы марттан 1919 жылғы мартқа дейін Петроградта шығып тұрды, одан кейін үзілістермен және әр түрлі атпен Самарада және Москвада шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советке қарсы дұшпандық позицияда болды; газет контрреволюциялық қызметі үшін жабылып тасталды.— *461.*

[166] *«Халықтық Право»* («Volksrecht») — күнделікті газет; Швейцария социал-демократиялық партиясының, Цюрих кантоны социал-демократиялық ұйымының және Цюрих жұмысшы одақтарының ресми органы; 1898 жылдан осы уақытқа дейін Цюрихте шығып тұрады. Газет дүние жүзілік империалис-

тік соғыс жылдарында (1914—1918) жұмысшы қозғалысы туралы жеткіліксіз болса да шындық тұрғыдан информация беріп отырды, сонымен циммервальдистердің мақалаларын басып тұрды. «Volksrecht»-те В. И. Лениннің «Г. Грейлихтің отан қорғауды қорғауы туралы қысқаша он екі тезис», «Республикалық шовинистердің әрекеттері» деген мақалалары, сондай-ақ 1917 жылы 27 мартта Цюрихте жасаған «РСДРП-ның орыс революциясындағы міндеттері туралы» баяндамасының автореферaты басылды. Бұдан былай «Volksrecht», Швейцария социал-демократтарының позициясын бейнелей отырып, партияның Коммунистік Интернационалға кіруіне қарсы шықты, Коминтерннің «21 шартын» қабылдамай тастады. Қазіргі уақытта антикоммунистік позиция ұстап отыр және буржуазиялық газеттерден ешқандай өзгешелігі жоқ деуге болады.— *463.*

[167] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 187-бет.— *464.*

[168] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 108-бет.— *464.*

[169] Декреттің В. И. Лениннің ескертпелеріне сәйкес түзетілген тексті 1920 жылы 25 майда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қабылданып, 1920 жылы 4 июньде «Известия ВЦИК» газетінде жарияланды.— *471.*

[170] Осы нобайдағы В. И. Ленин жазған сөйлемдер Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 27 майдағы қаулысына енді.— *472.*

[171] *РКП(б)-ның Түркістандағы міндеттері туралы Орталық Комитет шешімінің жобасын* РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы құрған комиссия дайындады, бұл комиссияның құрамында Г. В. Чичерин, Н. Н. Крестинский және Түркістан комиссиясының председателі Ш. З. Элиава болды. Алайда комиссия ұсынған шешім жобасының бірқатар елеулі кемшіліктері бар еді. Мәселен, жобада буржуазиялық ұлтшылдыққа қарсы күрес туралы еш нәрсе айтылмады; Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен Түркістан Халық Комиссарлары Советінің міндеттері мен қызмет шектері айқындалмады. Осыған байланысты В. И. Ленин 1920 жылы 13 июньде жобаға бірқатар ескертпелер жасады. 1920 жылы 22 июньде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы комиссияның жобасын талқылай келіп, Н. Н. Крестинский мен Ш. З. Элиаваға В. И. Лениннің ескертпелері мен Саяси бюро мәжілісінде айтылған ескертпелерді ескере отырып, жобаны қайта өңдеуді тапсырды. Осы мәселе жөнінде Саяси бюро қаулы қабылдады, ол қаулының жобасын Ленин жазды (қараңыз: осы том, 169-бет).

1920 жылы 29 июньде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы В. И. Лениннің нұсқауларын негізге ала отырып, мынадай қаулылар: «Түркістандағы біздің міндеттеріміз туралы», «Түркістанда өкіметті ұйымдастыру туралы», «Түркістандағы партия құрылысы туралы» қаулылар қабылдап, «Түркістан комиссиясына нұсқауды» бекітті.— *473.*

[172] Бұл арада «Россия Социалистік Федерациясындағы Түркістан Автономиялық Республикасы ережесінің жобасы» айтылып отыр; бұл жобаны 1920 жылы 23 майда РКП(б) Орталық Комитетіне Түркістан делегациясы ұсынды, оның құрамында: Рысқұлов, Ходжаев және Бех-Иванов болды.— *476.*

[173] Бұл документ Лениннің «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистері» жоспарының алғашқы нобайы (қараңыз: осы том, 201—221-беттер). Жоспар пункттерінің көбісі сызылып тасталған (сірә, кейбір пункттерді Ленин тезистерді жазу үстінде сызған болуы керек).— *480.*

[174] Бұл арада жұмысшылардың халықаралық саяси стачкасын оппортунистердің болдырмай тастағандығы айтылып отыр; стачка орыс және венгр революцияларын қолдау, орыс және венгр істеріне империалистік үкіметтердің қол сұқпауын талап ету мақсатымен 1919 жылы 21 июльде өткізілмекші болып белгіленген еді. Социалистік партиялар мен кәсіподақтардың оңшыл лидерлері халықаралық стачканы жүзеге асыруға кедергі жасау үшін қолдан келгендерінің бәрін істеп бақты. Француз социал-келісімпаздары сатқындық әрекет жасады. 20 июльде, стачка өткізілер қарсаңында Жалпы еңбек конфедерациясының басшылары (Жуо, Мергейм және басқалар) стачканы кейінге қалдыруды ұсынды, ал бастапқы кезде олар да жұмысшыларды алдау мақсатымен стачканы өткізуді жақтап сөйлеген болатын. Сөйтіп халықаралық стачка өткізілмей қалды, барлық елдер пролетариатының бірыңғай бой көрсетуі болмай қалды, белгіленген күні Англияда, Италияда, Германияда, Норвегияда және басқа бірқатар елдерде тек жекелеген ереуілдер ғана болып өтті.— *483.*

[175] *C. G. T.*— Confédération générale du Travail (Жалпы еңбек конфедерациясы) — кәсіподақтардың жалпы француз бірлестігі, бұл бірлестік 1895 жылы құрылды. Конфедерация ұзақ уақыт бойы анархо-синдикалистер мен реформистердің ықпалында болды, оның лидерлері күрестің тек экономикалық формаларын ғана мойындады, кәсіптік қозғалысқа пролетариат партиясы тарапынан басшылық етуді теріске шығарды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, жұмысшы қозғалысының өрлеуі жағдайында Жалпы еңбек

конфедерациясы революцияшыл элементтердің есебінен сан жағынан өсті. Жалпы еңбек конфедерациясы Франциядағы ең ірі кәсіподақ бірлестігі болып табылады. Қазіргі кезде Жалпы еңбек конфедерациясы еңбекшілердің мүдделерін қорғай отырып, коммунистік партиямен бірге кәсіподақ бірлігін қалпына келтіру жолында күресіп келеді.— *486.*

[176] *«De Tribune»* («Трибуна») — 1907 жылы Голландия социал-демократиялық жұмысшы партиясының сол қапаты негізін салған газет. 1909 жылдан бастап, солшылдар партиядан шығарылып, олар Голландия социал-демократиялық партиясын ұйымдастырғаннан кейін, осы партияның органы болды; 1918 жылдан — Голланд коммунистік партиясының органы; осы атпен 1940 жылға дейін шығып тұрды.— *488.*

[177] *««Пролетариат диктатурасы» ұғымының мазмұны туралы және бұл ұранды «сәнге айналдырып» бұрмалауға қарсы күресу туралы қарардың жоспары»,* бұдан бұрын келтірілген документ сияқты, Лениннің «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистері» нобайларының бірі болып табылады. Екі нобай да, барлық белгілері бойынша, бірдей қағаздың бетіне, бір түсті сиямен және бір қаламмен жазылған және, жорамалдауымызша, екеуі де бір мезгілде жазылған болса керек.— *490.*

[178] *«Le Populaire»* («Халық Газеті») — француз центристері негізіп қалаған газет; 1916 жылдан бастап Лиможде, 1917 жылғы июльдеп бастап Парижде шығып тұрды. Газет 1921 жылдан бастап Француз социалистік партиясының органына айналды. Қазіргі уақытта газет оңшыл социалистердің қолында.— *491.*

[179] Д. Таннердің сөзі туралы В. И. Ленин Коммунистік партияның ролі туралы сөйлеген сөзінде толық айтып өтеді (қараңыз: осы том, 258—263-беттер).— *498.*

[180] В. И. Ленин ескертпелерді (неміс тілінде) баяндама текстінің машинкада басылған данасына жазған, бұл тексті, тегінде, ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияға арнап Султан-Заде жазған болуы керек. 1920 жылы 28 июльде Коммунистік Интернационалдың II конгресінің пленум мәжілісінде Султан-Заде Шығыстағы әлеуметтік революцияның перспективалары туралы мәселе жөнінде баяндама жасаған болатын.— *499.*

[181] *«Пролетарлық мәдениет туралы қарардың нобайын»* Ленин 1920 жылы 9 октябрьде Саяси бюро мәжілісі жүріп жатқанда жазды, мәжілісте Пролеткульт съезіне қарар әзірлеу туралы мәселе қойылған болатын. Бұл нобайда Ленин өзінің

осының алдында, 8 октябрьде жазған пролетарлық мәдениет туралы қарарының жобасындағы аса маңызды қағидаларды қайта жаңғыртады (қараңыз: осы том, 365—367-беттер).— *504.*

[182] Бұл арада 1920 жылғы баға мөлшерін ескеру керек. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ақша шығарудың үздіксіз өсуі жағдайында қағаз ақшалардың құны шұғыл кеміп кетті. Мәселен, СССР Финанс халық комиссариатының Валюта басқармасының материалдары бойынша 1920 жылдың бірінші жарты жылдығында орта есеппен 1 сом алтын (егер балама ретінде революциядан бұрынғы кездегі алтын ақшаларды алатын болсақ) 1633 сом қағаз ақшаға, ал екінші жарты жылдықта тіпті 4083 сомға тең болды (қараңыз: «Біздің ақша айналысымыз. 1914—1925 жылдардағы ақша айналысының тарихы жөніндегі материалдар жинағы». М., 1926, 16-бет).— *508.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Всероссийская конференция Российской Коммунистической партии. 22—28 сентября 1920 г. Баку, «Азерцентропечать», б. г. 98 стр.— *311, 312.*

Всероссийский съезд пролеткультов.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 224 (1071), 8 октября, стр. 3.— *365.*

2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистич. Интернационала, 1921, 682 стр.— *254—255, 258—263, 264, 271, 272—273, 274, 275—277, 278, 279—283, 284—285, 286, 287, 288, 289—290, 292, 299, 301, 498.*

Декларация Верховного совета [*Антанты*] *о временных восточных границах Польши.* [Париж, 8 декабря 1919 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 125 (972), 11 июня, стр. 1.— *152—153.*

Декрет Совета Народных Комиссаров о Главном политико-просветительном комитете Республики (Главполитпросвете).— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 263 (1110), 23 ноября, стр. 3, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *434, 439.*

«Дело Народа», Пг.— *461.*

— 1917, № 160, 21 сентября, стр. 1.— *461.*

«Дискуссионный Листок», М.— *429.*

«Дискуссионный Листок», Paris, 1911, № 3, 29 апреля (12 мая), стр. 3—8.— *403.*

«Заря», Stuttgart.— *402.*

— 1901, № 2—3, декабрь, стр. 204—225.— *17.*

«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг., 1917, № 88, 19 августа, стр. 3—4.— *53, 63.*

«Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1.— *22—23.*

— 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *53, 63.*

«Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 151 (415), 19 июля, стр. 3.— *479.*

«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 110 (662), 23 мая, стр. 1.— *132, 153—154, 376.*

— 1920, № 28 (875), 8 февраля, стр. 3.— *34.*

— 1920, № 94 (941), 4 мая, стр. 1.— *126.*

— 1920, № 125 (972), 11 июня, стр. 1.— *152—153.*

— 1920, № 126 (973), 12 июня, стр. 1.— *153.*

— 1920, № 157 (1004), 18 июля, стр. 1.— *379—380, 381.*

— 1920, № 198 (1045), 8 сентября, стр. 2.— *377.*

— 1920, № 213 (1060), 25 сентября, стр. 2.— *350—351.*

— 1920, № 224 (1071), 8 октября, стр. 3.— *365.*

— 1920, № 226 (1073), 10 октября, стр. 2.— *432.*

— 1920, № 263 (1110), 23 ноября, стр. 3.— *434, 438—439.*

«Известия ЦК РКП(б)», [М.], 1920, № 21, 4 сентября, стр. 1—3.— *312, 315, 318.*

— 1920, № 24, 12 октября, стр. 2—5.— *320.*

Изгоев, А. С. «Диктатура пролетариата».—«Полярная Звезда», Спб., 1906, № 10, 18 февраля, стр. 715—724.— *410.*

«Искра» [старая, ленинская], [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева].— *61, 402.*

— [Мюнхен], 1902, № 18, 10 марта, стр. 1.— *5.*

*— [Женева], 1903, № 48, 15 сентября, 1.— *17.*

«Искра» [новая, меньшевистская], Genève, 1905, № 103, 21 июня, стр. 2—3.— *407.*

Итоги конференции в Сан-Ремо.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 94 (941), 4 мая, стр. 1. Под общ. загл.: За границей.— *126.*

К разоряемым и умерщвляемым народам.—«Социал-Демократ», Женева, 1916, № 54—55, 10 июня, стр. 1.— *62.*

Каутский, К. Славяне и революция.—«Искра», [Мюнхен], 1902, № 18, 10 марта, стр. 1.— *5.*

Ко всем рабочим Германии, Центральному комитету Германской коммунистической партии и Центральному комитету Независимой социал-демократической партии. От Исполнительного Комитета Коммунистического Интернационала. По поводу постановления Лейпцигского съезда независи-

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

мых о III-м Интернационале.—«Коммунистический Интернационал», М.— Пг., 1920, № 9, 22 марта, стлб. 1381—1392.— *43, 217.*

Коммунистические партии и парламентаризм.— В кн.: 2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. ПГ., изд-во Коммунистич. Интернационала, 1921, стр. 584—595.— *292.*

«Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 7—8, ноябрь — декабрь, стлб. 953—968.— *38, 48.*

— М.— Пг., 1920, № 9, 22 марта, стлб. 1381—1392.— *43, 217.*

— 1920, № 11, 14 июня, стлб. 1720—1724.— *264, 265, 268.*

— 1920, № 12, 20 июля, стлб. 2019—2028.— *186.*

— 1920, № 13, 28 сентября, стлб. 2387—2392.— *322, 463.*

Конституция (Основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики. Постановление 5-го Всероссийского съезда Советов, принятое в заседании 10 июля 1918 г.—«Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов и Московского Совета Рабочих и Красноармейских Депутатов», 1918, № 151 (415), 19 июля, стр. 3— *479.*

Лапинский, П. Л. Англия и Америка.—«Вестник Народного Комиссариата Иностранных Дел», М., 1920, № 3, 27 февраля, стр. 13—24.— *243—244, 495.*

[*Ленин, В. И.*] *Выборы в Учредительное собрание и диктатура пролетариата.*—«Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 7—8, ноябрь — декабрь, стлб. 953—968. Подпись: Н. Ленин.— *38—39, 48.*

*— *Государство и революция.* Учение марксизма о государстве и задачи пролетариата в революции. Вып. 1. Пг., «Жизнь и Знание», 1918. 115 стр. (Б-ка обществоведения. Кн. 40-я). Перед загл. авт.: В. Ильин (Н. Ленин).— *18.*

— [*Двадцатый пункт условий приема в Коммунистический Интернационал*].—«Коммунистический Интернационал», М.— Пг., 1920, № 13, 28 сентября, стлб. 2392. Под общ. загл.: Условия приема в Коммунистический Интернационал.— *322.*

— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. VIII, 108 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *405, 406—409.*

*— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.*— В кн.: [Ленин, В. И.] За 12 лет. Собрание статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской со-

циал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907], стр. 387—469. Перед загл. кн. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. и обл. год изд.: 1908.— *405—406.*

— *Декрет о земле съезда Советов рабочих и с. д.* (Принят на зас. 26 окт. в 2 ч. н.).—«Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *53, 63.*

— *Декрет о мире, принятый единогласно на заседании Всероссийского съезда Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов 26 октября 1917 г.*—«Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1.— *22—23.*

— *Детская болезнь «левизны» в коммунизме.* Пб., Госиздат, 1920. 111 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *115, 148, 149, 260.*

*— *Доклад об Объединительном съезде РСДРП.* Письмо к петербургским рабочим. М.— Спб., тип. «Дело», 1906. 112 стр. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.— *404, 405.*

*— *За 12 лет.* Собрание статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907]. XII, 471 стр. Перед загл. кн. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. и обл. год изд.: 1908.— *405—406.*

— *Исторический смысл внутрипартийной борьбы в России.*—«Дискуссионный Листок», Paris, 1911, № 3, 29 апреля (12 мая), стр. 3—8. Подпись: Н. Ленин.— *403.*

— *О статистике стачек в России.*—«Мысль», М., 1910, № 1, декабрь, стр. 12—23; 1911, № 2, январь, стр. 19—29. Подпись: В. Ильин.— *403.*

— *Об отношении к Временному правительству.* [Резолюция, принятая на Петроградской общегородской конференции РСДРП(б). 1917 г.].—«Правда», Пг., 1917, № 35, 1 мая (18 апреля), стр. 3. Под общ. загл.: Российская социал-демократическая рабочая партия.— *14.*

— *Первоначальный набросок тезисов по национальному и колониальному вопросам.* (Для 2-го съезда Коммун. Интернационала).—«Коммунистический Интернационал», М.— Пг., 1920, № 11, 14 июня, стлб. 1720—1724. Подпись: Н. Ленин.— *264, 265, 268.*

— *Письмо к немецким и французским рабочим по поводу прений о 2-ом конгрессе Коммунистического Интернационала.* [24 сентября 1920 г.].—«Правда», М., 1920, № 213, 25 сентября, стр. 1. Подпись: Н. Ленин.— *449—450.*

— *Письмо к немецким и французским рабочим... Перепечатка в газ. «Avanti!»— қараңыз:* Il severo ammonimento di Lenin.

Ленин, В. И. Победа кадетов и задачи рабочей партии. Спб., «Наша Мысль», [1906]. 79 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *409—426.*

— *Политический отчет ЦК РКП(б) 22 сентября [1920 г.]. Газетный отчет — қараңыз:* Ленин, В. И. Т. Ленин о войне с Польшей и мировой политике.

— *Проект (или тезисы) ответа от РКП на письмо Независимой с.-д. германской партии.* [20 января 1920 г.].— *43.*

*— *Резолюция о вооруженном восстании, [принятая на III съезде РСДРП].*— В кн.: Извещение о III съезде Российской социал-демократической рабочей партии. С прилож. устава партии и главнейших резолюций, принятых III съездом. Изд. ЦК РСДРП. Женева, кооп. тип., 1905, стр. 9—10. (РСДРП). Под общ. загл.: Главнейшие резолюции.— *403, 412—413.*

— *Резолюция о Советах рабочих и солдатских депутатов, [принятая на Седьмой (Апрельской) Всероссийской конференции РСДРП(б).* 1917 г.].—«Правда», Пг., 1917, № 46, 15 (2) мая, стр. 3.— *14.*

— [*Речь на II конгрессе Коммунистического Интернационала об условиях приема в Коммунистический Интернационал 30 июля 1920 г.*].— В кн.: 2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистич. Интернационала, 1921, стр. 289—295.— *301.*

— [*Речь на совещании председателей уездных, волостных и сельских Исполнительных комитетов Московской губернии 15 октября 1920 г.*].—«Стенографические отчеты Московского Совета рабочих и красноармейских депутатов», М., 1920, № 13, стр. 222—227.— *394, 398.*

— *Т. Ленин о войне с Польшей и мировой политике.* (Краткий отчет о речи тов. Ленина на 1-м заседании Всеросс. конференции РКП).—«Правда», М., 1920, № 216, 29 сентября, стр. 1. Под общ. загл.: Всероссийская конференция РКП.— *311.*

— [*Тактическая платформа к Объединительному съезду РСДРП*]. Проект резолюций к Объединительному съезду РСДРП.—«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9.— *404.*

— *Тезисы об основных задачах Второго конгресса Коммунистического Интернационала.*— В кн.: Тезисы ко второму конгрессу Коммунистического Интернационала. Пг., изд-во Коммунистич. Интернационала, [1920], стр. 84—107. Подпись: Н. Ленин.— *235, 250, 253—254, 259.*

*— *Удержат ли большевики государственную власть?* Пб., «Прибой», 1917. 40 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *461.*

— *Чему не следует подражать в немецком рабочем движении.*—«Просвещение», Спб., 1914, № 4, стр. 97—99. Подпись: В. И.— *17.*

Манифест [*об учреждении Государственной думы.* 6 (19) августа 1905 г.].—«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1.— *19.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 — январь 1848 г.— *365—366.*

— *Программы радикально-демократической партии во Франкфурте и франкфуртской левой — қараңыз:* Marx, K. u. Engels, F. Köln, 6. Juni.

— *Собрание сочинений.* Т. 4. М., Госиздат, 1920. LIV, 799 стр. (РКП(б). Под общ. ред. И. Степанова).— *463—464.*

Маркс, К. К критике гегелевской философии права. Введение. Конец 1843 — январь 1844 г.— *208.*

— *Капитал. Критика политической экономии. Т. 1. Кн. 1 — қараңыз:* Маркс, К. и Энгельс, Ф. Собрание сочинений. Т. 4.

— *Кризис и контрреволюция — қараңыз:* Marx, K. Köln, 13. Sept.

Мартынов, А. В борьбе с марксистской совестью. III. (Окончание).—«Искра», Genève, 1905, № 103, 21 июня, стр. 2—3.— *407.*

Мархлевский, Ю. Ю. Аграрный вопрос и мировая революция.— «Коммунистический Интернационал», М.— ПГ., 1920, № 12, 20 июля, стлб. 2019—2028.— *186.*

Материалы для оценки работ Объединительного съезда РСДРП.— В кн.: [Ленин, В. И.] Доклад об Объединительном съезде РСДРП. Письмо к петербургским рабочим. М.— Спб., тип. «Дело», 1906, стр. 63—110, в отд.: Приложения. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.— *404—405.*

Мирные переговоры с Польшей.—«Правда», М., 1920, № 218, 1 октября, стр. 2.— *350—351.*

Мирные переговоры с Польшей. Предварительный договор.— «Правда», М., 1920, № 232, 17 октября, стр. 2; № 233, 19 октября, стр. 2 — *374, 375—376, 377, 382—383, 390.*

«Мысль», М., 1910, № 1, декабрь, стр. 12—23; 1911, № 2, январь, стр. 19—29.— *403.*

Народному комиссару по иностранным делам Чичерину. Москва. Весьма срочно. [Перевод радиотелеграммы министра иностранных дел Великобритании Керзона от 11-го июля

1920 г].—«Правда», М., 1920, № 157, 18 июля, стр. 1. Под общ. загл.: Англия предлагает посредничество. От Народного комиссариата по иностранным делам.— *349—350, 379—380.*

«Начало», Спб.— *424.*

«Наша Жизнь», Спб.— *411, 425.*

— 1906, № 401, 23 марта (5 апреля), стр 1.— *411—426.*

«Новая Жизнь», Спб.— *424.*

О завоевании власти и участии во временном правительстве. [Резолюция первой общерусской конференции партийных работников].— В кн.: Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры». Женева, тип. партии, 1905, стр. 23—24 (РСДРП).—*407.*

Об отношении к кооперации.— В кн.: Девятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (29-го марта — 4 апреля 1920 г.) М., Госиздат, 1920, стр. 387—389.— *170—171.*

Об очередных задачах партийного строительства. [Резолюция, принятая на IX Всероссийской конференции РКП(б)].— «Известия ЦК РКП(б)», [М.], 1920, № 24, 12 октября, стр. 2—5. Под общ. загл.: Резолюции.— *320.*

Оборона Советской России.—«Правда», М., 1920, № 245, 2 ноября, стр. 1.— *443—444.*

Оборона Советской России. Оперативная сводка от 2 ноября. Южный фронт.—«Правда», М., 1920, № 246, 3 ноября, стр. 1.— *443—444.*

Оборона Советской России.—«Правда», М., 1920, № 247, 4 ноября, стр. 1.— *443—444.*

Образование Северо-Западного правительства. Объяснения членов Политического совещания при главнокомандующем Северо-Западного фронта В. Д. Кузьмина-Караваева, А. В. Карташева и М. Н. Суворова. Гельсингфорс, 1919. 48 стр. На обл. год изд.: 1920.— *155.*

Обращение ВЦИК к польскому народу.—«Правда», М., 1920, № 25, 5 февраля, стр. 1.— *151—152, 347—348.*

Октябрьское наступление на Петроград и причины неудачи похода. Записки белого офицера. Гельсингфорс, 1920. 59 стр.— *155—156.*

От Совета Народных Комиссаров РСФСР правительству Польши и польскому народу. Заявление. [28 января 1920 г.].— «Правда», М., 1920, № 20, 30 января, стр. 1. Под общ. загл.: Перед важным решением.— *151—152, 305, 347—348.*

Очередные задачи партии. (Резолюция Московского ком. РКП).— «Правда», М., 1920, № 206, 17 сентября, стр. 2, в отд.: Партийная жизнь.— *312, 318.*

«Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9, 9—11.— *404.*

Перевод радиотелеграммы лорду Керзону от 17-го июля 1920 г.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 157 (1004), 18 июля, стр. 1. Под общ. загл.: Ультиматум Англии и наш ответ.— *379, 380—381.*

Петроград, 21 сентября (3 окт.). Пути соглашения.—«Дело Народа», Пг., 1917, № 160, 21 сентября, стр. 1.— *461.*

Письмо Центральн. Комитета РКП. Всем партийным организациям, всем членам партии.—«Известия ЦК РКП(б)», [М.], 1920, № 21, 4 сентября, стр. 1—3.—*312, 315, 318.*

* [*Плеханов, Г. В.*] *Белый террор.*—«Искра», [Женева], 1903, № 48, 15 сентября, стр. 1.— *17.*

— *Cant против Канта или Духовное завещание г. Бернштейна.*—«Заря», Stuttgart, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 204—225.— *17.*

Положение о выборах в Государственную думу.—«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 2—4.— *19.*

Положение о Рабоче-Крестьянской инспекции.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 28 (875), 8 февраля, стр. 3. Под общ. загл.: Постановления и резолюции Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета 7-го созыва, принятые на 1-й сессии (2—7 февраля 1920 г.).— *34.*

«Полярная Звезда», Спб.— *425.*

— 1905, № 3, 30 декабря, стр. 223—228.— *409—410.*

— 1906, № 10, 18 февраля, стр. 715—724.— *409—410.*

Постановление Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета [о мерах к усилению деятельности Народного комиссариата просвещения].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 226 (1073), 10 октября, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *432.*

«Правда», Пг., 1917, № 35, 1 мая (18 апреля), стр. 3.— *14.*

— 1917, № 46, 15 (2) мая, стр. 3.— *14.*

«Правда», М., 1920, № 20, 30 января, стр. 1.— *151—152, 305, 347—348.*

— 1920, № 25, 5 февраля, стр. 1.— *151—152, 347—348.*

— 1920, № 114, 28 мая, стр. 1.— *138, 141.*

— 1920, № 157, 18 июля, стр. 1.— *149—150, 379—380.*

— 1920, № 180, 15 августа, стр. 2.— *355, 386—387.*

— 1920, № 202, 12 сентября, стр. 2.— *301.*

— 1920, № 206, 17 сентября, стр. 2.— *312, 318.*

— 1920, № 211, 23 сентября, стр. 1.— *350—351, 360—361.*

— 1920, № 213, 25 сентября, стр. 1.— *449—450.*

— 1920, № 216, 29 сентября, стр. 1.— *311.*

— 1920, № 218, 1 октября, стр. 2.— *350—351.*

— 1920, № 232, 17 октября, стр. 2; № 233, 19 октября, стр. 2.— *374, 375—376, 377—378, 382—383, 390.*

— 1920, № 241, 28 октября, стр. 1.— *429.*

— 1920, № 245, 2 ноября, стр. 1.— *443—444.*

— 1920, № 246, 3 ноября, стр. 1.— *443—444.*

— 1920, № 247, 4 ноября, стр. 1.— *443—444.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1—4.— *19.*

Предполагавшееся мирное предложение Антанты всем фактическим правительствам России.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 110 (662), 23 мая, стр. 1.— *132—133, 154—155, 376.*

Примерный наказ. Составленный на основании 242 наказов, доставленных с мест депутатами на 1-й Всероссийский съезд Советов Крестьянских депутатов в Петрограде в 1917 году.—«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг., 1917, № 88, 19 августа, стр. 3—4.— *53, 63.*

* *Программа Российской Коммунистической партии (большевиков).* Принята 8-м съездом партии 18—23 марта 1919 г. М.— Пг., «Коммунист», 1919. 24 стр. (РКП(б))— *432, 478.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *271—272, 402.*

Проект большевистской резолюции о временном правительстве и местных органах революционной власти.— В кн.: [Ленин,

В. И.] Доклад об Объединительном съезде РСДРП. Письмо к петербургским рабочим. М.— Спб., тип. «Дело», 1906, стр. 92—93, в отд.: Приложения. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.— *405*.

Проект меньшевистской резолюции о временном правительстве и революционном самоуправлении.— Там же, стр. 91—92, в отд.: Приложения. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.— *405*.

Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры».— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 9—11.— *404*.

«Просвещение», Спб.— *403*.

— 1914, № 4, стр. 97—99.— *17*.

* *Резолюции и устав Коммунистического Интернационала, принятые Вторым конгрессом Коммунистического Интернационала (19-го июля — 7-го августа 1920 г.).* Пг., изд-во Коммунистич. Интернационала, [1920]. 127 стр.— *270, 286, 287, 289, 290—291, 467, 485*.

Резолюция Баратоно, Заннарини и др.— қараңыз: L'o. d. g. Baratono.

Резолюция [III съезда РСДРП] о временном революционном правительстве.— В кн.: Извещение о III съезде Российской социал-демократической рабочей партии. С прилож. устава партии и главнейших резолюций, принятых III съездом. Изд. ЦК РСДРП. Женева, кооп. тип., 1905, стр. 10. (РСДРП). Под общ. загл.: Главнейшие резолюции.— *408*.

Резолюция об основных задачах Коммунистического Интернационала.— В кн.: 2-ой конгресс Коммунистического Интернационала. Стеногр. отчет. Пг., изд-во Коммунистич. Интернационала, 1921, стр. 542—559.— *288, 459*.

Резолюция по национальному и колониальному вопросам.— Там же, стр. 596—602.— *264*.

Резолюция Террачини, Дженнари и др.— қараңыз: L'o. d. g. Terracini.

[*Рой, М. Н.*] *Тезисы тов. Роя* [*по национальному и колониальному вопросам*].—«Вестник 2-го Конгресса Коммунистического Интернационала», М., 1920, № 6, 7 августа, стр. 2; № 7, 8 августа, стр. 2.— *264, 265, 268*.

Сборник секретных документов из архива бывшего министерства иностранных дел. №№ 1—7. Изд. Нар. ком. по иностр. делам. Пг., тип. Ком. по иностр. делам, декабрь 1917 — февраль 1918. 7 кн.— *23*.

«Северный Голос», Спб.— *424*.

[*Сегрю*]. *Радиотелеграмма корреспондента лондонской газеты «Дейли Ньюс» на имя тов. Ленина.*—«Правда», М., 1920, № 202, 12 сентября, стр. 2. Под общ. загл.: Советская Россия и буржуазное общественное мнение.— *301.*

Совещание председателей уездных, волостных и сельских Исполнительных комитетов Московской губ. совместно с пленумом Московского Совета. Заседание 15 октября 1920 года.—«Стенографические отчеты Московского Совета рабочих и красноармейских депутатов», М., 1920, № 13, стр. 221—235.— *394—395, 397—398.*

Соединенные Штаты и Советская Россия.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 198 (1045), 8 сентября, стр. 2.— *376—377.*

«Социал-Демократ», Женева, 1916, № 54—55, 10 июня, стр. 1.— *62.*

Струве, П. Б. Два забастовочных комитета.—«Полярная Звезда», Спб., 1905, № 3, 30 декабря, стр. 223—228.— *409—410.*

Торжественное заседание в Большом театре.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 213 (1060), 25 сентября, стр. 2.— *351.*

Трофеи в Житомире.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», М., 1920, № 126 (973), 12 июня, стр. 1, в отд.: Война между панской Польшей и рабоче-крестьянской Россией. Красный фронт.— *153.*

Условия приема в Коммунистический Интернационал.—«Коммунистический Интернационал», М.— Пг., 1920, № 13, 28 сентября, стлб. 2387—2392.— *322, 463.*

Чернышевский, Н. Г. [*Рецензия на книгу:*] *«Политико-экономические письма к президенту Американских Соединенных Штатов» Г. Ч. Кэри.— 61.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. Сентябрь 1876 — июнь 1878 г.— *464.*

— *Письмо А. Бебелю.* 18—28 марта 1875 г.— *18.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 29 ноября 1886 г.— *61.*

— *Письмо К. Марксу.* 7 октября 1858 г.— *39.*

— *Программа коммунаров-бланкистов.* (Volksstaat, 1874 г., № 73).— В кн.: Энгельс, Ф. Статьи 1871—75 гг. Пер. с нем. Б. Смирнова, под ред. А. Санина. Изд. Союза коммун Северной обл. [Пг.], 1919, стр. 46—54.— *55—56.*

Bullitt, W. C. The Bullitt Mission to Russia. Testimony before the Committee on Foreign Relations United States Senate. New York, Huebsch, 1919. 151 p.— *146, 154.*

«The Call», London.— *284, 288.*

[*Comments*].—«The New Statesman», London, 1920, No. 370, May 15, p. 149—152.— *138.*

[*La commune révolutionnaire*]. Aux communeux. [Londres, juin 1874]. 12 p.— *55, 82.*

Communist Unity Convention. London, July 31-st and August 1-st 1920. Official Report. London, The Communist Party of Great Britain, 1920. 72 p.— *286.*

«Comunismo», Milano, 1919, NN. 1—4, 1 ottobre — dal 15 al 30 novembre.— *55.*

— 1919, N. 2, dal 15 al 30 ottobre, p. 84—86.— *55.*

— 1919, N. 3, dal 1 al 15 novembre, p. 179—183.— *55.*

«Comunismo», Milano, 1920, N. 24, dal 15 al 30 settembre, p. 1621—1627, 1647—1649.— *453—454, 458.*

Il Congresso Socialista di Bologna.—«Comunismo», Milano, 1919, N. 2, dal 15 al 30 ottobre, p. 84—86.— *55.*

Il Convegno di Reggio Emilia. La concentrazione socialista in cerca di un programma.—«Avanti!», Milano, 1920, N. 244, 12 ottobre, p. 1—2.— *453.*

Crispien, A. Zur politischen Situation.—«Freiheit», Berlin. Morgen-Ausgabe, 1920, Nr. 122, 14. April. Beilage zur «Freiheit», S. 1.— *106—107.*

«Daily News», London.— *301.*

Dietzgen, J. Das Acquisit der Philosophie und Briefe über Logik. Speziell demokratisch-proletarische Logik. Stuttgart, Dietz, 1895. 232 S.— *51.*

La Direzione del Partito delibera intorno alla scissione.—«Avanti!», Milano, 1920, N. 236, 2 ottobre, p. 1.— *450, 452, 453—454.*

Dopo il Convegno di Reggio Emilia.—«Avanti!», Milano, 1920, N. 245, 13 ottobre, p. 2.— *453.*

E. C. An interview with Turati. Rome. February 27.—«The Manchester Guardian», 1920, No. 22, 959, March 12, p. 7. Под общ. загл.: The Internal Situation in Italy.— *108.*

Engels, F. Flüchtlings-Literatur. II.—«Der Volksstaat», Leipzig, 1874, Nr. 73, 26. Juni, S. 1—2.— *55—56.*

— *II. Programm der blanquistischen Kommune — Flüchtlinge.* (Volksstaat, 1874, Nr. 73).— In: Engels, F. Internationales

aus dem Volksstaat (1871—75). Berlin, «Vorwärts», 1894, S. 40—46.— *55—56.*

Erklärung der Zentrale der K.P.D. (Spartakusbund) —«Die Rote Fahne», Berlin, 1920, Nr. 32, 26. März, S. 2.— *105, 149.*

Erler, K. Die Auflösung der Partei.—«Kommunistische Arbeiterzeitung», Hamburg, 1920, Nr. 32, 7. Februar, S. 1—2.— *28.*

Il Fallo.—«Il Soviet», Napoli, 1920, N. 4, 1 febbraio, p. 3.— *55.*

«Folkets Dagblad Politiken», [Stockholm], 1920, N:r. 58, 10 mars, s. 4.— *40.*

Frazione Comunista Astensionista del Partito Socialista Italiano.— «Il Soviet», Napoli, 1920, N. 3, 18 gennaio, p. 1.— *55.*

«Freiheit», Berlin.— *107, 491.*

— Morgen-Ausgabe, 1920, Nr. 97/A 53, 30. März, S. 1.— *107.*

— Morgen-Ausgabe, 1920, Nr. 122, 14. April. Beilage zur «Freiheit», S. 1.— *107.*

G. C. Saremo bloccati?—«Comunismo», Milano, 1920, N. 24, dal 15 al 30 settembre, p. 1647—1649.— *458.*

Gallacher W. [A Letter to the Editor in the Name of the Scottisch Workers Committee of Glasgow].—«Workers' Dreadnought», London, 1920, vol. VI, No. 48, February 21, p. 2. Под общ. загл.: Parliamentary Action.— *69—74, 81.*

[Gramsci, A.] Per un rinnovamento del Partito Socialista.—«L'Ordine Nuovo», Torino, 1920, An. II.— N. 1, 8 maggio, p. 3—4.— *219.*

«L'Humanité», Paris.— *491.*

— 1920, N 6048, 14 octobre, p. 3.— *453, 460.*

Kautsky, K. Entscheidende Stunden.—«Freiheit», Berlin. Morgen-Ausgabe, 1920, Nr. 97/A 53, 30. März, S. 1.— *106—107.*

Keynes, J. M. The Economic Consequences of the Peace. London, Macmillan, 1919. 279 p.— *239, 240, 241, 244—245, 246, 495, 496.*

«Kommunismus», Wien.— *148, 219, 486.*

— 1920, Hft. 1./2., 1. Februar — Hft. 18, 8 Mai. 566 S.— *148.*

— 1920, Hft. 6, 1. März, S. 161—172.— *148—149.*

— 1920, Hft. 14, 17. April, S. 403—411.— *149.*

— 1920, Hft. 18, 8. Mai, S. 549—555.— *148, 149—150.*

«Kommunistische Arbeiterzeitung», Hamburg.— *28.*

— 1920, Nr. 32, 7. Februar, S. 1—2.— *28.*

Die Kommunistische Internationale. (Manifest, Leitsätze und Beschlüsse des Moskauer Kongresses 2.— 6. März 1919). Hamburg, Willaschek, [1919]. 56 S.— *467, 485.*

[*Kun, B. Die Anmerkung*].—«Kommunismus», [Wien], 1920, Hft. 18, 8. Mai, S. 553, в ст.: Kun, B. Die Durchführung des Parlamentsboykotts.— *148.*

— *Die Durchführung des Parlamentsboykotts.*—«Kommunismus», [Wien], 1920, Hft. 18, 8. Mai, S. 549—555. Подпись: B. K.— *148, 149—150.*

— *Die Ereignisse in Deutschland.*—«Kommunismus», [Wien], 1920, Hft. 14, 17. April, S. 403—411. Подпись: B. K.— *149.*

L. L. Ein neuer Abschnitt der deutschen Revolution.—«Die Rote Fahne», Wien, 1920, Nr. 266, 28. März, S. 1—2; Nr. 267, 30. März, S. 2—3.— *107.*

[*Lenin, W. I.*] *Leitsätze über die Grundaufgaben des zweiten Kongresses der Kommunistischen Internationale.*— In: Leitsätze zum II. Kongreß der Kommunistischen Internationale. Petrograd, Verl. der Kommunistischen Internationale, 1920, S. 87—111. Подпись: N. Lenin.— *235.*

— *Sur les tâches principales du 2-e Congrès de l'Internationale Communiste.* (Présentées par N. Lénine).— In: Thèses présentées au deuxième congrès de l'Internationale Communiste (Petrograd — Moscou, 18 juillet 1920). Petrograd, éd. de l'Internationale Communiste, p. 70—88. Подпись: N. Lénine.— *235.*

— *Theses on the Fundamental Tasks of the Second Congress of the Communist International.*— In: Theses Presented to the Second Wor'd Congress of the Communist International. (Petrograd — Moscow, July 1920). Petrograd, ed. of the Communist International, 1920, p. 93—120. Подпись: N. Lenin.— *235.*

Lenin e l'astensionismo.—«Il Soviet», Napoli, 1920, N. 4, 1 febbraio, p. 1.— *55.*

Lloyd George. Mr. Lloyd George's Speech to the Liberal M. P.—'S. — «The Manchester Guardian», 1920, No. 22,965, March 19, p. 12.— *72—74, 77, 78, 79—80.*

[*Lucács, G.*] *Zur Frage des Parlamentarismus.*—«Kommunismus», [Wien], 1920, Hft. 6, 1. März, S. 161—172. Подпись: G. L.— *148—149.*

Lysis. Contre l'Oligarchie financière en France. Préf. de J. Finot. 5-me éd. Paris, «La Revue», 1908. XI, 260 p.— *236.*

* *MacDonald, J. R. Parliament and Revolution.* Manchester, The National Labour Press, 1919, 116 p. (The Socialist Libr.— XII).— *249—250, 496.*

«The Manchester Guardian», 1920, No. 22,959, March 12, p. 7.— *108.*

— 1920, No. 22,965, March 19, p. 12.— *72—73, 77, 78, 79—80.*

Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage, [angenommen auf dem Außerordentlichen Internationalen Sozialistenkongreß zu Basel].— In: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25. November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27.— *270.*

Marx, K. u. Engels, F. Köln, 6. Juni.—«Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, Nr. 7, 7. Juni, S. 1, в отд.: Deutschland.— *408.*

Nachlaß...— қараңыз: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle.

Marx, K. Köln, 13. Sept.—«Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, Nr. 102, 14. September, S. 1, в отд.: Deutschland.— *407—408.*

[Mehring, F.] Einleitung [des Herausgebers zum Buch: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle].— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 3—86.— *407, 408.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln.— *407, 408.*

— 1848, Nr. 7, 7. Juni, S. 1.— *408.*

— 1848, Nr. 102, 14. September, S. 1.— *407—408.*

«The New Statesman», [London].— *138.*

— 1920, No. 370, May 15, p. 149—152.— *138.*

Nobs, E. Ein Brief und eine Erklärung.—«Volksrecht», Zürich, 1920, Nr. 265, 11. November, S. 1—2.— *463.*

L'o. d. g. Baratono.—«Avanti!», Milano, 1920, N. 236, 2 ottobre, p. 1. Под общ. загл.: La Direzione del Partito delibera intorno alla scissione.— *450, 451.*

L'o. d. g. Terracini.—«Avanti!», Milano, 1920, N 236, 2 ottobre, p. 1. Под общ. загл.: La Direzione del Partito delibera intorno alla scissione.— *450—452.*

«L'Ordino Nuovo»; Torino.— *278, 489.*

— 1920, An. II.— N. 1, 8 maggio, p. 3—4.— *219.*

Österreichische Statistik. Hrsg. von der K. K. Statistischen Zentralkommission. Bd. LXXXIII. Hft. 1. Ergebnisse der landwirtschaftlichen Betriebszählung vom 3. Juni 1902 in den im Reichsrate Vertretenen Königreichen und Ländern. 1. Hft. Analytische Bearbeitung Summarische Daten für das Reich die Verwaltungsgebiete und Länder, nebst Anhang, enthaltend Übersichten nach natürlichen Gebieten. Bearb. von dem Bureau der K. K. Statistischen Zentralkommission. Wien, 1909, [4], XLV, 65 S.— *191.*

Pankhurst, E. S. Towards a Communist Party.—«Workers, Dreadnought», London, 1920, vol. VI, No. 48, February 21, p. 4—6.— *68—69, 73, 75—76, 81, 82.*

Plechanow, G. Erörterungen über die Taktik. Wofür sollen wir ihm dankbar sein? Offener Brief an Karl Kautsky.—«Sächsische Arbeiter-Zeitung», Dresden, 1898, Nr. 253. 2. Beilage, 30. Oktober, S. [1]; Nr. 254. Beilage, 2. November, S. [1]; Nr. 255. Beilage, 3. November, S. [1;.— *271—272.*

«Le Populaire», Limoges — Paris.— *491.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt von 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, S. 3—6.— *271—272.*

* *Proletarier Europas!*—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 218, 18. September, S. 1. Под общ. загл.: Internationale sozialistische Konferenz zu Zimmerwald (Schweiz).— *62.*

Protokoll über die Verhandlungen des außerordentlichen Parteitages in Leipzig vom 30. November bis 6. Dezember 1919. Berlin, «Freiheit», б. г. 560 S. (Unabhängige Sozialdemokratische Partei Deutschlands).— *64.*

R. C. Den engelska fackföreningsrörelsen. Imponerande siffror: sju och en halv million organiserade arbetare.—«Folkets Dagblad Politiken», [Stockholm], 1920, N:r 58, 10 mars, s. 4.— *40.*

Riunione della Direzione del Partito.—«Avanti!», Milano, 1920, N. 233, 29 settembre, p. 1.— *450.*

La riunione della Direzione del Partito Socialista.—«Avanti!», Milano, 1920, N. 234, 30 settembre, p. 1.— *450.*

«Die Rote Fahne», [Berlin].— *105.*

— 1920, Nr. 32, 26. März, S. 2.— *105—107, 149.*

«Die Rote Fahne», Wien.— *107.*

— 1920, Nr. 266, 28. März, S. 1—2; Nr. 267, 30. März, S. 2—3.— *107.*

«Sächsische Arbeiter-Zeitung», Dresden, 1898, Nr. 253. 2. Beilage, 30. Oktober, S. [1]; Nr. 254. Beilage, 2. November, S. [1]; Nr. 255. Beilage, 3. November, S. [1].— *271—272.*

Serrati, G. M. Filippo Turati e il massimalismo.—«Comunismo», Milano, 1919, N. 3, dal 1 al 15 novembre, p. 179—183.— *55.*

— *Il secondo Congresso della Terza Internationale.* Alcune osservazioni preliminari.—«Comunismo», Milano, 1920, N. 24, dal 15 al 30 settembre, p. 1621—1627.— *454.*

— *Une lettre de Serrati.*—«L'Humanité», Paris, 1920, N 6048, 14 octobre, p. 3. Под. общ. загл.: Autour de la Troisième Internationale.— *453, 460.*

Il severo ammonimento di Lenin. «Si ammettono anche eccezroni».—«Avanti!», Milano, 1920, N. 238, 5 ottobre, p. 1.— *449—450.*

«Il Soviet», Napoli.— *109.*

— 1920, N. 3, 18 gennaio, p. 1.— *55.*

— 1920, N. 4, 1 febbraio, p. 1, 3.— *55.*

— 1920, N. 7.— *103, 108.*

— 1920, N. 8.— *103, 108.*

* *Die Spaltung der K.P.D. (Spartakusbund).* Frankfurt a/M., Verl. Kommunistische Partei Deutschlands. Ortsgruppe. 8 S.— *24—26, 27, 28, 40, 43—44, 45, 46, 47, 48, 49—52, 54, 55, 59—60, 68.*

Statistik des Deutschen Reichs. Bd. 212. Berufs- und Betriebszählung vom 12 Juni 1907. Landwirtschaftliche Betriebsstatistik. Hrsg. vom Kaiserlichen statistischen Amte. Teil 1 a, 1 b, 2 a. Berlin, [1909—1910]. 3 Bde.— *191.*

Theses Concerning Parliamentarism.—«Bulletin of the Provisional Bureau in Amsterdam of the Communist International», 1920, No. 1, February, p. 3.— *44, 48—52.*

«The Times», London, 1920, No. 42,355, March 10, p. 17—18.— *241—242, 243—244, 495.*

«De Tribune», Amsterdam.— *488.*

* *Varga, E. Die wirtschaftspolitischen Probleme der proletarischen Diktatur.* Wien, «Neue Erde», 1920, 138 S.— *275.*

«Volksrecht», Zürich.— *463.*

— 1920, Nr. 265, 11. November, S. 1—2.— *463.*

«Der Volksstaat», Leipzig, 1874, Nr. 73, 26. Juni, S. 1—2.— *55—56.*

* *Weltrevolution.* Wien, Brand, 1919. 20 S. (Sozialistische Bücherei. Hft. 11).— *4.*

«Workers' Dreadnought», London.— *68, 488.*

— 1920, vol. VI, No. 48, February 21, p. 2, 4—6.— *68—73, 74—75, 76, 81, 82.*

World's Need of Thrift. Call to Work and Save. Supreme Council's Appeal. Germany's Power to Pay.—«The Times», London, 1920, No. 42, 355, March 10, p. 17—18.— *241—242, 243—244, 495.*

[*Zinowjew, G. Der Brief an E. Nobs.* 19. Oktober 1920].—«Volksrecht», Zürich, 1920, Nr. 265, 11. November, S. 1, в ст.: Nobs, E. Ein Brief und eine Erklärung.— *463.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан «Искра» редакциясының құрамына кірді. РСДРП II съезінен кейін — белсенді меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар басшыларының бірі. Жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакция құрамына кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристік жел сөздерді бүркемеленіп, іс жүзінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды насихаттады.— *61.*

Асквит (Asquith), *Герберт Генри* (1852—1928) —ағылшынның саяси және мемлекет қайраткері, либералдар партиясы лидерлерінің бірі. Бірнеше дүркін министр қызметін атқарды, 1908 жылдан 1916 жылға дейін үкімет басшысы болды. Ағылшын империалистік буржуазиясының көзқарасын және оның аннексионистік пиғылдарын білдіруші болды. Жұмысшы және азаттық қозғалысын басу саясатын жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс аяқталғаннан кейін консерваторлармен коалиция жасауға қарсы шыққан либералдар тобын басқарды. 1924 жылдан былай қарай, парламент сайлауында жеңіліп қалғаннан кейін, қандайда бір елеулі саяси роль атқарған жоқ.— *73, 78.*

Аустерлиц (Austerlitz), *Фридрих* (1862—1931) — Австрия социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, оның орталық органы «Arbeiter-Zeitung»-тің («Жұмысшы Газеті») бас редакторы; Венадан парламентке депутат. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинистік позиция ұстады.— *13.*

Б

Б. К.— қараңыз: Кун (Kun), Бела.

Бабушкин, И. В. (1873—1906) — жұмысшы, профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1893 жылы бастады; В. И. Ленин басшылық еткен жұмысшы үйірмесіне қатысты. Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» ұйымдастырылған кезден бастап Бабушкин оның ең белсенді мүшесі және Лениннің ең жақын көмекшісі болды. Лениндік «Искраны» ұйымдастыруға қызу ат салысты, оның бірінші агенттерінің бірі және белсенді тілшісі болды. Талай рет қамауға алынды, айдауда болды, түрмелерде

отырды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, РСДРП Иркутск және Чита комитеттерінің мүшесі. Қару-жарақ апара жатқан кезінде Бабушкин жазалау отрядының қолына түсіп, ешбір сотсыз және тергеусіз атылды. Ленин Бабушкин туралы некролог жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 20-том, 86—90-беттер.) — *42*.

Баратоно (Baratono), *Адельки* (1875—1947) — итальян социалисі, философ, Генуя университетінің профессоры. 1919—1922 жылдары, Итальян социалистік партиясының мүшесі кезінде, реформистермен одақ жасасуды қолдап, центристік позиция ұстады. 1921 жылы парламенттің депутаты болды.— *450—452, 457—458, 462*.

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясының оң қанаты мен II Интернационал лидерлерінің бірі, «австромарксизм» дейтіннің идеологы. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.— *4, 13, 21, 61, 67, 97, 251—252, 297, 496*.

Баччи (Bacci), *Джованни* (1857—1928) — итальян социалисі. Қызметінің бас кезінде — буржуазияшыл радикал. 1903 жылы Итальян социалистік партиясына қосылды; партияның Орталық Комитетінің мүшесі, оның орталық органы «Avanti!» («Алға!») газеті басшыларының бірі болды; парламенттің депутаты болды. 1919—1922 жылдары реформистермен «бірлік» сақталуын қорғап, центристік позиция ұстады. 1921 жылы социалистер мен фашистер арасындағы «татулық пактісі» дейтінге партияның Орталық Комитеті атынан қол қойды.— *450—452, 457—458, 462—463*.

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі.— *18*.

Беленький, А. Я. (1883—1941) — 1902 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. 1904 жылдан бастап Францияда эмиграцияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келді; Петроградта РСДРП(б) Орталық Комитеті баспаханасының меңгерушісі болды, одан соң Бүкіл россиялық төтенше комиссия — Біріккен Мемлекеттік саяси басқарма органдарында істеді; 1919 жылдан 1924 жылға дейін В. И. Ленинді күзетушілердің бастығы болды; одан кейінгі жылдары — СССР Ішкі істер халық комиссариатында оперативтік және шаруашылық жұмыста болды.— *166—167*.

Беллоне (Bellone), *Вирджилио* — итальян социалисі; 1919—1921 жылдары, Итальян социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі кезінде, реформистерге қарсы шықты.— *451.*

Беляев — шаруа.— *395, 397—398.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932)—герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдары «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалаларды «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының негізгі міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Бұдан кейінгі жылдарда империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *17, 402—403.*

Бланк, Р. М. (1866 ж. туған) — публицист, мамандығы жөнінен химик. Орыс либерал буржуазиясының органы «Освобождение» журналында қызмет етті, редакция құрамына кірді, одан кейін іс жүзінде «Наша Жизнь» газетінің редакторы болды, солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне ат салысты. Кадеттердің, халықтық социалистер мен жойымпаз-меньшевиктердің журналы —«Запросы Жизнидің» редакторы болды.— *411—412, 413, 414—417, 420—421, 422—423, 424, 425—426.*

Бордига (Bordiga), *Амадео* (1889 ж. туған) — итальян саяси қайраткері. 1910 жылдан Итальян социалистік партиясының мүшесі болды, онда 1912 жылдан бастап анархизмге жақын ағымды басқарды. 1919 жылдан бастап буржуазиялық парламенттерге бойкот жариялау программасын ұсынды, «бойкотист-коммунистер» дейтін фракцияны басқарды. Коминтерннің II конгресіне делегат болды; 1921 жылы Итальян коммунистік партиясын құруға қатысты, 1926 жылға дейін оның басшы органдарының құрамына кірді. Бордига солшыл сектанттық саясат жүргізді, Коминтерннің біртұтас антифашистік майдан құру жөніндегі тактикасына қарсы шықты. Одан әрі троцкис-

тік көзқарастарды уағыздады, Итальян коммунистік партиясының бағытына қарсы фракцияшылдық күрес жүргізді, сол үшін 1930 жылы партиядан шығарылды. 1944 жылы «коммунист-интернационалистер» дейтіндердің троцкистік партиясын құрды.— *55, 109, 279, 280, 282.*

Браун, М. И.— қараңыз: Бронский, М. Г.

Брентано (Brentano), *Луйо* (1844—1931) — немістің буржуазияшыл экономисі, 1896 жылдан Мюнхен университетінде саяси экономия профессоры; тап күресінен бас тартуды, реформистік кәсіподақтар ұйымдастыру және фабрикалық заң шығару жолымен буржуазиялық қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды шешу, жұмысшылар мен капиталистердің мүдделерін бітістіру мүмкіндігін уағыздаған «катедер-социализмнің» басты өкілдерінің бірі. Аграрлық мәселеде егіншіліктегі ұсақ шаруашылықтың тұрақтылығы жөніндегі реакциялық «теорияны» және жалған ғылыми буржуазиялық «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» жақтады. Өмірінің соңғы жылдарында империализмнің ашықтан-ашық апологеті болды.— *420.*

Бронский, М. Г. (Браун, М. И.) (1882—1941) — поляк социал-демократы, кейін большевиктік партияның мүшесі. 1902 жылдан Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының мүшесі. Польша мен Швейцарияда партиялық жұмыс жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист. Кинталь конференциясында поляк социал-демократиясының өкілі болды, Циммервальд солшылдарына қосылды. 1917 жылғы июньнен Петроградта РСДРП(б) Петербург комитетінің үгітшісі және насихатшысы болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — сауда және өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары. 1918 жылы «солшыл коммунистер» позициясында болды. 1920 жылдан — Австриядағы уәкілетті өкіл және сауда өкілі, 1924 жылдан — Финанс халық комиссариаты, Сыртқы сауда халық комиссариаты коллегияларының мүшесі, онан соң оқытушылық және ғылыми жұмыста болды.— *241—242.*

Бубнов, А. С. (1883—1940) — көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Иваново-Вознесенскіде, Москвада, Петербургте және Россияның басқа қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва облыстық бюросының мүшесі, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты, Петроград Әскери-революциялық комитетіне және қарулы көтеріліске басшылық ету жөніндегі Әскери-революциялық орталыққа кірді. 1918 жылдан — жауапты партия, совет жұмысында және әскери жұмыста болды. «Солшыл

коммунистердің» антипартиялық тобына кірді. Украина Совет үкіметінің және Украина КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, Украин майданы, Солтүстік Кавказ әскери округы Революциялық-әскери советтерінің мүшесі болды. 1920—1921 жылдары оппортунистік «демократиялық централизм» тобына кірді. 1922—1923 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болды. 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды; кейін троцкизмге қарсы күреске қатысты. 1924 жылдан — Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы Саяси басқармасының бастығы және СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі, 1925 жылы — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары. 1929 жылдан 1937 жылға дейін — РСФСР халық ағарту комиссары. Партияның Орталық Комитетінің мүшесі және мүшелігіне кандидат болып бірнеше рет сайланды.— *311.*

Буллит (Bullitt), *Уильям Кристиан* (1891 ж. туған) — американ реакцияшыл журналисі және дипломаты, Америка Құрама Штаттары империалистерінің антисоветтік саясатын белсене жүргізушілердің бірі. 1917 жылы Америка Құрама Штаттары мемлекеттік департаментінің Орталық-Европа информациясы бюросын басқарды. 1918—1919 жылдары — Париж бейбітшілік конференциясындағы американ делегациясының атташесі. 1919 жылы Вильсон мен Ллойд Джордж арнаулы миссиямен Советтік Россияға жіберді. Бұдан кейін отставкаға шықты. 1933 жылы дипломатиялық қызметке қайта оралды, 1933—1936 жылдары — СССР-дегі тұңғыш американ елшісі. 1936—1941 жылдары — Франциядағы елші. СССР-де және Францияда болған кезінде СССР-ге дұшпандық бағыт жүргізді. 1942—1943 жылдары Америка Құрама Штаттары теңіз министрінің арнаулы көмекшісі болды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін —«қырғи қабақ соғыс» саясатының белсенді жақтаушысы.— *132, 146, 153—154.*

Бухарин, Н. И. (1888—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде маркстік позицияға жатпайтын позиция ұстады. Партияның VI съезінде жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың одағын теріске шығаруды негізге ала отырып, революцияны дамытудың антилениндік схемасын ұсынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін —«Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің тобына қосылды;

академиясының Дүние жүзілік шаруашылық пен дүние жүзілік саясат институтын басқарды. Капиталистік елдердің экономикасы мен саясаты жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *275.*

Вевер, Э. Я. (1882—1937) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1917 жылғы октябрь күндерінде — жұмысшы-қызыл гвардияшы. 1918 жылдан 1924 жылға дейін — Горки санаторийінің меңгерушісі. Одан кейінгі жылдары партия және шаруашылық жұмысында болды.— *166—167.*

Вендель (Wendel), *Фридрих* (1886—1960) — немістің солшыл социал-демократы, сатирик-публицист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясына кірді, онда Лауфенберг — Вольфгеймнің «солшыл» оппозициясына қосылды, анархо-синдикалистік көзқарастарды уағыздай бастады. 1919 жылы октябрьде «солшыл» оппозиция Германия Коммунистік партиясынан шығарылғаннан кейін Вендель Германия Коммунистік жұмысшы партиясы дейтінді құруға қатысты. 1920 жылдың аяғында ол Германия Коммунистік жұмысшы партиясынан шығарылды. Көп кешікпей герман социал-демократиялық партиясына қайта келді. 1924—1932 жылдары — социал-демократиялық сатиралық «Der Wahre Jacob» («Шыншыл Яков») журналының редакторы. Германияда өкімет басына фашизм келгеннен кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.— *28.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918).— *306—307, 352.*

Вильсон (Wilson), *Вудро* (1856—1924) — американ мемлекет қайраткері. 1913 жылы Демократиялық партиядан Америка Құрама Штаттарының президенті болып сайланды және бұл орында 1921 жылға дейін болып келді. Ел ішіндегі жұмысшы қозғалысын аяусыз басып-жаныштау саясатын жүргізді. Вильсон үкіметінің сыртқы саясаты тонаушылық, экспансионистік сипатта болды, әсіресе Латын Америкасы елдері жөнінде осылай еді, ол осы елдердің істеріне талай рет қарудың күшімен қол сұғып келді. Американ миллиардерлерінің мүдделерін қорғай отырып, Вильсон Америка Құрама Штаттарын Антантаның жағында бірінші дүние жүзілік соғысқа киліктіруге себепші болды.

Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Вильсон Россияны бөлшектеуді көздеді, Америка Құрама Штаттарының Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1918 жылы Америка Құрама Штаттарының дүние жүзілік үстемдігін орнатуға бағытталған империалистік бітім программасын («он төрт пунктті») ұсынды. 1920 жылғы президент сайлауында жеңіліске ұшырап, саяси қызметтен шеттеп кетті.— *244—245, 247.*

Вольфгейм (Wolffheim), *Фриц* — немістің солшыл социал-демократы, публицист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды, социал-демократияның социал-шовинист және центрист-пацифист лидерлеріне қарсы шықты. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясына кірді, онда Г. Лауфенбергпен бірге «солшыл» оппозицияны басқарды, бұл оппозиция анархо-синдикалистік көзқарастарды және «ұлттық большевизм» дейтіннің ұсақ буржуазиялық-ұлтшылдық программасын уағыздады. 1919 жылы октябрьде «солшыл» оппозиция Германия Коммунистік партиясынан шығарылғаннан кейін Вольфгейм Германия Коммунистік жұмысшы партиясы дейтінді құруға қатысты. 1920 жылдың аяғында Германия Коммунистік жұмысшы партиясынан шығарылды. Одан кейін жұмысшы қозғалысынан шеттеп кетті.— *28*.

Врангель, П. Н. (1878—1928) — патша армиясының генералы, барон, барып тұрған монархист. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде — ағылшын-француз және американ империалистерінің итаршысы; Россияның оңтүстігіндегі контрреволюция басшыларының бірі. 1920 жылғы апрель — ноябрьде ақ гвардиялық «Россияның Оңтүстігіндегі қарулы күштердің» бас қолбасшысы болды; бұл күштерді Қызыл Армия талқандағаннан кейін шетелге қашып кетті.— *137, 140, 153, 158, 159, 161—162, 308, 359, 360, 362, 363—364, 369, 371, 376, 378, 381, 382—383, 389—390, 391—392, 393, 398, 401, 443—444*.

Г

Г. Л.— қараңыз: Лукач (Lukács), Георг (Дьёрдь).

Габалин, Р. М. (1892 ж. туған) — 1918 жылдан большевиктік партияның мүшесі; Бүкіл россиялық төтенше комиссия — Біріккен мемлекеттік саяси басқармада істеді; 1919—1920 жылдары В. И. Ленинді күзетуші болды. 1930 жылдан бастап Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатында істеді.— *166*.

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшын социалисі, реформист. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды. 1900—1910 жылдары — Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Британ социалистік партиясы лидерлерінің бірі болды, алайда Солфордта болған партия конференциясы оның империалистік соғыс жөніндегі социал-шовинистік позициясын айыптағаннан кейін, 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығып кетті. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтады.— *97—98*.

Галлахер (Gallacher), *Уильям* (1881—1965) — ағылшын жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Великобритания Коммунистік партиясы басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Англияда фабрика-завод староссталарының бұқаралық пролетарлық қозғалысына, Шотландияда жұмысшылардың ереуіл қозғалысына басшылық етті. Коминтерннің II конгресіне фабрика-завод старосталарынан делегат. Солшыл сектанттық қателіктерге ұрынды, коммунистердің буржуазиялық парламентке қатысуына, Жұмысшы (лейбористік) партиясына кіруіне қарсы шықты; сынның ықпалымен көп ұзамай өз қателіктерінен арылды. 1921 жылы Галлахер ағылшын компартиясына кірді, әлденеше рет партияның Орталық Комитеті мен Орталық Комитеттің Саяси бюросының құрамына сайланды. 1924 жылдан — ағылшын тред-юниондарындағы «азшылық қозғалысы» басшыларының бірі; бұл қозғалыс тред-юнионист және лейборист лидерлерінің реакциялық саясатына қарсы шығып, ағылшын және халықаралық жұмысшы қозғалысының революциялық бірлігін жақтады. 1935—1950 жылдары — парламенттің депутаты. 1943—1956 жылдары — Великобритания Коммунистік партиясы Атқару комитетінің председателі, ал 1956 жылдан — оның президенті. Галлахер — фашизм мен соғысқа қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күреске белсене қатысушы.— *69—72, 73, 81, 284, 285—286, 290—291.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. 1901 жылы Гед және оның жақтастары Франция социалистік партиясын құрды, ол 1905 жылы реформистік Француз социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталатын болды. Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді. Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезде, Гед социал-шовинистік позицияға көшіп, Францияның буржуазиялық үкіметіне кірді. 1920 жылы Гед Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі көпшілігіне қосылмады.— *56, 97—98.*

Гендерсон (Henderson), *Артур* (1863—1935) — лейбористік партия мен ағылшын кәсіптік қозғалысы лидерлерінің бірі. 1908—1910 және 1914—1917 жылдары — лейбористердің парламенттік фракциясының председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін соғысты жүргізе беруге үгіттеу үшін Россияға келді. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі, 1923 жылдан — Социалистік жұмысшы Интернационалы дейтіннің

Атқару комитетінің председателі. Англияның буржуазиялық үкіметтеріне бірнеше рет кірді.— *38, 41—42, 72, 73, 78, 79—80, 81, 88—89, 106, 261, 291.*

Герман (Hermann), *Ладислаус* (L. L.) (1962 ж. қайтыс болған) — Австрия публицисі. 1919—1920 жылдары Австрия Коммунистік партиясы қатарында болды, партияның орталық органы —«Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетінің қызметкері және редакция мүшесі болды. 1920 жылы компартиядан шықты. Одан соң Германияға қоныс аударып, Герман социал-демократиялық партиясына кірді. Содан кейін Швецияға эмиграцияға кетіп, «шығыс мәселелері жөніндегі маман» дейтінге айналып, коммунизмге және СССР-ге қарсы шықты.— *107.*

Гест (Guest), *Лесли Хейдн* (1877 ж. туған) — ағылшынның қоғам қайраткері, публицист, лейбористік партияның мүшесі, кәсібі жөнінен әскери дәрігер. Қызыл Крест ұйымдарының қызметіне белсене қатысты. 1920 жылы ағылшын жұмысшылары делегациясының секретары әрі дәрігері ретінде Советтік Россияда болды, отанына қайтып оралғаннан кейін осы сапар жөнінде делегацияның есебін бастырып шығарды. 1923 жылы парламенттің мүшесі болып сайланды.— *137.*

Гильбо (Guilbeaux), *Анри* (1885—1938) — француз социалисі, журналист. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында «Demain» («Ертең») журналын шығарып тұрды, интернационалдық байланыстарды қалпына келтіруді жақтады. 1916 жылы Кинталь конференциясына қатысты. Коминтерннің II конгресіне Франция Социалистік партиясынан делегат болды. 20-жылдардың бас кезінен Германияда тұрды, «L'Humanité» («Адамзат») газетінің тілшісі болды. Кейіннен троцкистік позицияға көшті, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды.— *493.*

Гильфердинг (Hilferding), *Рудольф* (1877—1941) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің бірі; «австромарксизм» дейтіннің теоретигі. 1907 жылдан 1915 жылға дейін — Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы —«Vorwärts» («Алға») газетінің редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, социал-империалистермен бірлікті жақтады. Соғыстан кейін «ұйымдасқан капитализм» теориясының авторы ретінде көрінді, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті. 1917 жылдан — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының лидері, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының ашық жауы. Веймар республикасы буржуазиялық үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті.— *13, 18, 64, 67, 426, 464.*

Гиндин (Гинзбург), Я. И. (1892—1938) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін басшы шаруашылық және партиялық жұмыстарда болды; 1918—1921 жылдары Еңбек халық комиссариатының бөлім меңгерушісі, Чусоснабарм басқармасында еңбек бөлімінің бастығы, Кіші Халық Комиссарлары Советінің мүшесі болды. 1922 жылдан Халық шаруашылығы жоғары советінде, Жабдықтау халық комиссариатында және Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты органдарында істеді.— *428.*

Гольцман, А. З. (1894—1933) — революциялық қозғалысқа 1910 жылдан қатысты, 1917 жылғы апрельден — большевиктер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмысында басшы қызметтер атқарды. 1917 жылдан 1920 жылға дейін — металлистер одағы Орталық комитетінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — ВЦСПС Президиумының мүшесі. Кәсіподақ айтысы кезінде Троцкийдің платформасын жақтады. 1922 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінде, Орталық бақылау комиссиясы — Жұмысшы-Шаруа инспекциясында, Азаматтық әуе флоты бас басқармасында жауапты жұмыстар атқарды.— *428.*

Гомперс (Gompers), *Самюэл* (1850—1924) — американ кәсіподақ қозғалысының қайраткері. Американ еңбек федерациясының (АФТ) негізін салушылардың бірі; 1895 жылдан бастап үзбестен осы федерацияның председателі болды. Капиталистермен таптық ынтымақ саясатын жүргізді, жұмысшы табының революциялық күресіне қарсы шықты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне дұшпандық ниетте болды.— *38, 41, 292.*

Гоц, А. Р. (1882—1940) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, онан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күрес жүргізді; 1922 жылы оңшыл эсерлер процесі бойынша сотталды. Амнистия бойынша босатылғаннан кейін шаруашылық жұмысында болды.— *307.*

Грациадеи (Graziadei), *Антонио* (1873—1953) — итальян коммунисі, экономист, Парм университетінің профессоры. 1893 жылы Итальян социалистік партиясына кірді. 1910 жылдан — парламенттің депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1920 жылы Итальян социалистік партиясынан Коминтерннің II конгресіне делегат болды; Итальян коммунистік партиясының негізін қалауға (1921) қатысты. Грациадеи бірқатар елеулі қателіктер жіберді;

ол маркстік саяси экономия саласында ревизионистік көзқараста болды, оңшыл уклонистер тобына қосылды, сол үшін 1928 жылы коммунистік партиядан шығарылды. Кейіннен өз қателіктерін мойындаған соң Итальян коммунистік партиясына қайтадан алынды.— *458.*

Д

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947)— меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді.— *307.*

Д'Арагона (D'Aragona), *Лудовико* (1876—1961) — итальян саяси қайраткері, оңшыл социалистердің және Италиядағы кәсіподақ қозғалысы реформистік қанаты лидерлерінің бірі. Италияның Жалпы еңбек конфедерациясының инспекторы (1909—1918) және бас секретары (1918—1925) болды. Италиядағы 1919—1920 жылдардағы революциялық өрлеу кезеңінде келісімпаздық саясат жүргізді. 1919—1924 жылдары парламенттің депутаты болды. 1921 жылы социалистер мен фашистер арасында «татулық пактісі» дейтіннің жасалуын қолдады. Италияда өкімет басына фашизм келгеннен кейін (1922) басқа да реформист лидерлермен бірге Жалпы еңбек конфедерациясын таратуға ат салысты, фашизммен ынтымақтасу туралы декларацияға қол қойды (1927). Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін — Итальян социалистік партиясының жікке бөлінуін ұйымдастырушылардың және оңшыл социалистер партиясын құрушылардың бірі (1947), бұл партияда бас секретарь қызметін атқарды (1949—1951). 1946—1951 жылдары Де Гаспеpидің реакциялық үкіметтерінде министр қызметін атқарды.— *323.*

Де Леон (De Leon), *Даниель* (1852—1914)— Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының қайраткері, 90-жылдардан бастап Социалистік жұмысшы партиясының лидері және идеологы, публицист. Де Леон Америка Құрама Штаттарындағы кәсіподақ қозғалысының реакцияшыл оппортунист лидерлерін «капиталистер табының жұмысшы приказчиктері» деп атап, оларға қарсы күрес жүргізді. Жұмысшы қозғалысына сіңірген біраз еңбегі бола тұрып, Де Леон сонымен қатар сектанттық қателіктер жіберді, анархо-синдикалистік көзқарастарды уағыздады.

1895 жылы ол Маманданған және маманданбаған жұмысшылардың социалистік альянсын құрып, оны басқарды. 1905 жылы Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшыларының кәсіподақ бірлестігін құрушылардың бірі болды, бұл бірлестік бірқатар стачкаларды ойдағыдай ұйымдастырды.— *39*.

Делиньер (Deslinières), *Люсьен* (1857—1937) — француз социалисі, экономист әрі публицист. Қызметінің бас кезінде буржуазиялық республикашылдарға қосылды, социалистерге қарсы шықты. Одан соң гедшілдермен жақындасып, 1892 жылы Франция жұмысшы партиясына кірді. 1905 жылдан — Француз социалистік партиясының мүшесі. Социалистік баспасөзге белсене жазып тұрды, социализм теориясы мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы (Октябрь революциясына дейін) Россияға келді. Революциядан кейін Советтік Россияда қалды; совет жұмысында болды, атап айтқанда Украина Егіншілік халық комиссариатында істеді. 1920 жылы Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің жұмысына тартылды. Францияға қайтып оралғаннан кейін, 20-жылдардың орта шенінде, антимарксистік позицияға көшті.— *493*.

Деникин, А. И. (1872—1947) — патша армиясының генералы; шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде (1918—1920) — ағылшын-француз және американ империалистерінің итаршысы; Россияның оңтүстігіндегі ақ гвардиялық қарулы күштердің бас қолбасшысы. Совет әскерлері бұл қарулы күштерді талқандағаннан (март, 1920) кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *31, 33, 50, 124, 125, 131, 140, 146, 154, 158, 161, 300, 309, 312, 314, 342, 352—353, 356, 358, 359—360, 361, 371, 376, 379, 398*.

Джакомини (Giacomini), *Джино* — итальян социалисі. 1919—1921 жылдары Итальян социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болған кезінде центристік позиция ұстады.— *451, 452, 457—458, 462*.

Дженнари (Gennari), *Эджидио* (1876—1942) — Италиядағы жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян коммунистік партиясын құрушылардың бірі. 1897 жылы Итальян социалистік партиясына кірді, онда сол қанат лидерлерінің бірі болды, реформистер мен центристерге қарсы күрес жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде интернационалистік позицияда болды. 1918 жылдан — социалистік партияның секретары, ал 1920 жылы — бас секретары. Партияның Коминтернге қосылуын жақтады. Итальян коммунистік партиясы құрылған кезден бастап (1921) оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. Коминтерннің III конгресіне делегат болды, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1921—1922 және 1924—1926 жылдары — итальян парламен-

тінің депутаты. Әлденеше рет фашистік қудалауға ұшырады. Партияның шешімі бойынша 1926 жылдан бастап шетелде болып, халықаралық жұмысшы және антифашистік қозғалысқа белсене қатыса берді. СССР-де қайтыс болды.— *451.*

Дзержинский, Ф. Э. (1877—1926) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, 1895 жылдан партия мүшесі. Польша мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың бірі. Польшада және Россияда партиялық жұмыс жүргізді. Бірінші орыс революциясы жылдарында поляк пролетариатының күресіне белсене қатысты және оның басшыларының бірі болды. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады: 11 жылдан астам уақыт түрмеде, каторгада және айдауда болды. Партияның V съезінен бастап — РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москвада партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің және көтеріліске басшылық ету жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. Революция жеңгеннен кейін контрреволюциямен және саботажбен күресу жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссияның (ВЧК) председателі болды. 1918 жылдың басында Брест бітімін жасасу туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1921 жылы Бүкіл россиялық төтенше комиссия председателі және ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарумен қатар, қатынас жолдары халық комиссары болып тағайындалды, 1924 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1924 жылғы июньнен — РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат және РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшесі.— *429.*

Дитман (Dittmann), *Вильгельм* (1874—1954) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, публицист. Социал-демократиялық партияға 1894 жылы кірген Дитман дүние жүзілік империалистік соғысқа дейін оның сол қанатына қосылды. 1912 жылдан — рейхстаг мүшесі. Соғыс кезінде Гаазе — Каутскийдің центристік тобында болды. 1917—1922 жылдары — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының оң қанаты лидерлерінің бірі. «Тәуелсіздер» партиясы делегациясының құрамында кеңесші дауыс правосымен Коминтерннің II конгресіне қатысты; оның центристік позициясы конгресте қатты сыналды. Германияға қайтып оралғаннан кейін Коминтерн принциптеріне қарсы шықты; Советтік Россия жөнінде дұшпандық позицияда болды. Герман социал-демократиялық партиясына қайта кіріп, 1922 жылдан бастап оның Басқармасының мүшесі болды. Германияда өкімет басына фашизм келгеннен кейін Швейцарияға эмиграцияға кетті.— *271, 277, 301, 321, 322—323, 426.*

Дицген (Dietzgen), *Иосиф* (1828—1888) — немістің жұмысшы-былғарышысы, социал-демократ, өз бетімен диалектикалық материализмге жеткен философ. 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты, революция жеңіліске ұшыраған соң Германиядан эмиграцияға кетті. 20 жыл бойы Америка мен Европаны кезіп жүрді, әр түрлі кәсіпорындарда жұмыс істеді, сонымен бірге философиялық зерттеулермен шұғылданды. 1864 жылдан 1868 жылға дейін Россияда тұрды, Петербургте былғары заводында жұмыс істеді. Мұнда Дицген «Des Wesen der menschlichen Kopfarbeit», 1869 («Адамның ми жұмысының мәні») деген кітап және К. Маркстің «Капиталының» бірінші томына рецензия жазды. 1869 жылы Германияға қайта оралып, К. Markспен танысты, Герман социал-демократиялық партиясының жұмысына белсене қатыса бастады. Маркс былай деді: Дицген диалектикалық материализмді түсінуде кейбір қателіктер мен жаңсақтықтарға ұрынғанына қарамастан, «көптеген тамаша, жұмысшының дербес ойлауының жемісі ретінде, таңдануға болғандай пікірлер» айтты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 232-бет). 1884 жылы Дицген қайтадан Америка Құрама Штаттарына кетті, онда ол американ Социалистік жұмысшы партиясы Атқару комитетінің органы —«Der Sozialist» («Социалист») газетін редакциялады. В. И. Ленин философиялық ревизионизмге қарсы күресте Дицгеннің шығармаларын пайдаланды, ол былай деп жазды: «диалектикалық материализмді өзінше ашқан бұл жұмысшы-философтың мықты пікірлері толып жатыр!» (Шығармалар толық жинағы, 18-том, 280-бет).

Негізгі еңбектері: «Streifzüge eines Sozialisten in das Gebiet der Erkenntnistheorie», 1887 («Социалистің таным теориясы саласына экскурстары»); «Acquisit der Philosophie», 1887 («Философия аквизиті») және басқалары.— *51.*

Дрейфус (Dreyfus), *Альфред* (1859—1935) — француз бас штабының офицері, еврей, мемлекетке опасыздық жасады деген көрінеу жалған айыппен 1894 жылы жазықсыз сотталып, өмір бақи каторгаға кесілді. Жұмысшы табы мен прогрестік пиғылдағы интеллигенцияның Дрейфусты қорғауы арқасында, ол 1899 жылы кешірім алды, ал 1906 жылы біржола ақталды.— *92.*

Дубасов, Ф. В. (1845—1912) — генерал-адъютант, адмирал, патшалық реакция басшыларының бірі, 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясын тұншықтырған қанқұйлы жендет. 1905 жылы Чернигов, Полтава және Курск губернияларындағы аграрлық қозғалысты басуға басшылық етті. 1905 жылғы ноябрьден — Москва генерал-губернаторы, Москвадағы Декабрь қарулы көтерілісін талқандауға басшылық етті. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі, 1907 жылдан — Мемлекеттік қорғаныс Советінің мүшесі.— *410, 419, 422, 424.*

Дугони (Dugoni), *Энрико* (1874—1945) — итальян социалисі. XX ғасырдың басында Итальян социалистік партиясының сол қанатында болды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың алдында Турати — Тревестің реформистік фракциясына қосылды. 1913 жылдан бастап бірнеше рет парламентке сайланды. 1919—1921 жылдары, Егінші еңбекшілер ұлттық федерациясы басшыларының бірі бола жүріп, Италияда бұқаралық шаруалар қозғалысының өрістеуіне кедергі жасады. 1920 жылы итальян социалистері делегациясының құрамында Советтік Россияға келді. Италияға қайтып оралғаннан кейін Россиядағы революция туралы жалақорлық кітап шығарды. Италияда өкімет басына фашизм келгеннен кейін (1922) саяси қызметтен шеттеп кетті.— *108—109.*

Дурново, П. Н. (1844—1915) — патшалық Россияның ең реакцияшыл мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1884—1893 жылдарда полиция департаментінің директоры болды; 1900—1905 жылдарда — ішкі істер министрінің орынбасары. 1905 жылы октябрьде ішкі істер министрі болып тағайындалып, бірінші орыс революциясын басуға қатал шаралар қолданды, қаражүздік ұйымдарды ойрандар жасауға рухтандырып отырды. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі.— *419.*

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономисі, ұсақ буржуазияшыл идеолог. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлегі ішінде қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабында сынады. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынға алды.— *423.*

Ж

Ж. К. (G. C.) — Итальян социалистік партиясының «Comunismo» («Коммунизм») журналының 24-номеріндегі «Біз блокадаға ұшыраймыз ба?» деген мақаланың авторы.— *458.*

Жуо (Jouhaux), *Леон* (1879—1954) — француз және халықаралық кәсіптік қозғалыстың реформистік қайраткері; кәсіподақтардың Амстердам интернационалының оңшыл лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — шовинист. В. И. Ленин Жуоны «ең пасық социал-сатқындардың бірі» деп сипаттады (Шығармалар толық жинағы, 40-том, 141-бет).— *38, 41, 111.*

З

Зубатов, С. В. (1864—1917) — жандарм полковнигі, «полициялық социализмнің» («зубатовшылдықтың») дем берушісі және ұйымдастырушысы. 90-жылдары Москваның охранка бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды, онда саяси тыңшылық жүйесін кеңінен ұйымдастырды, революциялық ұйымдарға қарсы күресу үшін «жедел тыңшы отряд» дейтінді құрды; 1902 жылы полиция департаментінің ерекше бөлімінің бастығы болды. Жұмысшыларды революциялық күрестен бұрып әкету мақсатымен 1901—1903 жылдары полициялық жұмысшы одақтар — Москвада «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдемдесу қоғамын», «Санкт-Петербург қаласының орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысын» және басқаларды ұйымдастырды. Өзінің арандатушылық саясаты күйрегеннен кейін қызметтен босатылды да, саяси қызметтен шеттеп кетті. 1917 жылғы Февраль революциясының алғашқы күндерінде ол өзін өзі өлтірді.— *42.*

И

Иванычев, И. И. (1895 ж. туған) — 1918 жылдан большевиктік партияның мүшесі; Бүкіл россиялық төтенше комиссия — Біріккен мемлекеттік саяси басқарма органдарында істеді; 1919 жылдан 1920 жылға дейін В. И. Ленинді күзетуші болды.— *166.*

К

Казуччи (Casucci) — итальян социалисі. 1920—1921 жылдары, Итальян социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болған кезінде, реформистерге қарсы күрес жүргізу позициясын ұстады.— *451.*

Калинин, М. И. (1875—1946) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1898 жылдан партия мүшесі. Алғашқы астыртын маркстік жұмысшы үйірмелерінде және В. И. Ленин құрған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» жұмыс істеді. Бірінші орыс революциясына белсенді қатысушы. Петербургте, Тифлисте, Ревельде, Москвада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1912 жылы партияның VI (Прага) конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды, одан соң РСДРП Орталық Комитеті Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде партияның Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі болды. Петроградтағы 1917 жылғы Октябрь қарулы көтерілісіне белсенді қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроградтың қала

басы, одан соң қала шаруашылығы комиссары. 1919 жылғы марттан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1922 жылғы декабрьден — СССР Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі. 1919 жылдан — Орталық Комитет мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *312.*

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның қатарында болды. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметке және соғысқа көзқарас жөнінде жартылай меньшевиктік позиция ұстады, партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы —«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *351, 356—357, 380—381, 386, 456.*

Кампгаузен (Camphausen), *Людольф* (1803—1890) — Пруссия мемлекет қайраткері, Кёльндегі банкир және сауда үйінің иесі, Рейн либерал буржуазиясы лидерлерінің бірі. 1848 жылғы 29 марттан бастап Пруссияда буржуазиялық-либералдық үкіметті басқарды, бұл үкімет, К. Маркстің сөзімен айтқанда, «Ірі буржуазияға қызмет ете отырып, ...революцияның демократиялық жеңістерін алдау жолымен жойып жіберуге тырысуға тиіс болды; демократияға қарсы күресінде ол аристократиялық партиямен одақтасуға және оның контрреволюциялық сұқтанушылық әрекеттерінің қаруына айналуға тиіс болды». Кампгаузен үкіметінің жұмысшы табы жөніндегі сатқындық саяса-

ты Пруссияның реакциялық күштерінің тез арада нығайып алуына мүмкіндік берді, ал бұл күштер «буржуазиялық-либералдық жамылғысын» дереу сыпырып тастап, «өзінің қамқоршысын да сыртқа лақтырып жіберді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 99—100-беттер). 1848 жылы 20 июньде Кампгаузен отставкаға шықты.

1849 жылдан кейін — Пруссияның бірінші палатасының, Эрфурт парламентінің (1850), ал одан кейін рейхстагтың мүшесі. 60-жылдары саяси қызметтен шеттеп кетті.— *408*.

Капп (Kapp), *Вольфганг* (1858—1922) — герман юнкерлері мен империалистік соғысқұмарлар топтарының өкілі. 1917 жылы реакциялық «отандық партияның» негізін қалаушылардың бірі болды. 1920 жылы мартта контрреволюциялық әскери-монархиялық төңкерісті басқарды, төңкеріс сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Швецияға қашып кетті. 1922 жылы Германияға қайтып оралды.— *87, 105, 107*.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті; алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауыткушылық көрсеткен еді, мұнысы үшін оны К. Маркс пен Ф. Энгельс қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және жұмысшы табының диктатурасына, большевиктер партиясына және Совет мемлекетіне ашықтан-ашық қарсы шықты.— *4—5, 13, 18, 61, 64, 66—67, 97—98, 106, 107, 199, 213, 272, 273, 275, 276, 426, 464, 511*.

Квелч (Quelch), *Томас* (1886—1954) — ағылшын социалисі, кейіннен коммунист; кәсіподақ қайраткері әрі публицист. Қызметінің бас кезінде Социал-демократиялық федерацияның, одан соң Британ социалистік партиясының мүшесі болды. Социа-

листік және кәсіподақ баспасөзіне белсене жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады. 1919 жылдан бастап Англияда коммунистік партия құруды белсенді түрде жақтады. Коминтерннің II конгресіне делегат болды. 1920 жылы Великобритания Коммунистік партиясына кірді, 1923—1925 жылдары оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1920—1931 жылдары «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының құрамына кірді. 1924—1953 жылдары Құрылыс өнеркәсібі жұмысшылары біріккен одағының Орталық Комитетінде референт болып істеді. Өмірінің соңғы жылдарында коммунистік партиядан қол үзді.— *269—270.*

Кейнс (Keynes), *Джон Мейнард* (1883—1946) — ағылшынның түрпайы буржуазияшыл экономисі, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті. 1915 жылдан — Англия финанс министрлігінің чиновнигі. 1919 жылы Париж бейбітшілік конференциясының жұмысына қатысты. 1919 жылы июньде отставкаға шыққаннан кейін бірқатар еңбектерінде империалистік Версаль бітімі жүйесінің экономикалық жағынан негізсіз екендігін қатты сынады. 1921 жылдан бастап ағылшынның қауіпсіздендіру жөніндегі ірі кампаниясының председателі болды. 30-жылдарда буржуазиялық саяси экономиядағы апологеттік (өз есімімен «кейнсшілдік» деп аталған) бағыттардың бірінің негізін салушы болды, бұл бағыт бойынша буржуазиялық мемлекет капитализмді «ретке келтіріп», капитализм шеңберінде дағдарыс пен жұмыссыздық болмайтын жоспарлы шаруашылықты «қамтамасыз ете» алады-мыс.— *239, 240, 241, 244—245, 246—247, 495, 496.*

Керенский, А. Ф. (1881—1970) — эсер. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді.— *23, 31, 63, 76, 95, 139, 149, 250, 251—252, 254, 279, 381.*

Керзон (Curzon), *Джордж Натаниел* (1859—1925) — ағылшынның реакцияшыл мемлекет қайраткері әрі дипломат, лорд, консерваторлар лидерлерінің бірі, ағылшын империализмінің неғұрлым агрессияшыл топтарының өкілі. 1898—1905 жылдары — Индияның вице-королі, онда ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып отырды. 1915—1918 жылдары бірқатар үкіметтік және парламенттік қызметтерде болды. 1919—1924 жылдары — Великобритания сыртқы істер министрі. Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың

бастыларының бірі. 1920 жылы июльде, поляк-совет соғысы кезінде, Совет үкіметінен Антантаның Жоғарғы советі 1919 жылы декабрьде Польшаның шығыс шекарасы ретінде қабылдаған линияда Қызыл Армияның шабуылын тоқтатуды талап етті; бұл линия кейін «Керзон линиясы» деп аталды. 1923 жылы майда Совет үкіметіне арандатушылық ультиматум («Керзон ультиматумы» дейтін) жолдады, мұның өзі антисоветтік интервенция саясатын қайта жаңғырту әрекеті еді; ультиматумды СССР үкіметі мен халқы үзілді-кесілді қабылдамай тастады.— *379—380.*

Кизеветтер, А. А. (1866—1933) — орыстың либерал-буржуазияшыл тарихшысы және публицисі. Құрылған күнінен бастап «Азаттық одағының» мүшесі, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 1900—1911 жылдары — Москва университетінің приват-доценті. Өзінің тарихи-публицистикалық еңбектерінде 1905—1907 жылдардағы орыс революциясының маңызын бұрмалады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Кизеветтердің контрреволюциялық көзқарастарын сынай келіп, оны реакцияның мүддесі үшін ғылымды саудаға салған кадеттік профессорлардың қатарына қосты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Кизеветтер Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, сол үшін 1922 жылы Советтік Россиядан қуылды. Шетелде ақ эмиграиттық баспасөзге белсене қатысты.— *414—415, 416—417, 418—419.*

Клайнс (Clynes), *Джон Роберт* (1869—1949) — ағылшынның саяси қайраткері, лейбористік партия басшыларының бірі. 90-жылдары тред-юнионистік лидер ретінде белгілі болды. 1893 жылдан — Тәуелсіз жұмысшы партиясының мүшесі. 1906—1931 және 1935—1945 жылдары — парламент мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист; 1918 жылы азық-түлік министрі болды. Макдональдтың лейбористік үкіметтерінде лорд-мөр сақтаушы (1924) және ішкі істер министрі (1929—1931) қызметтерін атқарды, жұмысшыларға қарсы саясатты жүзеге асыруға қатысты.— *72—73.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. 1876 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі. 1906—1909 жылдары француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо тағы да француз үкіметін басқарды, елде әскери диктатура режимін орнатты. Советтік Россияға қарсы блокада мен қарулы интервенцияны ұйымастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеп кетті.— *244—245, 246—247.*

Колчак, А. В. (1873—1920) — патша флотының адмиралы, монархист, 1918—1919 жылдары — Россия контрреволюциясының басты басшыларының бірі, Антантаның итаршысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Америка Құрама Штаттары, Англия және Франция империалистерінің қолдауымен өзін Россияның жоғарғы әміршісі деп жариялап, Уралда, Сибирь мен Қиыр Шығыста әскери буржуазиялық-помещиктік диктатураны басқарды. Қызыл Армияның соққысы және революциялық-партизандық қозғалыстың өсуі колчакшылдықтың күйреуіне әкеліп соқты; Колчак тұтқынға алынып, Иркутск ревкомының қаулысы бойынша 1920 жылы 7 февральда атылды.— *23, 50, 124, 125, 131, 140, 146, 154, 158, 161—162, 300, 309, 312, 314, 342, 353, 356, 358, 359—360, 361, 371, 376, 379, 438.*

Кон, Ф. Я. (1864—1941) — поляк революциялық жұмысшы қозғалысына 1882 жылдан қатыса бастады, осы қозғалыстың ең байырғы қайраткерлерінің бірі. 1904 жылдан — Поляк социалистік партиясының, 1906 жылдан — Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» Орталық Комитетінің мүшесі. Талай рет патша үкіметінің жазалауларына ұшырады, 1907 жылдан эмиграцияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға келді, 1918 жылы большевиктер партиясына кірді. Украинада және Москвада партиялық жұмыста болды, 1922—1923 жылдары — Коминтерн Атқару Комитетінің секретары, 1924—1935 жылдары — Коминтерн Атқару Комитетінің Интернационалдық бақылау комиссиясының мүшесі. 1925—1928 жылдары —«Красная Звезда» газетінің, одан соң «Рабочая Газетаның» редакторы. Бұдан кейінгі жылдары Халық ағарту комиссариатында істеді, Бүкілодақтық радио хабары комитетінің председателі, «Наша Страна» журналының редакторы болды. Революциялық қозғалыс жөніндегі бірқатар мақалалардың, кітапшалардың және кітаптардың авторы.— *121.*

Корнилов, Л. Г. (1870—1918) — патша армиясының генералы, монархист. 1917 жылғы июльден — орыс армиясының жоғарғы бас қолбасшысы. Августа контрреволюциялық бүлікті басқарды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін қамауға алынып, түрмеге отырғызылды, одан Донға қашты, ақ гвардиялық «ерікті армияны» ұйымдастырушылардың бірі, ал кейін оның қолбасшысы болды. Екатеринодар түбінде болған ұрыстарда оққа ұшты.— *87.*

Красин, Л. Б. (1870—1926) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясына белсене қатысты. РСДРП III және IV съездерінде РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі, V съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Біраз уақыт

антипартиялық «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп халық комиссары, қатынас жолдары халық комиссары болды. 1919 жылдан бастап дипломатиялық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары жәпе сонымен қатар 1921—1923 жылдары Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкілі.— *136, 240.*

Криспин (Crispien), *Артур* (1875—1946) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, публицист. 1917—1922 жылдары Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының оң қанатын басқарды. 1920 жылы «тәуелсіздер» партиясы делегациясының құрамында Коминтерннің II конгресіне қатысты. Германияға қайтып барған соң Коминтернге қосылуға қарсы шықты. 1922 жылы Герман социал-демократиялық партиясына қайта оралып, оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. Германияда фашизм өкімет басына келгеннен кейін Швейцарияға эмиграцияға кетті.— *18, 64, 106—107, 271, 272—273, 274—275, 276, 277—278, 301, 321, 322—323, 426.*

Крупп фон Болен унд Гальбах (Krupp von Bohlen und Halbach), *Густав* (1870—1950) — герман монополистік капиталының шонжары, 1906—1943 жылдары аса ірі әскери-металлургиялық концернді басқарды; ол концерн герман империализмінің негізгі арсеналдарының бірі еді. Дүние жүзілік империалистік соғысқа әзірлікті ұйымдастырушылардың бірі болды. Соғыстан кейінгі кезеңде Германияның әскери-өнеркәсіп потенциалын қалпына келтіруге және жаңа соғысты әзірлеуге белсене қатысты. Фашистік басшылармен байланыс жасасты, өкіметті фашизмнің басып алуына қаржы бөліп отырды, фашистік Германияның әскери өнеркәсібі басшыларының бірі болды.— *274—275.*

Кун (Kun), *Бела* (Б. К.) (1886—1939) — венгр және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Венгрия Коммунистік партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Томскіде соғыс тұтқыны болды, соғыс тұтқындары арасында революциялық насихат жүргізді. 1916 жылы РСДРП(б) жергілікті ұйымымен байланыс жасады, большевиктер партиясына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Томск губерниялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — РКП(б) шетелдік топтар федерациясының председателі. 1918 жылы күзде Венгрияға қайтып оралды. 1919 жылы февральда қамауға алынып, мартта

босатылды. Венгр совет республикасы құрылғанда Кун іс жүзінде венгр совет үкіметінің басшысы болып, онда сыртқы істер халық комиссарының және Әскери істер жөніндегі халық комиссариаты коллегия мүшесінің ресми қызметтерін атқарды. Венгрияда Совет өкіметі жаныштalғаннан кейін Австрияға, сонан соң Россияға кетті. 1920 жылы — Оңтүстік майдан Революциялық-әскери советінің мүшесі, кейіннен Қырым Революциялық комитетінің председателі. 1921 жылдан Уралда басшы партиялық жұмыс атқарды, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, РКП(б) Орталық Комитетінің РКСМ Орталық Комитетіндегі уәкілі, Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының мүшесі.— *148, 149—150, 461.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова жазған, «Credo» деп аталған, бернштейншілдік рухтағы документ «экономизмнің» оппортунистік мәнін неғұрлым айқын білдірді және орыстың революцияшыл марксистері тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). Бірінші орыс революциясы қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1922 жылы шетелге қуылып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *420.*

Кутузов, И. И. (1885—1943) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва Советінің мүшесі, Москва тоқымашылар одағының председателі. 1918 жылдан — тоқымашылар одағы Орталық комитетінің председателі. 1920 жылдан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, ал одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болды. 1920—1921 жылдары антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобына қосылды. Одан кейінгі жылдары ВЦСПС Президиумының мүшесі болды, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанындағы мемлекеттік кредит пен жинақ ісіне жәрдемдесу комиссиясының председателі болып істеді.— *313.*

Л

Лапинский, П. Л. (Левинсон, Я.) (1879—1937) — поляк коммунисі, экономист әрі публицист. Қызметінің бас кезінде Поляк социалистік партиясына қосылды. 1906—1918 жылдары

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» басшыларының бірі болды, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты. Одан соң — Польша Коммунистік партиясы басшыларының бірі, оның бірқатар съездерінің делегаты. 20-жылдары СССР Сыртқы істер халық комиссариатының қызметкері ретінде шетелде дипломатиялық жұмыста болды. 30-жылдары СССР-де ғылыми және публицистік қызметпен шұғылданды. Дүние жүзілік экономика мен саясат жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, совет, поляк және неміс коммунистік баспасөзіне белсене жазып тұрды.— *222, 243, 495.*

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — совет қызметкері. 1901 жылдан социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, меньшевик. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды; 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында жұмыс істеді.— *430.*

Лауфенберг (Laufenberg), *Генрих* [Эрлер (Erler), Карл] (1872—1932) — немістің солшыл социал-демократы, публицист. Социал-демократиялық «Düsseldorfer Volkszeitung» («Дюссельдорф Халық Газеті») газетінің редакторы болды (1904—1907). Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады. 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясына кірді, онда көп ұзамай «ұлттық большевизм» дейтіннің анархо-синдикалистік көзқарастары мен ұсақ буржуазиялық-ұлтшылдық программасын уағыздаған «солшыл» оппозицияны басқарды. 1919 жылы октябрьде «солшыл» оппозиция Германия Коммунистік партиясынан шығарылғаннан кейін Лауфенберг Германия Коммунистік жұмысшы партиясы дейтінді құруға қатысты. 1920 жылдың аяғында Германия Коммунистік жұмысшы партиясынан шығарылды. Бұдан былайғы кездерде жұмысшы қозғалысынан кетіп, анархистік журналдарға мәдениет мәселелері жөнінде жазып тұрды.— *28, 66.*

Леви (Levi), *Пауль* (1883—1930) — неміс социал-демократы, кәсібі жөнінен адвокат. Циммервальд конференциясына (1915) қатысушы, Циммервальд солшылдарының швейцариялық тобының мүшесі, «Спартак одағына» кірді. Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезінде Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің құрамына сайланды. Коминтерннің II конгресінің делегаты. 1920 жылы Германия Коммунистік партиясынан рейхстагқа сайланды. 1921 жылы февральда Германия Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен шықты, ал апрельде партиялық тәртіпті өрескел бұзғаны үшін компартиядан шығарылды. Одан әрі социал-демократиялық партияға қайтып барды.— *223, 240, 243, 495, 500, 501.*

«Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы антимилитаристік насихат жүргізгені үшін каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтерілісті басып-жаншқаннан кейін контрреволюционерлер оны айуандықпен өлтірді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализмге қарсы сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар толық жинағы, 37-том, 495-бет).— *44, 53—54, 174, 274.*

Лизис (Lysis) [*Летайер* (Letailleur), *Евгений*]— француздың буржуазияшыл экономисі, финанс және саяси мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *236.*

Литвинов, М. М. (1876—1951) — партия және мемлекет қайраткері, көрнекті совет дипломаты. 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. «Искраның» агенті болды, 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына қатысты. 1914 жылғы июньнен бастап — Халықаралық социалистік бюрода РСДРП Орталық Комитетінің өкілі. Октябрь социалистік революциясынан кейін дипломатиялық жұмыста болды. 1921 жылдан — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1930 жылдан 1939 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдары — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі және СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.— *136.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Жұмысшыларға жағыну, оларды алдап-арбау және уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құрғызбауға тырысты. Ленин былай деп жазды: «Ллойд Джордж буржуазияға ғажап қызмет көрсетіп отыр және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет көрсетіп, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан

өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиынырақ жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отыр» («Шығармалар толық жинағы, 30-том, 198-бет). 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позицияларын нығайтуды көздеді, отарлар мен тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып-жаныштап отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокадаға дем берушілердің, оны ұйымдастырушылардың бірі.— *72—74, 76, 77—79, 80, 81, 88—89, 240, 244—245, 247.*

Лозовский (Дридзо), С. А. (1878—1952) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі. 1909 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда тұрып, ымырашыл-большевиктер тобына қосылды. 1917 жылы июньде Россияға қайтып оралды; кәсіподақтардың Бүкіл россиялық III конференциясында (июль, 1917) ВЦСПС секретары болып сайланды. 1917 жылы декабрьде партияның саясатына қарсы шыққаны үшін РСДРП(б) қатарынан шығарылды. Кейін интернационалист социал-демократтар тобын басқарды, осы топтың құрамында 1919 жылы декабрьде РКП(б) қатарына қайтадан алынды. 1920 жылы — кәсіптік одақтар Москва губерниялық Советінің председателі. Коминтерннің II конгресінің жұмысына қатысты. 1921 жылдан 1937 жылға дейін — Профинтерннің бас секретары; одан соң Мемлекеттік әдебиет баспасының директоры. 1939—1946 жылдары — СССР сыртқы істер халық комиссарының (кейін министрінің) орынбасары. Партияның XV съезінен бастап — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, XVIII съезде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *493.*

Лонге (Longuet), *Жан* (1876—1938) — Француз социалистік партиясының және II Интернационалдың лидерлерінің бірі, публицист. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Француз социалистік партиясының центристік-пацифистік азшылығын басқарды; француз центристерінің органы — «Le Populaire» («Халық Газеті») газетінің негізін салушылардың және редакторларының бірі болды. Француз социалистік партиясының Коминтернге қосылуына және Франция Коммунистік партиясын құруға қарсы шықты. 1921 жылдан — Вена (2½) Интернационалы Атқару Комитетінің мүшесі. 1923 жылдан — Социалистік жұмысшы Интернационалы дейтіннің басшыларының бірі.

30-жылдары Лонге социалистер мен коммунистердің фашизмге қарсы бірлесіп қимыл жасауын жақтады, фашизмге және соғысқа қарсы күресу жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысты.— *13, 21, 426, 449, 464.*

Лорио (Loriot), *Фердинанд* (1870—1930) — француз социалисі; бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Кинталь конференциясында (1916) Циммервальд сол-

шылдарына қосылды. 1920—1927 жылдары Франция Коммунистік партиясында болды. Коминтерннің III конгресінің делегаты.

1927 жылы оңшыл оппортунист ретінде коммунистік партиядан шығарылды.— *140.*

Лоу (Law), *Эндрью Бонар* (1858—1923) — ағылшынның реакцияшыл саяси қайраткері, консерваторлар лидерлерінің бірі. 1915—1916 жылдары — отарлар министрі, 1916 жылдан 1918 жылға дейін — финанс министрі. 1919 жылдан — лорд-мөр сақтаушы; Париж бейбітшілік конференциясына қатысты, Антантаның Жоғарғы Советінің мүшесі болды. 1922—1923 жылдары — премьер-министр. Ағылшын империализмінің антисоветтік саясатына дем берушілердің бірі.— *138.*

Лукач (Lukács), *Георг (Дьёрдь) (Г. Л.)* (1885 ж. туған) — венгр философы әрі әдебиет сыншысы. Ертеректегі еңбектерінде идеалистік позицияда болды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен материализм және коммунизм позициясына көше бастады, 1918 жылы Венгр коммунистік партиясына кірді. Венгр Совет Республикасы кезінде (1919) әуелі халық ағарту комиссары, одан соң 5-Қызыл дивизияның саяси комиссары болды. 1919 жылдан бастап талай рет Венгрия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің құрамына сайланды. Венгрияда Совет өкіметі құлағаннан кейін Австрияға, кейінірек Германияға эмиграцияға кетті. 20-жылдардың басында солшыл сектанттық қателіктер жіберді. 1933 жылдан бастап СССР-де ғылыми жұмыс жүргізді. 1945 жылы отанына қайтып оралғаннан кейін Венгр Ғылым академиясының мүшесі және Будапешт университетінің профессоры болды.

Лукач — философия, эстетика, тарих және әдебиет теориясы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; өз еңбектерінде бірқатар ревизионистік қателіктер жіберді. 1956 жылы Венгриядағы контрреволюциялық бүлік кезінде ревизионистік позиция ұстады. Кейінгі жылдары эстетика саласындағы зерттеулермен шұғылданып жүр.— *148—149.*

Луначарский, А. В. (1875—1933) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационализм позициясында болды. 1917 жылы Россияға қайтып келген соң Луначарский ауданаралықшылар тобына кірді, сол топпен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық

Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды. 1930 жылдан — академик. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Публицист, драматург, өнер және әдебиет мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *160, 365, 367.*

Лутовинов, Ю. Х. (1887—1924) — 1904 жылдан РСДРП мүшесі. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің қудалауына ұшырады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Дондағы және Украинадағы азамат соғысына белсене қатысты. Кейіннен кәсіподақ және совет жұмысында болды, металлистер одағы Орталық Комитетінің мүшесі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының секретары және мүшесі болды, ВЦСПС Президиумының құрамына кірді. РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының делегаты болды. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобына белсене қатысушылардың бірі.— *311.*

Львов, Г. Е. (1861—1925) — князь, ірі помещик, кадет. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — Бүкіл россиялық земство одағының председателі, ал одан кейін империалистік буржуазия мен помещиктердің ұйымдары — земстволар мен қалалардың біріккен одағы председательдерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — марттан июльге дейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің председателі және ішкі істер министрі. 1917 жылғы июль күндерінде Петроград жұмысшылары мен солдаттарын қанға бояп жазалаудың инициаторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант; Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты.— *149.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Р. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты.

Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде неміс жұмысшыларының революциялық авангарды басшыларының бірі болды. Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне

басшылық етіп қатысты. 1919 жылдың январында контрреволюционерлер оны тұтқынға алып, айуандықпен өлтірді.— *44, 174, 274, 404.*

Лютвиц (Lüttwitz), *Вальтер* (1859—1942) — генерал, барон, герман империалистік соғысқұмар топтары өкілдерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде бірқатар герман армиялары мен корпустарының штаб бастығы және қолбасшысы болды. 1918 жылғы декабрьден — Бранденбург провинциясындағы әскерлердің бас қолбасшысы, Берлин пролетариатының революциялық қозғалысын қатыгездікпен басып-жаныштады. 1919 жылдың жазынан — бүкіл герман әскерлерінің қолбасшысы. 1920 жылдың мартында Германияда монархияны қалпына келтіріп, әскери диктатура орнату мақсатымен герман соғысқұмарлары ұйымдастырған контрреволюциялық бүлік —«Капп бүлігі» дейтіннің басшыларының бірі. Бүлік жеңіліске ұшырағаннан кейін шетелге қашып кетті; 1925 жылы амнистия жасалды.— *105, 107.*

М

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы жөніндегі теорияны уағыздады. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты. 1924 жылы, 1929—1931 жылдары премьер-министр қызметін атқарды. Макдональдтың лейбористік үкіметі жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді, ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысты басып отырды. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» дейтінді басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды.— *72, 249—250, 252, 272, 285, 426, 496.*

Мак-Лейн (McLaine), *Уильям* (1891—1960) — ағылшын социалисі және кәсіподақ қайраткері, публицист. 1916—1946 жылдары Машина жасаушылардың біріккен одағында бірқатар қызметтерде болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Британ социалистік партиясына кірді, 1918—1919 жылдары оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1919—1929 жылдары Шотландияда және Англияда жұмысшылар арасында марксизмді насихаттады. Коминтерннің II конгресіне Британ Социалистік партиясынан делегат болды. Мак-Лейн Жұмысшы (лейбористік) партиясына коммунистердің енуін дұрыс жақтай отырып, сонымен қатар лейбористік партия басшылығының

және оның саясатының реакцияшылдығын азайтып көрсетті. 20-жылдары Великобритания Коммунистік партиясының мүшесі болды, 1929 жылы бұл партиядан шықты. 30-жылдардан бастап антикоммунистік позиция ұстады. 1946—1956 жылдары Англияның денсаулық сақтау және қауіпсіздендіру министрліктерінде чиновник болып қызмет істеді. 1957 жылдан бастап ірі капитал қаржыландыратын және ағылшын кәсіподақ қозғалысында антикоммунистік қызметпен айналысатын «Өнеркәсіп зерттеулері мен информациясы қызметі» ұйымы директорларының бірі болды.— *258, 259—260, 261, 284—285, 288.*

Малиновский, Р. В. (1876—1918) — арандатушы, Москва охранка бөлімінің жасырын қызметкері. 1906 жылы арам ниетпен жұмысшы қозғалысына қосылды. 1907 жылдан полицияға өз еркімен мәліметтер беріп тұрды, ал 1910 жылы патша охранкасының астыртын агенті болып алынды. Большевиктік партияда бірқатар көрнекті қызметтерде болды, 1912 жылы РСДРП Прага конференциясында Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Патша охранкасының көмегіне сүйеніп, Москва губерниясының жұмысшы куриясынан IV Мемлекеттік думаға депутаттыққа өтті. 1914 жылы әшкерелену қаупінен қорқып депутаттық уәкілдігін тапсырып, шетелге өтіп кетті. 1918 жылы Советтік Россияға қайтып келді, тұтқынға алынып, сотқа тартылды, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Жоғарғы трибуналының үкімі бойынша атылды.— *31.*

Маринг (Maring), *Гендрик* (1883—1942) — голланд социал-демократы. 1902 жылдан бастап Голландия Социал-демократиялық партиясының мүшесі болды. 1913—1917 жылдары Ява аралында тұрды, онда солшыл социал-демократтарға қосылды, ал одан соң Ява және Голландия коммунистік партияларының мүшесі болды. Коминтерннің II конгресіне делегат болды. 1921—1923 жылдары — Қытайда Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің Қиыр Шығыс елдері жөніндегі өкілі. 1924—1927 жылдары голланд коммунистік партиясы басшылығының құрамында болып оппозицияға қосылды. 1927 жылы компартиядан шығып, троцкистік позиция ұстады. 1929 жылы троцкистік «революциялық социалистік партия» дейтінді құрды.— *264.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер).— *18, 27, 39, 55, 61, 116, 149, 331, 332, 407, 408—409, 464, 511.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 1900 жылы «Искраны» әзірлеп, бастырып шығаруға қатысты, оның редакция құрамына кірді. РСДРП II

съезінде «Искра» ұйымынан делегат болды, съездің оппортунистік азшылығын басқарды және содан былай қарай меньшевиктердің орталық мекемелері басшыларының бірі және меньшевиктік басылымдардың редакторы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *61—62, 63, 464, 465—466.*

Мархлевский (Marchlewski), *Юлиан* (1866—1925) — поляк және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. РСДРП V (Лондон) съезінде РСДРП Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат болып сайланды. II Интернационалдың Цюрих және Штутгарт конгрестерінің делегаты. 1909 жылдан бастап көбіне герман социал-демократиясында жұмыс істеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында К. Либкнехтпен және Р. Люксембургпен бірге социал-шовинистерге қарсы күресті, «Спартак одағын» құруға қатысты. Революциялық қызметі үшін талай рет қуғынға ұшырады.

1918 жылы Совет үкіметінің талап етуімен герман концентрациялық лагерінен босап, Советтік Россияға келді; Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетіне сайланып, өмірінің ақырына дейін оның мүшесі болды. 1919 жылы Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне енгізілді. Коммунистік Интернационалды құруға қатысты. 1923 жылдан бастап МОПР (Революция күрескерлеріне көмек берудің халықаралық ұйымы) Орталық Комитетінің председателі болды. Экономикалық мәселелер, Польша тарихы және халықаралық қатынастар жөніндегі бірнеше еңбектердің авторы.— *186.*

Марциали (Marziali),— итальян социалисі. 1920—1921 жылдары Итальян социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі кезінде реформистерге қарсы шықты.— *451.*

Махно, Н. И. (1884—1934) — Украинадағы контрреволюциялық анархистік-кулактық отрядтардың басшысы, бұл отрядтар 1918—1921 жылдары Совет өкіметіне қарсы күресті. Өздерін шаруалар мүддесін қорғаушы ретінде көрсете отырып, Махно және оның жақтастары шаруалар бұқарасын өз жағына тартуға, сөйтіп оларды Совет өкіметіне қарсы күреске айдап салуға тырысты. Саяси және әскери жағдайлардың өзгеруін ескере отырып, Махно амал табуға салынды, бірде ақ гвардияшыларға қарсы, бірде Қызыл Армияға қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Оның штабы Гуляй-Поле селосында (бұрынғы

Екатеринослав губерниясында) болды. Махноның анархистік-кулактық бандалары саяси бандитизммен айналысты, совет ұйымдарына шабуыл жасап, ойран салды, халықты топады, партия және совет қызметкерлерін өлтірді. Махно бандалары 1921 жылы көктемде біржолата талқандалды. Махноның өзі шетелге қашып кетті.— *370—371, 438.*

Медведев, С. П. (1885—1937) — 1900 жылдан РСДРП мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияда саяси қызметте болды. 1920—1922 жылдары — металлистер одағы Орталық Комитетінің председателі; кейінірек Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде және СССР Орталық Атқару Комитетінде істеді. Антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобы лидерлерінің бірі болды, одан соң «жаңа оппозицияға» белсене қатысты. Антипартиялық қызметі үшін 1924 жылы партиядан шығарылды. 1926 жылы антипартиялық көзқарастардан бас тартатынын мәлімдеді, партияға қайтадан алынды. 1933 жылы, партия тазалауы кезінде, ВКП(б) қатарынан қайтадан шығарылды.— *311.*

Мергейм (Merrheim), *Альфонс* (1881—1925) — француздың кәсіподақ қайраткері, синдикалист; 1905 жылдан бастап — Францияның металлистер федерациясы мен Жалпы еңбек конфедерациясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде Франциядағы синдикалистік қозғалыстың сол қанаты басшыларының бірі болды, бұл қозғалыс социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы шықты; Циммервальд конференциясына қатысты, Циммервальд оңшылдарына қосылды. Сол кездің өзінде-ақ Мергеймге тән болған солқылдақтық пен социал-шовинистерден бүтіндей қол үзуден қорқу оны 1916 жылдың аяғында центристік-пацифистік позицияға, ал 1918 жылдың басында — ашық социал-шовинизм және реформизм позициясына әкеп соқтырды. СССР-ге дұшпандық көзқараста болды.— *38, 111.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясы сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі. Партияның теориялық органы —«Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналы редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационализм позициясында болды. «Интернационал» тобы басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *407, 408.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, одан кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беру саясатын жүргізді. 1917 жылы августа — Корнилов бүлігіне дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері.— *149.*

Милютин, В. П. (1884—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты.

1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, одан соң басқа да жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық бақылау комиссиясына мүше болып сайланды.— *456.*

Мин, Г. А. (1855—1906) — полковник, гвардиялық Семенов полкінің командирі. Москвадағы 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін басып-жаныштаған кезде ерекше қаталдығымен көзге түсті, осынысы үшін патша оған генерал-майор атағын берді. Эсерлер өлтірді.— *419.*

Модильяни (Modigliani), *Витторио Эмануэле* (1872—1947) — Итальян социалистік партиясының ең байырғы мүшелерінің бірі, реформист, кәсібі жөнінен адвокат. 1913—1926 жылдары — депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысушы, Циммервальд солшылдарына қарсы шықты. 1926 жылы Францияға эмиграцияға кетті, итальян реформист-эмигранттарының органы «Rinascita Socialista»-ны («Социалистік Жаңарту») редакциялады. Италия неміс-фашист әскерлерінен азат етілгеннен кейін туған еліне қайтты.— *108—109, 227, 449.*

Монатт (Monatte), *Пьер* (1881—1960) — француздың кәсіподақ қайраткері әрі публицист. 1904—1914 жылдары — Фран-

цияның Жалпы еңбек конфедерациясы басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Жалпы еңбек конфедерациясының революциялық азшылығы лидерлерінің бірі болды, Циммервальд оңшылдарына қосылды. 1918—1920 жылдары француз пролетариатының ереуіл қозғалысын ұйымдастыруға қатысты. 1921—1924 жылдары Франция Коммунистік партиясының органы «L'Humanité»-нің («Адамзат») редакциясына енді және 1923—1924 жылдары партияның мүшесі болды. 1924 жылы троцкистік топ құрып, компартияның бағытына қарсы күрес жүргізді, сол үшін партиядан шығарылды. 1921 жылы Жалпы еңбек конфедерациясы жікке бөлініп, оның революциялық қанаты конфедерациядан шыққаннан кейін конфедерация қатарында қалып, оның реформистік лидерлерімен ынтымақтасу позициясына көшті. 1925 жылдан өмірінің ақырына дейін троцкистік орган —«La Révolution prolétarienne»-ді («Пролетарлық Революция») шығарып, Совет Одағына және халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы жалақорлық насихат жүргізді.— *140.*

Мюльбергер (Mülberger), *Артур* (1847—1907) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, Прудонның ізбасары, кәсібі жөнінен дәрігер. 1872 жылы Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық органы «Der Volksstaat» («Халықтық Мемлекет») газетінде тұрғын үй мәселелері жөнінде бірқатар мақалалар жариялады; бұл мақалаларды Ф. Энгельс қатаң сынға алды. Хёхберг шығарған «Die Zukunft» («Болашақ») деген оппортунистік журналына жазып тұрды, Франция мен Германиядағы қоғамдық ой-пікірдің тарихы жөнінде бірнеше еңбек жазды, марксизмді сынады.— *423.*

Мюнценберг (Münzenberg), *Вильгельм* (1889—1940) — Швейцария мен Германиядағы жұмысшы қозғалысының қайраткері, кәсібі жөнінен етікші-жұмысшы. 1910 жылы Германиядан Швейцарияға қоныс аударды. Швейцария жастарының Социал-демократиялық ұйымының (1914—1917) басшысы және оның органы «Freie Jugend»-тің («Азат Жастар») редакторы болды; 1915—1919 жылдары — Социалистік жастар интернационалының секретары және оның органы «Jugend-Internationale»-нің («Жастар Интернационалы») редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позицияда болды. 1916 жылдан — Швейцария Социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі. Германияға қайтып келгеннен кейін Германия Коммунистік партиясының мүшесі болды. 1919—1921 жылдары — Коммунистік жастар интернационалының секретары. Коминтерннің II, III, IV және VI конгрестерінің делегаты болды. 1924 жылдан — рейхстагтың мүшесі. Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Германияда өкіметті фашизм басып алғаннан кейін Францияға эмиграцияға кетті. 30-жылдары троцкистермен және басқа оппортунистік элементтермен блок құрып, коммунис-

тік партиялар жүргізіп отырған біртұтас жұмысшы және халықтық антифашистік майдан құру тактикасына қарсы шықты; Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің құрамынан шығарылды, ал 1939 жылы Германия Коммунистік партиясынан шығарылды.— *276.*

Н

Накахира, Рё (1894 ж. туған) — жапонның прогресшіл журналисі, «Осака Асахи» газетінің тілшісі болды. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде Советтік Россиядағы тілші ретінде Владивостокта болды, одан соң, 1919 жылы, газеттің тапсырмасымен Москваға келді. Жапонияға Советтік Россия жөнінде бірқатар ниеттестік корреспонденциялар жіберді. 1920 жылы 3 июньде Накахираны В. И. Ленин қабылдап, оған интервью берді. Жапонияға оралғаннан кейін Накахира 1931 жылға дейін «Асахи» газетінде жұмыс істеді. Қазіргі уақытта әдеби еңбекпен шұғылданады.— *142—144.*

Натансон, М. А. (1850—1919) — революциялық халықшылдықтың өкілі, кейіннен эсер. Революциялық қозғалысқа 1869 жылдан бастап қатысты. «Жер және ерік» партиясының негізін қалаушылардың бірі болды, 1893 жылы «Халықтық право» партиясын құруға белсене қатысты. 900-жылдардың бас кезінен — эсерлер партиясының мүшесі, оның Орталық Комитетінің құрамына кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияны дәйекті түрде ұстай алмады, центризм жағына қарай ауытқи берді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1918 жылы солшыл эсерлердің Совет өкіметіне қарсы бүлігін айыптады.— *62—63.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды.— *19, 137.*

Нобс (Nobs), *Эрнст* (1886—1957) — Швейцария социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі. 1915 жылдан оның органы — «Volksrecht» («Халықтық Право») газетінің бас редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде бастапқыда интернационалистерге қосылды. 1917 жылы центристік-пацифистік позицияға көшті. 20-жылдары Швейцария социал-демократиясының оң қанаты жағына шығып алып, Швейцария және халықаралық коммунистік қозғалысына қарсы шықты. 1919—1943 жылдары — ұлттық кеңесші. 1943—1951

жылдары — Одақтық советтің мүшесі. 1949 жылы — Швейцария президенті.— *463, 467, 468.*

Ногин, В. П. (1878—1924) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, профессионал революционер, большевик. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін сауда және өнеркәсіп істері жөніндегі халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне кірді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. Кейінірек өзінің қателіктерін мойындады, жауапты совет және шаруашылық жұмыстарында: еңбек халық комиссарының орынбасары, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, Бүкіл россиялық тоқыма синдикаты басқармасының председателі болып істеді.— *428, 456.*

Носке (Noske), *Густав* (1868—1946) — Герман социал-демократиялық партиясының оппортунист лидерлерінің бірі. 1918 жылы, Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде, Кильдегі матростардың революциялық қозғалысын басып-жаныштауға басшылық еткендердің бірі болды. 1919—1920 жылдары әскери министр болды; Берлин жұмысшыларын жазалауды және К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруді ұйымдастырды, сол үшін «қанды ауыз ит» деп атанды. Кейіннен Пруссияның Ганновер провинциясының президенті болды. Фашистік диктатура жылдарында Гитлер үкіметінен мемлекеттік пенсия алып тұрды. В. И. Ленин Носкені «монархия мен контрреволюциялық буржуазияға қызмет ететін, жұмысшылардан шыққан ең жексұрын жендеттердің» бірі деп атады (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 337-бет).— *13, 72, 97, 285, 287, 292.*

О

Орландо (Orlando), *Витторио Эмануэле* (1860—1952) — итальян мемлекет қайраткері, буржуазиялық либералдар лидерлерінің бірі. 1917—1919 жылдары — Италияның премьер-министрі, Париж бейбітшілік конференциясында итальян делегациясын басқарды. 1919—1920 жылдары парламент председателі болды. Муссолинидің фашистік диктатурасы орнағаннан кейін белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. 1948—1952 жылдары сенатор болды.— *247.*

П

Панкхерст (Pankhurst), *Сильвия Эстелла* (1882—1960) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде пацифистік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін империалистік

мемлекеттердің Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын тоқтатуды жақтады. Әсіре солшыл Жұмысшы социалистік федерациясын ұйымдастыруға қатысты және оның лидері болды, оның органы —«The Workers' Dreadnougt» («Жұмысшы Дредноуты») газетін редакциялады. Коминтерннің II конгресіне қатысты. 1921 жылы Великобритания Коммунистік партиясына кірді, бірақ партиялық тәртіпке бағынудан бас тартқаны үшін көп ұзамай партиядан шығарылды. Великобритания Коммунистік партиясына қарсы, сондай-ақ Совет Одағына қарсы кінә тағумен болды.— *68—69, 72—73, 75—76, 81, 140, 173, 285, 287, 288, 289, 291.*

Паннекук (Pannekoek), *Антони* (Хорнер, К.) (1873—1960) — голланд социал-демократы. 1907 жылы голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы —«De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі болды, 1909 жылы бұл сол қанат Голландия Социал-демократиялық партиясы («трибунистер» партиясы) болып қалыптасты. 1910 жылдан бастап герман солшыл социал-демократтарымен тығыз байланыс жасады, олардың органдарына белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарының теориялық органы —«Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1921 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды, Коминтерннің жұмысына қатысты. Әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. 1924 жылы Паннекук компартиядан шықты, көп ұзамай белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *28, 32, 66, 277.*

Петлюра, С. В. (1877—1926) — украин буржуазиялық ұлтшылдары лидерлерінің бірі. 1917 жылы — контрреволюциялық украин Орталық радасында әскери істер жөніндегі бас секретарь. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде Украинадағы контрреволюция басшыларының бірі болды. Киевтің көтеріліс жасаған жұмысшыларын таратып жіберген Орталық раданы 1918 жылдың бас кезінде неміс оккупанттарының көмегімен қалпына келтірді. 1918 жылы ноябрьде Директория (Украинаның 1918—1919 жылдардағы ұлтшылдық үкіметі) құрамына енді, содан кейін оның басшысы болды. 1919 жылдың аяғында Польшамен әскери одақ жасасып, 1920 жылы пандар Польшасы әскерлерінің Украинаға шабуыл жасауына қатысты. Украинада Совет өкіметі қалпына келтірілгеннен кейін — ақ эмигрант. 1926 жылы майда Парижде өлтірілді.— *132, 438.*

Пилсудский (Pilsudski), *Юзеф* (1867—1935) — буржуазиялық-помещиктік Польшаның реакцияшыл мемлекет қайраткері; фашистік диктатор. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Германия жағында қимыл жасаған поляк әскери жасақтарының командирі болды. 1918—1922 жылдары поляк мемлекетінің

басшысы болды, еңбекшілердің революциялық қозғалысын қаталдықпен қудалады. 1920 жылы ақ пандық Польшаның Совет мемлекетіне қарсы соғысын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1926 жылы майда мемлекеттік төңкеріс жасап, фашистік диктатура режимін орнатты. 1934 жылы гитлерлік Германиямен одақ жасасты.— *140, 359.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы —«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы рөлін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады.— *17, 61, 92, 97—98, 272, 402, 420—421, 511.*

Попов, П. И. (1872—1950) — статистик. 1924 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1918 жылдан Орталық статистика басқармасын басқарды; СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі болды, 1926 жылдан 1949 жылға дейін РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының құрамына және Ленин атындағы Ауыл шаруашылық ғылымдары академиясы президиумының құрамына кірді, РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының ауыл шаруашылық бөліміне басшылық етті. Кейін СССР Орталық

статистика басқармасы жанындағы ғылыми-методологиялық советтің мүшесі. Статистика жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы.— *430.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдары марксистерге қосылды. «Искра» мен «Заряны» құруға қатысты. РСДРП-ның II съезінде — азшылық искрашыл. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы «День» газетін редакциялады, бұл газет большевиктерге қарсы қаскөйлік науқан жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты.— *61.*

Прамполини (Prampolini), *Камилло* (1859—1930) — итальян социалисі, реформист, журналист. Социалистік қозғалысқа 1882 жылдан бастап қатысты, Итальян социалистік партиясын (1892) құрушылардың бірі болды. 1890—1926 жылдары — парламент депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. Италиядағы 1919—1920 жылдардағы революциялық өрлеу кезінде өзге реформистік лидерлермен бірге келісімпаздық саясат жүргізді. 1926 жылы саяси қызметтен шеттеп кетті.— *323.*

Преображенский, Е. А. (1886—1937) — 1903 жылдан бастап большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уралда жұмыс істеді. РСДРП(б) VI съезінде партияның социалистік революцияға алған бағытына қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін партиялық және әскери-саяси жұмыста болды. 1918 жылы — «солшыл-коммунист». Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — Троцкий платформасын жақтаушы. 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері, сол үшін 1927 жылы партиядан шығарылды. 1929 жылы партияға қайта алынды. Алайда кейінгі жылдары антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан қайта шығарылды.— *314, 429, 432—433.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде — «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек — либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.— *420.*

Р

Радек, К. Б. (1885—1939) — 900-жылдардың басынан Галицияда, Польшада және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында интернационалистік позицияда болды, алайда центризмге қарай ауытқып отырды; ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1917 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін сыртқы істер халық комиссариатында істеді, Коминтерн Атқару Комитетінің секретары болды. РКП(б) VIII—XII съездерінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы —«солшыл коммунист»; 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1929 жылы өз қателіктерін мойындап мәлімдеме жасады, партияға қайта алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, 1936 жылы ВКП(б)-дан қайта шығарылды.— *20, 222.*

Рамзай (Ramsay), *Давид* (1883—1948)— ағылшын социалисі, кейін коммунист; кәсібі жөнінен модельші-жұмысшы. Қызметінің бас кезінде Социал-демократиялық федерацияның, кейін Британ социалистік партиясының мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — Шотландияда және Англияда фабрика-завод старосталарының бұқаралық пролетарлық қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі. Жұмысшы қозғалысына белсене қатысуымен бірге Рамзай солшыл сектанттық қателіктер де жіберді; Коминтерннің II конгресіне делегат болды, конгресте Жұмысшы (лейбористік) партиясына коммунистердің кіруіне қарсы шықты. 1920 жылы Рамзай Великобритания Коммунистік партиясына кірді. Одан кейін партиялық жұмыста болды, партияның Орталық Комитеті мен Шотланд комитетінің нұсқаушысы болды, ағылшын коммунистік баспасөзіне белсене жазып тұрды.— *260, 262.*

Раскольников, Ф. Ф. (1892—1939)— 1910 жылдан большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Кронштадт комитетінің мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Кронштадт Советі председателінің орынбасары, «Голос Правды» газетінің редакторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — теңіз істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары, Волга-Каспий флотилиясының және Балтық флотының қолбасшысы. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде — Троцкийдің платформасын жақтаушы. 1921 жылдан 1938 жылға дейін дипломатиялық жұмыста: СССР-дің Ауғанстандағы, Эстониядағы, Даниядағы, Болгариядағы уәкілетті өкілі.— *427.*

Регент (Regent), *Иван* (1884 ж. туған) — Югославия социалисі, кейін коммунист. 1919—1921 жылдары, Итальян социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі кезінде, реформистерге қарсы шықты.— *451.*

Реннер (Renner), *Карл* (1870—1950) — Австрияның саяси қайраткері, Австрияның оңшыл социал-демократтарының лидері және теоретигі. «Австромарксизм» дейтіннің идеологтарының бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1919—1920 жылдары — Австрия канцлері, 1945 жылдан 1950 жылға дейін — Австрия президенті.— *13, 21, 292, 296—297.*

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі. 1902—1914 жылдары —«Le Peuple» («Халық») газетінің, 1914—1920 жылдары — «L'Humanité» («Адамзат») газетінің редакторы; 1914—1919 және 1924 жылдары депутаттар палатасының мүшесі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1927 жылы социалистік партияның басшылығынан шеттеп кетті, ал 1933 жылы партиядан шығарылды; кейін шағын неосоциалистік топ құрды.— *21.*

Родзянко, М. В. (1859—1924) — ірі помещик, октябристер («17 октябрь одағы») партиясы лидерлерінің бірі, монархист. 1911 жылдың мартынан — III, одан соң IV Мемлекеттік думалардың председателі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде контрреволюциялық орталық — Мемлекеттік думаның Уақытша комитетін, одан соң Дума мүшелерінің «жекеше кеңесін» ұйымдастырды. Корниловшылдықтың басшыларының бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Деникинге қашып барды, Совет өкіметіне қарсы күресу үшін барлық контрреволюциялық күштерді біріктіруге тырысты, кейіннен эмиграцияға кетті.— *31.*

Рой, Манабендра Нат (1892—1948) — Индияның саяси қайраткері. 1910—1915 жылдары Индияда ағылшын отаршылдарына қарсы революциялық қозғалысқа қатысты. 1915 жылы эмиграцияға кетті. Кейіннен коммунистерге қосылды. 1920 жылға дейін Мексикада тұрды. Коминтерннің II, III, IV және V конгрестерінің делегаты; 1922 жылдан бастап Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мүшелігіне кандидат, ал 1924 жылдан — оның мүшесі.
Кейін компартиядан шеттеп кетті. 1940 жылдан бастап Индияда радикал-демократиялық халықтық партияны басқарды. «Radical Humanist» («Радикал Гуманист») журналын шығарып тұрды.— *264, 265, 268.*

Рыков, А. И. (1881—1938) — 1899 жылдан большевиктік партияда болды. Россияның бірқатар қалаларында партиялық

жұмыс жүргізді. РСДРП III съезінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — ішкі істер жөніндегі халық комиссары, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты, 1928 жылы — ВКП(б) ішіндегі оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды.— *160, 456.*

Рысқұлов, Т. Р. (1894—1943) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі, Түркістан мен Қырғыз өлкесінде Октябрь социалистік революциясына қатысты. 1920 жылы — Түркістан Орталық Атқару Комитетінің председателі. 1921 жылдан 1922 жылға дейін — РСФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты коллегиясының мүшесі және халық комиссарының орынбасары. 1922—1924 жылдары — Түркістан АССР Халық Комиссарлары Советінің председателі. Ұлтшылдық-уклонистік елеулі қателіктер жіберді. 1926 жылдан 1937 жылға дейін РСФСР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары болып істеді.— *476.*

С

Садуль (Sadoul), *Жак* (1881—1956) — француз армиясының офицері, социалистік партияның мүшесі, социал-шовинистік позицияда болды. 1917 жылы француз әскери миссиясының мүшесі ретінде Россияға келді. Октябрь социалистік революциясының әсерімен коммунистік идеяларды жақтады, РКП(б)-ның француз секциясына және өз еркімен Қызыл Армияға кірді. Баспасөз бетінде Антанта империалистерінің Советтік Россияға интервенция жасауына қарсы қызу наразылық білдірді, Украинаның оңтүстігін оккупациялаган француз әскерлері арасында революциялық насихат жүргізді. Коминтерннің I және II конгрестеріне қатысты. Революциялық қызметі үшін оны француз әскери соты өлім жазасына (сырттай) кесті, бірақ Францияға қайтып оралғаннан кейін (1924) ақталды. Бұдан кейінгі жылдарда — бейбітшілік және халықтар арасындағы достық жолындағы белсенді күрескер.— *493.*

Сегрю (Segrew) — ағылшын журналисі, буржуазиялық либералдар партиясының органы — Лондонда шығатын «Daily News» («Күнделікті Жаңалықтар») газетінің тілшісі болды.— *301—302.*

Серрати (Serrati), *Джачинто Менотти* (1872—1926) — итальян жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян социалистік партиясы басшыларының бірі. 1915—1923 жылдары — социалистік партияның орталық органы «Avanti!» («Алға!») газетінің директоры. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — интернационалист. Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысушы. Коминтерн құрылғаннан кейін Итальян социалистік партиясының Коминтернге кіруіне күш салды. Коминтерннің II конгресінде итальян делегациясын басқарды, реформистерден сөзсіз қол үзуге қарсы шықты. Кейіннен өзінің центристік қателіктерінен арылды, сөйтіп 1924 жылы «үшінші интернационалистер» фракциясына бас болып, Итальян коммунистік партиясына кірді, онда өмірінің ақырына дейін белсене жұмыс істеді.— *55, 260—261, 271, 272—273, 277—278, 449, 451, 452—453, 455—456, 457—458, 460, 461—462, 463, 467, 468, 493.*

Скульский (Skólski), *Леопольд* (1878 ж. туған) — поляктың буржуазиялық саяси қайраткері. 1919 жылдан — Құрылтай сеймінің депутаты, онда оң қанаттағы топтардың бірін басқарды. 1919 жылдың жазынан — буржуазиялық «Ұлттық халық бірлестігінің» лидері, пилсудскийшілдермен жақындасуды жақтаушы. 1919 жылғы декабрьден — министрлер советінің председателі; 1920 жылғы июньде, Қызыл Армия Украинада Польша майданын бұзып өткен кезде, Скульский отставкаға кетуге мәжбүр болды. 1920—1921 жылдары — ішкі істер министрі. 1922—1927 жылдары — мемлекеттік трибуналдың мүшесі.— *157.*

Сноуден (Snowden), *Филипп* (1864—1937) — ағылшынның саяси қайраткері. 1903—1906 және 1917—1920 жылдары Тәуелсіз жұмысшы партиясының председателі, оның оң қанатының өкілі болды; 1906 жылдан — парламент мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист; буржуазиямен коалиция жасасуды жақтаушы. 1924 жылғы Макдональд кабинетінде, сондай-ақ 1929—1931 жылдары — казначейлік канцлер. Коммунизмнің қас жауы.— *72, 76, 78, 79, 80, 81, 106, 285, 426.*

Спиридонова, М. А. (1884—1941) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1906 жылы Тамбов губерниясында қаражүздік ойранды басқарған Луженовскийдің өміріне қастандық жасағаны үшін сотталып, каторгаға айдалды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эсерлердің сол қанатын ұйымдастырушылардың бірі, ал 1917 жылы ноябрьде солшыл эсерлер партиясы құрылғаннан кейін оның Орталық Комитетіне кірді. Брест бітімін жасасуға қарсы шық-

ты, 1918 жылы июльде контрреволюциялық солшыл эсерлер бүлігіне белсене қатысты, бүлік басып-жанышталғаннан кейін де Совет өкіметіне қарсы дұшпандық әрекетін істей берді. Кейінірек саяси қызметтен шеттеп кетті.— *416—417, 418, 419.*

Стиннес (Stinnes), *Гуго* (1870—1924) — герман монополистік капиталының шонжары. 1893 жылдан бастап кен өнеркәсіп фирмасын басқарып, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде әскери жабдықтар беруден байыды. Соғыстан кейін инфляцияны пайдаланып, валютамен айла-шарғы жасау арқылы өнеркәсіптің әр түрлі салаларындағы 1500-ден астам кәсіпорынды (соның ішінде 600-ге жуығы шетелде) сатып алып, орасан зор концерн құрды. Германияның әскери-өнеркәсіп потенциалын қалпына келтіруге белсене қатысты. 1920 жылдан бастап рейхстаг мүшесі, Германияның империалистік буржуазиясының мүдделерін білдірген «неміс халықтық партиясы» лидерлерінің бірі болды.— *274—275.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтыруға» және «сынауға» әрекеттенді, марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *61, 412, 425.*

Судаков, П. И. (1878—1950) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі. 1899—1905 және 1911—1913 жылдары «Крейтон және К°» акционерлік қоғамының Петербургтегі заводында слесарь болып істеді. 1912 жылы, IV Мемлекеттік дума сайлауы жөнінде уәкілдікке сайланғаннан кейін, меньшевиктер жағына ауысты. 1914 жылы меньшевиктерден қол үзіп, большевиктерге қайтып келді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтау жөніндегі төтенше комиссияның председателі, Солтүстік ауданның халық шаруашылығы советінің председателі болды. 1921 жылдан 1924 жылға дейін Халық шаруашылығы жоғары советінде Главметалдың председателі болып жұмыс істеді. Кейінгі жылдары Әскери-өнеркәсіп Басқармасында және РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында әкімшілік-шаруашылық қызметтерде болды.— *427.*

Сұлтан-Заде, А. (1889—1938) — иран коммунисі, публицист. 1907 жылдан бастап Закавказьеде социал-демократиялық насихат жүргізуге қатысты. 1912 жылдан большевиктер партиясына

мүше болды, Россияда, Закавказьеде және Орта Азияда партиялық жұмыс жүргізді. 1919 жылдан — Иран социал-демократиялық жұмысшы партиясы «Адаляттың» мүшесі. 1920—1923 және 1927—1932 жылдары — Иран Коммунистік партиясы басшыларының бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мүшесі, Коминтерннің II, III, IV, VI конгрестерінің делегаты. Ирандағы буржуазиялық-демократиялық революцияның антиимпериалистік кезеңінде пролетариаттың және шаруалардың ұлттық буржуазиямен ынтымақтасу саясатына қарсы шығып, ұлт-отар мәселесінде солшыл сектанттық қателіктер жіберді. 1923—1927 жылдарда және 1932 жылдан бастап СССР-де совет және шаруашылық жұмысында болды.— *499.*

Сухи (Souchy), *Августин* — неміс анархо-синдикалистері лидерлерінің бірі, публицист. 1920 жылғы апрель — октябрьде Германия революцияшыл синдикалистерінің өкілі ретінде Советтік Россияға келді, Коминтерннің II конгресіне делегат болды. Кейіннен коммунистік қозғалысқа, Совет мемлекетіне дұшпандық көзбен қарады. 1922—1927 жылдары — неміс анархосиндикалистерінің «Der Syndikalist» («Синдикалист») газетінің редакторы. 1922 жылдан — кәсіподақтардың анархо-синдикалистік Берлин интернационалы бюросының, одан соң секретариатының мүшесі.— *280.*

Т

Таннер (Tanner), *Джек* (1889 ж. туған) — ағылшын тред-юниондары лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен жұмысшы-механик. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — Англиядағы фабрика-завод староссталарының бұқаралық пролетарлық қозғалысының қайраткері. 1918 жылдан — машина жасаушылар, кеме жасаушылар және металлистер тред-юниондары басшыларының бірі. Солшыл сектанттық көзқарастарды уағыздады. Коминтерннің II конгресінің делегаты, 1920—1921 жылдары Великобритания Коммунистік партиясының мүшесі болды. Одан кейін лейбористік партияға қосылып, оның қызметіне белсене қатысты.

1939—1954 жылдары — Машина жасаушылардың біріккен одағының председателі. 1943—1954 жылдары Британ тред-юниондар конгресі Бас советінің мүшесі, үкіметтің бірқатар экономикалық органдарында британ тред-юниондар конгресінің өкілі болды. 40-жылдардың аяқ кезінен бастап британ тред-юниондар конгресінің оң қанатына қосылып, антикоммунистік позиция ұстады. 1957 жылдан — ірі капитал қаржыландыратын және ағылшын кәсіподақ қозғалысында антикоммунистік қызметпен шұғылданатын «Өнеркәсіп зерттеулері мен информациясы қызметі» ұйымы директорларының бірі.— *258—259, 260, 262, 498.*

Террачини (Terracini), *Умберто* (1895 ж. туған) — Италиядағы жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян коммунистік партиясын құрушылардың бірі. Қызметінің бас кезінде Итальян социалистік партиясы сол қанатының қатарында болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады. 1919 жылдан — Турин партия ұйымының секретары, 1920 жылдан — социалистік партия Орталық Комитетінің мүшесі. Партияның Коминтернге қосылуын жақтады, оның реформистік қанатына ымырасыз позицияда болды. 1919 жылдан — Турин социалистерінің революциялық тобы — «L'Ordine Nuovo»-ны («Жаңа Тәртіп») ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі; бұл топ коммунистік партияның негізгі ұйытқысы болды. Итальян коммунистік партиясы құрылған кезден бастап (1921) оның Орталық Комитеті мен Атқару Комитетінің мүшесі болды. Солшыл секташттық қателіктер жіберді, ол қателіктерін Коминтерннің III конгресінде В. И. Ленин айыптады. Сынның әсерімен көп ұзамай өз қателіктерінен арыла білді. Коминтерннің өзі делегат болған III конгресінен кейін Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің құрамына сайланды. 1926—1943 жылдары фашистік түрмелерге қамалып, айдауда болды. 1943—1945 жылдары итальян халқының фашизмге қарсы ұлт-азаттық күресіне белсене қатысты. 1945 жылдан — Италия компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, ал 1955 жылдан — Орталық Комитеттің мүшесі. 1947—1948 жылдары — Құрылтай жиналысының председателі. 1950 жылдан — Бүкіл дүние жүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі.— *451.*

Тома (Thomas), *Альбер* (1878—1932) — француздың саяси қайраткері, оңшыл социалист. 1910 жылдан бастап социалистік партияның парламенттік фракциясы лидерлерінің бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Францияның буржуазиялық үкіметі құрамына қару-жарақ істері жөніндегі министр болып кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін соғысты соза беруді жақтаған үгіт жүргізу үшін Россияға келді. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі. 1919—1932 жылдары Ұлттар лигасы жанындағы Халықаралық Еңбек бюросын басқарды.— *254, 292.*

Томас (Thomas), *Джемс Генри* (1874—1949) — ағылшынның саяси және кәсіподақ қайраткері, лейбористік партия лидерлерінің бірі, буржуазиямен таптық ынтымақты жапып сала жақтаушы. 1906 жылдан — Темір жол қызметшілерінің біріккен одағының секретары, 1917—1931 жылдары — Теміржолшылардың ұлттық одағының бас секретары. 1910—1936 жылдары — парламент мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1920—1924 жылдары — кәсіподақтардың реформистік Амстердам интернационалының председателі. 20-

жылдары өзге реформистік лидерлермен бірге ағылшын жұмысшыларының ереуіл қозғалысын болдырмай тастауға қатысты. Макдональдтың лейбористік үкіметтерінде отарлар министрі (1924), лорд-мөр сақтаушы және жұмыссыздыққа қарсы күрес жөніндегі министр (1929—1930), доминиондар министрі (1930—1931) қызметінде болды. Макдональдтың «ұлттық үкімет» дейтініне кірді, ол үкіметтің саясатын консерваторлар белгілеп отырған-ды; ал одан кейін доминиондар министрі (1931—1935) және отарлар министрі (1935—1936) ретінде Болдуиннің консерваторлық үкіметіне кірді.— *289.*

Томский, М. П. (1880—1936) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға, троцкистерге ымырашылдықпен қарады. 1917 жылы — РСДРП(б) Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — кәсіподақтардың Москва Советінің председателі. 1919 жылдан — ВЦСПС президиумының председателі. Партияның VIII съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, партияның XI съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына бірнеше рет қарсы шықты; «децистерді» қолдады, кәсіподақтардың партия басшылығына «тәуелсіздігі» дейтінді жақтады. 1928—1929 жылдары ВКП(б) ішіндегі оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі болды.— *313—314.*

Тревес (Treves), *Клаудио* (1868—1933) — Итальян социалистік партиясы реформист лидерлерінің бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Итальян социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партия лидерлерінің бірі болды.— *108—109, 453.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды, алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеген еді, сөйтіп ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери сове-

тінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деген капитуляпттық теорияны қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп те ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *153, 370.*

Тунтар (Tuntar), *Джузеппе* — итальяп социалисі, 1919—1921 жылдары Итальян социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды, реформистерге қарсы шықты.— *451.*

Турати (Turati), *Филиппо* (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының қайраткері, Итальян социалистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі, оның оңшыл, реформистік қанатының лидері. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Итальян социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті.— *13, 55, 108—109, 227, 261, 277, 323, 426, 453.*

У

Уляновский (Ulanowski), *Владислав* (1893—1937) — поляк жұмысшы және коммунистік қозғалысының қайраткері. 1912—1914 жылдары Поляк социалистік партиясына (ППС) кірді; одан соң Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД) мүшесі болды, оның Бас Басқармасының құрамына кірді. Польша Коммунистік жұмысшы партиясының (ПКЖП) I съезіне қатысты. Патша үкіметі, неміс оккупанттары және Польшаның буржуазиялық-помещиктік өкімет орындары талай рет жазаға тартты. 1920 жылы РКП(б) Бүкілроссиялық IX конференциясында Польша Коммунистік жұмысшы партиясының өкілі болды; Польшадағы саяси жағдай туралы баяндама жасады. Кейіннен Жоғарғы Силезия партия комитетінің мүшесі, одан соң Краков Округтік партия ұйымының басшысы болды. 1925 жылдан бастап СССР-де тұрды; Ко-

минтерннің Поляк секциясының мүшесі болды; басшы шаруашылық жұмыста істеді.— *350—351, 360.*

Ф

Фин, Я. И. (1891—1937)—1917 жылдың мартынан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Витебск губерниясының Режица қаласында жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары уездік Советінің председателі болды. 1918—1921 жылдары ВЦСПС-тің баспа бөлімі меңгерушісінің орынбасары, одан соң совет қызметшілері кәсіподағының председателі болып істеді. Одан кейінгі жылдары баспа, шаруашылық, кооператив және кәсіподақ орындарында басшылық жұмыстарда болды.— *428.*

Фусэ, Кацудзи (1886—1953) — жапонның буржуазияшыл журналисі. Россияға жапон газеттерінің тілшісі ретінде Октябрь социалистік революциясына дейін келген еді. 1918 жылы Жапонияға қайтып барды; одан соң Россияға қайтадан жіберілді. 1920 жылы Москваға келді, 3 немесе 4 июньде «Осака Майнити» және «Токио Нити-Нити» газеттерінің өкілі ретінде В. И. Лениннен интервью алды.— *145—147.*

Х

Халатов, А. Б. (1896—1938) — 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясына (Москвада) белсене қатысты; Москваның азық-түлік және транспорт жөніндегі төтенше комиссарының орынбасары болды. 1918—1923 жылдары — Москва Советі азық-түлік бөлімінің мүшесі, Москва Облыстық азық-түлік комитетінің комиссары, РСФСР Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, Халық Комиссарлары Советінің жұмысшыларды жабдықтау жөніндегі комиссиясының председателі. 1921 жылдан 1931 жылға дейін — СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы ғалымдар тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссияның председателі. 1932 жылдан — Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, кейіннен — Бүкілодақтық өнер тапқыштар қоғамының председателі.— *428.*

Хёглунд (Höglund), *Карл Цет Константин* (1884—1956) — швед социал-демократы, Швециядағы социал-демократиялық қозғалыстың, сондай-ақ жастар социалистік қозғалысының сол қанатының лидері. 1908—1918 жылдары —«Stormklockan» («Дабыл») газетінің редакторы. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд социалистік конференциясында Циммервальд солшыл тобына енді. 1916 жылы соғысқа қарсы насихат жүргізгені үшін түрмеге жабылды.

1917—1924 жылдары — Швеция Коммунистік партиясы басшыларының бірі. 1924 жылы оппортунизмі үшін және Коминтерннің V конгресінің шешімдеріне ашықтан-ашық қарсы шыққаны үшін компартиядан шығарылды. 1926 жылы социал-демократиялық партияға қайта келді.— *53—54.*

Хилквит (Hillquit), *Морис* (1869—1933) — америкаи социалисі, кәсібі жөнінен адвокат. Бастапқыда марксизмге қосылды, одан кейін реформизм мен оппортунизмге бой ұрып, құлдырады. 1888 жылы Социалистік жұмысшы партиясына кірді. Осы партия жікке бөлінгеннен кейін Америка Құрама Штаттарында реформистік Социалистік партияның (1901) негізін қалаушылардың бірі болды. 1904 жылдан Халықаралық социалистік бюроның құрамына кірді; II Интернационал конгрестерінің жұмысына қатысты.— *404.*

Хорнер, К.— қараңыз: Паннекук (Pannekoek), Антони.

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы май — августа — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі; помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ.— *62, 278, 460—461, 464, 465—466.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы және социалист-утопист, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс революциялық социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский 20 жыл айдауда болды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.— *61.*

Черчилль (Churchill), *Уинстон* (1874—1965) — ағылшынның саяси қайраткері, консерватор. 1918—1921 жылдары әскери

министр болып тұрған кезінде Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауға дем берушілердің бірі болды. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда —«Советтік Россияны өлердей жек көруші адам».

1924—1929 жылдары — финанс министрі. 1940—1945 жылдары — коалициялық үкіметтің премьер-министрі, консервативтік партияның лидері. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында екінші майдан ашуды кешеуілдету саясатының басты инициаторы болды, бұл саясаттың мақсаты Совет Одағын әлсірету болатын. 1945 жылы сайлауда жеңілгеннен кейін Черчилльдің үкіметі отставкаға кетті. 1946 жылы Черчилль Фултонда (Америка Құрама Штаттары) сөз сөйледі, бұл сөз СССР мен халықтық демократия елдеріне қарсы «қырғи қабақ соғыс» программасы болды. 1945—1950 жылдары «парламенттік оппозицияны» басқарған және 1951—1955 жылдары тағы да премьер-министр болған Черчилль герман милитаризмін қайта туғызуға және СССР мен халықтық демократия елдеріне қарсы әскери-саяси блоктар құруға бағытталған саясат жүргізді. 1955 жылы отставкаға кетті.— *76, 78, 81, 88—89, 380.*

Чичерин, Г. В. (1872—1936) — советтің мемлекет қайраткері, аса көрнекті дипломат. 1904 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды, сонда жүріп 1905 жылы РСДРП-ға кірді. Реакция кезеңінде — меньшевизмді жақтаушы, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист; 1917 жылдың аяқ кезінде большевизм позициясына көшіп, 1918 жылы РКП(б)-ға кірді. 1918 жылдан 1930 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары, Генуя мен Лозаннадағы халықаралық конференцияларда совет делегациясын басқарды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның XIV және XV съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды.— *136.*

Ш

Шейдеман (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939) — герман социал-демократиясының барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді, оның қызметі контрреволюцияшыл буржуазияның мүдделеріне сай белгіленіп отырды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп жаныштауды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *18, 20—21, 63, 64, 66—67, 72, 76, 89, 97, 106—107, 251—252, 273, 285, 287, 288, 292.*

Шоу (Shaw), *Томас* (1872—1938) — ағылшынның саяси және кәсіподақ қайраткері. 90-жылдардан бастап тоқымашы жұмыс-

шылар тред-юнионының лидері ретінде көзге түсті. 1911—1929 және 1931—1938 жылдары — Тоқымашы жұмысшылардың халықаралық федерациясының секретары. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1918—1931-жылдары — парламент мүшесі. 1920 жылы ағылшып жұмысшы делегациясының құрамында Советтік Россияға келді. 1923—1925 жылдары — Социалистік жұмысшы интернационалы дейтіннің атқару комитеті секретарьларының бірі. Макдональдтың лейбористік үкіметтерінде еңбек министрі (1924) және әскери министр (1929—1931) қызметтерінде болды.— *137*.

Шредер (Schröder), *Карл* (1884—1950) — немістің солшыл социал-демократы, жазушы және публицист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясына кірді, онда Лауфенберг — Вольфгеймнің «солшыл» оппозициясына қосылды, анархо-синдикалистік көзқарастарды уағыздай бастады. 1919 жылы октябрьде «солшыл» оппозиция Германия Коммунистік партиясынан шығарылғаннан кейін Шредер Германия Коммунистік жұмысшы партиясы дейтінді құруға қатысты. Көп ұзамай Германия Коммунистік жұмысшы партиясынан шығып, герман социал-демократиялық партиясына қайтып келді. 1924—1933 жылдары социал-демократиялық газеттерде редактор болып істеді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Германияда партиялық астыртын жұмысқа қатысты. 1936 жылы тұтқынға алынып, төрт жыл бойы фашистік түрмелер мен концентрациялық лагерьлерде болды.— *28*.

Э

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *18, 27, 39, 55—56, 61, 464, 511*.

Эрлер, К.— қараңыз: Лауфенберг (Laufenberg), Генрих.

Ю

Юденич, Н. Н. (1862—1933) — патша армиясының генералы. 1905—1906 жылдары Арменияда жазалау экспедициясының командирі болды. 1917 жылы — Кавказ майданының қолбасшысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциялық «Солтүстік-Батыс үкіметінің» мүшесі, ақ гвардиялық солтүстік-батыс армиясының бас қолбасшысы. Антанта империалистері кең көлемде қолдап отырды. 1919 жылы Петроград-

ты алу жөнінде екі рет сәтсіз әрекет жасады. Қызыл Армия талқандағаннан кейін 1919 жылғы ноябрьде Эстонияға шегінді, ал одан кейін Англияға кетті.— *33, 124, 140, 146, 158, 161, 300, 349, 352—353, 356, 358, 359—360, 361, 379, 398, 438.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(1 май — 5 ноябрь, 1920)

Апрель — май. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабын жазады.

Майдың басы. Ленин Г. В. Чичеринге записка жазып, өзінің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабының қолжазбасын оқып шығуды және оған ескертпелер айтуды өтінеді.

1 май. Ленин Кремльде Бірінші май сенбілігіне қатысады.

Ленин Театр алаңында Карл Маркске орнатылатын ескерткіштің іргесі қаланғанда сөз сөйлейді.

Ленин Азат еңбекке орнатылатын ескерткіштің іргесін қалауға арналған митингіде сөз сөйлейді.

Ленин Әдемілік өнері музейінде (қазір А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік бейнелеу өнері музейі) Азат еңбекке ескерткіш эскиздерінің көрмесін аралап көреді.

Ленин Москваның Благуше-Лефортово ауданында Загорский атындағы Жұмысшы сарайының ашылу салтанатына келіп, онда сөз сөйлейді.

Ленин Бауман және Замоскворецк аудандарының жұмысшылар митингілерінде сөз сөйлейді.

Ленин Прохоров (қазір Трехгорная) мануфактурасы жұмысшыларының митингісінде халықаралық және ішкі жағдай туралы сөз

сөйлейді, фабриканың жұмысшыларымен және жұмысшы әйелдерімен әңгімелеседі.

2 май. Коммунистік сенбілік есебінде шығарылған бір күндік «Первомайский Субботник» газетінде Ленин жазған «Москва-Қазан темір жолындағы бірінші сенбіліктен Бүкіл россиялық сенбілік-маевкаға» деген мақала жарияланды.

3 май. Ленин медик Д. Н. Ерошенковпен оның ойлап тапқан дезинфекциялық камерасы туралы әңгімелесіп, қолына записка жазып беріп, оны денсаулық сақтау халық комиссары Н. А. Семашкоға жібереді, бұл запискада Ерошенковтың өнер табысын сыннан өткізіп, пайдалануды, сондай-ақ оның «медицинаны оқып үйренуіне» көмектесуді өтінеді.

4 май. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Польша майданына бара жатқан әскерлердің 1920 жылғы 5 майда болатын парады туралы және Үлкен театрда болатын салтанатты мәжіліс туралы мәселе талқыланып, парадта және мәжілісте сөз сөйлеуді Ленинге тапсыру жөнінде қаулы қабылданады. Саяси бюроның мәжілісінде сондай-ақ генерал А. А. Брусиловтың хаты туралы, Грузия туралы, Польша майданындағы жағдайға байланысты жүргізілетін үгіт туралы, РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Поляк бюросы туралы мәселелер, поляк коммунистерін майданға мобилизациялау туралы поляк конференциясының қаулысы, Англиямен, Германиямен және Австриямен қарым-қатынас туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы туралы, ағылшын тред-юниондары мен лейбористерінің делегациясы туралы, Татар Республикасы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Азербайжан Советтік Республикасының үкіметіне жолданатын құттықтау телеграмманың текстін бекітуге ұсынады, оны Халық Комиссарлары Советі қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ Батыс майданына көмек көрсету шаралары туралы мәселелер, талшықты зығыр егісі үшін сыйлықтар беру туралы қаулының жо-

басы, Татар Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құру туралы мәселе жөніндегі материалдарды әзірлеу комиссиясының құрамы туралы, тұқымдық картоп дайындау, тасып алу және тиеу барысы туралы және 1920 ж. тұқым әзірлеу науқаны туралы, әр түрлі ұйымдар мен мекемелердің нормаланбаған өнімдер дайындауы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

4 немесе 5 май.

Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Орталық статистика басқармасының барлық губерниялық атқару комитеттеріне, Москва және Петроград қалалық атқару комитеттеріне, губерниялық революциялық комитеттерге, Сибирь революциялық комитетіне жіберілетін телеграммасына қол қояды, онда 1920 жылы августа демографиялық, кәсіптік және ауыл шаруашылығы санақтарын жүргізуге барынша көмек көрсетуді ұсынады.

5 май.

Ленин М. Н. Покровскийге хат жазып, орыс тілінің сөздігін баспаға әзірлеу жөнінде не істеліп жатқандығын тексеріп, өзіне хабарлауды өтінеді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша Кавказ майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі Г. К. Орджоникидзеге жолданатын телеграммаға қол қойып, онда әскерлерді Грузияның жерінен шекараға әкетуді және Грузиямен бітім жасасудан нақты үміт бар екендігіне байланысты шабуыл қимылдарынан тартына тұруды ұсынады.

«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабына «Қосымша» жазбақшы болуына байланысты Ленин сыртқы істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары Л. М. Караханға записка жазып, «The Manchester Guardian» газетінің 1920 ж. 16 марттағы номерін өзіне тауып беруді өтінеді, онда газеттің Римдегі тілшісінің Ф. Туратимен интервьюі басылған болатын, сондай-ақ «Il Soviet» газетінің Итальян социалистік партиясының жікке бөлінуі мүмкін екендігі туралы мәселе талқыланған 7 және 8-номерлерімен танысады.

Ленин Азербайжан Советтік социалистік үкіметіне жіберілетін құттықтау телеграммаға қол қояды.

Ленин Театр алаңында Польша майданына бара жатқан қызыл әскерлер алдында сөз сөйлейді; сөйлеп болғаннан кейін ол Үлкен театрдың подъезінен Москва гарнизоны әскерлерінің парадын көреді.

Ленин Үлкен театрда Чехословакия солшыл социал-демократтарының делегациясын басқарып келген Богумир Шмеральмен Европадағы, соның ішінде Чехословакиядағы жағдай туралы, ұлт мәселесі туралы, чех және неміс пролетариаты біртұтас майданының қажеттігі туралы, Польшамен соғыс туралы әңгімелеседі.

Ленин Үлкен театрда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, Москва Советінің, кәсіптік одақтар мен фабрика-завод комитеттерінің біріккен мәжілісінде сөз сөйлейді.

5 және 12 май аралығында.

Ленин Бакуге Кавказ майданының Революциялық-әскери советінің мүшесі Г. К. Орджоникидзеге және 11-армияның Революциялық-әскери советінің мүшесі С. М. Кировқа телеграмма жібереді, онда Грузиямен жасалатын шартты болдырмай тастауы мүмкін қимылдардан сақтандырады.

6 май.

Ленин А. А. Богдановтың «Экономикалық ғылымның қысқаша курсы» деген кітабының жаңа басылуына ескертпелер жазады, бұл ескертпелерінде кітаптағы елеулі кемшіліктерді көрсетеді.

Советтік Россияға жұмысқа келуші неміс жұмысшылары, техниктері мен инженерлері туралы мәселе жөнінде 1920 ж. 6 майда Совет үкіметінің радио арқылы жасаған мәлімдемесінің текстіне Ленин қоспа жазып, шетелден келуші жұмысшылар делегацияларының бәрінен Россиядағы тұрмыс жағдайы жөнінде жасалған Совет үкіметінің мәлімдемесімен және оған қосылған қоспамен олардың танысқандығы туралы қол хат алудың қажеттігін айтады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Вели-

кобританияның сыртқы істер министрі Керзонға қайтарылатын жауап туралы, казактардың Дондағы облыстық съезі туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумында іс жүргізу тәртібі туралы, Бундты РКП(б)-ға қабылдау шарттары туралы, А. А. Богдановтың «Экономикалық ғылымның қысқаша курсы» деген кітабының соңғы басылуы туралы, Мемлекеттік баспа туралы, мобилизацияланған коммунистерді бөлу туралы, әскерлерді Кавказ майданынан Батыс майданына апаруды тездету туралы, Донецк губерниясының шекаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 майдан кешірек. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары В. П. Милютинге неміс жұмысшыларының, техниктері мен инженерлерінің Советтік Россияға қоныс аударуы туралы мәселе жөнінде записка жазады.

6 май — 12 июнь. Мемлекеттік баспаның Петроград бөлімшесінде В. И. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабы басылады.

7 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшелеріне записка жазып, азық-түлік қызметкерлерінің санын әскери халық комиссариатынан басқа барлық комиссариаттардың есебінен екі есе көбейту жөнінде Украина КП(б) Орталық Комитетіне директива беруді ұсынады.

Ленин Түркістан майданы Қызыл коммунарларының 30-полкінен сыйға жіберген макарон мен ұн алады, оны Москва балаларына табыс еткізеді және 30-полкке алғыс айтып, Түркістан майданының Революциялық-әскери советіне хат жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда поляк шабуылынан қорғану үшін қолданылған шаралар жөніндегі апталық баяндамалар туралы, Солтүстік өлкені көмірмен жабдықтау туралы, Туланың патрон және қару-жарақ заводтарына (Тулстройға) электр энергиясын беру жөніндегі құрылыстарды милитарландыру туралы, Александров Гай — Ембі (Ал-

гемба) темір жолын салу жөніндегі жұмыстарды тездету мақсатымен 2-ші Еңбек армиясына бірнеше атқыштар полкін бекітіп беру туралы, өндірістік программадан тыс көмір өндіргені үшін Челябинск көмір кендерінің жұмысшылары мен қызметшілеріне алғыс жариялау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

10 май. Ленин Индия революционерлері жиналысынан алған қарарға жауап ретінде «Индия революциялық ассоциациясына» құттықтау жібереді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Батыс майданына баратын үгіт поезы туралы, майдан іргесіндегі өңірлерде Орталық Комитеттің уақытша Бюросын ұйымдастыру туралы, Колчак министрлерін соттау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің төтенше мәжілісінде председательдік етеді, онда Батыс майданы армияларын патрондармен, винтовкалармен, пулеметтермен, киім-кешекпен және аяқ киіммен жабдықтау туралы, соғыс жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

10 және 23 май аралығында. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабының корректуралық беттерін оқып, оған түзетулер енгізеді.

11 май. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде председательдік етеді. Польша майданындағы жағдай туралы Х. Г. Раковскийдің телеграммасын талқылауға байланысты Ленин ақша знактары туралы мәлімдеме жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Кіші Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы мәселелер, соғыс жағдайында немесе қоршаудағы жағдайда деп жарияланған жерлерде әскери тәртіп пен ережелер енгізу туралы қаулы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша Лондонға Л. Б. Красинге жіберілетін телеграммаға қол қояды, онда Красиннің алтын валютаға жасасатын шарттарының бәрі Саяси бюрода

алдын ала бекітілуге тиіс екендігі және алтынды үнемдеудің өте қажет екені туралы Саяси бюроның оған бұрын жіберілген қаулылары түсіндіріледі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Кіші Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы және бүкіл россиялық санақ программасынан қандай дінді ұстанатындығы туралы сұрақты шығарып тастау туралы мәселелер жөнінде баяндама жасайды. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде сондай-ақ тұқымдық картоп дайындау және оны тасып жеткізу науқанының барысы туралы, А. А. Иоффе мен В. В. Оболенскийге Латвиямен келіс сөздер жүргізу, уақытша бітім және бітім туралы шарт жасасу және оған қол қою жөнінде берілген уәкілдікке қол қою туралы, герман жұмысшыларына — «Interessengemeinschaft» одағының мүшелеріне РСФСР-дің фабрикалары мен заводтарынан жұмыс беру тәртібі туралы негізгі ережелер, Солтүстік революциялық еңбек армиясы туралы ереже және басқа мәселелер талқыланады.

12 майдан ертерек.

Ленин ағылшын тред-юниондары мен лейбористері делегациясын қабылдау жөнінде ВЦСПС-тің өкілі болып тағайындалған С. А. Лозовскийдің делегацияны қарсы алу үшін Петроградқа жүрер сапары алдында онымен әңгімелеседі.

12 май.

Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабына шетелден алынған жаңа материалдар бойынша «Қосымша» жазады.

Ленин қызыл командирлерді 11-рет дайындап шығаруға байланысты 1-ші Москва совет пулеметшілерінің курсы курсанттарының парадын қабылдап, оларға арнап сөз сөйлейді.

Ленин Челябинскіден астық эшелонын әкелген С. В. Мурановпен және Гундаревпен әңгімелеседі, әкелген астығы үшін оларға алғыс айтады, астық поезының келгені туралы сибирьліктерге хабарлау хат жазып, оларға алғыс айтуды Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы В. Д. Бонч-Бруевичке тапсырады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің жарлық беру мәжілісінде председательдік етеді, онда армияны аяқ киіммен және киім-кешекпен жабдықтаудың жайы туралы, Қорғаныс Советінің тұқымдық картоппен қамтамасыз ету шаралары туралы декретінің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәселелер, су жолдарында әскери тәртіп енгізу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Петроградта жүрген С. А. Лозовскиймен телефон арқылы сөйлеседі, одан ағылшын тред-юниондары мен лейбористерінің делегациясымен кездескені туралы, делегация мүшелері туралы, олардың айналадағы жағдайға қалай қарайтыны және Советтік Россияға қаншалық адал ниетпен қарайтыны туралы сұрап біледі.

12 және 23 май аралығында. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабына «Қосымшаның» машинкада басылған текстін қарап шығады, жаңадан алынған материалдар негізінде түзетулер енгізеді және әріп терушіге нұсқаулар жазады.

14 май. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; ағаш тасуға арналған тар табанды темір жол линияларын салу туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ контрабандалық саудаға қарсы күрес туралы, Богородск бірлестігінің электр станцияларын бірінші кезекте отынмен қамтамасыз ету жөнінде алынған шаралар туралы, Батыс майданы армиясын киім-кешекпен жабдықтау туралы, Донецк бассейніндегі азық-түлік жағдайы туралы, Александров Гай — Ембі темір жол линиясын салу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

15 май. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын қайта құру және Башқұртстанмен өзара қатынастар орнату туралы мәселе талқыланған кезде Ленин осы мәселе жөнінде Л. Б. Каменевпен қағаз жазысып сөйлеседі. Мәжілісте сондай-ақ ағылшын тред-юниондары мен лейборис-

терінің делегациясын қабылдау туралы, Миланға баратын совет делегациясы туралы, Антантаның жаңадан интервенция жасау қаупі туралы, М. И. Калининнің үгіт поезымен баратын сапары туралы, жергілікті Советтердің әскери қоймаларға бақылау жасау праволары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин ағылшын тред-юниондары мен лейбористерінің делегациясын қабылдау туралы халық комиссариаттарына нұсқау береді.

15 және 16 май. Ленин Николай (қазір Октябрь) темір жолындағы Решетниково станциясынан бес километр жердегі Завидовск тоғайында аң аулайды.

Кеш дегенде 16 май. Ленин балаларды қоғамдық тамақтандыру орындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. Б. Халатовпен әңгімелеседі.

16 май. Ленин Петроградқа Петроград коммунасының председателі А. Е. Бадаевқа немесе оның орынбасарына Электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның (ГОЭЛРО) М. А. Шателеннің басшылығымен жұмыс істейтін Петроград тобының мүшелерін азық-түлік паектарымен қамтамасыз ету туралы хат жазады.

18 май. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда контрреволюциялық «тактикалық орталық» ұйымы туралы, ағылшын тред-юниондары мен лейбористерінің делегациясы туралы, Карель коммунасын (облысын) ұйымдастыру туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; И. В. Сталинді Республиканың Революциялық-әскери советінің мүшесі етіп тағайындау туралы, Я. С. Ганецкийді Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының құрамына енгізу туралы, Дон облысын және Советтік Кавказдың бүкіл территориясын Кавказ советтік еңбек

армиясының (Кавсовтрударм) қызмет сферасына қосу туралы мәселелер бойынша баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ әр түрлі ұйымдар мен мекемелердің нормаланбайтын өнімдер мен тұқым сатып алу үшін өз өкілдерін жіберуін реттеу шаралары туралы, шетелге механикалық қар тазартқыштар жөнінде заказ берудің қажеттігі мен мүмкіндіктері туралы, Прикамск азық-түлік ауданы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 май. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады.

21 май. Ленин М. И. Ульяновадан жазушы А. С. Серафимовичтің баласының майданда қаза тапқанын есітіп, оған хат жазып, көңіл айтады, босаңсымай, берік болуын тілейді, сіздің жұмысыңыз «жұмысшыларға және біздің бәрімізге *қажет»* деп атап көрсетеді.

Ленин Чехословакия солшыл социал-демократтарының делегациясын басқарып келген Богумир Шмеральмен Чехословакия Коммунистік партиясын құрудың жолдары туралы әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда статистикалық күштерді есепке алу туралы декреттің жобасы, армияны патрондармен, винтовкалармен және пулеметтермен жабдықтау туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын әзірлеу үшін 1920 ж. 14 майда Еңбек және Қорғаныс Советі тағайындаған комиссия жұмысының нәтижелері туралы баяндама, қару-жарақ және патрон заводтарының жұмысшыларын қызыл әскер паегімен уақтылы жабдықтап тұру туралы, Қызыл Армия үшін аяқ киім шығаруды арттыру жөніндегі қажетті шаралар туралы қаулылардың жобалары, ағаш тасуға арналған тар табанды темір жол салу жұмыстарының жоспары және нақты жайы туралы мәселе, жақын тоғайлардан ағаш отын дайындауға жазғы маусымды пайдаланбағандығы үшін барлық Советтердің жауапкершілігі туралы, Баку мен Астрахань мұнай кәсіпшіліктерін азық-түлікпен жабдықтау туралы қаулылардың жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

22 май. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Қатынас жолдары халық комиссариатының жұмысын ұйымдастыру туралы мәселе талқыланған кезде Саяси бюро бұл мәселені егжей-тегжейлі қарау үшін комиссия құру туралы қаулы қабылдайды және Ленинді комиссияның құрамына енгізеді. Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының коллегиясын толықтыру туралы мәселе талқыланған кезде Ленин осы мәселе жөнінде Л. Б. Каменевпен және Л. Д. Троцкиймен қағаз жазысып, сөйлеседі.

23 май. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабының корректура жұмыстарын бітірген соң өзінің түзетулерін негізгі текстке және кітаптың «Қосымшасына» енгізуді, сондай-ақ корректураны тексеру мен кітапты шығаруға жауапты жолдастың аты-жөнін, кітаптың жарыққа шығу мерзімін телефонограмма арқылы хабарлауды өтініп, Мемлекеттік баспаның Петроград бөлімшесіне хат жазады.

24 және 25 май. Ленин қатынас жолдары халық комиссары қызметіне Ю. В. Ломоносовтың кандидатурасын ұсыну туралы Г. М. Кржижановскиймен, Я. С. Ганецкиймен, В. М. Свердловпен, Н. П. Милютинмен, Я. Э. Рудзутакпен және басқалармен әңгімелеседі.

25 май. Ленин «Тұрғын үйлерді еңбекші халықтың арасында дұрыс бөлу шаралары туралы декреттің» жобасына ескертпелер жазады.

Ленин М. В. Фрунзеге табыс ету үшін Ташкентке, Түркістан комиссиясына радиограмма жазады, онда мұнай өндіру мен оны тасып жеткізу ісінің жайын хабарлауды сұрайды.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Польша майданындағы жағдай туралы, Миланға жіберілетін совет делегациясы туралы, ағылшын тред-юниондары мен лейбористерінің делегациясы туралы, Қатынас жолдары халық комиссариаты туралы, Ұлттар лигасының жауабы туралы, Швециямен сауда шарты туралы, Литвамен келіс сөздер туралы,

Белорусс Революциялық комитетін құру туралы, Түркістан туралы, Әзербайжан туралы, Солтүстік Кавказда партиялық жұмысқа басшылық туралы және Совет өкіметін ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының екінші мәжілісіне қатысады, онда шығыс жөніндегі саясат туралы мәселе талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; 1920—1921 жылдарға шикізат дайындау туралы мәселе талқыланған кезде осы мәселе жөнінде қаулының жобасын жазады, жоба Халық Комиссарлары Советінде қабылданады; Батыс майданына халық комиссариаттарының көрсеткен көмектері жөнінде апта сайын баяндап тұру туралы Еңбек және Қорғаныс Советінің 1920 ж. 30 апрельдегі қаулысын халық комиссарларының орындамай отырғаны туралы баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ советтік шаруашылықтарды ұйымдастыру жөніндегі шараларды нақты жүзеге асыру туралы баяндама, Кіші Халық Комиссарлары Советінің соңғы жарты жылдағы өзінің қызметі туралы баяндамасы, Татар Автономиялық ССР-і туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

26 май.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің астық ресурстары туралы қаулысының нобайын жазады.

Ленин ағылшын тред-юниондары мен лейбористерінің делегациясымен Англиядағы революциялық қозғалыстың перспективалары туралы, Антанта державаларының Советтік Россияға қарсы күресі туралы, Польшамен соғыс туралы әңгімелеседі.

26 майдан кешірек.

Л. И. Аксельродтың (Ортодокс) тұрмыс жағдайының ауырлығы және денсаулығының нашарлығы туралы П. Добронравовтан хат алып, Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретары М. И. Гляссерге Аксельродқа жедел көмек көрсету үшін Н. А. Семашкомен хабарласуды тапсырады.

27 май. Ленин «Татар Автономиялық Социалистік Советтік Республикасы туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қаулысына» қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Астық ресурстары туралы мәселе жөнінде қаулы қабылданады, оған Лениннің жазған нобайы негіз етіп алынады. Ленин Москва және Петроград Советтеріне берілетін телефонограмманы қала іргесіндегі огородшылардың овощтарына есеп жүргізіп, басы артық овощтарды жинап алудың қажеттігі жөніндегі нұсқаумен толықтыруды ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ «Еңбек шаруашылықтарында жерді пайдалану мөлшерін ұлғайту туралы декреттің» жобасы, бүкіл россиялық халық санағы туралы, астық ресурстары туралы, Теміржолшыларды жабдықтаудың Бүкіл россиялық советін (Продпуть) қайта құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

28 май. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Польша майданында қолға түскен ағылшын және француз трофеялары туралы, Миланға жіберілетін совет делегациясы туралы, Сыртқы істер халық комиссариаты мен Коммунистік Интернационалдың Атқару комитеті алдыратын шетел кітаптары мен мерзімді басылымдар кітапханасын ұйымдастыру туралы, Англияға баратын кәсіподақ делегациясы туралы мәселелер, жаңа тариф ставкаларын енгізу жөніндегі ВЦСПС-тің ұсынысы, ВЦСПС президиумының сыйлық беру жүйесін қолдану тәртібі және біріккен тарифтік-нормалау бөлімін ұйымдастыру туралы жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мұғалімдер персоналын азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы, Батыс майданына көмек көрсету үшін халық комиссариаттары қолданған шаралар жөніндегі апталық баяндамалар туралы, мина шығаруды күшейту туралы, Александров Гай — Ембі темір жол линиясын салу жұмыстарының барысы туралы, Мурманск темір жолын салу және пайдалануға беру

туралы, Богородск бірлестігінің электр станцияларын отынмен жабдықтау туралы, Кашира электр станциясы құрылысының жұмысшылары мен қызметшілеріне азық-түлік және ең қажетті заттар бөлу нормасын бекіту туралы, азық-түлік жүктеріне күзет қою туралы, әскери жабдықтау органдарын тексеру жөніндегі Төтенше комиссияны бекіту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

30 май. Ленин «Ағылшын жұмысшыларына хат» жазады.

Ленин Г. В. Чичеринге записка жазып, И. В. Сталинмен сөйлесуге, одан Англияның Врангельге көрсетіп отырған көмегі туралы материалдар алуға және наразылық нотасын жариялауға нұсқау береді.

31 май. Ленин РСФСР-дің Грузиядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалған С. М. Кировпен әңгімелеседі және оған директивалар береді.

Ленин Н. И. Бухариннің «Өтпелі кезеңнің экономикасы» деген кітабына ескертпелер жазады.

31 май — 1 июнь. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабының екінші корректурасын қараумен шұғылданады.

Кеш дегенде май. Ленин «Weltrevolution», Wien, 1919 («Дүние жүзілік революция», Вена, 1919) деген кітаппен танысады және оған белгілер салады.

Май. Ленин Новгород губерниясының Старорусск уезінде ақ гвардияшылардың бой көрсету қаупі туралы Н. Л. Мещеряковпен әңгімеледі.

Көктем. Ленин Карель автономиялық облысын құру туралы финн коммунисі Ю. Сироламен және социалист Э. Гюллингпен әңгімелеседі.

Июньнің басы. Ленин Ю. Ю. Мархлевскийдің «Коммунистический Интернационал» журналының 12-номеріне арнап жазған «Аграрлық мәселе және дүние жүзілік революция» деген мақаласымен танысады.

Ленин Коммунистік Интернационалдың II конгресіне арнап «Аграрлық мәселе же-

ніндегі тезистердің бастапқы нобайын» жазады.

Ленин Кәсіптік және өндірістік одақтардың халықаралық советін құру туралы мәселе жөнінде С. А. Лозовскиймен әңгімелеседі.

1 июнь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Коминтерннің II конгресіне әзірлік туралы, Карелия туралы, Украин теміржолшыларын азық-түлік жұмысына мобилизациялау туралы, Мемлекеттік баспа туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; III Интернационалдың баспаханасын азық-түлікпен жабдықтауды күшейту туралы мәселе жөнінде хабарлама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ жұмысшыларды Сибирьге азық-түлік жұмыстарына жіберу туралы, мемлекеттік есеп жүргізу мен есеп берудің негізгі ережелерін әзірлеу туралы мәселелер, Дон облысын Кавказ советтік еңбек армиясының қызметі аймағына қосу туралы және Солтүстік Кавказда Совет өкіметін ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде 1920 ж. 18 майда Халық Комиссарлары Советі тағайындаған комиссияның баяндамасы, су жолы қызметкерлерінің азық-түлік жағдайы туралы мәселе, еңбек өнімділігін арттырғаны үшін сыйлық беру тәртібі туралы декреттің жобасы, «Фаулер» системасындағы автоплугтарды көптеп өндіру туралы мәселе, «Халық Комиссарлары Советі жанындағы комиссия (Кіші Халық Комиссарлары Советі) туралы ереже» және басқа мәселелер талқыланады.

2 июнь. Ленин Кременчугке Оңтүстік-Батыс майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі И. В. Сталинге Батыс және Кавказ майдандарындағы жағдай туралы және Киев бағытында басталған шабуылды жігерлірек түрде одан әрі өрістете беру туралы және оған Қырым дивизияларынан көмек жіберу туралы телеграмма жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретарына записка жазып, Халық Комиссарлары Советінің барлық мүшелерінен телефон

арқылы Халық Комиссарлары Советі 1920 ж. 1 июньде бекіткен «Халық Комиссарлары Советі жанындағы комиссия (Кіші Халық Комиссарлары Советі) туралы ережеге» қосымша енгізіп, онда Халық Комиссарлары Советінің председателі ұсынған мәселелер де Кіші Халық Комиссарлары Советінің қарап шешуіне жіберіле алады деп көрсетуге келісе ме екен деп сұрап білуді өтінеді.

3 июнь. Ленин Бакуге Г. К. Орджоникидзеге буржуазияны және басқа да барлық сенімсіз элементтерді толық қарусыздандыру үшін мейлінше жедел және батыл қимыл жасаудың қажеттігі туралы жауап телеграмма жазады.

Врангельмен не уақытша бітім жасасуды, немесе шабуылға шығу үшін келісім беруді ұсынып И. В. Сталиннің 1920 ж. 3 июньде берген телеграммасына Ленин шабуылға шығу үлкен құрбандықтарға ұшыратуы мүмкін, сондықтан бәрін де байыптап ойластыру керек деп жазады және осы мәселе жөнінде Сталинге жауап жазады.

Ленин жапонның «Осака Асахи» газетінің тілшісі Рё Накахирамен әңгімелеседі.

3 немесе 4 июнь. Ленин «Осака Майнити» және «Токио Нити-Нити» газеттерінің өкілі, жапон тілшісі Кацудзи Фусэмен әңгімелеседі.

4 июнь. Ленин Қырғыз өлкесінен келген қызметкерлермен әңгімелеседі, Мемлекеттік баспаға В. В. Воровскийге және Халық шаруашылығы жоғары советіне записка жазып, бұл қызметкерлерді қабылдауын және оларға баспахана жабдықтары мен қағаз тауып беруге барынша көмек көрсетуін өтінеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Батыс майданына балық жіберу үшін балықты Астраханьға темір жол бойына тасып жеткізу туралы, Рыбинскіден, Нижний Новгородтан және Ярославльден келіп түскен азық-түлік жүктерін тиеудің барысы туралы, былғары өнеркәсібі жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы, транспортта істейтін жұмысшылар мен қызметшілер семьяларын азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы, Ембі

мұнай кәсіпшіліктерін азық-түлікпен жабдықтау туралы, армияны жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин өнертапқыш С. И. Ботинге хат жазып, бұл хатта оның жіберген қателіктерін көрсетеді және Нижний Новгород радиолабораториясының жетекшісі, белгілі радио маманы М. А. Бонч-Бруевичке толық сенім білдіруге, өзінің өнер табысының мәнін Бонч-Бруевичке түсіндіруге және сонымен бірлесіп тікелей тәжірибе жасаумен шұғылдануға кеңес береді.

Кеш дегенде 5 июнь.

Ленин Коммунистік Интернационалдың II конгресіне арнап ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистер жоспарының нобайлары мен сол жөніндегі жазбаларын жазады.

5 июнь.

Ленин Коминтерннің II конгресіне арнап «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайын» жазады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге және З. П. Кржижановскаяға арналған ұсыныстарын қосып, партияның Замоскворецк аудандық комитетіне хат жазады.

Ленин М. И. Ульяновадан дәрігер В. А. Обухтың баласының өлгенін естіп, Обухқа оның өзінің және оның зайыбының қайғыларына ортақ екендігін білдіріп, босаңсымай берік болуларына тілектестік білдірген хат жазады.

Ерте дегенде 5 июнь.

Ленин С. А. Лозовскиймен әңгімелеседі, одан ағылшын тред-юниондары мен лейбористері делегациясының Поволжье қалалары мен селоларын аралаған сапары туралы, бұл сапардың делегация мүшелеріне қандай әсер қалдырғаны туралы сұрап біледі.

5 және 14 июнь аралығында.

Ленин Г. В. Чичериннің, Н. Н. Крестинскийдің, Е. А. Преображенскийдің, П. Л. Лапинскийдің, сондай-ақ Башқұрт, Қырғыз өлкелері мен Түркістан басшы қызметкерлерінің «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайына» айтқан пікірлерімен және ескертпелерімен танысады, Чичерин мен Преображенскийдің пікірлеріне ескертпелер жазады.

8 июнь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда орталық совет және партия мекемелерінен жауапты коммунистерді Батыс майданына жіберу туралы, жабылмақшы кәсіпорындардың жұмысшыларын Батыс майданын толықтыру үшін пайдалану туралы, үгіт-нұсқаушы поездар туралы, Татар және Чуваш республикалары туралы мәселелер, Саяси бюроның 1920 ж. 28 майда тариф мәселелері жөнінде тағайындаған комиссиясының баяндамасы, ВЦСПС председателінің орынбасары туралы, шетел жұмысшыларының Советтік Россияға қоныс аударуы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Орталық статистика басқармасына П. И. Поповқа хат жазып, Германиядағы және Австриядағы сапақтар жөнінде кітаптар жіберуін өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда шетелдерден жұмысшылардың қоныс аудару тәртібі туралы, азық-түлік жұмыстары үшін Сибирьге жұмысшылар жіберу туралы мәселелер, жұмысшы-шаруа милициясы туралы ереже, Халық Комиссарлары Советінің 1920 ж. 25 майда сыртқы сауда мәселелерін қарау үшін тағайындаған комиссиясының баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

9 июнь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің жарлық беретін мәжілісінде (мәжілістің бас кезінде) председательдік етеді, онда Қызыл Армияны толықтыру туралы, Тулстройды милитарландыру туралы, Басқұншақ кендерінің жабдықтарын реквизициялаудан және мобилизациялаудан босату туралы мәселелер талқыланады.

10 июнь. Ленин (партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен пікір сұралған кезде) шетелден паровоздар мен темір жол мүліктерін сатып алу мәселесі жөнінде Саяси бюро шешімінің жобасын қабылдауды жақтаған пікір айтады.

Ленин Коминтерннің II конгресіне Венгрия Коммунистік партиясынан келген делегаттар М. Ракоши мен А. Рудпянскийді қабылдайды.

Ленин Иркутск губерниялық атқару комитетіне немесе губерниялық революциялық комитетіне телеграмма жазып, Сибирьде айдауда өзімен бірге болған жолдасы И. Л. Проминскийге барынша көмек көрсетуін өтінеді.

Ерте дегенде 10 июнь. Ленин Коммунистік Интернационалдың II конгресіне Болгария Коммунистік партиясынан келген делегат И. Неделковтың (Н. Шаблиннің) «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайына» ескертпелерімен, сондай-ақ Болгария компартиясының жұмысы туралы және Балқан мен Түркиядағы ұлттық қозғалыс туралы мәліметтермен танысады.

11 июнь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда транспортты қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың барысы туралы мәселелер, халқы көп қалалар мен өнеркәсіп орталықтарын алдағы қысқы маусымға ағаш отынмен қамтамасыз ету туралы, екпінді топтағы заводтарды жабдықтармен қамтамасыз ету туралы, қорғаныс жабдықтарын шығармайтын заводтардың жұмысшыларын мина шығаратын заводтарға жұмысқа аудару туралы қаулылардың жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 11 июнь. Врангель армиясын жабдықтауға бейне бір қатысымыз жоқ деген ағылшын үкіметінің ресми мәлімдемесімен танысып, Ленин Г. В. Чичеринге мұның өтірік екендігін жазады. Ол Ллойд Джорджға сенуге болмайтындығын айтып, Лондонға Красинге жауап жазу керек, ал Врангельдің ағылшындардан қару, көмір, т. с. алып, шабуылға шығып отырғаны жөнінде Керзонға телеграмма жіберу керек деп Чичеринге кеңес береді.

12 июнь. Ленин Коммунистік Интернационалдың Оңтүстік-Шығыс Европа елдеріне арнап Венада неміс тілінде шығаратын «Kommunismus» («Коммунизм») журналының 1—18-номерлеріне рецензия жазады.

Ленин Халық ағарту комиссариатының Бүкіл россиялық фотокино бөлімінің председа-

телі Д. И. Лещенкоға хат жазып, Омскіде Колчак министрлеріне құрылған сот туралы фотографиялар мен документтердің көшірме суреттерін әзірлеуге және мейлінше кеңінен тарату үшін олардан бірсыпыра кинокартиналар жасауға нұсқау береді.

Ленин партияның Орталық Комитеті шақырған деревнядағы жұмыс жөніндегі жауапты ұйымдастырушылардың Бүкіл россиялық 2-ші кеңесінде сөз сөйлейді.

В. И. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабы баспадан шығады.

12 июньнен кешірек. Ленин И. В. Сталиннің 1920 ж. 12 июньде Кременчугтен «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайына» ескертпелер айтып жазған хатымен танысады, хаттағы федерация және конфедерация туралы мәселелерге қатысты жерлердің астын сызып, белгі салады, «федерацияның әр түрлі типтері болуы мүмкін» деп көрсетеді.

13 июнь. Ленин РКП(б)-ның Түркістандағы міндеттері туралы партияның Орталық Комитеті шешімінің жобасына ескертпелер жазады.

14 июнь. Ленин Москва губерниясының Подольск уезінде Горкиде демалады.

Ленин Горкидегі санаторий меңгерушісі Э. Я. Веверге санаторий паркіндегі шыршаларды кестіріп тастағаны үшін жаза қолдану туралы қаулы жазады.

15 июнь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда халыққа білім беру бөлімдерінің съезін Польшамен соғысқа байланысты кейінге қалдыру туралы, поляк солдаттарына арналған манифест туралы, Латвияға латыш жұмысшылары мен атқыштарының комиссиясын жіберу туралы мәселелер, солшыл эсерлердің Орталық Комитетінің эсерлердің Польшамен соғысқа қатысуына байланысты практикалық мәселелер жөнінде келіс сөздер жүргізу үшін РКП(б) Орталық Комитетінен өкілдер тағайындау жөніндегі ұсынысы, Петроград еңбек армиясы туралы, партияның Орталық

Комитетінің пленумы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; ведомствоаралық кеңестер шақыру тәртібі және ол кеңестерге міндетті түрде қатысу туралы мәселе жөнінде сөз сөйлеп, хабарлама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ шаруалардың қоныс аударуын реттеп отыру туралы мәселе, оқушы балаларды тамақтандыруды жақсарту шаралары туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

16 июнь. Ленин астананы отынмен қамтамасыз ету үшін Москва халқын темір жолдар мен тар табанды жол станцияларына орманнан ағаш отын тасуға мобилизациялау мәселесі жөнінде Москва Советінің Отын бөліміне хат жазады.

Ленин «Поляк жұмысшыларына, шаруаларына және легионерлеріне» үндеуге қол қояды.

18 июнь. Ленин Петроградтан келген А. М. Горькиймен Россияның Пулководағы астрономиялық бас обсерваториясы директорынан М. Горькийдің өзі әкеп табыс еткен хаты туралы және басқа мәселелер жөнінде әңгімелеседі.

Ленин А. М. Горькиймен бірге Артиллерия бас басқармасының Артиллерия комитетіне келеді, онда Ленинге А. М. Игнатьев әуедегі нысаналарды атып түсіру үшін өзі ойлап шығарған аспабының конструкциясы жөнінде түсінік береді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Коминтерн Атқару Комитетінің неміс «тәуелсіздерінің» жергілікті ұйымдарына тікелей үндеу хат арнау туралы, Шығыс халықтарының Бакуде болатын съезі туралы, Коммунистік Интернационалдың II конгресінің делегаттарын үймен, азық-түлікпен, байланыс құралдарымен және транспортпен қамтамасыз ету туралы ұсынысы, Коминтерн Атқару Комитетінің Коммунистік Интернационалдың II конгресінің бірінші, салтанатты мәжілісін Петроградта өткізу туралы ұсынысы, Саяси бюроның егіннің шықпай қалғандығы туралы, Татар Автономиялық Советтік Социалис-

тік Республикасы туралы, Солтүстік Кавказ туралы мәселе жөніндегі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясындағы РКП(б) фракциясына директивалары және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Москваны ағаш отынмен жабдықтау үшін жазғы маусымды пайдалану туралы, отын мекемелері мен кәсіпорындарының 1894—1900 жылдары туған қызметкерлерін Қызыл Армияның қарауына беру туралы, Қызыл Армиядан мамандарды қайтарып жіберуді тоқтату туралы, милитарландырылған барлық кәсіпорындардың тізімін қайта қарау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

19 июнь. Ленин Советтердің 2-ші Үйінің комендантына Москваға келетін финн коммунистеріне барынша жәрдемдесу туралы жарлық жазады.

Ленин Коминтерннің II конгресіне әзірленумен байланысты Европа мен Америкадағы коммунистік қозғалыс туралы информацияны тыңдауға арналған Коминтерн Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысып, сөз сөйлейді.

20 июнь. Россияның Пулководағы астрономиялық бас обсерваториясы директорының обсерваторияда ғылыми жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары туралы хатымен танысып, Ленин обсерваторияға көмектесу қажеттігі туралы М. Н. Покровскийге записка жазады.

Ерте дегенде 21 июнь. Ленин «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайына» М. Г. Рафестің жазған ескертпелерімен танысады.

Ерте дегенде 21 июнь — кеш дегенде 25 июль. Ленин «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайының» корректуралық оттискілерін қарап шығып, бірсыпыра түзетулер жасайды.

22 июнь. Ленин «халық ерікшілерінің қаһармандық тобының ең соңғы могиканының бірі, II Александрдың өлтірілгендігі жөнінде мартта болған сот процесіне қатысқан» В. М. Тырковтың өз семьясы үшін бұрынғы имениесінен екі-үш десятина жер және мал бөліп беру

туралы өтінішін қолдау жөнінде Егіншілік халық комиссариаты мен Азық-түлік халық комиссариатына хат жазады.

Ленин Горкидегі санаторий меңгерушісі Э. Я. Веверге санаторий паркіндегі шыршаларды кестіріп тастағаны үшін жаза қолдану жайындағы өз қаулысының күшінде қалатыны туралы Подольск уездік атқару комитетіне телефонограмма жазып, оның орындалуға тиіс екені туралы нұсқау береді.

Ленин Я. С. Ганецкийге записка жазып, оған демалыс алып, тынығуды ұсынады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Саяси бюро құрған комиссия ұсынған тезистерді және РКП(б)-пың Түркістандағы міндеттері туралы шешімнің жобасын талқылаған кезде сөз сөйлейді, ұлттық бұқараға барынша сенім көрсетудің және жергілікті жерлердегі белсенді қызметкерлермен тығыз ынтымақтасып жұмыс істеудің қажеттігін атап көрсетеді, өзі жазған қаулының жобасын Саяси бюроға бекітуге ұсынады, бұл жоба болмашы өзгерістермен қабылданады. Мәжілісте сондай-ақ қағазбен жабдықтау туралы, автономиялық Чуваш облысын құру туралы, революцияға ерекше еңбегі сіңіп, қаза болған жолдастардың семьяларын қамтамасыз ету туралы мәселелер, Венгрияның ақ үкіметінің жазалау шараларына қарсы орыс жұмысшыларының — кәсіподақ мүшелерінің қозғалысын өрістету туралы венгр коммунистік тобының ұсынысы, Эстония Коммунистік партиясының Коминтернге кіргені туралы осы партияның Орталық Комитетінің хабары, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанындағы Жоғарғы трибуналдың құрамы туралы, Кавказдағы саясат туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда автономиялық Чуваш облысы туралы ережепің, «Республикада шикізат пен азық-түлік өнімдерін дайындау ісін біріктіру туралы декреттің», оқпен атылатын каруларды пайдалану тәртібі туралы декреттің, есеп айырысу операциялары туралы декреттің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

23 июнь. Ленин Коминтерннің II конгресінің делегаттары: Д. Бичті (Дүние жүзі өнеркәсіп жұмысшылары ұйымынан, Англия), Л. Делиньер мен Ж. Садульді (Француз социалистік партиясынан) қабылдайды.

24 июньнен ертерек. Ленин «The Manchester Guardian» газетінің арнаулы тілшісіне интервью береді.

24 июнь. Ленин «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің автономиялық Чуваш облысы туралы қаулысына» қол қояды.

25 июнь. Ленин Почта және телеграф халық комиссариатына А. М. Николаевқа записка жазып, онда радиотелефон жасау жұмысының нәтижелері туралы және дыбыс күшейткіштер жасап шығару ісінің жайы туралы сұрайды.

Ленин ғалым-физиолог И. П. Павловтың жақсы жұмыс істеуі үшін барлық жағдайды жасаудың қажеттігі туралы, «ерекшелік ретінде оған нормадан тыс паек беру және жалпы азды-көпті қолайлы жабдықтау жағын ойластыру керектігін» айтып, Петроград атқару комитетінің председателі Г. Е. Зиновьевке хат жолдайды.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда РСФСР-дің статистикалық күштерін жұмылдыру туралы, Кашира құрылысын азық-түлікпен, жеммен, ақша знактарымен жабдықтау туралы, Донбасстан көмір тасу туралы, Александров Гай — Ембі темір жолын салу жөніндегі жұмыстардың барысы туралы, Америкамен байланыс жасауға арналған жаңа радиостанция салу туралы, Детское Селодағы радиостанцияны қалпына келтіру туралы және бірсыпыра аса маңызды радиостанцияларды техникалық жағынан жетілдіру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

26 июнь. Ленин Семей губерниясындағы Павлодар уезінің Үрлітүп станицасынан келген коммунист казак И. Д. Путинцевпен әңгімелеседі және оған ол тұрған жерде балалар бақшасын және басқа да сондай мекемелер ұйымдастыруға барынша көмек көрсетілуін өтініп, Сибирьдегі совет мекемелеріне хат жазады, сондай-ақ Путинцевке Москвадан туған еліне

дейін А. В. Шотманның вагонында отырып баруға рұқсат етілген куәлік жазады.

Ленин итальян жұмысшы делегациясын, сондай-ақ Коминтерннің II конгресіне Голландия коммунистік партиясынан делегат болып келген Д. Вайнкопты қабылдайды, Д. Вайнкопқа голланд делегациясының қарап шығуы үшін «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабын береді.

26 июньнен кешірек. Ленин жалдаптыққа қарсы күрес шаралары туралы «Известия ВЦИК» газеті редакциясынан бір коммунистің хатын алып, танысады, осы мәселе жөнінде В. А. Аванесовпен әңгімелеседі.

28 июнь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің огород өнімдерінің мөлшері туралы сұраған мәліметтерін біраз күн кешеуілдетіп жіберуді өтінген Петроград атқару комитетінің телефонограммасымен танысып, секретарьдан бұл мәліметтер қашан сұралғанын анықтап білуді өтінеді және жауап телеграмманың текстін әзірлеуді, онда мәліметтер жіберуді кешіктіргені үшін Петроград атқару комитетінің кінәсын бетіне басуды тапсырады.

29 июнь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің секретариатына Е. А. Преображенскийге жаңадан шыққан ең таңдаулы экономикалық еңбектерді және XVII, XVIII ғасырлардағы материалистердің шығармаларын шет тілдерден аударып бастырып шығару туралы мәселе жөнінде записка жазады.

Ленин А. М. Николаевқа Нижний Новгород радиолабораториясында істің ұйымдастырылуын біржолата қайта қараудың қажеттігі туралы хат жазады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда орталық ведомстволар мен Петроградтағы мекемелердің арасындағы озара қатынастарды белгілеу жөніндегі комиссияның құрамын өзгерту туралы, Мемлекеттік баспа туралы, Бакуде Шығыс халықтарының съезін шақыру туралы, Башқұртстан туралы, Еңбек халық комиссариаты мен Еңбек бас комитеті туралы мәселелер, партияның Түркістандағы

міндеттері туралы және Түркістанда өкімет ұйымдастыру туралы қаулының жобасы, Түркістан комиссиясына берілетін нұсқаулар, Түркістандағы партия құрылысы туралы, Румынияға бітім жөнінде жасалатын ұсыныс туралы, кооперация туралы, партияның Орталық Комитетінің пленумы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советінің жанындағы комиссияның (Кіші Халық Комиссарлары Советінің) протоколдарын бекіту туралы мәселе жөнінде 1920 ж. 30 июньде Халық Комиссарлары Советінің арнайы мәжілісін өткізуге ұсыныс жасап, сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ өнімдерді дайындаудың және сатудың тұрақты бағалары туралы, міндетті түрде үй құстары мен бал тапсыру туралы мәселелер, импорт жоспарының жобасы, батыс-европалық жұмысшылар мен техниктерді неғұрлым жоспарлы түрде пайдалану үшін құрамына Халық шаруашылығы жоғары советінің, Еңбек халық комиссариатының, Қатынас жолдары халық комиссариатының, Финанс халық комиссариатының, Ішкі істер халық комиссариатының және Сыртқы істер халық комиссариатының өкілдері енгізілген арнаулы орган құру туралы, 1920 ж. қала іргесіндегі жерлерден овощ алуды ұлғайту шаралары туралы мәселелер, шаруаларды қоныстандыру туралы мәселе жөніндегі комиссияның жұмысы туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Г. К. Орджоникидзеге телеграмма жазып, Бакуде Шығыс халықтарының съезін шақыруды ұйымдастыруды тапсырады және Орджоникидзеге «Азербайжанның бүкіл ішкі және сыртқы саясатына басшылық ету, Орталық Комитет пен Сыртқы істер халық комиссариатының Персия, Армения мен Грузия жөніндегі директиваларының орындалуына бақылау жасау жүктелетіні» жөнінде нұсқау береді.

30 июнь. Ленин азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық кеңестің президиумы атына жіберілетін телефонограмманың текстін әзірлейді. Телефонограмма кеңесте 1920 жылғы 1 июльде оқылды.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда ВЦСПС-тегі Коммунистік фракция бюросының тариф саясаты туралы қаулысы, РКП(б)-ның Еврей секциялары орталық бюросының Коммунистік Интернационалға үндеуі, Мемлекеттік баспа туралы, кооперация туралы, М. И. Калининнің Уралға баратын сапары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық Комиссарлары Советі жанындағы комиссияның (Кіші Халық Комиссарлары Советінің) протоколдары бекітіледі.

30 июнь мен 8 июль аралығында. Коммунистік Интернационалдың II конгресіне келген голланд делегациясының өкілі Д. Вайнкоптың «солшылдардың» көзқарасын «трибунистердің», яғни Голланд коммунистік партиясы мүшелерінің бәрі бірдей түгел қостамайды деп көрсеткен хатын алып, Ленин өзінің ағылшын тілінде басып шығару үшін дайындалып жатқан «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабының текстіндегі «голланд трибунистері» деген сөздерді «голланд коммунистік партиясының кейбір мүшелері» деген сөздермен алмастырады және Вайнкоп хатының толық текстін кітапқа «Қосымша» етіп енгізеді.

Июнь — июльдің бірінші жартысы. Лениннің басшылығымен «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары» әзірленеді.

Июльдің басы. Ленин Батыс майданында 15-армияның ойдағыдай шабуыл жасап жатқаны туралы Д. И. Курскийдің хабарымен танысқаннан кейін оған записка жазады, армия азат еткен территорияларда дереу Совет өкіметін құруға, Советтер съездерін шақыруға, помещиктерді қуып шығып, олардың жерлерін кедей шаруаларға және батырақтар Советтеріне бөліп беру жөнінде шаралар қолданылды ма деп сұрайды.

1 июль. Ленин Румынияға бітім ұсыну туралы мәселе жөнінде партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының қабылдаған шешімі тура-

лы Синельниково станциясына И. В. Сталинге телеграмма жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретары Л. А. Фотиеваға записка жазып, одан Петроградқа телефон соғуды, «Аграрлық мәселе жөніндегі тезистердің бастапқы нобайының» корректурасын тезірек жіберуін сұрауды және сондай-ақ тезистердің қашан жарыққа шығатынын білуді өтінеді.

2 июль. Ленин «Раненый Красноармеец» журналының 1-номеріне арнап «Жараланған қызыл әскерге жәрдем берейік!» деген мақала жазады.

Ерте дегенде 2 июль. Ленин Коммунистік Интернационалдың II конгресіне арнап жазған өзінің «Аграрлық мәселе жөніндегі тезистердің бастапқы нобайына» Ю. Ю. Мархлевский жасаған ескертпелермен танысады.

Кеш дегенде 4 июль. Ленин Коминтерннің II конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистердің алғашқы нобайын («Коминтерннің негізгі міндеттері туралы тезистер» және ««Пролетариат диктатурасы» ұғымының мазмұны туралы және бұл ұранды «сәнге айналдырып» бұрмалауға қарсы күресу туралы қарардың жоспары») жазады.

4 июль. Ленин «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистерді» жазады.

5 июль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретары Л. А. Фотиеваға записка жазып, «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистерді» көшіріп жазуын, ол тезистерді Петроградқа Г. Е. Зиновьевке сол күні жіберуін өтінеді.

Ленин Итальян социалистік партиясы Турин секциясының Миландағы Ұлттық советке арнаған баяндамасының аудармасымен танысқаннан кейін (баяндаманы А. Грамши жазған еді) — баяндама «L'Ordine Nuovo» газетінде «Социалистік партияны жаңарту үшін» деген атпен жарияланған болатын — аудар-

маның үстіне баяндаманы «Коммунистический Интернационал» журналында немесе жеке листок етіп (француз тіліне аударып) Коминтерннің II конгресіне дейін басып шығару қажет деп записка жазады; Владимир Ильич аудармаға түзетулер енгізіп, мынадай қоспа жазады: «Аударылуы нашар, бірақ бәрібір басу *керек*», ал шетіндегі бос жерге: «Корректурасын *дереу* маған беретін болсын» деп жазады. Баяндама 1920 жылы 20 июльде «Коммунистический Интернационал» журналының 12-номерінде басылып шығады.

6 июльден ертерек. Ленин Г. Е. Зиновьевке записка жазып, «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабын неміс тілінде және басқа тілдерде бастырып шығаруға ұсыныс жасайды және бұған өзінің жаңадан алғы сөз жазу ниеті бар екенін хабарлайды.

6 июль. Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабының «Французша және немісше басылымдарына алғы сөз» жазады.

7 июль. Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабының «французша және немісше басылымдарына алғы сөзін» Петроградқа Г. Е. Зиновьевке жіберіп, оны 1912 жылғы Базель манифесі кітабына қосымша ретінде басуға нұсқау береді.

Ленин Коммунистік Интернационалдың II конгресіне Англиядан «Shop Stewards Committees»-тен (Фабрика старосталары комитеттерінен) делегат болып келген Д. Т. Мерфимен әңгімелеседі, одан Англиядағы революциялық қозғалыс туралы, Оңтүстік Уэльс кеншілерінің күресі туралы сұрап біледі.

Ленин Француз социалистік партиясының өкілдері — «L'Humanité» газетінің бас редакторы М. Кашенмен және партияның секретары Л. Фроссармен әңгімелеседі.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Великобританияның премьер-министрі Ллойд Джорджның Россия мен Англия арасындағы

келісім шарттары туралы ультиматум қойған мәлімдемесі, Кавказ майданы Революциялық-әскери советінің мүшелеріне және Грузиядағы, Армения мен Түркиядағы дипломатиялық өкілдерге берілетін нұсқау, Коминтерннің II конгресіне баратын орыс делегациясы туралы мәселе, партияның Орталық Комитеті үгіт коллегиясының «III Интернационал күнін» ұйымдастыру туралы ұсынысы және басқа мәселелер талқыланады.

8 июль. Ленин Великобритания Коммунистік партиясын құру жөніндегі Біріккен уақытша комитеттің хатына жауап жазады.

Ленин Коминтерннің қызметкері М. Грузенбергке Д. Вайнкоптың хатын және «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабының ағылшынша басылымының текстіне түзетулер енгізу туралы өзінің мәлімдемесін жібереді; қоса жолданған запискасында ол былай деп жазады: «...ағылшыншасы жақсы ма, тексере көріңіз. (Мәлімдеменің мазмұны: голланд *партиясы* «солшылдық» үшін жауап бермейді, бұл *кейбір* голландтардың *ісі* ғой) (Тек осы мәлімдемені және менің текстке түзетулер енгізген мәлімдемемді ғана басу керек)».

Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретары Л. А. Фотиеваға Петроградқа Г. Е. Зиновьевке «центр партиялары туралы тезистерді шұғыл жіберу» жөніндегі өтінішті хабарлауды тапсырады, бұл тезистер жарияланғанға дейін III Интернационалдың Франция комитетінен келген делегат А. Росмердің пікірін алу үшін қажет болады.

9 июль. Ленин Англиямен шарт жасасу жөніндегі келіс сөздердің барысы туралы Ф. А. Ротштейннің хатымен танысқаннан кейін РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының барлық мүшелеріне записка жазады, онда келіс сөздер жүргізіп жатқан совет делегациясына: «Табандылық көрсетіп, келіс сөздердің уақытша үзіліп қалуынан тайсалмау керек» деп директива беруге ұсыныс жасайды.

10 июль. Ленин Литвамен шарттың тексті жөнінде Г. В. Чичеринге хат жазады.

10 және 19 июль аралығында. Ленин Коминтерннің II конгресіне арнап өзінің халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы баяндамасын әзірлейді, баяндаманың алғашқы нобайы мен жоспарын жазады.

Ерте дегенде 12 июль. Ленин Польша майданында шабуылды тездету қажеттігі туралы Республиканың Революциялық-әскери советі председателінің орынбасары Э. М. Склянскийге записка жазады.

12 немесе 13 июль. Ленин Харьковке И. В. Сталинге жіберілетін телефонограмманы редакциялап, толықтырады, онда Великобританияның сыртқы істер министрі Керзонның 1920 ж. 11 июльдегі нотасына баға және шабуылды тездетуге нұсқау беріледі.

15 июльден кешірек. Ленин Петроградта басып шығарылған «Leitsätze zum II. Kongreß der Kommunistischen Internationale» («Коммунистік Интернационалдың II конгресіне арналған тезистер») деген кітапты қарап шығып, редакциялық түзету енгізеді, өзінің «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайының» текстіне белгілер салады.

16 июль. Ленин партияның Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады. Пленум Коминтерннің II конгресіне әзірлікке байланысты мәселелерді қарайды. Ленин Коминтерн конгресіндегі орыс делегациясы президиумының мүшесі болып бекітіледі. Петроград коммунасы мен Петроград Советінің арасындағы жанжал туралы мәселе талқыланған кезде Ленин осы мәселе жөніндегі шешім жобасының нобайын жазады, пленум бұл жобаны қабылдайды. Керзонның нотасына жауап туралы мәселе жөнінде Ленин Орталық Комитет пленумы қаулысының жобасын жазады, ол жоба кейбір өзгерістермен қабылданады. Пленум мәжілісінде сондай-ақ Бүкілроссиялық теміржолшылар кәсіподағының съезі туралы, Белорусс революциялық комитетін құру туралы, Англияға баратын совет кәсіподақтарының делегациясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 16 июль. Ленин Москва жұмысшыларына сыйға 15 мың пұт күріш жіберген Персия (Иран) ре-

волюциялық үкіметінің Мирза Кучуктың атымен жіберген телеграммасын басып шығаруға нұсқау береді.

16 немесе 17 июль. Ленин Керзонның 1920 ж. 11 июльдегі нотасына жауап ретінде берілетін Г. В. Чичериннің радиограммасы текстінің аудармасына қосымшалар, түзетулер енгізіп, белгілер салады.

17 июль. Ленин Оңтүстік-Батыс майданы Революциялық-әскери советіне И. В. Сталинге телеграмма жазады, онда Керзонның нотасына жауап жөнінде партияның Орталық Комитеті пленумы қабылдаған шешім туралы хабарлайды және аптасына екі рет майдандағы жағдайды хабарлап тұруға нұсқау береді.

Ленин Англиямен келіс сөздер жүргізіп жатқан совет делегациясының председателі Л. Б. Каменевке Лондонға жіберілетін телеграмманың текстін Горкиден телефон арқылы хабарлайды, Советтік республикалармен сауда қатынастары ағылшын буржуазиясына тиімді екенін дәлелдейтін ағылшын әдебиеттерін жинастыруға, Советтік Россияға шетел әдебиетін жіберуді ұйымдастыруға назар аудару керек деп нұсқау береді, сондай-ақ өзіне арнап ең жаңа шыққан анықтамалар мен статистикалық жинақ басылымдарын — географиялық, саяси және экономикалық басылымдарды жіберуді өтінеді.

Ленин партияның Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Қиыр Шығыс республикасы туралы, Англияға баратын кәсіподақ делегациясы туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Орталық Комитет қабылдаған аса маңызды шешімдер туралы аса жауапты партия қызметкерлері алдында дүркін-дүркін баяндамалар жасап отыруы туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің келесі пленумын шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 17 июль. Ленин Қиыр Шығыс республикасы сыртқы істер министрінің телефонограмма арқылы Советтер съезін шақыру, Қиыр Шығыс республикасының Конституциясы мен экономикалық саясатының негіздері, оның Советтік

Россиямен өзара қатынасы жөнінде қойған сұрақтарына жауап береді.

18 июль.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі коллегиясының мүшесі Я. Э. Рудзутакқа записка жазып, жұмыс күшін есепке алу және бөлу жөніндегі жұмыстарды біріктіру туралы мәселеге мүдделі ведомстволардың кеңесін шақыруды тапсырады.

Ленин Коминтерннің II конгресінің ашылуына конгресс делегаттарымен бірге Петроградқа жүріп кетеді.

Ерте дегенде 18 июль.

Ленин «Thèses présentées au Deuxième Congrès de l'Internationale Communiste (Pg.— M., 18 juillet 1920)» («Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресіне арналған тезистер») деген кітаптың екі данасын қарап шығып, редакциялық түзетулер енгізеді, «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистердің» текстіне белгілер салып, сызып қояды.

19 июльден ертерек.

Ленин Р. Макдональдтің 1919 жылы Манчестерде басылып шыққан «Parlament and Revolution» («Парламент және революция») деген кітабын оқып шығып, оған белгілер салады, жазбалар жасайды.

19 июльден ертерек.

Ленин Коммунистік Интернационалдың II конгресіне арнап халықаралық экономикалық және саяси жағдай туралы тезистер әзірлеудің қажеттігі туралы Коминтерн Атқару комитетіне хат жазады және осы тезистердің егжей-тегжейлі жоспарын жобалайды.

Ленин Москвада ағылшын тілінде басылып шыққан «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» (The infantile sickness of the «leftism» in communism») деген кітабын қарап, оған редакциялық түзетулер енгізеді.

19 июль.

Ленин «Халық Комиссарлары Советінің сауатсыздықты жою жөніндегі Бүкіл россиялық Төтенше комиссия құру туралы декретіне» қол қояды.

Ленин Коминтерннің II конгресінің ашылуына Петроградқа келеді.

Ленин Коминтерннің II конгресінің бірінші мәжілісінде президиум құрамына сайланады; халықаралық жағдай туралы және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы баяндама жасайды.

Ленин конгрестің бірінші мәжілісі жабылған соң конгресс делегаттарымен бірге Марс алаңына барады, революция ісі жолында қаза тапқан күрескерлердің қабіріне венок қояды, жұмысшылардың Каменный аралындағы демалыс үйін аралап көреді, Урицкий алаңында жұмысшылардың, қызыл әскерлердің және матростардың К. Либкнехт пен Р. Люксембург ескерткішінің іргесін қалауға арналған, сан мың адам қатысқан митингісінде сөз сөйлейді.

Ленин сағат кешкі 8-де Петроградтан Москваға жүріп кетеді.

20 июль.

Ленин Керзонның нотасы жөнінде Халық Комиссарлары Советінің «Советтік Россия мен Советтік Украинаның жұмысшыларына, шаруаларына және барлық адал ниетті азаматтарына» деген үндеуінің жобасын редакциялайды, «біз поляк жұмысшыларымен және шаруаларымен адал бітім туралы әлдеқашан-ақ келіскен болар едік, қазірде де бейбітшілік ісі бәрінен бұрын поляк жұмысшылары мен шаруаларының өз буржуазиясы мен помещиктеріне жасайтын қысымына байланысты» деген сөздерді қосуды ұсынады және үндеуге қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қала іргесіндегі жерлерден 1920 ж. огород өнімдерін көп алу шаралары туралы мәселе, Сибирьде басы артық астықты жинап алу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ерте дегенде 21 июль.

Ленин халықаралық жағдай туралы және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы Коминтерннің II конгресінде жасаған баяндамасының стенограммасына түзетулер енгізеді.

22 июльден ертерек.

Ленин Англияның саяси және экономикалық даму ерекшеліктері туралы, Советтік Россияда

коммунизм орнату жолдары туралы және капиталистік елдермен сауда қатынастарын орнату туралы Бертран Расселмен әңгімеледеді.

22 июль. Ленин Германиямен сауда келіс сөздері туралы, Керзонға қайтарылатын жауап туралы және Польшамен бітім жасасу мүмкіндіктері туралы Г. В. Чичеринге хат жазады.

23 июль. Ленин Коминтерннің II конгресінің екінші мәжілісінде председательдік етеді, Коминтерннің II конгресіне Англияның фабрика старосталары комитттерінен (Shop Stewards Committees) келген делегат Д. Таннердің сөйлеген сөзі туралы жазбалар жазады; коммунистік партияның ролі туралы сөз сөйлейді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Түркістандағы жағдай туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Финляндиямен бітім келіс сөздері туралы, Польшамен және Англиямен келіс сөздер жүргізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Ішкі күзет әскерлерін (ВОХР) қайта құру туралы баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ халық комиссариаттарының Батыс майданына көмек көрсету жөніндегі жұмысы туралы, РСФСР-дің темір жолдары мен су жолдарында жолаушылардың жүріп-тұру жағдайлары туралы, Москвада отынды бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 июль. Коминтерннің II конгресінде РКП(б) делегациясы Ленинді халықаралық жағдай туралы және Коминтерннің негізгі міндеттері туралы мәселе жөніндегі, ұлт және отар мәселелері жөніндегі, аграрлық мәселе жөніндегі комиссиялардың құрамына ұсынады.

Ленин Коминтерннің II конгресінің үшінші мәжілісінде ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссия мүшелерінің фамилияларын жазып алады, әр түрлі елдерден келген өкілдерге белгі қойып, олардың есебін шығарады.

24 және 29 июль аралығында. Ленин Иран коммунистік партиясының делегаты А. Султан-Заденің Коминтерннің II конгресіне әзірлеген Шығыстағы әлеуметтік революцияның перспективалары туралы баяндамасына ескертпелер жазады.

25 июль. Ленин ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистерге жасаған П. Левидің ұсыныстарына ескертпелер (неміс тілінде) жазады.

Ленин «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттарының жиырмасыншы пунктін» жазады.

Ленин ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияның мәжілісіне қатысады, онда Ленин жазған тезистер талқыланады; редакциялық түзетулер енгізеді (ағылшын тілінде), М. Рой әзірлеген ұлт және отар мәселелері жөніндегі қосымша тезистерге белгілер салады; Ройдың баяндамасы талқыланған кезде сөз сөйлейді; Д. М. Серратиге немесе итальян делегациясындағы басқа біреуге записка (француз тілінде) жазады, ол запискада өз көзқарастарын қорғау үшін комиссияның мәжілісіне итальян жолдастардан ешкімнің қатыспауы неліктен деп сұрайды.

Ленин Коминтернге қабылдау шарттары туралы мәселе жөнінде II конгресте құрылған комиссияның мәжілісіне қатысады; «Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттарының жиырмасыншы пунктін» ұсынады.

26 июль. Ленин Коминтерннің II конгресіне Глазгодан (Шотландия) келген У. Галлахермен танысып, онымен әңгімелеседі.

Ленин Коминтерннің II конгресінің аграрлық комиссиясының мәжілісіне қатысады, онда Ленин жазған тезистер талқыланады.

Ленин конгрестің негізгі міндеттері туралы мәселе жөніндегі комиссияның мүшелерінен және Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары туралы мәселе жөніндегі комиссияның мүшелерінен құралған аралас комиссияның мәжілісіне қатысады, онда Ленин жазған «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистер» талқыланады.

	Ленин Коммунистік Интернационалдың II конгресінің төртінші мәжілісінде ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияның баяндамасын жасайды.
27 июль.	**Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Польшамен бітім келіс сөздері туралы, Түркістан комиссиясының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.**
Кеш дегенде 28 июль.	**Ленин ұлт және отар мәселелері жөніндегі комиссияға арнап жазбалар (француз тілінде) жазады.**
28 июль.	**Ленин Сибирьде. айдауда бірге болған жолдасы И. Л. Проминскиймен әңгімелеседі және записка жазып беріп, оны РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Поляк бюросына жібереді, онда Проминскийге сенім білдіруін, көмек көрсетуін өтінеді.**
	Ленин Коминтерннің II конгресіне Француз социалистік партиясынан келген делегаттардың —«L'Humanité» газетінің бас редакторы М. Кашеннің және партияның секретары Л. Фроссардың Францияға жүріп кетері алдында олармен әңгімелеседі (француз тілінде).
29 июль.	**Ленин Коминтерннің II конгресінің алтыншы (таңертеңгі) мәжілісіне қатысып, Француз социалистік партиясынан келген делегаттар М. Кашен мен Р. Лефевр Коминтернге қабылдау шарттары туралы жарыс сөзде сөз сөйлеген кезде Француз социалистік партиясы туралы және басқа мәселелер жөнінде жазбалар жасайды.**
	Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Азық-түлік халық комиссариатының азық-түлік жұмысы үшін өзіне жауапты партия қызметкерлерін бөлу туралы өтініші, әрбір губерниялық комитеттен жергілікті губерниялық азық-түлік комитеттерінің қарамағына 10-нан 20-ға дейін партия қызметкерлерін жіберу туралы, азық-түлік қызметкерлері жөнінде кәсіптік мобилизация жасаудың барлық түрін тоқтату жөніндегі және кәсіптік мобилизация ретінде азық-түлік жұмысы-

нан босатып алынған қызметкерлерді азық-түлік органдарына қайтару жөніндегі қаулыны үш күн мерзім ішінде басып шығару туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда елдің астық ресурстары туралы мәселелер, Батыс Европадан Россияға келген жұмысшылар мен техниктерді жоспарлы пайдалану жөніндегі комиссияның баяндамасы және комиссия жұмысының барысы туралы, Сибирьден жұмыртқа және май тасып жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

30 июльден ертерек. Ленин Коминтерннің II конгресіне Британ социалистік партиясынан келген делегаттар У. Мак-Лейнмен және Т. Квелчпен әңгімеледеді.

Кеш дегенде 30 июль. Ленин Е. Варганың «Die wirtschafts-politischen Probleme der proletarischen Diktatur», Wien, 1920 («Пролетарлық диктатураның экономикалық саясат проблемалары», Вена, 1920) деген кітабын оқып зерттейді, кітапқа белгілер салып, беттерінің шетіне ескертпелер жазады.

30 июль. Ленин Коминтерннің II конгресінің сегізінші мәжілісінде Коммунистік Интернационалға қабылдау шарттары туралы сөз сөйлейді.

31 июль. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; «Коммунистический Интернационал» журналының 12-номерінде М. Горькийдің «Владимир Ильич Ленин» деген мақаласы мен «М. Горькийдің Г. Уэллске хаттарының» жариялануына қарсы наразылық-мәлімдеме жасайды, осы мәселе жөнінде Саяси бюро шешімінің жобасын жазады, жоба қабылданады. Мәжілісте сондай-ақ Г. В. Чичериннің Армения туралы, сауда қарым-қатынастарын қайта жаңғырту туралы мәселе жөнінде Германиямен бітім конференциясын өткізу туралы, Румыниямен бірлесіп шекара комиссиясын құру туралы ұсыныстары, Оңтүстік-Шығыс майданының еңбек армиясы Советі мен Кавказ майданы Революциялық-әскери советі арасындағы өз-

ара қатынастар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Июльдің аяғы. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мүшелеріне хат жазып, Украина арқылы Батыс майданға бара жатқан Кавказ майданы әскерлерінің азық-түлік пен қару жинауы, товар айырбасы үшін азық-түліктің екі есе запасын жасауы туралы қаулы әзірлеу, сондай-ақ шаруаларға арнап көпшілікке түсінікті листовка басып шығару жөнінде ұсыныс жасайды.

Июль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Еврей секцияларының орталық бюросына А. Н. Мережинге ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистерге қосымша пункт жазып, онда жұмысшы табының өкіметі тұсында ұлттық күрес мүлдем дерлік жойылатындығын Украинадағы, Белоруссиядағы және т. б. пролетарлық диктатураның тәжірибесі көрсеткендігін тұжырымдаудың қажеттігі туралы айтады.

Ерте дегенде июль. Ленин «Коммунистический Интернационал» журналының («The Communist International») ағылшын тілінде шыққан 1920 жылғы 11—12-номерлерін қарап шығып, өзінің «Preliminary draft of some theses on the national and colonial questions» («Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайына») және «Theses on the fundamental tasks of the Second Congress of the Communist International» («Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресінің негізгі міндеттері туралы тезистер») деген тезистеріне белгілер салып, редакциялық түзетулер енгізеді.

Августың басы. Ленин Поляк революциялық комитетінің мүшесі Ф. Э. Дзержинскийден «байланыстың барлық түрін пайдалана отырып, міндетті түрде күн сайын информация жіберіп тұруын» өтінеді.

2 август. Ленин Коминтерннің II конгресінің оныншы (кешкі) мәжілісінде парламентаризм туралы сөз сөйлейді.

Ленин Врангель тарапынан қауіптің күшеюіне байланысты Оңтүстік майданын дербес

майдан етіп бөліп шығару жөнінде партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының шешім қабылдағаны туралы И. В. Сталинге телеграмма жазады.

Ленин тікелей провод арқылы хабарлау үшін Орал облысының Революциялық комитетіне және Саратов губерниялық атқару комитетіне записка жазып, 2-ші Түркістан дивизиясының бұрынғы бастығы Сапожковтың Бузулук ауданында көтерген контрреволюциялық бүлігіне қарсы күресу шаралары туралы жарлық береді.

3 авгсут. Ленин Оңтүстік майданын дербес майдан етіп бөліп шығару туралы партияның Орталық Комитетінің шешіміне наразылық білдірген И. В. Сталиннің телеграммасына жауап жазады; Ленин Орталық Комитет шешімінің дұрыс екендігін атап көрсетеді.

Ленин М. Роймен әңгімелеседі және Г. В. Чичеринге записка жазып, Ройды, сондай-ақ Ванекті (Чехияның революциялық социал-демократиясының өкілі) қабылдауын өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Карель еңбек коммунасы туралы қаулының жобасы, Баку кәсіпшіліктерінің жұмысшыларын және ағаш дайындауда істейтін жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау туралы, Россия мен Эстония арасында экономикалық қатынастардың дамуына байланысты туған мәселелерді шешу үшін комиссия құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

4 август. Ленин И. Т. Смилгаға телеграмма жазып, Литвамен шарт жасасу туралы мәселе жөнінде партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының көзқарасын хабарлайды.

Ленин И. В. Сталинге телеграмма жазып, партияның Орталық Комитетінің 5 августқа тағайындалған пленумына Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс майдандарындағы істің жағдайы туралы қорытынды пікірін жіберуді өтінеді.

5 август. Ленин партияның Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда М. И. Калининнің үгіт поезымен Кубаньға баратын

сапары туралы, Ллойд Джорджтың Л. Б. Каменевке жасаған мәлімдемесіне байланысты Англия мен Польша туралы, Румыниямен бітім келіс сөздері туралы, Германиямен арадағы келіс сөздер туралы, Азербайжан республикасы мен РСФСР арасындағы өзара қатынастар туралы, Латвиямен және Финляндиямен келіс сөздердің барысы туралы мәселелер, Қиыр Шығыс республикасының мәселелері, алдағы болатын қырғыз кеңесі туралы, Врангель майданындағы және Кубаньдағы жағдай туралы, шетел жұмысшыларының Советтік Россияға иммиграциясы туралы мәселелер, И. В. Сталиннің Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс майдандарына қатысты телеграммасы және басқа мәселелер талқыланады.

6 август. Ленин Коминтерннің II конгресінің он алтыншы мәжілісінде Англияның коммунистік топтары мен ұйымдарының Жұмысшы (лейбористік) партиясына енуі туралы сөз сөйлейді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Саяси бюро РКП(б)-ның Коминтерн Атқару комитетіндегі делегаттары туралы мәселе бойынша Ленинді Атқару комитетіне енгізуге қаулы қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ Коминтерннің II конгресіне байланысты мәселелер және басқа да мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық шаруашылығы жоғары советінің жанынан өнеркәсіпті демобилизациялау және мобилизациялау комитетін құру туралы, автомобиль өнеркәсібінің екпінді топтарындағы заводтарды отынмен, шикізатпен және жартылай фабрикаттармен жабдықтау жөнінде қорғаныс кәсіпорындарының екпінді топтарына теңестіру туралы мәселелер, армияға мобилизацияланған азық-түлік қызметкерлерін азық-түлік органдарына қайтару туралы қаулының жобасы, Баку кәсіпшіліктерінің жұмысшыларын және ағаш дайындауда істейтін жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау туралы мәселе жөнінде 1920 ж. 3 августа Халық Комиссарлары Советі тағайындаған комиссияның баяндамасы, Челябинск кен

орындарын жұмыс күшімен қамтамасыз ету туралы, темір жолдарды жабдықтау туралы мәселелер, еңбек күштерін отын жұмыстарына мобилизациялаудың барысы туралы баяндама, Центротекстильдің Қызыл Армияны жүн маталармен жабдықтау жөніндегі программасын жүзеге асыруға қажетті шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

7 август. Ленин И. В. Сталинге телеграмма жазады, онда партияның Орталық Комитетінің 5 августағы пленумы Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс майдандарына қатысты және Англия тарапынан қайтадан блокада жасалу қаупі жөнінде шешімдер қабылдағаны туралы хабарлайды.

Ленин Коминтерн Атқару комитеті жаңа құрамының бірінші мәжілісіне қатысады.

8 август. Ленин Мемлекеттік баспаға және Е. А. Преображенский мен Н. И. Бухаринге хат жазып, совет және шетел газеттерінен Антантаның сыртқы саясаты туралы материалдарды жинап, ай сайын жеке кітапша етіп бастырып шығару үшін комиссия құруды ұсынады.

Ленин совет кәсіподақтары делегациясының мүшелері Н. М. Анцеловичпен, Артеммен (Ф. А. Сергеевпен) және С. А. Лозовскиймен делегацияның Англияға баратын сапарының мақсаттары туралы әңгімелеседі.

9 август. Ленин Батыс майданының Революциялық-әскери советіне И. Т. Смилгаға, Ф. Э. Дзержинскийге және Ю. Ю. Мархлевскийге телеграмма жазып, Польша батырақтары мен Варшава жұмысшыларының пиғылын, сондай-ақ «жалпы саяси перспективаны» ертеңге қалдырмай егжей-тегжейлі хабарлауды өтінеді.

10 август. Ленин Кавказ еңбек армиясының советіне А. Г. Белобородовқа телеграмма жазып, Кавказда және Кубаньда контрреволюциялық бой көрсетулерді басып-жаныштаудың жайы қалай екендігін хабарлауды өтінеді.

Ленин Петроград Советіне хат жазып, РСФСР-дің оқулық атласын басып шығаруды тапсырады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Польша туралы, дипломатиялық өкілдер мен Сыртқы сауда халық комиссариатының шетелдердегі өкілдері арасындағы өзара қатынастар туралы, партия конференциясын шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда азық-түлік алудың барысы туралы және Тула мен Москвадағы азық-түлік жағдайы туралы, темір жолдарды азық-түлікпен жабдықтау жоспары туралы мәселелер, ағаш дайындауды азық-түлікпен және жеммен жабдықтау туралы қаулының жобасы, майдагерлік кәсіпшіліктер мен национализацияланбаған өнеркәсіпті реттеп отыру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

11 август. Ленин Оңтүстік майданына И. В. Сталинге телеграмма жазады, онда Польшамен келіс сөздердің барысы туралы, Англияның позициясы туралы хабарлайды, «қалай болғанда да қазіргі соққы арқылы Қырымды түгел қайтарып алуға» бүкіл күшті жұмылдыруға нұсқау береді.

Ленин Н. Н. Крестинскийге записка жазып, партияның байырғы мүшесі — сырқат А. С. Шаповаловты Кремль асханасынан тамақтанатын етіп орналастыруды, оған күшті тағамдар паегін беруді және оған барынша көмек көрсетуді өтінеді.

Ленин Россиядағы Қытай жұмысшылары одағының Орталық атқару комитетінің председателі Лю Цзэ-жунды (Лау Сиу-джау) қабылдайды және Н. Н. Крестинскийге записка жазып, Лю Цзэ-жунды қабылдауын өтінеді.

Ленин Коминтерннің II конгресіне Ирланд жұмысшы партиясынан делегат болып келген П. Квинландты қабылдайды.

Ерте дегенде 11 август. Ленин И. Брахничевтің сауатсыздықты жою жөніндегі Төтенше комиссияның жұмысына жәрдемдесу және оны өрістету қажеттігі туралы хатымен танысқаннан кейін Кіші Халық Комиссарлары Советіне записка жазады, хатты талқылап, комиссияның тілегін қана-

ғаттандыруды өтінеді, «өйткені сауатсыздыққа қарсы күрес — *басқалардан гөрі маңыздырақ* міндет» деп көрсетеді.

12 август. Ленин 1919 жылы қолданылып жүрген декреттер жинағының нашар басылып шыққандығы туралы Юстиция халық комиссариатына записка жазып, 1920 жылы қолданылып жүрген аса маңызды заңдардың жинағын басып шығаруды ұсынады.

13 август. Ленин Петроградқа Г. Е. Зиновьевке телеграмма жазып, профессор Г. О. Графтионы жергілікті кедейлер комитеті председателінің озбырлығынан қорғауды өтінеді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Қиыр Шығыс республикасы туралы мәселелер, Түркия мен Армения туралы және Польшамен Минскіде жүргізілетін бітім келіс сөздері жөніндегі Г. В. Чичериннің ұсыныстары және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда көмір өнеркәсібіне жұмыс күшін беру туралы, Челябинск көмір кендеріндегі жағдай туралы, теміржолшылардың азық-түлік мұқтаждарын неғұрлым толығырақ қанағаттандыру шаралары туралы, транспорт заводтарының екпінді топтарын милитарландыру туралы, Алгемба туралы, өмірлік маңызы бар әскери заводтарды қажетті механизмдермен қамтамасыз ету шаралары туралы және ұйымдық-саяси сипаттағы шаралар туралы, Москваға ағаш отын тасып жеткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

14 август. Ленин Г. В. Чичеринге хат жазып, оған Минскідегі бітім конференциясы туралы Л. Б. Каменевке жазған жауабын шифрлау үшін жібереді.

Ленин Коминтерннің II конгресінің делегаттарын: Лепти мен М. Вержді (Францияның металлистері мен жер қазушылар кәсіподақтарынан); К. Штейнгардт (Грубер) пен К. Томанды (Неміс Австриясы Коммунистік партиясынан); Х. Кабакчиевті (Болгария Коммунистік партиясынан); П. Леви, Э. Мейер

және басқаларды (Германия Коммунистік партиясынан); Ван Оверстратенді (Валлон коммунистік федерациясынан (Бельгия)); Г. Лангсетті (Норвегия Жұмысшы партиясынан); Бела Кунды (Венгрия Коммунистік партиясынан) қабылдайды.

Ленин Анкара үкіметінің делегациясын қабылдайды.

15 август. Ленин «Австрия коммунистеріне хат» жазады.

17 августан ертерек. Ленин И. Ф. Армандқа хат жазып, оған оңтүстікке демалысқа баруға кеңес береді.

17 август. Ленин Кавказ курорттары мен санаторийлері басқармасына записка жазып, И. Ф. Арманды баласымен екеуін орналастырып, емделуге көмектесуін өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мүлікті қауіпсіздендіру туралы мәселе талқыланған кезде Ленин мәжіліске қатысып отырған қауіпсіздендіру қызметкерлеріне бірқатар сұрақтар қояды, Халық шаруашылығы жоғары советінің, Финанс халық комиссариатының, Егіншілік халық комиссариатының, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының, Азық-түлік халық комиссариатының және ВЦСПС-тің өкілдерінен комиссия тағайындауға ұсыныс жасайды, ереже тұжырымдап, осы ереже негізінде комиссия Халық Комиссарлары Советіне практикалық ұсыныстар енгізуге тиіс деп көрсетеді. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде сондай-ақ шетел жұмысшыларының иммиграциясы туралы және оларды жұмысқа жоспарлы пайдалану туралы мәселелер, Россияның Оңтүстік-Шығыс Еңбек армиясының Революциялық советі туралы ереженің жобасы, көмір өнеркәсібі жұмысшыларына сыйлық беру туралы, жергілікті жерлерде ақша знактарын бөлу туралы мәселелер, Автономиялық Қырғыз Советтік Социалистік Республикасы туралы декреттің жобасы, халықты жабдықтау үшін Азық-түлік халық комиссариатына көздеме беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Джон Ридпен әңгімелеседі; Джон Рид коммунистік басылымдарға жазып жүрген американ публицисі коммунист Луи Фрейнге орыс әдебиетімен танысуға көмектесуді өтінеді.

17 августан кешірек. Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретарьларына запискалар жазып, Луи Фрейнге тілмаштар тауып беруді қадағалап отыруды және ол тілмаштарды белгілі бір күндер мен сағаттарда Луи Фрейнмен жұмыс істесуге бөлуді өтінеді.

18 август. Ленин Батыс майданының Революциялық-әскери советіне И. Т. Смилгаға телеграмма жазып, жаудың шабуылын бөгеу үшін барлық күш-жігерді жұмылдыру қажеттігін айтады.

Ленин барлық губерниялық атқару комитеттерінің председательдері мен революциялық комитеттердің председательдеріне телеграмма жазып, губерниялық статистика бюролары мен уездік статистика бөлімдерін бүкіл россиялық санақ жүргізу үшін қажетті ақша знактарымен жеткілікті мөлшерде дереу жабдықтауға нұсқау береді.

Ленин Г. К. Орджоникидзеге хат жазып, И. Ф. Армандты баласымен екеуін Кисловодскіге емделуге орналастыру жөнінде жарлық беруін өтінеді.

Ленин Коминтерннің II конгресінің делегаттарын: Чехословак социал-демократиялық партиясының «маркстік солшыл» тобынан — «Pravo Lidu» газеті редакциясының мүшесі Ванекті және Кладнодағы жұмысшылар ұйымдарының секретары А. Запотоцкийді; Дания мұғалімдері Коммунистік клубынан — М. Нильсенді; Англия жұмысшыларының социалистік федерациясынан — С. Панкхерстті қабылдайды.

Ленин У. Галлахермен пролетарлық революция туралы және коммунистік партияның ролі туралы әңгімелеседі, Шотландияда бөлек компартия құруға қарсы болады, революция ісі жолында жаңадан құрылған Великобритания Коммунистік партиясының қатарында ғана күресу қажеттігін айтады.

19 август. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Англиядағы совет делегациясына басшылық нұсқаулар жіберуге ұсыныс жасайды. Саяси бюроның мәжілісінде сондай-ақ Польша және Врангель майдандарындағы соғыс жағдайы туралы, қызу майдандарға жіберу үшін М. В. Фрунзенің келуін тездету туралы, транспортты жөндеу жұмысы туралы мәселені қарау үшін Еңбек және Қорғаныс Советінің төтенше мәжілісін 21-августа шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин поляк кедей-шаруалары мен батырақтарының помещиктерге және кулактарға қарсы күресіне көзқарас туралы К. Б. Радек пен В. П. Затонскийге телеграммалар жазады.

Ленин Лондонға Л. Б. Каменевке Польшаның Совет Одағына қарсы соғысында Англияның Польшаға көрсетіп отырған көмегі туралы және Великобритания үкіметінің саясатын ағылшын жұмысшылары алдында әшкерелеу қажеттігі туралы телеграмма жазады.

Ленин РКП(б) Петроград комитетіне жолданатын телеграммаға қол қояды, онда барлық күш-құралдарды Польша және Врангель майдандарын нығайтуға жұмылдыруды талап етеді.

Ленин партияның Орталық Комитеті атынан Батыс майданының Революциялық-әскери советіне жолданатын телеграммаға қол қояды, онда Қызыл Армияның жаңадан қаһармандық күш жұмсауының қажеттігі туралы айтылады.

20 августан ертерек. Ленин М. Н. Покровскийге записка жазып, Пролеткульттің жағдайы, ролі және оның жұмыс қорытындылары туралы сұрайды.

Ленин М. Н. Покровскиймен мүмкін боларлық ең қысқа мерзім ішінде Октябрь революциясы оқиғаларының тарихын немесе хроникасын жазу қажеттігі туралы әңгімелеседі.

20 август. Ленин Г. К. Орджоникидзеге телеграмма жазып, Кубаньдағы және Қара теңіз жағалауындағы ақ гвардия десанттарын жою үшін оның Бакуден Ростовқа баруының қажеттігі туралы партияның Орталық Комитеті

Саяси бюросының шешім қабылдағанын хабарлайды.

Ленин Поляк революциялық комитетінің шаруаларға помещик жерлерінің бір бөлегін бөліп беру туралы қаулысын бастырып шығару жөнінде К. Б. Радекке, Ф. Э. Дзержинскийге және Польша Коммунистік жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің барлық мүшелеріне телеграмма жазады.

Ленин І Мемлекеттік картография кәсіп орны комитетіне хат жазып, онда «Россияның темір жолдары» деген атласты жібергені үшін алғыс айтады және РСФСР-дің оқулық атласын бастырып шығару жөнінде кеңес береді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда бұрын металл өнеркәсібінің екпінді топқа және айрықша маңызды заводтар тобына енгізілген заводтарында істеген жұмысшыларды еңбекке мобилизациялау туралы қаулының жобасы, Кашира құрылысына еркін рыноктан қажетті материалдар сатып алуға право беру туралы, Врангель майданында шегіне қалған күнде қолданылатын арнайы шаралар туралы, транспортты жөндеу жұмысы туралы мәселе жөнінде Еңбек және Қорғаныс Советінің төтенше мәжілісін 21 августа шақыру туралы, Москваны ағаш отынмен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 және 26 август аралығында. Ленин партия тарихы жөніндегі және Октябрь революциясының тарихы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы М. Н. Покровскиймен әңгімелеседі.

Ерте дегенде 20 август. Ленин Врангель майданын күшейту шаралары туралы ұсыныстарын жазады.

21 август. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Донбассқа оба індетімен күресу үшін 200 дәрігер жөнелту туралы, транспортты жөндеу жұмысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 август. Ленин М. Н. Покровский жіберген Пролеткульт туралы материалдармен танысады, материалдарға бірсыпыра ескертпелер жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 1921 жылдың күздік егісін тұқыммен қамтамасыз ету туралы мәселе, Автономиялық Қырғыз ССР-і туралы декреттің жобасы, жергілікті жерлерде ақша знактарын бөлу туралы, сыйлық беру қорының жағдайы туралы, ағаш кемелер жасау туралы, Эстон үкіметінің ұсынысы бойынша Эстония фабрикаларында орыс шикізатынан әр түрлі товарлар өндірудің барысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Автономиялық Қырғыз Социалистік Советтік Республикасы туралы декретке» қол қояды.

25 август.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда жауынгерлік резервтер жасау, Керзонның нотасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің Курск магнит аномалиясын барлау және бұрғылау жөніндегі жұмыстар туралы қаулысына қол қояды.

26 августан ертерек.

Ленин Октябрь революциясының тарихы жөніндегі материалдарды жинау үшін Қазаннан Москваға шақыртылған В. В. Адоратскиймен әңгімелеседі, оған К. Маркс лен Ф. Энгельс хаттарының жинағын орыс тіліне аударып баспаға әзірлеуді тапсырады, осы жұмыстың жоспарын айтып береді және оған өзінің кітапханасындағы кітаптарды пайдалануға ұсыныс жасайды.

26 август.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Польшадағы және Батыс майданындағы жағдай туралы баяндама, сондай-ақ басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Кремль аурухапасында іш сүзегімен және өкпе қабынуымен ауырып жатқан В. В. Воровскийге барып көңілін сұрайды, дәрігерлермен әңгімелесіп, аурулардың тамағын жақсарту туралы Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы В. Д. Бонч-Бруевич арқылы, жазбаша түрде ұсыныс беруді тапсырады.

27 август. Ленин Коминтерн қызметкері, Америка Коммунистік жұмысшы партиясының өкілі, жұмысты шектен тыс көп істеп сырқаттанып қалған Эдвард Мартинге хат жазып, оған ең ізгі тілектестігін білдіреді.

Ленин қуаңшылыққа байланысты азық-түлік дайындау науқанына ерекше назар аудару қажеттігі туралы партияның Орталық Комитетінің барлық губерниялық партия комитеттеріне нұсқау хатының текстімен таныса-ды және хаттың текстіне өзінің қосылатындығын жазады.

Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советіне записка жазып, емделу үшін және күшті тамақтану үшін В. В. Воровскийге жәрдем беруді өтінеді.

Ленин Коминтерн Атқару Комитетінің Итальян социалистік партиясының Орталық комитетіне және Италияның революцияшыл пролетариатына арналған үндеуіне қол қояды.

Ерте дегенде 28 август. Ленин Ф. Э. Дзержинскийге Кубаньдағы контрреволюциялық бой көрсетулердің қауіптілігі туралы хат жазады.

28—30 август. Ленин Д. И. Ульяновпен, Н. В. Крыленкомен және басқалармен бірге Смоленск губерниясының Бельск орманында демалып, аң аулайды; сол маңдағы селолар мен деревнялардың шаруаларымен әңгімелеседі. Жолшыбай Ржев станциясында поезда Ленин бүкіл россиялық халық санағынан өтеді.

31 август. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Сыртқы сауда халық комиссариаты туралы мәселе талқыланған кезде Ленин Халық Комиссарлары Советінің комиссариаттар мен орталық мекемелерден мамандардың командировкамен шетелге барулары туралы қаулысының жобасына қосымша енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ шаруалардың Сибирьге қоныс аударуы туралы, Олонец губерниясын құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин оқулық атлас бастырып шығару туралы жазбалар жасайды.

Жаздың аяғы. Ленин Н. И. Бухаринге записка жазып, онда американ социалисі Даниель Де Леонның «Two pages from roman history», N. Y., 1915 («Рим тарихының екі кезеңі», Н.-Й., 1915) деген кітабын Луи Фрейннің алғы сөзімен және ескертулерімен орыс тілінде бастырып шығаруға ұсыныс жасайды.

Август — сентябрь. «Коммунистка» журналында (№ 3—4) журнал редакциясының өтініші бойынша Ленин жазған «Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресі» деген мақала басылады.

1 сентябрь. Ленин Румянцев музейінің кітапханасына записка жазып, кітапхана жабылған кезде өзіне грек тілі сөздігінің екі кітабын, ең жақсы философиялық сөздіктерді және грек философиясының тарихы жөніндегі екі кітапты (Целлер мен Гомперцтің кітаптарын) түнгі уақытқа бере тұруды өтінеді, оларды таңертең қайтаруға уәде береді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; әскери-оперативтік және дипломатиялық почтадан түсетін шифрлы хабарлар құпиясын неғұрлым қатаң сақтауға шаралар алу жөнінде ұсыныс жасайды. Мәжілісте сондай-ақ М. И. Калининнің үгіт поезымен Кубаньға баратын сапары туралы мәселе, Азық-түлік халық комиссариатының азық-түлік жұмысына партиялық мобилизация жариялау және азық-түлік қызметкерлерін әскери мобилизациядан босату туралы өтініші, Польшамен келіс сөздер жүргізетін совет делегациясының жаңа құрамы және келіс сөздердің қай жерде жүргізілетіні туралы, Октябрь революциясының тарихын зерттеу жөнінде комиссия құру туралы, соғыс жағдайы туралы, әскери жабдық бұйымдарын сатып алу туралы мәселелер, И. В. Сталиннің өзін әскери жұмыстан босату туралы өтініші, армияны жабдықтау жөнінде Ерекше кеңес ұйымдастыру туралы, жауынгерлік резервтер жасау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин ағарту және социалистік мәдениет қызметкерлерінің Бүкіл россиялық II съезінде ағымдағы кезең туралы баяндама жасайды.

2 сентябрьден ертерек. Ленин В. Д. Бонч-Бруевичпен әңгімесінде «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының екінші басылуын тездетіп шығаруға тілек білдіреді және А. А. Богдановтың «пролетарлық мәдениет» деген желеумен антимаркстік көзқарастарды насихаттауды күшейтіп отырғандығына байланысты мұның ерекше қажет екендігін атап көрсетеді.

Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының екінші басылуына қосымша ретінде өзінің тапсырмасы бойынша жазылған В. И. Невскийдің «Диалектикалық материализм және өлексе реакцияның философиясы» деген мақаласымен танысады, мақалаға редакциялық түзетулер енгізеді және белгілер салады.

2 сентябрь. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының екінші басылуына алғы сөз жазады.

Ленин Гознак бастырып шығарған «Ерекше мақсатқа арналған мемлекеттік фабрика салу туралы мәселе жөнінде» деген кітапшаны алады және записка жазып, оны Н. Н. Крестинскийге жібереді, бұл запискада осы қажетсіз кітапшаны бастырып шығаруға қағаз бен қаржы шашқан кінәлы адамдарды сотқа беруді ұсынады.

3 сентябрь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Қызыл Армиядағы радио байланысы туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ темір жолдарда вагондарға жүктің жеткіліксіз тиелуіне қарсы шаралар туралы, Қызыл Армияда киім-кешек запасын жедел толықтыру туралы, Қызыл Армияны кіші командирлер құрамымен толықтыру туралы, Урал кенді округінің кәсіпорындарын милитарландыру туралы, азық-түлік қызметкерлерін әскери мобилизациядан босату туралы, тоңазытқыштарды жөндеуден өткізу, қосымша орнату және қалпына келтіру туралы, Донбасста көмір өндірудің жағдайы туралы, Орман бас комитетінің екпінді жұмыстарын азық-түлікпен, жеммен, ақшамен және жұмыс күшімен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

4 сентябрьден ертерек. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің «Партияның барлық ұйымдарына, партияның барлық мүшелеріне» хатының жобасымен танысады, текстке өзінің қосылатындығы туралы жазады және хатта партия программасынан теңдік туралы мәселе жөнінде цитат келтіруді ұсынады.

5 сентябрьден ертерек. Ленин Россиядағы Қытай жұмысшылары одағының Орталық атқару комитетінің председателі Лю Цзэ-жунмен (Лау Сиу-джау) әңгімелеседі, ол генерал Чжан Сы-линь бастаған қытай әскери-дипломатиялық миссиясы Нижнеудинскіге келіп қалғандықтан қытай үкіметінен бұл миссияның мақсаты мен сипатын сұратқан хабардың жауабы келуін күтпей-ақ, миссияның Москваға келуіне рұқсат етілуін өтінеді.

6 сентябрь. Ленин Москва губерниясының Подольск уезіндегі Богданово деревнясы шаруаларының азық-түлік жағдайы нашар екендігі туралы өтінішін алады және Подольск уездік азық-түлік комитетіне телеграмма жазып, онда бұл өтінішті дереу қарауды, мүмкіндігінше оларға салыпатып азық-түлік салымын азайтуды өтінеді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Польшамен бітім келіс сөздерін жүргізетін совет делегациясының құрамы туралы мәселе, Латвиямен және Литвамен бітім шартын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті арқылы бекіту туралы Г. В. Чичериннің ұсынысы, Карель коммунасына экономикалық және ұйымдық жағынан Олонец губерниясына тәуелді болмау үшін толық дербестік беру және бұл жөнінде ресми хабарлама жасау туралы Сыртқы істер халық комиссариатының ұсынысы, Ирандағы жағдай туралы, соғыс жағдайы туралы, Коминтерннің II конгресінің қаулыларын шұғыл жариялау қажеттігі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

7 сентябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Мәжіліс кезінде ол Кіші Халық Комиссарлары Советі ұсынған «РСФСР-дің материалдық ресурстарын пайдалану жөніндегі Орталық комиссия

туралы ереженің» жобасын редакциялап, толықтырады. Мәжілісте сондай-ақ «Түркістанда ақша айналысын реттеу туралы мәселе жөніндегі тезистер», қазіргі шығыс тілдерінің Орталық институты туралы және майдагерлік өнеркәсіп туралы декреттердің жобалары, сауатсыздықты жою жөніндегі Төтенше комиссияның мұқтаждары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

8 сентябрь.	Ленин «Дейли-Ньюс» газетінің тілшісі Сегрю мырзаның сұрақтарына жауап жазады.
	Ленин Республиканың Революциялық-әскери советі председателінің орынбасары Э. М. Склянскиймен тікелей провод арқылы сөйлесіп, М. В. Фрунзені Оңтүстік майданының қолбасшысы етіп тағайындауды ұсынады.
	Ленин толстойшыл В. Г. Чертковты қабылдайды.
	Ленин Коммунистік Жастар Интернационалының таяудағы міндеттері туралы В. Мюнценбергпен әңгімелеседі.
	Ленин А. А. Иоффенің Поляк республикасымен келіс сөздер жүргізіп, бітім және уақытша бітім туралы шартқа қол қоятын совет делегациясының председателі болып тағайындалуына байланысты онымен әңгімелеседі.
	Ленин Рязань, Тула, Тамбов губернияларындағы жағдай туралы, шаруалардың пиғылы туралы және т. с. туралы Н. И. Бухаринмен әңгімелеседі және әңгімеде баяндалған негізгі мәселелерді жазып алады.
9 сентябрь.	Ленин Кавказда және Кубаньда бандаларды және ақ гвардияшылардың қалдықтарын барынша тез жою қажеттігі туралы Г. К. Орджоникидзеге телеграмма жазады.
10 сентябрь.	Ленин ғалымдардың тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссияны ағаш отынмен жабдықтау туралы мәселе жөнінде А. М. Горькиймен әңгімелеседі.
	Ленин Петроград коммунасының отын бөлімінің меңгерушісі Рудаковқа записка жазып, ғалымдардың тұрмысын жақсарту жөніндегі комиссияны ағаш отынмен жабдықтауды өтінеді.

Ленин совет сауда делегациясының Лондонда экспортқа ағаш шығару жөнінде жасасқан келісімінің дәл орындалуына назар аударудың қажеттігі туралы А. И. Рыков пен А. М. Лежаваға жолданатын телефонограммаға қол қояды, экспортқа арнап ағаш дайындауды күшейту шаралары туралы декреттің жобасын әзірлеуді ұсынады.

Ленин 1-ші Москва пулеметшілер курсының 6-ротасының партия жиналысында сөз сөйлейді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Қызыл Армиядағы радио байлынысы туралы, Италияға астық жөнелту туралы, Сибирьден және Солтүстік Кавказдан азық-түлік жүктерін тасымалдау жоспары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

11 сентябрь. Ленин «Барон Врангель армиясының офицерлеріне үндеу хатқа» қол қояды.

Ленин Люксембург Коммунистік партиясын құру туралы мәселе жөнінде Люксембург Социалистік партиясының өкілі Е. Рейландпен әңгімелеседі.

12 сентябрь. Ленин бүкіл россиялық демографиялық-кәсіптік және ауыл шаруашылық санағын жүргізу жөніндегі жұмыстарды тездету туралы губерниялық атқару комитеттеріне, губерниялық әскери-революциялық комитеттерге, 1 Еңбек армиясының советіне, Кавказ еңбек армиясының советіне, Сибирь революциялық комитетіне, Түркістан революциялық комитетіне, Башқұрт революциялық комитетіне, Татар революциялық комитетіне және Қырғыз революциялық комитетіне жолданатын телеграммаға қол қояды.

13 сентябрь. Ленин жазушы А. С. Серафимовичке бір бөлме үй беру және Халық Комиссарлары Советінің асханасынан тамақ беру туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары А. С. Енукидзеге записка жазады.

14 сентябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда мемлекеттік бағалы заттар қоймаларын ревизия-

лау туралы мәселе, «революциялық коммунистер» партиясы Орталық Комитетінің РКП(б)-мен қосылған кезде өз мүшелерінің партиялық стажын сақтау және жергілікті партия комитеттерінде өкілдік беру жөніндегі өтініші, «Известия ВЦИК» және «Правда» газеттері баспаханаларының шаруашылық жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қарағай бүршігі отынын жинау туралы, Кубаньдағы санақ туралы, жер-жерден астық салымының орындалмай қалғаны жөнінде келіп түскен хабарлар туралы мәселелер, Карель еңбек коммунасы туралы декреттің жобасы, Түркістан Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

15 сентябрь. Ленин Черемхово кендерінің алты мың көмір қазушылары мен техник қызметкерлері атынан өзіне құттықтау хат әкелген И. Я. Ильинді қабылдап, онымен Шығыс Сибирьдің көмір кендерінің жағдайы және шахтерлердің жұмысы туралы әңгімелеседі, содан кейін Черемхово көмір қазушыларына жауап хат жазады, онда оларға сәлем жолдап, алдағы уақытта табысқа жете берулеріне тілектестік білдіреді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында партиялық жұмыстың кезектегі міндеттері жөніндегі мәселе бойынша баяндамашы туралы, Кавказдағы жағдай туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 сентябрь. Ленин Ригадағы совет бітім делегациясының председателі А. А. Иоффеге телеграмма жазады, онда партияның Орталық Комитетінің 20 сентябрьде болатын пленумына поляк делегациясының пиғылы туралы, бітім жасасу мүмкіндіктері мен оның шарттары туралы қорытынды пікірін жіберуге жарлық береді.

Ленин Октябрь революциясының тарихын және РКП(б) тарихын зерттеу жөнінде комиссия құру туралы қаулының жобасымен танысып, оған түзетулер жазады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің үйлерінің басқарушысы А. Платоновқа записка жазып, онда И. И. Скворцовқа (Степановқа) дереу пәтер берілуін талап етеді.

Ленин Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Н. И. Мураловпен әңгімеледі.

17 сентябрьден ертерек.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің секретары Л. А. Фотиеваның Саратовтағы Н. Г. Чернышевский Музейінің жағдайы туралы мәселе жөнінде Н. Г. Чернышевскийдің баласы — М. Н. Чернышевскиймен әңгімелескені туралы және М. Н. Чернышевскийдің Владимир Ильичтен Музей туралы мәселені сұрастырып анықтауды өтінгені туралы хабарламасын тыңдайды.

17 сентябрь.

Ленин РКП(б) Москва ұйымының мүшелерін қайта тіркеуге арналған анкетаны толтырады.

Ленин Саратовтағы Н. Г. Чернышевский Музейін ұлттық игілік деп жариялау туралы және оны Халық ағарту комиссариатының қарауына беру туралы Халық Комиссарлары Советінің қаулысына қол қояды.

Ленин Сибирь революциялық комитеті Москва бюросының мүшесі, Сибирьден оралған С. И. Пороскунмен әңгімеледі, Сибирь шаруаларына көмек көрсету жөнінде ол ұсынған шараларды жазып алады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Курск магнит аномалиясында барлау жұмыстарын жүргізу үшін ат-көліктерді мобилизациялау туралы, Оңтүстік-Батыс майданы үшін халықтан рессорлі арбалар мен жегін құралдарын міндетті түрде сатып алу туралы, майдандағы қызыл әскерлерді киім-кешекпен, аяқ киіммен және басқа заттармен жабдықтау қажеттігі туралы мәселелер, транспорттың жағдайы туралы Негізгі транспорт комиссиясының баяндамасы, Батыс майданын азық-түлікпен жабдықтау жағдайы туралы, әскери киім-кешек заттарын өндіруді күшейту жөніндегі шаралар туралы, Донбассқа астық беру туралы, темір жол транспортын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды әскери-

шұғыл жұмыстар деп тану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 сентябрь. Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының делегаттарына арналған анкетаны толтырады.

Ленин М. В. Фрунзенің Оңтүстік майданының қолбасшысы болып тағайындалуына байланысты онымен әңгімелеседі.

Ленин партияның Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясына Орталық Комитеттің өзі әзірлеген саяси есебінің мазмұнын баяндайды. Пленумда сондай-ақ Польшамен бітім келіс сөздері туралы мәселе, Италияға арналған астықтың екінші кезегін жөнелту туралы Сыртқы істер халық комиссариатының ұсынысы, Канаданың сауда жөніндегі ұсыныстары туралы Г. В. Чичериннің хабарламасы, Азербайжанмен шарттың жобасы, Бүкіл россиялық IX партия конференциясының күн тәртібі мен онда жасалатын негізгі баяндамалардың мазмұны, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының мәселелері — Халық ағарту комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариатының қызметін тексерген комиссиялардың баяндамалары, орталық мекемелер мен жергілікті мекемелердің арасындағы өзара қатынастар жөніндегі комиссияның баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Коминтерннің II конгресіне Неміс Австриясы Коммунистік партиясынан келген делегат К. Штейнгардтты және Швейцариядан келген коммунист Циммерманды қабылдайды.

Ерте дегенде 20 — кеш дегенде 22 сентябрь. Ленин Джон Рид пен оның зайыбы Луиза Брайантты қабылдайды; Брайант Советтік Россияны тануды жақтайтын газеттердің өкілі ретінде Америка Құрама Штаттарынан Советтік Россияға жасырын түрде келген.

20 және 23 сентябрь аралығында. Ленин партияның Орталық Комитеті пленумының тапсыруы бойынша Ригадағы совет бітім делегациясының председателі А. А. Иоффеге делегацияның Польшамен бітім келіс сөздерін жүргізудегі міндеттері туралы телеграмма жазады.

21 сентябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда егін шықпай қалғандықтан көбірек зардап шеккен Рязань, Калуга, Тула, Брянск және Орел губернияларына азық-түлік жөнінде көмек көрсету шаралары туралы қаулының жобасы, Халық Комиссарлары Советінің жергілікті жерлерде ақша знактарын бөлу туралы мәселе жөніндегі 1920 ж. 24 августағы қаулысының орындалуы туралы баяндама, Италияға астық тасып жеткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Октябрь революциясының тарихы мен Россия коммунистік партиясының тарихы жөніндегі материалдарды жинауға және зерттеуге арналған комиссия құру туралы Халық Комиссарлары Советінің қаулысына» қол қояды.

22 сентябрь. Ленин Самара губерниясындағы Бугуруслан уезінің Султангулов болысы шаруаларының азық-түлік салымын орындау мүмкін еместігі туралы хатымен танысқаннан кейін, Халық Комиссарлары Советінің секретары Л. А. Фотиеваға Султангулов болысындағы салым туралы және егіннің шығымы туралы деректер келтірілген материалдарды шұғыл қорытынды пікір айту үшін азық-түлік халық комиссарының орынбасары Н. П. Брюхановқа жіберуді тапсырады.

Ленин партияның Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясын ашады; президиум құрамына сайланады. Поляк коммунисі В. Уляновский Польша туралы баяндама жасаған кезде Ленин осы мәселе бойынша қарардың жобасын қарап шығып, оған түзету енгізеді.

Ленин конференцияда партияның Орталық Комитетінің саяси есебі туралы баяндама жасайды; баяндамадан соң өзіне берілген запискалармен танысады. Содан кейін саяси есеп бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

22 және 28 сентябрь аралығында. Ленин халықаралық әйелдер қозғалысы туралы, Советтік Россиядағы әйелдердің жағдайы туралы және мораль мәселелері жөнінде Клара Цеткинмен әңгімелеседі.

Кеш дегенде 23 сентябрь. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Польшаға жасалатын бітім ұсыныстары туралы мәселе жөніндегі мәлімдемесінің жобасына түзетулер мен қосымшалар енгізеді.

23 сентябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Польшамен бітім жөніндегі ұсыныстардың тексті туралы, паровоздар жасауға шетелге заказ беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 24 сентябрь. Ленин Коминтерн Атқару Комитетінің өзге мүшелерімен бірге «Коминтерннің Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына үндеу хатына» қол қояды.

24 сентябрь. Ленин «Неміс және француз жұмысшыларына хат. Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресі жайындағы жарыс сөз жөнінде» деген хат жазады.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарының жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының мәжілісінде партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы сөз сөйлейді. Ленин мәжіліс кезінде Л. Д. Троцкийдің Н. Н. Крестинскийге жолдаған, Батыс майданында поляктардың шабуылға шыққанын хабарлаған және конференцияның жұмысын тездетуді немесе Батыс майданынан барған әскери делегаттарды тезірек қайтаруды өтінген телеграммасының көшірмесін алып, Н. Н. Крестинскийге: «*екі ұсынысты да дереу* қабылдау керек» деп жазады.

Ленин Бакудегі жағдай туралы Г. К. Орджоникидземен тікелей провод арқылы сөйлеседі.

Ленин Ю. Дебсті вице-президент қызметіне ұсынуға Америка коммунистік партияларының қалай қарайтыны туралы Американ еңбек федерациясының басшысы А. Д. Шлезингермен әңгімелеседі.

Ерте дегенде 24 сентябрь. Ленин Петроград газеттері редакцияларының халықаралық жағдай және сыртқы саясат мәселелеріне қатысты материалдарды жариялау тәртібін бұзғандығы жөнінде Г. В. Чичериннің баяндама хатымен танысқаннан кейін Чичеринге записка жазып, онда партияның Орталық Комитетіне осы мәселе туралы қаулының жобасын беруді, нақты бұзушылықтар жөнінде шағым түсіруді және басқа да бірсыпыра шаралар қолдануды ұсынады.

25 сентябрь. Ленин Коминтерннің II конгресіне Чехословак социал-демократиялық партиясының сол қанатынан делегат болып келген Б. Гулдің Чехословак социал-демократиялық партиясы оң қанатының Прагада 12 июльде болған конференциясында Ф. Бенештің сөйлеген сөзі туралы хатымен танысқаннан кейін, Россия Қызыл Крест қоғамының Прагадағы уәкілі С. И. Гиллерсонға телеграмма жазып, онда Бенештің Ленинмен әңгімелестім, атап айтқанда ол Чехословакияда пролетариат диктатурасы бейне бір мүмкін емес деген пікір айтты деген сілтемелері басынан аяғына дейін жалған, Ленин Бенешті еш уақытта да көрген емес деп баспасөзде дереу жариялауды және Чехословак социал-демократиялық партиясының съезіне хабарлауды өтінеді.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында партияның Орталық Комитетінің саяси есебі туралы өзі жасаған баяндаманың «Правда» газеті редакциясынан алынған секретарьлық жазбасын қарап шығып, екінші сөйлемге түзету енгізеді, содан соң әлгі жазба салынып келген конверттің сыртына: «25. IX. 1920 архивке. Польша туралы. Менің сөзім сәтсіз баяндалған» деп жазады.

Ленин Н. А. Емельяновпен әңгімелеседі, ол 1917 ж. июль — августа Разливте Ленинді жасырып, аялдатқан еді.

Ленин Испан социалистік жұмысшы партиясының жікке бөлінгендігі туралы және Испан коммунистік партиясының құрылғандығы туралы және басқа да мәселелер жөнінде М. Грасиамен әңгімелеседі.

26 сентябрь. Ленин Сибирь революциялық комитетіне хат жазады, онда Сибирь шаруаларына көмек көрсету жөнінде бірқатар шаралар ұсынады

және революциялық комитеттен осы мәселе жөніндегі пікірлерін өзіне хабарлауды өтінеді.

Ленин VII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті III сессиясының кешкі мәжілісіне қатысады және Халық ағарту комиссариатының жұмысы туралы А. В. Луначарский жасаған баяндама бойынша жазбалар жасайды.

27 сентябрь. Ленин VII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясының таңертеңгі және кешкі мәжілістеріне қатысады, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Халық ағарту комиссариатының қызметін тексеру жөніндегі комиссиясы атынан қосымша баяндама жасаған В. И. Невскийдің сөзі бойынша және жарыс сөздер бойынша жазбалар жасайды.

28 сентябрь. Ленин Тамбов губерниялық атқару комитетіне және губерниялық азық-түлік комитетіне телеграмма жазып, Москваға екі мәрте маршрутпен астық жөнелтуге жарлық береді.

Ленин Сибирь қызметкерлері И. Н. Смирновпен, П. К. Кагановичпен, А. В. Шотманмен және Кудрявцевпен әңгімелеседі.

Ленин РСФСР-дің Грузиядағы уәкілетті өкілі С. М. Кировпен Кавказдағы істің жағдайы туралы әңгімелеседі.

Ленин Қиыр Шығыс республикасы Министрлер советінің председателі Б. З. Шумяцкиймен әңгімелеседі.

Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарарының 13 және 14-параграфтарына ескертпелер жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда сыйлық қорына арналған заттарды іздестіру жөніндегі комиссияның жұмысы туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

29 сентябрь. Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарары жөніндегі ұсыныстарын жазады.

Ленин партияның Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; партияның Орталық Комитетінің оңтүстік партия ұйымдарына нұсқау хатының жобасы талқыланған кезде осы жобаны бұл жөнінде ұсынылған түзетулермен қоса қарап шығып, хаттың текстіне өзінің қосылатындығын жазады. Пленумның тариф саясаты туралы мәселе жөніндегі қаулысында Ленинге Л. П. Серебряковпен және В. В. Шмидтпен бірге Еңбек халық комиссариатының тариф мәселесіне көзқарасын тұжырымдау тапсырылады. Мәжілісте сондай-ақ Қиыр Шығыстағы соғыс жағдайы туралы, оңтүстік теңіз жағасындағы порттарды бомбалаймыз деп қорқытқан Францияның ультиматумдық талаптарына берілетін жауап туралы мәселелер, РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясының «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарары, Россия Коммунистік Жастар Одағының алдағы болатын съезі туралы мәселе, Г. В. Чичериннің, Ш. З. Элиаваның және С. М. Кировтың Арматиямен келіс сөздер жөніндегі ұсынысы, Хиуамен шартты бекіту туралы Чичериннің ұсынысы және басқа мәселелер талқыланады.

30 сентябрь. Ленин Самара губерниясындағы Бугуруслан уезінің шаруасы Вукол Шашковпен салым жөнінде және болыста егіннің шықпай қалғандығы жөнінде әңгімелеседі, Шашковты Москваға өз бетімен кетіп қалғаны үшін жазалауға болмайды деп оған куәлік жазып береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Халық Комиссарлары Советі 1920 ж. 17 августа тағайындаған мүлікті қауіпсіздендіру туралы мәселе жөніндегі комиссияның баяндамасы талқыланған кезде Ленин шаруалар үшін қауіпсіздендірудің қажеттігін жақтайды, қауіпсіздендіруді ұйымдастыру туралы мәселені әзірлеу үшін арнаулы комиссия құруды ұсынады, Халық Комиссарлары Советінің осы мәселе жөніндегі қаулысының текстін айтып жаздырады. Орман концессиялары туралы мәселе талқыланған кезде Г. И. Ломовтың осы мәселе жөніндегі баяндама хатымен танысып, оған белгілер салады. Мәжілісте сон-

дай-ақ қант қайнату туралы, концессиялар — Вандерлип синдикатының ұсыныстары туралы, Германияның сыр жасайтын фабрикаларымен арадағы шарт туралы, орман концессиялары туралы мәселелер; Петроград, Москва, Иваново-Вознесенск губерниялық халық шаруашылығы советтеріне жалпы мемлекеттік қордан шикізат беру туралы қаулының жобасы; дүние жүзілік соғыстың және Антанта ұйымдастырған соғыс пен блокаданың халық шаруашылығы мен қоғамдық өмірдің барлық саласына тигізген әсерін зерттеу жөніндегі комиссияның жұмыс нәтижелері туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Сентябрь — декабрь.

Ленин А. А. Богдановтың философиялық көзқарастары туралы және В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының екінші басылуына қосымша ретінде жазылған В. И. Невскийдің «Диалектикалық материализм және өлексе реакцияның философиясы» деген мақаласында бұл көзқарастардың сыналуы туралы Н. И. Бухаринге записка жазады.

1 октябрь.

Ленин Л. Д. Троцкийге хат жазып, онда Қырымға шабуыл жасауды кешеуілдеткенге наразылық білдіреді.

Ленин қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары В. М. Свердловқа қатынас қағаз жіберіп, Самара-Златоуст темір жолының әкімшілік қызметінің бастығы, транспортта 20 жылдан аса қызмет еткен А. А. Преображенскийдің жұмыстан қатты шаршағандығы және сырқаттығы себепті оған еңбек ақысын және паегін сақтап 3 айлық демалыс беруді өтінеді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Финляндиямен келіс сөздер жүргізу мәселесі талқыланады.

Ленин Коминтерн Атқару Комитетінің тапсырмасы бойынша шетелге барып келген В. А. Деготьпен итальян және француз жұмысшы қозғалысы және оның басшылары туралы әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Иваново-Вознесенск губерниясындағы тоқыма кәсіпорындарының екпінді тобына жатқызылған, қалпына келтіріліп жатқан заводтарды отынмен және азық-түлікпен жабдықтау туралы мәселе бойынша баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Донбасс шахтерлерін киім-кешекпен жабдықтау туралы, Түркістаннан мақта тасып жеткізу туралы, темір жолдар мен су жолдарында жүктің жеткіліксіз тиелгені үшін жауапкершілік туралы, Донбасстан көмір, Грозныйдан мұнай тасу туралы, Сибирь мен Украинадан азық-түлік тасу туралы, Петроградты азық-түлікпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

1 немесе 2 октябрь. Ленин РКСМ III съезінің өзін съезде сөз сөйлеуге шақырып келген делегациясын қабылдайды; РКСМ Орталық Комитетінің өкілі Л. Шацкиннің Жастар одағындағы жағдай туралы информациясын тыңдайды және съезде сөз сөйлеуге келісім береді.

2 октябрь. Ленин барынша қысқа мерзімде Польшамен және Финляндиямен бітім жөніндегі шарттарға қол қою туралы А. А. Иоффеге және Я. А. Берзинге партияның Орталық Комитеті Саяси бюросынан берілетін директивалардың жобасын жазады.

Ленин «Украинаның кедей шаруаларына» хат жазады.

Ленин Россия Коммунистік Жастар Одағының Бүкіл россиялық III съезінде «Жастар одақтарының міндеттері» туралы сөз сөйлейді. Сөйлеп болғаннан кейін ол запискаларға жауап береді.

Ленин былғары өндірісі жұмысшылары мен қызметшілерінің съезінде сөз сөйлейді.

3 октябрь. Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы коллегиясының мүшесі К. И. Ландермен Солтүстік Кавказдағы жағдай туралы, халықтың пиғылы туралы, астық дайындаудың барысы туралы, Кубаньда азық-түлік салымын көбейту мүмкіндіктері туралы әңгімелесіп, оған Солтүстік Кавказдағы жағдай туралы партияның Орталық Комитетіне баяндама тапсыруды ұсынады.

3 немесе 4 октябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросы шешімінің жобасын жазады, онда Польшамен шекара туралы поляк делегациясы қойған шарттарды қабылдау және А. А. Иоффеге таяудағы 3—4 күннің ішінде Польшамен алдын ала шартқа қол қоюды тапсыру ұсынылады.

4 октябрь. Ленин 1 Атты армияның Революциялық-әскери советіне телеграмма жазады, онда армияны Оңтүстік майданына жеткізуді тездету қажеттігі айтылады.

5 октябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; мәжілістің күн тәртібін қарап шығады, оған белгілер салады және оны мына мәселелермен толықтырады: «16. Қоймаларды басқару туралы ереже (Аванесов). 17. Питерге қажетті астық (Зиновьев)». Сыйлықтарды бөлу туралы мәселе жөнінде Ленин ұсыныс енгізеді, Халық Комиссарлары Советі ол ұсынысты қабылдайды. Ленин мәжілісте кодификациялау жұмыстарын ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Кавказдағы ішкі тасымал туралы, Қатынас жолдары халық комиссариатының импорт жоспары туралы, Халық шаруашылығы жоғары советінің Мемлекеттік құрылыстар комитетіне кейбір мүлде кезек күтпейтін жұмыстар жөнінде шұғыл көмек көрсету шаралары туралы мәселелер, жабын материалдарды есепке алу және бөлу туралы қаулының жобасы, астық салымының егіннің шықпай қалуы туралы деректермен қаншалық сәйкестігі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 октябрь. Ленин Н. Н. Крестинскийге записка жазып, партияның Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына аурулардың тамағын күшейту туралы мәселе қоюды өтінеді.

Ленин ағылшын жазушысы Г. Уэллспен әңгімелеседі.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының екі мәжілісіне қатысады; Л. Д. Троцкиймен екеуі Н. А. Семашконы үгіт жұмысын күшейту үшін уақытша Оңтүстік майданына жіберу туралы ұсыныс

енгізеді. Мәжілістерде сондай-ақ кемалистердің Арменияға шабуылы жөнінде грузин сыртқы істер министрінің нотасына берілген жауап туралы Г. К. Орджоникидзенің хабарламасы, бір жағынан, Халық шаруашылығы жоғары советінің, бас басқармалардың, орталық мекемелердің, екінші жағынан, губерниялық атқару комитеттерінің араларындағы қатынас туралы хабарламалар, А. В. Луначарскийді Оңтүстік майданына жіберу жөнінде С. И. Гусевтің ұсынысы, Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының партия мүшелерінен 30 жолдасты Оңтүстік майданына мобилизациялау туралы қаулысын бұзу жөнінде партияның Петроград комитетінің өтініші, Бүкіл дүние жүзілік почта одағының конгресіне баратын делегацияны бекіту туралы, тығыз мерзімде оқулықтар жазуға жұмылдырылатын жолдастардың тізімін бекіту туралы мәселелер, Н. И. Бухариннің Советтік Россияның экономикасын зерттеу туралы мәселе жөніндегі ұсынысы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин ағылшын коммунисі У. Полға Великобритания Коммунистік партиясының тактикасы туралы мәселе жөнінде интервью береді.

7 октябрь. Ленин А. В. Луначарскийдің Пролеткульттің Бүкіл россиялық I съезінде сөз сөйлемек болуына байланысты онымен әңгімелесіп, сөйлейтін сөзінде Пролеткультті Халық ағарту комиссариатына бағындыру қажеттігін атап көрсетуге оған нұсқау береді.

8 октябрь. Ленин Пролеткульттің Бүкіл россиялық I съезіне байланысты тығыз түрде қарардың жобасын әзірлеп, оны партияның Орталық Комитетінде талқылау және съезге ұсыну жөнінде нұсқау береді. Ленин «Пролетарлық мәдениет туралы» қарардың жобасын жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Сибирьге тығыз түрде товар бөлу және жөнелту туралы, халықтан әскери үлгіде тігілген киімдерді реквизициялау туралы, пима, шабата және жегін-ер-тұрман бұйымдарын дайындау жөніндегі жұмыстарда өнімділікті арттыру

шаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

9 октябрь. Ленин РКП(б) Москва ұйымы активінің кеңесінде Республиканың ішкі және сыртқы жағдайы туралы баяндама жасайды.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Пролеткульт туралы мәселені талқылауға қатысады, осы мәселе жөнінде бірнеше рет сөз сөйлейді, сөйленген жеке сөздер жөнінде жазбалар жасайды, пролетарлық мәдениет туралы қарардың қысқаша нобайын жазады. Мәжілісте сондай-ақ РКСМ Орталық Комитетінің құрамы туралы, Польшамен бітім жөніндегі келіс сөздердің барысы туралы, Бакудегі Шығыс халықтары съезі өкілдерінің делегациясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Октябрьдің 9-нан 10-на қараған түн. Ленин Польшамен бітім жасасу жөнінде Ригадағы совет бітім делегациясының председателі А. А. Иоффемен сөйлеседі.

10 октябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша Польша майданындағы жағдай туралы, Польшамен бітім жасасу жөнінде А. А. Иоффемен сөйлесілген сөз туралы және Врангельді барынша тезірек жою үшін бірсыпыра әскери бөлімдерді Оңтүстік-Батыс майданынан Оңтүстік майданына апару жөнінде Саяси бюроның шешім қабылдағаны туралы Л. Д. Троцкийге телеграмма жазады.

11 октябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Пролеткульт туралы мәселе талқыланған кезде Ленин Н. И. Бухаринге записка жазып, онда пролетарлық мәдениет орнату жөніндегі аса маңызды қағидаларды атап көрсетеді. Мәжілісте сондай-ақ Г. В. Чичериннің Румыния жөніндегі хаты, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясын шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

12 октябрь. Ленин финанс халық комиссарының орынбасары С. Е. Чуцкаевқа экспортқа арналған антикварлық қорды есепке алу және өткізу туралы хат жазады.

Ленин Н. К. Крупскаямен бірге Қызыл алаңда Инесса Армандты жерлеуге қатысады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Ол мәжілістің күн тәртібін қарап шығады, оған белгілер салады және оны мына пункттермен толықтырады: «25. Орталық статистика басқармасы жанынан комиссия құру (Попов). 26. Сыртқы сауда заявкасы». Мәжілісте сондай-ақ техникалық дақылдар ісін жолға қоюды жақсарту жөніндегі шаралар туралы, Халық Комиссарлары Советі 1920 ж. 30 сентябрьде тағайындаған концессиялар туралы мәселелер жөніндегі комиссияның баяндамасы, Сибирь революциялық комитеті туралы ереженің жобасы, губерниялық азық-түлік комитеттері жанындағы жұмысшыларды жабдықтаудың губерниялық комиссиялары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

12 және 13 октябрь.

Ленин Г. К. Орджоникидзенің Арменияда дашнактар үкіметінің отставкаға шығуы мүмкін деген хабары жөнінде Г. В. Чичериннің 1920 ж. 12 октябрьде партияның Орталық Комитетінің Саяси бюросына жолдаған хатымен және Арменияда Совет өкіметі орнай қалған күнде оған саяси көмек көрсету жөніндегі ұсыныстарымен танысқаннан кейін хатқа Чичериннің ұсыныстарын бекіту қажет деген пікір жазады.

12 октябрьден кешірек.

Ленин Н. К. Крупскаямен бірге сырқаттанып қалған Клара Цеткинге барып, көңілін сұрайды, одан қалай тамақтанатынын, күтімінің қалай екендігін сұрастырады, онымен поляк-совет соғысы туралы — Қызыл Армияның Варшава түбінде шегінгені туралы, 1 Атты армия туралы, Польшамен бітім жасасу туралы, сондай-ақ Оңтүстік майданындағы істің жағдайы туралы әңгімелеседі.

13 октябрь.

Ленин бас қолбасшының Врангельді талқандауды ұйымдастыру туралы баяндамасына қосымша және партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне осы қосымшаны енгізіп, баяндаманы мақұлдауды ұсынған записка жазады.

Ленин почта және телеграф халық комиссарының орынбасары А. М. Николаевты; Ко-

минтерн Атқару Комитетінің қызметкері М. Грузенбергті; Петроград коммунасының председателі А. С. Куклинді; Кіші Халық Комиссарлары Советінің мүшесі К. А. Алферовты; Англиядағы уәкілетті өкіл М. М. Литвиновты; Түркістан республикасы Финанс халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Д. П. Боголеповты; Республиканың Революциялық-әскери советінің мүшесі И. Т. Смилганы қабылдайды.

13 немесе 14 октябрь. Ленин РКП(б)-ның шығыс халықтары мекендеген жерлердегі міндеттері туралы мәселе бойынша партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының қаулысының жобасын жазады.

14 октябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. РКП(б)-ның шығыс халықтары мекендеген жерлердегі міндеттері туралы мәселе бойынша Ленин жазған қаулының жобасы қосымшалармен қабылданады. Мәжілісте сондай-ақ Польшамен бітімді бекіту үшін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясын шақыру қажеттігі туралы, Пролеткульт туралы мәселелер, Г. В. Чичериннің Армения туралы, сондай-ақ Керзонның нотасына байланысты ұсыныстары, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының органы — «Жизнь Национальностей» туралы, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты коллегиясының құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық Комиссарлары Советінің жанындағы комиссия (Кіші Халық Комиссарлары Советі) мәжілістерінің протоколдары бекітіледі.

15 октябрь. Ленин Қызыл Армияның байланыс басқармасының бастығы И. А. Халепскийге записка жазады, онда Москва — Харьков телефон линиясының жұмысты нашар істеп отырғаны атап көрсетіледі, линияны дереу түзету талап етіледі және егер линия түзетілмесе, оның жауапқа тартылатыны ескертіледі.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советін Өнеркәсіп халық комиссариаты етіп қайта құру және шаруашылық жоспарларды үй-

лестіріп отыратын ведомстводан тыс орган құру қажет деп тапқан ведомствоаралық кеңестің 1920 ж. 14 октябрьдегі протоколымен танысқаннан кейін партияның Орталық Комитеті мүшелеріне Халық шаруашылығы жоғары советін қайта құру жобасына өзінің қосылмайтындығы туралы записка жазады, сөйтіп Еңбек және Қорғаныс Советінің жанынан тұрақты Ведомствоаралық комиссия құруды ұсынады.

Ленин Москва губерниясының уездік, болыстық және селолық атқару комитеттері председательдерінің кеңесінде сөз сөйлейді және қорытынды сөз сөйлейді.

16 октябрь. Ленин М. В. Фрунзеге телеграмма жазады, онда «қалай болғанда да дұшпанды өкшелей отырып Қырымға өту керек» деп атап көрсетеді және Қырымды алуға тиянақты әзірлену керек деп кеңес береді.

Ленин Украина Совет үкіметіне және Оңтүстік майданының штабына село кедейлері туралы телеграмма жазады.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша И. Э. Гуковскийге, А. Г. Соломонға, Т. И. Седельниковқа және А. С. Якубовқа РСФСР-дің Эстониядағы өкілдігінің жұмысы туралы мәселе жөнінде хат жазады.

Ленин «Коммунистический Интернационал» журналының редакциясына журналдың 14-номеріне арнап жаңа мақала жазу жөніндегі редакция өтінішін өзінің орындай алмайтындығын айтып хат жазады және өзінің 1906 жылы жазылған «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапшасынан диктатураға қатысты тарауларды көшіріп басуды ұсынады, оған алғы сөз жазуға уәде береді.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің полиграфия бөліміне записка жазып, «Правда» газеті оттискілерінің сапасы неліктен нашар болып отырғандығын хабарлауды өтінеді; газеттің 1920 ж. 16 октябрьдегі 231-номерін қоса жолдайды және оттискілерді жақсарту жөнінде қолданылатын шаралар туралы өзіне баяндауды талап етеді.

Ленин Щурово станциясындағы Цемент заводының коллективіне хат жазып, онда заводтың іске қосылуымен байланысты жұмысшылар мен қызметшілерді құттықтайды, олардың өндіріс көлемін қалпына келтіріп, оның бұрынғы мөлшерінен де асып түсе алатындығына сенім білдіреді, 1—2 айдан кейін заводтың жұмысы туралы өзіне хабарлауды өтінеді.

19 октябрь

Ленин «Партияның кезектегі міндеттері туралы заметкалар» жазады.

Ленин ішкі күзет әскерлерінің қолбасшысы Корневке Тамбов губерниясындағы контрреволюциялық бой көрсетулерді мейлінше тез жою қажеттігі туралы записка жазып, қандай шаралар қолданылып жатқаны туралы хабарлауын өтінеді.

Ленин егіншілік халық комиссары С. П. Середаға записка жазып, Советтік Россияның ауыл шаруашылығында тракторларды қолдану туралы және трактор науқанының жоспарын әзірлеу қажеттігі туралы Халық Комиссарлары Советіне келіп түскен баяндама хатқа өзінің пікірін айтуды өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда бұрынғы казак облыстарында жерді пайдалану және жерге орналастыру туралы декреттің жобасы, үкіметтің «Жұмысшы-Шаруа Россиясы дұшпандарының жаңа қанқұйлы ниеттері» деген хабарламасы туралы мәселе, Урал мемлекеттік университетін құру туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

20 октябрьден ертерек.

Лениннің өзінің «12 жыл ішінде» (СПБ., 1907) деген мақалалар жинағын қарап шығады және оған белгілер салады.

20 октябрь.

Ленин «Коммунистический Интернационал» журналының 14-номеріне арнап «Диктатура туралы мәселенің тарихы жөнінде» деген мақала жазады.

Ленин партияның Тула губерниялық комитеті президиумының мүшелері И. Ф. Арсентьев пен М. Я. Зеликманның 1920 ж. 18 октябрьде Тула партия ұйымының кейбір мүшелерінің әскери міндеттерге нұқсан кел-

тіру арқылы шаруашылық және ағарту ісі міндеттерін алдыңғы қатарға қою тенденциясы туралы жазған хатын алып, тулалық жолдастарға хат жазады, онда: «Врангельді *ақырына дейін* соққыға жықпай тұрғанда, Қырымды түгелдей алып болмай тұрғанда, соған дейін әскери міндеттер *алдыңғы* қатарда тұруға тиіс. Бұл мүлде даусыз» деп атап көрсетеді.

Ленин Сибирьден келген И. А. Теодоровичпен әңгімелеседі.

Ленин Е. П. Пешкованың пәтерінде А. М. Горькиймен әңгімелеседі, пианист Исай Добровейннің орындауында Бетховеннің сонатасын және басқа музыкалық шығармаларды тыңдайды.

21 октябрь. Ленин Азық-түлік халық комиссариатына Н. П. Брюхановқа записка жазып, Ставрополь шаруаларының азық-түлік салымын орындамайынша кооперативтерден өздеріне арба майын, шырпы және басқа товарлар бермейтіндігі жөніндегі шағымын тез қарауды және осы мәселе жөніндегі пікірін ертеңнен қалдырмай өзіне жіберуін өтінеді.

Ленин А. М. Лежаваға және М. Н. Покровскийге экспортқа арналған антикварлық қордағы заттарды анықтау және шетелде сату жұмыстарын тездету қажеттігі туралы хат жазады.

А. М. Горькийдің Петроградта ғылым қызметкерлерін тар пәтерлерге орынсыз тығылыстыру жөніндегі фактілерді хабарлап, ғалымдардың тұрмысын жақсарту жөніндегі Бүкіл россиялық комиссияға өтініш жасауына байланысты, Ленин Петроград Советінің президиумына ғалымдарды кабинетке және лабораторияға лайық бөлмелері бар үйлермен қамтамасыз ету қажеттігі туралы хат жазады.

Ленин Петроградқа «Коммунистический Интернационал» журналының редакциясына записка жазып, осының алдында редакцияға «Диктатура туралы мәселенің тарихы жөнінде» деген мақаланың қолжазбасы мен өзінің екі кітабын («12 жыл ішінде» деген жинақ пен «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы пар-

тиясының міндеттері» деген кітапша) жібергенін хабарлайды, кейін бұларды қайтарып жіберуін өтінеді.

22 октябрь. Ленин Ставрополь губерниясының партия қызметкерлерімен және шаруаларымен олардың мұқтаждары туралы әңгімелеседі және ауыл шаруашылығын өрге бастыру туралы олардың ұсыныстарымен танысады.

23 октябрь. Ленин бас қолбасшы С. С. Каменевке Врангель әскерлеріне қарсы соққы беру үшін 1 Атты армияны шоғырландыру туралы мәселе жөнінде телеграмма жібереді.

Ленин Клара Цеткинді қабылдайды.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Балтық флотын қалпына келтіру туралы мәселе талқыланған кезде қаулының жобасын жазады, ол жобаны Еңбек және Қорғаныс Советі қабылдайды. Мәжілісте сондай-ақ Батыс майданына көмек көрсету жөніндегі комиссияның жұмыстары туралы, көмір тиеу туралы және темір жолдарды отынмен жабдықтау туралы, Николай темір жолында жүріс тәртібін сақтау жөніндегі шұғыл шаралар туралы, әскери қызметке шақырудан уақытша босата тұру жөніндегі, Оң жағалаудағы Украинада ағаш дайындау жөніндегі, Қызыл Армияға арнап консервілер өндіру жөніндегі мәселелерді қарау тәртібі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; совет қызметшілеріне еңбек және азық-түлік паегін белгілеу туралы мәселе талқыланған кезде қаулының жобасын жазады, ол жобаны Халық Комиссарлары Советі қабылдайды. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде сондай-ақ сыйлық беру жөніндегі ведомствоаралық кеңестің баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

24 октябрь. Ленин 1 Атты армияның Революциялық-әскери советіне және С. С. Каменевке жіберілетін телеграммаға қол қояды, онда Врангель әскерлеріне қарсы соққы беру үшін армияны шоғырландыруды тездету жөнінде мейлінше қаһармандық шаралар қолдану ұсынылады.

25 октябрь. Ленин американ өнеркәсіпшісі В. Д. Вандерлипті қабылдайды және оған Камчаткада концессия беру жөнінде, Америка Құрама Штаттары мен Советтік Россия арасындағы экономикалық қатынастар туралы және басқа мәселелер жөнінде онымен әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің төтенше мәжілісінде председательдік етеді, онда оңтүстіктегі темір жолдарды отынмен жабдықтау туралы мәселе талқыланады, Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің осы мәселе жөніндегі қаулысының жобасына түзетулер енгізеді.

Ленин: профессор П. С. Осадчийді; Украинаның азық-түлік халық комиссары М. К. Владимировты; Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. Л. Колегаевты; Финанс халық комиссариаты коллегиясының мүшелерін қабылдайды.

26 октябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; партия ішіндегі пиғылдар туралы мәселе талқыланған кезде Бақылау комиссиясы туралы қаулының жобасын жазады, бұл жоба бірсыпыра қосымшалармен қабылданады. Мәжілісте сондай-ақ украин партия конференциясы туралы, Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезін шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Сибирьдегі концессиялар туралы, бірыңғай шаруашылық жоспарды белгілеу жөнінде экономикалық халық комиссариаттарының жұмысын біріктіру туралы мәселелер бойынша баяндама жасайды және барлық шаруашылық халық комиссариаттары арасында байланыс ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде алдын ала кеңес құру туралы қаулының жобасын жазады, бұл жобаны Халық Комиссарлары Советі қабылдайды. Ленин кеңестің құрамына енгізіледі. Мәжілісте сондай-ақ Украина еңбек армиясының советі туралы ереженің жобасы, Германиямен және Швециямен жасасқан шарттар туралы мәселе, антикварлық бағалы заттарды шетелде сату туралы қау-

лының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин инженер Р. Э. Классон ойлап тапқан шымтезек өндірудің гидравликалық тәсілі туралы Л. С. Сосновскиймен әңгімелеседі, оған Классонмен танысуға кеңес береді және келесі күні Сосновскийді Кремльге Гидроторф туралы кинофильмді көруге шақырады.

27 октябрь. Ленин Александров уездік (Владимир губерниясы) партия конференциясының делегациясын — Ратниковты, Рыбаковты, Романовты және Глазуновты қабылдайды, олар оған Троицк жабдықтау заводындағы қиянаттар туралы және партия мүшелері үшін мәселені орталыққа дейін жеткізіп, істің тез шешілуіне жету қиын екендігі туралы хабарлайды. Ленин Владимир губерниялық партия комитетіне хат жазып, онда аталған жолдастардың шын мәнінде өзінде болғандығын растап, олардың өзіне келіп өтініш айтып әбден дұрыс істегендігін құптайды, сөйтіп уездік партия ұйымы мүшелерінің «жалпы Москваға, соның ішінде РКП Орталық Комитетіне» келіп шағынуы үшін губерниялық комитетте қандай тәртіп белгіленгендігін хабарлауды өтінеді. Ленин сондай-ақ РКП(б) Бақылау комиссиясына Ф. Э. Дзержинскийге, Н. И. Мураловқа және Е. А. Преображенскийге хат жазып, делегацияны қабылдауды және ол көтерген мәселені тезінен шешуге күш салуды өтінеді.

Ленин шымтезекті гидравликалық тәсілмен өндіру туралы инженер Р. Э. Классонның баяндамасын тыңдап, Шатура шымтезек батпақтарында шымтезекті машинада қалыптау тәсілімен өндіру туралы және Богородск шымтезек батпақтарында гидравликалық тәсілдің қолданылуы жөнінде кинофильм көреді. Фильм аяқталған соң Ленин оған баға береді және фильмнің бірсыпыра кадрларын қайта жасау қажеттігін атап көрсетеді.

Ленин Шымтезек бас комитеті мен Негізгі транспорт комиссиясы өкілдерінің кеңесіне қатысады, бұл кеңесте Р. Э. Классонның өнертабысы жөнінде пікір алысылады, Ленин бұл өнертабыстың маңыздылығын атап көрсетеді.

28 октябрь. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советіне А. И. Рыковқа (немесе Н. П. Милютинге) және Шымтезек бас комитетіне И. И. Радченкоға хат жазып, шымтезек өндіруді механикаландыруды өрістету үшін бірқатар шаралар ұсынады, өзінің ұсыныстарын талқылап, олар жөнінде пікірлерін айтуларын өтінеді.

Ленин М. В. Фрунзеге жауап телеграмма жазады, онда ауыр артиллерияны жеткізу үшін, саперлерді әкелу үшін және басқа сондайлар үшін «аса тез шаралар» алып, Қызыл Армияның Врангель әскерлеріне қарсы Перекоп түбіндегі шабуылында табысқа жетуді қамтамасыз етуді өтінеді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі туралы мәселе жөнінде Саяси бюро В. И. Ленинді РСФСР-дің сыртқы және ішкі саясаты туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және Халық Комиссарлары Советінің баяндамашысы етіп тағайындауға қаулы қабылдайды. Саяси ағарту бас комитеті туралы мәселе талқыланған кезде Ленин шешімнің жобасын жазады, ол жоба Саяси бюроның осы мәселе жөнінде қабылдаған қаулысына енгізіледі.

Ленин Америкаға жүріп бара жатқан С. Х. Агурскиймен совет-американ қатынастары туралы және екі елдің арасында сауданы жолға қою перспективалары туралы, Америка Құрама Штаттарында Жұмысшылар мен фермерлер партиясын құру туралы және Коммунистік партияның ол жөніндегі тактикасы туралы, сондай-ақ басқа да мәселелер жөнінде әңгімелеседі.

29 октябрь. Ленин Республиканың Революциялық-әскери советінің мүшесі И. В. Сталинге телеграмма жазып, Антантаның Бакуге шабуыл жасау қаупін төндіруі себепті «Бакуге құрылықтан да, теңізден де кіреберіс жерлерді нығайту үшін тез шаралар» алуды ұсынады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Еңбек және Қорғаныс Советінің жарлық беру мәжілісінің шетел бодандары жұмыс істейтін заводтар-

ды жабдықтауды күшейту жөнінде 1920 ж. 27 октябрьде қабылдаған қаулысын өзгерту туралы және ведомстволардың келісімдерін, алауыздықтарын және заявкаларын Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінің алдына қойып отыру тәртібі туралы мәселелер жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ картоп дайындау және тасып алу туралы, Украинадан қант тасып жеткізу туралы мәселелер, соғыс жағдайында деп жарияланған жерлер туралы ереженің жобасы, Қызыл Армияға жылы киімдер жинау туралы мәселе жөнінде Еңбек және Қорғаныс Советі тағайындаған комиссияның баяндамасы, Донбассты ат-көлікпен және жегін саймандарымен қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

30 октябрь. Ленин Орталық статистика басқармасының басқарушысы П. И. Поповқа записка жазып, Москвадағы совет қызметшілері жөніндегі 1920 жылғы статистикалық деректерді талдап жасаған кезде жауап берілуге тиісті сұрақтарды көрсетеді.

Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Москва партия ұйымындағы істің жайы туралы, М. И. Калининнің үгіт поезымен Сибирьге немесе Кубаньға баратын сапары туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; шымтезек өндіруде гидравликалық тәсілді қолдану туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды, осы мәселе бойынша Халық шаруашылығы жоғары советі ұсынған қаулының жобасына түзетулер жазады, бұл түзетулерді Халық Комиссарлары Советі қабылдайды; Халық Комиссарлары Советінің алтын қорын шетелден тек өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға ғана жұмсау жөніндегі директиваларының орындалуы туралы мәселе талқыланған кезде Ленин осы мәселе жөніндегі қаулының жобасына қосымшалар енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанында автономиялық Совет республикаларының өкілдіктерін ұйым-

дастыру туралы, совет қызметшілеріне еңбек және азық-түлік паегін белгілеу туралы мәселе жөнінде Халық Комиссарлары Советі 1920 ж. 22 октябрьде тағайындаған комиссияның баяндамасы, ішкі киім тігуде әйелдердің еңбек міндеткерлігін белгілеу туралы, заводтар мен фабрикалар жұмысшыларының тұрғын үй жағдайларын жақсарту туралы, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының жұмысы туралы, Сибирьдегі концессиялар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

1 ноябрь. Ленин шаруашылық халық комиссариаттары арасында ұйымдық байланыс орнату туралы мәселе жөніндегі комиссияның бірінші мәжілісінде председательдік етеді, қазіргі бар комиссияларды зерттеп, оларды біріктіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу туралы және аса маңызды комиссиялардың жұмысы туралы баяндама әзірлеу қажеттігі туралы ұсыныстардың нобайын жазады, үкімет комиссияларының тізімін жасайды.

Ленин Е. А. Преображенскийге записка жазып, шетелдегі З. И. Гржебин баспасында кітаптар бастырып шығаруға Мемлекеттік баспаның бөгет жасап отырғаны жөнінде А. М. Горькийдің жазған хаты туралы пікір айтуын өтінеді.

2 ноябрь. Ленин Р. Э. Классонға хат жазып, бұл хатта оған Халық Комиссарлары Советінің 1920 ж. 30 октябрьде Гидроторф туралы мәселе жөнінде қабылдаған қаулысын орындауға қалай күш салу керектігі жөнінде кеңестер береді.

Ленин Смоленск университетінің үйін босату туралы Халық Комиссарлары Советінің қаулысын Батыс майданы Революциялық-әскери советінің орындамай отырғаны жөнінде Н. А. Семашконың телеграммасымен танысқаннан кейін Халық Комиссарлары Советінің қаулысын дереу орындауды және орындағаны жайлы хабарлауды талап етіп, Э. М. Склянскийге записка, сондай-ақ Батыс майданының Революциялық-әскери советіне телеграмма жазады.

Ленин Қытай әскери-дипломатиялық миссиясының басшысы генерал Чжан Сы-линьді

Москвадан жүріп кетер алдында қабылдайды; онымен әңгімелескен кезде Советтік Россия мен Қытай арасындағы байланыс нығая түседі деген сенім білдіреді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; трактор шаруашылығын біріктіру туралы декреттің жобасын талқылаған кезде жобаға қосымшалар (§ 8) жазады; жұмысшыларды жабдықтаудың негізгі нормасын енгізу туралы қаулының жобасын талқылаған кезде жобаны қайта өңдеу үшін қажетті мәселелердің нобайын жазады. Мәжілісте сондай-ақ егіннің шықпай қалуынан көбірек зардап шеккен бес губернияны зерттеу туралы Халық Комиссарлары Советінің 1920 ж. 12 сентябрьде қабылдаған қаулысының орындалуы туралы Азық-түлік халық комиссариатының баяндамасы, мақта өнеркәсібін қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы қаулының жобасы, Советтік Россияда трактормен жер жырту жөніндегі американ концессияларының жоспары туралы, Саяси ағарту бас комитеті туралы мәселелер, қалмақ, вотяк, марий халықтарының автономиялық облыстары туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

3 ноябрь.

Ленин губерниялық және уездік халыққа білім беру бөлімдері саяси ағартушыларының Бүкіл россиялық кеңесінде сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық Комиссарлары Советі жанындағы комиссияның (Кіші Халық Комиссарлары Советінің) шешімдері бекітіледі.

Ленин Заттай сыйлық беру жөніндегі комиссияның председателі А. З. Гольцманға, Республика Қорғаныс Советінің армияны жабдықтау жөніндегі төтенше уәкілінің орынбасары Н. Б. Эйсмонтқа және Главодеждаға Оңтүстік майданына арнап 20 мың пар аңшы етігін дайындау жөніндегі тапсырманы орындағаны үшін жұмысшылар мен қызметшілерге сыйлық беру туралы Комиссияның алдына мәселе қоюға жарлық жазады.

Ерте дегенде 3 ноябрь.

Ленин Коминтерн Атқару Комитеті пленум мәжілісінің Ж. Лонге мен оның тобын Ко-

минтернге қабылдау туралы 1920 ж. 3 ноябрьдегі қарарына мұның әлі мезгілі жетпегендігі туралы ескертпелер жазады және мұндай ұйғарымға дәлел боларлық негізгі пункттерді келтіреді.

4 ноябрь. Ленин «Итальян социалистік партиясының ішіндегі күрес туралы» деген мақала жазады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қалмақ, вотяк және марий халықтарының автономиялық облыстарын құру туралы және автономиялық облыстардың шекараларын белгілеу және ережелерін әзірлеу жөнінде комиссиялар құру туралы қаулыларына қол қояды.

5 ноябрь. Ленин партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Оңтүстік-Батыс майданындағы жағдай туралы, Белоруссия туралы, Қиыр Шығыс істері туралы (Камчатка, Якут облысымен шекара, Шығыс-Қытай темір жолы және т. с.) мәселелер, Сыртқы сауда советін қайта құру туралы, алтын қоры туралы комиссияның баяндамасы, кәсіподақтар конференциясы туралы, М. И. Калининнің таяу уақытта үгіт поезымен Сибирьге баратын сапары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда транспортты жөндеу жөніндегі жұмыстардың барысы туралы Негізгі транспорт комиссиясының баяндамасы, Донбасстан отын тасудың барысы туралы, Сибирьден көмір тасуды қамтамасыз ету туралы, Кавказдан азық-түлік тасып әкелу туралы, картоп тасудың барысы туралы, Донбассқа ат-көліктер жеткізу туралы, Бас қолбасшының 20 мың пар аңшы етігін дайындау жөніндегі жедел тапсырмасын орындағаны үшін жұмысшылар мен қызметшілерге заттай сыйлық беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҚОСЫМШАЛАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы: Орысша 5-бас. аударылды. / В. И. Ленин; Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты.— КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.— Алматы; Қазақстан.—

— Басп. 1973 жылдан шығады

Т. 41. Май — ноябрь, 1920.
— 1981. XXXXI, 800 бет.

ББК 11.5
3К2

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
В. В. Горбунов

Дайындаушының көмекшісі *Е. А. Круглова*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
В. П. Кукушкина

Есімдер көрсеткішін дайындаған
С. П. Кирюхин мен *Г. Б. Ковганкин*

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін,
В. И. Лениннің табылмаған еңбектерінің тізімін,
ол редакциялаған документтерді, В. И. Ленин
жазған болуы ықтимал еңбектерді дайындаған
Р. М. Савицкая

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

ИБ № 1265

Сдано в набор 07.02.80. Подписано к печати 20.03.81. Формат 84×108$^1/_{32}$. Бумага тип. № 1. Обыкновенная новая гарнитура. Печать высокая. Физ. п. л. 25,0+4 вкл. $^5/_{16}$ печ. л. Усл. п. л. 42,42. Уч.-изд. л. 40,26. Тираж 15 000 экз. Заказ № 429. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.